

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Б.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



**12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУДІ  
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Нұр-Сұлтан  
2021

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2021 жылғы 22 қараша №19 хаттама)

12 жылдық білім беруге көшуді Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан қаласы: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 2684 б.

Әдістемелік ұсынымдарда 12 жылдық орта білім беру тұжырымдама «Қазақстан-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

12 жылдық білім беру тұжырымдама жобасын әзірлеуде 12 жылдық білім берудің әлемдік және отандық тәжірибесіне шолу; Қазақстанның 12 жылдық білім беруге көшуінің өзектілігі; орта білім берудің құндылықтары, мақсаты мен міндеттері; 12 жылдық білім беру құрылымы бөлімдеріне тоқталған. 12 жылдық орта білім берудің қазақстандық моделі құндылықтарға, педагогика және психология ғылымдарының заманауи қағидаттарына, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген.

Әдістемелік ұсынымдама жалпы білім беретін мектептердің басшылары мен педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары/бөлімдері мен білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшыларына арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2021

**ЖОБА**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**



## **12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Нұр-Сұлтан  
2021

## КІРІСПЕ

12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасы Қазақстан Республикасында 12 жылдық орта білім берудің мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, ұйымдастыру шарттары мен енгізу кезеңдерін және одан күтілетін нәтижелерді айқындайды.

12 жылдық орта білім беру тұжырымдамалық негіздері «Қазақстан-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

Цифрлық технологияның жаппай енгізілуі, 4-ші өндірістік революция нәтижесінде ХХІ ғасыр мегасоциумында High-tech және High-Hume – технологияларының симбиозы, жасанды интеллект, «антропогендік сингулярлық» (адамзаттың жаңа технологияны игеру мүмкіндіктерінің олардың қарқынды дамуы мен жаңару жылдамдығына үлгермеуі), «техносфералық адамның» пайда болуы сияқты аса ірі құбылыстар мен трансформацияларды туындады.

Жаһандану жағдайында мемлекетіміздің тұрақты дамуы, интеллектуалдық және рухани тәуелсіздігінің баянды болуы оның адами капиталымен тікелей байланысты.

Еліміздің әлеуметтік, экономикалық тұрғыда қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін адами капиталдың басты факторы болып табылатын білім беру жүйесін ХХІ ғасыр талаптарына сай дамытудың маңызы ерекше. Жоғары рухани-адамгершілік, зияткерлік қасиеттерге ие, өзінің, отбасының және ел мүддесі үшін жасампаздықпен қызмет атқаруға мүдделі және бейімді тұлғаны қалыптастыратын білім берудің ұлттық моделін құру - Қазақстанның білім беру саясатының өзекті мәселесі.

## 1. 12-БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ШОЛУ

Адам капиталы мен экономикасы бәсекеге қабілетті, білім беруді дамытудағы рейтингісі жоғары Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымына ( әрі қарай - ЭЫДҰ) мүше елдерде орта білім берудің 12 жылдық моделі жұмыс істейді. Жалпы, 12-жылдық білім беру әлемнің 192 елінің 135-де жүзеге асырылады. 134 елде, оның ішінде ЭЫДҰ-ның 21 елінде мектепте балалар 6 жастан бастап білім алады. Берік пропедевтикалық білім беруді көздейтін бастауыш мектептегі оқу мен тәрбиелеудің ұзақтығы 5-6 жылды құрайды.

12 жылдық орта білім беруге көшкен дамыған елдер оқушылары білім сапасы бойынша PISA, TIMSS, PIRLS халықаралық зерттеулерінде жоғары көрсеткіштерге жетуде.

Тез өзгермелі заман талабын ескере отырып, дамыған елдер 12 жылдық орта білім беруді одан әрі жетілдірудің басты трендтерін ескере отырып, жаңғыртуда. Олар – орта білімді «өмір бойы оқу» ұстанымына және цифрландыру талаптарына сәйкестендіру, толықтырылған және виртуальды шынайылық (VR мен AR) әдісін қолдану, Agil және Scrum технологиясын енгізу, on-line курстарын ұйымдастыру; инженерлік ой-өріс және жоғары технологиялар бойынша конструкторлық дағдыларды қалыптастыратын STEM, STREAM, STEAM білім беру моделін жүзеге асыру.

Қазіргі кезде көпшілік жастар арасында маргиналдану, қарабайырлық, қатыгездік, жеңіл пайда табуға ұмтылу, нашарлық, суицид сияқты т.б. аса қатерлі құбылыстар орын алуда. NEET санатындағы, яғни тез өзгермелі жағдайлар мен жаңа талаптарға бейімделуге қабілетті және қоғам дамуына ілесе алмайтын жастардың көбеюі байқалады. Жоғары дамыған елдердің тәжірибесі мұндай келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін орта білім беруде тәрбие мәселесіне басымдық беріп, жастарды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар, білім беру, тәрбиелеу және кәсіпке баулудың кешенді бірлестігі аясында дамыту қажет екендігін көрсетіп отыр.

Мысалы, Жапонияның бастауыш және орта мектептеріндегі білім берудің негізі «кокоро» болып табылады, бұл – тек білім мен дағдыларға ғана емес, адами сапаны (жүрек, жан, ақыл, менталитет, көңіл-күй ахуалы) қалыптастыруға ықпал ететін білім беру идеясы. «Кокороның» мәні – адам мен қоршаған ортаға деген құрметті қалыптастыру, басқа адамдарға деген жанашырлық пен жомарттық, әдемілікті сезіну, өзін-өзі бақылау, қоғамның дамуына үлес қосу. Бұл қағида барлық пәндердің бағдарламаларының мазмұнын қамтиды. Шет тілін оқу 10 жастан кейін жүргізіледі.

Финляндиядағы білім беру жүйесі теңдік (мектептер, білім алушылар, мұғалімдер, ата-аналар, пәндер арасындағы), сенім (педагогтерге сенім білдіру, тексерулердің болмауы, әрбір педагогке оқу бағдарламасы мен әдістемесін таңдауға шығармашылық еркіндіктің берілуі), практикалық бағыттылық, даралық (әрбір бала үшін оқыту мен дамытудың жеке жоспары жасалады)

сияқты ұстанымдарға негізделген. Инклюзивті білім беруге баса назар аударылған, әр оқушыға жеке көңіл бөлінеді және қолдау көрсетіледі.

Оңтүстік Кореяда 1-2-сыныптарда оқыту мазмұны барынша жеңілдетілген және негізінен білім алушыларды тәрбиелеуге бағытталған. Осы мақсатта оқу жоспарына ана тілі мен математикадан басқа «Дана өмір», «Дұрыс өмір», «Әсем өмір» және «Қауіпсіз өмір» кіріктірілген пәндері енгізілген. Жаратылыстану циклінің пәндері жеке оқытылмайды, «Ғылым, ғылыми зерттеулер мен тәжірибелер» пәні ретінде біріктірілген. Ағылшын тілін оқыту 3-сыныптан басталады. Өнер саласындағы пәндерге ерекше көңіл бөлінеді, олар тіпті жоғары сыныптарда да оқытылады. Барлық сыныптардың сабақ кестесіне оқушылардың шығармашылық және практикалық дағдыларын дамытатын «Креативті белсенді іс-әрекет» курсы енгізілген. Негізгі мектептен кейін білім алушылар өз траекториясын, яғни кәсіптік-техникалық білімді немесе 10-12-сыныптарда академиялық білім алуды таңдайды.

Қазақстанда қазіргі кезге дейін 11 жылдық орта білім беру моделі жұмыс істеп келеді. 12 жылдық орта білім беру Халықаралық «Мирас» мектебі, Naileybury халықаралық жеке мектебі мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарында жүзеге асырылды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқу бағдарламасы (NIS-Programme) білім алушылардың бойында іргелі академиялық білімді қалыптастыруға, оқушылардың жобалық және зерттеу қызметі арқылы сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты дамытуға, жаратылыстану-математикалық пәндерді тереңдетіп оқытуға, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың жоғары деңгейіне және үштілді білім беруге бағытталған.

«Мирас» халықаралық мектебінде 12 жылдық білім беру қазақстандық білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, Халықаралық Бакалавриат (International Baccalaureate Middle Years Programme) бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

2005 және 2010 жылдары Қазақстанда 12 жылдық білім беру тұжырымдамасының жобалары әзірленді. Алайда, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламалары бекітілмеді.

2003-2015 жылдары Қазақстанда 12 жылдық білім беруге көшу бойынша эксперимент жүргізілді, оған 104 білім беру ұйымы, оның ішінде ауылдық жерден 49, қаладан 55 мектеп қатысты. Үлгілік оқу жоспарлары мен оқулық жобалары сынақтан өткізілді.

2015-2016 оқу жылында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ тәжірибесі бойынша Қазақстанда орта білімнің жаңартылған білім беру мазмұнына көшуі басталып, 2019-2020 оқу жылында аяқталды. Оқу пәндерінің мазмұны білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды көздей отырып, Блум таксономиясы негізінде оқу мақсаттары арқылы анықталды, оқу процесінде командалық зертеушілік іс-әрекеттер, жобалық зерттеулер тәсілі енгізілді және сыни ойлауды қалыптастыру мен критериялды бағалауды енгізу жүйелі қолға алынды. Алайда жаңартылған білім беру мазмұнын 11 жылдық білім беру моделі аясында жүзеге асырылды және оқу жүктемесінің ауырлығы,

міндетті пәндердің көптігі, кейбір пәндер мазмұнының шамадан тыс күрделі және шашыраңқы болуы жалпы білім беретін мектептердің педагогтері мен білім алушыларына айтарлықтай қиындықтар туғызып, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын өз дәрежесінде қалыптастыруға мүмкіндік бермеді. Орта білім мазмұнының мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары білім беру деңгейлерімен мазмұндық сабақтастығы толық қарастырылмады.

## **2. ҚАЗАҚСТАННЫҢ 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

Қазақстандағы 11 жылдық білім беру жүйесі және оның 4+5+2 құрылымы білім берудің заманауи талаптарына және әлемдік озық тәжірибеге сәйкес келмейді. 4 жылдық бастауыш білім беру ана тілін жетік меңгерудің, орнықты ынта мен өздік оқу дағдыларын, баланың рухани-адамгершілік және ұлттық-мәдени құндылықтарға негізделген тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың берік іргетасын қалауға мүмкіндік бермейді.

Заманауи ғылым жаңалықтары, цифрлық технология, NEET жастар буынының проблемалары, қабілеттері айрықша Z, Альфа ұрпақтарының өсіп шығуы, бұрын белгісіз жаңа мамандықтардың пайда болуы білім берудегі жаңа басымдықтарды анықтап, оның философиясына, мақсат-міндеттері мен әдістемесіне айтарлықтай өзгеріс қажет етуде.

Қазақстандағы 11 жылдық орта білім беру мазмұны, әсіресе, жаратылыстану-математикалық білім аймағы пәндері, дәстүрлі, яғни академиялық білімге бағдарланған сипатта қалып отыр. Білім мазмұны алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, метапәндік дағдыларды қалыптастыруға лайықталмаған. Халықаралық білім сапасы зерттеулеріндегі көрсеткіштер өте төмен. Жобалар арқылы оқытудың, білім алушылардың инженерлік-технологиялық ой-өрісін дамытудың негізі болатын STEM білім беру моделі енгізілмей келеді.

Білім беру жүйесі білім алушылардың бойында 21 ғасырға қажетті мәдениетті қарым-қатынас құра білу, сыни және креативті ойлау, эмоциялық зияты, орта жағдайларының өзгеруіне икемділік, өз бетінше және командада жұмыс істеу, еңбек әдебін сақтау, экологиялық мәдениет, медиасауаттылық сияқты икемді дағдыларды қалаптастыруы тиісті.

Қазақстандық 11 жылдық білім берудің өзекті проблемаларының бірі – оқу жүктемесінің, әсіресе, бастауыш мектепте тым ауыр болуы. Қазақстанның бастауыш мектебінің үлгілік оқу жоспарындағы жүктеме әлемдік және ТМД елдері арасында ең жоғары. Міндетті оқу пәндерінің саны (12-15) ЭЫДҰ елдеріндегі міндетті оқу пәндерінің санынан (5-8) шамамен екі есеге артық.

Жаңартылған білім беру стандартында 1 сыныптан бастап мазмұны жағынан күрделі «Цифрлық сауаттылық», «Жаратылыстану», «Дүниетану», «Шет тілі» пәндері енгізілді және оқу жүктемесінің көлемі айтарлықтай өсті. Оқу жүктемесінің ауырлығы білім алушылардың денсаулығына, олардың

психоэмоционалдық жағдайына кері әсер етіп, оқу-танымдық іс-әрекетке ынта-ықыласын төмендетті.

11 жылдық мектепте білім берудің тәрбиелік әлеуетін қамтамасыз ету мәселесі толық шешілмей келеді. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, баға жетпес рухани және мәдени мұрасын білім беру мазмұнына кіріктіру дәрежесі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру, патриоттық тәрбие беру талаптарына сай емес.

Қолданыстағы білім беру моделінің қоғамдағы және еңбек нарығындағы өзгерістер жылдамдығына ілесе алмауы байқалады. 11 жылдық орта білім мазмұнында бүгінгі күнге және болашаққа қажетті кәсіби дағдылар мен құзыреттерді ерте қалыптастыру қарастырылмаған, бейіндік оқытудың бағдары айқындалмаған.

Қазақстандағы 11 жылдық орта білім мазмұны кәсіби дағдылар мен құзыреттіліктерді ерте қалыптастыруға бағытталмаған, жоғары сыныптарда бейіндік оқытуға толық мән берілмейді. Оқыту екі бағытта (қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық) жүргізілгенімен, бейіндеу дәстүрлі пәндердің сағат санын көбейтумен ғана шектелген. Сонымен қатар, бейінді оқыту нәтижелерін бағалаудың сәйкесті жүйесі жасалынбады. Ұлттық бірыңғай тестілеу негізінен түлектердің жалпы пәндік білімін бағалайды.

Отандық білім беру жүйесін әлемдік озық тәжірибеге сәйкестендіру, заманауи талаптарға сай білім сапасын арттыру және елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстанның орта білім беру жүйесін 12 жылдық модельге көшіру өзекті мәселе болып табылады. 12 жылдық орта білім беру моделіне көшу ел дамуының стратегиясын анықтайтын құжаттарда: Қазақстан – 2050 стратегиясында, «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңында, Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген.

Орта білім берудің 12 жылдық моделі қазақстандық білім беру жүйесін Қазақстан қол қойған келісімдерге – Лиссабон конвенциясы, Болон процесі, Баршаға арналған білім туралы дүниежүзілік декларациясы, Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі, Біліктілікті танудың Еуропалық Конвенциясына сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Еуропа елдерінде жоғары оқу орындарына қабылдау 12 жылдық оқытудың болуын ескере отырып жүзеге асырылады. 12 жылдық орта білім моделі мектеп түлектерінің Еуропалық біліктілік шеңберінің (EQF) 4-ші деңгейін игеруге, сол арқылы сапалы жоғары білім алуға және болшақ табысты кәсіби қызмет атқаруға мүмкіндік береді.



### **3. 12 ЖЫЛДЫҚ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

12 жылдық орта білім берудің қазақстандық моделі құндылықтарға, педагогика және психология ғылымдарының заманауи қағидаттарына, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген, жасампаздыққа бағдарланған лайықталған сипатта болады. 12 жылдық білім беру еліміздің адами капиталының және тұрақты дамуының шешуші тетігіне айналады.

Білім беру мазмұнының тұғырнамасы ретінде төмендегі құндылықтар басшылыққа алынатын болады:

**Рухани-адамгершілік құндылықтар** (*ізгілік, бауырмалдық мейірім, достық, махаббат, қамқорлық, сенім, ынсап, қанағат, рақым, намыс, жігер, ар-ождан, ұят, оптимизм, талап, құрмет, ізет, жауапкершілік, парыз*);

**Отбасылық және мәдени құндылықтар** (*отбасы дәстүрлері, отбасы берекесі, ана тілі, мемлекеттік тіл, тарих, ұлттық дәстүр және діл, ұлтжандылық, білім, ғылым, мәдениет, еңбекқорлық, жасампаз және шығармашылық еңбек*);

**Ел-жер, табиғат құндылықтары** (*атамекен, туған жер, қара шаңырақ, отбасы әл-ауқаты, білім ордасы, тарихи мұралар, табиғат, туған жердің және елдің табиғат және өндіріс байлықтары*);

**Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік құндылықтары** (*Отан, тәуелсіздік, елжандылық, заң, құқық, міндет, азаматтық, азаматтық жауапкершілік, еркіндік, борыш, бостандық, толеранттық*);

**Эстетикалық құндылықтар** (*байқампаздық, сезімталдық, талғампаздық, зейін шоғырлығы, өнер, әдебиет, мәдениет туындылары*);

**Саламаттық құндылықтар** (*өмір, денсаулық, уақыт мәдениеті, дене мәдениеті, психикалық саулық, ерік-жігер, сабырлық, төзімділік, икемділік*)

#### **12 ЖЫЛДЫҚ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҚСАТЫ**

12 жылдық орта білім берудің мақсаты – жоғары рухани-адамгершілік қасиеттерге ие, заманауи қоғамның өзгермелі жағдайларына бейімделу, табысты өмір сүру және даму құзыреттіліктері қалыптасқан, өзінің жеке басының, отбасының және өз елінің мүддесі үшін жасампаздық қызметті жүзеге асыруға ықыласты және қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

12 жылдық орта білім берудің мазмұнын құру және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мақсаттың келесі үш компонентінің ажырамас бірлестігінде қарастырылады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

## 12 ЖЫЛДЫҚ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ МІНДЕТТЕРІ:

1) Оқыту жүктемесін оңтайландыру және білім берудің жоғары технологиялық ресурстарын, оңтайлы әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы білім берудің денсаулықты сақтау сипатын, жайлылығын, эргономикалық қолайлылығын және білім беру ортасының инклюзивтілігін қамтамасыз ету.

2) Білімнің құндылық бағдары мен тәрбиелік әлеуетін күшейту, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды білім мазмұнының тұғырнамасы ету арқылы мемлекеттік тілді, қазақ халқының және Қазақстан этностарының рухани құндылықтарын құрметтейтін және білетін, рухани бай, жоғары адамгершілік қасиеттерге ие, парасатты, мәдениетті, тұлғаны қалыптастыру.

3) Білім мазмұнына ғылым мен технология өзекті жаңалықтарын, болашақ мамандыққа қажетті құзыреттіліктерді үздіксіз енгізу және толықтыру арқылы білім берудің футурологиялық, болашаққа бағыттылық жасампаздық сипатын қамтамасыз ету.

4) Білім мазмұнының қолданбалы, практикалық бағдарланған сипатын нығайту, жоба орындау, зерттеу жұмыстары, зертханалық және практикалық сабақтардың үлесін арттыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын, білімді өмірлік практикада қолдану дағдыларын, шығармашылығы мен креативтілігін дамыту.

5) Таныс емес жағдайларда білімді қолдануға бағытталған оқу мақсаттары жүйесін енгізу және мәселелерді шешуге бағытталған контекстік тапсырмалардың үлесін арттыру арқылы қазақстандық мектеп оқушыларының халықаралық салыстырмалық зертеулердегі көрсеткіштерін жақсарту

6) STEM, STREAM, STEAM, SMART - білім беруді енгізу, цифрлық кеңістіктегі көпфункционалды MakerSpace ортасын құру арқылы білім алушылардың инженерлік-технологиялық ойлауын, конструкциялау, жобалау, модельдеу, Startup жобаларын орындау дағдыларын дамыту.

7) Оқушылардың эмоционалды интеллект, мәдени қарым -қатынас жасау, сыни ойлау, қоршаған орта жағдайының өзгерістеріне икемділік, өз бетінше және ұжымда жұмыс істей білу, еңбек этикасын сақтау, медиа сауаттылық сияқты 21 ғасырдың икемді дағдыларын дамыту.

8) Оқытудың мазмұны мен әдістерін тартымдылығын және өмірлік жағдаяттармен, проблемалармен байланыстылығын арттыру, қолайлы психологиялық орта құру, шығармашылық оқу-танымдық жұмысқа еркіндік беру, субъект-субъект қарым қатынасын орнату арқылы білім алушылардың оқуға, өзіндік білім алуға деген ынта-ықыласын арттыру

9) Білім берудің инклюзивті сипатын күшейту, білім беру процесінің жеке тұлғаға бағдарлығын қамтамасыз ету, әмбебап дизайндық оқыту принциптерін қолдану, әрбір оқушының ерекшеліктері мен қабілеттеріне сай саралап оқыту, жеке психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету арқылы оның ішкі әлеуеті мен мүмкіндіктерін ашу, жеке тұлғалық даму траекториясын жүзеге асыру.

10) Оқушылардың сапалы білімге, замануи білім беру ресурстарына тең құқықтары мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, диагностикалық сараптау және

бағдарлы шаралар қолдану арқылы қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының айырмашылығын теңестіру.

11) Оқушының бейімділігі мен қабілетін диагностикалау, ерте кәсіби бағдарлау және мамандықтарға бағыттап бейіндік оқыту арқылы мектеп бітірушілерінің бастапқы кәсіби біліктілік алуын қамтамасыз ету, болашақ мамандығын игеруге дайындығын жақсарту.

12) Білім берудің әр деңгейінен кейін жоспарланған пәндік нәтижелер мен метапәндік құзыреттіліктерді үйлестіру негізінде білім беру деңгейлерінің мазмұндық және ұйымдастырушылық сабақтастығын қамтамасыз ету, оқу материалдарының қайталануын жою.

13) Шетелдік жоғары оқу орындарына түсу кезінде Қазақстандық мектеп түлектерінің жалпы орта білімі туралы аттестаттарының танылуын қамтамасыз ету.

#### **4. 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРЫЛЫМЫ**

Қазақстанның 12 жылдық орта білім беру құрылымы (5+5+2) 6 жастан 17 жасқа дейінгі білім алушыларды тәрбиелеу мен оқытудың біртұтас жүйесін құруға бағытталады. Құрылым үш деңгейді қамтиды: бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру және жалпы орта білім беру.

Оқу пәндері мен оқу материалдарының көлемі тұлға дамуының жас кезеңдеріне және білім алушылардың психологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне, когнитивті қабілеттеріне сәйкес беріліп, сабақтастық ұстанымдары сақталады.

Әрбір деңгейде білім алушылардың пәндік және метапәндік құзыреттілігінің қалыптасу дәрежесі бағаланады.

Бастауыш білім берудің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейі арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуге ерекше мән беріледі. Сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында 5 жасар балалар міндетті мектепалды даярлықпен қамтылады.

Әрбір білім беру деңгейінің түлектерінде қалыптастырылатын метапәндік құзыреттіліктердің сабақтасты негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастығы жүзеге асырылады;

Мектеп бітірушілерді жоғары, кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге даярлау тиімділігін арттыру мақсатында мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы сабақтастық қамтамасыз етіледі.

#### **БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІ (1-5-сыныптар)**

Бастауыш білім берудің мақсаты – ұлттық құндылықтар тұғырнамасында сапалы білім мен ізгі тәрбиені ұштастырып, білім алушының мемлекеттік және ана тілінде сөйлеу мәдениетін жетілдіру, негізгі мектепте ғылым негіздерін игеруге қажетті білім, білік және дағдыларын қалыптастыру.

Бастауыш білімнің ұзақтығының кем дегенде 5 жыл болуы баланың жас кезеңдерінің және интеллектінің даму кезеңдерінің заңдылықтарына негізделген.

Бес жылдық бастауыш мектеп (6 жастан бастап) балалық шақтың мектепке дейінгі кезеңімен сабақтастықты сақтай, ойын әрекеттеріне басымдық бере отырып, баланың танымдық қызығушылықтары мен мотивтерінің қалыптасуын, зияткерлік, дене, эмоционалдық және эстетикалық дамуын қамтамасыз етеді.

Бастауыш сыныптарда баланың бойында адалдық, мейірімділік, еңбексүйгіштік, сезімталдық қоршаған әлемге, мемлекеттік тіл мен ана тіліне, қазақ халқының және басқа да Қазақстандағы этностардың дәстүрлері мен мәдениетіне құрметпен қарау сияқты тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға басымдық беріледі.

Бастауыш білім беру деңгейінде академиялық сипаттағы пәндерді, шетел тілдерін оқыту қысқартылады, олардың орнына мемлекеттік тіл мен ана тілін оқыту, тәрбиелік әлеуеті мол, баланың психоэмоционалдық жағдайына және оның ішкі әлеуетін ашуға, білім алушының эмоциялық зиятын (EQ) дамытуға ықпал ететін «Музыка», «Бейнелеу өнері», «Технология» пәндерінің үлесі артады.

Бастауыш білім берудің нәтижелері қоршаған орта туралы бастапқы білім беру, базалық деңгейде сөйлеу, оқу, есептеу, дене шынықтыру-қозғалыс дағдыларының қалыптасуы болып есептеледі. Оқушылардың өз бетімен ізденіп, оқуына негіз болатын ойлау операцияларын меңгеріп, танымдық іс-әрекетке пайдалану дағдылары қалыптасады.

## **НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІ (6-10-сыныптар)**

Негізгі орта білім берудің (6-10-сыныптар) мақсаты - білім алушыларға жалпы орта білім беру деңгейінің және бейіндік оқытуға даярлықтың іргетасы болып табылатын базалық орта білімді беру. Негізгі орта білім беру деңгейінде білім алушылар белгілі бір пәндер бойынша ғылым негіздерін меңгереді.

Негізгі орта білім беру деңгейінде білім алушының жаратылыстану-ғылыми және гуманитарлық дүниетанымы, функционалдық сауаттылығы мен мен 21 ғасырдың икемді дағдыларын, кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ететін пәндік білім және метапәндік құзыреттіліктері қалыптастырылады.

Негізгі орта мектепті аяқтағаннан кейін социометрия және квалиметрия тәсілдері арқылы білім алушының базалық білім деңгейін, сондай-ақ оның кәсіптік бағдарын анықтау шаралары жүргізіледі. Бағалау нәтижелері бойынша білім алушы колледжде немесе белгілі бір бейін бойынша 11-12 сыныптарда оқуын жалғастыруға мүмкіндік алады.

## **ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІ (11-12-сыныптар)**

Жалпы орта білім беру – білім алушылардың әлеуметтік және кәсіптік жағынан өзін-өзі анықтауы үшін жеткілікті пәндік білім мен метапәндік

құзыреттерді, әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған орта білім берудің соңғы кезеңі.

Бұл деңгейдің ерекшелігі – оқытудың функционалдық-іс-әрекеттік сипаты және бейіндік оқыту. Бейіндік оқыту пәндік білім мазмұнын кіріктіру есебінен міндетті оқу пәндерінің санын барынша қысқарту, таңдау бойынша мамандықтарға бағытталған бейіндік пәндерді енгізу және «пәндік» оқытудан «жобалар» арқылы оқытуға, STEM, STEAM білім беруге басымдық берумен ерекшеленеді.

Әлемдік озық тәжірибеге сай бейіндік оқыту: технологиялық, жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша жүзеге асады. Бейіні бойынша таңдау оқу курстарын жеңілдетілген деңгейде ағылшын тілінде беру жүзеге асырылады.

Топтық жұмыс негізінде технологиялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін көпфункционалды оқу ортасы арқылы шығармашылықты дамытуға, ізденушілік-зерттеу әрекеттеріне басымдық беріледі.

Техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары білім беру (бакалавриат) оқу бағдарламаларымен сабақтастық пен бірізділік жолға қойылып, пәндер мен олардың мазмұныныңдағы қайталаулар жойылады, білім берудің мамандықтарға кәсіби бағдарлығы арттырылады.

## **5. 12 ЖЫЛДЫҚ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

12 жылдық мектептің мазмұнын анықтаудың ғылыми-теориялық негізіне тұлғалық-іс-әрекеттік әдіснама тұрғысында жетілдірілген білім мазмұны теориясы алынды. Заманауи оқыту және білім мазмұны ғылымының талаптарына әлем туралы білім, іс-әрекет тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибесі, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, эмоционалды және құндылық қатынастарының нормалар жүйесі кешенін қамтитын төрт элементтік білім мазмұнының теориясы сәйкес келеді. Бұл теория білім беру мазмұнын анықтаудың классикалық қағидаттарынан басқа оқушылардың функционалдық сауаттылығын, өздігінен білім алу дағдыларын және әлемнің жылдам өзгермелі жағдайында өзін-өзі жетілдіруге, креативтілікке, ұтқырлыққа бейімделуге мүмкіндік беретін оқу материалдарын іріктеудің жаңа ұстанымдарымен ерекшеленеді.

Білім беру мазмұнын құру мен оқыту биоадекваттық қағидаттар мен нейропедагогика қағидаттарын (адамның екіжақты тұтас динамикалық ойлауын дамыту) басшылыққа ала отырып жүргізіледі.

Білім берудің мазмұны мен әдістері әрекеттік-құзыреттілік, конструктивистік парадигмасы аясында жүзеге асырылып 12 жылдық мектептің түлегі бойында ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктердің қалыптастыруды көздейді.

Халқымыздың социогенетикалық коды болып табылатын ұлттық құндылықтар, ана тілі, қазақ халқының рухани және мәдени мұрасы орта білім беру мазмұнының өзегіне айналады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының

негізгі идеялары, Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы, Әбунасыр әл Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд әл Қашқари, әл Хорезми, Қожа Ахмет Яссауи және әлемнің басқа да ұлы ойшылдарының мәдени және рухани мұрасы 12 жылдық орта білім берудің философиялық тұғырнамасы ретінде қарастырылады.

«Іс-әрекеттік» ұстанымы – білім мазмұнын оқу мақсаттары жүйесін білу, түсіну, білімді үлгі бойынша қолдану, білімді жаңа жағдайда қолдану, білімді шығармашылықпен қолдану деңгейлерін қамтитын танымдық мәселелерді және функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған оқушының өз бетімен жүзеге асыратын іс-әрекеті (репродуктивті деңгейден конструктивті, өнімді деңгейге дейін) ретінде қарастырады.

12 жылдық білім футурологиялық, болашаққа бағыттылық сипатқа ие болады, яғни білім берудің болжамдық, конструктивтік, жасампаздық-шығармашылық функциялары күшейтіледі. STEM, STEAM білім беру, Smart - және Start-up жобаларын іске асыру жандандырылады.

«Ақпараттық коммуникациялық технологияның дидактикалық мүмкіндіктерін есепке алу» жаңа ұстанымы білім алушылардың ақпараттық және АКТ-ны сауатты пайдалана білу құзыреттіліктерін қалыптастырушы ғана емес, жалпы кибернетикалық педагогиканың мазмұнын құрастыруда, 4К оқыту моделін жүзеге асыруда жүйе құраушы және негізін қалаушы ұстаным ролін атқарады.

Оқу пәндерінің санын және оқытылатын теориялық материалдардың көлемін экстенсивті көбейтудің орнына, интенсивті тәсілдемеге, яғни пәндерді оңтайлы кіріктіруге, тиімді оқыту технологиялары негізінде білім беру процесінің нәтижелігін арттыруға, қазіргі заманғы білім беру ресурстарын қолдануға басымдық беріледі.

Пәндер мазмұнын интеграциялау ғылыми негізде, пәнаралық байланыстың дидактикалық талаптарын сақтау және пәндердің мазмұндық желісінің сабақтастығы мен үздіксіздігін ескере отырып жүзеге асырылады.

Білім берудің әр деңгейінен кейін жоспарланған пәндік нәтижелер мен метапәндік құзыреттіліктерді үйлестіру негізінде білім беру деңгейлерінің мазмұндық және ұйымдастырушылық сабақтастығы қамтамасыз етіледі, пәндер мен оқу материалдарының қайталануы жойылады.

## **6. БІЛІМ БЕРУ САЛАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ҚҰРУ ҰСТАНЫМДАРЫ**

12 жылдық мектептің 1-сыныбына арналған «Әліппе» пәнінің мазмұндық құрылымы Ахмет Байтұрсынұлының: әрбір әріпті жете тану, әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін ескеру, оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту әдістемелік ұстанымдарына негізделеді. Балаға білімді өмір тәжірибесі арқылы беру ұстанымына баса назар аударылады.

«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінің мазмұны қазақ тіл білімінің жүйесінен, әдеби мұралардан, көркем мәтіндерден, сөз өнерінен тұрады. «Қазақ тілі» пәнін оқытудың басты ерекшелігі – бастауыш сыныптарда қазақ тілінің ана

тілі ретіндегі қызметіне, орта сыныптарда қазақ тілінің ұлт тілі ретіндегі қызметіне, жоғары сыныптарда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметіне басымдық беру.

Оқытуы өзге тілде жүргізілетін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытуда білім алушылардың әлеуметтік ортада өмір сүруіне қажетті тілдік-коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға басымдық беріледі. Мемлекеттік тілді меңгеру арқылы әр білім алушының елжандылық қасиеттері, сөйлеу және қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады. «Қазақ тілі» (Т2) пәнінің мазмұны тілдік білімді бағалаудың халықаралық, Еуропалық стандарттарына негізделіп, тіл үйретудің деңгейлік жүйесімен түзіледі.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың басты ерекшелігі – әдеби білім мазмұнын беруде логикалық бірізділікті, жүйелілікті, сабақтастықты сақтай отырып, білім алушылардың бойына ұлттық-рухани, адамгершілік, мәдени-эстетикалық құндылықтарды дарыту; білім алушылардың ой-танымын кеңейту, тілдік қорын байыту арқылы олардың шығармашылық қабілетін дамыту; оқу сауаттылығын әлемдік талаптарға сай қалыптастыру.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердегі орыс тілін оқыту 3-сыныптан басталады. Екінші тіл ретіндегі орыс тілінің мазмұны оқушылардың оқу, жазу, сөйлеу коммуникативтік құзыреттерін дамытуға бағытталады. Күтілетін нәтиже – орыс тілін ұлтаралық қатынас құралы ретінде меңгеру.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептердегі «орыс тілі» пәнінің оқу материалы сызықтық-концентрлі тәсіл арқылы келесі кезеңдерді: Букварь (1-сынып), Орыс тілі бастауыш мектепте (2-5 сыныптар), Орыс тілі негізгі мектепте (6-10 сыныптар), Орыс тілі бейіндік мектепте (11-12 сыныптар) қамтып оқытуға бағытталып құрылады. Барлық кезеңдердегі білім мазмұны оқушылардың тілдік, сөйлеу, коммуникативтік және мәдениеттанушылық құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Білім алушының ана тілін орнықты меңгеруін, оның дүниетанымының ана тілінде қалыптасуын қамтамасыз етуді көздей отырып және басқа елдердің тәжірибесі негізінде «Шетел тілі» пәнін оқытуды 4-сыныптан бастау ұсынылады.

Шетел тілін оқыту жалпыеуропалық құзыреттілік жүйесіне (CEFR) сәйкес жүргізіледі. Шетел тілін меңгертудің бастауыш білім беруде А1, негізгі орта білім беруде А2, В1, жалпы орта білім беруде В2 деңгейлері ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды пән мазмұнынның өзегі ретінде ұстана отырып жүзеге асырылады. Оқыту білім мазмұнын күрделендіру емес, оқытудың тиімді әдістемесін қолдану арқылы жүргізіледі.

«Адам және қоғам» білім саласының мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндерінің мазмұнынан тұрады.

12 жылдық білім беруде «Қазақ тарихы» пәнін оқытудың *басты ерекшелігі* – бастауыш сыныптарда «Дүниетану» пәні аясында алғашқы тарихи түсініктерді қалыптастыру, негізгі орта білім беру деңгейінде пәннің базалық мазмұны Ұлттық мемлекет дамуының негізгі кезеңдері бойынша сабақтастық, мемлекеттік тұтастық пен тарихи дамуының логикалық үйлесімді бейнесін қалыптастыруға басымдық беру, жалпы орта білім беру деңгейлерінде отандық

тарихтың айрықша белгілері мен өзіндік ерекшеліктерін ашу, ұлттық тарихтың түйінді оқиғаларын әлемдік үдерістермен үндестіруді зерделеуге басымдық беру, өскелең ұрпақтың тарихи санасын, ұлттық рухын өз еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезімге тәрбиелеу арқылы қалыптастыру.

12 жылдық білім беруде «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқытудың басты ерекшелігі -әлем елдері тарихын және қоғамдық-әлеуметтік маңызды тарихи оқиғаларды оқытуда жүйелілік пен сабақтастық принциптерін жүзеге асыру. Дүниежүзілік тарихтың барысы мен үдерістері тұрғысынан ұлттық тарихқа басымдық беріп, әлемдік өркениетке қосқан үлесін көрсету; ұлттық тұтастық пен тарихи сананы қалыптастыру; әлемдік тарихтың түйіндік оқиғалары мен процестерін көрсете отырып, ұлттық бірегейлік, қауіпсіздікті нығайту мен өнегелі құндылықтарды танытуға басымдық беру.

Бастауыш мектепте өскелең ұрпақтың эстетикалық дүниетанымын, музыкалық мәдениетін қалыптастырып дамытуда, жан-жақты жарасымды дамыған, рухани жан-дүниесі бай, еңбекқор, шебер, шығармашыл тұлға тәрбиелеуде «Технология және өнер» білім аймағының ролі зор.

Білім алушыларда жаратылыстану саласының білім негіздері бастауыш білім беру деңгейіндегі «Дүниетану» пәні арқылы қалыптасады. 6-10-сыныптарда әлемнің ғылыми-жаратылыстану бейнесінің мазмұны «Жаратылыстану», «Химия», «Биология», «География», «Физика» пәндері арқылы жүйеленіп беріледі.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерін оқытудың мақсаты – ғылыми-танымдық, жобалау-зерттеушілік, тәжірибелік дағдыларын дамыту, білімді, ғылымды, өндіріс пен технологияны, конструктивтік дағдыларды ұштастыру негіздерін игеру, экологиялық, техногендік факторларды ескере отырып, адамның денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үйрету, пәндік білімді өмірдегі жағдайда пайдалана алу дағдыларын қалыптастыру. 12 жылдық мектепте жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқытудың ерекшелігі қолданбалы сипатын күшейту болып табылады. «Жаратылыстану» білім беру саласындағы пәндер мазмұнының кемінде 30%-ы практикалық және зертханалық жұмыстан тұратын болады.

Жаратылыстану пәндерін оқыту – білім алушыларға өмірде өздерін қалыптастырып, кәсіп таңдауға, оған бейімділіктерін анықтауға білімдерді кіріктіре отырып STEM оқыту технологиясын енгізуді, біртұтас жаратылыстану-ғылыми білім алуды және коллаборациялық, медиасауаттылық, икемді (Soft skills), кросс-функционалдық дағдылар мен футурологиялық дағдыларын дамытуды және тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

12 жылдық мектепте STEM-оқыту моделі жүзеге асырылады. STEM-оқыту мазмұны пәнаралық және қолданбалы тәсілдерді пайдалануға, сондай-ақ жаратылыстану циклі пәндерін математика және инженерлік әдістерді бірыңғай оқыту жүйесіне кіріктіруге негізделген. STEM және STEAM-оқыту мектепте және мектептен тыс жерлерде оқушылардың жобалық және оқу-зерттеу қызметін жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Білім берудің бұл трендтері мамандығы жаратылыстану ғылымдарымен түйіскен



жоғары технологиялық өндіріспен байланысты болашақ мамандарды даярлауға бағытталған.

Жалпы орта білім беру деңгейінің оқу жоспарында міндетті базалық пәндер үлесі мейлінше азайтылып, таңдау курстарының, бейініне сәйкес бейіндік пәндердің үлесі арттырылады.

Таңдау курстары ғылым мен технологияның заманауи даму бағыттарына сәйкесті инновациялық процестердің мәнін түсінуге және практикалық дағдыларын дамытуға бағдарланады. Олар: медициналық биология, биотехнология, өнеркәсіптегі химия, қолданбалы математика және физика, экология, геоэкология, ақпараттық технологиялар, модельдеу, робототехника, 3D-принтинг, т.б. қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы таңдау курстары: психология, логика, эстетика, экономика, элеуметтану, саясаттану, құқықтану, дінтану, мәдениеттану, дизайн өнері, жарнама өнері, қосымша шетел тілдері және т.б. элективтік бейінді курстар.

«Технология және өнер» білім аймағының мақсаты еңбекті адам өмірінің басты құндылықтарының бірі, жасампаздықтың іс-әрекеттің, ел экономикасының іргетасы ретінде ұғындыра отыру, білім алушылардың практикалық дағдыларын дамыту, әртүрлі өндіріс пен инновациялық технологиялар саласында шеберлікке және іскерлікке баулу, жобалау, конструкциялау, модельдеу, құрастыру дағдыларын дамыту.

Музыка пәнінің мазмұны рухани құндылық, адамның эмоционалдық интеллектін (EI) дамыту құралы ретінде қарастырылып, музыка жауһарларымен, қазақтың ұлттық өнер туындыларымен, балалар әндерімен толығады. Әр оқушының табиғи қабілеттері мен құштарлығын зерделей отырып, оның музыка өнеріндегі дарынын дамыту, ұлттық музыкалық аспаптарда, оның ішінде домбырада ойнау дағдылары қалыптастырылады.

«Дене шынықтыру және денсаулық» білім беру саласы денсаулық сақтайтын пәндік-кеңістіктік орната отырып, денсаулығы мықты, дене бітімі келісті, қайратты, жігерлі, шымыр, епті, өз бейіміне қарай спорт түрлерін меңгерген тұлғаны қалыптастыру, ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары негізінде елжандылыққа тәрбиелеу, салауатты өмір салтын дамыту.

## **7. 12 ЖЫЛДЫҚ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

12 жылдық мектептегі оқу-тәрбие процесі оқушылардың жас ерекшеліктері мен психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, денсаулықты сақтау принципін сақтай отырып, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын, озық педагогикалық тәжірибені қолдану негізінде жүзеге асады.

Білім беру ұйымының академиялық еркіндігі типтік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының балама нұсқаларын таңдауда, оқу процесін ұйымдастыруда кеңейеді.

Оқу процесінде шағын, ауылдық және қалалық мектептердегі білім беру қажеттіліктері мен оқушының жеке даму траекториясын ескере отырып,

деңгейлік саралауды табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагогикалық технологиялар қолданылады.

Білім берудің төрт элементті мазмұнын жүзеге асыру білім беру процесін тәрбиелеу, білім беру мен дамытудың компоненттерін біріктіре жүргізуге, білімді практикада қолдануда метапәндік құзыреттіліктер мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Денсаулықты сақтайтын, эргономикалық білім беру ортасы құрылады, оған ынталандыратын және шабыттандырушы атмосфера, үздіксіз ғылыми, әдістемелік, психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетіледі. Мұғалім мен оқушылар арасындағы білім беру процесі ынтымақтастық принципіне, «субъект-субъект» өзара әрекеттесуіне негізделіп құрылады.

Әрбір білім алушының ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеріп, оны ішкі потенциалын ашу мақсатында, оларға сапалы білімге қол жеткізуге тең дәрежеде жағдай жасау мақсатында білім берудің инклюзивті сипаты арттырылады, әмбебап дизайндық оқыту принциптері жүзеге асырылады, әрбір білім алушыға үздіксіз жеке психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі;

Мұғалімге оқу процесін ұйымдастыру мен жүргізудің алгоритмін құруда, әдістерін анықтауда сенімділік пен шығармашылық белсенділікке кең мүмкіндіктер беріледі.

Жалпы алғанда, білім беру процесі аралас оқу түрпатында сипатталады, әр түрлі білім беру ресурстарының көмегімен дербес белсенді танымдық әрекет жасауға мүмкіндік ашылады.

Бастауыш білім беру ұйымдарындағы оқу процесі негізінен ойын түрінде жүзеге асады. Оқушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын, моторикасын, құбылыстар мен оқиғаларды өз бетінше зерттеу дағдыларын дамытатын ойындар қолданылады.

Негізгі мектепте оқу процесі оқушылардың оқу пәндерінің базалық негіздерін меңгеруге, оқытудың қолданбалы аспектісін күшейте отырып, 21 ғасырдың икемдік дағдыларын, өз бетімен білім алу дағдыларын дамытуға бағытталған. Білімді таныс емес жағдайларда қолдану және алынған білімді шығармашылықпен қолдану бойынша оқу - тәжірибелік іс - шаралардың үлесі артады. Оқыту процесі оқушылардың алдын-ала дайындығы бойынша жүйелі жұмыстармен, мұғалімдер мен психологтардың оқушылардың қызығушылығын, бейімділігі мен қабілетін анықтау бойынша жұмысымен (балалар мен ата-аналардан, мұғалімдерден сұрақ қою, кәсіби бағдар тесттері, жеке тесттер, оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін диагностикалау) оқу процесінің субъектілері мен жұмыс берушілердің қатысуымен бірге жүреді.

Бейіндік оқыту мектеп деңгейінде немесе бір немесе бірнеше бағыт бойынша мектептер желісінде жүргізілетін болады. Жоғарғы сыныптарға мамандандырылған пәндерді енгізу техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарымен сабақтастыққа, олардың материалдық - техникалық, оқу - әдістемелік ресурстары мен интеллектуалдық әлеуетін шоғырландыруға бағытталған (оқу - өндірістік шеберханалар базасын қамтамасыз ететін, оқытуды

тартатын) университеттер мен колледждердің қызметкерлері дәрістік және практикалық сабақтарға, бірлескен ғылыми жобаларға және т.б.).

SAT (Scholastic Assessment Test) үлгісі бойынша бір мамандыққа тұрақты қызығушылық таныта алатын түлектер жоғары оқу орындарына түсу емтихандарынсыз -ақ түсе алады.

Жобалық оқыту мен STEM, STEAM үйренудің алғышарттарының бірі - зерттеу топтарының идеяларын топтастыру және пікір алмасу үшін цифрлық кеңістіктегі көпфункционалды орта (MakerSpace ортасы). 12 жылдық білім беретін мектептер көпфункционалды зертханалармен, шеберханалармен және робототехника кабинеттерімен жабдықталады.

Оқытуда негізгі мектептің жоғары сыныптары мен мамандандырылған мектептегі «пәндік» білімге қарағанда, «жобаларға» үлкен рөл беріледі. Мұнда білім алушылар алған білімдерін зерттеу тобының құрамында тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алады. Технологиялық жобаны жүзеге асыру бірлескен қызметке арналған көпфункционалды ортада жүзеге асырылады. Agile және Scrum технологияларын қолдану ғылыми жобаны тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді.

«Виртуалды шындықты» қолдана отырып, зерттелетін құбылыстың мәні мен процестің динамикалық ағымының тереңдігін сипаттайтын, сабақ барысында көрнекілікті арттыратын VR және AR әдістерін қолдану оқушылардың АКТ дағдылары мен функционалды сауаттылығын қалыптастырады. Мұнда теория практикамен үйлесімді түрде үйлеседі.

## **8. 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЕНГІЗУДЕН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР**

1. Білім беру мазмұны білім алушылардың әлем туралы білімдерін, іс-әрекет әдістерін меңгеру тәжірибесін, шығармашылық қабілеттерін, эмоционалды және құндылықтық қатынас нормаларын кіріктіре дамытуды қамтамасыз ететін мәдениеттану теориясы негізінде құрылады.

2. Әлемдік ұлы ойшылдардың мәдени және рухани мұралары орта білім берудің 12 жылдық моделінің философиялық тұғырнамасына айналады. «Рухани жағыру» бағдарламасының идеялары мен А.Құнанбаевтың «Толық адам» тұжырымдамасы білім мазмұнына кіріктіріледі.

3. Оқыту тіліне қарамастан орта мектептің әрбір түлегі белгіленген деңгейде мемлекеттік тілді меңгеріп шығады.

4. Тұлғаға бағдарланған іс-әрекеттік-құзыреттік әдіснамасын қолдану негізінде мазмұнның қолданбалық, практикалық әлеуеті күшейеді, білім алушылардың функционалды сауаттылығы артады, білім алушыларда ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық метапәндік тұлғалық құзыреттіліктері қалыптасады;

5. Орта білім беру футурологиялық, болашаққа бағыттылық сипатқа ие болады. Мектептер жанынан Maker space – көпфункционалды аймақтар мен оқу-өндірістік кешендер құрылады. Білім берудің болжамдық, инжинерингке бағытталған конструктивтік, жобалау, модельдеу сияқты икемді (эмбебап) дағдылар қалыптасады, жасампаздық-шығармашылық функциялары

күшейтіледі. STEM, STEAM білім беру, Smart - және Start-up жобалары іске асырылады, осы арқылы болшақ мамандықтарды игеруге дайындығы жақсартылады;

6. Үлгілік оқу жоспарының мазмұнына Тұрақты даму мақсаттары, 4.0 Өндірістік революция, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және технологиялық дамуы мүдделері, цифрландыру, жасанды интеллект пен жаңа мамандықтар нарығының қалыптасуын ескеретін пәнаралық компоненттер біріктіріледі.

7. Үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының балама нұсқаларын таңдау, оқу процесін ұйымдастырудағы білім беру ұйымының академиялық еркіндігі кеңейеді.

8. Білім беру мазмұнын іске асыру білім беру, тәрбиелеу және дамыту компоненттерін үйлесімді біріктіреді, метапәндік құзыреттіліктер мен білімді практикалық қолдану дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

9. Денсаулықты сақтайтын, эргономикалық, инклюзивті сипаттағы, ынталандыратын және шабыттандыратын атмосфера, үздіксіз ғылыми, әдістемелік, психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетілетін білім беру ортасы құрылады. Мұғалім мен оқушылар арасындағы білім беру процесі ынтымақтастық принципіне, «субъект-субъект» өзара әрекеттесуіне негізделген.

10. Білім берудің инклюзивтік сипаты артады, әрбір білім алушының қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріліп, әрбір білім алушыға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету арқылы тең дәрежеде сапалы білімге қол жеткізіледі;

11. Әрбір білім беру деңгейінің мазмұндық желілері, күтілетін нәтижелері мен түлектерінде қалыптастырылатын метапәндік құзыреттіліктердің сабақтастығын негізінде барлық білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастығы, «өмір бойы білім алу» тұжырымдамасы жүзеге асырылады;

12. Оқушылардың кәсіптік бейімін ерте диагностикалау, бейіналды дайындық жүргізу және жалпы білім беру деңгейінде кәсіптік бағдарлы бейінді оқытуды жүргізу арқылы мектеп бітірушілердің болашақ өмір еңбек жолын таңдауына, кәсіптік білім беру ұйымдарында оқуын жалғастыруына және қарапайым кәсіби біліктілікті игеруіне мүмкіндік кеңейтіледі.

13. 12 жылдық мектептің түлегі бейіндік пәндерді қарапайым деңгейде ағылшын тілінде меңгереді. Бейіндік пәндер бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін үздіксіз мониторинг жасай отырып, отандық жоғары оқу орнының сәйкес мамандығына қабылдау емтихандарынсыз қабылдау жүзеге асырылады.

14. 12 жылдық орта білім беру моделі мектеп бітірушілерге еуропалық біліктілік шеңберінің (EQF) 4-ші деңгейін меңгеруге, осылайша жоғары сапалы білім алуға және болашақта табысты кәсіби қызметке мүмкіндік алуға мүмкіндік береді.

## 9. 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ

1) Нормативтік құқықтық актілерді (мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын) әзірлеу;

2) 12 жылдық білім беру тұжырымдамасын, МЖББС, оқу бағдарламаларын қоғамдық ортада таныстыру және талқылау, оқулық авторлары мен педагогтерге түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

3) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» және басқа ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

4) 12 жылдық білім беру міндеттері мен ерекшеліктеріне сәйкес педагог кадрларды және оқулық авторларын даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарының бағдарламаларына өзгерістер енгізу;

5) 12 жылдық білім беруді ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік қамтамасыз ету негіздерін әзірлеу;

6) Білім алушылардың оқу жетістіктерін және білім беру процесінің тиімділігін, сондай-ақ білім берудің әрбір деңгейінде жеке тұлғаның даму сапасын квалиметриялық өлшеу және бағалау, кәсіби өзін-өзі анықтауға психологиялық-педагогикалық диагностикалау жүйесін әзірлеу;

7) 12 жылдық білім берудің мазмұны мен оқыту ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарының инфрақұрылымын, материалдық-техникалық базаны жаңғырту, оқыту және ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды жетілдіру;

8) Үздіксіз білім беруді жүзеге асыру мақсатында техникалық және кәсәптәк білім беру ұйымдарымен, жоғары оқу орындарымен, еңбек нарығымен өзара іс-қимыл арқылы бейіналды даярлық және бейіндік оқытуды үйлестіру;

9) 12 жылдық білім беруге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу;

10) Оқушылардың оқу дағдыларын, өз бетімен білім алу білігін қалыптастыру мақсатында мектеп кітапханаларын барлық пәндер мен сыныптар үшін қосымша әдебиеттермен (электронды, қағаз түріндегі) қамтамасыз етуге бағытталған «Мектеп кітапханасы», «Оқуға құштар мектеп» жобаларын жүзеге асыру;

11) «Мектеп индустриясы» ұлттық орталығын құрып мектеп шеберханалары мен зертханаларын жабдықтау, білім алушылардың әрдайым дұрыс отыруын, дене сымбатын сақтауға ықпал ететін парталарымен қамтамасыз ету;

12) Заманауи 12 жылдық мектеп моделінің оңтайлы жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін жаңа «Мектептану» курсы дайындау.

12 жылдық орта білім берудің Қазақстандық моделі жылдам өзгермелі қоғам жағдайына тез бейімделе алатын, өз бетімен өмір бойы білім алуға қабілетті, сыни және креативті ойлайтын, функционалды сауатты, белсенді, өзінің өмірлік мүддесіне, ел мүддесіне және адамзат қоғамының жарқын болашағына қызмет етуге ықыласты және қабілетті тұлғаны қалыптастырады.

## БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ СТАНДАРТЫ

### 1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 6 наурыздағы № 290 қаулысымен бекітілген «Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу қағидаларына» сәйкес әзірленген.

2. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдары білім беруді:

1) осы стандартқа;

2) үлгілік оқу жоспарларына;

3) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы белгілеген тәртіппен бекітілген басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.

3. Стандарт:

1) білім беру мазмұнына;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең көп көлеміне;

3) білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды анықтайды.

4. Стандарт тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін көздейді.

5. Осы стандарт:

1) білім беру жүйесін мемлекеттік реттеуде;

2) білім беру процесінде барлық субъектілердің құқығы мен міндеттерін реттеуде;

3) білім беру қызметін лицензиялауда;

4) білім беру ұйымдарын аттестаттауда;

5) қаржыландыру механизмін анықтауда негіз болып табылады.

6. Стандарт:

1) Қазақстан Республикасындағы білім беру кеңістігінің біртұтастығын, орта білім беру деңгейлері және білім салалары бойынша орта білім мазмұнының жүйелілігін, сабақтастығын және үздіксіздігін;

2) барлық білім алушылар үшін білімнің тең мүмкіндігі мен тең қолжетімділігін;

3) жалпы орта білім беретін ұйымдардың типіне, оқыту нысанына және түріне қарамастан, білім мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды;

4) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

7. Стандарттың талаптары:

- 1) оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуде және олардың сапасын сараптауда;
- 2) білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуде;
- 3) білім беру процесін жүзеге асыруда;
- 4) жалпы білім беру ұйымының қызметі нәтижесін бағалау жүйесін әзірлеуде және білім алушылардың дайындық деңгейін айқындау мен оларды қорытынды аттестаттаудың бақылау-өлшеу материалдарын дайындауда;
- 5) педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламаларын даярлауда міндетті болып табылады.

8. Осы Стандартта Заңға сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша мынадай терминдер мен олардың анықтамалары енгізілді:

1) бастауыш білім берудің базалық мазмұны - типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан, білім беру ұйымдарында оқып-білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі;

2) орта білім - білім алушылардың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдендірілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес пәндік оқу бағдарламаларын меңгеруі нәтижесінде алатын білімі;

3) білім беру мазмұны - тұлғаның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында арнайы ұйымдастырылатын оқу үдерісінің өзегін құрайтын білімдер жиынтығы (кешені); білім мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін пәндік оқу бағдарламаларында нақтыланып, жүйеленеді;

4) жалпы білім беретін мектеп - білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде дайындалған пәндік және қосымша білім беру бағытындағы оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын оқу орны;

5) үлгілік оқу жоспары - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сай оқу пәндерінің тізбесі мен сағат көлемін айқындайтын, оқу жүктемесінің міндетті және өзгермелі бөлігін нақтылайтын, оқыту тілін анықтайтын нормативтік-құқықтық акт; үлгілік оқу жоспары МЖМББС-тің құрамдас бөлігі ретінде білім беру ұйымдарының қызметін қаржыландыруда басшылыққа алынатын негізгі құжат болып саналады;

6) үлгілік оқу жоспарының тұрақты бөлігі - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілген және жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқытылатын міндетті оқу пәндерінің жиыны;

7) үлгілік оқу жоспарының өзгермелі бөлігі - білім алушылардың қажеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, әрбір жалпы орта білім беретін ұйымның өзі таңдайтын/анықтайтын оқу пәндері мен курстарының жиынтығы;

8) жалпы білім беретін оқу бағдарламасы - әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білім мазмұны мен көлемін, одан күтілетін нәтижелерді айқындайтын базалық-нормативтік құжат;

9) оқу жүктемесінің көлемі - әрбір оқу жылы бойынша үлгілік оқу жоспарының міндетті және өзгермелі (мектеп және оқушы) бөліктеріндегі оқу пәндерінің мазмұнын меңгеру үшін белгіленген оқу сағаттарының көлемі;

10) білім алушының дайындық деңгейі - білім алушылардың білім мазмұны бойынша меңгерген базалық, метапәндік және пәндік нәтижелерінің көрсеткіші;

11) базалық нәтижелер - жалпы білім беретін мектептің оқу сатылары бойынша белгіленген міндеттерге сай әрбір білім алушының игеруі тиіс функционалдық сауаттылығының көрсеткіші, түпкі нәтижесі;

12) метапәндік нәтижелер - оқушылардың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік беретін, тұлғалық құзыреттіліктер түрінде көрініс табатын білім алушылардың әмбебап білім, тәжірибе және қабілеттерінің даму көрсеткіші;

13) пәндік нәтижелер - білім алушының міндетті оқу пәндері бойынша меңгерген білімі мен білік, дағдыларының көрсеткіші;

14) пайдалы білім - заманауи білім беру талаптарына сай білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктері мен ұлттық ділін ескере отырып, олардың дүниетанымы мен сауаттылығын өзара бірлікте жетілдіруді, құндылық бағдарын қалыптастыруды көздейтін, тұлғалық дамуын қамтамасыз етуді білім;

15) білім мазмұнын дүниетанымдық аспектіде меңгерту - теориялық білім арқылы оқушының танымын, ұлттық ділі мен санасын дамытуға, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға басымдық бере отырып, оның әлемге (Адам мен Табиғатқа) ізгі қатынасын қалыптастыруды көздей оқыту;

16) құндылықтар - адамның бойына жақсы қасиеттерді сіңіретін, оларды ізгілікке бастайтын, қоғамдағы өз орнын саналы түрде иемденуге, адамзат баласын бірін-бірі, өзі өмір сүріп отырған ортаны, ғаламды сүйуге, құрметтеуге ықпал ететін рухани қайнаркөз. Құндылықтар адам өмірінің мәнін құрайды, оның ең басты мүдделері мен бағдарларын айқындайды. Құндылықтар: адам, өмір, еркіндік, сұлулық, адалдық, адамгершілік, бауырмалдық, бақыт, махаббат, ар, ізгілік және т.б.

17) құндылық бағдар - білім алушының өмірге, қоршаған әлемге, өзіне деген қатынасын анықтайтын, оның барлық әрекетіне мән дарытатын, тұлғалық қатынас жүйесін құрайтын, адам белсенділігінің мазмұнын анықтайтын аса күрделі әлеуметтік-психологиялық феномен. Құндылықтар – мотивацияның аспектісі, ал құндылық бағдар - субъектінің өз әрекетін реттеп отыру кезіндегі басқалардан гөрі басымырақ маңызға ие құндылықтар туралы жеке концепциясы;

18) эмоционалды интеллект (ЭИ) - тұлғаның өз сезімдері мен эмоцияларын қадағалай білуге, басқаруға, өзіне мотивация туғызуға, өзге адамдардың сезімдерін түсінуге, олардың эмоцияларды да басқара алуға қабілеттілігі. ЭИ тұлғалық тұрғыдан өзін-өзі дамытуға және айналасындағы адамдармен қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік тудырады;



19) ғылым негіздері - жалпы орта білім беретін мектептің негізгі сатысындағы оқу пәндерінің білім мазмұны арқылы берілетін теориялық білімнің қайнары, ғылым салаларының тірек ұғымдар жүйесі;

20) бағалау - әзірленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін оқудан күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі;

21) бағалау критерийлері - білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер;

22) білім беру процесінің мониторингі - білім беру ұйымдарындағы білім беру процесін жүзеге асырудың нәтижелері мен жай-күйіндегі өзгерістердің динамикасын жүйелі бақылау, диагностикалау, талдау, бағалау және жай-күйін болжау;

23) білім беру құндылықтары - білім беру мазмұнын айқындау үшін негіз болатын, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесін құрудағы бағдарлар;

24) білім беру қызметі - білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру субъектілерінің мақсатқа бағытталған, педагогикалық негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс;

25) білім беру саласы - мән-дес оқу пәндерінің жиынтығын қамтитын бастауыш білім берудің базалық мазмұнының құраушы бөлігі;

26) ағымдық бағалау - сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді;

27) жиынтық бағалау - белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

28) инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау;

29) оқу жүктемесінің инварианттық компоненті - білім беру ұйымдарының типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

30) оқу жүктемесінің вариативтік компоненті - білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

31) оқытудан күтілетін нәтижелер - оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі;

32) сабақтан тыс іс-әрекет - білім беру ұйымындағы біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, үлгілік оқу жоспарында айқындалған оқу жүктемесінен тыс іске асырылатын білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысандарының бірі;

33) үлгілік оқу жоспары - оқу пәндерінің (сабақ) тізбесін регламенттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инварианттық және вариативтік компоненттерінің көлемін айқындайтын құжат;

34) элективті курс - білім алушылардың таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативтік компонентінің құрамдас бөлігі.

9. Бастауыш білім берудің **мақсаты** - ұлттық құндылықтар тұғырнамасында сапалы білім мен ізгі тәрбиені ұштастырып, білім алушының мемлекеттік және ана тілінде сөйлеу мәдениетін жетілдіру, негізгі мектепте оқытылатын ғылым негіздерін игеруге қажетті тұлғалық құзыреттіліктерін қалыптастыру.

10. Бастауыш білім берудің **міндеттері**:

1) Білім алушының мемлекеттік және ана тілінде сауатты оқу, жазу және есептеу дағдыларын меңгерту;

2) Білім алушының интеллектуалдық әлеуетін дамыту, зерттеу, зерделеу әрекеттеріне баулу, модельдеуге машықтандыру;

3) Білім алушының құндылық бағдарын, ізгілік дүниетанымын, ұлттық сана-сезімін, ділін қалыптастыру;

4) Білім алушының әлеуметтік-тұлғалық қабілеттерін дамыту, сөз әдебі мен тілдік қарым-қатынас мәдениетінің, өз ойын жеткізудің қарапайым нормаларын меңгерту;

5) Білім алушының эмоционалды интеллектісін дамыту, өзіне деген сенімін, ізгілік мақсатқа жетуде табандылығын, ізденуге ынта-ықыласын, ерік-жігерін арттыру, саналы жауапкершілігін қалыптастыру.

6) Білім алушының денесін шынықтыру, денсаулығын нығайту, физиологиялық-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.

7) Еңбек мәдениетін, эстетикалық талғамын дамыта отырып, шығармашылыққа баулу.

8) Білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып әлеуметтендіру және жан-жақты дамыту.

11. Осы Стандарт:

1) оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеуде;

2) жалпы білім берудің бастауыш деңгейінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті жағдай жасауда;

3) бастауыш білім берудің академиялық және практикалық бағыттылығын үйлестіруде;

4) білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқу пәндері мазмұнының ішкі сабақтастығын қамтамасыз етуде;

5) оқу жүктемесінің шекті көлемін айқындауда;

6) құндылықтарға негізделген білім беру мазмұны мен оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесінің өзара байланысын қамтамасыз етуге;

7) білім беруді ұйымдастырудың дидактикалық ұстанымдарын айқындауда;

8) ерекше білім беру қажеттілігін қамтамасыз етуге, және білім алушылардың қосымша білім беру қызметтерін алу қанағаттандыратын қолайлы жағдайлар жасауға;

9) жалпы орта білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің әртүрлілігі жағдайында бастауыш білім берудің баламалылығын қамтамасыз етуге;

10) білім беру ұйымдарындағы инновациялық практиканы қолдау мен дамытуда;

11) білім сапасын қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының қызметін объективті бағалауды ұйымдастыруда;

12) білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалауда;

13) педагог мамандарды даярлайтын жоғары және арнаулы оқу орындарының білім бағдарламаларын әзірлеуде;

14) педагог мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру бағдарламасын әзірлеуде басшылыққа алынады.

12. Жеңіл ақыл-ой кемістігі және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған білім беру ұйымдарындағы инварианттық компоненттің оқу пәндерінің көлемі мен мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларында айқындалады.

## **2-ТАРАУ. БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

13. Оқу пәндерінің базалық білім мазмұны стандартта белгіленген білім берудің мақсаты мен міндеттеріне сай анықталады.

14. Бастауыш білім беру мазмұны мынадай **құндылықтарға** негізделеді:

- рухани-мәдени құндылықтар (отбасы, ұлтжандылық, тіл, білім, дәстүр, намыс, ар-ождан, рух, еңбекқорлық, талап, жасампаздық, тарих, діл, ғылым, мәдениет, рухани-мәдени мұра);

- ел-жер байлығы (атамекен, туған жер, шаңырақ, тарихи ескерткіштер, табиғат, табиғи байлықтар, өндіріс, отбасы әл-ауқаты) құндылықтары;

- адамгершілік құндылықтар (ізгілік, мейірім, достық, махаббат, сүйіспеншілік, бауырмалдық, қамқорлық, жауапкершілік, ізет, ынсап, қанағат, рақым, парыз, сенім);

- эстетикалық құндылықтар (байқампаздық, сезімталдық, талғам, өнер, әдебиет, мәдениет туындылары);

- Қазақстандық патриотизм (Отан, тәуелсіздік, елжандылық, заң, құқық, міндет, еркіндік, борыш, намыс, бостандық, толеранттық);

- саламаттық құндылықтар (өмір, денсаулық, уақыт, дене мәдениеті, психикалық саулық, ерік-жігер, төзім, икемділік).

15. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның дара қабілеттерін, талабы мен қызығушылығын, мінез-құлық мәдениетін, болашақта негізгі мектептің білім беру

бағдарламаларын меңгеруіне қажетті сөйлесім, оқу, жазу, есептеу дағдыларын шығармашылық тұрғыдан, құндылықтар негізінде дамытуға бағытталады.

16. Бастауыш білім мазмұнын **алты** білім саласы құрайды: «Тіл және сөз әлемі», «Математика және информатика», «Адам, Қоғам және Табиғат», «Өнер әлемі», «Дене мәдениеті және саламаттылық», «Еңбек мәдениеті».

17. «**Тіл және сөз әлемі**» білім саласының білім мазмұны келесі оқу пәндері аясында жүзеге асырылады:

1) «Әліппе» (қазақ (ұйғыр/өзбек/тәжік) тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін ұйымдар үшін), «Букварь» (орыс тілінде жалпы білім беретін ұйымдар үшін), «Көркем сөз» (қазақ тілінде оқытатын жалпы білім беретін ұйымдар үшін), «Қазақ тілі» (қазақ тілінде оқытатын жалпы білім беретін ұйымдар үшін), «Қазақ тілі (Мемлекеттік тіл)» (қазақ тілінде оқытпайтын жалпы білім беретін ұйымдар үшін), «Орыс тілі» (қазақ тілінде жалпы білім беретін ұйымдар үшін), «Литературное чтение» (орыс тілінде жалпы білім беретін ұйымдар үшін), «Шетел тілі» (қазақ тілінде жалпы білім беретін ұйымдар үшін), «Шетел тілі» (қазақ тілінде оқытпайтын жалпы білім беретін ұйымдар үшін).

2) Қазақстан аумағында жинақы тұратын этностардың тілінде оқытатын білім беру ұйымдарында "Тіл және сөз әлемі" білім беру саласына осы этностың "Ана тілі" оқу пәні қосымша енеді. Ұйғыр/өзбек/тәжік тілінде оқытатын білім беру ұйымдарына арналған "Ана тілі" оқу пәні үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентіне енеді.

18. «**Тіл және сөз әлемі**» білім саласы бойынша ана тілі ретінде оқытылатын тіл пәндерінің оқу бағдарламаларының мазмұны грамматикалық және лексикалық тақырыптардың үйлесімділігі бойынша жүйеленеді.

19. «Тіл және сөз әлемі» білім саласы бойынша оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелер **тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім** әрекеттері негізінде айқындалады.

20. «Тіл және сөз әлемі» білім саласының мазмұнына қойылатын талаптар:

-білім алушылардың мемлекеттік тілді және өз ана тілін меңгеруге ынта-ықыласын оятуды, дүниетанымын кеңейтуді;

-мемлекеттік тілді ауызша және жазбаша қарым-қатынас деңгейінде меңгертуді;

-ана тілінде ауызша және жазбаша сауатты сөйлеу дағдыларын, функционалдық сауаттылығын дамытуды;

-орыс және шетел тілдерінде қарапайым қарым-қатынас жасау біліктерін қалыптастыруды;

-алғашқы тілдік ұғымдарды меңгертуді, оқу мәтіндері арқылы тіл дамытуды, түсініп, мәнерлеп оқуға, сауатты, көркем жазуға икемі мен бейімін қалыптастыруды;

-дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөз құрамы, сөйлем, мәтін бойынша тілдік білімі мен дағдыларын меңгертуді;

-сөздік қорын және байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды;

- көркем шығармалар арқылы оқушының ұлтжандылық, рухани-адамгершілік, мейірімділік, әдептілік, еңбексүйгіштік, ізгілік, шығармашылық қасиеттерін тәрбиелеуді;

- көркем және ғылыми-танымдық жеңіл мәтіндерді түсініп, мәнерлеп оқу, талдау біліктерін қалыптастыруды;

- шығарманың логикалық жүйесін, байланысын сақтай отырып әңгімелеу және оған жоспар құру біліктерін дамытуды;

- оқушылардың оқырмандық мәдениетін, көркем шығарманы эстетикалық тұрғыда қабылдауын, сөз өнеріне сүйіспеншілік сезімін оятуды, өзіндік іс-әрекеті арқылы талғампаздығын қалыптастыруды;

- тілдесуге қажетті шығармашылық, әлеуметтік, танымдық, сөйлеу қабілеттерін және ақпаратпен өздігінен жұмыс істеу, өздігінен білім алу, өзін-өзі жетілдіру, өз ойын ашық, еркін жеткізе және дәлелдей алу біліктерін дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

21. **«Математика және информатика»** білім саласының мазмұны «Математика» және «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндері аясында іске асырылады.

22. **«Математика және информатика»** білім саласының мазмұнына қойылатын талаптар:

- материалдық әлемнің (айналадағы заттардың, үдерістердің, құбылыстардың) маңызды қасиеттерін, байланыстарын, кеңістік пішіндерін, сандық қатынастарын сипаттайтын бастапқы математикалық білімді игеруді және пайдалануды;

- натурал және бөлшек сандар, цифрлар және сандау жүйелері, нөл саны, арифметикалық амалдар және алгоритмдер, Қазақстанның және басқа елдердің ежелгі өлшемдері, ұлы математиктердің өмірі және шығармашылығы жайындағы ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтармен таныстыру арқылы мәдениеттің алуан түрлілігіне құрмет көрсетуді;

- математикалық білім мазмұнын ұлттық құндылықтармен үйлестіру және әмбебап оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы ұлттық дүниетаным қалыптастыруды және тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеуді;

- сандар, арифметикалық амалдар, шамалар және оларды өлшеу, ауызша және жазбаша есептеу тәсілдері, есептер, өрнектер, теңдеулер, теңсіздіктер, фигуралар мен олардың қасиеттері, жиын, логика, комбинаторика элементтері жайлы білімді және сәйкес әрекет тәсілдерін игеруді және қолдануды;

- геометриялық фигураларды зерттеу, ажырату және кескіндеу, кестелермен, схемалармен, графиктермен және диаграммалармен, тізбектермен, жиынтықтармен жұмыс істеу, деректерді жинақтау және ұсыну, талдау және түсіндіру, математикалық терминдер мен символдарды оқу және өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларын дамытуды;

- ізденіс және шығармашылық сипатындағы математикалық есептерді шығару білігін, өз бетінше математикалық модельдеу, жобалау, құрылымдау дағдыларын қалыптастыруды;

- стандартты емес, қызықты, логикалық, комбинаторикалық және өмірлік жағдаяттық (құзыреттілік) есептерді шешу, жобалау және зерттеу іс-әрекеті арқылы математикалық және шығармашылық қабілеттерді, сыни ойлауды дамытуды;

- нысандардың және олардың арасындағы қатынастардың сандық сипаттамасымен байланысты оқулықтарда және цифрлық форматтағы оқу құралдарында келтірілген ақпаратты іздеу, салыстыру, іріктеу, оқу және өмірлік жағдаяттарда қолдану сауаттылығын арттыруды, ақпарат беру құралдарын (кестелерді, диаграммаларды, сұлбаларды, суреттерді, алгоритмдерді) тиімді қолдану және қажетті ақпаратты өз бетінше бөліп алу білігін қалыптастыруды;

- оқу-танымдық әрекетті және оқу мотивтерін, математиканы оқуға деген оң көзқарас пен қызығушылықты, өзін-өзі реттеу біліктерін (іс-әрекетті жоспарлау, оны орындаудың тиімді жолдарын іздестіру, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалауды) қалыптастыруды;

- танымдық қабілеттерді, функционалдық сауаттылықты, логикалық және алгоритмдік ойлауды дамытуды **қамтамасыз етуі тиіс.**

23. «Адам, Қоғам және Табиғат» білім саласының мазмұны «Өзін-өзі тану», «Дүниетану» пәндері аясында іске асырылады.

24. «Адам, Қоғам және Табиғат» білім саласының мазмұнына **қойылатын талаптар:**

- ұлттық құндылықтар арқылы оқушы бойында намыс, ар-ождан, рух, талап, жасампаздық, ұлтжандылық, мейірімділік, сезімталдық, әдептілік қасиеттерін тәрбиелеуді;

- қоғамдағы мәдени мұралар, ұлағатты ой-пікірлер, өнегелі және ізгі іс-әрекеттер жайлы алғашқы түсініктер беруді;

- оқығанды түйсінуге, ой қорытуға, жасампаздыққа ұмтылуға, игілікті қамқарекет жасауға тәрбиелеуді;

- рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін және адами ізгі қасиеттерді бағалауды;

- өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту қажеттілігін түсініп, іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеуді;

- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, топта, сыныпта, үйде адамдармен достық қарым-қатынасқа тәрбиелеуді; үйлесімді қарым-қатынас және шығармашылық іс-әрекет дағдысын меңгертуді;

- өзінің тәртібін, мінез-құлқын адамгершілік нормалар тұрғысынан бағалауды;

- адамды, табиғатты құндылық ретінде тануды және бағалауды;

- тірі және өлі табиғат нысандары мен құбылыстары және олардың байланысы мен өзара тәуелділігі туралы білім беруді;

- адамның табиғатпен, қоршаған ортамен өзара тәуелді қарым-қатынасы және өзара әрекеттестігі туралы ұлттық дүниетанымға негізделген білімді игертуді;

- Қазақстанның, туған өлкесінің табиғаты мен байлықтары туралы ұлттық құндылықтарға негізделген білім беруді, оларды зерттеу, қорғау дағдыларын қалыптастыруды;

- әлеуметтік-қоғамдық және табиғи ортаға бейімделе алуға және оның мүшелерімен ізгілік қарым-қатынас жасауға үйретуді;

- адам, қоғам және табиғат туралы білімін әртүрлі өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларын қалыптастыруды, табиғатқа қамқорлық жасауды;

- қоршаған ортаны зерттеудің ғылыми қарапайым әдістерін меңгертуді;

- түрлі дереккөздерден ақпараттар алу және қажетіне қарай пайдалануды, тәжірибе жүргізу, бақылау, зерттеу, талдау, жобалау, болжау, жүйелеу, салыстыру, жинақтау, топтастыру, құрастыру, модельдеу және қорытынды жасаудың бастапқы дағдыларын қалыптастыруды **қамтамасыз етуі тиіс.**

25. **«Өнер әлемі»** білім саласының мазмұны «Бейнелеу өнері» мен «Саз өнері» оқу пәндері аясында іске асырылады.

26. **«Өнер әлемі» білім саласының мазмұнына қойылатын талаптар:**

- көркем өнер туындылары арқылы оқушының ұлтжандылық, рухани-адамгершілік, көркемдік-эстетикалық, сезімталдық, талғам, байқампаздық, мейірімділік, әдептілік қасиеттерін тәрбиелеуді;

- қазақтың ұлттық, кәсіби музыка, бейнелеу өнері, этностардың мәдениеті туралы түсініктерін қалыптастыруды;

- өнер (музыка, бейнелеу, қолданбалы-сәндік, сәулет, дизайн) түрлері туралы бастапқы білім беруді;

- өнер түрлеріне қызығушылығын дамытуды, өнер арқылы ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерді құрметтеу сезімін қалыптастыруды;

- оқушының көркемдік-бейнелеу іскерліктерін, музыкалық қабілеттерін, шығармашылық әлеуеті мен қиялын дамытуды;

- өнер туындылары жайында ақпарат іздестіру, қабылдау, түсіну, талдау, өздігінен пайдалану дағдыларын қалыптастыруды;

- өз шығармашылық іс-әрекеттері арқылы ойын бейнелеп және дәлелдеп бере алу дағдыларын қалыптастыруды;

- эстетикалық талғамын, сезімталдығын дамытуды **қамтамасыз етуі тиіс.**

27. **«Дене мәдениеті және саламаттылық»** білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәні аясында іске асырылады.

28. **«Дене мәдениеті және саламаттылық» білім саласының мазмұнына қойылатын талаптар:**

- адам өміріндегі дене шынықтырудың рөлі туралы түсінік қалыптастыруды;

- спорт, би, гимнастика және ұлттық спорт түрлерін меңгеруін, оларды денсаулығын нығайту үшін қолдана білуін;

- ұлттық спорт ойындарының дүниетанымдық және тәрбиелік мәнін түсінуді;

- өмірлік маңызды және денсаулыққа пайдалы қимыл-қозғалыс икемділігі мен дағдысын жетілдіруді;

- жылдамдық, икемділік, ептілік, шыдамдылық, жігерлілік, намысшылдық, әділдік сынды дене шынықтыру мәдениеті сапаларын жетілдіруді;

- акробатикалық, гимнастикалық, жеңіл атлетикалық, спорттық би және басқа да бағыттағы дене шынықтыру жаттығуларын меңгертуді;

- денсаулықты нығайту, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру, дене бітімін, сымбатын жетілдіру және дамытуды;

- жеке гигиена ережелерін, дене және психикалық саулықты нығайту мен салауатты өмір салты қағидаларын сақтауды;

- оқу, ойын және жарыс әрекеті жағдайында құрдастарымен қарым-қатынас жасау мәдениетіне тәрбиелеуді;

- жалпы дамыту жаттығуларын өздігінен орындауға, өзін-өзі жетілдіруге тәрбиелеуді;

- спорттық ойындарға қатысу арқылы жеңіске жетуге ұмтылысын шыңдауды **қамтамасыз етуі тиіс.**

29. «**Еңбек мәдениеті**» білім саласының мазмұны «Еңбекке баулу» пәні арқылы жүзеге асырылады.

30. «**Еңбек мәдениеті**» білім саласының мазмұнына қойылатын талаптар:

- қол еңбегі арқылы оқушының байқампаздық, ұқыптылық, ептілік, жинақылық, жасампаздық, еңбексүйгіштік, төзімділік, шыдамдылық қасиеттерін тәрбиелеуді;

- қолөнер туындылары мен олардың маңызы туралы ұлттық-дүниетанымдық түсініктерін қалыптастыруды;

- еңбек етуге психологиялық дайындығын, қызығушылығын, құлшынысын дамытуды;

- еңбекті, еңбек адамын, кәсіп иесін құрметтеу, еңбектің адамзатқа пайдасы туралы түсінігін қалыптастыруды,

- бастапқы еңбек дағдыларды игеруін;

- еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеуді, еңбек қауіпсіздігін сақтау дағдысын қалыптастыруды;

- көркемдік-шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруды;

- түрлі материалдармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді;

- мүсіндеу, құрастыру, құрау, жапсыру, ою, тігу, илеу жоспарлау, модельдеу біліктілігін дамытуды;

- қолөнер туындылары жайлы ақпарат жинақтау, талдау және шығармашылықпен қолдануды;

- өз қолымен жасалған туындылар арқылы өз мүмкіндігіне деген сенімін арттыруды;

- отбасында, мектепте, мектептен тыс ортада қоғамдық пайдалы еңбекпен шұғылдану дағдысын қалыптастыруды **қамтамасыз етуі тиіс.**

31. «**Өмір қауіпсіздігінің негіздері**» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі.

32. «**Жолда жүру ережелері**» оқу курсының мазмұнын 1-5-сыныптарда сынып сағаттары есебінен (әр сыныпта 6 сағаттан) және сабақтан тыс уақытта жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, сынып жетекшілері жүзеге асырады.

33. Білім беру ұйымдары білім беру қызметін алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады



### **3-ТАРАУ. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨЛЕМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

34. Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің шектік көлемі 26 сағаттан аспауы тиіс.

35. Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі Үлгілік оқу жоспарында белгіленеді (қосымша 1).

36. Үлгілік оқу жоспарларының білім алушылардың ерекшеліктеріне қарай бейімделген икемді нұсқалары болуы тиіс.

37. Сыныпты екі топқа бөлуді қалалық жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық, шағын жинақты мектептерде білім алушылар саны 10 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі бойынша;
- 2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша;
- 3) шетел тілі бойынша;
- 4) цифрлық сауаттылық бойынша;
- 5) өзін-өзі тану бойынша жүзеге асыруға болады.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда барлық оқу пәндері бойынша сыныпты топтарға бөлу бір сыныпта 15 білім алушыға дейінгі толымдылықпен жүргізіледі.

38. Инклюзивті білім беруде пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

### **4-ТАРАУ. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

39. Білім алушылардың дайындық деңгейі «Тіл және сөз әлемі», «Математика және информатика», «Адам, Қоғам және Табиғат», «Өнер әлемі», «Дене мәдениеті және саламаттылық», «Еңбек мәдениеті» білім беру салалары аясында метапәндік құзыреттіліктерге ұласатын пәндік нәтижелер бойынша анықталады.

40. Білім берудегі күтілетін нәтижелерді айқындау және оқушының білім жетістіктерін бағалау *«Білу – Түсіну – Білімді үлгі бойынша қолдану – Білімді жаңа жағдайда қолдану – Білімді шығармашылықпен қолдану»* жүйесіне сәйкес жүргізіледі

41. Білім алушылардың дайындық деңгейі метапәндік құзыреттіліктер мен пәндік нәтижелер бойынша анықталады.

42. Бастауыш білім беру мазмұны төмендегідей **метапәндік құзыреттіліктерді** қалыптастыруға бағдарланған:

- 1) Ғылыми-танымдық (дүниетанымдық, шығармашылық);

2) Мәдени-әлеуметтік (ұлттық мәдени құндылықтар, оның әлеуметтік ортада жүзеге асуы);

3) Тілдік-коммуникативтік (қарым-қатынас);

4) Ақпараттық-технологиялық (цифрлық сауаттылық және инновация, бейімділік).

43. Бастауыш білім беруде меңгерілетін білім салалары бойынша төмендегідей метапәндік құзыреттіліктер қалыптасады:

1) **Ғылыми-танымдық** құзыреттілік:

- тілдің адам өміріндегі маңызы туралы ойын жеткізе алады;

- тілдік бірліктерді қарым-қатынаста ойды жеткізудің құралы ретінде сауатты қолданады;

- адам, қоғам, табиғат туралы түсінігін, олардың өзара үйлесімділігін спаттап, ойын дәлелдей алады;

- қоршаған ортасын зерделеу тәсілдерін меңгереді, бақылау, тәжірибе жасауға икемделеді.

- сандар, шамалар, ұғымдар, геометриялық фигуралар мен олардың арасындағы қатынастар жайлы математикалық мазмұнды ақиқат және жалған қарапайым пікірін жеткізе алады;

- стандартты және office (офистік) программаларды қолданып, жобалық жұмыстар жасай алады;

- STEAM-білім беру элементтерін пайдаланып, қарапайым роботтар құрастыра алады;

- түркі халықтарының музыка мәдениетіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата алады;

- бейнелеу өнерінің композициялық заңдылықтарын ажырата алады;

- композициялық заңдылықтарға сүйеніп, шығармашылық жұмыстар орындай алады;

- табиғаттың сауықтыру факторларының (су, күн сәулесі, ауа) көмегімен өз денсаулығын жақсарту жолдарын біледі;

- қарапайым өнімді шығарудың ұтымды конструкторлық шешімдері мен технологиялық әдістерін таңдап, қолдана алады;

- өз қиялы бойынша жасалатын бұйым моделін құрастыра алады.

2) **Мәдени-әлеуметтік** құзыреттілік:

- мемлекеттік тілде сөйлеудің қажеттілігін түсінеді, өмірлік жағдаяттарда қолданады;

- сөз әдебі талаптарын сақтап, қарым-қатынас жасайды;

- оқу материалдарындағы рухани-мәдени құндылықтарды ажырата алады;

- Қазақстанның, туған өлкесінің табиғаты мен байлықтарын үнемдеу, мәдени мұраларды сақтаудың қажеттілігін түсінеді, олардың ұлттық құндылықтарға жататынын біледі.

- рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін және адами ізгі қасиеттерді бағалап, әлеуметтік-қоғамдық, табиғи ортаға бейімделіп, оның мүшелерімен ізгілікті қарым-қатынас жасайды;

-заттарды олардың ортақ белгілеріне қарай және кеңістікте орналасуы бойынша жіктей алады;

- желіде этикалық және құқықтық нормалар ережелерін, техника қауіпсіздігі ережесін, өз денсаулығын сақтауды біледі;

- ұлттық музыкалық мәдениеттің қоғамдағы рөлі туралы пікірін білдіре алады;

-классикалық музыканың ең озық үлгілері әлемдік мәдениет деңгейінің көрсеткіші екенін жеткізе алады;

- көркем-образдық шығармаларды ажыратып, талдай алады;

-табиғи-тұрмыстық және ұлттық нақыштағы ертеңгілік гигиеналық жаттығуларды өздігінен жасай біледі.

### 3) Тілдік-коммуникативтік құзыреттілік;

- тыңдалған оқу материалдарының мазмұнын түсініп, өз пікірін білдіре алады;

- мәтіндегі негізгі және қосалқы ақпаратты таба алады;

- терминдердің мағынасын ажырата алады;

- өз ойын жүйелі, орфографиялық нормаларға сай сауатты жаза алады;

- ауызша сөзде өз пікірін жүйелі жеткізеді, орфоэпиялық нормаларды сақтайды;

- жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөліседі, пікірлеседі, қарым-қатынасқа түседі;

- адамның табиғатпен, қоғаммен қарым-қатынастың қажеттілігін түсініп, коммуникативтік дағдыларын шыңдай алады;

- адам, қоғам, табиғат, аспан әлемі, табиғат физикасы жайлы және географиялық, экологиялық, экономикалық, тарихи оқу-танымдық ақпараттарды түсініп, ойын еркін жеткізе алады;

- дүниетану бойынша жеке, жұптық және топтық зерттеу жұмыстарын орындайды, бақылаулар, сарамандық (практикалық) жұмыстарды, эко жоба жасап қорғауда, коллаборациялық орта құрып қарым-қатынасқа түседі;

- жиналған ақпарат негізінде жалпылама сипаттағы хабарлама дайындауда;

- есептерді шешудің баламалы әдістері мен тәсілдерін біледі;

- бейнелеу өнері бойынша көркем туындылардың әлемдік, отандық озық үлгілерін ажырата алады;

- командаларда, топтарда бірлесе жұмыс істеу үшін қозғалыс қимылдарын жасауға икемді;

- дайындаған бұйымы бойынша өз ойын ауызша немесе жазбаша жеткізуге бейім.

### Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алады;

- дереккөздерден қажетті мәтінді іздеп табады, өңдеп, қолданады;

- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолданады;

- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдейді;

- дүниетану пәні бойынша, цифрлы Қазақстан, әлемдік қауымдастық және Қазақстан туралы ақпараттарды электрондық, оқу ресурстардан, әртүрлі дереккөздерінен іздеп тауып, өңдейді және қажетіне қарай қолданады;

- адам, қоғам, табиғат туралы шығармашылық жұмыстарында оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу жобаларында, кластер, кесте, сызба құруда, сұлба, диаграмманы және т.б. цифрлық сауаттылықпен орындайды;

- логикалық ойын программаларының нәтижелерін салыстыруды, желілік қызметтердің мүмкіндіктерін пайдаланып, ақпарат жинақтауды біледі;

- цифрлық технологияларды ақпараттың сан алуан түрлерімен жұмыс жасауды біледі;

- топ құрамында домбыра және ұрмалы аспаптармен музыкалық шығармалар орындауға қатыса алады;

- қарапайым ұжымдық шығармашылық жобаларды әзірлеу және оларды жүзеге асыруға белсенді;

- компьютерде берілген мәтінмен және суреттермен жұмыс жасай біледі.

44. Оқу бағдарламаларында сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер осы стандарттағы білім салалары аясында айқындалған бастауыш білім беру деңгейінен күтілетін нәтижелерге бағдарланады.

**45. «Тіл және сөз әлемі» білім саласы пәндері бойынша бастауыш білім беру деңгейінен күтілетін пәндік нәтижелер:**

46. «Әліппе»/«Букварь» пәні бойынша (әліппе оқу пәні 1-сыныпта оқу жылының аяғына дейін оқытылады)

*Білім алушы:*

- адамның сөйлеу тілінің ауызша және жазбаша түрі болатынын,
- білімді болу үшін сауатты жазу мен оқудың қажеттігін,
- тілдегі әріптер жиынтығы әліпби деп аталатынын,
- әріптердің баспа және жазу таңбасы болатынын,
- ауызша айтылған әр дыбыстың жазбаша әріп түрінде жазылатынын;
- әр әріптің бас және кіші әріп түрінде жазылатынын;
- сөз құрамындағы әріптердің үзбей жазылуы тиіс екенін;
- сөз ішіндегі дыбыстарды дұрыс айтудың нормасын;
- сөздерден сөйлем құраудың жолдарын;
- сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерінің түрлерін;
- сөздің буынға бөлінетінін, тасымалданатынын;
- кейбір сөздердің айтылуы мен жазылуында ерекшелік болатынын;
- дыбыстан сөз, сөзден сөйлем, сөйлемнен мәтін құралатынын;
- тілдік бірліктерге қатысты ең қарапайым ұғымдарды **біледі**.

*Білім алушы:*

- ауызша және жазбаша тілде сауатты сөйлеудің маңызын;
- білім жинау үшін сауатты жазу мен оқудың қажеттігін;
- дыбыс пен әріптің байланысты екенін;
- әріптердің белгілі бір жүйемен түзілетінін;
- әріптердің баспа және жазу таңбасында айырмашылықтар болуының себебін;
- бас және кіші әріптерді дұрыс таңбалаудың сауаттылықпен байланысын;

- өз ойын ауызша және жазбаша жеткізудің ерекшеліктерін;
- ауызша сөйлеуде дыбыстарды дұрыс айтудың қажеттігін;
- жазбаша жұмыста әріптерді дұрыс, көркем жазу талабы қойылатынын;
- сөйлем соңында тыныс белгісінің бірін дұрыс қоюдың қажеттігін;
- өзі үшін дұрыс тыңдаудың, оқудың, ауызша сөйлеудің, сауатты жазудың, мәдениетті тілдесудің маңызын;
- мәтін құрау үшін ойды дұрыс, жүйелі жеткізу керегін;
- өлең мәтіндерін мәнерлеп оқи алу керегін;
- сауатты сөйлеу үшін өзінің сөздік қорын жаңа сөзбен байытып отыруы тиіс екенін;

- оқу және қоғамдық қызметте жетістікке жету үшін сөйлеу этикасы мен сөйлеу қарым-қатынас мәдениетін меңгеру қажеттігін **түсінеді**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **үлгі бойынша**:

- сөздегі дыбыстарды ажыратуда;
- сөздегі буын санын анықтауда;
- сөзді буынға бөлуде графикалық сызбасын;
- оқулықтан немесе тақтадан көшіріп жазуда;
- берілген сөздерден жай сөйлем құрап жазуда;
- тірек сөзбен шағын мәтін құрап айтуда/жазуда;
- логикалық екпінді сақтай отырып, өлеңді мәнерлеп оқуда;
- дайын жоспар бойынша мәтінді мазмұнын баяндағанда **қолданады**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **жаңа жағдайға сәйкес**:

- әр түрлі өмірлік жағдайларда буындап оқу және жазу ережелері бойынша жаңа сөздерді;
- жаңа сөздерді жазу кезінде емле ережелерін;
- сөйлемдерді өз бетінше жазғанда жаңа сөздерді;
- оқу дағдыларын жетілдіру мақсатында өз таңдауы бойынша шығармаларды оқиды;
- сөздік қорын сипаттау, әңгімелеу, қарым-қатынас жасау, сөйлеу үшін қолдана отырып толықтырады;
- жаңа сөздерді сауатты жазу үшін алдын-ала дыбыстық және дыбыстық әріптік талдау жасайды;
- диктант түрлерін жазғанда;
- жай сөйлемдерден күрделі сөйлем құрағанда;
- жаңа тірек сөздерге сүйеніп, шағын мәтін құрағанда;
- сурет бойынша шағын мәтін жазғанда;
- мәтін түрін ажыратқанда;
- оқыған жаңа мәтіндегі тірек сөзді анықтағанда **қолданады**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **шығармашылықпен**:

- тақырып бойынша шағын мәтін құрағанда;
- анаграмма жазғанда;
- шағын ұяқасты шумақтар құрағанда;
- бір мәселеге қатысты өз ойын ауызша немесе жазбаша білдіргенде;
- сурет бойынша мәтін құрағанда немесе мәтін бойынша сурет салғанда;
- мәтіндегі кейіпкер әрекетіне қысқаша пікірін білдіргенде **қолданады**.

**47. «Қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі» пәні бойынша пәндік нәтижелер:**

*Білім алушы:*

- әрбір адам үшін ана тілінің рөлін;
- ана тілінің құнды мұра екенін, әр адам өз ана тілінде сөйлеуі тиіс екенін;
- ана тілі арқылы адам басқа да ұлттық құндылықтарды танып, бойына сіңіретінін;
- тілдің өзгелермен қарым-қатынас жасаудың, ой мен сезімді жеткізудің ерекше құралы екенін;
- тіл тазалығын сақтаудың, дұрыс сөйлеудің талаптарын;
- қарапайым тіл терминдерінің мағынасы мен анықтамасын;
- тілдің ауызша және жазбаша түріне тән құралдарды;
- ауызша сөйлеудің орфоэпиялық нормаларын;
- жазбаша тілдің орфографиялық нормаларын;
- сөздің мағынасы оның ең негізгі белгісі екенін; сөздердің айтылуы мен жазылуына қарай топтарға бөлінетінін; кейбір сөздердің бірнеше мағына білдіретінін;
- сөз құрамының түбірден және қосымшадан тұратынын; бір сөзден бірнеше сөз туатынын;
- зат пен құбылыстың атауын, сынын, санын, әрекетін білдіретін сөздер тобы болатынын;
- әрекеттің мезгілін, мекенін, себебін, сапасын білдіретін сөздер тобы болатынын;
- табиғаттағы заттардың дыбысы мен қимылын білдіретін сөздердің өзгешелігін;
- көңіл-күйді білдіретін, жан-жануарларды шақыру, жекіру сөздерінің қалай айтылатыны мен жазылатынын; ол сөздердің әр халықта әртүрлі қолданылатынын;
- сөйлем түрлері және оған қатысты тыныс белгілерін;
- сөйлеуде кідіріс, екпін қойып айту нормаларын;
- сөз тіркесі мен сөйлемнің, сөйлем мен мәтіннің ерекшеліктерін;
- тақырыптың мәтін мазмұнымен байланысын, мәтіннің тұрақты құрылымын;
- монологтік, диалогтік сөз түрлерінің ерекшеліктері мен бастапқы талаптарын;
- мәтіннің сөйлеу тіліне қарай баяндау, сипаттау, пайымдау болып бөлінетінін, олардың өзіне тән тілдік құралдары мен ерекшеліктерін;
- қарым-қатынаста әлеуметтік рөліне сай сөйлеу мәдениеті талаптарын;
- әртүрлі өмірлік жағдаяттарға тән қарапайым этикеттік сөздерді **біледі**.

*Білім алушы:*

- адам үшін ана тілінің маңызын;
- ана тілінің ата-бабалардан жалғасып келе жатқан құнды мұра екенін, әр адам өз ана тілінде сөйлеуі тиіс екенін;
- ана тілі арқылы адам ұлттық құндылықтарды бойына сіңіретінін;

- ауызша және жазбаша тілде дұрыс, сауатты, сыпайы сөйлеудің адам мәдениетінің көрсеткіші екенін;

- қарым-қатынас жасауда, ойды және сезімді жеткізуде әр халыққа тән сөйлеу ерекшеліктері мен әдебінің болатынын;

- ана тілінде сөз тазалығын сақтаудың маңызын;

- пәндік термин сөздерді дұрыс қолданудың қажеттігін;

- монологте, диалогте сөз әдебі орамдарын орынды қолданудың мәнін;

- ойды жеткізуде сөзді мағынасына қарай талғап жұмсау қажеттігін;

- қаратпа және одағай сөздерді қолданудың ұлттық әдеппен байланысын;

- монологтік сөзде мәтіннің мазмұндық-құрылымдық жүйесін сақтаудың маңызын;

- диалогтік сөзге қойылатын талаптарды сақтаудың мәнін;

- баяндау, сипаттау, пайымдау мәтіндерін құруда негізгі тілдік құралдарды талғап жұмсаудың маңызын;

- жай сөйлем түрлерінің айтылу, жазылу ерекшеліктерін білудің қажеттігін;

- мәтін мазмұнына қарай дауыс ырғағын, мәнерін сақтап оқудың сауаттылықпен байланысын **түсінеді**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **үлгі бойынша**:

- сызбаны пайдаланып, сөздің мағынасы мен маңызын түсіндіргенде;

- жартылай дайын монологтік сөз мәтінін толықтырып жазғанда;

- ұлттық құндылықтарға, күнделікті өмірде кездесетін таныс тақырыптарға арналған диалогтерді жалғастырғанда;

- ұлттық қолөнері шеберлерінің, суретшілердің туындылары мен сюжеттік картиналар бойынша тірек сөздерді қолданып, сипаттау мәтінін құрғанда;

- модельге сүйеніп, өзі көрген, естіген мәселе бойынша қарапайым баяндау, пайымдау мәтіндерін жазғанда;

- кесте бойынша сөзге (дыбыстық, сөз мағынасы, сөз құрамына қарай) талдау жасағанда;

- модельге сәйкес ауызша және жазбаша тілдің ерекшеліктерін анықтағанда;

- диаграммаға сөздерді лексикалық мағынасы бойынша топтастырғанда;

- сөздің орфографиялық және орфоэпиялық нормаларына қатысты салыстырмалы кесте түзгенде;

- қате жазылған мәтіндерді өңдеуде;

- сөздіктерден ана тіліндегі этнолингвистикалық атаулардың мағынасын ашуда **қолданады**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **жаңа жағдайда**:

- баяндау, сипаттау, пайымдау түріндегі мәтіндерге мазмұндық-құрылымдық талдау жасауда;

- тілдік ұғымдарды бір-бірінен ажыратуда, ортақ белгілерін анықтауда;

- ұлттық құндылықтарға қатысты таныс тақырыпта әңгімелеу, сипаттау, пайымдау түріндегі құрылымы қарапайым мәтіндер құрауда;

- отбасылық құндылықтарға, оқу-білімге қатысты рөлдік ойындарға қатысып, диалог құрауда;

- мазмұндама жазуда;

- қосымша ақпарат көздерінен алынған мәтін бойынша өз пікірін, ой қорытындысын жазуда, айтуда **қолданады**.

*Білім алушылар* меңгерген білімін **шығармашылықпен**:

- алынған ақпараттарды жинақтауда, талдауда, өзінің мақсатына сай өңдеуде;

- өзіндік ізденіс нәтижелерін кесте, диаграмма, сызба, постер түрінде рәсімдеуде;

- жеке және топтық зерттеу жұмыстарын жүргізуде: болжам жасауда, жоспар құруда, жоба қорғауда;

- ұлттық құндылықтарға байланысты ұсынылған тақырыпта баяндау, сипаттау, пайымдау түріндегі мәтіндер түзуде;

- шығармашылық тапсырмаларды (қысқа мақал-мәтел бойынша ребус, ертегі, тақпақ, сөзжұмбақтар, жаңылтпаш, шығарма) орындауда;

- жеке көзқарастары мен сезімдерін жеткізу сипатындағы жазба жұмыстарда (хат, эссе, жарнама, хабарлама);

- өнер байқауларында (мәнерлеп оқу, сахналық қойылымдар);

- ұлттық мерекелердегі дәстүрлі ойындарда (Наурыз-Думан);

- ақпарат құралдарының көмегімен өз білімі мен ізденім дағдыларын жетілдіруде;

- өзгелердің және өзінің іс-әрекеттерін, орындаған жұмыстарын бағалауда;

- өмірлік жағдаяттарда (сұқбатта, өмірбаянын айтуда/жазуда және т.б.)

**қолданады.**

#### 48. «Қазақ тілі» (мемлекеттік тіл) пәні бойынша

*Білім алушы:*

- қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін;

- тіл дыбыстарын дұрыс айту нормаларын, жазу емлесін;

- қазақша сауатты жазудың талаптарын;

- қарапайым деңгейге тән тілдік бірліктерді;

- оқу, отбасылық, әлеуметтік салаларға қатысты белсенді сөздердің мағынасын;

- күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылатын бейтарап сөздердің мағынасын;

- қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің орын тәртібін;

- сабақта қолданылатын тұрақты сөйлесім үлгілерін;

- қарапайым тілдік бірліктердің сөйлемдер құрауда атқаратын қызметін;

- оқу мәтіндерінің жанры мен типін, құрылымын;

- қарым-қатынаста қолданылатын сөз әдеби нормаларын;

- сөздікпен, қазақ тіліндегі түрлі дереккөздермен жұмыс істеу тәсілдерін;

- сөздік қорын үздіксіз толықтырып отыру әдістерін;



- елтанымдық лексика арқылы берілетін қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін біледі.

*Білім алушы:*

- қазақ тілінің мемлекеттік тіл екенін және сол тілде сөйлеу қажеттігін;
- тіл арқылы көрініс табатын ұлттық құндылықтардың мәнін;
- қазақ тілінің ауызша, жазбаша қарым-қатынас құралы екенін;
- сөздердің қазақтың ұлттық дүниетанымымен байланысты екенін;
- қазақ тілі мен өз ана тілінің ерекшеліктері мен ұқсастығын;
- қоғамдағы мемлекеттік тіл мен өз ана тілінің әлеуметтік рөлін;
- қазақша сөйлеуде үндестік заңын сақтаудың маңызын;
- деңгейлік тілдік нормаларды сақтаудың қажеттігін;
- қарым-қатынаста сөз әдебі нормаларын сақтаудың маңызын;
- тіл үйренуде нәтижеге жету үшін үздіксіз, жүйелі жұмыс жасаудың қажеттігін түсінеді.

*Білім алушы* меңгерген білімін **үлгі бойынша:**

- оқу мәтіндерінің жанры мен типін ажыратуда;
- оқу мәтіндерінің түрін ажыратуда;
- мәтін мазмұны бойынша қарапайым жоспар құруда, сұрақтарға жауап беруде;
- оқыған, тыңдаған материалдардың негізгі мазмұнын баяндауда;
- қарапайым деңгейдегі тілдік бірліктерді меңгертуге арналған тапсырмаларды орындауда;
- жаңа сөздерді белсендіруге бағытталған тапсырмалар орындауда;
- сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық мағынасын ажыратуда;
- сөйлем мүшелерінің орын тәртібін сақтай отырып, сөйлем құрауда;
- сөздерден сөйлемдер құрауда;
- берілген оқу мәтіндерінің үлгісімен шағын мәтін құрауда;
- қазақ тіліндегі әндерді орындауда, өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқуда

**қолданады.**

*Білім алушы* меңгерген білімін **жаңа жағдайда:**

- диктант түрлерін жазуда;
- қазақ тіліндегі қосымша ақпаратты өз ана тіліне аударуда;
- тақырыптық жағдаятқа сәйкес диалог құруда;
- сөздіктің көмегімен шағын мәтін құрауда;
- қарапайым аудио-бейне материалдар мазмұны бойынша тапсырмалар орындауда;
- түрлі жағдаяттарда айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым, тілдесім дағдыларын дамытуда;
- жағдаяттық, рөлдік ойындарға қатысуда;
- қазақ тілінде шағын көркем шығармаларды талдауда;
- жаңа тілдік ортада мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсудің бастапқы тәжірибелерінде қолданады.

*Білім алушы* меңгерген білімін **шығармашылықпен:**

- тірек сөздер, суреттер мен таңбалар, сызба және бейне материалдардың көмегімен ойын ауызша/жазбаша жеткізуде;

- сөйлеу мақсатына сәйкес қатысымдық құралдарды таңдауда;
- ұсынылған тақырып бойынша қазақ тілінде қарапайым деңгейде еркін тілдесуде;
- шығармашылық тапсырмалар (хат, тілек, құттықтау, хабарлама жазу) орындауда;
- жұптық, топтық, ұжымдық сипаттағы ізденіс жұмыстарын орындауда;
- шынайы өмірлік жағдаяттардағы тілдесуде;
- зияткерлік сайыстарға қатысу кезінде;
- қазақ тілін өз бетінше меңгеруге қажетті сөздік қорын дамытуда;
- қазақ тіліндегі қосымша ақпараттар арқылы өз білімін жетілдіруде **қолданады.**

#### 49. «Көркем сөз»/ «Литературное чтение» пәні бойынша

*Білім алушы:*

- дауыстап, мәнерлеп және іштей оқу талаптарын;
- балаларға арналған көркем әдебиет жанрларын;
- фольклорлық шығармалардың түрлерін;
- мәтіннің мағыналық бөліктерін,
- кейіпкерлерге мінездеме беру тәсілдерін;
- қарапайым әдебиеттану ұғымдарын;
- әлемдік балалар әдебиеті үлгілерінің атын, авторларын;
- мәтін мазмұны мен формасының байланысын;
- көркем сөз мәтініндегі бейнелеуіш құралдарды (тенеу, эпитет, салыстыру);
- жазба жұмысының түрлерін (жазбаша сипаттау, пайымдау, пікір, хат, шағын әңгіме, шығарма, этнографиялық мәтіндер);
- қажетті ақпаратты көркем, оқу-танымдық, ғылыми-көпшілік мәтіндерден, ғаламтор желісінен іздеудің тәсілдерін;
- анықтамалық-энциклопедиялық басылымдармен жұмыс жасау жолдарын;
- үлгі бойынша кітапқа, шығармаға қысқаша шолу жасау тәсілдерін;
- өтілген әдеби шығармалардың тақырыбын/атын, негізгі мазмұнын, олардың авторлары жайлы қысқаша мәліметтерді **біледі.**

*Білім алушы:*

- әдебиеттің ұлттық және әлемдік мәдениеттің негізін және адамгершілік құндылықтар мен дәстүрлерді сақтау құралы ретіндегі рөлін;
- оқудың адамның зияткерлік мәдениетін қалыптастырудағы, өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін сауатты адам ретінде танытудағы маңызын;
- әлемдік балалар әдебиеті шығармаларының мазмұнын, идеясын;
- оқу сауаттылығының деңгейлеріне сәйкес мәтіннің құрылымдық бірліктерінің өзара байланысын;
- қарапайым әдебиеттану ұғымдарының мәнін;
- әртүрлі жанрлардағы мәтіндердің ерекшелігін;
- халық ертегілері мен әдеби ертегілердің айырмашылығын;
- мәтінді оқуда мағыналық екпін, кідірістер жасаудың қажеттілігін;
- көркем шығармадағы бейнелеуіш құралдардың рөлін;

- шағын зерттеулер негізінде этнографиялық жазбалар жазудың мәнін;
- жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстарда ынтымақтастықтың қажеттілігін;

- бірлескен әрекетте әдеп нормаларын сақтаудың маңыздылығын **түсінеді.**

*Білім алушы* меңгерген білімін **үлгі бойынша:**

- түрлі жанрдағы мәтіндерді түсіндіруде, талдауда, қарапайым жоспар құруда;

- кітап мазмұнына, шығармаға шолу жасауда;
- өзін қызықтыратын кітаптарды таңдауда, оқуда, таныстыруда;
- берілген тақырып бойынша шағын ауызша/жазбаша мәтін құруда;
- оқыған шығарма жайлы пікір айтуда және мазмұндауда;
- шығармалардың атауын талдап түсіндіруде, балама нұсқасын ұсынуда;
- кейіпкерлерді сипаттауда, олардың іс-әрекеттеріне баға беруде және өз пікірлерін негіздеуде;

- танымдық және тұлғалық рефлексия жасауда **қолданады.**

*Білім алушы* меңгерген білімін **жаңа жағдайға сәйкес:**

- көркем, ғылыми-танымдық шығармалардың мазмұны бойынша жазбаша және ауызша жұмыстар орындауда;

- шығармашылық тапсырмаларды құрастыруда және орындауда;

- оқуға арналған кітаптарды өз бетінше таңдауда;

- ұсынылған шығармалардағы қоғамдық мәні бар нысандар, өз отбасыларының тарихы, айналадағы құбылыстар жайында этнографиялық жазбалар жазуда;

- мәтін бойынша хабарламалар, тұжырымдар жасауда;

- ұсынылған тақырыпқа байланысты көркем шығармаларды топтастыруда (іріктеуде);

- мәтіннің мазмұны мен формасын анықтауда;

- өз қалауы бойынша поэзиялық шығармаларды жатқа оқуда;

- әдебиетті ұлттық, әлемдік мәдениеттің феномені, адамгершілік құндылықтарды, дәстүрлерді сақтау мен жеткізу құралы ретінде түсіндіруде;

- әлемдік балалар әдебиеті шығармалары мазмұнын, идеясын талдауда;

- рөлдік ойындарды орындауда;

- шығарма мазмұнын сыни тұрғыдан талқылап, ой елегінен өткізуде;

- әртүрлі қайнаркөздерден ақпарат жинауда, өңдеуде, талдау мен түсіндіруде;

- сандық нысанда жазуда;

- өз сөзін аудио, бейне және графикалық түрде жеткізуде;

- сыни ойлап, шешім қабылдауда;

- бастамашылдығын, көшбасшылығын танытуда **қолданады.**

*Білім алушы* меңгерген білімін **шығармашылықпен:**

- элеуметтік орта, ондағы құбылыстар, қазіргі адамдар, өз отбасының, тұрған жерінің тарихы, ерекше тұлғалары туралы шағын зерттеулер жүргізіп, этнографиялық тұрғыдан көркемдеп жазуда;

- ертегілер, оқиғалар, өлеңдер құрауда;

- ұлттық құндылықтарға арналған суреттер мен иллюстрациялар бойынша әңгіме құрауда;

- шағын шығармаларды немесе жеке эпизодтарды сахналауда;

- кейіпкерге хат жазуда;

- шығарма мазмұны бойынша сурет салуда;

- авторлық мәтін негізінде шағын монологтік мәлімдеме құрауда;

- мазмұнды сызбаға айналдыруда, кестеге салуда **қолданады.**

## **50. Шетел тілі» пәні бойынша**

*Білім алушы:*

- шетел тілінің дыбыстық ерекшеліктерін;

- шетел тілінің әліпбиін, транскрипциясын, оқу ережелерін;

- тіл дыбыстарын дұрыс айту нормаларын, жазу емлесін;

- бастауыш деңгейге тән тілдік бірліктерді;

- оқу, отбасылық, әлеуметтік салаларға қатысты және күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылатын сөздердің мағынасын;

- шетел тіліндегі сөйлем мүшелерінің орын тәртібін;

- сабақты ұйымдастыруда қолданылатын тұрақты сөйлесім үлгілерін;

- қарапайым тілдік бірліктердің сөйлемдер құрауда атқаратын қызметін;

- қарым-қатынаста қолданылатын сөз әдебі нормаларын;

- сөздікпен, шетел тіліндегі түрлі дереккөздермен жұмыс істеу тәсілдерін;

- сөздік қорын үздіксіз толықтырып отыру әдістерін **біледі.**

*Білім алушы:*

- тіл – қарым-қатынас құралы екенін, үйреніп жатқан шетел тіліне лайықты құрмет көрсетіп, сол тілді үйрену қажет екенін;

- шетел тілін үйрену арқылы оқытылып отырған тілде сөйлейтін халықтың ұлттық құндылықтарымен танысып, салыстыру арқылы өз ұлттық құндылықтарының ерекшеліктерін тереңірек танитынын;

- шетел тілінің сол тілде сөйлейтін/жазатын адамдармен түсінісуге, ауызша, жазбаша мәтіндерді қабылдауға мүмкіндік беретін байланыс құралы екенін;

- елтанымдық лексиканы білу арқылы өзге ұлттардың ұлттық ерекшеліктерін танитынын;

- сөздердің оқытылып отырған тілде сөйлейтін ұлттың дүниетанымымен байланысты екенін;

- шетел тілі мен өз ана тілінің ерекшеліктері мен ұқсастығын;

- шетел тілі мен өз ана тілінің әлеуметтік рөлін;

- деңгейлік тілдік нормаларды сақтаудың қажеттігін;

- қарым-қатынаста сөз әдебі нормаларын сақтаудың маңызын;

- шетел тілінде сауатты жазудың талаптарын;

- тіл үйренуде нәтижеге жету үшін үздіксіз, жүйелі жұмыс жасаудың қажеттілігін **түсінеді.**

*Білім алушы* меңгерген білімін **үлгі бойынша:**

- оқу мәтіндерінің мәні мен мазмұнын ажыратуда;

- мәтін мазмұны бойынша жоспар құруда, мазмұнын баяндауда;

- оқыған, тыңдаған материалдардың негізгі мазмұнын түсінуде;
  - қарапайым деңгейдегі тілдік бірліктерді меңгертуге арналған тапсырмаларды орындауда;
  - жаңа сөздердің сөздік қордағы қолданысын арттыруға бағытталған тапсырмалар орындауда;
  - сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық мағынасын ажыратуда;
  - сөйлем мүшелерінің орын тәртібін сақтай отырып, сөйлем құрауда;
  - сөздерден сөйлем, сөйлемдерден ауызша/жазбаша мәтін құрауда;
  - берілген оқу мәтіндерінің үлгісімен шағын мәтін құрауда;
  - шетел тіліндегі әндерді орындауда, өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқуда
- қолданады.**

*Білім алушы* меңгерген білімін **жаңа жағдайда:**

- диктант түрлерін жазуда;
- шетел тіліндегі ақпаратты өз ана тіліне аударуда;
- тақырыптық жағдаятқа сәйкес диалог құрауда;
- сөздіктің көмегімен шағын мәтін құрауда;
- қарапайым жазба және аудио-визуалды ақпаратты қабылдап, сөйлеу мақсатына сәйкес өңдеуде;
- түрлі жағдаяттарда айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым, тілдесім дағдыларын дамытуда **қолданады.**

*Білім алушы* меңгерген білімін **шығармашылықпен:**

- тірек сөздер, суреттер мен таңбалар, сызба және бейне материалдардың көмегімен ойын ауызша/жазбаша жеткізуде;
  - сөйлеу мақсатына сәйкес қатысымдық құралдарды таңдауда;
  - ұсынылған тақырып бойынша шетел тілінде қарапайым деңгейде тілдесуде;
  - шетел тілінде шағын көркем шығармалар оқуда;
  - шығармашылық тапсырмалар (хат, тілек, құттықтау, хабарлама жазу) орындауда;
  - жұптық, топтық, ұжымдық сипаттағы ізденіс жұмыстарын орындауда;
  - шынайы өмірлік жағдаяттардағы тілдесуде;
  - зияткерлік сайыстарға қатысу кезінде;
  - шетел тілін өз бетінше меңгеруге қажетті сөздік қорын дамытуда;
  - шетел тіліндегі қосымша ақпараттар арқылы өз білімін жетілдіруде
- қолданады.**

51. «**Математика және информатика**» білім саласы бойынша бастауыш білім беру деңгейін бітірген білім алушының пәндік нәтижелері.

52. «**Математика**» пәні бойынша

*Білім алушы:*

- сандар, шамалар және өлшеулер, сандармен және шамалар мәндерімен орындалатын амалдар, алгебра және геометрия элементтері, жиындар және оларға қолданылатын амалдар, логика және комбинаторика элементтері, математикалық модельдеу ұғымдарын білдіретін терминдерді, математикалық символдар, амалдар және қатынастар таңбаларын;
- амалдардың қасиеттерін, амалдарды орындау тәртібінің ережелерін;

- бөлімдері бірдей, алымдары бірдей бөлшектерді салыстыру, бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу мен азайту ережелерін;
- бір таңбалы сандарды қосу және көбейту кестелерін;
- шамалардың стандартты бірліктері арасындағы қатынастарды;
- негізгі, жазық және кеңістіктік геометриялық фигуралар атауларын;
- тік төртбұрыш, шаршы және үшбұрыштың периметрін, тік төртбұрыш, шаршы және тік бұрышты үшбұрыштың ауданын, тік бұрышты параллелепипед пен текшенің көлемін, бірқалыпты түзу сызықты қозғалыс кезіндегі қашықтықты, жылдамдықты және уақытты табу формулаларын біледі.

***Білім алушы:***

- натурал сандармен, нөлмен және шамалар мәндерімен орындалатын арифметикалық амалдардың мағынасын;
- амалдардың компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланыстарды;
- санның және шаманың үлестері мағынасын;
- бөлімдері бірдей бөлшектерді, үтірден кейінгі екіден артық емес ондық таңбалары бар ондық бөлшектерді қосу мен азайтудың мағынасын;
- жиындардың «бірігуі» мен «қиылысуы» амалдарының мағынасын;
- бұрыс бөлшек пен аралас санның, жай бөлшекті ондық бөлшекке, ондық бөлшекті жай бөлшекке, бөлшекті процентке, процентті бөлшекке түрлендірудің мағынасын;
- шамалардың (баға, сан және құн; бір заттың массасы, заттардың саны және жалпы массасы; бір затқа кеткен шығын, заттардың саны және жалпы шығын; өнімділік, уақыт және жұмыс көлемі; түсімділік, аудан мен өнімнің массасы; жылдамдық, уақыт және қашықтық; тік төртбұрыштың ұзындығы, ені және ауданы; тік бұрышты параллелепипедтің биіктігі, ені, ұзындығы және көлемі) арасындағы тәуелділікті түсінеді.

***Білім алушы* меңгерген білімін **үлгі бойынша:****

- өрнектерді жазу және салыстыру, сандық өрнектерді түрлендіру, есептер мен теңдеулерді шешу, есептеулерді ұтымды жолмен орындау үшін математикалық символдарды, арифметикалық амалдарды және олардың қасиеттерін пайдаланғанда;
- натурал сандарға және шаманың (ұзындығы, ауданы, көлемі, массасы, уақыты, жылдамдығы) стандартты өлшем бірліктері мәндеріне есептеудің ауызша және жазбаша тәсілдерін пайдаланғанда;
- шамаларды өлшеу құралдарын таңдағанда;
- математикалық тілді және сандар мен есептердің графикалық модельдерін пайдаланғанда, әртүрлі жағдаяттарды модельдейтін сұлбалар, диаграммалар, графикалық модельдер және кестелер түрінде ұсынылған мәліметтерді оқығанда;
- теңдеулер мен есептерді шешу, ауызша және жазбаша есептеулер жүргізу, санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табу алгоритмдерін пайдаланғанда;

- жай бөлшекті ондық бөлшекке және ондық бөлшекті жай бөлшекке түрлендіргенде, процентті бөлшек түрінде және керісінше, бөлшекті процент түрінде өрнектегенде;

- геометриялық фигураларды бір-бірінен ажыратқанда, жазық геометриялық фигуралар мен симметриялы фигураларды бейнелегенде;

- теңдеу мен теңсіздікті шешкенде шешуде, геометриялық фигураларды салғанда және проблемалық жағдаятты (мәтінді есепті) қысқаша жазуға, сызба, сұлба, кесте, диаграмма түрінде модельдегенде;

- берілген заңдылық бойынша сандар мен фигуралардың тізбегін құрғанда;

- қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерінің, көбейтудің қосуға және азайтуға қатысты үлестірімділік қасиеттерінің, арифметикалық амалдардағы 1 мен 0-дің қасиеттерінің әріптік жазбасын құрғанда;

- математикалық мазмұнды қарапайым пікірлердің ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтағанда **қолданады.**

#### **Білім алушы алған білімін жаңа жағдайда:**

- сандардың, өрнектердің, сан мен пішіннің арасындағы қатынастарды, геометриялық фигуралардың ерекшеліктерін талдау;

- санды өрнектердің мен айнымалысы бар өрнектердің мәндерін салыстыру нәтижелерін және шамалардың түрлі топтарының арасындағы тәуелділікті талдау;

- жай және ондық бөлшектерді түзуді, салыстыруды, қосуды және азайтуды жазық фигуралардың бөліктері мен сан сәулесіне салынған кесінді бөліктері арқылы түсіндіру;

- ауызша және жазбаша есептеулер жүргізу мен есептерді шығару әдістерінің ұтымды болуы;

- теңдеулер мен теңсіздіктер құру, геометриялық фигуралар, сызбалар, сұлбалар және диаграммалар құрастыру;

- ақпаратты кестелер, графиктер, диаграммалар түрінде көрсету және талдау;

- есептерді қысқаша жазба, сұлба, сызба, кесте, қарапайым график түрінде модельдеу;

- заттар, сандар мен фигуралар тізбегіндегі жетпей тұрған элементті, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу;

- қиын емес комбинаторлық және логикалық есептерді **шығару үшін қолданады.**

#### **Білімі алушы алған білімін шығармашылықпен:**

- заттарды олардың ортақ белгілеріне қарай және кеңістікте орналасуы бойынша жіктеу;

- шамалар арасындағы тәуелділіктің математикалық моделін жасау;

- нақты әлемдік нысандар мен үдерістердің қарапайым модельдерін суреттер және сызбалар түрінде кескіндеу;

- өлшеу нәтижелерін бағалау;

- сандар, шамалар, ұғымдар, геометриялық фигуралар мен олардың арасындағы қатынастар жайлы математикалық мазмұнды ақиқат және жалған қарапайым пікірлер құрау;

- берілген мәліметтерді графикалық модель, кесте, сызба, диаграмма түрінде көрсету;

- есептерді шешудің баламалы әдістері мен тәсілдерін іздестіру;

- ұсынылған мәліметтер немесе математикалық модель бойынша есепті және оған кері есепті құру;

- өзі таңдап алған заңдылық бойынша сандар мен фигуралардың тізбегін түзу үшін;

- логикалық операциялардың (салыстыру, талдау, жалпылау, нақтылау, жіктемелеу, аналогия, себеп-салдарлы байланыстарды тағайындау, пайымдаулар түзу, белгілі ұғымдарға келтіру) көмегімен оқу және өмірлік жағдаяттарды **шешу үшін қолданады.**

**53. «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша:**

*Білім алушы:*

- информатиканың іргелі ұғымдарының мәнін;

- ақпаратты іздеуді, алмасуды, табуды, салыстыруды, іріктеуді;

- ақпараттық іс-әрекеттің негізгі түрлерін меңгеруді;

- интернет желісін пайдаланып, оқу және өмірлік жағдаяттарды шешуді;

- әлеуметтік желідегі қауіпсіздікті сақтауды;

- заманауи цифрлық құрылғыларды қолдану тәсілдерін;

- программалық жабдықтамаларды қолдану жолдарын;

- STEAM-оқыту арқылы жобалық іс-әрекет қалыптастыруды;

- роботтар құрастыру және оларды басқаруды;

- берілген үлгілер бойынша модельдеуді;

- алгоритм мен программалау тілдері туралы қарапайым түсініктерді;

- операциялық жүйе ұғымын **біледі.**

*Білім алушы:*

- ақпараттық процесстердің мәні мен мағынасын дұрыс ажыратудың қажеттігін;

- компьютермен жұмыс жасаудың тиімді және қажет екенін;

- ақпарат алу мен жөнелтуде Интернет желісін қолданудың тиімділігін;

- цифрлық құрылғыларды қолдану арқылы өз қажеттіліктерін өтей алатынын;

- алгоритмдеу, программалау ұғымдарын дұрыс меңгерудің маңыздылығын;

- ойын программалау ортасында жобалар құрудың негізгі идеясын меңгеру арқылы болашақта өз бағдарламаларын жасау мүмкіндігінің кеңейетінін;

- роботтарды программалап, құрастыруды меңгеру арқылы еліміздің индустриялық дамуына өз үлестерін қоса алатынын **түсінеді.**

*Білім алушы* меңгерген білімін **үлгі бойынша:**

- цифрлық технологияларды ақпараттың сан алуан түрлерімен жұмыс жасауда;

- техника қауіпсіздігі ережесін, өз денсаулығын сақтауда;



- интернет арқылы ақпарат алмасуда;
- әлеуметтік желілерде маңызды мәліметтер бөлісуде;
- алгоритмдеу қасиеттерін программалауда;
- модельдеу арқылы қарапайым робот құрастыруда **қолданады**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **жаңа жағдайға сәйкес**:

- цифрлық құрылғылардың мүмкіндіктерін тексеруде;
- логикалық ойын программаларының нәтижелерін салыстыруда;
- желіде этикалық және құқықтық нормалар ережелерін сақтауда;
- ақпарат көздері ретінде интернет желісіндегі өздеріне қажет мәліметтерді табуда;
- электронды оқу құралдары—мен мобильді үйретуші программалар арқылы өз білімін тереңдетуде;
- түрлі дерек көздерден жас ерекшеліктеріне сәйкес ақпараттар іздеуде;
- оқу барысында программалық жабдықтама элементтерін салыстыруда **қолданады**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **шығармашылықпен**:

- стандартты және office (офистік) программаларды қолданып, жобалық жұмыстар жасауда;
- программалау арқылы 2D ойындарын құруда;
- желілік қызметтердің мүмкіндіктерін пайдаланып, ақпарат жинақтауда;
- STEAM-білім беру элементтерін пайдаланып, қарапайым роботтар құрастыруда **қолданады**.

**54. «Адам, Қоғам және Табиғат» білім саласы бойынша бастауыш білім беру деңгейін бітірген білім алушының пәндік нәтижелер:**

**55. «Дүниетану» пәні бойынша**

*Білім алушы:*

- отбасылық құндылықтарды, отбасы мен отбасы мүшелерін, туыстық қарым-қатынастарды, баланың отбасындағы орнын;
- мектеп, мектеп ережесі, сынып, күн тәртібі, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас негіздерін;
- достық пен жолдастық ұғымдарының мәнін, жауапкершілік және тәртіп, сыныптағы өзін-өзі басқару ережелерін;
- адамның қоғамдағы рөлін, мамандық түрлерін, қоғамдық орындардағы әдептілік ережелерін, қоршаған ортадағы қауіпсіздікті;
- адамның дене мүшелерін, ішкі ағзаларының құрылысын, гигиенасын, денсаулыққа пайдалы және зиянды жағдайларды;
- Отан ұғымын, мемлекеттік рәміздерді, еліміздің астанасы мен ірі қалаларын, халқымыздың салт-дәстүрі мен мерекелердің түрлерін;
- еліміздің тарихи, мәдени, демалыс және өнеркәсіп орындары, өлкеміздің шаруашылық түрлері, өндірілетін отандық өнімдері туралы қарапайым мәліметтерді;
- Қазақстан Республикасының Ата Заңы, Цифрлы Қазақстан, Қазақстанның жасыл экономикасы мен экологиясы, туризмі туралы қарапайым түсініктерді;

- қазақ халқының шығу тарихы, Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар мен ірі тұлғалар туралы жалпы мәліметтерді;

- Қазақстан және өз өлкесінің табиғатын, жыл мезгілдерін, маусымдық еңбек түрлерін, оның ерекшеліктерін;

- жанды және жансыз табиғат түрлерін, олардың өзара байланысын, пайдасын, жанды табиғат тіршілігіне қажетті жағдайларды;

- өсімдіктер және жануарлар топтары, тіршілік ортасына бейімделуі, көбеюі, олардың адам өміріндегі маңызы, адамның табиғатпен үйлесімді тіршілік етуі туралы бастапқы ұғымдарды;

- Қазақстанның ұлттық қорықтары мен саябақтары, Қызыл кітап туралы алғашқы мәліметтерді;

- заттар және олардың қасиеттері, қолданысы, табиғат ресурстары, жер бедері, көкжиек және оның тұстары, табиғи апат түрлері мен олардың әсері туралы қарапайым мәліметтерді;

- Жер планетасы, Ғарыш, ғарыш денелері, Жер мен Күн арасындағы байланысты;

- табиғат физикасы (денелердің қозғалысы, күш, жарық, дыбыс, жылу) туралы алғашқы ұғымдарды **біледі**.

#### **Білім алушы:**

- еліміздің ұлттық құндылықтарына тиісті құрмет көрсетудің маңызын;

- отбасылық құндылықтардың маңызын, отбасы мүшелерінің рөлін, туыстық қатынастардағы өз орнын, ата-ана алдындағы борышын, отбасылық мерекелердің мән-мағынасын;

- мектептің адам өміріндегі маңызын, мектеп ережелері мен талаптарын, оқушылар арасындағы достықтың маңыздылығын;

- қоршаған ортаның адам өмірі үшін маңызын;

- салауатты өмір салтын ұстанудың, тұрмыстық қауіпсіздік ережелерін, өз денсаулығы мен жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын;

- еліміздің табиғи ресурстарын қорғаудың, үнемді пайдаланудың қажеттілігін;

- Қазақстанның болашақ дамуына, өз өлкесінің табиғатын қорғауға, тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтауға өз үлесін қоса алатынын;

- Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлін, елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың, Қазақстан халықтары достығының маңызын;

- жанды және жансыз табиғат нысандары мен құбылыстарының өзара байланысын, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті сақтаудың маңызын;

- Жер ғаламшары үшін Күннің рөлін, жердегі тіршілікке Ғарыштың әсерін, Ғарышты игерудегі Қазақстанның үлесін;

- күнделікті өмірдегі электрдің және энергия көздерінің қызметін **түсінеді**.

#### **Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:**

- туыстық атауларды ажыратуда, отбасы мүшелерімен қарым-қатынас жасауда;

- мектеп ережесіне сәйкес өз күн тәртібін құрастыруда;

- досының портретін жасауда, оның басты қасиеттерін анықтауда;

- мамандық түрлерін ажыратуда, еңбек адамына құрмет көрсетуде, қоғамдағы өз құқығы мен міндеттерін ажыратуда, әдептілік ережелерін сақтауда;
  - адамның дене мүшелерінің қызметін анықтауда, жеке бас гигиенасын, дұрыс тамақтану ережелерін сақтауда, өз ағзасын түрлі аурудан қорғау үшін салауатты өмір салтын ұстануда, алғашқы көмек көрсетуде;
  - Отан ұғымын суреттеуде, мемлекеттік рәміздерді сипаттауда, еліміздің астанасы мен ірі қалаларының суреті мен атауларын сәйкестендіруде, халқымыздың салт-дәстүрі мен мерекелер түрлерін ажыратуда;
  - өнеркәсіптер мен шаруашылық түрлерін ажыратуда, ұлттық өнімдерді бағалауда;
  - мұғалімнің көмегімен Қазақстанның экономикалық және экологиялық жағдайларына, Қызыл кітап мазмұнына талдау жасауда, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық көрсетуде;
  - еліміздің тарихи, мәдени орындарына, Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар мен ірі тұлғаларға құрмет көрсетуде;
  - адам, қоғам, табиғат арасындағы өзара байланысты сипаттауда;
  - қоршаған ортаны, маусымдық ерекшеліктерді бақылауда, ауа райын болжауда;
  - өз өлкесінде өсетін өсімдіктерден гербарий жасауда, өсімдіктер мен жануарлар топтарын ажыратуда;
  - заттар мен денелердің қасиетін анықтау мақсатында тәжірибелер жүргізуде;
  - қоршаған ортадағы табиғат нысандарын глобус пен картадан көрсетуде
- қолданады.**

**Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:**

- сыныптағы өзін-өзі басқаруда белсенділік танытуда;
- қоршаған ортадағы қауіпсіздік нормаларын сақтауға байланысты рөлдік ойындарға қатысуда;
- күн мен түннің, жыл мезгілдерінің ауысу себептерін анықтау мақсатында тәжірибе жасауда;
- өсімдіктер мен жануарлардың көптүрлігін, олардың тіршілігіндегі ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау мақсатында сызбалар жасауда;
- түсбағдар арқылы көкжиек тұстарын бағдарлауда, жергілікті жердің сұлбасын құруда;
- географиялық картамен жұмыс барысында географиялық диктант жазуда;
- табиғат құбылыстарына бақылау жасауда;
- отбасы шығындарын есептеп, жоспарлауда, ұлттық валютаны күнделікті өмірде пайдалануда;
- денсаулыққа пайдалы және зиянды тағам түрлерін ажыратып, кесте толтыруда;
- адам ағзасын жұкпалы аурудан қорғауда, салауатты өмір салтын сақтауда;
- Қазақстан экологиясы, оны қорғау және жергілікті жер экономикасының маңызын көрсету үшін кластер құрастыруда;

- жергілікті жердегі демалыс, көрнекті, мәдени-тарихи орындарды таныстыру мақсатында туристік маршрут құруда;
- өсімдіктер мен жануарлар топтарына байланысты модельдер мен сызбалар жасауда;
- қоршаған орта туралы алынған ақпараттар бойынша өз пікірін, ой қорытындысын айтуда, жазуда;
- картадан Қазақстанды, ірі қалаларды, өнеркәсіп орындарын, өз елді мекендерін анықтап, кескін картаға түсіруде;
- Цифрлы Қазақстан, әлемдік қауымдастық және Қазақстан туралы ақпараттарды өз бетімен әртүрлі дерек көздерінен іздеуде;
- Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғаларды зерттеп, баяндауда;
- табиғат физикасы, заттар мен денелердің қасиеттерін анықтау мақсатында тәжірибе жасауда;
- қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, өлкенің табиғаты мен жәдігерлерін дәріптеуде қолданады.

### **Білім алушылар меңгерген білімін шығармашылықпен:**

- қоршаған орта туралы алынған ақпараттарды зерттеу мақсатына сай жинақтауда, талдауда, өңдеуде;
- дүниетану бойынша жеке және топтық зерттеу жұмыстарын жүргізуде, жоспарын құруда, болжам, бақылау, тәжірибе жасауда, эко жоба қорғауда;
- адам, қоғам, табиғат, аспан әлемі, табиғат физикасы жөнінде өзіндік ізденіс арқылы кластер, кесте, сызба құруда, сұлба, диаграмма жасауда;
- топсаяхатта, үлескіде, тірі табиғат бұрышында зерттеулер жүргізуде;
- ұсынылған тақырып бойынша сарамандық жұмыстар жүргізуде;
- қоршаған ортаны тануға бағытталған шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды (эссе, жоба, ребус, сөзжұмбақтар, анаграммалар, бейнежазба, альбом, гербарий, т.б.) орындауда;
- қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, өлкенің табиғаты мен жәдігерлерін зерттеуде, баяндама жасауда;
- еліміздің экономикасын, өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын зерттеп, шығармашылық туындылар мен өнімдер жасауда;
- Республикалық, халықаралық олимпиадаларда, түрлі интеллектуалды байқауларда жобалар қорғауда;
- өзінің және өзгелердің орындаған шығармашылық жұмыстарының нәтижелерін бағалауда қолданады.

### **56. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша**

#### *Білім алушы:*

- «өзін-өзі тану», «жалпыадамзаттық құндылықтар», «ұлттық құндылықтар», «отбасы», «ұжым», «мәдениет», «адамгершілік», «достық», «қайырымдылық», «қамқорлық», «ар-ождан», «тәртіп», «парыз», «борыш», «жауапкершілік», «еңбексүйгіштік», «жанашырлық», «мейірімділік», «алғыс», «құрмет», «өзара көмек», «өзара түсіністік», «денсаулық», «жомарттық», «дәстүр», «келісім», «мінез-құлық мәдениеті» ұғымдарының мазмұнын;
- отбасындағы мінез-құлық ережелерін;
- ұжымдағы қарым-қатынастың ережелері мен мәнін;

- қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін;
- табиғаттағы мінез-құлық ережелерін;
- Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен міндеттерін **біледі.**

*Білім алушы:*

- өз бойында адамгершілік қасиеттерді дамытудың маңыздылығын;
- өмірде ой, сөз және іс бірлігін сақтау қабілетін дамытудың маңыздылығын;
- білімнің, кітаптың, білім алудың және мектептің адам өміріндегі, оның өзін-өзі жүзеге асырудағы рөлін;
- адамның өзін-өзі-тануындағы халық даналығының атқаратын рөлін;
- отбасының адам өміріндегі рөлін, отбасындағы сүйіспеншілік пен сенімге негізделген өзара қарым-қатынастың мәнін;
- өзара түсіністіктің адами қарым-қатынастың негізі ретіндегі маңызын; адамдардың қарым-қатынасындағы әдеп ережелерінің рөлін;
- адам мен табиғаттың өзара байланысын, табиғатты аялап, оған ұқыпты қараудың маңыздылығын;
- патриотизмнің мәнін, Отанның адам тағдырындағы маңызын;
- туған тарих пен мәдениеттің адам өміріндегі маңызын, дәстүрлер мен мәдени жетістіктерді сақтау және көбейту қажеттілігін **түсінеді.**

*Білім алушы алған білімдерін үлгі бойынша:*

- адамгершілік таңдау жағдайларын түсіндіруде, талдауда, өз пікірін қалыптастыруда;
- фольклорлық шығармаларды (мақал-мәтелдер, ертегілер), тәмсілдерді, ойшылдардың, жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің пікірлерін түсіндіруде;
- кино өнерінің туындылары мен интернет материалдары бойынша пікір білдіруде;
- өнер туындылары кейіпкерлерін, бейнерепортаждардың нақты қатысушыларын сипаттауда, олардың іс-әрекеттерін бағалап, өз пікірін негіздеуде;
- рөлдік ойындарды орындауда;
- тақырыптық ақпаратты таңдауда;
- берілген тақырыптар бойынша ауызша/жазбаша мәтіндер құрастыруда;
- танымдық және тұлғалық рефлексияда **қолданады.**

*Білім алушы алған білімдерін жаңа жағдайда:*

- көркем, ғылыми-танымдық шығармалардың мазмұны бойынша жазбаша және ауызша жұмыстарды орындауда;
- өз отбасы тарихының нақты оқиғаларын, нақты адамдарды сипаттауда;
- ертегілер, өлеңдер, моральдық-адамгершілік сипаттағы жағдаяттарды құрастыруда;
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға арналған суреттер мен иллюстрациялар бойынша әңгімелер құрастыруда;
- шығарманың мазмұны бойынша сурет салуда;
- адамдардың іс-әрекеттері мен қасиеттерін салыстыруда және олар туралы тұжырымдар жасауда;

- ұсынылған өмірлік жағдаяттардағы адамгершілік таңдауды дәлелдеуде **қолданады.**

*Білім алушы* алған білімдерін **шығармашылықпен:**

- өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тануда;
- жобалау қызметін әзірлеу және іске асыруда;
- қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас құруда;
- бастамашылық, көшбасшылық танытуда;
- адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас жағдаятын модельдеуде;
- шағын шығармаларды немесе жекелеген эпизодтарды сахналауда;
- шығармашылық жұмыстарда (эссе, коллаж, кейіпкерге хат, тұлғаның «портреті» және т.б.);
- ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және түсіндіруде;
- жиналған ақпарат негізінде жалпылама сипаттағы хабарлама дайындауда;
- қоршаған әлеммен байланысты шағын зерттеулер жүргізуде;
- ақпарат беруде;
- өз сөзін аудио, бейне және графикалық түрде беруде **қолданады.**

**57. «Өнер әлемі» білім саласы бойынша бастауыш білім беру деңгейін бітірген білім алушының пәндік нәтижелер:**

**58. «Саз өнері» пәні бойынша**

*Білім алушы:*

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын;
- ұлттық және кәсіби музыканың түрлерін;
- ұлттық музыкалық аспаптардың түрлерін (домбыра, қобыз, сыбызғы, жетіген, дауылпаз, балалайка, гусли, свирель), атауларын;
- күйші-композиторлардың шығармашылығы жайлы қарапайым ақпараттарды;
- қазіргі заманғы Қазақстан композиторлары және олардың шығармашылығы жайлы деректерді;
- үйренген әндердің сөзін, әнін, авторларын;
- ән орындаудың негізгі ережелерін;
- әнді уақытылы бастауды және аяқтауды;
- симфониялық оркестр құрамын және оған жататын ішекті, ағаш және жезді үрмелі, ұрмалы аспаптардың атауларын;
- музыканың вокалдық, аспаптық, жеке, хор және оркестрлік түрлері болатынын;
- музыкалық және ұрмалы, жоғары және төмен, қысқа және ұзақ дыбыстардың түрлерін;
- республикамыздың негізгі концерттік және театр мекемелері жайлы қарапайым мәліметтерді;
- әлемге танымал театр атауларын **біледі.**

*Білім алушы:*

- ұлттық саз өнерінің баға жетпес рухани құндылық екенін;
- туған өлкесінің дәстүрі мен өз елінің музыкалық өміріне байланысты оқиғаларының арасындағы байланысты;

- домбыра қағыстарын көзбен көріп, саз иірімдерін құлақпен ілу арқылы домбыраны нотасыз тартуды үйренуге болатынын;
- музыкалық шығармалардың адамның көңіл-күйіне (көңілді – мұңды, салмақты – үрейлі) әсер ететінін;
- әр түрлі сипаттағы әндерді көркем әрі мәнерлі түрде тамағына күш салмай, табиғи дауысымен орындаудың маңыздылығын;
- классикалық музыканың ең озық үлгілері әлемдік мәдениет деңгейінің көрсеткіші екенін;
- түркі халықтарының музыка мәдениетіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды;
- батыс Еуропаның классикалық музыка түрлерінің жалпы сипатын;
- Еуропа және Шығыс музыка өнерінің дәстүрлеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды **түсінеді.**

***Білім алушы алған білімін үлгі бойынша:***

- музыкаға сәйкес қимыл-қозғалыстар жасауда;
- ән шумағын, күйдің буынын ажыратуда;
- тез, орташа және жай екпіндердің дыбыс динамикасын ажыратуда;
- дыбыстың қатты немесе ақырын естілуін ажыратуда;
- музыкалық аспаптардың тембрлік бояуын салыстыруда;
- музыкаға сәйкес би қимылдарын жасауда;
- ырғақтық ойындар мен ырғақтық сүйемелдер жасауда;
- ән, күй, би, марш жанрларын ажыратуда;
- композитор – орындаушы – тыңдаушы – деген ұғымдармен танысуда;
- ырғақ, екпін, динамика, тембр, әуен, сүйемел (аккомпанемент) сынды негізгі музыкалық терминдерді ажыратуда **қолданады.**

***Оқушы алған білімін жаңа жағдайда:***

- музыканың мазмұнына сай сурет салуда;
- таяқшалар, ағаш қасықтар, қоңырау, сылдырмақтар сияқты тағы да басқа ұрмалы аспаптармен ырғақтық сүйемел жасауда;
- музыкадағы аңдар мен құстардың үнін тану кезінде;
- музыканың қазақтың ою-өрнек түрлерімен байланысын ажыратуда;
- қазақтың халық аспаптары оркестрінің құрамымен танысуда;
- ұлттық музыкалық мәдениеттің белгілі өкілдерінің шығармашылығына мұғалімнің көмегімен талдау жасау кезінде;
- халықтық және кәсіби (композиторлық) музыка жанр түрлеріне мұғалімнің көмегімен талдау жасағанда;
- музыкалық аспаптармен танысқанда **қолданады.**

***Оқушы алған білімін шығармашылықпен:***

- аңыз-күйлерді сахналауда;
- музыкалық сахналық қойылымдар жасауда;
- мектепте және басқа да музыкалық мерекелер мен фестивальдарда өнер көрсетуде;
- қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін сыни тұрғыдан бағалауда, саз өнері өкілдерінің шығармашылығына талдау жасауда;

- домбыра аспабымен күй тартуда, басқа да музыкалық аспаптарда ойнауда;

- домбырада және ұрмалы аспаптарда қарапайым ырғақпен ән орындауда;

- топ құрамында домбыра және ұрмалы аспаптармен музыкалық шығармалар орындауда қолданады.

### 59. «Бейнелеу өнері» пәні бойынша

#### **Білім алушы:**

- бейнелеу өнерінің түрлерін (сурет, графика, кескіндеме, мүсін, сәулет, сәнді қолданбалы өнер, дизайн) мен жанрларын (пейзаж, портрет, натюрморт, тарихи, тұрмыстық, моринистік, анималистік, батальды);

- көркем-образдық шығармаларды ажыратып, талдауды;

- бейнелеу өнері түрлерінің көркем образдық тілін (графиканың образдық тілін: сызық, штрих, дақ, рең; кескіндеменің образдық тілін: түс, түстік реңк, түстік үйлесімділікті) ажыратуды;

- бейнелеу өнерінің негізгі көркемдік стильдері мен бағыттарын;

- бейнелеу өнері бойынша көркем туындылардың әлемдік, отандық озық үлгілерінің атаулары мен авторларын;

- бейнелеу өнерінің композициялық заңдылықтарын (перспектива, түс, тепе-теңдік, ырғақ, динамика, статика, композиция ортасы, форма мен мазмұнның бірлігі және т.б.);

- көркем бейнені құраудың графикалық құралдары мен тәсілдерін;

- сызықтық нобай салуды, ою-өрнектің қарапайым үлгілерін құрастыруды, көркем қолөнер бұйымдарын жасауды;

- бейнелеу өнері бойынша қарапайым көркем өнер терминдері мен олардың анықтамаларын;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер шығармаларының көркемдік құрал тәсілдерін;

- бейнелеу өнерінің түрлері (сурет, графика, кескіндеме, мүсін, сәулет, сәнді қолданбалы өнер, дизайн) мен жанрларының (пейзаж, портрет, натюрморт, тарихи, тұрмыстық, моринистік, анималистік, батальды) айырмашылықтарын біледі.

#### **Білім алушы:**

- халық шеберлері мен суретшілерінің шығармаларындағы халықтық рухты;

- бейнелеу өнері дәстүрлі ұлттық өнерімізді сақтау мен ұрпаққа жеткізудің бір құралы ретінде маңызды рөл атқаратынын;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі өнер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды білу арқылы олардың өмірді әсемдікке қарай өзгерте алу мүмкіндіктерін тануға болатынын;

- өнер мен табиғаттағы әсемдікті және үйлесімділікті тану арқылы сиықсыздық пен жалғандықтың айырмашылығын көре алуға, қоршаған ортаның сұлулығын аңғарып, түйсіне алуға болатынын;

- өнер шығармасын табиғатпен байланыста қарау оны талдап, ерекшеліктерін тану мүмкіндігін арттыра түсетінін;

- көркем өнер туындыларындағы бейнелеу өнер құралдарының маңызын;



- ертегілердегі көркем образдарды құраудағы кітап иллюстрациясының рөлін;

- дәстүрлі дүниетанымда түстердің белгілі бір тұрақты мәнге ие екенін, олардың таңбалық, рәміздік мағынасын;

- бейнелеу өнеріндегі, табиғаттағы, адам бойындағы нағыз сұлулықтың сиықсыздық пен жылтырақтықтан айырмашылығын **түсінеді**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **үлгі бойынша**:

- бейнелеу өнерінің негізгі көркемдік стильдері мен бағыттарын ажыратуда;

- бейнелеу өнері бойынша көркем туындыларының әлемдік, отандық озық үлгілері жайлы оқығанын мазмұндауда;

- бейнелеу өнері туындыларының форма мен мазмұнының бірегейлігін ажыратып, олардың маңызын мұғалімнің көмегімен талдауда;

- композициялық заңдылықтарға сүйеніп, шығармашылық жұмыстар орындауда;

- графикалық құралдар мен тәсілдердің көмегімен көркем бейнені құрауда;

- берілген тақырып бойынша бейнелеу өнеріндегі өзіндік ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажыратуда;

- берілген тақырып бойынша сызықтық нобай салуда, ою-өрнектің қарапайым үлгілерін құрастыруда, көркем қол өнер бұйымдарын жасауда;

- өздерінің көркемдік, шығармашылық іс-әрекеттеріне баға бере отырып, өз пікірлерін негіздеу мақсатында бейнелеу өнері бойынша қарапайым көркем өнер терминдері мен анықтамаларын қолдануда;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер шығармаларының қарапайым көркемдік құралдары мен тәсілдерін қолдануда;

- бейнелеуші және айқындаушы көркем құрал-тәсілдердің қарапайым үлгілерін қолдануда;

- табиғи және жасанды көркем материалдармен оқу-шығармашылық тапсырмалар мен жаттығулар орындауда;

- түстерді ұлттық белгі және дүниетанымдық мағынасы бар таңба ретінде қарастырып, олардың рәміздік, семантикалық мағынасын ажыратуда **қолданады**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **жаңа жағдайға сәйкес**:

- берілген тақырып бойынша бейнелеу өнерінің түрлеріне сәйкес композиция құрауда;

- ұсынылған бейнелеу өнері туындылары, өз отбасыларының тарихы, айналадағы табиғи құбылыстар жайында тақырыптық сурет құрастыруда;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарына талдау жасауда;

- ұсынылған тақырыпқа байланысты көркем өнер шығармаларын жинақтау, талдауда;

- көркем өнер шығармаларының негізгі тақырыбын, идеясын, мазмұны мен формасын анықтауда;

- ұлттық мерекелерге байланысты композициялық шығармаларында өз қалауы бойынша ойша, елестете отырып, ұлттық дүниетаным нысандарының образдық белгілерін жасауда;

- бейнелеу өнері бойынша әлемдік және отандық танымал көркем шығармалардың негізгі тақырыбын, мазмұнын және идеясын талдауда;

- тақырыптық, сюжеттік композициялық шығарманың идеясын, тақырыбын, мазмұнын талдауда;

- ақпарат көздерінен белгілі бір композициялық шығармашылық тапсырманы орындауда, қажетті материалдар жинауда, оларды іріктеуде, түсіндіруде;

- өз ойын бейнелі және графикалық тұрғыда құрастырып, жеткізуде;

- табиғат құбылыстарындағы өзгерісті, қысқа мерзімді табиғатты бақылау арқылы аспан мен жердің, жер мен қардың, күзгі жапырақ реңдерінің, алыс-жақын үйлердің бояу түсіндегі реңдік, сызықтық қатынастарын ажыратуда;

- табиғатты бақылай отырып, одан алған тікелей әсердің негізінде тақырыптық сюжеттік суреттер құрастырып, салуда **қолданады**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **шығармашылықпен:**

- табиғат құбылыстары, қазіргі заманауи қоғамда адамдар, қоршаған орта, өз отбасының, тұрған жерінің тарихы, танымал тұлғалар, суретшілер жөнінде композициялық шығармалар орындауда;

- ертегілерге, тарихи оқиғаларға, тұрмыстық жағдайларға байланысты тақырыптық, сюжеттік композициялар құрауда;

- ұлттық дәстүрлі өнер құндылықтарына байланысты суреттер мен иллюстрацияларға композициялық шығармалар құрастыруда;

- заманауи көркем өнер шығармалары мен дәстүрлі халықтық қол өнері үлгілерін байланыстыра отырып, тақырыптық сюжеттік композициялар орындауда;

- әлемдік, отандық классикалық көркем өнер шығармалары мен қазіргі кезеңдегі жаңа көркем өнердің озық үлгілерінің нышандарын, рәміздік белгілерін, тақырыптық бағыттарын композицияларында қолдануда;

- танымал ертегілер мен көркем шығармалар мазмұнына сүйене отырып, тақырыптық сурет салуда;

- түстерді композициялық ортаға үйлесімді бағындыруда;

- табиғи және жасанды көркем материалдарымен жоба, шығармашылық тапсырмалар орындауда өзінің талғампаздығын, бастамашылдығын, көшбасшылығын танытуда **қолданады**.

**60. «Дене мәдениеті» білім саласы бойынша бастауыш білім беру деңгейін бітірген білім алушының пәндік нәтижелер:**

**61.«Дене шынықтыру» пәні бойынша**

*білім алушы:*

- өмірлік және оқу жағдаяттарын шешу үшін қозғалыс қимылдары мен дағдыларын пайдаланудың қарапайым тәсілдерін;

- өзінің денсаулығына қажетті оқу және демалу күн тәртібін;

- спорттық-сауықтыру жаттығуларының қарапайым түрлерін;

- дене жаттығуларының негізгі түрлерін (сабақ, ертеңгілік жаттығулар және т.б.);
- дене және психикалық дамуында дұрыс тамақтану гигиенасын;
- адам денсаулығына ықпал ететін ұлттық нақыштағы спорттық-сауықтыру жаттығулар түрлері туралы қарапайым түсініктерді;
- денсаулықты нығайтуға арналған әртүрлі жаттығу тәсілдерін;
- адам денсаулығына ықпал ететін спорттық-сауықтыру жаттығулар түрлері туралы қарапайым түсініктерді;
- сауықтыру жаттығуларын, қозғалыс қимылдарын орындаудың қарапайым тәсілдерін **біледі**.

*Білім алушы:*

- қазақтың ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарының құндылық мәнін;
- қазақтың ұлттық ойындарын меңгеру арқылы денсаулықты нығайтуға болатынын;
- адам ағзасын дамытудағы денешынықтырудың, ұлттық нақыштағы қозғалыс қимылдары мен дағдыларының мәнін;
- қарапайым талдау жасау және кез келген жағдаяттарды шешу үшін жаттығу типтерін дұрыс таңдаудың қажеттігін;
- спорттық жаттығулардың базалық түрлерін (гимнастика, жеңіл атлетика, шаңғы, баскетбол, футбол және т.б.) меңгерудің маңызын **түсінеді**.

**Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:**

- денсаулықты нығайту мақсатында әртүрлі жаттығулар жасауда;
- өзінің денсаулығына қажетті оқу және демалу күн тәртібін анықтауда;
- қазақтың ұлттық ойындарының алғашқы қозғалыс қимылдары мен дағдыларын меңгеруде;
- спорттық-сауықтыру жаттығуларының қарапайым түрлерін орындауда;
- дене жаттығуларының негізгі түрлерін (сабақ, ертеңгілік жаттығулар және т.б.) орындауда;
- дене және психикалық дамуында дұрыс тамақтану гигиенасын сақтауда;
- денсаулықты нығайтуға арналған әртүрлі жаттығу тәсілдерін меңгеруде;
- сауықтыру жаттығуларын, қозғалыс қимылдары мен дағдыларын пайдаланудың қарапайым тәсілдерін меңгеруде;
- спорттық ойын элементтеріне табиғи-тұрмыстық элементтері бар ұлттық ойындарды енгізу арқылы командалық қимыл-қозғалыс ойындарын ойнауда **қолданады**.

**Оқушы алған білімін жаңа жағдайда:**

- ұлттық тәрбиені дәріптейтін табиғи-тұрмыстық ойындар арқылы шынығу ережелері мен жеке гигиенаны сақтауда;
- командаларда, топтарда бірлесе жұмыс істеу үшін алғашқы қозғалыс қимылдарын жасауда;
- оқу жағдаяттарын шешу үшін, ұлттық нақыштағы, табиғи-тұрмыстық негіздегі дене дайындығының негізгі түрлерін (күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік, координация) дамытуда;
- өмірлік және оқу жағдаяттарын шешу үшін түрлі қозғалыс қимылдарын жасауда;

- әртүрлі жағдаяттарда проблемаларды шешуде, өзін, өмірін, достарын қорғау мақсатында;

- түрлі ақпарат көздері арқылы алғашқы циклдағы ұлттық ойындар жайлы түсініктерін арттыруда;

- дене дайындығы нормативтеріне сәйкес қазақтың ұлттық ойындары сипатындағы жалпы дене дайындығын жүзеге асыруда;

- жүрек соғысының жиілігі бойынша (ЖСЖ) бойынша дене жүктемесіне бақылау жүргізуде **қолданады.**

#### **Оқушы алған білімін шығармашылықпен:**

- ұлттық тәрбие элементтерінен құралған қозғалыс әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы сауықтыру жаттығуларын пайдаланудың қарапайым тәсілдерін жетілдіруде;

- дене және психикалық саулығын жақсарту мақсатында өзіндік күн тәртібі мен қимыл-әрекет дағдыларының жүйесін жасауда;

- табиғи-тұрмыстық және ұлттық нақыштағы ертеңгілік гигиеналық жаттығуларды өздігінен жасау дағдысын жетілдіруде;

- табиғаттың сауықтыру факторларының (су, күн сәулесі, ауа) көмегімен өз денсаулығын жақсартуда;

- қимыл-қозғалыс және ұлттық спорт ойындарының командалық жарыстарына қатысуда **қолданады.**

**62. «Еңбек мәдениеті» білім саласы бойынша бастауыш білім беру деңгейін бітірген білім алушының пәндік нәтижелер:**

#### **63. «Еңбекке баулу» пәні бойынша**

##### *Білім алушы:*

- еңбектің адам өміріндегі мәнін, қажеттілігін;

- мамандықтар әлемі және кәсіпті дұрыс таңдаудың маңыздылығын;

- еңбек мәдениеті негіздерін;

- қыз және ұл баланың еңбек түрлерін, еңбек тәртібін және қолданатын құралдарын;

- техникалық мәлімет, жұмыс тәсілдері және оның түрлерін;

- материалдар және олардың түрлері мен қасиеттерін, қолдану технологиясын және өнім сапасына қойылатын негізгі талаптарды;

- отандық және әлемдік мәдениеттің өнер туындылары туралы қарапайым ақпараттарды;

- қағаз және картонмен, матамен және әр түрлі материалдармен жұмыс жасау, техникалық модельдеу техникасының ерекшеліктерін;

- қарапайым бұйымдарды дайындаудың технологиялық реттілігін (таңбалау, кесу, құрастыру, өңдеу);

- безендіру түрлерін, бояу, жапсырмалау, түзу тігу және оның басқа нұсқаларын;

- зат бөлшектері мен бұйымдарды сызғыштың көмегімен өлшеу, белгілеу, қию және желімдеу техникасын;

- дизайн және өнімдерді түстермен сәйкестендіруді және безендіруді;

- қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын және материалдар мен құралдарды мақсатты қолдану талаптарын;

- қауіпсіз жұмыс орнын ұйымдастыруды, еңбек құралдарын құрметтеу, материалдарды үнемдеу қажеттілігін *біледі*.

*Білім алушы:*

- материалдық мәдениеттің адам еңбегінің жасампаздығының нәтижесі екендігін;

- заттар әлеміндегі мәдени-тарихи дәстүрлерді, мәдени құндылықтарды және оларды сақтау мен дамыту қажеттілігін;

- еңбектің, адам еңбегінің құндылығын және қажеттілігін;

- адам өмірі мен еңбегінің табиғатпен, қоғаммен өзара тығыз байланыста екенін;

- адамның технологиялық әрекетінің сыртқы ортаға және адам денсаулығына әсерін;

- қолөнер туындылары жайлы қарапайым ақпарат жинақтаудан бастап, оны шығармашылықпен қолдануға дейінгі аралықтағы жұмыстар қажырлы еңбекті, таудай талапты қажет ететіндігін;

- мектеп үлескесіндегі күз және қыс мезгіліндегі жұмыстарға өз үлесін қосудың маңыздылығын *түсінеді*.

*Білім алушы* меңгерген білімін **үлгі бойынша:**

- қалып-үлгі бойынша ою-өрнек салуда;

- техникалық суретті, сызбаларды, қарапайым сызуларды оқуда;

- құрал-саймандарды орнымен қолдануда;

- зат пішінін, түсін, түрін салыстыруда;

- еңбек және оны түсінуге қатысты ұғымдарды игеруге берілген сөздерден сөйлемдер, сөйлемдерден шағын мәтіндер құрап жазуда;

- үлгіні табиғи затпен, тұлыппен, ойыншықпен салыстыруда;

- қарапайым бұйымдарды дайындаудың технологиялық реттілігін анықтауда;

- табиғи материалды жинау және сақтауда;

- зат бөлшектері мен бұйымдарды қалып-үлгі және сызғыштың көмегімен өлшеуде;

- жұмысқа қажетті материалдар мен құралдарды алдымен мұғалімнің көмегімен, сосын өз бетінше таңдауда **қолданады**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **жаңа жағдайға сәйкес:**

- қарапайым ұжымдық шығармашылық жобаларды әзірлеу және оларды жүзеге асыруда;

- әзірленген жобаға сәйкес жұмыс орнын ұйымдастыру, қажетті материалдарды, құралдар мен құрылғыларды таңдауда;

- компьютерде берілген мәтінмен және суреттермен жұмыс жасауда;

- үлгілерді мұғаліммен бірге талдау (мәнді белгілерін айқындау: салыстыру, жалпылау, қорыту, тұжырым жасау), жұмысты орындау тәсілін белгілеуде;

- модельдерді үлгі немесе сурет бойынша ойдан өзгешеліктер енгізе отырып құрастыруда;

- әр материалдың өзіндік қасиетіне (физикалық, механикалық) қарай таңдау және пайдалануда;

- еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлау, оның барысы мен нәтижесін бақылауда **қолданады**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **шығармашылықпен**:

- әр нақты жағдайда өнімді шығарудың ұтымды конструкторлық шешімдері мен технологиялық әдістерін таңдау және қолдануда;

- модельдеу және құрастыру алгоритмін құрып, жүзеге асыруда;

- дайындаған бұйымы бойынша өз ойын ауызша немесе жазбаша жеткізуде;

- бұйымды әдемілеу барысында, оған жаңаша әрлеу тәсілдерін қолдануда;

- мәтін бойынша құрастырулар мен бұйымдар дайындауда;

- материалдарды түрлі тәсілмен қолдану арқылы ерекше бір ғажайып бейнелер жасауда;

- сызба-модель бойынша ертегі мазмұнына сәйкес композиция құрастыруда;

- өз қиялы бойынша жасалатын бұйым моделін құрастыруда **қолданады**.

64. Бағалау нақты бөлім немесе тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижеге сәйкес жүзеге асырылады.

65. Білім алушылардың оқу жетістіктерін **бағалау** білім алушылардың білімдерін бағалау критерийлері арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу жетістіктерінің деңгейін өлшеу үшін пайдаланылады.

66. Бағалау нақты бөлім/тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша **білімді игеру деңгейлеріне** сәйкес жүзеге асырылады.

67. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ағымдық және жиынтық бағалау (ағымдық, тоқсандық, қорытынды) түрінде жүзеге асырылады.

68. Бастауыш білім беру деңгейінде бағалау 2-сыныптан бастап ағымдық және жиынтық бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

69. Бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

70. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алуы үшін, даму бұзушылықтарын түзету және әлеуметтік бейімделуі үшін жағдай жасалады.

## **5-ТАРАУ ОҚУ МЕРЗІМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

71. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – **бес жыл**

72. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу апта, 2-5-сыныптарда 34 оқу апта.

73. Оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды.

74. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. 1-сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі.

## НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ СТАНДАРТЫ

### 1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 5-1) тармақшасына және 56-бабына сәйкес әзірленді және Негізгі орта білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

3. Осы стандарттың нормативтік-құқықтық базасы:

1) Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы.;

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 – III Заңы.;

3) "Білім туралы "Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.;

4) "Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы.;

5) "Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы №345-II Қазақстан Республикасының Заңы.;

*Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.;*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы

ҚР ҚҰ 40.1.01-2008 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттау жүйесі. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын құруға, баяндауға, ресімдеуге, мазмұндауға және белгілеуге қойылатын жалпы талаптар.;

"ҚР МЖ Мемлекеттік стандарттарды әзірлеу тәртібі" ҚР СТ 1.2-2002.;

"стандарттарды құруға, мазмұндауға, ресімдеуге, мазмұнына қойылатын жалпы талаптар" ҚР СТ 1.5-2004.;

"Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсан №1684.



## **2. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты:**

- 1) оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеуде;
- 2) негізгі орта білім беру деңгейінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті жағдай жасауда;
- 3) негізгі орта білім берудің академиялық және практикалық бағыттылығын үйлестіруде;
- 4) оқу пәндері мазмұнының ішкі сабақтастығын қамтамасыз етуде;
- 5) оқу жүктемесінің шекі көлемін айқындауда;
- 6) құндылықтарға негізделген білім беру мазмұны мен оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесінің өзара байланысын қамтамасыз етуге;
- 7) білім беруді ұйымдастырудың дидактикалық ұстанымдарын айқындауда;
- 8) ерекше білім беру қажеттілігін қамтамасыз етуге, және білім алушылардың қосымша білім беру қызметтерін алу қанағаттандыратын қолайлы жағдайлар жасауға;
- 9) балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен қосымша білім беру қызметтерін алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға қолайлы жағдайлар жасауға;
- 10) жалпы орта білім беретін ұйымдардың типтері мен түрлерінің әртүрлілігі жағдайында негізгі орта білім берудің баламалылығын қамтамасыз етуге;
- 11) білім беру ұйымдарындағы инновациялық практиканы қолдау мен дамытуда;
- 12) білім сапасын қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының қызметін объективті бағалауды ұйымдастыруда;
- 13) білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалауда;
- 14) педагог мамандарды даярлайтын жоғары және арнаулы оқу орындарының білім бағдарламаларын әзірлеуде;
- 15) педагог мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру бағдарламасын әзірлеуде басшылыққа алынады.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған білім беру ұйымдарындағы инварианттық компоненттің оқу пәндерінің көлемі мен мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларында айқындалады

3. Осы Стандартта Заңға сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша мынадай терминдер мен олардың анықтамалары енгізілді:

1) Негізгі орта білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан, білім беру ұйымдарында оқып- білуге міндетті Негізгі орта білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі;

2) орта білім – білім алушылардың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдендірілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес пәндік оқу

бағдарламаларын меңгеруі нәтижесінде алатын білімі;

3) білім беру мазмұны – тұлғаның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында арнайы ұйымдастырылатын оқу үдерісінің өзегін құрайтын білімдер жиынтығы (кешені); білім мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін пәндік оқу бағдарламаларында нақтыланып, жүйеленеді;

4) жалпы білім беретін мектеп – білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде дайындалған пәндік және қосымша білім беру бағытындағы оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын оқу орны;

5) үлгілік оқу жоспары – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сай оқу пәндерінің тізбесі мен сағат көлемін айқындайтын, оқу жүктемесінің міндетті және өзгермелі бөлігін нақтылайтын, оқыту тілін анықтайтын нормативтік-құқықтық акт; үлгілік оқу жоспары МЖМББС-тің құрамдас бөлігі ретінде білім беру ұйымдарының қызметін қаржыландыруда басшылыққа алынатын негізгі құжат болып саналады;

6) үлгілік оқу жоспарының тұрақты бөлігі – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілген және жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқытылатын міндетті оқу пәндерінің жиыны;

7) үлгілік оқу жоспарының өзгермелі бөлігі – білім алушылардың қажеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, әрбір жалпы орта білім беретін ұйымның өзі тандайтын/анықтайтын оқу пәндері мен курстарының жиынтығы;

8) жалпы білім беретін оқу бағдарламасы – әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білім мазмұны мен көлемін, одан күтілетін нәтижелерді айқындайтын базалық-нормативтік құжат;

9) оқу жүктемесінің көлемі – әрбір оқу жылы бойынша үлгілік оқу жоспарының міндетті және өзгермелі (мектеп және оқушы) бөліктеріндегі оқу пәндерінің мазмұнын меңгеру үшін белгіленген оқу сағаттарының көлемі;

10) білім алушының дайындық деңгейі – білім алушылардың білім мазмұны бойынша меңгерген базалық, метапәндік және пәндік нәтижелерінің көрсеткіші;

12) метапәндік құзыреттіліктер –білім алушылардың тұлғалық қасиеттері, әмбебап білім, тәжірибе және қабілеттерінің даму көрсеткіші ретіндегі білім салалары бойынша күтілетін нәтижелер;

13) пәндік нәтижелер – білім алушының міндетті оқу пәндері бойынша меңгерген білімі мен білік, дағдыларының көрсеткіші;

14) пайдалы білім – заманауи білім беру талаптарына сай білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктері мен ұлттық ділін ескере отырып, олардың дүниетанымы мен сауаттылығын өзара бірлікте жетілдіруді, құндылық бағдарын қалыптастыруды көздейтін, тұлғалық дамуын қамтамасыз етуді білім;

15) білім мазмұнын дүниетанымдық аспектіде меңгерту – теориялық білім арқылы оқушының танымын, ұлттық ділі мен санасын дамытуға, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға басымдық бере отырып, оның әлемге (Адам мен Табиғатқа) ізгі қатынасын қалыптастыруды көздей оқыту;

16) құндылықтар – адамның бойына жақсы қасиеттерді сіңіретін, оларды ізгілікке бастайтын, қоғамдағы өз орнын саналы түрде иемденуге, адамзат баласын бірін-бірі, өзі өмір сүріп отырған ортаны, ғаламды сүюге, құрметтеуге ықпал ететін рухани қайнаркөз. Құндылықтар адам өмірінің мәнін құрайды, оның ең басты мүдделері мен бағдарларын айқындайды. Құндылықтар: адам, өмір, еркіндік, сұлулық, адалдық, адамгершілік, бауырмалдық, бақыт, махаббат, ар, ізгілік және т.б.

17) құндылық бағдар – білім алушының өмірге, қоршаған әлемге, өзіне деген қатынасын анықтайтын, оның барлық әрекетіне мән дарытатын, тұлғалық қатынас жүйесін құрайтын, адам белсенділігінің мазмұнын анықтайтын аса күрделі әлеуметтік-психологиялық феномен. Құндылықтар – мотивацияның аспектісі, ал құндылық бағдар – субъектінің өз әрекетін реттеп отыру кезіндегі басқалардан гөрі басымырақ маңызға ие құндылықтар туралы жеке концепциясы;

18) эмоционалды интеллект (ЭИ) – тұлғаның өз сезімдері мен эмоцияларын қадағалай білуге, басқаруға, өзіне мотивация туғызуға, өзге адамдардың сезімдерін түсінуге, олардың эмоцияларды да басқара алуға қабілеттілігі. ЭИ тұлғалық тұрғыдан өзін-өзі дамытуға және айналасындағы адамдармен қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік тудырады;

19) ғылым негіздері – жалпы орта білім беретін мектептің негізгі сатысындағы оқу пәндерінің білім мазмұны арқылы берілетін теориялық білімнің қайнары, ғылым салаларының тірек ұғымдар жүйесі;

20) бағалау – әзірленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін оқудан күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі;

21) бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер;

22) білім беру процесінің мониторингі – білім беру ұйымдарындағы білім беру процесін жүзеге асырудың нәтижелері мен жай-күйіндегі өзгерістердің динамикасын жүйелі бақылау, диагностикалау, талдау, бағалау және жай-күйін болжау;

23) білім беру құндылықтары – білім беру мазмұнын айқындау үшін негіз болатын, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесін құрудағы бағдарлар;

24) білім беру қызметі – білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру субъектілерінің мақсатқа бағытталған, педагогикалық негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс;

25) білім беру саласы – мәндес оқу пәндерінің жиынтығын қамтитын Негізгі орта білім берудің базалық мазмұнының құраушы бөлігі;

26) ағымдық бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді

және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді;

27) жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

28) инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау;

29) оқу жүктемесінің инварианттық компоненті – білім беру ұйымдарының типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

30) оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

31) оқытудан күтілетін нәтижелер – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі;

32) сабақтан тыс іс-әрекет – білім беру ұйымындағы біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, үлгілік оқу жоспарында айқындалған оқу жүктемесінен тыс іске асырылатын білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысандарының бірі;

33) үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің (сабақ) тізбесін регламенттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инварианттық және вариативтік компоненттерінің көлемін айқындайтын құжат.

34) элективті курс – білім алушылардың таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативтік компонентінің құрамдас бөлігі.

35) ерте кәсіптік бағдарлау – міндетті оқу пәндері мен таңдау пәндері мазмұны және сыныптан тыс қосымша әлеуметтендіруші іс-шаралар арқылы білім алушының болашақ кәсіби бағдарын анықтап, оған дайындығын ұйымдастыру;

**3. Негізгі орта білімнің мақсаты** - білім алушыларға құндылықтарға негізделген базалық орта білім беру, бейіндік оқуға және бастапқы кәсіби білім алуға қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Негізгі орта білім берудің мазмұнын құру және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мақсаттың келесі үш компонентінің ажырамас бірлестігінде қарастырылады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

**4. Негізгі орта білім берудің міндеттері:**

**Білім алушының:**

- 1) Рухани-адамгершілік қасиеттерін, қазақ халқының және Қазақстан

этностарының рухани құндылықтарына, тілі мен мәдениетіне құрметін, Қазақстанның дамып өркендеуіне мүдделілік көзқарасын дамыту.

2) Оқу пәндері бойынша базалық білімді игеруіне жағдай жасау;

3) Мемлекеттік тілді меңгеруін қамтамасыз ету;

4) Азаматтық жауапкершілі, патриоттық, толеранттылық, еңбексүйгіштік, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру;

5) Денсаулық сақтау және салауатты өмір салтына құндылық және дүниетанымдық ұстанымдарды қалыптастыру;

6) Жеке мүмкіндіктер мен қабілеттерді, шығармашылық ойлауды дамыту, оқу-танымдық және жасампаздық қызметке қызығушылықты қалыптастыру;

7) Кәсіби бағдарлануын, ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік және ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру.

8) Өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту, мақсаттарына қол жеткізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту.

9) Алгоритмдік, эвристикалық, аналитикалық, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;

10) Инженерлік-технологиялық ойлауын, жобалау, конструкциялау, модельдеу, зерттеу, Smart технологияларды игеру дағдыларын дамыту;

11) Білімін үлгі бойынша, таныс емес жағдайларда және шығармашылықпен қолдану дағдыларын дамыту;

12) Кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау, кәсіпке бейімделу, бейіндік оқу дағдыларын қалыптастыру;

13) Эмоционалды интеллект, қоршаған орта жағдайларына икемділік, салауатты өмір сүру, ұстамдылық, әдептілік, сыни ойлау, коммуникативтік мәдениет, медиа сауаттылық дағдыларын дамыту.

14) Экологиялық мәдениетін, қоршаған ортаға қамқорлық жасау дағдыларын дамыту.

## **2-ТАРАУ. НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

7. Оқу пәндерінің базалық білім мазмұны стандартта белгіленген білім берудің мақсаты мен міндеттеріне сай анықталады.

8. Негізгі орта білім беру мазмұны мынадай құндылықтарға негізделеді:

Рухани-адамгершілік құндылықтар (*ізгілік, бауырмалдық мейірім, достық, махаббат, қамқорлық, сенім, ынсап, қанағат, рақым, намыс, жігер, ар-ождан, ұят, оптимизм, талап, құрмет, ізет, жауапкершілік, парыз*);

Отбасылық және мәдени құндылықтар (*отбасы дәстүрлері, отбасы берекесі, ана тілі, мемлекеттік тіл, тарих, ұлттық дәстүр және діл, ұлтжандылық, білім, ғылым, мәдениет, еңбекқорлық, жасампаз және шығармашылық еңбек*);

Ел-жер, табиғат құндылықтары (*атамекен, туған жер, қара шаңырақ, отбасы әл-ауқаты, білім ордасы, тарихи мұралар, табиғат, туған жердің және*

*елдің табиғат және өндіріс байлықтары);*

Мемлекеттік тіл құндылығы;

Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік құндылықтары (*Отан, тәуелсіздік, елжандылық, заң, құқық, міндет, азаматтық, азаматтық жауапкершілік, еркіндік, борыш, бостандық, толеранттық*);

Эстетикалық құндылықтар (*байқампаздық, сезімталдық, талғампаздық, зейін шоғырлығы, өнер, әдебиет, мәдениет туындылары*);

Саламаттық құндылықтар (*өмір, денсаулық, уақыт мәдениеті, дене мәдениеті, психикалық саулық, ерік-жігер, сабырлылық, төзімділік, икемділік*)

9. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың жоғары рухани-адамгершілік қасиеттерін, оқу пәндері бойынша базалық білім негіздерін, кәсіби бағдарлануын, ғылыми-танымдық, мәдени-элеуметтік, тілдік-коммуникативтік және ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталады.

Техникалық және кәсіптік білім берудің, жоғары білім берудің (бакалавриаттың) оқу бағдарламаларымен сабақтастық пен дәйектілік жолға қойылады, пәндердің қайталануы мен олардың мазмұны жойылады, білім берудің мамандықтарға кәсіптік бағдарлануы арттырылады.

10. Негізгі орта білім мазмұнын **жеті** білім саласы құрайды: «Филология», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және Қоғам», «Технология», «Өнер», «Дене мәдениеті және саламаттылық»,

11. «Филология» білім саласының білім мазмұны келесі оқу пәндері аясында жүзеге асырылады:

1) "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті" (оқыту қазақ және қазақ емес тілдері бар жалпы білім беру ұйымдары үшін), "Орыс тілі", "Әлем әдебиеті" (оқыту орыс тілінде жүргізілетін жалпы білім беру ұйымдары үшін), "Орыс тілі" (оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін жалпы білім беру ұйымдары үшін), "Ұйғыр/ өзбек/ тәжік тілі" (оқыту ұйғыр/ өзбек/ тәжік тілінде жүргізілетін жалпы білім беру ұйымдары үшін), "Ұйғыр/ өзбек/ Тәжік әдебиеті" (оқыту ұйғыр / өзбек / тәжік тілінде, "Шетел тілі" (ағылшын, француз, неміс);

Сыныптарында бір нақты этностың 10 және одан да көп баласы оқитын жалпы білім беру ұйымдарында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен қосымша осы этностың тілі мен әдебиеті бойынша интеграцияланған курс ретінде "Ана тілі" оқытылады.

Білім алушылардың нақты этностың тілін ана тілі ретінде ықшам тұратын жерлерде оқып-үйренуі мәселесін шешу жергілікті атқарушы білім беру органдарының құзыретіне кіреді;

Қазақ тілінде оқытпайтын жалпы білім беретін ұйымдарда "Қазақ әдебиеті" оқу пәнін оқыту қазақ тілінде жүзеге асырылады.

3. Филология білім саласының мақсаты – ұлтымыздың құнды мұралары арқылы білім алушының ой-танымын кеңейту, ұлттық рухын, эстетикалық танымы мен талғамын, дағдысын қалыптастыру, оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға

қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

4. Филология саласының мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Қазақ тілін білім алушыларға ана тілі, ұлт тілі және мемлекеттік тіл ретінде меңгеруін қамтамасыз ету;

2) Тілдік, коммуникативтік және этномәдениеттанулық құзыреттілікті жетілдіруге сәйкес мемлекеттік, ана тілі және шетел тілі бойынша оқу материалын және тілдік жүйені меңгеру;

3) Қарым-қатынас салалары шеңберінде оқушылардың сөздік қорын және сөйлеуінің грамматикалық құрылысын байыту;

4) Күнделікті және ресми қарым-қатынас салаларында тілдік коммуникативтік дағдыларды жетілдіру;

5) Әр түрлі стильдегі мәтіндерді құру кезінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;

6) Оқытудың жүйелілігі мен сабақтастығы қағидаттарын сақтау есебінен орфографиялық және пунктуациялық сауаттылықты жетілдіру;

7) Білім алушыны қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

8) Көркем шығарма арқылы оқушылардың бейнелі (образды) ойлау мен ұлттық таным-түсінігін, рухани болмысын шыңдау, рухани-адамгершілік құндылықтармен байыту;

9) Көркем шығарманың теориялық негіздерін практикалық әрекеттер арқылы бекіту, әдебиетті оқытуды функционалдық сауаттылыққа бағыттау;

10) Қазақ әдебиеті мұраларын мәдени құндылық ретінде бағалау, жалпы әдеби білім арқылы мәдени құндылықтар туралы кешенді білім қалыптастыру.

11) Шығармада көрініс тапқан дәуірдің тарихи және эстетикалық қозғалысын сыни тұрғыда талдау білігін қалыптастыру;

12) Көркем шығарманы талдау кезінде оқушылардың дүниетанымдық ұстанымын қалыптастыру: көркем шығарманың идеясын анықтау және автордың идеялық көзқарастары мен шығармада көрініс тапқан дәуірдің ерекшеліктерін талдау;

13) Оқырман мәдениетін, мәтінді өңдеу дағдыларын қалыптастыру, көркем шығарманы эстетикалық қабылдауға тәрбиелеу;

14) Білім алушының шығармашылық қабілеттерін шыңдау, әдеби-көркем, поэтикалық туындылар жазу, шешендік, ақындық, жазушылық дағдыларын дамыту;

15) Филология саласында ғылыми зерттеулерді жүргізу дағдыларын қалыптастыру;

16) Филология, Журналистика, көркем мәдениет және өнер салалары бойынша оқушылардың кәсіптік бағдарын (7-8-сыныптар) және бейіналды даярлығын (9-10-сыныптар) қалыптастыру..

- «**Математика және информатика**» білім саласының мазмұны «Математика» және «Информатика» оқу пәндері аясында іске асырылады.

«Математика және» білім саласының мақсаты- Математика және информатика пәндерінің мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен кіріктіре отырып, жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлері арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту.

**«Математика және информатика»** білім саласының мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Математика мен информатика мазмұнын басқа ғылымдармен интеграциялау негізінде қоршаған шындық құбылыстарының бірлігі мен өзара байланысы туралы дүниетанымды қалыптастыру;

- 2) Математика мен информатиканың әлемдегі рөлін, математика туралы ғылымның әмбебап тілі, құбылыстар мен процестерді модельдеу құралы ретіндегі түсініктерін анықтау және түсіну қабілетін қалыптастыру, осы ғылымдардың көмегімен қоршаған шындықта туындайтын мәселелерді шешу;

3) адам қызметінің әртүрлі салалары үшін маңызды танымдық мәдениеттің негізі болып табылатын математика мен информатикаға тән зияткерлік қызметтің жалпы тәсілдерін қалыптастыру;

4) математика мен информатиканы оқытудағы мектептегі білім беру деңгейлерінің сабақтастығы, пәнаралық және пәнішілік байланыс;

5) жалпы орта білім беру деңгейінде оқуды жалғастыруға және аралас пәндерді оқуға, күнделікті өмірде қолдануға қажетті базалық математикалық білім мен дағдыларды меңгеру;

6) базалық жүйесін игеру математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

7) функционалдық сауаттылықты, логикалық, алгоритмдік және операциялық ойлауды, кеңістіктік қиялды, математика мен информатиканың әртүрлі тілдерін (сөздік, символикалық, Талдамалық, графикалық) пайдалану, әртүрлі нысандарда ұсынылған ақпаратты қабылдау және сыни талдау қабілетін дамыту;

8) Есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

9) Өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың дағдыларын қалыптастыру;

10) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту

11) әртүрлі бағыттар бойынша ғылыми жобаларды орындау кезінде оқушылардың әртүрлі математикалық әдістермен және ақпараттық технологиялармен операция жасау біліктерін жүйелі қалыптастыру;

12) оқушыларды жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша кәсіптік бағдарлау (7-8-сыныптар) және бейіналды даярлау (9-10-сыныптар).



**"Адам және қоғам" білім беру саласына "Қазақ тарихы", "Дүниежүзі тарихы", "Құқық негіздері", "Өзін-өзі тану" пәндері кіреді.**

24. «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Қазақ тарихы», «Әлем тарихы», «Құқық негіздері», «Өзін-өзі тану» пәндері аясында іске асырылады.

Қазақ тілінде оқытпайтын жалпы білім беретін ұйымдарда "Қазақ тарихы" оқу пәнін оқыту қазақ тілінде жүзеге асырылады.

**«Адам және қоғам» білім саласының мазмұнына қойылатын талаптар:**

- ұлттық құндылықтар арқылы білім алушы бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, отанға құрмет пен азаматтық жауапкершілік қасиеттерін тәрбиелеуді;

- қазақ елінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы базалық білім беруді;

- қазақ елінің тарихи даму негізінде мәдениет пен мемлекеттілік дәстүр сабақтастығы, түркілер өркениеті тарихының дүниетанымдық, әлеуметтік, мәдени, саяси үлгілері туралы білім беруді;

- адам және қоғам құбылыстарын дүниежүзілік-тарихи кеңістіктегі Қазақ хандығының әлем өркениетіне қосқан үлесі негізінде оқытуды;

- қазақ елі тарихын бүкіл адамзат тарихындағы маңызды тарихи оқиғалар аясында салыстыра оқытуды;

- ұлттық кодты, тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру мен сақтау, ұлттық мұра мен салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеуді;

- білім алушылардың бойында тұлғалық құзыреттер қалыптастыруда тарихи тұлғалар қызметінің маңызы, қазақ би-шешендерінің, жырауларының құнды рухани мұралары туралы білім беруді;

- адамзат өркениетінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және түрлі халықтардың тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы базалық білім беруді;

- әлемнің басқа халықтарының тарихымен және әлемдік мәдениеттің көрінекті үлгілерімен таныстыра отырып, оқушылар бойында басқа халықтардың тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеу сезімін қалыптастыруды;

- шетелдер тарихындағы демократия мен парламентарлық жүйенің қалыптасу процесімен таныстыра отырып, оқушылардың бойында демократиялық қоғам құндылықтарын құрметтеу дағдысын қалыптастыруды;

- дүниежүзінің жеке аймақтары мен елдеріндегі өткен оқиғалардың хронологиялық бірізділігін, тарихи процестің логикасын түсіну қабілетін дамытуды;

- білім алушылардың санасында тарихты зерделеудің көпөлшемділігі және тарихи процестің дамуының альтернативті жолдары бар екендігі туралы

түсінік қалыптастыруды;

- әлемнің тарихи дамуы барысында қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі туралы білім беруді;

- қазақ еліндегі және шетелдердегі негізгі оқиғалар, құбылыстар мен тарихи даму процестерін және тарихи тұлғалардың қызметін жалпыадамзаттық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамытуды;

- білім алушылардың тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру және дамытуды (зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау әр түрлі деректерден алынған ақпараттарды талдау, бағалау, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану);

- қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени ортада бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білуді;

- оқушылардың тарихи білімді шығармашылықпен қолдану, тарихи деректермен жұмыс істеу, дәлелді пайымдау, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды салыстырмалы талдау негізінде өзіндік пікір білдіру дағдыларын дамытуды;

- қазіргі заман саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани және мәдени процестерді айғақтауда тарихи білімді қолдану дағдыларын қалыптастыруды;

- тарихи талдау әдістерін қолдана отырып шығармашылық, танымдық, зерттеушілік, жобалық жұмыстарды орындаушылық дағдыларын дамытуды;

- құқықтық сауаттылыққа, адамның құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық өмірдің демократиялық принциптерін құрметтеу қасиеттерін тәрбиелеуді;

- іргелі құқықтық және әлеуметтік құндылықтар жүйесі аясында адам құқықтары, демократия, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, заңды жауапкершілік туралы базалық білім беруді;

- құқықпен реттелетін әртүрлі өмірлік жағдайларда құқықтық білімін қолдану дағдысын қалыптастыруды;

- қарым-қатынас мәдениетін меңгеру: өзгелерді тыңдай білу және өз пікірін білдіру, өз ұстанымын дәйекті дәлелдей алу дағдыларын дамытуды;

- білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін, шешім қабылдай білуін, қоғам дамуының проблемаларына сыни көзқарасын білдіру, бейіндік оқуға бағдарлану қабілетін дамытуды;

- Отаны мен халқы алдындағы жауапкершілігін сезінетін жас ұрпақтың азаматтық ұстанымын қалыптастыруды;

- Қазақстан мен әлемнің басқа аймақтарындағы тарихи дамудың жалпы сипаты мен ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы тарихи сипаттамалар жасауды

- адамзаттың ежелгі дәуірден біздің уақытқа дейінгі дамуының тарихи жолын, оның әлеуметтік, рухани және адамгершілік тәжірибесін, Қазақстан тарихының әлемдік-тарихи үдерістегі маңызын ашатын жүйелі білімді меңгеру;

- қазақстандық патриотизм сезімін жүйелі қалыптастыру, өз Отанының рухани байлығы мен әлемдік мәдениетке құрметпен қарау;

- қазіргі заманның ағымдағы оқиғаларын бағалауда тарихи білімді талдау

және шығармашылық қолдану дағдыларын қалыптастыру;

- өзара байланыстағы философиялық, этикалық, эстетикалық, құқықтық білім негіздерімен қамтамасыз ету;

- қазіргі әлемде адамның қоғамдық-құқықтық қатынастарының тұтас көрінісін, құқықтық сауаттылықты және өмірде құқықтық білімді пайдалана білуді қалыптастыру;- қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулердің бастапқы дағдыларының қалыптасуын;

- тарих, халықаралық қатынастар, мәдениеттану, саясаттану, әлеуметтану, философия, Құқықтану, педагогика, Әлеуметтік жұмыс бағыттары бойынша оқушылардың кәсіби бағдарлануын (7-8-сыныптар) және бейіналды даярлығын (9-10-сыныптар) қамтамасыз етуі тиіс.

### **«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұнына қойылатын талаптар**

«Жаратылыстану және технология» білім беру саласының мазмұны «Өлкетану тану», «Физика», «Химия», «Биология», «География», оқу пәндерінде іске асырылады.

«Жаратылыстану-Технология» білім беру саласының мазмұны мыналарды қамтамасыз етуі тиісті:

- әлемнің қазіргі заманғы физикалық бейнесінің негізінде жатқан негіз қалаушы физикалық ұғымдарды, заңдарды, теориялар мен қағидаттарды; табиғатты ғылыми танудың әдістерін тану;

- табиғи құбылыстар мен процестердің, заңдар мен заңдылықтардың мәнін түсіну, сондай-ақ алынған нәтижелерді түсіндіру үшін объектілерді ұсыну;

- қоршаған әлемде, өмірлік тәжірибеде, тұрмыста болып жатқан қарапайым физикалық процестерді (Заттың агрегаттық күйлерінің, атмосфералық құбылыстардың, электромагниттік әсерлесулердің, механикалық құбылыстардың өзгерістері) дәлелді түсіндіру үшін алынған физикалық білімдерді қолдана білуге дағдыландыру;

- адам игілігі үшін жасалатын табиғи құбылыстар мен процестердегі, әртүрлі жасанды объектілердегі физикалық заңдардың барысын талдау біліктері мен дағдыларын дамыту;

- жаратылыстану ғылымдарының негіздері мен жалпы заңдылықтарын, табиғаттың даму заңдылықтарын, «адам-қоғам-табиғат» жүйесіндегі үйлесімділік қағидаларын, оларды адам игілігіне қолдану әдістері мен құралдарын білуді;

- білім алушының заманауи жаратылыстану дүниетанымын қалыптастыру және дамыту;

- ғылыми танымдық терминологияны меңгеру, ғылыми ұғымдарды пайдалана білу, бірыңғай ғылыми заңдылықтар мен принциптерді жалпылау және іріктеу;

- табиғатты, экономиканы және қоғамды кешенді зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті мәселелерін түсіну (*шешуімен бірге*);

- ғылыми, кеңістіктік ойлауды дамыту және зерттеу, графика және жобалау дағдыларын қалыптастыру;
- ұлттық құндылықтарға негізделген экологиялық мәдениет қалыптастыру, тіршілік қауіпсіздігін сақтауға, қоршаған ортаға жауапкершілікпен, құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- адамгершілікке, отансүйгіштікке, туған жер табиғатына қамқорлық жасауға, табиғи байлықты сақтауға баулу;
- жаратылыстану ғылыми бағыттары бойынша өздігінен білім алу және кәсіби бағдар беру;
- білімді кіріктіру және қолданбалы сипатын арттыру арқылы білім алушылардың бастапқы өндірістік, тәжірибелік, инженерлік және SMART-технология дағдыларын қалыптастыру.
- өлшеу жүргізу және аспаптар мен құралдарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес механикалық, жарық, жылу, электр және магниттік құбылыстарды зерделеу бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу;
- оқу міндеттерін, тұрмыстық және зертханалық практиканың міндеттерін шешу үшін физика бойынша білімді басқа жаратылыстану-ғылыми білімдермен синтездеу білігін дағдыландыру;
- өз іс-әрекеттерін оларды ұйымдастырудың физикалық заңдары негізінде ғылыми негізделген дәлелдеу алгоритмдерімен қамтамасыз ету;
- табиғи және техногендік апаттардың қауіптілік дәрежесін бағалау қабілетін, энергетикалық ресурстардың адам тыныс-тіршілігі үшін маңыздылығын, адам қызметінің физикалық процестерге, табиғи объектілерге, қоршаған ортаның экологиялық жай-күйіне әсерін дамыту болып табылады;
- қоршаған ортаға жауапкершілікпен және ұқыпты қарауға тәрбиелеу;
- табиғат пен қоғамды кешенді зерделеу негізінде география ғылымы, жер шарындағы географиялық заңдылықтар, әлемнің саяси картасы, әлемдік шаруашылық, әлем халқы және адамзаттың жаһандық проблемалары туралы жан-жақты білімді қалыптастыру;
- табиғи, әлеуметтік-экономикалық, геоэкологиялық процестер мен құбылыстарды талдау процесінде жаңа географиялық, саяси, экологиялық ойлауды қалыптастыру;
- алынған географиялық білімді басқа ғылымдармен байланыс негізінде жүйелендіру және ауқымды түрде қарастыру білігін қалыптастыру, Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы орнын ұғыну;
- географиялық-экологиялық мәдениетті, қоршаған ортаға эмоционалды-құндылықты қатынасты тәрбиелеу;
- химия мазмұнын басқа ғылымдармен интеграциялау негізінде заттар, тірі организмдер және қоршаған орта әлемінің бірлігі мен өзара байланысы туралы дүниетанымды қалыптастыру;
- қоғамның материалдық, зияткерлік және мәдени салаларын өзгертудегі химия мен химиялық технологияның рөлі туралы тұтас түсінікті қалыптастыру;
- химия бойынша білімнің ғылым мен техниканың заманауи жаңалықтарымен өзара байланысын көрсету;

- оқытудың мазмұнында Қазақстанның химия өнеркәсібін дамытудың сұрау салуын және тәжірибесін ашу;
- оқушылардың биологиялық сауаттылығын қалыптастыру;
- биология мазмұнын басқа ғылымдармен интеграциялау негізінде заттар, тірі организмдер және қоршаған орта әлемінің бірлігі мен өзара байланысы туралы дүниетанымды қалыптастыру;
- биология мен биотехнологияның рөлі туралы тұтас түсінікті қалыптастыру;
- биология бойынша білімнің ғылым мен техниканың заманауи жаңалықтарымен өзара байланысын жүзеге асыру;
- Биологияны оқыту мазмұнында Қазақстан өнеркәсібінің сұранысын ашу;
- ЖОО-мен, ҒЗИ-мен және өндірістермен өзара байланыста жобаларды, зерттеу жұмыстарын құруда оқушылардың химиялық және биологиялық білімін (жаратылыстану-ғылыми пәндермен интеграцияланған) және зерттеу мәдениетін қалыптастыру;
- оқушыларды жаратылыстану-ғылыми бағыттар бойынша кәсіптік бағдарлау (7-8-сыныптар) және бейіналды даярлау (9-10-сыныптар); географиялық кәсіптер әлемінде және еңбек нарығын ескере отырып, кәсіптік білім берудің тиісті жүйесінде бағдарлай білуді дамыту.

28. «Өнер» білім саласының мазмұны «Бейнелеу өнері» мен «Саз өнері» оқу пәндері аясында іске асырылады.

**31. «Өнер» білім саласының мазмұнына қойылатын талаптар:**

- көркем өнер туындылары арқылы оқушының ұлтжандылық, рухани-адамгершілік, көркемдік-эстетикалық, сезімталдық, талғам, байқампаздық, мейірімділік, әдептілік қасиеттерін тәрбиелеуді;
- қазақтың ұлттық, кәсіби музыка, бейнелеу өнері, этностардың мәдениеті туралы түсініктерін қалыптастыруды;
- өнер (музыка, бейнелеу, қолданбалы-сәндік, сәулет, дизайн) түрлері туралы бастапқы білім беруді;
- өнер түрлеріне қызығушылығын дамытуды, өнер арқылы ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерді құрметтеу сезімін қалыптастыруды;
- оқушының көркемдік-бейнелеу іскерліктерін, музыкалық қабілеттерін, шығармашылық әлеуеті мен қиялын дамытуды;
- өнер туындылары жайында ақпарат іздестіру, қабылдау, түсіну, талдау, өздігінен пайдалану дағдыларын қалыптастыруды;
- өз шығармашылық іс-әрекеттері арқылы ойын бейнелеп және дәлелдеп бере алу дағдыларын қалыптастыруды;
- эстетикалық талғамын, сезімталдығын дамытуды
- туған өлкенің өнер жауһарлары мен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу;
- табиғат сұлулығын, қоршаған әлемнің эстетикасын көре және қабылдай білу және көркемдік-шығармашылық процестің жалпы заңдылықтарын анықтау;
- дәстүрлі және индустриалды қоғамның құбылысы ретінде өнер туралы

тұтас көзқарасты қалыптастыру;

- алғашқы, ежелгі және халықтық сәндік-қолданбалы өнерді қамтитын дәстүрлі өнер туралы тұтас түсінік;

- оқушыларды кәсіптік бағдарлау мақсатында мәдени тұтастық мәнмәтінінде қазақ өнерімен таныстыру;

- көркем-эстетикалық талғамға, этноөнерді, Қазақстан халықтарының және әлемнің басқа да елдерінің этномәдени дәстүрлерін қабылдау және құрметтеу мәдениетіне тәрбиелеу;

- Еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, өндіріс пен қоғам, еңбек пен тұрмыс мәдениеті, қазіргі заманғы өндірістік процестерді автоматтандыру, компьютерлендіру және экологияландыру арасындағы саналы өзара байланысты қалыптастыру;

- дизайн-жоба әдісін қолдана отырып, оқу-практикалық қызметті ұйымдастыру арқылы оқушылардың бойында кәсіпкерлік тапқырлықты және бұйымды дайындау процесіне шығармашылық көзқарасты қалыптастыру;

- ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын дарыту, белгілі бір бұйымды жасаудың және пайдаланудың әлеуметтік, экономикалық немесе экологиялық нәтижелерін (салдарларын) егжей-тегжейлі зерделеу;

- дизайн (интерьер, киім), компьютерлік дизайн, кітап графикасы (Графикалық дизайн), өнертану, сәулет, мүсін, жеңіл өнеркәсіп (тігін өндірісі, Тоқу), агротехника бағыттары бойынша оқушылардың кәсіби бағдарын (7-8-сыныптар) және бейіналды даярлығын (9-10-сыныптар) қамтамасыз етуі тиіс.

**20. "Технология" білім беру саласына келесі пәндер кіреді: "Технология", "Мамандықтар әлеміне кіріспе", "Графика және дизайн".**

21. "Технология" білім беру саласы пәндерінің мазмұны мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- оқушыларды жеке немесе қоғамдық маңызы бар бұйымдарды жасау бойынша практикалық қызметтің алуан түрлеріне қосу негізінде технологиялық Білім, Технологиялық Мәдениет туралы түсінік алу;

- Қазақстан халқының халықтық қолөнері мен кәсіпшілігінің даму тарихымен, Қазақ ұлттық сәндік-қолданбалы өнерінің түрлерімен таныстыру мақсатында этномәдени компонентті қолдану;

- танымдық, технологиялық және зерттеу-жобалау қызметі процесінде көрнекі ақпаратты тіркеудің, түрлендірудің, өңдеудің әмбебап құралы ретінде графикалық бейнелеу тәсілдерін меңгеру;

- әлемнің қазіргі заманғы бейнесінің технологиялық аспектісі туралы түсініктерді қалыптастыру;

- технологиялық ойлауды, графикалық мәдениетті қалыптастыру және жобалау қызметін ұйымдастыру;

- технологиялық және техникалық қызмет саласындағы қолданбалы міндеттерді шешу тәжірибесін қалыптастыру;

- заттық әлем, құбылыстар мен процестер туралы ақпаратты визуалдауда және беруде бейнелердің рөлінің мәнін, оның өмірдегі, адам қызметінің әртүрлі салаларындағы (ғылымдағы, техника мен өнердегі) қоршаған шындықты тану,

онымен барабар өзара іс-қимыл жасау және оны түрлендіру үшін маңыздылығын түсіну;

- қоршаған болмыстың объектілерін, процестерін, құбылыстарын және басқа да заңдылықтарын визуализациялау үшін графикалық бейнелердің әртүрлі түрлерін (эскиздер, сызбалар, схемалар, белгілер және т. б.) құру тәсілдерін практикалық игеру;

- проекциялау әдістерін қолдану дағдыларын; графикалық бейнелердің негізгі түрлерін құру тәсілдерін меңгеру (тік бұрышты проекциялардағы сызбалар, эскиздер, техникалық суреттер, схемалар)

- бейнелердің масштабын, түрін, құрамын өзгерту тәсілдерін практикалық игеру; репродуктивті және шығармашылық жобалау қызметі процесінде күрделі емес бөлшектердің ксонометриялық проекциялары мен техникалық суреттерін орындау білігі;

- геометриялық денелерді қалыптастыру тәсілдерін білу; жобалау-графикалық қызметте графикалық жұмыстарды орындау үшін заттардың геометриялық пішінін талдай білу (бетінің кескінінің сипаты және оның өлшемдері);

- сәулет-құрылыс сызбалары және олардың мақсаты туралы түсінік; күрделі емес құрылыс сызбаларын оқи білу; есік және терезе ойықтарының, санитарлық-техникалық жабдықтардың шартты бейнелерін білу;

- объектілерді олардың бейнелері бойынша кеңістікте түрлендірудің негізгі тәсілдерін меңгерумен байланысты объектілерді олардың бейнелері бойынша психикалық түрлендірудің жалпы зияткерлік қабілетін дамыту (заттың кеңістіктік жағдайының өзгеруі, оның бөліктерінің өзара орналасуы, пішінді өзгерту және пр өлшемдерінің өзгеруі

- оқу графикалық міндеттерін, сондай-ақ жобалау-конструкторлық қызмет элементтері бар міндеттерді шешудің эвристикалық тәсілдерін қалыптастыру арқылы шығармашылық жобалау қызметінің тәжірибесін игеру;

- жасампаздық қызметке оң көзқарас қалыптастыру;

- адамның өндірістік қызметінің салалары мен мамандықтары туралы алынған ақпарат негізінде оқыту бейінін таңдау және болашақ мамандыққа бағдарлану процесін психологиялық-педагогикалық қолдауға міндетті;

- кәсіптік бағдарлау (7-8-сыныптар) және бейіналды даярлық (9-10-сыныптар), әртүрлі кәсіптердің ерекшеліктерімен танысу, Кәсіптік таңдау проблемаларын шешудегі бағдарлау; кәсіп иесіне және адамның жеке ерекшеліктеріне қойылатын негізгі талаптарды білу; мамандықтардағы еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіптік және өмірлік перспективаларды дербес және саналы жоспарлау және түзету білігі; әлеуетті жұмыс берушіге жеке қасиеттер мен мүмкіндіктерді ұсына білу

-Қазақстан экономикасын дамытатын мамандықтарды және технологияларды игеруге қажетті біліктіліктермен таныстыруды;

- түрлі материалдарды өңдеудің технологиясы негіздерін игеруді;

- цифрлық, компьютерлік технологияны пайдалана отырып, дизайн, модельдеу, құрастыру, өңдеу, түрлендіру, өндіріп шығару технологияларын меңгеру;

- бизнес-идеяларды тудыру және оларды кәсіпкерлік әрекет деңгейіне дейін дамытуға дағдыландыруын;
- білім алушылардың қаржылық сауаттылық негіздерін меңгеруін
- бастапқы кәсіпкерлік бағдарлану және сол кәсіпке сәйкес дағдыларды игеруін;
- еңбек және кәсіби қарым-қатынастар мәдениетін үйренуге бейімдеуді, еңбек қауіпсіздігін сақтау дағдысын қалыптастыруды;
- отбасында, мектепте, мектептен тыс ортада қоғамдық пайдалы еңбекпен шұғылдану дағдысын қалыптастыруды **қамтамасыз етуі тиіс.**

32. «Дене мәдениеті және саламаттылық» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәні аясында іске асырылады.

23. "Дене шынықтыру" білім беру саласы пәнінің мазмұны мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- адамгершілік, еңбек және эстетикалық тәрбие міндеттеріне сәйкес жеке тұлғаның денсаулығын, үйлесімді дамуын нығайту және сақтау;
- өмірлік маңызды қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға, қозғалыс-танымдық белсенділікті арттыруға ықпал ететін дене жаттығуларының негізгі түрлерімен одан әрі танысу; - оқушылардың қозғалыс мәдениетін қалыптастыруға және денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс әрекеттері мен дене жаттығуларының негізгі түрлерін меңгеру;
- дене тәрбиесі және салауатты өмір салты саласында білім мен дағдыларды қалыптастыру;
- спорт, би, гимнастика және ұлттық спорт түрлерін меңгеру, денсаулықты нығайту үшін қолдана білу;
- дене шынықтырудың жылдамдық, икемділік, ептілік, төзімділік, қуат, адалдық, әділдік сияқты қасиеттерін жетілдіру;
- акробатикалық, гимнастикалық, жеңіл атлетикалық, спорттық би және басқа да бағыттағы дене жаттығуларын игеру;
- денсаулықты нығайту, ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін арттыру, мүсінді, мүсінді жетілдіру және дамыту;
- жеке гигиена ережелерін, физикалық және психикалық денсаулықты және салауатты өмір салтын нығайту ережелерін сақтау; -
- оқу, ойын және жарыс қызметі жағдайында құрдастарымен қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу;
- бұқаралық спорт түрлерінің мазмұндық негізін құрайтын жаттығулар техникасын жетілдіру есебінен дене қасиеттерін тәрбиелеу;
- спорттың әртүрлі түрлерінде олимпиадалық резервті дамыту және қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- спорт, педагогика (оның ішінде қосымша білім беру саласы), туризм бағыттары бойынша оқушыларды кәсіптік бағдарлау (7-8 сыныптар) және бейіналды даярлау (9-10 сыныптар).

24. Негізгі орта білім берудің мақсаты мен мазмұнына қойылатын талаптар Білім беру салаларының пәндері бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде негізгі бағдарлар болып табылады.



25. Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, түйінді және пәндік құзыреттерге қол жеткізуге бағдарлануы тиіс.

26. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық білімдерін меңгеруіне және өз бетінше алуына және оларды оқу-танымдық және практикалық қызметте қолдануға, адамгершілік және эстетикалық мәдениетті, азаматтық жауапкершілікті, патриотизмді, толеранттылықты, өзін-өзі жетілдіруге табиғи уәждемені дамытуға, салауатты өмір салтын жүргізуге бағытталуы тиіс. кәсіптік бағдарлау және бейіналды даярлық.

27. Бағдарламаларда пәнаралық байланыстарды іске асыру жолымен тұлғаның жан-жақты дамуы үшін жағдайлар көрсетіледі.

28. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы үш бөлімнен тұрады: бірінші бөлім Оқу пәнінің мазмұнын игерудің мақсаттарын, міндеттерін, күтілетін нәтижелерін, оқу бағдарламасын меңгеру нәтижелерін бағалау жүйесін айқындайды; екінші бөлім метапәндік және пәндік нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған оқу пәнінің мазмұнын көрсетеді; үшінші бөлім нақты пән бойынша оқу процесін ұйымдастыру шарттарын сипаттайды

29. Негізгі орта білім беру деңгейінде үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентінің инварианттық компонентінен және оқу курстарынан бейіналды даярлықтың арнайы пәнінің мазмұны арқылы білім алушылардың жеке білім беру траекториясын мақсатты педагогикалық қолдау жүзеге асырылуы тиіс.

30. Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларында білім берудің базалық мазмұны, сондай – ақ кәсіптік бағдарлау және бейіналды даярлық мақсатында 9-10-сыныптардағы пәндер бойынша тереңдетілген және кеңейтілген білім беру мазмұны көрсетілуге тиіс.

31. Білім алушылардың пәндерді тереңдетіп оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін көптілді оқытуды іске асыру және таңдау бойынша пәндерді зерделеу мақсатында бейіналды даярлық шеңберінде ілгері деңгейдегі білім беретін оқу бағдарламалары әзірленеді.

32. Білім беретін оқу бағдарламаларында тіршілік қауіпсіздігі, апат қаупін азайту негіздері бойынша материалдар көзделуге тиіс, олар оны енгізу үшін ең жоғары жағдайлардың болуын ескере отырып, ілеспе теориялық немесе практикалық компонент түрінде барлық оқу пәндерінің мазмұнына интеграциялануға тиіс.

### **3-ТАРАУ. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨЛЕМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

- 1) 6-10 сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы 34 оқу аптасын құрайды.
- 2) Сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмысының барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: 6 – сыныпта – 33 сағаттан, 7 – сыныпта – 33 сағаттан, 8 – сыныпта-34 сағаттан, 9-сыныпта-36 сағаттан, 10-сыныпта-38 сағаттан аспауға тиіс. 4. Оқу аптасының ұзақтығына қарамастан,

негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың міндетті (Инвариантты) оқу жүктемесі алты сабақтан аспайды.

3) Оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы 6-10 сыныптарда кемінде 30 күнді құрайды. Демалыс оқу жылында 3 рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. Каникулдың нақты мерзімдерін Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы уәкілетті органы белгілейді.

4) Жалпы білім беру ұйымында сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспауы тиіс.

5) Оқу жоспарларында пәнді оқуға бөлінетін оқу уақыты тиісті оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын әзірлеу кезінде ескеріледі.

6) Инвариантты және вариативті компоненттер пәндері бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі оқу жоспарымен белгіленеді.

7) Бейіналды оқытуды ескере отырып, пәндер бойынша білім алушылардың міндетті оқу жүктемесінің көлемі оқу жоспарымен белгіленеді.

#### **4-ТАРАУ. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

51. Оқу бағдарламаларында сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер осы стандарттағы білім салалары аясында айқындалған негізгі орта білім беру деңгейінен күтілетін нәтижелерге бағдарланады.

47. Білім берудегі күтілетін нәтижелерді айқындау және оқушының білім жетістіктерін бағалау *«Білу – Түсіну – Білімді үлгі бойынша қолдану – Білімді жаңа жағдайда қолдану – Білімді шығармашылықпен қолдану»* жүйесіне сәйкес жүргізіледі

48. Білім алушылардың дайындық деңгейі метапәндік құзыреттіліктер мен пәндік нәтижелер бойынша анықталады.

49. Негізгі орта білім беру мазмұны төмендегідей **метапәндік құзыреттіліктерді** қалыптастыруға бағдарланған:

1) метапәндік нәтижелер – тұлғаның даму деңгейі негізгі құзыреттіліктерде көрініс табатын және білім алушылардың өмірлік мәселелерді дербес және табысты шешуге мүмкіндік беретін, жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау, әлеуметтендіру және шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру қабілеттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін әмбебап білімнің, тәжірибе мен қабілеттердің, құндылық бағдарларының тұтас жүйесін меңгеруінде көрініс табатын білім алушы; білім берудің Мета-пәндік нәтижелері мыналарды қамтиды түйінді құзыреттер: білім алушыларда ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, лингвистикалық-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық метапәндік құзыреттер келесі мазмұнды қалыптастыру:

1) ғылыми-танымдық құзыретке когнитивтік қабілеттер, шығармашылыққа, өз бетінше білім алуға және зерттеу қызметіне қабілеттер кіреді;

2) мәдени-әлеуметтік құзыретке қоршаған әлемге құндылық қатынасы, патриотизм, рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтарға, заңға, қоғамдағы

жалпы қабылданған нормалар мен мінез-құлық қағидаларына құрмет, оларды практикада іске асыру қабілеті кіреді;

3) лингвистикалық-коммуникативтік құзыреттілік қазақ, орыс және ағылшын (шетел) тілдеріндегі коммуникация мәдениетін, өзара қарым-қатынас этикасын, ауызша, жазбаша өнімді коммуникация қабілетін қамтиды және орта білім деңгейлері бойынша айқындалатын нәтижелерде көрініс табады;

4) ақпараттық-технологиялық құзырет цифрлық технологияларды, өнеркәсіп пен өндіріс саласындағы инновациялық технологияларды игеру мен пайдалану қабілетін, зерттеу, инженерлік-конструкторлық дағдыларды қамтиды.

Әртүрлі қызмет түрлеріндегі - оқу, шығармашылық, спорттық, әлеуметтік, коммуникативтік - метапәндік нәтижелер портфолиода көрсетіледі, оның негізінде орта білім деңгейі аяқталғаннан кейін білім алушының сипаттамасы жасалады. Білім алушының портфолиосы әлеуметтік сауалнама нәтижелерін, білім алушының даму процесін және оның қоғамдық қызметін, психологиялық зерттеуді, эссе жазуды, тестілеуді, әртүрлі оқу және әлеуметтік жобаларды орындау деңгейін, конкурстар мен жарыстардағы жетістіктерді есепке алу арқылы жасалады.

- 2) пәндік нәтижелер – оқу пәндері бойынша білім дайындығының және білім алушылардың білімін практикалық қызметте қолдану қабілетінің деңгейі. 12. Пәндік нәтижелер-бұл оқу пәні аясында қалыптасатын білім, дағды, дағды. 13. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ішкі (ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау) және сыртқы бағалау (аралық, қорытынды бақылау) болып бөлінеді.

- 14. Оқыту нәтижелерін сырттай бағалау мыналарды қамтиды: 1) білім беру сапасын аралық мемлекеттік бақылау – 5 және 10 – сыныптарды аяқтау бойынша бағалау; 2) Ұлттық бірыңғай тестілеу-12-сыныптан кейін білім берудің күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау.

- 15. Пәндер бойынша оқу жетістіктерін ағымдағы бақылау Көп деңгейлі бағалау жүйесі бойынша жүзеге асырылады.

- 16. Оқу жетістіктерін қорытынды және аралық бақылау типтік, вариативті, проблемалық және шығармашылық жағдайларды ескеретін бағалау жүйесімен жүзеге асырылады

## **52. «Филология» білім саласы пәндері бойынша білім беру деңгейіне қойылатын талаптар:**

### **53. «Қазақ тілі» пәні**

9. Негізгі орта білім беруді аяқтағанда пән бойынша білім алушылардан күтілетін нәтижелер түрінде қалыптасатын метапәндік құзыреттіліктер айқындалған:

*ғылыми-танымдық құзыреттілік:*

- сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктерін меңгеру;
- функционалдық сауаттылығының қалыптасуы;
- эссе жаза алуы;
- әр түрлі жанрдағы мәтіндерді стильдік ерекшелігіне сай жазуы;

*мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:*

- оқу материалдарындағы рухани-мәдени құндылықтарды ажырата алуы;
- Қазақстанның, туған өлкесінің табиғаты мен байлықтарын үнемдеудің, мәдени мұраларды сақтаудың қажеттілігін түсінуі, олардың ұлттық құндылықтарға жататынын білуі;
- әр халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық болмысы мен мәдениетін білуі;
- рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін және адами ізгі қасиеттерді бағалап, әлеуметтік-қоғамдық, табиғи ортаға бейімделіп, оның мүшелерімен ізгілікті қарым-қатынас жасай алуы.

*тілдік-коммуникативтік құзыреттілік:*

- тіл ережелерін білуі, қолдана алуы;
- грамматикалық кестелер арқылы жан-жақты алған білімдерін талдай алуы;
- диалог құру және оны жалғастыру шеберлігінің қалыптасуы;
- ана тілінде сөйлеудің қажеттілігін түсінуі,
- өмірлік жағдаяттарда қолдана алуы;
- сөз әдебі талаптарын сақтап, қарым-қатынас жасай алуы;
- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді жеткізе білуі;
- жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөлісуі, пікірлесуі, қарым-қатынасқа түсе алуы.

*ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:*

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алуы;
- дереккөздерден қажетті мәтінді іздеп табуы, өңдей алуы, қолдана алуы;
- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолдануы;
- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдей білуі;
- АКТ, медиақұралдардың мүмкіндіктерін пайдалана алуы.

10. «Қазақ тілі» пәнінен білім берудегі күтілетін нәтижелерді айқындау және оқушының білім жетістіктерін бағалау: *«білу – түсіну – білімді үлгі бойынша қолдану – білімді жаңа жағдайда қолдану – білімді шығармашылықпен қолдану»* жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

11. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

тірек сөздер арқылы тақырыпты болжау, негізгі ойды анықтау, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау, қыстырма, қаратпа, одағай сөздер арқылы өз ойын білдіру;

2) оқылым:

мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтін арқылы тану, хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы, жанрлық ерекшеліктері, ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндер, оқылым стратегияларын қолдану, қажетті ақпаратты таба білу;

3) жазылым:

мәтін бөлімдеріне (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) жоспар құру, хат, хабарлама, жарнаманы жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес жазу, сюжетті суреттер

негізінде әңгіме жазу, эссенің бөлімдерін меңгеру (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды), мекен мен оқиғаны сипаттайтын не суреттейтін эссе жазу;

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: қазақ тілінің дыбыстар жүйесі, үндестік заңы, емле заңдылықтары;

орфоэпиялық норма: ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал;

лексикалық норма: сөздердің тура және ауыспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер, синоним, омоним, антоним;

грамматикалық норма: туынды сөздер, күрделі сөздер, зат есімнің мағыналық түрлері, сын есім, шырай категориясы, сан есім, мағыналық түрлері, төл сөз бен төлеу сөз, автор сөзі;

пунктуациялық норма: төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

12. 6-сынып білім алушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер бойынша 6-сыныптың соңында *білім алушы*:

- тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжай;

- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтай;

- тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтай;

- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсінеді, анықтай;

- лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тани;

- хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырата;

- берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құра біледі.

*Білім алушы*:

- рухани-мәдени құндылықтарды;

- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді;

- өздігінен білімін арттыруды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша*:

- әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені талдауда;

- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, негізгі және қосымша ақпаратты анықтауда;

- мәтін мазмұнын түсінуде, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыруда;

- мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзетуде және редакциялауда;

- қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазуда;

- төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс жазуда;

- сұрақтар құрастыруда;

- тілдік материалдарды өзара салыстыруда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені талдағанда;

- тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беруде, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіруде;

- ауызекі стильдегі мәтіндердің

мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыра;

- оқылым стратегияларын қолдану:

жалпы мазмұнын түсіну үшін, нақты ақпаратты табу үшін оқуда;

- жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазуда;

- сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білуде;

- жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында;

- зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп;

- сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына білуде;

- сан есімнің мағыналық түрлерін ажыратып, сан есімді зат есім орнына қоюда;

- төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін біліп, төл сөзді төлеу сөзге айналдыруда

қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысуда, өз пікірін білдіруде;

- энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білуде;

- жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазуда;

- сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыруда;

- эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазуда;

- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазуда;

- тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай;

- сыни ойлауда және сыни талқылауда;

- мәтіндерді салыстыруда;

- мәтін мазмұнын ұлттық құндылық ретінде бағалауда қолданады.

13. 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

көтерілген мәселені болжау, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені талдау, мәтін мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты түсіну, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау, жалпы және нақты сұрақтар, мәтін мазмұнын шынайы өмірмен байланыстыру, ресми сөздер мен тіркестерді, терминдерді орынды қолдану, диалогке қатысу.

2) оқылым:

мәтіннен негізгі және детальді ақпаратты анықтау, ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеуді тілдік құралдар арқылы тану, ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату, мәтін негізінде нақтылау сұрақтарын құрастыру, оқылым стратегияларын қолдану, комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу, сілтеме жасау.

3) жазылым:

әртүрлі жанрдағы мәтіндер жазу үшін жоспар құру, мінездеме, өмірбаян, құттықтауды жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай жазу, графиктік мәтін құрастыру, эссе жазу барысында абзацты жүйелі құрастыру, «келісу, келіспеу» эссесін жазу, жинақы мәтін жазу, мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау.

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: жеке, бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздер;

орфоэпиялық норма: сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін;

лексикалық норма: көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздер;

грамматикалық норма: есімдік, етістік, етіс түрлері, салт және сабақты етістік, үстеу, үстеудің мағыналық түрлері;

пунктуациялық норма: қазақ тіліндегі тыныс белгінің түрлері, даралаушы тыныс белгілері.

14. 7-сынып білім алушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер бойынша 7-сыныптың соңында *білім алушы*:

- мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжай;

- мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтай;

- мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтайды;

- ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажыратады;

- әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құрады;

- ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін ажыратады;

- қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсінеді, дұрыс қолданады;

- жоспар құруды біледі.

*Білім алушы:*

- рухани-мәдени құндылықтарды;
- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді;
- тыңдалған мәтіннің мазмұнын;
- өздігінен білімін арттыруды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдауда;

- детальді ақпаратты анықтауда;
- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;
- өз көзқарасын дәлелдеуде;
- шығармашылық жұмыс түрлерін жазуда;
- сұрақтар құрастыруда;
- тілдік материалдарды өзара салыстыруда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

-- ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені талдағанда;

- ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізуде;

- коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізуде;

- мәтін мазмұнын шынайы өмірмен байланыстыра талдағанда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;
- сыни ойлауда және сыни талқылауда;
- мәтіндерді салыстыруда;
- мәтін мазмұнын ұлттық құндылық ретінде бағалауда;
- жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазуда;
- эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу

себептерін айқын көрсетуде;

- ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыруда;

- оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқуда;

- мәтіндегі адамдар арасындағы қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, эссе жазуда қолданады.

15. 8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

дәйексөз, үзінді негізінде мәселені болжау, әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью,



пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау, астарлы ойды анықтау, тұрмыстық, әлеуметтік мәтіндерді талдау арқылы негізгі ойды анықтау, перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау, коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу;

2) оқылым:

тұтас және аралас мәтіндердегі ақпаратты салыстыру, тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін тану, мақала, аннотация, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, ғылыми және публицистикалық стильде жазылған мәтіндерді талдау, сілтеме жасау;

3) жазылым:

тезистік жоспар құру, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу, графиктік мәтіндердегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу, аргументативті эссе жазу, бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу;

орфоэпиялық норма: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;

лексикалық норма: сөздік қор мен сөздік құрам;

грамматикалық норма: сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді және етістікті сөз тіркестері, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері, сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелері, жай сөйлем, жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі;

пунктуациялық норма: қабаттаса қолданылатын тыныс белгілері.

16. 8-сынып білім алушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер бойынша 8-сыныптың соңында *білім алушы*:

- мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжай;

- ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата;

- мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыра

- ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдана, авторына сілтеме жасай;

- әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құра;

- жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жаза біледі.

*Білім алушы*:

- рухани-мәдени құндылықтарды;

- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді;
- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;
- мәтіндік және графикалық (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялауды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беруде;
- публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы;
- хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратуда;
- сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдап;
- өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылауда;
- оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасауда, іріктеп оқуда, зерттеп оқуда;
- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазуда;
- мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеруде;
- синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялауда;
- етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында;
- еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсініп;
- шылау түрлерін ажыратып, орынды;
- одағай түрлерін ажыратып; орынды;
- оқшау сөздердің қызметін түсініп;
- сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдауда;
- идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдай;
- жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазуда;
- мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет

беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазуда;

- эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз (дискуссивті эссе) көзқарасын жазуда;

- фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолданады.

17. 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

дәйексөз, үзінді негізінде мәселені болжау, әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау, астарлы ойды анықтау, тұрмыстық, әлеуметтік мәтіндерді талдау арқылы негізгі ойды анықтау, перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау, коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу;

2) оқылым:

тұтас және аралас мәтіндердегі ақпаратты салыстыру, тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін тану, мақала, аннотация, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, ғылыми және публицистикалық стильде жазылған мәтіндерді талдау, сілтеме жасау;

3) жазылым:

тезистік жоспар құру, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу, графиктік мәтіндердегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу, аргументативті эссе жазу, бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу;

орфоэпиялық норма: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;

лексикалық норма: сөздік қор мен сөздік құрам;

грамматикалық норма: сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді және етістікті сөз тіркестері, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері, сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелері, жай сөйлем, жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі;

пунктуациялық норма: қабаттаса қолданылатын тыныс белгілері.

18. 9-сынып білім алушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер бойынша 9-сыныптың соңында *білім алушы*:

- мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін

мәселені болжай;

- мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтай;

- перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыра;

- тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құра біледі.

*Білім алушы:*

- әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдауды;

-сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

-тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтап;

-тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыруда;

-тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдауда;

-оқылым стратегияларын қолдану:

комментарий жасауда, іріктеп оқуда, талдап оқуда;

-мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазуда;

-тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазуда;

-сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай;

- сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдауда;

- коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізуде;

-публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тануда;

-мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратуда;

- ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдануда, авторына сілтеме жасауда;

-БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасауда,, редакциялауда;

-сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерін, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажыратуда; тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану;

- сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді;

- жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазуда;

-эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп (аргументативті эссе) жазуда;

- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазуда қолданады.

20. 10-сынып білім алушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер бойынша 10-сыныптың соңында *білім алушы:*

- мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беруді, түпнұсқамен салыстыруды;

- тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра;

- мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтай;

- мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыра;

- белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана;

- жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құра;

- құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарын, түрлерін

біледі.

*Білім алушы:*

- қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін;

- әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыруды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;

- мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беруде;

- қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдауда, орта көлемді монолог дайындауда;

- мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графикалық мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді

(тенденция) анықтап жазуда;

- жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея)

дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялауда;

-салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажыратып, түрлендіріп;

- сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажыратып, түрлендіріп;

- аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:* қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тануда;

- мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратуда;

- ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде көрсетіп, авторына сілтеме жасауда;

- мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыруда;

- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазуда;

- стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс;

- құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырата

тын) ережеге сай қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын (аргументативті эссе) дәлелдеп жазуда;

- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазуда қолданады.

10. Негізгі орта білім беруді аяқтағанда пән бойынша білім алушылардан күтілетін нәтижелер түрінде қалыптасатын метапәндік құзыреттіліктер айқындалған:

*ғылыми-танымдық құзыреттілік:*

- халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, әдеби мәтінді, өлеңдерді, көркем шығармаларды түрлі мақсатта оқу (мәнерлеп оқу, пайымдап оқу, зерделеп оқу, шолып оқу т.б.);

- ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің байланысын, сабақтастығын, ерекшеліктерін танып білу;

- сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктерін меңгеру;

- әдебиеттің көркем эстетикалық, рухани-мәдени, дүниетанымдық сипатын айқындау;

- кейіпкерлер портреті мен образын ашу;

- бейнелі (образды) ойлауы мен ұлттық таным-түсінігінің қалыптасуы;

- әдеби-теориялық білімдерді меңгеруі;

- көркем шығарманың ұлттық, көркемдік сипатын танып білуі;
- оқылған шығармалардан дәйек келтіруі немесе өз пікірін дәйектей алуы;
- көркем мәтінді эстетикалық тұрғыдан қабылдауы;
- функционалдық сауаттылығының қалыптасуы;
- әдеби шығармада бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлер әрекетіне өзіндік көзқарасын білдіруі;
- кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып, баға беруі;
- шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыруы;
- шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазуы;
- шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдай алуы;
- әдеби эссе жаза алуы;
- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беруі.

*мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:*

- фольклордағы халық тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену ерекшеліктерін білуі;
- оқу материалдарындағы рухани-мәдени құндылықтарды ажырата алуы;
- Қазақстанның, туған өлкесінің табиғаты мен байлықтарын үнемдеудің, мәдени мұраларды сақтаудың қажеттілігін түсінуі, олардың ұлттық құндылықтарға жататынын білуі;
- әр халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық болмысы мен мәдениетін білуі;
- рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін және адами ізгі қасиеттерді бағалап, әлеуметтік-қоғамдық, табиғи ортаға бейімделіп, оның мүшелерімен ізгілікті қарым-қатынас жасай алуы.

*тілдік-коммуникативтік құзыреттілік:*

- ана тілінде сөйлеудің қажеттілігін түсінуі, өмірлік жағдаяттарда қолдана алуы;
- сөз әдеби талаптарын сақтап, қарым-қатынас жасай алуы;
- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді жеткізе білуі;
- жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөлісуі, пікірлесуі, қарым-қатынасқа түсе алуы.

*ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:*

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алуы;
- дереккөздерден қажетті мәтінді іздеп табуы, өңдей алуы, қолдана алуы;
- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолдануы;
- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдей білуі;
- АКТ, медиақұралдардың мүмкіндіктерін пайдалана алуы.

**11. «Қазақ әдебиеті»** пәнінен білім берудегі күтілетін нәтижелерді айқындау және оқушының білім жетістіктерін бағалау: *«білу – түсіну – білімді үлгі бойынша қолдану – білімді жаңа жағдайда қолдану – білімді шығармашылықпен қолдану»* жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

12. Әр тоқсанға тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

14. 6-сынып білім алушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер бойынша 6-сыныптың соңында *білім алушы*:

- халық ауыз әдебиетінің, балалар әдебиетінің үлгілерін, әдеби мәтінді, өлеңдерді, көркем шығармаларды түрлі мақсатта оқуды (мәнерлеп оқу, пайымдап оқу, зерделеп оқу, шолып оқу т.б.);

- көркем мәтіндерді ауызша мазмұндап айтуды;

- шығармадағы эпизодтарды;

- әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеуді;

- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді баяндауды;

- көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын ашуды;

- шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарын (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы);

- бағдарламаға сәйкес 4-5 өлең (бұған поэмалардан үзінділер де кіреді) мен 3-4 прозалық туындыдан үзінділерді жатқа айтуды біледі.

*Білім алушы*:

- шығарманың сюжеті мен композициялық құрылысын;

- көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетін;

- әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын;

- фольклорда халық тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену ерекшеліктерін;

- балалар әдебиеті үлгілерін мұғалім басшылығымен және өз бетімен ізденіп оқуды;

- көркем әдебиеттегі рухани-мәдени құндылықтарды;

- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді;

- өздігінен білімін арттыруды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша*:

- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;

- көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжеті мен композициясын талдауда;

- өз көзқарасын дәлелдеуде;

- шығармашылық жұмыс түрлерін жазуда;

- сұрақтар құрастыруда;

- көркем шығармада көтерілген мәселелерді анықтауда;

- кейіпкер бейнесін сипаттап жазуда;

- кейіпкерлерді өзара салыстыруда;

- шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес*:

- әдебиетті басқа өнер түрлерімен (бейнелеу, сәулет, саз, мүсін, театр, кино, т.б.) салыстыруда;

- шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беруде;

- кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалауда қолданады.



*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазуда;
- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;
- сыни ойлауда және сыни талқылауда;
- кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беруде;
- әдеби шығармада бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлер әрекетіне өзіндік көзқарасын білдіруде;
- шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазуда қолданады.

15Пәндік нәтижелер бойынша 7-сыныптың соңында *білім алушы:*

- халық ауыз әдебиетінің, балалар әдебиетінің үлгілерін, әдеби мәтінді, өлеңдерді, көркем шығармаларды түрлі мақсатта оқуды (мәнерлеп оқу, пайымдап оқу, зерделеп оқу, шолып оқу т.б.);
- көркем мәтіндерді ауызша мазмұндап айтуды;
- шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасауды;
- көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын ашуды;
- шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау);
- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді баяндауды;
- жоспар құруды;
- бағдарламаға сәйкес 5-6 өлең (бұған поэмалардан үзінділер де кіреді) мен 3-4 прозалық туындыдан үзінділерді жатқа айтуды біледі.

*Білім алушы:*

- шығарманың сюжеті мен композициялық құрылысын;
- шығарманың идеясы арқылы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені;
- фольклорда халық тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену ерекшеліктерін;
- әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын;
- шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын;
- балалар әдебиеті үлгілерін мұғалім басшылығымен және өз бетімен ізденіп оқуды;
- көркем әдебиеттегі рухани-мәдени құндылықтарды;
- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді;
- өздігінен білімін арттыруды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;
- көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжеті мен композициясын талдауда;
- өз көзқарасын дәлелдеуде;
- шығармашылық жұмыс түрлерін жазуда;
- сұрақтар құрастыруда;
- көркем шығармада көтерілген мәселелерді анықтауда;
- кейіпкер бейнесін сипаттап жазуда;

- кейіпкерлерді өзара салыстыруда;
- шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, ассонанс, аллитерация) анықтауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әдебиетті басқа өнер түрлерімен (бейнелеу, сәулет, саз, мүсін, театр, кино, т.б.) салыстыруда;
- әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттауда;
- шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасауда;
- шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беруде;
- кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беруде;
- көтерілген мәселелерді шынайы өмірмен байланыстыра талдағанда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;
- сыни ойлауда және сыни талқылауда;
- әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазуда;
- шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазуда қолданады.

17. Пәндік нәтижелер бойынша 8-сыныптың соңында *білім алушы:*

- әдеби шығармаларды түрлі мақсатта оқуды (мәнерлеп оқу, пайымдап оқу, зерделеп оқу, шолып оқу т.б.);
- әртүрлі жанрдағы шығармалардың негізгі мазмұнын, авторлары туралы мағлұматты;
- көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашуды;
- көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін;
- шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді;
- шығармадағы көркемдегіш құралдарды (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ);
- бағдарламаға сәйкес 6-7 өлең (бұған поэмалардан үзінділер де кіреді) мен 4-5 прозалық туындыдан үзінділерді жатқа айтуды біледі.

*Білім алушы:*

- шығарманың сюжеті мен композициялық құрылысын;
- шығарманың идеясы арқылы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені;
- әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын;
- әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін;
- шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын;
- көркем әдебиеттегі рухани-мәдени құндылықтарды;
- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;

- көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжеті мен композициясын талдауда;

- өз көзқарасын дәлелдеуде;

- шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әдебиетті басқа өнер түрлерімен (бейнелеу, сәулет, саз, мүсін, театр, кино, т.б.) салыстыруда;

- көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтауда;

- шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазуда;

- кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беруде;

- көтерілген мәселелерді шынайы өмірмен байланыстыра талдағанда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;

- сыни ойлауда және сыни талқылауда;

- әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беруде;

- әдеби көркем туындыларды ұлттық құндылық ретінде бағалауда;

- шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазуда қолданады.

19Пәндік нәтижелер бойынша 9-сыныптың соңында *білім алушы:*

- әртүрлі жанрдағы шығармалардың негізгі мазмұнын, авторлары туралы мағлұматты;

- әдеби шығармада бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлер әрекетін;

- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді баяндауды;

- әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтауды;

- әдеби шығарманың идеясы мен пафосын;

- көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеуді;

- көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдануды;

- шығармадағы көркемдегіш құралдарды (психологиялық параллелизм, перефраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис);

- бағдарламаға сәйкес 7-8 өлең (бұған поэмалардан үзінділер де кіреді) мен 5-6 прозалық туындыдан үзінділерді жатқа айтуды біледі.

*Білім алушы:*

- шығарманың сюжеті мен композициялық құрылысын;

- шығарманың идеясы арқылы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені;

- әдеби шығарманың идеясы мен пафосын;

- әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды;

- шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перефраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын;

- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын;

- көркем әдебиеттегі рухани-мәдени құндылықтарды;

- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;

- көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжеті мен композициясын талдауда;

- шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перефраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтауда;

- көркем шығармада көтерілген мәселелерді анықтауда

- өз көзқарасын дәлелдеуде;

- шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазуда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әдебиетті басқа өнер түрлерімен (бейнелеу, сәулет, саз, мүсін, театр, кино, т.б.) салыстыруда;

- әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашуда;

- шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалауда;

- шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беруде;

- көтерілген мәселелерді шынайы өмірмен байланыстыра талдағанда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;

- сыни ойлауда және сыни талқылауда;

- әдеби көркем туындыларды ұлттық құндылық ретінде бағалауда;

- шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазуда;

- шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазуда қолданады.

21. Пәндік нәтижелер бойынша 9-сыныптың соңында *білім алушы:*

- әртүрлі жанрдағы шығармалардың негізгі мазмұнын, авторлары туралы мағлұматты;

- әдеби шығармада бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлер әрекетін;

- әдеби шығарманың сюжеті мен композициясын;

- әдеби шығармадағы психологизмді;

- көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін;

- эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды;

- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін;

- бағдарламаға сәйкес 8-9 өлең (бұған поэмалардан үзінділер де кіреді) мен 6-7 прозалық туындыдан үзінділерді жатқа айтуды біледі.

*Білім алушы:*

- әдеби шығарманың сюжеті мен композициясын;

- шығарманың идеясы арқылы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені;

- әдеби шығарманың идеясы мен пафосын;

- әдеби шығармадағы психологизмді;

- көркем шығармадағы авторлық ұстанымды;

- көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін;

- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін;

- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын;

- көркем әдебиеттегі рухани-мәдени құндылықтарды;

- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;

- көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжеті мен композициясын талдауда;

- эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдауда;

- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдауда;

- өз көзқарасын дәлелдеуде;

- автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазуда;

- көркем шығармада көтерілген мәселелерді анықтауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әдебиетті басқа өнер түрлерімен (бейнелеу, сәулет, саз, мүсін, театр, кино, т.б.) салыстыруда;

- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беруде;

- шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалауда;

- шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беруде;

- көтерілген мәселелерді шынайы өмірмен байланыстыра талдағанда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;

- көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдануда;

- оқылған шығармалардан дәйек келтіруді немесе өз пікірін дәйектей алуда;

- әдеби көркем туындыларды ұлттық құндылық ретінде бағалауда;

- шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазуда;
- әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазуда қолданады.

**3. Цель обучения учебному предмету «Русский язык»** — развитие творческой, активной языковой личности путем формирования коммуникативных навыков по всем видам речевой деятельности на основе усвоения знаний о языке, норм употребления средств разных уровней, их активизации в продуктивной речевой деятельности, обогащения словарного запаса.

5. Задачи обучения:

1. формирование знаний о русском языке, его функционировании в разных сферах и ситуациях общения, стилистических ресурсах, основных нормах литературного языка (орфоэпических, орфографических, лексических и грамматических), правилах речевого этикета;

2. обогащение словарного запаса, расширение арсенала используемых грамматических средств русского языка;

3. формирование умений оценивать и выбирать языковые средства с точки зрения нормативности, соответствия ситуации общения;

4. формирование читательской грамотности, обучение разным видам чтения текста в зависимости от коммуникативных задач;

5. развитие критического мышления: поиск, обработка, анализ, синтез, оценка, интерпретация информации;

6. развитие и совершенствование умений создавать устные и письменные монологические высказывания в разных речевых жанрах;

7. совершенствование умений успешно вести диалог в разных ситуациях общения, участвовать в дискуссии;

8. формирование и развитие функциональной грамотности использования навыков чтения, письма в условиях взаимодействия с обществом, адаптации и функционирования в нем;

9. формирование представлений о национально-культурной специфике русского языка, о культуре русского, казахского и других народов;

10. воспитание сознательного отношения к языку как средству общения, источнику знаний, духовно-нравственной ценности, средству успешной социализации.

6. Обучение русскому языку осуществляется через интеграцию с другими предметами. Лексико-грамматический материал по русскому языку изучается в контексте речевых тем, связанных с различными предметными областями.

7. Учебная программа по учебному предмету «Русский язык» рассчитана на пять лет обучения в основной средней школе.

## Глава 2. Организация содержания учебного предмета «Русский язык»

1. Объем учебной нагрузки по предмету «Русский язык» составляет: в 6 классе — 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;

- в 7 классе — 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;
- в 8 классе — 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;
- в 9 классе — 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году;
- в 10 классе — 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году.

### **Требования к уровню подготовки обучающихся по предмету «Русский язык»**

**Требования к уровню подготовки обучающихся** ориентируются на метапредметные учебно-информационные умения:

- умение извлекать информацию из различных источников;
- умение составлять план;
- умение отбирать материал по заданной теме;
- умение составлять письменные тезисы;
- умение подбирать цитаты;
- умение составлять таблицы, схемы, графики.

6 класс

Обучающийся знает:

- особенности употребления многозначных слов, слов с прямым и переносным значением, синонимов, антонимов, омонимов, заимствованных, эмоционально окрашенных слов, эпитетов, сравнений, гипербол;

- как правильно писать проверяемые и непроверяемые гласные и согласные, не-произносимые согласные, чередующиеся гласные в корне слова, ь для обозначения мягкости согласных, окончания существительных, прилагательных, собственные имена существительные, суффиксы -ек, -ик, -чик / -щик существительных; суффиксы -к-, -ск- прилагательных, существительные на -мя, личные окончания глаголов, -тся и -ться в глаголах, не с существительными, прилагательными, местоимениями, глаголами

Обучающийся понимает:

- тему и основную информацию сплошных и несплошных текстов.;

- какие знаки препинания ставятся в предложениях с однородными членами, обобщающим словом при однородных членах, обращением, с сравнительными оборотами, тире между подлежащим и сказуемым

Обучающийся применяет знания по образцу:

- исправляет орфографические ошибки с помощью словаря, редактировать предложения;

- употребляет формы рода, числа имен существительных и местоимения, согласовать имена существительные, прилагательные в роде, числе и падеже, в соответствии с нормой

Обучающийся использует знания в новых условиях:

- пишет текст (повествование, описание, рассуждение), тексты разных стилей (сказка, рассказ, рекламный текст, объявление, поздравление, дневник,

личное письмо);

Обучающийся применяет знания творчески:

- пишет творческую работу (70–80 слов) от имени заданного героя, создает проект.;

- пишет эссе-описание, эссе-повествование, эссе-рассуждение

7 класс

Обучающийся знает:

- как формулировать основную мысль текста с опорой на композицию.;

- особенности употребления неологизмов, архаизмов, фразеологизмов, метафор, олицетворений, эпитетов, антитезы, перифразов, прямого порядка слов, инверсии, риторических фигур

- как писать правильно разделительные ь и ы, буквы и, ы после ц, буквы о, е после шипящих и ц, гласные и согласные в приставках, приставки на з, с, пре- и при-, сложные имена существительные, прилагательные, буквы н, нн в прилагательных, суф-фиксы -к-, -ск- прилагательных, краткие прилагательные, падежные окончания числительных, от-рицательные, неопределенные местоимения, буквы о, а, е, ь на конце наречий, буквы н и нн в наречиях, слитно, раздельно, через дефис наречия

Обучающийся понимает:

- основную, детальную и неизвестную информацию сплошных и несплошных текстов ...;

- знаки препинания надо ставить в предложениях с однородными членами, прямой, косвенной речью.

Обучающийся применяет знания по образцу:

- исправляет орфографические и пунктуационные ошибки с помощью словаря, редактирует текст.;

Обучающийся использует знания в новых условиях:

- пишет тексты разных стилей (заметка, репортаж, интервью, кулинарный рецепт, рекламный текст, сказка, рассказ, личное письмо);

Обучающийся применяет знания творчески:

- писать творческую работу (90–110 слов), представляя себя в заданной ситуации, создавать проект .

8 класс

Обучающийся знает:

-особенности употребления национально-специфических слов, синонимов, антонимов, паронимов, неологизмов, метафор, олицетворений, сравнений, эпитетов, инверсии, аллегории, перифразов, анафоры, риторических фигур;

-пишет правильно гласные и согласные в корне слова, и, ы после приставок, приставки пре- и при-, н, нн в прилагательных, причастиях, не и ни



со словами разных частей речи, сложные слова, слитно, отдельно, через дефис слова, падежные окончания существительных, приставки, суффиксы, личные окончания глаголов, предлоги со словами, частицы

Обучающийся понимает:

- основную и детальную, известную и неизвестную информацию сплошных и несплошных текстов;

- какие знаки препинания ставятся в предложениях с обособленными определениями, обстоятельствами, сравнительными оборотами.

Обучающийся применяет знания по образцу:

- представляет информацию текста в виде таблиц, схем, диаграмм, иллюстраций, инфографики; преобразовывает в текст информацию, заключенную в схемах, таблицах, диаграммах, инфографике

Обучающийся использует знания в новых условиях:

- пишет тексты разных стилей (публицистическая статья, заметка, интервью, инструкция, объяснительная записка, объявление, информационное письмо, письмо-просьба, письмо-приглашение, поздравление, дневник, запись в блоге);

-Обучающийся применяет знания творчески:

- пишет творческую работу (110–130 слов), выбирая определенную роль, создает проект

9 класс

Обучающийся знает:

- особенности употребления эмоционально окрашенных, профессиональных, заимствованных слов, синонимов, антонимов, терминов, неологизмов, окказионализмов, фразеологизмов, метафор, инверсии, градации, перифразов, анафоры.;

-пишет правильно гласные и согласные в корне слова, ь в словах, буквы о, е после шипящих, не, ни со словами, сложные слова, падежные окончания, суффиксы существительных, суффиксы прилагательных, причастий, личные окончания, приставки глаголов, числительные, наречия, союзы, омонимичные самостоятельные и служебные части речи .

Обучающийся понимает:

- основную и детальную, открытую и скрытую (подтекст) информацию сплошных и несплошных текстов, высказывать критическое отношение к их содержанию

- какие знаки препинания ставятся между подлежащим и сказуемым, в неполных предложениях, предложениях с обособленными определениями, обстоятельствами, приложениями, уточняющими членами, вводными конструкциями, однородными членами, обращением, прямой и косвенной речью, цитатой, сравнительными оборотами

Обучающийся применяет знания по образцу:

- представляет информацию текста в виде таблиц, схем, диаграмм, иллюстраций, инфографики; преобразовывает в текст информацию, заключенную в схемах, таблицах, диаграммах, инфографике

Обучающийся использует знания в новых условиях:

- пишет текст-описание с элементами рассуждения, текст-повествование с элементами описания, тексты разных стилей (доклад, реферат, аннотация, характеристика, объявление, меню, заметка, интервью, репортаж, очерк, рассказ, комментарии в интернет-форуме, блоге, переписка в чате

Обучающийся применяет знания творчески:

- пишет контрастные по содержанию фрагменты текста, творческую работу (130–150 слов), создает проект

10 класс

Обучающийся знает:

-особенности употребления научной, общественно-политической лексики, стилистически окрашенных, национально-специфических слов, терминов, фразеологизмов, аббревиатур, синонимов, паронимов, иронии, риторических фигур.;

- как правильно писать гласные и согласные в корне слова, ь в словах, гласные после шипящих и ц, собственные имена существительные, не, ни со словами, слитно, раздельно, через дефис слова, падежные окончания существительных, суффиксы прилагательных, буквы н и nn в причастиях, прилагательных, неопределенные и отрицательные местоимения, личные окончания, приставки глаголов, наречия .

Обучающийся понимает:

- открытую и скрытую (подтекст) информацию сплошных и несплошных текстов, соотносит ин-формацию текста с и-формацией из других источников, с личным опытом;

- какие знаки препинания ставятся в сложносочиненных, сложноподчиненных бессоюзных сложных предложениях, в предложениях с однородными, обособленными членами, вводными конструкциями.

Обучающийся применяет знания по образцу:

- представляет информацию в виде презентации с использованием таблиц, схем, инфографики, гиперссылок;

Обучающийся использует знания в новых условиях:

- пишет тексты разных стилей (научно-популярная статья, публицистическая статья, заметка, интервью, объявление, отчет о поездке, рассказ, личное письмо, комментарии в интернет-форуме, запись в блоге;

Обучающийся применяет знания творчески:

- пишет творческую работу (150–170 слов), фрагмент, являющийся композиционной частью текста (начало, продолжение романа, рассказа), создает проект.

**3. «Ағылшын тілі» пәнінің мақсаты** –тілдік құбылысты коммуникативтік тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдыларды игерген, алған білімін күнделікті өмірде, шетел тілінде сөйлейтін ортада еркін қолдана білетін тұлға қалыптастыру.

**«Ағылшын тілі» пәнін оқытудың міндеттері:**

- білім алушыларға коммуникативті оқыту технологиясы негізінде сөйлеу

әрекетінің дағдыларын игертуге күш салу;

- білім алушыларды өздері өмір сүретін мәдени орта туралы білімдерін кеңейтуге бағыттау;

- шетел тілінің өзіндік ерекшеліктерін (ана тілімен салыстыра отырып) ашу;

- шетел тілін оқыту арқылы білім алушылардың ойлау қабілеті мен ұлттық дүниетанымын, рухани идеялар болмысын адами құндылықтармен байытуға күш салу;

- шетел тіліндегі көркем әдебиетті түпнұсқада оқуға, оның ұлттық сипатын, мазмұндық жаңалығын көркемдік тұрғысынан талдауға бағдар беру;

- шетел тілінің теориялық негіздерін практикалық әрекеттер арқылы бекіту және тіл оқытуды функционалдық сауаттылықпен үйлестіру;

- білім алушылардың бойында мәдени құндылықтар туралы кешенді білім қалыптастыру;

- білім алушының өздігінен білім алу арқылы өзін-өзі дамыту мақсаттарына қол жеткізу, өзара әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға бағыттау;

- білім алушылардың алгоритмдік, эвристикалық, аналитикалық, шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастыруға күш салу;

- білім алушылардың жобалау, модельдеу, зерттеу қабілеттерін дамыту;

- болашақ кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау, кәсіпке ерте бейімделу, бейіндік оқу дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру;

- білім алушылардың сыни ойлау, коммуникативті-ақпараттық сауаттылық дағдыларын дамыту.

**Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

8. «Ағылшын тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

9. Негізгі орта білім беруді аяқтағанда «Ағылшын тілі» пәні бойынша білім алушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) тыңдалым дағдысы:

- білім алушы түрлі жанрлардағы мәтіндерің негізгі мазмұнын (диалог, монолог, формалар, кестелер, сызбалар, диаграммалар арқылы берілген ақпараттың маңызды мағыналық, толық не ішінара іріктейді;

- мәтіндерде кездесетін терминдер мен лексикалық бірліктердің мағынасын түсінеді;

- әртүрлі мәтіндердің жанры мен стильдерін ажыратады;

- әртүрлі жанр мен стильдегі мәтінмен жұмыс жасауда сәйкестіктер мен ерекшеліктерді тауып, өзара салыстыра алады, мәнмәтіндегі таныс емес сөздердің мағынасын контекстке қарай ажыратады;

2) айтылым дағдысы:

- білім алушы ресми және бейресми күнделікті тілдесу жағдаяттарында диалог жүргізеді; тілдің лексикалық және грамматикалық құралдар көмегімен, өз сөздерін дұрыс ресімдейді;

- қоршаған ортаға деген эмоционалды бағалаудағы көзқарасын білдіре алады;

- өзінің көзқарасын дәлелдей отырып, мәтіндерді талдайды және салыстырады; оқиғаларға, пікірлерге және мәселелерге баға бере отырып, пайымдайды; қорытынды шығарылған және берілген мәселе бойынша өзінің шешу жолдарын ұсынады;

3) оқылым дағдысы:

- оқыту стратегияларын қолдануды біледі;

- оқиғалар мен құбылыстардың әсері және себеп-салдарлық өзара байланысын орнатады;

- кітаптар және электронды ресурстарды пайдаланып, сөздердің мағынасын талдайды және салыстырады;

- түрлі жанр мен стильдегі мәтіндердің мазмұнын сын тұрғысынан бағалайды;

4) жазылым дағдысы:

- білім алушылар ақпаратты редакциялайды және түзетеді;

- орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтайды;

- медиа-ақпарат негізіне сүйеніп түрлі мәтіндердегі мәселелерге өзінің көзқарасын білдіре алады, проблемалық сұрақтарды талдайды;

- әртүрлі тақырыпта эссе жазады (6-7 сыныптар үшін шекті көлемі – 170-200 сөз, 8-10 сыныптар үшін 250 – 350 сөз).

10. Пән бойынша білім алушылардан күтілетін нәтижелер түрінде қалыптасатын метапәндік құзыреттіліктер:

*ғылыми-танымдық құзыреттілік:*

- шетел тілінің өзіндік ерекшеліктерін айқындау;

- шетел мәдениетінің көркем эстетикалық, рухани-мәдени, дүниетанымдық сипатын айқындау;

- шетел тілін меңгеруде өзінің ұлттық таным-түсінігінің қалыптасуы;

- теориялық – практикалық білімдерді меңгеруі;

- оқытылатын шетел тілінің ұлттық, тілдік ерекшеліктерін танып білуі;

- ақпаратқа байланысты өз пікірін дәйектей алуы;

- көркем мәтінді эстетикалық тұрғыдан қабылдауы;

- функционалдық сауаттылығының қалыптасуы;

- әдеби шығармада бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлер әрекетіне өзіндік көзқарасын білдіруі;

- шеттілдік білім жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып, баға беруі;

- шеттілдік мәтіндегі танымдық ақпаратты ана тілімен салғастыруы;

- берілген ақпарат желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан сипаттауы;

- мәтінді ұлттық құндылық тұрғысынан талдай алуы;

- эссе жаза алуы;

- ақпараттың тарихи және көркемдік құндылығына баға беруі.

*мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:*

- шетел мәдениетінің, халық тұрмысының, салт-дәстүрінің сипаттамалық ерекшеліктерін білуі;

- рухани-мәдени құндылықтарды дәйектей алуы;

- әр халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық болмысы мен мәдениетін түсінуі;

- рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін және адами ізгі қасиеттерді бағалап, әлеуметтік-қоғамдық, табиғи ортаға бейімделіп, қоғам мүшелерімен коммуникацияға түсуі;

- *коммуникативтік құзыреттілік:*

- шет тілінде сөйлеудің қажеттілігін түсініп, түрлі жағдаяттарда қолдана алуы;

- өз ойын ауызша және жазбаша түрде жүйелі, дәлелді жеткізе білуі;

- шетел тілінде жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөлісуі, пікірлесуі, қарым-қатынасқа түсе алуы.

*ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:*

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алуы;

- дереккөздерден қажетті ақпаратты іздеп табуы, өңдеп, қолдана білуі;

- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдей білуі;

- ақпараттық технологиялық құралдардың мүмкіндіктерін пайдалана алуы.

11. «**Ағылшын тілі**» пәнінен білім берудегі дайындық деңгейін айқындау және оқушының білім жетістіктерін бағалау «білу – түсіну – білімді үлгі бойынша қолдану – білімді жаңа жағдайда қолдану – білімді шығармашылықпен қолдану» жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:

- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;

- шетел тілінде берілген мәтін не ақпараттың тақырыбын, идеясын, мазмұнын талдауда;

- өз көзқарасын дәлелдеуде;

- шығармашылық жұмыс түрлерін жазуда;

- сұрақтар құрастыруда;

- мәтінде көтерілген мәселелерді анықтауда;

- ұлттық құндылықтарды өзара салыстыруда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- оқытылып отырған шетел тілін ана тілімен салыстыруда;

- ана тілі мен оқытылып отырған шетел тілін өзара салыстыра отырып, тарихи және мәдени құндылығына баға беруде және шынайы өмірмен салыстырып бағалауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін:*

- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;

- сыни ойлауда және сыни талқылауда;

- тіл жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беруде;

- қоршаған ортада оқиғалар мен адамдар әрекетіне өзіндік көзқарасын білдіруде;

- тілдік ақпаратты өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, эссе жазуда қолданады.

**«Адам және қоғам» білім беру саласы бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

**«Қазақ тарихы» оқу пәнінің мақсаты** – ұлттық құндылықтар арқылы білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

4. «Қазақ тарихы» оқу пәнінің міндеттері:

- қазақ елінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы базалық білім беру;

- қазақ елінің тарихи даму негізінде мәдениет пен мемлекеттілік дәстүр сабақтастығы, түркілер өркениеті тарихының дүниетанымдық, әлеуметтік, мәдени, саяси үлгілері туралы түсінік қалыптастыру;

- Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

- Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

- ұлттық кодты, тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру мен сақтау, ұлттық мұра мен салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;

- тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

- тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

- тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

- қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

- коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану.

6. «Қазақ тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

- 1)6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

- 2)7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

- 3)8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

- 4)9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

- 5)10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

**«Қазақ тарихы» пәні бойынша 6-10 сынып білім алушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

*6-сыныптың соңында білім алушы:*

- қазақ тарихының кезеңделуін;
- тас дәуіріндегі ежелгі адамдардың өміріндегі өзгерістерді; кәсіптерін;
- көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын;
- Ботай мәдениетінің ежелгі Қазақ тарихындағы маңызын
- ежелгі адамдар өміріндегі металды игерудің маңыздылығын;
- андронов және беғазы-дәндібай мәдениеттерінің белгілерін;
- Ә.Марғұланның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін;
- Арқайым қаласының мысалында қола дәуірінің ежелгі қоныстарының ерекшеліктерін;
- алғашқы адамдардың наным-сенімдерін, дүниетанымын;
- Шілікті және Бешатыр, Берел, Тасмола археологиялық мәдениеттерінің ерекшеліктерін;
- көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін;
- Қазақ жеріндегі ерте мемлекеттік құрылымдардың ерекшеліктерін;
- Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін;
- Сақ патшайымы Томирисінің, сақ жауынгері Шырақтың тарихтағы рөлін;
- Сарматтардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынасын;
- алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің (үйсіндер мен қаңлылар) құрылуын;
- алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің материалдық және рухани мәдениетітегі жетістіктерін;
- Ұлы Жібек жолының пайда болуын;
- тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін *біледі*.
- *Білім алушы:*
- - қазақ жеріндегі ерте мемлекеттік құрылымдар мен бірлестіктердің арасындағы сабақтастық байланысты;
- атқа міну мәдениеті пайда болуының мәнін;
- металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын;
- Сақтардың материалдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктерін;
- ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін;
- өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын;
- өлкенің аңыз- ертегілерінің мән-мағынасын *түсінеді*
- *Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*
- ежелгі адамдар өміріндегі өзгерістерді сипаттауда;
- археологиялық деректерге сүйене отырып, андронов және беғазы-дәндібай мәдениеттерінің белгілерін анықтауда;
- туған өлкенің археологиялық ескерткіштерін сипаттауда;
- картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсетуде;

- ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсетуде қолданады.

- *Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- археологиялық ескерткіштерді Қазақстан картасынан көрсетуде;

- тарихи мұраны жеткізудегі жәдігердің рөлін сипаттауда;

- Ә. Марғұланды ғалым-археолог ретінде айқындауда;

- Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтауда қолданады;

- *Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсетуде;

- мұражай жәдігерлеріне вертуалды саяхат жасау арқылы қазақ жеріндегі материалдық және рухани мәдениеттегі жетістіктерін анықтауда;

- тарихи деректер негізінде сақтардың шаруашылығының ерекшеліктерін, еңбек құралдары мен қару түрлерін анықтауда қолданады.

*7-сыныптың соңында білім алушы*

- ортағасырлық Қазақ тарихының кезеңделуін;

- ерте орта ғасырлардағы мемлекеттер: Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз қағанаты, Қимақ қағанатының даму ерекшеліктерін;

- X ғ. – XIII ғ. басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін, қазақ халқының қалыптасуындағы рөлін;

- түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін;

- түркі әлемінің көрнекті мәдениет және ғылым қайраткерлерін;

- XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді;

- XIII - XV ғасырлардағы мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысындағы ортақ белгілерді;

- ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін;

- Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін;

- «қазақ» этнонимінің мағынасын;

- Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын;

- Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси біртұтастығының қалпына келуінің тарихи маңызын;

- Біртұтас қазақ мемлекеті қалыптасуының тарихи маңызын;

- қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін;

- қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін біледі.

- *Білім алушы:*

- ерте орта ғасырлардағы мемлекеттердің қазақ халқының қалыптасуындағы рөлін;

- Атлах шайқасының тарихи маңызын;

- Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі



мен ерлігін;

- Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымының ерекшеліктерін;

- «Ұлық Ұлыс» ұғымын мәнін;

- түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін;

- ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын;

- ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін;

- түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын;

- көшпелілердің қолданбалы өнер және әскери өнер жетістіктерін;

- Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси біртұтастығының қалпына келуінің тарихи маңызын;

- туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін;

- Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің тарихи маңызын;

- ортағасырдағы Қазақстан жерін зерттеген саяхатшылардың еңбектерінің тарихи маңызын;

- қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін *түсінеді*.

- *Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- түркі тілдес тайпалардың аумақтық орналасуын картада көрсетуде;

- - XIII-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтауда;

- - өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін сипаттауда;

- - Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтауда *қолданады*.

- *Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- тарихи деректерді қолдану арқылы қоғамның тұрмысы мен мәдениетінің ерекшеліктерін талдауда;

- «Ұлы Дала Елі» ұғымын тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда;

- Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды сипаттауда *қолданады*

- *Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- - тарихи деректер негізінде Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтауда;

- «Кодекс Куманикус» сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтауда *қолданады*.

- *8-сыныптың соңында білім алушы:*

- XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайын;

- Қазақ-жоңғар соғыстарының барысын және Отан қорғаушы батырларды;

- XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы Ресей

империясының саясатының мәнін;

- Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатын;
- Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресінің маңызын;

- Кіші және Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы және Ресейдің әкімшілік-аймақтық басқару жүйесінің енгізілуін;

- XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының себептері, мақсаттары мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдерін;

- XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ елінің әлеуметтік экономикалық және мәдени өміріндегі өзгерістерді *біледі*.

*Білім алушы:*

- XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайындағы өзгерістерді;

- Қазақ-жоңғар соғыстарының барысын және батырлардың . Отан қорғаудағы маңыздылығын;

- XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясатының мәнін;

- Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатының ерешеліктерін;

- Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресінің маңызын;

- Кіші және Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы және Ресейдің әкімшілік-аймақтық басқару жүйесінің енгізілу себептерін;

- XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының себептері, мақсаттары мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдерінің ерекшеліктерін;

- XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ елінің әлеуметтік экономикалық және мәдени өміріндегі өзгерістерді;

- Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін;

- халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын;

- Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын;

- патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді;

- отаршылдық саясаттың ұлттық құндылықтарға кері әсерін;

- Жәңгір ханның билігі кезіндегі Бөкей ордасындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді;

- отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін;

- Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын *түсінеді*.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- қазақ хандығындағы әскери бекіністердің салынуының мақсаттарын

талдауда;

- қазақ жеріне жасалған әскери-барлау экспедициялардың қортындысына сүйніп, олардың қызметін сипаттауда;

- - қазақ хандығындағы әскери бекіністердің салынуының мақсаттарын анықтауда ;

- - Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының тарихи деректеріне сүйне отырып, оның ішкі және сыртқы саясатының жетістіктерін баяндауда;

- - қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің деректерін пайдаланып, себеп-салдарын талдауда;

- - қолданбалы өнер материалдарын зерделеп жетістіктерін сипаттауда;

- -салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын сипаттауда;

- -халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалауда *қолданады*.

- *Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- - Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беруде;

- - Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдауда;

- - Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді талдауда;

- - Қазақ жеріне жасалған әскери-барлау экспедициялардың қызметін сипаттауда;

- - Абылай ханның дипломатиялық шеберлігі мен саясатын бағалауда;

- - қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалауда;

- - Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтауда *қолданады*;

- *Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- - халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалауда;

- салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтауда;

- дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтауда;

- халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалауда *қолданады*.

- *9-сыныптың соңында білім алушы:*

- - XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді;

- - қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметін;

- «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту жолындағы қызметін;

- Қазақ халқының саяси көшбасшыларының қоғамдық-саяси, мемлекеттік және ағартушылық қызметін;

- Қазақстандағы Кеңес үкіметінің заңсыз орнығуы және 20-30

жылдардағы экономикалық саясатын;

- Ф.Голощекиннің «Кіші Қазан» саясатының салдарын;
- күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын;
- ХХ ғасырдың 20-30-жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын;
- ХХ ғ. бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді;
- қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тіл білімінің негізін салып, дамытудағы қызметін;
- Көрнекті жазушылар Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлы, Б. Майлин, І. Жансүгіровтың шығарамаларының мақсатын;
- Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы қызметін
- Қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін;
- Б. Момышұлының Ұлы Отан Соғысы кезіндегі көрсеткен ерлігін;
- Ұлы Отан Соғысында батырлығымен танылған қазақтың батыр қыздарының ерлігін;
- соғыс жылдарындағы халық рухын көтерген өнер мен әдебиеттің белгілі тұлғаларының (М.Әуезов, Ж.Жабаев, Д.Снегин, И.Шухов) қызметін біледі.

*Білім алушы:*

- ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестердің мәнін;
- қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметінің ролін;
- 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің салдары (қазақ, қырғыз халқының геноциді) мен тарихи маңызын;
- «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту жолындағы идеясын
- қазақ зиялыларының (М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, М.Шоқай) қоғамдағы рөлі мен қызметінің ұлттық санаға тигізген әсерін;
- - ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын;
- 1921-1922 жылдардағы жер-су реформаларының маңыздылығы мен нәтижелерін;
- -қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін;
- Әміре Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы ролін;
- қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін;
- соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын;
- -соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі

маңызын түсінеді.

- *Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестердің мәнін сипаттауда;

- қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметінің ролін көрсетуде;

- тарихи деректер негізінде «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту жолындағы қызметін сипаттауда;

- Қазақ халқының саяси көшбасшыларының қоғамдық-саяси, мемлекеттік және ағартушылық қызметінің қажеттілігін баяндауда;

- деректер негізінде Қазақстандағы Кеңес үкіметінің заңсыз орнығуы және 20-30 жылдардағы экономикалық саясатың себебін анықтауда;

- тарихи деректер негізінде қазақ зиялыларының Ф.Голощекиннің «Кіші Қазан» саясатына қарсылығын анықтауда;

- - күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарының себебін талдауда;

- XX ғасырдың 20-30 –жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының кері әсерін көрсетуде

- XX ғ. бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістердің ерекшеліктерін айқындауда қолданады.

- *Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді салыстырмалы талдауда (жұмысшылар ереуілдері, Қарқаралы петициясы);

- 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беруде;

- - «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту саясатын салыстырмалы талдауда;

- тарихи деректер негізінде Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшық қызметіне баға беруде;

- тарихи картаны пайдаланып, азамат соғысының негізгі оқиғаларын сипаттауда;

- Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беруде;

- XX ғасырды 20-30 –жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдауда;

- тарихи картаны пайдаланып, Қазақ АКСР-нің шекараның өзгеруін анықтап, сипаттауда;

- соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің (М.Әуезов, Ж.Жабаев, Д.Снегин, И.Шухов) халық рухын көтерудегі маңызын бағалауда;

- ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беруде;

- тарихи деректер негізінде кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын талдап, анықтауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық

саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерге талдағанда;

- күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын талдап, сипаттағанда;

- 1921-1922 жылдардағы жер-су реформаларының маңыздылығы мен нәтижелерін сипаттағанда;

- тарихи құжаттар бойынша Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдауда;

- деректер негізінде Қазақстан экономикасының соғыс жағдайына бейімделгендігін дәлелдегенде қолданады.

- *10-сыныптың соңында білім алушы:*

- Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған саяси- әлеуметтік, экономикалық мәселелерді;

- XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын;

- Е.Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін

- Кеңес үкіметі кезіндегі қоғам қайраткерлерінің мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметін

- Карлаг жүйесінің жойылуына Кеңгір лагеріндегі көтерілістің әсерін анықтау

- өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасауды;

- әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдауды;

- 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығын;

- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығын;

- Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын;

- өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, тәуелсіз Қазақстанның жариялануының тарихи маңызын;

- Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын;

- Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты даму кепілі ретінде бағалауды;

- ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды;

- Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н.Назарбаевтың ролін;

- қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын;

- Каспий теңізі аймағы шекараларының айқындалуын тарихи құжаттар негізінде сипаттауды;

- Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесінің экономикаға ықпалын біледі.

- *Білім алушы:*

- кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін;

- қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын;

- «Байқоңыр» ғарыш айлағының әлемдік ғылымдағы ролін;

- қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы ролін ;

- Қазақстан Республикасын нығайту мен модернизациялаудағы қазақстандық жастардың рөлі мен міндеттерін;
- Қазақ КСР-ң тілдер туралы Заңы қабылдануының маңыздылығын;
- Сегізінші «алтын» бесжылдық халықтың әл-ауқатын көтерудегі ықпалын;
- Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын;
- Covid-19 пандемиясының қоғамдық-саяси өмірге әкелген өзгерістер мен қаупін *түсінеді*.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдауда;
- ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласының өзектілігін айқындауда;
- Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалауда;
- ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік «Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламаларының қажеттілігін сипаттауда;
- Елбасы Н.Назарбаевтың еңбектерін зерделеуде;
- «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық идеясы, «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласының маңыздылығын бағалауда қолданады.
- Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:
  - өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беруде;
  - дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдауда;
  - қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беруде;
  - қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасауда;
  - білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беруде қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- аграрлық секторды модернизациялау бағыттарын талдауда;
- нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдауда;
- Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін талдауда;
- сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеуде;
- демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасауда;
- Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуына баға беруде;
- Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен байланыстарын талдауда;
- Қазақстанның өркендеуі бағдарларын айқындауда қолданады.

«**Әлем тарихы**» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрмет қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту және зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

«**Әлем тарихы**» оқу пәнінің міндеттері:

- адамзат өркениетінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және түрлі халықтардың тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы базалық білім беру;

- тарихты зерделеудің көпөлшемділігі және тарихи процестің дамуының альтернативті жолдары туралы түсінік қалыптастыру;

- әлемнің тарихи дамуы барысында қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

- негізгі оқиғалар, құбылыстар мен тарихи даму процестерінің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

- тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін дүниежүзі тарихы контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

- тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

- тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

- қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

- коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, соның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, басылымдар мен электронды құралдарды қолдану.

. «**Әлем тарихы**» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

2) 7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

3) 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

4) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

5) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

**«Әлем тарихы» пәні бойынша 6-10 сынып білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

6-сыныптың соңында білім алушылар:

- ежелгі дүние тарихының негізгі кезеңдерін;

- тарихтағы жыл санау жүйесін;

- түрлі теориялар негізінде адамның пайда болуын;

- адамдар тобыры, ру, қауым, тайпа секілді алғашқы бірлестік формаларын және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын;



- ежелгі дүниедегі алғашқы мемлекеттер тарихының өзіндік ерекшеліктерін;
- алғашқы өркениет ошақтарының маңызын;
- Қосөзен, Египет, Үндістан, Қытай, Греция, Рим және Қазақ жеріндегі ежелгі мемлекеттердің қалыптасу, даму ерекшеліктерін;
- Афина мемлекетінде демократияның пайда болуын;
- Ежелгі мемлекеттердің мәдениеттегі жетістіктерін;
- Орта Азия халықтарының грек-македон басқыншыларына қарсы күресін;
- ежелгі дүние тарихында болған аса маңызды оқиғаларды;
- мәдени-экономикалық дамудағы Ұлы Жібек жолының сауда жолы ретіндегі маңызын;
- Ежелгі Грекия мен Римде мемлекеттің пайда болып дамуының өзіндік ерекшеліктерін мәдени өмірін және антик мәдениеттің әлемдік мәдениетке қосқан үлесін;
- Ежелгі Римдегі Спартак көтерілісінің себептерін;
- ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын;
- ежелгі дүниедегі құлдықтың ерекшеліктерін;
- әр түрлі халықтар мен этностардың мифтерін, аңыздарын және шежірелерін;
- тотемизм, анимизм, фетишизм, магия сияқты ежелгі діни наным-сенімдерді біледі
- Білім алушылар:
  - ежелгі дәуірдегі уақыттық және кеңістіктік өлшемдердің мәнін;
  - ежелгі дүниенің табиғи-климаттық жағдайындағы ерекшеліктерді және оның адамдардың өмір сүруіне әсерін;
  - ежелгі дүние тарихы шеңберіндегі тарихи оқиғалардың негізгі себептерін;
  - ежелгі адамдардың еңбек құралдарын, баспанасын, киімдерін, сыртқы келбетіндегі ерекшеліктерін
  - басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шекараларын қалай өзгергерткенін түсінеді.
- Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:
  - Үндістандағы «касталық жүйе» ұғымын қоғамның әлеуметтік құрылымын түсіндіруде;
  - «алғашқы қауымдық өнер» ұғымын ежелгі адамдардың тұрмыс салтын сипаттауда;
  - тарихи деректер негізінде Ежелгі Египеттің ғибадатханалары мен пирамидаларын сипаттауда;
  - «империя» ұғымын ежелгі заман тарихындағы мемлекетаралық қатынастарды түсіндіруде;
  - ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың рөлін сипаттауда қолданады.
- Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:
  - тарихи деректер негізінде ежелгі дүние өнерінің ерекшеліктерін сипаттауда;

- тарихи деректерге сәйкес Ежелгі Римдегі Спартак көтерілісін себептерін анықтауда

- кәсіп және шаруашылық түрлерін (терімшілік, аңшылық, балық аулау, егіншілік, мал шаруа шылығы, металл өңдеу, айырбас сауда) сипаттауда;

- Месопотамия, Инд алқабы өркениеті. Ніл Хуанхэ ежелгі өркениеттеріннің шаруашылық жүйесін салыстыруда қолданады.

Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:

- ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекетпен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын дәлелдеуде;

- экономикалық ілгерілеуді анықтау үшін шаруашылықтың иемденуші және өндіруші түрлерін салыстыруда;

- археологиялық деректер негізінде ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың рөлін сипаттауда қолданады.

7-сыныптың соңында білім алушылар:

- орта ғасырдағы дүние жүзі тарихының негізгі кезеңдерін;

- Батыс Рим империясы ыдырауының салдарын;

- ортағасырлық қоғамның негізгі белгілері мен ерекшеліктерін, феодалдық қатынастардың мәнін;

- орта ғасырлардағы қоғамның әлеуметтік құрылымын;

- орта ғасырлардағы мемлекеттік құрылыс пен билік түрлерін;

- V-X ғасырлардағы орталықтанған мемлекеттердің құрылуының алғышарттары мен хронологиясын;

- VI-X ғасырлардағы арабтардың орта ғасырлық тарихын, ислам дүниесіндегі мәдениеттің ерекшеліктерін;

- XI-XV ғасырлардағы Еуропа мемлекеттері дамуындағы ерекшеліктерді;

- крест жорықтарының нәтижелерін;

- ортағасырлардағы Шығыс әлемінің тарихи көрінісін;

- Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын;

- XI-XV ғасырлардағы Орта және Орталық Азия мемлекеттерінің әлеуметтік дамуын;

- моңғол-татар шапқыншылығы қарсаңындағы феодалдық бытыраңқылықты;

- Еуропада орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуын;

- орыс жерлерін біріктірудің аяқталуы мен Алтын Орданың құлауын;

- орта ғасырдағы тарихи тұлғалар мен ғылымның, мәдениеттің көрнекті қайраткерлерін;

- орта ғасырдағы өркениет аймақтары және олардың маңызын;

- Қайта өрлеу дәуірінің мәдениетін (бейнелеу, мүсін өнері) сипаттауды біледі.

Білім алушылар:

- орта ғасырлардағы жер иеленудің, салықтың негізгі түрлерін;

- тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы діндердің әлемдік мәдениетке ықпалын;

- Ортағасырлық қалалардың сәулеті мен өнерінің бейнеленуін;
- қолөнер мен сауданың рөлін анықтай отырып, ортағасырлық қалалардың даму ерекшеліктерін;
- ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың рөлін;
- «феод» және «феодализм», «отаршылдық саясат», «парламент», «Бас штаттар», «сейм», «кортес», «Боярлар Думасы», «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютеранство», «кальвинизм», «контрреформация», «кезуиттер ордені ұғымдарын;
- адам өміріндегі қоршаған орта туралы білімнің рөлін;
- жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтарды түсінеді.

Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:

- ортағасырлық түрлі деректерден тарихи ақпараттарды таба білуде;
- деректер негізінде Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттауда;
- Ортағасырлық ойшылдардың гуманистік идеяларын орта ғасырлық мәдениеттің дамуына ықпалын анықтауда;
- қайта өрлеу мәдениеті туындылары бойынша ортағасырлық өнерді сипаттауда;
- дереккөздеріне сүйене отырып, тарихи диктант жазуда;
- картадағы шартты белгілер бойынша крест жорықтарының себеп-салдарын анықтауда қолданады.

Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:

- оқытылған кезеңдегі түрлі аймақтардағы болған тарихи оқиғаларды салыстырғанда;
- тақырыпқа байланысты тарихи картаны пайдалануда;
- Орта ғасырлардағы тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттағанда;
- орта ғасырдағы тарихи оқиғалар мен фактілерді талдауда;
- орта ғасырдағы тарихи үдерістің маңызды белгілерін анықтауда;
- орта ғасырдағы тарихи оқиғалардың себеп-салдарын анықтауда;
- Хлодигтік Франк мемлекеті және Ұлы Карлдың Франк империясы мысалында ерте феодализм мемлекеттің даму ерекшеліктерін сипаттауда;
- Ортағасырлық мемлекеттердің сыртқы саясатын көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасы мысалында сипаттауда қолданады.

Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:

- талдамалық ақпарат беруде;
- тарихи зерттеу жұмыстарын жазуда;
- ортағасырлық кескін картамен тарихи оқиғаларды талдау, салыстыру, синтез сынды ойлау операциясы арқасында өз бетінше ақпарат алуда;
- тарихи оқиғалар желісінің тарихи уақыт пен тарихи кеңістікте жүйелі дамуын көрсетуде;
- орта ғасырдағы қалалық мәдениет пен қайта өрлеу дәуірінің визуалды дереккөздері жәдігерлерді, суреттер мен сәулет ескерткіштерін талдамалық-

зерттеуге бағыттайтын тапсырмаларды орындауда;

- қазіргі заманғы жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруде ортағасырдағы мәдени құндылықтардың маңызын бағалауда қолданады.

8-сыныптың соңында білім алушылар:

- жаңа замандағы дүниежүзі тарихының хронологиялық шеңберін, негізгі кезеңдерін;

- Англияның әлемдік жетекші держава ретінде қалыптасуындағы өнеркәсіп төңкерісінің рөлін;

- қоғамның индустрияға дейінгі және индустриялық даму кезеңдерінің айырмашылығын;

- Еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді;

- отарлау саясатының мәнін, отаршылдыққа қарсы қозғалыстарды;

- Француз буржуазиялық революциясының себебі мен нәтижесін;

- әлемдік саясаттың өзгеруіне әсер еткен империалистік соғыстарды;

- қоғамдық дамуға әсер еткен Ағартушылық дәуір идеяларын;

- XVIII-XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді;

- еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді;

- XVII-XIX ғасырлардағы дүниежүзі мәдениетінің негізгі жетістіктерін, мәдениеттің дамуына үлес қосқан көрнекті тұлғаларды;

- Революциялық идеялардың XIX ғасырдағы Еуропаға әсерін;

- XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық-саяси ой және әлеуметтік-экономикалық дамуды;

- XIX ғасыр–XX ғасырдың басындағы дүние жүзі елдерінің дамуында болған негізгі белгілер мен ерекшеліктерді;

- XIX ғ. дүние жүзі елдерінің даму үдерісін және негізгі ерекшеліктерді;

- халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерді;

- XIX ғ. мәдениеттің дамуын, әлемдік ғылым мен көркем мәдениеттің маңызды жетістіктерін біледі.

Білім алушылар:

- экономикалық және саяси жүйенің өзгеруіне буржуазияның әсерін;

- трансатлантикалық құлдықтың ерекшеліктерін;

- қоғамда дін рөлінің шектелуіне байланысты адамдар өмірінде опалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын;

- еуропалық революциялардың солтүстік америкалық қоғамның дамуына ықпалын түсінеді

Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:

- өнер туындыларын пайдаланып тарихи оқиғаларды интерпретациялауда;

- деректер негізінде өнердегі негізгі стильдер мен ағымдардың белгілерін (неоклассицизм, романтизм, импрессионизм, реализм) анықтауда;

- Ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамуға ықпалын анықтауда;
- республикалық басқару құрылымының ерекшеліктерін анықтауда;
- картаны пайдаланып ХІХ ғасырдағы Америка Құрама Штаттары территориясының кеңею үдерісін сипаттауда;
  - «басыбайлы құқық», «декабристер», «халықшылдар», «жеке террор», «пролетариат диктатурасы» ұғымдарын тарихи оқиғаны түсіндіруде;
  - деректер бойынша Батыс Еуропадағы буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттауда;
  - «либерализм, «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын тарихи оқиғаларды түсіндіруде;
  - «экспорт», «импорт», «экспансия», «отарлау», «фактория» ұғымдарын қолдану арқылы, тауар-ақша қатынастарының дамуын түсіндіруде;
  - тарихи картаны пайдаланып Еуропа және Азия мемлекеттерінің шекараларын, шайқастар, көтерілістер орындарын; колониялар мен жартылай колонияларды тарихын сипаттауда қолданады.
- Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:
  - Ресейде жаңа қоғамдық-саяси ағымдардың (халықшылдық, либерализм) пайда болу себептерін анықтауда;
  - әртүрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Италия, Германия) қалыптасу маңызын анықтауда;
  - тарихи деректер негізінде ХVІІІ–ХІХ ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді сипаттауда;
  - отаршылдық экспансияның салдарын талдау арқылы ХІХ ғасырдағы әлемнің саяси картасындағы негізгі өзгерістерді анықтауда;
  - тарихи құжат бойынша АҚШ-дағы капиталистік монополиялардың даму ерекшеліктерін талдауда;
  - ХІХ ғасыр жазушыларының қоғамдық қызметінің маңызын анықтау үшін Ч.Диккенс, Ф.Достоевский, Абай, Р.Тагор шығармаларын тарихи талдауда қолданады.
- Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:
  - Наполеон соғыстары мысалында басқыншылық соғыстардың әлемдік саясаттың өзгеруіне ықпалын бағалауда;
  - тарихи деректер негізінде түрлі мемлекеттердің өнеркәсіптік даму сатысына өту процесінің ерекшеліктерін талдауда;
  - өзгерістер мен сабақтастықты көрсету арқылы, адам мен қоғам өміріндегі ғылыми жаңалықтардың маңызын талдауда;
  - тарихи түпдерек материалдар негізінде тарихи үдерістер мен оқиғаларға, тарихи тұлғаларға сипаттама беруде;
  - тарихи деректерден жаңа замандағы тарихи оқиғалардың даму заңдылықтарын және себеп-салдарлық байланыстарын талдап, сипаттауда;
  - жаңа заман кезеңіндегі саяси тарихтағы негізгі өзгерістерді бүгінгі күнмен салыстыра талдауда қолданады.

9-сыныптың соңында білім алушылар:

- XX ғасырдың басына қарай әлемнің аумақтық бөлінуін және мемлекеттердің саяси құрылымын;
- Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғышарттары, себептері мен негізгі шайқастарын;
- Ресейдегі революциялық оқиғалар, олардың салдарын
- Алғашқы социалистік мемлекет - КСРО-ның қалыптасу процесін;
- Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азия елдерінің саяси дамуын, мемлекет құрудағы қайраткерлердің саяси-қызметін;
- Әлемдік экономикалық дағдарыс және оның нәтижесінде экономикада орын алған өзгерістерді;
- Еуропа елдеріндегі тоталитарлық режимдердің қоғам өміріндегі орнын;
- алғашқы социалистік мемлекет - КСРО-ның қалыптасу процесін;
- Екінші дүниежүзілік соғыстың себептерін, сипаты мен салдарын қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге реакцияшыл идеологиялардың (фашизм, тоталитаризм, нәсілшілдік, шовинизм, ұлтшылдық) таралу ықпалын
- Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңес өкіметі адамдарының ерліктерін;
- «жоспарлы экономика», «нарықтық экономика» ұғымдарын қолдана отырып, XX ғасырдың бірінші жартысын дағы капитализм мен социализмнің экономикалық жүйелерін *біледі*.

Білім алушы

- тарихи оқиғаларға түсіндірме бере отырып, әскери ғылым мен техниканың және соғыс стратегияларының рөлін;
- XX ғасырдың бірінші жартысындағы ғылыми ашулар мен жаңа технологиялардың маңыздылығын;
- тарихи кезеңді сипаттауда «позитивизм», «прагматизм», «экзистенциализм», «секуляризация» «ұждан бостандығы», «зайырлы мемлекет», «мемлекеттік дін» ұғымдарын;
- қоғамдық-саяси ағымдардың (әлеуметтік либерализм, әлеуметтік консерватизм, марксизм, социал-демократия) қоғамның өміріне ықпалын;
- әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы Дж. Кейнс теориясының рөлін;
- АҚШ, Франция, Германия мысалында дүниежүзілік экономикалық дағдарыстан шығудың түрлі жолдарын;
- тоталитаризм қалыптасу мен дамуының алғышарттарын; түсіндіру
- социалистік қоғамның дамуына байланысты әлеуметтік топтардың (жұмысшы табы, шаруалар, зиялылар) мәртебесіндегі өзгерісті талдауда;
- фактілерді, процестер мен оқиғаларды салыстыру арқылы дүниежүзілік экономикалық дағдарыстан шығудың түрлі жолдарын *түсінеді*.

*Білім алушы* меңгерген білімін үлгі бойынша:

- Дүниежүзінің картасы бойынша I дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем картасының өзгеруін сипаттауда;
- тарихи оқиғаның нәтижелерін дереккөздер арқылы талдау бойынша

әлеуметтік құрылымның өзгеруіне Қазан төңкерісі әсерін сипаттауда;

- тақырыпқа байланысты тарихи картаны пайдалануда;
- фактілерді, процестерді, оқиғаларды салыстыра отырып, индустриялық қоғам қайшылықтарының (өндіру мен тұтыну теңгерімі) шиеленісу себептерін анықтауда;

- әлемнің саяси картасындағы өзгеріс терді сипаттау арқылы империялардың (Австро – Венгрия, Ресей, Осман империясы) ыдырау себептерін тұжырымдауда;

*Білім алушы* меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:

- оқытылған кезеңдегі түрлі аймақтардағы болған тарихи оқиғаларды салыстырғанда;

- Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттағанда;

- Ұлттар Лигасының қызметі мен Версаль-Вашингтон жүйесін талдау мен бағалауда;

- XX ғасырдың басындағы техникалық революция жетістіктерінің (конвейер өндірісі, стандарттау) мемлекеттердің шаруашылық жүйесінің дамуына ықпалын бағалауда;

- фактілерді, процестерді, оқиғаларды салыстыра отырып, индустриялық қоғам қайшылықтарының (өндіру мен тұтыну теңгерімі) шиеленісу себептерін анықтауда

- тарихи оқиғалар желісінің тарихи уақыт пен тарихи кеңістікте жүйелі дамуын көрсетуде *қолданады*.

*Білім алушы* меңгерген білімін шығармашылықпен:

- тарихи оқиғалардың себептерін, нәтижелерін, маңызын тұжырымдау

- арқылы, ғылымның әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін бағалауда;

- Қазіргі заманғы жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызын бағалауда

- Дүниежүзілік соғыстар мен соғыстан кейінгі бейбіт әлемді қалыптастырудағы халықаралық конференциялар мен іс-шараларды талдау, салыстыру, синтез сынды ойлау операциясы арқасында өз бетінше ақпарат алуда;

- XX ғасырдағы мәдениет және ғылымның визуалды дереккөздерін талдамалық-зерттеуге бағыттайтын тапсырмаларды орындауда;

- «Шетелдер тарихы» пәнінен оқу мазмұнына сәйкес, зерттеу жобалық жұмыстарын орындауда;

- Пәннің қазіргі заманда өзекті болып отырған мәселелері бойынша тұжырымдалған пікірлерін ой талқы, пікір сайыстарда *қолданады*.

10-сыныптың соңында білім алушылар:

- XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасындағы өзгерістерді;

- пән бойынша негізгі ұғымдарды;

- 1946-1991 жж. қырғи қабақ соғыс және әлемдегі интеграциялық және

дезинтеграциялық процестерді;

- халықаралық ұйымдардың құрылуын;
- XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік экономиканың дамуын;
- халықаралық аймақтық шиеленістердің себептері мен салдарын;
- Шығыс Еуропадағы қақтығыстар «барқыт төңкерісі» себептері мен салдарын;

- халықаралық шиеленістерді реттеудегі БҰҰ-ның қызметін;

- XX ғасырдың екінші жартысындағы Таяу Шығыстағы дағдарысты;
- XX ғасырдың екінші жартысындағы батыс елдерінің даму ерекшеліктерін;

ерекшеліктерін;

- Германдық «әлеуметтік-нарықтық шаруашылық» ерекшеліктерін;
- XX ғасырдың екінші жартысындағы Азия елдерінің даму ерекшеліктерін;

ерекшеліктерін;

- қазіргі әлемнің жаһанданудың ерекшеліктерін;
- жаһанданудың әлемдік экономика мен саясаттың дамуына ықпал етуін;
- қазіргі кездегі халықаралық лаңкестік және экстремизм проблемасын;
- АҚШ тағы Ғылыми техникалық революцияның қазіргі әлемдегі елдердің дамуына әсерін;

елдердің дамуына әсерін;

- әлемдік ғылымның дамуында Байқоңыр ғарыш айлағының маңызын;
- Адамзаттың мәдени мұрасын сақтау бойынша ЮНЕСКО-ның қызметін біледі.

*біледі.*

Білім алушы

- XX ғасырдың екінші жартысында отарсыздандыру процесін;
- Біріккен Ұлттар Ұйымы Жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясын;
- қоғамдық сананы қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін;

рөлін;

- Таяу Шығыстағы дағдарысты шешудің бейбіт жолдарын;
- әлемнің дамыған мемлекеттеріндегі халықтың өмір сүру деңгейіне әсер ететін факторларды;

ететін факторларды;

- социализмнің «шведтік моделінің» белгілерін;
- Ұлыбритания мысалында неоконсерватизм саясатының ерекшеліктерін;

ерекшеліктерін;

- Қытайда 1949 жылғы коммунистік партия жеңісі нәтижесіндегі өзгерістерді;
- Үндістан тәуелсіздік алғаннан кейінгі аумақтық өзгерістердің себептері мен салдарын;

мен салдарын;

- қазіргі Түркия Республикасының саяси және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін;
- ғылыми-техникалық революцияның әлеуметтік және экологиялық салдарын;

салдарын;

- XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басындағы бұқаралық мәдениеттің қоғамның рухани дамуына ықпалын *түсінеді.*

мәдениеттің қоғамның рухани дамуына ықпалын *түсінеді.*



*Білім алушы* меңгерген білімін үлгі бойынша:

- дүниежүзінің картасы бойынша «қырғи қабақ соғыс» кезеңіндегі әлем картасының өзгеруін сипаттауда;
- тарихи фактілер мен картаға сүйене отырып, әскери-саяси одақтарды сипаттауда;
- тарихи оқиғаның нәтижелерін халықаралық конференция шешімдер бойынша талдауда;
- «қырғи қабақ соғыс» ұғымын түсіндіру үшін тарихи оқиғаларды талдауда;
- «инфляция», «дағдарыс», «стагнация» ұғымдарын пайдалана отырып, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы мемлекеттердің экономикалық дамуын интерпретациялауда;
- «жаһандану» ұғымын қолдана отырып, қазіргі әлемнің даму тенденцияларын талдауда;
- ақпараттық қоғам жағдайындағы көркем шығармашылықтың жаңа түрлерінің қалыптасуын талдауда;
- ғылыми-техникалық революцияның әлеуметтік және экологиялық салдарын бағалау және интерпретациялауда; фактілерді, процестерді, оқиғаларды салыстыра отырып, индустриялық қоғам қайшылықтарының (өндіру мен тұтыну теңгерімі) шиеленісу себептерін анықтауда;
- әлемдегі қоғамдық-саяси өзгерістер мен құбылыстарды сипаттау арқылы КСРО-ның ыдырау себептерін тұжырымдауда;

*Білім алушы* меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:

- оқытылған кезеңдегі түрлі аймақтардағы болған тарихи оқиғаларды салыстырғанда;
- адам құқықтарын қорғау идеяларының қазіргі халықаралық құқық қорғау ұйымдарының қызметіне ықпалын бағалауда;
- Қазіргі әлемдегі тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттағанда;
- «жаңа саяси ойлау» ұғымын қолдана отырып, КСРО-ның сыртқы саясатындағы өзгерістерді анықтауда;
- Швеция мысалында Солтүстік Еуропа елдеріндегі әлеуметтік мемлекеттің ерекшеліктерін сипаттауда;
- Батыстағы «әл-ауқатты мемлекеттердің» даму ерекшеліктерін аналитикалық қорытындылау мен бағалауда;
- Жапония және Оңтүстік - Шығыс Азия мемлекеттерінің қарқынды экономикалық дамуына ықпал ететін негізгі факторларды айқындауда;
- қазіргі әлемдегі жаһандану процесіне байланысты әлеуметтік өзгерістерді анықтауда;
- тарихи оқиғалар желісінің тарихи уақыт пен тарихи кеңістікте жүйелі дамуын көрсетуде;
- адамзат өркениетінің дамуын үлгілеу арқылы жаһандық мәселелерді шешуде ғылым мен білімнің маңызы туралы қорытынды жасауда; *қолданады.*

*Білім алушы* меңгерген білімін шығармашылықпен:

- Қазіргі заманғы жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызын айқындап, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде;
- жаһандану жағдайында саяси және экономикалық интеграцияның маңыздылығын бағалауда;
- постиндустриалды қоғамның басты экономикалық ресурсы ретінде ақпараттың рөлін анықтауда;
- жаһандану жағдайында ұлттық мәдени құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын дәлелдеуде;
- адамзаттың мәдени мұрасын сақтаудың маңыздылығын бағалауда;
- XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басындағы бұқаралық мәдениеттің қоғамның рухани дамуына ықпалын бағалау бойынша пікір сайыстарда тұжырым жасауда;
- ғылыми жаңалықтардың (генетика, микробиология, ақпараттық технологиялар, нано технологиялар, ядролық физика) нәтижелерін білім алушының өнертапқыштық қабілеті мен дағдысын дамытуда;
- Байқоңыр ғарыш айлағының ғарышты игерудегі рөлін бағалау бойынша зерттеу жұмыстарында;
- Жаһандық әлемдегі өзгерістер мен оқиғаларды салыстыру, синтез сынды ойлау операциясы арқасында өз бетінше ақпарат алуға;
- Қазіргі замандағы қоғамдағы көкейкесті мәселелерге талдамалық-зерттеуге бағыттайтын тапсырмаларды орындауда;
- «Шетелдер тарихы» пәнінен оқу мазмұнына сәйкес, зерттеу жобалық жұмыстарын орындауда;
- Жаһандық мәселелер бойынша тұжырымдалған пікірлерін ой талқы, пікір сайыстарда қолданады.

**«Құқық негіздері» пәнінің мақсаты** – білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық мәдениетін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтарға: патриотизм, азаматтық жауапкершілік, ынтымақтастық, ашықтық және өмір бойы білім алу қажеттілігіне негізделген құқық және оның қоғамдық процестерді реттеудегі рөлі туралы негізгі білімдерін қалыптастыру.

**«Құқық негіздері» пәнінің міндеттері:**

- Құқық және оның қоғамдық процестерді реттеудегі рөлі туралы негізгі білімді қалыптастыру;
- Оқу-тәжірибелік іс-әрекетте құқықтық ақпаратты іздеу, талдау және қолдану қабілетін қалыптастыру;
- Оқушылардың коммуникативті дағдыларын, дәлелді талқылау дағдыларын дамыту;
- Тәжірибелік жағдаяттарды шешу кезінде құқықтың негізгі білімдерін күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік беретін құқықтық ойлау дағдыларын дамыту;
- Құқық нормалары мен жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, өз іс-әрекеті үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің қажеттілігін саналы түрде түсіну.

**«Құқық негіздері» пәні бойынша білім алушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

*10-сыныптың соңында білім алушы:*

- Конституцияда кепілдік берілген адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін;
- ұлттық құқық салаларының негізгі мазмұнын (конституциялық, отбасылық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқық);
- негізгі заң терминологиясын;
- қажетті нормативтік құқықтық актіні қайдан табу керек, онымен қалай жұмыс істеу керек және өмірлік жағдайларды шешу кезінде заңдылықты қалай қолдану керектігін;
- қолданыстағы заңнама нормаларына сүйене отырып, өз көзқарасын қалай дәлелді түрде білдіруге болатынын;
- цифрландырудың құқықтық аспектілері, мемлекеттік қызметтерді алу және мемлекеттік органдарға жүгіну кезінде ақпараттық ресурстарды пайдалану жолдарын біледі.

*Білім алушы:*

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтау, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетін;
- Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік істерді басқаруға тікелей және өз өкілдері арқылы қатысуға, жеке өтініш жасауға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар екенін;
- құқықтың негізгі қызметін - қоғамдық процестерді реттеу және қорғау, мемлекеттің тұрақты құқықтық және саяси жүйесін құру қызметін;
- Қазақстан Республикасында биліктің бірден-бір көзі халық екенін; құқықтар міндеттермен тығыз байланыстылығын;
- басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны үшін заң алдындағы жауапкершілігін;
- адамның табиғатты сақтауға және табиғат байлығын ұқыпты ұстауға міндеттілігін;
- Қазақстан Республикасын қорғау әрбір азаматтың қасиетті борышы міндеттілігін түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- негізгі құқықтық құжаттарды (өтініштер, өтініштер, жеке шарттар) дайындауда;
- заңдылықты, нормативтік құқықтық актінің мазмұнын талдауда;
- негізгі заң терминологиясын қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- өмірлік жағдаяттарды шешу кезінде (келісімшарттар жасасу, өз ісін ашу, сатып алу-сату, жалға беру және т.б.);
- негізгі құқықтық құжаттарды зерделеуде қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- жеке және топтық зерттеулер жасағанда;

- болжау, жоспарлау, жобаны қорғауда;
- алынған құқықтық ақпаратты мақсатына сәйкес жинағанда, талдауда және өңдеуде;
- өз бетінше зерттеу нәтижелерін кесте, диаграмма, диаграмма, постер түрінде құрастырғанда;
- заң терминологиясын сөйлеуде және жазуда қолданады.

#### 58. «Математика және информатика» білім саласы

«Математика» пәнінің мақсаты - «математика» пәнінің мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен кіріктіре отырып, жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлері арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту.

«Математика» пәнінің міндеттері:

- 1) математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;
- 2) әртүрлі мәнмәтіндідегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;
- 3) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;
- 4) өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың дағдыларын қалыптастыру;
- 5) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- 6) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;
- 7) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;
- 8) математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;
- 9) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;
- 10) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

4. «Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 6-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
- 2) 7-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат.

5. Пән бойынша күтілетін нәтижелер түрінде қалыптастырылатын метапәндік құзыреттер:

1) ғылыми-танымдық құзыреттілік:

- математикалық тұжырымдарды дәлелдей білу немесе өз пікіріңізді дәлелдей білу; - функционалдық сауаттылық; - өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру қабілеті; - оқу мен танымға уәждеменің қалыптасуы; - индуктивті және дедуктивті ойлау әдістерін қолдана білу, есептерді шешудің әртүрлі стратегияларын көру; - шамаларды табумен байланысты практикалық міндеттерді қою және шешу білігі (қажет болған жағдайда анықтамалықтар мен техникалық құралдарды пайдалана отырып); - ғылыми ақпаратты талдау, өңдеу, синтездеу және пайдалану қабілеті;

2) Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік: - оқу материалдарындағы рухани-мәдени құндылықтарды ажырата білу; - Қазақстанның, туған өлкенің табиғаты мен байлығын сақтау, мәдени мұраны сақтау қажеттілігін түсіну, олардың ұлттық құндылықтарға жататынын түсіну; - әр халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық бірегейлігін және мәдениетін білу;

3) тілдік-коммуникативтік құзыреттілік: - мемлекеттік және ана тілдерін білу, қазақ халқының және Қазақстан аумағында тұратын басқа да этностардың тарихын, мәдениетін, дәстүрлері мен басқа да құндылықтарын құрметтеу; - қарым-қатынас жасай білу және сөйлеу этикасының талаптарын сақтау; - ойынды ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді түрде баяндай білу; - жұптық және топтық жұмыста, әртүрлі жағдайларда басқа ойлармен бөлісе білу, қарым-қатынас жасай білу, қарым-қатынасқа түсу;

4) ақпараттық-технологиялық құзыреттілік: - электрондық оқулықтар мен оқу ресурстарын пайдалана білу; - дереккөздерде қажетті мәтінді табу, өңдеу, пайдалану; - электрондық анықтамалықтарды мақсаты бойынша пайдалану; - цифрлық сауаттылық талаптарына сәйкес шығармашылық жұмыстарды ресімдей білу; - акт, медиабілім мүмкіндіктерін пайдалана білу.

**«Математика» пәні бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.**

#### 6-сынып

6-сынып білім алушылары:

- 1) сандардың ең үлкен ортақ бөлгіші;
- 2) сандардың ең кіші ортақ еселігі;
- 3) жай бөлшек;
- 4) ондық бөлшек ұғымының мағынасын түсінеді.

**10. 6-сынып білім алушылары:**

- 1) сан бөлгішінің анықтамасын;
- 2) екі және бірнеше сандардың ортақ бөлгішінің анықтамасын;
- 3) екі және бірнеше сандардың ең үлкен ортақ бөлгішінің анықтамасын;
- 4) сан еселігінің анықтамасын;
- 5) екі және бірнеше сандардың ортақ еселігінің анықтамасын;
- 6) екі және бірнеше сандардың ең үлкен ортақ еселігінің анықтамасын;
- 7) жай санның анықтамасын;
- 8) құрама санның анықтамасын;

- 9) натурал сандардың 2; 3; 5; 9; 10 сандарына бөлінгіштік белгілерін;
- 10) бөлшектің негізгі қасиетін;
- 11) натурал, бөлшек және аралас сандармен орындалатын арифметикалық амалдардың қасиеттерін;
- 12) екі немесе одан көп арифметикалық амалдары бар санды өрнектерде арифметикалық амалдардың орындау ретін;
- 13) жай бөлшектерге қосу, азайту, көбейту және бөлу амалдарын қолдану алгоритмдерін;
- 14) ондық бөлшектерге қосу, азайту, көбейту және бөлу амалдарын қолдану алгоритмдерін;
- 15) сандарды дөңгелектеу ережесін;
- 16) пайыз ұғымының анықтамасын;
- 17) пайызы бойынша санды және саны бойынша пайызын табу тәсілдерін;
- 18) шеңбер мен дөңгелек элементтерін;
- 19) диаграмма түрлерін (сызықтық, бағанды, дөңгелек) біледі.

**11. 6-сынып білім алушыларының үлгі бойынша келесі келесі біліктерді қолданады:**

- 1) бөлшек және аралас сандарды оқу, жазу және салыстыру;
- 2) координаталары берілген нүктелерді координаталық (санды) сәуледе кескіндеу;
- 3) координаталық (санды) сәуледе кескінделген нүктелердің координаталарын табу;
- 4) санды және әріпті өрнектердің мәндерін табу;
- 5) арифметикалық амалдардың компоненттерінің арасындағы тәуелділіктерді қолданып, теңдеулерді шығару;
- 6) мәтінді есептерді арифметикалық тәсілдермен және теңдеудің көмегімен шығару;
- 7) транспортирдің көмегімен бұрыштың шамасын өлшеу;
- 8) шамасы берілген бұрышты салу;
- 9) натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу;
- 10) натурал сандардың ең үлкен ортақ бөлгішін табу;
- 11) натурал сандардың ең кіші ортақ еселігін табу;
- 12) бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыру;
- 13) аралас санды бұрыс бөлшек түрінде жазу;
- 14) жай бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу;
- 15) жай бөлшектерді қысқарту;
- 16) жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру;
- 17) жай бөлшектерге арифметикалық амалдарды қолдану;
- 18) санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға есептер шығару;
- 19) ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу;
- 20) ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру;
- 21) ондық бөлшектерге арифметикалық амалдарды қолдану;
- 22) ондық бөлшектерді дөңгелектеуді орындау;
- 23) берілгендер қатарының ең үлкен және ең кіші мәндерін табу;
- 24) сандардың арифметикалық ортасын, мода мен медианасын, ауытқуын

табуда;

- 25) пайызы бойынша санды және саны бойынша пайызын табуда;
- 26) формулалар бойынша есептеуде;
- 27) сызықтық, бағанды, дөңгелек диаграмманы салу.

## 7-сынып

### 12. 7-сынып білім алушыларда:

- 1) айнымалысы бар өрнек;
- 2) айнымалысы бар теңсіздік;
- 3) бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі;
- 4) функцияның анықталу облысы;
- 5) екі айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі;
- 6) жиын және бос жиын;
- 7) жазықтық, сфера және шар туралы түсініктері болады.

### 13. 7-сынып білім алушылары:

- 1) қатынас;
- 2) пропорция;
- 3) координаталық (сандық) түзу (ось);
- 4) оң сан;
- 5) теріс сан;
- 6) санның модулі;
- 7) санның абсолют шамасы;
- 8) берілген санға қарама-қарсы сан;
- 9) бүтін сан;
- 10) рационал сан;
- 11) шексіз периодты ондық бөлшек;
- 12) коэффициент;
- 13) ұқсас қосылғыштар;
- 14) перпендикуляр кесінділер;
- 15) параллель кесінділер;
- 16) түзуге жүргізілген перпендикуляр;
- 17) координаталық жазықтық;
- 18) координаталық ширек;
- 19) тікбұрышты координаталар жүйесі;
- 20) центрлік симметрия;
- 21) осьтік симметрия;
- 22) масштаб ұғымдарының мағынасын түсінеді.

### 14. 7-сынып алушылар:

- 1) пропорцияның қасиетін;
- 2) тура және кері пропорционалдық тәуелділіктердің қасиеттерін;
- 3) қарама-қарсы сандар қасиетін;
- 4) модульдің (санның абсолют шамасының) белгісін;
- 5) рационал сандарға қолданылатын арифметикалық амалдардың қасиеттерін;
- 6) жұп санның анықтамасын;

- 7) тақ санның анықтамасын;
- 8)  $a \geq 0$ ,  $a \leq 0$  теңсіздіктерінің мағынасын;
- 9) ақиқат санды теңдіктердің қасиеттерін;
- 10) ақиқат санды теңсіздіктердің қасиеттерін;
- 11) айнымалы мәнінің анықтамасын;
- 12) мағынасы болмайтын санды өрнектің анықтамасын;
- 13) айнымалының мүмкін мәндерінің анықтамасын;
- 14) айнымалының мүмкін емес мәндерінің анықтамасын;
- 15) тепе-тең өрнектердің анықтамасын;
- 16) тепе-тең түрлендірудің анықтамасын;
- 17) тепе-теңдіктің анықтамасын;
- 18) тепе-теңдікті дәлелдеу тәсілдерін;
- 19) бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің анықтамасын;
- 20) мәнделес теңдеулердің анықтамасын;
- 21) қосылғыштарды теңдеудің бір жақ бөлігінен екінші жақ бөлігіне көшіру арқылы теңдеуді шешу тәсілін;
- 22) сан аралықтарының атауларын мен белгілеулерін;
- 23) бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктің анықтамасын;
- 24) бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік шешімінің анықтамасын;
- 25) мәнделес теңсіздіктердің анықтамасын;
- 26) бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесінің шешімінің анықтамасын;
- 27) функцияның анықтамасын;
- 28) функция аргументінің анықтамасын;
- 29) функция мәндер жиынының анықтамасын;
- 30) функцияның берілу тәсілдерін;
- 31) өспелі функцияның анықтамасын;
- 32) кемімелі функцияның анықтамасын;
- 33) сызықтық функцияның анықтамасын;
- 34) сызықтық функцияның қасиеттерін;
- 35) екі айнымалысы бар сызықтық теңдеудің анықтамасын;
- 36) екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін шығару тәсілдерін біледі.

**15. 7-сынып білім алушыларының үлгі бойынша келесі келесі біліктерді қолданады:**

- 1) санның модулін табу;
- 2) рационал сандарды салыстыру;
- 3) рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану;
- 4) шексіз периодты ондық бөлшектерді оқу мен жазу;
- 5) өрнектің коэффициентін табу;
- 6) ұқсас қосылғыштарды біріктіру мен жақшаны ашу;
- 7) тепе-тең түрлендірулерді орындау;
- 8) тепе-теңдіктерді дәлелдеу;
- 9) құрамында жақша мен ұқсас қосылғыштары бар теңдеулерді шешу;
- 10) айнымалысы бар өрнекті, теңдікті және теңсіздіктерді, тепе-теңдіктерді



ажырату;

- 11) бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шығару;
- 12) айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шығару;
- 13) сан аралықтарын кескіндеу;
- 14) сан аралықтарының бірігуін табу;
- 15) сан аралықтарының қиылысуын табу;
- 16) бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздікті шығару;
- 17) бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шығару;
- 18) айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздікті шығару;
- 19) шеңбердің ұзындығы мен дөңгелектің ауданын есептеу;
- 20) координаталық түзу және координаталық жазықтықта координатасы рационал сан болатын нүктелерді салу;
- 21) координаталық түзуде және координаталық жазықтықта нүктенің координаталарын табу;
- 22) координаталық түзу нүктелерінің арақашықтығын табу;
- 23) нүктеден түзуге дейінгі қашықтықты табу;
- 24) центрлік-симметриялы және оське қарағанда симметриялы фигураларды салу;
- 25) формула, кесте және график бойынша берілген аргументке сәйкес функцияның мәнін және берілген функцияның мәніне сәйкес аргументтің мәнін табу;
- 26)  $y = kx + b$  функциясының графигін салу;
- 27) сызықтық функцияның қасиеттерін анықтай білу;
- 28) графигі бойынша сызықтық функцияны формуламен беру;
- 29) формулалармен берілген сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуларын анықтай білу;
- 30) екі айнымалысы бар сызықтық теңдеудің графигін салу;
- 31) екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелерін қосу және алмастыру тәсілдерімен, графиктік тәсілмен шығару;
- 32) мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шешу.

«Алгебра» пәнінің міндеттері:

- 1) математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;
- 2) әртүрлі мәнмәтіндідегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;
- 3) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;
- 4) өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық

облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

5) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

б) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

7) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

8) математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

9) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;

10) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) қолдану дағдыларын дамыту.

«Алгебра» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

**«Алгебра» пәні бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.**

### **8-сынып**

9. 8-сынып білім алушыларында:

- 1) көпмүшенің стандарт түрі;
- 2) көпмүшені көбейткіштерге жіктеу туралы түсінігі болады.

10. 8-сынып білім алушылары:

- 1) натурал көрсеткішті дәреженің анықтамасын;
- 2) бүтін көрсеткішті дәреженің анықтамасын;
- 3) бүтін көрсеткішті дәреженің қасиеттерін;
- 4) санның стандарт түрінің анықтамасын;
- 5) бірімүшенің анықтамасын;
- 6) көпмүшенің анықтамасын;
- 7) бірімүше дәрежесінің анықтамасын;
- 8) көпмүше дәрежесінің анықтамасын;
- 9) көпмүшелерді қосудың ережесін;
- 10) көпмүшелерді азайтудың ережесін;
- 11) көпмүшелерді көбейтудің ережесін;
- 12) бірімүшені бірімүшеге бөлудің ережесін;
- 13) көпмүшені бірімүшеге бөлудің ережесін;

- 14) қысқаша көбейту формулаларын;
  - 15) көпмүшені көбейткіштерге жіктеу тәсілдерін;
  - 16) рационал бөлшектің негізгі қасиетін;
  - 17) абсолют қателіктің анықтамасын;
  - 18) салыстырмалы қателіктің анықтамасын;
  - 19) кездейсоқ оқиғаның анықтамасын біледі.
11. 8-сынып білім алушылары келесі біліктерін қолданады:
- 1) бүгін көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану;
  - 2) бірмүшені стандарт түрде жазу;
  - 3) көпмүшені стандарт түрде жазу;
  - 4) бірмүшенің дәрежесін таба білу;
  - 5) көпмүшенің дәрежесін таба білу;
  - 6) көпмүшенің ұқсас мүшелерін біріктіру;
  - 7) көпмүшелермен қосу, азайту және көбейтуді орындау;
  - 8) бірмүше мен көпмүшені бірмүшеге бөлуді орындау;
  - 9) ортақ көбейткішті жақшаның сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көпмүшені көбейткіштерге жіктеуді орындау;
  - 10) қысқаша көбейту формулаларын қолдану;
  - 11) рационал бөлшектерді қосу, азайту, көбейту, бөлу және дәрежеге шығару;
  - 12) рационал өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;
  - 13) санды стандарт түрде жазу;
  - 14)  $y = ax^2$  функциясының графигін салу және қасиеттерін анықтау;
  - 15)  $y = ax^3$  функциясының графигін салу және қасиеттерін анықтау;
  - 16)  $y = \frac{k}{x}$  ( $k \neq 0$ ) функциясының графигін салу және қасиеттерін анықтау;
  - 17) шама мен санның жуық мәнін жазу;
  - 18) сандардың жуық мәндерімен амалдар орындау;
  - 19) шама мен санның жуық мәнінің абсолют қателігін табу;
  - 20) шама мен санның жуық мәнінің салыстырмалы қателігін табу.

### 9-сынып

12. 9-сынып білім алушыларында:
- 1) функцияның таңба тұрақтылық аралықтары;
  - 2) жиындағы функциялардың ең үлкен және кіші мәндері туралы түсінігі болады.
13. 9-сынып білім алушылары:
- 1) иррационал санның анықтамасын;
  - 2) нақты санның анықтамасын;
  - 3) арифметикалық квадрат түбірдің анықтамасын;
  - 4) арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін;
  - 5) құрамында квадрат түбірі бар өрнектерді тепе-тең түрлендірудің түрлерін;
  - 6) квадрат теңдеудің анықтамасын;
  - 7) квадрат теңдеудің түрлерін;

- 8) келтірілген квадрат теңдеудің анықтамасын;
- 9) биквадрат теңдеудің анықтамасын;
- 10) квадрат теңдеу түбірлерінің формулаларын;
- 11) Виет теоремасын және Виет теоремасына кері теореманы;
- 12) квадрат үшмүшенің анықтамасын;
- 13) квадрат үшмүше түбірлерінің анықтамасын;
- 14) бөлшек-рационал теңсіздіктің анықтамасын;
- 15) интервалдар әдісінің мағынасын;
- 16) кездейсоқ оқиғаның анықтамасын біледі.

14. 9-сынып білім алушылары келесі біліктерді үлгі бойынша қолданады:

- 1)  $y = \sqrt{x}$  функция графигін салу және қасиеттерін анықтау;
- 2)  $y = ax^2 + n$  функция графигін салу және қасиеттерін анықтау;
- 3)  $y = a(x - m)^2$  функция графигін салу және қасиеттерін анықтау;
- 4)  $y = a(x - m)^2 + n$  функция графигін салу және қасиеттерін анықтау;
- 5)  $y = ax^2 + bx + c$  функция графигін салу және қасиеттерін анықтау;
- 6) құрамында квадрат түбірі бар өрнектерді тепе-тең түрлендіру;
- 7) квадрат теңдеуді шығару;
- 8) Виет теоремасын және Виет теоремасына кері теореманы қолдану;
- 9) айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген квадрат теңдеуді

шығару;

10) квадрат теңдеуге келтірілетін теңдеулерді шығару;

11) бөлшек-рационал теңдеуді шығару;

12) айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар бөлшек-рационал теңдеуді шығару;

13) квадрат және бөлшек-рационал теңдеудің көмегімен мәтінді есептерді шығару;

14) квадрат үшмүшенің түбірлерін табу;

15) квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу;

16) квадрат теңсіздіктерді квадраттық функцияның графигі және интервалдар әдісімен шығару;

17) рационал теңсіздіктерді интервалдар әдісімен шығару.

## 10-сынып

15. 10-сынып білім алушылары:

- теңдеулердің мәндестігі туралы теоремаларды және олардан шығатын салдарды;

- екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеудің анықтамасын;

- бір айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесінің анықтамасын;

- екі айнымалысы бар теңсіздіктің анықтамасын;

- екі айнымалысы бар теңсіздікті шығару алгоритмін;

- екі айнымалысы бар теңсіздіктер жүйесінің анықтамасын;

- сандар тізбегінің анықтамасын;

- сандар тізбегінің қасиеттерін;

- сандар тізбегінің берілу тәсілдерін (баяндау, аналитикалық, рекурренттік,

графиктік тәсілдер);

- арифметикалық прогрессияның анықтамасын;
- арифметикалық прогрессияның  $n$ -ші мүшесінің формуласын;
- арифметикалық прогрессияның негізгі қасиетін;
- арифметикалық прогрессияның алғашқы  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласын;
- геометриялық прогрессияның анықтамасын;
- геометриялық прогрессияның  $n$ -ші мүшесінің формуласын;
- геометриялық прогрессияның негізгі қасиетін;
- геометриялық прогрессияның алғашқы  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласын;
- шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның мүшелерінің қосындысының мәнін есептеу формуласын;
- математикалық индукция әдісінің маңызын;
- өлшемі 1 радианға тең бұрыштың анықтамасын;
- бірлік шеңбердің анықтамасын;
- бұрыштың градустық және радиандық өлшемдері арасындағы байланысты беретін формуланы;
- кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсы және котангенсының анықтамасын;
- $0^\circ$ ,  $30^\circ$ ,  $45^\circ$ ,  $60^\circ$ ,  $90^\circ$  бұрыштарының синусының, косинусының, тангенсының және котангенсының мәндерін;
- тригонометриялық функциялардың анықталу облысы мен мәндер жиынын;
- тригонометриялық функциялардың қасиеттерін (периодтылығы, жұптығы, тақтығы);
- негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді;
- келтіру формулаларын;
- қосу формулаларын;
- қосбұрыш және жартыбұрыштардың формулаларын;
- тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге түрлендіру формулаларын;
- тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосынды немесе айырымға түрлендіру формулаларын;
- классикалық ықтималдықтың анықтамасын;
- геометриялық ықтималдықтың анықтамасын біледі.
- 16. 10-сынып білім алушылары келесі біліктерді үлгі бойынша қолданады:
- екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулерді шығару;
- екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шығару;
- мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі арқылы шығару;
- бір айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесін шығару;
- екі айнымалысы бар теңсіздіктерді шығару;
- екі айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйелерін шығару;
- сандар тізбегінің жалпы мүшесінің формуласын табу;

- сандар тізбегінің түрін анықтау;
  - сандар тізбегінің қасиеттерін анықтау;
  - арифметикалық және геометриялық прогрессияларды ажырату;
  - арифметикалық прогрессияның  $n$ -ші мүшесін табу;
  - арифметикалық прогрессияның  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу;
  - геометриялық прогрессияның  $n$ -ші мүшесін табу;
  - геометриялық прогрессияның  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу;
  - шексіз кемімелі геометриялық прогрессия мүшелерінің қосындысының мәнін есептеу;
  - математикалық тұжырымдарды математикалық индукция әдісінің көмегімен дәлелдеу;
  - бұрыштың градустық және радиандық өлшемдерін табу;
  - бұрыштың градустық және радиандық өлшемдері арасындағы байланысты беретін формуланы қолдану;
  - тригонометриялық функциялардың мәндерін табу;
  - негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді қолдану;
  - келтіру формулаларын қолдану;
  - қосу формулаларын қолдану;
  - қосбұрыш және жартыбұрыштардың формулаларын қолдану;
  - тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге түрлендіру;
  - тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосынды немесе айырымға түрлендіру;
  - құрамында тригонометриялық функциялары бар өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;
  - оқиғаның классикалық ықтималдығын табу;
  - оқиғаның геометриялық ықтималдығын табу;
  - таңдауда арифметикалық ортаны, мода мен медиананы табу.
- «Геометрия» пәнінің мақсаты: геометрия пәнінен базалық білім мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен кіріктіре отырып, жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлері арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту.
- «Геометрия» пәнінің міндеттері:
    - математикалық білім, және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;
    - әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;
    - есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

- өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

- практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

- өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

- математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

- қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;

- математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану дағдыларын дамыту.

**- «Геометрия» пәнінен білім алушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

- 8-сынып білім алушылары:

- геометрия нені оқытатынын;

- геометрия аксиомаларын;

- кесіндінің анықтамасын;

- сәуленің (жартытүзудің) анықтамасын;

- бұрыштың анықтамасын;

- кесінділердің теңдігінің анықтамасын;

- бұрыштардың теңдігінің анықтамасын;

- фигуралардың теңдігінің анықтамасын;

- бұрыштың биссектрисасының және кесіндінің ортасының анықтамаларын;

- кесінділерді және бұрыштарды салыстыруды;

- теореманы, теореманың шарты мен қорытындысын, теореманы дәлелдеуді, теоремалардың түрлерін;

- сыбайлас бұрыштардың анықтамасын;

- сыбайлас бұрыштардың қасиеттерін;

- вертикаль бұрыштардың анықтамасын;

- вертикаль бұрыштардың қасиеттерін;

- үшбұрыштың анықтамасын, үшбұрыштардың түрлерін;

- үшбұрыштың медианасының, биссектрисасының және биіктігінің анықтамаларын;

- үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы;

- үшбұрыштар теңдігінің белгілерін;
- теңбүйірлі үшбұрыштың қасиеттері мен белгілерін;
- перпендикуляр түзулердің анықтамасын;
- берілген түзуге перпендикуляр мен көлбеудің анықтамасын;
- перпендикуляр түзулердің қасиеттерін;
- тікбұрышты үшбұрыштың анықтамасын;
- тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін;
- үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының арасындағы қатыстарды;
- үшбұрыштың теңсіздігін;
- сүйір бұрышы  $30^\circ$  және  $45^\circ$  болатын тікбұрышты үшбұрыштардың қасиеттерін;
- параллель түзулердің анықтамасын;
- параллельдік аксиомасын;
- екі түзуді үшінші түзу қиғанда пайда болған бұрыштардың анықтамаларын;
- түзулердің параллельдік белгілерін;
- параллель түзулердің қасиеттерін;
- үшбұрыш бұрыштарының қосындысы туралы теореманы;
- шеңбердің анықтамасын;
- радиустың, диаметрдің, доғаның және хорданың анықтамаларын;
- шеңберге жүргізілген жанаманың анықтамасын;
- диаметр мен хорданың перпендикулярлығы туралы теореманы және оған кері теореманы;
- шеңберді қиюшының анықтамасын;
- шеңберге одан тыс жатқан нүктеден жүргізілген жанамалардың қасиетін;
- центрлік бұрыш пен доғаның градустық өлшемінің анықтамасын;
- екі шеңбердің өзара орналасуын;
- үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің анықтамасын;
- үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің анықтамасын;
- нүктелердің геометриялық орны ұғымын;
- кесінділердің ұштарынан және бұрыштың қабырғаларынан бірдей қашықтықта жатқан нүктелердің жиынын;
- «геометриялық салу» ұғымының мәнін;
- салу есептерін шешу кезеңдерін;
- салудағы талдаудың мәнін;
- салу есептерін шешудегі дәлелдеуді және зерттеуді;
- сызбаларды орындаудың қарапайым ережелерін біледі.
- 8-сынып білім алушылары келесі біліктерін қолданады:
- сызу құралдарымен жұмыс істеу;
- фигуралардың белгілеулерін дұрыс оқи білу және жаза білу;
- геометриялық фигураларды кескіндеу;
- есептің шарты бойынша сызбаларды орындау;



- сызбалардан геометриялық фигураларды танып білу және олардың өзара орналасуын ажырата білу;
- қоршаған әлемдегі геометриялық фигураларды танып білу;
- фигуралардың оқып игерілген қасиеттеріне және олардың арасындағы қатынастарға сүйеніп және қосымша салуларды қолдана отырып, геометриялық есептерді шешу;
- суретте нүктелерді, кесінділерді және түзулерді белгілеу, кесінділерді және транспортирдің көмегімен бұрыштарды салыстыру, бұрыштың биссектрисасын жүргізу;
- нүктелердің, кесінділердің және түзулердің өзара орналасуын анықтау және сипаттау;
- суретте аталған фигураларды өзара орналасуы бойынша кескіндеу;
- кесінділерге амалдар орындау;
- сүйір, тік, доғал және жазыңқы бұрыштарды ажырата білу;
- сүйір, тік, доғал және жазыңқы бұрыштарды кескіндеу;
- суреттен вертикаль және сыбайлас бұрыштарды табу;
- берілген бұрышпен вертикаль немесе сыбайлас болатын бұрышты салу;
- вертикаль немесе сыбайлас бұрыштардың біреуінің белгілі градустық өлшемі бойынша екіншісінің градустық өлшемін табу;
- суреттен берілген үшбұрыштарды және олардың қабырғаларын, төбелері мен бұрыштарын табу;
- үшбұрыштарды кескіндеу және олардың периметрін табу;
- үшбұрыштың биссектрисасын, биіктігін және медианасын салу;
- сүйірбұрышты, тікбұрышты және доғалбұрышты үшбұрыштарды ажырата білу және оларды суреттерде кескіндеу;
- қабырғалары әртүрлі, теңбүйірлі және теңқабырғалы үшбұрыштарды ажырата білу және оларды суреттерде кескіндеу;
- есептерді шешуде теңбүйірлі және теңқабырғалы үшбұрыштардың қасиеттерін пайдалану;
- екі тең үшбұрыштардың сәйкес элементтерін табу;
- есептерді шешуде үшбұрыштар теңдігінің белгілерін пайдалану;
- берілген нүкте арқылы берілген түзуге перпендикуляр түзуді жүргізу;
- перпендикуляр түзулердің қасиеттерін қолдануға есептер шешу;
- ұзындығы берілген нүктеден берілген түзуге дейінгі қашықтыққа тең болатын кесіндіні анықтау;
- есептерді шешуде тікбұрышты үшбұрыштардың белгілерін қолдану;
- параллель екі түзуді үшінші түзу қиғанда пайда болған бұрыштардың теңдігін орнату;
- суреттен айқыш, сәйкес және тұстас бұрыштардың жұптарын көрсету;
- түзулердің параллельдігіне арналған есептерді шешу;
- үшбұрыштың екі бұрышының белгілі шамалары бойынша үшінші бұрышының шамасын табу;
- үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысын табу;
- шеңберге жанама жүргізу;
- үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің центрлерінің,

радиустарының және жанасу нүктелерінің орналасуын көрсету;

- есептерді шешуде жанаманың қасиеттерін пайдалану;

- суретте үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлерді кескіндеу;

- үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің центрін табу;

- үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің центрін табу;

- кесінділердің ұзындықтарын және бұрыштардың шамасын өлшеуге, сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін қолдануға, салуға арналған есептерді шешу;

- сызу құралдарының көмегімен кесіндіні және бұрышты тең екі бөлікке бөлу;

- бұрыштың биссектрисасын салу;

- кесіндінің орта перпендикулярларын жүргізу;

- берілген түзуге перпендикуляр түзуді салу;

- белгілі элементтері бойынша тікбұрышты үшбұрышты, үшбұрышты салу;

- кесіндіні берілген қатынаста бөлу;

- төртінші пропорционал кесіндіні салу.

- 8-сынып білім алушылары:

- төртбұрыштың, дөңес төртбұрыштың анықтамаларын;

- төртбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теореманы;

- параллелограмның анықтамасын және оның элементтерін;

- параллелограмның қасиеттері мен белгілерін;

- тіктөртбұрыштың, ромбтың және квадраттың анықтамаларын, белгілерін және қасиеттерін;

- Фалес теоремасын;

- пропорционал кесінділер туралы теореманы;

- трапецияның, теңбүйірлі және тікбұрышты трапециялардың анықтамаларын және олардың элементтерін;

- үшбұрыштың орта сызығының анықтамасын және оның қасиеттерін;

- трапецияның орта сызығының анықтамасын және оның қасиеттерін;

- үшбұрыштың төрт тамаша нүктелерінің атауларын;

- үшбұрыштың медианаларының, биіктіктерінің, биссектрисаларының және қабырғаларына жүргізілген орта перпендикулярлардың қасиеттерін;

- тікбұрышты үшбұрыштағы сүйір бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің анықтамаларын;

- Пифагор теоремасын және оған кері теореманы;

- негізгі тригонометриялық тепе-теңдікті және кейбір басқадай тепе-теңдіктерді;

- $30^\circ$ ,  $45^\circ$ ,  $60^\circ$  бұрыштардың тригонометриялық функцияларының мәндерін;

- тікбұрышты үшбұрыштарды шешудің негізгі әдістерін;

- кесінді ортасының координаталарының формуласын;

- тікбұрышты координаталар жүйесіндегі екі нүктенің

арақашықтығының формуласын;

- түзу мен шеңбердің теңдеулерін;
- теңшамалы және теңқұралған фигуралардың анықтамаларын;
- аудандарды өлшеу аксиомаларын, аудандардың өлшем бірліктерін;
- тіктөртбұрыш, квадрат, үшбұрыш, параллелограмм және трапецияның

аудандарын табу формулаларын біледі.

- 9-сынып білім алушылары келесі біліктерді қолданады:
- қоршаған әлемдегі заттарды суреттеуде геометриялық тілді пайдалану;
- талдау жүргізу, салыстыру, жалпылау, нақтылау, аналогияны қолдану, ой

қорыта білу;

- сызу құралдарымен жұмыс істеу;
- есептің шарты бойынша сызбаларды орындау;
- қоршаған әлемдегі геометриялық фигураларды танып білу;
- геометриялық шамалардың (ұзындықтар, бұрыштар, аудандар)

мәндерін есептеу;

- 0-ден  $90^\circ$ -қа дейінгі бұрыштардағы тригонометриялық функциялардың мәндерін анықтау, белгілі бір мәні бойынша тригонометриялық функциялардың мәндерін табу;

- үшбұрыштардың, төртбұрыштардың қабырғаларын, бұрыштарын және аудандарын табу;

- фигуралардың оқып игерілген қасиеттеріне және олардың арасындағы қатынастарға сүйеніп, қосымша салуларды, алгебралық және тригонометриялық аппаратты қолдана отырып, геометриялық есептерді шешу;

- параллелограмды, тіктөртбұрышты, квадратты, ромбты және трапецияны сипаттауды және ажырата білу;

- суреттен төртбұрыштарды және олардың қабырғаларын, төбелері мен бұрыштарын табу;

- суретте төртбұрышты, оның диагональдары мен биіктіктерін кескіндеу;

- параллелограмның элементтерінің арасындағы қатыстарды бейнелейтін

есептерді шешу;

- циркуль мен сызғыштың көмегімен кесіндіні тең  $n$  бөлікке бөлу;

- пропорционал кесінділерді салу;

- берілген екі кесіндінің қатынасындай етіп кесіндіні қатынасқа бөлу;

- трапецияның белгісіз элементтерін табуға арналған есептерді шешу;

- үшбұрыш пен трапецияның орта сызықтарының қасиеттерін қолдануға арналған есептерді шешу;

- үшбұрыштың тамаша нүктелерін пайдаланып есептерді шешу;

- сүйір бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің мәндерін табуға арналған есептерді шешу;

- тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін сүйір бұрыштың тригонометриялық функцияларын қолдану;

- тікбұрышты үшбұрыштың қабырғаларын табу үшін Пифагор теоремасын қолдану;

- қабырғалары бойынша үшбұрыштың тікбұрышты болатынын тексеру;

- геометриялық есептерді шешуде негізгі тригонометриялық тепе-

теңдіктерді қолдану;

- $\sin \alpha$ ,  $\cos \alpha$ ,  $\operatorname{tg} \alpha$  және  $\operatorname{ctg} \alpha$  мәндерінің біреуінің белгілі мәні бойынша қалғандарының мәндерін табу;

- үшбұрыш элементтерінің жуық сандық мәндерін табуға арналған есептерді шешу;

- синус, косинус, тангенс және котангенстің белгілі мәндері бойынша бұрышты салу;

- кесінді ортасының координаталарын оның ұштарының координаталары бойынша табу;

- нүктелердің арақашықтығын (кесіндінің ұзындығын) осы нүктелердің координаталары бойынша табу;

- тікбұрышты координаталар жүйесіндегі екі нүктенің арақашықтығын табу формуласын пайдаланып есептер шешу;

- центрінің координаталары мен радиусы бойынша шеңбердің теңдеуін жазу;

- берілген теңдеуі бойынша шеңбердің центрінің координаталары мен радиусын табу;

- екі нүкте арқылы өтетін немесе координаталық осьтердің біреуіне параллель болатын түзудің теңдеуін табу;

- түзулердің, түзу мен шеңбердің, екі шеңбердің қиылысу нүктесін табу;

- берілген элементтері бойынша квадраттың, тіктөртбұрыштың, параллелограммның, үшбұрыштың және трапецияның аудандарын есептеу;

- тіктөртбұрыштың, квадраттың, үшбұрыштың, параллелограммның және трапецияның аудандарын табу формулаларын қолдану.

- 10-сынып білім алушылары:

- бағытталған кесіндінің және вектордың анықтамасын;

- вектордың ұзындығының, нөлдік вектордың анықтамасын;

- бірдей және қарама-қарсы бағытталған векторларды, бағытталған кесінділердің және векторлардың теңдігін;

- нүктеден векторды салу туралы теореманы;

- векторларды қосу мен азайту амалдарының анықтамаларын;

- екі векторды қосудың үшбұрыш және параллелограмм ережелерін;

- үшбұрыш, параллелограмм және көпбұрыш ережелерін қолдану аймағын;

- векторлардың айырымын салудың әртүрлі тәсілдерін;

- векторларды қосу амалының қасиеттерін;

- векторды санға көбейтудің анықтамасын;

- векторлардың коллинеарлық критерийін;

- векторды санға көбейтудің қасиеттерін;

- векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу туралы теореманы;

- вектордың координаталарының анықтамасын;

- вектордың координаталарын оның ұштарының координаталары бойынша табу ережесін;

- координаталары берілген векторлардың теңдігін;

- координаталары берілген векторларға амалдар қолдану туралы теореманы;
- коллинеар векторлардың координаталары арасындағы байланысты;
- вектордың ұзындығын есептеу формуласын;
- екі вектордың арасындағы бұрыштың анықтамасын;
- вектордың координаталарын оның ұзындығы және осы вектормен  $Ox$  осі арасындағы бұрышы арқылы өрнектелуін;
- векторлардың скалярлық көбейтіндісінің анықтамасын және қасиеттерін;
- координаталары берілген векторлардың скалярлық көбейтіндісін;
- векторлардың арасындағы бұрыштың косинусының формуласын;
- векторлардың перпендикулярлық шартын;
- тікбұрышты координаталар жүйесінде түзудің әртүрлі берілу тәсілдерін;
- түзудің бұрыштық коэффициентінің анықтамасын;
- түзудің бұрыштық коэффициентінің геометриялық мағынасын;
- түзулердің параллельдік және перпендикулярлық шарттарын;
- екі нүктемен, нүкте және бұрыштық коэффициентімен берілген түзудің теңдеулерін;
- жазықтықтағы қозғалыстың және оның дербес түрлерінің параллель (көшіру, осьтік және центрлік симметриялар, бұру) анықтамаларын;
- фигуралардың теңдігі туралы теореманың тұжырымдамасын;
- гомотетияның анықтамасын және оның қасиеттерін;
- ұқсастық түрлендірудің және ұқсас фигуралардың анықтамасын;
- ұқсас фигуралардың қасиеттерін;
- ұқсастық түрлендірудің қасиеттерінің тұжырымдамасын;
- үшбұрыштар ұқсастығының белгілерін;
- ұқсас фигуралардың аудандарының арасындағы байланысты;
- дөңес көпбұрыштың анықтамасын;
- дөңес  $n$ -бұрыштың бұрыштарының қосындысы туралы теореманы;
- іштей сызылған бұрыштың өлшемі туралы теореманы;
- шеңберге іштей және сырттай сызылған төртбұрыштардың қасиеттерін және белгілерін;
- дұрыс көпбұрыштың анықтамасын;
- дұрыс көпбұрыштардың қасиеттерін;
- дұрыс көпбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің бар болуы туралы теореманы;
- іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын дұрыс көпбұрыштың қабырғасы арқылы өрнектейтін формулаларды;
- дұрыс көпбұрыштың ауданын оның периметрі мен оған іштей сызылған шеңбердің радиусы арқылы өрнектейтін формуланы;
- дұрыс көпбұрыштың ауданын оған сырттай сызылған шеңбердің радиусы арқылы өрнектейтін формуланы;
- кейбір дұрыс көпбұрыштарды салуды;
- косинустар теоремасын;

- синустар теоремасын;
- үшбұрыштың бұрыштарының косинустарын оның қабырғалары арқылы өрнектейтін формуланы;
- бұрыштың (доғаның) градусық және радиандық өлшемдерінің арасындағы байланысты;
- доға ұзындығының оның градусық және радиандық өлшемдері арқылы өрнектелуін;
- $\pi$  санының үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен алынған жуық мәнін;
- шеңбердің ұзындығын оның радиусы және диаметрі арқылы өрнектейтін формулаларды;
- доға ұзындығының формуласын;
- бұрыштың градусық өлшемін радианға көшіру ережесін;
- бұрыштың радиандық өлшемін градусқа көшіру ережесін;
- дөңгелектің және сектордың аудандарының формулаларын;
- сегменттің ауданын есептеу ережесін;
- стереометрия аксиомаларын және олардың қарапайым салдарларын;
- түзулердің, түзу мен жазықтықтың, екі жазықтықтың өзара орналасуының түрлерін;
- кеңістіктегі параллель түзулердің қасиеттерін;
- параллель жазықтықтардың анықтамасын;
- түзу мен жазықтықтың параллельдігінің анықтамасын;
- түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрыштың анықтамасын;
- түзулердің, түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығының анықтамасын біледі.
- 10-сынып білім алушылары келесі біліктерді қолданады:
- қоршаған әлемдегі заттарды суреттеуде геометриялық тілді пайдалану;
- талдау жүргізу, салыстыру, жалпылау, нақтылау, аналогияны қолдану, ой қорыта білу;
- сызу құралдарымен жұмыс істеу;
- жазық және кеңістіктік геометриялық фигураларды кескіндеу;
- есептің шарты бойынша сызбаларды орындау;
- фигураларды түрлендіру;
- сызбалардан геометриялық фигураларды танып білу, олардың өзара орналасуын ажырата білу;
- қоршаған әлемдегі геометриялық фигураларды танып білу;
- дөңес және дөңес емес көпбұрыштарды ажырата білу;
- векторларға амалдар қолдану, вектордың ұзындығын және координаталарын, векторлардың арасындағы бұрышты есептеу;
- геометриялық шамалардың (ұзындықтар, бұрыштар, аудандар) мәндерін есептеу;
- фигуралардың оқып игерілген қасиеттеріне және олардың арасындағы қатынастарға сүйеніп және қосымша салуларды, алгебралық және тригонометриялық аппаратты, симметрия түсінігін қолдана отырып, геометриялық есептерді шешу;

- жазық және кеңістіктік фигураларды ажырата білу;
- векторларды суретте кескіндеу және белгілеу немесе жазылудан вектордың басы мен ұшын ажырата білу;
- жазықтықтағы екі және бірнеше векторлардың қосындысын табу;
- суретте екі вектордың қосындысы мен айырымын геометриялық түрде кескіндей білу;
- векторлардың қосындысын табу үшін үшбұрыш, параллелограм және көпбұрыштар ережелерін қолдану;
- вектордың санға көбейтіндісін табу;
- коллинеар векторларды ажырата білу;
- векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу;
- векторлардың жіктелуін суретте кескіндеу;
- векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеуге арналған есептерді шешу;
- вектордың координаталарын оның басы мен ұшының координаталары бойынша табу;
- бірнеше векторлардың қосындысының (айырымының) және вектордың санға көбейтіндісінің координаталарын табу;
- есептерді шешуде координаталары берілген векторлардың теңдігі мен коллинеарлық шарттарын пайдалану;
- координаталары бойынша вектордың ұзындығын табу;
- векторлардың скалярлық көбейтіндісін табу;
- координаталары берілген векторлардың скалярлық көбейтіндісін табу;
- векторлардың арасындағы бұрыштың косинусын табу;
- есептеуге және дәлелдеуге арналған есептерді шешуде векторлардың скалярлық көбейтіндісін пайдалану;
- екі нүктемен, нүкте және бұрыштық коэффициентімен берілген түзудің теңдеулерін табу;
- түзудің бұрыштық коэффициентін табу;
- геометриялық есептерді шешуде түзулердің параллельдік және перпендикулярлық шарттарын пайдалану;
- осьтік және центрлік симметриялар, параллель көшіру, бұру кезіндегі фигуралардың бейнелерін салу;
- гомотетия кезіндегі әртүрлі фигуралардың бейнелерін салу;
- ұқсас үшбұрыштардың сәйкес элементтерін табу;
- үшбұрыштардың ұқсастық коэффициентін табу;
- есептерді шешуде үшбұрыштар ұқсастығының белгілерін пайдалану;
- ұқсас фигуралардың аудандарының арасындағы қатынасты қолдану;
- дұрыс көпбұрыштың төбесіндегі бұрыштарды табу;
- дөңес  $n$ -бұрыштың бұрыштарының қосындысын және дұрыс  $n$ -бұрыштың бұрыштарын, бұрыштарының қосындысы бойынша дұрыс көпбұрыштың қабырғаларының санын табу;
- центрлік және іштей сызылған бұрыштарды суретте кескіндей және таба білу;
- есептерді шешуде центрлік және іштей сызылған бұрыштардың

қасиеттерін қолдану;

- дұрыс көпбұрыштың қабырғасын және ауданын оған іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустары арқылы өрнектеу;

- үшбұрыштың элементтерін табу үшін синустар және косинустар теоремаларын қолдану;

- геометриялық есептерді шешуде тригонометрияны қолдану;

- шеңбердің ұзындығын және доғаның ұзындығын табу;

- доғаның және бұрыштың градустық өлшемін радианға және керісінше көшіруді орындау;

- дөңгелектің ауданын радиусы және диаметрі бойынша табу;

- центрлік бұрышы градуспен немесе радианмен өлшенген сектордың ауданын, сегменттің ауданын табу;

- негізгі кеңістіктік фигураларды кескіндеу;

- түзулердің және жазықтықтардың өзара орналасуын сызбаларда көрнекі түрде бейнелеу;

- призманың, пирмиданың, цилиндрдің, конустың, шардың кескіндерін салу.

**«Информатика» пәнінің мақсаты:** білім алушылардың оқуда және күнделікті өмірде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін цифрлық сауаттылық бойынша базалық білімдерін қалыптастыру.

**«Информатика» пәнінің міндеттері:**

- компьютер, заманауи цифрлық құрылғылар және олардың қоғамдағы алатын орны туралы бастапқы мағлұматтар беру;

- ақпараттық ойлауын қалыптастыруға мүмкіндік беретін информатиканың іргелі ұғымдарының мәнін және ақпараттық іс-әрекеттің негізгі түрлерін меңгерту;

- есептеу ойлау стилін және программалау сауаттылығын қалыптастыру;

- қарапайым роботтарды құрастыру, модельдеу және программалау дағдыларын қалыптастыру;

- цифрлық технологияларды пайдаланып, ақпараттық процестерді іске асыру дағдыларын қалыптастыру;

- компьютермен және Интернетте жұмыс істеу кезінде қауіпсіз жұмыс істеу ережелері мен ақпараттық этика, авторлық құқық нормаларын сақтауды үйрету.

**«Информатика» пәнінен білім алушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

**6-сынып бойынша:**



- Білім алушы:
- эргономика міндеттерін (барынша жайлылық пен тиімділік үшін) тұжырымдауды және шешуді;
- интернетке тәуелділіктің проблемаларын талқылауды;
- компьютерлік технологияның даму тарихы мен келешегі туралы;
- операциялық жүйелердің негізгі функцияларын біледі;
- **Білім алушы:**
- "авторлық құқық", "плагиат" ұғымдарын;
- компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттесуін;
- компьютердің жад түрлерінің мақсаттарын (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысының жұмысын, сыртқы жады, кеш-жады) түсінеді.
- **Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:**
- авторға сілтеме жасайтын ақпаратпен ілестіруді;
- IDE (ай ди и) интерфейсінің мүмкіндіктерін қолданады;
- **Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:**
- авторға сілтеме жасайтын ақпаратпен ілестіруді;
- IDE (ай ди и) интерфейсінің мүмкіндіктерін қолданады;
- **Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:**
- IDE (ай ди и) интерфейсінің мүмкіндіктерін;
- IDE (ай ди и) интерфейсінің мүмкіндіктерін қолданады;
- 
- **7-сынып бойынша:**
- **Білім алушы:**
- түрлі форматтағы мұрағаттарды жасауды және ашуды;
- пайдаланушының қажеттілігіне қарай бағдарламалық жасақтаманы таңдауды біледі;
- **Білім алушы:**
- сымсыз байланыстың артықшылықтарын;
- пайдаланушы интерфейсдердің эргономикалылығын;
- бірдей ақпаратты сақтайтын түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстыруды;
- процессордың функцияларын және оның негізгі сипаттамаларын қарапайым деңгейде түсінеді;
- **Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:**
- компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғауда;
- түрлі форматтағы мұрағаттарды жасауда және ашуда қолданады;
- **Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:**
- мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау кезінде;
- компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғауды;
- түрлі форматтағы мұрағаттарды жасау және ашуда қолданады;
- **Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:**
- Python (пайтон) тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазуды қолданады;

- 
- **8-сынып бойынша:**
- **Білім алушы:**
  - - 3D-модельдер қолдану мысалдарын келтіруді;
  - - басып шығару үшін 3D-үлгіні экспорттауды;
  - - 3D-баспасын баптауды;
  - - желідегі пайдаланушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтауды (интернетте алаяқтық пен агрессия);
  - - 3D-редактордың мүмкіндіктерін;
  - - компьютерлік желілерді жіктеуді;
  - - Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазуды;
  - - бұлтты технологияларды қолданатын құжаттармен бірлескен жұмысты жүзеге асыруды;
  - - кестеде көрсетілген функциялардың графиктерін құрастыруды біледі.
- **Білім алушы:**
  - - желінің өткізу қабілетін анықтауды;
  - - әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері туралы мысалдар келтіріп, қорғау әдістерін тиімді пайдалануды;
  - - электрондық кестелер мәселелерді шешу үшін түрлі деректер пішімдерін пайдалануды;
- **Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:**
  - - Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазуды;
  - - ақпараттың көлемін анықтағанда алфавиттік тәсілді;
  - - абсолютті және салыстырмалы сілтемелерді;
  - - электрондық кестелерді қолдану арқылы есептерді шешу үшін кірістірілген функцияларды қолданады;
- **Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:**
  - - сілтемелерді ұйымдастыруды (гиперсілтемелер, мазмұны, тақырыптар, түнідірмелер);
<i>Негізгі пәндер бойынша оқу жүктемесі</i>		20	20	40	1360
<i>Бейіндік пәндер</i>					
	Қазақстанның қазіргі геоэкономикасы	-	2	2	68
	Қазіргі әлемдегі Қазақстан	2	2	4	136
	SMART технология	-	2	2	68
<i>Бейіндік пәндер бойынша оқу жүктемесі</i>		4	4	8	272
<i>Инвариантты оқу жүктемесі</i>		24	24	48	1632

**Үлгілік оқу жоспары**  
**техникалық және кәсіптік білім беру**  
*қазақ/орыс тілдерінде оқыту*  
**Медициналық бейін**

	Білім беру салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жүктеме, сағат	
		1	2	апталық	жылдық
<b>Инвариантты компонент</b>					
<i>Негізгі пәндер</i>					
	<i>Тіл және әдебиет</i>	6	6	12	408
	Қазақ тілі/Русскийязық	1	1	2	68
	Орыс тілі/Қазақ тілі	1	1	2	68
	Әлемдік әдебиет (көптілді оқыту)	3	3	6	204
	Шетел тілі	1	1	2	68
<i>I</i>	<i>Адам. Қоғам. Мемлекет</i>	6	6	12	408
	Қазақ тарихы	2	2	4	136
	Геоэкология	1	1	2	68
	Өзін-өзі тану	1	1	2	68
<i>II</i>	<i>Математика және информатика</i>	3	3	6	204
	Математика	3	3	6	204
<i>V</i>	<i>Жаратылыстану</i>	2	2	4	136
<i>0</i>	Қазіргі жаратылыстану	2	2	4	136
	<i>Дене шынықтыру</i>	3	3	6	204
<i>1</i>	Дене шынықтыру	2	2	4	136
<i>2</i>	Алғашқы әскери жайындық	1	1	2	68
<i>Негізгі пәндер бойынша оқу жүктемесі</i>		20	20	40	1360
<i>Бейіндік пәндер</i>					
	Заманауи медициналық технологиялар	2	2	4	136
	SMART технология	2	-	2	68
	Этика және қарым-қатынас психологиясы	-	2	2	68
<i>Бейіндік пәндер бойынша оқу жүктемесі</i>		4	4	8	272
<i>Инвариантты оқу жүктемесі</i>		24	24	48	1632

**Үлгілік оқу жоспары**  
**техникалық және кәсіптік білім беру**  
*қазақ/орыс тілдерінде оқыту*  
**Көркемдік-технологиялық бейін**

	Білім беру салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жүктеме, сағат	
		1	2	апталық	жылдық
<b>Инвариантты компонент</b>					
<i>Негізгі пәндер</i>					
	<i>Тіл және әдебиет</i>	6	6	12	408
	Қазақ тілі/Русскийязық	1	1	2	68
	Орыс тілі/Қазақ тілі	1	1	2	68
	Әлемдік әдебиет (көптілді оқыту)	3	3	6	204
	Шетел тілі	1	1	2	68
<i>I</i>	<i>Адам. Қоғам. Мемлекет</i>	6	6	12	408
	Қазақ тарихы	2	2	4	136
	Геоэкология	1	1	2	68
	Өзін-өзі тану	1	1	2	68
<i>II</i>	<i>Математика және информатика</i>	3	3	6	204
	Математика	3	3	6	204
<i>V</i>	<i>Жаратылыстану</i>	2	2	4	136
<i>0</i>	Қазіргі жаратылыстану	2	2	4	136
	<i>Дене шынықтыру</i>	3	3	6	204
<i>1</i>	Дене шынықтыру	2	2	4	136
<i>2</i>	Алғашқы әскери жайындық	1	1	2	68
<i>Негізгі пәндер бойынша оқу жүктемесі</i>		20	20	40	1360
<i>Бейіндік пәндер</i>					
	SMART технология	2	-	2	68
	Графика және жобалау	-	2	2	68
	Халықтық қолданбалы өнер	2	2	2	136
<i>Бейіндік пәндер бойынша оқу жүктемесі</i>		4	4	8	272
<i>Инвариантты оқу жүктемесі</i>		24	24	48	1632

**Үлгілік оқу жоспары**  
**техникалық және кәсіптік білім беру**  
*қазақ/орыс тілдерінде оқыту*  
**Аграрлық-техникалық бейін**

	Білім беру салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жүктеме, сағат	
		1	2	апталық	жылдық
<b>Инвариантты компонент</b>					
<i>Негізгі пәндер</i>					
	<i>Тіл және әдебиет</i>	6	6	12	408
	Қазақ тілі/Русскийязық	1	1	2	68
	Орыс тілі/Қазақ тілі	1	1	2	68
	Әлемдік әдебиет (көптілді оқыту)	3	3	6	204
	Шетел тілі	1	1	2	68
<i>I</i>	<i>Адам. Қоғам. Мемлекет</i>	6	6	12	408
	Қазақ тарихы	2	2	4	136
	Геоэкология	1	1	2	68
	Өзін-өзі тану	1	1	2	68
<i>II</i>	<i>Математика және информатика</i>	3	3	6	204
	Математика	3	3	6	204
<i>V</i>	<i>Жаратылыстану</i>	2	2	4	136
<i>0</i>	Қазіргі жаратылыстану	2	2	4	136
	<i>Дене шынықтыру</i>	3	3	6	204
<i>1</i>	Дене шынықтыру	2	2	4	136
<i>2</i>	Алғашқы әскери жайындық	1	1	2	68
<i>Негізгі пәндер бойынша оқу жүктемесі</i>		20	20	40	1360
<i>Бейіндік пәндер</i>					
	Физика және электротехника негіздері	2	2	4	136
	Салалар бойынша заманауи технологиялар	-	2	2	68
	SMART технология	2	-	2	68
<i>Бейіндік пәндер бойынша оқу жүктемесі</i>		4	4	8	272
<i>Инвариантты оқу жүктемесі</i>		24	24	48	1632

**Үлгілік оқу жоспары**  
**техникалық және кәсіптік білім беру**  
*қазақ/орыс тілдерінде оқыту*  
**Педагогикалық бейін**

	Білім беру салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жүктеме, сағат	
		1	2	апталық	жылдық
<b>Инвариантты компонент</b>					
<i>Негізгі пәндер</i>					
	<i>Тіл және әдебиет</i>	6	6	12	408
	Қазақ тілі/Русскийязық	1	1	2	68
	Орыс тілі/Қазақ тілі	1	1	2	68
	Әлемдік әдебиет (көптілді оқыту)	3	3	6	204
	Шетел тілі	1	1	2	68
<i>I</i>	<i>Адам. Қоғам. Мемлекет</i>	6	6	12	408
	Қазақ тарихы	2	2	4	136
	Геоэкология	1	1	2	68
	Өзін-өзі тану	1	1	2	68
<i>II</i>	<i>Математика және информатика</i>	3	3	6	204
	Математика	3	3	6	204
<i>V</i>	<i>Жаратылыстану</i>	2	2	4	136
<i>0</i>	Қазіргі жаратылыстану	2	2	4	136
	<i>Дене шынықтыру</i>	3	3	6	204
<i>1</i>	Дене шынықтыру	2	2	4	136
<i>2</i>	Алғашқы әскери жайындық	1	1	2	68
<i>Негізгі пәндер бойынша оқу жүктемесі</i>		20	20	40	1360
<i>Бейіндік пәндер</i>					
	Әлемдік көркем мәдениет	2	-	2	68
	SMART технология	-	2	2	68
	Педагогикалық шығармашылық	2	2	4	136
<i>Бейіндік пәндер бойынша оқу жүктемесі</i>		4	4	8	272
<i>Инвариантты оқу жүктемесі</i>		24	24	48	1632

## **МАЗМҰНЫ**

1. Бастауыш білім беру деңгейінің үлгілік оқу жоспарлары	265
2. Негізгі орта білім беру деңгейінің үлгілік оқу жоспарлары	268
3. Жалпы орта білім беру деңгейінің үлгілік оқу жоспарлары	271



**ЖОБА**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы



**БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ  
ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ**

Нұр-Сұлтан  
2021



## КІРІСПЕ

Бастауыш білім беру тұжырымдамасы қазақстандық білім беру жүйесінің ұлттық моделіне сүйенеді. Ол білім берудің мақсаты мен міндетінде, білім мазмұнында ұлттық құндылықтарды басшылыққа алуымен, Әл-Фараби, Ж. Баласағуни, М. Қашқари, Абай, Ақымет Байтұрсынұлы идеялары арқылы қалыптасқан ұлттық ойлау мен ұлттық санаға негізделуімен, оқу мерзімін 11 жылдан 12 жылға дейін ұзартумен ерекшеленеді.

12 жылдық білім беру жүйесінің құрылымында бастауыш білім беру деңгейі 1-5 сыныптарды қамтиды.

Бастауыш мектеп бойынша оқу бағдарламаларын меңгерту алты жастан басталып, бес жылға созылады. Балалар 10-12 жасқа келгенде, бастауышты бітіреді де, орта буынға көшеді.

Бастауыш білім беруде пәндер бойынша әзірленген оқу бағдарламалары білім алушыны оқу, жазу, есептеу дағдыларын қалыптастыруға, тұлғаның дамуы мен оның әлеуметтенуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бастауыш білім берудің құрылымы мен мазмұны отандық және әлемдік тәжірибелерге сүйеніп, білім алушының бойында қалыптасатын құзыреттіліктер бойынша айқындалды.

Мәселен, Қытайда бастауыш мектепке оқуға 6 жастан бастап қабылданады, 11 жасқа дейін 6 жыл оқиды. Оқушылар қытай тілі, математика, жаратылыстану, музыка, сурет, табиғаттану негіздері, тарих пен география пәндері бойынша білім алады.

Жапонияда балалар бастауыш мектепке 6 жастан бастап барады. Бастауыш мектепке оқуға түсетін балалардан арифметика негіздерін біліп, катакана мен хирагана оқу техникаларын міндетті түрде меңгерулері талап етіледі.

Австралияда бастауыш мектепке 6 жастан келген балалар 12 жасқа дейін оқиды. Мектепте ағылшын тілі, математика, қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары, музыка, сурет пәндерінен білім алады.

Қорыта айтқанда, 6 жастағы балалардағы танымдық процестердің дамуының өте маңызды ерекшеліктеріне мыналарды жатқызуға болады:

Мектепке барар алдында баланың сөздік қоры ересек адамдармен кәдімгі өмірдің өзіне қатысты кез-келген мәселе бойынша түсінісе алатындай дәрежеге жетеді. Бұл жаста бала түрлі жағдаяттарда қандай сөзді қолдануға болатынын біледі. Бала сөзге дыбыстық талдау жасай алады. Сөзді дыбыстарға бөліп, сөздегі дыбыстардың ретін анықтай алады (егер бала балабақшаға барып жүрсе). 6 жасар бала түсінікті тілмен сөйлесіп, мәтін бойынша қатынас жасай алады, яғни не туралы айтылу керектігін жеткілікті түрде сипаттан бере алады, сондықтан да контекстегі талқыланатын жағдай тікелей айтылмаса да балаға толық түсінікті болады.

Бала заттардың түсін, пішінін, мөлшерін және олардың кеңістіктегі орналасуын айырып қана қоймай, оған ұсынылған заттардың да түрін, пішінін дұрыс атай алады, заттарды мөлшеріне қарай сәйкестендіріп анықтай алады. Қарапайым пішіндерді бейнелеп, оларды берілген түске бояй алады. Бұл жастағы балалар заттардың белгілі бір эталондарға сәйкестігін көрсете алады.

6 жасар бала еркін есте сақтай алады, еске сақтау тәсілдерімен саналы қолдана алады. Бірақ та ырықсыз еске сақтау жемісті бола бермек.

Ойлау тіл дамуы және ғылыми ұғымдарды меңгеру бірлігінде дамиды. Баланың білуге құмарлығы үнемі айналадағы әлемді танып білуге бағытталған. Бала ойын барысында эксперимент жүргізеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Онда айналадағы өмір құбылыстары бойынша көптеген сұрақтар туындайды. Ақыл-ой жағынан бала қаншалықты пәрменді болса, ол сонша көп сұрақ қояды және оның сұрақтары соншалықты алуан түрлі болады.

Бала заттың бейнесін ғана емес, оның қимыл-қозғалыстары туралы да ойлайды. Бейнелі ойлау - 6 жасар бала ойлауының негізгі түрі.

6 жасар бала өз қиялында алуан түрлі оқиғалар құрай алады, баланың өзі сол оқиғада сонда әртүрлі қасиетімен танылады.

Ойын барысында қалыптаса отырып, қиял басқа да іс-әрекет түрлеріне өте алады.

Баланың мүмкіндіктері оның жасының психофизиологиялық ерекшеліктері баланың мектепке дайындығын, оның психологиялық және физиологиялық дамуын оқыту процесіне бейімдеудің маңызын көрсетеді.

Бұл – 12 жылдық білім беруге көшу жағдайында мектепке баланы алты жастан қабылдауға негіз болатын тұжырым.

Қазақстанның 12 жылдық білім беруге көшуі білім берудің жаңа ұлттық моделін жобалаудың стратегиялық міндетін табысты шешуге мүмкіндік береді. Әлемнің басым көпшілігінде қолдау тапқан 12 жылдық білім беруге көшу - өскелең ұрпақты ғылым мен техника жылдам өзгеріп отырған заман талабына сай оқыту қажеттілігін шешудің бір жолы.

#### **Бастауыш білім берудің басым бағыттары:**

- оқушының ана тілін және мемлекеттік тілді меңгеруі;
- оқушының ізгілік пен ұлттық құндылықтарға негізделген дүниетанымын қалыптастыру;
- әлемдік білім кеңістігіндегі жаңашыл білім беру қағидалары мен А.Байтұрсынұлы негізін қалаған дәстүрлі жүйені тоғыстыра отырып, бастауыштық білім берудің әдіснамалық ұлттық базасын қалыптастыру;
- бастауыш білім беру жүйесінде ұлттық рухани-мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруды басты қағидатқа айналдыру;
- оқушының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыруға, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға ұмтылу; сол арқылы бала бойында ана тіліне, Отанына, халқына, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрмет сезімін қалыптастыру;
- эмоционалдық, этикалық, моральдық, физиологиялық дамуын қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаға сүйіспеншілігін қалыптастыру;

Бастауыш білім беру жүйесінде сабақтастықты сақтау жағдайында 5 жасар балалар мектеп алды даярлықтан өтуі міндетті саналады.

**Бастауыш білім берудің мақсаты** – ұлттық құндылықтар тұғырнамасында сапалы білім мен ізгі тәрбиені ұштастырып, білім алушының

мемлекеттік және ана тілінде сөйлеу мәдениетін жетілдіру, негізгі мектепте ғылым негіздерін игеруге қажетті тұлғалық құзіреттіліктерін қалыптастыру.

### **Бастауыш білім берудің міндеттері:**

1) Білім алушының мемлекеттік және ана тілінде сауатты оқу, жазу және есептеу дағдыларын меңгерту;

2) Білім алушының интеллектуалдық әлеуетін дамыту, зерттеу, зерделеу әрекеттеріне баулу, модельдеуге машықтандыру;

3) Білім алушының адамға, отбасына, қоғамға және табиғатқа құндылық бағдарын, ізгілік дүниетанымын, ұлттық сана-сезімін, ділін қалыптастыру;

4) Білім алушының әлеуметтік-тұлғалық қабілеттерін дамыту, сөз әдебі мен қарым-қатынас мәдениетінің, өз ойын жеткізудің қарапайым нормаларын меңгерту;

5) Білім алушының эмоционалды интеллектісін дамыту, өзіне деген сенімін, ізгілік мақсатқа жетуде табандылығын, ізденуге ынта-ықыласын, ерік-жігерін арттыру, саналы жауапкершілігін қалыптастыру.

6) Білім алушының денесін шынықтыру, денсаулығын нығайту, физиологиялық-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.

Бастауыш білім берудің мазмұндық тұғырнамасы төмендегі ұлттық құндылықтар болып табылады:

- рухани-мәдени құндылықтар (отбасы, ұлтжандылық, тіл, білім, дәстүр, намыс, ар-ождан, рух, еңбекқорлық, талап, жасампаздық, тарих, діл, ғылым, мәдениет, рухани-мәдени мұра);

- Ел-жер байлығы (атамекен, туған жер, шаңырақ, тарихи ескерткіштер, табиғат, табиғи байлықтар, өндіріс, отбасы әл-ауқаты)

- адамгершілік құндылықтар (ізгілік, мейірім, достық, махаббат, сүйіспеншілік, бауырмалдық, қамқорлық, жауапкершілік, ізет, ынсап, қанағат, рақым, парыз, сенім)

- эстетикалық құндылықтар (байқампаздық, сезімталдық, талғам, өнер, әдебиет, мәдениет туындылары)

- Қазақстандық патриотизм құндылықтары (Отан, тәуелсіздік, елжандылық, заң, құқық, міндет, еркіндік, борыш, бостандық, толеранттық)

- саламаттық құндылықтар (өмір, денсаулық, уақыт, дене мәдениеті, психикалық саулық, ерік-жігер, төзім, икемділік).

Білім мазмұнында айқындалған салалар бойынша күтілетін нәтижелер төмендегі метапәндік құзыреттіліктер түрінде қалыптасады:

1) ғылыми-танымдық (дүниетанымдық, шығармашылық))

2) мәдени-әлеуметтік (ұлттық мәдени құндылықтар, оның әлеуметтік ортада жүзеге асуы)

3) тілдік-коммуникативтік (қарым-қатынас):

4) ақпараттық-технологиялық (цифрлық сауаттылық және инновация, бейімділік).

Білім салаларының 11-жылдық білім беру жүйесінде қалыптасқан құрамын сақтай отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1) «Тіл және сөз әлемі» (оқу пәндері: «Әліппе», «Букварь», «Қазақ тілі», «Қазақ тілі (Мемлекеттік тіл)», «Көркем сөз», «Литературное чтение», «Орыс

тілі/Шетел тілі»);

2) «Математика және информатика» (оқу пәндері: «Математика», «Информатика»);

3) «Адам, Қоғам және Табиғат» (оқу пәндері: «Өзін-өзі тану», «Дүниетану»);

4) «Өнер әлемі» («Саз өнері», «Бейнелеу өнері»);

5) «Дене мәдениеті және саламаттылық» (дене шынықтыру);

6) «Еңбек мәдениеті» (Еңбекке баулу).

Білім алушының білімді меңгеру деңгейі төмендегі жүйеде айқындалады:

- Білу;
- Түсіну;
- Үлгі бойынша қолдану;
- Жаңа жағдайда қолдану;
- Шығармашылықпен пайдалану.

Бастауыш білім беруде қалыптасқан білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктер негізі орта білім беруде жалғасын табады.

**«Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**  
(қазақ тілінде оқытылатын мектептің 1-сыныбына арналған)

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес әзірленді.

«Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы – әліппе пәні бойынша меңгерілуге тиісті білім мазмұны мен көлемін, одан күтілетін нәтижелерді айқындайтын базалық-нормативтік құжат.

Әліппе пәнінің мақсаты – әріп таныту, оқуға, жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін үйретіп, ұлттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

2. "Әліппе" пәнінің міндеттері:

- 1) оқу әрекетіне бейімдеу;
- 2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін (сөйлеу) туралы қарапайым түсінік (ажырату, салыстыру, топтастыру және талдау) қалыптастыру;
- 3) дыбыс пен әріпті (баспа және жазба түрлері) үйрету;
- 4) оқу (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу) және жазу дағдыларын қалыптастыру;
- 5) көркем жазу дағдыларын (әріп элементтері, әріптер, әріптердің бір-бірімен жалғануы арқылы буындар мен сөздер жазу) және жазудың қарапайым емлесін (сөздер мен сөйлемдерді жазудың кейбір ережелері) игерту;
- 6) сөйлеу мәдениетінің нормаларын меңгерту арқылы сөздік қорын байыту, үйлесімді сөйлеу дағдыларын дамыту;
- 7) коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіру танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық белсенділіктері мен өздігінен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.
- 8) ұлттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаның адамгершілік, патриоттық, эстетикалық қасиеттерін қалыптастыру.

**2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру**

«Әліппе» пәнінің құрылымы мен мазмұны А.Байтұрсынұлының мынадай ұстанымдары негізінде айқындалды:

- 1) дыбыспен жаттығу;
- 2) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;
- 3) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;
- 4) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

Әріп таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылды.

«Әліппе» пәні мазмұны мынадай ұлттық құндылықтарға негізделеді:

- *Рухани-мәдени құндылықтар* (отбасы, ұлтжандылық, тіл, білім, дәстүр, намыс, ар-ождан, рух, еңбекқорлық, талап, жасампаздық, тарих, діл, мәдениет, рухани-мәдени мұра);

- *Материалдық құндылықтар* (атамекен, туған жер, шаңырақ, тарихи ескерткіштер, табиғат, табиғи байлықтар)

- *Адамгершілік құндылықтар* (ізгілік, мейірім, достық, сүйіспеншілік, бауырмалдық, қамқорлық, ізет, ынсап, қанағат, рақым, парыз, сенім)

- *Эстетикалық құндылықтар* (байқампаздық, сезімталдық, талғам)

- *Саяси құндылықтар* (Отан, тәуелсіздік, елжандылық, заң, құқық, міндет, еркіндік, борыш, бостандық)

- *Саламаттық құндылықтар* (өмір, денсаулық, уақыт, дене мәдениеті, психикалық саулық, ерік-жігер, төзім, икемділік).

«Әліппе» оқу пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісін ұйымдастыруда сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

### **3-тарау. «Әліппе» пәнінің базалық мазмұны**

Пән бойынша базалық білімнің мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға негізделеді: қазақстандық патриотизмнің рухани-мәдени және тарихи құндылықтары, білім алушының жеке басының адамгершілік қасиеттері, эстетикалық және денсаулық сақтау мәдениеті. «Әліппе» оқулығының мазмұнын (сөздер, сөйлемдер, мәтіндер) іріктеу осы құндылықтарды іске асыруға бағытталған.

«Әліппе» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы 33 оқу аптасында 198 сағатты құрайды.

«Әліппе» пәнінің мазмұны оқу кезеңдеріне сәйкес бөлінген:

- 1) әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат,
- 2) әліппе кезеңі – 84 сағат
- 3) әліппеден кейінгі кезең 102 сағат

#### **Оқу пәнінің мазмұны:**

- 1) қазақ тілінің дыбыстық және әріптік жүйесінен;
- 2) негізгі тілдік бірліктерден (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);
- 3) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;
- 4) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен құралады.

**Әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат.**

Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:



- 1) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту;
- 2) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;
- 3) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- 4) сөзге дыбыстық талдау жүргізу: сөздегі буын санын анықтау, сөз ішіндегі дыбыстарды екі, үш буынды сөзбен анықтау; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;
- 5) жазуға дайындық кезеңінде - қолдың ұсақ моторикасын дамыту (боюу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба салу, әріп элементтерін жазу).
- 6) тыңдай білуге және сұрақты түсінуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.

#### **Дайындық кезендері:**

**Психофизиологиялық дайындық:** зейінді дамыту, дыбысталған сөзді қабылдау және оны дыбыстық талдау, естігенді түсіну және дәйекті баяндау, сөздердің тақырыптық топтарын салыстыру.

Есте сақтау қабілеттерін дамыту: мақал-мәтелдерді, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды жаттау.

Қиялды дамыту: түсінгенін айту, мәтінді жалғастыру, сюжеттық суреттер, өз тәжірибесінен, тыңдаған әңгіме, ертегілердің желісімен әңгіме құрастыру

Дене дайындығы: қол саусақтары мен қол бұлшықеттерінің ұсақ моторикасын дамыту, сергіту сәттерін өткізу, сабақта ойын және оқу іс-әрекетінің түрлерін жиі ауыстыру.

Қарым-қатынас, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, құндылықтарды тәбиелеу: өзі, отбасы, достары туралы әңгімелеу, топта сөйлеу, диалог құру, рольдік ойындар, сахналау.

Лексикалық сипаттау бойынша сөздік қорын байыту: байланысты сөйлеуді (әңгімелеу, сипаттау) дамыту.

Мәнерлеп сөйлеу, сөйлеу мәдениеті дағдыларын қалыптастыру: диалогтық сөйлеу этикеті (сәлемдесу, қоштасу, алғыс айту, сұрау, кешірім сұрау).

Орфоэпия нормаларына сәйкес айтылым дағдыларын жетілдіру: дыбыстардың дұрыс айтылуына бағытталған жаттығулар, сөздердің айтылуы мен дыбысталуын салыстыру, балалардың сөйлеу кезіндегі дыбыстардың айтылуындағы кемшіліктерді түзету..

Балалардың көркем әдебиеті шығармаларының негізінде бойларына құндылықтарды дарыту, патриоттыққа, адамгершілікке тәрбиелеу (тыңдау, қайталау, сұрақтарға жауап беру, сахналау, т.б.)

#### **Оқуға дайындық:**

Тілдің негізгі бірліктерге бөлінуі туралы қарапайым түсінік ( сөйлем, сөз, буын, дыбыс), сөйлеу бірліктерін модельдеу.

Терминдерді қолданбай сөйлем түрлерін дауыс ырғағына қарай ажырату (сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем, лепті сөйлем).

Фонемалық естуді дамыту: сөзді дыбыстық, буындық талдау, сөз құрамындағы дыбыстарды ажырату, сөзді буынға бөлу, дыбыстарды графикалық белгілеу, сөздегі дыбыстардың саны мен реттілігін анықтау.

### ***Жазуға дайындық:***

Жазуға арналған гигиеналық талаптарды орындау: дұрыс отыру, қолдарын, дәптерді партаға дұрыс қою, қарындашты, қаламды дұрыс ұстау.

Оқушының ұсақ моторикасын дамыту: қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамытуға арналған жаттығулар (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба салу, әріп элементтерін жазу).

Көру арқылы қабылдау мен кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту: түстерді ажырату, дәптердің бетіне орналастыру (жоғары-төмен, оң жақ – сол жақ), дәптердегі жұмыс жолымен танысу.

Сурет салу, штрихтау, бастыру, сызықтар арқылы фигураларды біріктіру, өрнектерді қолын үзбей бояу, түзу, сынық сызық, ирек сызық сызу, жұмыс жолын сақтай отырып, заттарды салу, әріптердің 8-9 элементтерін жазу.

### **Әліппе кезеңі – 84 сағат.**

Әліппе кезеңінің міндеттері:

- 1) қазақ әліпбиінің дыбыс пен әріптерін таныту, дыбыстардың айтылуына жаттықтыру;
- 2) дауысты және дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратуға жаттықтыру;
- 3) әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;
- 4) дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрауға, жазуға, оқуға үйрету;
- 5) дұрыс, үзбей, буындап оқу дағдыларын қалыптастыру;
- 6) көркем жазу дағдыларын қалыптастыру;
- 7) сөздік қорын байыту, өз ойын жеткізе білуге үйрету;
- 8) негізгі тыныс белгі түрлерін (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі) қолдана білуді қалыптастыру;
- 9) ұлттық рухани құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

### **Ауызша сөйлеуді дамыту.**

Сөздің дыбысталуына назар аударту, буындар мен сөздердің анық айтылуы..

Лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын байыту, дамыту, жандандыру.

Байланыстырып сөйлеуді дамыту: сұраққа жауап табу, мәтіннің мазмұны бойынша шығармашылық тапсырмалар, оқылған мәтіннің сюжетін толықтыру, суреттер бойынша әңгімелер құрастыру.

Мәтінді оқуға қызығушылықтарын оятып, оны шығармашылықпен мазмұндау, эмоционалды, нақты, дәйекті мазмұндауға дағдыландыру, топпен және жеке ертегілерді, жұмбақтарды, әңгімелерді құрастыру.

### **Оқуға үйрету**

«Әліппе» оқулығындағы әріптердің реттілігі олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылған.

Әліпби әріптерінің графикалық бейнесін, баспа және жахбаша, кіші және бас әріптерді меңгерту.

Сөздің дыбыстық моделін құрастыру және оқу. Дыбыс әріппен белгіленетінін ұғындыру, сөздің таныс әріптеріне бағыттап, сөздің дыбыстық

моделіне сәйкестендіру.

Буындарды оқу: дұрыс, үзбей, буындап (екі буынды, үш буынды сөздер) оқу дағдыларын қалыптастыру.

Сөйлемдерді оқу: дұрыс, үзбей, буындап (2-3 сөз) оқу, танысқан әріптерден құралған сөздермен шағын мәтін оқу (3-5 сөйлем).

Интонацияны, кідірістерді сақтай отырып, сөйлемнің соңындағы тыныс белгілеріне сәйкес хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді мәнерлеп оқу.

### **Жазуға үйрету**

Әріп элементтерін және бас әріп пен кіші әріптерді үлгі бойынша жұмыс жолына жазу, парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау).

Әріптер мен олардың басқа әріптермен жалғап үйлесімді, ырғақты жазылуы (үзіп жазу, үзбей жазу), әріптер мен сөздердің жолда дұрыс орналасуы. Сөздерді оларға дыбыстық талдау жасалғаннан кейін жазу.

Сөздер мен сөйлемдерді баспа және қолжазба үлгілерінен көшіру.

Айтылуы мен жазылуы сәйкес келетін қысқа сөздерді жазу.

Емле ережелеріне сәйкес адам аттарын, қала, өзен, көл атаулырын, жануарларға қойлған аттарын бас әріппен жазу. Сөйлем басында тұрған сөзді бас әріппен жазу.

3-4 сөзден немесе 1-2 сөйлемнен тұратын диктант жазу.

### **Тіл дамыту**

Жаңа таныстырылған әріпті қамтитын сөздермен сөздік қорын байыту. Орфоэпиялық нормаларға сәкес сөйлету арқылы оқушылардың дұрыс сөйлеу, тыңдау, еске сақтау дағдыларын дамыту.

Жай сөйлемдерді айтқыздан бастап, суреттер бойынша әңгімелеу, мәтіннің мазмұнын айтуға көшу.

Мәтінді қарапайым талдау: мәтінде кім, не туралы айтылғанын анықтау, оқиғалардың реттілігін анықтау, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалау, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне жеке көзқарасын білдіру, мәтінді жалғастыру.

Оқылған әңгімелер бойынша тұлғаның адамгершілік құндылықтары мен патриоттық қасиеттерін тәрбиелеу.

Тыңдау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары 3-тен аспауы керек. Тыңдалым материалының көлемі: 30 сек - 1 мин.

Қазақ тіліндегі жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ, г-ғ) ерекшеліктерін тану, өзге тілден енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

Әліпбидегі әріптер мен әрбір әріптің дыбыстық мәнін, қарапайым тілдік ұғым мен түсініктерді **менгертудің реті мен көлемі:**

1) 1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (әліппеге дейінгі кезең) – 12 сағат;

а, р, л, у, н, бекіту (2 сағ) – 12 сағат;

с, о, т, қ, ы, з, м, е, д, ш, ұ, бекіту (2 сағ) – 24 сағат;

2) 2-тоқсан: б, й, к, і, ң, ғ, ж, ә, п, ү, бекіту (3 сағ) – 24 сағат;

ө, г, и, я, ю, х, һ, щ, в, э, Ы, ц, ф, ч, ь-ъ, әліпби – 2 сағ, бекіту (4 сағ) –

24 сағат.

Ескерту: ң – 3 сағат, я, ю, х, һ, щ, в, э, Ы, ц, ф, ч, ь-ъ 1 сағаттан; қалған дыбыс пен әріпке 2 сағаттан беріледі. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады.

Ескерту: I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: әліппеге дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба, әліппе кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай айқындайды. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

### **Әліппеден кейінгі кезең 102 сағат**

#### **Оқу**

Дұрыс, саналы, мәнерлеп оқуды жетілдіру. Буындап оқудан тұтас сөздермен оқуға көшу, мәтінді (4-10 сөйлем) түсініп, дауыстап оқу; Берілген мәтіндер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қарапайым және сонымен қатар патриоттық, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған.

Өлеңдерді, мәтіндерді аудиожазбалардың, мұғалімнің оқуының үлгісі бойынша мәнерлеп оқу, оқу кезінде үзілістерді сақтау. 5-6 өлеңді, жұмбақтарды, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды жатқа айту.

Мәтінді қарапайым талдау: мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен мінез-құлқын бағалау, мәтінді бөліктерге бөлу, тақырып қою, мазмұндау.

Тұтас сөздермен саналы, дұрыс оқу. 3-5 буынды сөздер буындап оқылады. Сыныптан тыс оқу: таңдау бойынша 1-1,5 беттен тұрады.

#### **Оқу жылдамдығы**

Оқу кезеңі	Сөздер саны	
	Төменгі деңгей	Жоғары деңгей
4 тоқсаң соңы	25- 30 сөз	40-45 сөз

#### **Жазу, грамматика, орфография, тыныс белгілері.**

Қарапайым грамматикалық ұғымдар: сөйлеу (ауызша және жазбаша); сөйлеуді бірліктерге бөлу: сөйлем, сөз, буын, дыбыстар мен әріптер; дыбыстардың қарапайым жіктелуі: дауысты және дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар.

Үлгі бойынша баспа және қолжазба мәтіндерін көшіру дағдыларын жетілдіру; буындарды, сөздерді, сөйлемдерді өз беттерімен жазу. Әріптердің бір-бірімен дұрыс қосылуы, сөздердің дыбыстық талдаудан кейін жазылуы; жазу кезінде сөйлемдердің дұрыс ресімделуі ( сөйлемдегі бірінші сөздің бас әріппен жазылуы, сөйлем ішінде сөздердің бөлек жазылуы сөйлемнің соңында нүкте қойылуы)

Есту диктантын, көру диктантын жазу.

### **Тіл дамыту. Коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту**

Оқулық материалдары арқылы рухани-мәдени құндылықтарды (отбасы, ұлт, тіл, білім, дәстүрлер және т. б.), ұлттық құндылықтарды, халық, тарихын және рухани байлығын (атамекен, туған жер, шаңырақ, тарихи ескерткіштер, табиғат, табиғи байлық және т. б.); адамгершілік құндылықтарды (ізгілік, мейірімділік, достық, махаббат, сүйіспеншілік, бауырмалдық, қамқорлық, жауапкершілік және т. б.), қазақстандық патриотизм (Отан, Тәуелсіздік, патриотизм, заң, құқық, міндет, бостандық, парыз, ар-намыс, төзімділік); салауатты өмір салтының құндылықтары (өмір, денсаулық, уақыт, дене шынықтыру, психикалық денсаулық және т.б.). қалыптастыру, тілдерін дамыту.

Коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру: берілген тақырыптағы диалогтарға қатысу, әңгімелесу, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру: сөйлеу этикеті; рөлдер бойынша шығармадағы диалогтарды оқу, сахналау, рөлдік ойындар.

Оқылған мәтіндерді қарапайым талдау: мәтін мазмұны бойынша қарапайым және күрделі сұрақтарға жауаптар, оқығанды бағалау; сұрақтар, жоспар бойынша мәтін мазмұнын жаңғырту, мәтінді шығармашылықпен құрастыру. Оқылған кейіпкерлер мен оқиғалардың сипаттамасы: кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, оның мінез-құлқының ерекшеліктері, іс-әрекетінің себептерін түсіндіру, мінез-құлқын бағалау.

Мәтінді мазмұндау: егжей-тегжейлі, қысқаша.

Мәтінді талдау: кейіпкерлерді, салыстыруларды, эпитеттерді, сипаттау сөздерін табу. Көркем сөзге эстетикалық тәрбиелеу: тілдің көркем сөз құралдарының қолданылуын бақылау және олардың мәтіндегі рөлін білу.

### **«Әліппе» пәні бойынша күтілетін нәтижелер:**

Күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында айқындалған метапәндік құзыреттіліктерге (ғылыми-танымдық, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланады.

#### **Ғылыми-танымдық құзыреттер:**

- \* оқылған ақпаратты есту арқылы қабылдайды, оқиды және түсінеді,
- \* мәтінді мазмұндайды: толық және қысқа, сұрақтар бойынша және шығармашылықпен мазмұндау;
- \* ауызша қарым-қатынастың мақсаттары мен жағдайларын түсінеді, алынған ақпаратқа өз пікірін білдіру, өз сөзін және кейіпкерлердің сөзін талдау үшін пайдаланады.

#### **Тілдік-коммуникативтік құзыреттілік:**

- \* ауызша және жазбаша сөйлеудің айырмашылықтарын біледі; дыбыстар мен әріптер; дыбысты әріппен белгілейді;
- \* сөйлеудің негізгі тілдік бірліктері: сөйлем, сөз, буын, дыбыстар (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауысты дыбыстар);
- \* модельдеу әдісін меңгереді: сөздердің, сөйлемдердің дыбыстық схемаларды жасайды; схемаларды оқиды, оларға сөздер мен сөйлемдерді таңдайды;

\* сөздердің айтылуының орфоэпиялық нормаларын және сөйлемдердің дұрыс интонациясын сақтайды ;

\* оқу тәсілін меңгерген, екі буынды және үш буынды сөздерді тұтас оқиды;

\* оқығанның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады; сұрақты тұжырымдай алады;

\* шағын монологтарды құрайды: өз әсерлері туралы, шығарма (кейіпкерлер, оқиғалар) туралы әңгімелейді; әңгімелеу және сипаттау мәтіндерін ауызша құрайды;

\* бас және кіші әріптерді, буындарды, сөздерді жазады, оларды басқа әріптермен біріктіру дағдысына ие;

\* баспа және қолжазба мәтіндерін дұрыс көшіре алады;

\* айтылуынан айырмашылығы жоқ сөздерді , сондай-ақ емле ережелеріне бағынатын сөздерден диктант жаза алады:

\* сөйлемдегі сөздерді ажыратып, бөлек жазады;

\* сөйлемнің басындағы сөздер және жалқы есімдердің бас әріптен жазыды;

\* сөздерден буындарды ажырата алады;

\* сөйлемнің соңындағы тыныс белгілері.

#### **Мәдени-әлеуметтік құзыреттер:**

\* қарым-қатынас мақсатында диалогтік және монологтық сөйлеуді құруға қатысады; сөйлеу этикетін қолданады (сәлемдесуді, ризашылықты, қоштасуды , өтініш білдіруді және т.б.);

\* оқу міндеттеріне сәйкес ауызша мәлімдемелерді айтуды меңгереді (өзі, өз отбасы, достары, мектебі туралы айту; өз ойлары мен сезімдерін сипаттау);

\* оқылған және тыңдағаны туралы жеке пікірін білдіреді;

\* өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды жатқа оқиды, әдеби ойындарға қатысады (викториналар, сахналау, жаттау және т.б.).

#### **Ақпараттық-технологиялық құзыреттер:**

\* оқылған мәтіндерді түсіну және қайталау, әңгімелерге қатысу үшін жеткілікті сөздік қоры бар; оқылған мәтінде, түрлі дереккөздерде жаңа сөздерді өз бетінше табады;

\* коммуникативтік міндеттерді тиімді шешу үшін тілдік құралдарды мақсаттар мен шарттарға сәйкес таңдайды ;

\* ақпарат алу үшін оқудың әртүрлі түрлерін біледі: дұрыс оқу (әдеби айтылым нормаларын сақтау; екпін қоюдағы қателердің болмауы; сөйлемдерді оқу кезінде үзілістерді және дұрыс интонацияны сақтау); саналы оқу (оқығанның мағынасын түсіну және түсіндіру), мәнерлеп оқу (үзілістерді сақтау, интонацияны дұрыс таңдау); іріктеп оқу (қойылған мақсатты түсіну және қажетті ақпаратты табу); оқу тәсілдері: тұтас сөздермен оқуға көшу мен буындық оқу.

#### **«Әліппе» пәні бойынша күтілетін нәтижелер**

##### **Білім алушы:**

- ауызша және жазбаша сөйлеу формаларының айырмашылығын;

- дыбыс пен әріптер; ауызша сөйлеу дыбыстарының жазбаша сөйлеудегі әріптермен белгіленуі кезіндегі сәйкестігі мен сәйкессіздігін;

- ақпаратты алу және беру үшін сауатты жазу мен оқудың маңызын;

- әліпбидің әріптері (саны мен реттілігі), олардың баспа және жазбаша нұсқасындағы бас және кіші әріптерді;
- сөздегі дыбыстардың дұрыс айтылу нормаларын; сөздің дыбыстық схемасын құрастыруды;
- сөйлеуді тілдік бірліктерге бөлу: сөйлем, сөз, буын және дыбыс; дыбыстардың жіктелуі: дауысты және дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстыларды;
- үзіп және үзбей жазуда әріптерді жазу тәсілдерін;
- сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерінің түрлерін **біледі**.

### **Білім алушы:**

- қарым-қатынас үшін ауызша және жазбаша сөйлеудің маңызы, өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында сөйлеу әрекетінің түрлерін (коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру міндеттерін);
- оқу қызметінде ақпаратты жинау және пайдалану үшін сауатты жазуды және оқуды меңгеру қажеттілігін (ақпараттық құзыреттілік);
- сауатты оқу мен жазуды қалыптастыру үшін ана тілінің дыбыстық және әріптік жүйелерінің айырмашылығы мен ұқсастығын (тілдік құзыреттілік);
- дұрыс оқу мен сауатты жазуды меңгеру үшін айтылым мен емле ережелерінің мағынасын (тілдік-коммуникативтік құзыреттілік);
- дұрыс, каллиграфиялық жазудың сәтті жазбаша қарым-қатынас үшін маңызын (мәдени-әлеуметтік құзыреттілік);
- өз ойлары мен сезімдерін нақты білдіру үшін сөйлемнің соңында белгілі бір тыныс белгілерін қою қажеттілігін (тілдік - коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік құзыреттілік);
- нақты, жарқын және бейнелі сөйлеу үшін сөздік қорын кеңейтудің маңыздылығын (тілдік - коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік құзыреттілік);
- оқу және қоғамдық қызметте жетістікке жету үшін сөйлеу этикасы мен сөйлеу қарым-қатынас мәдениетін (мәдени-әлеуметтік құзыреттілік) **түсінеді**.

### **Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:**

- жаңа сөздерді буындап оқуда;
- жұмыс жолын сақтай отырып, кіші және бас әріптерді жазуда; әріптердің бір-бірімен жалғану үлгісін;
- сөздің дыбыстық және дыбыстық әріптік сұлбасын құрастыруда және оқуда;
- сөздің буындық құрамын сөздегі дауысты дыбыстардың саны бойынша анықтауда; сөздің буындық моделінде графикалық түрде белгілеуде;
- сөйлемді дұрыс рәсімдеуде (сөйлемнің бірінші сөзінің басындағы бас әріп, сөйлемнің соңындағы нүкте);
- оқу кезінде орфоэпиялық нормаларды сақтауда, сөйлемнің соңында тыныс белгісіне сәйкес дұрыс интонацияны таңдауда, үзілісті сақтай отырып мәнерлеп оқуда;
- дайын жоспар бойынша, сұрақтар бойынша мәтінді баяндауда **қолданады**.

### **Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:**

- әр түрлі өмірлік жағдайларда буындап оқу және жазу ережелері бойынша жаңа мәтіндерді оқуда (кітапханаға бару, интернеттен іздеу, жалпы пайдалану орындарына бару);

- жаңа сөздерді өз бетінше жазуда, олардың емле ережелерін қолдана отырып, құттықтаулар, достарымен ұялы телефон арқылы хат алмасу, күнделік жүргізу және т. б. әрекеттерде;

- жаңа ақпаратқа қызығушылықты арттыру, оқу дағдыларын жетілдіру мақсатында өз таңдауы бойынша оқу үшін шығармаларды таңдауда;

- сөйлеу үшін қарым-қатынас жасау, сөздік қорын толықтыруда;

- жаңа сөздерді сауатты жазу мақсатында алдын ала дыбыстық талдау жасауда;

- меңгерілген сөздер материалында жұмыстың жаңа түрлерін орындауда (диктанттар, сөйлем, мәтін құрастыру; сурет бойынша шығармалар, жобалар, түрлі деңгейлі ойын тапсырмаларында);

- тірек сөздерден ауызша мәтін құрауда, иллюстрациялар бойынша мәтін мазмұнын құруда;

- әдеби тіл нормалары мен сөйлеу этикетін жаңа жағдаятта қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- оқыған нәрсесі бойынша мәтін құрастыруда;

- иллюстрациялық материалдары бойынша мәтін құруда;

- тақырып туралы мәтіннің басы мен соңын болжауда және құрастыруда, мәтін мазмұнын дамытуда өз нұсқасын ұсынуда;

- рөлдік және дидактикалық ойындарға, қойылымдарға қатысуда;

- жобалар жасауда, кейіпкердің іс-әрекетіне түсініктеме береді, оқыған шығармасына жеке пікірін білдіреді;

- мәтіндерді түрлі жағдаятпен байланыстырып, орфографиялық нормаларға сай қолданады.



**«Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**  
(қазақ тілінде оқытылатын мектептің 2-5-сыныптарына арналған)

**1-тарау. Жалпы ережелер**

Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ... жылғы ... № ... бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ... тіркелген).

**«Қазақ тілі» бастауыш білім беру бағдарламасының мақсаты** – ұлттық құндылықтар негізінде дұрыс ойлап, сауатты оқи және жаза алатын білім дағдыларын дамыта отырып, негізгі мектепте оқытылатын ғылым негіздерін игеруге қажетті білім, білік, дағды құзыреттіліктерін қалыптастыру.

**«Қазақ тілі» бастауыш білім беру бағдарламасының міндеттері:**

- 1) ұлттық құндылықтар туралы түсінік қалыптастыру;
- 2) ұлттық құндылықтарды айқындайтын тірек сөздер арқылы сөздік қорын молайту;
- 3) қазақ тілінің фонетикасы, лексикасы мен грамматикасынан бастапқы білім бере отырып, тілді қолдану шеберліктерін жетілдіру;
- 5) түрлі жағдаяттарда өз ойларын нормаға сай мәдениетті жеткізуге машықтандыру;
- 6) ұлттық құндылықтарға арналған мәтіндер арқылы сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым түрлерін дамыту;
- 7) мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді, бейнелі образды сөздер мен жұмбақ-жаңылтпаштардың тәрбиелік мәнін аңғарту;
- 8) ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеудің тілдік қатынас тәсілдерін меңгерту;
- 9) түрлі мәтіндер арқылы табиғатты аялау, өзара сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет және қамқорлық көрсету қасиеттерін қалыптастыру;
- 10) қазақстандық патриотизм (отан, тәуелсіздік, елжандылық, ар, намыс, борыш, рух, толеранттық) сияқты құндылықтарды «сөз – сөйлем – мәтін» байланыс жүйесі арқылы бойына сіңіру.

**2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру**

«Қазақ тілі» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік, тілдік бірліктердің функционалды қызметі, мәтін бірлігі, денсаулықты сақтау ұстанымдарына негізделеді.

«Қазақ тілі» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісінде білім алушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын, дене мәдениетін қалыптастыратын, дене бітімін дамытатын ойындар қолданылады.

Сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

### **3-тарау. «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны**

Пәннің базалық білім мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылады.

#### **«Қазақ тілі» оқу пәнінің жоспары**

1. Оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 2-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 2) 3-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 3) 4-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат
- 4) 5- сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты құрайды.

2. «Қазақ тілі» пәні бойынша жазба жұмыстарының көлемі:

- 1) сөздік диктант – 2-сыныпта 5-7 сөз, 3-сыныпта 8-12 сөз, 4-сыныпта 12-15 сөз, 5-сыныпта 15-20 сөз;
- 2) бақылау диктанты – 2-сыныпта 25-30 сөз, 3-сыныпта 35-50 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз, 5-сыныпта 75-100 сөз;
- 3) сюжетті сурет, оқыған және тыңдаған материалдар бойынша жинақы мәтін жазу - 2-сыныпта 20-30 сөз, 3-сыныпта 30-50 сөз, 4-сыныпта 50-70 сөз, 5-сыныпта 70-90 сөз;
- 4) мазмұндама көлемі – 2-сыныпта 40-60 сөз, 3-сыныпта 60-80 сөз, 4-сыныпта 80-100 сөз, 5-сыныпта 100-110 сөз;
- 5) эссе мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 25-35 сөз, 3-сыныпта 35-55 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз, 5 -сыныпта 75-100 сөз.

**«Қазақ тілі» оқу пәнінің бастауышқа арналған базалық білім мазмұны:**

- 1) тіл және оның қызметі (ақпарат беру, оқығаны баяндау, суреттеу, әңгімелеу);
- 2) сөйлеу түрлері (ауызша және жазбаша сөйлеу);
- 3) мәтін түрлері (әңгіме, ертегі, жыр, мысал, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, пейзаж, портрет, диалог, монолог, пікірталас, сұқбат);
- 4) сөз және оның мағынасы (тура және ауыспалы мағына; синоним, антоним, омоним, көп мағыналы сөздер);

5) фонетика туралы бастапқы түсінік (дауысты және дауыссыз дыбыстар, буын, тасымал, екпін түрлері);

6) сөз құрамы туралы бастапқы түсінік (түбір мен қосымша, жұрнақ және жалғау; сөзжасам түрлері: біріккен сөз, қос сөз, тіркесті сөз, қысқарған сөз);

7) сөз таптары туралы бастапқы түсінік (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, етістік, еліктеуіш сөздер, одағай, шылау);

8) сөздердің байланысы туралы бастапқы түсінік (бастауыш пен баяндауыштық қатынастағы тіркес; анықтауыштық қатынастағы тіркес: сын есім+зат есім; сан есім+зат есім; есімдік+зат есім; толықтауыштық қатынастағы тіркестер: зат есім + етістік; пысықтауыштық қатынастағы тіркес: үстеу + етістік; еліктеуіш сөз + етістік);

9) сөйлем туралы бастапқы түсінік (хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем; жай сөйлем және құрмалас сөйлем);

10) әдеби тіл нормалары және сөйлеу этикеті (орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық, стильдік норма; сөйлеу әдебінің нормалары; қаратпа және қыстырма сөзді құрылымдар);

11) шығармашылық жұмыс (тірек сөздерді қолданып әңгімелеу, салыстыра сипаттау және баяндау мәтіндерін құрастыру; аудиовизуалды материалдар бойынша тірек сөздерді анықтау, жоспар құру, мазмұндама жазу; сызба, кесте, фотосуреттерді қолданып мәтін (хат, шақырту, нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, жарнама) құрастыру; күнделік, өмірбаян жазу);

12) тоқсанды және жыл бойы өткенді қайталау.

## **2-сынып бойынша базалық мазмұн:**

1) тіл және оның қызметі (ақпарат беру, суреттеу);

2) сөйлеу түрлері (ауызша және жазбаша сөйлеу: сөйлем);

3) мәтін түрлері (ертегі, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, пейзаж, портрет, диалог);

4) сөз және оның мағынасы: мәндес сөздер, қарама -қарсы мағыналы сөздер );

5) фонетика туралы бастапқы түсінік (дауысты дыбыстар: жуан – жіңішке; дауыссыз дыбыстар: қатаң, ұяң, үнді); буын және тасымал

6) сөз құрамы (түбір мен қосымша; қосымшалар: көптік жалғау, тәуелдік жалғауы, септік жалғауы: атау септік, ілік септік, жіктік жалғауы);

7) сөз таптары туралы бастапқы түсінік (зат есім: жалпы және жалқы есім; сын есім: түр-түс атаулары; сан есім: есептік және реттік сан есім; етістік: болымды және болымсыз етістік)

8) сөздердің байланысы туралы бастапқы түсінік (зат есім + етістік, сын есім+зат есім; сан есім+зат есім);

9) сөйлем туралы бастапқы түсінік (жай сөйлем; хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем);

10) әдеби тіл нормалары және сөйлеу этикеті (орфоэпиялық, орфографиялық норма: дыбыстарды дұрыс айту және дұрыс жазу; сөйлеу әдебінің нормалары: амандасу, қоштасу; рұқсат сұрау әдебі);

11) шығармашылық жұмыс (суреттеу, сипаттау, баяндау мәтіндерін құрастыру; фотосуреттерді қолданып мәтін құрастыру);

12) тоқсанды және жыл бойы өткенді қайталау.

### **3-сынып бойынша базалық мазмұн:**

1) тіл және оның қызметі (ақпарат беру, оқиғаны баяндау, суреттеу, әңгімелеу);

2) сөйлеу түрлері (ауызша және жазбаша сөйлеу: сөйлем, диалог);

3) мәтін түрлері (әңгіме, ертегі, мысал, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, пейзаж, портрет);

4) сөз және оның мағынасы (тура мағыналы және ауыспалы мағыналы сөздер, синоним, антоним, омоним);

5) фонетика туралы бастапқы түсінік (дауысты дыбыстар: жуан – жіңішке; еріндік-езулік; ашық – қысаң; дауыссыз дыбыстар: қатаң, ұяң, үнді; буын және тасымал)

6) сөз құрамы туралы бастапқы түсінік (түбір мен қосымша; қосымшалар: көптік жалғау, тәуелдік жалғауы, септік жалғауы: атау септік, ілік септік, барыс септік, жатыс септік, табыс септік, шығыс септік, көмектес септік; жіктік жалғауы);

7) сөз таптары (зат есім: жалпы – жалқы есім, деректі – дерексіз зат есім; сын есім: түр-түс, көлем атаулары; сан есім, дара және күрделі сан есім: есептік, реттік сан есімдер; есімдік: жіктеу, сұрау, сілтеу есімдіктері, етістік: дара және күрделі; осы шақ, келер шақ, өткен шақ);

8) сөздердің байланысы туралы бастапқы түсінік (зат есім мен етістік; сын есім+зат есім; сан есім+зат есім; сілтеу есімдігі+зат есім; зат есім + етістік);

9) сөйлем туралы бастапқы түсінік (жай сөйлем: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем);

10) әдеби тіл нормалары және сөйлеу этикеті (орфоэпиялық, орфографиялық норма: дыбыстарды дұрыс айту және дұрыс жазу; пунктуация: жай сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс қою, сөйлеу әдебінің нормалары: амандасу, қоштасу; рұқсат сұрау әдебі, кешірім сұрау);

11) шығармашылық жұмыс (салыстыра суреттеу, сипаттау, баяндау мәтіндерін құрастыру; тірек сөздерді қолданып әңгімелеу; фотосуреттерді қолданып мәтін құрастыру; кесте толтыру);

12) тоқсанды және жыл бойы өткенді қайталау.

#### **4-сынып бойынша базалық мазмұн:**

1) тіл және оның қызметі (ақпарат беру, оқиғаны баяндау, суреттеу, әңгімелеу);

2) сөйлеу түрлері (ауызша және жазбаша сөйлеу: сөйлем, диалог, монолог);

3) мәтін түрлері (әңгіме, ертегі, жыр, мысал, өлең, бата, жұмбақ, жаңылтпаш, пейзаж, портрет);

4) сөз және оның мағынасы (тура және ауыспалы мағына; синоним, антоним, омоним, көп мағыналы сөз);

5) фонетика (дауысты дыбыстар: жуан – жіңішке; еріндік-езулік; ашық – қысаң; дауыссыз дыбыстар: қатаң, ұяң, үнді; буын және оның түрлері, тасымал);

6) сөз құрамы туралы бастапқы түсінік (түбір мен қосымша; қосымшалар: көптік жалғау, тәуелдік жалғауы, септік жалғауы: атау септік, ілік септік, барыс септік, жатыс септік, табыс септік, шығыс септік, көмектес септік; жіктік жалғауы; сөз тудырушы белсенді жұрнақтар; біріккен сөз, қос сөз);

7) сөз таптары туралы бастапқы түсінік (зат есім: жалпы – жалқы есім, деректі – дерексіз зат есім; сын есім: түр-түс, көлем, сын-сапа атаулары; сан есім: есептік, реттік, жинақтық сан есім; есімдік: жіктеу, сұрау, сілтеу, болымсыздық есімдіктері, етістіктің шақтары; үстеу: мекен, мезгіл үстеулері; одағай);

8) сөздердің байланысы туралы бастапқы түсінік (зат есім мен етістік; сын есім+зат есім; сан есім+зат есім; сілтеу есімдігі+зат есім; зат есім + етістік; үстеу + етістік);

9) сөйлем туралы бастапқы түсінік (жай сөйлем: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем);

10) әдеби тіл нормалары және сөйлеу этикеті (орфоэпиялық, орфографиялық норма: дыбыстарды дұрыс айту және дұрыс жазу; пунктуация: жай сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс қою, сөйлеу әдебінің нормалары: амандасу, қоштасу; рұқсат сұрау әдебі, кешірім сұрау; қаратпа және қыстырма сөзді құрылымдар);

11) шығармашылық жұмыс (салыстыра суреттеу, сипаттау, баяндау мәтіндерін құрастыру; тірек сөздерді қолданып әңгімелеу; фотосуреттерді қолданып мәтін құрастыру; кесте толтыру; мәтін бойынша тірек сөздерді анықтау, жоспар құру; хат, құттықтау, хабарландыру мәтінін құрастыру);

12) тоқсанды және жыл бойы өткенді қайталау.

## **5-сынып бойынша базалық мазмұн:**

1) тіл және оның қызметі (ақпарат беру, оқиғаны баяндау, суреттеу, әңгімелеу);

2) сөйлеу түрлері (ауызша және жазбаша сөйлеу: сөйлем, диалог, монолог, пікірталас);

3) мәтін түрлері (әңгіме, ертегі, жыр, мысал, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, пейзаж, портрет, сұқбат);

4) сөз және оның мағынасы (тура және ауыспалы мағына; синоним, антоним, омоним, көп мағыналы сөздер);

5) фонетика (дауысты дыбыстар: жуан – жіңішке; еріндік-езулік; ашық – қысаң; дауыссыз дыбыстар: қатаң, ұяң, үнді; буын және оның түрлері, тасымал, екпін және оның түрлері);

6) сөз құрамы (түбір мен қосымша; қосымшалар: көптік жалғау, тәуелдік жалғауы, септік жалғауы: атау септік, ілік септік, барыс септік, жатыс септік, табыс септік, шығыс септік, көмектес септік; жіктік жалғауы; сөз тудырушы белсенді жұрнақтар; біріккен сөз, қос сөз, тіркесті күрделі сөздер, қысқарған сөздер);

7) сөз таптары (зат есім: жалпы – жалқы есім, деректі – дерексіз зат есім; сын есім: түр-түс, көлем, сын-сапа атаулары, қатыстық сын есімдер; сан есім: есептік, реттік, жинақтық сан есім; топтау, болжалдық, бөлшектік сан есімдер; есімдік: жіктеу, сұрау, сілтеу, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктері; етістіктің шақтары, тұйық етістік; үстеудің мағыналық топтары, одағай, шылау, еліктеуіш сөздер);

8) сөздердің байланысы (зат есім мен етістік; зат есім мен зат есім; сын есім+зат есім; сан есім+зат есім; есімдік+зат есім; зат есім + етістік; үстеу + етістік; еліктеуіш сөз + етістік);

9) сөйлем (жай сөйлем: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем; құрмалас сөйлемнің құрылымдық түрлері: салалас және сабақтас сөйлемдер);

10) әдеби тіл нормалары және сөйлеу этикеті (орфоэпиялық, орфографиялық норма: дыбыстарды дұрыс айту және дұрыс жазу; пунктуация: сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс қою; сөйлеу әдебінің нормалары: амандасу, қоштасу; рұқсат сұрау, кешірім сұрау, өтініш айту; қаратпа және қыстырма сөзді құрылымдарды қолдану);

- 7) тілдік білімі мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға үйрету.

2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру

«Неміс тілі» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік және көрнекілік ұстанымдарына негізделеді.

«Неміс тілі» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісінде білім алушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын және дене мәдениетін қалыптастыратын ойындар қолданылады.

Сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

Бағдарлама шетел тілін оқытудың жалпыеуропалық стандартына (Common European Framework of Reference, CEFR) сәйкес құрастырылды. Бағдарламаға сәйкес бастауыш білім беру аяқталғаннан кейін білім алушылар шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (Common European Framework of Reference, CEFR) сәйкес А1 орта (A1 mittleres) деңгейіне жетуі тиіс.

«Неміс тілі» пәнін оқыту бағдарламасының мазмұны неміс тілінің А1 орта деңгейін сөйлеу әрекетінің «Тыңдалым», «Айтылым», «Оқылым» және «Жазылым» түрлері арқылы оқытуды қарастырады.

### 3-тарау. «Неміс тілі» пәнінің базалық мазмұны

Пәннің базалық білім мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылады.

«Неміс тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 4-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 2) 5-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

Оқу пәнінің мазмұны:

- 1) неміс тілінің дыбыстық және әріптік жүйесін;
- 2) бастауыш деңгейге тән негізгі тілдік бірліктерді (дыбыс, сөз, сөйлем, мәтін);
- 3) неміс тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдыларды;
- 4) тілдік нормалардың қарапайым түсініктерін қамтиды.

4-сынып А1 (niedriges) деңгейі бойынша базалық мазмұн:

- 1) неміс тілінің әліпбиін;
- 2) әріптердің дыбысталуын;
- 3) қарапайым тілдік бірліктерді (ойын, сызба-суреттер арқылы);
- 4) қарапайым грамматикалық дағдыларды (ойын, иллюстрациялық материалдар арқылы);

5) А1 (niedriges) деңгейінің сөздік қорын қамтиды.

4-сынып – А1 (niedriges) деңгейінің міндеттері:

- 1) неміс тілінің әріптері мен олардың дыбысталуын таныту;
- 2) қарапайым тілдік бірліктерді (ойын, сызба-суреттер арқылы) үйрету;
- 3) қарапайым грамматикалық дағдыларды (ойын, иллюстрациялық материалдар арқылы) машықтандыру;
- 4) А1 (niedriges) деңгейінің сөздік қорын меңгерту;
- 5) шет тілін үйренуге деген қызығушылығын ояту;
- 6) неміс тілі мен оқытылып отырған тіл елі туралы жалпы түсінік қалыптастыру;
- 7) тақырыпқа байланысты қарапайым сұрақтарға жауап беру және оларды қоя білу дағдыларына машықтандыру;
- 8) өзін қысқаша таныстыруды үйрету (5 сөйлем);



#### 4-сынып А1 бастапқы деңгей (niedriges)

##### Тыңдалым:

1) баяу және айқын дыбысталып айтылған сыныпта қолданылатын қарапайым нұсқауларды мұғалімнің қолдауымен түсіну;

2) баяу және айқын дыбысталып айтылған қарапайым сұрақтарды, күнделікті тұрмыста және сыныпта қолданылатын сөздерді, қысқа сұрақтарды, дыбыстар мен әріптерді мұғалімнің қолдауымен түсіну және қайталау;

3) берілген тақырыптар бойынша таныс сөздер мен фразалардың айтылуын мұғалімнің қолдауымен түсіну және қайталау;

4) мұғалімнің қолдауымен қарапайым сұрақтардың мағынасын түсіну және жауап қайтару;

5) түстер мен сандар туралы қысқа сұрақтарды мұғалімнің қолдауымен түсіну және жауап қайтару;

6) баяу және айқын дыбысталып айтылған шағын әңгімелердің жалпы мәнін түсіну (мұғалімнің қолдауымен және иллюстрациялық материалдардың көмегімен).

##### Айтылым:

1) өзі туралы және басқа адамдар мен заттар туралы қысқа сөйлемдер құрастыру, сұрақтарға жауап қайтару (мұғалімнің қолдауымен және иллюстрациялық материалдардың көмегімен);

2) өзіне не ұнайтынын және не ұнамайтынын айту;

3) заттар мен іс-әрекеттерді сипаттау үшін шектеулі қарапайым сөздерді, сөз тіркестерін қолдану;

4) сыныпта мұғаліммен және өзге білім алушылармен қарым-қатынасқа түсу барысында сұрақ қою, сұраққа жауап беру, нұсқаулықтарды дұрыс қолдана білу.

##### Оқылым:

1) берілген әріптер мен дыбыстарды ажырату, есте сақтау және дұрыс оқуға дағдылану;

2) берілген тақырыптар бойынша қарапайым сөздерді, сөз тіркестерін, жәй сөйлемдерді оқу;

3) қарапайым иллюстрацияланған сөздікті пайдалану;

4) қысқа мәтіндердің негізгі ойын түсіну;

5) қысқа мәтіндерден нақты ақпаратты түсіну.

##### Жазылым:

1) әріптерді дұрыс жазуды үйрену;

2) бас әріппен және кіші әріппен жазылатын сөздерді ажырату, дұрыс жазу;

3) дауыстап оқылған әріптер мен жиі қолданылатын таныс сөздерді жазу;

4) тірек сөздердің көмегімен сөйлем құрау және сұрақтарға қысқа жауап жазу;

5) тақырып бойынша берілген жаңа сөздерді дұрыс жазуға машықтандыру;

6) сөйлем соңында тыныс белгілерін дұрыс қою.

Неміс тілін қолдану:

4-сынып – A1 (niedriges)

- 1) қарапайым тілдік бірліктерді (ойын, сызба-суреттер арқылы);
- 2) қарапайым грамматикалық құрылымдарды (ойын, иллюстрациялық материалдар арқылы);
- 3) коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу);
- 4) A1 (niedriges) деңгейінің сөздік қорын қарым-қатынас жасауда;
- 5) неміс тілі мен оқытылып отырған тіл елі туралы жалпы мәліметін;
- 6) тақырыпқа байланысты қарапайым сұрақ-жауаптармен жұмыс жасауда.

5-сынып A1 (mittleres) деңгейі бойынша базалық мазмұн:

- 1) неміс тілінің әліпбиіне тән дыбысталу ерекшеліктерін және оқу ережелерін (ойын, сызба-суреттер арқылы);
- 2) қарапайым грамматикалық құрылымдарды және ережелерді (ойын, сызба-суреттер арқылы);
- 3) сабақ барысында және күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым тұрақты сөйлесім үлгілерін;
- 4) A1 (mittleres) деңгейінің лексикасын қамтиды.

5-сынып – A1 (mittleres) деңгейінің міндеттері:

- 1) неміс тіліне тән әріптерінің дыбысталу ерекшеліктері мен айтылу ережелерін меңгерту;
- 2) сөйлемдердегі сөздердің орналасу тәртібін үйрету;
- 3) сабақты ұйымдастыруда және күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым тұрақты сөйлесім үлгілерін қолдануға дағдыландыру;
- 4) A1 (mittleres) сөздік қорын меңгерту;
- 5) неміс тілі мен оқытылып отырған тіл елі туралы түсінігін дамыту;
- 6) неміс тілін іс жүзінде қолдануға ынталандыру.

5-сынып A1 орта деңгей (mittleres):

Тыңдалым:

- 1) сыныпта қолданылатын қарапайым нұсқауларды түсіну;
- 2) дыбыстар мен әріптерді, күнделікті тұрмыста және сыныпта қолданылатын сөздерді, сұрақтарды түсіну;
- 3) берілген тақырыптар аясында таныс сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуын түсіну;
- 4) оқу жоспарында берілген тақырыптар аясында қысқа берілген әңгімелеуде жалпы мазмұнын мен негізгі мазмұнын тірек сөздердің немесе сызбалардың көмегімен егжей-тегжейлі түсіну.
- 5) таныс тақырыптар аясында берілген қысқа қарапайым мәтіндердің негізгі мағынасын мәнмәтіндік түсіндірмелердің көмегімен түсіну;
- 6) балалар әдебиетінен алынған неміс тіліндегі өлең, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтар т.б. тыңдау.

Айтылым:

- 1) оқу тақырыптары аясында жеке басы туралы ақпарат беретін сөйлемдер құрастыру;

2) оқу тақырыптары аясында ақпарат алу үшін нақты сұрақтар қою және жауап беру;

3) оқу тақырыптары аясында өзге адамдар мен заттардың қысқаша сипаттамасын беру;

4) дауыстап оқу барысында таныс сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айту;

5) коммуникативтік қатынас орнату (әңгімелесу, пікір алмасу) барысында дұрыс жауап қайтаруды және сөз әдебіне үйрену;

6) жұппен, топпен жыне сыныппен жұмыс істеу барысында қажетті сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді дұрыс қолдану;

7) оқу тақырыптары аясында қысқаша әңгімелеу;

8) балалар әдебиетінен алынған неміс тіліндегі өлең, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтар т.б. жатқа айту.

Оқылым:

1) таныс сөздерді сызба, суретті сөздіктердің көмегімен ажырату және дұрыс оқу;

2) сабақ барсындағы іс-әрекетке қатысты нұсқаулықтарды оқу арқылы түсіну;

3) оқу жоспары тақырыптары аясында қысқаша көркем және ғылыми-танымдық мәтіндерді мұғалімнің қолдауымен оқи бастау;

4) оқу тақырыптары аясында шағын мәтіндерде берілген негізгі ақпаратты иллюстрациялық материалдардың көмегімен оқып түсіну;

5) балалар әдебиетінен алынған неміс тіліндегі өлең, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтар т.б. мәнерлеп оқу.

Жазылым:

1) жалпы және оқу тақырыптарына сәйкес мұғалімнің қолдауымен немесе тірек сөздер мен сызба-суреттердің көмегімен жәй сөйлемдер жазу;

2) тыңдау арқылы сөздер мен сөз тіркестерін жазу;

3) қарапайым сұрақтарға жауап жазу;

4) сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру;

5) жазылымда кісі аттарын, жер-су атауларын және сөйлемдерді бас әріппен дұрыс жазу;

6) жиі қолданылатын сөздердің жазылуы мен айтылуы арасындағы айырмашылықты өз бетінше ажырата білу, дұрыс жазу.

Неміс тілін қолдану:

1) жеке басына қатысты ақпарат беру;

2) өзге адамдар мен заттарды сипаттау және ақпарат беру;

3) берілген тақырыптар аясында сюжетті суреттерді сипаттау;

4) коммуникативтік қатынаста грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану;

5) коммуникативтік қатынаста сөздерді дұрыс қолдану;

6) неміс тіліндегі өлең, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтарды жатқа айту;

7) A1 орта (mittleres) деңгейінде лексиканы пайдалану.

4-тарау. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

Оқу пәнінен күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпығаміндетті мемлекеттік стандартында айқындалған **метапәндік құзыреттіліктерге** (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланады.

«Неміс тілі» пәнінен күтілетін нәтижелер.

**4-сынып А1 бастапқы деңгей (niedriges) бойынша:**

*Білім алушы:*

- неміс тілінің әріптері мен олардың дыбысталу ерекшеліктерін;
- қарапайым тілдік бірліктерді;
- бас әріппен және кіші әріппен жазылатын сөздерді және олардың дұрыс жазылуын;
- мұғалімнің қолдауымен қарапайым сұрақтарға жауап беруді және сұрақ қоюды;
- неміс тілі мен оқытылып отырған тіл елі туралы жалпы мағлұматты;
- А1 (niedriges) деңгейінің сөздік қорын **біледі**.

*Білім алушы:*

- есту арқылы дыбыстарды, сөздер мен сөз тіркестерін;
- белгілі бір тақырып аясында қойылған сұрақтарды;
- баяу және айқын дыбысталып айтылған сыныпта қолданылатын қарапайым нұсқауларды мұғалімнің қолдауымен;
- қысқа мәтіндердің жалпы мазмұнын;
- оқытылып отырған тіл еліне қатысты кейбір елтанымдық атауларды;
- шет тілін үйрену қажеттілігін **түсінеді**.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- сызба-модель, сурет, белгілерді қолдана отырып, қысқа сөйлемдер құрастыруда;
- берілген тақырып пен иллюстрация бойынша мәтіннің мазмұнын болжауда;
- қарапайым грамматикалық құрылымдарды
- А1 (niedriges) деңгейінің сөздік қорын **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- шынайы өмірлік жағдаяттардағы тілдесуде;
- өзі туралы және басқа адамдар мен заттар туралы қысқа сөйлемдер құрастыру, сұрақтарға жауап қайтаруда (мұғалімнің қолдауымен және иллюстрациялық материалдардың көмегімен);
- неміс тілінде өзін қысқаша таныстыруда;
- сыныпта мұғаліммен және өзге білім алушылармен қарым-қатынасқа түсу барысында неміс тілінің А1 (niedriges) деңгейінің сөздік қоры мен грамматикалық құрылымдарын дұрыс **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- берілген тақырып аясында мұғалімнің қолдауымен қысқаша диалог, мәтін құрастыруда;
- иллюстрациялық материалдарды, заттар мен іс-әрекеттерді сипаттауда;
- жұппен, топпен жыне ұжымдық сипаттағы ізденіс жұмыстарын орындауда;

- шығармашылық тапсырмалар орындауда (хат, тілек, құтықтау, хабарлама жазу) **қолданады**.

### **5-сынып A1 (mittleres) деңгей бойынша:**

#### *Білім алушы:*

- неміс тіліне тән әріптерінің дыбысталу ерекшеліктерін, дыбыстардың оқу ережелерін, әліпбиінің транскрипциясын;

- жиі қолданылатын сөздердің жазылуы мен айтылуы арасындағы айырмашылықты өз бетінше ажырата және дұрыс жаза;

- сөйлемдердегі сөздердің орналасу тәртібін;

- неміс тілі мен оқытылып отырған тіл елі туралы жалпы мағлұматты;

- қарапайым грамматикалық құрылымдарды;

- A1 (mittleres) деңгейінің сөздік қорын **біледі**.

#### *Білім алушы:*

- сабақ барысындағы іс-әрекетке қатысты нұсқаулықтарды;

- берілген тақырыптар аясында таныс сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуын;

- оқу жоспарында берілген тақырыптар аясында қысқа берілген әңгімелеуде жалпы мазмұнын мен негізгі мазмұнын тірек сөздердің немесе сызбалардың көмегімен егжей-тегжейлі;

- оқытылып отырған тіл елінің мәдениетімен танысу арқылы толерантты болуды;

- шетел тілін үйрену арқылы оқытылып отырған тілде сөйлейтін халықтың ұлттық құндылықтарымен танысып, салыстыру арқылы өз ұлттық құндылықтарының ерекшеліктерін **түсінеді**.

#### *Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- сабақты ұйымдастыруда және күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым тұрақты сөйлесім үлгілерін;

- жалпы және оқу тақырыптарына сәйкес мұғалімнің қолдауымен немесе тірек сөздер мен сызба-суреттердің көмегімен жәй сөйлемдер жазуда;

- неміс тіліндегі өлең, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтар т.б. жатқа айтуда;

- A1 (mittleres) деңгейінің сөздік қорын **қолданады**;

#### *Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- шынайы өмірлік жағдаяттардағы тілдесуде;

- ақпарат алу үшін нақты сұрақтар қою және жауап қайтаруда;

- сюжетті суретке қарап мәтін құрастыруда;

- коммуникативтік қатынаста қажетті сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді және грамматикалық құрылымдарды дұрыс **қолданады**;

#### *Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- жеке басы туралы ақпарат беретін сөйлемдер құрастыруда;

- тыңдалым материалына өз ойын білдіруде;

- ұсынылған тақырып аясында қысқаша мәлімет беруде;

- өзге адамдар мен заттарды қысқаша сипаттауда;

- жұптық, топтық, ұжымдық сипаттағы ізденіс жұмыстарын орындауда **қолданады**.

**«Француз тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**  
(қазақ тілінде оқытылатын мектептің 4-5-сыныптарына арналған)

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1.«Француз тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) сәйкес әзірленді. Бағдарлама шетел тілін оқытудың жалпыеуропалық стандартына (Cadre Européen Commun de Référence pour les Langues, CECRL) сәйкес құрастырылды. Бағдарламаға сәйкес бастауыш білім беру аяқталғаннан кейін білім алушылар шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құдыреттеріне (Cadre Européen Commun de Référence pour les Langues, CECRL) сәйкес A1 орта (A1 débutant) деңгейіне жетуі тиіс.

**«Француз тілі» пәнінің мақсаты** француз тілінің дыбыстық және әріптік жүйесін үйрету, қарапайым тілдік дағдыларды қалыптастыру арқылы тілдің A1 орта деңгейін меңгерту.

**«Француз тілі» пәнінің міндеттері:**

- 1) француз тілінің дыбыстық және әріптік жүйесін таныту;
- 2) бастауыш деңгейге тән негізгі тілдік бірліктерді (дыбыс, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, салыстыру, топтастыру, талдау дағдыларын дамыту;
- 3) француз тілі A1 орта деңгейінің базалық сөздік қорын меңгерту;
- 4) француз тілі бойынша қарапайым тілдік дағдыларды қалыптастыру;
- 5) шет тілін үйренуге деген қызығушылығын ояту;
- 6) француз тілі мен оқытылып отырған ел туралы жалпы түсінігін қалыптастыру;
- 7) тілдік білімі мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға үйрету.

**2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру**

2. «Француз тілі» пәнін оқыту бағдарламасының мазмұны француз тілінің A1 орта деңгейін сөйлеу әрекетінің «Тыңдалым», «Айтылым», «Оқылым» және «Жазылым» түрлері арқылы оқытуды қарастырады.

«Француз» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік және көрнекілік ұстанымдарына негізделеді.

«Француз» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;

- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

### 3-тарау. Оқу пәнінің базалық мазмұны

#### 3. Оқу пәнінің базалық мазмұны.

Француз тілі пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 4 – сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 2) 5 – сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

#### 3.2. Оқу пәнінің мазмұны:

- 1) француз тілінің дыбыстық және әріптік жүйесін;
- 2) бастауыш деңгейге тән негізгі тілдік бірліктерді (дыбыс, сөз, сөйлем, мәтін);

3) француз тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдыларды;

4) тілдік нормалардың қарапайым түсініктерін қамтиды.

«Француз тілі» пәнін оқыту 4-сынып – А1.1 (élémentaire), 5-сынып – А1 (débutant) деңгейлерінде ұйымдастырылады.

#### 4-сынып – А1 (élémentaire) деңгейінің мазмұны:

- 1) француз тілінің әліпбиін;
- 2) әріптердің дыбысталуын;
- 3) қарапайым тілдік бірліктерді (ойын, сызба-суреттер арқылы);
- 4) қарапайым грамматикалық дағдыларды (ойын, иллюстрациялық материалдар арқылы);

5) А1.1 (élémentaire) деңгейінің сөздік қорын қамтиды.

4-сынып – А1.1 (élémentaire) деңгейінің міндеттері:

- 1) француз тілінің әріптері мен олардың дыбысталуын таныту;
- 2) қарапайым тілдік бірліктерді (ойын, сызба-суреттер арқылы) үйрету;
- 3) қарапайым грамматикалық дағдыларды (ойын, иллюстрациялық материалдар арқылы) машықтандыру;
- 4) А1.1 (élémentaire) деңгейінің сөздік қорын меңгерту;
- 5) шет тілін үйренуге деген қызығушылығын ояту;
- 6) француз тілі мен оқытылып отырған тіл елі туралы жалпы түсінік қалыптастыру;

7) тақырыпқа байланысты қарапайым сұрақтарға жауап беру және оларды қоя білу дағдыларына машықтандыру;

8) өзін қысқаша таныстыруды үйрету (5 сөйлем);

5-сынып – А1 (débutant) деңгейінің мазмұны:

1) француз тілінің әліпбиіне тән дыбысталу ерекшеліктерін және оқу ережелерін (ойын, сызба-суреттер арқылы);

2) қарапайым грамматикалық құрылымдарды және ережелерді (ойын, сызба-суреттер арқылы);

3) сабақ барысында және күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым тұрақты сөйлесім үлгілерін;

4) А1 (débutant) деңгейінің лексикасын қамтиды.

#### 5-сынып – А1 (débutant) деңгейінің міндеттері:

- 1) француз тіліне тән әріптерінің дыбысталу ерекшеліктері мен айтылу ережелерін меңгерту;
- 2) сөйлемдердегі сөздердің орналасу тәртібін үйрету;
- 3) сабақты ұйымдастыруда және күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым тұрақты сөйлесім үлгілерін қолдануға дағдыландыру;
- 4) A1 (débutant) сөздік қорын меңгерту;
- 5) ағылшын тілі мен оқытылып отырған тіл елі туралы түсінігін дамыту;
- 6) француз тілін іс жүзінде қолдануға ынталандыру.

### **«Француз тілі» пәнінің базалық білім мазмұны 4-сынып A1.1 бастапқы деңгей (Elémentaire)**

#### **Тыңдалым:**

- 1) баяу және айқын дыбысталып айтылған сыныпта қолданылатын қарапайым нұсқауларды мұғалімнің қолдауымен түсіну;
- 2) баяу және айқын дыбысталып айтылған қарапайым сұрақтарды, күнделікті тұрмыста және сыныпта қолданылатын сөздерді, қысқа сұрақтарды, дыбыстар мен әріптерді мұғалімнің қолдауымен түсіну және қайталау;
- 3) берілген тақырыптар бойынша таныс сөздер мен фразалардың айтылуын мұғалімнің қолдауымен түсіну және қайталау;
- 4) мұғалімнің қолдауымен қарапайым сұрақтардың мағынасын түсіну және жауап қайтару;
- 5) түстер мен сандар туралы қысқа сұрақтарды мұғалімнің қолдауымен түсіну және жауап қайтару;
- 6) баяу және айқын дыбысталып айтылған шағын әңгімелердің жалпы мәнін түсіну (мұғалімнің қолдауымен және иллюстрациялық материалдардың көмегімен).

#### **Айтылым:**

- 1) өзі туралы және басқа адамдар мен заттар туралы қысқа сөйлемдер құрастыру, сұрақтарға жауап қайтару (мұғалімнің қолдауымен және иллюстрациялық материалдардың көмегімен);
- 2) өзіне не ұнайтынын және не ұнамайтынын айту;
- 3) заттар мен іс-әрекеттерді сипаттау үшін шектеулі қарапайым сөздерді, сөз тіркестерін қолдану;
- 4) сыныпта мұғаліммен және өзге білім алушылармен қарым-қатынасқа түсу барысында сұрақ қою, сұраққа жауап беру, нұсқаулықтарды дұрыс қолдана білу.

#### **Оқылым:**

- 1) берілген әріптер мен дыбыстарды ажырату, есте сақтау және дұрыс оқуға дағдылану;
- 2) берілген тақырыптар бойынша қарапайым сөздерді, сөз тіркестерін, жәй сөйлемдерді оқу;
- 3) қарапайым иллюстрацияланған сөздікті пайдалану;
- 4) қысқа мәтіндердің негізгі ойын түсіну;
- 5) қысқа мәтіндерден нақты ақпаратты түсіну.



**Жазылым:**

- 1) әріптерді дұрыс жазуды үйрену;
- 2) бас әріппен және кіші әріппен жазылатын сөздерді ажырату, дұрыс жазу;
- 3) дауыстап оқылған әріптер мен жиі қолданылатын таныс сөздерді жазу;
- 4) тірек сөздердің көмегімен сөйлем құрау және сұрақтарға қысқа жауап жазу;
- 5) тақырып бойынша берілген жаңа сөздерді дұрыс жазуға машықтандыру;
- 6) сөйлем соңында тыныс белгілерін дұрыс қою.

**Француз тілін қолдану:****4-сынып – A1.1 (élémentaire)**

- 1) қарапайым тілдік бірліктерді (ойын, сызба-суреттер арқылы);
- 2) қарапайым грамматикалық құрылымдарды (ойын, иллюстрациялық материалдар арқылы);
- 3) коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу);
- 4) A1.1 (élémentaire) деңгейінің сөздік қорын қарым-қатынас жасауда;
- 5) француз тілі мен оқытылып отырған тіл елі туралы жалпы мәліметін;
- 6) тақырыпқа байланысты қарапайым сұрақ-жауаптармен жұмыс жасауда.

**5-сынып A1 орта деңгей (Débutant):****Тыңдалым:**

- 1) сыныпта қолданылатын қарапайым нұсқауларды түсіну;
- 2) дыбыстар мен әріптерді, күнделікті тұрмыста және сыныпта қолданылатын сөздерді, сұрақтарды түсіну;
- 3) берілген тақырыптар аясында таныс сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуын түсіну;
- 4) оқу жоспарында берілген тақырыптар аясында қысқа берілген әңгімелеуде жалпы мазмұнын мен негізгі мазмұнын тірек сөздердің немесе сызбалардың көмегімен егжей-тегжейлі түсіну.
- 5) таныс тақырыптар аясында берілген қысқа қарапайым мәтіндердің негізгі мағынасын мәнмәтіндік түсіндірмелердің көмегімен түсіну;
- 6) балалар әдебиетінен алынған **француз** тіліндегі өлең, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтар т.б. тыңдау.

**Айтылым:**

- 1) оқу тақырыптары аясында жеке басы туралы ақпарат беретін сөйлемдер құрастыру;
- 2) оқу тақырыптары аясында ақпарат алу үшін нақты сұрақтар қою және жауап беру;
- 3) оқу тақырыптары аясында өзге адамдар мен заттардың қысқаша сипаттамасын беру;
- 4) дауыстап оқу барысында таныс сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айту;
- 5) коммуникативтік қатынас орнату (әңгімелесу, пікір алмасу) барысында дұрыс жауап қайтаруды және сөз әдебіне үйрену;

6) жұппен, топпен жыне сыныппен жұмыс істеу барысында қажетті сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді дұрыс қолдану;

7) оқу тақырыптары аясында қысқаша әңгімелеу;

8) балалар әдебиетінен алынған француз тіліндегі өлең, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтар т.б. жатқа айту.

#### **Оқылым:**

1) таныс сөздерді сызба, суретті сөздіктердің көмегімен ажырату және дұрыс оқу;

2) сабақ барсындағы іс-әрекетке қатысты нұсқаулықтарды оқу арқылы түсіну;

3) оқу жоспары тақырыптары аясында қысқаша көркем және ғылыми-танымдық мәтіндерді мұғалімнің қолдауымен оқи бастау;

4) оқу тақырыптары аясында шағын мәтіндерде берілген негізгі ақпаратты иллюстрациялық материалдардың көмегімен оқып түсіну;

5) балалар әдебиетінен алынған ағылшын тіліндегі өлең, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтар т.б. мәнерлеп оқу.

#### **Жазылым:**

1) жалпы және оқу тақырыптарына сәйкес мұғалімнің қолдауымен немесе тірек сөздер мен сызба-суреттердің көмегімен жәй сөйлемдер жазу;

2) тыңдау арқылы сөздер мен сөз тіркестерін жазу;

3) қарапайым сұрақтарға жауап жазу;

4) сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру;

5) жазылымда кісі аттарын, жер-су атауларын және сөйлемдерді бас әріппен дұрыс жазу;

6) жиі қолданылатын сөздердің жазылуы мен айтылуы арасындағы айырмашылықты өз бетінше ажырата білу, дұрыс жазу.

#### **Француз тілін қолдану:**

1) жеке басына қатысты ақпарат беру;

2) өзге адамдар мен заттарды сипаттау және ақпарат беру;

3) берілген тақырыптар аясында сюжетті суреттерді сипаттау;

4) коммуникативтік қатынаста грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану;

5) коммуникативтік қатынаста сөздерді дұрыс қолдану;

6) француз тіліндегі өлең, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтарды жатқа айту;

7) A1 орта (débutant) деңгейінде лексиканы пайдалану.

### **4-тарау. «Француз тілі» пәні бойынша күтілетін нәтижелер**

Оқу пәнінен күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпығаміндетті мемлекеттік стандартында айқындалған **метапәндік құзыреттіліктерге** (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланады.

#### **4-сынып A1 бастапқы деңгей (Low) бойынша:**

*Білім алушы:*

- француз тілінің әріптері мен олардың дыбысталу ерекшеліктерін;

- қарапайым тілдік бірліктерді;
- бас әріппен және кіші әріппен жазылатын сөздерді және олардың дұрыс жазылуын;
- мұғалімнің қолдауымен қарапайым сұрақтарға жауап беруді және сұрақ қоюды;
- француз тілі мен оқытылып отырған тіл елі туралы жалпы мағлұматты;
- A1 (low) деңгейінің сөздік қорын **біледі**.

*Білім алушы:*

- есту арқылы дыбыстарды, сөздер мен сөз тіркестерін;
- белгілі бір тақырып аясында қойылған сұрақтарды;
- баяу және айқын дыбысталып айтылған сыныпта қолданылатын қарапайым нұсқауларды мұғалімнің қолдауымен;
- қысқа мәтіндердің жалпы мазмұнын;
- оқытылып отырған тіл еліне қатысты кейбір елтанымдық атауларды;
- шет тілін үйрену қажеттілігін **түсінеді**.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- сызба-модель, сурет, белгілерді қолдана отырып, қысқа сөйлемдер құрастыруда;
- берілген тақырып пен иллюстрация бойынша мәтіннің мазмұнын болжауда;
- қарапайым грамматикалық құрылымдарды
- A1 (low) деңгейінің сөздік қорын **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- шынайы өмірлік жағдаяттардағы тілдесуде;
- өзі туралы және басқа адамдар мен заттар туралы қысқа сөйлемдер құрастыру, сұрақтарға жауап қайтаруда (мұғалімнің қолдауымен және иллюстрациялық материалдардың көмегімен);
- француз тілінде өзін қысқаша таныстыруда;
- сыныпта мұғаліммен және өзге білім алушылармен қарым-қатынасқа түсу барысында ағылшын тілінің A1 (low) деңгейінің сөздік қоры мен грамматикалық құрылымдарын дұрыс **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- берілген тақырып аясында мұғалімнің қолдауымен қысқаша диалог, мәтін құрастыруда;
- иллюстрациялық материалдарды, заттар мен іс-әрекеттерді сипаттауда;
- жұппен, топпен жыне ұжымдық сипаттағы ізденіс жұмыстарын орындауда;
- шығармашылық тапсырмалар орындауда (хат, тілек, құтықтау, хабарлама жазу) **қолданады**.

**5-сынып A1 (mid) деңгей бойынша:**

*Білім алушы:*

- француз тіліне тән әріптерінің дыбысталу ерекшеліктерін, дыбыстардың оқу ережелерін, әліпбиінің транскрипциясын;
- жиі қолданылатын сөздердің жазылуы мен айтылуы арасындағы

- айырмашылықты өз бетінше ажырата және дұрыс жаза;
- сөйлемдердегі сөздердің орналасу тәртібін;
- француз тілі мен оқытылып отырған тіл елі туралы жалпы мағлұматты;
- қарапайым грамматикалық құрылымдарды;
- A1 (mid) деңгейінің сөздік қорын **біледі**.

*Білім алушы:*

- сабақ барысындағы іс-әрекетке қатысты нұсқаулықтарды;
- берілген тақырыптар аясында таныс сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуын;
- оқу жоспарында берілген тақырыптар аясында қысқа берілген әңгімелеуде жалпы мазмұнын мен негізгі мазмұнын тірек сөздердің немесе сызбалардың көмегімен егжей-тегжейлі;
- оқытылып отырған тіл елінің мәдениетімен танысу арқылы толерантты болуды;
- шетел тілін үйрену арқылы оқытылып отырған тілде сөйлейтін халықтың ұлттық құндылықтарымен танысып, салыстыру арқылы өз ұлттық құндылықтарының ерекшеліктерін **түсінеді**.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- сабақты ұйымдастыруда және күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым тұрақты сөйлесім үлгілерін;
- жалпы және оқу тақырыптарына сәйкес мұғалімнің қолдауымен немесе тірек сөздер мен сызба-суреттердің көмегімен жәй сөйлемдер жазуда;
- француз тіліндегі өлең, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтар т.б. жатқа айтуда;
- A1 (mid) деңгейінің сөздік қорын **қолданады**;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- шынайы өмірлік жағдаяттардағы тілдесуде;
- ақпарат алу үшін нақты сұрақтар қою және жауап қайтаруда;
- сюжетті суретке қарап мәтін құрастыруда;
- коммуникативтік қатынаста қажетті сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді және грамматикалық құрылымдарды дұрыс **қолданады**;

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- жеке басы туралы ақпарат беретін сөйлемдер құрастыруда;
- тыңдалым материалына өз ойын білдіруде;
- ұсынылған тақырып аясында қысқаша мәлімет беруде;
- өзге адамдар мен заттарды қысқаша сипаттауда;
- жұптық, топтық, ұжымдық сипаттағы ізденіс жұмыстарын орындауда

**қолданады.**

## 5-тарау. Бағалау

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдың сандық эквиваленті	Баллдық жүйе бойынша баға	Баллдың сандық эквиваленті
A	5	10	Жауаптардың толықтығы, еркіндігі, дәйектілігі және сенімділігі айқын; аудио мәтіндерді толық түсіну. Лексикалық және грамматикалық өзін-өзі түзету әдісімен түзетілетін сөйлеудегі кейбір қателіктер жіберіледі.
A-	5	9	Жауаптың мазмұны қарым-қатынас жағдайына сәйкес келеді; толық жауаптар; аудиотекстерді толық түсіну; сөйлеуде лексика мен грамматика бойынша материалдардың 90%-ын пайдаланады; елеусіз қателерге жол беріледі (5-ке дейін).
B	4	8	Өтілген материалдың 85% түсінеді; қателерге жол беріледі (6-7); сабақ барысында жеке және топтық жұмыстарға белсенді қатысады.
B-	4	7	Жауаптар грамматикалық және логикалық тұрғыдан дұрыс; мүмкін болатын тілдік қателер саны 8-9; сабақ барысында жеке және топтық жұмыстарға қатысады.
C	3	6	Өтілген материалдарды меңгеру және оларды қандай да бір модельде еркін пайдалану мүмкіндігі орташа; ықтимал қателер саны - 12; сабақ барысында жеке және топтық жұмыстарға қатысады.
C-	3	5	Өтілген материалдарды меңгеру және оларды қандай да бір модельде еркін пайдалану мүмкіндігі орташадан төмен; ықтимал қателер саны – 12-ден жоғары; сабақ барысында жеке және топтық жұмыстарға қатысуда белсенділік танытпайды.
D	2	4	Негізгі тілдік материалдарды қолдану үшін қажетті білім жеткіліксіз; көптеген грамматикалық және дыбыстық қателіктер жібереді, түсінуді қиындатады; сөйлеу үлгілерін қолдана отырып жауап беру толық емес; сабақ барысында жеке және топтық жұмыс барысында енжарлық танытады.
D-	2	3	Өтілген материалды ішінара меңгереді; сабақ барысында жауап беру белгілі бір ұсыныстар мен таныс фразалар аясында ғана жүзеге асырылады; тапсырмаларды төмен деңгейде орындайды.
FX	1	2	Француз тілін жеке сөздер деңгейінде біледі; сабақ барысында тілдік материалды қолдану жеткіліксіз; тілдік материалды қолдану барысында көптеген лексикалық, грамматикалық және дыбыстық қателер болады.
F	1	0	Тілдік қолданыстың болмауы; жауаптың мүмкін еместігі немесе жауаптан бас тартады.

**Programme scolaire de type de la discipline « Langue française »  
pour les classes de 4<sup>re</sup> à 5<sup>e</sup>  
au niveau de l'enseignement primaire**

**Chapitre 1. Conditions générales**

Programme scolaire de type est déterminé dans le cadre du Standart obligatoire d'Etat de l'enseignement secondaire (primaire, secondaire de base, secondaire général) approuvé par la Décision gouvernementale de la République du Kazakhstan du ... №.....

**Le but :** le programme scolaire de la discipline «Langue française» vise à atteindre le niveau A1 par les apprenants. Le programme de l'école primaire de la discipline «Langue française» vise à développer les compétences linguistiques des étudiants, à accroître leur intérêt et leur confiance en eux-mêmes, ainsi qu'à développer des attitudes positives à l'égard de l'apprentissage du français. Le contenu du programme d'école primaire vise à développer la capacité des étudiants à utiliser le français dans la communication au quotidien et à créer une base solide pour la poursuite de leurs études.

**Les tâches :**

1. la démonstration du système sonore et alphabétique de la langue française
2. la différence des compétences du discernement, de la comparaison, du groupement, de l'analyse des unités linguistiques principales (le son, le mot, la phrase, le texte) inhérent au niveau primaire
3. La maîtrise du lexique fondamental du français du niveau moyen A1
4. la formation des simples compétences linguistiques en français.
5. susciter l'intérêt à l'apprentissage de la langue française
6. la formation de la compréhension commune du français et du pays étudié
7. apprendre à utiliser des connaissances et des savoir-faires dans la vie quotidienne

**Chapitre 2. Organisation du contenu de la matière "Langue française"**

L'organisation de la matière est basée sur les principes de continuité, de cohérence, du simple au complexe qui s'effectue en prenant en compte des capacités d'âge et individuelles des apprenants, de l'utilisation effective des technologies et des ressources formatives.

**Le but de leçon se détermine dans les unités inseparables :**

1. l'objectif éducatif, basé sur les valeurs de la vie
2. l'objectif formatif, dirigé à la formation des compétences personnelles
3. l'objectif de développement, basé sur la création et la créativité

**Le chapitre 3. Le contenu de la discipline «La langue française »**

Ce programme est basé sur les valeurs, formées par les standards :

- les valeurs morales
- les valeurs esthétiques

- le patriotisme kazakhstanai
- le mode de vie saine

Le développement des qualités personnelles dans l'unité organique avec le large éventail de compétences sont à la base pour donner aux étudiants les valeurs fondamentales de l'éducation: le patriotisme et la responsabilité civile, le respect, la coopération, le travail acharné et la créativité, la transparence, l'apprentissage tout au long de la vie. Ces valeurs sont destinées à devenir l'orientation personnelle durable de l'étudiant, motivant son comportement et ses activités quotidiennes.

**Le volume du travail scolaire selon la discipline est :**

- 1) 4<sup>e</sup> année- 2 heures par semaine, 68 heures de l'année scolaire;
- 2) 5<sup>e</sup> année – 2 heures par semaine, 68 heures de l'année scolaire; scolaire;

**Le contenu de la matière:**

- 1.le système sonore et alphabétique de la langue française
- 2.les unités linguistiques principales( le son,le mot,la phrase.le texte)inherent au niveau primaire

- 3.Les simples compétences grammaticales du français
4. la formation des simples compétences linguistiques en français.

**Le contenu de la 4<sup>e</sup> année (le niveau élémentaire)**

- 1.l'alphabet français
2. la prononciation des mots
- 3,les simples blocs linguistiques
- 4.les simples compétences grammaticales
- 5.la maîtrise du lexique fondamental du français du niveau moyen A1

1) **compréhension de l'orale** : comprendre les consignes de classe et suivre des instructions courtes et simples prononcées lentement et distinctement sur un certain nombre d'activités en classe ; des questions personnelles générales prononcées lentement et clairement ; les noms de personnages illustres et les noms de lieux ; (prononciation) de certains mots du vocabulaire général et thématique ; quelques questions de base comme «qu'est-ce que c'est?»; les phonèmes et les combinaisons de lettres ; les lettres de l'alphabet ;

2) **production orale** : composer des phrases simples à la sur les gens, les objets et les activités en classe ; poser des questions simples sur les personnes, les objets et les activités en classe au cours de conversations simples ; prononcer distinctement des mots et des phrases familiers ; savoir se présenter et poser des questions dans des conversations simples ;exprimer dans la conversation l'opinion positive et négative ;raconter les récits utilisant le lexique sur les thèmes communs et les thèmes appris ;

3) **compréhension écrite** : prononcer et nommer les lettres de l'alphabet ; reconnaître les majuscules dans les noms propres et les noms de lieux ; reconnaître visuellement quelques mots familiers ; utiliser l'alphabet pour ranger les mots dans l'ordre alphabétique (par la première lettre); reconnaître ,defir et pronncker le grand

nombre des mots sur les thèmes appris ; comprendre avec le soutien l'information et les détails dans les simples textes courts d'après les textes thématiques

**4)production écrite:** rédiger et vérifier à l'aide de l'enseignant, l'écriture de phrases courtes sur des sujets personnels, généraux et éducatifs ; écrire des mots et des phrases de longueur et de forme standard ; des phrases courtes pour décrire des personnes, des lieux et des objets; relier des mots ou des phrases en utilisant des conjonctions ; écrire correctement des lettres majuscules et minuscules pour la rédaction des noms, des noms de lieux et des phrases courtes sous la direction d'un enseignant ; écrire un grand nombre de mots familiers fréquemment utilisés sous la direction d'un enseignant ; placer le point à la fin d'une phrase courte et familière sous la direction d'un enseignant ;

**5)utilisation du français :** utiliser les simples unités linguistiques (à l'aide de jeux et des images), les simples constructions grammaticales ( à l'aide des jeux et des illustrations), les mots polis, nécessaires dans la conversation (saluer, remercier, s'excuser, demander, ), utiliser le vocabulaire du niveau A1 (élémentaire, l'information commune sur la langue française et sur le pays étudié) ; travailler avec les questions et les réponses simples.

**Le contenu de la 5e année (le niveau débutant):**

1. les particularités phonétiques de l'alphabet français et les règles de lecture
2. les simples constructions grammaticales
3. les simples blocs linguistiques, utilisés dans les leçons et dans la vie quotidienne
4. la maîtrise du lexique fondamental du français du niveau moyen A1

1) **compréhension de l'orale :** comprendre les consignes de classe et suivre des instructions courtes et simples qui vont permettre de faire les exercices en classe ; comprendre un grand nombre de questions courantes; les phrases souvent utilisées dans des petits dialogues sur des sujets familiers ; les couleurs et la quantité ; les questions simples relatives à la quantité et les couleurs, l'identification du phonème manquant des mots ; reconnaître des informations factuelles dans de petits dialogues sur des sujets familiers ; utiliser des indices contextuels afin de prédire le contenu de petits dialogues sur des sujets familiers ; écouter des petits récits sur les sujets familiers ;

**2)production orale :** se présenter, composer des phrases simples sur les autres personnes et les objets, ainsi que sur le type d'activités réalisées en classe ; poser des questions sur les besoins essentiels et visant à trouver des informations sur les sujets familiers et les activités dans la classe; utiliser un nombre limité de mots courants, d'expressions et de phrases courtes pour décrire les objets et les activités dans la classe; répondre avec support aux questions simples, en présentant des informations personnelles et des données factuelles; donner des réponses courtes et échanger de paroles lors de petits dialogues avec d'autres personnes sur un nombre limité de sujets; mettre le bon accent sur les mots composés familiers; donner un ordre ou une instruction simple aux autres; raconter les récits utilisant le lexique sur les thèmes communs et les thèmes appris ;

**3)compréhension écrite:** identifier, mémoriser et prononcer les combinaisons de sons et de lettres fréquemment utilisées; lire avec un support significatif des mots simples, des phrases et des propositions sur des sujets familiers; révéler les idées



principales des phrases simples sur des sujets familiers en utilisant des indices contextuelles; comprendre avec un support visuel significatif des informations factuelles dans des textes simples sur des sujets familiers;

**4)production écrite** : rédiger des réponses courtes aux questions sous forme de phrases séparées ; exercices de dictées de mots fréquemment utilisés ; faire des phrases courtes pour la définition des personnes, des lieux et des objets; écrire correctement des lettres majuscules et minuscules des mots fréquemment utilisés; placer le point à la fin d'une phrase courte sous la direction d'un enseignant; écrire les réponses sur les questions simples, composer les textes sur les images thématiques, savoir vérifier les fautes orthographiques.

**5)utilisation du français** : présenter l'information personnelle, la description et la présentation de l'information aux autres gens et les objets, la description des images sur les thèmes donnés, l'utilisation correcte des constructions grammaticales dans la communication, l'emploi correct des mots, retenir les vers, les mots-croisés, les comptes en français, utiliser le vocabulaire du niveau A1 (moyen)

## Chapitre 4

### Système des objectifs d'apprentissage

#### 4-e année (élémentaire)

##### L'apprenant doit:

- 1) comprendre des instructions courtes et simples prononcées lentement et distinctement pour effectuer un certain nombre d'activités en classe
- 2) comprendre des questions personnelles courantes avec l'aide de l'enseignant
- 1) comprendre des questions personnelles courantes avec l'aide de l'enseignant
- 3) Savoir des lettres françaises et leur prononciation
- 4) Pouvoir prononcer correctement des sons
- 5) Comprendre des unités linguistiques
- 6) Utiliser des simples constructions grammaticales
- 7) Comprendre la nécessité d'apprentissage du français
- 8) Poser et répondre aux questions simples
- 9) Se présenter en français
- 10) utiliser les mots polis dans la conversation
- 11) Exprimer ses idées, en composant des phrases courtes et utiliser les schémas, les images, les symboles
- 12) décrire des personnes et des objets avec des phrases simples dans un nombre limité de sujets généraux et éducatifs
- 13) Raconter le contenu des textes et des illustrations écrire des phrases courtes pour décrire des personnes, des lieux et des objets
- 14) comprendre avec le soutien des enseignants les principaux points des petits dialogues d'une grande partie de sujets généraux et d'étude
- 15) utiliser correctement les majuscules et les minuscules pour écrire les noms, les noms de lieux et des phrases

## **5-e année ( débutant)**

### **L' apprenant doit:**

1. distinguer les particularités phonétiques de l'alphabet français et les règles de lecture

2, différencier l'écriture et la prononciation des mots utilisés rarement ;

3, connaître les règles de lecture et savoir la transcription

4. connaître l'ordre des mots dans la proposition ;

5. savoir le lexique du niveau A1

Faire connaissance avec les valeurs nationales des gens à l'aide de comparaisons de la langue natale

6. faire connaissance avec la culture française ;

7. utiliser le français dans la vie quotidienne ;

8. poser et répondre aux questions sur les thèmes étudiés ;

9. Savoir décrire des gens et des objets

10. déclarer par cœur des comptes, des vers en français

11. les simples constructions grammaticales

12. les simples blocs linguistiques, utilisés dans les leçons et dans la vie quotidienne

13. reconnaître des informations factuelles dans de petits dialogues sur des sujets familiers et les activités dans la classe;

14. utiliser un nombre limité de mots courants, d'expressions et de phrases courtes pour décrire les objets et les activités dans la classe; ;

15. révéler les idées principales des phrases simples sur des sujets familiers en utilisant des indices contextuelles;

16. comprendre avec un support visuel significatif des informations factuelles dans des textes simples sur des sujets familiers

17. donner l'information brève sur le thème proposé &

**«Математика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**  
(қазақ тілінде оқытылатын мектептің 1-5-сыныптарына арналған)

### 1. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ қаулысымен бекітілген «Барлық білім деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Реестрінде № \_\_\_\_\_ тіркелген) Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Бастауыш білім деңгейіндегі (1-5-сыныптар) Математика «Математика және информатика» білім беру саласының кіріктірілген оқу пәні болып табылады. Оны оқыту натурал сандардың және нөлдің арифметикасын, аса маңызды шамаларды, сондай-ақ бөлшек сандардың, есеп және оны шешу үдерісінің, математикалық тілдің, алгебра және геометрияның элементтерінің, жиындар теориясы мен логиканың пропедевтикасын қамтиды.

3. Бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтар негізінде білім алушыларда әлемді бейнелеу, модельдеу және тануды қабылдауға бағытталған материалдық өмірдің мәнді қасиеттерінің, байланыстарының, кеңістік пішіндер мен сандық қатынастарының логикалық бірлігін сипаттайтын негізгі математикалық ұғымдар жайлы білім негізін қалау; білімдерді қолдану және арнайы математикалық әрекет тәсілдерін түрлі оқу және өмірлік жағдаяттарда қолдану, сондай-ақ қатысымдық, зияткерлік, алгоритмдік, кеңістіктік-графикалық және зерттеушілік құзыреттіліктерді қалыптастыру.

4. Бастауыш білім беру деңгейінде математикалық білім берудің негізгі мақсатына сәйкес оқу пәні төмендегі міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған:

- математикалық білім мен білікті, алгоритмдік және графикалық мәдениет дағдыларын, берік есептеу, өлшеу және графикалық біліктерді қалыптастыру, сондай-ақ білім берудің негізгі деңгейінде оқуын жалғастыру үшін оқушыларға қажетті мақсатты түрде бағытталған алдын-ала (пропедевтикалық) даярлауды жүзеге асыру;

- оқу міндеттерін шешу, өзге пәндерді оқып үйрену және күнделікті өмірде қолдану үшін математикалық терминдерді, амал алгоритмдері мен әрекет тәсілдерін, геометриялық салуларды қолдану білігін қалыптастыру;

- когнитивті біліктер мен ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, аналогия, жалпылау, абстрактілеу және модельдеу, жіктелмеу); бала тұлғасының зейін, қабылдау, ес, ойлау, ауызша және жазбаша, соның ішінде математикалық тіл сияқты функционалдық қасиеттерін дамыту; көрнекі-образды және логикалық ойлауды, кеңістіктік қиялды дамыту;

- оқу-танымдық әрекетті және оқу мотивтерін, математиканы оқуға оң көзқарас пен қызығушылықты, өздігінен жұмыс жасау білігін (жоспарлай алу, жоспар бойынша түрлі әрекеттер, оның ішінде ойлау әрекетін де орындау, өзін-

өзі бақылау және өзін-өзі бағалау); ақпаратты іздеу және іріктеу біліктерін, өз уақытын басқару және өзін-өзі реттеу біліктерін қалыптастыру;

- стандартты емес, қызықты тапсырмалар, жобалау әрекеті мен өмірлік (құзыреттілік) есептерді шешу арқылы математикалық және шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлауды анықтау және дамыту;

- тұлғалық, танымдық және ерік-жігері қасиеттерін кең ауқымды дағдылармен (қатынас жасау мәдениетін, үлкенге құрмет және кішіге қамқорлық жасауға; патриоттық сезімге; қазақ халқы мен Қазақстан территориясында тұрып жатқан өзге де халықтардың тарихына, мәдениеті мен салт-дәртүрлеріне, құндылықтарына құрметпен қарауға тәрбиелеу) табиғи байланыста тәрбиелеу;

- қатысымдық және әлеуметтік біліктерін дамыту: топпен жұмыс жасау біліктері, өз пікірін, өз көзқарасын білдіру, басқа адамдардың пікірін құрметтеу, көшбасшылық қасиеттерін

- көрсету, өз жұмысын жазбаша және ауызша түрде таныстыру дағдыларын дамыту;

- пәнаралық және пәнішілік байланыстарды жүзеге асыру.

5. Білім берудің бастауыш деңгейінде математикадан оқу бағдарламаны түзудің қажеттігін айқындайтын негізгі себептер:

- оқытудың 12 жылдық моделіне көшуге себепші болған құрылымдық өзгерістерге (5+5+2), оқытудың алты жастан басталуына сәйкес оқу пәнінің мақсаты мен міндеттер жүйесін, оқу пәнінің мазмұнының жаңа нұсқасын дайындау;

- алты жастағы баланың бастапқы мүмкіндіктерін теңестіру мен мектепке дейінгі және бастауыш деңгейлері арасындағы математикалық білім берудегі сабақтастықты жүзеге асырудың алғышарттарын жасау үшін қарапайым математикалық түсініктерді жүйелеуге және математикалық ұғымдар мен әрекет тәсілдері жүйесін оқытуға арналған шартты түрдегі екі бөліктен тұратын 1-сыныпта математиканы оқыту мазмұнын құрылымдау;

- оқытудың мақсаты, құралдары, нәтижелері, перспективтік-сабақтастық байланысты ескере отырып, оқыту мен игеру нысандары сияқты оқу пәнінің мазмұнын оқу бағдарламасында бейнелеу;

- шамалар және оларды өлшеу, шамалар мәндеріне амалдар қолдану, алгебра және геометрия элементтері, жиындар, комбинаторика теориясы, есептер, алгебра, геометрия элементтері, жиындар, логика және комбинаторика теориялары және математикалық тіл сияқты математиканы оқыту мазмұнының құраушысын натурал сандар, нөл саны мен бөлшектердің айналасына топтауды оңтайландыру;

- оқытылатын нысандардың әртүрлі болмауын, оқыту мақсаттарының жүйесі мен күтілетін нәтижелерді сыныптар бойынша Блум таксономиясы негізінде қайта бөлуді оңтайландыру үшін білім берудің базалық мазмұнын математикалық ұғымдар мен әрекет тәсілдері жүйесін оның компоненттерін нақтылай отырып, біршама өзіндік ірілендірілген бірлік түрінде құрылымдау;

- оқу пәнінің контенттік және когнитивтік құраушысын математикадан TIMSS халықаралық зерттеулердің талаптарына сай үйлестіру.

## 2. Оқу пәнін ұйымдастыру

6. «Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемін:

- 1) 1-сыныпта аптасына 4 сағаттан, оқу жылында 132 сағат;
- 2) 2-сыныпта аптасына 4 сағаттан, оқу жылында 136 сағат;
- 3) 3-сыныпта аптасына 4 сағаттан, оқу жылында 136 сағат;
- 4) 4-сыныпта аптасына 4 сағаттан, оқу жылында 136 сағат;
- 5) 5-сыныпта аптасына 4 сағаттан, оқу жылында 136 сағат құрайды.

7. Пәнді оқытудың негізгі ұстанымдары

- концентрлер бойынша натурал сандарды, бөлшектерді, шамаларды, сандармен және шамалармен амалдар орындауды оқытумен байланысты бағдарламаны құрудың шиыршық тәсілі;

- математика пәні арқылы мақсатты түрде оқу әрекетін (оқу білігі) қалыптастыру;

- оқытудың пәндік-білімдік парадигмасынан тұлғаға бағдарланған, іс-әрекеттік (құзыреттілік) парадигмаға көшу;

- оқу материалы мен оқу мақсаттары жүйесін негізгі мазмұндық-әдістемелік желілер бойынша бөлу;

- бағалаушылық, орындаушылық, рефлексивтік деңгейде оқушылардың оқу әрекеттерін қастамасыз ету.

8. «Математика» пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық тұғырлар:

Педагогикалық тұғырлар тиімді оқыту үшін жағдайлар жасау арқылы оқу үдерісін жобалау мен ұйымдастыру бойынша бірлескен оқу және педагогикалық әрекет моделін анықтайды.

Математиканы оқытуда төмендегідей тұғырлар жүзеге асырылады:

- оқу және танымдық әрекеттерді (мақсат қоя алу, есептері шығару, алынған нәтижелерге жауап беру) қалыптастыру негізі ретіндегі іс-әрекеттік тұғыр;

- тәжірибеге бағдарланған тұғыр (математиканы оқытудың өмірмен байланысы);

- тұлғаға бағдарланған тұғыр;

- дифференциалды оқыту

## 3. Оқу пәнінің базалық мазмұны

**3.1. 1-сынып бойынша «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны:**

1) «Сандар және шамалар». Арифметикалық амалдар.

Заттарды санау. Санаудың нәтижесі ретіндегі натурал сандар. Есептік және реттік сандар. 1-ден 9-ға дейінгі сандар мен цифрлар, нөл саны мен 0 цифры, 10 саны. Бір таңбалы сандарды көрнекі кескіндеу, салыстыру. Сан сәулесі және натурал сандар қатарының кесіндісі. Сандарды қосу және азайту, амалдардың және олардың компоненттері мен нәтижелері арасындағы өзара байланыс. Қосудың ауыстырымдылық қасиеті, қосу мен азайтудағы 1 мен 0-дің қасиеті. 2-ден 9-ға дейінгі сандардың және 10 санының құрамы, ондықтан аттамай, бір таңбалы сандарды қосу кестесі. 10 көлеміндегі сандарды кестелік қосу және азайту. 2-ден үстемелеп және шегермелеп санау.

Таңдалған өлшемнің көмегімен өлшеуге болатын нысандардың (заттың, құбылыс пен үдерістің) қасиеті ретіндегі шамалар (ұзындық, масса, көлем (сыйымдылық), уақыт). Шаманы өлшеммен (сантиметр, килограмм, литр, сағат) өлшеу және оның натурал санмен өрнектелген сандық мәнін анықтау. Циферблат бойынша уақытты (сағ) анықтау. 1 см тең бөлімдері бар сызғышпен кесіндінің ұзындығын өлшеу. Біртекті шаманың сандық мәндерін салыстыру, қосу және азайту, монеталармен 10 көлеміндегі операциялар.

2) *«Алгебра элементтері».*

Сандардың қосындысы мен айырмасы (өрнек). Қосындының және айырманың мәні (өрнектің мәні). Қосындының компоненттері (қосылғыштар) және айырманың компоненттері (азайғыш пен азайтқыш). Өрнектер (қосынды және айырма) құру, оқу, жазу, салыстыру, олардың мәндерін табу. Теңдік және теңсіздік. Белгісіз санның (  $\square$  ) белгісі бар теңдіктер мен теңсіздіктер және сәйкес сандарды таңдау.

3) *«Геометрия элементтері».*

Геометриялық фигуралар қоршаған орта нысандарының пішіні мен өлшемін қабылдау эталоны ретінде. Геометриялық фигуралар: нүкте, түзу, кесінді, сәуле, сынық және қисық сызықтар (тұйықталған және тұйықталмаған), бұрыш. Түзу, сынық сызықтарды және бұрышты модельдеу. Торкөзді қағазда (жазықтықта) фигураларды (нүкте, түзу, кесінді, сәуле) кескіндеу. Сан сәулесінде белгіленген нүктелердің бір-біріне қатысты орналасуы.

Қоршаған әлем нысандарының кеңістікте және жазықтықта өзара орналасуы. Қозғалыс бағыттары: солдан оңға, оңнан солға, жоғарыдан төменге, төменнен жоғарыға. Кесінділердің ұзындықтарын өлшеу және салыстыру. Кесінділер ұзындықтарының қосындысы.

4) *«Есептер. Есептерді шешу әдістері мен тәсілдері».*

Есеп. Жай есеп. Берілгенге кері есеп. Қосу мен азайтуға берілген жай есептерді, оған кері есепті талдау және шығару. Бір амалды есептерді құру, оны және шешуін модельдеу, шығару және шешуі мен жауабын жазу.

5) *«Жиындар. Логика және комбинаторика элементтері».*

Жиын және оның элементтері. Табиғаты әртүрлі нысандардан (заттар, жан-жануарлар, фигуралар, әріптер, т.б.) жиындар құру және оларды элементтерінің белгісіне қарай жіктеу. Жиын элементтерінің саны, теңсанды жиындар және бос жиын. Жиындардың бірігуі және жиыннан оның бөлігін айырып алу. Табиғаттағы құбылыстар, сандар, теңдіктер мен теңсіздіктер жайлы тура және тура емес пікірлер. Логикалық ойын-есептер, цифрлардан және фигуралардан тұратын басқатырғыш-тар. Тізбектер: аптадағы күндер реті, жыл мезгілдерінің ауысуы, суреттер, ойыншықтар, 10 көлеміндегі сандар. Заттардың комбинациялары. Екі, үш заттарды алмастырудың нұсқалары.

б) *Математикалық тіл..*

Математикалық терминдер, қосу және азайту, тең, артықжәне, кем, таңбалары, цифрлар, сандық фигуралар, сан сәулесі, қосу мен азайтуға берілген жай есептердің заттық және графикалық модельдері. Мәліметтер жинау және жүйелеу. Сурет және пиктограмма құрастыру.

### **3.2. 2-сынып бойынша «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны:**

#### *1) «Сандар және шамалар». Арифметикалық амалдар.*

Ондық. Ондықтармен және бірліктермен санау. Екі таңбалы сандарды жазу, оқу, салыстыру, олардың графикалық модельдері мен ондық (разрядтық) құрамы. 100 саны.

20 көлеміндегі сандардың рим нумерациясы. Қосудың терімділік қасиеті. Ондықтан аттап бір таңбалы сандарды қосу кестесі. 20 көлеміндегі сандарды кестелік қосу және азайту. 100 көлеміндегі қосу мен азайтудың ауызша және жазбаша (алгоритмдері) есептеу тәсілдері. 2-ден, 3-тен, 4-тен, 5-тен үстемелеп және шегермелеп санау.

Шамалар және олардың жаңа өлшем бірліктері: дециметр, метр, центнер, тәулік, апта, ай. Өлшеуге арналған құралдар: ұзындықты (оқушы және сынып сызғышы, жиналмалы сызғыш, өлшеуіш таспа, рулетка) және сыйымдылықты (литрлік кружка, өлшеуіш ыдыстар, өлшеуіш ыдыстар жиынтығы). Ұзындықты өлшеуге арналған құралдар (оқушы, сынып және жиналмалы сызғыш, өлшеуіш лента, рулетка), ыдыстар (литрлік кружка, өлшеуіш ыдыстар, өлшеуіш ыдыстар жиынтығы). Заттың ұзындығын өлшеу және оның сандық мәнін анықтау. Циферблат бойынша уақытты араб және рим нумерациясының цифрларымен анықтау. Өлшем бірліктерінің арақатысына сүйеніп ұзындықтың, массаның бірліктерін түрлендіру Шаманың сандық мәндерін салыстыру, қосу және азайту, монета-лармен 100 көлеміндегі операциялар.

#### *2) «Алгебра элементтері».*

Санды өрнектер және бір әріпті өрнектер (қосынды, айырма). Санды теңдіктер және теңсіздіктер. Жақшалар. Жақшалы және жақшасыз өрнек-тердегі (қосынды, айырма) амалдардың орындалу реті. Қосу және азайтудағы 0-дің қасиетінің әріптік жазбасы.

Теңдеу және оның шешімі (түбірі). Қосудың және азайтудың белгісіз компоненттерін табуға берілген теңдеулер.

#### *3) «Геометрия элементтері».*

Жазық және кеңістіктік фигуралар, олардың шегаралары мен аймақтары.

Бұрыш, оның төбесі және қабырғалары. Көпбұрыш, оның төбелері, қабырғалары мен бұрыштары. Нүктені, кесіндіні, сәулені, түзуді белгілеу. Фигуралардың модельдері, көпбұрыштардың модельдері мен оның бөліктерінен композициялар құрастыру.

Торкөзді қағазда (жазықтықта) бұрышты, үшбұрышты, төртбұрышты, сызықтарды кескіндеу. Сынық сызықтың ұзындығы. Көпбұрыштардың қабырғаларының ұзындықтарын өлшеу және салыстыру. Берілген ұзындығы бойынша кесінді салу алгоритмі. Сызықта белгіленген нүктелердің бір-біріне қатысты орналасуы.

#### *4) «Есептер. Есептерді шешу әдістері мен тәсілдері».*

Қосу мен азайтуға берілген жай есептер. Құрама есеп. Жай есептерді, екі амалды (қосу және азайту) және берілгенге кері есептерді талдау, модельдеу және шығару, құрама есептерді әр түрлі тәсілмен шығару және шешу тәсілдері мен амалдардың ретін салыстыру, есептің шешуін модельдеу, шешуін және жауабын жазу.

5) *«Жиындар. Логика және комбинаторика элементтері».*

Геометриялық фигуралардың жиындары, оларды элементтерінің белгісіне қарай жіктеу. Теңсанды жиындар-дың бірігуі және жиын-нан оның тең санды бөліктерін айырып алу. Қоршаған ортадағы заттар, сандар, санды және әріпті теңдіктер, ұзындық бірліктері және олардың арақатынасы жайлы тура және тура емес пікірлер. Сәйкестікті және ақиқаттық-ты тағайындауға берілген логикалық есептер, ребустар (математикалық емес мазмұнды), әртүрлі сандардан тұратын басқатырғыштар. Тізбектер: жылдағы айлар реті, күн режимі бойынша оқушының әрекеті, сандардың қосындылары мен айырмалары, 100 көлеміндегі сандар. Заттардың комбинациялары. Заттардан «екі-екіден» комбинациялар құрастыру нұсқалары.

б) *Математикалық тіл..*

Математикалық терминдер, ондықтың көрнекі моделі, екі таңбалы санның ондық (разрядтық) құрамының графикалық моделі, рим нумерациясының таңбалары, латын әліпбиінің бас және кіші әріптері, қатынас таңбалары, жазық фигуралар мен олардың бөліктерінің модельдері, сан сәулесі, сан кесіндісі, жай және екі амалды құрама есептің графикалық моделі. Мәліметтер жинау және жүйелеу. Сурет, пиктограмма, сұлба құрастыру.

**3.3. 3-сынып бойынша «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны:**

1) *«Сандар және шамалар». Арифметикалық амалдар.*

Жүздік. Жүздіктермен, ондықтармен және бірліктермен санау. Үш таңбалы сандарды жазу, оқу, салыстыру, олардың графикалық модельдері мен ондық (разрядтық) құрамы.

1 000 саны. 1000 көлеміндегі қосу мен азайтудың ауызша және жазбаша (алгоритмдері) есептеу тәсілдері. Көбейту мен бөлу амалдардың және олардың компоненттері мен нәтижелері арасындағы өзара байланыс. Көбейтудің ауыстырымдылық қасиеті, көбейту мен бөлудегі 1 мен 0-дің қасиеті. Бір таңбалы сандарды көбейту кестесі, бір таңбалы санға кестелік көбейту және бөлу (қалдықсыз және қалдықпен), ондықтарды, жүздіктерді бір таңбалы санға көбейту және бөлу. Үлестер. Үлестерді жазу, салыстыру, көрнекі кескіндеу, санның үлесін, үлесі бойынша санды табу.

Шамалар және олардың жаңа өлшем бірліктері: миллиметр, километр, грамм, тонна, секунд. Массаны өлшеуге арналған таразылар (иінтіректі, табақшалы, механикалық, электронды, қоймалық). Заттың массасын таразымен өлшеу және оның сандық мәнін анықтау. 24 сағаттық форматта сағаттардың әр түрлерінің циферблаттары бойынша уақытты анықтау. Өлшем бірліктерінің арақатысына сүйеніп ұзындықтың, массаның, уақыттың бірліктерін түрлендіру. Шаманың сандық мәндерін салыстыру, қосу және азайту, бір таңбалы санға кестелік көбейту және бөлу, монеталармен және купюралармен 1000 көлеміндегі операциялар. Шама бірлігінің үлесін және үлесі бойынша шаманың бірлігін табу.

2) *«Алгебра элементтері».*

Сандардың көбейтіндісі мен бөліндісі (өрнек). Көбейтіндінің және бөліндінің мәні (өрнектің мәні). Көбейтіндінің компоненттері (көбейткіштер) және



бөліндінің компоненттері (бөлінгіш пен бөлгіш). Санды өрнектер және екі әріпті өрнектер (қосынды, айырма, көбейтінді, бөлінді). Жақшалы және жақшасыз өрнектердегі (қосынды, айырма, көбейтінді, бөлінді) амалдардың орындалу реті. Айнымалы шама. Бір айнымалыдан тұратын өрнек және оның мәні. Көбейту мен бөлудегі 0 мен 1-дің қасиетінің, қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық қасиетінің әріптік жазбасы. Арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табуға берілген теңдеулер.

3) *«Геометрия элементтері».*

Бұрыштардың түрлері: тік, сүйір, доғал, жазық. Тік бұрыштың моделі, транспортир. Бұрыштарды салыстыру және өлшеу, бұрыштың градустық өлшемі. Көпбұрыштардың және төртбұрыштардың түрлері. Тік төртбұрыштың, шаршының, тік бұрышты үшбұрыштың белгілері. Бұрышты және көпбұрышты белгілеу. Көпбұрыштың периметрі оның барлық қабырғаларының ұзындықтарының қосындысы ретінде. Торкөзді қағазда төртбұрышты, тік төртбұрышты, шаршыны және үшбұрышты кескіндеу, бөліктерге бөлінген әр фигураның толық және толық емес торкөздерін санау. Тік бұрышты, тік төртбұрышты, шаршыны және тік бұрышты үшбұрышты салу алгоритмі. Жазық фигураларға тиісті және тиісті емес нүктелерді кескіндеу. Жазық фигурада белгіленген нүктелердің орналасуы

4) *«Есептер. Есептерді шешу әдістері мен тәсілдері».*

Көбейту мен бөлуге, шамалар арасындағы тәуелділікке, үлестерге берілген жай есептер.

Екі амалдан артық емес құрама есептер. Жай есептерді, екі амалдан артық емес (барлық амалдарға) құрама есептерді, берілгенге кері есептерді талдау және шығару, модельдеу, құрама есептерді әртүрлі тәсілмен шығару және амалдардың ретін салыстыру, есептің шешуін модельдеу, есептің шешуі мен жауабын жазу.

5) *«Жиындар. Логика және комбинаторика элементтері».*

Мың көлеміндегі сандардың жиыны, оларды элементтерінің белгілеріне қарай жіктеу.

Теңсанды жиындардың бірігуі және жиынды теңсанды бөліктерге бөліктеу. Күн режимі, сандар, әріпті теңдіктер, теңдеулер, масса мен уақыттың бірліктері және олардың арақатынасы жайлы тура және тура емес пікірлер. Құйып алуға және өлшеуге берілген логикалық есептер, сандық есептер, бірдей цифрлардан тұратын басқатырғыштар, ребустар (математикалық мазмұнды). Тізбектер: кесте бойынша мектептегі күнделікті сабақтардың, оқушының сабақтағы әрекетінің реті, 1 000 көлеміндегі сандардың, үлестердің, сандардың көбейтінділері мен бөлінділері. Заттардың комбинациялары. Заттардан «үш-үштен» комбинациялар құрастыру нұсқалары.

6) *Математикалық тіл..*

Математикалық терминдер, жүздіктің көрнекі моделі, үш таңбалы сандардың ондық (разрядтық) құрамының графикалық моделі, мың көлеміндегі сандардың разрядтар мен класс кестесі, көбейту мен бөлудің таңбалары, бұрыштың градустық өлшемінің таңбасы, әріпті теңдіктер, жай және екіден артық емес құрама есептердің графикалық моделі. Мәліметтерді жинау және жүйелеу. Сурет, пиктограмма, сұлба және кесте құрастыру.

### 3.4. 4-сынып бойынша «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

#### 1) «Сандар және шамалар». Арифметикалық амалдар.

Мың. Мыңдармен, ондық мыңдармен, жүздік мыңдармен санау. Миллион көлеміндегі көп таңбалы сандарды жазу, оқу, салыстыру, олардың разрядтық және кластық құрамы. 1 000 000 саны. Көп таңбалы сандарды көрсетілген разрядқа дейін дөңгелектеу. Көп таңбалы сандарды қосу мен азайтудың ауызша және жазбаша (алгоритмдері) есептеу тәсілдері. Көбейтудің терімділік және үлестірімділік қасиеттері, қосындыны санға көбейту, қосынды мен көбейтіндіні санға бөлу. Көп таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту және бөлудің (қалдықсыз және қалдықпен) ауызша және жазбаша (алгоритмдері) есептеу тәсілдері. Екі таңбалы санды екі таңбалы санға бөлу. Бірдей екі көбейткіштің көбейтіндісі, санның квадраты. Бөлшектер. Проценттер. Бөлшек және процентті жазу, оқу. Дұрыс, бұрыс және ондық бөлшек, аралас сандар, олардың көрнекі кескіндері. Ондық бөлшектердің разрядтық құрамы, оларды көрсетілген разрядқа дейін дөңгелектеу. Жай бөлшектерді, ондық бөлшектерді салыстыру, қосу және азайту. Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды, санның процентін және проценті бойынша санды табу.

Шамалар және олардың жаңа өлшем бірліктері: мг, жыл, ғасыр, мүшел. Геометриялық фигураның ауданы оның жазықтықта өлшенетін орынды алу қасиеті ретінде, ауданның өлшем бірліктері. Жылдамдық белгілі бір уақыт аралығында қозғалыстағы нысан орнының қаншалықты өзгергенін көрсететін оның қасиеті ретінде, жылдамдықтың өлшем бірліктері. Өлшем бірліктерінің арақатысына сүйеніп ұзындықтың, массаның, уақыттың, ауданның бірліктерін түрлендіру. Біртекті шаманың сандық мәндерін салыстыру, қосу мен азайту, бір таңбалы санға көбейту және бөлу, купюралармен 1 000 000 көлеміндегі операциялар. Шаманың сандық мәнінің бөлігі мен процентін табу, бөлігі мен проценті бойынша шаманың сандық мәнін табу.

#### 2) «Алгебра элементтері».

Санды өрнектер және үш әріпті өрнектер. Үш амалдан тұратын санды өрнектерді ықшамдау. Қосу мен көбейтудің терімділік қасиетінің, қосу және азайтуға қатысты көбейтудің үлестірімділік қасиетінің әріптік жазбасы. Екі айнымалысы бар өрнек және оның мәні. Айнымалы шамалар арасындағы тәуелділік формулалары. Амалдың белгілі компоненті немесе нәтижесі санды өрнек түрінде ұсынылатын теңдеулер. Айнымалысы бар теңсіздіктер ( $x < \square$ ,  $x > \square$ ) және оларды шешу.

#### 3) «Геометрия элементтері».

Шеңбер мен дөңгелек, олардың шегаралары мен аймақтары, центрі, радиусы, диаметрі. Жазық фигураларды өлшеміне қарай салыстыру. Жазық фигураның ауданы оны құрайтын шаршылардың саны ретінде. Палетка. Тік төртбұрыштың, шаршының, тік бұрышты үшбұрыштың периметрі мен ауданының формулалары. Құрастырылған фигуралардың периметрі мен ауданы. Тік төртбұрыштың периметрі мен ауданының фигура қабырғаларының ұзындықтарының, пішінінің өзгеруіне тәуелділігі. Жазықтықта түзулердің өзара орналасуы: қиылысатын, параллель және перпендикуляр түзулер. Жазық

фигуралардың қиылысуы мен бірігуі, олардың аймақтары. Түзуге қатысты симметриялы және симметриялы емес жазық фигуралар. Жазық фигуралардың симметрия осі. Түзуге қатысты симметриялы нүктелерді торкөзді қағазда салу. Торкөзді қағазда қиылысатын, параллель және перпендикуляр түзулерді кескіндеу. Берілген периметрі және ауданы бойынша тік төртбұрыш пен шаршы, берілген радиусы бойынша шеңбер, перпендикуляр түзулер салу алгоритмі. Дөңгелек пен шеңберде белгіленген нүктелердің орналасуы.

4) *«Есептер. Есептерді шешу әдістері мен тәсілдері».*

Шамалар арасындағы тәуелділікке, бөліктерге және проценттерге берілген жай есептер. Үш амалдан артық емес құрама есептер. Жай есептерді, үш амалдан артық емес құрама есептерді, берілгенге кері есептерді талдау және шығару, модельдеу, құрама есептерді (барлық амалдарға) әртүрлі тәсілмен шығару, шешу тәсілдерін және амалдардың ретін салыстыру, есептің шешуін модельдеу, есептің шешуі мен жауабын жазу.

5) *«Жиындар. Логика және комбинаторика элементтері».*

Көп таңбалы сандардың жиындары, оларды элементтерінің белгілеріне қарай жіктеу.

Сандық жиындардың бірігуі мен қиылысуы, жиындардың бірігуіне және жиындардың қиылысуына тиісті немесе тиісті емес элементтер санын анықтау. Жиындарды белгілеу.

Демалыс және каникул, сандар, аудан бірліктері және олардың арақатынасы, әріпті теңдіктер, айнымалысы бар теңсіздіктер, формулалар, жиындар жайлы ақиқат және жалған пікірлер. Соңынан бастап талдауға, кестелер мен графтар құруға берілген логикалық есептер. Тізбектер: қазақ алфавитіндегі әріптер, санды және әріпті өрнектер, екінші кластың разрядтық сандары, сандардың квадраттары, бөлшек сандар (жай және ондық бөлшектер). Заттардың комбинациялары. Нұсқалар таңдау, «мүмкіндіктер тармағын (нұсқалар)» құру.

б) *Математикалық тіл.*

Математикалық терминдер, миллион көлеміндегі сандардың разрядтар мен кластар кестесі, проценттің таңбасы, әріпті теңдіктер және формулалар, жай және үштен артық емес құрама есептердің графикалық моделі. Мәліметтерді жинау және жүйелеу. Сурет, пиктограмма, сұлба, кесте, диаграмма құрастыру.

### **3.5. 5-сынып бойынша «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны:**

1) *«Сандар және шамалар». Арифметикалық амалдар.*

Миллион. Миллиондармен, ондық миллиондармен, жүздік миллиондармен санау.

Миллиард көлеміндегі сандардың жазу, оқу, салыстыру, олардың разрядтық және кластық құрамы. 1 000 000 000 саны. Натурал сандарды көрсетілген разрядқа дейін дөңгелектеу ережесі. Миллион көлеміндегі қосу мен азайтудың ауызша және жазбаша (алгоритмдері) есептеу тәсілдері. Санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге бөлу. Көп таңбалы сандарды екі таңбалы және үш таңбалы санға көбейту және бөлудің (қалдықсыз және қалдықпен) ауызша және жазбаша (алгоритмдері) есептеу тәсілдері. Микрокалькулятордың көмегімен есептеулер жүргізу. Бірдей үш көбейткіштің көбейтіндісі, санның кубы. Ондық

бөлшектерді көрсетілген разрядқа дейін дөңгелектеу ережесі. Аралас сан мен ондық бөлшектерді бүтін және бөлшектік бөліктің қосындысы түріне келтіру, бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру, бөлшек сандарды қосу және азайту.

Шамалар және олардың жаңа өлшем бірліктері: мм<sup>2</sup>, км<sup>2</sup>, га. Геометриялық фигураның көлемі оның кеңістікте өлшенетін орынды алу қасиеті ретінде, көлемнің өлшем бірліктері.

Қозғалыстағы дененің жақындау жылдамдығы және алыстау жылдамдығы. Өлшем бірліктерінің арақатысына сүйеніп ұзындықтың, массаның, ауданның, уақыттың, көлемнің, жылдамдықтың бірліктерін түрлендіру. Біртекті шама мәндерін салыстыру, қосу мен азайту және бір таңбалы, екі таңбалы, үш таңбалы сандарға көбейту мен бөлу, өзге елдердің ақшаларымен (рубль, евро, доллар) миллион көлеміндегі операциялар Шаманың сандық мәнінің бөлігі мен процентін табу, бөлігі мен проценті бойынша шаманың сандық мәнін табу.

### 2) «Алгебра элементтері».

Санды өрнектер және әріпті өрнектер ( екі және үш әріпті ), үштен артық амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз санды өрнектерді ықшамдау. Бөлшек сандардан бір амалды санды өрнектер (қосынды және айырма) құру, оқу, жазу, салыс-тыру. Үш айнымалыдан тұратын өрнек және оның мәні. Айнымалы шамалар арасындағы тәуелділік формулалары. Амалдардың белгісіз компоненті әріпті өрнек түрінде ұсынылатын теңдеулер. Айнымалысы бар теңсіздіктер және олардың шешімдер жиыны.

### 3) «Геометрия элементтері».

Тік бұрышты параллелепипед және текше (жақтары, төбелері, қырлары), оларды белгілеу. Бұрыштары мен қабырғаларына қарай үшбұрыштың түрлері. Кеңістіктік фигураларды өлшеміне қарай салыстыру. Тік бұрышты параллелепипед пен текшенің көлемі әр фигураны құрайтын текшелердің саны ретінде. Тік бұрышты параллелепипед пен текше көлемінің формулалары. Құрастырылған фигуралардың көлемі. Фигура көлемінің оның қырларының ұзындығына тәуелділігі. Кеңістік фигуралардың әр түрлі ракурстағы бейнесі. Кеңістіктік фигуралардың жазбалары. Тік бұрышты параллелепипед пен текше жазбасын кескіндеу. Торкөзді қағазда оське қатысты симметриялы кесінділер мен көпбұрыштарды салу. Тік бұрышты параллелепипед пен текше беттерінде белгіленген нүктелердің орналасуы.

### 4) «Есептер. Есептерді шешу әдістері мен тәсілдері».

Шамалар арасындағы тәуелділікке, бөліктерге және проценттерге берілген жай есептер. Төрт амалдан артық емес құрама есептер. Жай есептерді, төрт амалдан артық емес құрама есептерді, берілгенге кері есептерді талдау және шығару, модельдеу, құрама есептерді (барлық амалдарға) әртүрлі тәсілмен шығару, шешу тәсілдерін және амалдардың ретін салыстыру, есептің шешуін модельдеу, есептің шешуі мен жауабын жазу.

### 5) «Жиындар. Логика және комбинаторика элементтері».

Бөлшек сандар жиыны, оларды элементтерінің белгілеріне қарай жіктеу.

Тең жиындар, қиылысатын жиындар, қиылыспайтын жиындар, жиынның ішкі жиыны.

Мерекелер, апта күндері, жыл мезгілдерінің ай атаулары, айдағы және жылдағы күндер саны, сандар, формулалар, көлем бірліктері және олардың арақатынасы, жиындардың бірігуі мен қиылысуы, ішкі жиындар жайлы ақиқат және жалған пікірлер.

Кеңістіктік ойлауды дамытуға, жиындардың бірігуі мен қиылысуына берілген логикалық есептер. Тізбектер: орыс алфавитіндегі әріптер, теңдеулер, үшінші кластың разрядтық сандары, сандардың кубтары, бөлшек сандар (жай және ондық бөлшектер, аралас сандар).

Заттардың комбинациялары. Күнделікті өмірдегі әртүрлі мәселелерді шешумен байланысты комбинаторлық есептер.

#### *б) Математикалық тіл.*

Математикалық терминдер, миллиард көлеміндегі сандардың разрядтар мен класстар кестесі, формулалар, жай және төрттен артық емес құрама есептердің графикалық моделі. Нысанның бірқалыпты түзу сызықты қозғалысы жайлы мәліметтерді жинау және бір-біріне қарама-қарсы, қарама-қарсы бағыттағы, қуып жету және қалып қою қозғалыс сұлбасы.

### **4. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер**

#### **4.1. 1-сынып оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер:**

##### ***Білім алушы:***

– 10 көлеміндегі заттарды санаудың нәтижесі ретіндегі натурал сандарды (есептік және реттік), нөл санын;

– қосудың (азайтудың) компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты;

– тиімді есептеу үшін қосудың ауыстырымдылық қасиеті, қосу мен азайтудағы 1 мен 0-дің қасиеттерін;

– ондықтан аттамай біртаңбалы сандарды қосу кестесін;

– шамалар (ұзындық, масса, сыйымдылық (көлем), уақыт) және шамалардың өлшемдерін (см, кг, л, сағ);

– 1 тг-лік, 2 тг-лік, 5 тг-лік, 10 тг-лік монеталарды;

– геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық, сынық, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтарды, кесіндіні, сәулені, бұрышты;

– қарапайым геометриялық фигуралардың атауларын;

– мәтінді математикалық есептердің компоненттерін;

– бірінші сыныпта оқытылатын математикалық ұғымдармен және олардың қасиеттерімен, әрекет тәсілдерімен байланысты терминдерді;

– «+», «-», «≠», «=», «>» таңбалары мен цифрларды, белгісіз сан таңбасын (□) біледі.

##### ***Білім алушы:***

– заттарды санаудың нәтижесі ретіндегі натурал сандардың (есептік және реттік) құрылуын, санауға болатын заттың жоқтығын сипаттайтын нөл санын (натурал емес);

– базалық санау бірлігі ретіндегі бір санын;

- ортақ элементтері болмайтын жиындардың бірігуі ретіндегі қосу амалынын;
- жиынның бөлігін бөліп алу ретіндегі азайту амалын;
- қосу мен азайтудың өзара кері амал екенін;
- қосудың (азайтудың) компоненттері мен нәтижесінің арасындағы байланысты;
- шамалардың (ұзындық, масса, сыйымдылық (көлем), уақыт) сандық мәнін түсінеді;
- теңдікті, теңсіздікті таниды (ажыратады);
- бір амалдан тұратын өрнектерді (қосынды, айырма) құрады, оқиды, жазады және ажыратады;
- фигураларды (нүкте, түзу, кесінді, сәуле, сызықтар) ажырата алады;
- математикалық жаттығулардың ерекше түрі ретіндегі есепті;
- белгілі бір қасиетіне қарай біріктірілген нысандардың жиынтығы ретіндегі жиынды, теңсанды жиындардың элементтерінің саны бірдей болатынын, бос жиында бірде-бір элементтің болмайтынын, жиындардың бірігуіне қосу, ал жиынның бөлігін бөліп алуға азайтудың сәйкес келетінін **түсінеді**.

***Білім алушы алған білімін үлгі бойынша:***

- 1-ден үстемелеп және шегермелеп санайды, біртаңбалы натурал сандарды тура және кері бағытта атайды;
- біртаңбалы сандардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды;
- біртаңбалы сандардың және 10 санының құрамын анықтайды;
- біртаңбалы сандарды оқиды, жазады, салыстырады;
- қосудың (азайтудың) компоненттері мен нәтижесінің байланысын қолданады;
- тиімді есептеулер жүргізу үшін қосудың ауыстырымдылық қасиетін, қосу мен азайтудағы 1 мен 0-дің қасиетін қолданады;
- 10 көлемінде бөліктер бойынша, санның натурал қатардағы орны, қосылғыштардың орындарын ауыстыру, қосу мен азайтудың өзара кері екендігі негізінде қосу мен азайтуды орындайды;
- ондықтан аттамай біртаңбалы сандарды қосу кестесі мен азайтуды ауызша орындайды;
- ұзындықтың (см), массаның (кг), сыйымдылықтың (л), уақыттың (сағ) сандық мәндерін қосу мен азайтуды орындайды;
- өлшеу үшін шамалардың өлшемдерін (см, кг, л, сағ) қолданады және шаманың сандық мәнін анықтайды;
- 12 сағаттық форматта циферблат бойынша сағатпен уақытты анықтайды;
- теңдікке ( $x = \square$ ) және теңсіздікке ( $x < \square$ ,  $x > \square$ ) лайық санды анықтайды;
- пішіні бойынша фигураларды салыстырады және олардың арасындағы «бірдей» немесе «эртүрлі» қатынасты анықтайды;
- қолда бар материалдардың көмегімен түзу, қисық, сынық сызықтарды және бұрышты модельдейді;

- кесінділердің ұзындықтарын өлшейді және салыстырады, кесінділердің ұзындықтарының қосындысын табады;
  - торкөзді қағазда кесінді сызады;
  - суреттің сюжеті және сөздік сипаттамасы бойынша қосу мен азайтуға берілген жай есептердің шарты мен сұрағын (белгілі мен ізделінді) бөле алады;
  - бір амалды есепті сурет, сұлба түрінде модельдейді;
  - қосу мен азайтуға берілген есептің амалын таңдап алу мен шешу тәсілін түсіндіре алады;
  - табиғаттағы құбылыстар, сандар, теңдіктер мен теңсіздіктер жайлы тура және тура емес пікірлерді анықтайды;
  - санды теңдіктерді жазады және оқиды, пікірдің тура не тура емес екенін анықтайды;
  - сюжетті сурет, сандық фигура, заттармен практикалық әрекеттер көмегімен жиындардың бірігуін және жиынның бөлігін бөліп алуды иллюстрациялап көрсетеді;
  - екі жиынның бірігуіндегі және жиынның бөліп алынған бөлігі мен қалған бөлігіндегі элементтердің санын анықтайды;
  - «+», «-», «≠», «=», «>» таңбалары мен цифрларды, белгісіз сан таңбасын (□) пайдаланады;
  - сан сәулесінде нүктелерді белгілейді және нүктелердің бірі-біріне қатысты орналасуын, «көрші» сандарды, сандар аралығы мен ретін анықтайды;
- Білім алушы алған білімін жаңа жағдайда:***
- 10-ға дейінгі сандарды 2-ден санауды көрсетеді және 2, 4, 6, 8, 10 сандарының жартысын табады;
  - 1 тг-лік, 2 тг-лік 5 тг-лік, 10 тг-лік монеталармен түрлі әрекеттер орындайды;
  - өрнектерді (қосынды, айырма) салыстырады және қатынастарды («тең», «артық», «кем») анықтайды, қосындының және айырманың мәнін табады;
  - жазықтықта (торкөзді қағазда) нүктені, түзуді, кесіндіні, сәулені кескіндейді;
  - қосу мен азайтуға берілген жай есептің шешуін санды теңдік (сол жағында құрылған өрнек, ал оң жағында – оның мәні) түрінде модельдейді;
  - қосындыны және қалдықты табуға, бірнеше бірлікке артық және кем санды табуға, айырмалық салыстыруға берілген жай есептерді талдайды және шығарады;
  - заттардан, тірі заттардан, фигуралардан, әріптерден және т.б. жиын құрады;
  - элементтердің түсіне, пішініне, өлшеміне, материалына қарай жиындарды жіктейді;
  - біртаңбалы сандарды құру, салыстыру, қосу мен азайтуды иллюстрациялау үшін қолда бар заттарды, сан сәулесін ***қолданады.***

***Білім алушы алған білімін шығармашылықпен:***

– кесіндіде белгіленге нүктелердің бір-біріне қатысты орналасуын (сол жақта, оң жақта, арасында, солға қарай, оңға қарай); қоршаған ортадағы заттардың орналасуын, бағытын (алдында-артында, сол жақта-оң жақта, жоғарыда-төменде, арасында, жанында, үстінде, астында, ішінде, сыртында, арасында) анықтайды;

– кері есептер (қосындыны және қалдықты табуға, бірнеше бірлікке артық және кем санды табуға, айырмалық салыстыруға) құрастырады және шығарады;

– ойын түріндегі қарапайым логикалық есептерді, цифрлары және фигуралары бар басқатырғыштарды шығарады;

– біртаңбалы натурал сандардың ретіндегі заңдылықтарды (ережені) анықтайды;

– аптадағы күндердің, жыл мезгілдерінің ауысуының, суреттердің, ойыншықтардың, фигуралардың ретін құрады;

– берілген заңдылық (ереже) бойынша 10 көлеміндегі натурал сандардың кесіндісіндегі сандардың ретін құрады және бұзылуды табады;

– қоршаған ортадағы екі, үш заттарды орналастырудың нұсқаларын құрады;

– мәліметтер жинайды және сурет, пиктограмма түрінде жүйелейді.

#### **4.2. 2-сынып оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер:**

##### ***Білім алушы:***

– 100 көлеміндегі заттарды санаудың нәтижесі ретіндегі натурал сандарды (есептік және реттік), нөл санын;

– қосудың терімділік қасиетін;

– ондықтан аттап біртаңбалы сандарды қосудың кестесін;

– екітаңбалы сандарды (разрядтан аттап және разрядтан аттамай) қосу меназайтуды;

– шамалардың стандартты (дм, м, ц, тәулік) және стандартты емес (апта, ай) бірліктерін;

– өлшеу құралдарын;

– берілген ұзындығы бойынша кесінді салуды;

– 10 тг-лік, 20 тг-лік, 50 тг-лік, 100 тг-лік, 200 тг-лік монеталарды;

– екі амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз өрнектердегі амалдардың орындалу ретін;

– геометриялық фигураларды: үшбұрышты, дөңгелекті, шаршыны, тіктөртбұрышты, текшені, шарды, цилиндрді, конусты, пирамиданы;

– екінші сыныпта оқытылатын математикалық ұғымдармен және олардың қасиеттерімен, әрекет тәсілдерімен байланысты терминдерді;

– жақшаны *біледі*.

##### ***Білім алушы:***

– санаудың ірірек өлшем бірлігін – ондықты;

– ондықтармен және бірліктермен санау нәтижесі ретіндегі екітаңбалы сандардың құрылуын;

– екітаңбалы сандардың разрядтық (ондық) құрамын;



- әріпті өрнектердегі әріптің мәнін;
  - теңсанды жиындардың бірігуі бастапқы жиын элементтерінен тұратынын, жиынды теңсанды жиындарға бөлу оны теңсанды жиындарға бөлетінін *түсінеді*.
- Білім алушы алған білімін үлгі бойынша:**
- ірірек санау бірлігі – ондықты құрады;
  - 10-нан біртіндеп қосады және азайтады, толық (разрядтық) ондықтарды тура және кері бағытта атайды;
  - екітаңбалы сандарды санның натурал қатарындағы орнын, екітаңбалы сандардың разрядтық (ондық) құрамын анықтайды, разрядтық қосылғыштарға жіктейді;
  - екітаңбалы сандарды оқиды, жазады, салыстырады;
  - рим нумерациясындағы 20-ға дейінгі сандарды оқиды, жазады;
  - өлшеу үшін шамалардың стандартты (дм, м, ц, тәул) және стандартты емес (апта, ай) бірліктерін қолданады және олардың сандық мәндерін анықтайды;
  - түрлі өлшеу құралдарының (сызғыш пен таспабау) шәкілдері бойынша ұзындықтың сандық мәнін анықтайды;
  - тиімді есептеулер жүргізу үшін қосудың терімділік қасиетін қолданады;
  - ондықтан аттап біртаңбалы сандарды қосу кестесін құрады және қолданады;
  - ондықтан аттап біртаңбалы сандарды қосу кестесін және азайтуды ауызша орындайды; ондықтарды қосу мен азайтуды; екітаңбалы санға біртаңбалы санды кестеден тыс қосуды, екітаңбалы саннан біртаңбалы санды азайтуды; разрядтан аттамайтын екітаңбалы сандарды разрядтық қосу мен азайтуды; екітаңбалы санды разрядтық және қолайлы қосылғыштарға жіктей отырып, екітаңбалы сандарды қосу мен азайтуды орындайды;
  - екітаңбалы сандарды қосу мен азайтудың (разрядтан аттап және аттамай) алгоритмін қолданады;
  - 100 көлеміндегі шамалардың сандық мәндерін салыстырады;
  - шамалардың сандық мәндерін қосады және азайтады;
  - ұзындықтың ( см, дм, м), массаның (кг, ц) өлшем бірліктері арасындағы қатынасқа сүйеніп түрлендіреді;
  - ұзындықтың сандық мәнін түрлі өлшеу құралдарының шәкілдерімен анықтайды;
  - бір амалдан тұратын санды және әріпті (бір әрпі бар) өрнектерді, екі амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз өрнектерді құрады, оқиды, жазады және ажыратады;
  - екі амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз санды және әріпті (бір әрпі бар) өрнектерді (қосынды, айырма) салыстырады;
  - осындай өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтайды;
  - санды өрнектердің және әріптің мәні берілген әріпті өрнектің мәндерін табады;
  - қосу мен азайтудағы 0 санының қасиетін әріпті теңдік түрінде көрсетіп жазады және қолданады:  $a+0=a$ ,  $a-0=a$ ;

- фигураларды ұзындығына қарай салыстырады және олардың арасындағы «ұзын» және «қысқа» қатынастарын анықтайды;
- нүктені, кесіндіні, сәулені, түзуді әріппен белгілейді, белгіленуі бойынша атайды және оқиды;
- сызғыштың көмегімен берілген ұзындығы бойынша кесінді сызады;
- көпбұрыштың (үшбұрыштың, шаршының, тіктөртбұрыштың) қабырғаларын өлшейді және салыстырады;
- сынық сызықтың ұзындықтарын анықтайды және көпбұрыштың барлық қабырғаларының қосындысын табады;
- қосу мен азайтудағы 0-дің қасиетін әріпті теңдік түрінде жазады, оны пікір ретінде оқиды және әріптің әртүрлі мәндерінде тура екенін тексереді;
- жылдағы айлардың реті, оқушының күн режимі бойынша әрекетінің ретін құрады;
- қосу мен азайтуға берілген жай және құрама (екі амалды) есептердің шарты мен сұрағын (белгілі мен ізделінді) мәтін бойынша бөліп көрсетеді;
- бір және екі амалды есептерді сурет, сызба, қысқаша жазу түрінде модельдейді;
- қосу мен азайтуға берілген жай есептерді санды теңдік; қосу мен азайтудың белгісіз компоненттерін, тура және жанама түрде тұжырымдалған «артық», «кем» қатынастарын берілген есептерді теңдеу; екі амалды құрама есепті түсіндірмесі жоқ санды теңдік түрінде модельдейді;
- екі амалды есептің жауабының шартына сәйкестігін түсіндіреді;
- қосындыны және қалдықты табуға, қосу мен азайтудың белгісіз компоненттерін табуға, тура және жанама түрде тұжырымдалған бірнеше бірлікке артық және кем санды табуға, айырмалық салыстыруға берілген жай есептерді талдайды және шығарады;
- екінші сыныпта оқытылатын математикалық ұғымдармен және олардың қасиеттерімен, әрекет тәсілдерімен байланысты терминдерді қолданады;
- қосу мен азайтудың таңбаларын («+», «-»), қатынас таңбаларын («=», «>», «<»), теңдеудегі белгісіз санды және өрнектердің (қосынды, айырма) компоненттерін белгілеу үшін латын алфавитінің кіші әріптерін қолданады;
- нүктелерді, кесінділерді, сәулелер мен түзулерді латын алфавитінің бас әріптерімен белгілейді, белгіленуі бойынша атайды және жазады;
- екітаңбалы сандарды құру, салыстыру, разрядтар бойынша қосу мен азайтуды иллюстрациялау үшін ондықтардың моделін, екітаңбалы сандардың графикалық модельдерін қолданады;

***Білім алушы алған білімін жаңа жағдайда:***

- сандарды 20-ға дейін 2-ден, 30-ға дейін 3-тен, 40-қа дейін 4-тен, 50-ге дейін 5-тен топтан санауды және заттардың топтарын 2, 3, 4, 5 тең бөліктерге бөлуді көрсетіп береді;
- екі жиынды біріктіру, жиынды бөліктерге бөлу жағдайын модельдейді және қосу мен азайту амалдарының көмегімен сипаттап береді;
- 10 тг-лік, 20 тг-лік, 50 тг-лік, 100 тг-лік, 200 тг-лік және 1-сыныпта өткен 1 тг-лік, 2 тг-лік, 5 тг-лік монеталармен түрлі әрекеттер орындайды;

- араб және рим нумерациясындағы циферблат бойынша уақытты: сағат пен минутты анықтайды;
- санды теңдікті, санды теңсіздікті, әріпті өрнекті, әріпті өрнекті, теңдеуді таниды және ажыратады;
- теңдеуді «сынап көру» тәсілімен табады;
- жазық, кеңістік фигураларды ажыратады және жіктейді, оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіреді;
- геометриялық фигуралардың жиынын құрады, жиындарды фигуралардың түсіне, пішініне, өлшеміне қарай жіктейді;
- теңсанды жиындардың бірігуін және жиынды теңсанды бөліктерге бөлуді сурет, сызба, заттармен практикалық әрекеттер көмегімен иллюстрациялап береді;
- теңсанды жиындардың бірігуіндегі, жиынның бөлініп алынған бөлігіндегі элементтер санын анықтайды;
- қоршаған ортаның заттары; сандар, санды және әріпті теңдіктер, ұзындық бірліктері және олардың арасындағы қатынастар жайлы тура және тура емес пікірлерді анықтайды;
- жай есептерді шешудің амалын және шешу тәсілін; амалдарды таңдаудың және олардың ретін, қосу мен азайтуға берілген екі амалды есептерді шешу тәсілін негіздеп береді;
- жанама түрде тұжырымдалған бірнеше бірлікке артық не кем санды табуға берілген жай есептерді талдайды және шығарады;
- екі амалды (қосу мен азайтуға берілген жай есептердің комбинациясы) есептерді талдайды және шығарады, мүмкін болатын әртүрлі шешу тәсілдерін түсіндіреді және салыстырады, әлдеқайды тиімдісін анықтайды;
- сызық бойынша орналастырылған нүктелердің бір-біріне қатысты орналасуын (сол жақта, оң жақта, арасында, солға қарай, оңға қарай, жоғарыда, төменде) анықтайды;
- жазықтықта (торкөзді қағазда) бұрышты, түзу, қисық және сынық сызықтарды (тұйықталған және тұйықталмаған), жазық фигураларды (үшбұрыш, төртбұрыш) кескіндейді.

***Білім алушы алған білімін шығармашылықпен:***

- жазық фигуралардың модельдерін дайындайды, оларды бөліктерге бөледі және олардан композициялар құрастырады;
- сәйкестік пен ақиқаттығын тағайындауға арналған логикалық есептерді, түрлі сандармен басқатырғыштарды шығарады, ребустарды (математикалық емес мазмұнды) шешеді;
- толық ондықтар мен 100 көлеміндегі сандар тізбегінің заңдылығын (ережесін) анықтайды;
- қосындылар мен айырмалардың, 100 көлеміндегі натурал сандар кесіндісіндегі сандардың тізбегін берілген заңдылық (ереже) бойынша құрады және ондағы бұзылуды табады;
- қоршаған ортадағы заттардан «екіден» комбинациялар нұсқасын құрады;

- кері есептер (қосындыны және қалдықты, қосу мен азайтудың белгісіз компоненттерін, тура және жанама түрде тұжырымдалған бірнеше бірлікке артық не кем санды табуға, айырмалық салыстыруға берілген) құрастырады және шығарады;
- мәліметтерді жинайды және сурет, пиктограмма, сызба түрінде жүйелейді.

#### **4.3. 3-сынып оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер:**

##### ***Білім алушы:***

- 1000 көлеміндегі заттарды санаудың нәтижесі ретіндегі натурал сандарды (есептік және реттік);
- ірірек санау білгігі – жүздікті;
- үштаңбалы сандардың разрядтық құрамын;
- көбейтудің (бөлудің) компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты;
- тиімді есептеулер жүргізу үшін көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін, көбейту мен бөлудегі 1 мен 0-дің қасиеттерін; санды 0-ге бөлуге болмайтынын;
- біртаңбалы сандарды көбейту кестесін;
- үштаңбалы сандарды ауызша қосу мен азайту тәсілдерін;
- ондықтарды, жүздіктерді біртаңбалы санға көбейту мен бөлудің ауызша тәсілдерін;
- үштаңбалы сандарды қосу мен азайтудың алгоритмдерін;
- амалдардың орындалу ретін;
- массаны анықтау үшін өлшеу құралдарын;
- шамалардың стандартты бірліктерін (мм, км, г, т, с), оларды өлшеу үшін қолдануды және сандық мәнін анықтауды;
- сағаттың әр түрлерін;
- 24 сағаттық форматта циферблат бойынша уақытты: сағатты, минутты, секундты анықтауды;
- 200 тг-лік, 500 тг-лік, 1 000 тг-лік монеталар мен купюраларды;
- бұрыштардың түрлерін (тік, сүйір, доғал);
- көпбұрыштарды;
- үшінші сыныпта оқытылатын математикалық ұғымдармен және олардың қасиеттерімен, әрекет тәсілдерімен байланысты терминдерді ***біледі***.

##### ***Білім алушы:***

- жүздіктермен, ондықтармен және бірліктермен санау нәтижесі ретіндегі үштаңбалы сандарды құруды түсінеді;
- айнымалысы бар теңсіздікті, санды теңсіздікті, теңдеуді, әріпті теңдікті; жақшалы және жақшасыз бір және екі амалды санды және әріпті (екі әрпі бар) өрнектерді (қосынды, айырма, көбейтінді, бөлінді); бір айнымалысы бар өрнектерді ажыратады;
- теңсанды жиындардың бірігуінің көбейтуге, жиынды тең бөліктерге және әр бөлігінде бірнешедең болатын бөліктерге бөлу – бөлуге сәйкес келетінін;
- көбейту мен бөлудің өзара кері амалдар екенін ***түсінеді***.

***Білім алушы алған білімін үлгі бойынша:***

- санаудың ірірек бірлігі – жүздікті құрады;
- 100-ден үстемелейді және шегермелейді, толық (разрядтық) жүздіктерді тура және кері бағытта атайды;
- үштаңбалы сандардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды;
- үштаңбалы сандардың разрядтық құрамын, разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтайды, разрядтық қосылғыштарға жүктейді;
- үштаңбалы сандарды оқиды, жазады, салыстырады;
- үлестерді оқиды, жазады, салыстырады;
- тиімді есептеулер жүргізу үшін көбейтудің (бөлудің) компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты, көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін, көбейту мен бөлудегі 1 мен 0-дің қасиеттерін қолданады;
- біртаңбалы сандардың көбейту кестесін құрады және қолданады;
- жүздіктерді ауызша қосу мен азайтуды; разрядтан аттамай үштаңбалы сандарды разрядтық қосу мен азайтуды; разрядтық және қолайлы қосылғыштарға жіктеу арқылы үштаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу және азайтуды; екітаңбалы сандарға келтірілген үштаңбалы сандарды қосу және азайтуды орындайды;
- үштаңбалы сандарды қосу мен азайту (разрядтан аттамай және аттап) алгоритмдерін орындайды;
- біртаңбалы санға кестелік көбейту және бөлуді (қалдықпен және қалдықсыз); ондықтарды, жүздіктерді біртаңбалы санға көбейту мен бөлуді ауызша орындайды;
- санның үлесін, үлесі бойынша санды табады;
- өлшеу үшін шамалардың стандартты бірліктерін (мм, км, г, т, с) қолданады және шамалардың сандық мәндерін анықтайды;
- циферблат бойынша 24 сағаттық форматтағы әртүрлі сағаттардың көмегімен уақытты: сағатты, минутты, секундты анықтайды;
- ұзындықтың ( см, дм, м, км), массаның (г, кг, ц, т), уақыттың (сағ, мин, тәул) өлшем бірліктері арасындағы қатынасқа сүйеніп, өлшем бірліктерін түрлендіреді;
- 1 000 көлеміндегі шамалардың сандық мәндерін салыстырады;
- шамалардың сандық мәндерін біртаңбалы санға қосу мен азайтуды, кестелік көбейту мен бөлуді орындайды;
- шама (ұзындығы мен масса) бірліктерінің үлесін және үлесі бойынша шаманың бірлігін табады;
- бір және екі амалды жақшалы және жақшасыз санды және әріпті (екі әрпі бар) өрнектерді (қосынды, айырма, көбейтінді, бөлінді), бір айнымалысы бар өрнектерді құрады, оқиды, жазады және ажыратады;
- санды өрнектер мен бір және екі амалды жақшалы және жақшасыз әріпті (екі әрпі бар) өрнектерді (қосынды, айырма, көбейтінді, бөлінді) салыстырады;
- осындай өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтайды;

- санды өрнектердің және әріптің мәні берілген әріпті өрнектердің мәнін табады;
- көбейту мен бөлудегі 0 мен 1-дің қасиеттерін;  $a \cdot 0 = 0$ ,  $0 : a = 0$ ,  $a : 1 = a$ ,  $a \cdot 1 = a$ ; санды 0-ге бөлуге болмайтынын:  $a \neq 0$ ; қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін:  $a + b = b + a$ ;  $a \cdot b = b \cdot a$ ; әріпті өрнек түрінде көрсетеді;
- көбейту мен бөлудегі 0 мен 1-дің қасиеттерін; қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін әріпті теңдік түрінде жазады; пікір ретінде оқиды және әріптің әртүрлі мәнінде тура екенін тексереді;
- теңдеуді «сынап көру» тәсілімен және амалдардың компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысқа сүйеніп, теңдеулерді шешеді;
- бұрыштардың, көпбұрыштардың және төртбұрыштардың түрлерін таниды және атайды;
- шамасы бойынша бұрыштарды салыстырады және олардың арасындағы «артық» не «кем» қатынастыраны анықтайды;
- бұрыштарды өлшейді және салыстырады, бұрыштардың градустық өлшемін анықтайды;
- барлық қабырғаларының ұзындықтарының қосындысы ретіндегі көпбұрыштың периметрін анықтайды;
- бұрышты, көпбұрышты әріппен белгілейді, белгіленуі бойынша атайды және жазады;
- позиция, бағыт және қозғалыс жайлы нұсқауға сай жазықтықта (торкөзді қағазда) бұрышты (тік, сүйір, доғал), тіктөртбұрышты, шаршы мен тікбұрышты үшбұрышты кескіндейді;
- теңсанды жиындардың бірігуіндегі элементтер санын, жиынды теңсанды жиындарға бөлгендегі бір бөліктегі элементтер саны мен теңсанды бөліктер санын анықтайды;
- мәтін бойынша жай және құрама (екі амалды) есептердің (барлық амалдарға берілген) шарты мен сұрағын бөліп көрсетеді;
- бір және екі амалды есептерді сурет, сызба, қысқаша жазу, кесте түрінде модельдейді;
- көбейту мен бөлуге, үлестерге, шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шешудегі амал мен тәсілді таңдауды; амалдарды және олардың ретін, екіден артық емес амалдан (барлық амалдарға берілген) тұратын есепті шешу тәсілін таңдауды негіздеп береді;
- екіден артық емес амалдан тұратын есептің жауабын оның шартына сәйкестігін түсіндіреді;
- барлық амалдарға берілген жай есептердің барлық түрлерінің шешулерін, үлесті табуды санды теңдік, шамалар арасындағы тәуелділікті санды теңдік және айнымалысы бар өрнектер; амалдардың белгісіз компоненттерін табуға, жанама түрде тұжырымдалған «артық», «кем», «есе артық», «есе кем» қатынастарына, шамалар арасындағы тәуелділікке, үлесі бойынша санды табуға берілген жай есептерді теңдеу түрінде; екі амалдан артық емес құрама есептерді түсіндірмесі бар амалдар бойынша санды теңдік түрінде модельдейді;

– бірдей қосылғыштардың қосындысын; бірнеше бөліктерге және тең бөліктерге бөлуге, көбейту мен бөлудің белгісіз компоненттерін табуға, тура және жанама түрде тұжырымдалған бірнеше бірлікке есе артық не кем санды табуға, еселік салыстыруға, шамалар арасындағы тәуелділікке (тауардың бағасы, саны мен құны; бір заттың массасы, заттың саны, жалпы массасы; бір затқа кеткен шығын, заттың саны, жалпы шығын) негізделген, шаманың үлесі мен үлесі бойынша санды табуға берілген жай есептерді талдайды және шығарады; кері есептер құрастырады және шығарады;

– бұрыштарды, көпбұрыштарды, олардың төбелерін, қабырғалары мен бұрыштарын латын алфавитінің бас әріптерімен белгілейді, белгіленуі бойынша атайда және жазады;

– амал таңбаларын («+», «-», «×», «·», «:»), қатынас таңбаларын («=», «>», «<»), теңдеулердегі белгісіз санды және өрнектердегі (қосынды, айырма, көбейтінді, бөлінді) компоненттерді, әріпті теңдіктерді белгілеу үшін латын алфавитінің кіші әріптерін қолданады;

– үшінші сыныпта оқытылатын математикалық ұғымдармен және олардың қасиеттерімен, әрекет тәсілдерімен байланысты терминдерді қолданады.

### ***Білім алушы алған білімін жаңа жағдайда:***

– заттармен, суреттермен, сызбалармен практикалық әрекеттер орындау арқылы көбейту мен бөлудің мәнін көрсетіп береді;

– нысанды (бүтінді) және шаманы тең бөліктерге бөлу нәтижесі ретіндегі үлесті шығаруды көрсетіп береді;

– өлшеу құралдарындағы (шәкілі бар және жоқ) массаның сандық мәнін анықтайды;

– 200 тг-лік, 500 тг-лік, 1 000 тг-лік монеталармен және купюралармен түрлі әрекеттер орындайды;

– бұрыштық пен сызғыштың көмегімен бұрыш, тіктөртбұрыш пен шаршыны (берілген қабырғалары бойынша), тік бұрышқа іргелес жатқан екі қабырғасы бойынша тікбұрышты үшбұрыш салады;

– жазық фигураға белгіленген нүктелерді (ішінде, шегарасында, сол жағында, оң жағында, жоғарыда, төменде) анықтайды;

– мың көлеміндегі натурал сандар жиыны құрады және сандардың натурал қатарындағы кесіндідегі санның орны мен цифрлар санына қарай сандық жиындарды жіктейді;

– күн режімі жайлы тура және тура емес пікірлерді анықтайды;

– сандар, әріпті теңдіктер мен теңдеулер, уақыт мен массаның бірліктері, бірліктер арасындағы арақатынас жайлы тура және тура емес пікірлерді анықтайды;

– толық ондықтар, үлестер мен 100 көлеміндегі сандар тізбегіндегі заңдылықты (ережені) анықтайды;

– екіден артық емес амалды есепті (барлық амалдарға берілген жай есептердің комбинациялары) талдайды және шығарады; оларды шешудің барлық мүмкін тәсілдерін салыстырады және әлдеқайда тиімдісін анықтайды;

– үштанбалы сандарды құру, салыстыру, разрядтық қосу мен азайтуды иллюстрациялау үшін жүздіктердің моделін, үштанбалы сандардың графикалық модельдерін; үлестерді құру мен салыстыруды иллюстрациялау үшін кесінділердің және жазық фигуралардың бөліктерін *қолданады*.

***Білім алушы алған білімін шығармашылықпен:***

– бұрыштарды, көпбұрыштарды жіктейді, оларды қоршаған орта заттарымен сәйкестендіреді;

– қолда бар материалдарды пайдаланып, тік, сүйір, доғал, жазық бұрыштарды модельдейді;

– құю мен өлшеуге арналған басқатырғыштарды, логикалық есептерді, сандық есептерді, бірдей цифрлардан тұратын басқатырғыштарды шығарады, ребус математикалық мазмұнды) шешеді;

– сабақ кестесіне сай мектептегі күнделікті сабақтардың ретін, сабақтағы оқушының әрекетінің ретін құрады;

– көбейтінділер мен бөлінділердің, үлестердің, берілген заңдылық (ереже) бойынша 1000 көлеміндегі натурал сандардың сан кесіндісіндегі сандардың ретін құрады және бұзылуды табады;

– қоршаған ортадағы заттардан «үштен» комбинациялардың нұсқаларын құрады;

– мәліметтерді жинайды және сурет, пиктограмма, сызба, кесте түрінде жүйелейді.

#### **4.4. 4-сынып оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер:**

***Білім алушы:***

– миллион көлеміндегі натурал сандарды (есептік және реттік);

– ірірек санау бірлігі – мыңды;

– миллион көлеміндегі сандардың разрядтық және кластық құрамын;

– мыңдар класы сандарын қосу және азайту алгоритмдерін;

– мыңдар класы сандарын ауызша көбейту және бөлу тәсілдерін;

– өтілген сандар аймағындағы көбейту мен бөлудің (қалдықпен және қалдықсыз) алгоритмдерін;

– бөлімдері бірдей бөлшектерді, үтірден кейінгі екіден артық емес ондық бөлшектердің қосу мен азайту алгоритмдері;

– біртаңбалы сандар мен 10 санының квадраты;

– санның проценті мен бөлігін және проценті мен бөлігі бойынша санын табу ережесін;

– сандар мен ондық бөлшектерді дөңгелектеу ережесін; бөлімдері бірдей және алымдары бірдей бөлшектерді салыстыруды; ондық бөлшектерді салыстыруды;

– есептерді шешудің арифметикалық және алгебралық тәсілдерін;

– шамалардың стандартты бірліктері (жыл, ғасыр, см<sup>2</sup>, дм<sup>2</sup>, м<sup>2</sup>, ар, км/сағ, км/мин, м/сағ, м/мин) ;



– ұзындықтың (мм, см, дм, м, км), массаның (г, кг, ц, т), ауданның ( $\text{см}^2$ ,  $\text{дм}^2$ ,  $\text{м}^2$ ), уақыттың (с, мин, сағ, тәул), жылдамдықтың (км/сағ, км/мин, м/сағ, м/мин) өлшем бірліктері арасындағы қатынасты;

– 200 тг, 500 тг, 1 000 тг, 2 000 тг, 5 000 тг, 10 000 тг, 20 000 тг купюралар;

– санды өрнектерді ықшамдау және амалдардың компоненттері мен нәтижелері арасындағы өзара байланысқа сүйеніп, теңдеуді шешу тәсілдерін;

– шеңбер мен дөңгелекті;

– тіктөртбұрыштың, шаршының, тікбұрышты үшбұрыштың периметрі мен ауданын табу формулаларын:  $P=(a+b)\cdot 2$ ,  $P=4\cdot a$ ,  $P=a+b+c$ ,  $S=a\cdot b$ ,  $S=a^2$ ,  $S=(a\cdot b):2$ ;

– төртінші сыныпта оқытылатын математикалық ұғымдармен және олардың қасиеттерімен, әрекет тәсілдерімен байланысты терминдерді **біледі**.

### ***Білім алушы:***

– бірінші және екінші класс бірліктерінен миллион көлеміндегі көптаңбалы сандарды құруды;

– нысан (бүтін) мен шаманы бір немесе бірнеше тең бөліктерге бөлу, екі натурал санның бөліндісі ретіндегі үлесті, бүтіннің жүзден бір бөлігі ретіндегі процентті, бөлімдері 10, 100 болатын ондық бөлшектерді жазу ретіндегі ондық бөлшектерді құрады;

– екі бірдей көбейткіштердің көбейтіндісі ретіндегі санның квадратын;

– көбейтудің терімділік және үлестірімділік қасиетін, қосындыны санға көбейту ережесін, қосындыны және көбейтіндіні санға бөлуді;

– әріпті теңдіктер мен формулаларды; шамалар арасындағы тәуелділік формулаларын;

– оське (түзуге) қатысты симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды;

– жиындардың бірігуі мен қиылысуының мәнін;

– латын алфавитінің бас әріптерімен жиындарды белгілеу қабылданғанын **түсінеді**.

### ***Білім алушы алған білімін үлгі бойынша:***

– ірірек санау бірлігі – мыңды құрады;

– 1000-нан үстемелейді және шегермелейді; толық мыңдықтарды тура және кері бағытта атайды;

– екінші класс сандарының сандардың натурал қатарындағы орнын анықтайды;

– миллион көлеміндегі сандардың разрядтық және кластық құрамын, разрядтық бірліктердің барлық санын, әр кластың бірліктерін анықтайды, бірінші және екінші класс бірліктерінің қосындысына жіктейді;

– үтірден кейінгі екі таңбаға дейінгі ондық бөлшектердің разрядтық құрамын анықтайды;

– миллион көлеміндегі сандарды оқиды, жазады, салыстырады;

– көптаңбалы сандарды берілген разрядқа дейін соңында нөлі бар өзіне жақын санмен алмастырады;

- дұрыс, бұрыс бөлшекті, аралас сандарды ажыратады;
- жай бөлшектерді, аралас сандарды, проценттерді, үтірден кейінгі екі таңбадан артық емес ондық бөлшектерді оқиды, жазады;
- процентті бөлімі 100 болатын бөлшек түрінде және керісінше бөлшектерді бөлімі 100 болатын процент түрінде жазады;
- бөлімдері бірдей және алымдары бірдей бөлшектерді, үтірден кейін екіден артық емес таңбалары бар ондық бөлшектерді салыстырады;
- ондық бөлшекті жақын санмен және үтірден кейінгі кіші таңбасы бар жақын бөлшекпен алмастырады;
- нысан (бүтін) мен шаманы бір немесе бірнеше тең бөліктерге бөлу, екі натурал санның бөліндісі ретіндегі үлесті, бүтіннің жүзден бір бөлігі ретіндегі процентті, бөлімдері 10, 100 болатын ондық бөлшектерді жазу ретіндегі ондық бөлшектерді құруды көрсетіп береді;
- бөлімдерін сақтай отырып, сәйкес алымдарын қосу және азайту түріндегі бөлімдері бірдей бөлшектерді, бүтін және бөлшектік бөліктерін қосу мен азайту түріндегі үтірден кейін екіден артық емес таңбасы бар ондық бөлшектерді қосу және азайтуды көрсетіп береді;
- тиімді есептеулер жүргізу үшін көбейтудің терімділік және үлестірімділік қасиеттерін, қосындыны санға көбейту, қосындыны санға бөлу тәсілдерін қолданады;
- миллион көлеміндегі сандармен амалдар орындағанда біртаңбалы сандарды қосу мен көбейту кестесін қолданады;
- мыңдарды қосу мен азайту; кестелік жағдайларға немесе екітаңбалы сандарды есептеулерге келтірілген төрттаңбалы сандарды қосу мен азайтуды ауызша орындайды;
- мыңдар класындағы сандарды қосу және азайту алгоритмін орындайды;
- мыңдар разрядындағы сандарды біртаңбалы санға көбейту мен бөлуді; біртаңбалы, екітаңбалы, үштаңбалы сандарды 10, 100, 1 000 сандарына көбейту және көптаңбалы сандарды осы сандарға (қалдықсыз және қалдықпен) бөлуді, қосындыны санға көбейту, қосындыны санға бөлу ережесіне сүйеніп, екі және үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға көбейту мен бөлуді; екітаңбалы санды екітаңбалы санға бөліндінің мәнін таңдау әдісі арқылы бөлуді ауызша орындайды;
- сандарды біртаңбалы санға көбейту мен бөлудің (қалдықсыз және қалдықпен), екітаңбалы, үштаңбалы және төрттаңбалы сандарды біртаңбалы санға (разрядтан аттамай және разрядтан аттап) көбейту мен бөлу; кейбір разрядтарда, көбейтінді мен бөлудің мәнінде нөл болған жағдайдағы үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмін қолданады;
- бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу мен азайту алгоритмін, үтірден кейінгі екі таңбадан артық емес ондық бөлшектерді қосу мен азайту алгоритмдерін орындайды;
- біртаңбалы сандардың және 10 санының квадратын табады;
- санның бөлігі мен процентін және бөлігі мен проценті бойынша санды табады;

- өлшеу үшін шамалардың стандартты бірліктерін (жыл, ғасыр, см<sup>2</sup>, дм<sup>2</sup>, м<sup>2</sup>, ар, км/сағ, км/мин, м/сағ, м/мин) қолданады және сандық мәнін анықтайды;
- ұзындықтың, (мм, см, дм, м, км), массаның (г, кг, ц, т), ауданның (см<sup>2</sup>, дм<sup>2</sup>, м<sup>2</sup>), уақыттың (с, мин, сағ, тәул), жылдамдықтың (км/сағ, км/мин, м/сағ, м/мин) өлшем бірліктері арасындағы қатынасқа сүйеніп, өлшем бірліктерін түрлендіреді;
- 1 000 000 көлеміндегі шамалардың сандық мәндерін салыстырады;
- шаманың сандық мәнін біртаңбалы санға қосу мен азайтуды, көбейту мен бөлуді орындайды;
- шаманың (ұзындық, масса, аудан) сандық мәнінің бөлігі мен процентін, бөлігі мен проценті бойынша шаманың сандық мәнін табады;
- екі, үш амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз санды және әріпті өрнектерді (үш әрпі бар), екі айнымалысы бар өрнектерді, бөлімдері бірдей және үтірден кейін екі таңбасы бар ондық бөлшектерден тұратын санды өрнектерді (қосынды мен айырма) оқиды, жазады және ажыратады;
- екі және үш амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз санды өрнектерді, әріпті өрнектерді (үш әрпі бар) салыстырады;
- осындай өрнектердегі амалдарды орындаудың ретін анықтайды;
- санды өрнектердің және әріптің мәні берілген әріпті өрнектердің мәндерін табады;
- үш амалдан тұратын санды өрнектерді ықшамдайды;
- бөлімдері бірдей жай бөлшектерден және үтірден соң екі таңбасы бар ондық бөлшектерден тұратын өрнектердің (қосынды және айырма) мәндерін табады;
- қосу мен көбейтудің терімділік қасиеттерін:  $a+(b+c)=(a+b)+c$ ,  $a\cdot(b\cdot c)=(a\cdot b)\cdot c$ ; қосу мен азайтуға қатысты көбейтудің үлестірімділік қасиетін:  $(a+b)\cdot c = a\cdot c + b\cdot c$ ,  $(a-b)\cdot c = a\cdot c - b\cdot c$  (егер  $a > b$  не  $a = b$ ) ; шамалар арасындағы тәуелділік формулаларын  $s, v, t$ :  $s=v\cdot t$ ,  $t=s:v$ ,  $v=s:t$  әріпті тендік түрінде жазады;
- әріпті тендік пен формулаларды ажыратады; формула бойынша шамалар арасындағы тәуелділікті анықтайды;
- теңдейлерді санды өрнектерді ықшамдау және амалдардың компоненттері мен нәтижелері арасындағы өзара байланысқа сүйеніп шешеді;
- $x < \square$  және  $x > \square$  түріндегі теңсіздіктер үшін сәйкес санды табады;
- жазық фигураның ауданын палеткамен табады;
- тіктөртбұрыштың, шаршының, тікбұрышты үшбұрыштың периметрі мен ауданын құрады және қолданады:  $P=(a+ b)\cdot 2$ ,  $P=4\cdot a$ ,  $P=a+ b +c$ ,  $S=a\cdot b$ ,  $S=a^2$ ,  $S=(a\cdot b):2$ ;
- шеңбер мен дөңгелектің центрін, радиусын, диаметрін әріптермен белгілейді, белгіленуі бойынша атайды және оқиды;
- позиция, бағыт пен қозғалысты сақтай отырып, жазықтықта (торкөзді қағазда) қиылысатын, параллель және перпендикуляр түзулерді кескіндейді;
- периметр мен ауданның берілген мәні бойынша тіктөртбұрыш пен шаршыны, түзуге қатысты симметриялы нүктелерді, қиылысатын жазық фигураларды бұрыштық пен сызғыштың көмегімен, циркульдің көмегімен

берілген радиусы бойынша шеңбер мен дөңгелекті жазықтықта (торкөзді қағазда) кескіндейді;

– периметрдің және ауданның берілген мәні бойынша тіктөртбұрыш пен шаршы салады және фигураның пішінің өзгеруіне қарай оның ауданы мен периметрінің де өзгеретінін түсіндіреді;

– миллион көлеміндегі сандардың жиынын құрады және көптаңбалы сандардың кластық және разрядтық құрамына қарай және натурал сандар кесіндісіндегі санның орнына қарай жіктейді;

– қосу мен азайтудың терімділік қасиетін, қосу мен азайтуға қатысты көбейтудің үлестірімділік қасиетін әріпті теңдік түрінде жазады, пікір ретінде оқиды және әріптің түрлі мәндерінде ақиқаттығын тексереді;

– фигураның периметрі мен ауданын табудың формуласын жазады, пікір ретінде оқиды және әріптің түрлі мәндерінде ақиқаттығын тексереді;

– мәтін бойынша жай және құрама (үш амалдан артық емес) есептердің (барлық амалдарға берілген) шарты мен сұрағын (белгігі мен ізделінді) бөліп көрсетеді;

– 1-3 амалды есептерді сурет, сызба, сұлба, қысқаша жазу, кесте, диаграмма (сызықтық, бағандық және дөңгелекті) түрінде модельдейді;

– көбейту мен бөлуге, үлес пен процентке, шамалар арасындағы тәуелділікке берілген жай есептерді шешу амалы мен тәсілін таңдауды негіздейді;

– 1-3 амалды (барлық арифметикалық амалдарға берілген) есептерді шешудің амалын және амалдар ретін, тәсілдерін таңдауды негіздейді;

– үшеуден артық емес амалмен шығарылатын есептің жауабын есептеулерде болжалдайды және есептің жауабының шартына сәйкестігін түсіндіреді;

– барлық амалдарға, бөлігі мен процентін табуға берілген жай есептердің шешулерін санды теңдік, шамалар арасындағы тәуелділікке берілген жай есептердің шешулерін санды теңдік және айнымалысы бар өрнек түрінде; шамалар арасындағы тәуелділікке, санды бөлігі мен процентін табу есебінің шешуін теңдеу түрінде; үш амалдан артық емес құрама есептердің шешулерін санды теңдік; түсіндірмесі бар және түсіндірмесі жоқ амалдар бойынша модельдейді;

– санның және шаманың мәнінің бөлігі мен процентін, бөлігі мен проценті бойынша санды және шаманың мәнін табуға берілген; шамалар арасындағы тәуелділікке (бірқалыпты қозғалыстағы жылдамдық, уақыт, қашықтық; тіктөртбұрыштың (шаршының), тікбұрышты үшбұрыштың қабырғаларының ұзындықтары мен периметрі; тіктөртбұрыштың (шаршының), тікбұрышты үшбұрыштың қабырғаларының ұзындықтары мен ауданы) берілген есептерді талдайды және шығарады; кері есептер шығарады;

– шамалар арасындағы тәуелділікке, пропорционал бөлуге, екі айырма бойынша белгісізді табуға берілген 2-3 амалды (барлық амалдарға берілген жай есептердің комбинациялары) есептерді талдайды және шығарады, оларды шешудің барлық мүмкін тәсілдерін түсіндіреді және салыстырады, әлдеқайда тиімдісін анықтайды;

– көптанбалы сандарды құру, салыстыру, разрядтар бойынша қосу мен азайтуды иллюстрациялау үшін миллион көлеміндегі разрядтар мен кластар кестесін, үтірден кейінгі екіден артық емес таңбасы бар ондық бөлесті иллюстрациялау үшін ондық бөлшектердің разрядтар кестесін, бөлімдері бірдей жай бөлшектерді, үтірден кейін бір таңбасы бар ондық бөлшектерді құру және салыстыру, қосу мен азайтуды иллюстрациялау үшін кесіндінің және жазық фигуралардың бөліктерін, сан сәулесін қолданады;

– шеңбердің центрін, радиусы мен диаметрін латын алфавитінің бас әріптерімен белгілейді, белгіленуі бойынша оқиды және жазады;

– жиындарды, көпбұрыштардың периметрі мен ауданын жазу үшін латын алфавитінің бас әрпін, көпбұрыш қабырғаларын және айнымалы шамаларды жазу үшін кіші әріпті, процентті жазу үшін %, бұрыштың градустық өлшемі жазуда <sup>0</sup> таңбасын қолданады.

***Білім алушы алған білімін жаңа жағдайда:***

– жазық геометриялық фигуралардың ауданын палеткамен квадрат сантиметрмен өлшеуді көрсетіп береді;

– 200 тг, 500 тг, 1 000 тг, 2 000 тг, 5 000 тг, 10 000 тг, 20 000 тг купюралармен түрлі әрекеттер орындайды;

– екі және үш амалды жақшалы және жақшасыз санды және әріпті (үш әрпі бар) өрнектерді, екі айнымалысы бар өрнектерді, бөлімдері бірдей жай бөлшектерден және үтірден кейін екі таңбасы бар ондық бөлшектерден тұратын санды өрнектерді (қосынды және айырма) құрады;

– оське (түзуге) қатысты симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды ажыратады және жіктейді, оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіреді;

– өлшемдері бойынша жазық фигураларды салыстырады және олардың арасындағы «артық» не «кем», «кең» және «тар» қатынастарын анықтайды;

– торкөзді қағазда фигураларды (тік төртбұрыш, шаршы) сызады, фигураны бөлген торкөздерді санайды;

– фигураның периметрі мен ауданының формуласы бойынша белгісіз қабырғаларын, жазық фигуралардың қиылысу және бірігу облысын табады;

– суретте бейнеленген құрамды фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың периметрі мен ауданын анықтайды;

– шеңбер мен дөңгелекте белгіленген нүктелердің (дөңгелектің ішкі облысында және шегарасында, сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) орналасуын анықтайды;

– Эйлер-Венн диаграмманың көмегімен сандық жиындардың қиылысуы мен бірігуін көрсетеді;

– көптанбалы сандардың бірігуі мен қиылысуына тиісті және тиісті емес элементтердің санын анықтайды;

– демалыс және каникул, сандар, ауданның бірліктері мен олардың арасындағы қатынас, әріпті теңдік, айнымалысы бар теңсіздік, формулалар, жиындар жайлы ақиқат және жалған пікірлерді анықтайды.

***Білім алушы алған білімін шығармашылықпен:***

– соңынан бастап талдау, кестелер мен графтар құру арқылы логикалық есептерді шығарады;

– екінші класс разрядтық сандарының, бөлшектердің (жай және ондық) тізбегіндегі заңдылықты (ережені) анықтайды;

– қазақ алфавиті әріптерінің, біртаңбалы сандар квадратының, санды және әріпті өрнектердің, екінші класс разряд бірліктерінің, бөлшек сандардың (жай және ондық) берілген немесе өз бетімен таңдап алған заңдылығы (ережесі) бойынша тізбек құрады және бұзылушылықты табады;

– «мүмкіндіктер тармағын» құрады және комбинаторлық есептерді шығаруда қолданады;

– кері есептерді құрастырады және шығарады;

– мәліметтер жинайды және сурет, пиктограмма, сызба, кесте, диаграмма (сызықтық, бағандық және дөңгелекті) түрінде жүйелейді.

#### **4.5. 5-сынып оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер:**

##### ***Білім алушы:***

– миллиард көлеміндегі натурал сандарды (есептік және реттік);

– миллиард көлеміндегі сандардың разрядтық және кластық құрамын;

– көптаңбалы сандарды дөңгелектеу, үтірден кейін үштен артық емес таңбасы бар ондық бөлшектерді көрсетілген разрядқа дейін дөңгелектеу ережесін;

– бірдей үш көбейткіштің көбейтіндісі ретіндегі санның кубын;

– тиімді есептеулер жүргізу үшін санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге бөлу ережелерін;

– сандарды ауызша көбейту және бөлу тәсілдерін; 1 000 000 көлеміндегі сандарды қосу мен азайту; миллиард көлеміндегі кестелік жағдайларға келтірілген сандардың ауызша көбейту және бөлу алгоритмін;

– разрядтық сандардың ондық, жүздік, мыңдық бөлігін табу ережесін;

– миллион класын;

– купюралар (тг) мен өзге мемлекеттердің валюталарын (рубль, евро, доллар);

– тікбұрышты параллелепипедті, текшені;

– шамалар арасындағы тәуелділік, санды қалдықпен бөлу, текше мен тікбұрышты параллелепипедтің көлемін табу формуласын;

– есепте шешудің арифметикалық және алгебралық тәсілдерін;

– бесінші сыныпта оқытылатын математикалық ұғымдармен және олардың қасиеттерімен, әрекет тәсілдерімен байланысты терминдерді;

– шамалардың стандартты бірліктерін ( $\text{мм}^2$ ,  $\text{км}^2$ , га,  $\text{мм}^3$ ,  $\text{см}^3$ ,  $\text{дм}^3$ ,  $\text{м}^3$ ,  $\text{км}^3$ ,  $\text{км/сағ}$ ,  $\text{км/мин}$ ,  $\text{км/с}$ ,  $\text{м/сағ}$ ,  $\text{м/мин}$ ,  $\text{м/с}$ );

– ауданның (мм, см, дм, м, км), массаның (мг, г, кг, ц, т), ауданның ( $\text{м}^2$ ,  $\text{км}^2$ , ар, га), уақыттың (с, мин, сағ, тәул, жыл, ғасыр, мүшел), көлемнің ( $\text{см}^3$ ,  $\text{дм}^3$ ,  $\text{м}^3$ ,  $\text{км}^3$ ), жылдамдықтың ( $\text{км/сағ}$ ,  $\text{км/мин}$ ,  $\text{км/с}$ ,  $\text{м/сағ}$ ,  $\text{м/мин}$ ,  $\text{м/с}$ ) бірліктерін және олардың арасындағы қатынасты **біледі**.

##### ***Білім алушы:***

- ірірек санау бірлігі – миллионды;
- үтірден кейінгі үш таңбадан артық емес ондық бөлшектерді;
- аралас сан мен ондық бөлшекті;
- біртаңбалы сандардың, 10, 100 сандарының кубын;
- тең жиындардың бірдей элементтерден тұратынын, әр элементі басқа жиынға тиісті болатын немесе бастапқы жиынның бөлігі ретіндегі ішкі жиынды;
- санды қалдықпен бөлу формуласын  $a=b \cdot c+r$  *түсінеді*.

***Білім алушы алған білімін үлгі бойынша:***

- ірірек санау бірлігін – миллионды құрады, 1 000 000-нан үстемелейді және шегермелейді; толық (разрядтық) миллиондарды тура және кері бағытта атайды;
- үшінші класс сандарының натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды;
- миллиард көлеміндегі сандардың разрядтық және кластық құрамын, разрядтық бірліктердің жалпы санын, әр класс бірліктерін анықтайды; үшінші, екінші, бірінші класс бірліктерінің қосындысына жіктейді;
- үтірден кейінгі үш таңбаға дейінгі ондық бөлшектердің разрядтық құрамын анықтайды;
- миллиард көлеміндегі сандарды; үтірден кейінгі үш таңбаға дейінгі ондық бөлшектерді оқиды, жазады, салыстырады;
- берілген разрядқа дейін санды дөңгелектеу ережесін қолданады; ереже бойынша көптаңбалы сандарды көрсетілген разрядқа дейін дөңгелектейді; үтірден кейінгі үш таңбаға дейінгі ондық бөлшектерді көрсетілген разрядқа дейін дөңгелектейді;
- үтірден кейінгі үш таңбаға дейінгі ондық бөлшектерді құруды көрсетіп береді;
- натурал сандарды қосу және азайту ретіндегі үтірден кейінгі үш таңбаға дейінгі ондық бөлшектерді қосу мен азайтуды орындайды;
- тиімді есептеулер жүргізу үшін санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге бөлу ережесін қолданады;
- миллиард көлеміндегі сандармен амалдар орындауда біртаңбалы сандарды көбейту кестесі мен бөлуді қолданады;
- мыңдар класының разрядтық сандарын қосу мен азайтуды; кестелік немесе екітаңбалы сандарға жағдайларға келтірілген мыңдар класының сандарын қосу мен азайтуды ауызша орындайды; миллион көлеміндегі сандарды қосу мен азайту алгоритмін қолданады;
- микрокалькулятордың көмегімен есептеулер (қосу мен азайту) орындайды;
- мыңдар класының сандарын біртаңбалы сандарға көбейту мен бөлуді; мыңдар класының разрядтық сандарын нөлмен аяқталатын сандарға көбейту мен бөлуді; санды қосындыға көбейту санды көбейтіндіге бөлу тәсілдеріне сүйеніп, көптаңбалы сандарды біртаңбалы және екітаңбалы сандарға көбейту мен бөлуді ауызша орындайды;
- микрокалькулятордың көмегімен есептеулер (көбейту мен бөлу) орындайды;

– көптаңбалы сандарды екі, үштаңбалы сандарға (ондықтан аттамай және ондықтан аттап) көбейту мен бөлу (қалдықпен және қалдықсыз) және көбейкіштер мен бөлінгіштің кейбір разрядында нөл болған және көбейтіндінің және бөліндінің мәнінде нөл болған жағдайлардағы көбейту мен бөлу алгоритмін орындайды;

– нөлмен аяқталатын сандардың ондық, жүздік, мыңдық бөлігін табады;

– біртаңбалы сандардың және 10, 100 сандарының кубын табады;

– үтірден кейінгі үш таңбаға дейінгі ондық бөлшектерді қосу мен азайтуды орындайды;

– аралас сан мен ондық бөлшекті бүтін мен бөлшектік бөлігі түрінде жазады;

– бұрыс бөлшекті аралас санға және अपралас санды бұрыс бөлшекке айналдырады;

– кеңістік геометриялық фигураларды текшелермен куб сантиметрмен өлшеуді көрсетіп береді;

– шамалардың стандартты бірліктерін ( $\text{мм}^2$ ,  $\text{км}^2$ , га,  $\text{мм}^3$ ,  $\text{см}^3$ ,  $\text{дм}^3$ ,  $\text{м}^3$ ,  $\text{км}^3$ , км/сағ, км/мин, км/с, м/сағ, м/мин, м/с) қолданады және сандық мәнін анықтайды; ұзындықтың (мм, см, дм, м, км), массаның (мг, г, кг, ц, т), ауданның ( $\text{м}^2$ ,  $\text{км}^2$ , ар, га), уақыттың (с, мин, сағ, тәул, жыл ғасыр, мүшел), көлемнің ( $\text{см}^3$ ,  $\text{дм}^3$ ,  $\text{м}^3$ ,  $\text{км}^3$ ), жылдамдықтың (км/сағ, км/мин, км/с, м/сағ, м/мин, м/с) бірліктерін арасындағы қатынасқа сүйеніп түрлендіреді;

– 1 000 000 000 көлеміндегі шамалардың сандық мәндерін салыстырады;

– шамалардың сандық мәндерін екітаңбалы, үштаңбалы сандарға көбейту мен бөлуді орындайды;

– шаманың (ұзындық пен масса, аудан, көлем) сандық мәнінің бөлігі мен процентін, оның бөлігі мен проценті бойынша шаманың мәнін табады;

– үш амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз санды және әріпті (екі және үш әрпі бар) өрнектерді, үш айнымалысы бар өрнектерді, бөлімдері бірдей жай бөлшектер мен үтірден кейінгі үш таңбасы бар ондық бөлшектерден тұратын санды өрнектерді (қосынды мен айырма) оқиды, жазады және ажыратады;

– үштен артық емес амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз санды және әріпті (екі және үш әрпі бар) өрнектерді салыстырады; осындай өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтайды; санды өрнектердің және әріптің мәні берілген әріпті өрнектің мәнін табады;

– үштен артық емес амалдан тұратын санды өрнектерді ықшамдайды;

– бөлімдері бірдей жай бөлшектер мен үтірден кейінгі үш таңбасы бар ондық бөлшектерден тұратын санды өрнектердің (қосынды мен айырма) мәнін табады;

– санды қалдықпен бөлу формуласын әріпті теңдік түрінде көрсетеді:  
 $a = b \cdot c + r$

– формула бойынша шамалар арасындағы тәуелділікті анықтайды;

– амалдардың компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысқа немесе тура теңдіктің қасиетіне сүйеніп, теңдеулерді шешеді, қарапайым теңсіздіктердің шешімдер жиынын табады;

– тікбұрышты параллелепипедті, текшені ажыратады;

– кеңістік фигуралардың көлемін текшелермен өлшейді;



– тікбұрышты параллелепипедтің, текшенің көлемін табу формулаларын құрады және қолданады:  $V=a \cdot b \cdot c$ ,  $V=a^3$  ;

– тікбұрышты параллелепипедті, текшені әріптермен белгілейді, белгіленуі бойынша атайды және оқиды;

– фигураның белгісіз қырын формула бойынша табады;

– суретте бейнеленген құрама фигуралардың, қоршаған ортадағы кеңістік фигуралардың көлемін табады және позиция, бағыт пен қозғалыс жайлы нұсқауды сақтай отырып, жазықтықта (торкөзді қағазда) тікбұрышты параллелепипед пен текшенің жазбасын кескіндейді;

– бұрыштықтың көмегімен берілген түзуге перпендикуляр жүргізу, торкөзді қағазда әр түрде орналасқан фигураларды (кесінділерді, төрбұрышты, тіктөртбұрышты, шаршыны) салу және дәптердің сызықтарымен беттеспейтін түзуге (оське) қатысты әр фигураға симметриялы фигура салады;

– шамалар арасындағы тәуелділіктің, санды қалдықпен бөлудің, текше мен тікбұрышты параллелепипедтің көлемін табу формуласын жазады, пікір ретінде оқиды және айнымалының түрлі мәндерінде ақиқаттығын тексереді;

– мәтін бойынша жай және құрама (үш және одан артық барлық амалдарға берілген) есептердің шарты мен сұрағын бөліп көрсетеді;

– үш және одан артық есептерді сызба, қысқаша жазу, кесте, диаграмма (сызықтық, бағандық және дөңгелекті), сұлба, алгоритм, график түрінде модельдейді; көбейту мен бөлуге, үлес пен бөлшекке, шамалар арасындағы тәуелділікке берілген жай есептерді шешу амалы мен тәсілін; төрттен артық амалмен шығарылатын есептерді (барлық амалға берілген) шешу амалын және ретін, тәсілін таңдап алуды негіздейді;

– төрттен артық емес амалмен шығарылатын есептің жауабын есептеулерде болжалдайды және есептің жауабының шартына сәйкестігін түсіндіреді;

– барлық амалдарға, бөлігі мен процентін табуға берілген жай есептердің шешулерін санды теңдік; шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептердің шешуін санды теңдік және айнымалысы бар өрнек; санды оның бөліктері мен проценті бойынша табудың шешуін теңдеу түрінде, төрт амалдан артық емес амалмен шығарылатын құрама есептердің шешулерін түсіндірмесі бар, түсіндірмесі жоқ амалдар түрінде; қарама-қарсы қозғалыс, бірінен-бірі қарама-қарсы қозғалыс, қуып жету және қалып қоюға қозғалысына берілген есептердің шешулерін теңдеу түрінде модельдейді;

– санның және шаманың мәнінің бөлігін және процентін табуға, бөлігі мен проценті бойынша санды және шаманың мәнін табуға; шамалар арасындағы тәуелділікке (өнімділік, уақыт, орындалған жұмыс; түсімділік, аудан, өнім массасы; тікбұрышты параллелепипедтің (текшенің) биіктігі, ұзындығы, ені, көлемі; бірқалыпты түзу сызықты бір-біріне қарама-қарсы, бірінен-бірі қарама-қарсы, қалып қою және қуып жету қозғалысының жақындау және алыстау жылдамдығы, уақыт, қашықтық) берілген есептерді талдайды және шығарады, кері есептер құрастырады және шығарады;

– төрттен артық емес амалдан тұратын (барлық амалдарға берілген жай есептердің комбинациялары), шамалар арасындағы тәуелділікке берілген, бір-

біріне қарама-қарсы, бірінен-бірі қарама-қарсы, қалып қою және қуып жетуге берілген есептерді талдайды және шығарады, оларды шешудің әртүрлі тәсілдерін салыстырып, әлдеқайда тиімдісін анықтайды;

– бір-біріне қарама-қарсы, бірінен-бірі қарама-қарсы, қалып қою және қуып жету қозғалысқа берілген есептерді арифметикалық және алгебралық тәсілмен шығарады;

– көптанбалы сандарды құру, салыстыру, разрядтар бойынша қосу мен азайтуды иллюстрациялау үшін миллиард көлеміндегі разрядтар мен кластар кестесін, үтірден кейінгі екіден артық емес таңбасы бар ондық бөлесті иллюстрациялау үшін ондық бөлшектердің разрядтар кестесін, бөлімдері бірдей жай бөлшектерді, үтірден кейін бір таңбасы бар ондық бөлшектерді құру және салыстыру, қосу мен азайтуды иллюстрациялау үшін кесіндінің және жазық фигуралардың бөліктерін, сан сәулесін қолданады;

– текшені, тікбұрышты параллелепипедті, олардың төбелерін, қырлары мен жақтарын латын алфавитінің бас әріптерімен белгілейді, белгіленуі бойынша атайды және оқиды;

– текшенің және тікбұрышты параллелепипедтің көлемін белгілеу үшін латын алфавитінің бас әрпін, қырларын белгілеу үшін кіші әрпін қолданады;

– бесінші сыныпта оқытылатын математикалық ұғымдармен және олардың қасиеттерімен, әрекет тәсілдерімен байланысты терминдерді **қолданады**.

#### ***Білім алушы алған білімін жаңа жағдайда:***

– купюралармен (тг) және өзге мемлекеттердің валюталарымен (рубль, евро, доллар), бұрын өткен монеталар және купюралармен (тг) түрлі әрекеттер орындайды;

– үштен артық амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз санды және әріпті (екі және үш әрпі бар) өрнектерді, үш айнымалысы бар өрнектерді, бөлімдері бірдей жай бөлшектер мен үтірден кейінгі үш таңбасы бар ондық бөлшектерден тұратын санды өрнектерді (қосынды мен айырма) құрады;

– кеңістік фигураларды, үшбұрыштарды ажыратады және жіктейді, қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіреді;

– кеңістік фигураларды өлшеміне қарай салыстырады және олардың арасындағы «артық» немесе «кем», «жоғары» немесе «төмен», «жуан» немесе «жіңішке» қатынастарын анықтайды;

– алдынан, жоғары жағынан және жанынан кеңістік фигуралардың түрін анықтайды, фигураны сол жаққа, оң жаққа бұрған кездегі орналасуының, алдынан, жоғары жағынан және жанынан оның түрінің өзгеруін түсіндіреді;

– тікбұрышты параллелепипед пен текшенің бетінде белгіленген нүктелердің (алдыңғы, артқы, жоғары және төмен, сол және оң жағындағы) ішкі облысында, шегарасында, сол жақта, оң жақта, жоғары, төмен) орналасуын анықтайды;

– бөлшек сандар жиынын құрады және бөлшектердің түрлеріне (үлестер, дұрыс және бұрыс бөлшектер, аралас сандар, ондық бөлшектер) қарай сандық жиындарды жіктейді;

- Эйлер–Венн диаграммасының көмегімен қиылысатын және қиылыспайтын жиындарды, ішкі жиынды, тең жиындарды иллюстрациялайды;
- бөлшек сандар жиынына тиісті және тиісті емес, натурал және бөлшек сандар жиының ішкі жиыны элементтерінің санын анықтайды;
- апта күндері, жыл мезгілдерінің айлар атауы, айдағы және жылдағы күндер саны, сандар, формулалар, көлем мен оның бірліктерінің арақатынасы, жиындардың бірігуі мен қиылысуы, ішкі жиын жайлы пікірлерді ақиқат не жалған екенін анықтайды;
- үшінші классы разрядтық сандарының, бөлшектердің (жай және ондық бөлшектер, аралас сандар) тізбегіндегі заңдылықты (ережені) анықтайды;
- сызбадағы түзу бойынша нысандардың қозғалысы жайлы ақпарат пен мәліметті түсіндіреді, бастапқы позиция мен қозғалыс бағытын (бір-біріне қарама-қарсы, бірінен-бірі қарама-қарсы, қалып қою және қуып жету) анықтайды.

***Білім алушы алған білімін шығармашылықпен:***

- үш амалмен шығарылатын кері есептер құрастырады;
- екі және үш амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз санды және әріпті (үш әрпі бар) өрнектерді, екі айнымалысы бар өрнектерді, бөлімдері бірдей жай бөлшектерден және үтірден кейін екі-үш таңбасы бар ондық бөлшектерден тұратын санды өрнектерді (қосынды мен айырма) құрады;
- сандардың, бөлшектердің (жай және ондық) тізбегіндегі заңдылықты (ережені) анықтайды;
- текшенің, тікбұрышты параллелепипедтің жазбасын дайындайды және фигуралардың модельдерін құрастырады;
- кеңістіктік ойлауға, жиындардың бірігуі мен қиылысуына берілген логикалық есептерді шығарады;
- қазақ алфавитінің, теңдеулердің, үшінші класс разрядтық сандарының, сандардың кубының, бөлшек сандардың (жай және ондық) берілген немесе өзі таңдап алған заңдылық (ереже) бойынша тізбек құрады және бұзылуды табады;
- түрлі өмірлік жағдаяттармен байланысты комбинаторлық есептерді таңдап алу әдісімен шығарады.

## 5. Бағалау

«Математика» пәнін оқыту нәтижелерін бағалау критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты белгіленген, ұжымдық түрде әзірленген үдеріске қатысушылардың барлығына (оқушылар, мектеп әкімшілігі, педагогикалық ұжым, ата-аналар және басқа да заңды өкілдер) бұрыннан белгілі мақсаттарға және оқушылардың оқу-танымдық қабілетін қалыптастыруға ықпал ететін бастауыш білім беру мазмұнына сәйкес критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі.

Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері оқу үдерісін тиімді жоспарлау

және ұйымдастыру үшін қолданылады.

Бастауыш мектептегі критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалау (ҚБ) мен бөлім бойынша ішкі жиынтық бағалауды (БЖБ) қамтиды.

Қалыптастырушы (ағымдағы) бағалау (ҚБ) – сыныптағы және/немесе үйдегі күнделікті жұмыста білім мен дағдыларды игерудің ағымдағы деңгейін анықтайды және оқыту кезінде білім алушы мен мұғалім арасындағы тығыз өзара байланысты жүзеге асырады, білім алушыларға жаңа білімді меңгеру және оқу мақсаттарына жету кезінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындайтынын түсінуге мүмкіндік береді.

Бөлім бойынша ішкі жиынтық бағалау (БЖБ) – сыныптар бойынша оқу материалының үлкен бөлімін немесе блогын оқытуды аяқтағаннан кейін білімді меңгеру және дағдыларды қалыптастыру деңгейін анықтайды.

Бөлім бойынша ішкі жиынтық бағалауды мектеп педагогтері жүзеге асырады. Жиынтық жұмысқа қойылған бағалар оқудың есеп беру кезеңіндегі қорытынды бағаны анықтау үшін негіз болып табылады.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріліп, 1-сыныпта тек қалыптастырушы бағалау түрі қолданылады. Тоқсандық бағалар 3-4-тоқсанда ғана қойылады. 1-сыныпта қорытынды баға қалыптастырушы бағалаудың нәтижесі бойынша қойылады.

2-сыныпта бөлім бойынша ішкі жиынтық бағалау (БЖБ) енгізіледі. Тоқсандық бағалар 1-4-тоқсандағы қалыптастырушы бағалаудың нәтижесі бойынша қойылады. Оқу жылының аяғында бір ішкі жиынтық бағалау жүзеге асырылады. Жылдық баға қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалауды ескере отырып, белгілі бір пайыздық мөлшерлеменен (ҚБ+БЖБ) қойылады.

3-5-сыныптарда білім алушылардың оқу нәтижесі төмендегідей түрде қойылады:

- тоқсан бойынша қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалаудың нәтижелерін қамтитын белгілі бір пайыздық мөлшерлеменен (ҚБ+БЖБ+ТЖБ) әр тоқсанның соңында қойылатын тоқсандық баға.

- пәндер бойынша төрт тоқсандағы қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау нәтижелерін қамтитын белгілі бір пайыздық мөлшерлеменен қойылатын жылдық баға.

**«Цифрлық сауаттылық» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**  
(қазақ тілінде оқытылатын мектептің 2-5-сыныптарына арналған)

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ... жылғы №... бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ... тіркелген).

**Цифрлық сауаттылық пәнін оқытудың мақсаты** - цифрлық ортада ақпаратты алу, өңдеу, тарату және пайдалану туралы білімдерді меңгерте отырып, цифрлық технология мен Интернет ресурстарын қауіпсіз, әрі тиімді түрде қолдануға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру

**Міндеттері:**

1) цифрлық құрылғылармен және цифрлық білім ресурстарын сауатты, әрі дұрыс қолдану үшін цифрлық сауаттылық туралы мағлұматтар беру;

2) цифрлық сауаттылықтың құрамды бөліктері ретінде цифрлық тұтынушы, цифрлық құзырлылық және цифрлық қауіпсіздік түсініктерін беру;

3) компьютер, заманауи цифрлық құрылғылар, Интернет және олардың қоғамдағы алатын орны туралы бастапқы түсініктер беру;

4) ақпараттың негізгі қасиеттерімен таныстыру, оларды ақпаратты ұйымдастыру жолдары мен алға қойылған мақсатты шешуде оқу іс - әрекетін жоспарлай білуге үйрету;

5) ақпараттық ойлауды қалыптастыруға мүмкіндік беретін пәннің іргелі ұғымдарының мәнін және ақпараттық іс-әрекеттің негізгі түрлерін меңгерту;

б) есептеу ойлау стилін және программалау сауаттылығын қалыптастыру;

7) цифрлық технологияларды пайдаланып, ақпараттық процестерді іске асыру дағдыларын қалыптастыру;

8) компьютермен және Интернетте жұмыс істеу кезінде қауіпсіз жұмыс істеу ережелері мен ақпараттық этика, авторлық құқық нормаларын сақтауды үйрету;

9) қарапайым роботтарды құрастыру, модельдеу және оларды басқару дағдыларын қалыптастыру;

10) пәннің пәнішілік және пәнаралық сабақтастылығын дамытуда цифрлық технологияның мүмкіндіктерін қолданудың алғашқы дағдысын қалыптастыру;

11) тиімді шешімдер таңдай білуге бағытталған клиптік ойлай білуді қалыптастыру.

## 2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру

«Цифрлық сауаттылық» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік және денсаулықты сақтау ұстанымдарына негізделеді.

Білім алушыларға «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқытудың негізгі формасы – ойын түріндегі сабақ болып табылады. Сабақ әрбір сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-танымдық тапсырмаларды шешуге бағытталып, жоспарланған өзіндік танымдық іс-әрекетін және цифрлық сауаттылығын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Оқытуды ұйымдастыру формасы оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуды («орта деңгейдегі» оқушыға бағдарлану) қамтамасыз етпейді, сабақта оқушылардың ұжымдық, топтық, жеке жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады.

Компьютерді, цифрлық құрылғыларды, мобильдік құрылғылар мен планшеттерді қолдану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сабақты өткізу барысында білім алушылардың цифрлық қауіпсіздігін, киберқауіпсіздігін және цифрлық гигиена талаптарын біртіндеп жас ерекшеліктеріне сәйкес үйрету қарастырылады. Кибербуллингтен қорғану ережелері таныстырылады.

Роботпен жұмыс жасау процесі құрастыру-модельдеу- программалау **(басқару)** тізбегі арқылы жүйелі түрде беру ұсынылады.

Сонымен бірге Роботты құрастыру симулятивтік технологияны қолдану арқылы жүзеге асырылады. Компьютерде практикалық жұмыстарды орындау білім алушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді

Оқытудың ақпараттық-рецептивтік, репродуктивтік, проблемалық, зерттеушілік, сыни тұрғыдан ойлау және т.б. интерактивтік әдістері компьютерді қолдану жағдайында олардың жіктелуіне қарамастан, жаңа мазмұнмен толықтырылады және бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылықты» оқыту үшін түсінікті іс-әрекетті қалыптастыруға қолданылуы мүмкін

Цифрлық сауаттылық пәні бойынша берілетін сабақтың басым бөлігі компьютерді қолданумен орындалатын практикалық тапсырмалар көлемімен ерекшеленеді. Сабақта цифрлық дидактикалық құралдарды, цифрлық білім ресурстарын, электрондық бағалаудың онлайндық сервистерін пайдалану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Оқу процесінде білім алушылардың ынтасын, білімге деген құштарлығын арттыратын, цифрлық сауаттылығы мен мәдениетін қалыптастыратын, логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететін үйретуші 2D, 3D ойындары қолданылады.

Сабақтың мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсаты;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсаты;

3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

### **3-тарау. «Цифрлық сауаттылық» пәнінің базалық мазмұны**

Пәннің базалық білім мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылады.

Бастауыш сыныптағы «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту құрылымының негізгі бағыттары:

*Ақпарат және ақпараттық процесстер бағыты*, мұнда өскелең ұрпақтың заманауи ақпараттық дүниетанымдық көзқарастары қалыптасады.

Цифрлық сауаттылық, цифрлық тұтынушы, цифрлық құзырлылық және цифрлық қауіпсіздік түсініктері беріледі.

Ақпарат ұғымы, ақпаратты берудің әртүрлі тәсілдері, ақпараттық процесстердің түрлері – ақпаратты сақтау, тасымалдау және өңдеу мағлұматтары цифрлық сауаттылықтың құрамдас бөліктерімен байланыстырылып, қарастырылады.

*Компьютер бағыты*, мұнда цифрлық технологиялармен жұмыс істеудің цифрлық дағдылары, сонымен қатар компьютер әмбебап (есептеуіш қана емес) ақпараттық машина ретіндегі түсінігі мен киберқауіпсіздік, цифрлық қауіпсіздік, цифрлық гигиена түсініктерін беру арқылы цифрлық сауаттылық қалыптасады.

*Алгоритмдеу және программалау бағыты*, мұнда оқушы алгоритмдеу мен программалаудың маңызды ұғымдары мен оны практикалық тұрғыдан қолдана алуды, алгоритмдерді сипаттау, құрылымдау, талдау және ойын программаларын программалауды меңгереді.

Алгоритм мен программалау ұғымы оқушыларды іс-әрекеттің әртүрлі түрінің үлгісі туралы түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

*Робототехника бағыты*, мұнда оқушы қарапайым роботтарды құрастыруды, модельдеуді және программалауды меңгереді. Нәтижесінде оқушы пәнаралық байланыстың маңыздылығын түсіне отырып, STEM-сауаттылығын қалыптастыра алады.

*Зерттеушілік бағыты*, оқушыларда тек қана пән бойынша емес, сонымен қатар оқу іс-әрекеті бойынша шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 2) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 3) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 4) 5-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

**2-сынып бойынша базалық мазмұн:**

*1 тоқсан 9 сағат*

**1) Ақпарат және ақпараттық процесстер**

- Цифрлық сауаттылық түсінігі.
- Цифрлық сауаттылықтың құрамды бөліктері: Цифрлық тұтынушы, Цифрлық құзырлылық, Цифрлық қауіпсіздік.
- Ақпарат.
- Ақпарат түрлері.
- Ақпарат көздері.
- Ақпаратты қабылдаушы.
- Ақпараттық процесстер.

*Практикалық жұмыстар:*

- Цифрлық құрылғылармен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен танысу.
- Ақпаратты қабылдаушы және тасымалдаушы рөлдерін атқару.
- Ақпарат процесстері: іздеу, жинақтау, сақтау, жөнелту, пайдалану, өңдеу әрекеттеріне жаттығулар орындау.
- Информатика кабинетіне саяхат.

**2) Компьютер**

- Қауіпсіздік ережелері.
- Компьютер.
- Енгізу құрылғылары.
- Шығару құрылғылары.
- Компьютерді басқару.

*2 тоқсан 8 сағат*

- Мобильдік құрылғылар.
- Графикалық ақпараттарды өңдеу.
- Мәтіндік ақпараттарды өңдеу.
- Интернетте ақпаратты іздеу.
- Әлеуметтік желілер.
- Киберқауіпсіздік.
- Желілік этика.

*Практикалық жұмыстар:*

- Компьютердің негізгі құрылғыларының қызметін таныстыру
- Енгізу және шығару құрылғыларының айырмашылығы мен ұқсастығын анықтау
- Пернетақтамен жаттығу жұмыстарын жасау
- Мобильді құрылғылардың өзара байланысын салыстыру
- «Менің мектебім» тақырыбында сурет салу
- Интернет әлеміне саяхат ұйымдастыру
- «Әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны» мазмұнды сызбасын жасау



- Интернетті қолдануда құпиялылық, тұтастық және қол жетімділіктің қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету
- Әлеуметтік желіде қарым-қатынас жасауда желі этикасын сақтау.

*3 тоқсан 10 сағат*

### **3) Алгоритмдеу және программалау**

- Алгоритм
- Алгоритмнің берілу түрлері.
- Алгоритм орындаушылары.
- Орындаушылардың командалар жүйесі.
- Сызықтық алгоритмдер.
- Программа ұғымы.
- Ойын программалау ортасы.
- Ойын программалау ортасының терезесі.
- Ойын программалау ортасының командалары.
- Жобалық жұмыс.

*Практикалық жұмыстар:*

- Алгоритмді берілу түрлерін салыстыру
- Алгоритм орындаушыларына рөлдік ойындар ұйымдастыру
- Күнделікті өмірден сызықтық алгоритмге мысал келтіру (театрға бару алгоритмін құру, кітапханадан үйге кітап алу алгоритмін құру және т.б.)
- Ойын программалау ортасының интерфейсімен таныстыру
- Ойын программалау ортасының негізгі командаларының қызметтері туралы ақпарат беру
- Ойын программалау ортасында қарапайым жобалар құру.

*4 тоқсан 7 сағат*

### **4) Робототехника негіздері**

- Робот біздің өмірімізде.
- Роботтың түрлері.
- Роботты құрастыру бөлшектері.
- Білім беру роботы.
- Роботты программалау ортасы.
- Роботтың қарапайым қозғалысы.
- Жобалық жұмыс.

*Практикалық жұмыстар:*

- Робот түрлерімен суреттері арқылы таныстыру
- Роботтың құрастырушы бөліктері мен олардың атқаратын қызметін кесте түрінде ұсыну
- Робот бөлшектерімен интерактивті тапсырма орындау
- Роботты программалау ортасымен танысу

- Робот құрастыру нұсқаулығын талқылау
- Берілген блоктардың қызметтерін салыстыру
- Роботтың қозғалысына рөлдік ойын ұйымдастыру.

### **3-сынып бойынша базалық мазмұн:**

*Тоқсан 9 сағат*

#### **1) Ақпарат және ақпараттық процесстер**

- Ақпараттың қасиеттері
- Ақпараттың өлшем бірліктері.
- Заманауи ақпаратты тасымалдаушылар
- Смартфон
- Планшет

*Практикалық жұмыстар:*

- Ақпараттың қасиеттерін талдау
- Ақпараттың өлшем бірліктерін қарапайым математикалық амалдарды қолдану арқылы орындау;
- Ақпарат тасымалдауыштарына рөлдік ойын ұйымдастыру
- Смартфонды қолданып, «Менің бір күнім» атты бейне түсіру
- Планшетті қолданып фотоколлаж жасау
- Смартфонмен, планшетпен компьютерді байланыстыру

#### **2) Компьютер**

- Цифрлық құрылғылар
- Файлдар мен бумалар.
- Файлдармен жұмыс.
- Программалар терезесі.

*2 тоқсан 8 сағат*

- Дыбыстық ақпараттарды өңдеу.
- Графикалық ақпараттарды өңдеу.
- Пернетақтамен жаттығу
- Мәтіндік ақпараттарды өңдеу.
- Интернеттегі ақпаратпен жұмыс.
- Мессенджер және чат
- Цифрлық гигиена.
- Киберқауіпсіздік.

*Практикалық жұмыстар:*

- Цифрлық құрылғылармен ақпарат алмасуды ұйымдастыру
- Цифрлық құрылғыларда файл, бума құру
- Дыбыстық ақпараттарды цифрлық құрылғыларды қолданып жазу, өңдеу жұмыстарын орындау

- Цифрлық құрылғылар көмегімен «Алғашқы қар», «Безендірілген шырша» бейнесін салу, өңдеу жұмыстарын орындау
- «Кім жылдам?» атты пернетақтадан мәтін теру жарысын ұйымдастыру
- «Сенімді» ақпарат пен «сенімсіз» ақпаратты ажырату жолдарын ұсыну
- Планшет, смартфондардағы мессенджерлер мен чаттарды компьютермен байланыстыру
- Цифрлық құрылғылармен жұмыс істеуде цифрлық гигиенаны ұстану
- Интернетті қолдануда құпиялылық, тұтастық және қол жетімділіктің қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету

*3 тоқсан 10 сағат*

### **3) Алгоритмдеу және программалау**

- Алгоритм қасиеттері.
- Алгоритм түрлері.
- Алгоритмді графикалық түрде ұсыну.
- Тармақталу алгоритмі.
- Ойын программалау ортасы.
- Ойын программалау ортасында қарапайым программаларды құру.
- Сценарий құру.
- Жобалық жұмыс.

*Практикалық жұмыстар:*

- Алгоритм қасиеттерін талдау
- Алгоритм түрлеріне мысал келтіру
- Қарапайым математикалық есептерді графикалық түрде ұсыну
- Күнделікті өмірде кездесетін таңдау жағдайларына алгоритм құру
- Ойын программалау ортасының терезе элементтерін талдау
- Қарапайым ойын сценарийін ойын программалау ортасында жүзеге асыру

*4 тоқсан 7 сағат*

### **4) Робототехника негіздері**

- Робот қозғалтқыштары (мотор).
- Үлкен мотор
- Орта мотор
- Роботқозғалысы.
- Дөңгелек айналым қозғалысы.
- Роботтың бұрылысы.
- Жобалық жұмыс.

*Практикалық жұмыстар:*

- Робот қозғалтқыштарымен танысу
- Үлкен және орта мотордың қызметтерін салыстыру

- Роботтың қарапайым алға, артқа қозғалысын ұйымдастыру
- Дөңгелектердің суреттерін салу
- Бұрылыс жасайтын робот жобасын жүзеге асыру

#### **4-сынып бойынша базалық мазмұн:**

*1 тоқсан 9 сағат*

##### **1) Ақпарат және ақпараттық процесстер**

- Ақпараттық процесстер.
- Ақпаратты қорғау.
- Бейнеақпараттар.
- Ақпаратты алу түрлері: AR (толықтырылған) , VR (виртуалды).

*Практикалық жұмыстар:*

- Ақпарат процесстеріне: іздеу, жинақтау, сақтау, жөнелту, пайдалану, өңдеу әрекеттерін орындау
- Ақпаратты қорғау әдістеріне мазмұнды сызба құрастыру
- Цифрлық құрылғылар көмегімен бейнеақпараттады өңдеу жұмыстарын орындау
- Толықтырылған және виртуалды шындық суреттерін тамашалау

##### **2) Компьютер**

- Компьютер құрылғылары.
- Файлдар.
- Файл типтері.
- Мәтіндік ақпарат.

*2 тоқсан 8 сағат*

- Презентация.
- Презентация шаблондары.
- Анимация.
- Растрлық кескіндер.
- Ақпарат алмасу.
- Вирустар.
- Вирустан қорғау программалары.

*Практикалық жұмыстар:*

- Компьютер құрылғыларымен рөлдік ойындар ұйымдастыру
- Файлдар мен олардың типтерінің салыстырмалы кестесін құру
- Мәтіндік ақпаратты цифрлық құрылғыларды қолданып өңдеу жұмыстарын орындау
- Презентация құруда цифрлық технология мүмкіндіктерін қолдану

- «Ана-өмір гүлі» тақырыбында презентация жасау
- «Қош келдің, әз-Наурыз!» суретін салу
- Цифрлық құрылғылар көмегімен ақпарат алмасу әрекеттерін орындау
- Ақпараттарды вирустан қорғау жолдарының салыстырмалы кестесін толтыру
- Цифрлық құрылғыларда файлдарды вирусқа тексеру әрекетін жүзеге асыру

*3 тоқсан 10 сағат*

### **3) Алгоритмдеу және программалау**

- Циклдік алгоритмдер.
- Ойын программалау ортасы.
- Басқару командалары.
- Циклдік алгоритмдерді пайдаланып, ойындар құру.
- Логикалық операторлар.
- Салыстыру операторлары.
- Ойынға дыбыстарды қосу.
- Жобалық жұмыстар.

*Практикалық жұмыстар:*

- Күнделікті өмірден циклдік алгоритмге мысалдар келтіру
- Басқару командаларының қызметтерімен танысу
- Циклдік алгоритмдерді пайдаланып ойын программалау ортасында диалог құру
- Логикалық және салыстыру операторларын қолданып жобалар құру
- Диалогты дыбыспен жандандыру

*4 тоқсан 7 сағат*

### **4) Робототехника негіздері**

- Датчиктер.
- Датчик түрлері.
- Түс датчигі.
- Түс датчигін пайдаланып, роботты құрастыру.
- «Бағдаршам» роботы.
- Жанасу датчигі.
- Жанасу датчигін пайдаланып, роботты құрастыру.
- «РобоСумо» роботы.
- Жобалық жұмыс.

*Практикалық жұмыстар:*

- Датчик түрлерімен танысу
- Датчик түрлерімен қарапайым жобаларды жүзеге асыру
- Қызыл, сары, қара жолақта роботты тоқтату

## **5-сынып бойынша базалық мазмұн:**

*1 тоқсан 9 сағат*

### **1) Ақпарат және ақпараттық процестер**

- Ақпаратты кодтау.
- Ақпаратты кодтау әдістері.
- Ондық кодтау.
- Екілік кодтау.
- Ақпаратты шифрлау.
- QR-код.
- Цифрлық қауіпсіздік.

*Практикалық жұмыстар:*

- Ақпаратты кодтар әдістерімен жасырылған мәтіндерді табу
- Екілік, ондық кодтарды қолданып, сандарды кодтау және декодтау.
- Ақпаратты шифрлау әдістерін талдау
- QR-код мүмкіндіктерін қолданып, ақпарат алмасу
- Цифрлық құрылғылармен жұмыс жасауда цифрлық қауіпсіздік ережелерін сақтау

### **2) Компьютер**

- Жүйелік блок.
- Мәтіндік құжаттармен жұмыс.
- Мәтіндік ақпараттарды қорғау.

*2 тоқсан 7 сағат*

- Презентацияға нысандар кірістіру.
- Векторлық кескіндер.
- Ортақ файлдар.
- Плагиат.
- Авторлық құқық.
- Кибербуллинг.

*Практикалық жұмыстар:*

- Жүйелі блок құрауыштарымен рөлдік ойындар құрастыру
- «Тәуелсіздік - тұғырым» тақырыбында сурет салу
- Ақпарат алмасуда ортақ файлдарды құру және қолдану
- Ақпаратты өңдеуде плагиат және авторлық құқықты сақтану
- Интернетте, әлеуметтік желілерде кибербуллинг салдарынан сақтану шараларын ұйымдастыру

*3 тоқсан 10 сағат*

### **3) Алгоритмдеу және программалау**

- Циклдік алгоритмдер.
- Ойын программалау ортасы.

- Кіріктірілген циклді қолданып, ойынды құру.
- 2D ойынын құрастыру.
- Жобалық жұмыс.

*Практикалық жұмыстар:*

- Алгоритмдерді программалауда цикл қолдану мысалдарын талдау
- Ойын программалау ортасында 2D ойындарын жүзеге асыру
- Кіріктірілген циклдарды пайдаланып, жобалар жасау

*4 тоқсан 7 сағат*

#### **4) Робототехника негіздері**

- Ультрадыбыстық датчик.
- Түстерді сұрыптау.
- Гироскопиялық датчиктер
- «Лабиринт» Роботы.
- «КегельРинг» Роботы.
- Жобалық жұмыс.

*Практикалық жұмыстар:*

- Робот құрастыруда ультрадыбыстық датчиктерді қолдану
- Түстерді сұрыптау тапсырмаларын орындау
- Робот көмегімен «Дұрыс жол табу» ойынын ұйымдастыру
- Гироскопиялық датчиктерді қолданып, жоба құру

#### **4-тарау. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер**

**Цифрлық сауаттылық** пәні «Математика-информатика» пәндерінің мазмұндық тақырыптарын қамти отырып, білім алушыда ақпарат, компьютер және алгоритмдеу мен программалау туралы түсініктерін қалыптастырады.

Цифрлық сауаттылық пәні математика, қазақ тілі, сурет, физика, технология және т.б. пәндерді сабақтастырып оқытудың негізін құрайды.

Цифрлық сауаттылық пәні бағдарламасының негізгі ерекшелігі пәндік білім, білік, дағдыларды ғана емес, сондай-ақ цифрлық дағдыларды қалыптастыруға бағытталады: білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау. Цифрлық дағдылар оқушылардың мектептегі білім беруде ғана емес болашақта цифрлық технология бойынша бәсекеге қабілетті ортада табысқа жетудің кепілі болып табылады.

Бастауыш білім беруде меңгерілетін білім салалары бойынша төмендегідей метапәндік құзыреттіліктер қалыптасады:

## **Ғылыми-танымдық құзыреттілік:**

- цифрлық сауаттылық бойынша дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру туралы түсінік алады;
- цифрлық сауаттылықтың құрамды бөліктері ретінде цифрлық тұтынушы, цифрлық құзырлылық пен цифрлық қауіпсіздікті қоғамдағы маңыздылығы туралы ойын жеткізе алады;
- ақпарат-компьютер-алгоритм түсініктерінің өзара байланыстылығын дәлелдейді;
- Роботты құрастыруға сәйкес құрастыру, модельдеу, алгоритмдеу мен программалауды жүйелеп, қолданады;
- болашақта өз программаларын жасау, қарапайым роботтар құрастыру және оларды басқару мүмкіндіктері кеңейеді;
- компьютерді және интернет желісін оқу және өмірлік жағдаяттарды шешуде пайдалана біледі;
- оқу-танымдық әрекетін цифрлық технологияларды қолдану арқылы ұйымдастыруға, жоспарлауға, өзін-өзі басқаруға, бағалауға, өзіндік ой қорытындысын шығаруға үйренеді.

## **2) Мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:**

- цифрлық сауаттылықтың қоғамдағы қажеттілігін түсінеді, цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін өмірлік жағдаяттарда қолданады;
- цифрлық қауіпсіздіктің талаптарын сақтап, ақпараттарды іздеуде, алуда, қабылдауда, жеткізуде, сақтауда цифрлық технологияны сауатты түрде қолдана алады;
- оқу материалдарындағы рухани-мәдени құндылықтарды ажырата алады;
- ақпараттық қоғам жағдайына бейімдей отырып, ақпараттық процестерді әлеуметтік ортада жүзеге асыра алады.

## **3) Коммуникативтік құзыреттілік:**

- оқу материалдарының мазмұнын түсініп, өз пікірін білдіре алады;
- Интернет желісіндегі өзіне қажетті ақпаратты іздеп, таба алады;
- Цифрлық сауаттылық пәнінде қолданылатын терминдердің мағынасын түсініп, ажырата алады;
- алгоритмдеу мен программалауда өз ойын жүйелі, программаны жазу талаптарына сай командаларды сауатты жаза алады;
- цифрлық технологиялармен жұмыс жасауда санитарлық-техникалық және эргономикалық нормаларды сақтай алады;
- ақпараттар туралы өз ойын жүйелі, әрі орфографиялық нормаларға сай сауатты жаза алады;



- ақпарат-компьютер-алгоритм үйлесімділігін жүйелі түрде жеткізеді, компьютерде жұмыс жасау нормаларын сақтайды;
- жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөліседі, пікірлеседі, қарым-қатынасқа түседі;
- әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде маңызды ақпараттарды желілік этика нормаларын сақтай отырып, ақпаратты өзара бөлісе біледі;
- Интернет желісімен жұмыс істегенде этикалық және құқықтық нормалар ережелерін сақтай алады.

#### **4) Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:**

- электрондық оқулықтар мен цифрлық білім ресурстарын қолдана алады;
- дереккөздерден қажетті мәтінді іздеп табады, өңдеп, қолданады;
- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолданады;
- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдейді;
- компьютерді және Интернетті ақпаратты іздеу, жинақтау, өңдеу, сақтауда және ақпарат алмасуда қолданады;
- әлеуметтік желідегі қауіпсіздікті сақтай алады.
- STEAM-оқыту арқылы жобалық іс-әрекеттерді орындай алады.

### **«Цифрлық сауаттылық» пәнінен күтілетін нәтижелер 2-сынып бойынша:**

#### *Білім алушы:*

- Цифрлық сауаттылық түсінігін;
- Цифрлық сауаттылықтың құрамды бөліктерін;
- Ақпарат және оның түрлерін;
- Ақпарат көздерін;
- Ақпарат қабылдаушыны;
- Ақпараттық процесстерді;
- Компьютердің енгізу және шығару құрылғыларын;
- Компьютерді басқаруды;
- Ақпараттарды өңдеуді;
- Әлеуметтік желілерді;
- Киберқауіпсіздік пен желілік этиканы;
- Алгоритм және оның түрлерін;
- Робот түрлерін;
- Білім беру роботының қолданылу мақсатын;
- Роботтың қарапайым қозғалысын **біледі**.

#### *Білім алушы:*

- цифрлық құрылғылар және интернет желілерімен жұмыс істеу қауіпсіздік ережелерін сақтау маңыздылығын;
- ақпаратпен жұмыс жасаудың мәнін;
- ақпарат түрлерін бір-бірінен ажырата білуді;
- әлеуметтік желілерді қолдану ережелерін;

- желідегі барлық ақпарат сенімді және пайдалы емес екенін;
- желідегі қажетсіз байланыстардың тәуекелдерін;
- алгоритмдер мен программалау ұғымдарын;
- ауызша алгоритмді іске асыруды;
- графикалық ақпараттарды өңдеуді;
- мәтінді теру ережесін сақтау керектігін **түсінеді**.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- цифрлық технологияларды ақпараттың сан алуан түрлерімен жұмыс жасауда;
- техника қауіпсіздігі ережесін сақтауда;
- ақпарат түрлерімен жұмыс жасауда;
- компьютердің енгізу және шығару құрылғыларымен жұмыс жасауда;
- компьютерді басқаруда;
- графикалық және мәтіндік ақпараттарды өңдеуде;
- интернеттен қажетті ақпаратты іздеуде;
- әлеуметтік желілерді пайдалануда;
- алгоритм түрлерімен жұмыс жасауда;
- ойын программалау ортасында программа жазғанда;
- робот бөлшектерін құрастыруда;
- робот қозғалысын ұйымдастыруда;
- қарапайым программаны роботқа жүктеуде;
- модельдеу арқылы қарапайым робот құрастыруда **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- цифрлық құрылғылардың мүмкіндіктерін пайдалануда;
- ақпарат түрлерін салыстыруда;
- ақпараттық процесстерді жүзеге асыруда;
- әлеуметтік желілерді мақсатты пайдалануда;
- ойын программаларының нәтижелерін салыстыруда;
- қарапайым робот құрастыруда программа мүмкіндіктерін пайдалануда **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- интернет мүмкіндіктерін пайдаланып, ақпарат өңдеу жұмыстарын;
- түрлі алгоритмдерді құрастырып, қарапайым программаларды;
- робот жинағын қолданып, жобалық жұмыстарды **жасайды**.

**3-сынып бойынша:**

*Білім алушы:*

- Ақпараттың қасиеттері мен өлшем бірліктерін;
- Ақпарат тасымалдауыш түрлерін;
- Файлдар мен бумаларды;
- Программа терезесінің элементтерін;
- Дыбыстық ақпараттарды;
- Графикалық ақпараттарды;

- Мәтіндік ақпараттарды;
- Цифрлық гигиенаны;
- Қиберқауіпсіздік ережелерін;
- Тармақталу алгоритмін;
- Ойын программалау ортасында қарапайым программа құруды;
- Қарапайым ойынға сценарий құруды;
- Робот қозғалтқыштарының түрлерін;
- Дөңгелек айналым қозғалысын;
- Робот қозғалысының түрлерін **біледі**.

*Білім алушы:*

- Ақпарат қасиеттерінің маңыздылығын;
- Ақпарат өлшем бірліктерін ажырата алуды;
- Цифрлық құрылғылардың өміріміздегі орнын;
- Дыбыстық ақпаратты өңдеу қажеттілігін;
- Графикалық ақпаратты өңдеу қажеттілігін;
- Мәтінді ақпаратты өңдеу қажеттілігін;
- Мессенджер мен чаттың маңыздылығын;
- Ақпарат алмасу мәдениетін;
- Цифрлық гигиенаны сақтауды;
- Қиберқауіпсіздік ережелерін сақтауды;
- Алгоритмдеу, программалау ұғымдарын меңгерудің маңыздылығын;
- Алгоритмді графикалық түрде ұсыну қажеттілігін;
- Күнделікті өмірдегі міндеттерді шешуді жоспарлауды;
- Ойын программалау ортасында жобаларды жүзеге асыруды;
- Болашақта өз бағдарламаларын жасау мүмкіндігінің кеңейетінін;
- Роботтарды программалап, құрастыруды меңгеру арқылы еліміздің индустриялық дамуына өз үлестерін қоса алатынын **түсінеді**.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- Ақпараттық процесстерді жүзеге асыруда;
- Дыбыстық ақпараттарды өңдеуде;
- Графикалық ақпараттарды өңдеуде;
- Мәтіндік ақпараттарды өңдеуде;
- Интернеттегі ақпаратпен жұмыс жасау барысында;
- Мессенджер мен чатпен жұмыс жасауда;
- Алгоритмді графикалық түрде ұсынуда;
- Интернетпен жұмыс жасау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды;
- Программалау барысында алгоритмдеу қасиеттерін жүзеге асыруда;
- Ойын программалау ортасында қарапайым программаларды құруда;
- Робот қозғалтқыштарын пайдаланып жоба құруда;
- Модельдеу арқылы қарапайым робот құрастыруда **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- желіде этикалық және құқықтық нормалар ережелерін сақтауда;

- ақпарат көздері ретінде интернет желісіндегі өздеріне қажет мәліметтерді табуда;
- программалар мүмкіндіктерін өз жобаларын жүзеге асыруда **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- программалау арқылы жобалар құрып, түрлі ойындар;
- желілік қызметтердің мүмкіндіктерін пайдаланып, ақпаратты өңдеу жұмыстарын;
- робот құрастырғыш бөлшектерін пайдаланып, өз бетінше қарапайым жобалар **жасайды**.

#### **4-сынып бойынша:**

*Білім алушы:*

- ақпаратты іздеуді;
- ақпарат алмасуды;
- қажетті ақпаратты табуды;
- түрлі ақпараттарды салыстыруды;
- ақпараттарды іріктеуді;
- ақпарат алу түрлерін;
- мәтінді ақпаратпен жұмыс жасауды;
- бейнеақпаратпен жұмыс жасауды;
- файл типтерін ажырата алуды;
- презентация шаблондарын, анимацияларды қолдануды;
- вирустардың түрлерін;
- ақпаратты вирустан қорғауды;
- циклдік алгоритмді жүзеге асыруды;
- циклдық алгоритмдермен ойын құруды;
- логикалық операторларды қолдануды;
- салыстыру операторларының жұмысын;
- ойынға дыбыстар қосуды;
- датчик түрлерін;
- датчик түрлерін қолданып, робот құрастыруды;
- роботтарды басқаруды **біледі**.

*Білім алушы:*

- Ақпараттық процесстердің мәні мен мағынасын дұрыс ажыратудың қажеттігін;
- Ақпаратты қорғау маңыздылығын;
- Бейнеақпараттарды өңдеу жұмыстарын;
- Файл типтерін ажыратуды;
- Презентация шаблондарын қолдану мақсатын;
- Анимация қосу жолдарын;
- Растрлық кескіндерді өңдеу маңыздылығын;
- Вирустардан ақпаратты қорғау қажеттігін;

- Компьютермен жұмыс жасаудың тиімді және қажет екенін;
- Алгоритмдеу, программалау ұғымдарын дұрыс меңгерудің маңыздылығын;
- Циклдік ақпаратты жүзеге асыруды;
- Ойын программалау ортасында басқару командаламен жұмыс жасауды;
- Циклдік алгоритмдерді ойын құруда пайдалануды;
- Ойында дыбыстар қосу қажеттігін;
- Датчиктермен жобаларды жүзеге асыруды;
- Датчиктерді пайдаланып, роботты құрастырудың практикалық маңыздылығын **түсінеді**.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- Ақпараттық процесстерді жүзеге асыруда;
- Ақпаратты алу түрлерімен жұмыс жасауда;
- Компьютер құрылғыларын күнделікті міндеттерін шешуде;
- Шаблондады қолданып, анимация қосылған презентация құруда;
- Растрлық кескіндерді өңдеуде, шығармашылықпен кескін құруда;
- Ақпаратты қорғауда антивирустық программалар қызметін пайдалануда;
- Алгоритмдеу, программалау ұғымдарын практика барысында;
- Циклдық алгоритмдерді орындауда;
- Логикалық және салыстыру опретаорларымен жұмыс жасау кезінде;
- Ойынға дыбыстар қосуда;
- Датчиктерді роботтарды құрастыру барысында пайдалануда **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- ақпарат көздері ретінде интернет желісіндегі өздеріне қажет мәліметтерді шешу үшін;
- ақпараттық процесстерді күнделікті міндеттерді шешу үшін өңдеуде;
- Циклдік алгоритмдерді пайдаланып, ойындар құруда
- қарапайым роботтарды құрастыруда **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- желілік қызметтердің мүмкіндіктерін пайдаланып, ақпарат өңдеу амалдарын;
- растрлық кескіндермен жұмыс жасауда шығармашылық суреттерді;
- робот құрастырғыш бөлшектерін пайдаланып, қарапайым роботтар түрлерін өз бетінше **құрастырады**.

**5-сынып бойынша:**

*Білім алушы:*

- Ақпаратты кодтауды;
- Ақпаратты шифрлауды;
- QR-код ұғымын;
- Цифрлық қауіпсіздік ережелерін;
- Жүйелі блок құрылымын;

- Мәтіндік құжаттармен жұмысты;
- Мәтіндік ақпараттарды қорғауды;
- Презентацияға сурет, бейне, дыбыс кірістіруді;
- Векторлық кескіндермен жұмыс жасауды;
- Файлдарды ортақ пайдалануды;
- Ақпаратпен жұмыс жасауда авторлық құқықты сақтауды;
- Кибербуллинг түсінігін;
- Интернет желісін пайдаланып, оқу және өмірлік жағдаяттарды шешуді;
- Әлеуметтік желідегі қауіпсіздікті сақтауды;
- Циклдік алгоритмдерді пайдалануды;
- Ойын программалау ортасын қолдануды;
- Кіріктірілген циклдермен жұмыс жасауды;
- 2D ойынын құрастыруды;
- Программалық жабдықтамаларды қолдану жолдарын;
- Ультрадыбыстық датчиктермен жұмыс жасауды;
- Датчиктер көмегімен түстерді сұрыптауды;
- Датчиктермен жобалық жұмыстарды жүзеге асыруды **біледі**.

*Білім алушы:*

- Ақпаратты кодтау маңыздылығын;
- Ақпаратты шифрлау қажеттілігін;
- Деректердің QR-кодын құру маңыздылығын;
- Цифрлық қауіпсіздікті сақтау қажеттігін;
- Компьютердің жұмыс істеу міндеттерін;
- Мәтіндік құжаттарды өңдеу қажеттігін;
- Мәтіндік ақпараттарды қорғау маңыздылығын;
- Презентацияға нысан кірістіруді;
- Файлдарды ортақ пайдалану мақсатын;
- Плагиат пен авторлық құқық ұғымдарының маңыздылығын;
- Ойынды құруда кіріктірілген циклді қолдануды;
- Ойынды программалау ортасында жобалық жұмыстарды жүзеге асыруды;
- Робот жұмысын ұйымдастыруда датчиктердің қызметін пайдалануды **түсінеді**.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- цифрлық технологияларды ақпараттың сан алуан түрлерін өңдеуде;
- ақпараттарды кодтау мен шифрлауда;
- әлеуметтік желілерде маңызды мәліметтер бөлісуде;
- түрлі датчиктерді робот жасауда **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- түрлі дерек көздерден жас ерекшеліктеріне сәйкес ақпараттар іздеу үшін;
- цифрлық білім ресурстары мен мобильді үйретуші программалар арқылы өз білімін тереңдетуде **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- стандартты және қолданбалы программаларды қолданып, жобалық жұмыстарды;

- желілік қызметтердің мүмкіндіктерін пайдаланып, ақпаратты өңдеу жұмыстарын;

- робот құрастырғыш бөлшектерін пайдаланып, қарапайым роботтарды өз бетінше құрастырады.

## **5-тарау. БАҒАЛАУ**

Бастауыш сыныптарда «Цифрлық сауаттылық» пәнінің бөлімдері бойынша және тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмейді.

«Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша жартыжылдық соңында «есептелді» («есептелмеді») қойылады.

Білім алушы оқу жылында сабаққа қатысумен бірге оқыту мақсаттары бойынша практикалық тапсырмаларды орындаған жағдайда «есептелді» қойылады.

**«Дүниетану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**  
(қазақ тілінде оқытылатын мектептің 2-5-сыныптарына арналған)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ... жылғы ... № ... бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ... тіркелген).

Мақсаты - Дүниетану пәнін оқытудың мақсаты - бастауыш білім беру деңгейінде білім алушылардың қоршаған ортасы, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде табиғат пен қоғамның өзара байланысы мен үйлесімділігі туралы ғылыми дүниетанымын қалыптастыру. Табиғатпен танысу қарапайым зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

1) білім алушыларда адам, қоғам және табиғат құбылыстары мен нысандарының өзара байланысы мен үйлесімділігі туралы түсініктерін қалыптастыру;

2) білім алушылардың табиғи, әлеуметтік және цифрлы технологиялық ортадағы мінез-құлық пен қауіпсіздік нормалары және экологиялық мәдениет туралы түсініктерін қалыптастыру;

3) білім алушылардың дүниені танып білудің заманауи әдіс-тәсілдерін, технологияларын меңгеруін қамтамасыз ету, оларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті сақтауға дағдыландыру;

4) білім алушылардың зияткерлік, шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау және зерттеушілік қабілеттерін, коммуникативтік дағдыларын, қажетті ақпаратты қабылдау және пайдалану біліктерін дамыту;

5) дүниетану мен жаратылыстану ғылымдарының негізінде білім алушылардың тұлғалық, азаматтық, әлеуметтік, көшбасшылық, ақпараттық құзыреттіліктерін метапәндік тұрғысынан қалыптастыру;

білім алушылардың оқытудың келесі деңгейлеріндегі гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының алғашқы ғылыми ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыру

2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру

«Дүниетану» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, бірізділік, сабақтастық, тұлғалық-бағдарлық, жас ерекшелік, ғылымилық, көрнекілік, денсаулықты сақтау, өлкетану, кіріктіру, теория мен практиканың байланысы ұстанымдарына негізделеді.



«Дүниетану» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісінде білім алушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын, дене мәдениетін қалыптастыратын, дене бітімін дамытатын ойындар қолданылады.

Сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

### 3-тарау. «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны

Пәннің базалық білім мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылады.

«Дүниетану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат
- 2) 2-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 3) 3-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 4) 4-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 5) 5-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

#### **1-сынып бойынша базалық мазмұн:**

1) «Адам және қоғам»

##### **1 тоқсан 8 сағат**

1. Мені қоршаған орта

- Отбасы. Отбасы мүшелері.

- Менің мектебім.

Менің күн тәртібім.

- Қоғамдық көлік және қауіпсіздік.

- Менің Отаным. (Мемлекеттік рәміздер)

2. Адам және денсаулық.

- Мен – адаммын. Адамның дене мүшелері.

- Адам гигиенасы. Денсаулық және қауіпсіздік ережелері.

- Адам еңбегінің түрлері.

- Қоршаған ортаның адам үшін маңызы (қорытынды сабақ)

*Практикалық жұмыстар:* Жеке бас гигиенасының ережесін құрастыру.

*Топсаяхат:* Көктемгі адам еңбегін бақылау. Мектеп медпунккіне саяхат.

## 2) «Табиғат» 16 сағат

### 2 тоқсан 8 сағат

#### 1. Жанды табиғат

- Өсімдіктер әлемі.
- Өсімдік топтары.
- Көкөніс пен жемістер.
  - Қазақстанның жануарлар әлемі.
  - Үй жануарлары.
  - Жабайы аңдар.
  - Құстар. Үй құстары.
- Өсімдіктер мен жануарларды күту (*Қорытынды сабақ*)

*Практикалық жұмыстар:* Өсімдіктің бөліктерін анықтау. Үй жануарлары мен жабайы аңдарға, құстар мен үй құстарына айырмашылығы мен ұқсастығын анықтау.

*Топсаяхат:* Табиғаттағы жыл мезгілдері мен өсімдік және жануарлар тіршілігіне бақылау жасау.

### 3) 3 тоқсан 9 сағат

#### 2. Жансыз табиғат

- Тіршілікке қажетті жағдайлар: «Ауа», «су», «топырақ», «күн көзі».
- Ауаның маңызы
- Судың маңызы.
- Топырақтың маңызы.
- Ауа райы.
- Күн. Апта. Ай. Жыл мезгілдері.
- Маусымдық өзгерістер.
- Жансыз табиғаттың пайдасы
- Жанды және жансыз табиғат (*қорытынды сабақ*)

*Практикалық жұмыстар:* Ауа, су, топырақ, күн көзінің маңызы туралы бейнематериалдарды талдау.

*Топсаяхат:* Қысқы табиғатты бақылау.

#### 4) «Менің Отаным»

### 4- тоқсан. 8 сағат

#### 1. Менің елім - Қазақстан

- Менің Отаным - Қазақстан.
- Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы.
- Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті.
- Менің қалам/ауылым.
- Наурыз мерекесі.

#### 2. Еліміздің құндылықтары

- Менің өлкемнің ескерткіштері.

- Қазақстанның көрікті жерлері Медеу мұз айдыны, Алтын адам т.б. (тек суретпен таныстырып кету)

- Отаным- мақтанышым (қорытынды сабақ)

*Практикалық жұмыстар:* Қазақстан Республикасының астанасы Нұр-Сұлтан қаласы туралы бейнематериалдарды талдау.

*Топсаяхат:* Қаланың/ ауылдың көрікті жерлеріне саяхат жасау.

## **2-сынып бойынша базалық мазмұн:**

1) «Адам және қоғам»

### **1 тоқсан 16 сағат**

1. Мені қоршаған орта.

- Отбасы мүшелерінің міндеттері.
- Әке мен ананың отбасындағы рөлі.
- Менің отбасымдағы орным.
- Туыстық қарым-қатынастар.
- Отбасылық дәстүрлер. Отбасылық демалыс.
- Мектеп ұжымы, мектеп ережесі.
- Жауапкершілік және тәртіп.

2. Адам және денсаулық.

- Адамның өмір сүруіне қажетті жағдайлар.
- Адамның дене мүшелерінің күтімі.
- Адамның сезім мүшелері.
- Адамның физиологиялық өсуі. Адам өміріндегі ұйқының маңызы.
- Денсаулыққа пайдалы және зиянды тағамдар.
- Дәрумендердің маңызы.
- Тіс күтімінің денсаулық сақтаудағы маңызы.
- Спорт және салауатты өмір салты.
- Маусымдық еңбек түрлері (қорытынды сабақ).

*Практикалық жұмыстар:* Мектеп ережесін құрастыру. Денсаулыққа пайдалы және зиянды тағамдарды анықтау. Маусымдық еңбек түрлерін анықтау.

*Топсаяхат:* Жергілікті жердегі спорт кешеніне саяхат.

2) «Табиғат» 32 сағат

### **2 тоқсан 16 сағат**

1. Жанды табиғат

- Өсімдіктің өсуіне керекті жағдайлар.
- Өсімдік бөліктері.
- Өсімдік бөліктерінің қызметі.
- Мәдени өсімдіктер.
- Жабайы өсімдіктер.
- Ағаштар және олардың түрлері.
- Бұталар және олардың түрлері.
- Бөлме өсімдіктері және оның түрлері.
- Шөптесін өсімдіктер.

- Өсімдіктерді қорғау.
- Жануарлар тіршілігіне қажетті жағдайлар.
- Жануарлардың түрлері.
- Үй жануарларының пайдасы.
- Құстардың түрлері.
- Жануарлардың бейімделуі.
- Өсімдіктер мен жануарлардың адам өміріндегі маңызы (Қорытынды сабақ).

*Практикалық жұмыстар:*

Ағаштар, бұталар мен шөптесін өсімдіктерінің айырмашылығы мен ұқсастығын анықтау. Күзгі өсімдіктерден гербарий жасау.

*Топсаяхат:* Саябақтағы ағаштарды, бұталар мен шөптесін өсімдіктерді бақылау. Жануарлардың күзгі тіршілігін бақылау.

### **3) 3 тоқсан 20 сағат**

#### **2.Жансыз табиғат**

- Ауаның қасиеттері.
- Ауаның маңызы.
- Ауа райы және климат
- Ауа райының маусымдық өзгерістері
- Ауа райын болжау.
- Жел – ауаның қозғалысы.
- Жауын-шашын.
- Бұлт. Тұман.
- Судың қасиеті.
- Судың табиғаттағы күйі.
- Судың маңызы.
- Судың ластануы
- Топырақ түрлері.
- Топырақтың маңызы.
- Топырақтың ластануы
- Күн – жарық пен жылу көзі.
- Көкжиек. Көкжиек тұстары.
- Тұсбағдар.
- Жергілікті жерді бағдарлау.
- Жансыз табиғаттың маңызы (қорытынды сабақ).

*Практикалық жұмыстар:*

Ауа-райын бақылау. Тұсбағдармен жұмыс. Топырақ түрлерін ажырату.

*Топсаяхат:* Қыста қардың жаууын бақылау.

### **4) «Менің Отаным»**

#### **4 тоқсан 16 сағат**

*1. Менің елім – Қазақстан.*

- Қазақстан – Тәуелсіз мемлекет.
- Мемлекеттік рәміздердің атрибуттары.
- Ұлттық тенге.
- Отанымыздың ірі қалалары.
- Еліміздің мал және егін шаруашылығы.
- Әсем қала – Алматы.
- Өлкемнің демалыс орындары.
- Құрылыс. Сәулет өнері.

*2. Еліміздің құндылықтары.*

- Қазақстан халықтар достығы
- Менің өлкемнің табиғаты.
- Менің өлкемнің жәдігерлері.
- Ұлттық ойындар.
- Өлкемнің мұражайы.
- Бәйтерек - өмір ағашы.
- Мәңгілік ел қақпасы.
- Менің елім – Қазақстан (қорытынды сабақ).

*Практикалық жұмыстар:*

«Менің елім – Қазақстан» тақырыбына ЭССЕ, сурет, шығармашылық сипаттағы жұмыс.

*Топсаяхат: Жергілікті жердегі көрікті жерлерге саяхат. Мұражайға саяхат.*

**3-сынып бойынша базалық мазмұн:**

*1) «Адам және қоғам»*

**1 тоқсан 16 сағат**

*1. Мені қоршаған орта*

- Ата мен әженің отбасындағы орны.
- Ата-анасының жұмыс орны, олардың мамандығы.
- Отбасындағы шығынды үнемдеу
- Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас.
- Отбасы және қоғамдық орындардағы әдеп.

*2. Адам және денсаулық.*

- Адам – табиғаттың бір бөлшегі.
- Адам ағзасының құрылысы. Қаңқа.
- Бұлшық еттер және оның қызметі.
- Тері және оның қызметі.
- Тыныс алу мүшелері және оның гигиенасы.
- Ас қорыту мүшелері. Зәр шығару жүйесі.
- Тамақтану гигиенасы.
- Денені шынықтыру. - Таза ауада демалу.
- Спорт түрлері, оның денсаулыққа пайдасы.

- Үлескідегі еңбек.

- Қоғам. Адам. Денсаулық. (қорытынды сабақ).

*Практикалық жұмыстар:* Отбасының кірісі мен шығынын есептеу. «Жұқпалы аурулар және одан сақтану жолдары» ЭССЕ.

*Топсаяхат:* Асханаға және мектеп үлескісіне саяхат.

2) «Табиғат» 32 сағат

**2 тоқсан 16 сағат**

1. Жанды табиғат

- Өсімдіктердің көптүрлілігі.

- Өсімдіктердің тіршілік ортасына бейімделуі.

- Өсімдіктердің маусымдық өзгерістері.

- Өсімдіктердің көбеюі.

- Жеміс. Тұқым. Тұқымның таралуы.

- Өсімдіктердің табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы.

- Жануарлар әлемінің көптүрлілігі: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер.

- Бауырмен жорғалаушылар, құстар.

- Сүтқоректілер.

- Қыстайтын құстар.

- Жыл құстары.

- Жануарлардың қоректенуі Қыстайтын құстар.

- Жыл құстары.

- Өсімдікқоректі жануарлар.

- Жыртқыш жануарлар.

- Жануарлардың көбеюі.

- Өсімдіктер мен жануарларды қорғау (Қорытынды сабақ).

*Практикалық жұмыстар:* Тұқымның өнуін бақылау. Өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау.

*Топсаяхат:* Қыстайтын және жыл құстарының күзгі тіршілігін бақылау.

**3) 3 тоқсан 20 сағат**

2. Жансыз табиғат

- Ауаның құрамы.

- Ауа: жылы және суық ауа.

- Желдің пайдасы мен зияны.

- Ауа райынан болатын қауіп-қатерлер.

- Ауаны ластанудан сақтау.

- Табиғаттағы су айналымы.

- Табиғи су көздері: бұлақтар, сарқырамалар және т.б. – Су көздерінің тазалығын сақтау.

- Топырақтың құрамы (күм, саз, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа).

- Ауа. Су- энергия көзі

- Топырақты қорғау

- Глобус және карта.

- Тұсбағдардың аралық бағдары.
- Жер бедері.
- Өз өлкемнің жер бедері
- Таулар.
- Жазықтар.
- Өзендер.
- Көлдер.
- Бізді қоршаған орта (қорытынды сабақ).

*Практикалық жұмыстар:* Ауаның құрамын анықтауға тәжірибе жасау.

Топырақтың құрамын анықтауға тәжірибе жасау. Картамен жұмыс.

*Топсаяхат:* Жергілікті жердегі жер бедерін бақылау.

4) «Менің Отаным»

#### **4 - тоқсан 16 сағат**

1.Менің елім - Қазақстан

- Қазақстан Республикасының Ата Заңы.
- Рәміздерім – мақтанышым.
- Отанымыздың Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар.
- Қазақстанның мәдени орындары.
- Қазақстан спортшылары.
- ЭКСПО-2017.
- Өлеуметтік желі және қауіпсіздік.
- Еліміздің шаруашылығы

2. Еліміздің құндылықтары

- Қазақ халқының ұлттық құндылықтары.
- «Алтын адам» аңызы.
- «Бәйтерек» монументі.
- «Мәңгілік Ел» қақпасы.
- Көне қалалар мен ескерткіштер.
- Тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау.
- Қазақ халқының ұлттық мерекелері, салт дәстүрлері.
- Отан (қорытынды сабақ)

*Практикалық жұмыстар:* Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің ерекшеліктерін анықтау.

*Топсаяхат:* Жергілікті жердегі тарихи және мәдени ескерткіштерге саяхат.

#### **4-сынып бойынша базалық мазмұн:**

1) «Адам және қоғам»

#### **1 тоқсан 16 сағат**

1. Мені қоршаған орта

- Отбасы – қоғамның бір бөлшегі.

- Жеті ата. Баланың ата-ана алдындағы борышы.
- Үнемшілдік және ысырапшылдық.
- Отбасылық мерекелер.
- Сыныптағы өзін-өзі басқару.
- Достық пен жолдастық.
- Мен білетін мамандықтар
- Туризм және демалыс.

## 2. Адам және денсаулық.

- Адамның тірек-қимыл жүйесі.
- Қан айналым жүйесі. Жүрек және оның қызметі.
- Мидың қызметі. Жүйке жүйесі.
- Алғашқы медициналық көмек.
- Спорт - денсаулық кепілі. Спорт жарақаттарын алдын-алу.
- Жұқпалы аурулар және олардан қорғану жолдары.
- Қоғамдық пайдалы еңбек.
- Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы (қорытынды сабақ)

*Практикалық жұмыстар:* Жұқпалы аурулардан сақтану шараларын құрастыру.

Адам үшін қан мен жүректің маңызын анықтау. Эссе.

*Топсаяхат:* Жергілікті жердің медициналық орындарына, шипажайларға саяхат.

## 2) «Табиғат» 32 сағат

### **2-тоқсан 16 сағат**

#### 1. Жанды табиғат

- Өсімдіктердің фотосинтезі (оттектің бөлінуі).
- Біржылдық және көпжылдық өсімдіктер.
- Дәнді дақылдар.
- Гүлді өсімдіктер.
- Өсімдік топтарының қоршаған орта жағдайларына бейімделуі.
- Дәрілік өсімдіктер мен улы өсімдіктер.
- Өсімдіктер мен жануарлардың өзара байланысы.
- Омыртқалы және омыртқасыз жануарлар.
- Жануарлардың пайдасы мен зияны.
- Бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылардың түрлері.
- Құстардың адамға пайдасы.
- Сүтқоректілердің қоректенуі мен көбеюі.
- Жануарлар әлемінің тіршілік ортасына бейімделуі.
- Табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтау
- Қазақстан қорықтары мен қорықшалары.
- Жанды табиғаттың өзара байланысы (қорытынды сабақ).



*Практикалық жұмыстар:*. Дәрілік өсімдіктер мен улы өсімдіктер түрлерін анықтау.

Бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар мен сүтқоректілердің айырмашылықтар мен ұқсастықтарын анықтау.

*Топсаяхат:* табиғаттағы өсімдіктер мен жануарлар тіршілігін бақылау.

Мектеп үлескісіндегі гүлді өсімдіктер.

### **3) 3 тоқсан 20 сағат**

#### **2.Жансыз табиғат**

- Ауа райының құбылыстары.
- Табиғи апаттар.
- Су қоймалары.
- Суды үнемдеу мен қорғау.
- Судың шаруашылықтағы маңызы
- Топырақтың таралуы.
- Табиғат белдеулері
- Табиғат зоналары
- Топырақтың табиғат зоналары бойынша өзгеруі.
- Жер бедерінің формалары.
- Пайдалы қазбалар.
- Тау жыныстарының түрлері, қасиеті
- Қазақстанның кен орындары.
- Карта, оның түрлері.
- Сызба және масштаб.
- Материктер.
- Теңіздер
- Мұхиттар.
- Денелер. Заттар.Табиғи және жасанды денелер.
- Жансыз табиғат және адам. (қорытынды сабақ)

*Практикалық жұмыстар:*

Қазақстанның физикалық картасынан ірі өзендерді, көлдерді және теңіздерді тауып, белгілеу.

Пайдалы қазбаларды картадан табу.

*Топсаяхат:* Жергілікті су қоймаларына саяхат.

#### **4) «Менің Отаным»**

### **4 – тоқсан 16 сағат**

#### **1.Менің елім - Қазақстан**

- Қазақстан –көпұлтты мемлекет.
- Ұлы жібек жолы.
- Түркістан – рухани астана.
- Қазақстан тарихындағы батырлар.
- Ұлы дала даналары (билері).
- Қазақ хандары

- Ежелгі таңбалар (Таңбалы тас, Күлтегің, Орхон-Енисей).
- -Өлкемнің экономикасы.
- -Өнеркәсіп орындары
- - Ауыл шаруашылығы.

## 2. Еліміздің құндылықтары

-Қазақстандық ұлттық бренд.

- Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлі.

-Мерекелер: кәсіби, тарихи, ұлттық және мемлекеттік мерекелер.

-Қазақстандағы музейлер.

-«Ақылды қала».

-Қазақстан тарихы: тәуелсіздік (қорытынды сабақ).

*Практикалық жұмыстар:* Қазақстан музейлерінің атауылары мен олардың орналасуын анықтау.

Қазақстан мерекелерінің атауылары мен олардың орналасуын анықтау

*Топсаяхат:* Жергілікте жердегі музейге саяхат

## 5-сынып бойынша базалық мазмұн:

1) «Адам және қоғам»

### 1 тоқсан 16 сағат

1. Мені қоршаған орта

- Отбасы - шағын мемлекет.

- Отбасы және бала құқықтары. Борыш пен міндет.

- Мен және ғаламтор. Ғаламтордың пайдасы мен зияны.

- Қазақстан және әлемдік жаһандану.

- Қазақстанның экологиялық мәселелері

Қазақстандағы жасыл экономика.

- Менің қиялымдағы болашақ Қазақстан. Мен - елімнің болашағымын.

- Қазақстан туризмі.

- Менің сүйікті мамандығым.

2. Адам және денсаулық.

- Адам ағзасындағы мүшелер жүйесінің өзара байланысы: жүйке, тыныс алу, ас қорыту, зәр шығару, қан айналым жүйелері.

- Адам ағзасының аурудан қорғану жолдары.

- Тыныс алу жаттығулары.

- Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын белгілер

- Адам ағзасы және дәрумендер.

- Адам ағзасына мобильді құрылғылардың зияны.

- Ақыл-ой еңбегінің маңызы.

- Қоршаған орта және адам денсаулығы (қорытынды сабақ)

*Практикалық жұмыстар:* Менің өлкемнің туризмі. Маршрут құру, ғылыми жоба.

*Топсаяхат:* Өлкедегі өсімдіктер әлемі.

2) «Табиғат» 32 сағат

### **2 тоқсан 16 сағат**

#### 1. Жанды табиғат

- Өсімдіктердің жер бетінде таралуы.
- Өсімдіктер тіршілігіндегі топырақтың маңызы.
- Өсімдіктердің тіршілік циклі.
- Балдырлар.
- Жалпақ жапырақтылар мен қылқан жапырақтылар.
- Өсімдіктерді қорғау жолдары.
- ҚР «Қызыл кітабы»
- Жануарлардың бірлесіп өмір сүруі.
- Бунақденелілердің тіршілік ету циклі;
- Балықтар мен қосмекенділердің әртүрлі тіршілік ету ортасына бейімделуі
- Бауырымен жорғалаушылардың таралуы.
- Құстардың тіршілік ортасына бейімделуі.
- Қоректік тізбектің құрылымы.
- Азайып бара жатқан жануарлар.
- Ұлттық саябақтар.
- Өсімдіктер мен жануарлар әлемі. (қорытынды сабақ)

*Практикалық жұмыстар:* Өсімдіктердің алуантүрлілігі: жалпақ жапырақтылар мен қылқан жапырақтылардың түрлерін ажырату.

*Топсаяхат:* Табиғат нысандарына саяхат.

### **3) 3 тоқсан 20 сағат**

#### 2. Жансыз табиғат

- Ауаның ластану көздері және тазарту шаралары.
- Судың агрегаттық күйі.
- Судың ластануы және оны тазарту.
- Тіршіліктегі топырақтың маңызы.
- Кен орындарын қалпына келтіру жолдары.
  - Географиялық белдеулер және зоналардағы табиғат ерекшеліктері.
  - Атмосферада жауын-шашынның түзілуі.
- Ауа райы және климат.
- Жер планетасы.
- Географиялық қабаттар
  - Жердің табиғи серігі – Ай.
  - Күн жүйесі. Жер мен Күн арасындағы байланыс. Күн мен түннің ауысуы.
  - Ғарыш. Ғарыш денелері. Ғаламшарлар.
- Ғарышты зерттеу. Ғарышкерлер.
- Жарық пен қараңғы. Дыбыс.
- Жылу және жылыту құрылғылары. электрлік ұғымы.
- Магнит және оның маңызы.
- Қозғалыс және оның маңызы.
- Жансыз табиғат ұғымдары мен түсініктері (қорытынды сабақ)

*Практикалық жұмыстар:*

- Климаттың адамзат тіршілігіне әсерін анықтау.
- Қазақстан аймақтарының климатын салыстыру.
- Өз өлкесінің ауа райын салыстыру.
  - Жарық пен қараңғы, дыбыс, жылу және жылыту құрылғылары, электрлік, магнит, қозғалыс тақырыптарына тәжірибелік жұмыстар.
  - Аспан денелерін бақылау.

*Топсаяхат:* Табиғатты ластау жолдарын көру мақсатында серуенге шығу.

4) Менің Отаным»

**4 – тоқсан 16 сағат**

1. Менің елім - Қазақстан

- Цифрлы Қазақстан».
- Өлемдік қауымдастық және Қазақстан.
- Көшпелі және отырықшы өмір салты оның ерекшеліктері.
- Қазақ халқының шығу тарихы.
- Ботай мәдениеті.
- Сақ тайпалары
- Ғұн тайпалары.
- Қазақ хандығы.
- Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар.
- Ұлы жібек картада.

2. Еліміздің құндылықтары

- Көрнекті тарихи тұлғалар.
- Ұлы Отан соғысы, оның қаһармандары  
(Б. Момышұлы, Ә. Молдағұлова, М. Мәметова, Р. Қошқарбаев, т.б.)
- Қазіргі заманымыздың халық қаһармандары.
- Өнер қайраткерлері.
- «Технологиялық прогресс».
- Қазақстан: бейбітшілік пен тұрақтылық (қорытынды сабақ)

*Практикалық жұмыстар:* Ұлы Жібек жолындағы қалаларды анықтау.

Болашақтың қаласы. Жоба.

*Топсаяхат:* Жергілікті жердің «Мәдениет орталығына» саяхат.

#### **4-тарау. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер**

Оқу пәнінен күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпығаміндетті мемлекеттік стандартында айқындалған **метапәндік құзыреттіліктерге** (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланады.

Дүниетану пәні жаратылыстану пәндерінің мазмұндық тақырыптарын қамти отырып, адам, қоғам және табиғат туралы түсініктерін қалыптастырады.

Қоршаған орта пәні жаратылыстану, тарих, география, биология, физика, химия сияқты пәндерді оқытудың негізін құрайды.

Қоршаған орта бағдарламасының негізгі ерекшелігі пәндік білім, білік, дағдыларды ғана емес, сондай-ақ кең басқа да дағдыларды қалыптастыруға бағытталады: білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау. Кең ауқымды дағдылар оқушылардың мектептегі білім беру практикасында да, сондай-ақ болашақта да табыстылығының кепілі болып табылады.

Бастауыш білім беруде меңгерілетін білім салалары бойынша төмендегідей метапәндік құзыреттіліктер қалыптасады:

**1) Ғылыми-танымдық құзыреттілік:**

- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде өзін, отбасы мүшелерін, қоршаған ортасын құрметтеуге үйренеді;

- адам өмірінде қоршаған ортаның маңыздылығын және оның қажеттілігін түсінеді, қоршаған ортаны зерттеу, бақылау арқылы адамдар әрекетін, мінез-құлқын тануға ұмтылады;

- адам, қоғам, табиғаттың өзара үйлесімділігін туралы білімін дәлелдейді;

- оқу-танымдық әрекетке сәйкес зерттеу әдістерін ажыратады (бақылау, тәжірибе, эксперимент, модельдеу, есептеу);

- табиғатты қорғайды, экологиялық, адамгершілік тәрбие туралы түсінік алады;

- оқу танымдық әрекетін ұйымдастыруға, жоспарлауға, өзін-өзі басқаруға, бағалауға, өзіндік ой қорытындысын шығаруға үйренеді;

**1) Мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:**

- оқу материалдарындағы рухани-мәдени құндылықтарды ажырата алады;

- Қазақстанның, туған өлкесінің табиғаты мен байлықтарын үнемдеу, мәдени мұраларды сақтаудың қажеттілігін түсінеді, олардың ұлттық құндылықтарға жататынын біледі.

- рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін және адами ізгі қасиеттерді бағалап, әлеуметтік-қоғамдық, табиғи ортаға бейімделіп, оның мүшелерімен ізгілікті қарым-қатынас жасайды;

**3) Тілдік-коммуникативтік құзыреттілік;**

- жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөліседі, пікірлеседі, қарым-қатынасқа түседі;

- адамның табиғатпен, қоғаммен қарым-қатынастың қажеттілігін түсініп, коммуникативтік дағдыларын шындай алады;

- адам, қоғам, табиғат, аспан әлемі, табиғат физикасы жайлы және географиялық, экологиялық, экономикалық, тарихи оқу-танымдық ақпараттарды түсініп, ойын еркін жеткізе алады;

- дүниетану бойынша жеке, жұптық және топтық зерттеу жұмыстарын орындайды, бақылаулар, сарамандық (практикалық) жұмыстарды, эко жоба жасап қорғауда, коллаборациялық орта құрып қарым-қатынасқа түседі;

- қарым-қатынас дағдыларды дамыту негізінде тұлғалық, танымдық, шығармашылық қасиеттері қалыптасады;

#### **4) Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:**

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алады;

- дереккөздерден қажетті мәтінді іздеп табады, өңдеп, қолданады;

- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолданады;

- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдейді;

- дүниетану пәні бойынша, цифрлы Қазақстан, әлемдік қауымдастық және Қазақстан туралы ақпараттарды электрондық, оқу ресурстардан, әртүрлі дереккөздерінен іздеп тауып, өңдейді және қажетіне қарай қолданады;

- адам, қоғам, табиғат туралы шығармашылық жұмыстарында оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу жобаларында, кластер, кесте, сызба құруда, сұлба, диаграмманы және т.б. цифрлық сауаттылықпен орындайды;

- ақпараттық ресурстар мен ғаламторды пайдалана отырып, ақпаратты іздейді, табады, алынған ақпараттардан кестелер, схемалар, модельдер жасайды, қорғайды.

«Дүниетану» пәнінен күтілетін нәтижелер.

### **1 сынып**

*Білім алушы:*

- Отбасы, мектеп, Отан ұғымдарын;

- адам, өсімдіктер және жануарлар әлемін;

- тіршілікке қажетті жағдайлар: «Ауа», «су», «топырақ», «күн көзін»;

- маусымдық өзгерістердің ерекшеліктерін;

- Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентін;

- туған өлкесінің ескерткіштерін біледі.

*Білім алушы:*

- отбасы мүшелерінің рөлін;

- Мемлекеттік рәміздерінің маңызын;

- адамның дене мүшелері қызметін;

- өсімдік топтарының ерекшеліктерін;

- көкөніс пен жемістер айырмашылықтарын;

- жабайы аңдар мен құстардың ерекшеліктерін;

- үй жануарлары мен үй құстарының пайдасын;

- ауаның, судың, топырақтың, ауа райының маңызын;

- жансыз табиғаттың пайдасын;

- Қазақстан Республикасының астанасының маңызын;

- Қазақстанның көрікті жерлерінің құндылығын (Медеу мұз айдыны, Алтын адам т.б.) түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- күн тәртібін реттеп;

- адам гигиенасын, денсаулық және қауіпсіздік ережелерін сақтап;
- өсімдіктер мен жануарларды күтіп, қамқорлық көрсетуде;
- күн, апта, ай, жыл мезгілдерін күнделікті өмірде;
- наурыз мерекесін өткізуде;
- Отанды мақтанышпен дәріптеуде қолданады.

Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:

- қоғамдық көлік және қауіпсіздік ережелерін күнделікті өмірде сақтап;
- адам еңбегінің түрлерін күнделікті өмірде орындап;
- жанды және жансыз табиғатты қорғауда;
- қала/ауыл тіршігіне араласуда қолданады.

Білім алушылар меңгерген білімін шығармашылықпен:

- Қоршаған ортаның адам үшін маңызы зерттеуде;
- жекебас гигиенасының ережесін құрастыруда;
- өсімдіктің бөліктерін бақылауда;

- үй жануарлары мен жабайы аңдардың, құстар мен үй құстарының айырмашылығы мен ұқсастығын анықтауда;

- ауа, су, топырақ, күн көзінің маңызы туралы бейнематериалдарды талдауда;

- Қазақстан Республикасының астанасы Нұр-Сұлтан қаласы туралы бейнематериалдарды талдауда қолданады.

## 2 сынып

*Білім алушы:*

- отбасы мүшелерінің міндеттерін, туыстық қарым-қатынастарын;
- мектеп ұжымын;
- адамның өмір сүруіне қажетті жағдайларды;
- адамның сезім мүшелерін;
- өсімдіктің өсуіне керекті жағдайларды;
- ағаштар, бұталар, шөптер, мәдени, жабайы, бөлме өсімдіктері және олардың түрлерін;
- жануарлардың түрлерін;
- ауаның, судың қасиеттерін, ауа райы және климаттың өзгерістерін;
- жел – ауаның қозғалысын, жауын-шашын, бұлт, тұман айырмашылықтарын;
- топырақ түрлерін;
- Қазақстанның – Тәуелсіз мемлекет екенін, мемлекеттік рәміздердің атрибуттарын, әсем қала – Алматыны;
- құрылыс, сәулет өнерін;
- маусымдық еңбек түрлерін біледі.

*Білім алушы:*

- әке мен ананың және өзінің отбасындағы рөлін;
- адамның физиологиялық өсуін, адам өміріндегі ұйқының маңызын;
- дәрумендердің маңызын;
- өсімдіктің бөліктерін, қызметін;

- құстардың түрлерін ажыратып, жануарлардың бейімделуін;
- үй жануарларының пайдасын;
- ауаның маңызын, ауа райының маусымдық өзгерістерін;
- топырақтың маңызын;
- Күн – жарық пен жылуды беретінін;
- көкжиек, көкжиектің тұстарын анықтап, жергілікті жерді бағдарлауды;
- Ұлттық теңгенің маңызын, Отанымыздың ірі қалаларын;
- еліміздің мал және егін шаруашылығының, өлкенің демалыс орындарының маңызын;
- Қазақстан халықтар достығының бірлігін түсінеді.

Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:

- мектеп ережесін орындауда;
- адамның дене мүшелерінің күтімін;
- тіс күтімінің денсаулық сақтаудағы маңызын;
- өсімдіктерді қорғау жолдарын;
- жануарлар тіршілігіне қажетті жағдайларды жасауда;
- ауа райын болжап, бақылау жасауда;
- судың қасиетін, судың табиғаттағы күйін, маңызын, ластануын анықтауда;
- топырақтың ластануын айқындауда;
- туған өлкенің табиғаты мен жәдігерлерін бақылауда қолданады.

Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:

- отбасылық дәстүрлерді, демалыстарды өзінің өмірінде;
- жауапкершілік және тәртіпті сақтауда;
- денсаулыққа пайдалы және зиянды тағамдарды таңдауда;
- спорт және салауатты өмір салтын сақтауда;
- өсімдіктер мен жануарлардың адам өміріндегі маңызын түсіндіруде;
- ұлттық ойындарды ойнағанда;
- өлкенің мұражайына, Бәйтерек, Мәңгілік ел қақпасына топсаяхаттағанда қолданады.

Білім алушылар меңгерген білімін шығармашылықпен:

- Мектеп ережесін құрастыруда;
- денсаулыққа пайдалы және зиянды тағамдарды анықтауда;
- маусымдық еңбек түрлерін орындауда;
- ағаштар, бұталар мен шөптесін өсімдіктерінің айырмашылығы мен ұқсастығын анықтауда;
- күзгі өсімдіктерден гербарий жасауда;
- ауа-райы құбылыстарын шартты белгілермен белгілеуде;
- тұсбағдармен жұмыс жасауда;
- «Менің елім – Қазақстан» тақырыбына ЭССЕ, сурет, шығармашылық сипаттағы жұмыс жасауда қолданады.



### 3 сынып

#### Білім алушы:

- адам ағзасының құрылысын, қаңқаны;
- бұлшық еттер және оның қызметін;
- тері және оның қызметін;
- ас қорыту мүшелерін, зәр шығару, тыныс алу жүйесін;
- өсімдіккөректі жануарлардың ерекшеліктерін;
- жыртқыш жануарлардың тіршілігін;
- жануарлардың көбеюін;
- табиғи су көздері: бұлақтарды, сарқырамаларды;
- жер бедерінің, таулардың, жазықтардың, өзендердің, көлдердің ұғымдарын;
- Қазақстан Республикасының Ата Заңын;
- Қазақстанның мәдени орындарын;
- спорт түрлерін, Қазақстан спортшыларының жетістіктерін;
- ЭКСПО-2017 жетістіктерін біледі.

#### Білім алушы:

- рәміздерде бейнеленген символдардың маңызын;
- ата мен әженің отбасындағы орнын, ата-ананың жұмыс орнын, олардың мамандығын;
- мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты;
- адам – табиғаттың бір бөлшегін;
- өсімдіктердің көптүрлілігін, көбеюін, тұқымның таралуын;
- өсімдіктердің тіршілік ортасына бейімделуін;
- өсімдіктердің табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын;
- жануарлар әлемінің көптүрлілігін (бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырмен жорғалаушылар, құстар, сүтқоректілер, қыстайтын құстар, жыл құстары, жануарлардың қоректенуі, қыстайтын құстар, жыл құстары);
- ауа райында болатын қауіп-қатерлерді;
- табиғаттағы су айналымының маңызын;
- Отанымыздың Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғаларын;
- еліміздегі шаруашылық түрлерінің маңызын;
- қазақ халқының ұлттық құндылықтарын: көне қалалар мен ескерткіштерді, тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтаудың маңызын түсінеді.

#### Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:

- отбасындағы шығынды үнемдеуде;
- отбасы және қоғамдық орындардағы әдепті сақтауда;
- тыныс алу мүшелерінің, тамақтанудың гигиенасын сақтауда;
- өсімдіктердің маусымдық өзгерістерін бақылауда;
- жеміс, тұқымның өсіп-өнуін зерттеуде;
- ауаның жылы және суық түрлерін тәжірибе жасауда;
- ауаның құрамын анықтауда;
- желдің пайдасы мен зиянын анықтауда;

- су көздерінің тазалығын сақтау жолдарын құрастыруда;
- топырақтың құрамын (кұм, саз, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа) анықтауда **қолданады.**

**Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:**

- денені шынықтыруда, спорт түрлерімен шұғылдануда;
- үлескідегі еңбек барысында;
- өсімдіктер мен жануарларды қорғауда;
- ауаны, суды ластанудан сақтауда;
- топырақты қорғауда;
- әлеуметтік желінің қауіпсіздік ережелерін сақтауда;
- «Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік Ел» қақпасы туралы ақпарат жинауда;
- қазақ халқының ұлттық мерекелерін, салт-дәстүрлерін нәсихаттауда **қолданады.**

**Білім алушылар меңгерген білімін шығармашылықпен:**

- отбасының кірісі мен шығынын есептеуде;
- «Жұқпалы аурулар және одан сақтану жолдарын» талдауда;
- өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыруда;
- глобус және картаны пайдалануда;
- тұсбағдардың аралық тұстарын анықтауда;
- ауа, су, топырақтың құрамын анықтауда **қолданады.**

**4 сынып**

**Білім алушы:**

- жеті ата, баланың ата-ана алдындағы міндетін;
- туризм және демалыс орындарын;
- адамның тірек-қимыл жүйесін;
- өсімдіктердің фотосинтез (оттектің бөлінуі) үдерісін;
- біржылдық және көпжылдық өсімдіктердің ерекшеліктерін;
- дәнді дақылдар, гүлді, дәрілік, улы өсімдіктердің айырмашылықтарын;
- омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың түрлерін;
- Қазақстан қорықтары мен қорықшаларының маңызын;
- табиғи апаттардың түрлерін;
- су қоймаларының маңызын;
- топырақтың таралуын
- материктер, теңіздер, мұхиттардың айырмашылықтарын;
- Ұлы жібек жолының және Рухани астана – Түркістанның маңызын;
- Қазақстан тарихындағы батырлар, ұлы дала даналары (билері), қазақ хандарының ерлігін;
- ежелгі таңбаларды (Таңбалы тас, Күлтегін, Орхон-Енисей) **біледі.**

### **Білім алушы:**

- отбасы – қоғамның бір бөлшегі екенін;
- мамандық түрлерінің маңызын;
- қан айналым жүйесі, жүрек және оның қызметін;
- мидың қызметі мен жүйке жүйесін;
- өсімдік топтарының қоршаған орта жағдайларына бейімделуін;
- өсімдіктер мен жануарлардың өзара байланысын;
- жануарлардың пайдасы мен зиянын;
- бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылардың түрлерін;
- құстардың адамға пайдасын;
- сүтқоректілердің қоректенуі мен көбеюін;
- жануарлар әлемінің тіршілік ортасына бейімделуін;
- судың шаруашылықтағы маңызын;
- табиғат белдеулерін, зоналарын, топырақтың табиғат зоналары бойынша өзгеруін, жер бедерінің формаларын;
- пайдалы қазбаларды, тау жыныстарының түрлері мен қасиетін, Қазақстанның кен орындарын;
- заттар мен табиғи, жасанды денелерді;
- Қазақстанның көпұлтты мемлекеттігін;
- өлкенің экономикасын, өнеркәсіп орындарын, ауыл шаруашылығын түсінеді.

### **Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:**

- сыныптағы өзін-өзі басқаруда;
- достық пен жолдастықты түсінуде;
- алғашқы медициналық көмек көрсетуде;
- спорт - денсаулық кепілін сақтауда, спорт жарақаттарын алдын-алуға;
- жұкпалы аурулар және олардан қорғану жолдарын сақтауда;
- табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтауда;
- ауа райының құбылыстарын бақылауда;
- суды үнемдеу мен қорғауда;
- карта, сызба және масштабпен жұмыс жасауда **қолданады.**

### **Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:**

- үнемшілдік және ысырапшылдықты тұрмыстық әрекетте салыстыруда;
- Қазақстандық ұлттық брендтерді ажыратуда;
- Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлін анықтауда;
- мереке түрлерін: отбасылық, кәсіби, тарихи, ұлттық және мемлекеттік мерекелерді атап өтуде;
- Қазақстандағы музейлердің маңыздылығын анықтауда;
- «Ақылды қала» идеясын талдауда **қолданады.**

### **Білім алушылар меңгерген білімін шығармашылықпен:**

- қоғамдық пайдалы еңбек ету барысында;
  - жұқпалы аурулардан сақтану шараларын құрастыруда;
  - адам үшін қан мен жүректің маңызын анықтауда;
  - дәрілік өсімдіктер мен улы өсімдіктер түрлерін айқындауда;
  - бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар мен сүтқоректілердің айырмашылықтар мен ұқсастықтарын салыстыруда;
  - Қазақстанның физикалық картасынан ірі өзендерді, көлдерді және теңіздерді белгілеуде;
  - пайдалы қазбаларды картадан табуда;
  - Қазақстан музейлерінің атаулары мен олардың орналасуын анықтауда
- қолданады.**

### **5 сынып**

#### **Білім алушы:**

- адам ағзасындағы тұқым қуалайтын белгілерді;
- өсімдіктердің жер бетінде таралуы мен тіршілік циклін, балдырларды, жалпақ және қылқан жапырақтыларды, өсімдіктерді қорғау жолдарын;
- жануарлардың қоректік тізбек құрылымын;
- ұлттық саябақтардың ерекшеліктерін;
- кен орындарын қалпына келтіру жолдарын;
- ауа райы және климаттың ерекшелігін;
- географиялық қабаттардың түрлерін;
- жер планетасын, оның табиғи серігін, ғарышты, ғарыш денелерін, ғаламшарларды, ғарышты зерттеуді, ғарышкерлерді;
- қозғалыс және оның маңызын, жарық пен қараңғыны, дыбысты, жылу және жылыту құрылғыларын, электрлік ұғымын, магнит және оның қасиетін біледі.

#### **Білім алушы:**

- отбасы - шағын мемлекет екенін;
- Қазақстанның экологиялық мәселелерін, жасыл экономикасын, туризмінің маңызын;
- адам ағзасындағы мүшелер жүйесінің өзара байланысын (жүйке, тыныс алу, ас қорыту, зәр шығару, қан айналым жүйелері);
- ақыл-ой еңбегінің маңызын;
- өсімдіктер тіршілігіндегі топырақтың маңызын;
- ҚР «Қызыл кітабының» маңызын;
- жануарлардың бірлесіп өмір сүру ерекшеліктерін;
- бунақденелілердің тіршілік ету циклін;
- балықтар мен қосмекенділердің әртүрлі тіршілік ету ортасына бейімделуін;
- бауырымен жорғалаушылардың таралу жолдарын;
- құстардың тіршілік ортасына бейімделуін;
- тіршіліктегі топырақтың маңызын;

- географиялық белдеулер және зоналардағы табиғат ерекшеліктерін;
- атмосферада жауын-шашынның түзілуі себептерін;
- Күн жүйесін, Жер мен Күн арасындағы байланысты, Күн мен түннің ауысуын;
- көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін;
- қазақ халқының шығу тарихын: Ботай мәдениеті, сақ тайпалары, ғұн тайпалары, қазақ хандығы.
- Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалардың ерекшеліктерін;
- көрнекті тарихи тұлғалар, ұлы Отан соғысы қаһармандарының ерлігін;
- қазіргі заманымыздың халық қаһармандары мен өнер қайраткерлерінің еңбегінің жетістіктерін **түсінеді.**

**Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:**

- отбасы және бала құқықтары мен міндеттерін орындауда;
- адам ағзасының аурудан қорғану жолдарын сақтауда;
- тыныс алу жаттығуларын жасауда;
- адам ағзасына қажетті дәрумендердің пайдасын айқындауда;
- ауаның, судың, топырақтың ластану көздерін анықтап, тазарту шараларын жүзеге асыруда;
- судың агрегаттық күйін анықтауда;
- цифрлы Қазақстанды ерекшелігін, әлемдік қауымдастықтағы Қазақстанның орнын анықтауда **қолданады.**

**Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:**

- ғаламтордың пайдасы мен зиянын ажыратуда;
- Қазақстан және әлемдік жаһанданудың маңызын түсіндіруде;
- Қазақстанның болашағын болжауда **қолданады.**

**Білім алушылар меңгерген білімін шығармашылықпен:**

- өлкенің туризміне маршрут құруда, ғылыми жоба жасауда;
- климаттың адамзат тіршілігіне әсерін зерттеуде;
- Қазақстан аймақтарының климатын салыстыруда;
- өз өлкесінің ауа райын болжауда;
- жарық пен қараңғы, дыбыс, жылу және жылыту құрылғылары, электрлік, магнит, қозғалыс тақырыптарына тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын орындауда;
- аспан денелерін бақылауда;
- адам ағзасына мобильді құрылғылардың зиянын зерттеуде;
- технологиялық прогресті, болашақтың қаласын жобалауда;
- Ұлы Жібек жолындағы қалаларды анықтауда **қолданады.**

**«Саз өнері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**  
(қазақ тілінде оқытылатын мектептің 1-5-сыныптарына арналған)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ... жылғы ... № ... бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ... тіркелген).

«Саз өнері» оқу пәнінің мақсаты:

білім алушылардың музыкалық мәдениетін дамыту;  
қазақ музыкасы мен әлемдік музыка өнерінің әлеуметтік-мәдени және рухани-адамгершілік құндылықтары туралы ұғымдарын қалыптастыру;  
білім алушылардың музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;  
өзін-өзі шығармашылық көрсету жолдары және музыкалық қызметтегі коммуникация арқылы негізгі білімді меңгеру

«Саз өнері» оқу пәнінің міндеттері:

- музыканың адам өміріндегі рөлі туралы ойларын қалыптастыру;
- Қазақстан халықтарының мәдениеті мен дәстүрлерін, сондай-ақ әлемнің мәдени алуан түрлілігін құрметтеуге тәрбиелеу;
- музыканы басқа өнер түрлерімен біріктіру арқылы әлемнің тұтас бейнесі туралы түсінік қалыптастыру;
- білім алушылардың музыкалық қабілеттері мен шығармашылық белсенділігін ашу;
- негізгі музыкалық жанрлар, музыканың мәнерлі құралдары, халық және классикалық музыкалық аспаптардың жіктелуі туралы білім беру;
- музыкалық іс-әрекет дағдыларын дамыту;
- музыка арқылы байланыс формалары туралы түсінік қалыптастыру;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын дамыту

2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру

«Саз өнері» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік және денсаулықты сақтау ұстанымдарына негізделеді.

«Саз өнері» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісінде білім алушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын, дене мәдениетін қалыптастыратын, дене бітімін дамытатын ойындар қолданылады.

Сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

### 3-тарау. «Саз өнері» пәнінің базалық мазмұны

Пәннің базалық білім мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылады.

«Саз өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 2) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 3) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 4) 5-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

«Саз өнері» оқу пәнінің базалық мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

- Музыка тыңдау;
- Орындаушылық іс -әрекет;
- Музыкалық түсініктер;
- Шығармашылық іс -әрекет.

1-сынып бойынша базалық мазмұн:

«Музыка тыңдау» - қоршаған орта дыбыстары (шулы және музыкалық); музыканың сипаттамасы – көңілді -көңілсіз, қуанышты-қайғылы; музыкалық мәнерлілік құралдарын анықтау - регистр, темп, динамика, әуеннің бағыты.

«Орындаушылық іс-әрекет» - қарапайым әуендерді таза интонациялау, жас ерекшеліктеріне сай әндерді орындау, домбыра аспабында ырғақтық сүйемел жасау.

Орындауға ұсынылған әндер – халық әндері, балаларға арналған Қазақстан композиторларының әндері.

Орындауға ұсынылған аспаптар – балаларға арналған ұрмалы және домбыра аспабы.

Осы қызмет түрлерін игеру нәтижесінде білім алушылардың ән айту ережелерін меңгеруі, ән айту әдістері: дұрыс тыныс алу, дикция, интонация, ережеге сәйкес әндерді орындауы, үндестікпен ән айту, қазақ халқының салт -

дәстүрге байланысты әндерін, Қазақстан композиторларының балаларға арналған тақырыптық әндерін орындауы, балалардың шулы және домбыра аспабында ырғақтық сүйемел жасау болып табылады.

"Музыкалық түсініктер" – ән, би, күй, марш, тыңдаушы, орындаушы, әнші, ақын, күйші, музыкант, композитор, оркестр, дирижер, халық музыкасы, композитор музыкасы, әуен, ырғақ, темп, регистр, динамика, сүйемелдеу, әннің құрылымы: шумақ, шумақ- қайырма.

«Шығармашылық іс -әрекет» - ән, би арқылы музыка сипатын жеткізу, әндерді сахналау, пластикалық интонация, актелік шеберлік элементтері, қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау: берілген мәтінге, әуенге ырғақтық сүйемелдеу, би және рөлдік қойылымдар, концерттік нөмірлер мен қойылымдарды дайындау.

2-сынып бойынша базалық мазмұн:

«Музыка тыңдау» - ұлттық және классикалық музыкалық аспаптардың дыбыс бояуын анықтау. Музыканын көркемдеуіш құралдарын пайдалану (ырғақ, динамика, тембр, лад, көркем бейне). Музыкалық жанрларды анықтау: ән, күй, би, марш, вокалдық, аспаптық.

«Орындаушылық іс-әрекет» келесі қызмет түрлерін ұсынады – хор құрамында, ансамбльде, жеке дауыспен түрлі сипаттағы әндерді ән айту ережелеріне сәйкес орындау, әнді дирижерлық қимылдардың көмегімен орындау.

Домбыра аспабында жеңіл ән-күйлерді орындау.

Осы қызмет түрлерін игеру нәтижесі білім алушылардың ән айту ережелерін меңгеруі, ән айту және күй орындау әдістері: дұрыс тыныс алу, дикция, интонация, ережеге сәйкес әндерді орындауы, үндестікпен ән айту, қазақ халқының салт-дәстүрге байланысты әндерін, Қазақстан композиторларының балаларға арналған тақырыптық әндерін орындауы, балалардың шулы және қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарында ырғақты сақтап орындауы болып табылады.

"Музыкалық түсініктер" - тембр, ырғақ, динамика, темп, музыкалық (көркем) бейне, домбыра қағыстары, халық музыкасы, халық әні, халықтық күйші-композитор, композиторлық музыкасы, композиторлық ән. Қазақ халық күйлері және әндерінің жанрлық ерекшеліктері.

«Шығармашылық іс-әрекет» - музыкалық шығарманың сипатын ырғақтық қимылдармен, шапалақпен, әңгіме, сурет түрінде және басқа да музыкалық-шығармашылық жұмыстар арқылы көрсету. Белгілі мәтінге, музыкаға дауыс көмегімен, музыкалық аспаптармен, би қимылдарымен импровизация жасау.

3-сынып бойынша базалық мазмұн:

«Музыка тыңдау» келесі музыка ұғымдарын анықтау - көңілді, мұңды, ойнақы, нәзік, әуен, екпін, динамика, регистр, ырғақ, көркем бейне. Музыкалық шығарманы әуен, интонация арқылы ажырату. Симфониялық оркестрлердің музыкалық аспаптардың топтарын білу. Төкпе, шертпе күйлерді ажырату.



«Орындаушылық іс-әрекет» келесі қызмет түрлерін ұсынады – хор құрамында, ансамбльде, жеке дауыспен түрлі сипаттағы әндерді ән айту ережелеріне сәйкес орындау. Әнді дирижерлық қимылдардың көмегімен орындау. қарапайым әуендерді таза орындау.

Халық ән-күйлерін домбыра аспабында орындау. Ұрмалы аспаптардың көмегімен музыкалық шығармаларға ырғақтық сүйемел жасап ансамбльмен орындау.

"Музыкалық түсініктер" - музыка құрылымы, интонация, музыкалық штрихтар, домбыра қағыстары, ансамбль, оркестр, айтыс, терме, халық билері, бал билері, заманауи билері, лирикалық музыка, батырлық музыка, балет, опера, речитатив (тақпақты саз), концерт.

«Шығармашылық іс-әрекет» - қарапайым музыкалық шығармаларды шығару және импровизация жасау үшін музыкалық көркем құралдарды қолдану; әуен, ырғақ, темп, динамика.

4-сынып бойынша базалық мазмұн:

«Музыка тыңдау» - түрлі орындаудағы музыкалық шығармаларды тыңдау және талқылау: вокалдық және аспаптық, жеке және оркестр құрамындағы орындау. Музыкалық шығармадағы көркем бейнелерін және жанр түрлерін анықтау және салыстыру.

«Орындаушылық іс-әрекет» келесі қызмет түрлерін ұсынады –Ән орындау ережелерін сақтау. Дыбыстардың арасын үзбей дұрыс тыныс алып, әндерді орындау.

Домбыра аспабының көмегімен оркестр құрамында музыкалық шығармаларды орындау.

"Музыкалық түсініктер" - ұлттық оркестр, үрлемелі оркестр, ұлттық аспаптар, аспаптардың топтасуы: ішекті, үрмелі, соқпалы;

«Шығармашылық іс-әрекет» - қарапайым музыкалық шығармаларды орындау және импровизация жасау үшін музыкалық көркем құралдарды қолдану; әуен, ырғақ, темп, динамика; білім алушылардың идеялары негізінде, түрлі материалдар, ресурстар көмегімен музыкалық шығармашылық жұмыстарды құру. Меңгерілген білімдерін және дағдыларын шығармашылық қойылымдарда, ұжыммен ән орындауда, домбырашылар ансамбль құрамында музыкалық шығармалар орындауда, театрланған сахналауда көрсету.

5-сынып бойынша базалық мазмұн:

«Музыка тыңдау» – түрлі орындаудағы музыкалық шығармаларды тыңдау және талқылау: классикалық музыкалырды тыңдай отырып, оркестр құрамындағы аспаптарды ажырату; музыкалық шығармадағы көркем образдарын және жанр түрлерін анықтау және салыстыру.

«Орындаушылық іс-әрекет» Ән орындау ережелерін сақтау. Домбыра аспабының көмегімен оркестр құрамында халық композиторларының ән-күйлерін орындау.

"Музыкалық түсініктер" - ұлттық оркестр, үрмелі оркестр, симфониялық оркестр; ұлттық, классикалық аспаптар, аспаптардың топтасуы: ішекті, үрмелі,

соқпалы; классикалық музыкалық формалар: соната, рондо, вариация, симфония, музыка стильдері: халықтық, классикалық, заманауи (эстрадалық), жеке әншілік өнер.

«Шығармашылық іс-әрекет» - қарапайым музыкалық шығармаларды шығару және импровизация жасау үшін музыкалық көркем құралдарды қолдану; әуен, ырғақ, темп, динамика; білім алушылардың идеялары негізінде, түрлі материалдар, ресурстар көмегімен музыкалық шығармашылық жұмыстарды құру. Меңгерілген білімдерін және дағдыларын шығармашылық қойылымдарда, ұжыммен ән орындауда, домбырашылар ансамбль құрамында, театрланған сахналауда көрсету.

#### 4-тарау. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

Оқу пәнінен күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпығаміндетті мемлекеттік стандартында айқындалған **метапәндік құзыреттіліктерге** (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланады.

«Саз өнері» пәнінен күтілетін нәтижелер.

1-сынып бойынша:

*Білім алушы:*

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын;
- ұлттық фольклорлық музыканың түрлерін;
- ұлттық музыкалық аспаптардың атауларын;
- үйренген әндердің сөзін, әуенін;
- ән орындаудың негізгі ережелерін;
- домбыраның құрылысын;
- негізгі музыкалық ұғымдарды **біледі**.

*Білім алушы:*

- музыканың кейбір көркемдеуіш құралдарын;
- әндердің қарапайым құрылымын;
- домбыра ойнаудағы төмен-жоғары қағыстарды;
- музыкалық жанрлардың қолдану мақсатын түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- әнді ән айту ережелеріне сәйкес орындауда;
- музыкаға сәйкес қимыл-қозғалыстар жасауда;
- ән шумағын, күйдің буынын ажыратуда;
- тез, орташа және баяу екпіндерді ажыратуда;
- дыбыстың қатты немесе ақырын естілуін ажыратуда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- музыканың мазмұнын сурет арқылы жеткізуде;
- ұрмалы және музыкалық аспаптармен ырғақтық сүйемел жасауда;
- музыкадағы жан-жануарлар мен құстардың бейнесін тану кезінде қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- сыныптық, мектептік іс-шараларда өнер көрсетуде қолданады.

2-сынып бойынша:

*Білім алушы:*

- ұлттық және кәсіби музыканың түрлерін;
- ұлттық музыкалық аспаптардың түрлері мен атауларын;
- күйші-композиторлардың, сал-серілердің шығармашылығы жайлы қарапайым ақпараттарды;
- үйренген әндердің сөзін, әуенін, авторларын;
- ән орындаудың негізгі ережелерін;
- домбыра орындаудың тәсілдерін;
- музыканың вокалдық және аспаптық түрлері болатынын;
- жеке, ансамбль, хор және оркестрлік орындау түрлерін;
- музыкалық жоғары және төмен, қысқа және ұзақ дыбыстардың түрлерін біледі.

*Білім алушы:*

- халықтың салт-дәстүрі мен ұлттық музыка арасындағы байланысты;
- музыкалық шығармалардың адамның көңіл-күйіне (көңілді – мұңды, салмақты – жігерлі) әсер ететінін;
- домбыраны нотасыз үйренуге болатынын;
- әндерді мәнерлі түрде табиғи дауыспен орындаудың маңыздылығын түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- музыкалық аспаптардың тембрін салыстыруда;
- музыкаға сәйкес би қимылдарын жасауда;
- ырғақтық ойындар мен ырғақтық сүйемелдер жасауда; қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- музыканың қазақтың ою-өрнек түрлерімен байланысын ажыратуда;
- қазақтың халық аспаптары оркестрінің құрамымен танысуда;
- ұлттық музыкалық мәдениеттің белгілі өкілдерінің шығармашылығына мұғалімнің көмегімен талдау жасау кезінде; қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- музыкалық шығармашылық жұмыс арқылы шығарманың сипатын жеткізу;
- сыныптық, мектептік және мектептен тыс өткізілетін музыкалық іс-шараларда өнер көрсетуде; қолданады.

3-сынып бойынша:

*Білім алушы:*

- жеке, ансамбльдік орындау түрлерін;
- әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуіш құралдарын анықтау және салыстыру;
- музыкалық форманың құрылымын анықтау: шумақ, шумақ-қайырма, бір бөлімді, екі бөлімді;
- төкпе, шертпе күйлерді ажырата;
- бас буын, орта буын, кіші саға, үлкен саға туралы;
- музыкалық жанрлар мен стильдерді анықтау және ажырату **біледі**.

*Білім алушы:*

- түрлі сипатты әндерді орындауда көркем бейнелерді ашу маңыздылығын;
- домбыра аспабында орындалған ән-күйлердің сипатын **түсінеді**.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- ән, күй, би, марш жанрларын ажыратуда;
- композитор – орындаушы – тыңдаушы деген ұғымдарды ажыратуда;
- ырғақ, екпін, динамика, тембр, әуен, сүйемелдеу сынды негізгі музыкалық терминдерді ажыратуда **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- ұлттық музыкалық мәдениеттің белгілі өкілдерінің шығармашылығына мұғалімнің көмегімен талдау жасау кезінде;
- халықтық және кәсіби музыка түрлеріне мұғалімнің көмегімен талдау жасағанда;
- музыкалық аспаптармен танысқанда **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- аңыз-күйлерді сахналауда;
- музыкалық көркемдеуіш құралдарды қолдана отырып, қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жасауда;
- саз өнері өкілдерінің шығармашылығына талдау жасауда **қолданады**.

4-сынып бойынша:

*Білім алушы:*

- музыкалық көркемдеуіш құралдардың көмегімен, әуеннің жанрын, көркемдік бейнені анықтай және салыстыра;
- музыкалық шығарманың дыбыстауын түрлі орындауда тыңдатып анықтау және салыстыру;
- хор және оркестрлік орындау түрлерін;

- ұлттық оркестр құрамын және оған жататын аспаптар топтарын ажырата;

- қазақ, орыс халық аспаптары, үрлемелі, джаз, эстрада оркестрлерін ерекшеліктерін;

- республикамыздың концерттік мекемелері жайлы қарапайым мәліметтерді **біледі**.

*Білім алушы:*

- музыкалық аспаптарды топтау заңдылықтарын;

- әндердің жанрлық ерекшеліктерін;

- ұлттық және классикалық музыканың озық үлгілерін;

- түркі халықтарының музыка мәдениетіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- эн, күй, би, марш жанрларын ажыратуда;

- композитор – орындаушы – тыңдаушы деген ұғымдарды ажыратуда;

- ырғақ, екпін, динамика, тембр, әуен, сүйемелдеу сынды негізгі музыкалық терминдерді ажыратуда **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- ұрмалы-соқпалы және домбыра аспабымен эн-күйлерді орындау барысында;

- басқа ұлттардың музыкалық аспаптармен танысқанда **қолданады**.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- музыкалық шығармашылық жұмыстар жасау үшін өз идеясын;

- домбыра аспабымен күй тартуда, басқа да музыкалық аспаптарда ойнауда;

- домбырада және ұрмалы аспаптарда қарапайым ырғақпен эн орындауда;

- музыкалық-сахналық қойылымдар жасауда;

- музыкалық сайыстарда, фестивальдарда өнер көрсету барысында **қолданады**.

*5-сынып бойынша:*

*Білім алушы:*

- Қазақстан музыка өнерінің көрнекті өкілдерінің шығармашылығы туралы;

- Батыс Еуропаның классикалық музыка түрлерінің жалпы сипатын;

- симфониялық оркестр құрамын және оған жататын ішекті, ағаш және жезді үрмелі, ұрмалы аспаптардың атауларын;

- республикамыздың концерттік және театр мекемелері жайлы қарапайым мәліметтерді;

- әлемге танымал театр атауларын **біледі**.

*Білім алушы:*

- Еліміздің дәстүрлі орындаушылық мектептердің ерекшеліктерін;

- Қазақстанда тұратын ұлттардың дәстүрін;

- Еуропа және Шығыс музыка өнерінің дәстүрлеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды **түсінеді.**

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- домбыра орындау барысында халық композиторларының қағыс ерекшеліктерін;
- ән орындау кезінде дыбыс таза орындау, дұрыс тыныс алу ережелерін;  
**қолданады.**

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу кезінде;

домбыра аспапбында халық композиторларының ән-күйлерін орындау барысында қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- өз бетінше жаңа музыкалық шығармаларды үйрену барысында;
- топ құрамында домбыра және ұрмалы аспаптармен музыкалық шығармалар орындауда;
- мектеп сахнасында өнер көрсету уақытында **қолданады.**

**«Бейнелеу өнері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**  
(қазақ тілінде оқытылатын мектептің 1-5-сыныптарына арналған)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ... жылғы ... № ... бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ... тіркелген).

**«Бейнелеу өнері» пәні** оқу бағдарламасының негізгі **мақсаты** - оқушыларды пән бойынша білім, білік, іскерлік дағдыларын қалыптастыру және өнерге деген қызығушылықтары мен оң көзқарастарын дамыта отырып, оқушылардың бойында табиғат пен әлеуетке негізделген көркем шығармашылық жеке қабілеттерін арттыру, қоршаған орта шындығын көркемдік образдық тұрғыда қабылдау болып табылады;

**Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін оқытудың мақсаты** оқушылардың жан – жақты көркемдік және шығармашылық дамуы болып табылады:

1. эстетикалық танымның шығармашылық әдістері негізінде рухани мәдениеттің бір бөлігі ретінде жеке тұлғаға көркем мәдени тәрбие беру;
2. туған табиғатын, халқының мәдениетін сүйеге, басқа ұлттар мен этностардың мәдениетін құрметтеу арқылы эстетикалық және адамгершілік сезімдерін қалыптастыру;
3. қабылдау мен практикалық әрекет арқылы дүниені тұтас, үйлесімді қабылдауын қалыптастыру және өнермен қарым – қатынас қажеттілігін дамыту;
4. көркемдік қызметтегі біліктілік пен дағдылардың ынтымақтастығын, қиялын, қоршаған әлемді және өнерді көркем қабылдауын дамыту;
5. графика, кескіндеме, мүсін, сәндік – қолданбалы өнер, дизайн, сәулет сияқты пластикалық өнер түрлері және олардың адам мен қоғамдағы рөлі туралы алғашқы білімді меңгеру;
6. әртүрлі көркем өнер материалдармен жұмыс жасау тәжірибесін алу, бастапқы бейнелеу сауаттылығын меңгеру;

Бұл мақсатқа жету келесі негізгі **міндеттерді** шешуді қамтиды:

1. Оқушылардың бейнелеу әлемін эмоционалды – образды түрде қабылдауы және оны көркемдік тұрғыда танып білуге қызығушылығын дамыту;
2. Бейнелеу, сәндік – қолданбалы, сәулет, мүсін және дизайн өнерлерінің туындыларын қабылдау мәдениетін тәрбиелеу;

3. Оқушылардың көзбен көру арқылы есте сақтауын, образды ассоциативті ойлауын және көркемдік шығармашылық қабілетін дамыту;
4. Монументтік өнер және сәулет ескерткіштерінің, тарих ескерткіштерінің атауларымен таныстыру;
5. Оқушылардың сәулет, кескіндеме, графика, мүсін сәндік – қолданбалы өнер, халық өнері және дизайн өнерлерінің әйгілі мәдениет ескерткіштерімен қарым-қатынасы негізінде эстетикалық талғамы мен эстетикалық көзқарасын және бейнелеу өнеріне деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру;
6. Жазықтық бетінде, заттарға қарап көлемді, ойдан, қиял, елестету арқылы бейнелеу оқушыларды көркем шығармашылықтың әртүрлі тәсілдерін меңгеру процесімен таныстыру және практикалық көркем іс – әрекетте тәжірибе жинақтау;
7. Танымал әлем және Қазақстан бейнелеу өнері өкілдері мен олардың көркем туындыларымен таныстыру;
8. Бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер, сәулет және дизайн бағыттары бойынша көркем туындылардың айырмашылықтарын анықтау мен осы өнер түрлерінің адам мен қоғам өміріндегі орны мен маңызын анықтау;

## 2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру

«Бейнелеу өнері» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік және көрнекілік ұстанымдарына негізделеді.

«Бейнелеу өнері» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісінде білім алушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын, көркемдік шығармашылық қабілеттерін дамытып, эстетикалық талғамдарын қалыптастыратын, көркемдік тұрғыда ойлай, қабылдай білу қабілеттерін дамытатын шығармашылық тұрғыда тапсырмалар орындау көзделеді.

Сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) көркем шығармашылық іс әрекеттер мен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты;

## 3-тарау. «Бейнелеу өнері» пәнінің базалық мазмұны

Пәннің базалық білім мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылады.



«Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 2) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 3) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 4) 5-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

**Бейнелеу өнері пәнінің базалық мазмұны төмендегідей негізгі бөлімдерді қамтиды:**

графика; кескіндеме; сәндік қолданбалы өнер; мүсін өнері; сәулет өнері; дизайн.

**Әр сыныпта бейнелеу өнерінің оқытылатын түрлерімен техникалары.**

1. Жазқтықта жұмыс балалардың графиканың, кескіндемнің әртүрлі материалдарын игеруге бағытталған: түрлі – түсті карандаштар, акварель, тушь, пастель, гуашь.

2. Сәндік – қолданбалы өнерді оқытуда іс – әрекет, әртүрлі бейнелеу өнері материалдары карандаш, фломастер, бояуларды қолданып ою – өрнектер, әшекей бұйымдар, табиғи формаларды жалпылау және әдептеу негізінде сәндік композициялар орындаумен байланысты.

3. Көлемді жұмыс саздан немесе ериексаздан рельеф пен мүсін орындауды қамтиды; көркем құрастыру және дизайнда – қағаздан қарапайым геометриялық фигуралар жасау, дайын көлемді әртүрлі көлемді қораптар, пластикалық ыдыстар, пакеттер фигураларды қолданып жасау, заттық кеңістіктік композиция (ұжымдық жұмыс) бұтақтар, жапрақтар, қарағай мен өрік жаңғақтары, тастар, ракушкалар және т.б. табиғи материалдармен жұмыс.

4. Өнер туындыларын көркемдік – шығармашылық тұрғыда қабылдау (мұражай педагогикасы) табиғат пен қоршаған шындық туралы әңгімелесіу, экскурсия, пікірталас, жобалау және зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы жүргізіледі.

5. Дамытушы және көркемдік тапсырмалар әр сыныпта бірқатар тәрбиелік мәселелерді қарастыру арқылы шешіледі: өнердегі композициялық тапсырмалар, кеңістіктік ойлау мен өнердегі және өмірдегі кеңістік туралы түсініктерді дамыту, өнердегі және қоршаған шындықтағы пішін туралы түсінікті қалыптастыру.

**1-сынып бойынша базалық мазмұн:**

**Графика** әртүрлі графикалық материалдармен жұмыс істуді үйрету. Сурет материалдары: қарындаш, түсті қарындаш, қалам, фломастер қолданып *бейнелеп үйренесіз* сызықпен, нүктемен, дақпен. Алма немесе алмұрты бейнелейміз. Көркемдік жабдығы – қарындаш.

**Кескіндеме.** кескіндеме материалдарымен таныстыру; Бояуларды араластырып үйренеміз; алма немесе алмұрты акварель бояуымен бейнелейміз.

**Сәндік-қолданбалы өнер.** Әлем әшекейлерге толы. Гүлдер, көбелектер қанаттарындағы өрнектерді түсті қағазбен қыйып өрнектеу. Әдемі балықтардың

бейнесін монотипия техникасында орындау. Құстарды безендіру. Көлемді аппликация орындау. *Табиғи және жасанды материалдармен танысып безендіріп үйренесің.*

**Мүсін.** ермексаз., саз – илеу, көлемді, жазық пішінді мүсіндер орындап үйрену, жемістерді мүсіндеу. Бедерлі (рельеф) композицияны орындау.

## **2-сынып бойынша базалық мазмұн:**

**Графика.** Графикалық материалдар көмір, пастель, гельді қалам, соус, сангина мүмкіндіктерімен танысып, графиканың айқындап көлемді беретін құралдары сызық, нүкте, штрих, дақ және жарық пен көлеңкені қолданып графикалық сурет салу. «Күзгі бұтақ»: табиғи пішіндер. Орындалу тәсілі – сызықтық сурет. Көркемдік жабдығы – пастель.. «Жануарлар туралы ертегіге сурет саламыз»: суреттегі композиция тәсілдерін қолданамыз. Көркемдік жабдығы – кара гельді қалам.

**Кескіндеме.** Үш негізгі бояу-сары, қызыл, көк. Ақ және кара бояулар туралы білім беріліп «Гүлшоғы»: тұстану. Негізгі және қосымша түстер. Көркемдік жабдығы – акварель. «Көкөністер»: Өсімдіктер әлемі пішінінің әртүрлілігі. Қосымша түстер қолданамыз. Көркемдік жабдығы – гушь.

**Сәндік қолданбалы қолөнер.** «Сиқырлы сырмақ»: өрнек, оның қолданылуы. Қазақ халқының ою - өрнегінің ерекшеліктері. Өрнектің түрлері. Сәндік өрнек құрастыру. Көркемдік жабдығы – түрлі түсті қарындаштар. «Ыдыс-аяқты безендіреміз»: ыдысқа өрнек салу. Сызық, дақ, түстер ырғағы. Дөңгелектегі, жолақтағы өрнек.

**Мүсін.** Анималистика өнерімен танысу. «Жануарларды мүсіндейміз» – түлкі, қоян. Пластикалық материалдармен жұмыс жасау. Көркемдік жабдығы – ермексаз. «Натюрмортты мүсіндейміз»: «натюрморт» жанрымен танысу. Релефті композицияны орындау. Көркемдік жабдығы – ермексаз.

**Сәулет өнері.** Сәулет өнерінің түрлері, материалдары, бейнелеу-мәнерлеу құралдары. Қазақстан сәулет өнері ескерткіштері. «Киіз үй». Өнердің күнделікті адам өміріндегі рөлін көрсету. Қағаз бен ермексаздан құрастыру.

## **3-сынып бойынша базалық мазмұн:**

**Графика.** Графикалық көркем-мәнерлеу құралдары: туштау, штрихтау. Қарындаштардың қатты, жұмсақтығын анықтау. Қарындашпен жұмыс жасау тәсілдері. Көз деңгейі. Тіктөртбұрыш, шеңбер перспективасы. Қарапайым перспектива. Жарық пен көлеңке. Меншікті көлеңке. Түспелі көлеңке. Өнді түрлендіруге жаттығулар жасау. Куб суреті. Цилиндр суреті. Куб, Цилиндрге жақын пішіні бар бұйымдармен тұрмыстық жанр тақырыбына натюрморт. Көркемдік жабдығы – қарандаш.

**Кескіндеме.**

**Тұстану.** Түстік шеңбер. Түстік қатынас. (қарама-қарсы түстер) контраст. Калорит. Ашық түсті бояу реңктері. Қоңырқай түсті бояу реңктері. Жарық пен көлеңке. Жылт (блик). Шағылыс (рефлекс). Түспелі көлеңке. Натюрморт жанрындағы практикалық сабақтардың жана ұғымдарын талдау. Жемістерден натюрморт орындау.

**Сәндік-қолданбалы өнер.** Сәндік-қолданбалы өнердің пайда болуы және оның адам өміріндегі рөлі. Халық мәдениетінің табиғаты туралы түсінік (үй безендіру, тұрмыстық заттар, құрал-саймандар, костюмдер; музыка, әндер, билер; эпостар, аңыздар, ертегілер). *Көркемдеуші материалдар турлі-түсті қарындаштар.* Ою - өрнектердегі туған жер табиғатының әсем көрінісі (геометриялық, өсімдік, жануар бейнелі өрнектер). Тік бұрышты пішіндегі өрнектер. Шеңбер ішіндегі өрнектер. Тік бұрыш пішінді қазақша өрнектердің эскизін орындау. Халық мотивтерінің натюрморт шығармаларындағы көрінісі. *Орындау техникасы - апп-ликация, коллаж.*

**Мүсін.** Мүсіндік материалдар және олардың образдар жасаудағы рөлі; тұтас кесектен (балшықтан, пластилиннен) мүсіндеу техникасын, бейне жасау үшін пластикалық мүсіндік материалдармен жұмыс істеудің қарапайым тәсілдерін меңгеру (пластилин, саз – илеу, көлемді жинақтау, пішінді жасау); жануардың, адамның, ойыншықтың мүсінін модельдеу.

**Сәулет өнері.** *Көркемдік материалдары - ватман қағазы, желім ПВА.* Орындау техникасы - қағаз пластикасы. Геометриялық денелер макеті (куб, призма, пирамида, цилиндр) Эскиз. Конструкция. Макет. «Балалар алаңы ансамблі» тақырыбын жабдықтау бойынша топтық жұмыс.

#### **4-сынып бойынша базалық мазмұн:**

**Графика.** Қазақстан графика өнері. Қазақстанның алғашқы график суретшілер Ш. Уалиханов Ә. Қастеев, Ә.Исмаилов, Б.Сарсенбаев, Қ.Қожықов, Н.Хлудов А.Бортников,Н.Крутильников,О.Белослюдова-Жилинская шығармашылықтарымен танысу. Екі әртүрлі пішіндегі үй тұрмысы заттарынан тұратын натюрморт орындау. Көркемдік жабдығы – қарандаш. Мата қыртысының суреті. Көркемдік жабдығы – қарандаш.

**Кескіндеме.** Қазақстан кескіндеме өнері. Қазақстан кескіндеме өнері шеберлері Қ. Телжанов У.Тансықбаев, Ш. Сариев , С.Мәмбеев, А.Ғалымбаева Г. Ысмайылова шығармашылықтарымен танысу. Бейнелеу өнері жанрлары: *тарихи жанр, батальдық жанр, маринистік жанр, анималистік жанрбілім беру.* Акварель гризайль техникасында екі әртүрлі пішіндегі үй тұрмысы заттарынан тұратын натюрморт орындау. Акварель мата қыртысының суреті. Туған жердің пейзажы гуашь.

**Сәндік-қолданбалы өнер.** Қазақ халқының сәндік – қолданбалы өнер бұйымдары туралы білімдерін қалыптастыру. Киіз үй жиһаздары абдыра, ағаш төсек, адал бақан, терме алаша, түскиіз, сандық, сандыққап, құрақ көрпе т.б. түрлері. Ат абзелдері туралы білімдері ер-тұрман, айыл, ат дорба, жүген, ауыздық, ашамай ер, доға, белдік, камшы т.б түрлері. Үй жиһаздарының көшірмесін картон қағаздан жасау және беті өрнектермен безендіу. Папье – маше техникасында тостаған макетін жасап бетін көркем безендіру.

**Мүсін.** Қазақ мүсін мектебінің негізін салушы, еліміздің бірінші кәсіби мүсіншісі Хакімжан Наурызбаев шығармашылығымен таныстыру. Қазақ халқының дәстүрлі ағаштан және теріден жасалатын ыдыстарынан құралған натюрморт барельеф орындау. Көркемдік жабдығы – ермексаз.

**Сәулет өнері.** Бейне. Эскиз. Конструкция. Ертегідегі әсем ғимараттар көрінісін бейнелеу. («Патша сарайы»). Белгілі сәулеттік ғимараттар-мен және қазіргі заман сәулет құрылыстарымен танысу. (Қожа Ахмет Иассауи мавзолейі). Эскиз. Конструкция. Макет.*Көркемдік материалдары ПВХ , желім.*

**Дизайн.** Дизайн тарихы және түрлері (графикалық дизайн, жиһаз дизайны, киім дизайны, көлік дизайны) туралы білімдерін қалыптастыру. Графикалық дизайн: таңбалар, логотиптер құрастыру эскиз. *Көркемдік материалдары- қағаз, карандаш, фломастер.*

#### **5-сынып бойынша базалық мазмұн:**

**Графика.** ХХ ғасырдың 60-80 жылдардағы Қазақстан графика өнері шеберлері. (Е.Сидоркин .М.Қисамединов Ч.Кенжебаевтың К.Баранов Е.Төлепбаевтың Т.Ордабеков). Тәуелсіз Қазақстан графика өнері шеберлері шығармашылығы. Баспа графикасы түрлері мен техникаларымен таныстыру (Ксилография Линогравюра Офорт т.б.). Линогравюра техникасында натюрморт орындау.

**Кескіндеме.** Тәуелсіз Қазақстан кескіндеме өнері шеберлері шығармашылығы. «Портрет»: портрет жанрымен танысу. Портретші-суретшілердің шығармашылығымен таныстыру. Птрет көшірмесін орындау. Көркемдік жабдығы – гуашь. Монотипия техникасын үйрету, жұмыстар орындау. Көркемдік жабдығы – акварель гуашь.

**Сәндік-қолданбалы өнер.** Батик өнері шығу тарихы техникалары. гүлді композиция суық батик техникасында орындау. Көркемдік жабдығы – ағаш кергішке керілген мата, анелин бояулары.

Жұмыртқа қабығынан орындалатын кракле техникасында жұмыс. Көркемдік жабдығы - тақтайша эскизге сәйкес боялған, қағаз, жұмыртқа қабығы.

**Мүсін.** Жануарлардың мүсіні барельеф ермексаз Көркемдік жабдығы – ермексаз.

**Сәулет өнері.** Заманауи сәулет өнері. Макет.*Көркемдік материалдары ПВХ , желім.*

**Дизайн.** киім және көлік дизайны эскиздерін орындау әдістері. Дәстүрлі емес материалдардан киім үлгісін орындау. (Топтық жұмыс). Эскиздері негізінде көлік макетін орындау.

#### 4-тарау. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

Оқу пәнінен күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында айқындалған **метапәндік құзыреттіліктерге** (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланады.

#### **«Бейнелеу өнері» пәнінен күтілетін нәтижелер:**

##### **1-сынып бойынша:**

##### ***Білім алушы:***

- бейнелеу өнерінің түрлерін;
- табиғи және жасанды көркем материалдардың түрін, қасиетін;
- қоршаған табиғат ортасының ерекшелігін;
- табиғи және жасанды шыққан бояулардың атауларын;

- көркем материалдардың түрлерін (табиғи, қағаз, жұқа картон, мата, желім), мен олардың қасиеттерін түсінеді.
- қоршаған ортаның сұлулығын көре, аңғара, түйсіне және қабылдай білу қажеттігін *түсінеді*;
- табиғаттың төрт кезеңінің /жаз, күз, қыс, көктем/ әрбір жыл мезгіліндегі ауа-райының бояу түстерінің табиғи өзгеруі мен ерекшелігін **біледі**.

***Білім алушы:***

- табиғаттағы заттар мен құбылыстардың түстік, реңдік қатынастарын ажыратып терең;
- бейнелеу өнері заңдылықтарын, терминдерін, техникаларын атауларын және түрлерін;
- сәндік қолданбалы өнер үлгілерін орындауда жапсыру сабағында композиция құрастыру тәсілдерін;
- қарапайым безендірудің түрлері: бояу, құрастыру, аппликация т.б. түсінеді;
- берілген тақырып бойынша сызықтық нобай салуды, ою-өрнектің қарапайым үлгілерін құрастыруды ;
- қазақ халқының дүниетанымында ақ, қара, сары, көк, жасыл, қызыл түстер белгілі бір тұрақты мағына беретінін *түсінеді*;
- табиғат құбылыстарындағы өзгерісті, қысқа мерзімді табиғатты бақылау барысында аспан мен жердің, жер мен қардың, күзгі жапырақ реңдерінің, алыс-жақын үйлердің бояу түсіндегі реңдік, сызықтық қатынастарын ;
- оқу шығармашылық тапсырманы орындауда, ақпарат көздерінен қажетті материалдарды іріктеу, таңдау, жинау, өңдеу мен талдау қажет екенін ;
- заттарды түсіне, пішініне, өлшеміне қарай салыстыру, теңестіру, кеңістікті;
- геометриялық фигураларды нұсқадан қарап салу немесе геометриялық денелерден композициялық жұмысты құрау қажеттігін *түсінеді*;

***Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:***

- көлденең, тік, көлбеу, доға тәрізді, толқынды сызықтарды оқу тапсырмасын орындауда ;
- көркем материалдардың: гуашь, акварель, пастель, бор, қарындаш, ермексаз материалдарының мәнерлі мүмкіндіктерін пайдалана отырып, композициялық жұмысты құрастыруда ;
- табиғат мотивтері мен ертегі бейнелерін сомдау мен құрастыру барысында және сәндік композицияларды орындауда;
- бейнелеу өнерінің мазмұнында орын алған халықтық қол өнер шығармашылығының үлгілерін оқу тапсырмаларында ;
- сәнді қолданбалы өнер түрлерінің қарапайым үлгілерін орындауда табиғи және жасанды көркем материалдарды ;
- кескіндеу, бейнелеу, безендіру, құрастыру жұмыстары барысында математикалық дәлдіктің және симметриялық ережелерді ұстана отырып;
- күнделікті өмірге және тұрмысқа қажетті бұйымдардың үлгілерін жасауда, құрастыру жұмыстарында композиция заңдылықтарын;

- сәндік қолданбалы өнер үлгілерін орындауда жапсыру сабағында композиция құрастыру тәсілдерін ;

- оқушылар өз қызметінде пайдаланатын материалдардың (бейнелеу және графикалық) ерекшеліктері және олардың бейнені сомдау мен құрастыру мүмкіндіктері, бейнелеу іс әрекеттерінің компоненттері: сызық, рең, жағынды, дақ, түс, симметрия, сурет, өрнек, ою-өрнек; жазық және көлемді сурет, бедер т.б. құрал тәсілдерін оқу тапсырмаларды орындауда **қолданады;**

***Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:***

- өз іс-әрекеттерін жоспарланған нәтижелермен байланыстырып, нәтижеге қол жеткізу процесінде өз қызметін бақылап жүзеге асыруда, ұсынылған шарттар мен талаптар шеңберіндегі іс-әрекет тәсілдерін анықтауда;

- оқу тапсырмасының дұрыс орындалуын бағалау қабілеті мен оны шешудің өзіндік мүмкіндіктерін ескере отырып;

- композициялық шығармаларды орындауда өз қалауы бойынша ойша, елестете отырып, ұлттық мерекелерге байланысты нысандардың образдық белгілерін ;

- табиғатты бақылай отырып, одан алған тікелей әсердің негізінде тақырыптық сюжеттік суреттер мен композициялар құрастыруда ;

- тақырыптық композиция құрастыру барысында көркем образдық туындылардың мағынасын ашып, бояу түстерінің қатынасын, үйлесімділігін шығарып;

- берілген оқу тапсырмасы бойынша сызықтық, реңдік, түстік нобайларды орындауда ою-өрнектің қарапайым үлгілерін құрастырып;

- ақ, қара, сары, көк, жасыл, қызыл түстердің кереғарлығын, үйлесімділігін ұстана отырып, бұйымдар мен заттарға ою-өрнектің қарапайым үлгілерін құрастыруда ;

- табиғат құбылыстарындағы өзгерісті, қысқа мерзімді табиғатты бақылау барысында аспан мен жердің, жер мен қардың, күзгі жапырақ реңдерінің, алыс-жақын үйлердің бояу түсіндегі реңдік, сызықтық қатынастарын оқу тапсырмасын орындау барысында тиімді;

- қазақ халық ертегілерінің сарындық мазмұны аясында кейіпкерлердің образдарын сомдауда кітап иллюстрациясы құрастыру мен безендіруде ;

- оқу шығармашылық тапсырманы орындауда, ақпарат көздерінен қажетті материалдарды іріктеп, таңдап, жинақтап, өңдеп;

- заттарды түсіне, пішініне, өлшеміне қарай салыстырып, талдап, теңестіріп, кеңістіктегі жәй-күйін тақырыптық сурет орындағанда ескеріп, ;

- геометриялық фигураларды нұсқадан қарап салу немесе геометриялық денелерден композициялық жұмысты құрауда **қолданады;**

**2-сынып бойынша:**

***Білім алушы:***

- көркем терминдер, анықтамалар мен ұғымдарды;

- табиғи және жасанды, негізгі және қосымша түстерді ажыратып, негізгі түстерден құрама, қосымша түстерді алу әдісі мен тәсілдерін ;

- көркемдік шығармашылық іс-әрекеттердің түрлері: жазықтықта және көлемдік кеңістікте бейнелеу тәсілдері мен жолдарын;
- жазықтықта, көлемдік кеңістікте сурет салу немесе көркемдеп құрастыру: әр түрлі көркемдік материалдарды пайдалана отырып, көркемдік безендіру жұмыстары мен сәндік композиция жұмыстарын құрастыру мәнерін;
- халықтың өмір салты, өнері, тәлім-тәрбиесі ырым-жоралары, қоршаған орта жөніндегі түсінігі, оның халық ауыз әдебиетіндегі көрінісін бейнелеуде көркем образдар құралатынын;
- табиғи және жасанды көркем материалдармен оқу, шығармашылық тапсырмалар мен жаттығуларды орындаудың жолын, техникасының ерекшеліктерін;
- әлем және отандық ертегілерге иллюстрацияларды сомдауды, құрастыруды;
- қоршаған ортаның сұлулығын көре, аңғара, түйсіне және көркемдік тұрғыда қабылдау қажеттігін біледі.

***Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:***

- күрделі түстерді алу үшін бояулардың негізгі түстерін араластырып, оқу, шығармашылық жұмыстарында ұтымды;
- графикалық құрал-тәсілдерді: сызық, дақ, рең, нүкте және т.б. образдық бейнелердің мәнерін сақтай отырып, композициялық шығармаларында;
- пәндік әлемді, өсімдіктер мен жануарларды бейнелеудің бастапқы образдық тұрғыда бейнелеу дағдыларын;
- жазықтықта және кеңістікте көркемдік нысаналарды көркем образдық тұрғыда бейнелеудің негізгі заңдылықтары мен ережелерін оқу тапсырмаларын орындауда;
- бейнелеу өнері түрлерінің көркем образдық тілін ажыратып, өздерінің тақырыптық композицияларын сомдауда;
- бейнелеу өнерінің негізгі көркемдік стильдері мен негізгі бағыттарын сюжеттік композицияларды құрауда;
- композициялық заңдылықтарды (перспектива, түс, тепе-теңдік, ырғақ, динамика, статика, композиция ортасы, форма мен мазмұнның бірлігі және т.б.) өздерінің шығармашылық жұмыстарын сомдауда;
- көркем бейнені құрауда, сомдауда графикалық құралдар мен тәсілдерді;
- жазықтықта, көлемдік кеңістікте сурет салу немесе көркемдеп құрастыру жұмыстарында (әр түрлі көркемдік материалдарды пайдалана отырып, көркемдік безендіру жұмыстары мен сәндік композиция) құрастыру мәнерін қолданады;

***Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:***

- сюжеттік белгілі бір тақырыпта шығармашылық тапсырмаларды құрастыру, сомдау мен орындауда;
- балалар ертегі кітаптарын өз бетінше көркем иллюстрациялауда белгілі бір образдарды құрастыруда;
- құрастыру, дизайн, мүсін және сәулет нысаналарын композициялық жобалау жұмыстарында көркемдік мәнерлеу құралдары ретінде ;

- көркемдік шығармашылық іс-әрекеттерді (жазықтықта және көлемдік кеңістіктікте бейнелеу тәсілдері мен жолдарын) оқу тапсырмаларын орындауда ;
- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарына тұжырымдар жасауда;
- ұсынылған тақырыпқа байланысты көркем өнер шығармаларын талдау, баға беру, жинақтау, сомдау, құрастыру;
- оқу шығармашылық жаттығуларда заттардың пішіндерін, түстерін бейнелегенде, кеңістікте дұрыс орналасуы, заттың пішіні, түр-түсі, реңдік қатынасын дұрыс;
- оқу, шығармашылық тапсырмалар мен жаттығуларды орындауда табиғи және жасанды көркем материалдарымен жұмыс жасауда әртүрлі техникаларды **қолданады**;

***Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:***

-табиғат құбылыстары, қазіргі заманауи қоғамда адамдар, қоршаған орта, өз отбасының, тұрған жерінің тарихы, танымал тұлғалар, суретшілер жөнінде композициялық шығармаларды орындауда;

-ертегілерге, тарихи оқиғаларға, тұрмыстық жағдайларға байланысты тақырыптық, сюжеттік композицияларды құрауда;

-ұлттық дәстүрлі өнер құндылықтарына байланысты суреттер мен иллюстрацияларға композициялық шығармаларды сомдап құрастыруда;

-заманауи көркем өнер шығармалары мен дәстүрлі халықтық қол өнері үлгілерін байланыстара отырып, тақырыптық сюжеттік композицияларды орындауда;

- әлемдік, отандық классикалық көркем өнер шығармалары мен қазіргі кезеңдегі жаңа көркем өнердің озық үлгілерінің нышандарын, рәміздік белгілерін, тақырыптық бағыттарын композицияларында;

- танымал ертегілер мен көркем шығармалар мазмұнына сүйене отырып, тақырыптық сурет салуда;

- табиғаттың жеке көріністерінің схемалық, композициялық көркемдік бейнесін жасауға ұмтылып, кейін осы схемалық көркем бейнелерді ою-өрнектерге айналдыру барысында әр түрлі қол өнер бұйымдарында стильденген мотивтерін кіріктіріп, сомдап, құруда;

- табиғи және жасанды көркем материалдарымен жоба, шығармашылық тапсырмалар орындауда өзінің талғампаздығын, бастамашылдығын, көшбасшылығын танытуда;

- көркем шығармашылық туындының жәй-күйін (эмоционалдық, сарындық мазмұны мен мағынасын) кітап иллюстрациясын безендіру жұмыстарында;

- халықтың өмір салты, өнері, тәлім-тәрбиесі ырым-жоралары, қоршаған орта жөніндегі түсінік, оның халық ауыз әдебиетіндегі көрінісін бейнелеуде көркем образдар құраудың заңдылықтарын **қолданады**.

**3-сынып бойынша**

***Білім алушы:***

- бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларының айырмашылықтарын;



- XX ғасырдың 50-70 жылдарындағы қазақстандық кәсіби бейнелеу өнерінің көрнекті өкілдерінің есімдері мен олардың көркем туындыларын ажырата;

Қазақстан монументалды өнері, сәулеттік тарихи көне ескерткіштерінің орны мен атауларын;

- бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер, сәулет, мүсін және дизайндық көркем шығармалардың өзіндік айырмашылықтары мен олардың адам мен қоғам өмірінде алатын орны мен маңызын ажырата;

- композициялық заңдылықтар мен ережелер: түс, асимметрия, фактура, колорит, перспектива, симметрия, рең, тепе-теңдік, ырғақ т.б. сүйене отырып, оқу, шығармашылық тапсырмаларды орындауда көркем образдық бейнені сомдап құрастыра;

- бейнелеу өнерінің түрлері (сурет, графика, кескіндеме, мүсін, сәулет, сәнді қолданбалы өнер, дизайн) мен жанрларын (пейзаж, портрет, натюрморт, тарихи, тұрмыстық, моринистік, анималистік, батальды) ажырата;

- қоршаған табиғат ортасында және жеке адам бойындағы нағыз шынайы сұлулықты сиықсыздықтан, жылтырақтықтан айырмашылығын ажырата;

- бейнелеу өнерінің түрлері (сурет, графика, кескіндеме, мүсін, сәулет, сәнді қолданбалы өнер, дизайн) мен жанрларын (пейзаж, портрет, натюрморт, тарихи, тұрмыстық, моринистік, анималистік, батальды);

- бейнелеу өнеріндегі, халықтық шығармашылықты, табиғаттағы, адам бойындағы нағыз сұлулықты сиықсыздықтан, жылтырақтықтан айырмашылығын ажырата;

- көркем-образдық шығармаларды ажыратып, талдай;

- бейнелеу өнері түрлерінің көркем образдық тілін (мысалы, графиканың образдық тілі: сызық, штрих, дақ, рең; кескіндеменің образдық тілі: түс, түстік реңк, түстік үйлесімділік) ажырата;

- Қазақстанның танымал кәсіби суретшілерінің шығармашылықтарын және олардың көркем туындыларының тақырыбын/атын, жанрлық, стильдік бағытын, көркемдік сюжетін, мазмұнын, авторларын;

- бейнелеу өнерінің түрлері (сурет, графика, кескіндеме, мүсін, сәулет, сәнді қолданбалы өнер, дизайн) мен жанрларының (пейзаж, портрет, натюрморт, тарихи, тұрмыстық, моринистік, анималистік, батальды) айырмашылықтарын ажыратып;

- бейнелеу өнері ұғымдарының мәнін, мағынасын *біледі*.

### ***Білім алушы:***

- бейнелеу өнері туындыларының форма мен мазмұнының бірегейлігін ;

- көркем бейнені құраудың графикалық құралдары мен тәсілдерін айқындаушы мәнерін;

- бейнелеу өнері шығармаларының табиғи, табиғи ерекшелігін, көркемдік сипатын, мағынасын;

- бейнелеу өнеріндегі өзіндік ұқсастықтар мен айырмашылықтарын;

- сызықтық, реңдік нобай салуды, ою-өрнектің қарапайым үлгілерін құрауды, қол өнер бұйымдарының қарапайым үлгілерін құрастыру қажеттігін;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер шығармаларының айырмашылықтары мен көркемдік құрал тәсілдерін ажыратып;

- бейнелеуші және айқындаушы көркемдік құрал-тәсілдердің негізінде талдау жасау қажеттігін;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер шығармаларының көркемдік құралы мен тәсілін;

- қазақ халқының ұлттық дәстүрлі киім үлгілерінің (бас киім, сырт киім, аяқ киім, ерлер киімдері, әйелдер киімдері мен балалар киімдері) түрлерін, атауларын, даму тарихын мен табиғи ерекшелігін;

- қазақ халқының қол өнер шеберлерінің ұлттық ою-өрнектерді құрастыру мен сомдаудың ерекшелігін;

- дәстүрлі сәнді қолданбалы өнер шығармаларын орындауда қажетті көркем материалдарды;

- қазақ халқының дәстүрлі қол өнері және оның түрлері, тарихы мен табиғи сипатын *түсінеді*;

***Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:***

- бейнелеу өнері бойынша көркем шығармашылық іс әрекеттерде қажетті көркем материалдарды (акварель, гуашь, бор, қарындаштар, ермексаз, құрастыруға арналған әр түрлі түсті қағаздар т.б.) оқу, шығармашылық жұмыстарында;

- оқу тапсырмаларын орындауда шығармашылық композиция құрауда бейненің жарық, көлеңкесін анықтап, негізгі және құрама, жылы және суық түстерінің ара жігін ажыратып;

- бейнелеу өнерінде композициялық заңдылықтарын (перспектива, түс, тепе-теңдік, ырғақ, динамика, статика, композиция ортасы, форма мен мазмұнның бірлігі және т.б.);

- көркем бейнені құраудың графикалық құралдары мен тәсілдерін айқындаушы мәнерін түсінеді;

- бейнелеу өнері шығармаларының табиғи, табиғи ерекшелігін, көркемдік сипатын, мағынасын ажыратып, оқу, шығармашылық жұмыстарда;

- оқу, шығармашылық жұмыстарында бейнелеу өнеріндегі өзіндік ұқсастықтар мен айырмашылықтарын;

- бейнелеу өнері туындыларының форма мен мазмұн құрау, уақыт пен кеңістік бірегейлігі мен байланысының ара жігін ажыратып, оқу, шығармашылық жұмыстарында;

- қазақ халқының ұлттық дәстүрлі киім үлгілерін (бас киім, сырт киім, аяқ киім, ерлер киімдері, әйелдер киімдері мен балалар киімдері) құрастыруда;

- бейнелеуші және айқындаушы көркем құрал-тәсілдердің қарапайым үлгілерін құрастыруда;

- әлемдік, отандық классикалық көркем өнер шығармалары мен қазіргі кезеңдегі замануи көркем өнердің озық үлгілерінің нысандарын, мазмұнын, рәміздік белгілерін, тақырыптық сюжеттік сарынын құрастыруда;

- дизайндық жобалау мен форма мен мазмұндық, түстік, реңдік, көркемдік безендіру бойынша тапсырмалар мен жаттығуларды орындауда дәстүрлі сәулет өнері бойынша көне қалалардың (Отрар, Тараз, Сарайшық, Түркістан т.б.) нобайын жасауда;

- ерте және орта ғасырлардағы оба түрлері, көне қала құрылыстары, ғимараттар т.б; дәстүрлі ежелгі сәулет өнері ескерткіштерін дизайндық жобалау жұмыстарын орындауда;

- қазақ халқының қол өнер шеберлерінің ұлттық ою-өрнектерді құрастыру мен сомдау бойынша орындалу әдістері мен техникаларын;

- дәстүрлі сәнді қолданбалы өнер шығармаларын орындауда қажетті көркем материалдарды;

- қазақ халқының дәстүрлі қол өнері және оның түрлері, тарихы мен табиғи сипатын ашып, оқу тапсырмалары мен жаттығуларды орындауда **қолданады.**

***Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:***

- сурет, кескіндеме, графика, мүсін, сәулет өнер түрлерінің көркем мәнерлік, образдық тілдік қатынасында олардың негізгі құрал-тәсілдерін дербес түрде өздерінің оқу, шығармашылық іс-әрекеттерінде (ойша, елестете отырып қиял бойынша бейнелеу) орын алатын көркем иллюстрацияларды құрастыруда;

- заттар мен бұйымдардың өлшемдері мен пішімдері туралы, перспективаның қарапайым ережелерін ұстана отырып, композициялық заңдылықтарға сүйене отырып, оқу, шығармашылық тапсырмаларында;

- табиғаттың жеке көріністерінің схемалық, композициялық көркемдік бейнесін жасауға ұмтылып, кейін осы схемалық көркем бейнелерді ою-өрнектерге айналдыру барысында әр түрлі қол өнер бұйымдарына ою-өрнектерді сомдап, құрастыруда;

- табиғат құбылыстарындағы өзгерістерді бақылау барысында аспан мен жердің, қардың, күзгі жапырақтар түстері мен реңдік қатынастарын;

- ақпарат көздерінен белгілі бір композициялық шығармашылық тапсырманы орындауда, қажетті материалдар жинауда, оларды іріктеуде, таңдауда, өңдеуде, талдау мен түсіндіруде;

- өз ойын бейнелі және графикалық тұрғыда, шығармашылық тапсырмасында сомдап, құрастырып жеткізуде ;

- сызықтық, реңдік шешімдерде нобай салуды, ою-өрнектің үлгілерін құрауда, қол өнер бұйымдарының қарапайым үлгілерін құрастыруда;

- қазақ халқының дәстүрлі ежелгі мүсін түрлері ( қойтас, құлпытас, бал-бал тас, кісі тас, мін тас, сын тас т.б.) мен атаулары, форма мен мазмұндық, тарихи, табиғи ерекшеліктерін ескеріп, оқу тапсырмаларын орындауда ;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер шығармаларының айырмашылықтары мен көркемдік құрал тәсілдерін шығармашылық тапсырмаларды орындауда;

- бейнелеуші және айқындаушы көркемдік құрал-тәсілдердің негізінде талдау жасауда;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер шығармаларының көркемдік құралы мен тәсілін оқу тапсырмалары мен жаттығуларды орындау барысында **қолданады.**

***Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:***

- ертегілерге, тарихи оқиғаларға, тұрмыстық жағдайларға байланысты тақырыптық, сюжеттік композицияларды құрауд;
- ұлттық дәстүрлі өнер құндылықтарына байланысты суреттер мен иллюстрацияларға композициялық шығармаларды сомдап құрастыруда;
- заманауи көркем өнер шығармалары мен дәстүрлі халықтық қол өнері үлгілерін байланыстара отырып, тақырыптық сюжеттік композицияларды орындауда;
- әлемдік, отандық классикалық көркем өнер шығармалары мен қазіргі кезеңдегі жаңа көркем өнердің озық үлгілерінің нышандарын, рәміздік белгілерін, тақырыптық бағыттарын композицияларында;
- танымал ертегілер мен көркем шығармалар мазмұнына сүйене отырып, тақырыптық сурет салуда;
- табиғаттың жеке көріністерінің схемалық, композициялық көркемдік бейнесін жасауға ұмтылып, кейін осы схемалық көркем бейнелерді ою-өрнектерге айналдыру барысында әр түрлі қол өнер бұйымдарында стильденген мотивтерін кіріктіріп, сомдап, құруда;
- дәстүрлі ұлттық, халықтық дүниетанымда ақ, қара, сары, көк, жасыл, қызыл түстер белгілі бір тұрақты мағына беретінін түсініп, оны ұлттық белгі мен дүниетанымдық мән-мағынасы бар таңба ретінде қарастырып, осы белгілер мен таңбалардың рәміздік, семантикалық мағынасын талдап, олардың мазмұндық нысандарын суретке айналдыруда, белгілі бір композициялық ортаға үйлесімді бағындыруда ;
- қазақ халқының ұлттық дәстүрлі киім үлгілерін (бас киім, сырт киім, аяқ киім, ерлер киімдері, әйелдер киімдері мен балалар киімдері) құрастыруда ;
- бейнелеуші және айқындаушы көркем құрал-тәсілдердің қарапайым үлгілерін құрастыруда ;
- әлемдік, отандық классикалық көркем өнер шығармалары мен қазіргі кезеңдегі заманауи көркем өнердің озық үлгілерінің нысандарын, мазмұнын, рәміздік белгілерін, тақырыптық сюжеттік сарынын құрастыруда ;
- қазақ халқының қол өнер шеберлерінің ұлттық ою-өрнектерді құрастыру мен сомдау бойынша орындалу әдістері мен техникаларын;
- дәстүрлі сәнді қолданбалы өнер шығармаларын орындауда қажетті көркем материалдарды;
- қазақ халқының дәстүрлі қол өнері және оның түрлері, тарихы мен табиғи сипатын ашып, оқу тапсырмалары мен жаттығуларды орындауда **қолданады.**

#### **4-сынып бойынша:**

##### ***Білім алушы:***

- бейнелеу өнерінің негізгі түрлері мен жанрларын ажырата ;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұлттық рәміздері, туған өлкенің өнері мен мәдениетінің айрықша өзіндік белгілерін, көркемдік тарихи көне ескерткіштерінің атаулары мен орындарын ;

- қазақстандық және шетелдік өнердің көрнекті өкілдері мен олардың негізгі көркем шығармаларының атауларын;
- бейнелеу сауаттылығының негіздерін (түсі, реңі, пропорциясы, композициясы т.б.) ажырата;
- кескіндеме түрлері (станоктық, монументалды, сәндік, миниатюралар т.б.) мен техникаларын біледі;
- мүсін түрлері, (бедер, бюст, мүсін, ескерткіш және т.б.) тарихи ерекшеліктері мен мүсіндік материалдарды біледі;
- сәулет құрылыстарының түрлері, (ежелгі сәулет, қазіргі заманғы сәулет, тұрғын үй ғимараттары, кесене, мешіт, мұнара т.б.) тарихи, табиғи ерекшеліктерін біледі;
- сәндік қолөнер түрлері, (зергерлік өнер, ағашқа сурет салу, керамика, кілем тоқу) тарихи ерекшеліктері мен мүсіндік материалдарды ;
- елдің және әлемнің көркем мұражайларының атауларын ;
- монотопия, лессировка, мозайка, витраж, қағазды сулап бояу, аралас материалды қолдану т.б. технологиясы бойынша шығармашылық жұмыстарды ;
- тұстану, негізгі және қосымша түстер, және аралас түстерді, реңк түрлерін, колорит, өң, прспектива, жарық пен көлеңке, сызықтық бейнелеу түрлерін, композицияның негізгі заңдылықтарын;
- суретші шеберханалары: кескіндемеші, графикші, мүсінші, ағаш ұсталарыны, зергерлердің шығармашылық жұмыс жасау іс әрекеттерін ;
- кескіндеме өнерінің «монотопия», «лессировка», «пуантелизм», «бояуды сулап жағу» т.б. әдістерін ;
- композиция құра білу біліктілігі мен орындалатын шығармашылық жұмысты талдап, көркемдік тұрғыда баға бере ;
- тұстану, негізгі және қосымша түстер, және аралас түстерді, реңк түрлерін, колорит, өң, прспектива, жарық пен көлеңке, сызықтық бейнелеу түрлерін, композицияның негізгі заңдылықтарын ;
- суретші шеберханалары: кескіндемеші, графикші, мүсінші, ағаш ұсталарыны, зергерлердің шығармашылық іс әрекеттерін ;
- кескіндеме өнерінің өзіндік ерекшелігін түсініп, бояумен жұмыс жасалу жолы мен әдістерін ;
- композиция құрай білу біліктілігі және шығармашылық жұмысты талдай білу, көркемдік тұрғыда дұрыс баға бере білу қажеттігін **біледі**.

**Білім алушы:**

- жалпы өнердің, бейнелеу өнерінің қоғамда, адам өмірінде алатын орны мен маңызын ;
- көркем шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетінің себептерін, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне жеке көзқарасын білдіру, олардың іс-әрекеттерін нақты өмірлік жағдаяттарға сайып жобалауды ;
- көркем шығармаларды орындаудың логикалық, конструктивтік және техникалық құрастыру мен жобалау әдіс-тәсілдерін;
- бейнелеу өнері мен дәстүрлі өнер арасындағы уақыт, кеңістік, форма мен мазмұн құрау, семантикалық және семионтикалық мағыналық ерекшеліктері ажыратып;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі халықтық өнер мүмкіндіктерінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын;
- өнердегі және табиғаттағы әсемдікті және үйлесімділікті; сиықсыздық пен жалғандықтың айырмашылығын;
- табиғат пен өнер шығармасын салыстыру, талдау мен қарастыру барысында олардың ерекшелігін;
- ұлттық суретшілердің реалистік шығармаларымен бірге абстракциялық композицияларын, дәстүрлі қол өнер бұйымдарымен бірге, жаңа бағыт, мотивте жасалған жаңа бұйымдарын, сувенирлік сипаттағы шығармаларды терең;
- жаңа формалардың пайда болуы, дәстүрлі қол өнер бұйымдарының жаңаша сипаты мен мағынасын;
- көркем өнер туындыларында бейнелеу өнерінің көркемдік құралдары арқылы композиция құраудың маңызын;
- қазақ халық ертегілерінде жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің көркемдік образдық шешімін дұрыс құрауды;
- көркем безендіру жұмысы бағытында кітәп иллюстрациясының рөлін, маңызын, айырмашылығын;
- бейнелеу өнері бойынша сурет салу, композиция құрау, анализ беру тәжірибесін;
- суретшілердің реалистік көркем өнер шығармаларымен қатар дәстүрлі қол өнер бұйымдарының алатын орны мен маңызы, жалпы ою-өрнек мотивтерін құрауда, жаңа қол өнер бұйымдарының сувенирлік сипаттағы айырмашылығын;
- сәулет құрылыстарының түрлері, (ежелгі сәулет, қазіргі заманғы сәулет, тұрғын үй ғимараттары, кесене, мешіт, мұнара т.б.) тарихи, табиғи ерекшеліктерін ;
- елдің және әлемнің көркем өнер мұражайларында орын алған көркем туындыларды және олардың авторларын ажыратып ;
- монотопия, лессировка, мозайка, витраж, қағазды сулап бояу, аралас материалды қолдану т.б. технологиясы бойынша шығармашылық жұмыстардың ерекшеліктерін ;
- тұстану, негізгі және қосымша түстер, және аралас түстерді, реңк түрлерін, колорит, өң, прспектива, жарық пен көлеңке, сызықтық бейнелеу түрлерін, композицияның негізгі заңдылықтарын ;
- суретші шеберханалары: кескіндемеші, графикші, мүсінші, ағаш ұсталарыны, зергерлердің шығармашылық іс әрекеттерін;
- кескіндеме өнерінің «монотопия», «лессировка», «пуантелизм», «бояуды сулап жағу» т.б. әдістерінің түрлері мен орындау техникаларының ерекшеліктерін ;
- кескіндеме өнерінің өзіндік ерекшелігін түсініп, бояумен жұмыс жасалу жолы мен әдістерін ;
- бейнелеу өнері іс- әрекетінде тақырыптық шығармашылық композицияның негізгі бағытын, жанрын, стилін, мәні мен мазмұнын *түсінеді*;

- композиция құрай білу біліктілігі және шығармашылық жұмысты талдай білу, көркемдік тұрғыда дұрыс баға бере білу қажеттігін;
- кескіндеме өнерінің, бейнелеу өнерінің басқа салаларынан айырмашылығын, өзіндік ерекшелігін, жаңалығын көре білуі мен өздігінен жаңа шешімдер құрып, игерген білімдері мен іскерліктерін қажетіне қарай тәжірибеде пайдалану қажеттігін *түсінеді*.

***Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:***

- негізгі және құрама, жылы және суық түстерді араластыру арқылы, түстік шешімдерді тауып, палитрада оқу жаттығуларын *орындайды*;
- оқу, шығармашылық жұмыстарын орындауда көркем материалдарды (гуашь, акварель) тиімді ;
- ойша немесе еркін тақырыптарда композиция құрастыруда, көркем бейненің логикалық, контруктивтік тұрғыда орындалу реттілігін сақтай отырып оқу тапсырмасын *орындайды*;
- көркем шығармалардың сюжеттік сарынын анықтауда композициялық шешімді тиімді;
- тақырыптық сюжеттік композиция құрастыруда көркем бейнелі шығарманың образдық, семантикалық белгілерін тиімді;
- көркемдік стиль мен орындау техникаларын ұстана отырып заманауи қолөнер бұйымдарының жаңа үлгілерін (қағаз пластикасы, икебана, коллаж, граттаж т.б.) жасауда сюжеттік мотивтерді тақырыптық сурет құрастыруда тиімді;
- Қазақстан кәсіби суретшілерінің көркем туындыларындағы сюжеттік мотивтерді қолдана отырып, өзіндік баға беріп, талдау жасап қолданады;
- оқу және көркем-шығармашылық міндеттерді шешудің тиімді жолдарын;
- оқу, шығармашылық жұмыс және практикалық қызметтің басқа да түрлерін орындау барысында игерілген білімді;
- заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу тапсырмаларын орындау барысында тиімді *қолданады*.

***Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:***

- көркемдік, ғылыми-танымдық шығармалардың көркем образдық мазмұнын талдау барысында жеке композициялық жұмыстарын орындауда;
- сюжеттік белгілі бір тақырыпта шығармашылық тапсырмаларды құрастыру, сомдау мен орындауда ;
- балалар ертегі кітаптарын өз бетінше көркем иллюстрациялауда белгілі бір образдарды құрастыруда;
- ұсынылған бейнелеу өнері туындылары (әлемдік, отандық танымал суретшілер туындылары) мен көркем шығармалардағы ұлттық дүниетанымдық, тәрбиелік мәні мен мағынасы бар бейнелік нысандар: өз отбасыларының тарихы, айналадағы табиғи құбылыстар жайында тақырыптық сурет құрастыруда ;
- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарына тұжырымдар жасауда ;
- ұсынылған тақырыпқа байланысты көркем өнер шығармаларын талдау, баға беру, жинақтау, сомдау, құрастыруда ;

- көркем өнер шығармаларының негізгі тақырыбын, идеясын, мазмұны мен формасын анықтауда;
- ұлттық мерекелерге байланысты өз қалауы бойынша ойша, елестете отырып, композициялық шығармаларында ұлттық дүниетаным нысандарының образдық белгілерін;
- бейнелеу өнері бойынша әлемдік және отандық танымал көркем шығармалардың негізгі тақырыбын, мазмұнын және идеясын талдауда ;
- тақырыптық, сюжеттік композициялық шығарманың идеясын, тақырыбын, мазмұнын көркемдік сын тұрғысынан талдап, талқылап, ұлттық өнер туындыларына өзіндік баға беруде, көркемдік ой елегінен өткізуде;
- ақпарат көздерінен белгілі бір композициялық шығармашылық тапсырманы орындауда, қажетті материалдар жинауда, оларды іріктеуде, таңдауда, өңдеуде, талдау мен түсіндіруде ;
- табиғи және жасанды көркем материалдарымен жоба, шығармашылық тапсырмалар орындауда өзінің талғампаздығын, бастамашылдығын, көшбасшылығын танытуда **қолданады.**

***Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:***

- көркем безендіру жұмысы бағытының ролін, маңызын, айырмашылығын кітәп иллюстрациясының құрастыруда ;
- бейнелеу өнері бойынша сурет салу, композиция құрау, анализ беру тәжірибесінде ;
- суретшілердің реалистік көркем өнер шығармаларымен қатар дәстүрлі халықтық қол өнер бұйымдарының үлгілерін құрастыруда ою-өрнек мотивтерін құрауда ;
- табиғат құбылыстарындағы өзгерісті, қысқа мерзімді табиғатты бақылау барысында аспан мен жердің, жер мен қардың, күзгі жапырақ реңдерінің, алыс-жақын үйлердің бояу түсіндегі реңдік қатынастарын оқу тапсырмаларында ;
- ежелгі сәулет құрылыстарында орын алатын форма мен мазмұндық шешімдері мен ою-өрнек үлгілерін шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында;
- сәндік қолөнер түрлері (зергерлік өнер, ағашқа сурет салу, керамика, кілем тоқу) және көркемдік қол өнер материалдарының түрлерін ажыратып ;
- тұстану, негізгі және қосымша түстер, және аралас түстерді, реңк түрлерін, колорит, өң, прспектива, жарық пен көлеңке, сызықтық бейнелеу түрлерін, композицияның негізгі заңдылықтарын оқу тапсырмаларын орындау барысында ;
- кескіндеме өнерінің «монотопия», «лессировка», «пуантелизм», «бояуды сулап жағу» т.б. әдістерінің түрлері мен орындау техникаларының ерекшеліктерін тақырыптық композициялар орындау барысында;
- кескіндеме өнерінің, бейнелеу өнерінің басқа салаларынан айырмашылығын, өзіндік ерекшелігін, жаңалығын көре білуі мен



өздігінен жаңа шешімдер құрып, игерген білімдері мен іскерліктерін қажетіне қарай тәжірибесінде *қолданады*.

### **5-сынып бойынша:**

#### ***Білім алушы:***

- тақырыптық сурет композициясын құрастыруда оқу жаттығуларын сауатты орындай ;
- бейнелеу өнері бойынша көркем туындыларының әлемдік, отандық озық туындылардың авторларын және олардың шығармаларының атауларын ажырата;
- бейнелеу өнері туындыларының форма мен мазмұнының бірегейлігінің мағынасы мен мазмұнын талдай;
- бейнелеу өнерінде композициялық заңдылықтар (перспектива, түс, тепе-теңдік, ырғақ, динамика, статика, композиция ортасы, форма мен мазмұнның бірлігі және т.б.) мен ережелерге сүйеніп, шығармашылық тапсырмаларды сауатты орындай ;
- бейнелеу өнері шығармаларының табиғи, тарихи, көркемдік сипатын дұрыс ұғына;
- бейнелеу өнеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарын талдап, ажырата;
- сызықтық нобай салуды, ою-өрнекті құрастыруды, көркем қол өнер бұйымдарының қарапайым үлгілерін жасауды;
- бейнелеу өнері бойынша қарапайым көркем өнер терминдері мен оларға анықтамалар беріп, ажыратай;
- бейнелеуші және айқындаушы көркем құрал-тәсілдердің негізінде шығармашылықпен таңдай, талдай ;
- әлемдік классикалық және қазіргі кезеңдегі өнерге қалыптасқан көркемдік талғам негізінде баға беруді;
- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер шығармаларына байланысты жаттығуларды орындай;
- қарапайым бейнелеу өнерінің көркем өнертану ұғымдарының мәнін, мағынасын;
- білім мен іскерлікті бекітуде, сыныпта талданған оқу материалдарын кеңітіп, тереңдетуде, жаттығуларды өзбетінше орындау іскерлігін мен машықтылығын қалыптастыруда, жеке өзіне берілген тапсырмаларды орындау барысында өзбетінше жұмыс жасай *біледі*.

#### ***Білім алушы:***

- бейнелеу өнерінің орнын, маңызын, қызметін және адамның жан-жақты рухани дамуына қосатын қомақты үлесін;
- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер шығармаларының тарихи, табиғи даму ерекшеліктерін ;
- әлемдік классикалық және қазіргі кезеңдегі заманауи өнердің айырмашылықтарын;
- бейнелеу өнері шығармаларының табиғи, тарихи, көркемдік сипатын ;

- бейнелеу өнеріндегі, халықтық шығармашылықты, табиғаттағы, адам бойындағы нағыз сұлулықты сиықсыздықтан, жылтырақтықтан айырмашылығын;
- ою-өрнектің эмоционалды-мазмұндық мүмкіндіктерін бейнелеу өнерінің көркемдік әдіс-құралдары секілді қарастыру қажеттігін ;
- оқу, жаттығу тапсырмаларын орындауда бейнелеу өнерінде қалыптасқан композициялық заңдылықтар мен ережелерді (перспектива, түс, тепе-теңдік, ырғақ, динамика, статика, композиция ортасы, форма мен мазмұнның бірлігі және т.б.) қатаң ұстануды;
- көркем өнер туындыларында бейнелеу өнерінің құрал тәсілдерінің мен маңызын ;
- мүсін өнерінің тарихи, табиғи сипаты, ертедегі тастардың діни-мифологиялық түсініктерінен, ерекшеліктерін ;
- қазақтың дәстүрлі ұлттық музыкалық аспаптарының түрлерін, формаларын, түстерін;
- қазақ халқының дәстүрлі сәнді-қолданбалы өнер түрлерімен және оның ішіндегі ою-өрнек өнерінің тарихи, табиғи ерекшеліктерін *түсінеді*;
- құлпытастар, таңбалар, белгілер мен олардың дәстүрлі өнерде алатын орнын;
- ою-өрнек киімді, үй жиһаздарын, әшекей бұйымдарын сәндеу, өрнектеу үшін пайдаланатынын;
- бейнелеу өнерінде пайдаланатын сурет, жарық пен көлеңке, перспектива заңдылықтарына сәйкес кеңістік, жеке нәрсенің ұқсастығын;
- бейнелеу өнеріндегі, көркем эстетика мен әлемдік және отандық мәдениет негіздерін;
- қол өнері бұйымдарының әшекейін әсемдік тұрғыдан барынша толығырақ қабылдап, өзінің жеке қатынасын орнату қажеттігін *түсінеді*;

***Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:***

- көркем-образдық шығармаларда және табиғаттағы әсемдікті және үйлесімділікті сиықсыздық пен жалғандықтың белгілерінен ажыратып, өздерінің тақырыптық, сюжеттік композицияларын құрауда;
- қазақ халқының дәстүрлі сәнді-қолданбалы өнер түрлерімен және оның ішіндегі ою-өрнек бойынша композиция құрастыруда ;
- табиғи материалдарды көркемдеп өңдеуде ( шөптер, тастар, тамырлар, дәнді-дақылдар т.б.);
- қол өнері бұйымдарының (ши, орау, тоқыма тоқу, кесте тігу т.б) қарапайым үлгілерін құрауда шығармашылық тапсырмаларда *қолданады*;
- бейнелеу өнерінің түрлері (сурет, графика, кескіндеме, мүсін, сәулет, сәнді қолданбалы өнер, дизайн) мен жанрлары бойынша (пейзаж, портрет, натюрморт, тарихи, тұрмыстық, моринистік, анималистік, батальды) композиция құрауда;
- бейнелеу өнерінің мазмұнында орын алған халықтық қол өнер шығармашылығының үлгілерін оқу тапсырмаларында;
- көркем-образдық шығармаларда, табиғат, қоршаған орта үйлесімділігінің белгілерін ажыратып, өздерінің тақырыптық композицияларын құрауда ;

- бейнелеу өнерінің негізгі көркемдік стильдері, жанрлық ерекшеліктері мен негізгі бағыттарын тақырыптық суретті құрауда;
- танымал көркем туындылардың әлемдік және отандық озық үлгілерінің авторлары мен атаулары жайлы пікір айтып мазмұндауда;
- бейнелеу өнері туындыларының форма мен мазмұн құрастыру бірегейлігін ажыратып, олардың маңызын терең талдауда;
- бейнелеу өнерінің өзіндік ұқсастық белгілері мен айырмашылықтарын ажыратып, оқу тапсырмаларында **қолданады.**

***Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:***

- көркемдік, ғылыми-танымдық шығармалардың көркем образдық мазмұнын талдау барысында жеке композициялық жұмыстарын орындауда;
- сюжеттік белгілі бір тақырыпта шығармашылық тапсырмаларды құрастыру, сомдау мен орындауда;
- балалар ертегі кітаптарын өз бетінше көркем иллюстрациялауда белгілі бір образдарды құрастыруда;
- ұсынылған бейнелеу өнері туындылары (әлемдік, отандық танымал суретшілер туындылары) мен көркем шығармалардағы ұлттық дүниетанымдық, тәрбиелік мәні мен мағынасы бар бейнелік нысандар: өз отбасыларының тарихы, айналадағы табиғи құбылыстар жайында тақырыптық сурет құрастыруда;
- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарына тұжырымдар жасауда;
- ұсынылған тақырыпқа байланысты көркем өнер шығармаларын талдау, баға беру, жинақтау, сомдап құрастыруда;
  - көркем өнер шығармаларының негізгі тақырыбын, идеясын, мазмұны мен формасын анықтауда;
  - ұлттық мерекелерге байланысты өз қалауы бойынша ойша, елестете отырып, композициялық шығармаларында ұлттық дүниетаным нысандарының образдық белгілерін;
- бейнелеу өнері бойынша әлемдік және отандық танымал көркем шығармалардың негізгі тақырыбын, мазмұнын және идеясын талдауда;
- тақырыптық, сюжеттік композициялық шығарманың идеясын, тақырыбын, мазмұнын көркемдік сын тұрғысынан талдап, талқылап, ұлттық өнер туындыларына өзіндік баға беруде, көркемдік ой елегінен өткізуде;
- ақпарат көздерінен белгілі бір композициялық шығармашылық тапсырманы орындауда, қажетті материалдар жинауда, оларды іріктеуде, таңдауда, өңдеуде, талдау мен түсіндіруде ;
- өз ойын бейнелі және графикалық тұрғыда, шығармашылық тапсырмасында сомдап, құрастырып жеткізуде ;
  - бейнелеу өнерінде табиғаттағы, халықтық шығармашылығындағы адам бойындағы нағыз сұлулықты сиықсыздықтан, жылтырақтықтан айырмашылығын ажырата отырып, сыни ойлап, шешім қабылдауда;
  - табиғи және жасанды көркем материалдарымен жоба, шығармашылық тапсырмалар орындауда өзінің талғампаздығын, бастамашылдығын, көшбасшылығын танытуда **қолданады.**

***Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:***

- табиғат құбылыстары, қазіргі заманауи қоғамда адамдар, қоршаған орта, өз отбасының, тұрған жерінің тарихы, танымал тұлғалар, суретшілер жөнінде композициялық шығармаларды орындауда;
- ертегілерге, тарихи оқиғаларға, тұрмыстық жағдайларға байланысты тақырыптық, сюжеттік композицияларды құрауда;
- қол өнер құндылықтарына байланысты суреттер мен иллюстрацияларға композициялық шығармаларды сомдап құрастыруда;
- табиғаттың жеке көріністерінің схемалық, композициялық көркемдік бейнесін жасауға ұмтылып, кейін осы схемалық көркем бейнелерді ою-өрнектерге айналдыру барысында әр түрлі қол өнер бұйымдарында стильденген мотивтерін кіріктіріп, сомдап, құруда;
- ұлттық қол өнер, халықтық дүниетанымда ақ, қара, сары, көк, жасыл, қызыл түстер белгілі бір тұрақты мағына беретінін түсініп, оны ұлттық белгі мен дүниетанымдық мән-мағынасы бар таңба ретінде қарастырып;
- әлемдік және отандық көркем өнер мұражайларында орын алған туындыларды және олардың авторларын көркемдік талдау жасау барысында ***қолданады.***

**«Еңбекке баулу» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**  
(қазақ тілінде оқытылатын мектептің 2-5-сыныптарына арналған)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ... жылғы ... № ... бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ... тіркелген).

Мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының еңбекке құндылығын қалыптастыру, техникалық ойлау қабілеттерін дамыту

Міндеттері:

- қоршаған әлемнің үйлесімді тұтастығы, ондағы адамның өзі қолдан жасайтын заттық ортасымен бірге алғандағы орны туралы түсінікті қалыптастыру;
- оқушылардың әр түрлі материалдарды (табиғи материалдар, қағаз, саз балшық, ермексаз, тоқыма материалдар) көркем өңдеудегі практикалық дағдысын қалыптастыру;
- құрастыру және үлгілеу (модельдеу) негіздерін, қарапайым еңбек құралдарын пайдалана білу машығын қалыптастыру;
- қоршаған ортаға ілтипатты және жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу;
- оқушылардың заттар мен құбылыстарды эстетикалық қабылдауы мен бағалауын қалыптастыру;
- жасампаз еңбек адамын құрметтеуге және шеберлер еңбегінің құндылығын бағалауға үйрету;
- еңбек қауіпсіздік ережелерін сақтауға және еңбек мәдениетіне тәрбиелеу.
- оқушылардың байқағыштығын, шығармашылық қабілетін, интуициясын (сезіну, сезіне білуін) дамыту;
- оқушылардың бейнелі, нақты-логикалық ойлауын, қиялын дамыту;
- қол ептілігін, көзбен мөлшерлеу және басқа да практикалық біліктілігін дамыту.

2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру

«Еңбекке баулу» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік және көрнекілік ұстанымдарына негізделеді.

«Еңбекке баулу» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;

- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

### 3-тарау. «Еңбекке баулу» пәнінің базалық мазмұны

Пәннің базалық білім мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылады.

«Еңбекке баулу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 2) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 3) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 4) 5-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

#### 1-сынып бойынша базалық мазмұн:

##### Табиғи материалмен жұмыс (4 сағат)

*Техникалық-технологиялық мәліметтер.* Табиғи материалдардың түрлері. Оларды дайындау туралы мағлұмат. Табиғи материалдан жасалатын құрамақтар. *Кептірілген өсімдіктерден аппликациялау.* Жапырақтарды жинау және кептіру тәсілдері. Жапырақ пен гүлдерден қарапайым композиция құрастыру. Қу бұтақтан санамақ таяқшаларын жасау Кепкен өсімдіктерден аппликация құрастыру. Конкурсқа жұмыс ұсыну.

*Ұсақ тастардан мозаика құрастыру.* Тастарды жинау. Мозаикамен және оны жасау техникасымен таныстыру: «Жаңбыр тамшылары», «Арайлы күн», «Сүйікті гүлім», «Балық өрнегі». Оқушылардың ойдан және үлгі бойынша мозаика құрастыруы. Табиғат көрінісін еске түсіре отырып, бейне жасау. Ең жақсы жұмысты анықтау және талдау.

*Құрал-саймандар:* қайшы, желімдеуге арналған қылқалам.

*Көрнекілік:* табиғат әлемі, құрамақ (поделка) үлгілері, қоянның суреті, т. б.

*Сарамандық жұмыс.* Кептірілген жапырақтан пішін, бейне жапсыру.

*Ұсынылатын бұйымдар:* көбелек, қоңыз, көжек және т. б.

##### Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс (8 сағат)

*Теориялық, техникалық мәліметтер.* Қағаздың шығу тарихы, қағаздың түрлері, қолданылуы мен қасиеттері. Қағазды умаждау, жырту, суға салып жұмсарту, бүктеу, шиыршықтау. Қажетті құрал-жабдықтармен таныстыру. Қарапайым графикалық сауаттылық элементтерімен таныстыру (сызба, сурет, контур, бүктеу, қию сызықтары). Үлгі-қалып бойынша белгілеу, сызық бойымен қию. Аппликация туралы алғашқы түсінік. Түс және түс реңктері. Пішін, фактура

туралы түсінік. Апликацияның қарапайым түрлерін дайындау. Қағазды үнемдеп пайдалану. Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды сақтау.

*Практикалық жұмыс.* Қағазды бұрыштап бұғу арқылы шаршы шығару және екіге бүктеп, бұғу сызығын тегістеу. Қағазға желім жағу, қию тәсілдерін орындау. Үлгі қалыпты пайдаланып геометриялық пішіндерді (үшбұрыш, көпбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, ромбтар) дайындап алу, олардың бұрыштарын дөңгелете қию. Түрлі түсті әртүрлі фигуралардан пішіндер құрастырып, қағаз бетіне желімдеу. Апликациялық жұмыстар орындау. Композиция құрастыру. Қарапайым оригами түрлерін жасау. Қағазды үнемді пайдалану. Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптар.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Қағазды белгілеу, бұғу, шиыршықтау, сызу, жырту, қию, желімдеу.

### **Ермексазбен жұмыс (4 сағат)**

*Теориялық, техникалық мәліметтер.* Ермексаз жайлы түсінік және олардың қасиеттері, қолданылуы. Ермексаздың қазіргі шыққан түрлерімен таныстыру және үнемді пайдалану. Ермексазбен жұмыс істеу ережесі. Қолданылатын құрал-жабдықтармен таныстыру. Санитарлық-гигиеналық талаптар және қауіпсіздік ережелері.

*Практикалық жұмыс.* Ермексазбен жұмыс істеуге дайындық: ермексаз кесегін көз мөлшермен бөлу, иілгіштігін арттыру үшін оны жұмсарту, домалақтау, созу, сопайту, басу, тегістеу, бөлшектерді біріктіру. Үлгі бойынша мүсіндеу: домалақ, сопақ пішінді заттар (жемістер, көкөністер, ойыншықтар т.б.). Бөлшектерді созу, ию арқылы пішінге келтіріп, оны біріктіріп, құстарды, жан-жануарларды, т.б. мүсіндеу.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Ермексазды алақан арасында және тақтай бетінде жалпақтау, алақанмен айналдырып домалақтау, сопақша пішінге келтіру, дөңгелек пішіннің үстінен алақанмен басу.

### **Техникалық үлгілеу және құрастыру (6 сағат)**

Еңбек қауіпсіздігінің ережелері. Гигиеналық талаптарды орындау. Жұмыс орнын дайындау.

*Техникалық-технологиялық мәліметтер.* Құрастыру туралы мәлімет. Әр түрлі машиналардың, көліктің түрлерімен таныстыру. Конструктормен жұмыс жасау әдістері. Конструктор бөлшектерінен модель жасау және қайта бөлшектеу.

Мерекелік тақырыпта шығармашылық жұмыс жасау. Пішінді қарапайым үлгілеу (ашпахаттар, шырша ойыншықтары, т. б.), сыйлық әзірлеу, әдемілеп орау. Ассиметрия және симметрия туралы түсінік беру. Әр түрлі материалмен жұмыс жасау ерекшеліктері, біріктіру тәсілі.

Қалып-үлгі бойынша белгілеу. Кешенді шығармашылық жұмыс. Логикалық мазмұнға негізделген қию. Композиция. Апликация, ата-анаға, құрметті демалыстағы ұстаз-зейнеткерге сыйлық. Түймені пайдаланып композиция құрау.

*Практикалық жұмыс.* Үшбұрыш, шаршы, төртбұрышты пішіндерден бұйымдар құрастыру. Конструктор бөлшектерінен үлгі немесе сурет бойынша бұйым құрастыру, қайта бөлшектеу. Қағаздан аппликация жасау.

### **Көркем бұйымдар жасау ( 6 сағат)**

Ине, оймақ, қайшы, түйреуішті пайдалану кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау. Оқушының жекебас гигиенасы. Жұмыс орнын дайындау.

*Техникалық-технологиялық мәліметтер.* Маталар туралы алғашқы білім алады, матаның оң және теріс бетін ажырата біледі. Мақтадан тоқылған матаның түрлері, қолданылуы. Мата туралы түсінік (түрлері, қасиеттері). Материалды үнемді пайдалану. Тоқыма материалдарын өңдеудің құралдары мен әдістерімен танысады, матаны белгілеу, кесу, тігу, кесте тігу бойынша қарапайым дағдылар мен қабілеттерге ие болады.

*Практикалық жұмыс.* Маталарды түрлі үлгі бойынша қию және қатты қағаз бетіне желімдеу. Жіптің түрлерімен таныстыру (жуан, жіңішке). Түрлі түсті жіптерді пайдаланып, көлемді заттардың сыртын желімдеу (шар, доп, т.б.)

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Белгілеу, қию, желімдеу.

### **Халық қолөнері әліппесі (5 сағ)**

*Теориялық, техникалық мәліметтер.* Ұлттық бұйымдар туралы жалпы түсінік, олардың қолданылуы, қандай материалдан жасалатындығы, ерекшеліктері. Ұлттық бұйымдарды безендіру. Қарапайым ою-өрнек түрлерімен таныстыру. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру. Қауіпсіздік ережелерін, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

*Практикалық жұмыс.* Қағаздан қарапайым ою-өрнек түрлерін ойып үйрену. «Қошқармүйіз» өрнегі. Геометриялық фигураларды түс, пішін үйлесімділігін сақтай отырып, құрастыра білу. Қағаз, түсті қағаздан т.б. материалдардан сырмақ, текемет, құрақ көрпе т.б. бұйымдар жасау.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Белгілеу, қию, желімдеу, құрастыру, бастыру, жапсыру.

### **2-сынып бойынша базалық мазмұн:**

#### **Табиғи материалмен жұмыс (4 сағат)**

Табиғи материалмен жұмыс жасау кезінде еңбек қауіпсіздігін және оқушының жекебас гигиенасын сақтау.

*Техникалық-технологиялық мәліметтер.* Табиғат көрінісі мен зат пішіні. Материалдың түрі және қасиеті. Табиғи материалды жинау және сақтау (ағаштың жапырағы, бүрі, жаңғағы, бұтағы, майда тас). Тастан, ұлу қабыршағынан, тұқымнан мозаика құрастыру.

Композиция құрудың қарапайым негіздері: өлшем үйлесімі, симметрия, асимметрия, ырғақ, бейнелеу өнері курсы бойынша қимыл-қозғалысты бере білу. Бұйымдардың бөлшектерін ермексазбен біріктіру.

*Құрал-саймандар мен жабдықтар:* біз, қайшы түрлері, тақтай, желім, ермексаз, материал салатын қорап, тұқым түрлерін жинайтын конверттер, қол сүлгі, қылқалам.



*Көрнекілік:* дайын бұйымдар, альбомдар, жан-жануарлар мен өсімдік әлемінің энциклопедиялары.

*Практикалық жұмыс.* Табиғи материалдан «Ормандағы мүсіндер» атты композиция құрастыру. Кепкен өсімдіктерден аппликациялар мен гүлдестелер жасау. Мозаика құрастыру.

*Ұсынылатын бұйымдар:* Табиғи материал мен ермексаздан жасалған ойыншықтар-сувенирлер (аң, құс, жануарлар, ертегі кейіпкерлері). Панно (аппликациялар). Кепкен өсімдік гүлдестелері, тастан, ұлу қабығынан, тұқымнан жасалған мозаика.

### **Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс (8 сағат )**

*Теориялық, техникалық мәліметтер.* Қағазды дайындау, өңдеу жолдары. Қағаз түрлері туралы түсініктерін толықтыру. Бүктеу, бүгу, контур, ортаңғы сызықтарды салу. Симметрия, ассиметрия туралы түсінік. Симметриялық қию. Табиғатта кездесетін симметриялық заттар. Аппликация түрлері (әріптік, заттық, тақырыптық, сюжеттік, сәндік, жазық және көлемді). Оригами туралы алғашқы түсінік. Оригамидың шығу тарихы және дамуы. Оригамидың шартты белгілері, бүктеудің негізгі тәсілдері. Мозаика туралы түсінік. Қажетті құрал-жабдықтар. Көлемді ойыншықтар құрастыру тәсілімен таныстыру. Қағазды үнемді пайдалану. Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды сақтау.

*Практикалық жұмыс.* Әртүрлі аппликация түрлерін жасау (симметриялық қию тәсілдерін пайдалану). Аппликациялық жұмыста заттың көлемін көрсету. Тақырып бойынша өз бетінше аппликациялар құрастыру. Оригами тәсілімен жұмыстар орындау. Әртүрлі геометриялық фигуралардан мозаика жасау. Қағазды қолмен жұлу, умаждау тәсілдері арқылы әртүрлі бейне, композиция құрастыру. Қарапайым оригами түрлерін жасау.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Қию, желім жағу, жапсыру, құрастыру, умаждау, жұлу, бүктеу, бүгу, сызу.

### **Ермексаз және сазбалшықпен жұмыс (4 сағат )**

*Теориялық, техникалық мәліметтер.* Сазбалшық, оның өнеркәсіпте пайдаланылуы туралы түсінік беру. Халық шеберлерінің сазбалшықтан жасаған бұйымдарымен, әртүрлі мүсіндермен таныстыру. Сазбалшықтан бұйымдар жасауға қажетті құрал-жабдықтар. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру. Сазбалшықты дайындау тәсілі (сазбалшықты илеу, оның жұмысқа дайындығын анықтау). Үлгі және сурет бойынша жануарлар мен адам бейнесін мүсіндеу техникасы. Қырғышты қолдану. Мүсін бөліктерінің үйлесімін сақтау. Қазақ және басқа да ұлттардың халық қолөнері шеберлері бұйымдарымен танысу.

Бедерлі мүсіндеу. Қауіпсіздік техникасы ережесі және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

Ескерту. Сазбалшықты дайындау мүмкіндігі болмаған жағдайда дүкендегі дайын сазбалшықты немесе ермексазды пайдалануға болады.

*Практикалық жұмыс.* Шиыршықталған сазбалшықтан ұлттық ыдыстар мүсіндеу. Бүтін сазбалшық кесегінен және жеке бөлшектерді біріктіру арқылы ұлттық ойыншықтар мүсіндеу. Ыдыстар мен ойыншықтарға әртүрлі тәсілдермен

өрнек түсіру. Арнайы қалыптарға салып мүсіндеу. Бұйымды безендіру. Бедерлі мүсіндеу жұмыстары.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Илеу, кептіру, созу, жалпайту, домалақтау, өрнек түсіру (бояу, бедерлеу, әшекейлеу).

### **Техникалық модельдеу және құрастыру (7сағат)**

Қағаз, желім, қайшы, қылқалам және басқа да құрал-жабдықтармен жұмыс істеу кезіндегі еңбек қауіпсіздігі және оқушының жекебас гигиенасы ережелерін сақтау. Материалды және құрал-сайманды таңдау.

*Техникалық-технологиялық мәліметтер.* 1-сыныпта өткен сабақты қайталау: сызық түрлері мен олардың белгіленуі (түзу, толқынды-ирек, сынық); қағаздың түрлері және оның қолданылу аясы; қағаздан симметриялы бір оське бағынған жадағай пішінді бұйымдар жасау; желімді пайдалану; қағазды бүктеу түрлері (негізгі тәсіл, қыр түсіру) және қию.

Қағазды өңдеу технологиясы. Модельдеу және құрастыру алгоритмі. Пластмасса, металл, ағаш бөлшекті конструкторлар және «Лего», құрал-саймандары (гайка кілті).

*Графикалық сауаттылық элементтері.* Конструктор моделі шартты белгілерін түсіне білу және қолдану. Негізгі пунктир, сирек пунктир сызықтарды ажырату және оны оқи білу.

*Құрал-саймандар:* тегістегіш, қалып-үлгі, қайшы түрлері, қылқалам, гайка кілті. *Көрнекілік:* карусель, әткеншек, аяқарба, автомашина, мотоцикл, ұшақ, тікұшақ, су қатынасы көліктерінің модельдері.

*Сарамандық жұмыс.* Бұйым үлгісін талдау (сұрақ-жауап түрінде): оны құрастыру жолын және қажет бітімін шығару тәсілін анықтау. Бұрынғы өткен және игерген тәжірибені жетілдіру. Бұйымды әдемілеу барысында, оған жаңаша әрлеу тәсілдерін енгізіп отыру. Қағаздан үлгі, сурет бойынша және ойша шырша ойыншығын жасау. Модельдерді үлгі немесе сурет бойынша ойдан өзгешеліктер енгізе отырып құрастыру.

Көшеге топсаяхатқа шығу. Тасымал көліктерімен (автомашина, автобус, троллейбус және т. б.) танысу.

Өңгіме өткізу тақырыптары (ұсыныс ретінде): «Біз көріп жүрген машиналар», «Техникалық ойыншықтар», «Аялдама» және т. б.

*Ұсынылатын бұйымдар:* шырша ойыншықтары, ашпахаттар, сурет-апликациялар, сурет-мозаикалар, жол белгілері, гүлдер. Ұшақ, тікұшақ, ойыншық арба, т. б. модельдері. «Оригами» тәсілімен жасалған бұйымдар.

### **Көркем бұйым жасау (6 сағат)**

Әр түрлі материалмен (мата, жіп, тоқыма жіп, қағаз, су моншақ, табиғи материал, сым және т. б.) жұмыс жасау барысында еңбек қауіпсіздігі және оқушының жекебас гигиенасы ережелерін қадағалау.

*Теориялық, технологиялық мәліметтер.* Дәстүрлі емес материал түрлерімен таныстыру. Материал түрлері. Әр түрлі материалдарды өзіндік қасиеті бойынша салыстыру. Әр материалдың өзіндік қасиетіне қарай (физикалық, механикалық) пайдалану. Бұйым құрастыруға қажетті материалды

таңдай білу. Олардың атауы (қағаз, мата, жіп, ермексаз, қауырсын, түтікшелер, т. б.) мен қолданылу аясы. Ермексаз, желім, жіп пен сымның құрамақ бөлшектерін біріктіру қасиеті. Үлгі бойынша, графикалық сызба белгі және өз ойынан бұйым жасау технологиясы.

*Практикалық жұмыс.* Жұмыртқа қабығы, «Киндер-сюрприз», қауырсын, синтепон, поролон, жіп, түтікшелер, орауыш материалдар, т.б. пайдаланып, түрлі бұйымдар жасау.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Аралас техника, белгілеу, сызу, бүгі қию, біріктіру, желімдеу, құрастыру.

### **Халық қолөнері әліппесі (5 сағ)**

*Техникалық-технологиялық мәліметтер.* Халық қолөнері түрлерімен танысу. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің ерекшеліктері. Ою-өрнек ою тәсілдері. («Кемпірқосақ» өрнегі). Өрнектегі түстер. Түстерді дұрыс орналастыру. Өрім өру материалдарын пайдаланып, қамшы өру (қағаз таспа, сабан, таспа, тері, жұмсақ сым).

Оқушылардың өз қиялынан композиция құрастыру. Әр түрлі материалдан бұйым жасау әдістері (бүктеу, желімдеу, біріктіру, тігу, қию). Қалып-үлгімен пішу.

*Көрнекілік:* мұражайға, табиғат аясына топсаяхат.

*Құрал-саймандар:* тақтайша, қарындаш, өшіргіш, қайшы, қол сүлгі, қырғыш, т. б.

*Практикалық жұмыс.* Қалып-үлгімен дәптерге өрнек сызу. Симметриялы өрнектерді қию. Жұмсақ сымнан құрамақ жасау. Үлгі бойынша оюларды ою.

*Ұсынылатын бұйымдар:* «Кемпірқосақ» оюын пайдаланып, қоржын, алаша, т.б. жасау.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер:* Сызу, қию, ою, жасау.

### **3-сынып бойынша базалық мазмұн:**

#### **Табиғи материалмен жұмыс (4 сағат)**

Еңбек қауіпсіздігі және оқушының жекебас гигиенасы ережелерін сақтау. Интеллект, сезім, нақты істің бірлігіне қол жеткізу.

*Техникалық-технологиялық мәліметтер.* Сабаннан, кендір жіптен, кепкен өсімдіктен, ойыншық, заттар жасау. Аппликация. Симметриялы, асимметриялы бұйымдардың ерекшеліктері. Оларды өрнектеу.

*Құрал-саймандар:* қайшы, біз, шымшуық, ине, қысқаш.

*Көрнекілік:* дайын бұйымдар үлгілері, табиғи материалдар альбомы.

*Сарамандық жұмыс.* Табиғи материалдың өзіндік ерекшелігін ескере отырып құрамақ жасау. Құрал-саймандарды орнымен қолдану. Құрамақ бөлшектерін ермексазбен, желіммен, түйрегішпен қосып біріктіру.

*Ұсынылатын бұйымдар:* сабаннан, кендір жіптен ойыншықтар, құс, жануарлар бейнесін жасау. Оларды өрнектеу. «Күн» атты сәндік панно, сақина, білезік.

#### **Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс (8 сағат )**

*Техникалық, теориялық мәліметтер.* Қатырма қағаз, түрлері, оның алыну жолы, пайдаланылуы, қасиеттері туралы түсінік беру. Қатырма қағазды бүктеу тәсілі. Қағаз бен қатырма қағазды салыстыру. Графикалық сызбаларды қағаз бетіне түсіру арқылы нобай жасау. (Өлшем бірліктері контур, бүктеу, қию сызықтары). Үлгіқалып бойынша белгілеу, сызық бойымен қию. Жазба туралы түсініктерін толықтыру. Сурет, сызба, нобай бойынша бұйымды белгілеуді үйрену, бұйымды дайындау ретін, өлшемін, формасын анықтау. Көлемді аппликация дайындау. Қажетті құрал-жабдықтар. Қағазды үнемді пайдалану. Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды сақтау.

*Практикалық жұмыс.* Қағазды бұрыштап бұғу арқылы шаршы шығару және екіге бүктеп, бұғу сызығын тегістеу. Қағазға желім жағу, қию тәсілдерін орындау. Үлгі қалыпты пайдаланып, шаршы, тіктөртбұрыштар дайындап алу, олардың бұрыштарын дөңгелете қию. Түрлі түсті әртүрлі фигуралардан пішіндер құрастырып, қағаз бетіне желімдеу. Көлемді аппликациялық жұмыстар орындау. Композиция құрастыру. Көлемді оригами түрлерін жасау.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Қағазды белгілеу, бұғу, шиыршықтау, сызу, жырту, қию, желімдеу.

### **Техникалық үлгілеу және құрастыру. Робототехника (10 сағат)**

Еңбек қауіпсіздігі және оқушының жекебас гигиенасы ережелерін сақтау. *Техникалық-технологиялық мәліметтер.* Техника тарихынан дерек. Құрастыру және үлгілеу технологиясы. Сызба-үлгіні оқу. Модельді сызба бойынша құрастыру және бөлшектеу. Ойнамалы және қозғалмайтын тетіктер бірігуі. Қағаз және қатырғықағаздан шырша ойыншығын жасау. Өз қиялы бойынша жасалатын бұйым моделін құрастыру. Ұлттық заттарды безендіруге ою-өрнектер құрастыру. Мозаика. Қиял-ғажайып модельдер құрастыру. Робототехникаға кіріспе. Қауіпсіздік техникасы. Роботтардың түрлері, қазіргі әлемде қолданылуы. Нұсқаулықпен жұмыс істеу Символдар, терминология. Бағдарламалау құралдары. Механизмдерді зерттеу. Қарапайым механизмдер мен механикалық беріліс. Бағдарламалық және аппараттық құралдар. LEGO WeDo конструкторының мысалының механизмдері мен дизайнын зерттеу.

*Практикалық жұмыс.* Сызбаны, модельді оқу. Бұйымдарды құрастыру және бөлшектеуде құрал-саймандарды өз орнымен қолдану. Тікұшақ түрлерін ойша үлгілеу. «Лего» бойынша машинаның түрлі моделін құрастыру. «Робот – билейтін құстар» үлгісін құрастыру және жинау. «Барабаншы маймыл роботы» немесе Robot - Smart spinner моделін құрастыру және құрастыру.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Модельдерді әзірлеу, құрастыру және бағдарламалау.

### **Көркем бұйым жасау (6 сағат)**

*Техникалық-технологиялық мәліметтер.* Табиғи материалдан, матадан және дәстүрлі материалдардан т. б. пайдаланып бұйым жасау. Шығармашылық жұмыс. Қиял-ғажайып әлемінің заттарын, кейіпкерлерін қиялдау арқылы елестету, оқушының қиялын ертегі кейіпкерлерін ойдан шығару арқылы дамыту. Материалдарды түрлі тәсілмен қолдану арқылы ерекше бір ғажайып бейнелер

жасау. Қазақ, орыс, ұйғыр, т. б. халықтар ою-өрнектерін қолдану. Қауіпсіздік ережелерін еске түсіру.

*Құрал-саймандар:* қайшы, ине, оймақ, қалып-үлгі.

*Көрнекілік.* Ұлттық киімдер үлгісі. Ермексазды пайдаланып, композиция құрастыру. Көзбен өлшеу. Адамның, жан-жануардың қимыл-қозғалысын бейнелеу. Ұжымдық жұмыс.

*Практикалық жұмыс.* Қазақтың және басқа да ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерімен танысу. Ұлттық ою-өрнек, кестемен өрнектелген аппликациялар, мозаика, ойыншықтар жасау. Белгілі бір ұлттың халық ертегісі кейіпкерінің киімін, ыдысын ойдан жобалау, қалып-үлгі бойынша оның үлгісін қию, «көктеу», «қаю», «көмкеру», «сабақша тәрізді» тігістерді қолдану. Халық ою-өрнектерін кестелеу. «Наурыз» мейрамын қарсы алуға дайындық. 3–4 баутаспадан өрім өру.

*Ұсынылатын бұйымдар:* ұлттық киім киген ертегі кейіпкерлері, зергерлік бұйымдар, тұрмыстық заттар. Ұсақ тастан, түймеден, жұмыртқа қабығынан, табиғи материалдан мозаика жасау; шүберектен, жұмсақ заттан және пенопластан жасалған ойыншықтар, «қырық өтірік» кейіпкерлері бейнесіндегі ойыншықтар, қазақ, орыс, ұйғыр және т. б. халықтардың ұлттық киімдері мұражайының альбомы. «Күстүмсық», «таңдай», «құс қанаты» ою-өрнегін салу.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер:* Құрастыру, өлшеу, қию, тігу, кестелеу.

### **Ұлттық бұйымдар (5 сағат)**

*Теориялық, техникалық мәліметтер.* Ұлттық бұйымдар туралы жалпы түсінік, олардың қолданылуы, қандай материалдан жасалатындығы, ерекшеліктері, бөлшек атауларының формаларын ажырата білу. Ұлттық тұрмыстық бұйымдарға түсетін ою-өрнектердің түрлері және безендірілуі. Қарапайым ою-өрнектер желімдеу. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру. Қауіпсіздік ережелерін, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

*Практикалық жұмыс.* Қағаздан, ермексаз немесе сазбалшықтан тұрмыстық бұйымдар жасау (сандық, қобдиша, сыйлық қорап, т.б.) оларға түсті қағаздан ою-өрнек желімдеу. Қамшы өру. Ши тоқу тәсілі

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Белгілеу, бұгу, қайыру, қию, желімдеу, құрастыру, өру, жапсыру.

## **4-сынып бойынша базалық мазмұн**

### **Табиғи материалмен жұмыс (4 сағат)**

Түрлі материалмен жұмыс жасау кезінде еңбек қауіпсіздігі және оқушының жекебас гигиенасы ережелерін сақтау. Материалды және құрал-сайманды орнымен пайдалану.

*Техникалық-технологиялық мәліметтер.* 1–3-сыныптарда өткен бұйым жасау әдістерін еске түсіру, қайталау. Симметрия, ырғақ пен үйлесімділікті қолдану

техникасы. Сызба-модель бойынша ертегі мазмұнына сәйкес композиция құрастыру. Материал таңдау.

*Құрал-саймандар:* қайшы, біз, ине, тістеуік.

*Көрнекілік:* дайын бұйым үлгілері.

*Сарамандық жұмыс.* Бір мақсатқа арналған заттың алуан түрлі формасын шығармашылықпен іздестіру.

*Ұсынылатын бұйымдар.* Табиғи материалдан құрамақ жасау.

### **Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс (8 сағат )**

*Техникалық, теориялық мәліметтер.* Қағаз және қатырма қағаздың түрлері, қасиеті, қолданылуы туралы білімдерін толықтыру. Желім және оның түрлері, қасиеті. Қатырма қағаз бөлшектерін желімдеу кезінде желімді жағу ережесі. Үлгіқалып және берілген өлшем бойынша дайындаманы белгілеу. Бөліктерді жинау. Қозғалмалы ойыншықтар жасау тәсілі. Квиллинг туралық түсінік. Квиллинг дайындаудың техникасы. Қағаз жолақтарынан композиция құрастыру, Киригами туралы түсінік. Ашық хаттар дайындау. Қажетті құрал-жабдықтар. Қағазды үнемді пайдалану. Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды сақтау.

*Практикалық жұмыс.* Қағазды бұрыштап бұғу арқылы шаршы шығару және екіге бүктеп, бұғу сызығын тегістеу. Қағазға желім жағу, кию тәсілдерін орындау. Үлгіқалыпты пайдаланып, шаршы, тіктөртбұрыштар дайындап алу, олардың бұрыштарын дөңгелете кию. Түрлі түсті әртүрлі фигуралардан пішіндер құрастырып, қағаз бетіне желімдеу. Апликациялық жұмыстар орындау. Композиция құрастыру. Қарапайым оригами түрлерін жасау.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Сыззу, өлшеу, белгілеу, бүктеу, қаттау, кию, құрастыру, біріктіру, желімдеу.

### **Құрастыру, үлгілеу және жобалау. Робототехника (8 сағат)**

*Теориялық, техникалық мәліметтер.* Әртүрлі құрастыру жұмыстарына қойылатын талаптар: пайдалылығы, мықтылығы, әдемілігі. Құрастыратын жұмыстың ерекшелігі, сәйкес материал мен жабдықты таңдай білу.

Жоба, жобалау туралы түсінік. Оқушыларды жобамен жұмыс істеуге дайындау. Қарапайым жоба түрі (ұсынылған ойды талдау, әзірлеу, шешу жолын іздеу, орындау, жобаны қорғау). Бұйымның көркемдік, технологиялық, құрастыру ерекшеліктеріне талдау жасау. Жобалық жұмыстың қорытындысы.

Оқушылардың шығармашылық жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Модуль датчиктер және Motors Exploring пайдалану LEGO, WeDo. LEGO WeDo бағдарламасын ағдарламалау. Сенсорлар мен қозғалтқыштарды зерттеу. конструкторлық бағдарламалау үшін бағдарламаны қалай дұрыс пайдалану керек. Қозғалтқыш және беріліс, жоғары және төмен тісті доңғалақтар, экранға қосу циклі, экраннан шегерім, шкивтер мен жұдырықшалар, қашықтық датчигі, көлбеу датчигі, таңбалау, берілістер, дөңгелек түрлері.

*Практикалық жұмыс.* Конструктор құралдарының үлгілерін құрастыру. «Арыстан роботы», «Робот – ұшқыш құс», «Робот – қақпашы» , «Робот –

Желдеткіштер» . «Робот – Ұшақ». «Робот – Гигант» . «Робот – желкенді қайық» моделдерін құрастыру және жинау. Әртүрлі материалдардан құрастыру және үлгілеу (оқушылардың шығармашылық жұмыстары). Көрме ұйымдастыру.

Топтық немесе ұжымдық жұмыс. Жобалық тапсырма ретінде технологиялық құрастыру жұмыстары ұсынылады. Жоба жұмысының жоспарын құру. 1-кезең. Жобаны әзірлеу (Не үшін, кімге керек? Не жасаймыз? Қалай жасаймыз?). 2-кезең. Жобаны орындау (Топ мүшелеріне міндеттерін бөліп беру. Бұйымды әзірлеу. Қажетті түзетулерді енгізу). 3-кезең. Жобаны қорғау (Не үшін жасадық? Жасайтын бұйымның бейнесі қалай пайда болды? Қандай қиындықтар болды? Қиындықты қалай жеңдік? Нәтижеге жеттік пе?)

**Жұмыста қолданылатын тәсілдер.** Робот модельдерін жобалау, құрастыру және бағдарламалау

## Тұрмыстық техника және үй мәдениеті (2 сағат)

**Техникалық мәліметтер.** Тұрмыстық техникамен және үй мәдениеті. Күтімі. Тұрмыстық техника түрлері.

Өлшеу аспаптары (таرازылар, сағаттар, дабылдар, термометрлер).

Компьютерлік техника (калькуляторлар, смартфондар, планшеттер және дербес компьютерлер, ноутбуктер).

Үйді тазалауға арналған жабдықтар (шаңсорғыш, бу тазалағыштар және тіпті бумен сүрткіштер).

Киім күтуге арналған жабдықтар (кір жуғыш машина, кептіргіш, үтіктеу тақтасы, үтік, тігін машинасы, шаш алғыш, аяқ киім кептіргіштер).

Ыңғайлы микроклиматты құруға арналған жабдықтар (кондиционерлер, тазартқыштар, жуғыштар және ауа ылғалдағыштар, жылыту радиаторлары, желдеткіштер, ауа ионизаторлары, метеостанциялар).

**Практикалық жұмыс.** Компьютерлік техника , өлшеу аспаптары, үйді тазалауға арналған жабдықтар мен киім күтуге арналған жабдықтар, ыңғайлы микроклиматты құруға арналған жабдықтардың жұмыс істеу ережелерін зерделеу. Үй жағдайында техникаларды пайдалану. Киім мен аяқ киімге күтім жасау. Киімді ұсақ жөндеу. Кітаптарды ұсақ жөндеу. Қауіпсіздік және тазалық сақтау ережелері. Құрылғының кинематикалық схемасымен танысу.

## Көркем бұйым жасау (6 сағат)

**Техникалық-технологиялық мәліметтер.** Мата, баутаспа, жіп, сым түрлері және олардың қасиеті. Материалды үнемді пайдалану. Белгілеу, пішу, тігу, кестелеу, ілмек бізбен тоқу, моншақ-маржан бастыру арқылы бұйымды әдемілеу. Шалма тігіс, қайып-тігу, ілмек бізбен айналдыра тоқу. Сым, жалтырауық қағаздан әсемдік бұйымдарын жасау. Дайын бұйымды үлгі қиығы, қалып-үлгісі, өлшемі бойынша талдау.

**Шілтерлі бұйым тоқу**

Шілтер бұйымдарын (жаға, жең ұшы, панно, т. б.) баутаспаны бастырып тігу. «Қырықаяқ» баутаспасы.

**Ілмек бізбен тоқу**

Жіп және ілмек біз түрлері. Ілмек біз таңдау. Көз тастап тоқу тәсілі. Осы тәсілмен бұйым тоқу. Шашақ (пайдаланылуы, жасау технологиясы).

*Матадан бұйым тігу*

Дайын сызба үлгі бойынша бұйым өлшемін белгілеу. Өлшемі белгіленбеген, қалып-үлгімен қиылған пішінділер. Олардың өңі мен астарын анықтау, үлгі сызығын белгілеу. Матаны пішу, бөлшектерді біріктіріп (қиықтарды) көктеу. Жіп таңдау. Шалма тігіс. Ілмек бізбен тоқу. Қолданылатын жіпті бекіту тәсілдері. Әдемілеуге қарапайым халық ою-өрнегін пайдалану.

*Зер төгу*

Сәндік зер төгу технологиясы туралы. Сызба үлгі бойынша сумоншақ-маржан төгу. Әр алуан моншақ-маржан тастарының түстері бойынша үйлесіп келуі. Қазақтың зер төккен әсемдік бұйымдары.

*Құрал-саймандар:* тақтай, қарындаш, өшіргіш, қайшы, ине, тоқыма ілмек бізі, біз.

*Экскурсия.* Мұражай, шеберханаға бару. Халық ісмерлері тіккен киім үлгілерімен танысу.

*Көрнекілік.* Дайын бұйым үлгілері. Зер төгудің әдістері (бастыру, кестелеу, т. б.), түрлері, ою-өрнектің суреті көрсетілген альбом.

*Сарамандық жұмыс.* Матаға зер төгу. Шалма тігіс және ілмек бізбен кестелеу тәсілін меңгеру. Шалма тігіс және ілмек бізбен тоқылған бұйымға салыстырмалы талдау жасау. Табиғи материалдан сәндік бұйымдар жасау. Моншақ тізудің сызбасы, технологиясы. Ескі саусақты қолғаптан, жұмсақ ойыншықтар жасау. Қуыршақ киімдерін (үлгі бойынша) тігу. Әдемілеу. Ою-өрнек, інжу-маржан бастыру.

*Ұсынылатын бұйымдар:* Кілемше, әмиан, сөмке. Сүлгі, төсеме, қуыршақ көйлегінің желбірі. Табиғи материалдан алқа, білезік жасау, моншақтан гүл-зер төгу, моншақ қосып өру, кендір жіптен шынжыр, білезік өру.

#### **Ұлттық киімдер (4 сағат)**

*Теориялық, техникалық мәліметтер.* Ұлттық киімдер туралы жалпы түсінік, олардың түрлері, маусымдық ерекшеліктері, ерлер, әйелдер, балалар киімдерінің ерекшеліктері. Ұлттық бас киім, кеудешелер, көйлектер, аяқ киім түрлері, атаулары, формалары және оларды безендіру әшекейлері. Заманауи ұлттық нақыштағы шығарылатын киім үлгілері. Қажетті құрал-жабдықтар. Қауіпсіздік ережелерін, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

*Практикалық жұмыс.* Қағаз, басқа да тиімді материалдардан конус пішінінде сәукеле, қарапайым тәсілмен тақия немесе бөрік жасау. Ою түрлерін сызу, қиып алу, ою-өрнектермен безендіру. Ұлттық бұйым түрлерін қиып жапсыру немесе тігу, ермексизден жапсырмалау. Ерлер немесе әйелдер киім үлгілерін аппликациялық тәсілмен орындау. Ұлттық киімдерді ою-өрнекпен безендіру.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Өлшеу, белгілеу, пішу, қию, үлгіні бастыру, тігу, безендіру, біріктіру, желімдеу, жапсырмалау, кестелеу.



## **5-сынып бойынша базалық мазмұн: Табиғи материалмен жұмыс ( 4 сағат)**

Табиғи материалдар жинау мақсатында табиғатқа, саябаққа топсеруенге шығу. Табиғи материалдардың түрлері. Жинаған материалдарды сұрыптау, сақтау тәсілдері. Материалдарды өңдеу әдістері. Қажетті құрал-жабдықтар. Қауіпсіздік техникасы ережесі сақтау және санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау. Сабанды аппликация мен тоқуға дайындау: кесу, булау, тегістеу, жылтырату, тондау және т.б. Аппликация түрлері: Геометриялық элементтермен және қисық сызықты элементтермен аппликация. Құрылысқа арналған табиғи материалдың түрлері: жемістер, тұқымдар, бұтақтар, тамырлар, қабығы және т.б. жинау және сақтау әдістері.

*Техникалық-технологиялық мәліметтер. Практикалық жұмыс.* Табиғи материалдардан көлемді ойыншықтар жасау. Сюжеттік композиция кейіпкерлерін жобалау және модельдеу, панно құрастыру. Жіңішке шыбықтардан себет, қол сөмке тоқу. Өсімдік тамырынан құстар бейнесін жасау, сабаннан панно, тұрмыстық заттар жасау. Кептірілген өсімдіктерден сәндік бейнелер жасау. Табиғи материалдарды өңдеу тәсілдері (кесу, аралау, бұрғылау, тегістеу, желімдеу және т.б.). Үлгі немесе дизайн бойынша табиғи материалдан қолөнер бұйымдарын жасау кезінде табиғи материалдарды өңдеу әдістерін игеру.

*Құрал-саймандар:* қайшы, біз, ине, тістеуік, желім.

*Көрнекілік:* дайын бұйым үлгілері.

*Сарамандық жұмыс.* Бір мақсатқа арналған заттың алуан түрлі формасын шығармашылықпен іздестіру.

*Ұсынылатын бұйымдар.* «Күзгі әлем» тақырыбында сюжеттік композиция кейіпкерлерін жобалау, модельдеу, панно жасау. Шыбықтардан себет, қол сөмке тоқу. Ағаштардан сувенир жасау.

## **Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс (8 сағат )**

*Техникалық, теориялық мәліметтер.* Қағаздан бұйым дайындаудың инновациялық тәсілдері. Киригами туралы түсінік. Киригами дайындау техникасы. Көлемді (3-D) ашық хаттар дайындау. Бүктелген қағаздардан композиция құрастыру. Кусудама туралы түсінік. Кусудама дайындау техникасы. Срапбукинг жасау технологиясы. Дизайнер мамандығымен таныстыру. Қажетті құрал-жабдықтар. Қағазды үнемді пайдалану. Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды сақтау.

*Практикалық жұмыс.* Қатырма қағаз бен қағаздан берілген өлшем бойынша бұйымның жазбасын дайындау. Бөлшектерді бояу, сурет салу арқылы безендіру, ұсақ бөлшектерін толықтыру. Қағаз жолақтарынан, конустан көлемді ашық хаттар, кусудама шам құрастыру. Срапбукинг-дәптер жасау.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Қағазды белгілеу, бұғу, шиыршықтау, сызу, жырту, қию, желімдеу.

## Тұрмыстық техника және үй мәдениеті» (4 сағат)

### **Теориялық, техникалық мәліметтер .**

Сыртқы күтімге арналған шағын тұрмыстық техника (шаш кептіргіш).

Демалыс және ойын-сауыққа арналған жабдықтар (музыкалық орталық, ойнатқыш, DVD-плеер, теледидар, радиоқабылдағыш, үй кинотеатры және акустикалық жабдық, фотоаппарат және бейнекамера, телефон аппараттары).

### **Ас үй аспаптары:**

- Азық-түлікті сақтау үшін: тоңазытқыштар, мұздатқыштар; Механикалық өңдеу үшін: тағамдық процессор, араластырғыш, блендер, ет тартқыш;
- Термиялық өңдеу үшін: электр немесе газ плитасы, микротолқынды пеш, нан пісіргіш, мультипісіргіш, электр пеші, гриль, фритер, тостер, вафли пісіргіш, йогурт жасаушы және т.б.
- Сусындарды дайындау үшін: кофеқайнатқыш, кофе тартқыш, электр шәйнек, шырын сыққыш; блендр.
- Ыдыс жуғыш машина, шаң сорғыш.

**Практикалық жұмыс.** Сыртқы күтімге арналған шағын тұрмыстық техника (шаш кептіргіш). Демалыс және ойын-сауыққа арналған жабдықтар. Ас үй аспаптарымен жұмыс жасау ережелерін зерделеу. Дастархан мәзірін жасау. Тамақтану мәденеті. Қауіпсіздік және тазалық сақтау ережесі. Құрылғының кинеметикалық схемасымен танысу.

"Ақылды үй" ұжымдық жұмысы.

## Құрастыру және техникалық үлгілеу. Роботехника (8 сағат)

**Теориялық, техникалық мәліметтер.** Кеңістіктік денелер және кеңістік құрастырулар. Кеңістік элементтері (ұзындығы, ені, объектілердің биіктігі). Дененің үш проекциясы. Параллелепипед. Параллелепипедті ашу. Параллелепипедтің қағаздағы графикалық көрінісі (сызба, үш проекция). Параллелепипедтің қағаз үлгілерін жасау және сым жақтауын жасау. Параллелепипедтің төбелерімен, қырларымен, беттерімен таныстыру. Параллелепипед пішіні бар денелердің, заттардың мысалдары. Текше. Текшені ашыңыз. Қағаздан текше үлгісін жасау. Параллелепипедтерден және текшелерден заттарды жасау (робот, қарындаш ұстағыш «Кірпі», құрама кулондар). Lego Education WeDo бағдарламалық құралы . Scratch интерфейсін, негізгі түсініктерді, қолданбаны басқаруға арналған пернелер тіркесімін оқу. «Дыбыс» блогы. Дыбыстық жолдардың мүмкіндіктерін тексеру. «Басқару» блогымен, «Қозғалыс» блогымен, «Сенсорлық» блогы. Сенсорлардың сценарийлері мен LEGO WeDo моторын тексеру . Жаңа блогы. «Операторлар» блогы, «Айнымалылар» блогы.

**Практикалық жұмыс.** Үлкен тікұшақ» моделін құру – үлгілерді жобалау және бағдарламалау. Ғарыш кемесі, Бульдозер , «Бронетранспорт» моделі т.б. үлгілерін құрастыру .

**Жұмыста қолданылатын тәсілдер.** Робот модельдерін жобалау, құрастыру және бағдарламалау.

## **Көркем бұйым жасау (6 сағат)**

*Техникалық-технологиялық мәліметтер.* Еңбек қауіпсіздігі және оқушының жекебас гигиенасы ережелерін сақтау. Сабақ барысында алдыңғы сыныптарда алған білімдерін жалғастыру, жетілдіру. Көркем бұйым жасау ісі барысындағы еркін ізденіс, шығармашылық тың шешімге бағытталған.

Әртүрлі маталар, баутаспа, тоқыма жіп, сым түрлері және олардың қасиеті. Материалды тиімді пайдалану. Белгілеу, пішу, тігу, кестелеу, ілмек бізбен тоқу, моншақ-маржан бастыру арқылы бұйымды әдемілеу. Шалма тігіс, қайып-тігу, ілмек бізбен айналдыра тоқу. Сым, жалтырауық қағаздан әсемдік бұйымдарын жасау. Дайын бұйымды үлгі қиығы, қалып-үлгісі, өлшемі бойынша талдау.

*Шілтерлі бұйым тоқу*

Шілтер бұйымдарын (жаға, жең ұшы, панно, т. б.) баутаспаны бастырып тігу. «Қырықаяқ» баутаспасы.

*Ілмек бізбен тоқу*

Жіп және ілмек біз түрлері. Ілмек біз таңдау. Көз тастап тоқу тәсілі. Осы тәсілмен бұйым тоқу. Шашақ (пайдаланылуы, жасау технологиясы).

*Матадан бұйым тігу*

Дайын сызба үлгі бойынша бұйым өлшемін белгілеу. Өлшемі белгіленбеген, қалып-үлгімен қиылған пішінділер. Олардың өңі мен астарын анықтау, үлгі сызығын белгілеу. Матаны пішу, бөлшектерді біріктіріп (қиықтарды) көктеу. Жіп таңдау. Шалма тігіс. Ілмек бізбен тоқу. Қолданылатын жіпті бекіту тәсілдері. Әдемілеуге қарапайым халық ою-өрнегін пайдалану.

*Зер төгу*

Сәндік зер төгу технологиясы туралы. Сызба үлгі бойынша моншақ-маржан төгу. Әр алуан моншақ-маржан тастарының түстері бойынша үйлесіп келуі. Қазақтың зер төккен әсемдік бұйымдары.

*Құрал-саймандар:* тақтай, қарындаш, өшіргіш, қайшы, ине, тоқыма ілмек бізі, біз.

*Экскурсия.* Мұражай, шеберханаға бару. Халық ісмерлері тіккен киім үлгілерімен танысу.

*Көрнекілік.* Дайын бұйым үлгілері. Зер төгудің әдістері (бастыру, кестелеу, т. б.), түрлері, ою-өрнектің суреті көрсетілген альбом.

*Сарамандық жұмыс.* Матаға зер төгу. Шалма тігіс және ілмек бізбен кестелеу тәсілін меңгеру. Шалма тігіс және ілмек бізбен тоқылған бұйымға салыстырмалы талдау жасау. Табиғи материалдан сәндік бұйымдар жасау. Моншақ тізудің сызбасы, технологиясы. Ескі саусақты қолғаптан, жұмсақ ойыншықтар жасау. Қуыршақ киімдерін (үлгі бойынша) тігу. Әдемілеу. Ою-өрнек, інжу-маржан бастыру.

*Ұсынылатын бұйымдар:* Дастарқан, жастықтыс, сөмке. Сүлгі, төсеме, қуыршақ көйлегінің желбірі. Табиғи материалдан алқа, білезік жасау, моншақтан гүл-зер төгу, моншақ қосып өру, кендір жіптен шынжыр, білезік өру.

## **Зергерлік өнер (4 сағат)**

*Теориялық, техникалық мәліметтер.* Зергерлік өнер туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. Зергерлік бұйым үлгілерімен (сырға, білезік, алқа,

жүзік) таныстыру, олардың қолданылуы, әшекей бұйымдарды жасауға қолданылатын материалдармен танысу. Дәстүрлі емес материалдарды пайдаланып, білезік, алқа, белдік, шашбау, т.б. бұйымдар жасау. Фольга туралы түсінік. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау және санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау.

*Практикалық жұмыс.* Фольгадан, кәмпит қағаздарынан және жез сымнан шынжыр, әртүрлі сырға, жүзік үлгілерін жасау. Фольгадан білезік, алқа жасау, жүзік үстіне өрнектер түсіру.

*Жұмыста қолданылатын тәсілдер.* Жез сымды түзулеу, ию, бұрау, кесу, кию, біріктіру, үлгіні бастыру, қалам ұшымен өрнек түсіру.

#### 4-тарау. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

Оқу пәнінен күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпығаміндетті мемлекеттік стандартында айқындалған **метапәндік құзыреттіліктерге** (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланады.

«Еңбекке баулу» пәнінен күтілетін нәтижелер.

##### **1-сыныпта:**

*Білім алушы:*

- еңбектің адам өміріндегі мәнін, қажеттілігін;
- еңбек түрлерін, еңбек тәртібін және қолданатын құралдарын;
- техникалық мәлімет, жұмыс тәсілдері және оның түрлерін;
- қағаз және картонмен, матамен және әр түрлі материалдармен жұмыс жасау, техникалық модельдеу техникасының ерекшеліктерін;
- қарапайым бұйымдарды дайындаудың технологиялық реттілігін (таңбалау, кесу, құрастыру, өңдеу);
- қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын және материалдар мен құралдарды мақсатты қолдану талаптарын;
- қауіпсіз жұмыс орнын ұйымдастыруды, еңбек құралдарын құрметтеу, материалдарды үнемдеу қажеттілігін біледі.

*Білім алушы:*

- материалдық мәдениеттің адам еңбегінің жасампаздығының нәтижесі екендігін;
  - еңбектің, адам еңбегінің құндылығын және қажеттілігін;
  - адам өмірі мен еңбегінің табиғатпен, қоғаммен өзара тығыз байланыста екенін;
  - адамның технологиялық әрекетінің сыртқы ортаға және адам денсаулығына әсерін;
  - қолөнер туындылары жайлы қарапайым ақпарат жинақтауды
  - үй жұмыстарына көмектесуді *түсінеді*.
- Білім алушы* меңгерген білімін үлгі бойынша:
- қалып-үлгі бойынша ою-өрнек салуда;
  - техникалық суретті, сызбаларды, қарапайым сызуларды оқуда;
  - құрал-саймандарды орнымен қолдануда;

- зат пішінін, түсін, түрін салыстыруда;
- жұмысқа қажетті материалдар мен құралдарды алдымен мұғалімнің көмегімен, сосын өз бетінше таңдауда қолданады.

*Білім алушы* меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:

- қарапайым ұжымдық шығармашылық жобаларды әзірлеу және оларды жүзеге асыруда;
- әзірленген жобаға сәйкес жұмыс орнын ұйымдастыру, қажетті материалдарды, құралдар мен құрылғыларды таңдауда;
- әр материалдың өзіндік қасиетіне (физикалық, механикалық) қарай таңдау және пайдалануда;
- еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлау, оның барысы мен нәтижесін бақылауда қолданады.

*Білім алушы* меңгерген білімін шығармашылықпен:

- әр нақты жағдайда өнімді шығарудың ұтымды конструкторлық шешімдері мен технологиялық әдістерін таңдау және қолдануда;
- модельдеу және құрастыру алгоритмін құрып, жүзеге асыруда;
- мәтін бойынша құрастырулар мен бұйымдар дайындауда;
- материалдарды түрлі тәсілмен қолдану арқылы ерекше бір ғажайып бейнелер жасауда қолданады.

## **2-сыныпта:**

*Білім алушы:*

- еңбектің адам өміріндегі мәнін, қажеттілігін;
- мамандықтар әлемі және кәсіпті дұрыс таңдаудың маңыздылығын;
- еңбек мәдениеті негіздерін;
- техникалық мәлімет, жұмыс тәсілдері және оның түрлерін;
- материалдар және олардың түрлері мен қасиеттерін, қолдану технологиясын және өнім сапасына қойылатын негізгі талаптарды;
- қағаз және картонмен, матамен және әр түрлі материалдармен жұмыс жасау, техникалық модельдеу техникасының ерекшеліктерін;
- қарапайым бұйымдарды дайындаудың технологиялық реттілігін (таңбалау, кесу, құрастыру, өңдеу);
- безендіру түрлерін, бояу, жапсырмалау, түзу тігу және оның басқа нұсқаларын;
- қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын және материалдар мен құралдарды мақсатты қолдану талаптарын;
- қауіпсіз жұмыс орнын ұйымдастыруды, еңбек құралдарын құрметтеу, материалдарды үнемдеу қажеттілігін *біледі*.

*Білім алушы:*

- материалдық мәдениеттің адам еңбегінің жасампаздығының нәтижесі екендігін;
- заттар әлеміндегі мәдени-тарихи дәстүрлерді, мәдени құндылықтарды және оларды сақтау мен дамыту қажеттілігін;
- еңбектің, адам еңбегінің құндылығын және қажеттілігін;

- қолөнер туындылары жайлы қарапайым ақпарат жинақтаудан бастап, оны шығармашылықпен қолдануға дейінгі аралықтағы жұмыстар қажырлы еңбекті, таудай талапты қажет ететіндігін **түсінеді**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **үлгі бойынша:**

- қалып-үлгі бойынша ою-өрнек салуда;
- техникалық суретті, сызбаларды, қарапайым сызуларды оқуда;
- құрал-саймандарды орнымен қолдануда;
- зат пішінін, түсін, түрін салыстыруда;
- еңбек және оны түсінуге қатысты ұғымдарды игеруге берілген сөздерден сөйлемдер, сөйлемдерден шағын мәтіндер құрап жазуда;
- үлгіні табиғи затпен, тұлыппен, ойыншықпен салыстыруда;
- қарапайым бұйымдарды дайындаудың технологиялық реттілігін анықтауда;
- табиғи материалды жинау және сақтауда;
- зат бөлшектері мен бұйымдарды қалып-үлгі және сызғыштың көмегімен өлшеуде;
- жұмысқа қажетті материалдар мен құралдарды алдымен мұғалімнің көмегімен, сосын өз бетінше таңдауда **қолданады**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **жаңа жағдайға сәйкес:**

- әзірленген жобаға сәйкес жұмыс орнын ұйымдастыру, қажетті материалдарды, құралдар мен құрылғыларды таңдауда;
- компьютерде берілген мәтінмен және суреттермен жұмыс жасауда;
- үлгілерді мұғаліммен бірге талдау (мәнді белгілерін айқындау: салыстыру, жалпылау, қорыту, тұжырым жасау), жұмысты орындау тәсілін белгілеуде;
- модельдерді үлгі немесе сурет бойынша ойдан өзгешеліктер енгізе отырып құрастыруда;
- әр материалдың өзіндік қасиетіне (физикалық, механикалық) қарай таңдау және пайдалануда;
- еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлау, оның барысы мен нәтижесін бақылауда **қолданады**.

*Білім алушы* меңгерген білімін **шығармашылықпен:**

- әр нақты жағдайда өнімді шығарудың ұтымды конструкторлық шешімдері мен технологиялық әдістерін таңдау және қолдануда;
- модельдеу және құрастыру алгоритмін құрып, жүзеге асыруда;
- қағаздан, матадан дайындаған бұйымдары бойынша өз ойын ауызша немесе жазбаша жеткізуде;
- бұйымды әдемілеу барысында, оған жанаша әрлеу тәсілдерін қолдануда;
- мәтін бойынша құрастырулар мен бұйымдар дайындауда;
- материалдарды түрлі тәсілмен қолдану арқылы ерекше бір ғажайып бейнелер жасауда;

- сызба-модель бойынша ертегі мазмұнына сәйкес композиция құрастыруда;
- өз қиялы бойынша жасалатын бұйым моделін құрастыруда **қолданады**.

### **3-сыныпта:**

#### *Білім алушы:*

- еңбектің адам өміріндегі маңызын, қажеттілігін;
- мамандықтар және кәсіпті дұрыс таңдаудың маңыздылығын;
- еңбек мәдениеті негіздерін;
- қыз және ұл баланың еңбек түрлерін, еңбек тәртібін және қолданатын құралдарын;
- техникалық мәлімет, бұйымдарды дайындаудың тәсілдері және оның түрлерін;
- материалдар және олардың түрлері мен қасиеттерін, қолдану технологиясын және өнім сапасына қойылатын негізгі талаптарды;
- отандық және әлемдік мәдениеттің өнер туындыларының жасалу техникасын;
- қағаз және картонмен, матамен және әр түрлі материалдармен жұмыс жасау, техникалық модельдеу техникасының ерекшеліктерін;
- қолөнер бұйымдарды дайындаудың технологиялық реттілігін (таңбалау, кесу, құрастыру, өңдеу);
- безендіру түрлерін, бояу, жапсырмалау, түзу тігу және оның басқа нұсқаларын;
- дизайн және өнімдерді түстермен сәйкестендіруді және безендіруді;
- қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын және материалдар мен құралдарды мақсатты қолдану талаптарын;
- қауіпсіз жұмыс орнын ұйымдастыруды, еңбек құралдарын құрметтеу, материалдарды үнемдеу қажеттілігін **біледі**.

#### *Білім алушы:*

- материалдық мәдениеттің адам еңбегінің жасампаздығының нәтижесі екендігін;
- заттар әлеміндегі мәдени-тарихи дәстүрлерді, мәдени құндылықтарды және оларды сақтау мен дамыту қажеттілігін;
- еңбектің, адам еңбегінің құндылығын және қажеттілігін;
- адам өмірі мен еңбегінің табиғатпен, қоғаммен өзара тығыз байланыста екенін;
- адамның технологиялық әрекетінің сыртқы ортаға және адам денсаулығына әсерін;
- қолөнер туындылары жайлы қарапайым ақпарат жинақтаудан бастап, оны шығармашылықпен қолдануға дейінгі аралықтағы жұмыстар қажырлы еңбекті, таудай талапты қажет ететіндігін;
- мектеп үлескесіндегі күз және қыс мезгіліндегі жұмыстарға өз үлесін қосудың маңыздылығын **түсінеді**.

*Білім алушы* меңгерген білімін үлгі бойынша:

- қалып-үлгі бойынша ою-өрнек салуда;
- техникалық суретті, сызбаларды, қарапайым сызуларды оқуда;
- құрал-саймандарды орнымен қолдануда;
- зат пішінін, түсін, түрін салыстыруда;
- еңбек және оны түсінуге қатысты ұғымдарды игеруге берілген сөздерден сөйлемдер, сөйлемдерден шағын мәтіндер құрап жазуда;
- үлгіні табиғи затпен, тұлыппен, ойыншықпен салыстыруда;
- қарапайым бұйымдарды дайындаудың технологиялық реттілігін анықтауда;
- табиғи материалды жинау және сақтауда;
- зат бөлшектері мен бұйымдарды қалып-үлгі және сызғыштың көмегімен өлшеуде;
- жұмысқа қажетті материалдар мен құралдарды алдымен мұғалімнің көмегімен, сосын өз бетінше таңдауда қолданады.

*Білім алушы* меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:

- қарапайым ұжымдық шығармашылық жобаларды әзірлеу және оларды жүзеге асыруда;
- әзірленген жобаға сәйкес жұмыс орнын ұйымдастыру, қажетті материалдарды, құралдар мен құрылғыларды таңдауда;
- компьютерде берілген мәтінмен және суреттермен жұмыс жасауда;
- үлгілерді мұғаліммен бірге талдау (мәнді белгілерін айқындау: салыстыру, жалпылау, қорыту, тұжырым жасау), жұмысты орындау тәсілін белгілеуде;
- модельдерді үлгі немесе сурет бойынша ойдан өзгешеліктер енгізе отырып құрастыруда;
- әр материалдың өзіндік қасиетіне (физикалық, механикалық) қарай таңдау және пайдалануда;
- еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлау, оның барысы мен нәтижесін бақылауда қолданады.

*Білім алушы* меңгерген білімін шығармашылықпен:

- әр нақты жағдайда өнімді шығарудың ұтымды конструкторлық шешімдері мен технологиялық әдістерін таңдау және қолдануда;
- модельдеу және құрастыру алгоритмін құрып, жүзеге асыруда;
- қағаздан, матадан дайындаған бұйымдары бойынша өз ойын ауызша немесе жазбаша жеткізуде;
- бұйымды әдемілеу барысында, оған жаңаша әрлеу тәсілдерін қолдануда;
- мәтін бойынша құрастырулар мен бұйымдар дайындауда;
- материалдарды түрлі тәсілмен қолдану арқылы ерекше бір ғажайып бейнелер жасауда;
- сызба-модель бойынша ертегі мазмұнына сәйкес композиция құрастыруда;
- өз қиялы бойынша жасалатын бұйым моделін құрастыруда **қолданады.**



#### 4-сынып бойынша

*Білім алушы:*

- еңбектің адам өміріндегі мәнін, қажеттілігін;
- мамандықтар әлемі және кәсіпті дұрыс таңдаудың маңыздылығын;
- еңбек мәдениеті негіздерін;
- қыз және ұл баланың еңбек түрлерін, еңбек тәртібін және қолданатын құралдарын;
- техникалық мәлімет, жұмыс тәсілдері және оның түрлерін;
- материалдар және олардың түрлері мен қасиеттерін, қолдану технологиясын және өнім сапасына қойылатын негізгі талаптарды;
- отандық және әлемдік мәдениеттің өнер туындылары туралы қарапайым ақпараттарды;
- қағаз және картонмен, матамен және әр түрлі материалдармен жұмыс жасау, техникалық модельдеу техникасының ерекшеліктерін;
- қарапайым бұйымдарды дайындаудың технологиялық реттілігін (таңбалау, кесу, құрастыру, өңдеу);
- безендіру түрлерін, бояу, жапсырмалау, түзу тігу және оның басқа нұсқаларын;
- зат бөлшектері мен бұйымдарды сызғыштың көмегімен өлшеу, белгілеу, қию және желімдеу техникасын;
- дизайн және өнімдерді түстермен сәйкестендіруді және безендіруді;
- қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын және материалдар мен құралдарды мақсатты қолдану талаптарын;
- қауіпсіз жұмыс орнын ұйымдастыруды, еңбек құралдарын құрметтеу, материалдарды үнемдеу қажеттілігін *біледі*

*Білім алушы:*

- материалдық мәдениеттің адам еңбегінің жасампаздығының нәтижесі екендігін;
- заттар әлеміндегі мәдени-тарихи дәстүрлерді, мәдени құндылықтарды және оларды сақтау мен дамыту қажеттілігін;
- еңбектің, адам еңбегінің құндылығын және қажеттілігін;
- адам өмірі мен еңбегінің табиғатпен, қоғаммен өзара тығыз байланыста екенін;
- адамның технологиялық әрекетінің сыртқы ортаға және адам денсаулығына әсерін;
- қолөнер туындылары жайлы қарапайым ақпарат жинақтаудан бастап, оны шығармашылықпен қолдануға дейінгі аралықтағы жұмыстар қажырлы еңбекті, таудай талапты қажет ететіндігін;
- мектеп үлескесіндегі күз және қыс мезгіліндегі жұмыстарға өз үлесін қосудың маңыздылығын *түсінеді*

*Білім алушы* меңгерген білімін үлгі бойынша:

- қалып-үлгі бойынша ою-өрнек салуда;
- техникалық суретті, сызбаларды, қарапайым сызуларды оқуда;

- құрал-саймандарды орнымен қолдануда;
- зат пішінін, түсін, түрін салыстыруда;
- еңбек және оны түсінуге қатысты ұғымдарды игеруге берілген сөздерден сөйлемдер, сөйлемдерден шағын мәтіндер құрап жазуда;
- үлгіні табиғи затпен, тұлыппен, ойыншықпен салыстыруда;
- қарапайым бұйымдарды дайындаудың технологиялық реттілігін анықтауда;
- табиғи материалды жинау және сақтауда;
- зат бөлшектері мен бұйымдарды қалып-үлгі және сызғыштың көмегімен өлшеуде;
- жұмысқа қажетті материалдар мен құралдарды алдымен мұғалімнің көмегімен, сосын өз бетінше таңдауда қолданады

*Білім алушы* меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:

- қарапайым ұжымдық шығармашылық жобаларды әзірлеу және оларды жүзеге асыруда;
- әзірленген жобаға сәйкес жұмыс орнын ұйымдастыру, қажетті материалдарды, құралдар мен құрылғыларды таңдауда;
- компьютерде берілген мәтінмен және суреттермен жұмыс жасауда;
- үлгілерді мұғаліммен бірге талдау (мәнді белгілерін айқындау: салыстыру, жалпылау, қорыту, тұжырым жасау), жұмысты орындау тәсілін белгілеуде;
- модельдерді үлгі немесе сурет бойынша ойдан өзгешеліктер енгізе отырып құрастыруда;
- әр материалдың өзіндік қасиетіне (физикалық, механикалық) қарай таңдау және пайдалануда;
- еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлау, оның барысы мен нәтижесін бақылауда қолданады

*Білім алушы* меңгерген білімін шығармашылықпен:

- әр нақты жағдайда өнімді шығарудың ұтымды конструкторлық шешімдері мен технологиялық әдістерін таңдау және қолдануда;
- модельдеу және құрастыру алгоритмін құрып, жүзеге асыруда;
- қағаздан, матадан дайындаған бұйымдары бойынша өз ойын ауызша немесе жазбаша жеткізуде;
- бұйымды әдемілеу барысында, оған жаңаша әрлеу тәсілдерін қолдануда;
- мәтін бойынша құрастырулар мен бұйымдар дайындауда;
- материалдарды түрлі тәсілмен қолдану арқылы ерекше бір ғажайып бейнелер жасауда;
- сызба-модель бойынша ертегі мазмұнына сәйкес композиция құрастыруда;
- өз қиялы бойынша жасалатын бұйым моделін құрастыруда қолданады.

## **5-сынып бойынша**

*Білім алушы:*

- еңбектің адам өміріндегі мәнін, қажеттілігін;
  - мамандықтар әлемі және кәсіпті дұрыс таңдаудың маңыздылығын;
  - еңбек мәдениеті негіздерін;
  - қыз және ұл баланың еңбек түрлерін, еңбек тәртібін және қолданатын құралдарын;
  - техникалық мәлімет, жұмыс тәсілдері және оның түрлерін;
  - материалдар және олардың түрлері мен қасиеттерін, қолдану технологиясын және өнім сапасына қойылатын негізгі талаптарды;
  - отандық және әлемдік мәдениеттің өнер туындылары туралы қарапайым ақпараттарды;
  - қағаз және картонмен, матамен және әр түрлі материалдармен жұмыс жасау, техникалық модельдеу техникасының ерекшеліктерін;
  - қарапайым бұйымдарды дайындаудың технологиялық реттілігін (таңбалау, кесу, құрастыру, өңдеу);
  - безендіру түрлерін, бояу, жапсырмалау, түзу тігу және оның басқа нұсқаларын;
  - зат бөлшектері мен бұйымдарды сызғыштың көмегімен өлшеу, белгілеу, қию және желімдеу техникасын;
  - дизайн және өнімдерді түстермен сәйкестендіруді және безендіруді;
  - қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын және материалдар мен құралдарды мақсатты қолдану талаптарын;
  - қауіпсіз жұмыс орнын ұйымдастыруды, еңбек құралдарын құрметтеу, материалдарды үнемдеу қажеттілігін біледі
- Білім алушы:*
- материалдық мәдениеттің адам еңбегінің жасампаздығының нәтижесі екендігін;
  - заттар әлеміндегі мәдени-тарихи дәстүрлерді, мәдени құндылықтарды және оларды сақтау мен дамыту қажеттілігін;
  - еңбектің, адам еңбегінің құндылығын және қажеттілігін;
  - адам өмірі мен еңбегінің табиғатпен, қоғаммен өзара тығыз байланыста екенін;
  - адамның технологиялық әрекетінің сыртқы ортаға және адам денсаулығына әсерін;
  - қолөнер туындылары жайлы қарапайым ақпарат жинақтаудан бастап, оны шығармашылықпен қолдануға дейінгі аралықтағы жұмыстар қажырлы еңбекті, таудай талапты қажет ететіндігін;
  - мектеп үлескесіндегі күз және қыс мезгіліндегі жұмыстарға өз үлесін қосудың маңыздылығын *түсінеді*.

*Білім алушы* меңгерген білімін үлгі бойынша:

- қалып-үлгі бойынша ою-өрнек салуда;
- техникалық суретті, сызбаларды, қарапайым сызуларды оқуда;
- құрал-саймандарды орнымен қолдануда;
- зат пішінін, түсін, түрін салыстыруда;

- еңбек және оны түсінуге қатысты ұғымдарды игеруге берілген сөздерден сөйлемдер, сөйлемдерден шағын мәтіндер құрап жазуда;
- үлгіні табиғи затпен, тұлыппен, ойыншықпен салыстыруда;
- қарапайым бұйымдарды дайындаудың технологиялық реттілігін анықтауда;
- табиғи материалды жинау және сақтауда;
- зат бөлшектері мен бұйымдарды қалып-үлгі және сызғыштың көмегімен өлшеуде;
- жұмысқа қажетті материалдар мен құралдарды алдымен мұғалімнің көмегімен, сосын өз бетінше таңдауда қолданады.

*Білім алушы* меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:

- қарапайым ұжымдық шығармашылық жобаларды әзірлеу және оларды жүзеге асыруда;
- әзірленген жобаға сәйкес жұмыс орнын ұйымдастыру, қажетті материалдарды, құралдар мен құрылғыларды таңдауда;
- компьютерде берілген мәтінмен және суреттермен жұмыс жасауда;
- үлгілерді мұғаліммен бірге талдау (мәнді белгілерін айқындау: салыстыру, жалпылау, қорыту, тұжырым жасау), жұмысты орындау тәсілін белгілеуде;
- модельдерді үлгі немесе сурет бойынша ойдан өзгешеліктер енгізе отырып құрастыруда;
- әр материалдың өзіндік қасиетіне (физикалық, механикалық) қарай таңдау және пайдалануда;
- еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлау, оның барысы мен нәтижесін бақылауда қолданады

*Білім алушы* меңгерген білімін шығармашылықпен:

- әр нақты жағдайда өнімді шығарудың ұтымды конструкторлық шешімдері мен технологиялық әдістерін таңдау және қолдануда;
- модельдеу және құрастыру алгоритмін құрып, жүзеге асыруда;
- қағаздан, матадан дайындаған бұйымдары бойынша өз ойын ауызша немесе жазбаша жеткізуде;
- бұйымды әдемілеу барысында, оған жаңаша әрлеу тәсілдерін қолдануда;
- мәтін бойынша құрастырулар мен бұйымдар дайындауда;
- материалдарды түрлі тәсілмен қолдану арқылы ерекше бір ғажайып бейнелер жасауда;
- сызба-модель бойынша ертегі мазмұнына сәйкес композиция құрастыруда;
- өз қиялы бойынша жасалатын бұйым моделін құрастыруда **қолданады.**

## 5-тарау. БАҒАЛАУ

«Көркем еңбек» пәні бойынша критериалды бағалау, оның ішіндегі қалыптастырушы бағалауды пайдаланады.

Ұсыныс: көптеген ұсыныс, тілектерді ескере отырып, 5 балдық жүйе қайтадан енгізілсе. Себебі оқушының нақты білімі көрініп тұрады.

Ал қазіргі «Критериалды бағалау» жүйесінің кемшілік жақтары бар.

- Ол: күнделікті қалыптастырушы бағалаудан жоғары балл алып жүрген оқушы, жиынтық бағалау кезінде нашар көрсеткіш көрсетіп қалады. Ал керісінше, күнделікті қалыптастырушы бағалауда төмен балл алған оқушы, жиынтық бағалау кезінде жоғары балл алады.

Критериалдық бағалау жүйесіндегі ұпайлардың саны бағаланған кезде электрондық күнделікте 5 баллдық жүйеге ауысады. Сондықтан төменде әр сыныпқа және әр бөлімдерге қарай бағалау көрсеткіштерін ұсына отырып, аталған бағалау көрсеткіштерін негізге алып 5 баллдық бағалауды ұсынамыз.

1-сынып білім алушылары бағаланбайды.

## **2-сынып бойынша:**

### **Табиғи материалмен жұмыс (4 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Табиғи материалдан композиция құрастыра алады;
- \*Кепкен өсімдіктерден аппликациялар мен гүлдестелер жасай алады;
- \*Мозаика құрастырады;
- \*Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды ұстанады;

### **Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс (8 сағат )**

Бағалау критерийлері:

- \*Қағазды дайындау, өңдеу жолдарымен танысады;
- \*Қағазды бүктейді, бүгеді, контур жасайды, ортаңғы сызықтарды салады;
- \*Симметрия, ассиметрия туралы түсінік алады;
- \*Симметриялық қия алады;
- \*Оригамидың шартты белгілерімен танысып, бүктеудің негізгі тәсілдерін меңгереді;
- \*Қарапайым оригами түрлерін жасай алады;
- \*Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды ұстанады;

### **Ермексаз және сазбалшықпен жұмыс (4 сағат )**

Бағалау критерийлері:

- \*Сазбалшықтың ерекшелігін біледі;
- \*Шиыршықталған сазбалшықтан ұлттық ыдыстарды мүсіндейді;
- \*Бүтін сазбалшық кесегінен және жеке бөлшектерді біріктіру арқылы ұлттық ойыншықтарды мүсіндей алады;
- \*Ыдыстар мен ойыншықтарға әртүрлі тәсілдермен өрнек түсіре алады;
- \*Бұйымды безендіреді;
- \*Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды ұстанады;

### **Техникалық модельдеу және құрастыру (7сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Бұйымды әдемілеу барысында, оған жаңаша әрлеу тәсілдерін енгізеді;
- \*Қағаздан үлгі, сурет бойынша және ойша шырша ойыншықтарын жасайды;
- \*Модельдерді үлгі немесе сурет бойынша ойынан өзгешеліктер енгізе отырып құрастырады;
- \*Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды ұстанады;

### **Көркем бұйым жасау (6 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Дәстүрлі емес материал түрлерін қасиеттері бойынша салыстыра алады;
- \*Жұмыртқа қабығын пайдаланып, түрлі бұйым жасай алады;
- \*Үлгі бойынша бұйым жасай алады;
- \*Өз ойынан бұйым жасайды;
- \*Қауіпсіздік ережелерін сақтайды;

### **Халық қолөнері әліппесі (5 сағ)**

Бағалау критерийлері:

- \*Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін біледі;
- \*Ою-өрнек тәсілдерін анықтай алады;
- \*«Кемпірқосақ» өрнегін ойып, түстерді дұрыс орналастыра алады;
- \*Өрім материалдарын пайдаланып, қамшы өре алады;
- \* Үлгі бойынша оюларды ояды;
- \*Қауіпсіздік ережелерін сақтайды;

### **3-сынып бойынша:**

#### **Табиғи материалмен жұмыс (4 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Табиғи материалдың өзіндік ерекшелігін біледі ;
- \*Сабаннан, кендір жіптен ойыншықтар жасай алады;
- \*құрама бөлшектерін ермексазбен, желіммен, түйрегішпен біріктіре алады;
- \* «Күн» атты сәндік панно жасайды;
- \*Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды сақтайды.

#### **Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс (8 сағат )**

Бағалау критерийлері:

- \*Қатырма қағазбен танысып, қасиетін біледі;
- \*Графикалық сызбаларды қағаз бетіне түсіру арқылы нобай жасвайды;
- \*Көлемді аппликация жасай алады;
- \* Өртүрлі фигуралардан пішіндер құрастырып, қағаз бетіне желімдей алады;
- \*Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды сақтайды.

#### **Техникалық үлгілеу және құрастыру. Робототехника (10 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Қатырма қағазбен танысып, қасиетін біледі;
- \* Модельді сызба бойынша құрастырады және бөлшектейді.
- \* Ойнамалы және қозғалмайтын тетіктерді біріктіреді;
- \* «Лего» бойынша машинаның түрлі моделін құрастыра алады;
- \*Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды сақтайды.

### **Көркем бұйым жасау (6 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Қазақтың және басқа да ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерін ажырата алады;
- \* Ұлттық ою-өрнек, кестемен өрнектелген аппликациялар, мозаика жасай алады.
- \* Тігіс түрлерін қолдана алады;
- \*Қауіпсіздік ережелері мен гигиеналық талаптарды сақтайды.

## **Ұлттық бұйымдар (5 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Ұлттық бұйымдарды ажырата алады;
- \* Қағаздан, ермексаздан немесе сазбалшықтан тұрмыстық бұйымдар жасай алады.
- \*Қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

### **4 -сынып бойынша:**

#### **Табиғи материалмен жұмыс (4 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Сызба бойынша табиғи материалдардан композиция құрастыра алады.
- \*Құрал-саймандарды орнымен қолдануда қауыпсіздік ережесін сақтайды.
- \*Материалдар және олардың түрлері мен қасиеттерін, қолдану технологиясын ажырата алады.

#### **Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс (8 сағат )**

Бағалау критерийлері:

- \*Қағазға желім жағу, қию тәсілдерін біледі.
- \*Түрлі –түсті қағаздардан композиция құрастыра алады.
- \*Қарапайым оригами түрлерін жасай алады.

#### **Құрастыру, үлгілеу және жобалау. Робототехника (8 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Модельдерді үлгі немесе сурет бойынша ойдан өзгешеліктер енгізе отырып құрастыра алады.
- \*Қарапайым ұжымдық шығармашылық жобаларды әзірлеп ,оларды жүзеге асыра алады.
- \*Бұйымның көркемдік, технологиялық, құрастыру ерекшеліктеріне талдау жасай алады

#### **Тұрмыстық техника және үй мәдениеті (2 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Тұрмыстық техника түрлерімен жұмыс істеу ережелерін біледі.
- \*Үй жағдайында техникаларды пайдалануда қауыпсіздік ережелерін біледі.
- \*Жеке бас гигиенасын сақтауда тұрмыстық техникаларды қолдана алады.

#### **Көркем бұйым жасау (6 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Шалма тігіс және ілмек бізбен кестелеу тәсілін біледі.
- \*Бұйымды әдемілеу барысында оған жаңаша әрлеу тәсілдерін қолданады.
- \*Табиғи материалдан сәндік бұйымдар жасайды.
- \*Матаны пішіп,, бөлшектерін біріктіріп көктей алады.

#### **Ұлттық киімдер (4 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Қалып-үлгі бойынша ою-өрнек түрлерін сала алады.
- \*Ұлттық бұйымдарды дайындаудың технологиялық реттілігін сақтайды.
- \*Нұсқаларын қолданады.

## **5-сынып бойынша:**

### **Табиғи материалмен жұмыс ( 4 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Табиғи материалдардан көлемді ойыншықтар жасай алады;
- \*Сюжеттік композиция кейіпкерлерін жобалайды және модельдейді;
- \*Өсімдік тамырынан құстар бейнесін жасай алады;
- \*Қауіпсіздік ережесін ұстанады;

### **Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс (8 сағат )**

Бағалау критерийлері:

- \*Қағаздан бұйым жасаудың инновациялық тәсілдерімен танысады;
- \*Киригами дайындау техникасын меңгереді;
- \*Кусудама дайындау техникасымен танысып, меңгереді;
- \*Қауіпсіздік ережесін сақтайды;

### **Тұрмыстық техника және үй мәдениеті» (4 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Сыртқы күтімге арналған шағын тұрмыстық техника құралдарын пайдалана алады;
- \*Ас үй аспаптарын пайдалану ережелерін біледі;
- \*Дастарқан мәзірін жасауды үйренеді;
- \*Қауіпсіздік ережесін ұстанады;

### **Құрастыру және техникалық үлгілеу. Роботехника (8 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Кеңістік денелері, кеңістік элементтері туралы біледі, анықтай алады;
- \* Параллелепипедтің қағаз үлгілерін және сым жақтауын жасайды;
- \*Қағаздан текше үлгісін жасай алады;
- \*Қауіпсіздік ережесін ұстанады;

### **Көркем бұйым жасау (6 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Матаға зер сала алады;
- \*Шалма тігіс және ілмек бізбен кестелеу тәсілін меңгереді;
- \*Моншақ тізудің сызбасын, технологиясын меңгереді;
- \*Қауіпсіздік ережесін ұстанады;

### **Зергерлік өнер (4 сағат)**

Бағалау критерийлері:

- \*Зергерлік өнер туралы түсінік алады;
- \* Фольгадан, кәмпит қағаздарынан және жез сымнан шынжыр, сырға, жүзік үлгілерін жасай алады;
- \*Жасаған заттарына өрнек түсіре алады;
- \*Қауіпсіздік ережесін ұстанады;



**«Дене шынықтыру» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**  
(қазақ тілінде оқытылатын мектептің 2-5-сыныптарына арналған)

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 тіркелген).

**Мақсаты** - ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары негізінде елжандылыққа тәрбиелеу, салауатты өмір салтын игерту арқылы дене бітімі шымыр, қайратты, жігерлі, епті, өз бейіміне қарай спорт түрлерін меңгеруге икемді тұлғаны қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- өзінің денсаулығына қажетті оқу және демалу күн тәртібін, спорттық-сауықтыру жаттығуларының қарапайым түрлерін, дене жаттығуларының негізгі түрлерін білу;
- жас ерекшеліктеріне байланысты қазақтың ұлттық ойындарына дағды-машықтарын қалыптастыру;
- қозғалыс дағдыларын меңгеру, жүйке жүйесі мен тұтас ағзаны дамытуға көмектесу;
- сенсомоторлық дамуды жандандыру, негізгі қозғалыстарға ұқсас қимылдарды оңтайландыру;
- қарапайым талдау жасау және кез келген жағдаяттарды шешуде жаттығу типтерін дұрыс таңдау;
- дене және психикалық дамуында дұрыс тамақтану гигиенасын сақтау, денсаулықты нығайтуға арналған сауықтыру жаттығуларының тәсілдерін меңгеру;
- жүрек соғысының жиілігі бойынша (ЖСЖ) бойынша дене жүктемесіне бақылау жүргізу;
- дене және психикалық саулығын жақсарту мақсатында өзіндік күн тәртібі мен қимыл-әрекет дағдыларының жүйесін жасау;
- қазақтың ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарының құндылық мәнін, оларды меңгеру арқылы денсаулықты нығайтуды, ұлттық нақыштағы қозғалыс қимылдары мен дағдыларының мәнін түсіну.

## 2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру

«Дене шынықтыру» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік және денсаулықты сақтау ұстанымдарына негізделеді.

«Дене шынықтыру» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісінде білім алушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын, дене мәдениетін қалыптастыратын, дене бітімін дамытатын ойындар қолданылады.

Сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

## 3-тарау. «Дене шынықтыру» пәнінің базалық мазмұны:

Пәннің базалық білім мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға негізделіп құрылады:

- рухани-мәдени құндылықтар (отбасы, ұлтжандылық, тіл, білім, дәстүр, намыс, ар-ождан, рух, еңбекқорлық, талап, жасампаздық, тарих, діл, ғылым, мәдениет, рухани-мәдени мұра);

- ел-жер байлығы (атамекен, туған жер, шаңырақ, тарихи ескерткіштер, табиғат, табиғи байлықтар, өндіріс, отбасы әл-ауқаты) құндылықтары;

- адамгершілік құндылықтар (ізгілік, мейірім, достық, махаббат, сүйіспеншілік, бауырмалдық, қамқорлық, жауапкершілік, ізет, ынсап, қанағат, рақым, парыз, сенім);

- эстетикалық құндылықтар (байқампаздық, сезімталдық, талғам, өнер, әдебиет, мәдениет туындылары);

- Қазақстандық патриотизм (Отан, тәуелсіздік, елжандылық, заң, құқық, міндет, еркіндік, борыш, намыс, бостандық, толеранттық);

- саламаттық құндылықтар (өмір, денсаулық, уақыт, дене мәдениеті, психикалық саулық, ерік-жігер, төзім, икемділік).

«Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 99 сағат;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 3) 3-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 4) 4-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 5) 5-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты құрайды.

## 1-сынып бойынша базалық мазмұн:

1. Денсаулық мағынасын білу; қауіпсіздік ережесі; дене тәрбиесі дегеніміз не; күн тәртібі және таңғы жаттығу мен сергіту сәті; жүру және жүгіру; секіру және лақтыру.

2. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту; сюжеттік-рөлдік қозғалмалы ойындар; бірқатар қимыл-қозғалыс дағдылар; шағын және жұптасып қарым-қатынас жасау дағдылары; дене тәрбиесінің пайдасы.

3. Гимнастика дегеніміз не; гимнастикалық жаттығулар жасау; қауіпсіздік ережесі; сымбат және үйлестіру; бірқатар гимнастикалық дене тұрқыларын үйрену; қарапайым гимнастикалық құрал-жабдықтарда қозғалу; сенің жеке денені шынықтыру мүмкіндіктерің.

4. Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындары; қазақ халқының салт дәстүрлері және мәдениетімен таныстыру; қозғалмалы ойындар арқылы тарту; ойын арқылы қозғалыс дағдыларын үйрету.

5. Техника қауіпсіздігі; дене белсенділігі кезінде жүрек соғысы және тыныс алу; ойын – жеке дене қасиеттерін дамыту құралы; кеңістік динамикасы және қозғалыс.

6. Құралдармен қозғалмалы ойындар; қозғалмалы ойындар арқылы тірек-қимыл аппаратын дамыту; түрлі жаттығулар арқылы денені басқару дағдылары; тірек-қимыл дене жаттығуларын дамыту.

7. Доппен ойын; секіртпемен орындалатын ойындар мен тапсырмалар; ойын арқылы қарым-қатынас пен әлеуметтік дағдылар; қауіпсіздік ережесі; ойын арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту; ойын арқылы коммуникативті дағдыларын дамыту ойындары; ойынға шығармашылық идеялар; жеке қозғалыс белсенділігі; саламатты өмір салтын қалыптастыру; ашық ауадағы дене қозғалысы; жылдамдық, күш пен ептілік; секіруді дамытатын тапсырмалар мен дене жаттығулары; эстафета және қозғалмалы ойындар.

## 2-сынып бойынша базалық мазмұн:

1. Жеңіл атлетика дегеніміз не? Атлетика арқылы дене қасиеттерін дамыту; қауіпсіздік ережесі; денсаулық туралы жалпы түсінік; таңғы жаттығулар жиынтығы; лақтыру, секіру және жүгіру дағдылары; лақтыру, секіру және жүгірудің эстафеталық элементтері.

2. Спорттық ойындарды (волейбол, футбол, баскетбол, ұлттық ойындар) меңгеру үшін қозғалыс ойындар; жеңілдетілген спорттық ойындар ережесі; қозғалмалы ойындардың қимыл дағдылар спектрі; доппен қозғалмалы ойындар; қозғалыстар арқылы ойындар; жұптық және топтық жұмыстар; гимнастика арқылы денені дамыту; қауіпсіздік ережесі; әр түрлі дене қимылдары мен іс-шаралар арқылы күшті дамыту.

3. Кең ауқымды гимнастикалық жаттығулар; өрмелеу, тепе-теңдікті (вестибулярлық аппаратты) дамыту.

4. Қазақ ұлттық қозғалыс ойындары: қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыру; рөлдік-сюжеттік ойындар; ынтымақтастық және әділ ойын.

5. Денеге түсетін күш пен денсаулық; қауіпсіздік ережесі; төзімділікті тәрбиелейтін белсенді қозғалыс; дене жаттығуларын орындау кезіндегі ағзаның өзгеруі.

6. Қазақтың дәстүрлі жүгіру ойындары; жұптық және топтық ойындар; қозғалыс ойындардың көптүрлілігі; көрнекі ойындар; кіріктірілген ойындар, қарапайым жабдықтар арқылы ойындар; шабуыл әрекеті арқылы ойындар.

7. Топтық ойындар арқылы әлеуметтік дағдылар; қауіпсіздік ережесі; коммуникативті дағдыларды дамыту; жеке шығармашылық қабілет; топтық жұмыс арқылы шығармашылық өздігінен жасалатын қозғалыстағы прогресс.

8. Денсаулық және дене белсенділігі; таза ауадағы дене тәрбиесі (іс-әрекеті); жеке және топтық белсенділік арқылы жүгіру қабілеттері; түрлі ұзындыққа және биіктікке секіру; қолжалғау (эстафета) және қозғалмалы ойындар.

### 3-сынып бойынша базалық мазмұн:

1. Жеңіл атлетика арқылы қозғалыс әрекеттер; қауіпсіздік ережесі; денсаулық туралы негізгі түсініктер; түрлі іс-әрекетке бағытталған жаттығулар; лақтыру, секіру және жүгірудің түрлері; қолжалғау элементтері бар жеңіл атлетика.

2. Қозғалыс және спорт ойындары; қозғалмалы ойындарындағы қозғалыс дағдылары; қозғалыс координациясына бағытталған қозғалмалы ойындар; шапшаңдыққа бағытталған қозғалмалы ойындар.

3. Ұжымда жұмыс атқару; акробатика негіздерінде гимнастика; қауіпсіздік ережесі; жаттығулар арқылы икемділікті дамыту; аэробика элементтері бар гимнастика; гимнастикалық жаттығулардағы реттілік; тепе-теңдікті дамытуға арналған ойындар.

4. Қазақ ұлттық қозғалыс ойындары; қазақтың ұлттық ойындарына баулу; ынтымақтастық және әділ ойын.

5. Денсаулық және дене белсенділігі; қауіпсіздік ережесі; дене белсенділігі және төзімділік; дене жаттығуларын кезінде өзін-өзі басқару.

6. Жұптық және топтық жұмыстардағы тапсырмалар; төзімділікті дамытуға бағытталған ойындар; топтық ойындар элементтері.

7. Дәлдік пен мергендікті дамытатын ойындар; дамытатын ойындар; топтағы шығармашылықты дамытуға бағытталған ойындар.

8. Баскетбол элементтері бар эстафета ойын арқылы әлеуметтік дағдылар; қауіпсіздік ережесі; ойындағы қарым-қатынас дағдылары.

9. Жарыс элементтері бар ойындар; жігерлендіру және қозғалыс қасиеттерін дамыту; топтық қозғалыс әрекетінің прогресі.

10. Саламатты өмір салтын қалыптастыру; жеңіл атлетика арқылы саламатты өмір салты; жүгіру ойындарына қатысу; ұзындыққа және биіктікке секіру; лақтыру дағды-машықтары.

### 4-сынып бойынша базалық мазмұн:

1. Жүгіру, секіру және лақтыру; қауіпсіздік ережесі; қысқа қашықтыққа жүгіру; ұзындыққа секіру негіздері; лақтырудың түрлері мен дағды-машықтары; жеңіл атлетика элементтері бар эстафета.

2. Жеңілдетілген спорттық ойындар; волейбол доптарымен ойындар; спорттық ойындар; орындалу техникасы жеңіл тапсырмалар; топтағы негізгі жұмыстар.

3. Гимнастиканың негізгі элементтері; қауіпсіздік ережесі; жалпы дамытуға арналған жаттығулар; акробатиканың жеңіл орындалатын элементтері; оңтайландырылған гимнастикалық құралдармен жаттығулар; гимнастикалық құралдарға бағытталған тапсырмалар.

4. Қазақ ұлттық ойындары; қазақтың қозғалыс ойындары; ұлттық зияткерлік ойындар.

5. Шаңғы/дала жарысы/коньки даярлық негіздері; қауіпсіздік ережесі.

6. Тапсырма арқылы дене шынықтыру компоненттерін дамыту; аэробикалық жаттығудың пайдасы; қашықтықтан өту тапсырмалары; бірлескен және шытырман тапсырмалар арқылы оқыту; басқалармен ынтымақтастық және көшбасшылық; шытырман және бірлескен тапсырмалар арқылы оқыту; ойындардағы қиялды дамыту.

7. Баскетбол элементтері бар ойындар; жеңілдетілген баскетбол ойындар; қарым-қатынас орнату үшін ойындар; қауіпсіздік ережесі; допты игеру дағдыларын дамыту; доппен жасалатын жаттығуларды құрастыру; ойындардағы топтық іс-әрекеттер.

8. Доппен түрлендірілген ойындар; денсаулық туралы білу; практика арқылы машықтандыру; қозғалмалы ойындар дене шынықтырудың компоненті ретінде.

9. Жүгіру дағдылары мен денсаулықты нығайту; денсаулықты нығайтуға арналған ойындар мен эстафеталар.

#### 5-сынып бойынша базалық мазмұн:

1. "Жүгіру, секіру және лақтыру түрлерін оқыту"; қауіпсіздік ережесі; қысқа қашықтыққа жүгіру техникасын үйрету; орта және алыс қашықтық техникасын үйрету; жүгіріп келіп және бір орында ұзындыққа секіру техникасы; әртүрлі снарядтарды нысанаға, қашықтыққа лақтыру техникасы; топтық эстафеталық жұмыс.

2. "Өзгертілген командалық ойын"; ойынның қабылдау техникасын үйрету; негізгі қабылдау тактикасын үйрету; ойын кезінде көшбасшылық дағдыны қалыптастыру.

3. "Гимнастика арқылы денсаулықты нығайту"; қауіпсіздік ережесі; кешенді жалпы дамыту жаттығуларының негізін құру; акробатикалық жаттығулар орындау; снарядтарда гимнастикалық жаттығудың техникасын үйрету; гимнастикалық жиынтықтың негізін құру.

4. "Қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындары"; ұлттық ойындар аясындағы тактикалар мен стратегияларды оқып үйрену.

5. "Шаңғы/кросс/коньки дайындығы"; қауіпсіздік ережелері; ағзаны қалпына келтіру техникасының түрлеріне шолу жасау; қозғалыс техникасының элементтерін үйрету; қашықтықты өту тактикасының негіздері.

6. "Интерактивті іс-әрекеттегі ойын-сауық ойындар"; ойындағы бірлескен іс-әрекет және көшбасшылық; ойын арқылы қиындықты шешу жолдарын оқыту; ойын құруға арналған шығармашылық қабілет; ойын-сауық ойындарын құру.

7. "Ойын кезіндегі шабуылдау дағдыларын түсіну және үйрету"; қауіпсіздік ережелері; ойын кезінде допты иелену; ойын кеңістігінде бағдарлау дағдыларына үйрету; жеке және командалық ойын әрекеттері; ойын стратегиясын құрудағы дағдыны дамыту.

8. "Жеңіл атлетика дағдысын дамыту және шолу"; ойын арқылы жеңіл атлетика дағдысын дамыту; денені қыздыру және тыныс алу жүйесін қалпына келтіру; қозғалыс белсенділігі арқылы денсаулықты нығайту.

Аталмыш бағдарлама мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дене шынықтырудың барлық негізгі нысандарының мазмұнын қамтыған және аталмыш міндеттерді барлық оқу жылында біртіндеп шешуге мүмкіндік береді. Әрбір үшінші сағат оқушылардың ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде (қазақтың ұлттық қозғалмалы ойындарының сағат санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

#### **4-тарау. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер**

Оқу пәнінен күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпығаміндетті мемлекеттік стандартында айқындалған **метапәндік құзыреттіліктерге** (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланады.

«Дене шынықтыру» пәнінен күтілетін нәтижелер.

1-сынып бойынша:

Білім алушы:

- дене жаттығуларының негізгі түрлерін;
- өскелең ұрпақтың бойына ұлттық тәрбиені сіңіретін сауықтыру жаттығуларын пайдаланудың қарапайым тәсілдерін;
- жас ерекшеліктеріне орай, жағдайға сәйкес әртүрлі жаттығуларды орындай **біледі**.

Білім алушы:

- денсаулықты нығайтуда ұлттық ойындардың маңызын;
- қимыл-қозғалыс қабілеттіліктерінің жан-жақты әртүрлілігін;
- дұрыс дене бітімін қалыптастыру әдіс-тәсілдерін **түсінеді**.

Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:

- үй жағдайында дене қасиеттерін дамытатын жаттығуларды;
- өз бетінше жалпы дамытатын жаттығулардың кешенін;
- жеке, қоғамдық гигиена талаптарын өз бетінше **қолданады**.

Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:

- жанұяда, аулада, сыныптастарымен үйренген дене жаттығуларын;
- болашақта таңдайтын спорт түрлерімен бірге;
- алған дене тәрбиесі білімін күнделікті өмірде **қолданады**.

Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:

- дене қасиеттерін жан-жақты жетілдіретін дене жаттығуларын;
- тәрбиелік мәні бар қазақтың ұлттық ойындарынан жаттығулар;
- алған білімдерін өз бетінше жетілдіруге амал-тәсілдер **жасайды**.

## **2-сынып бойынша:**

Білім алушы:

- ұлттық мәтіндегі әртүрлі дене жаттығуларын;
- қозғалмалы ойындардың ережелерін;
- жеке және топтық жұмыстарды орындай **біледі**.

Білім алушы:

- кең ауқымды дене жаттығуларын өз бетінше орындауды;
- ойындарды меңгеру дағды-машықтарын;
- ойындар арқылы шығармашылық қасиеттерін дамытуды **түсінеді**.

Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:

- өз бетінше коммуникативті дағдыларды;
- кез келген жерлерде жеке дене мүмкіндіктерін;
- ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамытуды **қолданады**.

Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:

- кез келген жерлерде жеке шығармашылық қабілеттіліктерін;
- қазақтың ұлттық ойындарын дүниетанымдық тұрғыда;
- санитарлық-гигиеналық тазалық шарттарын **қолданады**.

Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:

- дене қасиеттерін дамыту арқылы әр түрлі дене қимылдарын;
- рөлдік-сюжеттік ойындарда өз бетінше қимыл-әрекеттер;
- түрлі жаттығулар арқылы денені басқару дағдыларын **жасайды**.

## **3-сынып бойынша:**

Білім алушы:

- өз бетінше жалпыдамытатын дене жаттығуларын орындай;
- табиғаттың сауықтыру факторларын қолдана;
- дене жаттығуларының негізгі түрлерін (сабақ, ертеңгілік жаттығулар және т.б.);
- күн тәртібін орындай **біледі**.

Білім алушы:

- жеке денсаулығы мағынасын;
- ойын түрлері арқылы қозғалыс әрекеттерін;
- түрлі іс-әрекетке бағытталған жаттығуларды **түсінеді**.

Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:

- қозғалыс координациясына бағытталған іс-қимылдарды;
- дене қабілеттерін дамытуда жеке белсенділікті;

- қазақтың ұлттық ойындарындағы ынтымақтастықты **қолданады**.

Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:

- дене жаттығулары кезінде өзін-өзі басқаруды;
- топтық ойындар элементтерін;
- вестибулярлық аппаратты дамытатын дене жаттығуларын **қолданады**.

Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:

- үйренген ойын түрлерінің әдіс-тәсілдерін;
- қазақтың ұлттық ойындарының сауықтыру сипатындағы дене жаттығуларын;
- ойын түрлері бойынша жаттығулардағы реттілікті **жасайды**.

#### **4-сынып бойынша:**

Білім алушы:

- таңғы жаттығулар жиынтығын өз бетінше орындай;
- спорт түрлері арқылы дене қасиеттерін дамытуды;
- командалық қимыл-қозғалыс ойындарын;
- орындалу техникасы жеңіл тапсырмаларды **біледі**.

Білім алушы:

- жұппен қарым-қатынас жасау дағдыларын;
- сабақ кезіндегі топтармен негізгі жұмыстарды;
- ұлттық зияткерлік ойындарды **түсінеді**.

Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:

- қазақтың ұлттық ойындарындағы әділ ойынды;
- дене қабілеттерін дамытуда топтық белсенділікті;
- командаларда, топтарда бірлесе жұмыс істеу үшін алғашқы қозғалыс қимылдары мен дағдыларын;
- гимнастиканың негізгі элементтерін **қолданады**.

Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:

- қысқы спорт түрлерінің даярлық негіздерін;
- тапсырма арқылы дене шынықтыру компоненттерін дамытуды;
- бірлескен тапсырмалар арқылы оқытуды қолданады.

Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:

- дене жаттығуларын орындауда әр оқушы бірі-бірімен ынтымақтастық;
- ойындардағы топтық іс-әрекеттерді;
- басқалармен бірге орындауға икемді дене жаттығуларын;
- ойын практикасы арқылы білім алуды **жасайды**.

#### **5-сынып бойынша:**

Білім алушы:

- арнайы жаттығулардың қолданбалы түрлерін;
- спорттық құрал-жабдықтардың сипаттамасын;
- спорттық ойын түрлеріне табиғи-тұрмыстық элементтері бар ұлттық ойындарды қосуды;
- ойын түрлерінің қауіпсіздік ережелерін **біледі**.



Білім алушы:

- ойындар арқылы тірек-қимыл аппаратын дамытуды;
- шағын топпен қарым-қатынас жасау дағдыларын;
- сымбат дене түркын үйлестіруін **түсінеді**.

Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:

- қозғалмалы ойындардың қимыл дағдылар спектрін;
- денсаулықты нығайту үшін, бойына ұлттық тәрбиені сіңіретін сауықтыру жаттығуларын пайдаланудың қарапайым тәсілдерін;
- сабақ, жаттығу, жаттықтыру кездерінде күш-ерік қасиеттерін;
- әртүрлі снарядтарды пайдалану техникасын **қолданады**.

Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:

- ойындардағы қиялдар мен жеделдетілген ұшқыр ойды дамытуды;
- ұлттық ойындар аясындағы тактикаларды оқып үйренуді;
- шытырман тапсырмаларды орындау арқылы оқытуды **қолданады**.

Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:

- сабақ, жаттығу, жаттықтыру кездерінде көшбасшылық;
- ұлттық ойындардағы стратегияларды;
- өз бетінше денені қыздыруды, тыныс алу жүйесін қалпына келтіруді **жасайды**.

2-сынып білім алушылары дене қимылдарының мына қасиеттерін көрсетуі тиіс:

Дене сапалары	Дене жаттығулары	Ұлдар	Қыздар
Жылдамдық	Жоғарғы сөреден 30 м жүгіру, (сек)	7,3	7,3
Күш	Бір орыннан ұзындыққа секіру (см)	109	100
	Нығыз допты екі қолмен бастан асыра лақтыру	170	135
Төзімділік (ұсынылып отырған жаттығу бірін таңдау)	1 шақырым дала жарысы (кросс)	уақыт есептелмейді	
	Шаңғымен 1 шақырым қашықтықты өту	уақыт есептелмейді	
	1000 м жүгіру	уақыт есептелмейді	
Қимыл-қозғалыс үйлесімділігі	3×10 м қайталап жүгіру (сек)	11,4	12,0

3-сынып: білім алушылары дене қимылдарының мына қасиеттерін көрсетуі тиіс:

Дене сапалары	Дене жаттығулары	Ұлдар	Қыздар
Жылдамдық	Төменгі сөреден 30 м жүгіру (сек)	7,0	7,0
Күш	Бір орыннан ұзындыққа секіру (см)	117	105
	Нығыз допты екі қолмен бастан асыра лақтыру	175	150
Төзімділік (ұсынылып отырған жаттығулар бірін таңдау)	1,5 шақырым дала жарысы	уақыт есептелмейді	
	Шаңғымен 2 шақырым қашықтықты өту	уақыт есептелмейді	
	1500 м жүгіру	уақыт есептелмейді	

Қимыл-қозғалыс үйлесімділігі	Алға бірізділікпен домалау, аунау (рет)	2	2
	3×10 м қайталап жүгіру (сек)	11,0	11,5

4-сынып білім алушылары дене қимылдарының мына қасиеттерін көрсетуі тиіс:

Дене сапалары	Дене жаттығулары	Ұлдар	Қыздар
Жылдамдық	Төменгі сөреден 30 м жүгіру (сек)	7,0	7,0
	Жылдам қарқында секіртпемен секіру (с)	уақыт есептелмейді	
Күш	Бір орыннан ұзындыққа секіру (см)	117	105
	Нығыз допты екі қолмен бастан асыра лақтыру	175	150
Төзімділік (ұсынылып отырған жаттығулар бірін таңдау)	2 шақырым дала жарысы	уақыт есептелмейді	
	Шаңғымен 2 шақырым қашықтықты өту	уақыт есептелмейді	
	2000 м жүгіру	уақыт есептелмейді	
Қимыл-қозғалыс үйлесімділігі	Алға бірізділікпен домалау, аунау (рет)	3	3
	3×10 м қайталап жүгіру (с)	10,3	10,5

5-сынып білім алушылары дене қимылдарының мына қасиеттерін көрсетуі тиіс:

Дене сапалары	Дене жаттығулары	Ұлдар	Қыздар
Жылдамдық	Төменгі сөреден 60 м жүгіру	6,2	6,3
Күш	Кермеде тартылу (рет)	2	-
	Бір орынна ұзындыққа секіру (см)	137	130
	Аласа кермеде асыла жатып тартылу (рет)	-	6
	Арқада жатып (қол желкеде) денені көтеру (1 мин ішінде көтеру саны)	12	12
Төзімділік (ұсынылып отырған жаттығулардың бірін таңдау)	Дала жарысы 2 шақырым	уақыт есептелмейді	
	Шаңғымен 2 шақырым жүгіру	уақыт есептелмейді	
	1500 м жүгіру (мин.,сек)	11,0	11,30
	3×10 м қайталап жүгіру (сек)	9,8	10,3

2-сынып оқушыларының қимыл-қозғалыс сапаларын игеру дағдыларын анықтауға арналған оқу нормативтері:

№	Қорытынды жаттығулар	ұлдар			қыздар		
		жоғары	орташа дан жоғары	орта ша	жоғары	орташа дан жоғары	орташа
1	3x10м қайталап жүгіру (сек)	9,8	10,2	10,6	10,4	10,8	11,5
2	30 м жоғары сөре (старт) жүгіру (сек)	6,2	6,8	7,2	6,3	6,9	7,3

3	1000 м жүгіру	уақыт есептелмейді					
4	6 м қашықтық допты нысанаға лақтыру (5рет)	3	2	1	3	2	1
5	Кермеде тартылу (рет)	3	2	1	-	-	-
6	Асылып жатып аласа кермеде тартылу (рет)	-	-	-	8	6	4
7	Шаңғымен 1 шақырым жүру (мин.,сек)	8,30	9,00	9,30	9,00	9,30	10,00
8	Қарсыз аудандарда 1000 м кросс	уақыт есептелмейді					

**Ескерту** - білім беру саласының аймақтық және жергілікті жердегі органдары климаттық және экологиялық жағдайларға байланысты оқу нормативтерін өзгертуге құқықтары бар. Физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты ұлдар мен қыздар нормативтері бөлек қабылдануы тиіс.

### 2-сынып оқушыларының дене дайындықтарын бағалау кестесі (ұлдар)

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	Х	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
30 м жүгіру (сек)	6,4	7,3	7,2 – 6,9	6,8 – 6,0	5,9 -5,6	5,5
Бір орыннан ұзындыққа секіру (см)	121,0	105	106 -112	113 – 129	130 – 137	136
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру (см)	253,0	158,0	159,0 - 205,0	206,0 – 300,0	302,0 – 347,0	348,0
3x10 қайталап жүгіру (сек)	10,4	11,7	11,6 – 11,1	11,0 – 9,8	9,7 – 9,2	9,1
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	11,7	7,0	8,0 – 9,0	10,0 -14,0	15,0 – 16,0	17,0

### 2-сынып оқушыларының дене дайындықтарын бағалау кестесі (қыздар)

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	Х	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
30 м жүгіру	6,5	7,6	7,5 –7,1	7,0 – 6,0	5,9 -5,5	5,4
Бір орыннан ұзындыққа секіру	113,0	97	98 - 105	106 – 120	121 – 129	130
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру	218,0	128,0	126,0 - 168,0	169,0 – 255,0	256,0 – 298,0	299,0
3x10 қайталап жүгіру	10,7	12,1	12,0 – 11,5	11,4 – 10,4	10,3 – 9,7	9,6
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	9,6	5,0	5,5 – 7,0	7,5 -12,5	13,0 – 14,5	13,5

3-сынып оқушыларының қимыл-қозғалыс сапаларын игеру дағдыларын анықтауға арналған оқу нормативтері:

№	Қорытынды жаттығулар	ұлдар	қыздар
---	----------------------	-------	--------

		төмен	орташа дан төмен	орта ша	орташа дан жоғары	жоғары	төмен
1.	3x10 м қайталап жүгіру, сек	9,1	9,8	10,4	9,6	10,4	11,0
2.	30 м жүгіру, сек	5,7	6,2	7,0	5,8	6,3	7,2
3.	1500 м жүгіру	уақыт есептелмейді					
4.	Екі аяқтап 8 рет секіру, м	12,5	9,0	6,0	12,1	8,8	5,0
5.	6 м қашықтық шағын допты нысана тигізу (5 рет)	4	3	1	4	3	1
6.	Биік кермеде тартылу (рет)	4	2	1	-	-	-
7.	Асылып жатып аласа кермеде тартылу (рет)	-	-	-	13	8	6
8	Шаңғымен 1000 м жүгіру (мин, сек)	8,00	8,30	9,00	8,30	9,00	9,30
9	Шаңғымен 2000 м жүгіру	уақыт есептелмейді					
10	15 м жүзу	уақыт есептелмейді					
11	1,5 шакырым жүгіру (қарсыз өңірлерде)	уақыт есептелмейді					

**Ескерту** - білім беру саласының аймақтық және жергілікті жердегі органдары климаттық және экологиялық жағдайларға байланысты оқу нормативтерін өзгертуге құқықтары бар. Физиологиялық ерекшеліктеріне орай, ұлдар мен қыздарда нормативтер бөлек қабылдануы тиіс;

### 3-сынып оқушыларының дене дайындықтарын бағалау кестесі (ұлдар)

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	X	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
30 м жүгіру (сек)	6,2	7,1	7,0 – 6,7	6,6 – 5,8	5,7 -5,4	5,3
Бір орыннан ұзындыққа секіру (см)	134	111	112 -122	123– 145	146 – 157	157
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру (см)	262	148	149 - 200	201–314	315–366	367,0
3x10 қайталап жүгіру (сек)	10,0	11,3	11,2 – 10,8	10,7– 9,6	9,5 – 9,1	9,0
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	12,8	8,0	9,0–10,0	11,0-15,0	16,0– 17,0	18,0

### 3-сынып оқушыларының дене дайындықтарын бағалау кестесі (қыздар)

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	X	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
30 м жүгіру (сек)	6,4	7,5	7,4 – 6,8	6,7 – 5,9	5,8 -5,4	5,3
Бір орыннан ұзындыққа секіру (см)	120	99	100 – 109	110 – 130	131 – 141	142
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру (см)	236	123	124 - 178	179 – 288	289– 343	344
3x10 қайталап жүгіру (сек)	10,0	11,3	11,2 – 10,8	10,7 – 9,6	9,5 – 9,1	9,0

Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	12,0	7,5	8,0 –9,5	10,0 -14,0	14,5 – 16,0	17,5
--	------	-----	----------	------------	-------------	------

4-сынып оқушыларының қимыл-қозғалыс сапаларын игеру дағдыларын анықтауға арналған оқу нормативтері:

№	Қорытынды жаттығулар	ұлдар			қыздар		
		Х	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
1	30 м жүгіру, сек	5,5	6,0	6,8	5,6	6,1	7,0
2	2000 м жүгіру (мин.,сек)	уақыт есептелмейді					
3	Ұзындыққа секіру (см)	300	260	220	260	220	180
4	Биіктікке секіру (см)	100	90	80	95	90	80
5	Доп лақтыру (150 гр), м	27	22	18	17	15	12
6	Биік кермеде тартылу (рет)	5	3	2	-	-	-
7	Асылып жатып аласа кермеде тартылу (рет)	-	-	-	14	9	7
8	Шаңғымен 1 шақырымға жүгіру (мин.,сек)	7,00	7,30	8,00	7,30	8,00	8,30
9	Шаңғымен 2 шақырымға жүгіру	уақыт есептелмейді					
10	25 м жүзу	уақыт есептелмейді					
11	Қарсыз аудандарда 2000 м жүгіру	уақыт есептелмейді					

**Ескерту** - білім беру саласының аймақтық және жергілікті жердегі органдары климаттық және экологиялық жағдайларға байланысты оқу нормативтерін өзгертуге құқықтары бар. Физиологиялық ерекшеліктеріне орай, ұлдар мен қыздарда нормативтер бөлек қабылдануы тиіс;

4-сынып оқушыларының дене дайындықтарын бағалау кестесі (ұлдар)

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	Х	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
30 м жүгіру (сек)	5,8	6,7	6,6 – 6,3	6,2 – 5,4	5,3 -5,0	4,3
Бір орыннан ұзындыққа секіру (см)	145	122	123 -132	133 – 156	157– 166	167
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру (см)	317	214	215 - 265	266 – 368	369 – 419,	420
3х10 қайталап жүгіру (сек)	9,7	10,6	10,5 – 10,2	10,1 – 9,4	9,3 – 9,0	8,9

Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	14,7	10,0	11,0 – 12,0	13,0 - 17,0	18,0 – 19,0	20,0
--	------	------	-------------	-------------	-------------	------

4-сынып оқушыларының дене дайындықтарын бағалау кестесі (қыздар)

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	Х	төмен	орташада н төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
30 м жүгіру (сек)	6,0	6,9	6,8 – 6,5	6,4 – 5,6	5,5 - 5,2	5,1
Бір орыннан ұзындыққа секіру (см)	135	114	115 - 125	126 – 146	147 – 157	158
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру (см)	301	208	210 - 255	254 – 348	349 – 395	396
3х10 қайталап жүгіру (сек)	10,0	10,7	10,6 – 10,4	10,3 – 9,7	9,6 – 9,4	9,3
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	13,6	8,5	9,0 – 11,0	11,5 - 15,5	16,0 – 18,0	18,5

5-сынып оқушыларының қимыл-қозғалыс сапаларын игеру дағдыларын анықтауға арналған оқу нормативтері:

№	Қорытынды жаттығулар	ұлдар			қыздар		
		Х	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
1	60 м жүгіру (сек)	10,0	10,6	11,2	10,4	10,8	11,4
2	2000 м жүгіру	уақыт есептелмейді					
3	Ұзындыққа секіру (см)	340	300	260	300	260	220
4	Биіктікке секіру (см)	110	100	85	105	95	80
5	Доп лақтыру (150г), м	34	27	20	21	17	14
6	Биік кермеде тартылу (рет)	6	4	3	-	-	-
7	Асылып жатып аласа кермеде тартылу (рет)	-	-	-	15	10	8
8	Арқанға өрмелеу (м)	5	4	3	4	3	2
9	Шаңғымен 1 шақырым жүгіру, (мин.,сек)	6,30	7,00	7,40	7,00	7,30	8,10
10	Шаңғымен 2 шақырым жүгіру	уақыт есептелмейді					
11	Жүзу (м)	25	12	12	25	12	10
12	Қарсыз аудандарда 1500 м жүгіру (мин.,сек)	8,50	9,30	10,00	9,00	9,40	10,30

**Ескерту** - білім беру саласының аймақтық және жергілікті жердегі органдары климаттық және экологиялық жағдайларға байланысты оқу нормативтерін өзгертуге құқықтары бар. Физиологиялық ерекшеліктеріне орай, ұлдар мен қыздарда нормативтер бөлек қабылдануы тиіс;

5-сынып оқушыларының дене дайындықтарын бағалау кестесі (ұлдар)

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	Х	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
30 м жүгіру (сек)	5,6	6,5	6,4 – 5,9	6,0 – 5,3	5,2 -4,9	4,8
Бір орыннан ұзындыққа секіру (см)	153	132	133 -142	143–163	164– 173	174
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру (см)	366	259	260- 312	313–419	420 – 472	473,0
3х10 қайталап жүгіру (сек)	9,3	10,0	9,9 – 9,7	9,6 – 9,0	8,9 – 8,7	8,6
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	17,6	13,0	14,0–15,0	16,0-20,0	21,0 – 22,0	23,0

5-сынып оқушыларының дене дайындықтарын бағалау кестесі (қыздар)

Сынақ түрлері	Дене дайындығының деңгейі					
	Х	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
30 м жүгіру (сек)	5,8	6,5	6,4 – 6,2	5,9 – 5,3	5,2 -5,0	4,9
Бір орыннан ұзындыққа секіру (см)	146,0	124	125 -135	136 – 156	157 – 167	168
Нығыздалған допты екі қолмен бастан асыра лақтыру (см)	325,0	212,0	213 - 271	272–386	387 – 440	441,0
3х10 қайталап жүгіру (сек)	9,7	10,6	10,5–10,2	10,1 – 9,3	9,2 – 9,0	8,9
Қолдың білезік буынының динамометриясы (оң қолмен)	16,0	11,5	12,0 –13,5	14,0 -18,0	18,5 – 20,0	23,5

## БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін «Әліппе» пәнінің  
үлгілік оқу бағдарламаларының  
салыстырмалы талдауы

Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы "26" наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына (оқыту қазақ тілінде) арналған «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы алдыңғы бағдарламалардан түбегейлі өзгеше болды.

Бағдарлама құрылымы мен мазмұны жалпыдидактикалық қағидаттар және А. Байтұрсынұлының төмендегідей әдістемелік қағидаттары негізінде айқындалды:

- 1) дыбыспен жаттығу;
- 2) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;
- 3) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;
- 4) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

«Әліппе» пәнінің мақсаты – әріп таныту, оқуға мен жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін ұлттық рухани құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, - деп екі бағдарламада да нақты берілген.

Бұл бағдарламаларда пәнді оқыту міндеттерінде айырмашылықтар бар.

Пәнді оқыту міндеттері екі бағдарламада да ерекшеленеді. Қолданыстағы бағдарламада пәнді оқытуда 6 міндет, ал 12 жылдық білім беру бағдарламасының жобасында 8 міндет қарастырылған. Мысалы; 5-8 міндеттер (5)көркем жазу дағдыларын (әріп элементтері, әріптер, әріптердің бір-бірімен жалғануы арқылы буындар мен сөздер жазу) және жазудың қарапайым емлесін (сөздер мен сөйлемдерді жазудың кейбір ережелері) игерту; 6) сөйлеу мәдениетінің нормаларын меңгерту арқылы сөздік қорын байыту, үйлесімді сөйлеу дағдыларын дамыту; 7)коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіруде танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық белсенділіктері мен өздігінен жұмыс жасау дағдыларын дамыту; 8)ұлттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаның адамгершілік, патриоттық, эстетикалық қасиеттерін қалыптастыру) маңыздылығына қарай құрылған. Ал қолданыстағы бағдарламада бұл міндеттер мына түрде берілген: 5) коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіру, сөздік қорын байыту; 6) ана тіліне, Отанына, халқына, оның мәдениеті мен



салт-дәстүріне құрметпен қарай білуге үйрету, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіру.

Қолданыстағы 11 жылдық бағдарламаның 2-тарауы «Әліппе пәнінің мазмұны» деп аталып, онда оқу жүктемесінің көлемі және білім мазмұны екі кезең (Әліппеге дейінгі және Әліппе кезеңі) бойынша беріліп, ал Әліппеден кейінгі кезең «Ана тілі» пәнінде қарастырылады.

12 жылдық білім беру бағдарламасының жобасында «2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру», - деп жеке тарау болып қарастырылып, «Әліппе» пәнін ұйымдастыру А. Байтұрсынұлының ұстанымдарына (оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік, тілдік бірліктердің функционалды қызметі, мәтін бірлігі және көрнекілік) негізделіп, оқу үдерісінде сабақ мақсатының өзі үш ажырамас бірлікте айқындалатындығы нақты көрсетілген. Мысалы:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

Осылайша, 12 жылдық білім беру бағдарламасының ұсынылған жобасындағы Қазақ тілі пәнін оқытуда құндылықтарға негізделген тәрбиелік мақсат ерекше маңызды тұжырымдамалық мәнге ие болып отыр.

12 жылдық білім беру бағдарламасы жобасының 3-тарауында «Әліппе» пәнінің базалық мазмұны бірізділікпен нақтыланып, үш кезеңде (Әліппеге дейінгі кезең, Әліппе кезеңі және Әліппеден кейінгі кезең) қарастырылып, кең көлемде айқындалған. Атап айтатын болсақ:

**Әліппеге дейінгі кезең** «Дайындық кезеңдері» деп алынып, оның өзі іштей үш кезеңде:

- *Психофизиологиялық дайындық,*
- *Оқуға дайындық,*
- *Жазуға дайындық*

болып қарастырылады.

**Әліппе кезеңі:**

- Ауызша сөйлеуді дамыту;
- Оқуға үйрету;
- Жазуға үйрету;
- Тіл дамыту

**Әліппеден кейінгі кезең:**

- Оқу;
- Жазу, грамматика, орфография, тыныс белгілері;

- Тіл дамыту. Коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту бөлімдерінде қарастырылады.

Екі бағдарламаның да құрылымында «Әліппе пәнін оқытуда күтілетін нәтижелер» жеке тарау болып қарастырылған.

Қорыта келе, қолданыстағы 11 жылдық бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына әлі де толықтырулар енгізу қажеттігін анықталып, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайында «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының жобасы әзірленді.

Сонымен, 12 жылдық білім беру бағдарламасы жобасының жаңашылдығы:

- 1) 3-тарауда пәннің 2-5 сыныптарға арналған базалық білім мазмұны 12 жылдық бастауыш білім берудің жалпығаміндетті мемлекеттік стандартында айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылған;
- 2) Оқу пәнінен күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпығаміндетті мемлекеттік стандартында айқындалған *метапәндік құзыреттіліктерге* (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланған.
- 3) Күтілетін нәтижелер «Білу – түсіну – білімді - үлгі бойынша қолдану – білімді жаңа жағдайда қолдану – білімді шығармашылықпен қолдану» жүйесіне сәйкес ұсынылған.

**«Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының салыстырмалы талдауы**  
(оқыту қазақ тілінде)

<p style="text-align: center;"><b>Қолданыстағы 11 жылдық бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы</b> (Бұйрық №123, 26 наурыз 2021ж.)</p>	<p style="text-align: center;"><b>12 жылдық бастауыш білім берудің 1-сыныбына арналған «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (ЖОБА)</b></p>
<p style="text-align: center;"><b>1-тарау. Жалпы ережелер</b></p> <p>1. «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (Нормативтік құқықтық</p>	<p style="text-align: center;"><b>1-тарау. Жалпы ережелер</b></p> <p>2. «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ... жылғы ... № ... бұйрығына сәйкес әзірленді.</p>

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны жалпыдидактикалық қағидаттар және А. Байтұрсынұлының әдістемелік қағидаттары негізінде айқындалды:

- 1) дыбыспен жаттығу;
- 2) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;
- 3) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;
- 4) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

3. Әріпті таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылды.

4. «Әліппе» пәнінің мақсаты – әріп таныту, оқуға мен жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін ұлттық рухани құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

5. «Әліппе» пәнінің міндеттері:

- 1) оқу әрекетіне бейімдеу;
- 2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін (сөйлеу) туралы қарапайым түсінік (ажырату, салыстыру, топтастыру және талдау) қалыптастыру;
- 3) дыбыс пен әріпті (баспа және жазба түрлері) үйрету;
- 4) оқу (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу) және жазу дағдыларын қалыптастыру;
- 5) коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіру, сөздік қорын байыту;
- 6) ана тіліне, Отанына, халқына, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарай білуге үйрету, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіру.

### **2-тарау. «Әліппе» пәнінің мазмұны**

6. «Әліппе» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды.

7. Оқу пәнінің мазмұны:

- 1) қазақ тілінің дыбыстық және әріптік жүйесінен;

«Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы – әліппе пәні бойынша меңгерілуге тиісті білім мазмұны мен көлемін, одан күтілетін нәтижелерді айқындайтын базалық-нормативтік құжат.

Әліппе пәнінің мақсаты – әріп таныту, оқуға, жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін үйретіп, ұлттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

**2. "Әліппе" пәнінің міндеттері:**

- 1) оқу әрекетіне бейімдеу;
- 2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін (сөйлеу) туралы қарапайым түсінік (ажырату, салыстыру, топтастыру және талдау) қалыптастыру;
- 3) дыбыс пен әріпті (баспа және жазба түрлері) үйрету;
- 4) оқу (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу) және жазу дағдыларын қалыптастыру;
- 5) көркем жазу дағдыларын (әріп элементтері, әріптер, әріптердің бір-бірімен жалғануы арқылы буындар мен сөздер жазу) және жазудың қарапайым емлесін (сөздер мен сөйлемдерді жазудың кейбір ережелері) игерту;
- 6) сөйлеу мәдениетінің нормаларын меңгерту арқылы сөздік қорын байыту, үйлесімді сөйлеу дағдыларын дамыту;
- 7) коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіру танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық белсенділіктері мен өздігінен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.
- 8) ұлттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаның адамгершілік, патриоттық, эстетикалық қасиеттерін қалыптастыру.

### **2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру**

«Әліппе» пәнінің құрылымы мен мазмұны А. Байтұрсынұлының мынадай ұстанымдары негізінде айқындалды:

- 5) дыбыспен жаттығу;
- 6) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;
- 7) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;
- 8) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

Әріп таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай

<p>2) негізгі тілдік бірліктерден (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);</p> <p>3) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;</p> <p>4) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен құралады.</p> <p>8. «Әліппе» пәнін оқыту екі кезең бойынша (әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат, әліппе кезеңі – 84 сағат) ұйымдастырылады.</p> <p>9. «Әліппе» пәнінің мазмұны I жартыжылдықта «Әліппе» оқулығы (әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдері) арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>10. Әліпбидегі әріптер мен әрбір әріптің дыбыстық мәнін, қарапайым тілдік ұғым мен түсініктерді меңгертудің реті мен көлемі:</p> <p>1) 1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (әліппеге дейінгі кезең) – 12 сағат; а, р, л, у, н, бекіту (2 сағ) – 12 сағат; с, о, т, к, ы, з, м, е, д, ш, ұ, бекіту (2 сағ) – 24 сағат;</p> <p>2) 2-тоқсан: б, й, к, і, ң, ғ, ж, ә, п, ү, бекіту (3 сағ) – 24 сағат; ө, г, и, я, ю, х, һ, щ, в, э, ё, ц, ф, ч, ь-ъ, әліпби – 2 сағ, бекіту (4 сағ)–24 сағат.</p> <p>Ескерту: ң – 3 сағат, я, ю, х, һ, щ, в, э, ё, ц, ф, ч, ь-ъ 1 сағаттан; қалған дыбыс пен әріпке 2 сағаттан беріледі. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады.</p> <p>11. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:</p> <p>1) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту;</p> <p>2) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;</p> <p>3) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>4) сөзге дыбыстық талдау жүргізу: сөздегі буын санын анықтау, сөз ішіндегі дыбыстарды екі, үш буынды сөзбен анықтау; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;</p>	<p>құрылды.</p> <p>«Әліппе» оқу пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.</p> <p>Оқу үдерісін ұйымдастыруда сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:</p> <p>1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;</p> <p>2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;</p> <p>3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.</p> <p><b>3-тарау. «Әліппе» пәнінің базалық мазмұны</b></p> <p>«Әліппе» пәнінің базалық мазмұны мынадай ұлттық құндылықтарға негізделеді:</p> <p>- <i>Рухани-мәдени құндылықтар</i> (отбасы, ұлтжандылық, тіл, білім, дәстүр, намыс, ар-ождан, рух, еңбекқорлық, талап, жасампаздық, тарих, діл, мәдениет, рухани-мәдени мұра);</p> <p>- <i>Материалдық құндылықтар</i> (атамекен, туған жер, шаңырақ, тарихи ескерткіштер, табиғат, табиғи байлықтар)</p> <p>- <i>Адамгершілік құндылықтар</i> (ізгілік, мейірім, достық, сүйіспеншілік, бауырмалдық, қамқорлық, ізет, ынсап, қанағат, рақым, парыз, сенім)</p> <p>- <i>Эстетикалық құндылықтар</i> (байқампаздық, сезімталдық, талғам)</p> <p>- <i>Саяси құндылықтар</i> (Отан, тәуелсіздік, елжандылық, заң, құқық, міндет, еркіндік, борыш, бостандық)</p> <p>- <i>Саламаттық құндылықтар</i> (өмір, денсаулық, уақыт, дене мәдениеті, психикалық саулық, ерік-жігер, төзім, икемділік).</p> <p>«Әліппе» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы 33 оқу аптасында 198 сағатты құрайды.</p> <p>«Әліппе» пәнінің мазмұны оқу кезеңдеріне сәйкес бөлінген:</p> <p>1) әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат,</p> <p>2) әліппе кезеңі – 84 сағат</p>
--	--

5) жазуға дайындық кезеңінде - қолдың ұсақ моторикасын дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба салу, әріп элементтерін жазу).

6) тыңдай білуге және сұрақты түсінуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.

Ескерту: тыңдау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары

3-тен аспауы керек.

12. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) қазақ әліпбиінің дыбыс пен әріптерін таныту, дыбыстардың айтылуына жаттықтыру;

2) дауысты және дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратуға жаттықтыру;

3) әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;

4) дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрауға, жазуға, оқуға үйрету;

5) дұрыс, үзбей, буындап оқу дағдыларын қалыптастыру;

6) көркем жазу дағдыларын қалыптастыру;

7) сөздік қорын байыту, өз ойын жеткізе білуге үйрету;

8) негізгі тыныс белгі түрлерін (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі) қолдана білуді қалыптастыру;

9) ұлттық рухани құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Ескерту: I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: әліппеге дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба, әліппе кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай айқындайды. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

13. «Әліппе» пәнінің базалық білім мазмұны.

14. Тыңдалым мен айтылым:

1) мұғалімнің, өзге білім алушылардың сөзін тыңдай білу, тыңдалым мәнін түсіну, сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беруді

3) әліппеден кейінгі кезең 102 сағат

**Оқу пәнінің мазмұны:**

1) қазақ тілінің дыбыстық және әріптік жүйесінен;

2) негізгі тілдік бірліктерден (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

3) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

4) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен құралады.

**Әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат.**

Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту;

2) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

3) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

4) сөзге дыбыстық талдау жүргізу: сөздегі буын санын анықтау, сөз ішіндегі дыбыстарды екі, үш буынды сөзбен анықтау; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;

5) жазуға дайындық кезеңінде - қолдың ұсақ моторикасын дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба салу, әріп элементтерін жазу).

6) тыңдай білуге және сұрақты түсінуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.

**Дайындық кезеңдері:**

**Психофизиологиялық дайындық:** зейінді дамыту, дыбысталған сөзді қабылдау және оны дыбыстық талдау, естігенді түсіну және дәйекті баяндау, сөздердің тақырыптық топтарын салыстыру.

Есте сақтау қабілеттерін дамыту: мақал-мәтелдерді, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды жаттау.

Қиялды дамыту: түсінгенін айту, мәтінді жалғастыру, сюжеттік суреттер, өз тәжірибесінен, тыңдаған әңгіме, ертегілердің желісімен әңгіме құрастыру

Дене дайындығы: қол саусақтары мен қол бұлшықеттерінің ұсақ моторикасын дамыту, сергіту сәттерін өткізу, сабақта ойын және оқу іс-әрекетінің түрлерін жиі ауыстыру.

қалыптастыру; коммуникативтік мақсаттарына сәйкес қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

2) ертегі айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақты жатқа айту;

3) дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді; буын, сөзді буынға бөлу; дауысты дыбыстардың буын құрау дағдыларын қалыптастыру;

4) дыбыстың әріппен жазылуын; сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/ сәйкес еместігін анықтау;

5) сөздік қорын байыту; сөзді тіркестіре білу, сөйлем- және шағын мәтін (сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау; көрген-білгені, естігені туралы әңгімелеу) құрай білу;

6) сөз әдебінің формаларын қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу).

Ескерту: Тыңдалым материалының көлемі: 30 сек - 1 мин.

15. Оқылым:

1) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білу (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

2) сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну;

3) қазақ тіліндегі жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ, г-ғ) ерекшеліктерін тану, өзге тілден енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

4) сөйлемді (2-6 сөз), мәтінді (4-10 сөйлем) түсініп, дауыстап оқу;

5) буындап оқудан сөзді үзбей, толық оқуға үйрету.

Ескерту: оқуға берілген мәтіннің көлемі әліппе кезеңінің басында

4-6 сөйлемнен, соңында 10 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөздердің саны 2-6-дан аспауы керек.

16. Жазылым:

1) жазуға дайындық (дұрыс отырғызу, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде

Қарым-қатынас, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, құндылықтарды тәбиелеу: өзі, отбасы, достары туралы әңгімелеу, топта сөйлеу, диалог құру, рольдік ойындар, сахналау.

Лексикалық сипаттау бойынша сөздік қорын байыту: байланысты сөйлеуді (әңгімелеу, сипаттау) дамыту.

Мәнерлеп сөйлеу, сөйлеу мәдениеті дағдыларын қалыптастыру: диалогтық сөйлеу этикеті (сәлемдесу, қоштасу, алғыс айту, сұрау, кешірім сұрау).

Орфоэпия нормаларына сәйкес айтылым дағдыларын жетілдіру: дыбыстардың дұрыс айтылуына бағытталған жаттығулар, сөздердің айтылуы мен дыбысталуын салыстыру, балалардың сөйлеу кезіндегі дыбыстардың айтылуындағы кемшіліктерді түзету..

Балалардың көркем әдебиеті шығармаларының негізінде бойларына құндылықтарды дарыту, патриоттыққа, адамгершілікке тәрбиелеу (тыңдау, қайталау, сұрақтарға жауап беру, сахналау, т.б.)

**Оқуға дайындық:**

Тілдің негізгі бірліктерге бөлінуі туралы қарапайым түсінік (сөйлем, сөз, буын, дыбыс), сөйлеу бірліктерін модельдеу.

Терминдерді қолданбай сөйлем түрлерін дауыс ырғағына қарай ажырату (сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем, лепті сөйлем).

Фонемалық естуді дамыту: сөзді дыбыстық, буындық талдау, сөз құрамындағы дыбыстарды ажырату, сөзді буынға бөлу, дыбыстарды графикалық белгілеу, сөздегі дыбыстардың саны мен реттілігін анықтау.

**Жазуға дайындық:**

Жазуға арналған гигиеналық талаптарды орындау: дұрыс отыру, қолдарын, дәптерді партаға дұрыс қою, қарындашты, қаламды дұрыс ұстау.

Оқушының ұсақ моторикасын дамыту: қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамытуға арналған жаттығулар (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба салу, әріп элементтерін жазу).

Көру арқылы қабылдау мен кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту: түстерді ажырату, дәптердің бетіне орналастыру (жоғары-төмен, оң жақ – сол жақ), дәптердегі жұмыс жолымен танысу.

Сурет салу, штрихтау, бастыру, сызықтар арқылы фигураларды

қарындаш/қаламды ұстай білу); парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу;

2) сурет бойынша сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру;

3) көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз, сөйлемді және оларды байланыстыра жазу;

4) сөйлемнің басындағы сөзді бас әріптен жазу, сөйлем ішінде сөздердің бөлек жазылуы, сөйлемнің соңына тыныс белгісін қою;

5) қарапайым сұрақтарға жазбаша жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру;

6) қатесіз, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру.

### **3-тарау. «Әліппе» пәні бойынша күтілетін нәтижелер**

17. Әліппеге дейінгі кезеңдегі күтілетін нәтижелер:

1) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсінеді;

2) сұрақты тыңдайды және оны түсінеді, сұрақтарға жауап береді;

3) сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын таниды;

4) сөзге дыбыстық талдау жасайды;

5) көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиганың ретін сақтай отырып баяндайды;

6) коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдана алады;

7) дәптер бетінде берілген суреттерді бояйды, әріп элементтерін, үзік сызықтарды бастырып жүргізеді, жазады.

18. Әліппе кезеңіндегі күтілетін нәтижелер:

біріктіру, өрнектерді қолын үзбей бояу, түзу, сынық сызық, ирек сызық сызу, жұмыс жолын сақтай отырып, заттарды салу, әріптердің 8-9 элементтерін жазу.

### **Әліппе кезеңі – 84 сағат.**

Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) қазақ әліпбиінің дыбыс пен әріптерін таныту, дыбыстардың айтылуына жаттықтыру;

2) дауысты және дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратуға жаттықтыру;

3) әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;

4) дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрауға, жазуға, оқуға үйрету;

5) дұрыс, үзбей, буындап оқу дағдыларын қалыптастыру;

6) көркем жазу дағдыларын қалыптастыру;

7) сөздік қорын байыту, өз ойын жеткізе білуге үйрету;

8) негізгі тыныс белгі түрлерін (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі) қолдана білуді қалыптастыру;

9) ұлттық рухани құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

### **Ауызша сөйлеуді дамыту.**

Сөздің дыбысталуына назар аударту, буындар мен сөздердің анық айтылуы..

Лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын байыту, дамыту, жандандыру.

Байланыстырып сөйлеуді дамыту: сұраққа жауап табу, мәтіннің мазмұны бойынша шығармашылық тапсырмалар, оқылған мәтіннің сюжетін толықтыру, суреттер бойынша әңгімелер құрастыру.

Мәтінді оқуға қызығушылықтарын оятып, оны шығармашылықпен мазмұндау, эмоционалды, нақты, дәйекті мазмұндауға дағдыландыру, топпен және жеке ертегілерді, жұмбақтарды, әңгімелерді құрастыру.

### **Оқуға үйрету**

«Әліппе» оқулығындағы әріптердің реттілігі олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай

<p>1) дыбыс пен әріпті таниды, оларды бір-бірінен ажыратады;</p> <p>2) мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөледі, жаңа үйренген дыбысты анықтайды;</p> <p>3) дауысты дыбыстардың буын құрайтынын біледі, сөздегі буын санын анықтайды;</p> <p>4) оқу түрлерін (буындап оқу, сөздерді тұтас оқу, мәнерлеп оқу) қолданады, түсініп оқиды;</p> <p>5) дыбыстарды дұрыс дыбыстайды, оның мағына ажыратушы қызметін түсінеді;</p> <p>6) сызба-модель, сурет белгілері арқылы сөз, сөйлем, шағын мәтін құрастырады;</p> <p>7) сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолданады;</p> <p>8) тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды, өз ойын білдіреді;</p> <p>9) мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қоя алады, сұраққа жауап береді;</p> <p>10) сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгісін қояды;</p> <p>11) айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді еске сақтап, естуі бойынша жазады;</p> <p>12) көркем жазу талаптарына сай, жазу жолы, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріптің, әріптердің өзара байланыс элементтерін жазады;</p> <p>13) ана тілін, Отанын, халқын, мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтей біледі;</p> <p>14) еліміздің рәміздерін (Әнұран, Елтаңба, Ту) біледі.</p>	<p>құрылған.</p> <p>Әліпби әріптерінің графикалық бейнесін, баспа және жажбаша, кіші және бас әріптерді меңгерту.</p> <p>Сөздің дыбыстық моделін құрастыру және оқу. Дыбыс әріппен белгіленетінін ұғындыру, сөздің таныс әріптеріне бағыттап, сөздің дыбыстық моделіне сәйкестендіру.</p> <p>Буындарды оқу: дұрыс, үзбей, буындап (екі буынды, үш буынды сөздер) оқу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сөйлемдерді оқу: дұрыс, үзбей, буындап (2-3 сөз) оқу, танысқан әріптерден құралған сөздермен шағын мәтін оқу (3-5 сөйлем).</p> <p>Интонацияны, кідірістерді сақтай отырып, сөйлемнің соңындағы тыныс белгілеріне сәйкес хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді мәнерлеп оқу.</p> <p><b>Жазуға үйрету</b></p> <p>Әріп элементтерін және бас әріп пен кіші әріптерді үлгі бойынша жұмыс жолына жазу, парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау).</p> <p>Әріптер мен олардың басқа әріптермен жалғап үйлесімді, ырғақты жазылуы (үзіп жазу, үзбей жазу), әріптер мен сөздердің жолда дұрыс орналасуы. Сөздерді оларға дыбыстық талдау жасалғаннан кейін жазу.</p> <p>Сөздер мен сөйлемдерді баспа және қолжазба үлгілерінен көшіру. Айтылуы мен жазылуы сәйкес келетін қысқа сөздерді жазу.</p> <p>Емле ережелеріне сәйкес адам аттарын, қала, өзен, көл атаулырын, жануарларға қойлған аттарын бас әріппен жазу. Сөйлем басында тұрған сөзді бас әріппен жазу.</p> <p>3-4 сөзден немесе 1-2 сөйлемнен тұратын диктант жазу.</p> <p><b>Тіл дамыту</b></p> <p>Жаңа таныстырылған әріпті қамтитын сөздермен сөздік қорын байыту. Орфоэпиялық нормаларға сәкес сөйлету арқылы оқушылардың дұрыс сөйлеу, тыңдау, еске сақтау дағдыларын дамыту.</p> <p>Жай сөйлемдерді айтқызудан бастап, суреттер бойынша әңгімелеу, мәтіннің мазмұнын айтуға көшу.</p>
--	---



Мәтінді қарапайым талдау: мәтінде кім, не туралы айтылғанын анықтау, оқиғалардың реттілігін анықтау, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалау, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне жеке көзқарасын білдіру, мәтінді жалғастыру.

Оқылған әңгімелер бойынша тұлғаның адамгершілік құндылықтары мен патриоттық қасиеттерін тәрбиелеу.

Тыңдау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары 3-тен аспауы керек. Тыңдалым материалының көлемі: 30 сек - 1 мин.

Қазақ тіліндегі жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ, г-ғ) ерекшеліктерін тану, өзге тілден енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

Әліпбидегі әріптер мен әрбір әріптің дыбыстық мәнін, қарапайым тілдік ұғым мен түсініктерді **меңгертудің реті мен көлемі:**

1) 1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (әліппеге дейінгі кезең) – 12 сағат;

а, р, л, у, н, бекіту (2 сағ) – 12 сағат;

с, о, т, қ, ы, з, м, е, д, ш, ұ, бекіту (2 сағ) – 24 сағат;

2) 2-тоқсан: б, й, к, і, н, ғ, ж, ә, п, ү, бекіту (3 сағ) – 24 сағат;

ө, г, и, я, ю, х, һ, щ, в, э, Ы, ц, ф, ч, ь-ъ, әліпби – 2 сағ, бекіту (4 сағ)

–  
24 сағат.

Ескерту: н – 3 сағат, я, ю, х, һ, щ, в, э, Ы, ц, ф, ч, ь-ъ 1 сағаттан; қалған дыбыс пен әріпке 2 сағаттан беріледі. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады.

Ескерту: I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: әліппеге дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба, әліппе кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай айқындайды. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

**Әліппеден кейінгі кезең 102 сағат**

**Оқу**

Дұрыс, саналы, мәнерлеп оқуды жетілдіру. Буындап оқудан тұтас

сөздермен оқуға көшу, мәтінді (4-10 сөйлем) түсініп, дауыстап оқу; Берілген мәтіндер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қарапайым және сонымен қатар патриоттық, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған.

Өлеңдердн, мәтіндерді аудиожазбалардың, мұғалімнің оқуының үлгісі бойынша мәнерлеп оқу, оқу кезінде үзілістерді сақтау. 5-6 өлеңді, жұмбақтарды, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды жатқа айту.

Мәтінді қарапайым талдау: мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен мінез-құлқын бағалау, мәтінді бөліктерге бөлу, тақырып қою, мазмұндау.

Тұтас сөздермен саналы, дұрыс оқу. 3-5 буынды сөздер буындап оқылады.

Сыныптан тыс оқу: таңдау бойынша 1-1,5 беттен тұрады.

#### **Оқу жылдамдығы**

Оқу кезеңі	Сөздер саны	
	Төменгі деңгей	Жоғары деңгей
4 тоқсан соңы	25- 30 сөз	40-45 сөз

#### **Жазу, грамматика, орфография, тыныс белгілері.**

Қарапайым грамматикалық ұғымдар: сөйлеу (ауызша және жазбаша); сөйлеуді бірліктерге бөлу: сөйлем, сөз, буын, дыбыстар мен әріптер; дыбыстардың қарапайым жіктелуі: дауысты және дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар.

Үлгі бойынша баспа және қолжазба мәтіндерін көшіру дағдыларын жетілдіру; буындарды, сөздерді, сөйлемдерді өз беттерімен жазу. Әріптердің бір-бірімен дұрыс қосылуы, сөздердің дыбыстық талдаудан кейін жазылуы; жазу кезінде сөйлемдердің дұрыс ресімделуі (сөйлемдегі бірінші сөздің бас әріппен жазылуы, сөйлем ішінде сөздердің бөлек жазылуы сөйлемнің соңында нүкте қойылуы)

Есту диктантын, көру диктантын жазу.

**Тіл дамыту. Коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту**

Оқулық материалдары арқылы рухани-мәдени құндылықтарды (отбасы, ұлт, тіл, білім, дәстүрлер және т. б.), ұлттық құндылықтарды, халық, тарихын және рухани байлығын (атамекен, туған жер, шаңырақ, тарихи ескерткіштер, табиғат, табиғи байлық және т. б.); адамгершілік құндылықтарды (ізгілік, мейірімділік, достық, махаббат, сүйіспеншілік, бауырмалдық, қамқорлық, жауапкершілік және т. б.), қазақстандық патриотизм (Отан, Тәуелсіздік, патриотизм, заң, құқық, міндет, бостандық, парыз, ар-намыс, төзімділік); салауатты өмір салтының құндылықтары (өмір, денсаулық, уақыт, дене шынықтыру, психикалық денсаулық және т.б.). қалыптастыру, тілдерін дамыту.

Коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру: берілген тақырыптағы диалогтарға қатысу, әңгімелесу, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру: сөйлеу этикеті; рөлдер бойынша шығармадағы диалогтарды оқу, сахналау, рөлдік ойындар.

Оқылған мәтіндерді қарапайым талдау: мәтін мазмұны бойынша қарапайым және күрделі сұрақтарға жауаптар, оқығанды бағалау; сұрақтар, жоспар бойынша мәтін мазмұнын жаңғырту, мәтінді шығармашылықпен құрастыру. Оқылған кейіпкерлер мен оқиғалардың сипаттамасы: кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, оның мінез-құлқының ерекшеліктері, іс-әрекетінің себептерін түсіндіру, мінез-құлқын бағалау.

Мәтінді мазмұндау: егжей-тегжейлі, қысқаша.

Мәтінді талдау: кейіпкерлерді, салыстыруларды, эпитеттерді, сипаттау сөздерін табу. Көркем сөзге эстетикалық тәрбиелеу: тілдің көркем сөз құралдарының қолданылуын бақылау және олардың мәтіндегі рөлін білу.

#### **4-тарау. «Әліппе» пәні бойынша күтілетін нәтижелер:**

Күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында айқындалған метапәндік құзыреттіліктерге (ғылыми-танымдық, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланады.

#### **Ғылыми-танымдық құзыреттер:**

\* оқылған ақпаратты есту арқылы қабылдайды, оқиды және түсінеді,

	<ul style="list-style-type: none"> <li>* мәтінді мазмұндайды: толық және қысқа, сұрақтар бойынша және шығармашылықпен мазмұндау;</li> <li>* ауызша қарым-қатынастың мақсаттары мен жағдайларын түсінеді, алынған ақпаратқа өз пікірін білдіру, өз сөзін және кейіпкерлердің сөзін талдау үшін пайдаланады.</li> <li><b>Тілдік-коммуникативтік құзыреттілік:</b></li> <li>* ауызша және жазбаша сөйлеудің айырмашылықтарын біледі; дыбыстар мен әріптер; дыбысты әріппен белгілейді;</li> <li>* сөйлеудің негізгі тілдік бірліктері: сөйлем, сөз, буын, дыбыстар (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауысты дыбыстар);</li> <li>* модельдеу әдісін меңгереді: сөздердің, сөйлемдердің дыбыстық схемаларды жасайды; схемаларды оқиды, оларға сөздер мен сөйлемдерді тандайды;</li> <li>* сөздердің айтылуының орфоэпиялық нормаларын және сөйлемдердің дұрыс интонациясын сақтайды ;</li> <li>* оқу тәсілін меңгерген, екі буынды және үш буынды сөздерді тұтас оқиды;</li> <li>* оқығанның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады; сұрақты тұжырымдай алады;</li> <li>* шағын монологтарды құрайды: өз әсерлері туралы, шығарма (кейіпкерлер, оқиғалар) туралы әңгімелейді; әңгімелеу және сипаттау мәтіндерін ауызша құрайды;</li> <li>* бас және кіші әріптерді, буындарды, сөздерді жазады, оларды басқа әріптермен біріктіру дағдысына ие;</li> <li>* баспа және қолжазба мәтіндерін дұрыс көшіре алады;</li> <li>* айтылуынан айырмашылығы жоқ сөздерді , сондай-ақ емле ережелеріне бағынатын сөздерден диктант жаза алады;</li> <li>* сөйлемдегі сөздерді ажыратып, бөлек жазады;</li> <li>* сөйлемнің басындағы сөздер және жалқы есімдердің бас әріптен жазыды;</li> <li>* сөздерден буындарды ажырата алады;</li> <li>* сөйлемнің соңындағы тыныс белгілері.</li> <li><b>Мәдени-әлеуметтік құзыреттер:</b></li> <li>* қарым-қатынас мақсатында диалогтік және монологтық</li> </ul>
--	--

сөйлеуді құруға қатысады; сөйлеу этикетін қолданады (сәлемдесуді, ризашылықты, қоштасуды, өтініш білдіруді және т.б.);

\* оқу міндеттеріне сәйкес ауызша мәлімдемелерді айтуды меңгереді (өзі, өз отбасы, достары, мектебі туралы айту; өз ойлары мен сезімдерін сипаттау);

\* оқылған және тыңдағаны туралы жеке пікірін білдіреді;

\* өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды жатқа оқиды, әдеби ойындарға қатысады (викториналар, сахналау, жаттау және т.б.).

#### **Ақпараттық-технологиялық құзыреттер:**

\* оқылған мәтіндерді түсіну және қайталау, әңгімелерге қатысу үшін жеткілікті сөздік қоры бар; оқылған мәтінде, түрлі дереккөздерде жаңа сөздерді өз бетінше табады;

\* коммуникативтік міндеттерді тиімді шешу үшін тілдік құралдарды мақсаттар мен шарттарға сәйкес таңдайды ;

\* ақпарат алу үшін оқудың әртүрлі түрлерін біледі: дұрыс оқу (әдеби айтылым нормаларын сақтау; екпін қоюдағы қателердің болмауы; сөйлемдерді оқу кезінде үзілістерді және дұрыс интонацияны сақтау); саналы оқу (оқығанның мағынасын түсіну және түсіндіру), мәнерлеп оқу (үзілістерді сақтау, интонацияны дұрыс таңдау); іріктеп оқу (қойылған мақсатты түсіну және қажетті ақпаратты табу); оқу тәсілдері: тұтас сөздермен оқуға көшу мен буындық оқу.

#### **«Әліппе» пәні бойынша күтілетін нәтижелер**

##### **Білім алушы:**

- ауызша және жазбаша сөйлеу формаларының айырмашылығын;  
- дыбыс пен әріптер; ауызша сөйлеу дыбыстарының жазбаша сөйлеудегі әріптермен белгіленуі кезіндегі сәйкестігі мен сәйкессіздігін;  
- ақпаратты алу және беру үшін сауатты жазу мен оқудың маңызын;

- әліпбидің әріптері (саны мен реттілігі), олардың баспа және жазбаша нұсқасындағы бас және кіші әріптерді;

- сөздегі дыбыстардың дұрыс айтылу нормаларын; сөздің дыбыстық схемасын құрастыруды;

- сөйлеуді тілдік бірліктерге бөлу: сөйлем, сөз, буын және дыбыс;

дыбыстардың жіктелуі: дауысты және дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстыларды;

- үзіп және үзбей жазуда әріптерді жазу тәсілдерін;
- сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерінің түрлерін

**біледі.**

**Білім алушы:**

- қарым-қатынас үшін ауызша және жазбаша сөйлеудің маңызы, өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында сөйлеу әрекетінің түрлерін (коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру міндеттерін);

- оқу қызметінде ақпаратты жинау және пайдалану үшін сауатты жазуды және оқуды меңгеру қажеттілігін (ақпараттық құзыреттілік);

- сауатты оқу мен жазуды қалыптастыру үшін ана тілінің дыбыстық және әріптік жүйелерінің айырмашылығы мен ұқсастығын (тілдік құзыреттілік);

- дұрыс оқу мен сауатты жазуды меңгеру үшін айтылым мен емле ережелерінің мағынасын (тілдік-коммуникативтік құзыреттілік);

- дұрыс, каллиграфиялық жазудың сәтті жазбаша қарым-қатынас үшін маңызын (мәдени-әлеуметтік құзыреттілік);

- өз ойлары мен сезімдерін нақты білдіру үшін сөйлемнің соңында белгілі бір тыныс белгілерін қою қажеттілігін (тілдік - коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік құзыреттілік);

- нақты, жарқын және бейнелі сөйлеу үшін сөздік қорын кеңейтудің маңыздылығын (тілдік - коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік құзыреттілік);

- оқу және қоғамдық қызметте жетістікке жету үшін сөйлеу этикасы мен сөйлеу қарым-қатынас мәдениетін (мәдени-әлеуметтік құзыреттілік) **түсінеді.**

**Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:**

- жаңа сөздерді буындап оқуда;

- жұмыс жолын сақтай отырып, кіші және бас әріптерді жазуда; әріптердің бір-бірімен жалғану үлгісін;

- сөздің дыбыстық және дыбыстық әріптік сұлбасын құрастыруда және оқуда;

- сөздің буындық құрамын сөздегі дауысты дыбыстардың саны

бойынша анықтауда; сөздің буындық моделінде графикалық түрде белгілеуде;

- сөйлемді дұрыс рәсімдеуде (сөйлемнің бірінші сөзінің басындағы бас әріп, сөйлемнің соңындағы нүкте);

- оқу кезінде орфоэпиялық нормаларды сақтауда, сөйлемнің соңында тыныс белгісіне сәйкес дұрыс интонацияны таңдауда, үзілісті сақтай отырып мәнерлеп оқуда;

- дайын жоспар бойынша, сұрақтар бойынша мәтінді баяндауда қолданады.

**Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:**

- әр түрлі өмірлік жағдайларда буындап оқу және жазу ережелері бойынша жаңа мәтіндерді оқуда (кітапханаға бару, интернеттен іздеу, жалпы пайдалану орындарына бару);

- жаңа сөздерді өз бетінше жазуда, олардың емле ережелерін қолдана отырып, құттықтаулар, достарымен ұялы телефон арқылы хат алмасу, күнделік жүргізу және т. б. әрекеттерде;

- жаңа ақпаратқа қызығушылықты арттыру, оқу дағдыларын жетілдіру мақсатында өз таңдауы бойынша оқу үшін шығармаларды таңдауда;

- сөйлеу үшін қарым-қатынас жасау, сөздік қорын толықтыруда;

- жаңа сөздерді сауатты жазу мақсатында алдын ала дыбыстық талдау жасауда;

- меңгерілген сөздер материалында жұмыстың жаңа түрлерін орындауда (диктанттар, сөйлем, мәтін құрастыру; сурет бойынша шығармалар, жобалар, түрлі деңгейлі ойын тапсырмаларында);

- тірек сөздерден ауызша мәтін құрауда, иллюстрациялар бойынша мәтін мазмұнын құруда;

- әдеби тіл нормалары мен сөйлеу этикетін жаңа жағдаятта қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- оқыған нәрсесі бойынша мәтін құрастыруда;

- иллюстрациялық материалдары бойынша мәтін құруда;

- тақырып туралы мәтіннің басы мен соңын болжауда және құрастыруда, мәтін мазмұнын дамытуда өз нұсқасын ұсынуда;

	<ul style="list-style-type: none"><li>- рөлдік және дидактикалық ойындарға, қойылымдарға қатысуда;</li><li>- жобалар жасауда, кейіпкердің іс-әрекетіне түсініктеме береді, оқыған шығармасына жеке пікірін білдіреді;</li><li>- мәтіндерді түрлі жағдаятпен байланыстырып, орфографиялық нормаларға сай қолданады.</li></ul>
--	--



**«Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының салыстырмалы талдауы  
(Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 жылдық бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына және  
12 жылдық бастауыш білім берудің 2-5 сыныптарына (ЖОБА) арналған)**

Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы "10" мамырдағы № 199 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін (оқыту қазақ тілінде) "Қазақ тілі" пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы алдыңғы бағдарламалардан түбегейлі өзгеше болды.

Бағдарламаға алғаш рет бөлімдер мен тоқсандар бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері түріндегі оқу мақсаттарының жүйесі енгізілді. Оқулық авторлары да, мұғалімдер де бағдарламада жазылған осы оқу мақсаттарының шегінен шығуға құқысы жоқ. Яғни, сол берілген оқу мақсаттарының аясында жұмыс жасайды.

Осы бағдарламада «Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану, - деп берілген.

12 жылдық білім беруде оқыту мақсатын айқындау басқа формада өзгертіліп берілген. 12 жылдық бастауыш білім берудің 2-5 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының жобасында пәннің мақсаты – ұлттық құндылықтар негізінде дұрыс ойлап, сауатты оқи және жаза алатын білім дағдыларын дамыта отырып, негізгі мектепте оқытылатын ғылым негіздерін игеруге қажетті білім, білік, дағды құзыреттіліктерін қалыптастыру, - деп айқындалған.

Екі бағдарламаның мақсаттарын салыстыра келе, келесідей қорытынды жасауға болады: қолданыстағы бағдарламада сөйлеу әрекетінің түрлерін дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту мақсаты көзделсе, 12 жылдық білім беруде пәнді оқытудың басым мақсаты білім алушының ұлттық құндылықтар негізінде дұрыс ойлап, сауатты оқи және жаза алатын білім дағдыларын дамыту басты назарда ұсталынған.

Пәнді оқыту міндеттері екі бағдарламада да ерекшеленеді. 12 жылдық білім беру бағдарламасында олар неғұрлым нақтыланған және маңыздылығына қарай құрылған. Мысалы, 11 жылдық білім беру бағдарламасында 1,2-міндеттер: 1) тіл білімі бойынша бастапқы теориялық түсініктер беру; 2) сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту, -деп берілсе, ал 12 жылдық білім беруде бұл міндеттер жүйеленіп 6-міндетте «б) ұлттық құндылықтарға арналған мәтіндер арқылы сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым түрлерін дамыту, - деп қарастырылған.

11 жылдық білім беру бағдарламасының 5-тармағында «Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет»,

«ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына ықпал етеді», - деп берілген. Алайда, мұнда айтылған әрбір ұғымдарды («қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу») авторлар оқулық жазғанда, ал мұғалімдер оқу процесінде жеке-жеке қарастыруы мүмкін емес жағдай. Себебі бұл ұғымдар бір-бірін толықтырып, бір-бірімен тығыз байланыста жүйелілікпен қарастырылуы қажет. 12 жылдық білім беруде бұл ұғымдар жеке тармақ емес, пәнді оқытудың 9-10 міндеттерінде (9) түрлі мәтіндер арқылы табиғатты аялау, өзара сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет және қамқорлық көрсету қасиеттерін қалыптастыру; 10) қазақстандық патриотизм (отан, тәуелсіздік, елжандылық, ар, намыс, борыш, рух, толеранттық) сияқты құндылықтарды «сөз – сөйлем – мәтін» байланыс жүйесі арқылы бойына сіңіру.) бірізділікпен, жүйелілікпен қарастырылған.

Қолданыстағы 11 жылдық бағдарламаның 2-тарауы «Қазақ тілі оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру» деп аталып, онда оқу жүктемесінің көлемі және 2-4 сыныптарға арналған білім мазмұны берілген. Ондағы әр сыныпқа жеке берілген білім мазмұнында жеңілден күрделіге қарай ұстанымдары ескерілмеген. Сонымен қатар бұл тарауда пәнді оқытуды ұйымдастыруда негізге алынатын дидактикалық ұстанымдар берілмеген.

12 жылдық білім беру бағдарламасының жобасында «2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру», - деп жеке тарау болып қарастырылып, «Қазақ тілі» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік, тілдік бірліктердің функционалды қызметі, мәтін бірлігі және көрнекілік ұстанымдарына негізделіп, оқу үдерісінде сабақ мақсатының өзі үш ажырамас бірлікте айқындалатындығы нақты көрсетілген. Мысалы:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

Осылайша, 12 жылдық білім беру бағдарламасының ұсынылған жобасындағы Қазақ тілі пәнін оқытуда құндылықтарға негізделген тәрбиелік мақсат ерекше маңызды тұжырымдамалық мәнге ие болып отыр.

12 жылдық білім беру бағдарламасы жобасының жаңашылдығы:

- 1) 3-тарауда пәннің 2-5 сыныптарға арналған базалық білім мазмұны 12 жылдық бастауыш білім берудің жалпығаміндетті мемлекеттік стандартында айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылған;

- 2) 4-тарауда "білу – түсіну – білімді үлгі бойынша қолдану – білімді жана жағдайда қолдану – білімді шығармашылықпен қолдану" жүйесіне сәйкес оқытудан күтілетін нәтижелер ұсынылған.
- 3) Оқу пәнінен күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпығаміндетті мемлекеттік стандартында айқындалған **метапәндік құзыреттіліктерге** (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланған.

Қолданыстағы 11 жылдық білім беру бағдарламасында оқыту нәтижелері берілмеген. Оларды жоғарыда айтылғандай бөлімдер мен тоқсандарға ұсынылатын оқу мақсаттар жүйесі алмастырады. Бірақ мұндай көзқарас мұғалімнің қызметін шектейді, оны қатаң оқыту шеңберіне енгізеді, өйткені сабақта мұғалім тек екі-үш мақсатты ғана орындауы керек және олардан кетуге құқығы жоқ. Мақсаттар жүйесінде тәрбиелік мақсаттардың айқын берілмеуі, грамматикалық тақырыптардың нақты қарастырылмауы білім алушыларға өз ұлттының ана тілін меңгеруге қиындық тудырады.

Осылайша, қолданыстағы бағдарламаны талдау мынаны көрсетті:

- 1) оқыту нәтижелерінің болмауы;
- 2) тәрбиелік мақсаттардың берілмеуі;
- 3) грамматикалық тақырыптардың нақты қарастырылмауы;
- 4) оқу мақсаттар жүйесінде оқу мақсаттарының қайталанып берілуі.

Қолданыстағы бағдарламаның жоғарыда айтылған кемшіліктердің болуы (қатаң реттелген оқу мақсаттарының жүйесіне құрылып берілуі, эстетикалық және рухани-тәрбиелік міндеттердің нақты қарастырылмауы және нақты оқыту нәтижелерінің болмауы) мамандар мен жалпы жұртшылық тарапынан бірқатар шағымдар тудырды.

Сондықтан жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, "Қазақ тілі" пәнінің оқу бағдарламасын қайта құру қажеттілігі туындады.

12 жылдық білім беру бағдарламасының жобасы:

- 1) білім берудің базалық білім мазмұны ұлттық құндылықтарға бағдарланды;
- 2) қазақ тілі пәнін ұйымдастырудың ұстанымдарына негізделіп құрылды;
- 3) оқу үдерісін ұйымдастыруда сабақ мақсаты үш ажырамас бірлікте айқындалып берілді;
- 3) білімді игеру деңгейлері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер метапәндік құзыреттіліктерге бағдарланып енгізілді.

**«Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының  
салыстырмалы талдауы  
(оқыту қазақ тілінде)**

<p style="text-align: center;"><b>11 жылдық бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (Бұйрық №199, «10» мамыр, 2018 жыл)</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>12 жылдық бастауыш білім берудің «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (2-5-сыныптарына арналған) (ЖОБА)</b></p>
<p style="text-align: center;">1-тарау. Жалпы ережелер</p> <p>1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 тіркелген).</p> <p>2. Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану.</p> <p>3. «Қазақ тілі» пәнін оқыту міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тіл білімі бойынша бастапқы теориялық түсініктер беру;</li> <li>2) сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту;</li> <li>3) білім алушылардың сөздік қорын толықтыру және сөздің грамматикалық құрылысын меңгерте отырып, тілін дамыту және жетілдіру;</li> </ol>	<p style="text-align: center;">1-тарау. Жалпы ережелер</p> <p>Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ..... жылғы ... № ... бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ... тіркелген).</p> <p><b>«Қазақ тілі» бастауыш білім беру бағдарламасының мақсаты</b> – ұлттық құндылықтар негізінде дұрыс ойлап, сауатты оқи және жаза алатын білім дағдыларын дамыта отырып, негізгі мектепте оқытылатын ғылым негіздерін игеруге қажетті білім, білік, дағды құзыреттіліктерін қалыптастыру.</p> <p><b>«Қазақ тілі» бастауыш білім беру бағдарламасының міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ұлттық құндылықтар туралы түсінік қалыптастыру;</li> <li>2) ұлттық құндылықтарды айқындайтын тірек сөздер арқылы сөздік қорын молайту;</li> </ol>

4) тілдің қоғамдық мәнін түсінуге, қарым-қатынас жасау салалары мен түрлі жағдаяттарда өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе білуге дағдыландыру;

5) түрлі мәтіндер негізінде білім алушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастыру;

6) түрлі қарым-қатынас жағдаяттарында сөйлеу этикетін қолдану;

7) ауызша және жазбаша сөйлеу нормалары мен тіл мәдениеті негіздерін меңгерту;

8) қарым-қатынас жасаудың түрлерін мақсатты түрде қолдануға, ойын жинақтауға, ауызша немесе жазбаша мәтіндерге сүйене отырып, өзіндік пайымдау жасауға үйрету.

4. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

#### **2-тарау. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

6. Оқу жүктемесінің көлемі:

1) 2-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

2) 3-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

3) 4-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

7. «Қазақ тілі» пәні бойынша жазба жұмыстарының көлемі:

1) сөздік диктант – 2-сыныпта 5-7 сөз, 3-сыныпта 9-12 сөз, 4-сыныпта 12-15 сөз;

3) қазақ тілінің фонетикасы, лексикасы мен грамматикасынан бастапқы білім бере отырып, тілді қолдану шеберліктерін жетілдіру;

5) түрлі жағдаяттарда өз ойларын нормаға сай мәдениетті жеткізуге машықтандыру;

6) ұлттық құндылықтарға арналған мәтіндер арқылы сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым түрлерін дамыту;

7) мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді, бейнелі образды сөздер мен жұмбақ-жаңылтпаштардың тәрбиелік мәнін аңғарту;

8) ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеудің тілдік қатынас тәсілдерін меңгерту;

9) түрлі мәтіндер арқылы табиғатты аялау, өзара сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет және қамқорлық көрсету қасиеттерін қалыптастыру;

10) қазақстандық патриотизм (отан, тәуелсіздік, елжандылық, ар, намыс, борыш, рух, толеранттық) сияқты құндылықтарды «сөз – сөйлем – мәтін» байланыс жүйесі арқылы бойына сіңіру.

#### **2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру**

«Қазақ тілі» пәнін ұйымдастыру оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік, тілдік бірліктердің функционалды қызметі, мәтін бірлігі және көрнекілік ұстанымдарына негізделеді.

«Қазақ тілі» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісінде білім алушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын, дене мәдениетін қалыптастыратын, дене бітімін дамытатын ойындар қолданылады.

2) диктант – 2-сыныпта 25-30 сөз, 3-сыныпта 35-50 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз;

3) мазмұндама мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 40-60 сөз, 3-сыныпта 60-80 сөз, 4-сыныпта 80-100 сөз;

4) шығарма мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 25-35 сөз, 3-сыныпта 35-55 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз.

8. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: сөйлеудің адам өміріндегі маңызы мен қажеттілігі; ауызекі және жазба тілде сөйлеу туралы түсінік; дауыс күші, сазы – ауызекі сөйлеудің мәнерлеуші құралдары; ауызекі сөйлеу кезіндегі кимыл мен ым-ишара; диалог; монолог;

2) сөйлеу мәдениеті: түрлі жағдаяттарға байланысты сұхбаттасын тыңдау, сөйлеу мәдениетін сақтау; амандасу жағдаятында қолданылатын сөздер; амандасу, өтініш білдіру, алғыс айту жағдаятын құрастыру;

3) фонетика: У дыбысы; сөз ішінде у дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болып келуі; У әрпінің емлесі: дауыссыз дыбыстан кейін келген у әрпінің алдында ү, ұ дыбыстары естілгенімен, жазылғанда олардың орнына у-дың өзі ғана жазылатыны, дауысты ы, і әріптеріне аяқталған сөздерге у әрпі қосылғанда, ы, і әріптерінің түсіп қалатыны; И дыбысы. И – дауысты, й – дауыссыз дыбыс екені. И – дыбысының бірде жуан, бірде жіңішке болатыны; И, й әріптерінің емлесі; Я, ю әріптерінің жазылуы; дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіні; Б, п дыбыстары; Б және п әріптерінің емлесі; Қ, ғ және к, г дыбыстары; Қ, к дыбыстарына аяқталған сөздерге дауысты ы, і дыбыстары жалғанса, олардың ғ, г дыбыстарына айналуы; Л, р дыбыстары. Л, р әріптерінің емлесі. Н, н дыбыстары; олардың бір-бірінен айырмашылығы және емлесі; сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту: бүгін – бүгүн, түгін – түтүн, көсек – көсөу);

4) мәтін, мәтін туралы түсінік: жеке сөйлемдерден мәтіннің өзгешелігі; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтінге, сюжетті суреттерге ат қою; тақырып (мәтіннің аты), тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау; тыңдаған мәтін бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу; тыңдаған мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; тыңдалған материалға өз пікірін білдіру; оқыған мәтін

Сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

### **3-тарау. «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны**

Пәннің базалық білім мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылады.

«Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 2-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 2) 3-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 3) 4-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат
- 4) 5- сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты құрайды.

2. «Қазақ тілі» пәні бойынша жазба жұмыстарының көлемі:

- 1) сөздік диктант – 2-сыныпта 5-7 сөз, 3-сыныпта 8-12 сөз, 4-сыныпта 12-15 сөз, 5-сыныпта 15-20 сөз;
- 2) бақылау диктанты – 2-сыныпта 25-30 сөз, 3-сыныпта 35-50 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз, 5-сыныпта 75-100 сөз;
- 3) сюжетті сурет, оқыған және тыңдаған материалдар бойынша жинақы мәтін жазу - 2-сыныпта 20-30 сөз, 3-сыныпта 30-50 сөз, 4-сыныпта 50-70 сөз, 5-сыныпта 70-90 сөз;

мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру және жауап беру; берілген тірек сөздерді қолданып ауызша әңгіме құрау;

5) мәтіннің құрылымы (басы, ортасы (негізгі), соңы (қорытынды) туралы ұғым: негізгі ойды беру формасы сөйлем; мәтіндегі азат жолдың рөлі; мәтіндегі сөйлемдердің байланысы; дұрыс құрылмаған мәтінді қайта құру;

6) мәтін түрлері: әңгімелеу, сипаттау, пайымдау: заттар мен құбылыстар туралы әңгімелеу, сипаттап айту; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

7) сөйлем: сөйлем туралы түсінік; сөйлемнің мәтіннен өзгешелігі; тұтас мәтінді сөйлемдерге бөлу, сөйлемдердің ара жігін ажырату; айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлері: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем; сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер (нүкте, сұрау, леп белгісі);

8) сөйлемдегі сөздердің байланысы: сұрақ қою арқылы сөйлемнің ішінен бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу; сөздердің орналасу тәртібін ескере отырып, сөздерден сөйлем құрау; сұрақ бойынша сөйлемді толықтырып жазу; үлгі, сызба, суреттер бойынша сөйлем құрап жазу; дұрыс құрылмаған сөйлемді түзеп, қайта жазу;

9) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы түсінік; мәтіндегі синоним, антоним, омоним сөздердің мағыналарын ажырата білу; берілген тақырып, сұрақ бойынша қажетті ақпараттарды іріктеп алу үшін дереккөздерді (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) қолдана білу;

10) сөз құрамы: сөздің түбірі мен қосымшасы туралы алғашқы түсінік; түбір мен қосымшаның бір-бірінен айырмашылығы; қосымша түрлері: жұрнақ пен жалғау, олардың белгіленуі;

11) сөз таптары: заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздер туралы түсінікті қайталау; сөз табы туралы түсінік; зат есім, оның мағынасы, сұрақтары; жалқы есім және жалпы есім; жалқы есімнің жазылу емлесі; зат есімнің жекеше және көпше түрлері; зат есімнің көпше түрін сөз құрамына талдау, көптік жалғаулары, оларды дұрыс қолдану; етістік, оның анықтамасы, сұрақтары; дара және күрделі етістіктер; сын есім және оның анықтамасы, сұрақтары; сын есіммен зат есімнің

4) мазмұндама көлемі – 2-сыныпта 40-60 сөз, 3-сыныпта 60-80 сөз, 4-сыныпта 80-100 сөз, 5-сыныпта 100-110 сөз;

5) эссе мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 25-35 сөз, 3-сыныпта 35-55 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз, 5 -сыныпта 75-100 сөз.

**«Қазақ тілі» оқу пәнінің бастауышқа арналған базалық білім мазмұны:**

1) тіл және оның қызметі (ақпарат беру, оқиғаны баяндау, суреттеу, әңгімелеу);

2) сөйлеу түрлері (ауызша және жазбаша сөйлеу);

3) мәтін түрлері (әңгіме, ертегі, жыр, мысал, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, пейзаж, портрет, диалог, монолог, пікірталас, сұқбат);

4) сөз және оның мағынасы (тура және ауыспалы мағына; синоним, антоним, омоним, көп мағыналы сөздер);

5) фонетика туралы бастапқы түсінік (дауысты және дауыссыз дыбыстар, буын, тасымал, екпін түрлері);

6) сөз құрамы туралы бастапқы түсінік (түбір мен қосымша, жұрнақ және жалғау; сөзжасам түрлері: біріккен сөз, қос сөз, тіркесті сөз, қысқарған сөз);

7) сөз таптары туралы бастапқы түсінік (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, етістік, еліктеуіш сөздер, одағай, шылау);

8) сөздердің байланысы туралы бастапқы түсінік (бастауыш пен баяндауыштық қатынастағы тіркес; анықтауыштық қатынастағы тіркес: сын есім+зат есім; сан есім+зат есім; есімдік+зат есім; толықтауыштық қатынастағы тіркестер: зат есім + етістік; пысықтауыштық қатынастағы тіркес: үстеу + етістік; еліктеуіш сөз + етістік);

байланысы; дара және күрделі сын есімдер; сан есім және оның анықтамасы, сұрақтары; сан есімнің зат есіммен байланысып айтылуы; дара және күрделі сан есімдер;

12) шығармашылық жұмыс: оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдарға байланысты сұрақтар мен жоспар бойынша мазмұндама жазу; тірек сөздерді, суреттерді пайдаланып постер құрастыру; жеке сурет немесе сюжетті суреттер негізінде шағын сипаттау, әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу; үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама және нұсқаулық жазу; құраған мәтінінде жіберілген қателерді (орфографиялық, пунктуациялық, әріптік) мұғалімнің көмегімен тауып түзету; дұрыс құрылмаған мәтінді түзеп, қайта жазу; жазба жұмыстарын каллиграфиялық талаптарға сай жазу;

13) жыл бойы өткенді қайталау.

9. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: ауызекі және жазба тілде сөйлеу ерекшеліктері;

2) сөйлеу мәдениеті: түрлі жағдаяттағы қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлеу; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл мен ым-ишара, қаратпа сөздерді қолдана отырып, тыңдарманның назарын аудару; өзгенің пікіріне өз көзқарасын білдіруде тілдік және этикалық нормаларды сақтау;

3) мәтін: мәтін туралы 2-сыныпта өтілгенді қайталау; көмекші сөздердің көмегімен әңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтін түрлерін және құрылымдық бөліктерін анықтау; мәтіннің тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; мәтіндерге салыстырмалы талдау; ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін салыстыру;

4) тыңдалған мәтін бойынша тірек сөздерді белгілеу; ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; берілген тақырып пен суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; берілген мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздерді, жоспарды пайдаланып ауызша әңгіме құрау;

5) қаратпа сөз, оның тыныс белгісі; қыстырма сөз, оның тыныс белгісі;

9) сөйлем туралы бастапқы түсінік (хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем; жай сөйлем және құрмалас сөйлем);

10) әдеби тіл нормалары және сөйлеу этикеті (орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық, стильдік норма; сөйлеу әдебінің нормалары; қаратпа және қыстырма сөзді құрылымдар);

11) шығармашылық жұмыс (тірек сөздерді қолданып әңгімелеу, салыстыра сипаттау және баяндау мәтіндерін құрастыру; аудиовизуалды материалдар бойынша тірек сөздерді анықтау, жоспар құру, мазмұндама жазу; сызба, кесте, фотосуреттерді қолданып мәтін (хат, шақырту, нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, жарнама) құрастыру; күнделік, өмірбаян жазу);

12) тоқсанды және жыл бойы өткенді қайталау.

### **2-сынып бойынша базалық мазмұн:**

1) тіл және оның қызметі (ақпарат беру, суреттеу);

2) сөйлеу түрлері (ауызша және жазбаша сөйлеу: сөйлем);

3) мәтін түрлері (ертегі, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, пейзаж, портрет, диалог);

4) сөз және оның мағынасы: мән-дес сөздер, қарама -қарсы мағыналы сөздер );

5) фонетика туралы бастапқы түсінік (дауысты дыбыстар: жуан – жіңішке; дауыссыз дыбыстар: қатаң, ұяң, үнді); буын және тасымал

6) сөз құрамы (түбір мен қосымша; қосымшалар: көптік жалғау, тәуелдік жалғауы, септік жалғауы: атау септік, ілік септік, жіктік жалғауы);

7) сөз таптары туралы бастапқы түсінік (зат есім: жалпы және жалқы есім; сын есім: түр-түс атаулары; сан есім: есептік



б) фонетика: дыбыс туралы 2-сыныпта өткенді қайталау; Э, е, ф, в, ц, ч, ш, щ дыбыстарының ерекшеліктерін меңгерту; бұл дыбыстарды дұрыс айтып, сауатты жазуға дағдылану; В, ф дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктерін салыстыру; Ч, щ дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктері; Х, һ дыбыстары, олардың айтылу ерекшеліктері; Х, һ дыбыстарына қатысты сөздердің емлесі; сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл);

7) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы берілген білімді еске түсіру; сөз мағыналарымен жұмыс: сөз өзінің тура мағынасынан басқа ауыспалы мағынада қолданылатынын және бір сөздің бірнеше мағынада жұмсалатынын байқау; мәндел және қарама-қарсы мағыналы сөздер; тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын мәнмәтінде түсіну, сөйлеу барысында пайдалану; түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) берілген тақырып, сұрақ бойынша алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау;

8) сөз құрамы: сөз құрамы жайында 2-сыныпта өтілген ұғымдарды қайталау; түбір сөз және туынды сөз; туынды сөз жасайтын жұрнақтар; түбірлес сөздер; қосымшалардың емлесі: буын үндестігін сақтау, қосымша жалғанғанда кейбір сөздердің соңғы дыбысының өзгеруі немесе түсіп қалуы туралы түсінік;

9) сөйлем: сөйлем туралы 2-сыныпта берілген білімді қайталау; сөйлем мүшелері; тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер; бастауыш пен баяндауыштың байланысы; бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша; жалаң және жайылма сөйлем; үлгі сызба, сұрақ бойынша сөйлем құрау;

10) сөз таптары: сөз таптары туралы берілген ұғымды қайталау; зат есім туралы 2-сыныпта өтілген материалды еске түсіру; негізгі және туынды зат есім; туынды зат есім жасайтын жұрнақтар; зат есімнің тәуелденуі; тәуелдік жалғау, оның жекеше және көпше түрлері; тәуелдік жалғаудың емлесі; етістік туралы берілген білімді еске түсіру, негізгі және туынды етістік, болымды және болымсыз етістік; сөз таптары; сын есім жайында берілген білімді еске түсіру, негізгі және туынды сын есімдер;

және реттік сан есім; етістік: болымды және болымсыз етістік)

8) сөздердің байланысы туралы бастапқы түсінік (зат есім + етістік, сын есім+зат есім; сан есім+зат есім);

9) сөйлем туралы бастапқы түсінік (жай сөйлем; хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем);

10) әдеби тіл нормалары және сөйлеу этикеті (орфоэпиялық, орфографиялық норма: дыбыстарды дұрыс айту және дұрыс жазу; сөйлеу әдебінің нормалары: амандасу, қоштасу; рұқсат сұрау әдебі);

11) шығармашылық жұмыс (суреттеу, сипаттау, баяндау мәтіндерін құрастыру; фотосуреттерді қолданып мәтін құрастыру);

12) тоқсанды және жыл бойы өткенді қайталау.

### **3-сынып бойынша базалық мазмұн:**

1) тіл және оның қызметі (ақпарат беру, оқиғаны баяндау, суреттеу, әңгімелеу);

2) сөйлеу түрлері (ауызша және жазбаша сөйлеу: сөйлем, диалог);

3) мәтін түрлері (әңгіме, ертегі, мысал, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, пейзаж, портрет);

4) сөз және оның мағынасы (тура мағыналы және ауыспалы мағыналы сөздер, синоним, антоним, омоним);

5) фонетика туралы бастапқы түсінік (дауысты дыбыстар: жуан – жіңішке; еріндік-езулік; ашық – қысаң; дауыссыз дыбыстар: қатаң, ұяң, үнді; буын және тасымал)

6) сөз құрамы туралы бастапқы түсінік (түбір мен қосымша; қосымшалар: көптік жалғау, тәуелдік жалғауы, септік жалғауы: атау септік, ілік септік, барыс септік, жатыс

салыстырмалы шырай жұрнақтарымен таныстыру; сан есім туралы берілген білімді еске түсіру; есептік және реттік сан есімдер;

11) шығармашылық жұмыс: жоспар немесе сызба негізінде тірек сөздерді қолданып әңгімелеу, салыстыра сипаттау және көмекші сөздерді қолданып пайымдау мәтіндерін құрап жазу; оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама жазу; сызба, график, кесте, фотосуреттер қолданып мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық, презентация) құрастырып жазу; өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян жазу; жіберілген қателерді (пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық) тауып, орфографиялық сөздік пен анықтамалық арқылы түзету;

12) жыл бойы өткенді қайталау.

10. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: ауызекі және жазба тілде сөйлеу туралы түсініктерін кеңейту; тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып монолог құрау;

2) сөйлеу мәдениеті: сөйлеу мақсаты мен ортасына сәйкес белгілі бір тақырып аясында диалог құру; сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, сезімі мен көңіл күйіне әсерін ескеру; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл мен ым-ишара, және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тындарманды қызықтыру;

3) фонетика: буын үндестігі туралы ұғым қалыптастыру: дауысты дыбыстардың сөз ішінде жуан-жіңішкелігіне қарай үндесіп айтылуы және жазылуы; дыбыс үндестігі туралы түсінік; сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану: түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы қатаң болып келетіні, түбірдің соңғы дыбысы ұяң немесе үнді болса, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы да ұяң не үнді болып сәйкестенуі, дауысты дыбыстың әсерінен түбірдің соңындағы қатаң дыбыстың ұяң не үнді болып өзгеруі;

4) мәтін: мәтін түрлері (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) туралы берілген ұғымды кеңейту; мәтіннің құрылымын талдау; мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау; пайымдаудың мазмұндық және құрылымдық

септік, табыс септік, шығыс септік, көмектес септік; жіктік жалғауы);

7) сөз таптары (зат есім: жалпы – жалқы есім, деректі – дерексіз зат есім; сын есім: түр-түс, көлем атаулары; сан есім, дара және күрделі сан есім: есептік, реттік сан есімдер; есімдік: жіктеу, сұрау, сілтеу есімдіктері, етістік: дара және күрделі; осы шақ, келер шақ, өткен шақ);

8) сөздердің байланысы туралы бастапқы түсінік (зат есім мен етістік; сын есім+зат есім; сан есім+зат есім; сілтеу есімдігі+зат есім; зат есім + етістік);

9) сөйлем туралы бастапқы түсінік (жай сөйлем: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем);

10) әдеби тіл нормалары және сөйлеу этикеті (орфоэпиялық, орфографиялық норма: дыбыстарды дұрыс айту және дұрыс жазу; пунктуация: жай сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс қою, сөйлеу әдебінің нормалары: амандасу, қоштасу; рұқсат сұрау әдебі, кешірім сұрау);

11) шығармашылық жұмыс (салыстыра суреттеу, сипаттау, баяндау мәтіндерін құрастыру; тірек сөздерді қолданып әңгімелеу; фотосуреттерді қолданып мәтін құрастыру; кесте толтыру);

12) тоқсанды және жыл бойы өткенді қайталау.

#### **4-сынып бойынша базалық мазмұн:**

1) тіл және оның қызметі (ақпарат беру, оқиғаны баяндау, суреттеу, әңгімелеу);

2) сөйлеу түрлері (ауызша және жазбаша сөйлеу: сөйлем, диалог, монолог);

3) мәтін түрлері (әңгіме, ертегі, жыр, мысал, өлең, бата, жұмбақ, жаңылтпаш, пейзаж, портрет);

ерекшеліктерін (түсіндіру, дәлелдеу, қорытынды) анықтау; мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; мәтіндерді салыстырмалы талдау: бір тақырыпта түрлі жанрда берілген мәтіндерді салыстыру;

5) тыңдалған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту; берілген мәтіннің тақырыбы мен диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу; аудио-бейне жазба мазмұнын өзіндік бағалау;

6) сөз тіркесі, сөйлем: сөйлемге қатысты өтілгенді қайталау; сөйлемдегі сөз тіркестерін табу; сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгісі; жай және құрмалас сөйлем; құрмалас сөйлемді сызба бойынша құрау; құрмалас сөйлемнің тыныс белгісі;

7) диалогте қолданылатын тыныс белгілер;

8) күрделі сөз туралы жалпы түсінік: біріккен сөз; біріккен сөздің жасалуы және оның жиі кездесетін түрлері; қос сөз және олардың жасалуы; қос сөздердің мәні және емлесі; қысқарған сөз; қысқарған сөздердің жасалуы және олардың емлесі; бірігу, қосарлану, тіркесу жолымен туынды сөздер жасау;

9) сөз және оның мағынасы: тұрақты сөз тіркестері туралы түсінік беру; мәнмәтінде тұрақты сөз тіркестері мен көпмағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану; түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) берілген тақырыпты, қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау;

10) сөз таптары: зат есім туралы өтілгенді қайталау, зат есімнің септелуі; септік жалғауының аттары мен септелуі; септік жалғауының емлесі; тәуелденген сөздердің септелуі; көптік жалғаулы сөздердің септелуі; зат есімнің жіктелуі; жіктік жалғаулары, олардың жекеше, көпше түрлері; етістік, туралы өтілгенді қайталау; етістік, оның жіктелуі; жекеше және көпше жіктеу үлгілері; етістіктің шақтары: осы шақ, өткен шақ, келер шақ; сын есім; қарсы мәндес сын есімдер; сан есім, дара және күрделі сан есімдер, емлесі; есімдік туралы жалпы түсінік; жіктеу есімдіктері, олардың септелуі; үстеу туралы түсінік; шылау туралы

4) сөз және оның мағынасы (тура және ауыспалы мағына; синоним, антоним, омоним, көп мағыналы сөз);

5) фонетика (дауысты дыбыстар: жуан – жіңішке; еріндік-езулік; ашық – қысаң; дауыссыз дыбыстар: қатаң, ұяң, үнді; буын және оның түрлері, тасымал);

6) сөз құрамы туралы бастапқы түсінік (түбір мен қосымша; қосымшалар: көптік жалғау, тәуелдік жалғауы, септік жалғауы: атау септік, ілік септік, барыс септік, жатыс септік, табыс септік, шығыс септік, көмектес септік; жіктік жалғауы; сөз тудырушы белсенді жұрнақтар; біріккен сөз, қос сөз);

7) сөз таптары туралы бастапқы түсінік (зат есім: жалпы – жалқы есім, деректі – дерексіз зат есім; сын есім: түр-түс, көлем, сын-сапа атаулары; сан есім: есептік, реттік, жинақтық сан есім; есімдік: жіктеу, сұрау, сілтеу, болымсыздық есімдіктері, етістіктің шақтары; үстеу: мекен, мезгіл үстеулері; одағай);

8) сөздердің байланысы туралы бастапқы түсінік (зат есім мен етістік; сын есім+зат есім; сан есім+зат есім; сілтеу есімдігі+зат есім; зат есім + етістік; үстеу + етістік);

9) сөйлем туралы бастапқы түсінік (жай сөйлем: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем);

10) әдеби тіл нормалары және сөйлеу этикеті (орфоэпиялық, орфографиялық норма: дыбыстарды дұрыс айту және дұрыс жазу; пунктуация: жай сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс қою, сөйлеу әдебінің нормалары: амандасу, қоштасу; рұқсат сұрау әдебі, кешірім сұрау; қаратпа және қыстырма сөзді құрылымдар);

түсінік, олардың мәні; шылау мен шылау тұлғалас қосымшалардың жазылуы; одағай сөздер және олардың емлесі; еліктеуіш сөздер туралы түсінік; олардың мәні мен емлесі;

11) шығармашылық жұмыс: оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама және тірек сөздерді қолданып эссе жазу; берілген тақырыпта әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу; түрлі стильде мәтін жазу; қабырға газетіне мақала, жарнама, жаңалық жазу; мінездеме жазу; жіберілген қателерді (пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық) анықтап, орфографиялық сөздік пен анықтамалық арқылы түзету;

12) жыл бойы өткенді қайталау.

3-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі

11. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 2.2.1.1 кодында: «2» – сынып, «2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік саны.

12. Оқу мақсаттарының жүйесі:

11) шығармашылық жұмыс (салыстыра суреттеу, сипаттау, баяндау мәтіндерін құрастыру; тірек сөздерді қолданып әңгімелеу; фотосуреттерді қолданып мәтін құрастыру; кесте толтыру; мәтін бойынша тірек сөздерді анықтау, жоспар құру; хат, құттықтау, хабарландыру мәтінін құрастыру);

12) тоқсанды және жыл бойы өткенді қайталау.

### **5-сынып бойынша базалық мазмұн:**

1) тіл және оның қызметі (ақпарат беру, оқиғаны баяндау, суреттеу, әңгімелеу);

2) сөйлеу түрлері (ауызша және жазбаша сөйлеу: сөйлем, диалог, монолог, пікірталас);

3) мәтін түрлері (әңгіме, ертегі, жыр, мысал, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, пейзаж, портрет, сұқбат);

4) сөз және оның мағынасы (тура және ауыспалы мағына; синоним, антоним, омоним, көп мағыналы сөздер);

5) фонетика (дауысты дыбыстар: жуан – жіңішке; еріндік-езулік; ашық – қысаң; дауыссыз дыбыстар: қатаң, ұяң, үнді; буын және оның түрлері, тасымал, екпін және оның түрлері);

6) сөз құрамы (түбір мен қосымша; қосымшалар: көптік жалғау, тәуелдік жалғауы, септік жалғауы: атау септік, ілік септік, барыс септік, жатыс септік, табыс септік, шығыс септік, көмектес септік; жіктік жалғауы; сөз тудырушы белсенді жұрнақтар; біріккен сөз, қос сөз, тіркесті күрделі сөздер, қысқарған сөздер);

7) сөз таптары (зат есім: жалпы – жалқы есім, деректі – дерексіз зат есім; сын есім: түр-түс, көлем, сын-сапа атаулары, қатыстық сын есімдер; сан есім: есептік, реттік, жинақтық сан есім; топтау, болжалдық, бөлшектік сан

Бөлімше (түйінді дағдылар)	«Тындалым және айтылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Тындаған материалдың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тындаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру	3.1.1.1 тындаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру	4.1.1.1 тындаған материал бойынша негізгі тұстарын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту
1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау	3.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау	4.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу
1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу

есімдер; есімдік: жіктеу, сұрау, сілтеу, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктері; етістіктің шақтары, тұйық етістік; үстеудің мағыналық топтары, одағай, шылау, еліктеуіш сөздер);

8) сөздердің байланысы (зат есім мен етістік; зат есім мен зат есім; сын есім+зат есім; сан есім+зат есім; есімдік+зат есім; зат есім + етістік; үстеу + етістік; еліктеуіш сөз + етістік);

9) сөйлем (жай сөйлем: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем; құрмалас сөйлемнің құрылымдық түрлері: салалас және сабақтас сөйлемдер);

10) әдеби тіл нормалары және сөйлеу этикеті (орфоэпиялық, орфографиялық норма: дыбыстарды дұрыс айту және дұрыс жазу; пунктуация: сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс қою; сөйлеу әдебінің нормалары: амандасу, қоштасу; рұқсат сұрау, кешірім сұрау, өтініш айту; қаратпа және қыстырма сөзді құрылымдарды қолдану);

11) шығармашылық жұмыс (тірек сөздерді қолданып әңгімелеу, салыстыра сипаттау және баяндау мәтіндерін құрастыру; аудиовизуалды материалдар бойынша тірек сөздерді анықтау, жоспар құру, мазмұндама жазу; сызба, кесте, фотосуреттерді қолданып мәтін (хат, шақырту, нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, жарнама) құрастыру; күнделік, өмірбаян жазу);

12) тоқсанды және жыл бойы өткенді қайталау.

#### **4 тарау. «Қазақ тілі» пәнінен күтілетін нәтижелер 2-сынып бойынша:**

*Білім алушы:*

- мәтіннің баяндау, суреттеу түрлерін;
- ауызша сөйлеудегі сөз әдебі талаптарын;
- дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктерін;

1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сөз құрамындағы буын мен тасымалды біледі;</li> </ul> <p><i>Білім алушы:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін түрлерінен ізеттілік, отбасын және отанын сүюдің маңызын;</li> <li>- жұмбақ, ертегі, әңгіме арқылы мәдени мұралардың маңызын;</li> <li>- сөз құрамындағы түбір мен қосымшаны айырады;</li> <li>- мәндес сөздер, қарама -қарсы мағыналы сөздердің мәнін түсінеді.</li> </ul> <p><i>Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сөйлемнің хабарлы, сұраулы түрлерін сөйлеуде;</li> <li>- ұлттық құндылықтар тақырыбындағы мәтіндердегі заттық, сындық, сандық, қимыл ұғымындағы сөздерді жаттығу жұмысында;</li> <li>- ойды жеткізуде түбір мен қосымшаны құрал ретінде қолданады.</li> </ul> <p><i>Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жұптық және топтық жұмыстарда мәндес және қарама-қарсы мағынадағы сөздерді түсініп;</li> <li>- мәтіндерді түрлі жағдаятпен байланыстырып, орфографиялық нормаларға сай;</li> <li>- әдеби тіл нормалары мен сөйлеу этикетін жаңа жағдаятта қолданады.</li> </ul> <p><i>Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жазбаша сөйлеуде сөздердің байланысын шығармашылықпен;</li> <li>- табиғат құбылыстарын білдіретін сөздерді мәтін құрастыруда;</li> </ul>
1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру	3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру	4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру	
1.6 Тыңдарманның назарын аудару	2.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) қолданып, тақырыпқа (Сіз қалай ойлайсыз? Сіз не ұсынар едіңіз?) назарын аударту	3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту	4.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру	
1.7 Дыбыстарды, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	2.1.7.1 сөз ішінде дауысты дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (бүгін-бүгүн, түгін – түтүн, көсеу – көсеу)	3.1.7.1 сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі	4.1.7.1 сөз ішіндегі және сөз бен сөздің арасындағы буын, дыбыс үндестігін сақтап айту	

		– сембі, Жангүл – Жаңгүл)		<ul style="list-style-type: none"> <li>- фотосуреттерді пайдаланып, әдеби тіл нормасына сай хабарландыру мәтінін жазуда қолданады.</li> </ul> <p><b>3-сынып бойынша:</b></p> <p><i>Білім алушы:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оқылым арқылы мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты;</li> <li>- тыңдаған мәтін бойынша мазмұнды;</li> <li>- әңгімелеу, суреттеу мәтіндеріндегі тірек сөздерді біледі.</li> </ul> <p><i>Білім алушы:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ауызша сөйлеудегі диалогтың қызметін;</li> <li>- оқу мәтіндерінен сөздердің тура және ауыспалы мағынасын;</li> <li>- ертегі және мысал өлеңдері арқылы жамандық пен жақсылық қасиеттерді түсінеді.</li> </ul> <p><i>Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- дара және күрделі сан есімдерді сөйлем құрауда;</li> <li>- есімдіктердің түрлерін мәтін құрауда;</li> <li>- сөйлем түрлерін ауызша сөйлеуде пікірін жүйелі жеткізуде қолданады.</li> </ul> <p><i>Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әдеби тіл нормалары мен сөйлеу этикетін жаңа жағдаятта;</li> <li>- жағдаяттарға сай сөйлем мен диалогта тура және ауыспалы мағыналы сөздерді;</li> <li>- адам, қоғам, табиғат туралы және олардың үйлесімділігін сипаттауда септік жалғауларын тиімді қолданады.</li> </ul>
--	--	------------------------------	--	--

Бөлімше (түйінді дағдылар)	«Оқылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау	2.2.1.1 сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау / пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау	3.2.1.1 тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау	4.2.1.1 мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/ пайымдау) және олардың құрылымдық бөліктерін анықтау
2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну	2.2.2.1 синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану	3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдану	4.2.2.1 тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану
2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру	4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- сын есімнің түрлерін мәтін құрауда;
- қоршаған орта туралы жазба жұмыстарында жалғауларды қызметіне сай;
- сөйлеу әдебі нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар тұрғысынан қолданады.

**4-сынып бойынша:**

*Білім алушы:*

- табиғатқа қатысты атаулардың мағынасын;
- қимыл-әрекет пен зат атауын білдіретін сөздердің байланысын;
- көңіл-күйді білдіретін сөйлем түрлерін біледі.

*Білім алушы:*

- монологтан адамгершілік қасиеттерді білдіретін сөздердің мәнін;
- ертегілерден туған өлкенің табиғаты туралы ақпарат беретін сөйлемдердің түрлерін;
- диалогтардан рұқсат сұрау, кешірім сұрау әдебінің қолданысын түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- емле ережелерін пайдаланып, мәдени құндылықтар тақырыбындағы мәтіндерден біріккен сөздер мен қос сөздерді;
- сөздердің тура және ауыспалы мағынасын пайдаланып, қазақ тілінің маңызы туралы ойын жеткізуде;
- ізгі қасиеттерге қатысты сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалған атауларды түсініп, мәтінде қолдана алады.



2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау	<p><i>Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- синоним, омоним, антонимдерді түрлі жағдаятта ойды жеткізудің құралы ретінде</li> <li>- адам, қоғам, табиғатқа қатысты тірек сөздерді пайдаланып, жай сөйлем түрлерін құрауда тыныс белгілерді;</li> <li>- ізгілікке қатысты атауларды сөйлемде қажет сөздермен байланыстырып, сауатты қолданады.</li> </ul> <p><i>Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тілдік бірліктердің функционалдық қызметін сөйлеу әрекеті түрлерінде шығармашылықпен;</li> <li>- тірек сөздерді пайдаланып хат мәтінін құрастыруда;</li> <li>- әдеби тіл нормасына сай хабарландыру мәтінін жазуда;</li> <li>- ұлттық мерекелерге қатысты құттықтау мәтінін құрастыруда қолданады.</li> </ul> <p><b>5-сынып бойынша:</b></p> <p><i>Білім алушы:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қоғамдық қарым-қатынаста тіл мен оның қызметін және ойды жеткізу тәсілдерін;</li> <li>- ауызша және жазбаша сөйлеуде сөз әдебі нормаларын сақтап қолдануды;</li> <li>- түрлі оқу мәтіндерінен ұлттық құндылықтарды анықтай біледі.</li> </ul> <p><i>Білім алушы:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тыңдалған мәтіндер арқылы сөздердің тура және ауыспалы мәндерін;</li> <li>- өмірлік қажеттіліктердегі ауызша сөйлеуде сөз екпіні түрлерінің рөлі мен маңызын;</li> </ul>
2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1 дереккөздерден (сөздік, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу	3.2.5.1 берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алынған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау	4.2.5.1 дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау	
2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	2.2.6.1 мұғалімнің көмегімен белгілі бір тақырыпта жазылған мәтіндердің	3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін (көркем мәтін, ғылыми-	4.2.6.1 белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін,	

	ұқсастығы мен айырмашылығын (жанры, мәтін түрі) табу	танымдық мәтін), жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу	жанрын, стилін (мақала, репортаж, жаңалық, өмірбаян, мінездеме, жарнама, хабарландыру ) салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарым-қатынас үдерісінде құрмалас сөйлемдерді орынды қолдану қажеттілігін түсінеді.</li> </ul> <p><i>Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- септік жалғаулары мен тіркесті күрделі сөздерді жұптық және топтық жұмыс түрлерін орындауда;</li> <li>- сөз таптары заңдылықтарын орфографиялық нормаға сай қолдануда ;</li> <li>- адам, қоғам, табиғат үйлесімділігін электронды оқулықтар мен оқу ресурстары арқылы түсініп қолданады.</li> </ul> <p><i>Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тұлғалық ізгі қасиеттерді зерделеп, оны әдеби тіл нормалары мен сөйлеу этикетінде;</li> <li>- дереккөздерден оқу-танымдық ақпараттарды іріктеп, өмірлік жағдаяттарда;</li> <li>- тірек сөздер, сызба кесте, диаграммамен берілген рухани-мәдени құндылықтар туралы оқу материалдарын өңдеп, түрлі жаттығуларда қолданады.</li> </ul> <p><i>Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- табиғи ортада коммуникативтік сөйлеу түрлеріне бейімдеп, ойын жеткізуде;</li> <li>- ұлттық мұраларды сақтап, жеткізіп тұрған мәтін құрамындағы тілдік бірліктерді талдауда;</li> <li>- сөздердің байланысын анықтап, жазба жұмыстарын орындауда (жоспар құру, мазмұндама, эссе, т.б ) қолданады.</li> </ul>
Бөлімше (түйінді дағдылар)	Жазылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары			
	2-сынып	3-сынып	4-сынып	
дәйексөз, үзінді негізінде мәселені болжау, әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау, астарлы ойды анықтау, тұрмыстық, әлеуметтік мәтіндерді талдау арқылы негізгі ойды анықтау, перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау, коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу;

2) оқылым:

тұтас және аралас мәтіндердегі ақпаратты салыстыру, тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін тану, мақала, аннотация, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, ғылыми және публицистикалық стильде жазылған мәтіндерді талдау, сілтеме жасау;

3) жазылым:

тезистік жоспар құру, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу, графиктік мәтіндердегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу, аргументативті эссе жазу, бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу;

орфоэпиялық норма: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;

лексикалық норма: сөздік қор мен сөздік құрам;

грамматикалық норма: сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді және етістікті сөз тіркестері, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері, сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелері, жай сөйлем, жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі;

пунктуациялық норма: қабаттаса қолданылатын тыныс белгілері.

15. 10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

әртүрлі жанрдағы орта көлемді мәтіндердегі мақсатты аудитория мен тілдік құралдардың рөлін талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу, мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау, мәтінде айтылған ойға өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан баға беру;



2) оқылым:

тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу, қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану, мақала, аннотация, презентация, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, әртүрлі стильдегі мәтіндердің қызметін, құрылымын, ерекшелігін салыстыру, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу, ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау;

3) жазылым:

күрделі жоспар құру, әртүрлі жанрдамәтіндер құрастыру, жағдаятты талқылау, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе), перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу, тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру, мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру, мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу, эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу, жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау;

орфоэпиялық норма: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;

лексикалық норма: лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану;

грамматикалық норма: құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу, салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану, сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану, аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану;

пунктуациялық норма: құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану.

4 тарау. «Қазақ тілі» пәні бойынша күтілетін нәтижелер

16. 6-сынып білім алушыларынан күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер бойынша 6-сыныптың соңында *білім алушы*:

- тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжай;

- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтай;

- тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтай;

- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсінеді, анықтай;

- лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тани;

- хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырата;

- берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құра біледі.

*Білім алушы:*

- рухани-мәдени құндылықтарды;

- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді;

- өздігінен білімін арттыруды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені талдауда;

- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, негізгі және қосымша ақпаратты анықтауда;

- мәтін мазмұнын түсінуде, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыруда;

- мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзетуде және редакциялауда;

- қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазуда;

- төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс жазуда;

- сұрақтар құрастыруда;

- тілдік материалдарды өзара салыстыруда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені талдағанда;

- тыңдалған мәтін мазмұнын негізінде сұрақтарға жауап беруде, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіруде;

- ауызекі стильдегі мәтіндердің

мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыра;

- оқылым стратегияларын қолдану:

жалпы мазмұнын түсіну үшін, нақты ақпаратты табу үшін оқуда;

- жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазуда;

- сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білуде;

- жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында;

- зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы

түрлендіріп;

- сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына білуде;

- сан есімнің мағыналық түрлерін ажыратып, сан есімді зат есім орнына қоюда;

- төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін біліп, төл сөзді төлеу сөзге айналдыруда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысуда, өз пікірін білдіруде;

- энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білуде;

- жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазуда;

- сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыруда;

- эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазуда;

- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазуда;

- тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай;

- сыни ойлауда және сыни талқылауда;

- мәтіндерді салыстыруда;

- мәтін мазмұнын ұлттық құндылық ретінде бағалауда қолданады.

17. 7-сынып білім алушыларынан күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер бойынша 7-сыныптың соңында *білім алушы:*

- мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжай;

- мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтай;

- мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтайды;

- ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажыратады;

- әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құрады;

- ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін ажыратады;

- қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсінеді, дұрыс қолданады;

- жоспар құруды біледі.

*Білім алушы:*

- рухани-мәдени құндылықтарды;

- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді;
- тыңдалған мәтіннің мазмұнын;
- өздігінен білімін арттыруды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдауда;

- детальді ақпаратты анықтауда;
- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;
- өз көзқарасын дәлелдеуде;
- шығармашылық жұмыс түрлерін жазуда;
- сұрақтар құрастыруда;
- тілдік материалдарды өзара салыстыруда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

-- ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені талдағанда;

- ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізуде;

- коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізуде;

- мәтін мазмұнын шынайы өмірмен байланыстыра талдағанда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;

- сыни ойлауда және сыни талқылауда;

- мәтіндерді салыстыруда;

- мәтін мазмұнын ұлттық құндылық ретінде бағалауда;

- жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазуда;

- эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу

себептерін айқын көрсетуде;

- ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыруда;

- оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқуда;

- мәтіндегі адамдар арасындағы қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, эссе жазуда қолданады.

18. 8-сынып білім алушыларынан күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер бойынша 8-сыныптың соңында *білім алушы:*

- мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжай;

- ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата;

- мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыра

- ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған

деректерді қолдана, авторына сілтеме жасай;

- әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құра;

- жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жаза біледі.

*Білім алушы:*

- рухани-мәдени құндылықтарды;

- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді;

- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;

- мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялауды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беруде;

- публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы;

- хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратуда;

- сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалар дан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдап;

- өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылауда;

- оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасауда, іріктеп оқуда, зерттеп оқуда;

- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазуда;

- мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеруде;

- синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялауда;

- етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында;

- еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсініп;

- шылау түрлерін ажыратып, орынды;

- одағай түрлерін ажыратып; орынды;

- оқшау сөздердің қызметін түсініп;

- сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- коммуникативтік жағдаятқа сай

көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу,

пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдауда;

- идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдай;

- жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазуда;

- мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазуда;

- эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз (дискуссивті эссе) көзқарасын жазуда;

- фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолданады.

19. 9-сынып білім алушыларынан күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер бойынша 9-сыныптың соңында *білім алушы*:

- мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжай;

- мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтай;

- перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыра;

- тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құра біледі.

*Білім алушы*:

- әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдауды;

- сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша*:

- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтап;

- тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыруда;

- тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдауда;

- оқылым стратегияларын қолдану:

комментарий жасауда, іріктеп оқуда, талдап оқуда;

- мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазуда;

- тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазуда;

- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай;

- сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдауда;

- коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізуде;

- публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тануда;

- мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратуда;

- ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдануда, авторына сілтеме жасауда;

- БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасауда,, редакциялауда;

- сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерін, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажыратуда; тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану;

- сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді;

- жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазуда;

- эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп (аргументативті эссе) жазуда;

- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазуда қолданады.

20. 10-сынып білім алушыларынан күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер бойынша 10-сыныптың соңында *білім алушы:*

- мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беруді, түпнұсқамен салыстыруды;

- тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра;

- мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтай;

- мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыра;

- белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана;

- жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құра;

- құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарын, түрлерін біледі.

*Білім алушы:*

- қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрадағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін;

- әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыруды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;

- мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беруде;

- қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдауда, орта көлемді монолог дайындауда;

- мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графикалық мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазуда;

- жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялауда;

- салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажыратып, түрлендіріп;

- сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажыратып, түрлендіріп;

- аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:* қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тануда;

- мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратуда;

- ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде көрсетіп, авторына сілтеме жасауда;

- мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрада мәтіндер құрастыруда;

- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазуда;

- стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс;

- құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын (аргументативті эссе) дәлелдеп жазуда;

- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазуда қолданады.



Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-10-сыныптарына арналған  
«Қазақ әдебиеті» пәнінен 12 жылдық білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы  
(оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. «Қазақ әдебиеті» пәні оқу бағдарламасының басты бағыты – білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік-эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу, білім алушыларды ұлттық құндылықтар мен әдеби мұраларды түсінуге, әдебиетті бағалай білуге үйрету.

3. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты – ұлтымыздың құнды мұралары арқылы білім алушының ой-танымын кеңейту, ұлттық рухын, эстетикалық танымы мен талғамын, дағдысын қалыптастыру. Көркем туындылар арқылы сөз өнерінің өзіндік ерекшелігін танып, тұлғаның рухани-адамгершілік әлемін, танымдық-эмоционалдық зиятын, сыни ойлауы мен өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Әдеби шығармада бейнеленген құбылысты көркемдік тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдыларды меңгерген, білім негіздерін өмірлік жағдайларда қолдана білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру.

4. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың міндеттері:

- көркем өнер түрлері ішіндегі сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктерін (өнер түрлерімен салыстыр отырып) ашу;

- әдебиеттің көркем эстетикалық, рухани-мәдени, дүниетанымдық сипатын айқындау;

- көркем шығарма арқылы оқушылардың бейнелі (образды) ойлау мен ұлттық таным-түсінігін, рухани болмысын шыңдауға, рухани-адамгершілік құндылықтармен байытуға күш салу;

- оқушылардың әдеби-теориялық білімдерін тереңдету барысында әдебиеттану ғылымының негіздерін түсінуге, мазмұндық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерінің даму өрісін тануға жол ашу;

- көркем шығарманың ұлттық сипаты, мазмұндық жаңалығы мен дәстүрлік жалғастығы, көркемдік сипаты тұрғысында тануға және бағалауға бағдар беру;

- көркем шығарманың теориялық негіздерін практикалық әрекеттер арқылы бекіту, әдебиетті оқытуды функционалдық сауаттылыққа бағыттау;

- ұлттық әдебиеттің өзіндік сипатын туыстас әдебиет пен әлемдік әдебиеттің озық үлгілері аясында салыстыру арқылы әдеби және мәдени мұра байланысының тарихи-типологиялық, ұлттық ерекшелік тұрғысында тану мен

бағалауға жол салу;

- қазақ әдебиеті мұраларын мәдени құндылық ретінде бағалау, жалпы әдеби білім арқылы мәдени құндылықтар туралы кешенді білім қалыптастыру.

5. Бағдарламада білім мазмұнының тұғырнамасы ретінде төмендегі құндылықтар қарастырылған:

- рухани-мәдени құндылықтар (отбасы, ұлтжандылық, тіл, білім, дәстүр, намыс, ар-ождан, рух, еңбекқорлық, талап, жасампаздық, тарих, діл, ғылым, мәдениет, рухани-мәдени мұра);

- ел-жер байлығы (атамекен, туған жер, шаңырақ, тарихи ескерткіштер, табиғат, табиғи байлықтар, өндіріс, отбасы әл-ауқаты) құндылықтары;

- адамгершілік құндылықтар (ізгілік, мейірім, достық, махаббат, сүйіспеншілік, бауырмалдық, қамқорлық, жауапкершілік, ізет, ынсап, қанағат, рақым, парыз, сенім);

- эстетикалық құндылықтар (байқампаздық, сезімталдық, талғам, өнер, әдебиет, мәдениет туындылары);

- Қазақстандық патриотизм (Отан, тәуелсіздік, елжандылық, заң, құқық, міндет, еркіндік, борыш, намыс, бостандық, толеранттық);

- саламаттық құндылықтар (өмір, денсаулық, уақыт, дене мәдениеті, психикалық саулық, ерік-жігер, төзім, икемділік).

6. Теориялық материалдар оқушының қазақ әдебиеті туралы ұғымдарын кеңейтуге, әдебиет туралы дүниетанымын қалыптастыруға және адамзатқа ортақ ойларды, дилеммаларды, мінездерді зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ әдебиеті білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді.

7. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқу арқылы білім алушылар:

1) фольклорлық мұралардан басталатын көркем әдеби шығармаларды түрлі мақсатта оқып түсінуге (мәнерлеп оқу, пайымдап оқу, зерделеп оқу, шолып оқу т.б.) дағдыланады;

2) көркем өнер түрлері ішіндегі сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктерін танып біледі;

3) әдебиеттің көркем эстетикалық, рухани-мәдени, дүниетанымдық сипатын айқындайды;

4) әдебиеттану ғылымының негіздерін түсінеді, мазмұндық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін меңгереді;

5) шығарманы талдау, сараптау, ой қорыту, бағалау, шығармашылықпен қолдану қабілеттерін дамытады;

6) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

7) ұлттық әдебиеттің өзіндік сипатын туыстас әдебиет пен әлемдік әдебиеттің озық үлгілері аясында салыстырады;

8) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

9) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

- 10) ауызша, жазбаша тілін дамытады;
- 11) оқырмандық мәдениетін қалыптастырады.

## 2-тарау. «Қазақ әдебиеті» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

8. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

- 1) 6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 2) 7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 3) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 4) 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 5) 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

9. Негізгі орта білім берудің мазмұнын құру және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мақсаттың келесі үш компонентінің ажырамас бірлестігінде қарастырылады:

- 1) құндылықтарға негізделген тәрбиелік мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған білімдік мақсат;
- 3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген дамыту мақсаты.

10. Негізгі орта білім беруді аяқтағанда пән бойынша білім алушылардан күтілетін нәтижелер түрінде қалыптасатын метапәндік құзыреттіліктер айқындалған:

*ғылыми-танымдық құзыреттілік:*

- халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, әдеби мәтінді, өлеңдерді, көркем шығармаларды түрлі мақсатта оқу (мәнерлеп оқу, пайымдап оқу, зерделеп оқу, шолып оқу т.б.);

- ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің байланысын, сабақтастығын, ерекшеліктерін танып білу;

- сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктерін меңгеру;

- әдебиеттің көркем эстетикалық, рухани-мәдени, дүниетанымдық сипатын айқындау;

- кейіпкерлер портреті мен образын ашу;

- бейнелі (образды) ойлауы мен ұлттық таным-түсінігінің қалыптасуы;

- әдеби-теориялық білімдерді меңгеруі;

- көркем шығарманың ұлттық, көркемдік сипатын танып білуі;

- оқылған шығармалардан дәйек келтіруі немесе өз пікірін дәйектей алуы;

- көркем мәтінді эстетикалық тұрғыдан қабылдауы;

- функционалдық сауаттылығының қалыптасуы;

- әдеби шығармада бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлер әрекетіне өзіндік көзқарасын білдіруі;

- кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып, баға беруі;

- шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыруы;

- шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазуы;

- шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдай алуы;

- әдеби эссе жаза алуы;

- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беруі.

*мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:*

- фольклордағы халық тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену ерекшеліктерін білуі;

- оқу материалдарындағы рухани-мәдени құндылықтарды ажырата алуы;

- Қазақстанның, туған өлкесінің табиғаты мен байлықтарын үнемдеудің, мәдени мұраларды сақтаудың қажеттілігін түсінуі, олардың ұлттық құндылықтарға жататынын білуі;

- әр халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық болмысы мен мәдениетін білуі;

- рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін және адами ізгі қасиеттерді бағалап, әлеуметтік-қоғамдық, табиғи ортаға бейімделіп, оның мүшелерімен ізгілікті қарым-қатынас жасай алуы.

*тілдік-коммуникативтік құзыреттілік:*

- ана тілінде сөйлеудің қажеттілігін түсінуі, өмірлік жағдаяттарда қолдана алуы;

- сөз әдебі талаптарын сақтап, қарым-қатынас жасай алуы;

- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді жеткізе білуі;

- жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөлісуі, пікірлесуі, қарым-қатынасқа түсе алуы.

*ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:*

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алуы;

- дереккөздерден қажетті мәтінді іздеп табуы, өңдей алуы, қолдана алуы;

- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолдануы;

- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдей білуі;

- АКТ, медиақұралдардың мүмкіндіктерін пайдалана алуы.

11. «Қазақ әдебиеті» пәнінен білім берудегі күтілетін нәтижелерді айқындау және оқушының білім жетістіктерін бағалау: *«білу – түсіну – білімді үлгі бойынша қолдану – білімді жаңа жағдайда қолдану – білімді шығармашылықпен қолдану»* жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

12. Әр тоқсанға тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

3-тарау. «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны

13. 6-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) «Керқұла атты Кендебай» ертегісі;

2) «Қырық өтірік» ертегісі;

3) Ә.Тәжібаевтың «Толағай» ертегісі;

4) Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы;

5) Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі;

6) Серік Қалиев «Бақ атай туралы аңыз»;

7) Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейіткүл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері;

8) Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым

бар деп ескермедім», «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңдері;

9) Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі;

10) Мағжан Жұмабаев «Тез барам» өлеңі;

11) Ілияс Жансүгіров «Бөбек бөлеу», «Сәлемдеме» өлеңдері;

12) Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты;

13) Сәуірбек Бақбергенов «Қасиет» әңгімесі;

14) Сапарғали Бегалин «Бала Шоқан» әңгімесі;

15) Марат Қабанбай «Бауыр» әңгімесі;

16) Нұрдәулет Ақыш «Мейірімділік сәулесі» ертегі хикаяты;

17) Мұзафар Әлімбаев «Серуендетем атамды» өлеңі;

18) Ділдер Мамырбаева «Көк түйме» әңгімесі.

14. 7-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) «Аяз би» ертегісі;

2) «Қобыланды батыр» жыры;

3) «Кетбұғаның естіртуі»

4) Әл-Фараби «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңдері;

5) Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» толғаулары;

6) Абай Құнанбайұлы «Күз», «Қыс», «Жазғытұры», «Жаз» өлеңдері, «Бірінші», «Жетінші» қарасөздері;

7) Сұлтанмахмұт Торайғыров «Туған еліме», «Шәкірт ойы» өлеңдері;

8) Спандияр Көбеев «Көлбақа мен Юпитер» мысалы;

9) Сәбит Дөнентаев «Бозторғай» мысал өлеңі;

10) Әбділдә Тәжібаев «Сырдария» өлеңі;

11) Жұбан Молдағалиев «Мен қазақпын» поэмасы;

12) Күләш Ахметова «Қазағым менің» өлеңі;

13) Сайын Мұратбеков «Жусан иісі» әңгімесі;

14) Оралхан Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесі;

15) Қалмақан Әбдіқадыров «Қажымұқан» хикаяты;

16) Асқар Алтай «Прописка» әңгімесі;

17) Жүмекен Нәжімеденов «Дастархан» өлеңі.

15. 8-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»;

2) Орхон-Енисей ескерткіштері «Күлтегін» жыры;

3) «Қыз Жібек» жыры;

4) Жиёмбет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім»;

5) Шортанбай Қанайұлы «Зар заман»;

6) Сүйінбай Аронұлы «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы»;

8) Абай Құнанбайұлы «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңдері, «Отыз бірінші», «Он тоғызыншы» қарасөздері;

9) Жамбыл Жабаев «Зілді бұйрық» өлеңі;

10) Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасы;

11) Міржақып Дулатов «Елім-ай» өлеңі;

- 12) Мұхтар Әуезов «Көксерек» повесі;
- 13) Ғабит Мүсірепов «Ананың анасы» әңгімесі;
- 14) Қасым Аманжолов «Туған жер» өлеңі;
- 15) Қасым Қайсенов «Жау тылындағы бала»;
- 16) Сансызбай Сарғасқаев «Тәмпіш қара»;
- 17) Медетбек Темірхан «Тәуелсізбін» өлеңі;
- 18) Төлен Әбдіков «Қонақтар» әңгімесі;
- 19) Шона Смаханұлы шымшымалары;
- 20) Сәуле Досжан «Ауылдан шыққан миллионер» повесі.

16. 9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

- 1) «Қам Бура-бекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» («Қазақ энциклопедиясы» баспасынан шыққан), Қорқыттың нақыл сөздері;
- 2) Ахмет Яссауи «Даналық кітабы»;
- 3) Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет» толғаулары;
- 4) Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»;
- 5) Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа» өлеңдері;
- 6) «Біржан-Сара» айтысы;
- 7) Абай Құнанбайұлы «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Көңіл құсы күйқылжыр шартарапқа», «Жүректе қайрат болмаса» өлеңдері, «Жиырма тоғызыншы» қарасөзі;
- 8) Шәкәрім Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастаны, «Жастарға» өлеңі;
- 9) Міржақып Дулатов «Бақытсыз Жамал» романы;
- 10) Сәбит Мұқанов «Балуан шолақ» повесі;
- 11) Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» повесі;
- 12) Дулат Исабеков «Әпке» драмасы;
- 13) Тынымбай Нұрмағамбетов «Он төрт жасар жігіт» әңгімесі;
- 14) Мұқағали Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы;
- 15) Тахауи Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесі;
- 16) Жүніс Сахиев «Айдағы жасырынбақ», «Шолпанға көшкен ауыл» фантастикалық әңгімелері;
- 17) Мұхтар Шаханов «Нарынқұм зауалы»;
- 18) Роза Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі.

17. 10-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

- 1) Жүсіп Баласағұн «Кұтты білік»;
- 2) Шешендік өнер: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Әнет баба «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?»;
- 3) Төле би «Ердің бақыты – әйел», Әйтеке би «Қасқакөл дауы», Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?»;
- 4) Сырым Датұлы «Балаби мен Сырым»;
- 5) Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені»;
- 6) «Біржан-Сара» айтысы;
- 7) Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай»;
- 8) Махамбет Өтемісұлы «Ереуіл атқа ер салмай», «Мен, мен, мен едім»,

«Бағаналы терек»;

9) Шоқан Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»;

10) Абай Құнанбайұлы «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек», ««Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», ««Сегіз аяқ»» өлеңдері, «Отыз жетінші» қарасөзі;

11) Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасы;

12) Бейімбет Майлин «Шұғаның белгісі» повесі;

13) Сәкен Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңі;

14) Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» романы;

15) Т.Айбергенов «Сағыныш», Ф.Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем»;

16) Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы;

17) Қажығали Мұхамбетқалиев «Тар кезең» романы;

18) Есенғали Раушанов «Ғайша-Бибі» поэмасы.

4-тарау. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша күтілетін нәтижелер

18. 6-сынып білім алушылардан күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер бойынша 6-сыныптың соңында *білім алушы*:

- халық ауыз әдебиетінің, балалар әдебиетінің үлгілерін, әдеби мәтінді, өлеңдерді, көркем шығармаларды түрлі мақсатта оқуды (мәнерлеп оқу, пайымдап оқу, зерделеп оқу, шолып оқу т.б.);

- көркем мәтіндерді ауызша мазмұндап айтуды;

- шығармадағы эпизодтарды;

- әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеуді;

- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді баяндауды;

- көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын ашуды;

- шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарын (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы);

- бағдарламаға сәйкес 4-5 өлең (бұған поэмалардан үзінділер де кіреді) мен 3-4 прозалық туындыдан үзінділерді жатқа айтуды біледі.

*Білім алушы:*

- шығарманың сюжеті мен композициялық құрылысын;

- көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетін;

- әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын;

- фольклорда халық тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену ерекшеліктерін;

- балалар әдебиеті үлгілерін мұғалім басшылығымен және өз бетімен ізденіп оқуды;

- көркем әдебиеттегі рухани-мәдени құндылықтарды;

- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді;

- өздігінен білімін арттыруды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;

- көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжеті мен композициясын

талдауда;

- өз көзқарасын дәлелдеуде;
- шығармашылық жұмыс түрлерін жазуда;
- сұрақтар құрастыруда;
- көркем шығармада көтерілген мәселелерді анықтауда;
- кейіпкер бейнесін сипаттап жазуда;
- кейіпкерлерді өзара салыстыруда;
- шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әдебиетті басқа өнер түрлерімен (бейнелеу, сәулет, саз, мүсін, театр, кино, т.б.) салыстыруда;
- шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беруде;
- кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазуда;
- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;
- сыни ойлауда және сыни талқылауда;
- кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беруде;
- әдеби шығармада бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлер әрекетіне өзіндік көзқарасын білдіруде;
- шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазуда қолданады.

19. 7-сынып білім алушылардан күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер бойынша 7-сыныптың соңында *білім алушы:*

- халық ауыз әдебиетінің, балалар әдебиетінің үлгілерін, әдеби мәтінді, өлеңдерді, көркем шығармаларды түрлі мақсатта оқуды (мәнерлеп оқу, пайымдап оқу, зерделеп оқу, шолып оқу т.б.);
- көркем мәтіндерді ауызша мазмұндап айтуды;
- шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасауды;
- көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын ашуды;
- шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау);
- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді баяндауды;
- жоспар құруды;
- бағдарламаға сәйкес 5-6 өлең (бұған поэмалардан үзінділер де кіреді) мен 3-4 прозалық туындыдан үзінділерді жатқа айтуды біледі.

*Білім алушы:*

- шығарманың сюжеті мен композициялық құрылысын;
- шығарманың идеясы арқылы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені;
- фольклорда халық тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену



ерекшеліктерін;

- әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын;
- шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын;
- балалар әдебиеті үлгілерін мұғалім басшылығымен және өз бетімен

ізденіп оқуды;

- көркем әдебиеттегі рухани-мәдени құндылықтарды;
- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді;
- өздігінен білімін арттыруды түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;
- көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжеті мен композициясын

талдауда;

- өз көзқарасын дәлелдеуде;
- шығармашылық жұмыс түрлерін жазуда;
- сұрақтар құрастыруда;
- көркем шығармада көтерілген мәселелерді анықтауда;
- кейіпкер бейнесін сипаттап жазуда;
- кейіпкерлерді өзара салыстыруда;
- шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, ассонанс, аллитерация) анықтауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әдебиетті басқа өнер түрлерімен (бейнелеу, сәулет, саз, мүсін, театр, кино, т.б.) салыстыруда;

- әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттауда;

- шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасауда;

- шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беруде;

- кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беруде;

- көтерілген мәселелерді шынайы өмірмен байланыстыра талдағанда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;

- сыни ойлауда және сыни талқылауда;

- әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазуда;

- шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазуда қолданады.

20. 8-сынып білім алушылардан күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер бойынша 8-сыныптың соңында *білім алушы:*

- әдеби шығармаларды түрлі мақсатта оқуды (мәнерлеп оқу, пайымдап оқу, зерделеп оқу, шолып оқу т.б.);

- әртүрлі жанрдағы шығармалардың негізгі мазмұнын, авторлары туралы

мағлұматты;

- көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашуды;
- көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін;
- шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді;
- шығармадағы көркемдегіш құралдарды (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ);
- бағдарламаға сәйкес 6-7 өлең (бұған поэмалардан үзінділер де кіреді) мен 4-5 прозалық туындыдан үзінділерді жатқа айтуды біледі.

*Білім алушы:*

- шығарманың сюжеті мен композициялық құрылысын;
- шығарманың идеясы арқылы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені;
- әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын;
- әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін;
- шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын;
- көркем әдебиеттегі рухани-мәдени құндылықтарды;
- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;
- көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжеті мен композициясын

талдауда;

- өз көзқарасын дәлелдеуде;
- шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әдебиетті басқа өнер түрлерімен (бейнелеу, сәулет, саз, мүсін, театр, кино, т.б.) салыстыруда;
- көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтауда;
- шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазуда;
- кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беруде;
- көтерілген мәселелерді шынайы өмірмен байланыстыра талдағанда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;
- сыни ойлауда және сыни талқылауда;
- әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беруде;
- әдеби көркем туындыларды ұлттық құндылық ретінде бағалауда;
- шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазуда қолданады.

21. 9-сынып білім алушылардан күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер бойынша 9-сыныптың соңында *білім алушы:*

- әртүрлі жанрдағы шығармалардың негізгі мазмұнын, авторлары туралы мағлұматты;

- әдеби шығармада бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлер әрекетін;

- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді баяндауды;

- әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтауды;

- әдеби шығарманың идеясы мен пафосын;

- көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеуді;

- көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдануды;

- шығармадағы көркемдегіш құралдарды (психологиялық параллелизм, перефраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис);

- бағдарламаға сәйкес 7-8 өлең (бұған поэмалардан үзінділер де кіреді) мен 5-6 прозалық туындыдан үзінділерді жатқа айтуды біледі.

*Білім алушы:*

- шығарманың сюжеті мен композициялық құрылысын;

- шығарманың идеясы арқылы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені;

- әдеби шығарманың идеясы мен пафосын;

- әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды;

- шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перефраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын;

- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын;

- көркем әдебиеттегі рухани-мәдени құндылықтарды;

- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;

- көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжеті мен композициясын талдауда;

- шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перефраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтауда;

- көркем шығармада көтерілген мәселелерді анықтауда

- өз көзқарасын дәлелдеуде;

- шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазуда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әдебиетті басқа өнер түрлерімен (бейнелеу, сәулет, саз, мүсін, театр, кино, т.б.) салыстыруда;

- әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашуда;

- шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалауда;

- шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беруде;

- көтерілген мәселелерді шынайы өмірмен байланыстыра талдағанда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;
- сыни ойлауда және сыни талқылауда;
- әдеби көркем туындыларды ұлттық құндылық ретінде бағалауда;
- шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазуда;
- шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазуда қолданады.

22. 10-сынып білім алушылардан күтілетін нәтижелер:

Пәндік нәтижелер бойынша 9-сыныптың соңында *білім алушы:*

- әртүрлі жанрдағы шығармалардың негізгі мазмұнын, авторлары туралы мағлұматты;

- әдеби шығармада бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлер әрекетін;
- әдеби шығарманың сюжеті мен композициясын;
- әдеби шығармадағы психологизмді;
- көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін;
- эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды;

- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін;

- бағдарламаға сәйкес 8-9 өлең (бұған поэмалардан үзінділер де кіреді) мен 6-7 прозалық туындыдан үзінділерді жатқа айтуды біледі.

*Білім алушы:*

- әдеби шығарманың сюжеті мен композициясын;
- шығарманың идеясы арқылы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені;
- әдеби шығарманың идеясы мен пафосын;
- әдеби шығармадағы психологизмді;
- көркем шығармадағы авторлық ұстанымды;
- көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін;
- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін;

- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын;
- көркем әдебиеттегі рухани-мәдени құндылықтарды;
- ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;

- көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжеті мен композициясын талдауда;

- эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдауда;

- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдауда;

- өз көзқарасын дәлелдеуде;

- автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазуда;
- көркем шығармада көтерілген мәселелерді анықтауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- әдебиетті басқа өнер түрлерімен (бейнелеу, сәулет, саз, мүсін, театр, кино, т.б.) салыстыруда;

- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беруде;

- шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалауда;

- шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беруде;

- көтерілген мәселелерді шынайы өмірмен байланыстыра талдағанда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;

- көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдануда;

- оқылған шығармалардан дәйек келтіруді немесе өз пікірін дәйектей алуда;

- әдеби көркем туындыларды ұлттық құндылық ретінде бағалауда;

- шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазуда;

- әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазуда қолданады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-10-сыныптарына арналған  
«Әлем әдебиеті» пәнінен 12 жылдық білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы  
(оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20\_\_ жылғы \_\_ қазандағы № \_\_ бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. «Әлем әдебиеті» пәні бағдарламасының басты бағыты – білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік-эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу. Білім алушыларды ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді. Бағдарламада әдеби-теориялық ұғымдарды талдауға, бағалау мен салыстыруға негізделген адамзаттың мәңгілік сұрақтары, қазіргі заманғы дилеммалар, мәселелер қарастырылған.

3. «Әлем әдебиеті» пәні бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанрларды меңгерту.

4. «Әлем әдебиеті» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

- заманауи әлемге сай өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға ынтық рухани жағынан дамыған тұлға тәрбиелеу;

- гуманистік дүниетаным, ұлттық таным, азаматтық позиция, патриоттық сезім, әлемдік және отандық мәдениетке, әдебиетке сүйіспеншілік пен құрметін қалыптастыру;

- өзге өнер түрлерімен бір қатарда әдебиеттің де өзіндік ерекшеліктері туралы түсініктерін дамыту;

- көркем мәтінді қабылдауды, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру;

- 3) рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану;
- 4) шексіз периодты ондық бөлшектерді оқу мен жазу;
- 5) өрнектің коэффициентін табу;

- 6) ұқсас қосылғыштарды біріктіру мен жақшаны ашу;
- 7) тепе-тең түрлендірулерді орындау;
- 8) тепе-теңдіктерді дәлелдеу;
- 9) құрамында жақша мен ұқсас қосылғыштары бар теңдеулерді шешу;
- 10) айнымалысы бар өрнекті, теңдікті және теңсіздіктерді, тепе-теңдіктерді ажырату;
- 11) бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шығару;
- 12) айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шығару;
- 13) сан аралықтарын кескіндеу;
- 14) сан аралықтарының бірігуін табу;
- 15) сан аралықтарының қиылысуын табу;
- 16) бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздікті шығару;
- 17) бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шығару;
- 18) айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздікті шығару;
- 19) шеңбердің ұзындығы мен дөңгелектің ауданын есептеу;
- 20) координаталық түзу және координаталық жазықтықта координатасы рационал сан болатын нүктелерді салу;
- 21) координаталық түзуде және координаталық жазықтықта нүктенің координаталарын табу;
- 22) координаталық түзу нүктелерінің арақашықтығын табу;
- 23) нүктеден түзуге дейінгі қашықтықты табу;
- 24) центрлік-симметриялы және оське қарағанда симметриялы фигураларды салу;
- 25) формула, кесте және график бойынша берілген аргументке сәйкес функцияның мәнін және берілген функцияның мәніне сәйкес аргументтің мәнін табу;
- 26)  $y = kx + b$  функциясының графигін салу;
- 27) сызықтық функцияның қасиеттерін анықтай білу;
- 28) графигі бойынша сызықтық функцияны формуламен беру;
- 29) формулалармен берілген сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуларын анықтай білу;
- 30) екі айнымалысы бар сызықтық теңдеудің графигін салу;
- 31) екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелерін қосу және алмастыру тәсілдерімен, графигтік тәсілмен шығару;
- 32) мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шешу.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
202... жылғы «...» қазандағы  
№ ... бұйрығына ...-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына ...-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-10-сыныптарына арналған  
«Информатика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

1- тарау. Жалпы ережелер

2-

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің .... жылғы ...

№ ... бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ...тіркелген).

2. «Информатика» оқу пәнін оқыту мақсаты білім алушыларды ақпаратпен жұмыс істеудің, жалпы оқу және жалпы мәдениеттілік негіздерін қалыптастыру, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгеру, заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін базалық білім, білік және дағдылармен қамтамасыз ету болып табылады.

3. Негізгі міндеттер:

1) білім алушыларда ақпараттық процестердің қоғамдағы түсінігін, ақпараттық технологияларды адам іс-әрекетінің әр түрлі салаларында пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективаларын түсінуді қалыптастыру;

2) ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде, оқуда және келешек еңбек іс-әрекетінде тиімді пайдалану біліктерін дамыту;

3) білім алушыларды жүйелерді талдау, шешімдерді әзірлеу, программалық қосымшаларды жасау, өздерінің өнімдерін бағалау үшін компьютермен жұмыс істеудің базалық қағидаларды түсінуді қамтамасыз ету;

4) талдау, абстракциялау, модельдеу және программалау арқылы түрлі тапсырмалар шеше білуді дамыту;

5) білім алушылардың бойынша жалпылау және ұқсастық, есепті құрамдас бөліктерге бөлу және жалпы заңдылықтарды айқындау, қойылған міндеттерді шешудің тиімді және ұтымды тәсілдерін іздеу қабілеттілігін қамтитын логикалық, алгоритмдік, сондай-ақ есептеу ойлауын дамыту;

6) білім алушылардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру – жалпы қабылданған қағидаларды сақтау, жеке адамның және бүкіл қазақстандық қоғам мүдделерін ескеру;

7) білім алушылардың академиялық тілді меңгеруіне және пән бойынша ұғымдық аппаратты байытуына ықпал ету.

## 2-тарау. «Информатика» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

4. «Информатика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

- 1) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 3) 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 10-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

5. Оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттары көрсетілетін бөлімшелерге бөлінген: дағды немесе білік, білім немесе түсінік.

6. «Информатика» пәні бойынша бағдарламаның мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) компьютерлік жүйелер;
- 2) ақпараттық процестер;
- 3) компьютерлік ойлау;
- 4) денсаулық және қауіпсіздік.

7. «Компьютерлік жүйелер» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) компьютердің құрылғылары;
- 2) бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 3) компьютерлік желілер.

8. «Ақпараттық процестер» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ақпаратты өлшеу мен ұсыну;
- 2) ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру.

9. "Компьютерлік ойлау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) модельдеу;
- 2) алгоритмдер;
- 3) программалау;
- 4) робототехника.

10. "Денсаулық және қауіпсіздік" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) эргономика;
- 2) ақпараттық қауіпсіздік.

6-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) «Компьютердің құрылғылары». Есептеу техникасының даму тарихы. Компьютерлік негізгі құрылғылардың әрекеттестігі; Компьютердің жады түрлері (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы



жады, кеш-жады); Процессор және оның негізгі сипаттамалары; Мақсатына байланысты компьютердің аппараттық конфигурациясын таңдау;

2) «Программалық қамтамасыз ету». Операциялық жүйелердің негізгі функциялары. IDE (ай ди и) (Integrated Development Environment (интегрированный девелопмент энвайронмент)) интерфейсінің мүмкіндіктері;

3) «Эргономика». Эргономика міндеттері (барынша жайлылық пен тиімділік үшін);

4) «Компьютерлік желілер». Сымсыз байланыстың артықшылықтары;

7-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) «Компьютердің құрылғылары». Процессор және оның сипаттамасы, Компьютердің конфигурациясы; Компьютер құнын есептеу;

2) «Алгоритмдер». Python (пайтон) тіліндегі сызықтық алгоритмдер; Салынған және құрамдас шарттарды, тармақталған алгоритмдерді программалау;

8-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) «Компьютерлік желілер». Компьютерлік желінің мақсаты, жіктелуі (ауқымы бойынша, топологиясы бойынша, тиістілігі бойынша); Компьютерлік желінің өткізу қабілеті; Бүлгіт технологияларды қолдану арқылы құжаттармен ортақ жұмыс істеу;

2) «Ақпаратты ұсыну және өлшеу». Ақпараттың көлемін бағалаудың алфавиттік тәсілі; Ақпаратты өлшеу бірліктері, ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқаға аудару;

3) «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру». Мәтіндік құжаттардағы сілтемелерді ұйымдастыру. Сілтемелер. Гиперсілтемелер. Мазмұны. Реферат құру; Электрондық кестелердегі деректер пішімдері. Абсолюттік және салыстырмалы сілтемелер. Функциялар графиктерін құру. Кірістірілген функцияларды пайдалану: математикалық (сомасы, көбейтіндісі, дәрежесі), статистикалық (ең төменгі, ең жоғары, орташа, есеп), логикалық (егер); Мәтіндік процессордағы кестелерді жасау, өңдеу және пішімдеу. Электрондық кестелер, электрондық кестенің негізгі ұғымдары. Деректерді енгізу, редакциялау және пішімдеу, маркер толтыру. Деректер типтері. Формулалар енгізу. Шартты пішімдеу. Диаграммаларды құру;

4) "Модельдеу". Интеграцияланған дайындау ортасында қолданбалы міндеттерді шешу; Процесс моделдерін (физикалық, биологиялық, экономикалық) электрондық кестеде зерттеу және құру;

5) "Программалау". Цикл операторлары (параметрі бар цикл, алғышартты цикл, кейінгі шартты цикл); Бағдарламалау тіліннің алфавиті және синтаксисі. Мәліметтер типтері; Сұрыптау;

6) "Эргономика". Электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері, электрондық құрылғылардың теріс әсерінен қорғау тәсілдері.

7) "Ақпараттық қауіпсіздік". Желідегі пайдаланушының қауіпсіздігі:

алаяқтық, интернеттегі агрессия.

9-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) "Ақпаратты ұсыну және өлшеу". Ақпарат қасиеттері (өзектілігі, дәлдігі, анықтығы, құндылығы);

2) "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру". Дерекқор, өріс, жазба. Электрондық кестеде деректер базасын құру. Деректерді іздеу, сұрыптау және сүзгілеу;

3) "Модельдеу".Компьютер құнын есептеу; Мәселені қалыптастыру; Алгоритмді әзірлеу; Алгоритмді программалау; Программаны тестілеу.

4) "Программалау". Мәліметтер типтері;Файлдарды оқу және жазу; Кірістірілген шарттарды программалау; Тармақталған алгоритмдерді программалау; Күрделі шарттарды программалау; Таңдауды ұйымдастыру; While (уайл) циклі; For (фор) циклі; Continue (континю) циклін басқару; Break (брик) циклін басқару; Else (элс) циклін басқару; Алгоритмнің трассировкасы;

5) "Эргономика". Компьютерде ұзақ уақыт жұмыс істеу тәуекелін бағалау;

6) "Ақпараттық қауіпсіздік". Желіде жұмыс істеудің этикалық және құқықтық нормаларын бұзу салдарлары

10-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) "Программалау". Бір өлшемді массив. Екі өлшемді массив. Массивтерді өңдеудің негізгі алгоритмдері: массив элементтерін іздеу, сұрыптау, орнын ауыстыру, жою және қою. PyGame (пайгейм) кітапханасы. Ойынның артқы фоны. Ойынға арналған дайын кейіпкерлер. Кейіпкер қозғалысы. Дайын сценарий бойынша ойын программалау. Ойын нәтижелерін есептеу;

3-тарау. Оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша күтілетін нәтижелер

#### Компьютерлік жүйелер

##### *Білім алушы:*

- компьютерлік технологияның даму тарихы мен келешегі туралы;

- компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттесуін;

- операциялық жүйелердің негізгі функцияларын;

- түрлі форматтағы мұрағаттарды жасауды және ашуды;

- компьютерлік желілерді жіктеуді;

- бұлтты технологияларды қолданатын құжаттармен бірлескен жұмысты жүзеге асыруды;

- пайдаланушының қажеттілігіне қарай бағдарламалық жасақтаманы таңдауды біледі;

##### *Білім алушы:*

- компьютердің жад түрлерінің мақсаттарын (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысының жұмысын, сыртқы жады, кеш-жады);

- бірдей ақпаратты сақтайтын түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстыруды;

- сымсыз байланыстың артықшылықтарын;

- желінің өткізу қабілетін анықтауды;

- процессордың функцияларын және оның негізгі сипаттамаларын қарапайым деңгейде түсінеді;

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- IDE (ай ди и) интерфейсінің мүмкіндіктерін қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдауды қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- IDE (ай ди и) интерфейсінің мүмкіндіктерін қолданады.

Ақпараттық процестер

*Білім алушы:*

- ақпараттың қасиеттерін анықтауды (маңыздылық, дәлдік, сенімділік, құндылық);

- кестеде көрсетілген функциялардың графиктерін құрастыруды біледі;

*Білім алушы:*

- "дерекқор, жазба, өріс" терминдерін түсінеді;

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- ақпаратты өлшеу бірліктері, ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқаға аударуды жүзеге асыруды;

- ақпараттың көлемін анықтағанда алфавиттік тәсілді;

- абсолютті және салыстырмалы сілтемелерді;

- электрондық кестелерді қолдану арқылы есептерді шешу үшін кірістірілген функцияларды қолданады;

- бір өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде программаларды жасауды;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- сілтемелерді ұйымдастыруды (гиперсілтемелер, мазмұны, тақырыптар, түнідірмелер);

- мәтіндік процессордағы кестелерді пішімдеуді;

- электрондық кестенің элементтерін пішімдеуді;

- электрондық кестеде диаграммаларды жасауды;

- электрондық кестеде шартты пішімдеуді;

- электрондық кестеде деректердің әртүрлі түрлерін;

- электрондық кестеде есептеулер үшін формулаларды жасауды;

- электрондық кестелер мәселелерді шешу үшін түрлі деректер пішімдерін;

- электрондық кестеде деректер базасын;

- деректерді іздеу, сұрыптау және сүзгілеуді жүзеге асыруды қолданады;  
*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- сілтемелерді ұйымдастыруды (гиперсілтемелер, мазмұны, тақырыптар, түнідірмелер);

- электрондық кестеде диаграммаларды жасауды;

- электрондық кестеде деректер базасын құруды қолданады;

### 3) Компьютерлік ойлау

*Білім алушы:*

- 3D-модельдер қолдану мысалдарын келтіруді;

- 3D-редактордың мүмкіндіктерін;

- басып шығару үшін 3D-үлгіні экспорттауды;

- процесс моделдерін (физикалық, биологиялық, экономикалық)

электрондық кестеде әзірлеу және зерттеуді;

- бір өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде программаларды жасауды;

- While (уайл) цикл операторын пайдалануды;

- екі өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде бағдарламаларды жасауды;

- пернетақтадан кейпкерді басқаруды біледі;

*Білім алушы:*

- пернетақтадан кейпкерді басқаруды;

- ойынға арналған дайын кейіпкерлер жүктеуді түсінеді;

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- деректер түрлерін жіктеуді;

- Python (пайтон) программалау тілінде файлды оқу және жазуды;

- Python (пайтон) программалау тіліндегі күрделі шарттарды;

- Python (пайтон) программалау тіліндегі кірістірілген шарттарды;

- For (фор) цикл операторын;

- PyGame (пайгейм) кітапханасын қосуды;

- ойын терезесін жасау үшін PyGame (пайгейм) кітапханасының дайын модульдерін;

- ойынның артқы фонын құруды;

- кейіпкер қозғалысын программалауды;

- дайын сценарий бойынша ойын әзірлеуді қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- 3D-редакторының графикалық примитивтерді құруға арналған құралдарын;

- айналу денелерін құру және оларды түрлендіруді;

- Python (пайтон) программалау тілінде тапсырма модельдерін жасауды;

- Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазуды;

- сұрыптау алгоритмдерін;

- For (фор) цикл операторын;

- цикл басқару нұсқаулығын (continue (континю), break (брик), else (элс));

- бір өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде программаларды жасауды;

- кейіпкер қозғалысын программалауды қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- 3D-редактордағы объектілердің модельдерін құруды;

- Python (пайтон) тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазуды;

- алгоритмнің трассировкасын жүзеге асыруды;

- Python (пайтон) программалау тілінде файлды оқу және жазуды;

- Python (пайтон) программалау тіліндегі күрделі шарттарды;

- Python (пайтон) программалау тіліндегі кірістірілген шарттарды;

- PyGame (пайгейм) кітапханасын қосуды;

- ойын терезесін жасау үшін PyGame (пайгейм) кітапханасының дайын модульдерін;

- ойынның нәтижелерін есептеу алгоритмін іске асыруды;

- ойынның артқы фонын құруды қолданады.

#### 4) Денсаулық және қауіпсіздік

*Білім алушы:*

- эргономика міндеттерін (барынша жайлылық пен тиімділік үшін) тұжырымдауды және шешуді;

- интернетке тәуелділіктің проблемаларын талқылауды;

- желідегі пайдаланушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтауды (интернетте алаяқтық пен агрессия) біледі;

*Білім алушы:*

- пайдаланушы интерфейстердің эргономикалылығын;

- әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері туралы мысалдар келтіріп, қорғау әдістерін тиімді пайдалануды;

- компьютерде ұзақ уақыты жұмыс істеу тәуекелін сыни түрде бағалауды;

- "авторлық құқық", "плагиат" ұғымдарын;

- желідегі этикалық және құқықтық нормаларын бұзу салдарын түсінеді;

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- авторға сілтеме жасайтын ақпаратпен ілестіруді;

- компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғауда қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- авторға сілтеме жасайтын ақпаратпен ілестіруді;

- компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғауда қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- авторға сілтеме жасайтын ақпаратпен ілестіруді қолданады.

#### 4-тарау. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

Оқу пәнінен күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпығаміндетті мемлекеттік стандартында айқындалған метапәндік құзыреттіліктерге (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-

коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық)бағдарланады.

«Информатика» пәнінен күтілетін нәтижелер.

6-сынып бойынша:

*Білім алушы:*

- эргономика міндеттерін (барынша жайлылық пен тиімділік үшін) тұжырымдауды және шешуді;

- интернетке тәуелділіктің проблемаларын талқылауды;
- компьютерлік технологияның даму тарихы мен келешегі туралы;
- операциялық жүйелердің негізгі функцияларын біледі;

*Білім алушы:*

- "авторлық құқық", "плагиат" ұғымдарын;
- компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттесуін;
- компьютердің жад түрлерінің мақсаттарын (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысының жұмысын, сыртқы жады, кеш-жады) түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- авторға сілтеме жасайтын ақпаратпен ілестіруді;
- IDE (ай ди и) интерфейсінің мүмкіндіктерін қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- авторға сілтеме жасайтын ақпаратпен ілестіруді;
- IDE (ай ди и) интерфейсінің мүмкіндіктерін қолданады;

Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:

- IDE (ай ди и) интерфейсінің мүмкіндіктерін;
- IDE (ай ди и) интерфейсінің мүмкіндіктерін қолданады;

7-сынып бойынша:

*Білім алушы:*

- түрлі форматтағы мұрағаттарды жасауды және ашуды;
- пайдаланушының қажеттілігіне қарай бағдарламалық жасақтаманы таңдауды біледі;

*Білім алушы:*

- сымсыз байланыстың артықшылықтарын;
- пайдаланушы интерфейстердің эргономикалылығын;
- бірдей ақпаратты сақтайтын түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстыруды;
- процессордың функцияларын және оның негізгі сипаттамаларын қарапайым деңгейде түсінеді;

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғауда;
- түрлі форматтағы мұрағаттарды жасауда және ашуда қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау кезінде;
- компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғауды;
- түрлі форматтағы мұрағаттарды жасау және ашуда қолданады;

Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:

- Python (пайтон) тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазуды қолданады;

8-сынып бойынша:

*Білім алушы:*

-3D-модельдер қолдану мысалдарын келтіруді;

- басып шығару үшін 3D-үлгіні экспорттауды;

- 3D-баспасын баптауды;

- желідегі пайдаланушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтауды (интернетте алаяқтық пен агрессия);

- 3D-редактордың мүмкіндіктерін;

- компьютерлік желілерді жіктеуді;

- Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазуды;

- бұлтты технологияларды қолданатын құжаттармен бірлескен жұмысты жүзеге асыруды;

- кестеде көрсетілген функциялардың графиктерін құрастыруды біледі.

*Білім алушы:*

- желінің өткізу қабілетін анықтауды;

- әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері туралы мысалдар келтіріп, қорғау әдістерін тиімді пайдалануды;

- электрондық кестелер мәселелерді шешу үшін түрлі деректер пішімдерін пайдалануды;

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазуды;

- ақпараттың көлемін анықтағанда алфавиттік тәсілді;

- абсолютті және салыстырмалы сілтемелерді;

- электрондық кестелерді қолдану арқылы есептерді шешу үшін кірістірілген функцияларды қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- сілтемелерді ұйымдастыруды (гиперсілтемелер, мазмұны, тақырыптар, түнідірмелер);

- 3D-редакторының графикалық примитивтерді құруға арналған құралдарын;

- айналу денелерін құру және оларды түрлендіруді;

- электрондық кестенің элементтерін пішімдеуді;

- электрондық кестеде диаграммаларды жасауды;

-электрондық кестеде шартты пішімдеуді;

- электрондық кестеде деректердің әртүрлі түрлерін;

- электрондық кестеде есептеулер үшін формулаларды жасауды;

- Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазуды;

- электрондық кестелер мәселелерді шешу үшін түрлі деректер пішімдерін;

- мәтіндік процессордағы кестелерді пішімдеуді;
- сұрыптау алгоритмдерін қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- редактордағы объектілердің модельдерін құруды;
- алгоритмнің трассировкасын жүзеге асыруды қолданады.

9-сынып бойынша:

*Білім алушы:*

- While (уайл) цикл операторын пайдалануды;
- ақпараттың қасиеттерін анықтауды (маңыздылық, дәлдік, сенімділік, құндылық)
- электрондық кестеде деректер базасын жасауды;
- бір өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде программаларды жасауды біледі;

*Білім алушы:*

- компьютерде ұзақ уақыты жұмыс істеу тәуекелін сыни түрде бағалауды;
- желідегі этикалық және құқықтық нормаларын бұзу салдарын;
- "дерекқор, жазба, өріс" терминдерін түсінеді;

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- деректер түрлерін жіктеуді;
- Python (пайтон) программалау тілінде файлды оқу және жазуды;
- Python (пайтон) программалау тіліндегі күрделі шарттарды;
- Python (пайтон) программалау тіліндегі кірістірілген шарттарды;
- For (фор) цикл операторын;
- электрондық кестеде деректер базасын жасауды қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- деректер түрлерін жіктеуді;
- Python (пайтон) программалау тілінде файлды оқу және жазуды;
- Python (пайтон) программалау тіліндегі күрделі шарттарды;
- Python (пайтон) программалау тіліндегі кірістірілген шарттарды;
- For (фор) цикл операторын;
- цикл басқару нұсқаулығын (continue (континю), break (брик), else (элс));
- электрондық кестеде деректер базасын;
- деректерді іздеу, сұрыптау және сүзгілеуді жүзеге асыруды;
- электрондық кестеде деректер базасын жасауды;
- бір өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде программаларды жасауды;
- Python (пайтон) программалау тілінде тапсырма модельдерін жасауды қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазуды;
- Python (пайтон) программалау тіліндегі күрделі шарттарды;
- Python (пайтон) программалау тіліндегі кірістірілген шарттарды;
- For (фор) цикл операторын;



- цикл басқару нұсқаулығын (continue (континю), break (брик), else (элс)) қолданады;

10-сынып бойынша:

*Білім алушы:*

- процесс моделдерін (физикалық, биологиялық, экономикалық) электрондық кестеде әзірлеу және зерттеуді;
- екі өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде бағдарламаларды жасауды;
- пернетақтадан кейпкерді басқаруды;
- ойынға арналған дайын кейіпкерлер жүктеуді біледі.

*Білім алушы:*

- процесс моделдерін (физикалық, биологиялық, экономикалық) электрондық кестеде әзірлеу және зерттеуді;
- екі өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде бағдарламаларды жасауды;
- пернетақтадан кейпкерді басқаруды;
- ойынға арналған дайын кейіпкерлер жүктеуді;
- бұлтты технологияларды қолданатын құжаттармен бірлескен жұмысты жүзеге асыру түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- бір өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде программаларды жасауды;
- дайын сценарий бойынша ойын әзірлеуді;
- кейіпкер қозғалысын программалауды;
- екі өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде бағдарламаларды жасауды;
- PyGame (пайгейм) кітапханасын қосуды;
- ойын терезесін жасау үшін PyGame (пайгейм) кітапханасының дайын модульдерін;
- ойынның артқы фонын құруды қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- кейіпкер қозғалысын программалауды;
- екі өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде бағдарламаларды жасауды;
- сұрыптау алгоритмдерін қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- ойынның нәтижелерін есептеу алгоритмін іске асыруды;
- PyGame (пайгейм) кітапханасын қосуды;
- ойын терезесін жасау үшін PyGame (пайгейм) кітапханасының дайын модульдерін;
- ойынның артқы фонын құруды қолданады.

ЖОБА  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
202... жылғы «...» қазандағы  
№ ... бұйрығына ...-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына ...-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптарына арналған  
«Биология» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің ... жылғы ....  
... № ... қаулысымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік  
жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірленген.

2. «Биология» пәнінің оқу бағдарламасы негізгі биологиялық түсініктер  
мен құбылыстарды биожүйенің ағзалық деңгейінен бастап жоғары  
деңгейлерге дейін қарастыру мен эволюциялық және экологиялық ойлауды  
қалыптастыратын жүйелі сабақтастықты қамтамасыз етеді.

3. «Биология» пәнінің мақсаты – білім алушыларға тірі ағзалардың  
көптүрлілігі, биологиялық заңдылықтар туралы білім беріп, адами және ұлттық  
құндылықтар негізінде психологиялық, физиологиялық және моральдық  
тұрғыда денсаулықты сақтауға баулып, генетикалық сауаттылықты  
қалыптастыру, табиғатқа жауапкершілікпен қарайтын экологиялық мәдениет  
пен тұлғалық қасиеттерін дамыту.

4. Оқу пәнінің міндеттері:

1) органикалық дүниенің құрылымын, жер бетіндегі тірі ағзалардың  
құрылысы мен тіршілік әрекетіндегі ерекшеліктер туралы, биоценоз тіршілік  
құрылымының ерекше формалары ретінде және биологиялық алуантүрлілік  
табиғаттағы тұрақты дамудың бейнесі екенін білу;

2) табиғатты, биологиялық көптүрлілікті сақтауда биологиялық білімнің  
рөлін түсіну, биологиялық апаттардың алдын алу, экологиялық этика  
нормалары мен ережелері бойынша экологиялық тәрбие беру;

3) гендік, хромосомалық аурулардың алдын алу үшін генетикалық  
сауаттылықты қалыптастыру, салауатты өмір салты негіздеріне баулу,  
психикалық, тән және моральдық денсаулық сақтау;

4) кәсіби бағдар және еңбек тәрбиесі, биологиялық білім беру саласында

алған білімдерін жүзеге асыруы негізінде оқушылардың бір сала бойынша өмір жолын таңдауы, медицина, ауыл шаруашылығы, биотехнология,

5) биологиялық процестердің заңдылықтарын проблемалық оқыту негізінде логикалық ой-өрісті және танымдық қызығушылығын дамыту,

6) биологиялық эксперимент нәтижелерін өздігінен талдау қабілетін және биологиялық білімді өмірде қолдана білетін, нәтижелі іс-әрекет жүргізу мүмкіндігіне қолжеткізетін тәжірибелік дағдылықтарын дамыту.

## 2-тарау. «Биология» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

5. «Биология» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

6. «Биология» оқу пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған.

7. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

8. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері;
- 2) көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму;
- 3) ағза мен қоршаған орта;
- 4) қолданбалы кіріктірілген ғылымдар.

9. «Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) тірі ағзалардың көптүрлілігі;
- 2) қоректену;
- 3) заттардың тасымалдануы;
- 4) тыныс алу;
- 5) бөліп шығару;
- 6) қозғалыс;
- 7) координация және реттелу.

10. «Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) көбею;
- 2) жасушалық айналым;
- 3) өсу және даму;
- 4) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары;
- 5) эволюциялық даму мен селекция негіздері.

11. «Ағза мен қоршаған орта» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) биосфера, экожүйе, популяция;
- 2) адам қызметінің қоршаған ортаға әсері.

12. «Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) молекулалық биология мен биохимия;
- 2) жасушалық биология;
- 3) микробиология және биотехнология;
- 4) биофизика.

3-тарау. Оқу пәнінің базалық мазмұны

13. 7-сыныпқа арналған биология пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

«Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімі

1) «Тірі ағзаларды жүйелеу». Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану.

Күтілетін нәтижелер:

жүйелеудің маңызын түсіндіру;

жүйеленуде тірі ағзалардың орынын анықтау;

жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану

Өсімдіктер құрылысындағы ерекшеліктер. Зертханалық жұмыс «Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау. Балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырактәрізділер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар

Күтілетін нәтижелер:

балдырлар мүктәрізділер, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау;

Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар;

саңырауқұлақтардың ерекшелік белгілерін сипаттау;

Зертханалық жұмыс «Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу»

Күтілетін нәтижелер:

даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату;

«Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі:

2) «Жасушалық биология». Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға.

Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға

Күтілетін нәтижелер:

жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі ұғымын түсіндіру;

өсімдіктер жасушаларын ажырату

Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшықет, жүйке.

Зертханалық жұмыс «Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу».

Күтілетін нәтижелер:

өсімдік ұлпаларын жіктеу;

Жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі. Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, вакуоль

Күтілетін нәтижелер:

прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыру

«Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері»

3) Қоректену

Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың булануы мен газдардың алмасуы

Күтілетін нәтижелер:

жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау және құрылысы мен оның қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру

Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс «Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу»

Күтілетін нәтижелер:

фотосинтез үдерісі үшін қажетті жағдайларды зерттеу

4) Заттардың тасымалдануы

Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі

Күтілетін нәтижелер:

тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру;

өсімдіктерде заттардың тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу;

Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары.

Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс «Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу». Зертханалық жұмыс «Тамыр аймақтарын зерттеу»

Күтілетін нәтижелер:

сабақ пен тамырдың ішкі құрылысын зерттеу;

сабақ және тамырдың құрылысы мен қызметтерінің өзара байланысын сипаттау;

Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері

ксилема мен флоэма элементтерінің құрылысын салыстыру

5) Тыныс алу

Өсімдіктер үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу - энергия көзі.

Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тынысалуы мысалында өсімдіктердің тынысалуын зерттеу.

Зертханалық жұмыс «Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу»

Күтілетін нәтижелер:

өсімдіктердің тыныс алу үдерісін зерттеу

6) Бөліп шығару

Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс «Өсімдіктердің тынысалу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу»

Күтілетін нәтижелер:

өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін зерттеу;

7) Қозғалыс

Өсімдіктердің қозғалысы. Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі

Күтілетін нәтижелер:

өсімдіктердің қозғалу себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау (тропизмдер, таксистер);

жарықтың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін түсіндіру;

өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау;

«Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму» бөлімі

8) Көбею. Өсу және даму.

Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы

Күтілетін нәтижелер:

өсімдіктердің жыныссыз және жынысты көбеюін сипаттау

Өсімдіктердің өсімді жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде өсімді жолмен көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу (қалемшелермен, көзшелермен), көбею ұлпаларымен.

Зертханалық жұмыс «Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері»

Күтілетін нәтижелер:

өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру;

Гүл құрылысы. Тозандану түрлері. Гүлдеу және тозандану. Тозандану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы

Күтілетін нәтижелер:

айқас тозандану мен өздігінен тозанданудың салыстырмалы артықшылықтарын сипаттау;

гүлді өсімдіктердегі қосарлы ұрықтанудың маңызын сипаттау

Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит

Күтілетін нәтижелер:

мүктер мен қырықжапырақтардың мысалында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру;

Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі

Күтілетін нәтижелер:

ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру

Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар.

Зертханалық жұмыс «Жылдық сақинаны санау»

Күтілетін нәтижелер:

ағзалардың өсу мен даму үдерістерін сипаттау;

өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерісін зерттеу;

өсімдіктердің онтогенез кезеңдерін ажырату;

«Ағза мен қоршаған орта» бөлімі

9) Биосфера, экожүйе, популяция

Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс «Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)»

Күтілетін нәтижелер:

жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу.

10) Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктерін сипаттау;

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктері

Күтілетін нәтижелер:

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің өсімдіктеріне мысал келтіру

«Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі

11) Молекулалық биология мен биохимия

Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылусыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі ролі. Зертханалық жұмыс «Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу». Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы

Күтілетін нәтижелер:

судың қасиеті мен тірі ағзалар тіршілігі үшін маңызын сипаттау;

тірі ағзалар тіршілік әрекеті үшін микро-және макроэлементтердің ролін сипаттау.

Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс «Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу»

Күтілетін нәтижелер:

азық-түліктер құрамындағы нәруыз, май, көмірсулардың бар болуын дәлелдеу.

Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы)

Күтілетін нәтижелер:

өсімдіктер үшін минералдық тыңайтқыштар құрамындағы азот, калий және фосфордың маңызын оқып білу.

12) Микробиология және биотехнология

Бактериялардың формаларының әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы.

Зертханалық жұмыс «Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру»

Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары

Күтілетін нәтижелер:

бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау;

Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері

вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру

14. 8-сыныпқа арналған биология пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

«Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері»

1) Тірі ағзалардың көптүрлілігі

Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер

Күтілетін нәтижелер:

омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау;

Дихотомиялық әдіс.

Дихотомиялық кілттерді қолдану

Күтілетін нәтижелер:

жануарларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану

Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама.

Демонстрация «Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау»

Күтілетін нәтижелер:

буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану

Әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс «Анықтағыш көмегімен жануарлар түрлерін (жергілікті регионның) анықтау»

Күтілетін нәтижелер:

әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану

«Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі:



## 2) Жасушалық биология

Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға.

Күтілетін нәтижелер:

жануарлар жасушаларын ажырату.

Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері

Күтілетін нәтижелер:

жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру

«Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімі

## 3) Қоректену

Жауын құртының, сиырдың және адамның асқорыту жүйесінің құрылысы.

Модельдеу «Адамның, сиырдың және жауынқұртының» асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру

Күтілетін нәтижелер:

омыртқасыздар, күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру

## 4) Заттардың тасымалдануы

Жануарлардағы қанайналым мүшелері: буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар

Күтілетін нәтижелер:

жануарларда заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу

Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі және қантамырларының құрылысы мен қызметі.

Күтілетін нәтижелер:

жануарлардың жүрегінің құрылысы мен қантамыр жүйелерінің маңызын сипаттау

Қантамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері.

Күтілетін нәтижелер:

жануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау

## 5) Тыныс алу

жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты.

Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар

Күтілетін нәтижелер:

тірі ағзалар үшін тыныс алудың маңызын сипаттау;  
анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату.

Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу «Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тынысалу жүйесі мүшелерін салыстыру»

Күтілетін нәтижелер:

омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру.

6) Бөліп шығару

Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру

Күтілетін нәтижелер:

омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру

Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы

әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасуларының соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату

7) Қозғалыс

Жануарлардың қозғалыс мүшелері. Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыс тәсілдері арасындағы байланыстарды анықтау

Күтілетін нәтижелер:

омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру

тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау

8) Координация және реттелу

Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктерізді

Күтілетін нәтижелер:

жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру;

Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері

Күтілетін нәтижелер:

жүйке жүйесінің қызметі мен құрылымдық компоненттерін атау;

Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің ролі. Температураға сезімталдық. Терморцепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі

Күтілетін нәтижелер:

жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау

«Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму» бөлімі

9) Көбею

Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею

Күтілетін нәтижелер:

жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру

10) Жасушалық айналым

Әртүрлі ағзалар түрлерінің хромосомалар саны.

Соматикалық және жыныс жасушалар. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиыны

Күтілетін нәтижелер:

әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалардың санын салыстыру;

сомалық және жыныс жасушаларындағы хромосомалар сандарын атау

Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы

Күтілетін нәтижелер:

тірі ағзалардың өсуі мен дамуы үшін митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру.

11) Өсу және даму

Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар.

Модельдеу «Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру»

Күтілетін нәтижелер:

жануарлардың онтогенез кезеңдерін ажырату

жануарлардың онтогенезіндегі тура және түрленіп даму типтерін салыстыру

12) Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары

Жануарларда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен ДНҚ рөлі.

Күтілетін нәтижелер:

жануарлар ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу;

үздік және үздіксіз өзгергіштікті атау;

белгілерді анықтаудағы гендердің рөлін түсіндіру;

хромосомадағы генетикалық ақпарат дезоксирибонуклейн қышқылының маңызын түсіндіру

Үй жануарларының шығу орталықтары

Күтілетін нәтижелер:

мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын оқып білу;

Қазақстан территориясында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының қолтұқымдары. Маңызды белгілер

Күтілетін нәтижелер:

маңызды үй жануарлары қолтұқымын сипаттау

«Ағза мен қоршаған орта» бөлімі

13) Биосфера, экожүйе, популяция

Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және r стратегиялары). «Жыртқыш-жемтік» қарымқатынас түрі. Популяция

санының өзгеруі.

Күтілетін нәтижелер:

популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау;

ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу;

жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін орнату;

Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарым-қатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі

Күтілетін нәтижелер:

тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау;

тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру

14) Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері

Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері

экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің шаруашылық салаларынан мысалдар келтіру;

Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары

Күтілетін нәтижелер:

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жануарларын сипаттау;

ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары

Күтілетін нәтижелер:

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мысал келтіру

«Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі

15) Молекулалық биология мен биохимия

Микробиология және биотехнология

Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес

Күтілетін нәтижелер:

қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындайтын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын сипаттау

15. 9-сыныпқа арналған биология пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

«Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі:

1) Жасушалық биология

Ұлпалардың әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшықет, жүйке.

Күтілетін нәтижелер:

Зертханалық жұмыс «Ұлпаларды жіктеу»

ұлпалардың түрлерін жіктеу

«Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімі

## 2) Қоректену

Адамның асқорыту жүйесінің құрылысы.

Модельдеу «Адамның асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру»

Күтілетін нәтижелер:

адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру

Ыдырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару

адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттау

Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы.

Адамның асқорыту жолдарының құрылысы. Асқорыту бездері. Асқорыту мүшелерінің қызметі

Күтілетін нәтижелер:

әртүрлі типті тістердің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысын және тісті күту ережелерін сипаттау;

адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру;

Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу

Күтілетін нәтижелер:

ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау;

Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. А авитаминоздағы ақшам соқыр, В1 авитаминоздағы бери – бери ауруы, С авитаминоздағы қыркұлақ, Д авитаминоздағы мешел аурулары.

Зертханалық жұмыс «Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау»

Күтілетін нәтижелер:

адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау;

Ыдырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару

Күтілетін нәтижелер:

ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкес ферменттердің арасындағы байланысты орнату;

Ферменттердің әсер ету механизмі. Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс «Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу»

Күтілетін нәтижелер:

ферменттердің белсенділігіне әсер ететін әр түрлі жағдайларды (температура, рН) зерттеу;

Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс «Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу»

Күтілетін нәтижелер:

өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу

### 3) Заттардың тасымалдануы

Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы

Күтілетін нәтижелер:

лимфа жүйесін және қан, ұлпа сұйықтығы мен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау

Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық

эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер құрамын сипаттау.

Иммунитет. Гуморальдық және жасушалық иммунитет. Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т- және В-лимфоциттердің әрекет етуі

Күтілетін нәтижелер:

лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау;

гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру;

Адам жүрегінің құрылысы мен қызметі

Күтілетін нәтижелер:

адам жүрегінің құрылысы мен қантамыр жүйелерінің маңызын сипаттау;

қантамырларының құрылысы мен қызметі

қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі сипаттау;

Адамның қанайналым жүйесі

Күтілетін нәтижелер:

адамның қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау;

Зертханалық жұмыс «Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу»

Күтілетін нәтижелер:

дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу;

Экономикалық география. Табиғи ресурстар. Табиғи ресурстардың жіктелуі. Табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау. Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуеті. Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар. Табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы, орталықтары және дайын өнім түрлері. Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлері. Тұрақты даму. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары. Адам әлеуеті даму индексінің көрсеткіштері.

Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың өндіруші, өңдеуші және қызмет салалары. Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері, орналастыру факторлары. Дүниежүзілік шаруашылық салаларын сипаттау. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері. Экономикалық инфрақұрылымның элементтері мен функциялары. Көлік инфрақұрылымы. Әлеуметтік инфрақұрылым. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп.

Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі. Халықаралық экономикалық қатынас түрлері. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму модельдері мен аумақтық құрылымы, даму үрдістері.

Елтану және саяси география негіздері. Дүниежүзінің саяси картасы. Елдердің саяси типологиясы. Саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістер. Дүние жүзі елдерінің саяси-географиялық жағдайы. Саяси интеграция.

Дүниежүзі елдері. Елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырылуы. Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы. Дүниежүзі елдерінің географиялық және экономикалық-географиялық жағдайы.

Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары.

#### **4-тарау. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер**

Оқу пәнінен күтілетін нәтижелер білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында айқындалған метапәндік құзыреттіліктерге (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланады.

«География» пәні 1-5 сыныпта оқылатын «Дүниетану/Қоршаған орта» пәні және 6-сыныпта оқытылатын «Өлкетану» пәні мазмұнының жалғасы

болып табылады.

«География» пәні бағдарламасының негізгі ерекшелігі пәндік білім, білік, дағдыларды ғана емес, сондай-ақ кең басқа да дағдыларды қалыптастыруға бағытталады: білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау. Кең ауқымды дағдылар оқушылардың мектептегі білім беру практикасында да, сондай-ақ болашақта да табыстылығының кепілі болып табылады.

Бастауыш білім беруде меңгерілетін білім салалары бойынша төмендегідей метапәндік құзыреттіліктер қалыптасады:

1) Ғылыми-танымдық құзыреттілік:

- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде өзін, отбасы мүшелерін, қоршаған ортасын құрметтеуге үйренеді;

- адам өмірінде қоршаған ортаның маңыздылығын және оның қажеттілігін түсінеді, қоршаған ортаны зерттеу, бақылау арқылы адамдар әрекетін, мінез-құлқын тануға ұмтылады;

- адам, қоғам, табиғаттың өзара үйлесімділігін туралы білімін дәлелдейді;

- оқу-танымдық әрекетке сәйкес зерттеу әдістерін ажыратады (бақылау, тәжірибе, эксперимент, модельдеу, есептеу);

- табиғатты қорғайды, экологиялық, адамгершілік тәрбие туралы түсінік алады;

- оқу танымдық әрекетін ұйымдастыруға, жоспарлауға, өзін-өзі басқаруға, бағалауға, өзіндік ой қорытындысын шығаруға үйренеді;

1) Мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:

- оқу материалдарындағы рухани-мәдени құндылықтарды ажырата алады;

- Қазақстанның, туған өлкесінің табиғаты мен байлықтарын үнемдеу, мәдени мұраларды сақтаудың қажеттілігін түсінеді, олардың ұлттық құндылықтарға жататынын біледі.

- рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін және адами ізгі қасиеттерді бағалап, әлеуметтік-қоғамдық, табиғи ортаға бейімделіп, оның мүшелерімен ізгілікті қарым-қатынас жасайды;

2) Тілдік-коммуникативтік құзыреттілік;

- жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөліседі, пікірлеседі, қарым-қатынасқа түседі;

- адамның табиғатпен, қоғаммен қарым-қатынастың қажеттілігін түсініп, коммуникативтік дағдыларын шыңдай алады;

- адам, қоғам, табиғат, аспан әлемі, табиғат физикасы жайлы және географиялық, экологиялық, экономикалық, тарихи оқу-танымдық ақпараттарды түсініп, ойын еркін жеткізе алады;

- дүниетану бойынша жеке, жұптық және топтық зерттеу жұмыстарын орындайды, бақылаулар, сарамандық (практикалық) жұмыстарды, эко жоба жасап қорғауда, коллаборациялық орта құрып қарым-қатынасқа түседі;



- қарым-қатынас дағдыларды дамыту негізінде тұлғалық, танымдық, шығармашылық қасиеттері қалыптасады;

3) Ақпараттық-технологиялық ұзыреттілік:

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алады;

- дереккөздерден қажетті мәтінді іздеп табады, өңдеп, қолданады;

- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолданады;

- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдейді;

- дүниетану пәні бойынша, цифрлы Қазақстан, әлемдік қауымдастық және Қазақстан туралы ақпараттарды электрондық, оқу ресурстардан, әртүрлі дереккөздерінен іздеп тауып, өңдейді және қажетіне қарай қолданады;

- адам, қоғам, табиғат туралы шығармашылық жұмыстарында оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу жобаларында, кластер, кесте, сызба құруда, сұлба, диаграмманы және т.б. цифрлық сауаттылықпен орындайды;

- ақпараттық ресурстар мен ғаламторды пайдалана отырып, ақпаратты іздейді, табады, алынған ақпараттардан кестелер, схемалар, модельдер жасайды, қорғайды.

## **«География» пәнінен күтілетін нәтижелер**

7-сынып

*Білім алушы:*

- бастапқы географиялық ұғымдарды, география ғылымының дамуы кезеңдерін, саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін, географиялық зерттеу нысандары мен әдістерін;

- картография негізін және карталардың түрлерін, жіктелуін және элементтерін; саяси-географиялық және саяси карталардың ерекшеліктерін;

- заманауи геоақпараттық жүйелердің жұмыс істеу ерекшеліктері мен қолдану аясын;

- зертханалық және сарамандық жұмыстарда оқыту мақсатына сай технология негізінде қарапайым жобалауды жасауды, оны күнделікті тіршілікте пайдалануды;

- географиялық-экологиялық іс-шараларды өткізуде технологиялық процестерді пайдалану жолдарын;

- аумақтық кешендерді, географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың мәнін, жіктелуін, таралу және орналасу ерекшеліктерін;

- географиялық қабық пен географиялық ортаның, геосфералардың құрамын, құрылымын, заңдылықтарын, дамуының басты кезеңдерін;

- материктер мен мұхиттардың, жекелеген аумақтардың, елдердің табиғаты ерекшеліктерін;

*Білім алушы:*

- жаһандық және жергілікті экологиялық проблемаларды; жердегі биокөптүрлілікті сақтаудағы Қызыл кітаптың рөлін; табиғи заңдылықтардың,

процестердің, құбылыстардың мәнін;

- заманауи географиялық кеңістіктің, аумақтық кешендердің ерекшеліктерін; географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың өзара байланыстарын;

- географиялық қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын;

- географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестердің себептерін, кезеңдерін, салдарын, мәнін;

- адамның ғаламдықтан жергілікті деңгейге дейінгі географиялық (қоршаған) ортасын қалыптастыратын және өзгертетін табиғи, экономикалық және әлеуметтік факторларды;

- өмір сүру сапасының қоршаған табиғи орта сапасынан тәуелділігін; ғаламдану жағдайында ірі аймақтар мен елдердің географиялық ерекшеліктерін түсінеді;

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- географиялық объектілерді, процестер мен құбылыстарды жоспар бойынша сипаттауда;

- практикалық және зертханалық жұмыстарды орындауда;

- нәтижелерді ұсынуда графикалық тәсілдерді;

- географиялық құбылыстар мен процестердің жүру жағдайларын түсіндіруде;

- географиялық қабық пен географиялық орта компоненттерінің сандық және сапалық сипаттамаларын анықтауда;

- картометрия тәсілдерін, кеңістікте бағдарлау және навигациялық дағдыларын қолдануда;

- географиялық зерттеудің заманауи әдістерін және олардың комбинациясын;

- географиялық деректердің түрлі көздерін; тақырыптық карталардың қосымша сипаттау элементтерін; геокеңістіктік дереккөздерін;

- географиялық ақпаратты іздеу, өңдеу, жүйелеу, түсіндіру, қажетті мәнмәтінде өзгерту, сақтау, тарату және ұсыну дағдыларын; қажетті мәнмәтінде есептеулер жүргізу үшін түрлі формаларды қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі қолдану техникалары арқылы ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіреуде;

- зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынуда;

- графиктік және кестелік нысанда ақпаратты беруде;

- заттардың қасиеті мен қолданылуы арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауда;

- географиялық объектілердің орналасу факторларын сипаттауда;

- эксперимент және зерттеу жүргізу жоспарын құруда қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- ғылыми-жаратылыстану эксперименті нәтижелері бойынша қорытынды жасауда;
- заттардың қасиетінің сапалық және сандық құрамына және оның құрылымына тәуелділігін анықтауда;
- географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестер мен құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтауда;
- қоғамдық өндірістің ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін; Қазақстан контент арқылы геοэкономикалық, геοэкологиялық және геосаяси жағдайды, экономикалық-әлеуметтік дамудың ерекшеліктері мен факторларын сипаттауда;
- кесте, сызбанұсқа, хабарлама, баяндама, таныстырылым түрінде көрсету үшін деректерді, географиялық ақпаратты жинау және өңдеуде; гипотезаларды, дәлелдеу мен түсініктемелерді ұсыну үшін негіздеме жасауда;
- жасалған эксперимент, тәжірибелер нәтижелерін қорытындылуда; өнеркәсіптің технологиялық қағидаттарының тірі табиғат компоненттері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға әсеріне баға беруде;
- табиғи-рекреациялық ресурстарды дұрыс пайдаланудың маңыздылығына; әртүрлі мақсаттар мен қызмет түрлері үшін географиялық нысандардың, үрдістер мен құбылыстардың жарамдылық және пайдалану дәрежесіне баға беруде;
- «Жасыл Қазақстан» және тағы басқа қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобалар аясында зерттеушілік жұмыстарды жүргізуде қолданады.

8-сынып

*Білім алушы:*

- бастапқы географиялық ұғымдарды, географиялық зерттеу нысандары мен әдістерін;
- геοэкологиялық, экономикалық-геοграфиялық, әлеуметтік-геοграфиялық, саяси-геοграфиялық және саяси карталардың ерекшеліктерін;
- заманауи геοақпараттық жүйелердің жұмыс істеу ерекшеліктері мен қолдану аясын;
- зертханалық және сарамандық жұмыстарда оқыту мақсатына сай технология негізінде қарапайым жобалауды жасауды, оны күнделікті тіршілікте пайдалануды;
- географиялық-экологиялық іс-шараларды өткізуде технологиялық процестерді пайдалану жолдарын;
- аумақтық кешендерді, географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың мәнін, жіктелуін, таралу және орналасу ерекшеліктерін;
- географиялық қабық пен географиялық ортаның, геосфералардың құрамын, құрылымын, заңдылықтарын, дамуының басты кезеңдерін;
- Қазақстан Республикасының табиғаты ерекшеліктерін;
- географияның, табиғатты пайдаланудың негізгі категорияларын;
- табиғатты пайдаланудың заманауи жіктеуінің түрлері мен типтерін, жалпы қағидаттарын, географиялық ерекшеліктерін; табиғатты қорғау

шараларын және тұрақты даму қағидаттарын; табиғатты пайдаланудың мен заманауи проблемаларын; геосфераларға антропогендік әсердің көздерін, факторларын және себептерін; табиғатты қорғау шараларының жүйесін және негізгі бағыттарын;

- адамзаттың ғаламдық проблемаларының географиялық аспектілерін біледі;

*Білім алушы:*

- жаһандық және жергілікті экологиялық проблемаларды; жердегі биокөптүрлілікті сақтаудағы Қызыл кітаптың рөлін; табиғи заңдылықтардың, процестердің, құбылыстардың мәнін;

- заманауи географиялық кеңістіктің, аумақтық кешендердің ерекшеліктерін; географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың өзара байланыстарын;

- географиялық қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын;

- географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестердің себептерін, кезеңдерін, салдарын, мәнін;

- «табиғат - халық (қоғам) - шаруашылық (экономика)» географиялық жүйесінің тұтастығы мен тұрақтылығын; табиғи ортаға антропогендік қысымды тұрақтандыру жолдарын;

- қоршаған ортаны қорғауда ғылыми-техникалық прогрестің рөлін; адамның ғаламдықтан жергілікті деңгейге дейінгі географиялық (қоршаған) ортасын қалыптастыратын және өзгертетін табиғи, экономикалық және әлеуметтік факторларды;

- өмір сүру сапасының қоршаған табиғи орта сапасынан тәуелділігін; ғаламдану жағдайында ірі аймақтар мен елдердің географиялық ерекшеліктерін; заманауи интеграциялық және геосаяси процестердің маңыздылығы мен мәнін түсінеді;

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- географиялық объектілерді, процестер мен құбылыстарды жоспар бойынша сипаттауда;

- практикалық және зертханалық жұмыстарды орындауда;

- нәтижелерді ұсынуда графикалық тәсілдерді;

- географиялық құбылыстар мен процестердің жүру жағдайларын түсіндіруде;

- географиялық қабық пен географиялық орта компоненттерінің сандық және сапалық сипаттамаларын анықтауда;

- картометрия тәсілдерін, кеңістікте бағдарлау және навигациялық дағдыларын қолдануда;

- географиялық зерттеудің заманауи әдістерін және олардың комбинациясын;

- географиялық деректердің түрлі көздерін; тақырыптық карталардың қосымша сипаттау элементтерін; геокеңістіктік дереккөздерін;

- географиялық ақпаратты іздеу, өңдеу, жүйелеу, түсіндіру, қажетті мәнмәтінде өзгерту, сақтау, тарату және ұсыну дағдыларын; қажетті мәнмәтінде есептеулер жүргізу үшін түрлі формаларды қолданады;

Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:

- географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі қолдану техникалары арқылы ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіреуде;

- зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынуда;

- графиктік және кестелік нысанда ақпаратты беруде;

- заттардың қасиеті мен қолданылуы арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауда;

- географиялық объектілердің орналасу факторларын сипаттауда;

- эксперимент және зерттеу жүргізу жоспарын құруда қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- ғылыми-жаратылыстану эксперименті нәтижелері бойынша қорытынды жасауда;

- заттардың қасиетінің сапалық және сандық құрамына және оның құрылымына тәуелділігін анықтауда;

- географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестер мен құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтауда;

- кесте, сызбанұсқа, хабарлама, баяндама, таныстырылым түрінде көрсету үшін деректерді, географиялық ақпаратты жинау және өңдеуде; гипотезаларды, дәлелдеу мен түсініктемелерді ұсыну үшін негіздеме жасауда;

- жасалған эксперимент, тәжірибелер нәтижелерін қорытындылуда; өнеркәсіптің технологиялық қағидаттарының тірі табиғат компоненттері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға әсеріне баға беруде;

- табиғи-рекреациялық ресурстарды дұрыс пайдаланудың маңыздылығына; әртүрлі мақсаттар мен қызмет түрлері үшін географиялық нысандардың, үрдістер мен құбылыстардың жарамдылық және пайдалану дәрежесіне баға беруде;

- «Жасыл Қазақстан» және тағы басқа қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобалар аясында зерттеушілік жұмыстарды жүргізуде қолданады.

9-сынып

*Білім алушы:*

- географиялық ұғымдарды, географиялық зерттеу нысандары мен әдістерін;

- геоэкологиялық, экономикалық-географиялық, әлеуметтік-географиялық, саяси-географиялық және саяси карталардың ерекшеліктерін;

- заманауи геоақпараттық жүйелердің жұмыс істеу ерекшеліктері мен қолдану аясын;

- зертханалық және сарамандық жұмыстарда оқыту мақсатына сай технология негізінде қарапайым жобалауды жасауды, оны күнделікті тіршілікте

пайдалануды;

- географиялық-экологиялық іс-шараларды өткізуде технологиялық процестерді пайдалану жолдарын;

- аумақтық кешендерді, географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың мәнін, жіктелуін, таралу және орналасу ерекшеліктерін;

- географиялық қабық пен географиялық ортаның, геосфералардың құрамын, құрылымын, заңдылықтарын, дамуының басты кезеңдерін;

- халық құрамы мен құрылымын, демографиялық жағдайды сипаттау үшін демографиялық көрсеткіштерді, «демографиялық саясат» ұғымын қолдануды, елді мекендердің түрлерін, құрылымын, функцияларын, орналасу факторлары мен даму серпінін;

- әлем, жекелеген өңірлер, елдер және Қазақстан Республикасы шаруашылығының аумақтық және салалық құрылымын, даму жағдайлары мен факторларын;

- дүниежүзінің заманауи геосаясатын, саяси картасының мазмұнын; мемлекеттік аумақтың құрылымын және мемлекеттік түрлерін; мемлекеттік шекараларды, олардың түрлері мен серпінін; елдердің типологиясын; экономикалық жүйелердің модельдерін; жекелеген аймақтардың, елдердің және Қазақстан Республикасының демографиялық саясаты ерекшеліктерін; Қазақстан Республикасының экономикалық және саяси географиялық жағдайын, аумақтық-әкімшілік бөлінуін; Қазақстан аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін;

- Қазақстан Республикасының заманауи геосаяси және геэкономикалық жағдайының ерекшеліктерін; Қазақстанның аймақтық, халықаралық саяси процестерге, халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне, қатысын;

- географияның, геоинформатиканың, геоэкологияның, табиғатты пайдаланудың, геосаясаттың, геэкономиканың негізгі категорияларын;

- дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін; халықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасының айырмашылықтарын; жекелеген аймақтар мен елдер шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымының географиялық ерекшеліктерін; жекелеген аймақтар мен елдердің географиялық өзгешеліктерін, олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, халықаралық географиялық еңбек бөлінісі жүйесіндегі мамандануы бойынша айырмашылықтарын;

- халықаралық экономикалық қатынастардың мақсаттары мен нысандарын; халықаралық байланыстардың түрлерін;

- табиғатты пайдаланудың заманауи жіктеуінің түрлері мен типтерін, жалпы қағидаттарын, географиялық ерекшеліктерін; табиғатты қорғау шараларын және тұрақты даму қағидаттарын; табиғатты пайдаланудың мен заманауи проблемаларын; геосфераларға антропогендік әсердің көздерін, факторларын және себептерін; табиғатты қорғау шараларының жүйесін және негізгі бағыттарын;

- адамзаттың ғаламдық проблемаларының географиялық аспектілерін біледі;

*Білім алушы:*

- жаһандық және жергілікті экологиялық проблемаларды; жердегі биокөптүрлілікті сақтаудағы Қызыл кітаптың ролін; табиғи және әлеуметтік-экономикалық заңдылықтардың, процестердің, құбылыстардың мәнін;
- заманауи географиялық кеңістіктің, аумақтық кешендердің ерекшеліктерін; географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың өзара байланыстарын;
- географиялық қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, ландшафт табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын;
- географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестердің себептерін, кезеңдерін, салдарын, мәнін; геосаяси процестерді; геосаясат субъектілерінің ролі мен ықпал өрісін, өзара әрекеттестігін; «Байқоңыр» ғарыш айлағының өңірлік және халықаралық маңыздылығын;
- дүниежүзінің заманауи экономикалық-географиялық және саяси-географиялық көрінісін; географияның басқа ғылымдармен интеграциялану қажеттілігін; геоэкологиялық, әлеуметтік, геоэкономикалық және геосаяси процестердің ерекшеліктері мен серпінін;
- халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын;
- «табиғат - халық (қоғам) - шаруашылық (экономика)» географиялық жүйесінің тұтастығы мен тұрақтылығын; табиғи ортаға антропогендік қысымды тұрақтандыру жолдарын;
- қоршаған ортаны қорғауда ғылыми-техникалық прогрестің ролін; адамның ғаламдықтан жергілікті деңгейге дейінгі географиялық (қоршаған) ортасын қалыптастыратын және өзгертетін табиғи, экономикалық және әлеуметтік факторларды;
- өмір сүру сапасының қоршаған табиғи орта сапасынан тәуелділігін; ғаламдану жағдайында ірі аймақтар мен елдердің географиялық ерекшеліктерін; заманауи интеграциялық және геосаяси процестердің маңыздылығы мен мәнін;
- геосаяси субъектілердің ролі мен ықпал ету аймақтарын, өзара әрекеттесу сипатын, дүние жүзінің геосаяси аудандастырылуын; адамзаттың ғаламдық проблемаларының себептері мен оларды шешу жолдарын **түсінеді**;

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- географиялық объектілерді, процестер мен құбылыстарды жоспар бойынша сипаттауда;
- практикалық және зертханалық жұмыстарды орындауда;
- нәтижелерді ұсынуда графикалық тәсілдерді;
- географиялық құбылыстар мен процестердің жүру жағдайларын түсіндіруде;
- географиялық қабық пен географиялық орта компоненттерінің сандық және сапалық сипаттамаларын анықтауда;
- картометрия тәсілдерін, кеңістікте бағдарлау және навигациялық дағдыларын қолдануда;

- географиялық зерттеудің заманауи әдістерін және олардың комбинациясын;

- географиялық деректердің түрлі көздерін; тақырыптық карталардың қосымша сипаттау элементтерін; геокеңістіктік дереккөздерін;

- географиялық ақпаратты іздеу, өңдеу, жүйелеу, түсіндіру, қажетті мәнмәтінде өзгерту, сақтау, тарату және ұсыну дағдыларын; қажетті мәнмәтінде есептеулер жүргізу үшін түрлі формаларды **қолданады**;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі қолдану техникалары арқылы ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіреуде;

- зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынуда;

- графикалық және кестелік нысанда ақпаратты беруде;

- заттардың қасиеті мен қолданылуы арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауда;

- географиялық объектілердің орналасу факторларын сипаттауда;

- эксперимент және зерттеу жүргізу жоспарын құруда **қолданады**;

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- ғылыми-жаратылыстану эксперименті нәтижелері бойынша қорытынды жасауда;

- заттардың қасиетінің сапалық және сандық құрамына және оның құрылымына тәуелділігін анықтауда;

- географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестер мен құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтауда;

- қоғамдық өндірістің ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін; Қазақстан контент арқылы геоэкономикалық, геоэкологиялық және геосаяси жағдайды, экономикалық-әлеуметтік дамудың ерекшеліктері мен факторларын сипаттауда;

- кесте, сызбанұсқа, хабарлама, баяндама, таныстырылым түрінде көрсету үшін деректерді, географиялық ақпаратты жинау және өңдеуде; гипотезаларды, дәлелдеу мен түсініктемелерді ұсыну үшін негіздеме жасауда;

- жасалған эксперимент, и тәжірибелер нәтижелерін қорытындылуда; өнеркәсіптің технологиялық қағидаттарының тірі табиғат компоненттері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға әсеріне баға беруде;

- табиғи-рекреациялық ресурстарды дұрыс пайдаланудың маңыздылығына; әртүрлі мақсаттар мен қызмет түрлері үшін географиялық нысандардың, үрдістер мен құбылыстардың жарамдылық және пайдалану дәрежесіне баға беруде;

- «Жасыл Қазақстан» және тағы басқа қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобалар аясында зерттеушілік жұмыстарды жүргізуде **қолданады**.

10-сынып

*Білім алушы:*



- географиялық ұғымдарды, географиялық зерттеу нысандары мен әдістерін;
- геоэкологиялық, экономикалық-географиялық, әлеуметтік-географиялық, саяси-географиялық және саяси карталардың ерекшеліктерін;
- заманауи геоақпараттық жүйелердің жұмыс істеу ерекшеліктері мен қолдану аясын;
- зертханалық және сарамандық жұмыстарда оқыту мақсатына сай технология негізінде қарапайым жобалауды жасауды, оны күнделікті тіршілікте пайдалануды;
- географиялық-экологиялық іс-шараларды өткізуде технологиялық процестерді пайдалану жолдарын;
- аумақтық кешендерді, географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың мәнін, жіктелуін, таралу және орналасу ерекшеліктерін;
- географиялық қабық пен географиялық ортаның, геосфералардың құрамын, құрылымын, заңдылықтарын, дамуының басты кезеңдерін;
- халық құрамы мен құрылымын, демографиялық жағдайды сипаттау үшін демографиялық көрсеткіштерді, «демографиялық саясат» ұғымын қолдануды, елді мекендердің түрлерін, құрылымын, функцияларын, орналасу факторлары мен даму серпінін;
- әлем, жекелеген өңірлер, елдер шаруашылығының аумақтық және салалық құрылымын, даму жағдайлары мен факторларын;
- дүниежүзінің заманауи геосаясатын, саяси картасының мазмұнын; мемлекеттік аумақтың құрылымын және мемлекеттік түрлерін; мемлекеттік шекараларды, олардың түрлері мен серпінін; елдердің типологиясын; экономикалық жүйелердің модельдерін; жекелеген аймақтардың, елдердің және демографиялық саясаты ерекшеліктерін;
- географияның, геоинформатиканың, геоэкологияның, табиғатты пайдаланудың, геосаясаттың, геоэкономиканың негізгі категорияларын;
- дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін; халықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасының айырмашылықтарын; жекелеген аймақтар мен елдер шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымының географиялық ерекшеліктерін; жекелеген аймақтар мен елдердің географиялық өзгешеліктерін, олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, халықаралық географиялық еңбек бөлінісі жүйесіндегі мамандануы бойынша айырмашылықтарын;
- халықаралық экономикалық қатынастардың мақсаттары мен нысандарын; халықаралық байланыстардың түрлерін;
- табиғатты пайдаланудың заманауи жіктеуінің түрлері мен типтерін, жалпы қағидаттарын, географиялық ерекшеліктерін; табиғатты қорғау шараларын және тұрақты даму қағидаттарын; табиғатты пайдаланудың мен заманауи проблемаларын; геосфераларға антропогендік әсердің көздерін, факторларын және себептерін; табиғатты қорғау шараларының жүйесін және негізгі бағыттарын;
- адамзаттың ғаламдық проблемаларының географиялық аспектілерін біледі;

*Білім алушы:*

- жаһандық және жергілікті экологиялық проблемаларды; жердегі биокөптүрлілікті сақтаудағы Қызыл кітаптың рөлін; табиғи және әлеуметтік-экономикалық заңдылықтардың, процестердің, құбылыстардың мәнін;
- заманауи географиялық кеңістіктің, аумақтық кешендердің ерекшеліктерін; географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың өзара байланыстарын;
- географиялық қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, ландшафт табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын;
- географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестердің себептерін, кезеңдерін, салдарын, мәнін; геосаяси процестерді; геосаясат субъектілерінің рөлі мен ықпал өрісін, өзара әрекеттестігін; «Байқоңыр» ғарыш айлағының өңірлік және халықаралық маңыздылығын;
- дүниежүзінің заманауи экономикалық-географиялық және саяси-географиялық көрінісін; географияның басқа ғылымдармен интеграциялану қажеттілігін; геоэкологиялық, әлеуметтік, геоэкономикалық және геосаяси процестердің ерекшеліктері мен серпінін;
- халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын;
- «табиғат - халық (қоғам) - шаруашылық (экономика)» географиялық жүйесінің тұтастығы мен тұрақтылығын; табиғи ортаға антропогендік қысымды тұрақтандыру жолдарын;
- қоршаған ортаны қорғауда ғылыми-техникалық прогрестің рөлін; адамның ғаламдықтан жергілікті деңгейге дейінгі географиялық (қоршаған) ортасын қалыптастыратын және өзгертетін табиғи, экономикалық және әлеуметтік факторларды;
- өмір сүру сапасының қоршаған табиғи орта сапасынан тәуелділігін; ғаламдану жағдайында ірі аймақтар мен елдердің географиялық ерекшеліктерін; заманауи интеграциялық және геосаяси процестердің маңыздылығы мен мәнін;
- геосаяси субъектілердің рөлі мен ықпал ету аймақтарын, өзара әрекеттесу сипатын, дүние жүзінің геосаяси аудандастырылуын; адамзаттың ғаламдық проблемаларының себептері мен оларды шешу жолдарын **түсінеді**;

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- географиялық объектілерді, процестер мен құбылыстарды жоспар бойынша сипаттауда;
- практикалық және зертханалық жұмыстарды орындауда;
- нәтижелерді ұсынуда графикалық тәсілдерді;
- географиялық құбылыстар мен процестердің жүру жағдайларын түсіндіруде;
- географиялық қабық пен географиялық орта компоненттерінің сандық және сапалық сипаттамаларын анықтауда;
- картометрия тәсілдерін, кеңістікте бағдарлау және навигациялық

дағдыларын қолдануда;

- географиялық зерттеудің заманауи әдістерін және олардың комбинациясын;

- географиялық деректердің түрлі көздерін; тақырыптық карталардың қосымша сипаттау элементтерін; геокеңістіктік дереккөздерін;

- географиялық ақпаратты іздеу, өңдеу, жүйелеу, түсіндіру, қажетті мәнмәтінде өзгерту, сақтау, тарату және ұсыну дағдыларын; қажетті мәнмәтінде есептеулер жүргізу үшін түрлі формаларды **қолданады**;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі қолдану техникалары арқылы ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіреуде;

- зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынуда;

- графикалық және кестелік нысанда ақпаратты беруде;

- заттардың қасиеті мен қолданылуы арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауда;

- географиялық объектілердің орналасу факторларын сипаттауда;

- эксперимент және зерттеу жүргізу жоспарын құруда **қолданады**;

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- ғылыми-жаратылыстану эксперименті нәтижелері бойынша қорытынды жасауда;

- заттардың қасиетінің сапалық және сандық құрамына және оның құрылымына тәуелділігін анықтауда;

- географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестер мен құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтауда;

- қоғамдық өндірістің ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін; Қазақстан контент арқылы геоэкономикалық, геоэкологиялық және геосаяси жағдайды, экономикалық-әлеуметтік дамудың ерекшеліктері мен факторларын сипаттауда;

- кесте, сызбанұсқа, хабарлама, баяндама, таныстырылым түрінде көрсету үшін деректерді, географиялық ақпаратты жинау және өңдеуде; гипотезаларды, дәлелдеу мен түсініктемелерді ұсыну үшін негіздеме жасауда;

- жасалған эксперимент, и тәжірибелер нәтижелерін қорытындылуда; өнеркәсіптің технологиялық қағидаттарының тірі табиғат компоненттері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға әсеріне баға беруде;

- табиғи-рекреациялық ресурстарды дұрыс пайдаланудың маңыздылығына; әртүрлі мақсаттар мен қызмет түрлері үшін географиялық нысандардың, үрдістер мен құбылыстардың жарамдылық және пайдалану дәрежесіне баға беруде;

- «Жасыл Қазақстан» және тағы басқа қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобалар аясында зерттеушілік жұмыстарды жүргізуде **қолданады**.

## Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. 7-9-сыныптардағы физика курсының оқытудың мақсаты – оқушылардың ғылыми көзқарасының негізін қалыптастыру. Әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауды, бақылау қабілеттерін дамыту және табиғат құбылыстарын талдау және таңдау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру.

3. Мақсатқа сәйкес оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) оқушылардың әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі заңдылықтар мен принциптер туралы білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеру;

2) оқушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамытуға; физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуде меңгерген дағдыларды қолдану болып табылады.

### 2-тарау. «Физика» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

4. «Физика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

5. Негізгі орта білім беруді аяқтағанда пән бойынша білім алушылардан күтілетін нәтижелер түрінде қалыптасатын метапәндік құзыреттіліктер айқындалған:

1) ғылыми-танымдық құзыреттілік:

- физикалық тұжырымдарға дәйек келтіруі немесе өз пікірін дәйектей

алуы;

- функционалдық сауаттылық;
- өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту және өз мүмкіндігін жүзеге асыру қабілеттілігі болуы тиіс;
- оқу және танып білу ынтасының қалыптасуы тиіс;
- индукциялық және дедукциялық ойлау тәсілдерін қолдануы, есептерді шешудің әртүрлі жолдарын көре білуі тиіс;
- шамаларды табуға байланысты (қажеттілігіне қарай анықтамалықтарды және техникалық құралдарды пайдаланып) практикалық есептерді құрастыра және шығара білуі тиіс;
- ғылыми ақпараттарды жинақтай, талдай, өңдей және пайдалана білуі тиіс;

2) мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:

- оқу материалдарындағы рухани-мәдени құндылықтарды ажырата алуы;
- Қазақстанның, туған өлкесінің табиғаты мен байлықтарын үнемдеудің, мәдени мұраларды сақтаудың қажеттілігін түсінуі, олардың ұлттық құндылықтарға жататынын білуі;
- әр халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық болмысы мен мәдениетін білуі;

3) тілдік-коммуникативтік құзыреттілік:

- мемлекеттік тілді және өз ана тілін білуі, қазақ халқының және Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа да ұлыстардың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне және басқа құндылықтарына құрметпен қарауы тиіс
- сөз әдебі талаптарын сақтап, қарым-қатынас жасай алуы;
- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді жеткізе білуі;
- жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөлісуі, пікірлесуі, қарым-қатынасқа түсе алуы.

4) ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алуы;
- дереккөздерден қажетті мәтінді іздеп табуы, өңдей алуы, қолдана алуы;
- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолдануы;
- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдей білуі;
- АКТ, медиақұралдардың мүмкіндіктерін пайдалана алуы.

## **6. Оқу пәнінің 7-сыныптағы базалық білім мазмұны:**

1) «Физика – табиғат туралы ғылым». Физика – табиғат туралы ғылым; табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері.

2) «Физикалық шамалар мен өлшеулер». Халықаралық бірліктер жүйесі (SI); скаляр және векторлық физикалық шамалар; өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі; үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазу;

Зертханалық жұмыс:

№ 1 зертханалық жұмыс: кішкентай денелердің өлшемін анықтау;

№ 2-зертханалық жұмыс: физикалық шамаларды өлшеу;

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; аспап

шкаласындағы бөліктің құнын анықтау.

3) «Механикалық қозғалыс». Механикалық қозғалыс және оның сипаттамалары; санақ жүйесі; қозғалыстың салыстырмалылығы; тұзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар; жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу; әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері.

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; координатаның уақытқа тәуелділік графигін зерттеу.

4) «Тығыздық». Масса және денелердің массасын өлшеу; дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу; заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі; тығыздықты есептеу;

№ 3 зертханалық жұмыс: сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау.

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; электрондық және иіндік таразыларды қолданып, әр түрлі денелердің массасын анықтау.

5) «Денелердің өзара әрекеттесуі». Инерция құбылысы; күш; тартылыс құбылысы және ауырлық күші; салмақ; деформация; серпімділік күші, Гук заңы; үйкеліс күші; үйкеліс әрекетін техникада ескеру; бір түзу бойымен денеге әсер еткен күштерді қосу.

Зертханалық жұмыс:

№ 4 зертханалық жұмыс: серпімді деформацияларды зерделеу;

№ 5 зертханалық жұмыс: сырғанау үйкеліс күшін зерттеу;

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; динамометр көмегімен өлшеу; ауырлық күшін зерттеу; түрлі денелердің созылуын зерттеу.

6) «Қатты денелер, сұйықтар және газдардағы қысым». Газдардың, сұйықтардың және қатты денелердің молекулалық құрылымы; қатты денелердегі қысым; сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы; қатынас ыдыстар; гидравликалық машиналар; атмосфералық қысым, атмосфералық қысымды өлшеу; манометрлер, сорғылар; кері итеруші күш;

Зертханалық жұмыс:

№ 6 зертханалық жұмыс: Архимед заңын зерделеу;

№ 7 зертханалық жұмыс: дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау;

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; кез-келген пішінді қатынас ыдыстардағы бірдей және әртүрлі сұйықтардың беттерінің орналасуын зерттеу; атмосфералық қысымның бар екендігін зерттеу.

7) «Жұмыс және қуат». Механикалық жұмыс; қуат.

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; жұмыстың мәнін график бойынша анықтау; ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру; транспорт түрлерінің қуатын бағалау.

8) «Энергия». Кинетикалық энергия; потенциалдық энергия; энергияның сақталуы және басқа түрге айналуы.

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; үстел теннисіне арналған шариктің тебілу биіктігін анықтау.

9) «Жай механизмдер». Жай механизмдер; дененің массалық центрі; иіндіктің тепе-теңдік шарты; пайдалы әрекет коэффициенті.

№ 8 зертханалық жұмыс: Жазық фигураның массалар центрін анықтау;

№ 9 зертханалық жұмыс: иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау;

№ 10 зертханалық жұмыс: көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау;

3) практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; түсірілген күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу.

10) «Жер және Ғарыш». Аспан денелері туралы ғылым; Күн жүйесі; Күнгізбе негіздері (тәулік, ай, жыл).

7. Оқу пәнінің 8-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) «Жылулық құбылыстар». Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия; температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары; ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері; жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару; табиғаттағы және техникадағы жылу берілу; жылу құбылыстарының тірі ағзалардың өмірлеріндегі ролі; жылу мөлшері, заттың меншікті жылу сыйымдылығы; отынның энергиясы; отынның меншікті жану жылуы; жылу үдерістеріндегі энергияның сақталу және басқа түрге айналу заңы.

№1 зертханалық жұмыс: әртүрлі температурадағы суларды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру;

Практикалық жұмыстар: денені қыздыру үшін қажетті немесе оны суытқанда бөлінетін жылу мөлшерін есептеу; заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау; заттың агрегаттық күйлері өзгерген кездегі жылу мөлшерін есептеу; жылу мөлшерінің дене массасына тәуелділігін зерттеу; жылу мөлшерінің қыздыру температурасына тәуелділігін зерттеу; әртүрлі отынның жану тиімділігін бағалау.

2) «Заттың агрегаттық күйлері». Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы; булану және конденсация; қаныққан және қанықпаған булар; қайнау, меншікті булану жылуы; қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау.

№2 зертханалық жұмыс: мұздың меншікті балқу жылуын анықтау;

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; заттың фазалық ауысу графигін зерттеу; мұздың балқу температурасын зерттеу; булану жылдамдығының әртүрлі факторларға тәуелділігін зерттеу.

1) «Термодинамика негіздері». Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы; жылу үдерістерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы; жылу қозғалтқыштары; жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті; Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер.

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; ішкі энергияның механикалық энергияға айналуын зерттеу; жылулық тепе-теңдік орныққандағы энергияның сақталу заңын зерттеу.

2) «Электростатика негіздері». Денелердің электрленуі, электр заряды; өткізгіштер мен диэлектриктер; электр зарядының сақталу заңы; қозғалмайтын

зарядтардың өзара әрекеттесуі; Кулон заңы, элементар электр заряды; электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі; электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор;

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; бір-бірінен қандай-да бір арақашықтықта орналасқан және жіңішке жіпке ілінген екі бірдей ауа шарының әрекеттесуін зерттеу; электроскопты жасау.

3) «Тұрақты электр тогы. Электр тогы, электр тогы көздері; электр тізбегі және оның құрамды бөліктері, ток күші, кернеу; тізбек бөлігі үшін Ом заңы; өткізгіштің электр кедергісі; өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат; өткізгіштерді тізбектей және параллель қосу; электр тогының жұмысы мен қуаты; электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы; металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі; асқын өткізгіштік; электрқыздырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар; электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы).

№3 зертханалық жұмыс: электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу;

№4 зертханалық жұмыс: тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу;

№5 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу;

№6 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу;

№7 зертханалық жұмыс: электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау;

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; тізбектегі ток күшін өлшеу; тізбек бөліндегі кернеуді өлшеу; өткізгіш кедергісінің материал тегіне тәуелділігі; қыздыру шамының қуаты мен жұмысын өлшеу; тізбектей қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу; параллель қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу.

4) «Электромагниттік құбылыстар». Тұрақты магниттер, магнит өрісі; тогы бар түзу өткізгіштің магнит өрісі; тогы бар шарғының магнит өрісі; электромагниттер және оларды қолдану; магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әрекеті, электроқозғалтқыш; электр өлшеуіш құралдар; электромагниттік индукция, генераторлар.

№8 зертханалық жұмыс: тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу;

№9 зертханалық жұмыс: электромагнитті құрастыру және оның әсерін сынау;

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; су компасын (құбылнамасын) жасау; магнит өрісінің түрлі материалдар арқылы өтуін зерттеу; түрлі тиындардың магниттік қасиеттерін зерттеу; үйкеліс арқылы магниттеу; магниттің қасиетіне температураның әсері.

5) «Жарық құбылыстары». Жарықтың түзу сызықты таралу заңы; жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар; сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу; жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы, толық ішкі шағылу; линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы; линзаның көмегімен кескін алу; көз - оптикалық жүйе, көздің көру



кемшіліктері және оларды түзету әдістері; оптикалық аспаптар.

№10 зертханалық жұмыс: шынының сыну көрсеткішін анықтау;

№11 зертханалық жұмыс: жұқа линзаның фокустық қашықтығын анықтау;

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; қарапайым перископты жасау; калейдоскопты жасау; жазық айнадағы кескінді зерттеу; ойыс айнаға түскен және шағылған стандартты сәулелердің жүрісі; жинағыш және шашыратқыш линзадағы негізгі сәулелердің жүрісі; көз бен фотоаппараттың оптикалық жүйелерін салыстыру.

8. Оқу пәнінің 9-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) «Кинематика негіздері». Механикалық қозғалыс; векторлар және оларға амалдар қолдану, вектордың координаталар осьтеріне түсірілген проекциялары; түзусызықты теңайнымалы қозғалыс, үдеу; түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру; дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі; қисықсызықты қозғалыс; материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы; сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар; центрге тартқыш үдеу.

№1 зертханалық жұмыс: теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау;

№2 зертханалық жұмыс: горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу;

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; қозғалыстың салыстырмалылығы; денелердің қозғалысын сипаттау тәсілдері.

2) «Астрономия негіздері». Жұлдызды аспан; аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі; әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт; Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары; Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау.

3) «Динамика негіздері». Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері; механикадағы күштер; Ньютонның екінші заңы, масса; Ньютонның үшінші заңы; Бүкіләлемдік тартылыс заңы; дененің салмағы, салмақсыздық; денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы; Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы.

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; күшті өлшеудің практикалық тәсілдері; жердің ауырлық өрісіндегі дене қозғалысының параметрлерін есептеу; дененің еркін түсу үдеуін өлшеу.

4) «Сақталу заңдары». Дене импульсі және күш импульсі; импульстің сақталу заңы; реактивті қозғалыс; механикалық жұмыс және энергия; энергияның сақталу және айналу заңы.

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; дененің кинетикалық энергиясының өзгеруіне қатысты күштің жұмысын салыстыру; денелердің соқтығысуы кезіндегі импульстің сақталу заңын зерттеу.

5) «Тербелістер және толқындар». Тербелмелі қозғалыс; тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі; тербелмелі қозғалыстың теңдеуі;

математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері; еркін және еріксіз тербелістер, резонанс; еркін электромагниттік тербелістер; толқындық қозғалыс; дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық; электромагниттік толқындар; электромагниттік толқындар шкаласы.

№3 зертханалық жұмыс: математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау;

№4 зертханалық жұмыс: беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау.

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; әр түрлі маятниктер тербелісінің периодын есептеу; еркін және еріксіз тербелістерді зерттеу; толқындардың сипаттамасын зерттеу; ұялы телефонның жұмыс істеу принципі; аналогті сигналдың берілуі; Морзе әліппесі.

б) «Атом құрылысы. Атомдық құбылыстар». Жылулық сәуле шығару; жарық кванттары туралы Планк гипотезасы; фотоэффект құбылысы; рентген сәулелері; радиоактивтілік; радиоактивті сәулеленудің табиғаты; Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы.

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару.

7) «Атом ядросы. Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер; массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы; ядролық реакциялар, радиоактивті ыдырау заңы; ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция; ядролық реактор; термоядролық реакциялар; радиоизотоптар, радиациядан қорғану; элементар бөлшектер.

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; радиоактивті элементтердің жартылай ыдырау периодын есептеу.

8) «Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі». Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы; экологиялық мәдениет.

### **3-тарау. Сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер**

7-сынып

9. 7-сынып білім алушылары:

- 1) табиғатты зерттеудің ғылыми әдістерін ажырату;
- 2) физикалық шамаларды олардың SI- жүйесіндегі өлшем бірліктерімен сәйкестендіру;
- 3) дененің ұзындығын, көлемін, температурасын және уақытты өлшеу, өлшеу нәтижелерін аспаптардың қателіктерін есепке ала отырып жазу;
- 4) кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау;
- 5) түзу сызықты бірқалыпты қозғалыс пен бірқалыпсыз қозғалысты ажырата білу;
- 6)  $s$  -тің  $t$ -ға тәуелділік графигін тұрғызуда координаталар осьтерінде және кестелерде өлшем бірліктерін дұрыс белгілеу;
- 7) - дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен келесі жағдайларды анықтау: (1) дененің тыныштық күйін, (2) тұрақты жылдамдықпен

қозғалысын;

8) электронды, серіппелі, иінді таразылардың көмегімен дененің массасын өлшеу;

9) тығыздықтың физикалық мағынасын түсіндіру;

10) сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын тәжірибе арқылы анықтау;

11) серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділік графигінен қатаңдық коэффициентін анықтау;

12) пластикалық және серпімді деформацияларды ажырату, мысалдар келтіру;

13) заттардың молекулалық құрылысы негізінде, газдардың сұйықтар мен қатты денелердің құрылымын сипаттау;

14) қысымның физикалық мағынасын түсіндіру және өзгерту әдістерін сипаттау;

15) газ қысымын молекулалық құрылым негізінде түсіндіру;

16) 7.3.1.5 - сұйықтардағы гидростатикалық қысымның формуласын шығару және оны есептер шығаруда қолдану;

17) қатынас ыдыстарды қолдануға мысалдар келтіру;

18) гидравликалық машиналардың жұмыс істеу принципін сипаттау;

19) гидравликалық машиналарды қолдану кезіндегі күштен ұтысты есептеуді түсінеді.

10.7-сынып білім алушылары:

1) физикалық құбылыстарға мысалдар келтіру;

2) скаляр және векторлық физикалық шамалар ажырату және мысалдар келтіру;

3) келесі терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру - материялық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы, траектория, жол, орын ауыстыру;

4) механикалық қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру;

5) үйкеліс күшінің пайдасы мен зиянына мысалдар келтіру;

6) күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету;

7) денеге әсер ететін және бір түзудің бойымен бағытталған күштердің тең әрекетті күшінің модулі мен бағытын анықтау;

8) механикалық энергияның екі түрін ажырату;

9) күш моменті ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру;

10) тепе-теңдікте тұрған денелер үшін күш моменттер ережесін тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;

11) геоцентрлік және гелиоцентрлік жүйелерді салыстыру;

12) Күн жүйесінің нысандарын жүйелеу;

13) жыл мезгілдерінің ендіктерге байланысты ауысуы және күн мен түннің ұзақтығын түсіндіруді т.б. біледі.

11. 7-сынып білім алушыларының үлгі бойынша келесі біліктерді қолданады:

1) үлкен және кіші сандарды жазған кезде еселік және үлестік қосымшаларды білу және қолдану, : санды: стандартты түрде жазу;

2) қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу;

- 3) бірқалыпты қозғалған дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен жылдамдығын анықтау;
- 4) әртүрлі пішіндегі қатты дененің немесе сұйықтың көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді (мензурка) қолдану;
- 5) тығыздықтың формуласын есептер шығаруда қолдану;
- 6) инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтіру;
- 7) күнделікті өмірден күштердің әрекет етуіне мысалдар келтіру;
- 8) масса, салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату;
- 9) Гук заңының формуласы бойынша серпімділік күшін есептеу;
- 10) тыныштық, домалау және сырғанау үйкелістерін сипаттау;
- 11) есептер шығаруда қатты дененің қысымының формуласын қолдану;
- 12) есептер шығаруда Архимед заңын қолдану;
- 13) механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану;
- 14) атмосфералық қысымның табиғатын түсіндіру және оны өлшеудің әдістерін ұсыну;
- 15) манометр мен сорғылардың жұмыс істеу принципін сипаттау;
- 16) кері итеруші күшті анықтау және оның сұйыққа батырылған дененің көлеміне тәуелділігін зерттеу;
- 17) сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын түсіндіру;
- 18) дененің сұйықта жүзу шарттарын зерттеу;
- 19) механикалық жұмыс ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру;
- 20) қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру;
- 21) кинетикалық энергия формуласын есептер шығаруда қолдану;
- 22) жоғары көтерілген дене үшін потенциалдық энергияның және серпімді дененің формуласын қолдану;
- 23) энергияның түрленуіне мысалдар келтіру;
- 24) механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдану;
- 25) «Механиканың алтын ережесін» тұжырымдау және қарапайым механизмдердің қолданылуына мысалдар келтіру;
- 26) жазық фигураның массалық центрін тәжірибеде анықтау;
- 27) тәжірибеде иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау;
- 28) көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін тәжірибеде анықтау.

#### 8-сынып

#### 12. 8-сынып білім алушылары:

- 1) температураны әр түрлі шкала (Цельсий, Кельвин) бойынша өрнектеу;
- 2) техникада және тұрмыста жылу беру түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру;
- 3) заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру;
- 4) отынның жануы кезінде бөлінген жылу мөлшерін анықтау;
- 5) су буының мысалы негізінде қанығу күйін сипаттау;
- 6) меншікті булану жылуын анықтау;

- 7) қайнау температурасының сыртқы қысымға тәуелділігін түсіндіру;
- 8) жылу қозғалтқыштарындағы энергияның түрленуін сипаттау;
- 9) электр зарядын сипаттау;
- 10) Үйкеліс арқылы денені электрлену және индукция құбылысын түсіндіру;
- 11) электрленудің оң және теріс әсеріне мысалдар келтіру;
- 12) электр зарядының сақталу заңын түсіндіру;
- 13) Кулон заңын есептер шығаруда қолдану;
- 14) электр өрісі және оның күштік сипаттамасы ұғымдарының физикалық мағынасын түсінеді.

### 13. 8-сынып білім алушылары:

- 1) молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау;
- 2) Температураны өлшеуді жылулық ұлғаю негізінде сипаттау;
- 3) дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау;
- 4) жылу берілудің түрлерін салыстыру;
- 5) әр түрлі температураларда тірі ағзалардың бейімделуіне мысалдар келтіру;
- 6) жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау;
- 7) тәжірибені жүргізуге әсер ететін факторларды анықтау;
- 8) жылулық тепе-теңдік теңдеуін есептер шығаруда қолдану;
- 9) молекула-кинетикалық теория негізінде қатты күйден сұйыққа және кері айналуы сипаттау;
- 10) балқу/кристалдану кезіндегі жұтылатын/бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруға қолдану;
- 11) заттың балқу және қатаю үдерісі кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау;
- 12) термодинамиканың бірінші заңының мағынасын түсіндіру;
- 13) термодинамиканың екінші заңының мағынасын түсіндіру;
- 14) жылу қозғалтқышының пайдалы әрекет коэффициентін анықтау;
- 15) жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау т.б. біледі.

### 14. 8-сынып білім алушыларының үлгі бойынша келесі біліктерді қолданады:

- 1) жылу құбылыстарындағы энергияның сақталу және айналу заңын зерттеу;
- 2) заттың булану және конденсация үдерісі кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау;
- 3) эксперимент көмегімен мұздың меншікті балқу жылуын анықтау;
- 4) молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау;
- 5) жылу қозғалтқыштарын жетілдіру жолдарын ұсыну;
- 6) іштен жану қозғалтқышының, бу турбинасының жұмыс істеу принципін сипаттау;

- 7) біртекті электростатикалық өрістегі зарядқа әсер етуші күшті есептеу;
- 8) электр өрісін күш сызықтар арқылы кескіндеу;
- 9) потенциалдар айырымының және потенциалдың физикалық мағынасын түсіндіру;
- 10) конденсаторлардың құрылысын және қолданылуын сипаттау;
- 11) электр тогы ұғымын және электр тогының пайда болу шарттарын түсіндіру;
- 12) электр схемасын графикалық бейнелеуде электр тізбегі элементтерінің шартты белгілерін қолдану;
- 13) кернеудің физикалық мағына-сын, оның өлшем бірлігін түсіндіру;
- 14) электр тізбегіндегі ток күші мен кернеуді анықтау;
- 15) физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау;
- 16) тұрақты температурада металл өткізгіштің вольт-амперлік сипаттамасын графикалық түрде бейнелеу және түсіндіру;
- 17) эксперименттен деректерін жинақ-тау, талдау және өлшеу және қателіктерін ескеріп жазу;
- 18) тізбек бөлігі үшін Ом заңын есептер шығаруда қолдану;
- 19) кедергінің физикалық мағынасын, оның өлшем бірлігін түсіндіру;
- 20) есеп шығаруғанда өткізгіштің меншікті кедергісін формуласын қолдану;
- 21) өткізгіштерді тізбектей жалғаудың заңдылықтарын эксперимент арқылы алу;
- 22) өткізгіштерді параллель жалғаудың заңдылықтарын эксперимент арқылы анықтау;
- 23) өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғауда тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолданып, электр тізбектеріне есептеулер жүргізу;
- 24) жұмыс және қуат формулаларын есептер шығаруда қолдану;
- 25) Джоуль-Ленц заңын есептер шығару үшін қолдану;
- 26) эксперимент көмегімен электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау;
- 27)  $\text{кВт}\cdot\text{сағ}$  өлшем бірлігін қолданып, электр энергиясының құнын практика жүзінде анықтау;
- 28) металл өткізгіштердегі электр тогын және оның кедергісінің температураға тәуелділігін сипаттау;
- 29) қысқа тұйықталудың пайда болу себептерін және алдын алу амалдарын түсіндіру;
- 30) сұйықтардағы электр тогын сипаттау;
- 31) магниттердің негізгі қасиеттеріне сипаттама беру және магнит өрісін күш сызықтары арқылы бейнелеу;
- 32) магнит өрісінің сипаттамаларын түсіндіру;
- 33) тогы бар тұзу өткізгіштің және соленоидтің айналасындағы өріс сызықтарының бағытын анықтау;
- 34) жолақ магнит пен соленоидтың магнит өрістерін салыстыру;
- 35) магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсерін сипаттау;

- 36) электрқозғалтқыштың және электр өлшеуіш құралдардың жұмыс істеу принципін түсіндіру;
- 37) электромагниттік индукция құбылысын түсіндіру;
- 38) Қазақстанда және дүние жүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру;
- 39) Күннің және Айдың тұтылуын графикалық бейнелеу;
- 40) эксперимент арқылы түсу және шағылу бұрыштарының тәуелділігін анықтау;
- 41) айналық және шашыранды шағылудың мысалдарын келтіру және түсіндіру;
- 42) дененің кескінін алу үшін сфералық айнада сәуленің жолын салу және алынған кескінді сипаттау;
- 43) жазық параллель пластинада сәуленің жолын салу;
- 44) жарықтың сыну заңын пайдаланып есептер шығару;
- 45) тәжирибеге сүйене отырып толық ішкі шағылу құбылысын түсіндіру;
- 46) экспериментте шынының сыну көрсеткішін анықтау;
- 47) сыну көрсеткішінің анықталған мәнін кестелік мәндермен салыстыру және эксперимент нәтижесін бағалау;
- 48) жұқа линза формуласын есептер шығару үшін қолдану;
- 49) линзаның сызықтық ұлғаю формуласын сандық және графикалық есептер шығару үшін қолдану;
- 50) жұқа линзада сәуленің жолын салу және кескінге сипаттама беру;
- 51) жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау;
- 52) көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау;
- 53) қарапайым оптикалық құралдарды (перископ, обскура камерасы) құрастыру.

#### 9-сынып

#### 15. 9-сынып білім алушылары:

- 1) теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдана отырып, горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын сипаттау;
- 2) горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс жылдамдығын анықтау;
- 3) горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын сызу;
- 4) дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамалар арқылы сипаттау;
- 5) сызықтық және бұрыштық жылдамдықты байланыстыратын өрнекті есептер шығаруда қолдану;
- 6) центрге тартқыш үдеу формуласын есептер шығаруда қолдану;
- 7) абсолюттік және көрінерлік жұлдыздық шамаларды ажырату;
- 8) жұлдыздырдың жарқырауына әсер ететін факторларды атау;
- 9) аспан сферасының негізгі элементтерін атау;
- 10) жұлдызды аспанның жылжымалы картасынан жұлдыздардың аспан

координатасын анықтау;

11) әртүрлі ендіктегі жұлдыздардың шарықтау айырмашылығын түсіндіру;

12) жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақытты сәйкестендіру;

13) Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру;

14) Күн жүйесіндегі денелердің ара қашықтығын немесе өлшемдерін анықтау үшін параллакс әдісін қолдануды түсіндіру;

15) инерция, инерттілік және инерциялық санақ жүйесі ұғымдарының мағынасын түсіндіру;

16) Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану;

17) ауырлық күші, серпімділік күші, және үйкеліс күші табиғатын түсіндіру;

18) Ньютонның екінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану;

19) Ньютонның үшінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдануды түсінеді.

16. 9-сынып білім алушылары:

1) Материялық нүкте, санақ жүйесі, механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы ұғымдарының мағынасын түсіндіру, жылдамдықтарды қосу және орын ауыстыру теоремаларын қолдану;

2) вектордың координаталар осіне проекциясын анықтау, векторды құраушыларға жіктеу;

3) уақыттан тәуелділік графиктерінен орын ауыстыруды, жылдамдықты, үдеуді анықтау;

4) Бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану;

5) үдеумен қозғалған дененің салмағын анықтау;

6) салмақсыздық күйді түсіндіру;

7) бірінші ғарыштық жылдамдықтың формуласын есептер шығаруда қолдану;

8) ғарыш аппараттардың орбиталарын салыстыру;

9) дене импульсі мен күш импульсін ажырату;

10) импульстің сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;

11) механикалық жұмысты аналитикалық және графиктік тәсілдермен анықтау;

12) табиғаттағы және техникадағы реактивті қозғалысқа мысалдар келтіру;

13) Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңыздылығына баға беру;

14) жұмыс пен энергияның байланысын түсіндіру;

15) энергияның сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;



- 16) еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру;
  - 17) тартылыс өрісіндегі дененің қозғалысын сипаттайтын шамаларды анықтау;
  - 18) алған нәтижені түсіндіру және қорытынды жасау;
  - 19) еріксіз тербеліс амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігіне тәуелділігін график бойынша сипаттау;
  - 20) резонанс құбылысын сипаттау;
  - 21) тербелмелі контурдағы еркін электромагниттік тербелістерді сапалық түрде сипаттау;
  - 22) механикалық толқындар мен электромагниттік толқындардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру;
  - 23) электромагниттік толқындар шкаласын сипаттау және әртүрлі диапазондағы толқындардың қолданылуына мысалдар келтіру;
  - 24) шыны призма арқылы өткен жарықтың дисперсиясына сапалы сипаттама беру;
  - 25) толқын жылдамдығы, жиілігі және толқын ұзындығы формулаларын есеп шығаруда қолдану;
  - 26) Планк формуласын есептер шығаруда қолдану;
  - 27) фотоэффект құбылысын сипаттау және фотоэффект құбылысының техникада пайдаланылуына мысалдар келтіру;
  - 28) фотоэффект үшін Эйнштейн формуласын есептер шығаруда қолдану;
  - 29) рентген сәулесін электромагниттік сәулелердің басқа түрлерімен салыстыру;
  - 30) рентген сәулесін қолдануға мысалдар келтіру;
  - 31)  $\alpha$ ,  $\beta$  және  $\gamma$  - сәулеленудің табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру;
  - 32)  $\alpha$ -бөлшегінің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесін сипаттау;
  - 33) ядролық күштердің қасиеттерін сипаттау;
  - 34) атом ядросының масса ақауын анықтау;
  - 35) радиоактивті ыдыраудың ықтималдық сипатын түсіндіру;
  - 36) радиоактивті ыдырау заңын есеп шығаруда қолдану
  - 37) тізбекті ядролық реакциялардың өту шарттарын сипаттау т.б. біледі.
17. 9-сынып білім алушыларының үлгі бойынша келесі біліктерді қолданады:
- 1) векторларды қосу, азайту, векторды скалярға көбейту;
  - 2) түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және үдеу формулаларын есептер шығаруда қолдану;
  - 3) түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі координата мен орын ауыстыру теңдеулерін есептер шығаруда қолдану;
  - 4) теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін эксперименттік жолмен анықтау;
  - 5) эксперименттің нәтижесіне әсер ететін факторларды талдау және экспериментті жүргізуді жақсарту жолдарын ұсыну;
  - 6) теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстырудың және жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графиктерін тұрғызу және оларды түсіндіру;

- 7) еркін түсуді сипаттау үшін теңайнымалы қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдану;
- 8) эксперименттік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтау;
- 9) формулаларды қолданып, период, жиілік, циклдік жиілікті анықтау;
- 10) тербелмелі процесте энергияның сақталу заңын сипаттау;
- 11) гармониялық тербелістердің графиктері бойынша координатаның, жылдамдықтың және үдеудің теңдеулерін жаза білу;
- 12) маятниктер тербелісі периодының әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттеу;
- 13) математикалық маятник периодының формуласынан еркін түсу үдеуін анықтау;
- 14) период квадратының маятник ұзындығына тәуелділік графигін тұрғызу және талдау;
- 15) әртүрлі тербелмелі жүйедегі тербелістің пайда болу себептерін түсіндіру;
- 16) су бетіндегі толқындардың таралу жылдамдығын эксперимент түрінде анықтау;
- 17) дыбыстың пайда болу және таралу шарттарын атау;
- 18) дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру;
- 19) резонанстың пайда болу шарттарын атау және оның қолданылуына мысалдар келтіру;
- 20) жаңғырықтың пайда болу табиғатын және оны қолдану әдістерін сипаттау;
- 21) табиғатта және техникада ультрадыбыс пен инфрадыбыстықолдануға мысалдар келтіру;
- 22) көлденең және бойлық толқындарды салыстыру;
- 23) жылулық сәуле шығару энергиясының температураға тәуелділігін сипаттау;
- 24) ядролық реакцияның теңдеуін шешуде зарядтық және массалық сандардың сақталу заңын қолдану;
- 25) атом ядросының байланыс энергиясы формуласын есептер шығаруда қолдану
- 26) ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау
- 27) ядролық ыдырау мен ядролық синтезді салыстыру;
- 28) радиактивті изотоптарды қолданудың мысалдарын келтіру;
- 29) радиациядан қорғану әдістерін сипаттау
- 30) элементар бөлшектерді жіктеу
- 31) адамның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына физика және астрономияның дамуының ықпалын түсіндіру;
- 32) жаңа технологиялардың қоршаған ортаға ықпалының артықшылығы мен қауіптілігін бағалау.

ЖОБА  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
202... жылғы «...» қазандағы  
№ ... бұйрығына ...-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына ...-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптарына арналған «Химия»  
пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің ... жылғы ...  
... № ... қаулысымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік  
жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірленген.

2. Химия курсының мазмұны жалпы химияның іргелі негіздерін игеруге,  
Химия бөлімдерінің теориялық ережелерін және Қазақстанның әлеуметтік-  
экономикалық прогресі үшін химия ғылымы мен химия өнеркәсібінің рөлін  
түсінуге бағытталған.

3. «Химия» оқу пәнінің мақсаты:

1) заттар мен олардың айналымы, заттар қасиеттерінің, олардың құрамы  
мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім  
жүйесін қалыптастыру;

2) заттар және химиялық реакциялар туралы білімін өмірде пайдалану  
біліктерін дамыту.

4. Оқу пәнінің міндеттері:

1) Заттардың атомдармен молекулаларының құрылымын, химиялық  
реакция барысында заттардың қасиеттерінің өзгеруін;

2) химиялық реакциялар кезіндегі зат массасы мен энергия сақталу  
заңдарын;

3) химиялық реакцияның жылдамдығының әртүрлі жағдайда өзгеру  
заңдылықтарын;

4) химиялық реакцияларды жүргізу ережелерін, өмір мен қоршаған  
орта қауіпсіздігі үшін техника қауіпсіздігі ережелерін сақтауды;

5) эксперименттерді жоспарлаудың ғылыми әдістері;

6) химиялық процестер мен олардың заңдылықтарын болжау және  
түсіндіру үшін химияның басты заңдылықтарын қолдануды және бағалауды  
білулері қажет.

## 2-тарау. «Химия» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

5. «Химия» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 8 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 9 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

6. Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімді қамтиды:

- 1) заттардың бөлшектері;
- 2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;
- 3) химиядағы энергетика;
- 4) химия және қоршаған орта;
- 5) химия және өмір.

7. Оқу пәнінің мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер білім, түсінік және дағдыларды қамтитын күтілетін нәтижелер түріндегі оқу мақсаттарынан тұратын бөлімшелерге бөлінген. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

**8. «Заттардың бөлшектері» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:**

- 1) атомдар, иондар және молекулар;
- 2) атомның құрамы мен құрылысы;
- 3) атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы, атомдардан иондардың құрылуы;
- 4) химиялық байланыстардың түрлері.

9. «Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) периодтық заң және химиялық элементтердің периодтық жүйесі;
- 2) химиялық реакциялардың жіктелуі;
- 3) зат массасының сақталу заңы;
- 4) металдардың электрохимиялық кернеу қатары.

10. «Химиядағы энергетика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар;
- 2) химиялық реакциялардың жылдамдығы;
- 3) химиялық тепе-теңдік;
- 4) қышқылдар мен негіздер теориясы.

11. «Химия және қоршаған орта» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) заттардың жіктелуі;

2) Жер химиясы;

3) көміртек және оның қосылыстары химиясы.

12. «Химия және өмір» бөлімі «Биохимия» бөлімшесінен тұрады.

3-тарау. Оқу пәнінің базалық мазмұны

12. 7-сыныпқа арналған «Химия» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Химия пәні.

№1 практикалық жұмыс

«Қауіпсіздік техникасының ережелерімен және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу»

Элемент, қоспа және қосылыс.

№1 зертханалық тәжірибе «Заттар қоспалары мен олардың қосылыстарын салыстыру»

Қоспаларды бөлу әдістері.

№2 зертханалық тәжірибе «Ластанған ас тұзын тазарту»

Күтілетін нәтижелер:

химия ғылымының негізін оқытатынын білу

химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну

элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну

таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу;

элемент (жай зат), қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу

қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін білу

қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу

2) Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі

Атомдар мен молекулалар

Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар

Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар

Күтілетін нәтижелер:

атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу

әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу

элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу

заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу

протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу

алғашқы 20 элементтің атом құрылысы ( $p^+$ ,  $n^0$ ,  $e^-$ ) мен атом ядросының құрамын білу

3) Ауа. Жану реакциясы.

Ауа. Ауаның құрамы

№6 зертханалық тәжірибе «Балауыз шамның жануы»

Жану үдерісі

№ 2 практикалық жұмыс/көрсетілім

«Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттеkte жануын салыстыру»

Күтілетін нәтижелер:

ауа құрамын білу;

заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу

атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну

затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу

заттардың таза оттеkte жақсырақ жанатындығын түсіну

4) Химиялық реакциялар

Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар.

№7 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау».

№8 зертханалық тәжірибе «Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы»

Сұйылтылған қышқылдардың металдармен әрекеттесуі.

№9 зертханалық тәжірибе

«Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесуі».

№10 зертханалық тәжірибе

«Сутекке сапалық реакция»

Сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі.

№ 3 практикалық жұмыс

«Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция»

Күтілетін нәтижелер:

химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін білу

pH шкаласы негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай алу

сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау

сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру

кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру

4) Химиялық элементтердің периодтық кестесі

Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы. Периодтық кестенің құрылымы

Күтілетін нәтижелер:

И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс,

Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру;

периодтық кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар мен

периодтар

5) Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формула.

Салыстырмалы атомдық масса Валенттілік. Химиялық формулалар.

Қосылыстардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу

Күтілетін нәтижелер:

элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, биэлементті химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу

химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу

6) Адам ағзасындағы химиялық элементтер

Тағам құрамындағы қоректік заттар.

№ 4 практикалық жұмыс «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау»

Адам ағзасындағы химиялық элементтер.

Тыныс алу үдерісі.

№11 зертханалық тәжірибе

«Тыныс алу үдерісін зерттеу»

Күтілетін нәтижелер:

тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну;

адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) білу;

7) Геологиялық химиялық қосылыстар

Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар. Кен құрамы

Қазақстанның пайдалы қазбалары

Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері

Күтілетін нәтижелер:

Жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіну;

Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын білу;

табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерделеу.

13. 8-сыныпқа арналған «Химия» пәнінің базалық білім мазмұны келесі 1)

Химияның ұғымдары және заңдары

Ғылым және химия.

Қауіпсіздік техникасының ережелері

№2 практикалық жұмыс

«Су жылыту»

Жалын құрылымы

Таза заттар, қосылыстар және қоспалар

Қоспадағы заттарды бөлу

әдістері.

Химия және қоршаған орта

Күтілетін нәтижелер:

химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну

зертханалық құрал-жабдықтармен танысу және оларды қолдану әдістері  
суды жылыту әдісжай затты (элемент) бірдей атомдардың жиынтығы  
ретінде түсіну;

таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін  
білу;

жай зат (элемент), қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу;

қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған  
білімдерін қоспа құрамындағы таныс заттарды ажыратуға қолдана алу

2) Затты құрайтын ұсақ бөлшектер.

Атом Химиялық элемент Атомдық масса. Салыстырмалы атомдық масса.

Изотоп. Атом және молекула. Атом-молекулалық ілім

Күтілетін нәтижелер:

атомның ашылу тарихын түсіндіру

атомның құрамы және құрлысың анықтаған ғалымдар

протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін,  
массасын зарядын білу;

әрбір химиялық элементтің таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом  
түрі екенін білу;

алғашқы 20 элементтің атом құрылысы ( $p^+$ ,  $n^0$ ,  $e^-$ ) мен атом ядросының  
құрамын білу;

атомдық массаны анықтамасын білу

салыстырмалы атомдық массаны табу

изотоп түсінігін білу

табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары  
бөлшек сан болатындығын түсіну; 8.2.10 жердегі элементтердің басым бөлігі  
планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде  
кездесетіндігін түсіну

атомдар, иондар мен молекулалардың айырмашылығын білу

атом-молекулалық ілімнің негізгі ережелерін түсіндіру

3) Химиялық формула

Валенттілік. Биэлементтік қосылыстардың

химиялық формулалары. Құрам тұрақтылық заңы. Қосылыстардың  
формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу

Күтілетін нәтижелер:

элементтер валенттіліктерін анықтау

элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы  
атомдық қатынастарын қолдана отырып, биэлементті химиялық  
қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу

құрам тұрақтылық заңың түсіну және қолдану

химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы  
молекулалық/ формулалық массасын есептеу

4) Заттардың өзгерісі.

Физикалық және химиялық құбылыстар. Заттардың агрегаттық күйлері

Күтілетін нәтижелер:

физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату



салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру

судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру

заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіру

#### 5) Химиялық есептер

Күрделі заттың құрамын сандық талдау. Химиялық формула табу. Зат мөлшері. Моль. Молярлық масса. Авогадро заңы. Молярлық көлем. Тығыздық. Салыстырмалы тығыздық. Газдардың салыстырмалы тығыздығы. Көлемдік қатынас заңы. Химиялық реакция типтері Химиялық реакция теңдеулерін құру. Зат массасының сақталу заңы. Көлемдік үлес. Мольдік үлес. Орташа молярлық масса. Табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар.

Күтілетін нәтижелер:

химиялық формула бойынша атомдардың валенттілігін анықтау

химиялық формула бойынша массалық үлес, массалық қатынас табу

атомдардың валенттілігіне сәйкес қосылыстардың формулаларын құру

массалық үлес және массалық қатынас бойынша заттардың химиялық

формуланы табу

зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде –мольді білу 8.5.6 масса, зат мөлшері және құрылымдық бөлшектер санын есептеу

молярлық массасын есептей алу

зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде –мольді білу және Авогадро санын білу;

молярлық көлемді табу

газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу;

газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану

бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу

әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау;

реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру;

заттар массасының сақталу заңын білу

көлемдік үлес, мольдік үлес және орташа молярлық массаны табу

табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау

#### 6) Химиялық элементтердің периодтық кестесі

Химиялық элементтердің периодтық кестелерін

құру тарихы. Периодтық кестенің құрылымы. Металдар. Бейметалдар. Бейорганикалық заттардың түрлері

Күтілетін нәтижелер:

И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру

периодтық кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар мен периодтар

I-II топ металдар мен V-VII топ бейметалдар атомдарының құрамы және құрылысы бойынша сипаттау және салыстыру

бейорганикалық заттардың түрлерін білу, салыстыру және сипаттау

7) Заттар

Металдар мен бейметалдар және олардың қосылыстары. I-II топ металдар мен V-VII топ бейметалдардың химиялық қасиеттері. Биэлементтік заттар. Гидридтер. Оксидтер. №3 Практикалық жұмыс «Негізгі, қышқыл оксидтердің қасиеттері». Негіздер. Қышқылдар. Индикаторлар. Тұздар. Генетикалық байланыс. №4 Практикалық жұмыс «Металдар мен бейметалдардың қосылыстарының генетикалық байланысы». №5 Практикалық жұмыс «Негізгі, қышқыл оксидтердің қасиеттері». Сандық есептердің тәжірибелік шешімі.

Күтілетін нәтижелер:

металдар мен бейметалдарға жіктеу;

заттарды құрамына қарай металдар, бейметалдар және күрделіге заттарды жіктеу

металдар (натрий, кальций) мен бейметалдардың (фосфор, сера, хлор) химиялық қасиеттерінің зерттеу

биэлементтік заттардың жіктелуін, химиялық формулаларың және атауларын білу

гидридтерді білу және қасиеттерін сипаттау

оксидтердің жіктелуін білу

оксидтердің қасиеттерін сипаттау

негізгі мен қышқыл оксидтердің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу

негіздердің, сілтілердің жіктелуін, химиялық формулаларың және атауларың білу

негіздердің қасиеттерін сипаттау, алу әдістерін түсіндіру

қышқылдардың жіктелуін, химиялық формулаларың және атауларың білу

«қышқылдық» және «сабындылық» қасиеттер кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің белгілері болуы мүмкін екендігін білу;

химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін білу;

pH шкаласы негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай алу;

«антацидтік заттарды» қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну

Тұздардың жіктелуін, химиялық формулаларың және атауларың білу

орташа тұздардың физикалық және химиялық қасиеттері

негіздердің, қышқылдардың және тұздардың бір бірімен және олардың қосылыстарының генетикалық байланысың түсіну

металдар мен бейметалдардың қосылыстарының генетикалық байланысың зерттеу

негізгіздер, қышқылдар, тұздардың химиялық қасиеттерің анықтау металдар мен бейметалдардың қосылыстарының химиялық қасиеттеріне байланысты есептер шешу

8) Тірі организмдегі химиялық элементтер

Тағам құрамындағы қоректік заттар. № 4 практикалық жұмыс «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау». Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу үдерісі.

Күтілетін нәтижелер:

тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды білу және анықтай алу

адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) білу;

тыныс алу үдерісін түсіну

9) Геохимия және экохимия

Жер қыртысындағы химиялық элементтер. Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар. Кен құрамы. Қазақстанның пайдалы қазбалары. Химия және экология. Қоршаған ортадағы заттардың өзгерісі. Қышқыл жаңбыр. Экологияға байланысты есептер

Күтілетін нәтижелер:

кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын білу;

металды алу үшін кенді өңдеу үдерісін сипаттау

Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын білу;

табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерделеу

минералдарды өндірудің экологиялық аспектілерің түсіндіру

табиғаттағы заттардың ашытуының ыдырау процесін түсіндіру

қышқыл жаңбырдың құрамына қандай заттар кіретінін білу

қышқыл жаңбырдың пайда болу себептерін білу

экологиялық мазмұны бар есептер шешу

14. 9-сыныпқа арналған «Химия» пәнінің базалық білім мазмұны келесі 1)

Электролиттік диссоциация

Электролиттер мен бейэлектролиттер. №1 көрсетілім «Иондық және ковалентті полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы». Электролиттік диссоциациялану теориясы. Қышқыл, негіз, тұздардың электролиттік диссоциациясы. №1 зертханалық тәжірибе «Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН -ын анықтау». Диссоциациялану дәрежесі. Күшті және әлсіз электролиттер. №1 практикалық жұмыс «Ион алмасу реакциялары». Электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз, тұздардың химиялық қасиеттері. Тұздар гидролизі. №2 зертханалық тәжірибе. «Тұздар гидролизі»

Күтілетін нәтижелер:

электролиттер мен бейэлектролиттердің анықтамасын білу және

мысалдар келтіру

заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру

электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын білу

иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру

ерітіндінің қышқылдығы мен сілтілігін ажырату

қышқыл, сілті, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру

күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу

алмасу реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру

ион алмасу реакцияларының жүру себептерін түсіндіру

қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру

қышқылдар және негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу және қорытынды жасау

орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау

орта тұз гидролизінің теңдеуін молекулалық және иондық түрде құрастыру

орта тұз ерітіндісінің реакция ортасын болжау

2) Бейорганикалық қосылыстардың сапалық талдауы

Катиондарға сапалық реакциялар. №3 зертханалық тәжірибе. «Li<sup>+</sup>, Na<sup>+</sup>, K<sup>+</sup>, Ca<sup>2+</sup>, Sr<sup>2+</sup>, Ba<sup>2+</sup>, Cu<sup>2+</sup> катиондарын жалын түсінің боялуы бойынша анықтау». №4 зертханалық тәжірибе «Fe<sup>2+</sup>, Fe<sup>3+</sup>, Cu<sup>2+</sup> катиондарына сапалық реакциялар». Аниондардың сапалық реакциялары. №5 зертханалық тәжірибе. «Сулы ерітіндідегі Cl<sup>-</sup>, Br<sup>-</sup>, I<sup>-</sup>, PO<sub>4</sub><sup>3-</sup>, SO<sub>4</sub><sup>2-</sup>, CO<sub>3</sub><sup>2-</sup>, NO<sub>3</sub><sup>-</sup>, SiO<sub>3</sub><sup>2-</sup> аниондарын анықтау». №2 практикалық жұмыс «Бейорганикалық қосылыстар құрамының сапалық талдауы». Есептер шығару. «Әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер»

Күтілетін нәтижелер:

Li<sup>+</sup>, Na<sup>+</sup>, K<sup>+</sup>, Ca<sup>2+</sup>, Sr<sup>2+</sup>, Ba<sup>2+</sup>, Cu<sup>2+</sup> металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау

Fe<sup>2+</sup>, Fe<sup>3+</sup>, Cu<sup>2+</sup> катиондарын анықтау үшін сапалық реакция жүргізу

хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат-иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап нәтижесін сипаттау

белгісіз заттардағы катион және аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру

әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу

3) Химиялық реакция жылдамдығы

Химиялық реакциялардың жылдамдығы. Химиялық реакциялар жылдамдығына әсер ететін факторлар. №2 көрсетілім «Өртүрлі реакциялар

жылдамдығы». № 6 зертханалық тәжірибе «Реакция жылдамдығына температура, концентрация мен бөлшектер өлшемінің әсері». Катализаторлар. Ингибиторлар. № 3 практикалық жұмыс «Реакция жылдамдығына катализатордың әсері»

Күтілетін нәтижелер:

реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру

реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру

4) Қайтымды реакциялар

Қайтымды және қайтымсыз химиялық реакциялар. Химиялық тепе-теңдік. №3 көрсетілім. «Қайтымды химиялық реакциялар». №7 зертханалық тәжірибе «Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы»

Күтілетін нәтижелер:

қайтымды және қайтымсыз реакцияларды білу

тепе-теңдікті динамикалық үдеріс ретінде сипаттау және

Ле-Шателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау

химиялық тепе – теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіну және ажырату

химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру

5) Тотығу-тотықсыздану реакциялары

Тотығу дәрежесі. Тотығу және тотықсыздану. Тотығу-тотықсыздану реакциялары. Электрондық баланс әдісі.

Күтілетін нәтижелер:

тотығу дәрежесін табудың ережесін білу және қолдану

тотығу және тотықсыздану үдерістері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіну

тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіну

тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіну

электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою

б) Металдар мен құймалар

Металдардың жалпы сипаттамасы. №4 көрсетілім «Металдардың кристалдық тор модельдері». Металдар құймалары. №5 көрсетілім «Металдар және құймалар». Металдарды алу. Есептер шығару «Реакция теңдеуі бойынша қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда зат массасын есептеу»

Күтілетін нәтижелер:

металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу

металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру

құйма ұғымын және оның артықшылықтарын білу  
шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру  
Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру  
үдерістерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру

кеннен металды алу үдерісін сипаттау  
қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы  
белгілі жағдайда реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу

7) 1 (I), 2 (II) және 13 (III) топ элементтері және олардың қосылыстары  
1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары. №6 көрсетілім  
«Натрийдің сумен әрекеттесуі». 2 (II)-топ металдары және олардың  
қосылыстары.

№8 зертханалық тәжірибе «Кальцийдің сумен және қышқыл  
ерітіндісімен әрекеттесуі». 13 (III)-топ металдары. Алюминий және оның  
қосылыстары.

№7 көрсетілім «Алюминий мен оның құймалары». №9 зертханалық  
тәжірибе

«Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі» №4  
практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбына эксперименттік есептер  
шығару.

Күтілетін нәтижелер:

атом құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін  
түсіндіру

сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін  
сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру

1 (I) □ ші және 2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру  
және реакция теңдеулерін құрастыру

кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттерін түсіндіру және  
қолданылуын сипаттау

атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның  
маңызды қосылыстары мен құймаларының қолдану аймағын атау

алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу  
(I), 2 (II), 13 (III) -топ металдарының жай және күрделі заттармен  
әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу

8) 17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV) -топ элементтері және олардың  
қосылыстары

Галогендер. Хлор. Хлорсутек қышқылы. №10 зертханалық тәжірибе.  
«Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу». 16 (VI)-топ  
элементтері. Күкірт. №7 көрсетілім. «Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері».  
Күкірттің қосылыстары. №5 практикалық жұмыс «Сұйылтылған күкірт  
қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу».  
Есеп шығару «Теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімі  
шығымының массалық /көлемдік үлестеріне есептеулер». Азот. №11  
зертханалық тәжірибе «Азот молекуласының моделі». Аммиак. №12  
зертханалық тәжірибе «Аммиак молекуласының моделі». Аммиактың  
қасиеттері, алынуы мен қолданылуы. №6 практикалық жұмыс. «Аммиактың

алынуы және оның қасиеттерін зерттеу». Аммиак өндірісі. Азот қышқылы. №13 зертханалық тәжірибе. «Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері». Азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері. Фосфор және оның қосылыстары. Минералды тыңайтқыштар. №8 көрсетілім «Минералды тыңайтқыштар». Кремний және оның қосылыстары. №9 көрсетілім. «Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торының модельдері»

Күтілетін нәтижелер:

галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрі мен байланыс типін анықтау

топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау  
хлордың химиялық қасиеттерін сипаттау: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі

хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және қолдану аясын білу

16 (VI)-топ элементтерінің жалпы қасиетін сипаттау

күкірттің аллотропиялық түрөзгерістерінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру

күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру

қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру

күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу

теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу

азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру

аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формуласын түсіндіру

аммиакты алуды

қасиеттерін мен қолданылуын түсіндіру

аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алуды білу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу

аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау;

азот қышқылының молекулалық, формулаларын білу және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру;

азоттан азот қышқылын алудың реакция теңдеуін құрастыру

азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металмен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру

нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция

теңдеулерін құрастыру

фосфордың аллотропиялық түрөзгерістерін салыстыру

фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын атау

фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру

минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді атау

азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсерін зерделеу

кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру

кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор түрін сипаттау

кремний мен оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру

9) Адам ағзасындағы химиялық элементтер

Адам ағзасының химиялық құрамы. Макроэлементтер, микроэлементтер және олардың маңызы. Ағзадағы кейбір элементтерді анықтау.

№14 зертханалық тәжірибе «Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау».

№15 зертханалық тәжірибе. «Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау». Ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы.

Күтілетін нәтижелер:

адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe)

Қазақстанның тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру

адам ағзасындағы кальций мен темірдің ролін түсіндіру

тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау

қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау және олардың ағзаларға әсерін түсіндіру

10) Органикалық химияға кіріспе

Органикалық заттардың ерекшеліктері. Органикалық қосылыстардың жіктелуі. №10 көрсетілім «Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминокетан қышқылы модельдері». Органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары. №11 көрсетілім «Алкандардың алғашқы бес өкілінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері» Органикалық қосылыстардың номенклатурасы Органикалық қосылыстардың изомериясы. №12 көрсетілім «Пентан изомерлерінің модельдері». Есеп шығару «Элементтердің массалық үлестері мен салыстырмалы тығыздық бойынша газтекес заттардың молекулалық формуласын табу»

Күтілетін нәтижелер:

органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себебін түсіндіру

көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, көмірсулар, аминқышқылдарының жіктелуін білу

функционалдық топ түсінігін, берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру



гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты білу  
органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер,  
алкиндер,арендер, спирттер,альдегидтер, карбон қышқылдары,  
аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану  
изомерия құбылысын білу және көмірсутектер құрылымдық  
изомерлерінің формулаларын құрастыру  
газтекес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы тығыздық  
пен элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау

11) Көмірсутектер. Отын .

Алкандар. Алкендер. Алкиндер. Ароматты көмірсутектер. Бензол

Көмірсутекті отындар. №14 көрсетілім «Отын түрлері». Мұнай.

№15 көрсетілім «Мұнай және мұнай өнімдері» №13 көрсетілім  
«Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін  
түссіздендіруі».

Күтілетін нәтижелер:

алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция  
теңдеулерімен дәлелдеу

еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың маңызы мен бұл  
еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру

қанықпағандық ұғымын сипаттау

этен мысалында алкендердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу,  
гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция  
теңдеулерімен дәлелдеу;

полиэтилен мысалында полимерлену реакциясының механизмі мен  
полимерлердің құрылымының ерекшеліктерін түсіндіру;

пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін түсіну және оқып білу,  
қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу

этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу,  
гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция  
теңдеулерімен дәлелдеу;

бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау;

құрамында көміртек бар қосылыстардың отын ретінде пайдалану мүмкін  
екендігін білу және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың  
артықшылықтары мен кемшіліктерін атау;

Қазақстандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау  
және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;

мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану  
аймақтарын атау

12) Оттекті және азотты органикалық қосылыстар

Оттекті органикалық заттар. Спирттер. Карбон қышқылдары. №16  
зертханалық тәжірибе «Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу».

Күрделіэфирлер мен майлар. Сабын мен синтетикалық жуғыш заттар.  
Көмірсулар. Амин қышқылдары. Нәруыздар. №17 зертханалық тәжірибе

«Нәруыздардың денатурациясы»

Күтілетін нәтижелер:

оттекті органикалық заттардың жіктелуін білу;  
спирттердің жіктелуін, метанол мен этанолдың қолданылуын, этанолдың алынуын білу және қасиеттерін түсіндіру;  
метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру;  
этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын білу;  
карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау;  
күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру;  
сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу;  
синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;  
көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру;  
нәруыздағы аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру;  
нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу;  
29-нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру.

15. 10-сыныпқа арналған «Химия» пәнінің базалық білім мазмұны келесі

1) Металдардың жалпы қасиеттері

Металдардың жалпы сипаттамасы. Металдардың белсенділік қатары. Металдарды алу. Металдар құймалары. Металдар коррозиясы. Есептер шығару.

Күтілетін нәтижелер:

металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу

металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау

металдардың электрохимиялық қатарында орналасу принципін түсіну

кеннен металды алу үдерісін сипаттау

шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру;

Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру үдерістерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру

коррозия түрлерін, оның пайда болу себептерін білу және оның металл конструкцияларының қызмет ету мерзіміне теріс әсерін түсіндіру

құйма немесе қоспадағы металдың массалық үлесін есептеу

2) s-элементтері

s-элементтерінің жалпы сипаттамасы. Натрий, калий және олардың маңызды қосылыстары. Кальций, магний және олардың қосылыстары. Судың кермектігі және оны жою тәсілдері. Қазақстан жер қойнауындағы сілтілік және сілтілік жер металдарының табиғи қосылыстары.

Күтілетін нәтижелер:

s-элементтерінің жалпы қасиеттерін олардың атомдарының құрылымы негізінде түсіндіру;

металдық, тотықсыздану қасиеттерін салыстыру және реакция теңдеулерін құру;

натрий, калий және олардың маңызды қосылыстарын алу тәсілдерін білу;

сумен реакциялардағы натрий, калий және кальцийдің химиялық

белсенділігінің айырмашылығын түсіндіру;

натрий және калий қосылыстарының биологиялық рөлін түсіндіру;

кальций, магний және олардың маңызды қосылыстарының негізгі қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;

натрий, калий, кальций иондарына сапалық реакцияларды зерттеу;

кальций және магний қосылыстарының биологиялық рөлін түсіндіру

судың кермектігін және оны жою тәсілдерін түсіндіру;

Қазақстанда таралған сілтілік және сілтілік жер металдарының табиғи қосылыстарын білу;

металдар мен олардың қосылыстарының генетикалық байланысын көрсететін химиялық теңдеулер бойынша реагент затының немесе өнімнің массасын, мөлшерін есептеу.

3) d-элементтері

Периодтық жүйеде d-элементтердің орналасуы, атомдардың құрылымдық ерекшеліктері. Мыс және оның маңызды қосылыстары. Хром және оның маңызды қосылыстары. Темір және маңызды қосылыстары. №4 практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбына эксперименттік есептер шығару.

Күтілетін нәтижелер:

d-элементтердің атомдарының құрылымы негізінде периодтық жүйеде орнын түсіндіру;

Қазақстандағы мыс, темір, хром кен орындарын және олардың қосындыларын атау

Мыстың және оның маңызды қосылыстарының қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру;

Cu<sup>2+</sup> иондарын тани білу

хром мен оның қосылыстарының қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру өзіне тән физикалық және химиялық қасиеттерін, темір мен оның қосылыстарының өндірілуін сипаттау;

Fe<sup>2+</sup>, Fe<sup>3+</sup> иондарын айыра білу

металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу

4) Екі ұдайлы металдар

Мырыш және оның қосылыстары. Алюминий және оның қосылыстары

№ 2 Практикалық жұмыс. «Катиондарға сапалық реакциялар»

Күтілетін нәтижелер:

мырыш қосылыстарының екі дайлы қасиеттерін зерттеу;

мырыштың қолданылуын сипаттау

алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу

описывать применение атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларының қолдану аймағын атау

Li<sup>+</sup>, Na<sup>+</sup>, K<sup>+</sup>, Ca<sup>2+</sup>, Sr<sup>2+</sup>, Ba<sup>2+</sup> металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау 10.1.4.33 Fe<sup>2+</sup>, Fe<sup>3+</sup>, Cu<sup>2+</sup> Al<sup>3+</sup>; Zn<sup>2+</sup> катиондарын анықтау үшін сапалық реакция жүргізу

5) Бейметалдар химиясы

Бейметалдардың жалпы сипаттамасы.14 (IV) топ элементтері. Көміртек және оның қосылыстары. Кремний және оның қосылыстары. Қазақстан силикат өнеркәсібі.15 (V) топ элементтері. Азот. Аммиак, аммоний тұздары. Азот қышқылы және оның тұздары. Фосфор және оның қосылыстары. 16 (VI) топ элементтері. Күкірт және оның қосылыстары. Күкірт қышқылы және оның тұздары.17 (VII) топ элементтері.. Галогендер. Хлор. Хлорсутек, тұз қышқылы және хлоридтер. Йод. Йодтың адам өміріндегі биологиялық рөлі. Есептер шығару. №3 практикалық жұмыс «Кейбір аниондарға сапалық реакциялар тақырыбындағы эксперименттік есептерді шешу»

Күтілетін нәтижелер:

бейметалдар құрылысының ерекшеліктерін білу

бейметалдардың және олардың қосылыстарының табиғатта таралуы туралы білу;

кейбір бейметалдар мен олардың қосылыстарының қоршаған ортаға әсерін зерттеу

көміртектің, кремнийдің және олардың қосылыстарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу;

улы газбен уланудың қалай болатынын түсіндіру және алғашқы көмек көрсету тәсілдерін сипаттау

кремнийдің қолданылу саласын және оның жартылай өткізгіш ретіндегі маңызын түсіндіру;

кремний мен оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау, реакция теңдеулерін құру; 10.2.1.7 шыны мен цемент өндіру процесін және оларды қолдануды сипаттау

молекула құрылысы негізінде азоттың төмен химиялық белсенділігін түсіндіру;

газ тәрізді аммиак пен оның сулы ерітіндісінің алынуы мен химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;

азот оксидтерінің атмосфераға, нитраттардың топыраққа және су ресурстарына әсерін талдау

азоттан азот қышқылын алу реакцияларының теңдеулерін құру;

азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттерін зерттеу;

сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесу ерекшелігін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру;

нитраттардың термиялық ыдырауының ерекшеліктерін түсіндіру, теңдеулерін жазу.

азот және Фосфор қосылыстарының қоршаған ортаға әсерін азайту мәселесін шешу жолдарын ұсыну;

фосфордың, ортофосфор қышқылының және фосфаттардың физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу;

қоршаған ортаға азот оксидтерінің, нитраттар мен фосфаттардың әсерін түсіндіру

16 (VI) топ элементтерінің жалпы сипаттамасын сипаттау;

реакцияның, күкірттің аллотропты түрленуінің теңдеуін құрастырудың физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін

көрсету;

қышқыл жаңбырдың пайда болуына күкірт диоксидінің рөлін және олардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру

сұйылтылған және концентрацияланған күкірт қышқылының қасиеттерін салыстыру;

күкірт қышқылының тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу

топтағы галогендердің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіру;

тұз қышқылының химиялық қасиеттерін зерттеу және оны қолдану саласын білу

адам ағзасындағы йодтың биологиялық рөлін білу және Қазақстан аумағында йод тапшылығымен байланысты аурулардың пайда болуын түсіндіру, осы проблеманы шешу жолдарын ұсыну

теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу

хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат-, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат - иондарға сапалы реакцияларды білу

аниондарды анықтау бойынша эксперимент жоспарын құру және оны іс жүзінде жүзеге асыру

б) Органикалық химияға кіріспе

Органикалық қосылыстардың құрамы мен құрылысы. Жіктелуі. А.М. Бутлеровтың химиялық құрылыс теориясы. Көміртек атомын будандастыру Гомологиялық қатарлар. IUPAC номенклатурасы. Изомерия түрлері.

Күтілетін нәтижелер:

органикалық химияны көмірсутектер және олардың туындылары химиясы ретінде түсіну;

көмірсутектердің эмпирикалық, молекулалық, құрылымдық және кеңістіктік формулаларын ажырату;

көмірсутектер мен олардың туындыларының жіктелуін білу: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, көмірсулар, амин қышқылдары;

қосылыстардың осы класына тән химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде функционалдық топ ұғымын түсіндіру

А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидаларын білу

гомологиялық қатарлардың қалыптасуын және олардың гомологтарының қасиеттерінің ұқсастығын түсіндіру;

қосылыстардың құрылымдық формулаларын құрастыру және оларды IUPAC номенклатурасы бойынша атау

изомерияның түрлерін атау және көміртек қаңқасы, еселі байланыстың орналасуы, функционалдық топтар және класаралық изомерлерінің формулаларын құру

7) Көмірсутектер

Алкандар. Құрылымы, физикалық қасиеттері, алу әдістері. Алкандардың химиялық қасиеттері. Қолданылуы. Есептер шығару. Алкендер. Құрылымы,

изомериясы. Алкендердің физикалық және химиялық қасиеттері. Алу әдістері және қолданылуы. Алкадиендер. Құрылысы, гомологиялық қатары, изомериясы, алынуы. Алкадиендердің физикалық және химиялық қасиеттері. Каучук. Алкиндер. Изомерияның құрылысы, гомологиялық қатары, қасиеттері, алынуы және қолданылуы. Ароматты көмірсутектер. Бензол гомологтары. Көмірсутектер кластары арасындағы генетикалық байланыс.

Күтілетін нәтижелер:

алкандардың молекула құрылысын, алу әдістерін білу  
алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оларды реакция теңдеулерімен растау;

алкандарды галогендеу мысалында алмастыру реакциясының еркін-радикалды механизмін түсіндіру;

алкандардың жану өнімдерін және қоршаған орта үшін экологиялық салдарын бағалау

элементтердің массалық үлестері және олардың буларының салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттардың қарапайым және молекулалық формулаларын шығару;

жану өнімдері мен гомологиялық қатарлар бойынша заттың молекулалық формуласын анықтау

«Қанықпау» терминін және қанықпаудың қосылыстың қасиеттеріне әсерін түсіндіру;

цис және транс-изомерлер молекулаларын ажырату және оны стереоизомерияның бір түрі ретінде түсіну

қосу реакцияларының теңдеулерін құру: галогендеу, гидрогалогендеу, гидрогенизация, гидратация; алкендердің тотығуы, полимеризация

полимерлеу реакцияларының мәнін түсіндіру;

полиалкендерді қолдану саласын атау және оларды қайта өңдеу өнімдерінің маңыздылығын бағалау

алкадиендердің қасиеттерін олардың құрылысы негізінде түсіндіру;

изомерлер формулаларын құрастыру

алкадиендердің қасиеттерін білу;

каучук пен резеңке алуды зерттеу

алкиндердің құрылымдық формулаларын құрастыру

этиннің мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін зерттеу (жану, гидрогенизация, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялардың теңдеулерімен растау

бензол молекуласының құрылымын түсіндіру;

бензол молекуласындағы байланыс түзілу энергиясын электрондардың делокализациясы позициясынан түсіндіру;

бензолды және оның гомологтарын алу реакцияларын құрастыру

бензол мен оның гомологтарына тән қосу реакцияларын құрастыру;

толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерін түсіндіру

әр түрлі көмірсутектер арасындағы генетикалық байланысты растайтын өзгерістер схемасын жасау

8) Көмірсутектердің табиғи көздері

Табиғи газ. Көмір. Мұнай, құрамы, өңдеу әдістері және мұнай өнімдері. Көмірсутек шикізатын өндіруге және тасымалдауға байланысты экологиялық проблемалар.

Күтілетін нәтижелер:

құрамында көміртегі бар қосылыстар отын ретінде пайдаланылатынын білу және отынның баламалы түрлерін зерттеу және олардың кемшіліктері мен артықшылықтарын белгілеу;

Қазақстандағы көмір, мұнай және табиғи газ кен орындарын атау мұнайды фракциялау процесін және фракцияларды қолдану саласын түсіндіру;

каталитикалық және термиялық крекинг процестерін түсіндіру көмірсутек шикізатын өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру

9) Көмірсутектердің галоген туындылары

Көмірсутектердің галоген туындыларын алу. Галоген туындыларының химиялық қасиеттері

Күтілетін нәтижелер:

галоген туындылар алу реакцияларының радикалды механизмін түсіндіру;

галоген туындыларының әсеріне байланысты қоршаған ортаның проблемаларын анықтау

галогеноалкандардың орынбасу реакцияларының теңдеулерін құрастыру

10) Оттекті және азотты органикалық қосылыстар

Оттекті органикалық заттар. Спирттер: жіктелуі, изомериясы. Біратомдық спирттердің қасиеттері. Көпатомды спирттер. Альдегидтер. Карбон қышқылдары. Күрделі эфирлер мен майлар. Сабын мен синтетикалық жуғыш заттар. Көмірсулар. Амин қышқылдары. Нәруыздар. Органикалық қосылыстар кластары арасындағы генетикалық байланыс

Күтілетін нәтижелер:

оттекті органикалық заттардың жіктелуін білу;

спирттердің жіктелуін, метанол мен этанолдың қолданылуын білу

этанолдың алынуын білу және қасиеттерін түсіндіру;

метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру

этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын білу;

көпатомды және біратомдық спирттерге сапалы реакциялар жүргізу

альдегидтердің құрамын білу, химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау

карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау

күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру

сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу;

синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;

көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру

нәруыздағы  $\alpha$ - аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру

нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу;

нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру;

органикалық қосылыстар арасындағы генетикалық байланысты растайтын өзгерістер схемасын жасау

**Химияны оқыту нәтижелері бойынша күтілетін нәтижелер:**

білуі тиіс:

- химияның негізгі ұғымдық аппараты және символикалық тілі, заттардың жіктелуі;

- қарапайым химиялық реакциялардың өту шарттары

- қарапайым химиялық формулалар және ауаның химиялық құрамы

түсіну:

химия ғылымының қазіргі жаратылыстану саласы ретіндегі негіздері, физикалық және химиялық құбылыстар, атомдардың электронды құрылымы.

үлгі бойынша қолдану:

химиялық зертханада жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері, қарапайым қоспаларды бөлу әдістері, заттардың агрегаттық қасиеттерін түсіндіруге арналған бөлшектердің кинетикалық теориясы.

бейтаныс жағдайларда қолдану

күнделікті өмірде кездесетін қышқылдармен жұмыс істеу ережелері, химиялық реакциялардың белгілері және бейтаныс заттарды тануға арналған сапалы реакциялар.

шығармашылық қолдану

зертханада газ алу сызбасын сызады, қоспаларды үш заттан бөлу жоспарын жасайды.

Қазақстан мектептерінде химияны оқытуды 7 сыныптан бастау керек. 7-сыныпқа арналған химия пәнінің типтік оқу бағдарламасында оқушылардан белгілі бір зерттеу дағдыларын қажет ететін оқу мақсаттары бар. Мақсаттарға қол жеткізу үшін

салқындату процесін зерттеу, салқындату қисығын құру және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес бақылауларыңызды түсіндіру;

судың қайнау процесін зерттеу, қыздыру қисығын құру және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес олардың бақылауларын түсіндіру

оқушылар графиктермен, қажетті мәліметтермен, физикалық өлшем бірліктерімен жұмыс істеу дағдыларына ие болуы керек, ақпаратты бір формадан екіншісіне аудара білуі керек. Оқытудың осы мақсаттарына қол жеткізу математика және физика саласында алдын-ала білімді қажет етеді, сондықтан студенттерді осындай оқу мақсаттарына дайындау қажет.

Оқу мақсаттары

атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңыздылығын түсіну

металл алу үшін кенді өңдеу процесін сипаттау;

Қазақстанның қандай минералдық және табиғи ресурстарға, олардың кен орындарына бай екенін білу;



табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерттеу тыныс алу процесін түсіндіре білу ауқымды болып табылады, бұл көп оқу уақытын қажет етеді, тиісінше фактілерді, құбылыстарды, жағдайларды, модельдерді көрсете отырып нақтылауды талап етеді.

Химия оқушыларды химиялық демонстрациялар мен эксперименттерге қызықтырады, ал зертханалық және практикалық жұмыстарды жүргізу тиісті жағдайларды қажет етеді. Эксперименттік оқу мақсаттарына келесі мақсаттар жатады:

Төменде санамаланған оқыту мақсаттарына қол жеткізу бойынша сабақтар өткізу үшін зерттеуді орындау нәтижелерін объективті бағалау үшін қажетті жабдықтар мен реактивтер ұсына отырып, әрбір оқушы немесе оқушылар тобы үшін қолайлы жағдай жасау қажет:

сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакциясын зерттеңіз және іс жүзінде сапалы сутегі реакциясын жүргізіңіз;

сұйылтылған қышқылдардың кейбір карбонаттармен реакциясын зерттеңіз және іс жүзінде көмірқышқыл газына сапалы реакция жасаңыз;

элементтердің және қосылыстардың физикалық қасиеттері туралы білімдерін қоспаның құрамында бейтаныс заттарды тану үшін пайдалану;

қоспаларды бөлу бойынша экспериментті жоспарлай және жүргізе білу

кейбір қоректік заттарды білу және анықтай білу: көмірсулар (крахмал), ақуыздар, майлар;

оқыту мақсатында оқыту мақсаттарын нақты тұжырымдау үшін химиялық элементтердің немесе олардың топтарының, химиялық қосылыстардың формулаларын немесе атауларын көрсету қажет.

7-сынып оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес оларды оңтайландыру және рационализациялау мақсатында оқу мақсаттарын қайта қарап, әр оқушының сыныпта оқытудың белгілі бір мақсатына жету үшін уақыт факторын ескеру қажет.

8-сыныпта химияны оқыту нәтижелері бойынша күтілетін нәтижелер: білуі тиіс:

- химиялық ұғымдар мен терминдер, олардың мағынасын түсіну

- химияның негізгі заңдары мен теориялық ережелері

- химиялық құбылыстардың жүйелілігі мен себептілігі, заттардың генезисі, заттар мен химиялық реакцияларды тану тәсілдері (әдістері), заттарды қолдану туралы білім.

түсіну:

электролиттік диссоциация процесі; металдардың ерекше қасиеттері және оларды қолданудың негізгі салалары химиялық түрлендірудің негізгі механизмдері; молекулааралық және молекулааралық байланыстардан пайда болған заттардың түзілу механизмі мен қасиеттері; газ заңдары, кинетикалық теорияның негіздері;

үлгі бойынша қолдану:

химиялық заттармен, зертханалық жабдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу үшін теориялық білім; табиғатта және күнделікті өмірде болып жатқан химиялық құбылыстарды түсіндіру; әртүрлі жағдайларда химиялық

өзгерістердің өту мүмкіндігін анықтау; химиялық жіктеу бойынша затты тану; заттардың Бейорганикалық және органикалық қосылыстардың әртүрлі сыныптарына жататындығын анықтау; қоршаған ортада өзін экологиялық сауатты ұстау; қоршаған ортаның химиялық ластануының адам ағзасына және басқа да тірі организмдерге әсерін бағалау.

Бейтаныс жағдайларда қолдану

әр түрлі қышқылдар мен негіздердің сутегі көрсеткішінің мәні; заттарды бөлу және тазарту; сыни ойлау және химиялық эксперименттердің нәтижелерін әзірлеу, жүргізу, жазу және талдау үшін ғылыми әдістерді білу.

Шығармашылық қолдану

радиоактивті ыдыраудың салдары; химиялық реакциялардың жүруіне сыртқы ортаның әртүрлі жағдайларының әсері; электр тогы көздерінің модельдерін жасауға әртүрлі материалдардың электр өткізгіштігі.

8-сыныпта аптасына 2 сағаттық жүктеме кезінде оқушылар 72 оқу мақсатына жету үшін жоғары жылдамдықпен оқиды, бұл олардың оқу бағдарламасын меңгеру сапасына әсер етеді. Спиральды тік қағида келесі оқу мақсаттары үшін сақталады:

заттың мөлшерін өлшеу бірлігі ретінде моль білу және Авогадро санын білу

атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу;

Протонды, электронды, нейтронды және олардың атомда орналасуын, массасын, зарядын білу;

заттың массасын, санын және құрылымдық бөлшектердің санын формулалар бойынша есептеу

әрбір химиялық элемент символмен белгіленетінін және атомдардың белгілі бір түрі болып табылатынын білу;

химиялық элементтердің салыстырмалы атомдық массасының анықтамасын білу;

элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын пайдалана отырып, биэлементтік химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу

атомдардағы электрондар ядродан өсіп келе жатқан қашықтықта энергия деңгейлері бойынша рет-ретімен бөлінетінін түсіну;

атомның құрылымын ( $p^+$ ,  $N^0$ ,  $e^-$ ) және алғашқы 20 элементтің атом ядросының құрамын білу

атомдық санның, топтың, кезеңнің физикалық мағынасын түсіндіру - - периодтық кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар мен кезеңдер

түсіну өнімдерімен реакциялардың жану, негізінен, болып табылады оксиді, және бұл жанған кезде көміртегі бар жанғыш оны ішінен толықсытады мүмкін образовы-ваться көмірқышқыл газы, улы газ немесе көміртек

білуге шарттары, жану заттары мен азық-түлік реакциялар жану

білу, ол жану кезінде металдар мен бейметалдар оксидтері құрылады

әртүрлі жанармайдың қоршаған ортаға әсер ету салдарын түсіну;

атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың мәнін түсіну

тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру;

бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан энергияның өзгеруін түсіндіру

заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектер теориясына сәйкес қатты, сұйық және газ тәрізді заттардың құрылымын түсіндіре білу

білу және түсіну балуан алмат кебіспаев қол-фикацию мен қасиеттері, оксидтері, құрауы реакциялардың теңдеулері сипаттайтын, олардың химиялық қасиеттері

білу, ол жану кезінде металдар мен бейметалдар оксидтері құрылады ауаның және жер қыртысының құрамындағы оттегінің пайыздық құрамын білу

ауаның құрамын білу

негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құру

антацидті құралдарды қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптандырылуын түсіну

қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құру

сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және іс жүзінде сутекке сапалы реакция жүргізу;

әмбебап индикаторды қолдана отырып қышқылдар мен сілтілерді анықтай білу,

шкаланың рН негізінде

периодтық жүйенің жағдайы бойынша химиялық элементті сипаттау

периодтық кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар мен кезеңдер

парниктік эффектiнiң себептерiн түсiндiру және шешу жолдарын ұсыну -

табиғаттағы көміртек айналымын құрастыру және түсіндіру

кейбір металдар басқаларға қарағанда тез тотығуға ұшырайтынын білу;

металл коррозиясының пайда болуына әсер ететін факторларды зерттеу

судың кең таралуын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын

түсіндіру

Табиғаттағы су айналымын түсіндіру;

судың ластану қаупі мен себептерін анықтау, суды тазарту тәсілдерін түсіндіру

көміртектің және оның қосылыстарының табиғаттағы таралуын сипаттау - көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу

көміртекті жағу кезінде көмірқышқыл газы мен көміртегі тотығының пайда болу жағдайларын сипаттау және улы газдың тірі организмдерге физиологиялық әсерін түсіндіру

табиғаттағы және тірі организмдер мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау және

тірі организмдер мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау.

реактивтер мен реакция өнімдерінің формулаларын жазып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру;

әр түрлі металдардың қышқыл ерітінділерімен реакциясын зерттеу

жоспар әзірлеу және металдардың тұз ерітінділерімен реакцияларын жүргізу

буландыру техникасын қолдана отырып, заттың 100 г суға ерігіштігін есептеу, алынған нәтижелерді анықтамалық мәліметтермен салыстыру

«судың кермектігін» анықтау және оны жою жолдарын түсіндіру

көмірқышқыл газын ала білу, оның бар екендігін дәлелдеу және қасиеттерін зерттеу.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-10-сыныптарына арналған  
«Қазақ тарихы» пәнінен 12 жылдық білім берудің  
үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № \_\_\_\_\_ болып тіркелді).

2. «Қазақ тарихы» оқу пәнінің мазмұны әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді.

3. «Қазақ тарихы» оқу пәнінің мақсаты – ұлттық құндылықтар арқылы білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

4. Оқу пәнінің міндеттері:

1) қазақ елінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы базалық білім беру;

2) қазақ елінің тарихи даму негізінде мәдениет пен мемлекеттілік дәстүр сабақтастығы, түркілер өркениеті тарихының дүниетанымдық, әлеуметтік, мәдени, саяси үлгілері туралы түсінік қалыптастыру;

3) Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

4) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

5) ұлттық кодты, тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру мен сақтау, ұлттық мұра мен салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;

6) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

7) тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

8) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

9) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

10) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану.

5. Бағдарламада білім мазмұнының тұғырнамасы ретінде төмендегі құндылықтар қарастырылған:

- рухани-мәдени құндылықтар (отбасы, ұлтжандылық, тіл, білім, дәстүр, намыс, ар-ождан, рух, еңбекқорлық, талап, жасампаздық, тарих, діл, ғылым, мәдениет, рухани-мәдени мұра);

- ел-жер байлығы (атамекен, туған жер, шаңырақ, тарихи ескерткіштер, табиғат, табиғи байлықтар, өндіріс, отбасы әл-ауқаты) құндылықтары

- адамгершілік құндылықтар (ізгілік, мейірім, достық, махаббат, сүйіспеншілік, бауырмалдық, қамқорлық, жауапкершілік, ізет, ынсап, қанағат, рақым, парыз, сенім)

- эстетикалық құндылықтар (байқампаздық, сезімталдық, талғам, өнер, әдебиет, мәдениет туындылары)

- Қазақстандық патриотизм (Отан, тәуелсіздік, елжандылық, заң, құқық, міндет, еркіндік, борыш, намыс, бостандық, толеранттық)

- саламаттық құндылықтар (өмір, денсаулық, уақыт, дене мәдениеті, психикалық саулық, ерік-жігер, төзім,

## 2-тарау. «Қазақ тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

6. «Қазақ тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1)6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2)7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3)8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

4)9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

5)10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелді).

7. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

8. «Қазақ тарихы» оқу пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

- 1) өзгеріс пен сабақтастық;
- 2) себеп пен салдар;
- 3) дәлел;
- 4) ұқсастық пен айырмашылық;
- 5) маңыздылық;
- 6) интерпретация.

9. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

3) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады.

5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

10. Негізгі орта білім беруде меңгерілетін білім салалары бойынша төмендегідей метапәндік құзыреттіліктер қалыптасады:

*Ғылыми-танымдық құзыреттілік:*

- отан тарихы дамуының тұтастығы мен үздіксіздігін сипаттайтын негізгі оқиғалардың, құбылыстар мен процестердің маңызы туралы ойын жеткізе алады;

- тарихи картадағы өзгерістерді, түрлі объектілердің орналасқан жерін анықтау арқылы білімдік ақпаратты іріктейді;

- проблемалық сұрақтарға жауап беру үшін түрлі тарихи дереккөздерді өңдейді,

- қоғамда болып жатқан қазіргі заманғы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерге бағдарлану үшін тарихи мәліметтерді саралайды;

- тарихи оқиғалардың себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасайды.

*Мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:*

- тарихи даму барысында қалыптасқан ұлттық мәдени құндылықтарды қастерлейді;

- археологиялық деректерге сүйене отырып, ежелгі және орта ғасырлық мәдениет ошақтарының маңыздылығын анықтайды;

- халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалайды;

- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалап, өмірлік жағдайда қолданады;

- қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдап, қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға береді;

- ұлттық материалдық мәдениеттің қолдану ерекшеліктерін сипаттау арқылы, қазіргі кездегі қолданбалы өнердің даму тенденцияларын айқындайды;

*Тілдік-коммуникативтік құзыреттілік;*

- тарихи деректердің мазмұнын түсініп, өз пікірін білдіре алады;

- тарихи терминдердің мағынасын ажырата алады;

- тарихи оқиғаларға қатысты негізгі және қосалқы ақпаратты таба алады;

- тарих пәнінен алған білімдеріне сүйене отырып пікірталас, әңгіме жүргізе алады;

- зерттеу жұмысын жүргізуде өзгелерді тыңдай біледі, ұтқыр пікірін білдіреді, ұстанымын дәйекті дәлелдей алады;

- жұптық және топтық жұмыстарда, тарихи оқиғалар мен процестерді талқылауда ой бөліседі, пікірлеседі, қарым-қатынасқа түседі;

- тарихи деректер негізінде тарихи оқу-танымдық ақпараттарды түсініп, ойын еркін жеткізе алады;

*Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:*

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алады;

- тарихи деректерден қажетті ақпаратты табады, өңдеп, қолданады;

- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолданады;

- жобалық зерттеу жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдейді;

- тарих пәні бойынша, цифрлы Қазақстан, әлемдік қауымдастық және Қазақстан туралы ақпараттарды электрондық, оқу ресурстардан, әртүрлі дереккөздерінен іздеп тауып, өңдейді және қажетіне қарай қолданады;

- тақырып мазмұнына сәйкес тарихи деректі, бейнефильм материалдарын меңгереді;

- ақпараттық технологияның озық үлгілерін қолдана отырып, тарихи мұражайға 3D вертуалды саяхат жасау арқылы оқу материалын меңгереді;

- «Рухани жаңғыру» аясында әзірленген электрондық ресурстарды тиімді пайдаланады.

3-тарау. «Қазақ тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны



11. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

Тарихқа кіріспе. Қазақ тарихы туралы біз қандай деректерден білеміз? Қазақстанның тарихи картасы. Қазақстанның ежелгі тарихын кезеңдеу.

1) Тас дәуіріндегі Қазақстан: Палеолит. Қазақстанда алғашқы адамның пайда болуы, әлеуметтік ұйымдасудың алғашқы формалары: алғашқы қауымдық тобыр және рулық қауым. Ежелгі адамдардың кәсібі (аң аулау, терімшілік және балық аулау). Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің ескерткіштері: тұрақтар, петроглифтер және т.б. Мезолит. Неолит - неолиттік революция. Егіншілік пен мал шаруашылығы, қолөнер және ерте металлургияның түрлі формалары. Атқа міну мәдениетінің пайда болуы. Қазақстанның археологиялық мәдениеттері (Ботай мәдениеті).

2) Қола дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан аумағындағы этникалық үдерістер. Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени қауымдастықтар. Шаруашылық және қоғамдық құрылыс. Қазақстанның ежелгі металлургиясы. Беғазы-Дәндібай мәдениеті. Мал шаруашылығының түрлі формаларының пайда болуы. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Ежелгі қоныстар. Ежелгі наным-сенімдер және өнер.

3) Ерте мемлекеттік құрылымдар. Ерте мемлекеттік құрылымдардың тарихы. Грек, парсы жазба ескерткіштері. Сақ патшайымы Томирисінің парсы патшасы Кирге қарсы күресі, Шырақтың ерлігі, Сақтардың Александр Македонскийдің әскеріне қарсы күресі; Қоғамдық құрылысы. Шаруашылығы мен тұрмысы. Материалдық және рухани мәдениеті. «Аңдық стиль». Есік қаласының қорғаны – «Алтын адам». Шілікті, Берел, Бесшатыр, Тасмола және т.б. археологиялық ескерткіштер.

4) Савромат-сарматтар. Сарматтардың ежелгі замандағы саяси оқиғаларға қатысуы. Сарматтардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Сарматтардың қоғамдық құрылысы. Сарматтардың археологиялық ескерткіштері. Мәдениеті.

5) Алғашқы мемлекеттік бірлестіктер. Үйсіндер мен Қаңлылар. Үйсіндер мен Қаңлылар туралы жазба деректер. Үйсін мемлекетінің саяси және этникалық тарихы. Үйсіндер мен Қаңлылардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Үйсіндер мен Қаңлылардың қоғамдық құрылысы. Үйсіндер мен Қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті. «Полихромдық стиль».

6) Қазақстан тарихындағы ғұндар. Қытай деректеріндегі ғұндардың ерте тарихы. Мөде шаньюй-ғұн мемлекетінің негізін салушы. Ғұндардың мемлекеттік құрылысы. Ғұндардың ыдырауы. Ғұндардың жаппай қоныс аударуының басталуы. Ғұн көсемі: Аттила және оның жорықтары. Халықтардың ұлы қоныс аударуы. Ғұндардың шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы. Ғұндар дәуіріндегі мәдениеттің дамуы.

7) Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың антропологиялық бет-әлпеті. Этногенез. Ежелгі Қазақстанның мәдени мұрасы.

8) Өлкетану. Туған өлкенің аңыз-ертегілері. Біздің айналамыздағы өлке тарихы мен табиғатының ескерткіштері. Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер.

12. 7-сыныпқа арналған «Қазақ тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) VI - IX ғасырдағы Қазақстан. Ортағасырлық Қазақстан тарихының кезеңделуі. Ұлы Түрік қағанатының құрылуы. Түркі империясының әлем тарихындағы рөлі. Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер: Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қимақ қағанаты. Атлақ шайқасының тарихи маңызы. Түркі мемлекеттерінің қоғамдық-саяси құрылысы. Түркілердің әскери өнері. Шаруашылығы. Сауда және қала мәдениетінің дамуы;

2) X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан. Қарахан мемлекеті. Қазақстан аумағына исламның тарала басталуы. Наймандар, керейіттер, жалайырлар, қидандар. Қыпшақ хандығы. Қазақ халқының қалыптасуындағы қыпшақтардың рөлі. «Дешті Қыпшақ» түсінігі. Шаруашылығы: жайылымдық мал шаруашылығы, отырықшы-егіншілік. Сауда. Қолөнер мен металлургия. Қала мәдениеті. Сәулет және қала құрылысын дамыту. Ұлы Жібек жолы: тарихи маңызы. Түркі жазба ескерткіштері. Түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі. Түркі әлемінің көрнекті мәдениет және ғылым қайраткерлері;

3) XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан. Шыңғыс қаған империясының пайда болуы. Шыңғыс қаған жорықтары. Отырар қорғанысы. Шыңғыс қаған империясының бөлінуі. Жошы ұлысының құрылуы және кеңеюі. Жошы ұлысының әлемдік тарихтағы орны. Алтын Орда. Ұлық-Ұлыс. Ақ Орда. Моғолстан мемлекеті. Әмір Темір әскери жорықтары. Ноғайлы Ордасы. Әбілқайыр хандығы. Сібір хандығы. XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысы. Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстан туралы. Шаруашылық. Сауданың дамуы.

XIII – XV ғғ. мәдениет. Қобыланды. Алпамыс. Едіге, Орақ-Мамай. Кетбұға. Асан қайғы. Сыпыра жырау. Өтеміс қажы.

4) қазақ халқының қалыптасуы. Қазақтар – Ұлы Дала мұрагері: тарихи және этникалық сабақтастық. «Қазақ» этнонимі. Қазақ халқының біртұтас халық болып қалыптасу үдерісінің аяқталуы.

5) біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ ұлттық мемлекетінің құрылу алғышарттары. Қазақ хандығының құрылуы (аумағы, халықтың этникалық құрамы). Мемлекеттің негізін салушылар – Жәнібек пен Керей. М.Х. Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегі – Қазақ хандығының алғашқы тарихы жөніндегі құнды дерек. Қазақ хандығы қалыптасуының алғашқы жылдарындағы ішкі және сыртқы саясаты. Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси бірлігін қалпына келтіру. Біртұтас қазақ мемлекеті қалыптасуының тарихи маңызы.

6) қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы. Қасым хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының нығаюы. Хақназар хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының одан әрі нығаюы және саяси өркендеуі. Тәуекел ханның ішкі және сыртқы саясаты. Есім ханның ішкі және сыртқы саясаты. Жәңгір хан. Орбұлақ шайқасы. Тәуке ханның билігі. «Жеті жарғы». Қазақтың ұлы билері. Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Қазақ қоғамының әлеуметтік

стратификациясы.

7) XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет. Қазақ халқының мәдениеті: материалдық, рухани мәдениет. Әдебиет пен өнер: ақын-жыраулар, халық әншілері мен композиторлардың шығармашылығы, музыкалық өнер. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы: мал шаруашылығы, егіншілік, сауданың дамуы және қолөнер.

8) Өлкетану. Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы). Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері. Бір халық – бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары).

13. 8-сыныпқа арналған «Қазақ тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығы: сыртқы және ішкі саяси жағдай. Жоңғар мемлекеті. Қазақ-жоңғар соғыстары. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманы. Қарақұм мен Ордабасыдағы құрылтайлар – қазақ жасағының құрылуы. Аңырақай шайқасы. Отан қорғаушы батырлар. XVIII ғасырдың 30-40 жылдарындағы қазақ-жоңғар соғыстары;

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының саяси тарихы. XVIII ғасырдың басындағы Ресей империясы назарындағы Қазақстан (саяси және экономикалық мақсаттар, әскери-барлау экспедициялары, алғашқы әскери бекіністердің салынуы). Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы: себептері мен мақсаттары. XVIII ғасырдың 30-50-жылдарындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясаты. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы ішкі саяси жағдайдың асқынуы. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығы: ішкі және сыртқы саясаты.

2) Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, қозғалыстың қозғаушы күші, кезеңдері мен барысы, нәтижелері). 1773-1776 жж. Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі.

3) XVIII ғасырдағы қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті. XVIII ғасыр ақын-жырауларының шығармашылығы. XVIII ғасыр тарихы бойынша қазақ деректері. Қазақтардың қолданбалы өнері.

4) Қазақ халқының отарлауға қарсы ұлт-азаттық күрес. Ресей империясының отаршылдық саясаты: мақсаттары мен әдістері. 1822-1824 жылдардағы патша реформалары (Кіші және Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы). Әкімшілік-аймақтық басқару жүйесінің енгізілуі. 1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі (себептері, негізгі кезеңдері мен шайқастары).

XIX ғасырдың 40-60 жылдардағы Ұлы даланың отарлау объектісіне айналуы. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары (Жоламан Тіленшіұлы, Саржан Қасымов бастаған көтеріліс). Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, мақсаттары мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдері). Кенесары Қасымұлы: тұлға және саясаткер. Кенесары-Ұлы даланың соңғы ханы. Жанқожа Нұрмұхамедұлы және Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (себептері, көтеріліс барысы). Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын қосып алуы. XIX ғасыр басындағы қазақ мемлекеттігінің құлдырауы.

5) XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ елі. 1867-1868 жылдардағы реформалар. Қазақстандағы патшалық Ресейдің жер және қоныстандыру және саясаты. 1860-1870 жылдардағы ұлт-азаттық күрес. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ елінің әлеуметтік экономикалық өміріндегі өзгерістер. Жетісу аумағына ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы. Қазақ-қытай қатынастар және шекара мәселелері (Қоқанмен, Хиуа, Маңғыстау, Ресеймен шекаралық мәселелер). Капиталистік қатынастардың ене бастауы. Қалалар. XIX ғасырдың 80-90 - жылдарындағы әкімшілік-аумақтық реформалар (аграрлық отарлау). Сауда қатынастарының дамуы. Дәстүрлі қазақ қоғамының трансформациясы. XIX ғасырдағы қоғамдық-саяси ойлардың дамуы.

6) XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті.

XIX ғасырдағы Қазақстандағы ағарту ісі мен ғылымның дамуы. Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің ағартушылық қызметі. Қазақстанның ғылыми зерттелуі (Г.Н. Потанин, В.В. Радлов, Т.И. Седельников, М. Шорманов, М. Бабаджанов, А. Диваев). Зайырлы және діни білім беру мекемелері. Жадиттік және білім берудегі жаңашылдық. Шоқан Уәлиханов – ұлы қазақ ғалымы. Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, жаңашыл-педагог, қоғам қайраткері. Абай Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Қазақ музыкалық мәдениетінің дамуы (Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ақан сері, Жаяу Мұса, Дәулеткерей Шығайұлы). Қоғамдық сананың дағдарысы – Зар Заман. Әйгілі суретшілер шығармашылығындағы ұлттық контекст. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев және

К. Халид, Нұржан Наушабайдың тарихи еңбектері.

7) өлкетану: Туристік маршруттар. Жомарт жүрек. Туған өлкенің шежіресі. Мектебімнің тарихы.

14. 9-сыныпқа арналған «Қазақ тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) XX ғасырдың басындағы Қазақстан. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. Столыпіннің аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы. Сауданың дамуы. Қазақ ұлттық зиялылар қауымы және оның XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси үдерістерге әсері. Жадид қозғалысы. Қарқаралы петициясы. I және II Мемлекеттік Дума құрамындағы қазақ депутаттары. Ұлттық баспаның дамуы («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы). 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. қазақ, қырғыз халқының геноциді. 1917 жылғы революциялар. «Алаш» партиясының құрылуы. «Алашорда» үкіметі. Қазақ халқының саяси көшбасшылары: Ә. Бөкейханның қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі; А. Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі; М. Дүлатовтың қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметі; М. Тынышбаевтың қоғамдық-саяси және кәсіби қызметі; М. Шоқайдың қоғамдық-саяси көзқарасы мен қызметі. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ғылыми еңбектері мен мұралары;

2) Қазақстандағы Кеңес үкіметінің заңсыз орнығуы. «Үш Жүз» және оның көсемі Көлбай Тоғысов. Азамат соғысы жылдарындағы (1918-1920

жылдар) Қазақстандағы соғыс қимылдары. Кеңес билігі органдарының «Алашорда» үкіметі, Қоқан автономиясымен қарым-қатынасы. «Әскери коммунизм саясаты». Қырревком қызметі. 1921-1922 жж. аштық. Жер-су реформасы. Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. 1924-25 жылдардағы шекараны қайта межелеу. Қазақ АКСР-ы аумағының қалыптасуы, бекітілуі. Қазақ зиялыларының қазақ елі шекарасын анықтаудағы ролі. Қазақстандағы Жаңа экономикалық саясат (1921-1928 жылдар) табыстары және салдары. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясаты. Кеңес үкіметінің діни саясаты;

3) Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде («социализм, марксизм теориясы» мақсатта көрсету). Қазақстандағы социалистік индустрияландыру (мәні мен ерекшеліктері). Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы пікір-талас - С. Сәдуақасов. «Кіші Қазан» (мазмұны және жүзеге асырылуы). 1928 ж. 27 тамыздағы «Байлар шаруашылықтарын тәркілеу туралы» Республика Аткомы мен Халық Комиссарлар Кеңесінің Декреті. «Бай шаруашылықтарының тәркілеу» туралы. Ауыл шаруашылығындағы жаппай күштеп ұжымдастыру саясаты. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатының қасіретті салдары. 1929-1932 жылдардағы шаруалар көтерілістері және наразылықтар. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық. Қазақстандағы ұжымдастырудың демографиялық салдарлары. Ұжымдастыруды жүзеге асырудың әдістеріне қатысты ұлттық зиялылардың («Бесеудің хаты») қоғамдық-саяси көзқарасы мен қатынасы. 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер, сталиндік қуғын-сүргіндер. Қазақстан аумағындағы кеңестік «еңбек түзеу» концентрациялық лагерлері (Степлаг, Карлаг, Алжир және тағы басқалар). 1936 ж. КСРО-ның жаңа «толық жеңіске жеткен социализмнің» сталиндік Конституциясының қабылдануы. 1936-1938 жж. «Үлкен террор» және оның Қазақстандағы салдары. Қазақстанға одақтас республика «дәрежесінің» берілуі (Қазақстан шекарасындағы өзгерістер мақсатта көрсетілуі);

4) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым. Халыққа білім беру (жалпыға бірдей міндетті сауат ашу, орта білім, қазақ жазуының араб тілінен латын тіліне көшуі, орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу). А. Байтұрсынов – «ұлт ұстазы». Жоғары оқу орындарының ашылуы. КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы. Қ. Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы ролі. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері. Әдебиеттің дамуы (Ж. Аймауытов, С. Торайғыров, М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгерұлы, Б. Майлин, І. Жансүгіров шығармашылығы). Театр, кино, бейнелеу өнері және оның қайраткерлері. 1936 ж. Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі. Мәдениет саласындағы кеңестік идеология (Т. Жүргенов, Ж. Шанин т.б.). Социалистік реализм (С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин);

5) II дүниежүзілік соғыс және қазақстандықтар. Кеңес-Герман соғысының басталуы. Фашистік басшылығының жоспарларында Қазақстанның соғыс және соғыстан кейінгі жылдарындағы орны. Қазақстандағы мобилизация және қазақстандық әскери бөлімдердің құрылуы. Қазақстандықтардың ерлігі мен

тағдыры. Қазақстандықтардың ІІ дүниежүзілік соғыс шайқастарына қатысуы. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары. Б. Момышұлы – аңызға айналған тұлға. Қазақ қыздарының соғыстағы өшпес ерлігі (М. Мәметова, Ә. Молдағұлова, Х. Доспанова және т.б.). Қазақстан – майдан арсеналы. Соғыстың қорытындысы және нәтижелері. Республика еңбекшілерінің жеңіске жету ісіне қосқан үлесі. Соғыс кезінде Кеңес мемлекетінің ұлт қатынастары саласындағы саясаты. Бірқатар халықтардың Қазақстанға депортациялануы және олардың тағдырлары. Соғыс жылдарындағы мәдениет. Ғылымның дамуы. Әдебиеттегі жетістіктер (М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ж. Жабаев, Д. Снегин, И. Шухов және тағы басқалар). Өнердің дамуы (театр, кино).

15. 10-сыныпқа арналған «Қазақ тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Қазақстандағы соғыстан кейінгі саяси-жағдай (1945-1953 жылдар). Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды өңдеу және өнеркәсіптің дамуы. Ауыл шаруашылығының дамуы. Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенінің қалыптасуы (Қазақстандағы ядролық полигон). Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. «Бекмаханов ісі». Ж. Шаяхметовтің мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметі;

2) Сталиннің өлімі және республиканың кейінгі қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер. Хрущевтік волонтаристік жүйенің қалыптасуы және Қазақстан (1953-1964 жж.). «Жылымық» кезеңі. Кеңгір лагеріндегі көтеріліс, Карлаг жүйесінің жойылуы. Қазақстанда «Хрущевтік кезеңдегі» өнеркәсіптің дамуы. Тың және тыңайған жерлерді игеру (тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдары). Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен («Байқоңыр» ғарыш айлағы). «1954-1965 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір, мемлекет қайраткері Ж. Тәшенов (1915-1986 жж.) (Тың өлкесін құруға қарсылық мақсатта көрсету), Н. Оңдасынов (1904-1989). 1959 ж. Теміртау оқиғасы. Отандастарымыздың Қытайдан оралуы;

3) 1964-1982 жылдардағы Қазақстан. Сегізінші («алтын») бесжылдықтың (1966-1970 жж.) Қазақстандағы қорытындылары. Қазақстан «Тоқырау» кезеңінде (1970-1985 жылдар). 1970-1980-жылдардың ортасындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Экономиканың шикізаттық бағыты. Урбанизация. 1970-1980 жылдардағы ауыл шаруашылығындағы дағдарыс. 1965-1985 жылдардағы әкімшілік-әміршілдік қоғамдық-саяси өмір. 1979 жылғы Целиноград оқиғасы. Д.А. Қонаевтың (1912-1993 жж.) мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметі;

4) кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1945-1985-жылдар): жетістіктері және қайшылықтары. Білім беру, денсаулық сақтау салаларындағы мемлекеттік саясат. Жалпыға бірдей міндетті орта білім. Қазақ тілінің жағдайы. Ғылымның дамуы. Әдебиеттің дамуы (Ә. Нұрпейісов, Б. Момышұлы, І. Есенберлин, О. Сүлейменов, М. Мағауин, М. Шаханов, Ә. Кекілбаев, Қ. Мырзалы т.б.). Өнер (театр, кино Ш. Айманов, А. Қарсақбаев, С. Қожықов т.б.);

5) Қазақстан Қайта құру кезеңінде (1986-1991 - жылдар). «Қайта құру» жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер: мақсаттары, мәселелері,

қарама-қайшылықтары. Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан көтеріліс (себептері, барысы мен салдары). 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінің қатысушыларына қатысты жазалау шаралары. «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» (1990 жылғы қазан). Кеңестік саяси жүйенің дағдарысы (1991 жылғы «Тамыз бүлігі»). КСРО-ның ыдырауы. Семей полигонының жабылуы. Қазақстан Компартиясының таралуы. Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар, көппартиялық саяси жүйе қалыптастыруға талпыныстар. «Қазақ КСР-ның тілдер туралы Заңының» қабылдануы;

6) Қазақ мемлекетігінің қайта жаңғыруы (1991-1997 жылдар). «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заңның қабылдануының тарихи маңызы. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси институттарының қалыптасуы (ұлттық әскер, қауіпсіздік органдар). Мемлекеттік құрылысы және әкімшілік аумақтық құрылымы. Қазақстандағы көппартиялық жүйенің қалыптасуы. Азаматтық қозғалыстар және қоғамдық ұйымдар. Нарықтық экономикаға көшу: маңызы және қиыншылықтары. Дербес ақша-қаржы жүйесінің қалыптасуы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері және наградалары. Қазақстанның әлемдік қауымдастықта және әлем елдерімен дипломатиялық қатынастар орнату. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық үдерістер. Этно-демографиялық өзгерістер. Халық санағы. Шет елдердегі қазақ диаспорасы. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы. Қазақстандық диаспоралар. 1993 және 1995 жылдардағы Конституция;

7) Қазақстан Республикасының нығаюы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін). Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді басым мақсаттары мен стратегиялары. «Қазақстан – 2030» стратегиясының қабылдануы. Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы беделінің өсуі, аймақтық және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасы. Халықаралық саясаттағы Қазақстанның бастамалары. Қазақстан Республикасының БҰҰ, АӨСШК, ШЫҰ, ЕЭҚ және т.б. мүше болуы. ЕҚЫҰ және ИЫҰ-на төрағалық етуі. Әлемдік экономикалық байланыстар жүйесіндегі Қазақстан. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайы. Астана – Қазақстан Республикасының жаңа Елордасы. Каспий теңізі аймағы шекараларының айқындалуы. Қазақстанның мемлекеттік стратегиялық даму құжаттары мен бағдарламалары («Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, «5 институтционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам» Ұлт жоспары – қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап. Ұлт көшбасшысы – Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетті құрудағы және дамытудағы рөлі; «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қоғамдық қозғалыстар. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Президенттігіне сайлануы. Ұлттық қоғамдық кеңестің құрылуы. (Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2 қыркүйек 2019 ж. Қазақстан халқына арналған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы мақсатта көрсету). «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаланың қойып отырған міндеттері. Covid-19 пандемиясының қоғамдық-саяси өмірге әкелген өзгерістері мен қаупі (2020-

2021 жж.).

8) қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін). Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясат. «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы. Инновациялық ғылыми-білім беру мекемелерінің құрылуы. 2019-2020 жж. – Жастар жылы. Қазақстан Республикасын нығайту мен модернизациялаудағы қазақстандық жастардың рөлі мен міндеттері. Қазақстандағы қоғамдық келісімді сақтау саясаты. Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті жаңғырту және сақтап қалу мәселелері. Қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденциялары. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық құндылықтардың артуы. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы. «Ұлы даланың жеті қыры».

4-тарау. «Қазақ тарихы» оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

6-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:

*Білім алушылар:*

- қазақ тарихының кезеңделуін;
- тас дәуіріндегі ежелгі адамдардың өміріндегі өзгерістерді; кәсіптерін;
- көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын;
- Ботай мәдениетінің ежелгі Қазақ тарихындағы маңызын
- ежелгі адамдар өміріндегі металды игерудің маңыздылығын;
- андронов және беғазы-дәндібай мәдениеттерінің белгілерін;
- Ә.Марғұланның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін;
- Арқайым қаласының мысалында қола дәуірінің ежелгі қоныстарының ерекшеліктерін;
- алғашқы адамдардың наным-сенімдерін, дүниетанымын;
- Шілікті және Бесшатыр, Берел, Тасмола археологиялық мәдениеттерінің ерекшеліктерін;
- көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін;
- Қазақ жеріндегі ерте мемлекеттік құрылымдардың ерекшеліктерін;
- Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін;
- Сақ патшайымы Томирисінің, сақ жауынгері Шырақтың тарихтағы рөлін;
- Сарматтардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынасын;
- алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің (үйсіндер мен қаңлылар) құрылуын;
- алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің материалдық және рухани мәдениетітегі жетістіктерін;
- Ұлы Жібек жолының пайда болуын;
- тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін *біледі*.

*Білім алушылар:*

- қазақ жеріндегі ерте мемлекеттік құрылымдар мен бірлестіктердің



арасындағы сабақтастық байланысты;

- атқа міну мәдениеті пайда болуының мәнін;
- металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын;
- Сақтардың материалдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктерін;
- ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін;
- өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын;
- өлкенің аңыз- ертегілерінің мән-мағынасын *түсінеді*

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- ежелгі адамдар өміріндегі өзгерістерді сипаттауда;
- археологиялық деректерге сүйене отырып, андронов және беғазы-дәндібай мәдениеттерінің белгілерін анықтауда;
- туған өлкенің археологиялық ескерткіштерін сипаттауда;
- картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсетуде;
- ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсетуде *қолданады.*

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- археологиялық ескерткіштерді Қазақстан картасынан көрсетуде;
- тарихи мұраны жеткізудегі жәдігердің рөлін сипаттауда;
- Ә. Марғұланды ғалым-археолог ретінде айқындауда;
- Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтауда *қолданады;*

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсетуде;
- мұражай жәдігерлеріне вертуалды саяхат жасау арқылы қазақ жеріндегі материалдық және рухани мәдениеттегі жетістіктерін анықтауда;
- тарихи деректер негізінде сақтардың шаруашылығының ерекшеліктерін, еңбек құралдары мен қару түрлерін анықтауда *қолданады.*

7-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:

*Білім алушылар:*

- ортағасырлық Қазақ тарихының кезеңделуін;
- ерте орта ғасырлардағы мемлекеттер: Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз қағанаты, Қимақ қағанатының даму ерекшеліктерін;
- X ғ. – XIII ғ. басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін, қазақ халқының қалыптасуындағы рөлін;
- түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін;
- түркі әлемінің көрнекті мәдениет және ғылым қайраткерлерін;
- XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді;
- XIII - XV ғасырлардағы мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысындағы ортақ белгілерді;
- ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін;
- Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің

ерекшеліктерін;

- «қазақ» этнонимінің мағынасын;
- Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын;
- Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси біртұтастығының қалпына келуінің

тарихи маңызын;

- Біртұтас қазақ мемлекеті қалыптасуының тарихи маңызын;
- қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін;
- қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін

*біледі.*

*Білім алушы:*

- ерте орта ғасырлардағы мемлекеттердің қазақ халқының қалыптасуындағы рөлін;

- Атлах шайқасының тарихи маңызын;

- Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін;

- Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымының ерекшеліктерін;

- «Ұлық Ұлыс» ұғымын мәнін;

- түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін;

- ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын;

- ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін;

- түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын;

- көшпелілердің қолданбалы өнер және әскери өнер жетістіктерін;

- Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси біртұтастығының қалпына келуінің тарихи маңызын;

-туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін;

- Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің тарихи маңызын;

- ортағасырдағы Қазақстан жерін зерттеген саяхатшылардың еңбектерінің тарихи маңызын;

- қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін *түсінеді.*

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- түркі тілдес тайпалардың аумақтық орналасуын картада көрсетуде;

- XIII-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтауда;

- өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін сипаттауда;

- Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтауда *қолданады.*

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- тарихи деректерді қолдану арқылы қоғамның тұрмысы мен мәдениетінің ерекшеліктерін талдауда;

- «Ұлы Дала Елі» ұғымын тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда;

- Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды сипаттауда қолданады

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- тарихи деректер негізінде Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтауда;

- «Кодекс Куманикус» сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтауда қолданады.

8-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:

*Білім алушылар:*

- XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайын;

- Қазақ-жоңғар соғыстарының барысын және Отан қорғаушы батырларды;

- XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясатының мәнін;

- Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатын;

- Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресінің маңызын;

- Кіші және Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы және Ресейдің әкімшілік-аймақтық басқару жүйесінің енгізілуін;

- XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының себептері, мақсаттары мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдерін;

- XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ елінің әлеуметтік экономикалық және мәдени өміріндегі өзгерістерді біледі.

*Білім алушылар:*

- XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайындағы өзгерістерді;

- Қазақ-жоңғар соғыстарының барысын және батырлардың . Отан қорғаудағы маңыздылығын;

- XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясатының мәнін;

- Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатының ерешеліктерін;

- Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресінің маңызын;

- Кіші және Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы және Ресейдің әкімшілік-аймақтық басқару жүйесінің енгізілу себептерін;

- XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының себептері, мақсаттары мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдерінің ерекшеліктерін;

- XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ елінің әлеуметтік экономикалық және мәдени өміріндегі өзгерістерді;

- Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен

батырлардың рөлін;

- халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын;

- Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын;

- патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді;

- отаршылдық саясаттың ұлттық құндылықтарға кері әсерін;

- Жәңгір ханның билігі кезіндегі Бөкей ордасындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді;

- отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін;

- Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- қазақ хандығындағы әскери бекіністердің салынуының мақсаттарын талдауда;

- қазақ жеріне жасалған әскери-барлау экспедициялардың қортындысына сүйніп, олардың қызметін сипаттауда;

- қазақ хандығындағы әскери бекіністердің салынуының мақсаттарын анықтауда ;

- Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының тарихи деректеріне сүйне отырып, оның ішкі және сыртқы саясатының жетістіктерін баяндауда;

- қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің деректерін пайдаланып, себеп-салдарын талдауда;

- қолданбалы өнер материалдарын зерделеп жетістіктерін сипаттауда;

- салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын сипаттауда;

- халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беруде;

- Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдауда;

- Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді талдауда;

- Қазақ жеріне жасалған әскери-барлау экспедициялардың қызметін сипаттауда;

- Абылай ханның дипломатиялық шеберлігі мен саясатын бағалауда;

- қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалауда;

- Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтауда қолданады;

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалауда;

- салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен

маңыздылығын анықтауда;

- дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтауда;
- халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалауда қолданады.

9-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:

*Білім алушылар:*

- XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерді;
- қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметін;
- «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту жолындағы қызметін;
- Қазақ халқының саяси көшбасшыларының қоғамдық-саяси, мемлекеттік және ағартушылық қызметін;
- Қазақстандағы Кеңес үкіметінің заңсыз орнығуы және 20-30 жылдардағы экономикалық саясатын;
- Ф.Голощекиннің «Кіші Қазан» саясатының салдарын;
- күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын;
- XX ғасырдың 20-30-жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын;
- XX ғ. бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді;
- қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тіл білімінің негізін салып, дамытудағы қызметін;
- Көрнекті жазушылар Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлы, Б. Майлин, І. Жансүгіровтың шығарамаларының мақсатын;
- Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы қызметін
- Қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін;
- Б. Момышұлының Ұлы Отан Соғысы кезіндегі көрсеткен ерлігін;
- Ұлы Отан Соғысында батырлығымен танылған қазақтың батыр қыздарының ерлігін;
- соғыс жылдарындағы халық рухын көтерген өнер мен әдебиеттің белгілі тұлғаларының (М.Әуезов, Ж.Жабаев, Д.Снегин, И.Шухов) қызметін біледі.

*Білім алушылар:*

- XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестердің мәнін;
- қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметінің ролін;
- 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің салдары (қазақ, қырғыз халқының геноциді) мен тарихи маңызын;

- «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту жолындағы идеясын

- қазақ зиялыларының (М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, М.Шоқай) қоғамдағы рөлі мен қызметінің ұлттық санаға тигізген әсерін;

- XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын;

- 1921-1922 жылдардағы жер-су реформаларының маңыздылығы мен нәтижелерін;

- қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін;

- Әміре Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөлін;

- қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін;

- соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын;

- соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын *түсінеді*.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық–саяси процестердің мәнін сипаттауда;

- қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметінің ролін көрсетуде;

- тарихи деректер негізінде «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту жолындағы қызметін сипаттауда;

- Қазақ халқының саяси көшбасшыларының қоғамдық-саяси, мемлекеттік және ағартушылық қызметінің қажеттілігін баяндауда;

- деректер негізінде Қазақстандағы Кеңес үкіметінің заңсыз орнығуы және 20-30 жылдардағы экономикалық саясатың себебін анықтауда;

- тарихи деректер негізінде қазақ зиялыларының Ф.Голощекиннің «Кіші Қазан» саясатына қарсылығын анықтауда;

- күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарының себебін талдауда;

- XX ғасырдың 20-30 –жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының кері әсерін көрсетуде

- XX ғ. бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістердің ерекшеліктерін айқындауда *қолданады*.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық–саяси процестерді салыстырмалы талдауда (жұмысшылар ереуілдері, Қарқаралы петициясы);

- 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беруде;

- «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту саясатын салыстырмалы талдауда;

- тарихи деректер негізінде Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшық қызметіне баға беруде;

- тарихи картаны пайдаланып, азамат соғысының негізгі оқиғаларын сипаттауда;
- Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беруде;
- XX ғасырды 20-30 –жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдауда;
- тарихи картаны пайдаланып, Қазақ АКСР-нің шекараның өзгеруін анықтап, сипаттауда;
- соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің (М.Әуезов, Ж.Жабаев, Д.Снегин, И.Шухов) халық рухын көтерудегі маңызын бағалауда;
- ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беруде;
- тарихи деректер негінде кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын талдап, анықтауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерге талдағанда;
- күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын талдап, сипаттағанда;
- 1921-1922 жылдардағы жер-су реформаларының маңыздылығы мен нәтижелерін сипаттағанда;
- тарихи құжаттар бойынша Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдауда;
- деректер негізінде Қазақстан экономикасының соғыс жағдайына бейімделгендігін дәлелдегенде қолданады.

*10-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:*

*Білім алушылар:*

- Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған саяси- әлеуметтік, экономикалық мәселелерді;
- XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын;
- Е.Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін
- Кеңес үкіметі кезіндегі қоғам қайраткерлерінің мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметін
- Карлаг жүйесінің жойылуына Кеңгір лагеріндегі көтерілістің әсерін анықтау
- өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасауды;
- әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдауды;
- 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығын;
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығын;
- Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын;
- өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, тәуелсіз Қазақстанның

жариялануының тарихи маңызын;

- Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын;
- Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты даму кепілі ретінде бағалауды;

- ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды;
- Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н.Назарбаевтың рөлін;
- қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын;

- Каспий теңізі аймағы шекараларының айқындалуын тарихи құжаттар негізінде сипаттауды;

- Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесінің экономикаға ықпалын біледі.

*Білім алушы:*

- кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін;

- қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын;
- «Байқоңыр» ғарыш айлағының әлемдік ғылымдағы рөлін;
- қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөлін ;
- Қазақстан Республикасын нығайту мен модернизациялаудағы қазақстандық жастардың рөлі мен міндеттерін;

- Қазақ КСР-ң тілдер туралы Заңы қабылдануының маңыздылығын;
- Сегізінші «алтын» бесжылдық халықтың әл-ауқатын көтерудегі ықпалын;

- Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын;

- Covid-19 пандемиясының қоғамдық-саяси өмірге әкелген өзгерістер мен қаупін түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдауда;

- ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласының өзектілігін айқындауда;

- Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалауда;
- ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік «Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламаларының қажеттілігін сипаттауда;

- Елбасы Н.Назарбаевтың еңбектерін зерделеуде;
- «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық идеясы, «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласының маңыздылығын бағалауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беруде;

- дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдауда;

- қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне



баға беруде;

- қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасауда;

- білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беруде қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- аграрлық секторды модернизациялау бағыттарын талдауда;

- нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдауда;

- Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін талдауда;

- сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеуде;

- демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасауда;

- Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуына баға беруде;

- Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен байланыстарын талдауда;

- Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындауда қолданады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-10-сыныптарына арналған  
«Шетелдер тарихы» пәнінен 12 жылдық білім берудің  
үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20\_\_ жылғы «\_\_»\_\_\_\_\_ №\_\_ бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № \_\_\_\_\_ болып тіркелді).

2. «Шетелдер тарихы» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрмет қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту және зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

3. «Шетелдер тарихы» оқу пәнінің міндеттері:

1) адамзат өркениетінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және түрлі халықтардың тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы базалық білім беру;

2) тарихты зерделеудің көпөлшемділігі және тарихи процестің дамуының альтернативті жолдары туралы түсінік қалыптастыру;

3) әлемнің тарихи дамуы барысында қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

4) негізгі оқиғалар, құбылыстар мен тарихи даму процестерінің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

5) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін дүниежүзі тарихы контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

6) тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

7) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

8) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

9) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, соның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі

деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, басылымдар мен электронды құралдарды қолдану.

## 2-тарау. «Шетелдер тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

4. «Шетелдер тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

- 1) 6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 2) 7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 3) 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 4) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 5) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелді).

5. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

6. «Шетелдер тарихы» оқу пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктер) негізделеді:

- 1) өзгеріс пен сабақтастық;
- 2) себеп пен салдар;
- 3) дәлел;
- 4) ұқсастық пен айырмашылық;
- 5) маңыздылық;
- 6) интерпретация.

7. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) «себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

3) «дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге

қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды,

4) «ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) «маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

8. «Шетелдер тарихы» бойынша төмендегідей метапәндік құзыреттіліктер қалыптасады:

*Ғылыми-танымдық құзыреттілік:*

- шетелдердегі негізгі оқиғалар, құбылыстар және мен тарихи даму процестерін жалпыадамзаттық тарих контекстінде талдайды;

- саяси оқиғаларға байланысты тарихи картадағы өзгерістерді анықтау арқылы білімдік ақпаратты іріктейді;

- проблемалық сұрақтарға жауап беру үшін түрлі тарихи дереккөздерді өңдейді,

- шетелдерде болып жатқан жаһандық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерге бағдарлану үшін тарихи мәліметтерді саралайды;

- тарихи оқиғалардың себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасайды.

*Мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:*

- тарихи даму барысында қалыптасқан жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарды қастерлейді;

- тарихи деректерге сүйене отырып, ежелгі өркениет ошақтарының маңыздылығын анықтайды;

- дүниежүзілік өнер туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалайды;

- әлемдік ғалымдардың білім мен ғылымдағы ашқан жаңалықтарының маңыздылығын бағалап, өзіндік өнертапқыштық дағдысын дамытуда қолданады;

- шетелдер тарихындағы демократия мен парламентарлық жүйенің қалыптасу процесін талдау негізінде демократиялық қоғам құндылықтарын айқындайды.

*Тілдік-коммуникативтік құзыреттілік:*

- тарихи деректердің мазмұнын түсініп, өз пікірін білдіре алады;

- тарихи терминдердің мағынасын ажырата алады;

- тарихи оқиғаларға қатысты негізгі және қосалқы ақпаратты таба алады;

- тарих пәнінен алған білімдеріне сүйене отырып пікірталас, әңгіме жүргізе алады;

- зерттеу жұмысын жүргізуде өзгелерді тыңдай біледі, ұтқыр пікірін білдіреді, ұстанымын дәйекті дәлелдей алады;

- жұптық және топтық жұмыстарда, тарихи оқиғалар мен процестерді талқылауда ой бөліседі, пікірлеседі, қарым-қатынасқа түседі;

- тарихи деректер негізінде тарихи оқу-танымдық ақпараттарды түсініп, ойын еркін жеткізе алады;

*Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:*

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алады;

- тарихи деректерден қажетті ақпаратты табады, өңдеп, қолданады;

- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолданады;

- жобалық зерттеу жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдейді;

- шетелдер тарихындағы маңызды тарихи оқиғалар туралы ақпараттарды электрондық, оқу ресурстардан, әртүрлі дереккөздерінен іздеп тауып, өңдейді және қажетіне қарай қолданады;

- тақырып мазмұнына сәйкес тарихи деректі, бейнефильм материалдарын меңгереді;

- ақпараттық технологияның озық үлгілерін қолдана отырып, әлемдік тарихи мұражайға 3D вертуалды саяхат жасау арқылы оқу материалын меңгереді;

- шетелдер тарихы аясында әзірленген электрондық ресурстарды тиімді пайдаланады.

### 3-тарау. «Шетелдер тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны

9. 6-сыныпқа арналған «Шетелдер тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Тарих, уақыт және кеңістік. Тарих дегеніміз не? Тарих және археология. Артефактілер. Жазба деректер. Тарихи уақыт. Уақыт кезеңдерін анықтайтын терминдер: жыл, онжылдық, ғасыр, дәуір. Мерзімдермен қолданылатын терминдер: біздің заманымызға дейінгі, біздің заманымыз. Уақыт таспасы. Бұл оқиға қайда болды? Тарих және география. Тарихи кеңістік. Географиялық және тарихи карталар.

2) Алғашқы адамдар және қоғам. Африкадағы адамның пайда болуы. Адам және табиғат. Гоминидтер және ең көне адамдар. Тас дәуірінің құралдары. Аңшылар мен терімшілер және оның қоғамы. Ежелгі адамдардың көші-қоны және жаңа жерлерді игеру. Адамдардың жаңа ортаға бейімделуі. Жаңа құралдар мен технологиялар. «Неолиттік революция» ұғымы. Иемденуші және өндіруші шаруашылық түрлері: мал шаруашылығы мен егіншіліктің пайда болуы. Көне діни наным-сенімдер. Алғашқы қауымдық өнердің түсінігі мен түрлері.

3) Ежелгі өзенаралық өркениеттері. «Құнарлы жарты айдың» табиғи жағдайлары. Месопотамиядағы қала-мемлекеттер: Шумер және Аккад. Абыздар, әскербасылар мен билеушілері. Алғашқы әулеттер. Шаруашылық жүйесі, мәдениет, діни наным-сенімдер. Саргонның жаулап алуы және алғашқы

империя. Вавилон империясы және Хаммурапи заңдары. Инд алқабы өркениеті. Ніл өркениеті: Мысырдың алғашқы патшалығы. Перғауындар. Хуанхэ өзені бойындағы өркениет. Қытайдың өзенаралық әулеттері. Ежелгі Орта Азия өркениеті. Малшаруашылығы қоғамдары. Атқа мінушілер мен дөңгелекті арбалар.

4) Ежелгі Мысыр. Орта және Жаңа патшалық. Ежелгі Мысырдың әлеуметтік құрылымы, экономикасы, діни наным-сенімдері және ғылыми білімі.

5) Ежелгі Үндістан. Ежелгі Үндістанның әлеуметтік құрылымы (касталық жүйе). Шаруашылығы. Ежелгі Үндістандағы индуизм және буддизм. Мәдениет пен ғылыми білімді дамыту.

6) Ежелгі Қытай. Империялардың дүниеге келуі. Учение Конфуций мен Лао Цзы ілімдері. Ежелгі Қытайдың саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымы. Ежелгі Қытайдың мәдениеті.

7) Ежелгі Грекия. Гомер кезеңі және архаикалық дәуір. Классикалық кезең. Грекиялық қала-мемлекеттер. Афина мемлекеті. Ежелгі Спарта. Ежелгі Грекияның саяси, шаруашылық және қоғамдық құрылысы. Грек-парсы соғыстары. Александр Македонский империясы.

8) Ежелгі Грекия мәдениеті. Ежелгі Грекияның тарихшылары мен философтары. Ежелгі Грекиядағы білім мен ғылым. Ежелгі Грекияның мәдениеті (күнделікті өмірі мен мерекелері, Олимпиада ойындары, діни наным-сенімдер, аңыздар мен мифтер, театр, сәулет және мүсін өнері).

9) Ежелгі Рим. Апеннин түбегінің табиғи-географиялық ерекшеліктері. Ежелгі Римнің саяси және қоғамдық құрылысы (патшалық басқару және ерте республика кезеңі тұсында). Кейінгі республика. Римнің жаулаушылық соғыстары. Рим империясы. Рим империясындағы басқару жүйесі мен әлеуметтік ұйымдасу. Спартак бастаған құлдар көтерілісі. Шаруашылығы мен тұрмысы. Мәдениет. Империя дағдарысы. Христиандықтың пайда болуы. Рим империясындағы алғашқы христиандар. Мемлекеттік басқару жүйесі. Ұлы Константиннің діни реформасы. Рим империясының құлауы. Рим және батыс өркениетінің тамыры.

10) Қазақстан аумағындағы ежелгі қоғамдар. Қазақстан аумағындағы ежелгі мемлекеттер. Ежелгі әлемдегі көшпенділердің рөлі. Ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымы. Шаруашылық жүйесі. Халықтардың ұлы қоныс аударуына жол салған тайпалар.

10.7-сыныпқа арналған «Шетелдер тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Ортағасырдың басталуы. Батыс Рим империясы құлауының салдары. Тарихтағы «орта ғасыр» түсінігі. Орта ғасырлар тарихын кезеңдеу. «Феодализм» түсінігі. Франктер корольдігіндегі феодалдық қатынастардың пайда болуы. Феодалдық шаруашылық түрінің ерекшеліктері. Феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымы. Ортағасырдағы батыс және шығыстық қалалар мен өнердің даму ерекшеліктері.

2) Византия империясы. Юстиниан I, Юстиниан II тұсындағы Византияның Түрік қағандығымен дипломатиялық қарым-қатынастары.

Византия және Киев Русі.

3) Ислам тарихы. Ислам дінінің пайда болуы. 610 және 1258 жылдар аралығындағы ислам тарихындағы басты оқиғалар. Ортағасырлық шығыс мәдениетінің дамуы.

4) Крест жорықтар. Орта ғасырдағы католик шіркеуі. Крест жорықтарының (1-4 крест жорықтары) себептері, барысы мен салдары.

5) Шыңғыс империясы. Моңғол империясының құрылуы. Моңғолдардың әскери өнері. Еуразия орталықтанған мемлекеттерінің қалыптасуына моңғол шапқыншылықтарының әсері

6) Осман империясы. Осман империясының құрылуы мен гүлденуі. Мехмет II және сұлтан Сүлеймен I кануни.

7) XIV ғасырдағы - XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам. «Қара індет». Франция мен Англиядағы шаруалар көтерілісі. Феодалдық соғыстар (Жүз жылдық соғыс, Ал қызыл және Ақ раушандар соғысы) және Еуропадағы бір орталықтанған мемлекеттердің қалыптасуы. Жанна д'Арк.

8) Батыс пен Шығыстағы абсолютизм. Феодалдық мемлекеттің даму кезеңдері. таптық-өкілдік монархия. Батыс пен Шығыс мемлекеттеріндегі абсолютизмнің ерекшеліктері (Франция, Англия (Генрих VIII Тюдор), Қытай, Жапония, Үндістан (Ұлы Моғолдар империясы).

9) Халықаралық сауда және әлемді игеру. Ұлы Жібек жолының батыс және шығыс елдерінің мәдени және экономикалық дамуына әсері. Қытайдағы Мин әулетінің теңіз саяхаттары (Чжен Хе басшылығымен). XV ғасырдың соңы - XVI ғасырдың басындағы Ұлы географиялық ашулар мен олардың салдары. Колумбтың келуіне дейінгі Америка халықтары. Алғашқы отарлық империялар (Португалия, Испания).

10) Қайта өрлеу дәуірі. Батыс Еуропадағы қайта өрлеу дәуірінің мәдениеті. Гуманистер идеялары. Шығыстық ренессанс (Бабыр, Фирдауси, Низами, Навои, Алишер).

11) реформация. Реформацияның себептері мен маңызы және оның Еуропа елдеріндегі таралуы. Мартин Лютер және Жан Кальвин. Контрреформация.

12) Кейінгі орта ғасырдағы ғылымның дамуы. Зайырлылық және әлемге көзқарастардың өзгеруі. Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесінің негізін қалаушылар (Ұлықбек, Николай Коперник, Галилео Галилей, Джордано Бруно, Иоганн Кеплер).

11. 8-сыныпқа арналған «Шетелдер тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) жаңа заманның басталуы. Курсқа кіріспе. «Жаңа заман» түсінігі, жаңа заман тарихын кезеңдеу. Дәстүрлі өркениет дағдарысы және Англияда XVII ғасырда жаңа қоғамның пайда болуы. Феодалдық құрылыстан капиталистік шаруашылыққа өту. Мануфактура, фабрикалардың пайда болуы және жалдамалы жұмысшы табының қалыптасуы. XVII ғасырдағы ағылшын бұржуазиялық революциясы. Өнеркәсіп төңкерісі, мәні, маңызы және салдары. Индустриалды қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымының

ерекшеліктері.

2) XVIII ғасырдағы Үндістан және Ұлыбритания. Ұлы Моғолдар империясының дағдарысы және күйреуі. Еуропалық мемлекеттердің Ост-Үнді компаниясы. Франция мен Ұлыбританияның Үндістанға үстемдік жүргізудегі бәсекелестігі. Британ отарлық империясының құрылуы. XVIII ғасырдағы Үндістанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы.

3) Ағартушылық идеяларының таралуы. Ағартушылық кезеңінің қайраткерлері және олардың қоғам дамуына көзқарастары. «Ағартушылық абсолютизмі». Еуропа мен Солтүстік Америкадағы революциялық процестердің таралуындағы ағартушылық идеялардың рөлі. Солтүстік Америкадағы ағылшын отарларының әлеуметтік-экономикалық дамуы. Тәуелсіздік үшін күрес және Америка Құрама Штаттарының құрылуы. «Тәуелсіздік декларациясы».

4) Француз бұржуазиялық революциясы. Француз абсолютизмнің дағдарысы. XVIII ғасырдағы Француз буржуазиялық революциясының негізгі оқиғалары. Ағартушылық дәуірі идеяларының революцияның барысы мен нәтижелеріне әсері. Революциялық оқиғалардың Франция бейнелеу өнеріндегі көрінісі. Республикалық құрылыстың ерекшеліктері. Наполеон Бонапарттың ішкі және сыртқы саясаты. Азаматтық кодекс. Антифранцуздық коалициялар. Наполеонның Ресейге басып кіруі. Наполеон империясының күйреуі.

5) XIX ғасырдағы империялар және олардың бәсекелестігі. XVIII ғасырдың II - жартысындағы Осман империясының әлсіреуі: ішкі және сыртқы саясат. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы халықаралық қатынастар жүйесіндегі Ресей. Қырым соғысының себептері мен салдары; Ұлыбритания мен Ресейдің Иранға ықпал ету бәсекелестігі. Осман империясының саяси және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері. Танзимат реформасы: мақсаттары мен нәтижелері.

6) XIX ғасырдағы Қытай мен Еуропа елдері. Цин династиясының оқшаулану саясаты мен еуропалықтардың сауда, дипломатиялық миссиялары. Апиын соғыстары: себептері мен салдары. Ихэтуандар көтерілісі («боксерлер» көтерілісі). Еуропалық мемлекеттердің Қытайды «ықпал ету аймақтарына» бөлуі. Жартылай отар Қытайдың әлеуметтік-экономикалық жағдайы. «Миссионерлік», «экспансия», «фактория», «отарлау» түсініктері.

7) революциялық идеялардың XIX ғасырда Еуропаға таралуы. Германия, Италия мемлекеттерінің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Либерализм, национализм, социализм. Марксизмнің қалыптасуы мен таралуы. Еуропадағы 1848 жылғы буржуазиялық революциялар. Франко-Пруссия соғысы және Германияның бірігуі. Италияның бірігуі.

8) XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы және әлеуметтік-экономикалық даму. Ресейдегі азаттық қозғалыстың үш кезеңі. Декабристер көтерілісі. II Александр императордың реформалары. Халықшылдардың қозғалысы. Ресейдегі марксизмнің таралуы мен В.И. Лениннің революциялық қызметінің басталуы.

9) XIX ғасырдың II жартысындағы еуропалық отарлық үстемдік. 1857-1859 жылдардағы Үндістандағы отаршылдыққа қарсы (сипайлар) көтеріліс.



Үндістанды басқарудағы өзгерістер. XIX ғасырдың соңында әлемдік отарлық жүйенің қалыптасуы.

10) Америка Құрама Штаттарының күшеюі. Америка Құрама Штаттарының «Айқын болашақ» идеясы және АҚШ территориясының ұлғаюы. Қиыр шығыстық саясат. «Жапонияны ашу». «Мейдзи» реформалары. Канонер дипломатиясы. Трансатлантикалық құл саудасы. 1861-1865 жылдардағы азамат соғысы және Америка Құрама Штаттарындағы құлдықтың жойылуы. XIX ғасыр соңындағы өнеркәсіптің өркендеуі және әлеуметтік-экономикалық даму.

11) XIX ғасырдағы өзгерістерге суретшілер және жазушылар көзқарастарымен шолу. XIX ғ. әдебиет пен өнер. Өнер стилдері. Өнердегі әлеуметтік әділетсіздіктің суреттелуі (Э.Золя, А.Кунанбаев, Ч.Диккенс, Ф.М.Достоевский, Р. Тагор);

12) Ғылыми ойдың дамуы. XIX ғасырдың ғылыми жаңалықтары (Ч.Дарвин, Г.Мендель және т.б.).

12. 9-сыныпқа арналған «Шетелдер тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Бірінші дүниежүзілік соғыс. XX ғасырдың басына қарай әлемнің аумақтық бөлінуі және мемлекеттердің саяси құрылымы. XX ғасырдың басындағы жетекші капиталистік мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықтар. Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері. 1914-1918 жылдардағы негізгі соғыс қимылдары. Соғыс жылдарындағы әскери стратегиялардың, ғылым мен техниканың дамуы. Германия мен оның одақтастарының жеңілуі. Компьен бітімі;

2) Версаль-Вашингтон жүйесі. Париж бітім конференциясы. Әлемнің саяси картасының өзгеруі. Империялардың күйреуі. Мандаттық жүйе. Ұлттар Лигасының құрылуы және қызметі. Вашингтон конференциясы. Версаль-Вашингтон жүйесінің қарама-қайшылығы мен әлсіздігі;

3) Ресейдегі революциялық оқиғалар және оның салдары. Ресей империясындағы 1917 жылғы революциялық оқиғалар. Саяси күштердің күресі. Большевиктердің билік басына келуі. Кеңес үкіметінің алғашқы декреттері. «Еңбекшілер құқығы туралы Декларация». Азамат соғысы және шетел интервенциясы. «Әскери коммунизм» саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшу. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы. Әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптаса бастауы;

4) Азия елдері соғысаралық кезеңде.

Осман империясында сұлтан билігінің жойылуы және шетел интервенттеріне қарсы күресі. Мұстафа Кемалдың Түрік Республикасын құрудағы рөлі. Ататүрік реформалары.

Париж бітім конференциясында «Қытай мәселесі». Синьхай революциясы. Гоминьдан үкіметі мен Қытай коммунистік партиясының күресі. Сунь Ятсеннің «Үш халықтық принципі». 1925-1927, 1927-1937 жылдардағы Азамат соғысы. Жапонияға қарсы біртұтас майдан құру мәселесі. Чан Кайши үкіметінің саясаты.

Үнді ұлттық конгресі мен Мұсылмандар Лигасы лидерлері Үндістанның тәуелсіздігіне қол жеткізу жолындағы күрестегі ұстанымдары. М. Гандидің

басшылығымен күш қолданбай қарсыласу (сатыграха) науқандары.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапония (күріш бүлігі). «Танака меморандумы» және басқыншылық саясат. «Антикоминтерндік пакт» пен «Үштік пакт». Жапонияның Қытайдағы және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі басқыншылық саясаты;

5) әлемдік экономикалық дағдарыстың себептері мен салдары. «Гүлдену» кезеңіндегі Америка Құрама Штаттарының экономикалық және саяси дамуы. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс және оның салдары.

Франклин Делано Рузвельттің «Жаңа бағыты». Соғысаралық кезеңдегі Америка Құрама Штаттарының сыртқы саясаты. Германияның, Францияның, Жапонияның әлемдік экономикалық дағдарыстан шығу жолдары;

6) Тоталитаризм мен демократияға қарсы тұру. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағындағы тоталитарлық саяси режим (әкімшілік-әміршілік жүйе). Индустрияландыру. Ұжымдастыру. Социалистік реализм, Сталиндік жеке басқа табыну. Кеңестік қоғамның әлеуметтік құрылымы. 1937-1938 жылдардағы жаппай саяси репрессиялар. ГУЛАГ жүйесі.

I дүниежүзілік соғыстан кейінгі Италия. Фашистердің билікке келуі. Фашизмге қарсы демократиялық күштердің күресі. «Маттеотти дағдарысы». Б. Муссолини үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты.

Германия. Веймар республикасының құрылуы. Соғыс салдары, экономикалық және саяси дағдарыстар. А. Гитлер және ұлттық социалистік партия. Тоталитарлық режимнің орнығуы. Ұлтшылдар партиясының әлеуметтік-экономикалық саясаты. Үшінші Рейхтің жүргізген сыртқы басқыншылық саясаты.

Халықтық майдан.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Францияның дамуы. Әлемдік экономикалық дағдарыс және оның Франциядағы салдары. Франциядағы фашизмнің жеңілу себептері. Халықтық майдан үкіметі.

Соғысаралық кезеңдегі Испания. Примо де Ривера әскери-монархиялық режимі. Буржуазиялық-демократиялық революция. Республиканы жариялау. Халықтық майданның жеңісі. Азамат соғысы және

1936-1939 жылдардағы фашистік интервенция. Ф. Франко диктатурасының орнауы;

7) Екінші дүниежүзілік соғыс: себептері мен салдары. Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері. Берлин-Рим-Токио осінің қалыптасуы. Антикоминтерн пактісі. Австрия аншлюсі. Мюнхен келісімі, Молотов-Риббентроп пактісі.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы. Германияның Батыс Еуропа елдерін басып алуы. Балқан түбегі, Солтүстік Африкадағы соғыс қимылдары. Басып алынған аумақтарда орнатылған фашистік «Жаңа тәртіп».

Фашистік Германияға қарсы кеңес халқының Ұлы Отан соғысы.

Жапонияның Перл-Харборға шабуылы және Америка Құрама Штаттарының соғысқа кірісуі. Антифашистік коалиция. Ленд-лиз туралы заң. Соғыс кезіндегі түбегейлі өзгеріс. «Үлкен үштік». «Екінші майдан» ашу.

Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелері мен сабақтары;

8) XX ғасырдың бірінші жартысындағы мәдениет және ғылым. Өнер стильдерінің әлеуметтік жағдайы (реализм, авангардизм, символизм, модерн). Бұқаралық мәдениет. Қоғамдағы дін рөлінің өзгеруі.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар, техника мен өндірістегі маңызды жаңалықтар мен жетістіктер.

13. 10-сыныпқа арналған «Шетелдер тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы. Отарсыздандыру процесін күшейту және әлемдік отарлық жүйенің ыдырауы. Британдық Үндістанды бөлу және екі мемлекеті: Үндістан және Пәкістанның қалыптасуы. Үндіқытайдағы отаршылдық мәселесінің шиеленісуі. Африка жылы.

Маршалл жоспары. У.Черчилдің Фултондағы сөзі және «қырғи қабақ соғыстың» басталуы. Трумэн доктринасы. Екі полюсті әлем. Әскери-саяси одақтар НАТО және ВШҰ қарсылығы. Әлемдік «социалистік лагерьдің» қалыптасуы. Қарулану жолындағы жарыс. 1948-1962 жылдардағы «қырғи қабақ соғыстың» негізгі оқиғалары;

2) халықаралық ұйымдардың қалыптасуы. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы мен қызметі. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы.

XX ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық мәселелерді реттеудің жолдары. Еуропалық интеграция (Еуроодақ, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы);

3) XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік экономиканың дамуы. Екінші дүниежүзілік соғыстың экономикалық салдары. 50-60 жылдардағы «экономикалық ғажайып». Батыс Еуропа мен Америка Құрама Штатындағы «мемлекеттік әл-ауқаттылық» негізінің қалыптасуы.

КСРО-дағы соғыстан кейінгі қалпына келу және әкімшіл-әміршіл жүйенің нығаюы. «Хрущев жылымығы». Кеңестік экономиканы реформалаудың сәтсіздікке ұшырау себептері. «Тоқырау» кезеңі (1960 жылдың II жартысы – 1980 жылдың соңы);

4) екі полюсті әлемнен көп полюсті әлемге бағыт алу үдерісі. 1979-1991 жылдардағы «қырғи қабақ соғыстың» түйінді оқиғалары және оның аяқталуы. КСРО-дағы қайта құру саясаты, «жаңа саяси ойлау». «Қырғи қабақ соғыстың» салдары: әлем картасындағы өзгерістер (барқыт төңкерісі, Германияның бірігуі, распад КСРО-ның ыдырауы);

5) XX ғасырдың екінші жартысындағы Таяу Шығыс. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі араб мемлекеттерінің негізгі даму тенденциялары. Араб-израиль қайшылығы мен Палестина мәселесі. «Араб көктемі»: әлемдік саясат үшін себептері мен салдары;

6) XX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс елдерінің даму ерешеліктері. Ұлыбританиядағы консерватизмнің неоконсерватизмге ауысуы. «Тэтчеризм». Социализмнің «швед үлгісінің» қалыптасуы мен ерекшеліктері. Германиядағы «әлеуметтік-нарықтық шаруашылық» белгілері. Жоғары дамыған Еуропа елдерінің әлеуметтік құрылымы мен адамдардың өмір сүру деңгейі;

7) XX ғасырдың екінші жартысындағы Азия елдерінің даму ерешеліктері. Коммунистік Қытай: саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйе сипаттамасы. Үндістанның тәуелсіз дамуы: мәселелер және шешу жолдары. XX ғасырдың екінші жартысындағы кемализм эволюциясы;

1950-1960 жылдардағы жапондық «экономикалық ғажайыптың» себептері. «Азиялық секіріс» және жаңа индустриялық елдердің құрылуы;

8) қазіргі әлемнің жаһандануы. Жаһандану үдерісінің мәні. Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі. Халықаралық лаңкестік және экстремизм. Аса ірі лаңкестік әрекеттер және оның салдары;

9) XX ғасырдың екінші жартысындағы - XXI ғасырдың басындағы ғылым, білім, мәдениет.

Ғылымның негізгі даму бағыттары. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтаудағы ЮНЕСКО-ның қызметі. Ғылыми-техникалық революция - ғылыми-техникалық прогрестің жаңа кезеңі. АҚШ-тағы ғылыми техникалық революцияның елдердің дамуына әсері. Дамушы елдердің мәдени-техникалық даму ерекшеліктері мен заңдылықтары. Ғарышты игері, «Байқоңыр» ғарыш айлағы. Қазіргі кездегі ғылымның негізгі даму бағыттары. XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар, техника мен өндірістегі маңызды жаңалықтар мен жетістіктер. Қазіргі кездегі ақпараттық қоғам. Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы білім берудің рөлі.

4-тарау. «Шетелдер тарихы» оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

6-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:

*Білім алушылар:*

- ежелгі дүние тарихының негізгі кезеңдерін;
- тарихтағы жыл санау жүйесін;
- түрлі теориялар негізінде адамның пайда болуын;
- адамдар тобыры, ру, қауым, тайпа секілді алғашқы бірлестік формаларын және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын;
- ежелгі дүниедегі алғашқы мемлекеттер тарихының өзіндік ерекшеліктерін;
- алғашқы өркениет ошақтарының маңызын;
- Қосөзен, Египет, Үндістан, Қытай, Греция, Рим және Қазақ жеріндегі ежелгі мемлекеттердің қалыптасу, даму ерекшеліктерін;
- Афина мемлекетінде демократияның пайда болуын;
- Ежелгі мемлекеттердің мәдениеттегі жетістіктерін;
- Орта Азия халықтарының грек-македон басқыншыларына қарсы күресін;
- ежелгі дүние тарихында болған аса маңызды оқиғаларды;
- мәдени-экономикалық дамудағы Ұлы Жібек жолының сауда жолы ретіндегі маңызын;
- Ежелгі Грекия мен Римде мемлекеттің пайда болып дамуының өзіндік

ерекшеліктерін мәдени өмірін және антик мәдениеттің әлемдік мәдениетке қосқан үлесін;

- Ежелгі Римдегі Спартак көтерілісінің себептерін;
- ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын;
- ежелгі дүниедегі құлдықтың ерекшеліктерін;
- әр түрлі халықтар мен этностардың мифтерін, аңыздарын және шежірелерін;

- тотемизм, анимизм, фетишизм, магия сияқты ежелгі діни наным-сенімдерді біледі

*Білім алушылар:*

- ежелгі дәуірдегі уақыттық және кеңістіктік өлшемдердің мәнін;

- ежелгі дүниенің табиғи-климаттық жағдайындағы ерекшеліктерді және оның адамдардың өмір сүруіне әсерін;

- ежелгі дүние тарихы шеңберіндегі тарихи оқиғалардың негізгі себептерін;

- ежелгі адамдардың еңбек құралдарын, баспанасын, киімдерін, сыртқы келбетіндегі ерекшеліктерін

- басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шекараларын қалай өзгергерткенін түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- Үндістандағы «касталық жүйе» ұғымын қоғамның әлеуметтік құрылымын түсіндіруде;

- «алғашқы қауымдық өнер» ұғымын ежелгі адамдардың тұрмыс салтын сипаттауда;

- тарихи деректер негізінде Ежелгі Египеттің ғибадатханалары мен пирамидаларын сипаттауда;

- «империя» ұғымын ежелгі заман тарихындағы мемлекетаралық қатынастарды түсіндіруде;

- ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың рөлін сипаттауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- тарихи деректер негізінде ежелгі дүние өнерінің ерекшеліктерін сипаттауда;

- тарихи деректерге сәйкес Ежелгі Римдегі Спартак көтерілісін себептерін анықтауда

- кәсіп және шаруашылық түрлерін (терімшілік, аңшылық, балық аулау, егіншілік, мал шаруа шылығы, металл өңдеу, айырбас сауда) сипаттауда;

- Месопотамия, Инд алқабы өркениеті. Ніл Хуанхэ ежелгі өркениеттеріннің шаруашылық жүйесін салыстыруда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекетпен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын дәлелдеуде;

- экономикалық ілгерілеуді анықтау үшін шаруашылықтың иемденуші және өндіруші түрлерін салыстыруда;

- археологиялық деректер негізінде ежелгі қоғамның дамуындағы

жазудың рөлін сипаттауда қолданады.

7-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:

*Білім алушылар:*

- орта ғасырдағы дүние жүзі тарихының негізгі кезеңдерін;
- Батыс Рим империясы ыдырауының салдарын;
- ортағасырлық қоғамның негізгі белгілері мен ерекшеліктерін, феодалдық қатынастардың мәнін;
- орта ғасырлардағы қоғамның әлеуметтік құрылымын;
- орта ғасырлардағы мемлекеттік құрылыс пен билік түрлерін;
- V-X ғасырлардағы орталықтанған мемлекеттердің құрылуының алғышарттары мен хронологиясын;
- VI-X ғасырлардағы арабтардың орта ғасырлық тарихын, ислам дүниесіндегі мәдениеттің ерекшеліктерін;
- XI-XV ғасырлардағы Еуропа мемлекеттері дамуындағы ерекшеліктерді;
- крест жорықтарының нәтижелерін;
- ортағасырлардағы Шығыс әлемінің тарихи көрінісін;
- Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын;
- XI-XV ғасырлардағы Орта және Орталық Азия мемлекеттерінің әлеуметтік дамуын;
- моңғол-татар шапқыншылығы қарсаңындағы феодалдық бытыраңқылықты;
- Еуропада орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуын;
- орыс жерлерін біріктірудің аяқталуы мен Алтын Орданың құлауын;
- орта ғасырдағы тарихи тұлғалар мен ғылымның, мәдениеттің көрнекті қайраткерлерін;
- орта ғасырдағы өркениет аймақтары және олардың маңызын;
- Қайта өрлеу дәуірінің мәдениетін (бейнелеу, мүсін өнері) сипаттауды біледі.

*Білім алушылар:*

- орта ғасырлардағы жер иеленудің, салықтың негізгі түрлерін;
- тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы діндердің әлемдік мәдениетке ықпалын;
- Ортағасырлық қалалардың сәулеті мен өнерінің бейнеленуін;
- қолөнер мен сауданың рөлін анықтай отырып, ортағасырлық қалалардың даму ерекшеліктерін;
- ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың рөлін;
- «феод» және «феодализм», «отаршылдық саясат», «парламент», «Бас штаттар», «сейм», «кортес», «Боярлар Думасы», «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютеранство», «кальвинизм», «контрреформация», «кезуиттер ордені ұғымдарын;
- адам өміріндегі қоршаған орта туралы білімнің рөлін;
- жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтарды

*түсінеді.*

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- ортағасырлық түрлі деректерден тарихи ақпараттарды таба білуде;
- деректер негізінде Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттауда;
- Ортағасырлық ойшылдардың гуманистік идеяларын орта ғасырлық мәдениеттің дамуына ықпалын анықтауда;
- қайта өрлеу мәдениеті туындылары бойынша ортағасырлық өнерді сипаттауда;
- дереккөздеріне сүйене отырып, тарихи диктант жазуда;
- картадағы шартты белгілер бойынша крест жорықтарының себеп-салдарын анықтауда *қолданады.*

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- оқытылған кезеңдегі түрлі аймақтардағы болған тарихи оқиғаларды салыстырғанда;
- тақырыпқа байланысты тарихи картаны пайдалануда;
- Орта ғасырлардағы тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттағанда;
- орта ғасырдағы тарихи оқиғалар мен фактілерді талдауда;
- орта ғасырдағы тарихи үдерістің маңызды белгілерін анықтауда;
- орта ғасырдағы тарихи оқиғалардың себеп-салдарын анықтауда;
- Хлодигтік Франк мемлекеті және Ұлы Карлдың Франк империясы мысалында ерте феодалдық мемлекеттің даму ерекшеліктерін сипаттауда;
- Ортағасырлық мемлекеттердің сыртқы саясатын көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасы мысалында сипаттауда *қолданады.*

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- талдамалық ақпарат беруде;
- тарихи зерттеу жұмыстарын жазуда;
- ортағасырлық кескін картамен тарихи оқиғаларды талдау, салыстыру, синтез сынды ойлау операциясы арқасында өз бетінше ақпарат алуда;
- тарихи оқиғалар желісінің тарихи уақыт пен тарихи кеңістікте жүйелі дамуын көрсетуде;
- орта ғасырдағы қалалық мәдениет пен қайта өрлеу дәуірінің визуалды дереккөздері жәдігерлерді, суреттер мен сәулет ескерткіштерін талдамалық-зерттеуге бағыттайтын тапсырмаларды орындауда;
- қазіргі заманғы жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруде ортағасырдағы мәдени құндылықтардың маңызын бағалауда *қолданады.*

8-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:

*Білім алушылар:*

- жаңа замандағы дүниежүзі тарихының хронологиялық шеңберін, негізгі кезеңдерін;
- Англияның әлемдік жетекші держава ретінде қалыптасуындағы өнеркәсіп төңкерісінің рөлін;
- қоғамның индустрияға дейінгі және индустриялық даму кезеңдерінің

айырмашылығын;

- Еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді;

- отарлау саясатының мәнін, отаршылдыққа қарсы қозғалыстарды;
- Француз буржуазиялық революциясының себебі мен нәтижесін;
- әлемдік саясаттың өзгеруіне әсер еткен империалистік соғыстарды;
- қоғамдық дамуға әсер еткен Ағартушылық дәуір идеяларын;
- XVIII-XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді;

- еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді;

- XVII-XIX ғасырлардағы дүниежүзі мәдениетінің негізгі жетістіктерін, мәдениеттің дамуына үлес қосқан көрнекті тұлғаларды;

- Революциялық идеялардың XIX ғасырдағы Еуропаға әсерін;
- XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық-саяси ой және әлеуметтік-экономикалық дамуды;

- XIX ғасыр–XX ғасырдың басындағы дүние жүзі елдерінің дамуында болған негізгі белгілер мен ерекшеліктерді;

- XIX ғ. дүние жүзі елдерінің даму үдерісін және негізгі ерекшеліктерді;
- халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерді;
- XIX ғ. мәдениеттің дамуын, әлемдік ғылым мен көркем мәдениеттің маңызды жетістіктерін біледі.

*Білім алушылар:*

- экономикалық және саяси жүйенің өзгеруіне буржуазияның әсерін;
- трансатлантикалық құлдықтың ерекшеліктерін;
- қоғамда дін рөлінің шектелуіне байланысты адамдар өмірінде опалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын;
- еуропалық революциялардың солтүстік америкалық қоғамның дамуына ықпалын түсінеді

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- өнер туындыларын пайдаланып тарихи оқиғаларды интерпретациялауда;

- деректер негізінде өнердегі негізгі стильдер мен ағымдардың белгілерін (неоклассицизм, романтизм, импрессионизм, реализм) анықтауда;

- Ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамуға ықпалын анықтауда;
- республикалық басқару құрылымының ерекшеліктерін анықтауда;
- картаны пайдаланып XIX ғасырдағы Америка Құрама Штаттары территориясының кеңею үдерісін сипаттауда;

- «басыбайлы құқық», «декабристер», «халықшылдар», «жеке террор», «пролетариат диктатурасы» ұғымдарын тарихи оқиғаны түсіндіруде;

- деректер бойынша Батыс Еуропадағы буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттауда;

- «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық»



ұғымдарын тарихи оқиғаларды түсіндіруде;

- «экспорт», «импорт», «экспансия», «отарлау», «фактория» ұғымдарын қолдану арқылы, тауар-ақша қатынастарының дамуын түсіндіруде;

- тарихи картаны пайдаланып Еуропа және Азия мемлекеттерінің шекараларын, шайқастар, көтерілістер орындарын; колониялар мен жартылай колонияларды тарихын сипаттауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:*

- Ресейде жаңа қоғамдық-саяси ағымдардың (халықшылдық, либерализм) пайда болу себептерін анықтауда;

- әртүрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Италия, Германия) қалыптасу маңызын анықтауда;

- тарихи деректер негізінде XVIII–XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді сипаттауда;

- отаршылдық экспансияның салдарын талдау арқылы XIX ғасырдағы әлемнің саяси картасындағы негізгі өзгерістерді анықтауда;

- тарихи құжат бойынша АҚШ-дағы капиталистік монополиялардың даму ерекшеліктерін талдауда;

- XIX ғасыр жазушыларының қоғамдық қызметінің маңызын анықтау үшін Ч.Диккенс, Ф.Достоевский, Абай, Р.Тагор шығармаларын тарихи талдауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- Наполеон соғыстары мысалында басқыншылық соғыстардың әлемдік саясаттың өзгеруіне ықпалын бағалауда;

- тарихи деректер негізінде түрлі мемлекеттердің өнеркәсіптік даму сатысына өту процесінің ерекшеліктерін талдауда;

- өзгерістер мен сабақтастықты көрсету арқылы, адам мен қоғам өміріндегі ғылыми жаңалықтардың маңызын талдауда;

- тарихи түпдерек материалдар негізінде тарихи үдерістер мен оқиғаларға, тарихи тұлғаларға сипаттама беруде;

- тарихи деректерден жаңа замандағы тарихи оқиғалардың даму заңдылықтарын және себеп-салдарлық байланыстарын талдап, сипаттауда;

- жаңа заман кезеңіндегі саяси тарихтағы негізгі өзгерістерді бүгінгі күнмен салыстыра талдауда қолданады.

9-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:

*Білім алушылар:*

- XX ғасырдың басына қарай әлемнің аумақтық бөлінуін және мемлекеттердің саяси құрылымын;

- Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғышарттары, себептері мен негізгі шайқастарын;

- Ресейдегі революциялық оқиғалар, олардың салдарын;

- Алғашқы социалистік мемлекет - КСРО-ның қалыптасу процесін;

- Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азия елдерінің саяси дамуын, мемлекет құрудағы қайраткерлердің саяси-қызметін;

- Әлемдік экономикалық дағдарыс және оның нәтижесінде экономикада орын алған өзгерістерді;
- Еуропа елдеріндегі тоталитарлық режимдердің қоғам өміріндегі орнын;
- алғашқы социалистік мемлекет - КСРО-ның қалыптасу процесін;
- Екінші дүниежүзілік соғыстың себептерін, сипаты мен салдарын қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге реакцияшыл идеологиялардың (фашизм, тоталитаризм, нәсілшілдік, шовинизм, ұлтшылдық) таралу ықпалын
- Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңес өкіметі адамдарының ерліктерін;
- «жоспарлы экономика», «нарықтық экономика» ұғымдарын қолдана отырып, XX ғасырдың бірінші жартысын дағы капитализм мен социализмнің экономикалық жүйелерін біледі.

*Білім алушылар:*

- тарихи оқиғаларға түсіндірме бере отырып, әскери ғылым мен техниканың және соғыс стратегияларының рөлін;
- XX ғасырдың бірінші жартысындағы ғылыми ашулар мен жаңа технологиялардың маңыздылығын;
- тарихи кезеңді сипаттауда «позитивизм», «прагматизм», «экзистенциализм», «секуляризация» «ұждан бостандығы», «зайырлы мемлекет», «мемлекеттік дін» ұғымдарын;
- қоғамдық-саяси ағымдардың (әлеуметтік либерализм, әлеуметтік консерватизм, марксизм, социал-демократия) қоғамның өміріне ықпалын;
- әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы Дж. Кейнс теориясының рөлін;
- АҚШ, Франция, Германия мысалында дүниежүзілік экономикалық дағдарыстан шығудың түрлі жолдарын;
- тоталитаризм қалыптасу мен дамуының алғышарттарын; түсіндіру
- социалистік қоғамның дамуына байланысты әлеуметтік топтардың (жұмысшы табы, шаруалар, зиялылар) мәртебесіндегі өзгерісті талдауда;
- фактілерді, процестер мен оқиғаларды салыстыру арқылы дүниежүзілік экономикалық дағдарыстан шығудың түрлі жолдарын түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- Дүниежүзінің картасы бойынша I дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем картасының өзгеруін сипаттауда;
- тарихи оқиғаның нәтижелерін дереккөздер арқылы талдау бойынша әлеуметтік құрылымның өзгеруіне Қазан төңкерісі әсерін сипаттауда;
- тақырыпқа байланысты тарихи картаны пайдалануда;
- фактілерді, процестерді, оқиғаларды салыстыра отырып, индустриялық қоғам қайшылықтарының (өндіру мен тұтыну теңгерімі) шиеленісу себептерін анықтауда;
- әлемнің саяси картасындағы өзгеріс терді сипаттау арқылы империялардың (Австро – Венгрия, Ресей, Осман империясы) ыдырау себептерін тұжырымдауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- оқытылған кезеңдегі түрлі аймақтардағы болған тарихи оқиғаларды

салыстырғанда;

- Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттағанда;

- Ұлттар Лигасының қызметі мен Версаль-Вашингтон жүйесін талдау мен бағалауда;

- XX ғасырдың басындағы техникалық революция жетістіктерінің (конвейер өндірісі, стандарттау) мемлекеттердің шаруашылық жүйесінің дамуына ықпалын бағалауда;

- фактілерді, процестерді, оқиғаларды салыстыра отырып, индустриялық қоғам қайшылықтарының (өндіру мен тұтыну теңгерімі) шиеленісу себептерін анықтауда;

- тарихи оқиғалар желісінің тарихи уақыт пен тарихи кеңістікте жүйелі дамуын көрсетуде қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- тарихи оқиғалардың себептерін, нәтижелерін, маңызын тұжырымдау

- арқылы, ғылымның әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін бағалауда;

- Қазіргі заманғы жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызын бағалауда

- Дүниежүзілік соғыстар мен соғыстан кейінгі бейбіт әлемді қалыптастырудағы халықаралық конференциялар мен іс-шараларды талдау, салыстыру, синтез сынды ойлау операциясы арқасында өз бетінше ақпарат алуда;

- XX ғасырдағы мәдениет және ғылымның визуалды дереккөздерін талдамалық-зерттеуге бағыттайтын тапсырмаларды орындауда;

- «Шетелдер тарихы» пәнінен оқу мазмұнына сәйкес, зерттеу жобалық жұмыстарын орындауда;

- Пәннің қазіргі заманда өзекті болып отырған мәселелері бойынша тұжырымдалған пікірлерін ой талқы, пікір сайыстарда қолданады.

*10-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:*

*Білім алушылар:*

- XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасындағы өзгерістерді;

- пән бойынша негізгі ұғымдарды;

- 1946-1991 жж. қырғи қабақ соғыс және әлемдегі интеграциялық және дезинтеграциялық процестерді;

- халықаралық ұйымдардың құрылуын;

- XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік экономиканың дамуын;

- халықаралық аймақтық шиеленістердің себептері мен салдарын;

- Шығыс Еуропадағы қақтығыстар «барқыт төңкерісі» себептері мен салдарын;

- халықаралық шиеленістерді реттеудегі БҰҰ-ның қызметін;

- XX ғасырдың екінші жартысындағы Таяу Шығыстағы дағдарысты;

- XX ғасырдың екінші жартысындағы батыс елдерінің даму ерекшеліктерін;

- Германдық «әлеуметтік-нарықтық шаруашылық» ерекшеліктерін;
- XX ғасырдың екінші жартысындағы Азия елдерінің даму ерекшеліктерін;
- қазіргі әлемнің жаһанданудың ерекшеліктерін;
- жаһанданудың әлемдік экономика мен саясаттың дамуына ықпал етуін;
- қазіргі кездегі халықаралық лаңкестік және экстремизм проблемасын;
- АҚШ тағы Ғылыми техникалық революцияның қазіргі әлемдегі елдердің дамуына әсерін;
- әлемдік ғылымның дамуында Байқоңыр ғарыш айлағының маңызын;
- Адамзаттың мәдени мұрасын сақтау бойынша ЮНЕСКО-ның қызметін біледі.

*Білім алушылар:*

- XX ғасырдың екінші жартысында отарсыздандыру процесін;
- Біріккен Ұлттар Ұйымы Жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясын;
- қоғамдық сананы қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін;
- Таяу Шығыстағы дағдарысты шешудің бейбіт жолдарын;
- әлемнің дамыған мемлекеттеріндегі халықтың өмір сүру деңгейіне әсер ететін факторларды;
- социализмнің «шведтік моделінің» белгілерін;
- Ұлыбритания мысалында неоконсерватизм саясатының ерекшеліктерін;
- Қытайда 1949 жылғы коммунистік партия жеңісі нәтижесіндегі өзгерістерді;
- Үндістан тәуелсіздік алғаннан кейінгі аумақтық өзгерістердің себептері мен салдарын;
- қазіргі Түркия Республикасының саяси және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін;
- ғылыми-техникалық революцияның әлеуметтік және экологиялық салдарын;
- XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басындағы бұқаралық мәдениеттің қоғамның рухани дамуына ықпалын түсінеді.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- дүниежүзінің картасы бойынша «қырғи қабақ соғыс» кезеңіндегі әлем картасының өзгеруін сипаттауда;
- тарихи фактілер мен картаға сүйене отырып, әскери-саяси одақтарды сипаттауда;
- тарихи оқиғаның нәтижелерін халықаралық конференция шешімдер бойынша талдауда;
- «қырғи қабақ соғыс» ұғымын түсіндіру үшін тарихи оқиғаларды талдауда;
- «инфляция», «дағдарыс», «стагнация» ұғымдарын пайдалана отырып, XX ғасырдың екінші жартысындағы мемлекеттердің экономикалық дамуын интерпретациялауда;
- «жаһандану» ұғымын қолдана отырып, қазіргі әлемнің даму

тенденцияларын талдауда;

- ақпараттық қоғам жағдайындағы көркем шығармашылықтың жаңа түрлерінің қалыптасуын талдауда;

- ғылыми-техникалық революцияның әлеуметтік және экологиялық салдарын бағалау және интерпретациялауда; фактілерді, процестерді, оқиғаларды салыстыра отырып, индустриялық қоғам қайшылықтарының (өндіру мен тұтыну теңгерімі) шиеленісу себептерін анықтауда;

- әлемдегі қоғамдық-саяси өзгерістер мен құбылыстарды сипаттау арқылы КСРО-ның ыдырау себептерін тұжырымдауда;

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- оқытылған кезеңдегі түрлі аймақтардағы болған тарихи оқиғаларды салыстырғанда;

- адам құқықтарын қорғау идеяларының қазіргі халықаралық құқық қорғау ұйымдарының қызметіне ықпалын бағалауда;

- Қазіргі әлемдегі тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттағанда;

- «жаңа саяси ойлау» ұғымын қолдана отырып, КСРО-ның сыртқы саясатындағы өзгерістерді анықтауда;

- Швеция мысалында Солтүстік Еуропа елдеріндегі әлеуметтік мемлекеттің ерекшеліктерін сипаттауда;

- Батыстағы «әл-ауқатты мемлекеттердің» даму ерекшеліктерін аналитикалық қорытындылау мен бағалауда;

- Жапония және Оңтүстік - Шығыс Азия мемлекеттерінің қарқынды экономикалық дамуына ықпал ететін негізгі факторларды айқындауда;

- қазіргі әлемдегі жаһандану процесіне байланысты әлеуметтік өзгерістерді анықтауда;

- тарихи оқиғалар желісінің тарихи уақыт пен тарихи кеңістікте жүйелі дамуын көрсетуде;

- адамзат өркениетінің дамуын үлгілеу арқылы жаһандық мәселелерді шешуде ғылым мен білімнің маңызы туралы қорытынды жасауда; *қолданады.*

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- Қазіргі заманғы жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызын айқындап, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде;

- жаһандану жағдайында саяси және экономикалық интеграцияның маңыздылығын бағалауда;

- постиндустриалды қоғамның басты экономикалық ресурсы ретінде ақпараттың рөлін анықтауда;

- жаһандану жағдайында ұлттық мәдени құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын дәлелдеуде;

- адамзаттың мәдени мұрасын сақтаудың маңыздылығын бағалауда;

- XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басындағы бұқаралық мәдениеттің қоғамның рухани дамуына ықпалын бағалау бойынша пікір сайыстарда тұжырым жасауда;

- ғылыми жаңалықтардың (генетика, микробиология, ақпараттық технологиялар, нано технологиялар, ядролық физика) нәтижелерін білім

алушының өнертапқыштық қабілеті мен дағдысын дамытуда,

- Байқоңыр ғарыш айлағының ғарышты игерудегі рөлін бағалау бойынша зерттеу жұмыстарында;

- Жаһандық әлемдегі өзгерістер мен оқиғаларды салыстыру, синтез сынды ойлау операциясы арқасында өз бетінше ақпарат алуға;

- Қазіргі замандағы қоғамдағы көкейкесті мәселелерге талдамалық-зерттеуге бағыттайтын тапсырмаларды орындауда;

- «Шетелдер тарихы» пәнінен оқу мазмұнына сәйкес, зерттеу жобалық жұмыстарын орындауда;

- Жаһандық мәселелер бойынша тұжырымдалған пікірлерін ой талқы, пікір сайыстарда қолданады.

Жоба

Негізгі орта білім беру деңгейінің  
10-сыныбына арналған «Құқық негіздері» пәнінен  
12 жылдық білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № \_\_\_\_\_ болып тіркелді).

2. «Құқық негіздері» пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық мәдениетін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтарға: патриотизм, азаматтық жауапкершілік, ынтымақтастық, ашықтық және өмір бойы білім алу қажеттілігіне негізделген құқық және оның қоғамдық процестерді реттеудегі рөлі туралы негізгі білімдерін қалыптастыру.

3. Оқу пәнінің міндеттері:

1) Құқық және оның қоғамдық процестерді реттеудегі рөлі туралы негізгі білімді қалыптастыру;

2) Оқу-тәжірибелік іс-әрекетте құқықтық ақпаратты іздеу, талдау және қолдану қабілетін қалыптастыру;

3) Оқушылардың коммуникативті дағдыларын, дәлелді талқылау дағдыларын дамыту;

4) Тәжірибелік жағдаяттарды шешу кезінде құқықтың негізгі білімдерін күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік беретін құқықтық ойлау дағдыларын дамыту;

5) Құқық нормалары мен жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, өз іс-әрекеті үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің қажеттілігін саналы түрде түсіну.

2-тарау. «Құқық негіздері» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

4.«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі 10-сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелді).

5. Оқу пәнінің мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыруды көздейді. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға және олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

6. Негізгі орта білім беруде меңгерілетін білім салалары бойынша төмендегідей метапәндік құзыреттіліктер қалыптасады:

*Ғылыми-танымдық құзыреттілік:*

- қолданыстағы заңнама нормаларын сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік бере алады;

- қарым-қатынаста құқықтық терминологияны сауатты қолданады;

- қолданыстағы заңнама нормаларына сүйене отырып, өз көзқарасын дәлелдей алады;

- құқықтық мәтіндерді, нормативтік құқықтық актілерді талдау және жұмыс істеу әдістерін меңгереді.

*Мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:*

- қолданыстағы заңнама нормаларын сақтау және құрметтеу қажеттілігін түсінеді;

- басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін құрметтейді;

- мемлекеттік мүдделер мен демократиялық құндылықтарды қорғау - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының міндеті екенін түсінеді;

- Қазақстанның табиғаты мен байлығын, туған жерін сақтау, мәдени мұраларды сақтау қажеттігін түсінеді, олардың ұлттық құндылықтарға жататынын біледі.

- рухани-адамгершілік құндылықтар мен адами ізгі қасиеттердің мәнін бағалайды, әлеуметтік және табиғи ортаға бейімделеді, оның мүшелерімен қарым-қатынас жасайды;

*Тілдік-коммуникативтік құзыреттілік;*

- құқықтық мәтіндердің, нормативтік құқықтық актілердің мазмұнын түсініп, өз пікірін білдіреді;

- құқықтық актінің мазмұнына талдау жасап, оны тәжірибеде қолдана алады;
  - заң терминдерінің мағыналарын ажырата алады;
  - негізгі құқықтық құжатты (өтініш, жеке шарт) дұрыс ресімдеуді біледі;
  - қолданыстағы заңнама нормаларын дәлелдей отырып, өз ойын жүйелі түрде ауызша айтады;
  - жұппен және топпен, әр түрлі жағдайда пікір алмасады;
- Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:*
- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын пайдалана алады;
  - ақпараттық ресурстар мен жүйелерді пайдалана отырып, мемлекеттік қызметтерді ала алады және электрондық үндеу жібере алады;
  - қажетті құқықтық актіні дереккөздерден табады, өңдейді және пайдаланады;
  - мақсатына сәйкес электрондық анықтамалықтарды, нормативтік құқықтық актілерді пайдаланады;
  - шығармашылық жұмыстарды цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдейді.

### 3-тарау. «Құқық негіздері оқу пәнінің базалық білім мазмұны»

7. 10-сыныпқа арналған «Құқық негіздері» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

«Құқық және мемлекет» бөлімі:

1) Құқық: құқықтың түсінігі, принциптері және қайнар көздері. Құқықтың басқа әлеуметтік нормалардан айырмашылығы: моральдық нормалар, діни нормалар, әдет-ғұрыптар, корпоративтік нормалар.

2) Мемлекет қоғамды басқарудың саяси институты ретінде. Мемлекеттік белгілер. Мемлекеттің егемендігі.

3) Қазақстан Республикасы Конституциясының жалпы сипаттамасы. Конституциялық құрылыстың негіздері.

4) Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері.

5) Құқықтық мемлекеттің түсінігі мен принциптері.

6) Азаматтық қоғамның түсінігі, негізгі элементтері және институттары.

7) Қоғамды демократияландыру процесі аясында құқықтық мәдениетті қалыптастыру. Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы

«Қоғамдық құқық» бөлімі:

1) Конституциялық құқық жүйесі. Конституциялық құқық институттары: Президент, Парламент, Үкімет, Конституциялық Кеңес, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару.

2) Сот жүйесі. Судьялардың мәртебесі.

3) Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары: прокуратура, ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет.

4) Қазақстан Республикасының азаматтығы: алу және тоқтату негіздері.



5) Азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысуы. Азаматтардың мемлекеттік органдар мен соттарға жүгіну тәртібі. Қазақстан Республикасындағы сайлау құқығы.

6) Әкімшілік құқық жүйесі. Әкімшілік жауапкершілік. Әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілері. Әкімшілік жазалардың түрлері және оларды қолдану тәртібі;

7) Қылмыстық құқық жүйесі. Қылмыстық құқықтың мазмұны мен құрылымы. Қылмыстық жауапкершілік. Қылмыстық құқық бұзушылықтар және қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғалар. Қылмыстық жаза түсінігі және одан босату.

«Жеке құқық» бөлімі:

1) Азаматтық құқықтың жүйесі және негізгі институттары. Азаматтық құқықтың принциптері. Азаматтық құқықтың объектілері мен субъектілері. Мәмілелердің түсінігі және түрлері. Меншік құқығының түсінігі және қорғалуы.

2) Отбасы құқығы жүйесі. Отбасы құқығының қайнар көздері. Отбасылық қатынастарды құқықтық реттеу. Неке қию және бұзу тәртібі. Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.

3) Еңбек құқығы жүйесі. Қазақстан Республикасындағы еңбек қатынастарын құқықтық реттеу. Еңбек шартының мазмұны.

4) Тұтынушылардың құқықтары туралы заңнама. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау.

4-тарау. «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

10-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:

*Білім алушы:*

- Конституцияда кепілдік берілген адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін;

- ұлттық құқық салаларының негізгі мазмұнын (конституциялық, отбасылық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқық);

- негізгі заң терминологиясын;

- қажетті нормативтік құқықтық актіні қайдан табу керек, онымен қалай жұмыс істеу керек және өмірлік жағдайларды шешу кезінде заңдылықты қалай қолдану керектігін;

- қолданыстағы заңнама нормаларына сүйене отырып, өз көзқарасын қалай дәлелді түрде білдіруге болатынын;

- цифрландырудың құқықтық аспектілері, мемлекеттік қызметтерді алу және мемлекеттік органдарға жүгіну кезінде ақпараттық ресурстарды пайдалану жолдарын біледі.

*Білім алушы:*

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтау, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетін;

- Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік істерді басқаруға тікелей және өз өкілдері арқылы қатысуға, жеке өтініш жасауға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар екенін;

- құқықтың негізгі қызметін - қоғамдық процестерді реттеу және қорғау, мемлекеттің тұрақты құқықтық және саяси жүйесін құру қызметін;

- Қазақстан Республикасында биліктің бірден-бір көзі халық екенін; құқықтар міндеттермен тығыз байланыстылығын;

- басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны үшін заң алдындағы жауапкершілігін;

- адамның табиғатты сақтауға және табиғат байлығын ұқыпты ұстауға міндеттілігін;

- Қазақстан Республикасын қорғау әрбір азаматтың қасиетті борышы міндеттілігін *түсінеді*.

*Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:*

- негізгі құқықтық құжаттарды (өтініштер, өтініштер, жеке шарттар) дайындауда;

- заңдылықты, нормативтік құқықтық актінің мазмұнын талдауда;

- негізгі заң терминологиясын *қолданады*.

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- өмірлік жағдаяттарды шешу кезінде (келісімшарттар жасасу, өз ісін ашу, сатып алу-сату, жалға беру және т.б.);

- негізгі құқықтық құжаттарды зерделеуде *қолданады*.

*Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:*

- жеке және топтық зерттеулер жасағанда;

- болжау, жоспарлау, жобаны қорғауда;

- алынған құқықтық ақпаратты мақсатына сәйкес жинағанда, талдауда және өңдеуде;

- өз бетінше зерттеу нәтижелерін кесте, диаграмма, диаграмма, постер түрінде құрастырғанда;

- заң терминологиясын сөйлеуде және жазуда *қолданады*.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-7 сыныптарына арналған  
«Музыка» пәнінен 12 жылдық білім берудің  
үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_» қазандағы №\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № \_\_\_\_\_ болып тіркелді).

2. Білім алушының жеке тәжірибесі негізінде музыка өнерінің табиғатын танып білу мен үздік шығармаларды қабылдауы арасында өзара байланыс орнату осы бағдарлама құрылымының маңызды принциптерінің бірі болып саналады.

3. Пәнді оқытудың мақсаты – қазақтың ұлттық музыкасы жайлы тереңірек мағлұмат беру, домбыра аспабының құрылымымен таныстыру және тартып үйренудің алғашқы қадамдарын меңгерту, ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың музыкалық мәдениеттілігін, шығармашылық қабілетін дамыту;

4. Пәнді оқытудың міндеттері:

1) қазақтың ұлттық, кәсіби музыкасы мен бейнелеу өнерінің өзара үндестігі жайлы, этностардың музыкалық мәдениеті жайлы түсінігін қалыптастыру;

2) музыка өнерінің жалпы адамзаттық қажеттілікті құбылыс ретінде, оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру;

4) өнер түрлеріне қызығушылығын дамыту, өнер арқылы ұлттық әдет-ғұрыппен салт-дәстүрлерді құрметтеу сезімін қалыптастыру;

5) оқушының көркемдік-бейнелеу іскерліктерін, музыкалық қабілеттерін, шығармашылық әлеуеті мен қиялын дамытуды қалыптастыру;

6) өнер туындылары жайында ақпарат іздестіру, қабылдау, түсіну, талдау, зерттеу және орындаушылық, өздігінен пайдалау дағдылары қалыптастыру;

7) өз шығармашылық іс-әрекеттері арқылы ойын бейнелеп, дәлелдей білу, музыкалық қабілеттілігін, белсенді шығармашылығын, орындаушылығы мен зерттеушілік дағдысын дамыту;

8) музыка өнері негізінде эстетикалық талғамын, сезімталдығын қалыптастыру; Қазіргі таңда халық музыкасын кеңінен насихаттап, таратып жүрген ұлт-аспаптар оркестрлері және этно-фольклорлық ансамбльдер, оны ұйымдастырушы продюсер-музыканттар еңбегі жайлы мағлұматтар алады.

9) Ұлттық музыка әлемі бойынша жалпы дүниетанымы толығымен қалыптасады. Күй тыңдау дағдысы қалыптасады.

10) музыкалық-шығармашылық жұмыстарға идеялар қосу негізінде өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуын қалыптастыру.

## 2-тарау. «Музыка» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

5. «Музыка» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

2) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

6. «Музыка» пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер бойынша ұйымдастырылған.

1. Оқу пәнінің мазмұны бөлімдерден тұрады:

1) «Танымдық»;

2) «Музыка тыңдап, орындау»;

3) «Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау»;

1) «Танымдық» бөлімінде тақырып бойынша музыка тарихынан мәлімет беріледі.

2) «Музыка тыңдап, орындау» бөлімінде үйренетін туындыны тыңдалады, үйрену, музыкалық-орындаушылық іс-әрекет.

3) «Музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау» бөлімінде тақырып бойынша өздік жұмыс-қосымша мәліметтер жинақтау.

7. «Музыка» пәні бойынша төмендегідей метапәндік құзыреттіліктер қалыптасады:

*Ғылыми-танымдық құзыреттілік:*

- музыка тарихы дамуының тұтастығы мен үздіксіздігінің маңызы

туралы ойын жеткізе алады;

- Музыкалық мәдениетті тану арқылы білімдік ақпаратты іріктейді;
- Музыкалық туындылардың шығу кезеңдеріне сай сипаттамасын

саралайды;

- Музыкалық туындаларды талдау арқылы дәйекті қорытынды жасайды.

*Мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:*

- Атадан мұра болып жеткен ұлттық мәдени құндылықтарды қастерлейді;

- Халықтық және классикалық музыканы таратушы өнер адамдары шығармашылықтарының маңыздылығын анықтайды;

- халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалайды;

- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалап, өмірлік жағдайда қолданады;

- қазақ күйшілерінің шығармашылық мұрасын талдап, қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға береді;

- ұлттық материалдық мәдениеттің қолдану ерекшеліктерін сипаттау арқылы, қазіргі кездегі музыка өнерінің даму тенденцияларын айқындайды;

*Тілдік-коммуникативтік құзыреттілік:*

- Ұлттық құндылықтардың мазмұнын түсініп, өз пікірін білдіре алады;

- музыкалық терминдердің мағынасын ажырата алады;

- тақырыпқа қатысты негізгі және қосалқы ақпаратты таба алады;

- музыка пәнінен алған білімдеріне сүйене отырып пікірталас, әңгіме жүргізе алады;

- Тыңдау, талдау жұмысын жүргізуде өзгелерді тыңдай біледі, ұтқыр пікірін білдіреді, ұстанымын дәйекті дәлелдей алады;

- музыкалық туындыны жұптық және топтық орындаушылық кезінде ой бөліседі, пікірлеседі, қарым-қатынасқа түседі;

*Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:*

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алады;

- музыка тарихы мен әдебиеті бойынша деректерден қажетті ақпаратты табады, өңдеп, қолданады;

- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолданады;

- талдау жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдейді; әртүрлі дереккөздерінен іздеп тауып, өңдейді және қажетіне қарай қолданады;

- «Рухани жаңғыру» аясында әзірленген электрондық ресурстарды тиімді пайдаланады.

### 3-тарау. «Музыка» пәнінің базалық мазмұны

8. 6-сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

- 1) Қазақ халқының музыка тарихы

- Қазақ халқының күйшілік мектебі. Төкпе және шертпе күй
- Халық композиторлары мен күйшілерінің мұралары.
- Кәсіби күйшілік мектебі
- Ұлт аспаптар оркестрі, этно-фольклорлық ансамбльдер
- Күй-классикалық музыка әлемінде
- Заманауи күй орындаушылық мектебі
- Қазақ халқының ән мұрасы. Халық әндері, жыр, терме, толғау дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыка: Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері. Жаңғырған салт-дәстүр әндері. Халық музыкасының интерпретациясы.

9. 7-сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Халықтық және классикалық музыканың үздік туындылары: Симфониялық музыка. Опера өнері. Балет өнері. Қазақстанның кәсіби музыкасы.

2) Заманауи музыка мәдениеті: Эстрадалық музыка. Заманауи музыкалық жанрлар. Джаз, поп, рок, рэп стиліндегі музыка.

3) Музыка және өнер түрлері: Музыка және поэзия. Музыка және бейнелеу өнері. Музыка және театр. Музыка және кино.

4) Музыка – өмір тынысы: Интеллектуалды музыка. Музыка және технология. Дыбыстау және музыкамен көркемдеу.

4-тарау. «Музыка» пәні бойынша күтілетін нәтижелер

6-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:

*Білім алушы:*

- қазақ музыка тарихындағы халық композиторларының өмір жолдары, шығармашылықтары жайлы және атадан ұрпаққа үздіксіз жалғасып келе жатқан күйшілік дәстүр бойынша терең мағлұмат алады;

- әр өңірдің күйшілік мектебінің ерекшеліктері және айырмашылықтарын ажырата алатын болады. Күйдің орындалуына және сипатына қарай қай өңірдің, қандай күйші-композиторының шығармасы екендігін тани алу мүмкіндігіне ие болады;

- домбыра аспабының тек музыкалық аспап қана емес, қазақ халқымен ғасырдан ғасыр бойы бірге келе жатқан қасиетті де киелі, ажырамас жан серігі екендігін түйсінеді;

- домбыра аспабының тиегінен бастап құлағына дейін құрылымымен таныс болады. Сабәк барысында «құйма құлақ» әдісі арқылы үйренген күйлерін жеке-дара немесе екі-үш бала болып та бірге қосылып домбырада орындап бере алатын болады. Топпен жұмыс жасай білу қабілеті қалыптасады;

- музыкалық қабілеттері-ырғақты сезіну, аспаптық дыбысты дауыспен қайталау арқылы таза ала білу дағдысы қалыптасады;

- өткен ғасырлардан ұрпақтан ұрпаққа жеткен күй мұраларының қазіргі заманда насихатталып, таратылуында еңбек сіңірген заманауи күйші-

композиторлар, орындаушы-күйшілер шығармашылығынан хабардар болады;

- бұрынғы орындау мен жаңаша орындау үлгісін тыңдап, салыстыра алады. Күйдің тек халықтық дәстүрде ғана емес классикалық және эстрадалық музыка әлемінде алып отырған ерекше жанр екендігін түйсінеді;

- халық әндері, сал-серілер шығармашылығымен танысады. Қазақ халқының өте бай, тек ұлтымызға ғана тән өнер туындылары- өсиетке толы терме-толғау, жыр-дастандарымен сусындайды;

- қазіргі таңда халық музыкасын кеңінен насихаттап, таратып жүрген ұлт-аспаптар оркестрлері және этно-фольклорлық ансамбльдер, оны ұйымдастырушы продюсер-музыканттар еңбегі жайлы мағлұматтар алады. Ұлттық музыка әлемі бойынша жалпы дүниетанымы толығымен қалыптасады. Күй тыңдау дағдысы қалыптасады.

7-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:

*Білім алушы:*

- музыкалық жанрын, стилін, түрін және көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы (туған өлкедегі музыкалық өнердің ерекшеліктері туралы біледі. Туған өлкенің жыршы-термеші, әнші және сазгерлерінің шығармашылығы туралы тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі мен жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтайды;

- әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыра алады;

- қазақ халқының және әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерінен хабардар болады;

- қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндерінің орындау тәсілдерінің заманауи интерпретациясын салыстыра алады;

- әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізуді түйсінеді;

- әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауысты немесе канон элементтерін пайдаланып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау мәнері қалыптасады. Әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндердің орындау түрлерін салыстыра алады.

**Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-10-сыныптарына арналған  
«Бейнелеу өнері» пәнінен 12 жылдық білім берудің үлгілік оқу  
бағдарламасы**

1-тарау. Жалпы ережелер

Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ... жылғы ... № ... бұйрығымен бекітілген Жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ... тіркелген).

**«Бейнелеу өнері» пәні** оқу бағдарламасының негізгі **мақсаты** - оқушыларды пән бойынша білім, білік, іскерлік дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру, өнерге деген қызығушылықтары мен оң көзқарастарын дамыта отырып, оқушылардың бойында табиғат пен әлеуетке негізделген көркем шығармашылық жеке қабілеттерін арттыру, эмоциялық-бейнелі, көркемдік ойлау түрін қалыптастыруға бағытталып тұлғаның рухани іс-әрекеті қалыптасуының шарты болып табылады.

**Бейнелеу өнерін оқытудың мақсаты** оқушылардың жан-жақты көркемдік және шығармашылық дамуы болып табылады:

- 1) эстетикалық сезімдерді, бейнелеу өнеріне қызығушылығын тәрбиелеу;
- 2) өнегелі тәжірибесін байыту, ізгілік пен зұлымдық туралы ойларын дамыту; адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу, Қазақстан және басқа елдердегі халықтардың мәдениетін құрметтеу;
- 3) қиялын, кез келген іске шығармашылық тұрғыдан қарау ниеті мен икемділігін, өнер мен қоршаған әлемді қабылдау қабілетін, көркемдік қызметте бірлесіп жұмыс істеу шеберліктері мен дағдыларын дамыту;
- 4) өнер құралдарының көмегімен оқушылардың шынайы өмірге деген эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу және өмірлік түйсігін қалыптастыру;
- 5) туған табиғатына, халқының мәдениетіне, халық шығармашылығына деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу;
- 6) графика, кескіндеме, мүсін, сәндік – қолданбалы өнер, дизайн, сәулет өнер түрлері және олардың адам мен қоғамдағы ролі туралы негізгі білімді меңгеру;
- 7) әртүрлі көркем өнер материалдармен жұмыс жасау тәжірибесін алу, негізгі бейнелеу сауаттылығын меңгеру;



8) оқушылардың көркемдік талғамын, аналитикалық қабілеттерін және эстетикалық ынтасын олардың жеке көркем композициясын жасау кезінде, сондай-ақ сыныпта орындалған жұмыстарды қарау және талқылау процесінде дамыту.

Бұл мақсатқа жету келесі негізгі **міндеттерді** шешуді қамтиды:

1) оқушылардың бейнелеу әлемін эмоционалды – образды түрде қабылдауы және оны көркемдік тұрғыда танып білуге қызығушылығын және образды ассоциативті ойлауын және көркемдік шығармашылық қабілетін дамыту;

2) өзінің қоршаған әлемге көзқарасын шығармашылық жұмыстарында көрсете білу қабілетін дамыту және сурет, кескіндеме, композиция бойынша бейнелеу сауаты негіздерімен таныстыру;

3) оқушылардың сәулет, кескіндеме, графика, мүсін сәндік – қолданбалы өнер, халық өнері және дизайн өнерлерінің әйгілі мәдениет ескеркіштерімен қарым-қатынасы негізінде эстетикалық талғамы мен эстетикалық көзқарасын және бейнелеу өнеріне деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру;

4) жылы және суық түстермен таныстыру және оларды айыра білуге үйрету және бейнелеу өнерінің түрлерімен (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін, дизайн, сәулет өнері) және жанрларымен (пейзаж, портрет, натюрморт, анималистика және т.б.) таныстыру;

5) бейнелеу, сәндік – қолданбалы, сәулет, мүсін және дизайн өнерлерінің туындыларын қабылдау мәдениетін тәрбиелеу, көркемдік дағдыларды меңгеру (әртүрлі материалдармен жұмыс істеу және әртүрлі бейнелеу техникасын игеру);

6) оқушыларда сезімдік-эмоциялық белгілерді дамыту және зейін, есте сақтау, қиял, елестету шынайы өмірде көркем мәдениеттің көрінісін байқай білу қабілетін дамыту (мұражайлар, сәулет, дизайн, мүсін және т.б.);

7) оқушылардың қолдарының моторикасын, иілгіштігін, икемділігін және көзбен шамалау дәлдігін жақсарту, көркем шығармашылықтың әртүрлі тәсілдерін меңгеру процесімен таныстыру және практикалық көркем іс – әрекетте тәжірибе жинақтау;

8) өзінің көлемді композицияларын жасау немесе жазық және көлемді-кеңістіктік тәсілдер үйлесімдіктерін пайдалану арқылы көркемдік құрастыру элементтерімен таныстыру.

## **2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру**

«Бейнелеу өнері» пәнін ұйымдастыру жүйелілік, сабақтастық, бірізділік және көрнекілік ұстанымдарына негізделеді.

«Бейнелеу өнері» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісінде білім алушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын, көркемдік шығармашылық қабілеттерін дамытып, эстетикалық

талғамдарын қалыптастыратын, көркемдік тұрғыда ойлай, қабылдай білу қабілеттерін дамытатын шығармашылық тұрғыда тапсырмалар орындау көзделеді.

Сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;
- 3) көркем шығармашылық іс әрекеттер мен креативтілікке негізделген ДАМУ мақсаты;

### **3-тарау. «Бейнелеу өнері» пәнінің базалық мазмұны**

Пәннің базалық білім мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылады.

«Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 2) 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

**Бейнелеу өнері пәнінің базалық мазмұны төмендегідей негізгі бөлімдерді қамтиды:**

- графика; кескіндеме; сәндік қолданбалы өнер; мүсін өнері; сәулет өнері; дизайн.

- бейнелеу өнері туралы білім жүйесі;

- жақын және алыс шетел халықтарының өнер тарихын, сәндік-қолданбалы өнерін, қазіргі заманғы бейнелеу өнерін білу;

- бейнелеу іс-әрекетінде білім, іскерліктер және дағдылар (әуедегі перспективаны анықтау, берілген тақырыпта композиция орындау, композиция мазмұнын ашу);

- мәдениет және сәулет ескерткіштері саласындағы білім мен дағдылар;

- заманауи дизайн саласындағы білім.

**Оқу пәнінің базалық білім мазмұны**

1. «Өнер мен көркемдік іс-әрекеттің адам өміріндегі және қоғамдағы рөлі»:

1) өнер мен көркемдік іс-әрекеттің адам өмірінде және мәдениетті дамытудағы рөлі, өнердің бастауы мен мәні, өнер және дүниетаным, халықтық дәстүрлі өнер, бейнелеу символикасы мен дәстүрлі бейнелердің мәдениетті дамытудағы рөлі, тарихи дәуірлер және көркемдік стилдер, мәдениетті көзбен бейнелеу тұтастығы;

2) адамның көркемдік іс-әрекетінің әлемді игерудегі рөлі;

3) әлем, өмірдегі және табиғаттағы құбылыстар туралы түсініктерін өнер туындыларында бейнелеу;

4) әртүрлі тарихи дәуірлерде адамның эстетикалық бейнесі өзгергіштігінің өнерде көрініс алуы, тарихи ескерткіштердің көркемдік-эстетикалық мәні, визуалды-кеңістік өнерлерінің Отан бейнесін қалыптастырудағы рөлі;

5) мәдениеттердің көркемдік диалогы, әртүрлі тарихи дәуірлер мен халықтардың кеңістік-визуалды өнері, Батыс және Шығыс халықтарының көркем мәдениетіндегі мәнерлілік құралдарының ерекшеліктері;

6) өнердегі негізгі көркемдік стилдер мен бағыттар, әлемнің бейнелеу өнерінің ұлы шеберлері, әлемдегі ең ірі көркем мұражайлар;

7) өнердің адам өмірінің материалдық ортасын құрудағы рөлі, өнердің адам өмірінің заттық-кеңістік ортасын ұйымдастырудағы рөлі қазіргі замандағы өнер;

8) қазіргі замандағы бейнелеу өнері, сәулет, дизайн;

9) визуалды өнерлердің бейнелік табиғаты, олардың қазіргі әлемдегі рөлі, мұражайдың қазіргі заман мәдениетіндегі рөлі.

2. «Өмір мен өнердің рухани-адамгершілік проблемалары»:

1) өнер бейнелерінде адамзаттың өнегелі ізденісін, жеке адамның өнегелі таңдауын көрсету;

2) өнерде көрініс тапқан отбасылық өмірдің дәстүрлі және қазіргі замандағы тіршілік салты;

3) өмірдегі және өнердегі әлем, Отанды қорғау бейнелері;

4) өнердегі және қазіргі өмірдегі халық мерекелері, әдет-ғұрыптар;

5) өмірдегі және өнердегі халықтар арасындағы, әртүрлі буын ұрпақтары арасындағы өзара байланыстар.

3. «Әсем өнерлер тілі және көркем бейне»:

1) көркем бейнелеу ерекшелігі, көркем бейне – кез келген өнердің негізі мен мақсаты, көркем бейнелеудің шарттылығы, өнердегі шынайылық пен қиял;

2) көркемдік мәнерлеу құралдары, көркемдік материалдар және көркемдік техникалар;

3) кескіндеме, графика, мүсін материалдары;

4) композиция – көркем шығарманың басты мәнерлілік құралы, композицияда шығарманың болмысын ашу, пропорциялар, желілік және әуе перспективасы, композициядағы қарама-қарсылық;

5) түс, түстік байланыстар, картина реңкі, түстің қарбаластығы мен қанықтығы, жарық пен түс, бояудың сипаты;

6) сызық, штрих, дақ және көркем бейне;

7) табиғаттың, адамның, аңның эмоциялық жай-күйін кескіндеу құралдарымен жеткізу;

8) көлем және пішін, заттай әлемнің көптүрлі пішіндерін жазықтық пен кеңістікте бейнелеп көрсету, пішіндерді өзгерту және стильдеу, пішін мен сипаттың өзара байланысы;

9) кескіндеме мен суретте, сәулет, сәндік-қолданбалы өнерде композиция

жасаудағы ырғақтың рөлі.

4. «Әсем өнер түрлері мен жанрлары»:

1) кескіндеме, графика, мүсін, өнердің алуан түрлеріндегі көркем бейненің ерекшеліктері;

2) портрет, пейзаж, натюрморт, тұрмыстық, тарихи, анималистикалық жанрлар;

3) өнер туындысындағы сюжет және мазмұн, заттай әлемді бейнелеу;

4) натурадан салу, көзге елестету арқылы салу;

5) бейнелеу өнеріндегі тарихи, мифологиялық тақырыптар;

6) көркем шығармашылық тәжірибесі;

7) өнердің конструктивтік түрлері, сәулет және дизайн, өнердің адам өмірінің заттай-кеңістік ортасын ұйымдастырудағы рөлі;

8) сәулет пен дизайндегі көркем және функционалдық тұтастық, архитектуралық бейне, сәулет – ғасырлар шежіресі, дизайн түрлері;

9) өнеркәсіптік дизайн, сән индустриясы, архитектуралық және ландшафтты дизайн;

10) жобалау мәдениеті, кеңістік және заттай ортаны жобалау, графикалық дизайн, арт-дизайн, компьютерлік графика және анимация;

11) сәндік-қолданбалы өнер түрлері, халық өнері, сәндік-қолданбалы өнер бастаулары, халық өнеріндегі бейне семантикасы, ою-өрнек және оның шығу тегі, ою-өрнек түрлері, сәндік бейнені стильдеу және белгілік сипаты, сәндік-қолданбалы өнер материалдары, адам өміріндегі безендіру, сәндік-қолданбалы өнерінің қоғам өміріндегі функциялары.

### **6-сынып бойынша базалық мазмұн:**

Өнер туындыларын қабылдау:

1) ұлттық-мәдени дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу қабілетін дамыту, өзінің отандық өнердің тағдырына қатыстылығын саналы түрде сезінуін, Қазақстанның көркем мұраларына құрметпен әрі ұқыппен қарауын тәрбиелеу;

2) әлем халықтарының өнеріне деген қызығушылығын тәрбиелеу, өнердің алуан түрлері мен жанрларындағы туындыларды қабылдау және талдау қабілеттерін қалыптастыру.

Графика:

1) әртүрлі графикалық материалдармен жұмыс істеу тәсілдері;

2) суреттің өнердегі рөлі: негізгі және қосалқы;

3) сурет құралдарымен бейнеленген табиғаттың, адамның, ғимараттардың, заттардың әсемдігі мен алуан түрлілігі;

4) ағаштарды, құстарды, аңдарды бейнелеу: ортақ және өзіндік сипаттары;

5) сурет салу материалдары және техникасы: қарындаш, қалам, фломастер, көмір, пастель, борлар және т.б.;

6) «Жыл құстары», «Қазақстанның көне қалалары», «Спорттық жарыстар», «Қысқы пейзаж» атты тақырыптарға сурет салу;

7) суретші-графиктер В.Антощенко-Оленевтің, Е.Сидоркиннің,

С.Романовтың, М.Қисамединовтың және әлемдегі басқа да суретші-графиктердің туындыларымен танысу.

Кескіндеме:

- 1) түс – кескіндеу тілінің негізі;
- 2) сурет құралдарымен бейнеленген табиғаттың, адамның, ғимараттардың, заттардың әсемдігі мен алуан түрлілігі;
- 3) алға қойылған міндеттерге сәйкес кескіндік бейне жасау үшін көркемдік мәнерлеу құралдарын таңдау;
- 4) кескіндемедегі табиғат пен адам бейнелері;
- 5) түстің эмоциялық мүмкіндіктері, түстердің араласуы; түстің көмегімен кейіпкердің мінез-құлқын, оның эмоциялық жай-күйін көрсету;
- 6) пастозды кескіндеме, композициялық орталық, қозғалыс;
- 7) «Ғарыш», «Күзгі жаңбыр», «Жаңажылдық карнавал», «Қысқы каникулдар», «Астана-менің іңкәрім» атты тақырыптарға сурет салу;
- 8) кескіндеу материалдары: акварель және гуашь, палитра;
- 9) әртүрлі тақырыптарға композициялар салу (натюрморт, пейзаж, портрет және т.б.);
- 10) 20 ғасырдың 80-90-жылдарындағы қазақстандық суретші-кескіндемешілердің туындыларымен танысу.

Композиция:

- 1) композицияның мәнерлілігіне өлшем мен пішіннің әсері, композициядағы тепе-теңдік;
- 2) композициядағы статикалық, динамикалық, қозғалыс;
- 3) желілік және әуе перспективасы, композициядағы қарама-қарсылық, композицияда туындының болмысын ашу.

Сәндік-қолданбалы өнер:

- 1) қазақ халқының және әлем халықтарының қолөнер түрлері, Қазақстанның дәстүрлі халықтық қолданбалы өнері, сәндік-қолданбалы өнер материалдары, адам өміріндегі безендіру, жиһаз, музыкалық аспаптар;
- 2) киім, аяқ киім және тұрмыста қажетті басқа да заттар;
- 3) икебана, коллаж;
- 4) ою-өрнек және оның шығу тегі, ою-өрнек түрлері, әлемдік өнердегі негізгі ою-өрнек нақыштары;
- 5) символдарды қолдана отырып шығармашылық ою-өрнекті композиция орындау, сәндік бейнені стильдеу және белгілік сипаты, сәндік бейненің қоғам өміріндегі функциялары;
- 6) Қазақстанның және әлемнің әртүрлі елдеріндегі халық шеберлері мен сәндік-қолданбалы өнер суретшілерінің туындыларымен танысу.

Мүсін:

- 1) монументті және қондырғылы мүсін, тас мүсіндер, жұмырлы мүсін (ұсақ пластика), композицияның тұтастығы, типтендіру, мүсіннің негізгі тақырыптары;
- 2) халық ертегілерінің сарынымен екі, үш тұлғалы композициялар жасау;
- 3) мәнерлі бейне жасау үшін пластикалық мүсіндеу материалдарымен жұмыс істеудің қарапайым тәсілдері (ермексаз, сазбалшық – илеу, көлемін

жинастыру, пішінді созу және құрастыру) ;

4) натурадан, есте қалғанын және көзге елестету арқылы мүсін жасау;

5) суретші-мүсіншілер Н. Журавлёвтің, Е. Мергеновтың, Х. Наурызбаевтың, М. Әйнековтың, Т. Досмағамбетовтың және әлемнің атақты суретші-мүсіншілерінің туындыларымен танысу.

21. Көркемдік құрастыру, дизайн және сәулет:

1) өнердің адам өмірінің заттай-кеңістік ортасын ұйымдастырудағы рөлі;

2) графикалық дизайн, компьютерлік графика және анимация, стильдеу, арт-дизайн;

3) сәулет және дизайн, сәулет пен дизайндегі көркем және функционалдық тұтастық.

### **7-сынып бойынша базалық мазмұн:**

Өнер туындыларын қабылдау:

1) көркемдік-эстетикалық даму – жеке тұлғаның адамзат мәдениеті әлеміне енуіне, сондай-ақ өзін-өзі сәйкестендіру және бірегей жеке тұлғасын бекітуге ықпал ететін оны әлеуметтендірудің маңызды шарты;

2) өзінің көркем-шығармашылық іс-әрекеті тәжірибесін кеңейту; шығармашылық әлеуетін дамыту, көркем жоба-импровизациялар жасай білу;

Графика:

1) сызық, штрих, дақ және көркем бейне;

2) табиғаттың, адамның, аңның эмоциялық жай-күйін графика құралдары арқылы жеткізу;

3) әртүрлі графикалық материалдармен жұмыс істеу тәсілдері;

4) суреттің өнердегі рөлі: негізгі және қосалқы;

5) петроглифтер;

6) ағаштарды, құстарды, аңдарды бейнелеу: ортақ және өзіндік сипаттары;

7) сурет салу материалдары және техникасы: қарындаш, қалам, фломастер, көмір, пастель, борлар және т.б.;

8) «Күзгі натюрморт», «Алғашқы қар», «Түнгі пейзаж», «Арман қала» атты тақырыптарға сурет салу;

9) суретші-графиктер В.Антощенко-Оленевтің, Е.Сидоркиннің, С.Романовтың, М.Қисамединовтың және әлемнің танымал суретші-графиктерінің туындыларымен танысу.

Кескіндеме:

1) өнердің алуан түрлеріндегі көркем бейненің ерекшеліктері;

2) портрет, пейзаж, натюрморт, тұрмыстық, тарихи, анималистикалық жанрлар;

3) өнер туындысындағы сюжет және мазмұн;

4) түстік байланыстар, картина реңкі, түстің қарбаластығы мен қанықтығы, жарық пен түс, бояудың сипаты, түс спектрі, қарама-қарсылық (қарама-қарсы түстер), эмоциялық бейнелеу мен бейненің мәнерлілігіндегі ақ және қара бояулардың рөлі, түстің эмоциялық мүмкіндіктері;

5) түстің көмегімен кейіпкердің мінез-құлқын, оның эмоциялық жай-

күйін көрсету;

6) түс – кескіндеу тілінің негізі, түстердің ашық және қою реңктері, түс пен көлеңке, қоңыр түске түскен ақ дақ, рефлекс;

7) кескіндемедегі табиғат пен адам бейнелері;

8) пастозды кескіндеме, композициялық орталық, қозғалыс;

9) «Гүлдер, көкөністер мен жемістер», «Жаңбыр астында», «Менің бөлmem», «Қазақстанның сәулет өнері» атты тақырыптарға сурет салу;

10) кескіндеу материалдары: акварель және гуашь, палитра;

11) әртүрлі тақырыптарға композициялар салу (натюрморт, пейзаж, портрет және т.б.);

12) қазіргі қазақстандық суретші-кескіндемешілердің туындыларымен танысу.

26. Композиция:

1) сюжет таңдау, композиция ойын қалыптастыру;

2) композицияның түстік шешімін орындау, композициядағы түстің қарбаластығы мен қанықтығы;

3) кітаптардағы суреттер композициясын әзірлеу;

4) сәулет пен дизайндегі көркем және функционалдық тұтастық.

Сәндік-қолданбалы өнер:

1) қазіргі замандағы сәндік өнер туралы қысқаша мәліметтер;

2) қазіргі стильдер, батик, батиктің шығу тарихы және түрлері (салқын, түйіншекті, ыстық, шибори);

3) композициялық ою-өрнек, қазіргі замандағы сәндік өнер ерекшелігі, жапсыру;

4) қазақтың ұлттық киім үлгілері;

5) әлем халықтарының сәндік-қолданбалы өнері (мысалы, дымков ойыншығы), әртүрлі елдер мен халықтардың дәстүрлі көркем қолөнер бұйымдары;

6) сәндік өнер, дәстүрлі технология, символ, стильдеу, контур, пропорциялар, ою-өрнек түрлері мен құрылымы, раппорт, әртүрлі халықтардың ою-өрнектеріндегі солярлық белгілер, табиғи пішіндерді стильдеу;

7) Қазақстанның және басқа елдердің халық шеберлерінің туындыларымен танысу.

Мүсін:

1) қазіргі замандағы мүсін өнері туралы қысқаша мәліметтер: горельеф, барельеф, мемориал;

2) көлем – мүсіндеу тілінің негізі, мүсіндеудің негізгі тақырыптары, жұмырлы мүсін (ұсақ пластика);

3) композицияның тұтастығы, типтендіру, қозғалыстағы аңдардың мүсіндерін жасау техникасы;

4) мәнерлі бейне жасау үшін пластикалық мүсіндеу материалдарымен жұмыс істеудің қарапайым тәсілдері (ермексаз, сазбалшық – илеу, көлемін жинастыру, пішінді созу және құрастыру);

5) суретші-мүсіншілер Н. Журавлёвтің, Е. Мергеновтың, Х.

Наурызбаевтың, М. Әйнековтың, Т. Досмағамбетовтың және әлемнің атақты суретші-мүсіншілерінің туындыларымен танысу.

Көркемдік құрастыру, дизайн және сәулет:

- 1) архитектуралық бейне, сәулет – ғасырлар шежіресі;
- 2) дизайн түрлері, өнеркісіптік дизайн, сән индустриясы, архитектуралық және ландшафтты дизайн;
- 3) жобалау мәдениеті.

#### 4-тарау. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

Оқу пәнінен күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында айқындалған **метапәндік құзыреттіліктерге** (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) бағдарланады.

**«Бейнелеу өнері» пәнінен күтілетін нәтижелер:**

***6-сынып бойынша***

***Білім алушы:***

- бейнелеу өнерінің адам мен қоғам өміріндегі орны мен мәні туралы;
- бейнелеу өнерінің барлық кезеңдерде өмір сүргені туралы, әртүрлі дәуірлердегі өнердің бейнелі тілдерінің көптүрлілігі және әлемді тану ерекшеліктері туралы түсінігін;
- бейнелеу өнерінің негізгі түрлері мен жанрлары, өнер тарихында портреттің, пейзаждың және натюрморттың негізгі даму кезеңдері туралы;
- бейнелеу өнеріндегі көркем мәнерлеудің негізгі құралдары (сызық, дақ, рең, түс, пішін, перспектива), бейнені ырғақты ұйымдастыру ерекшеліктерін;
- әлемдік және қазақстандық өнердегі портрет, пейзаж және натюрморт жанрларындағы көрнекті суретшілер мен өнер туындыларының аттарын;
- сәндік-қолданбалы өнердің бейнелі тілінің бастаулары мен ерекшелігін;
- суретші шеберханалары: кескіндемеші, графикші, мүсінші, ағаш ұсталарыны, зергерлердің шығармашылық іс әрекеттерін ;
- кескіндеме өнерінің өзіндік ерекшелігін түсініп, бояумен жұмыс жасалу жолы мен әдістерін ;
- композиция құрай білу біліктілігі және шығармашылық жұмысты талдай білу, көркемдік тұрғыда дұрыс баға бере білу қажеттігін - ***Қазақстанның бірнеше халықтық көркем қолөнерін;***
- бейнелеу өнерінің негізгі түрлері мен жанрларын ажырата;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұлттық рәміздері, туған өлкенің өнері мен мәдениетінің айрықша өзіндік белгілерін, көркемдік тарихи көне ескерткіштерінің атаулары мен орындарын;
- қазақстандық және шетелдік өнердің көрнекті өкілдері мен олардың негізгі көркем шығармаларының атауларын;
- кескіндеме түрлері (станоктық, монументалды, сәндік, миниатюралар т.б.) мен техникаларын;



- мүсін түрлері, (бедер, бюст, мүсін, ескерткіш және т.б.) тарихи ерекшеліктері мен мүсіндік материалдарды;

- сәулет құрылыстарының түрлері, (ежелгі сәулет, қазіргі заманғы сәулет, тұрғын үй ғимараттары, кесене, мешіт, мұнара т.б.) тарихи, табиғи ерекшеліктерін *біледі*.

**Білім алушы:**

- *әртүрлі көркемдік материалдар, көркемдік техникалар және олардың көркем бейне жасаудағы мәнін;*

- бейнелеу өнері заңдылықтарын, терминдерін, *техникаларын атауларын және түрлерін;*

- *нақты материалмен жазық немесе көлемді сәндік композициялар жасау процесінде фактураны, түсті, пішінді, көлемді, кеңістікті мәнерлі пайдаланудың практикалық дағдыларын;*

- *әлемдік және қазақстандық өнердегі портрет, пейзаж және натюрморт жанрларындағы көрнекті суретшілер мен өнер туындыларының аттарын;*

- *бояуларды (гуашь және акварель), бірнеше графикалық материалдарды (қарындаш, көмір) қолдану, мүсін жасау дағдыларын меңгеру, коллаж техникасын түсінеді;*

- табиғат құбылыстарындағы өзгерісті, қысқа мерзімді табиғатты бақылау барысында аспан мен жердің, жер мен қардың, күзгі жапырақ реңдерінің, алыс-жақын үйлердің бояу түсіндегі реңдік, сызықтық қатынастарын ;

- оқу шығармашылық тапсырманы орындауда, ақпарат көздерінен қажетті материалдарды іріктеу, таңдау, жинау, өңдеу мен талдау қажет екенін ;

- заттарды түсіне, пішініне, өлшеміне қарай салыстыру, теңестіру, кеңістікті;

- геометриялық фигураларды нұсқадан қарап салу немесе геометриялық денелерден композициялық жұмысты құрау қажеттігін *түсінеді*.

**Білім алушы:**

- сәндік қолөнер түрлері, (зергерлік өнер, ағашқа сурет салу, керамика, кілем тоқу) тарихи ерекшеліктері мен мүсіндік материалдарды;

- елдің және әлемнің көркем мұражайларының атауларын ;

- монотопия, лессировка, мозайка, витраж, қағазды сулап бояу, аралас материалды қолдану т.б. технологиясы бойынша шығармашылық жұмыстарды;

- тұстану, негізгі және қосымша түстер, және аралас түстерді, реңк түрлерін, колорит, өң, перспектива, жарық пен көлеңке, сызықтық бейнелеу түрлерін, композицияның негізгі заңдылықтарын;

- суретші шеберханалары: кескіндемеші, графикші, мүсінші, ағаш ұсталарыны, зергерлердің шығармашылық жұмыс жасау іс әрекеттерін;

**Білім алушы:**

- жалпы өнердің, бейнелеу өнерінің қоғамда, адам өмірінде алатын орны мен маңызын;

- көркем шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетінің себептерін, шығарма

кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне жеке көзқарасын білдіру, олардың іс-әрекеттерін нақты өмірлік жағдаяттарға сайып жобалауды ;

- көркем шығармаларды орындаудың логикалық, конструктивтік және техникалық құрастыру мен жобалау әдіс-тәсілдерін;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі өнер арасындағы уақыт, кеңістік, форма мен мазмұн құрау, семантикалық және семионтикалық мағыналық ерекшеліктері ажыратып;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі халықтық өнер мүмкіндіктерінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын;

- өнердегі және табиғаттағы әсемдікті және үйлесімділікті; сиықсыздық пен жалғандықтың айырмашылығын;

- табиғат пен өнер шығармасын салыстыру, талдау мен қарастыру барысында олардың ерекшелігін;

- ұлттық суретшілердің реалистік шығармаларымен бірге абстракциялық композицияларын, дәстүрлі қол өнер бұйымдарымен бірге, жаңа бағыт, мотивте жасалған жаңа бұйымдарын, сувенирлік сипаттағы шығармаларды терең;

- жаңа формалардың пайда болуы, дәстүрлі қол өнер бұйымдарының жаңаша сипаты мен мағынасын;

- көркем өнер туындыларында бейнелеу өнерінің көркемдік құралдары арқылы композиция құраудың маңызын;

- қазақ халық ертегілерінде жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің көркемдік образдық шешімін дұрыс құрауды;

- көркем безендіру жұмысы бағытында кітәп иллюстрациясының рөлін, маңызын, айырмашылығын;

- бейнелеу өнері бойынша сурет салу, композиция құрау, анализ беру тәжірибесін;

- суретшілердің реалистік көркем өнер шығармаларымен қатар дәстүрлі қол өнер бұйымдарының алатын орны мен маңызы, жалпы ою-өрнек мотивтерін құрауда, жаңа қол өнер бұйымдарының сувенирлік сипаттағы айырмашылығын;

- сәулет құрылыстарының түрлері, (ежелгі сәулет, қазіргі заманғы сәулет, тұрғын үй ғимараттары, кесене, мешіт, мұнара т.б.) тарихи, табиғи ерекшеліктерін ;

- елдің және әлемнің көркем өнер мұражайларында орын алған көркем туындыларды және олардың авторларын ажыратып ;

- монотопия, лессировка, мозайка, витраж, қағазды сулап бояу, аралас материалды қолдану т.б. технологиясы бойынша шығармашылық жұмыстардың ерекшеліктерін ;

- тұстану, негізгі және қосымша түстер, және аралас түстерді, реңк түрлерін, колорит, өң, перспектива, жарық пен көлеңке, сызықтық бейнелеу түрлерін, композицияның негізгі заңдылықтарын ;

- суретші шеберханалары: кескіндемеші, графикші, мүсінші, ағаш ұсталарыны, зергерлердің шығармашылық іс әрекеттерін;

- кескіндеме өнерінің «монотопия», «лессировка», «пуантелизм»,

«бояуды сулап жағу» т.б. әдістерінің түрлері мен орындау техникаларының ерекшеліктерін ;

- кескіндеме өнерінің өзіндік ерекшелігін түсініп, бояумен жұмыс жасалу жолы мен әдістерін ;

- бейнелеу өнері іс- әрекетінде тақырыптық шығармашылық композицияның негізгі бағытын, жанрын, стилін, мәні мен мазмұнын *түсінеді*;

- композиция құрай білу біліктілігі және шығармашылық жұмысты талдай білу, көркемдік тұрғыда дұрыс баға бере білу қажеттігін;

- кескіндеме өнерінің, бейнелеу өнерінің басқа салаларынан айырмашылығын, өзіндік ерекшелігін, жаңалығын көре білуі мен өздігінен жаңа шешімдер құрып, игерген білімдері мен іскерліктерін қажетіне қарай тәжірибеде пайдалану қажеттігін *түсінеді*.

***Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:***

- негізгі және құрама, жылы және суық түстерді араластыру арқылы, түстік шешімдерді тауып, палитрада оқу жаттығуларын *орындайды*;

-оқу, шығармашылық жұмыстарын орындауда көркем материалдарды (гуашь, акварель) тиімді ;

- ойша немесе еркін тақырыптарда композиция құрастыруда, көркем бейненің логикалық, конструктивтік тұрғыда орындалу реттілігін сақтай отырып оқу тапсырмасын *орындайды*;

- көркем шығармалардың сюжеттік сарынын анықтауда композициялық шешімді тиімді;

- тақырыптық сюжеттік композиция құрастыруда көркем бейнелі шығарманың образдық, семантикалық белгілерін тиімді;

- көркемдік стиль мен орындау техникаларын ұстана отырып заманауи қолөнер бұйымдарының жаңа үлгілерін (қағаз пластикасы, икебана, коллаж, граттаж т.б.) жасауда сюжеттік мотивтерді тақырыптық сурет құрастыруда тиімді;

- Қазақстан кәсіби суретшілерінің көркем туындыларындағы сюжеттік мотивтерді қолдана отырып, өзіндік баға беріп, талдау жасап қолданады;

- оқу және көркем-шығармашылық міндеттерді шешудің тиімді жолдарын;

-оқу, шығармашылық жұмыс және практикалық қызметтің басқа да түрлерін орындау барысында игерілген білімді;

-заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу тапсырмаларын орындау барысында тиімді *қолданады*.

***Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:***

- көркемдік, ғылыми-танымдық шығармалардың көркем образдық мазмұнын талдау барысында жеке композициялық жұмыстарын орындауда;

- сюжеттік белгілі бір тақырыпта шығармашылық тапсырмаларды құрастыру, сомдау мен орындауда ;

- балалар ертегі кітаптарын өз бетінше көркем иллюстрациялауда белгілі бір образдарды құрастыруда;

- ұсынылған бейнелеу өнері туындылары (әлемдік, отандық танымал суретшілер туындылары) мен көркем шығармалардағы ұлттық дүниетанымдық,

тәрбиелік мәні мен мағынасы бар бейнелік нысандар: өз отбасыларының тарихы, айналадағы табиғи құбылыстар жайында тақырыптық сурет құрастыруда;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарына тұжырымдар жасауда ;

-ұсынылған тақырыпқа байланысты көркем өнер шығармаларын талдау, баға беру, жинақтау, сомдау, құрастыруда ;

- көркем өнер шығармаларының негізгі тақырыбын, идеясын, мазмұны мен формасын анықтауда;

- ұлттық мерекелерге байланысты өз қалауы бойынша ойша, елестете отырып, композициялық шығармаларында ұлттық дүниетаным нысандарының образдық белгілерін;

- бейнелеу өнері бойынша әлемдік және отандық танымал көркем шығармалардың негізгі тақырыбын, мазмұнын және идеясын талдауда;

- тақырыптық, сюжеттік композициялық шығарманың идеясын, тақырыбын, мазмұнын көркемдік сын тұрғысынан талдап, талқылап, ұлттық өнер туындыларына өзіндік баға беруде, көркемдік ой елегінен өткізуде;

- ақпарат көздерінен белгілі бір композициялық шығармашылық тапсырманы орындауда, қажетті материалдар жинауда, оларды іріктеуде, таңдауда, өңдеуде, талдау мен түсіндіруде ;

- табиғи және жасанды көркем материалдарымен жоба, шығармашылық тапсырмалар орындауда өзінің талғампаздығын, бастамашылдығын, көшбасшылығын танытуда **қолданады.**

***Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:***

- көркем безендіру жұмысы бағытының рөлін, маңызын, айырмашылығын кітәп иллюстрациясының құрастыруда ;

- бейнелеу өнері бойынша сурет салу, композиция құрау, анализ беру тәжірибесінде;

- суретшілердің реалистік көркем өнер шығармаларымен қатар дәстүрлі халықтық қол өнер бұйымдарының үлгілерін құрастыруда ою-өрнек мотивтерін құрауда;

- табиғат құбылыстарындағы өзгерісті, қысқа мерзімді табиғатты бақылау барысында аспан мен жердің, жер мен қардың, күзгі жапырақ реңдерінің, алыс-жақын үйлердің бояу түсіндегі реңдік қатынастарын оқу тапсырмаларында;

- ежелгі сәулет құрылыстарында орын алатын форма мен мазмұндық шешімдері мен ою-өрнек үлгілерін шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында;

- сәндік қолөнер түрлері (зергерлік өнер, ағашқа сурет салу, керамика, кілем тоқу) және көркемдік қол өнер материалдарының түрлерін ажыратып;

- түстану, негізгі және қосымша түстер, және аралас түстерді, реңк түрлерін, колорит, өң, прспектива, жарық пен көлеңке, сызықтық бейнелеу түрлерін, композицияның негізгі заңдылықтарын оқу тапсырмаларын орындау барысында ;

- кескіндеме өнерінің «монотопия», «лессировка», «пуантелизм»,

«бояуды сулап жағу» т.б. әдістерінің түрлері мен орындау техникаларының ерекшеліктерін тақырыптық композициялар орындау барысында;

- кескіндеме өнерінің, бейнелеу өнерінің басқа салаларынан айырмашылығын, өзіндік ерекшелігін, жаңалығын көре білуі мен өздігінен жаңа шешімдер құрып, игерген білімдері мен іскерліктерін қажетіне қарай тәжірибесінде шығармашылықпен қолданады.

- сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы (халықтық, классикалық, қазіргі замандағы) конструктивтік, сәндік, бейнелеу элементтерін анықтап, материалдың, пішін мен декордың тұтастығын;

- бірыңғай стилистикамен біріктірілген заттай ортаның көркемдік-сәндік нысандарын (тұрмыс заттары, жиһаз, киім) жасауды;

- әртүрлі материалдармен натурадан, есте сақтау және елестету арқылы шығармашылық композициялық жұмыстар жасауды;

- өнер туындыларын белсенді қабылдау және өз түйсігінің әртүрлі деңгейлерін дәлелді түрде талдау, бейнелеу метафораларын түсіну және өнер туындысына тән әлемнің тұтас картинасын **шығармашылықпен қолданады.**

### **7-сынып бойынша:**

#### ***Білім алушы:***

- бейнелеу өнері бойынша көркем туындыларының әлемдік, отандық озық туындылардың авторларын және олардың шығармаларының атауларын ажырата;

- бейнелеу өнері туындыларының форма мен мазмұнының бірегейлігінің мағынасы мен мазмұнын талдай;

- бейнелеу өнерінде композициялық заңдылықтар (перспектива, түс, тепе-теңдік, ырғақ, динамика, статика, композиция ортасы, форма мен мазмұнның бірлігі және т.б.) мен ережелерге сүйеніп, шығармашылық тапсырмаларды сауатты орындай;

-

- бейнелеуші және айқындаушы көркем құрал-тәсілдердің негізінде шығармашылықпен таңдай, талдай;

- әлемдік классикалық және қазіргі кезеңдегі өнерге қалыптасқан көркемдік талғам негізінде баға беруді;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер шығармаларына байланысты жаттығуларды орындай;

- қарапайым бейнелеу өнерінің көркем өнертану ұғымдарының мәнін, мағынасын;

- бейнелеу өнеріндегі жанрлық жүйе туралы және өнердің дамуын талдау және әлем танымын өзгерту, оны бейнелеу тәсілдерін түсіну үшін оның мәнін;

- бейнелеу өнеріндегі тақырыптық картинаның рөлі мен тарихы және оның жанрлық түрлері (тұрмыстық және тарихи жанр, өнердегі мифологиялық тақырыптар) туралы;

- туындының тұтастығы мен бейнелік құрылымы ретіндегі композиция

туралы, туындының композициялық құрылымы, пішіннің рөлі, туынды көлемінің мәнерлілік мәні, тұтас және бөлшектің ара қатынасы, әрбір фрагменттің мәні және оның метафоралық мағынасы туралы **біледі**.

**Білім алушы:**

- бейнелеу өнеріндегі, халықтық шығармашылықты, табиғаттағы, адам бойындағы нағыз сұлулықты сиықсыздықтан, жылтырақтықтан айырмашылығын;

- ою-өрнектің эмоционалды-мазмұндық мүмкіндіктерін бейнелеу өнерінің көркемдік әдіс-құралдары секілді қарастыру қажеттігін;

- оқу, жаттығу тапсырмаларын орындауда бейнелеу өнерінде қалыптасқан композициялық заңдылықтар мен ережелерді (перспектива, түс, тепе-теңдік, ырғақ, динамика, статика, композиция ортасы, форма мен мазмұнның бірлігі және т.б.) қатаң ұстануды;

- көркем өнер туындыларында бейнелеу өнерінің құрал тәсілдерінің мен маңызын;

- мүсін өнерінің тарихи, табиғи сипаты, ертедегі тастардың діни-мифологиялық түсініктерінен, ерекшеліктерін ;

- қазақтың дәстүрлі ұлттық музыкалық аспаптарының түрлерін, формаларын, түстерін;

- қазақ халқының дәстүрлі сәнді-қолданбалы өнер түрлерімен және оның ішіндегі ою-өрнек өнерінің тарихи, табиғи ерекшеліктерін **түсінеді**;

- құлпытастар, таңбалар, белгілер мен олардың дәстүрлі өнерде алатын орнын;

- ою-өрнек киімді, үй жиһаздарын, әшекей бұйымдарын сәндеу, өрнектеу үшін пайдаланатынын;

- бейнелеу өнерінде пайдаланатын сурет, жарық пен көлеңке, перспектива заңдылықтарына сәйкес кеңістік, жеке нәрсенің ұқсастығын;

- бейнелеу өнеріндегі, көркем эстетика мен әлемдік және отандық мәдениет негіздерін;

- қол өнері бұйымдарының әшекейін әсемдік тұрғыдан барынша толығырақ қабылдап, өзінің жеке қатынасын орнату қажеттігін **түсінеді**;

**Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:**

- көркем-образдық шығармаларда және табиғаттағы әсемдікті және үйлесімділікті сиықсыздық пен жалғандықтың белгілерінен ажыратып, өздерінің тақырыптық, сюжеттік композицияларын құрауда;

- қазақ халқының дәстүрлі сәнді-қолданбалы өнер түрлерімен және оның ішіндегі ою-өрнек бойынша композиция құрастыруда ;

- табиғи материалдарды көркемдеп өңдеуде ( шөптер, тастар, тамырлар, дәнді-дақылдар т.б.);

- қол өнері бұйымдарының (ши, орау, тоқыма тоқу, кесте тігу т.б) қарапайым үлгілерін құрауда шығармашылық тапсырмаларда **қолданады**;

- бейнелеу өнерінің түрлері (сурет, графика, кескіндеме, мүсін, сәулет, сәнді қолданбалы өнер, дизайн) мен жанрлары бойынша (пейзаж, портрет, натюрморт, тарихи, тұрмыстық, моринистік, анималистік, батальды) композиция құрауда;

- бейнелеу өнерінің мазмұнында орын алған халықтық қол өнер шығармашылығының үлгілерін оқу тапсырмаларында;

- көркем-образдық шығармаларда, табиғат, қоршаған орта үйлесімділігінің белгілерін ажыратып, өздерінің тақырыптық композицияларын құрауда;

- бейнелеу өнерінің негізгі көркемдік стильдері, жанрлық ерекшеліктері мен негізгі бағыттарын тақырыптық суретті құрауда;

- танымал көркем туындылардың әлемдік және отандық озық үлгілерінің авторлары мен атаулары жайлы пікір айтып мазмұндауда;

- бейнелеу өнері туындыларының форма мен мазмұн құрастыру бірегейлігін ажыратып, олардың маңызын терең талдауда;

- бейнелеу өнерінің өзіндік ұқсастық белгілері мен айырмашылықтарын ажыратып, оқу тапсырмаларында және білім мен іскерлікті бекітуде, сыныпта талданған оқу материалдарын кеңітіп, тереңдетуде, жаттығуларды өзбетінше орындау іскерлігін мен машықтылығын қалыптастыруда, жеке өзіне берілген тапсырмаларды орындау барысында өзбетінше жұмыс жасағанда **қолданады.**

***Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайда:***

- көркемдік, ғылыми-танымдық шығармалардың көркем образдық мазмұнын талдау барысында жеке композициялық жұмыстарын орындауда;

- сюжеттік белгілі бір тақырыпта шығармашылық тапсырмаларды құрастыру, сомдау мен орындауда;

- балалар ертегі кітаптарын өз бетінше көркем иллюстрациялауда белгілі бір образдарды құрастыруда;

- ұсынылған бейнелеу өнері туындылары (әлемдік, отандық танымал суретшілер туындылары) мен көркем шығармалардағы ұлттық дүниетанымдық, тәрбиелік мәні мен мағынасы бар бейнелік нысандар: өз отбасыларының тарихы, айналадағы табиғи құбылыстар жайында тақырыптық сурет құрастыруда;

- бейнелеу өнері мен дәстүрлі қол өнер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарына тұжырымдар жасауда;

- ұсынылған тақырыпқа байланысты көркем өнер шығармаларын талдау, баға беру, жинақтау, сомдап құрастыруда;

- көркем өнер шығармаларының негізгі тақырыбын, идеясын, мазмұны мен формасын анықтауда;

- ұлттық мерекелерге байланысты өз қалауы бойынша ойша, елестете отырып, композициялық шығармаларында ұлттық дүниетаным нысандарының образдық белгілерін;

- бейнелеу өнері бойынша әлемдік және отандық танымал көркем шығармалардың негізгі тақырыбын, мазмұнын және идеясын талдауда;

- тақырыптық, сюжеттік композициялық шығарманың идеясын, тақырыбын, мазмұнын көркемдік сын тұрғысынан талдап, талқылап, ұлттық өнер туындыларына өзіндік баға беруде, көркемдік ой елегінен өткізуде;

- ақпарат көздерінен белгілі бір композициялық шығармашылық тапсырманы орындауда, қажетті материалдар жинауда, оларды іріктеуде,

таңдауда, өңдеуде, талдау мен түсіндіруде;

- өз ойын бейнелі және графикалық тұрғыда, шығармашылық тапсырмасында сомдап, құрастырып жеткізуде;

- бейнелеу өнерінде табиғаттағы, халықтық шығармашылығындағы адам бойындағы нағыз сұлулықты сиықсыздықтан, жылтырақтықтан айырмашылығын ажырата отырып, сыни ойлап, шешім қабылдауда;

- табиғи және жасанды көркем материалдарымен жоба, шығармашылық тапсырмалар орындауда өзінің талғампаздығын, бастамашылдығын, көшбасшылығын танытуда **қолданады.**

- ***ірі тарихи оқиғалардың құрметіне ескерткіштер жасаудағы өнердің рөлі, суретші жасаған бейненің тарих оқиғаларын түсінуге тигізер әсері туралы;***

- ***өнерде стильдер мен бағыттардың болуы және суретшінің шығармашылық даралығының рөлі туралы шығармаларды қолданады.***

***Білім алушы меңгерген білімін шығармашылықпен:***

- табиғат құбылыстары, қазіргі заманауи қоғамда адамдар, қоршаған орта, өз отбасының, тұрған жерінің тарихы, танымал тұлғалар, суретшілер жөнінде композициялық шығармаларды орындауда;

- ***20 ғасырдағы Қазақстан және әлемдік бейнелеу өнерінің күрделі, қарама-қайшылықты және көркем оқиғаларға қанық жолдарын;***

***сәулет және дизайнның негізгі даму және тарихи кезеңдері, қазіргі конструктивті өнер үрдістерін;***

- суретшілер шығармашылығында ашылатын күнделікті өмірдің поэтикалық әсемдігін сезіну; адам өмірінің әрбір сәтінің маңыздылығын көрсетуде, адамның өз болмысы мен әлемнің сұлулығын түсінуді және сезінуіндегі өнердің рөлін түсінуді;

- натурадан және көзге елестету арқылы адам мүсініндегі тепе-теңдіктер мен қозғалыстарды көрсете білудің бастапқы дағдыларын қолдануды;

- жас ерекшелігіне қарай қолжетімді деңгейде кескіндеу, графика және жапсыру материалдарын;

- шынайы өмірді қабылдауда жітілік пен белсенділік қалыптастыратын қоршаған күнделікті өмірді байқағыштық, бейнелі көру дағдыларын қолдануды;

- көркемдік-танымдық материал жинағын шамалайтын тақырыптық композициялар құрудағы шығармашылық тәжірибені қолдану, таңдап алынған тақырып бойынша авторлық көзқарас қалыптастыру және оны көрсете білу тәсілдерін іздеуді;

- нақты материалмен (батик және т.б.) жұмыс істеу дағдыларын қолдануды;

- сәулет және дизайн туындыларын талдау; конструктивтік өнерлердің әсем өнерлер қатарындағы орнын, олардың ортақ бастамалары мен ерекшелігін;

- конструктивтік өнер түрлерінің бейнелеу тілінің ерекшеліктерін, функционалдық және көркем-бейнелік бастамалардың тұтастығы мен олардың әлеуметтік рөлін;

- көлемдік-кеңістік композицияларын құрастыру, сәулет-дизайндік нысандарды (графикада және көлемде) үлгілеуді;



- өз шығармашылығында конструктивтік өнерлердегі көркемдік-өндірістік процестің негізгі кезеңдерін үлгілеуді әлемдік және отандық көркем өнер мұражайларында орын алған туындыларды және олардың авторларын көркемдік талдау жасау барысында шығармашылықпен *қолданады*.

## **Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-10-сыныптарына арналған «Технология» пәнінен үлгілік оқу бағдарлама жобасы (12 жылдық білім беру)**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің .. жылғы ... № ... бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ... болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Жалпы орта білім беру жүйесіндегі «Технология» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

**3. Жаңа технологиялардың пайда болуы, жаңа кәсіптердің пайда болуы, мамандықты өзгерту қажеттілігі – мұның бәрі «Технология» пәнінің мазмұнын жетілдіруді талап етеді, онда өзін-өзі анықтау, өзін-өзі тану және өзін-өзі тәрбиелеу, оқушыларды кәсіптер әлемімен таныстыруға үлкен көңіл бөлінуі керек.**

4. Технологияны оқытудың басты мақсаты оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, бұқаралық кәсіптерді меңгеруге дайындауға ықпал ету болып табылады:

- жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру;
- жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауын қамтамасыз етуге ықпал ететін жеке қасиеттерді дамыту;
- жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау;
- зерттеудің ғылыми әдісі туралы негізгі түсініктерді игеру;
- танымдық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;
- нарықтық экономика, менеджмент және маркетингтің негізгі ұғымдарын меңгеру және оларды өнімдер мен қызметтерді жүзеге асыруда қолдану білігін қалыптастыру;
- ұлттық мәдениетті құрметтеуге, басқа мәдени бастауларға қатысты ашықтыққа тәрбиелеу;
- технологиялық білімді, сондай-ақ қауіпсіз әдістермен жеке немесе

әлеуметтік маңызы бар еңбек өнімдерін құрумен байланысты студенттерді технологиялық қызметтің әртүрлі түрлеріне қосу негізінде мәдениетті дамыту.

Оқу бағдарламасының мақсаты – еңбек технологиясы саласында функционалды сауаттылықты қалыптастыру, шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту.

«Технология» оқу пәнінің бағдарламасы:

1) қоршаған ортада өнер, дизайн мен технология туралы түсінік пен білімді дамытуға;

2) Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдениет мұрасын оқып үйренуге;

3) өнер мен дизайнның көркем тәсілдері арқылы шығармашылық идеяларды, технологиялық дағдыларды дамытуға;

4) зерттеу, жасау, талдау, нысандарды көркем түрлендіру үдерісінде оқушылардың шығармашылық және сыни тұрғыда ойлау дағдыларын дамытуға;

5) оқу қызметінің барлық түрлерінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы тәжірибе алуға (зерттеу, идеялардың шығармашылықпен іске асыру, жұмыстардың таныстырылымы);

6) жұмыс нәтижесі үшін түрлі ақпарат көздері мен ресурстарының маңыздылығын түсіне отырып, зерттеу мен пайдалануға;

7) эстетикалық, еңбекке баулу, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбиелеу мен рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыруға;

8) уақыт, материалдың қасиеті мен басқа да факторлардың әсерін анықтап және оны ескере отырып қызметін өз бетінше жоспарлай алуға;

9) оқу мақсаттарына жетуде бірігіп жұмыс істеуді ұйымдастыру (жеке, жұптық және топтық жұмыс) бойынша тәжірибе жинауға бағытталған.

5. Оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды бес ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйренуді қарастырады:

1) визуалды өнер;

2) сәндік-қолданбалы шығармашылық;

**3) дизайн және технология: «Конструкциялық материалдарды өңдеу; тоқыма материалдарын өңдеу»;**

4) үй мәдениеті;

5) тамақтану мәдениеті.

**Ақпараттық технологиялар арқылы жобалау және әзірлеу.**

**Шығармашылық жобалар**

6. «Визуалды өнер» бөлімінің мазмұны:

1) классикалық және заманауи өнер;

2) қазақстандық суретшілердің шығармашылығы;

3) бейнелеу өнері жанрлары мен түрлері;

4) сандық өнер (фотосурет, анимация, медиа құралдар);

5) бейнелеу (визуалды) өнерінің көркем тәсілдері;

6) көркемдік материалдар және техникалармен эксперименттеу бөлімдерін қамтиды.

7. «Сәндік-қолданбалы шығармашылық» бөлімінің мазмұны:

1) сәндік-қолданбалы өнер ерекшеліктері мен негізгі пішіндері, Қазақстанның және басқа елдердің сәндік-қолданбалы өнері;

2) сәндік-қолданбалы өнер материалдары, технологиялары мен құралдары;

3) ұлттық ою-өрнек;

4) ішкі көріністі сәнді безендіру қарастырады.

8. «Дизайн және технология» (ұлдар) бөлімінің мазмұны:

1) негізгі конструкциялық, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдарды;

2) материалдарды өңдеу құралдары мен жабдықтарын;

3) материалдарды әртүрлі тәсілдермен өңдеуді;

4) әртүрлі материалдардан бұйым дизайнын;

5) ұлттық тұрмыстық заттарды дайындау технологиясын;

6) қазақстандық және әлемдік сәулет ескерткіштерін;

7) макеттеуді;

8) ішкі көрініс дизайнын;

9) робототехника, көлік құралдарын модельдеуді қамтиды.

9. «Дизайн және технология» (қыздар) бөлімінің мазмұны:

1) негізгі тоқыма, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдарды;

2) тоқыма материалдарын өңдеу құралдары мен жабдықтарын;

3) тоқыма материалдарын әртүрлі тәсілдермен өңдеуді;

4) тоқыма материалдарынан бұйым дизайнын;

5) сән индустриясын, стиль және образ, ұлттық киім элементтерін дайындау технологиясын қамтиды.

10. «Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (ұлдар):

1) тұрғын үйдің экологиясын;

2) өсімдік шаруашылығы, сәндік өсімдіктер шаруашылығы, ландшафтты дизайн негіздерін;

3) электр қуатының көздері туралы жалпы мәліметтерді, тұрмыстық техника және электр құралдарын қолдану мен жөндеуді;

4) тұрмыстық жөндеу жұмыстарын, ішкі көріністі ұйымдастыру мен жоспарлауды қамтиды.

11. «Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (қыздар):

1) жеке гигиенаны, тұрғын үй экологиясын;

2) өсімдік шаруашылығы, сәндік өсімдіктер шаруашылығы, ландшафтты дизайн негіздерін;

3) киім күтімі мен ұзақ мерзімді сақтауды қамтиды

12. «Тамақтану мәдениеті» бөлімінің мазмұны:

1) дұрыс тамақтану негізін;

2) дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелерін, дастарқанды жабдықтауды;

3) тағам әзірлеу технологиясын;

4) әлем халықтарының тағамдарын қамтиды.

## **2- тарау. «Технология» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

13. «Технология» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 10-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

### **3-тарау. «Технология» пәнінің базалық мазмұны**

14. Пәннің базалық білім мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылады.

15. Жалпыадамзаттық құндылықтарды, практикалық тәжірибені, көпғасырлық мәдени дәстүрлерді ескере отырып, білім беру мазмұнын жаңарту оқушыларды технологияға оқытуға жаңа талаптар қояды. Оқыту мен тәрбиелеу процесі жас ұрпақтың азаматтық қалыптасуында маңызды рөл атқаратын трансформациялық қызметтің әртүрлі аспектілерін: техникалық, технологиялық, сәндік-қолданбалы, экологиялық, экономикалық, ақпараттық, кәсіптік бағдарлауды біріктіруге бағытталуы керек.

16. Бүгінгі таңда өркениеттің ұлттық және аймақтық ерекшеліктерін сақтай отырып, жоғары дамыған технологиялар мен технологиялар жағдайында жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру процесі ерекше маңызға ие.

Бастапқы деңгей - 1-5 сыныптар.

Негізгі деңгей - 6-10 сыныптар.

Бейіндік деңгей - 11-12 сыныптар.

17. Бастапқы деңгей оқушыларға адам өміріндегі еңбек қызметінің мәні, қарапайым негізгі материалдар, оларды өндеудің қасиеттері мен ерекшеліктері туралы түсінік береді; жоспарлау, жобалау, талдау, өнімді жобалау және оларды өндірудің технологиялық процесін қалыптастырады. Қарапайым еңбек әдістері мен дағдыларын үйрету жүзеге асырылады.

18. Негізгі деңгей оқушыны негізгі, кең таралған технологияларды үйренуге дайындайды. Бұл оқушыларға білімдерін бекітуге, жалпы еңбек дағдылары мен іскерліктерін меңгеруге, нарықтық экономика жағдайында зияткерлік, физикалық, эстетикалық дамуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Кәсіби өзін-өзі анықтау мақсатында кәсіптер әлемін зерттеу жүзеге асырылады.

19. Бейіндік деңгей мамандық таңдау бойынша бейінді оқытудың мақсатты кезеңдерін игеруді және қоғамның қазіргі озық әлеуметтік-экономикалық дамуы жағдайында одан әрі даярлауды көздейді.

20. Бұл деңгей оқушылардың өзін-өзі анықтау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі талдау принциптерін және нарықтық бәсекелестік жағдайында шешім қабылдауға мүмкіндік береді, оқушылардың кәсіби қызығушылығы мен ұмтылысын қалыптастыруға жағдай жасайды.

21. Оқушылардың қабілеттеріне, бейімділіктеріне, қажеттіліктеріне

сәйкес жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ мектептен кейінгі білім беру кезеңінде ойластырылған және негізделген шешімдер қабылдауға дайындық көзделеді.

## 22. «Технология» пәнінің базалық мазмұны.

6-сынып (ұлдар):

1) «Визуалды өнер» бөлімі: Бейнелеу өнеріндегі көркем құралдар, классикалық бейнелеу өнерінің үздік туындылары **техникасы**, қазақстандық суретшілердің шығармашылығы, бейнелеу, **қол өнерінің** түрлері мен жанрлары, ұлттық сәндік натюрморт, пейзаж, табиғатпен үйлесім, әуе перспективасы, индустриалды пейзаж, қала пейзажы, сызықтық перспектива, пластикалық пішіндер өнері, мүсін өнері, шығармашылық жұмыс, көрме ұйымдастыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі формалары мен ерекшеліктері, Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнері, сәндік-қолданбалы өнердегі заманауи және дәстүрлі емес материалдар, материалдар мен құрал-жабдықтармен танысу, дәстүрлі емес материалдардан сәндік бұйым, идеяларды талқылау мен дамыту, нобай орындау, дәстүрлі емес материалдардан сәндік бұйым, бұйым дайындау, өру өнері, өру түрлері, материалдар және құрал-жабдықтармен танысу, бұйым өру, жұмыстардың көрмесі;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Конструкциялық материалдар, материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу, конструкциялық материалдарды өңдеуге арналған жабдықтар, қол еңбегі құралдары, құрылғылар, көркемдеп аралау, идеяларды құру, материалды таңдау және дайындау, сыртқы және ішкі сызықтар арқылы қисық пішінді бұйымды қыларамен көркемдеп аралау, сымнан бұйымдарды модельдеу, нобайлар дайындау (шынжыр, басқатырғыш ойындары, жануарлардың пішіндері), материал таңдау, құралдар-жабдықтар мен құрылғылар, бұйым дайындау (шынжыр, басқатырғыш ойындары, жануарлардың пішіндері), түрлі материалдарды қолданып, музыкалық аспаптарды (ұрмалы және соқпалы) жобалау, музыкалық аспапты құрастыру, жұмыстардың көрмесі;

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: Дұрыс тамақтанудың негіздері, ас мәзірін әзірлеу; **Тағам дайындау технологиясы.**

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: Электр қуатының негізгі көздері туралы жалпы мәліметтер, электротехникалық арматура, электр энергиясының әртүрлі көздерімен тәжірибе жасау (батарея, гальваникалық элементтер), тұрмыстағы жөндеу жұмыстары, өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары, өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

## 23. «Технология» пәнінің базалық мазмұны.

7-сынып (ұлдар):

1) «Визуалды өнер» бөлімі: Портрет жанры, портрет түрлері, қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы портрет, сызықты портрет, графика, орындалу техникасы, дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау (сымнан) материалдардан орындалған портрет), портреттегі түс, орындау техникасы, заманауи портрет, фотоөнер, фотокамерамен тәжірибе, анимация,

қозғалатын элементтер (ермексазды анимация, көлеңкелі театр, саусақты және таяқшалы қуыршақтар), сценарий дайындау, кейіпкерлер мен декорациялар құру, көркем өнер идеяларын іске асыру, дыбыс қосу, жұмысты қорғау; 2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Қазақстан халықтарының зергерлік өнерімен танысу, зергерлік бұйым нобайын орындау, материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау, зергерлік бұйым дайындау, бұйымды көркемдеп безендіру, табиғи материалдардың түрлері мен сипаттамалары (өздігінен ізденіс зерттеулері), табиғи материалдардан дайындалатын бұйым нобайын орындау, табиғи материалдардан бұйым дайындау, бұйымды көркемдеп безендіру, жұмысты қорғау, көрме ұйымдастыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Электрлік және қол еңбегі құралдары мен жабдықтары, тәжірибелік жұмыс, құрамалы бөлшектерден робот құру, роботтың шығу тарихы мен оның түрлері (өздігінен ізденіс зерттеулері), роботты жобалау және дайындау, нобай, материалдарды іріктеу, таңдау, робот құру, робот бөлшектерінің жылжымалы механизмін құру бойынша эксперимент жүргізу, көлік құралдарының түрлері туралы жалпы мәлімет (өздігінен ізденіс зерттеулері), көлік құралы үлгісін дайындау, нобай, материалдарды іріктеу, таңдау, көлік құралын орындау, үлгінің жеке бөліктерін дайындау, үлгіні құрастыру, безендіру, жұмысты қорғау, көрме ұйымдастыру; **Электротехникалық жұмыстарды орындау технологиясы.**

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: Қазақ халқы мен әртүрлі халықтардың дастарқан дәстүрі. Қоғамдық тамақтану орындарындағы дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері;

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: Электрсызбалардың шартты белгілерімен танысу, электр тізбегі, батарейкалы шамшырақ дайындау, электрлік қол еңбегі құралдарын қолданып тұрмыстағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, сәндік гүлдер түрлері, гүл өсіру шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

24. «Технология» пәнінің базалық мазмұны.

8-сынып (ұлдар):

1) «Визуалды өнер» бөлімі: Өнердегі заманауи техника мен ғылыми жетістіктер, табиғаттағы микро суреттер, бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттары (поп арт, инсталляция), өздігінен ізденіс зерттеулері, Қазақстанның заманауи суретшілері, өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізінде тәжірибелік жұмыс орындау (2D немесе 3D форматында), жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Пирография өнерімен танысу, көркемдеп күйдіру техникасы мен тәсілдері, нобай орындау, материалдарды таңдау және дайындау, бұйымды көркемдеп күйдіру, безендіру, жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Ағашты механикалық өңдеуге арналған құрал-жабдықтар, ағашты механикалық өңдеу барысындағы жұмысты ұйымдастыру, ағаштан жасалған бұйымды өңдеу, бұйымның дизайны, материалды таңдау және дайындау, бұйымды жасау, материалдар мен бөлшектерді механикалық өңдеу, бұйымды безендіру, көрме ұйымдастыру;

4) «Үй мәдениеті» бөлімі: Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі заманауи

техникалар мен жабдықтар, тұрмыстық құрал-жабдықтар мен электроарматураны жөндеу, үй экологиясы, үйдегі микроклимат.

25. «Технология» пәнінің базалық мазмұны.

9-сынып (ұлдар):

1) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Мозаика өнері, мозаика орындаудың түрлері мен техникалары, мозаикалық панноға арналған негіз дайындау, нобай және материалды таңдау, мозаика панносын орындау, көркемдеп безендіру мен жұмыстарын таныстыру;

2) «Дизайн және технология» бөлімі: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен танысу, қазақ халқының тұрмыстық заттарының орындалу техникасы мен материалдарын (торсық, дөңгелек үстел) зерделеу, идеяларды талдау және нобайды орындау, жұмысты жоспарлау, материалдарды өңдеу, бұйымды дайындау, көрме ұйымдастыру және жұмысты қорғау;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Үстел ойыны, шығу тарихы, үстел ойынының тұжырымдамасы, үстел ойынын дайындау, графикалық құжаттама, үстел ойының бөлшектерін дайындау, көркемдеп безендіру, ойынды тестілеу, сауалнама және ақпараттар жинау, жұмысты қорғау;

4) «Үй мәдениеті» бөлімі: Агротехнологияның дамуындағы ғылымның рөлі (өздігінен ізденіс зерттеулері), электрқұрылғылар мен тұрмыстық техникаларды таңдау және бағалау, бөлменің жөндеу жұмыстарына арналған заманауи материалдар мен құрал-жабдықтар (тәжірибелік жұмыс).

26. «Технология» пәнінің базалық мазмұны.

10-сынып (ұлдар):

1) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Заманауи интерьердегі сәндік бұйымдар, интерьердің сәнді заттарының (шамшырақ, сәнді сағаттар) дайындалу техникалары мен тәсілдерін зерделеу, идеяларды дамытуды талқылау мен нобай орындау, жұмысты жоспарлау, интерьерге арналған сәндік заттарды дайындау мен безендіру, жұмысты қорғау; 2) «Дизайн және технология» бөлімі: Сәулет өнерінің үздік туындылары, заманауи сәулет өнері, Қазақстан сәулет өнері (заманауи және тарихи), сәулеттік ғимараттар мен нысандардың (имитация немесе өз идеялары) нобайы, сызбасы, сәулеттік нысанның макетін орындауға қажетті материалдарды анықтау және таңдау, шығармашылық жұмыс, сәулеттік нысан макеті, жұмысты қорғау;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Интерьер заттары және жиһаздардың өндірілуі, белгілі бір интерьерге арналған заттарды дайындау (мысалы: көрме залына арналған модульді жиһаз, трансформацияланатын балаларға арналған жиһаз, сәнді шамшырақ), идеяны дамыту және талқылау, материалдарды таңдау, графикалық құжаттама, техникалық спецификация, бұйымды әзірлеу, әрлеу, жұмысты қорғау;

4) «Үй мәдениеті» бөлімі: Интерьер/экстерьердегі ландшафт элементтері, шығармашылық идеяларды визуалдау, интерьердегі жарықтандыру, табиғи және жасанды жарықтандыру, интерьерді жарықтандырудың жобасын даярлау (тұрғын үй бөлмелері, өндірістік, қоғамдық орындар), интерьерді аудандарға бөлу және жоспарлау (тұрғын үй бөлмелері, өндірістік, қоғамдық орындар).

27. «Технология» пәнінің базалық мазмұны.

### **6-сынып (қыздар):**

1) «Визуалды өнер» бөлімі: Бейнелеу өнеріндегі көркем құралдары, классикалық өнердің үздік туындылары **техникасы**, қазақстандық суретшілердің шығармашылығы, бейнелеу, **қол өнерінің** түрлері мен жанрлары, ұлттық сәндік натюрморт, пейзаж, табиғатпен үйлесім, әуе перспективасы, индустриалды пейзаж, қала пейзажы, сызықтық перспектива, пластикалық пішіндер өнері, мүсін өнері, шығармашылық жұмыс, көрме ұйымдастыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі пішіндер мен ерекшеліктері, Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнері, қазақтың ұлттық ою-өрнектері (түрлері, стилизация мен мотивтері), көркем кестелеу, кесте түрлері, материалдар және құрал-жабдықтармен танысу, нобай орындау, көркемдік кестемен бұйымды безендіру, өру өнері, өру түрлері, материалдар және құрал-жабдықтармен танысу, бұйым өру, жұмыстардың көрмесі;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Тоқыма материалдарының классификациясы мен сипаттамалары, материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу, тоқыма материалдарын өңдеуге арналған құрал-жабдықтар мен құрылғылар, тігін бұйымдарының классификациясы, идеядан өнімге (тігін бұйымдары), дизайн, киімді макеттеу (қағаз, тоқыма материалдар), костюм құру (мини-манекенде немесе қуыршақта), тоқыма мозаика техникасында тігін бұйымдарының дизайны (құрақ, пэчворк, квилт), идеяларды құру, нобай, материалды таңдау және дайындау, жұмыстың орындалу бірізділігі, бұйым дайындау, бұйымды безендіру, жұмысты қорғау;

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: Дұрыс тамақтанудың негіздері, ас мәзірін әзірлеу, асхананың жабдықталуы, тағам әзірлеуге арналған құралдар-жабдықтар, аспаптар мен ыдыс-аяқтар, тағам дайындауға арналған құрал-жабдықтардың мүмкіндіктерін зерттеу, бутербродтар мен сусындардың әзірлену технологиясы, жемістер мен көкөністерден салаттар әзірлеу технологиясы;

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: Жеке бастың гигиенасы, өз-өзіне күтім жасау, өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары, өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

### **28. «Технология» пәнінің базалық мазмұны.**

#### **7-сынып (қыздар):**

1) «Визуалды өнер» бөлімі: Портрет жанры, портрет түрлері, қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы портрет, сызықты портрет, графика, орындалу техникасы, дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау (сымнан орындалған портрет), портреттегі түс, орындалу техникасы, заманауи портрет, фотоөнер, фотокамерамен тәжірибе, анимация, қозғалатын элементтер (ермексазды анимация, көлеңкелі театр, саусақты және таяқшалы қуыршақтар), сценарий дайындау, кейіпкерлер мен декорациялар құру, көркем өнер идеяларын іске асыру, дыбыс қосу, жұмысты қорғау;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Тоқу өнері, ілмекпен тоқу, тоқу тәсілдері мен техникалары, бұйымның нобайын дайындау, материалдар мен



құрал-жабдықтарды таңдау, әртүрлі бұйымдарды ілмекпен тоқу (сулықтар, сөмкелер, ұялы телефондардың қабы), шалма бізбен тоқу, шалма біз және олардың түрлері, тоқу тәсілдері мен техникалары, бұйымның нобайын дайындау, әртүрлі бұйымдарды шалма бізбен тоқу (мойынорағыш, үшкіл орамал, тіреуіш, ұялы телефондардың қабы), жұмысты қорғау, көрме ұйымдастыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Тоқыма материалдарынан бұйым дайындау (авторлық қуыршақ, дамытатын ойыншықтар), идеяларды құру, нобай, түрлі-түсті және фактуралы тоқыма материалдарын зерттеу, материалдарды, құралдар мен жабдықтарды таңдау және дайындау, бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөліктерін өңдеу, бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру, үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны (алжапқыш, асханалық бұйымдар), идеяларды құру, нобай, материалды таңдау және дайындау, жұмысты орындау бірізділігі, бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөліктерін өңдеу, бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру, жұмысты қорғау, көрме ұйымдастыру;

<p>7) өмір бойы білім алуға, дағдыларды дамытуға, стратегияларды үйренуге және мектепте алған білімді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.</p> <p>3. «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы білім алушылардың негізгі мектепті аяқтағанда В1 деңгейінде тілдік дағдыларын:</p> <p>1) талдау, бағалау және сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытатын түрлі тапсырмалар беру;</p> <p>2) кең ауқымды ауызша және жазбаша дереккөздермен жұмыс арқылы дамытуға бағытталған.</p> <p>2-тарау. «Ағылшын тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру</p> <p>4. «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:</p> <p>1) 5-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;</p> <p>2) 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;</p> <p>3) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;</p> <p>4) 8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;</p> <p>5) 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты құрайды.</p> <p>5. «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер сынып бойынша күтілетін нәтиже түріндегі оқыту мақсатын құрайтын бөлімшелерден тұрады.</p> <p>6. Әр бөлімшеде көрсетілген оқыту мақсаттары мұғалімге тілдік қызметтің барлық түрін (мазмұн, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, ағылшын тілінің қолданымын) дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, оларға оқытудың келесі кезеңі</p>	<p>- білім алушыларды өздері өмір сүретін мәдени орта туралы білімдерін кеңейтуге бағыттау;</p> <p>- ағылшын тілінің өзіндік ерекшеліктерін (ана тілімен салыстыра отырып) ашу;</p> <p>- ағылшын тілін оқыту арқылы білім алушылардың ойлау қабілеті мен ұлттық дүниетанымын, рухани идеялар болмысын адами құндылықтармен байытуға күш салу;</p> <p>- ағылшын тіліндегі көркем әдебиетті түпнұсқада оқуға, оның ұлттық сипатын, мазмұндық жаңалығын көркемдік тұрғысынан талдауға бағдар беру;</p> <p>- ағылшын тілінің теориялық негіздерін практикалық әрекеттер арқылы бекіту және тіл оқытуды функционалдық сауаттылықпен үйлестіру;</p> <p>- білім алушылардың бойында мәдени құндылықтар туралы кешенді білім қалыптастыру;</p> <p>- білім алушының өздігінен білім алу арқылы өзін-өзі дамыту мақсаттарына қол жеткізу, өзара әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға бағыттау;</p> <p>- білім алушылардың алгоритмдік, эвристикалық, аналитикалық, шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастыруға күш салу;</p> <p>- білім алушылардың жобалау, модельдеу, зерттеу қабілеттерін дамыту;</p> <p>- болашақ кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау, кәсіпке ерте бейімделу, бейіндік оқу дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру;</p> <p>- білім алушылардың сыни ойлау, коммуникативті-ақпараттық сауаттылық дағдыларын дамыту.</p> <p><b>5. Білім беру мазмұнының құндылықтарға бағытталуы:</b></p> <p>- рухани - мәдени құндылықтар (отбасы, ұлтжандылық, тіл, білім, дәстүр, намыс, ар-ождан, рух, еңбекқорлық, талап, жасампаздық, тарих, діл, ғылым, мәдениет, рухани-мәдени мұра);</p> <p>- табиғи байлықтар (атамекен, туған жер, шаңырақ, тарихи ескерткіштер, табиғат, табиғи байлықтар, өндіріс, отбасы әл-ауқаты) құндылықтары;</p> <p>- адамгершілік құндылықтар (ізгілік, мейірім, достық, махаббат, сүйіспеншілік, бауырмалдық, қамқорлық, жауапкершілік, ізет, ынсап, қанағат, рақым, парыз, сенім);</p> <p>- эстетикалық құндылықтар (байқампаздық, сезімталдық, талғам, өнер, әдебиет,</p>
--	---



бойынша ақпарат беруге мүмкіндік береді.

7. «Мазмұн» бөлімі бойынша білім алушылар оларды әр түрлі оқу пәндерінде табысты қолдануға арналған дағдыларын дамытады: мәселелік тапсырмаларды шешуде айтылым мен тыңдалым дағдыларын қолданады, түсінікті және нақты ақпарат құрайды, оқу мен талдау арқылы мәдениетаралық түсінігін дамытады.

8. «Тыңдалым» бөлімі бойынша білім алушылар оқу бағдарламасының тақырыптары бойынша мәтіннің негізгі идеясын түсінеді, ақиқаттар мен ой пікірлерді анықтайды, таныс тақырыптар аясында жан-жақты түсінеді, қосымша ақпаратты алу мақсатында тыңдалған материал негізінде күрделі сұрақтарды тұжырымдайды, мәнмәтіндік тұспалдар көмегімен тыңдалған материалдан тұжырымдар жасайды, таныс тақырып бойынша ерекше ақпаратты анықтайды, таныс тақырып бойынша дәлелдерде сәйкессіздікті анықтайды.

9. «Айтылым» бөлімі бойынша білім алушылар таныс тақырып бойынша логикалық ұйымдастырылған оқиғалар негізінде мәтіннің негізгі идеясын жеткізеді, ресми және бейресми сөйлеу стильдерін қолданады, таныс тақырыптың фотосуреттері, тақырыптары, түйінді сөздері, үзінділері арқылы мәтіннің мазмұнын болжайды, нақты ақпаратты алу үшін қарапайым және күрделі сұрақтар қояды, тапсырмаларды орындау үшін оқушылармен (жұппен, топта) өзара қарым қатынас жасайды, таныс тақырып бойынша мәтінді қарама қарсы қояды және салыстырады, дәлелдерді бере отырып, ойын жеткізеді.

10. «Оқылым» бөлімі бойынша білім алушылар жалпы және таныс тақырып бойынша әр түрлі стиль мен жанрлардың мәтіндегі негізгі идеяны, сонымен қатар егжей тегжейін түсінеді, әр түрлі ақпарат көздерін қолданады (анықтамалық материалдар, сөздіктер, интернет), таныс тақырып бойынша

мәдениет туындылары);

- ұлттық патриотизм (Отан, тәуелсіздік, елжандылық, заң, құқық, міндет, еркіндік, борыш, намыс, бостандық, толеранттық);
- саламаттық құндылықтар (өмір, денсаулық, уақыт, дене мәдениеті, психикалық саулық, ерік-жігер, төзім, икемділік).

6. Теориялық материалдар білім алушылардың ағылшын тілінің фонетикалық жүйесін, грамматикалық құрылымын меңгеру, лексико-грамматикалық материалды білуге, оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын тексеруге мүмкіндік береді.

7. «Ағылшын тілі» пәнін оқыту арқылы білім алушылардан күтілетін нәтижелерді айқындау және оқушының білім жетістіктерін бағалау:

- 1) білім алушылардан күтілетін нәтижелерді айқындау және оқушының білім жетістіктерін бағалау

Блум таксономиясы бойынша білу, түсіну, қолдану, талдау (анализ), синтез, бағалау жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

- 2) білім алушыларға Қазақстанда және шет елдерде жоғары білім алу мүмкіндігіне жол ашады;
- 3) білім алушыларға Қазақстанда және шет елдерде кәсіби білім алуын жалғастыруға мүмкіндік береді;
- 4) білім алушылардың ағылшын тілінде шығарылатын жаңалықтар мен ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндіктерін арттырады;
- 5) білім алушыларға ағылшын тіліндегі әдеби туындылардың түпнұсқасын оқу мүмкіндігін береді;
- 6) білім алушыларға Қазақстанды өз елінде және шет елдерде таныстыру мүмкіндігін береді;
- 7) өмір бойы білім алуға, дағдыларды дамытуға, стратегияларды үйренуге және мектепте алған білімді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

**3-тарау. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

Негізгі орта білім берудің мазмұнын құру және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мақсаттың келесі үш компонентінің ажырамас бірлестігінде қарастырылады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;

түрлі стиль мен жанрдың мәтінінен ерекше ақпаратты анықтайды, тақырыптар, фотосуреттер, түйінді сөздер, үзінділер арқылы мәтіннің мазмұнын болжайды, автордың қатынасын және ойын анықтайды, әр түрлі мәтіндерден ақпаратты бағалайды.

11. «Жазылым» бөлімі бойынша білім алушылар кестелер, диаграммалар, сызбалар, сауалнамалар, формаларды толтырады, таныс тақырыптар бойынша мәтіндерді жоспарлайды, жазады, редакциялайды және оқып шығады, қарым-қатынастық тапсырмаларға сәйкес мәтінде белгі жасайды, оқытылған тақырыптардың ақпаратын қолдана отырып, өткен шақ, осы шақ және келер шақпен байланысты оқиғаларды суреттейді және көрсетеді, таныс тақырыптың мәтінінде сөйлемдер мен абзацтарды байланыстырады және үйлестіреді, таныс тақырыптың мәтінінде тыныс белгілерін дұрыс қолданады, сәйкес ережелер мен құрылымдарды қолдана отырып, әр түрлі стильдер мен жанрлар бойынша мәтіндер құрастырады.

12. «Ағылшын тілінің қолданымы» бөлімі бойынша білім алушылар кең лексикалық ауқымды және тілдің түрлілігін әдеттегідей жоғары дәлдікпен қолданып, өзінің ойын білдіреді. Білім алушылар өткен шақ, осы шақ және келер шақ қатарын және модальді етістіктердің кең ауқымды түрін еркін қолданады. алушылардың ағылшын тілінен А1 деңгейіне жетуі мақсатын көздейді.

3. Бастауыш сыныптардағы оқу бағдарламасының мазмұны білім алушыларды ағылшын тілін күнделікті өмірде пайдалануға үйретуге, сондай-ақ ағылшын тілін одан әрі үйрену үшін қажетті мықты негіз қалауға бағытталған. Бастауыш мектептің ағылшын тілі оқу бағдарламасы білім алушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға, олардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыруға, өз-өзіне деген сенімділікті нығайтып, ағылшын тілін оқуға деген

2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БІЛІМДІК мақсат;

3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген ДАМЫТУ мақсаты.

8. «Ағылшын тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

9. Негізгі орта білім беруді аяқтағанда «Ағылшын тілі»

пәні бойынша білім алушылардан күтілетін нәтижелер.

1) тыңдалым дағдысы:

- білім алушы түрлі жанрлардағы мәтіндерің негізгі мазмұнын (диалог, монолог, формалар, кестелер, сызбалар, диаграммалар арқылы берілген ақпараттың маңызды мағыналық, толық не ішінара іріктейді;

- мәтіндерде кездесетін терминдер мен лексикалық бірліктердің мағынасын түсінеді;

- әртүрлі мәтіндердің жанры мен стильдерін ажыратады;

- әртүрлі жанр мен стильдегі мәтінмен жұмыс жасауда сәйкестіктер мен ерекшеліктерді тауып, өзара салыстыра алады, мәнмәтіндегі таныс емес сөздердің мағынасын контекстке қарай ажыратады;

2) айтылым дағдысы:

- білім алушы ресми және бейресми күнделікті тілдесу жағдаяттарында диалог жүргізеді; тілдің лексикалық және грамматикалық құралдар көмегімен, өз сөздерін дұрыс ресімдейді;

- қоршаған ортаға деген эмоционалды бағалаудағы көзқарасын білдіре алады;

- өзінің көзқарасын дәлелдей отырып, мәтіндерді талдайды және салыстырады; оқиғаларға, пікірлерге және мәселелерге баға бере отырып, пайымдайды; қорытынды шығарылған және берілген мәселе бойынша өзінің шешу жолдарын ұсынады;

3) оқылым дағдысы:

- оқыту стратегияларын қолдануды біледі;

- оқиғалар мен құбылыстардың әсері және себеп-салдарлық өзара байланысын

қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған.  
4. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына көмектеседі. Білім алушылар осы құндылықтарды үнемі басшылыққа алады, яғни бұл құндылықтар олардың күнделікті жүріс-тұрысы мен мінез-құлқын анықтайды.

2-тарау. «Ағылшын тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

6. Сыныптар бойынша жылдық оқу жүктемесі:

- 1) 1-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 66 сағат;
- 2) 2-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылына – 68 сағат;
- 3) 3-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 4) 4-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

7. «Ағылшын тілі» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

тыңдалым (listening): сабақтағы кейбір іс-әрекеттерге қатысты баяу және анық айтылатын қысқаша негізгі нұсқауларды тыңдау, баяу және анық айтылатын жеке басқа қатысты негізгі жалпы сұрақтар, жалпы есім және жер-су

орнатады;

- кітаптар және электронды ресурстарды пайдаланып, сөздердің мағынасын талдайды және салыстырады;

- түрлі жанр мен стильдегі мәтіндердің мазмұнын сын тұрғысынан бағалайды;

4) жазылым дағдысы:

- білім алушылар ақпаратты редакциялайды және түзетеді;

- орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтайды;

- медиа-ақпарат негізіне сүйеніп түрлі мәтіндердегі мәселелерге өзінің көзқарасын білдіре алады, проблемалық сұрақтарды талдайды;

- әртүрлі тақырыпта эссе жазады (6-7 сыныптар үшін шекті көлемі – 170-200 сөз, 8-10 сыныптар үшін 250 – 350 сөз).

10. Пән бойынша білім алушылардан күтілетін нәтижелер түрінде қалыптасатын метапәндік құзыреттіліктер ажыратылады:

*ғылыми-танымдық құзыреттілік:*

- ағылшын тілінің өзіндік ерекшеліктерін айқындау;

- ағылшын мәдениетінің көркем эстетикалық, рухани-мәдени, дүниетанымдық сипатын айқындау;

- шетел тілін меңгеруде өзінің ұлттық таным-түсінігінің қалыптасуы;

- теориялық – практикалық білімдерді меңгеруі;

- оқытылатын шетел тілінің ұлттық, тілдік ерекшеліктерін танып білуі;

- ақпаратқа байланысты өз пікірін дәйектей алуы;

- көркем мәтінді эстетикалық тұрғыдан қабылдауы;

- функционалдық сауаттылығының қалыптасуы;

- әдеби шығармада бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлер әрекетіне өзіндік көзқарасын білдіруі;

- шеттілдік білім жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып, баға беруі;

- шеттілдік мәтіндегі танымдық ақпаратты ана тілімен салғастыруы;

- берілген ақпарат желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан сипаттауы;

- мәтінді ұлттық құндылық тұрғысынан талдай алуы;

- эссе жаза алуы;

- ақпараттың тарихи және көркемдік құндылығына баға беруі.

*мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:*

атаулары, күнделікті өмірде және сыныпта қолданылатын сөздердің кейбір ауқымының ауызша айтылатын түрі, «Бұл не?» түріндегі қысқаша негізгі сұрақтар, фонемалар мен фонемалар тіркесімдерінің дыбыстары, әліпби әріптерінің атаулары;

айтылым (speaking): адамдар, нысандар және сыныптағы іс-әрекеттер туралы негізгі жеке мәлімдемелер; адамдар, нысандар және сыныптағы іс-әрекеттер туралы негізгі қарым-қатынас жасаудағы сұрақтар; таныс сөздер мен сөз тіркестерді анық айту; адамдар, нысандар және сыныптағы іс-әрекеттер туралы қолдау сұрақтары; басқалармен қарапайым өзара әрекеттесуде таныстыру және өтініш жасау;

оқылым (reading): әліпбидің әріптерін дыбыстау және атау, есімдер мен жер-су атауларында бастапқы әріптерді тану, жергілікті ортаға тән кейбір таныс сөздерді анықтау, сөздің бірінші әріптерін әліпбилік ретпен орналастыру үшін әліпби қолдану;

ағылшын тілін қолдану (use of English): жекеше түрдегі зат есімдердің, көпше түрдегі зат есімдердің адамдар мен жер туралы сөйлескенде қолданылуы, 1-ден 20-ға дейінгі есептік сандар, адамдар мен заттарды сипаттайтын негізгі сын есімдер, бір нәрсенің не екенін/қай жерде екенін көрсету үшін a, an, some, the, this, these қолданылуы; which, what, where, how сұрау есімдіктері негізгі сұрақтарды қоюда қолданылуы; қандай да бір нәрселерді көрсетуде this, these that, those сілтеу есімдіктері қолданылуы; негізгі жеке мәліметтерді беру үшін жіктеу есімдігі мен объектілік есімдіктердің қолданылуы; қарапайым нұсқаулар үшін бұйрық формаларын [жағымды түрде] қолдану; негізгі жеке мәліметтерді беру үшін осы шақ түрлері [болымды, болымсыз және сұраулы].

8. «Ағылшын тілі» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық

- шетел мәдениетінің, халық тұрмысының, салт-дәстүрінің сипаттамалық ерекшеліктерін білуі;

- рухани-мәдени құндылықтарды дәйектей алуы;

- әр халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық болмысы мен мәдениетін түсінуі;

- рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін және адами ізгі қасиеттерді бағалап, әлеуметтік-қоғамдық, табиғи ортаға бейімделіп, қоғам мүшелерімен коммуникацияға түсуі;

-коммуникативтік құзыреттілік:

- шеттілінде сөйлеудің қажеттілігін түсініп, түрлі жағдаяттарда қолдана алуы;

- өз ойын ауызша және жазбаша түрде жүйелі, дәлелді жеткізе білуі;

- шетел тілінде жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөлісуі, пікірлесуі, қарым-қатынасқа түсе алуы.

ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алуы;

- дереккөздерден қажетті ақпаратты іздеп табуы, өңдеп, қолдана білуі;

- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдей білуі;

- ақпараттық технологиялық құралдардың мүмкіндіктерін пайдалана алуы.

11. «Шетел тілі» пәнінен білім берудегі күтілетін нәтижелерді айқындау және оқушының білім жетістіктерін бағалау «білу – түсіну – білімді үлгі бойынша қолдану – білімді жаңа жағдайда қолдану – білімді шығармашылықпен қолдану» жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

Білім алушы меңгерген білімін үлгі бойынша:

- өз ойын еркін әрі түсінікті жеткізуде;

- шетел тілінде берілген мәтін не ақпараттың тақырыбын, идеясын, мазмұнын талдауда;

- өз көзқарасын дәлелдеуде;

- шығармашылық жұмыс түрлерін жазуда;

- сұрақтар құрастыруда;

- мәтінде көтерілген мәселелерді анықтауда;

-ұлттық құндылықтарды өзара салыстыруда қолданады.

мазмұны:

тыңдалым (listening): сабақта берілетін бірқатар негізгі қысқаша қолдау нұсқаулары, жеке басқа қатысты негізгі жалпы көптеген сұрақтар, түске және санға қатысты күнделікті және таныс тақырыптар бойынша қысқаша, баяу және анық, түсінікті етіп айтылған әңгіменің негізгі идеялары, түс және сан сияқты ерекшеліктерге қатысты қысқаша негізгі сұрақтар, сөздердегі қалдырылып кеткен көп нүктенің орнына жетіспейтін фонемаларды қою, күнделікті және таныс тақырыптар бойынша қысқаша, баяу және анық, түсінікті етіп айтылған әңгімедегі арнайы ақпарат, күнделікті және таныс тақырыптар бойынша қысқаша, баяу және анық, түсінікті етіп айтылған әңгіменің мазмұнын болжау үшін мәнмәтіндік түйін сөздерді қолдану, күнделікті және таныс тақырыптар бойынша баяу және анық айтылған қысқаша әңгімелер, таныс сөздер мен сөйлемдердің ауызша айтылатын түрі;

айтылым (speaking): таныс тақырыптар мен күнделікті сабақтағы іс-әрекеттер бойынша жеке ақпарат, адамдар және заттарға қатысты негізгі мәлімдемелер, таныс тақырыптар мен күнделікті сабақтағы іс-әрекеттер бойынша негізгі қажеттіліктер мен ақпарат алуға қатысты сұрақтар; заттарды, іс-әрекеттерді және сыныптағы күнделікті іс-әрекеттерді сипаттау үшін негізгі сөздердің, сөз тіркестерінің және қысқа сөйлемдердің кейбір ауқымын қолдану; жеке және нақты ақпарат беретін негізгі қолдау сұрақтарына жауап беру; қысқа, қарапайым әңгімелерде қысқа жауаптарды орынды қолдану және басқа адамдармен қысқа, қарапайым әңгіме жүргізу барысында кезекпен сөйлеу; көп буынды сөздерге екпінді дұрыс орналастыру; басқаларға түсінікті болатын қарапайым нұсқаулар;

оқылым (reading): жиі кездесетін дыбыс пен әріптің жазылу үлгілерін анықтау, есте сақтау және дыбыстау; таныс

*Білім алушы меңгерген білімін жаңа жағдайға сәйкес:*

- оқытылып отырған шетел тілін ана тілімен салыстыруда;  
- ана тілі мен оқытылып отырған шетел тілін өзара салыстыра отырып, тарихи және мәдени құндылығына баға беруде және шынайы өмірмен салыстырып бағалауда қолданады.

*Білім алушы меңгерген білімін:*

- көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуде;  
- сыни ойлауда және сыни талқылауда;  
- тіл жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беруде;  
- қоршаған ортада оқиғалар мен адамдар әрекетіне өзіндік көзқарасын білдіруде;  
- тілдік ақпаратты өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, эссе жазуда қолданады.

тақырыптар бойынша қарапайым сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді елеулі қолдау арқылы оқу; мәтінмәндік түйінді сөздерді қолдану арқылы таныс тақырыптардағы қарапайым сөйлемдердің негізгі идеялары; таныс тақырыптар бойынша қысқаша, қарапайым мәтіндегі арнайы ақпаратты елеулі, әсіресе көрнекі түрде қолдау көрсетуімен түсіну;

жазылым (writing): қолдау көрсетумен сұрақтарға сөз тіркесі түрінде қысқа жауаптар жазу; дауыстап оқыған немесе әріптеп айтқан кезде әріптерді және жиі кездесетін сөздерді жазу; адамдарды, орындарды/жерлерді және заттарды анықтауға арналған қысқаша сөз тіркестер; білім алушыларға дауыстап оқу немесе әріптеп айтқан кезде әріптер мен жиі кездесетін сөздер, жиі кездесетін таныс сөздердегі бас әріптер мен кіші әріптерді жазғанда мұқият болу, мұғалімнің қолдауымен орындалатын жазбаша жұмыстар кезінде кейбір жиі кездесетін сөздерді дұрыс жазу, мұғалімнің көмегімен орындалатын жазбаша жұмыстар кезінде қысқа сөйлемдердің соңына нүкте қою;

ағылшын тілін қолдану (use of English): жекеше түрдегі зат есімдер, көпше түрдегі зат есімдер – оның ішінде қарапайым сипаттамаларды беру кезінде кейбір ережеге бағынбайтын көпше түр; 1 - 50 дейінгі есептік сан есімдер, сипаттауда және қарапайым сезімдер туралы сөйлескенде жалпы сын есімдер қолдану; заттарды анықтау үшін a, an, the, some, any, this, these, that, those анықтауыштарын қолдану; адамдардың кім екенін және олар немен айналысатынын сұрауға арналған which, what, where, whose сұрау есімдіктері, ақпарат сұрау үшін және ақпарат сұраған кезде жауап беру үшін this, these, that, those сілтеу есімдіктерін қолдану; адамдар мен заттарды сипаттау үшін жіктеу есімдігі мен объектілік есімдік қолдану; қарапайым нұсқаулар үшін бұйрық формаларын [жағымды және жағымсыз түрде]

қолдану; адамның не қалайтынын және ұнататынын және әдеттері мен фактілері туралы сөйлесу үшін осы шақты [болымды, болымсыз, сұраулы] және қысқартуларды қолдану; иесін сипаттау және анықтау үшін have got + noun қолдану; заттардың қайда екенін айту үшін here/there мекен үстеуін қолдану, қабілет туралы сөйлесу үшін және өтініш пен ұсыныстар жасау үшін can қолдану, рұқсат беру/сұрау үшін can/can't қолдану; орын мен бағыт көрсететін көмекші сөздер: адамдардың және заттардың қай жерде екенін сипаттау үшін at, behind, between, in, in front of, near, next to, on, to қолдану; уақыт білдіретін көмекші сөздер: күндер мен уақыт туралы сөйлесу үшін on, in, at қолдану; ұнайтын немесе ұнамайтын нәрселерді білдіру үшін would you like + noun, to enquire, like + verb + ing; сөздер мен сөз тіркестерін байланыстыру үшін and, or, but жалғаулықтарды қолдану; қысқа жауап беру үшін me, too қолдану.

9. «Ағылшын тілі» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым (listening): мұғалімнің көмегімен сабақта берілетін негізгі қысқаша нұсқаулар; жеке ақпаратты сұрау үшін кейбір мұғалімнің көмегімен сұрақтар; жалпы және кейбір оқу тақырыптары бойынша қысқаша, баяу және анық, түсінікті етіп айтылған әңгіменің негізгі ұстанымдары; жалпы және кейбір оқу тақырыптары бойынша мұғалім қолдау көрсететін сұрақтар; фонемикалық анық сөздердің арасындағы айырмашылықты ажырату; жалпы және кейбір оқу тақырыптары қысқаша, мұғалімнің қолдауы көрсетілген ақпарат немесе әңгімеге қатысты арнайы ақпарат; жалпы және кейбір оқу тақырыптарына қысқаша қолдау көрсетілген әңгімелердің мәнмәтіні бойынша мазмұнды болжау үшін жасырын әңгімелер; жалпы және кейбір оқу тақырыптарына қысқаша әңгіме айту; әр әрпі бойынша айтылған қысқаша негізгі сөздер;

2) айтылым (speaking): кейбір жалпы тақырыптарға жеке ақпараттарды ұсынатын негізгі ұстанымдар; кейбір жалпы және оқу тақырыптарына қазіргі тәжірибені анықтау үшін сұрақтар; кейбір жалпы және оқу тақырыптарына адамдар мен объектілердің қысқаша, негізгі сипаттамасы, өткен тәжірибені бастап сипаттау; кейбір жалпы және оқу тақырыптарының сұрақтарына жауап беру; дауыстап оқыған кезде таныс сөздер мен қысқаша сөз тіркестерін анық айту; басқа адамдармен қысқа, қарапайым әңгіме жүргізу барысында кезекпен сөйлеу; қысқа жұптық, топтық және бүкіл сыныптық әңгімелер барысында кейбір орынды сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді қолдану, пікір айту; жалпы және кейбір оқу тақырыптары бойынша қысқаша, негізгі әңгімелер мен оқиғаларды қайтадан айту;

3) оқылым (reading): қарапайым сөйлемдердегі кейбір таныс сөздерді мұғалімнің көмегімен ажырату, анықтау және айту; кейбір жалпы және оқу тақырыптарына қатысты өте қысқа көркем және деректі мәтіндерді оқу және мұғалімнің көмегімен қайталап оқу; мұғалімнің көмегімен қарапайым суретті сөздікті қолдану; мәнмәтіндегі ой өрнекті қолданып кейбір жалпы және оқу тақырыптарына қатысты қысқа қарапайым сөйлемдердің негізгі мағынасын түсіну; кейбір жалпы және оқу тақырыптарына елеулі қолдауды көрсете отырып қысқаша, қарапайым мәтіндерді түсіну;

4) жазылым (writing): кейбір жеке, жалпы және кейбір оқу тақырыптарына едәуір қолдауды көрсете отырып, қысқа сөйлемдерді жоспарлау, жазу және тексеру; сөздер мен сөз тіркестерін әдеттегі көлемде жазу; адамдарды, мекендерді және нысандарды айқындау үшін қысқа сөйлемдер жазу; сөздердің арасына тиісті орын қалдырып, қысқа қарапайым сөйлемдер жазу; қарапайым байланыс сөздерін қолданып көмекші сөздермен немесе сөз тіркестерімен байланыстыру; мұғалімнің көмегімен жазба жұмысын жазған кезде



есімдерді, мекендердің атауын және қысқа сөйлемдерді жазғанда бас әріптер мен кіші әріптерді дұрыс қолдану; мұғалімнің көмегімен жазба жұмысын жасаған кезде жиі кездесетін көптеген таныс сөздерді дұрыс жазу; мұғалімнің көмегімен жазба жұмысын жасаған кезде қысқа, таныс сөйлемдерді жазу барысында нүктені орынды қолдану;

5) ағылшын тілін қолдану (use of English): жекеше түрдегі зат есімдер, көпше түрдегі зат есімдер – кейбір жалпы irregular plural forms қоса алғанда, меншік туралы әңгімені жүргізу үшін тәуелді түрдегі тиісті атаулар мен зат есімдер; 1-ден 100-ге дейінгі есептік сандар және 1-ден 10-ге дейінгі реттік сандар; кейбір жалпы және оқу тақырыптарына қатысты тәуелдік сын есімдерді қоса алғанда сын есімдер, заттарды сипаттау үшін қарапайым бір буынды [салыстырмалы форма] және кейбір екі буынды сын есімдер; кейбір жалпы және оқу тақырыптарына заттарға қатысты келесі анықтауыштар a, an, the, some, any, this, these, that, those; кейбір таныс тақырыптарға келесі сұрау есімдіктерін қолдану: which, what, where, whose, how many, what kind of ...; ашық және жабық сұрақтарда келесі сілтеу есімдіктерді қолдану this, these, that, those; іс-әрекеттер және оқиғаларды сипаттау үшін жеке объектілік септіктегі жіктеу есімдіктері [жанама] және объектілік септіктегі тікелей есімдіктер; жалпы осы шақ түрлері present simple forms [болымды, болымсыз, сұраулы] және нені қалайсың және ұнатасың, тұрмыс қалпы және деректер, кестеде белгіленген болашақ қарапайым оқиғалар туралы әңгімелесу үшін contractions, іс-әрекеттер мен сезімдерді сипаттау үшін өткен шақ түрлері (Past Simple); қазіргі кездегі жағдай туралы сөйлесу туралы қысқаша жауаптар және құрылымдарды қоса алғанда жалпы common Present Continuous forms; қысқаша жауаптарды және құрылымдарды қоса алғанда, has got/have got there is/are сөйлемдер және сұрақтар; уақыт және қайталауға қатысты

үстеулер: sometimes, often, always, never to indicate when and how often, begin to use simple adverbs of manner example given well, badly; сұраныс жасау және рұқсат сұрау, міндет туралы әңгіме айту үшін must/mustn't/have to; орналасқан жері туралы көмекші сөздер: at, behind, between, in, in front of, near, next to, on, under, above to, адамдар мен заттардың қайда екендігін сипаттау туралы: күндер және уақыт туралы сөйлесу үшін on, in, at және өткен жетіге қатысты көмекші сөздер; бір жерге шақыру және тиісті жауаптарды қолдану үшін yes please, no thanks, let's + verb, verbs go enjoy like + verb + ing; сөздер мен сөйлемдерді байланыстыру үшін conjunctions and, or; қысқаша жауапты беру үшін Me, too and I don't.

10. «Ағылшын тілі» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

тыңдалым (listening): көптеген сыныптағы нұсқаулар, жеке басқа қатысты көптеген қолдау сұрақтары, көптеген жалпы тақырыптар мен кейбір оқу тақырыптары аясындағы қысқаша қолдау әңгімелердің негізгі идеялары, жалпы және кейбір оқу тақырыптары бойынша көптеген қысқа қолдау сұрақтары, басында, ортасында және соңында келетін фонемалар мен аралас фонемаларды анықтау; көптеген жалпы және кейбір оқу тақырыптары бойынша көмек ұсынылған қысқаша әңгімелердегі егжей-тегжейлі және кейбір нақты ақпарат; көптеген жалпы және кейбір оқу тақырыптары бойынша көмек ұсынылған қысқаша әңгімелердің мазмұнын және мағынасын болжауға арналған мәнмәтіндік көмектер; көптеген жалпы және кейбір оқу тақырыптары бойынша көмек ұсынылған қысқа әңгімелер; кейбір жалпы тақырыптар мен оқу тақырыптары аясындағы сөздерді, сондай-ақ ана тіліндегі сөздерге ұқсас сөздерді ажырату;

айтылым (speaking): көптеген жалпы тақырыптар мен кейбір

оқу тақырыптары бойынша ақпарат беретін қарапайым хабарлы сөйлемдер, көптеген жалпы тақырыптар мен кейбір оқу тақырыптары аясында басынан өткізген және осы шақтағы тәжірибе жайлы сұрастыруға арналған сұрақтар, көптеген жалпы тақырыптар мен кейбір оқу тақырыптары аясында заттар мен адамдардың қысқаша қарапайым сипаттамалары, көптеген жалпы тақырыптар мен кейбір оқу тақырыптары бойынша сұрақтарға жауап, көптеген сөздер, қысқа сөз тіркестері мен қарапайым сөйлемдерді анық дауыстап айту, адамдармен қысқа, қарапайым әңгіме жүргізу барысында кезекпен сөйлеу, оң және теріс пікірін білдіру, кейбір жалпы тақырыптар мен оқу тақырыптары аясында қысқа, қарапайым оқиғаларды мазмұндау;

оқылым (reading): мәтінде көптеген сөздерді танып, ажыратып, айту; мұғалімнің көмегімен қысқа, көркем әдеби және ғылыми-көпшілік қарапайым мәтіндері, көптеген жалпы тақырып және кейбір оқу тақырыптары аясындағы қысқа, қарапайым мәтіндердегі негізгі пікірлер, мұғалімнің көмегімен сынып немесе мектеп кітапханасында топтама бойынша кітаптарды, жұмыс парақшаларын және өзге де баспа материалдарын табу, мәнмәтіндік көмектерді пайдалана отырып, көптеген жалпы және кейбір оқу тақырыптары аясындағы қысқа, қарапайым мәтіндердің негізгі идеяларын анықтау, көптеген жалпы және кейбір оқу тақырыптары аясындағы қысқа, қарапайым мәтіндердегі нақты және ұсақ ақпаратты мұғалімнің көмегімен түсіну;

жазылым (writing): жеке басқа қатысты негізгі ақпарат, жалпы және кейбір оқу тақырыптары аясында мұғалімнің көмегімен сөйлемдерді жоспарлау, жазу және тексеру; кейбір жазба жұмыстарында бірге жазу әдісін қолдану, мұғалімнің көмегімен адам, орын және заттарды сипаттайтын қысқа сөйлемдер, жеке басқа қатысты негізгі ақпаратты беру мақсатында бір абзац болатын қысқа

сөйлемдер тізбегін жазу, негізгі көмекші сөздер арқылы сөйлемдерді жалғастыру, есімдерді, орынды жазғанда бас және кіші әріптерді дұрыс қолданып, жеке жазбаша жұмыс орындағанда қысқа сөйлемдер жазу, жеке жазбаша жұмыс орындағанда ең жиі кездесетін таныс сөздерді дұрыс жазу, өз бетімен сөйлем жазғанда нүкте мен сұрақ белгісін дұрыс қою;

ағылшын тілін қолдану (use of English): жекеше түрдегі зат есімдер, көпше түрдегі зат есімдер, оның ішінде жалпы ережеге бағынбайтын көпше түрдегі зат есімдер және саналмайтын зат есімдер, адам есімінен кейін келетін және тәуелділікті көрсететін 's/s', заттарды атау және сипаттау; 1-ден 1000-ға дейінгі натурал сандар мен 1-ден 100-ге дейінгі реттік сандар; заттарды сипаттау мақсатында жалпы және бағдарламада көрсетілген кейбір тақырыптар бойынша сын есімдер, оның ішінде тәуелдік сын есім; салыстыру жасау үшін бір буындық және кейбір екі буындық [comparative and superlative] сын есімдер; жалпы және оқу бағдарламасының кейбір тақырыптары бойынша a, an, the, zero article, some, any, this, these, that, those сілтеуіш сөздері; таныс тақырыптар бойынша сұрақ қоя алу үшін who, what, where, how many, how much, how often, how big, what kind of сұраулы есімдер; қысқа хабарлық сөйлемдер, сұрақтар мен жауаптардағы this, these, that, those сілтеуіш сөздері мен объектілік есімдіктер; жеке басқа қатысты ақпаратты беру және әрекеттер мен оқиғаларды сипаттау үшін жіктік есімдерді (Personal Subject) және объектілік есімдерді, оның ішінде mine, yours тәуелдік есімдіктерін, қолдану; таныс тақырыптар бойынша қысқаша нұсқаулар беру үшін [болымды және болымсыз] бұйрық рай; жеке басқа қатысты ақпарат беру, әдеттегі істер, фактілер мен уақыты белгіленген болашақ жайлы әңгімелесу үшін қарапайым осы шақ simple present түрлерін, оның ішінде қысқа жауаптар мен қысқартуларды қолдану; іс-қимыл мен

сезімдерді сипаттап, қарапайым оқиғалар жайлы әңгімелеу үшін ережеге бағынатын және бағынбайтын [regular and irregular] past simple қарапайым өткен шақты, оның ішінде қысқы жауаптар мен қысқартуларды қолдану; нақ осы шақта не болып жатқанын және жоспарлап қойғанын әңгімелеу үшін жеке және таныс тақырыптардың шектеулі қатары бойынша Present Continuous созылмалы осы шақты, сондай-ақ таныс және сыныптағы іс-әрекеттерді сипаттау үшін зат есімге ұқсайтын -ing формасын қолдану; has got/have got there is/are орамдары, болымсыз және сұраулы сөйлемдер, оның ішінде қысқа және толық жауапта мен қысқартулар; қашан және қаншалықты жиі екенін көрсету үшін мерзім мен жиілік үстеулерін: sometimes, often, always, never, қарапайым қимыл-сын үстеулерін, мысалы, well, badly, сондай-ақ қимылды сипаттау үшін -ly жалғауымен аяқталатын қимыл-сын үстеулерін, мысалы slowly, quickly, қолдана бастау; can өтініш және рұқсат сұрау үшін; must/mustn't/have to міндет жайлы сөз болса, міндетті түрде істеу қажет заттар болғанда have + object + infinitive тіркесін пайдалану; орналасу жерін, позиция мен бағытты білдіретін көмекші сөздер: at, in, on, behind, between, in front of, near, next to, opposite, above, up, down, on the right, on the left, уақытты білдіретін көмекші сөздер: in, on, at, before, after, әрекеттің кіммен немесе немен болып жатқанын көрсету үшін with/without, не арқылы екенін көрсету үшін with және кімге екенін көрсету үшін for; would you like to (... қалайсыз ба?) – адамнан қалағанын сұрау үшін және оған сәйкесінше жауап yes please (иә, рақмет), no thanks (жоқ, рақмет), сондай-ақ let's + етістік, go enjoy like етістіктері + етістік + ing; қарапайым іс-қимылды сипаттау үшін мақсатты білдіретін тұйық етістік және want, start етістіктері + тұйық етістік, сезімді білдіру үшін declarative what [a/an] + сын есім + зат есім; сөздер мен сөз тіркестерін

қосу үшін and, or, but, because жалғаулықтары; қысқа жауап бергенде Me, too және I don't; жеке және таныс тақырыптарда қарапайым осы және өткен шақтағы іс-қимылдар үшін When орамын пайдалану.

11. Сөйлеу әрекетінің түрлері:

1) 1-бөлім «Тыңдалым» (Listening): білім алушы таныс тақырыптардағы қысқаша әңгімелесудің негізгі идеяларын түсінеді, таныс сөздер мен сөз тіркестерін таниды, түстер мен сандар туралы қысқаша сұрақтарды түсінеді, таныс тақырыптардағы қысқаша әңгіменің мазмұнын және мағынасын болжау үшін мәнмәтінді пайдаланады, баяу және анық айтылған қысқа әңгімелердің жалпы мағынасын түсінеді;

2) 2-бөлім «Айтылым» (Speaking): білім алушы қарапайым тілде өзі жайлы айтып береді, сұрақтар құрастырып, сұрақтарға жауап береді, заттар мен оқиғаларды сипаттайтын қарапайым сөздерді және сөз тіркестерін дауыстап айтады, сөйтіп дұрыс интонация мен екпінді көрсетеді, өзіне ұнайтын және ұнамайтын жайлы айтады;

3) 3-бөлім «Оқылым» (Reading): білім алушы көрнекі сөздікті қолданады, әлеуметтік және күнделікті өмір туралы қысқаша көркем әдебиет және деректі әдебиет мәтіндерді оқиды және түсінеді, қысқаша мәтіндердің негізгі идеясын анықтайды, қысқаша мәтіндерде нақты мәліметтерді анықтайды, қазақ және әлемдік әдеби шығармалардағы ортақ адами құндылықтарды анықтайды;

4) 4-бөлім «Жазылым» (Writing): білім алушы жиі қолданылатын сөздерді дұрыс жазып, сөйтіп олардың жазылуы мен айтылуы арасындағы айырмашылықты білетінін көрсетеді, диктант түрінде қысқа сөйлемдерді жазады және сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қояды;

5) 5-бөлім «Ағылшын тілі грамматикасын қолдану» (Use of

<p>English): білім алушы оқиғаларды суреттеу және жеке басқа қатысты мәліметтерді беру үшін базалық модальды етістіктерді және жалпы present, past simple мен continuous шақтарын қолдану арқылы өз ойларын жеткізеді</p>	
<p>3-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• 13. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодтау арқылы ұсынылған. Код бойынша бірінші сан сыныпты, екінші сан оқу мақсаттарының нөмірін білдіреді. <ul style="list-style-type: none"> <li>14. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлімдерге бөлінген: <ul style="list-style-type: none"> <li><b>1) «Мазмұн» (content):</b></li> <li><b>5-сынып</b></li> <li>орташадан төмен деңгей 2</li> <li>5.1.1.1</li> <li>топ ішінде мәселелерді шығармашылықпен бірлесе отырып шешу үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын пайдалану</li> <li>5.1.2.1 сыныптастарының кері байланысын қамтамасыз ету үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын қолдану</li> <li>5.1.3.1</li> <li>түрлі көзқарастарды құрметтеу</li> <li>5.1.4.1</li> <li>басқалар берген кері байланысты конструктивті бағалау және оған жауап қайтару</li> <li>5.1.5.1</li> <li>жеке оқу мақсаттарын белгілеу үшін кері байланысты қолдану</li> <li>5.1.6.1</li> <li>ақпаратты басқаларға түсінікті болатындай етіп ұйымдастыру және ұсыну</li> <li>5.1.7.1</li> <li>ауызша және жазбаша сөзде жүйелі дәлел келтіру</li> </ul> </li> </ul> </li> </ul>	<p style="text-align: center;"><b>«Мазмұн»</b></p> <p><b>6 сынып</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>жұптық және топтық жұмыстарда көз қарастарды шыдамдылықпен қабылдау қасиеттерін;</b></li> <li>- <b>жеке, жұптық және топтық жұмыстарда түрлі көзқарастарды құрметтеуді;</b></li> <li>- <b>оқу тақырыптар аясында білім алушылардың сыни ойлау, коммуникативті-ақпараттық сауаттылық дағдыларын;</b></li> <li>- <b>оқу тақырыптарына сай тыңдалым, оқылым және айтылымға арналған қарапайым көркем шығармалар, ертегілер, өлеңдер және т.б. арқылы білім алушының ұлтжандылық, рухани-адамгершілік, мейірімділік, еңбексүйгіштік, сүйіспеншілік қасиеттері және отбасылық тәрбие құндылықтарын дамытады.</b></li> <li>- топ ішінде мәселелерді шығармашылықпен бірлесе отырып шешу үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын;</li> <li>- <b>кері байланыс орнату үшін айтылым және тыңдалым дағдысын;</b></li> <li>- ауызшы және жазбаша сөзде дәлелдерді жүйелі түрде;</li> <li>- ойды, идеялар, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды;</li> <li>- шетел мәдениетінің, халық тұрмысының, салт-дәстүрінің сипаттамалық ерекшеліктерін білу және салыстыруды;</li> <li>- ақпаратты басқаларға түсінікті түрде жіткізу және ұсынуды қолданады.</li> </ul> <p><b>7 сынып «Мазмұн»</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>жеке, жұптық және топтық жұмыстарда түрлі көзқарастарда құрметтеуді;</b></li> <li>- <b>оқылым мен тыңдалым арқылы мәдениаралық түсінік;</b></li> </ul>

<p>және бекіту</p> <p>5.1.8.1 оқылым мен талдау арқылы мәдениаралық түсінікті дамыту</p> <p>5.1.9.1 ойды, идеяларды, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды қолдану</p> <p>5.1.10.1 сөйлеу мен жазылымды әлемнің кең ауқымды пікірлері мен көзқарастарын талдау мен зерттеуде қолдану</p> <p><b>6-сынып</b> орташадан жоғары деңгей 2</p> <p>6.1.1.1 топ ішінде мәселелерді шығармашылықпен бірлесе отырып шешу үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын пайдалану</p> <p>6.1.2.1 сыныптастарының кері байланысын қамтамасыз ету үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын қолдану</p> <p>6.1.3.1 түрлі көзқарастарды құрметтеу</p> <p>6.1.4.1 басқалар берген кері байланысты конструктивті бағалау және оған жауап қайтару</p> <p>6.1.5.1 жеке оқу мақсаттарын белгілеу үшін кері байланысты қолдану</p> <p>6.1.6.1 ақпаратты басқаларға түсінікті болатындай етіп ұйымдастыру және ұсыну</p> <p>6.1.7.1 ауызша және жазбаша сөзде жүйелі дәлел келтіру және бекіту</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін;</li> <li>- оқу тақырыптар аясында білім алушылардың сыни ойлау, коммуникативті-ақпараттық сауаттылық дағдыларын;</li> <li>- оқу тақырыптарына сай тыңдалым, оқылым және айтылымға арналған қарапайым көркем шығармалар, ертегілер, өлеңдер және т.б. арқылы білім алушының ұлтжандылық, рухани-адамгершілік, мейірімділік, еңбексүйгіштік, сүйіспеншілік қасиеттері және отбасылық тәрбие құндылықтарын дамытады.</li> <li>- топ ішінде мәселелерді шығармашылықпен шешу үшін тыңдалым және айтылым дағдыларын;</li> <li>- өз ойын анық және еркін жеткізуді;</li> <li>- сыныптастарымен кері байланыс орнату үшін айтылым және тыңдалым дағдысын;</li> <li>- кері байланысты бағалауды және жауап қайтаруды;</li> <li>- сөйлем мен жазуда пікірлер мен көзқарастарын талдау мен дәріптеуді;</li> <li>- шетел мәдениетінің, халық тұрмысының, салт-дәстүрінің сипаттамалық ерекшеліктерін білу және салыстыруды;</li> <li>- ойды, идеяларды, тәжірибе мен сезімдерді білдіру үшін қиялды қолданады.</li> </ul> <p><b>8 сынып «Мазмұн»</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жұптық және топтық жұмыстарда көз қарастарды шыдамдылықпен қабылдау қасиеттерін;</li> <li>- жеке, жұптық және топтық жұмыстарда түрлі көзқарастарды құрметтеуді;</li> <li>- айтылымда және жазылымда шығармашылық, әлеуметтік, танымдық және өздігінен жұмыс істеу қабілеттерін;</li> <li>- оқу тақырыптар аясында білім алушылардың сыни ойлау, коммуникативті-ақпараттық сауаттылық дағдыларын;</li> <li>- тыңдалым және оқылымда өздігінен білім алу және өз-өзін жетілдіру қабілеттерін;</li> </ul>
--	---



<p>6.1.8.1 оқылым мен талдау арқылы мәдениаралық түсінікті дамыту</p> <p>6.1.9.1 ойды, идеяларды, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды қолдану</p> <p>6.1.10.1 сөйлеу мен жазылымды әлемнің кең ауқымды пікірлері мен көзқарастарын талдау мен зерттеуде қолдану</p> <p><b>7-сынып</b> төмен деңгей 1</p> <p>7.1.1.1 топ ішінде мәселелерді шығармашылықпен бірлесе отырып шешу үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын пайдалану</p> <p>7.1.2.1 сыныптастары ның кері байланысын қамтамасыз ету үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын қолдану</p> <p>7.1.3.1 түрлі көзқарастарды құрметтеу</p> <p>7.1.4.1 басқалар берген кері байланысты конструктивті бағалау және оған жауап қайтару</p> <p>7.1.5.1 жеке оқу мақсаттарын белгілеу үшін кері байланысты қолдану</p> <p>7.1.6.1 ақпаратты басқаларға түсінікті болатындай етіп ұйымдастыру және ұсыну</p> <p>7.1.7.1 ауызша және жазбаша сөзде жүйелі дәлел келтіру және бекіту</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- оқу тақырыптарына сай тыңдалым, оқылым және айтылымға арналған қарапайым көркем шығармалар, ертегілер, өлеңдер және т.б. арқылы білім алушының ұлтжандылық, рухани-адамгершілік, мейірімділік, еңбексүйгіштік, сүйіспеншілік қасиеттері және отбасылық тәрбие құндылықтарын дамытады.</li> <li>- топ ішінде мәселелерді шығармашылықпен бірлесе отырып шешу үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын;</li> <li>- <b>кері байланыс орнату үшін айтылым және тыңдалым дағдысын;</b></li> <li>- ақпаратты басқаларға түсінікті түрде жіткізуді және ұсынуды;</li> <li>- ауызшы және жазбаша сөзде дәлелдерді жүйелі түрде келтіруді;</li> <li>- <b>шетел мәдениетінің, халық тұрмысының, салт-дәстүрінің сипаттамалық ерекшеліктерін білу және салыстыруды;</b></li> <li>-ойды, идеялар, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды қолданады.</li> </ul> <p><b>9 сынып «Мазмұн»</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>жұптық және топтық жұмыстарда көз қарастарды шыдамдылықпен қабылдау қасиеттерін;</b></li> <li>- <b>жеке, жұптық және топтық жұмыстарда түрлі көзқарастарды құрметтеуді;</b></li> <li>- <b>айтылымда және жазылымда шығармашылық, әлеуметтік, танымдық және өзігінен жұмыс істеу қабілеттерін;</b></li> <li>- <b>оқу тақырыптар аясында білім алушылардың сыни ойлау, коммуникативті-ақпараттық сауаттылық дағдыларын;</b></li> <li>- <b>тыңдалым және оқылымда өздігінен білім алу және өз-өзін жетілдіру қабілеттерін;</b></li> <li>- <b>оқу тақырыптарына сай тыңдалым, оқылым және айтылымға арналған қарапайым көркем шығармалар, ертегілер, өлеңдер және т.б. арқылы білім алушының ұлтжандылық, рухани-адамгершілік, мейірімділік, еңбексүйгіштік, сүйіспеншілік қасиеттері және отбасылық тәрбие құндылықтарын</b></li> </ul>
---	--

<p>7.1.8.1 оқылым мен талдау арқылы мәдениаралық түсінікті дамыту</p> <p>7.1.9.1 ойды, идеяларды, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды қолдану</p> <p>7.1.10.1 сөйлеу мен жазылымды әлемнің кең ауқымды пікірлері мен көзқарастарын талдау мен зерттеуде қолдану</p> <p><b>8-сынып</b> орташа деңгей 1</p> <p>8.1.1.1 топ ішінде мәселелерді шығармашылықпен бірлесе отырып шешу үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын пайдалану</p> <p>8.1.2.1 сыныптастары ның кері байланысын қамтамасыз ету үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын қолдану</p> <p>8.1.3.1 түрлі көзқарастарды құрметтеу</p> <p>8.1.4.1 басқалар берген кері байланысты конструктивті бағалау және оған жауап қайтару</p> <p>8.1.5.1 жеке оқу мақсаттарын белгілеу үшін кері байланысты қолдану</p> <p>8.1.6.1 ақпаратты басқаларға түсінікті болатындай етіп ұйымдастыру және ұсыну</p> <p>8.1.7.1 ауызша және жазбаша сөзде жүйелі дәлел келтіру және бекіту</p> <p>8.1.8.1</p>	<p><b>дамытады</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- топ ішінде мәселелерді шығармашылықпен бірлесе отырып шешу үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын;</li> <li>- <b>кері байланыс орнату үшін</b> айтылым және тыңдалым дағдысын;</li> <li>- ақпаратты басқаларға түсінікті түрде жіткізуді және ұсынуды;</li> <li>- ауызшы және жазбаша сөзде дәлелдерді жүйелі түрде келтіруді;</li> <li>- ойды, идеялар, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды;</li> <li>- <b>шетел мәдениетінің, халық тұрмысының, салт-дәстүрінің сипаттамалық ерекшеліктерін білу және салыстыруды;</b></li> <li>- айтылым мен жазылымда әлемнің кең ауқымды көзқарастарын талдайды және зерттеуде қолданады;</li> </ul> <p><b>10-сынып «Мазмұн»</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>жұптық және топтық жұмыстарда көз қарастарды шыдамдылықпен қабылдау қасиеттерін;</b></li> <li>- <b>жеке, жұптық және топтық жұмыстарда</b> түрлі көзқарастарды құрметтеуді;</li> <li>- <b>айтылымда және жазылымда шығармашылық, әлеуметтік, танымдық және өзiгiнен жұмыс iстеу қабiлеттерiн;</b></li> <li>- <b>оқу тақырыптар аясында бiлiм алушылардың сыни ойлау, коммуникативтi-ақпараттық сауаттылық дағдыларын;</b></li> <li>- <b>тыңдалым және оқылымда өздігінен бiлiм алу және өз-өзiн жетiлдiру қабiлеттерiн;</b></li> <li>- <b>оқу тақырыптарына сай тыңдалым, оқылым және айтылымға арналған қарапайым көркем шығармалар, ертегiлер, өлеңдер және т.б. арқылы бiлiм алушының ұлтжандылық, рухани-адамгершiлiк, мейiрiмдiлiк, енбексүйгiштiк, сүйiспеншiлiк қасиеттерi және отбасылық тәрбие құндылықтарын дамытады</b></li> <li>- топ ішінде мәселелерді шығармашылықпен бірлесе отырып шешу үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын;</li> </ul>
---	--

<p>оқылым мен талдау арқылы мәдениаралық түсінікті дамыту</p> <p>8.1.9.1 ойды, идеяларды, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды қолдану</p> <p>8.1.10.1 сөйлеу мен жазылымды әлемнің кең ауқымды пікірлері мен көзқарастарын талдау мен зерттеуде қолдану</p> <p><b>9-сынып</b> жоғары деңгей 1</p> <p>9.1.1.1 топ ішінде мәселелерді шығармашылықпен бірлесе отырып шешу үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын пайдалану</p> <p>9.1.2.1 сыныптастары ның кері байланысын қамтамасыз ету үшін айтылым және тыңдалым дағдыларын қолдану</p> <p>9.1.3.1 түрлі көзқарастарды құрметтеу</p> <p>9.1.4.1 басқалар берген кері байланысты конструктивті бағалау және оған жауап қайтару</p> <p>9.1.5.1 жеке оқу мақсаттарын белгілеу үшін кері байланысты қолдану</p> <p>9.1.6.1 ақпаратты басқаларға түсінікті болатындай етіп ұйымдастыру және ұсыну</p> <p>9.1.7.1 ауызша және жазбаша сөзде жүйелі дәлел келтіру және бекіту</p> <p>9.1.8.1 оқылым мен талдау арқылы мәдениаралық түсінікті</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>кері байланыс орнату үшін</b> айтылым және тыңдалым дағдысын;</li> <li>- ақпаратты басқаларға түсінікті түрде жіткізуді және ұсынуды;</li> <li>- ауызшы және жазбаша сөзде дәлелдерді жүйелі түрде келтіруді;</li> <li>- ойды, идеялар, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды;</li> <li>- <b>шетел мәдениетінің, халық тұрмысының, салт-дәстүрінің сипаттамалық ерекшеліктерін білу және салытстыруды;</b></li> <li>- айтылым мен жазылымда әлемнің кең ауқымды көзқарастарын талдайды және зерттеуде қолданады;</li> </ul> <p style="text-align: center;"><b>«Тыңдалым»</b></p> <p><b>6 сынып</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>сабақ барысында мұғалімнің қарапайым нұсқауларын;</b></li> <li>- <b>жеке басына қатысты мәліметтерді ұсыну туралы қарапайым сұрақтарды;</b></li> <li>- <b>өзінің отбасы мүшелері, достары және айналадағы қарапайым нәрселер туралы қарапайым сұрақтарды;</b></li> <li>- <b>қарапайым әңгімелерді қолдаусыз;</b></li> <li>- <b>ұзақ әңгімедегі жалпы ойды қолдаусыз;</b></li> <li>- <b>ұзақ әңгімедегі негізгі ойды қолдау арқылы;</b></li> <li>- <b>қарапайым сөйлесудегі сөйлеушінің ойын;</b></li> <li>- <b>ұзақ сөйлесудегі сөйлеушінің ойын қолдаумен;</b></li> <li>- ұзақ әңгімедегі арнайы ақпараттар мен бөлімдердің көп бөлігін қолдаумен;</li> <li>- <b>жергілікті ағылшын тілінде сөйлеуші кісілердің таспадағы, бейнетаспадағы және басқа ақпарат көздеріндегі жазылған қарапайым сөйлеуін;</b></li> <li>- <b>тыңдалған таспадан мәтіннің (сөйлеушінің) эмоциялық жағдайын түсінеді.</b></li> <li>- <b>қарапайым көркем шығармалар, ертегілер, өлеңдер және т.б. тыңдау арқылы білім алушының ұлттық және адами құндылықтар және де басқа жағымды қасиеттерін дамытады.</b></li> </ul>
---	--

дамыту

9.1.9.1

ойды, идеяларды, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды қолдану

9.1.10.1

сөйлеу мен жазылымды әлемнің кең ауқымды пікірлері мен көзқарастарын талдау мен зерттеуде қолдану

## 2) «Тыңдалым» (listening):

### 5-сынып

орташадан төмен деңгей 2

5.2.1.1

сыныптағы нұсқаулар жүйелілігін қолдаумен түсіну

5.2.2.1

жеке басына қатысты мәліметтерді ұсыну туралы қарапайым сұрақтарды түсіну

5.2.3.1

жалпы және оқу тақырыптары

### 7 сынып «Тыңдалым»

- сабақ барысында мұғалімнің ұзақ немесе күрделірек нұсқауларын мұғалімнің қолдауымен;
  - жергілікті ағылшын тілінде сөйлеуші кісілердің таспаға жазылған ұзақ және күрделірек әңгімесін мұғалімнің шектеулі қолдауымен; ;
  - жеке басына қатысты мәліметтерді ұсыну туралы күрделірек сұрақтарды мұғалімнің қолдауымен;
  - отбасы мүшелері, достары және айналасындағы нәрселер туралы ұзақ және күрделірек сұрақтарды мұғалімнің қолдауымен;
  - оқу тақырыптарына қатысты ұзақ және күрделірек сұрақтарды мұғалімнің қолдауымен;
  - ұзақ әңгімедегі арнайы ақпараттар мен бөлімдердің көп бөлігін шектеулі қолдаумен;
  - ұзақ және күрделірек әңгімедегі жалпы ойды қолдаусыз;
  - ұзақ және күрделірек әңгімедегі негізгі ойды қолдаумен;
  - ұзақ мәтіндегі мән- мәтінмен мағынаны қолдаумен;
  - ұзақ және күрделірек сөйлесудегі сөйлеушінің ойын;
  - жергілікті ағылшын тілінде сөйлеуші кісілердің таспадағы, бейнетаспадағы және басқа ақпарат көздеріндегі жазылған ұзақ және күрделірек әңгімелерін мұғалімнің көмегімен түсінеді.
- 
- қарапайым көркем шығармалар, ертегілер, өлеңдер және т.б. тыңдау арқылы білім алушының ұлттық және адами құндылықтар және де басқа жағымды қасиеттерін дамытады.

### 8 сынып «Тыңдалым»

- ұзақ әңгімелесудегі негізгі ойларды шамалы қолдаумен;
- ұзақ әңгімелесудегі ақпараттың бір шама бөлігін шамалы қолдаумен;
- кеңейтілген әңгімедегі негізгі ақпараттардың біраз бөлігін шамалы қолдаумен;
<p style="text-align: center;">1 тарау. Жалпы ережелер</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқу бағдарламасы пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.</li> <li>2. Оқу бағдарламасының мақсаты – «Алгебра» пәнінің мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен кіріктіре отырып, жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлері арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту.</li> <li>3. Міндеттері: <ol style="list-style-type: none"> <li>11) «Сандар», «Алгебра», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;</li> <li>12) әртүрлі мәнмәтіндідегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;</li> <li>13) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;</li> <li>14) өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>15) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін</li> </ol> </li> </ol>	<p style="text-align: center;">1 тарау. Жалпы ережелер</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқу бағдарламасы пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.</li> <li>2. Оқу бағдарламасының мақсаты – «Алгебра» пәнінің мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен кіріктіре отырып, жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлері арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту.</li> <li>3. Міндеттері: <ol style="list-style-type: none"> <li>1) математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;</li> <li>2) әртүрлі мәнмәтіндідегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;</li> <li>3) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;</li> </ol> </li> </ol>

<p>логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;</p> <p>16) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;</p> <p>17) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;</p> <p>18) математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;</p> <p>19) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;</p> <p>20) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) қолдану дағдыларын дамыту.</p>	<p>4) өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>5) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;</p> <p>6) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;</p> <p>7) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;</p> <p>8) математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;</p> <p>9) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;</p> <p>10) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) қолдану дағдыларын дамыту.</p>
<p>2-тарау. «Алгебра» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру</p> <p>4. «Алгебра» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;</p>	<p>2-тарау. «Алгебра» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру</p> <p>4. «Алгебра» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1) 8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында –</p>

<p>2) 8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;  3) 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.  5. 7-сыныпқа арналған алгебра пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:  1) 5-6 сыныптардағы математика курсын қайталау.  2) «Бүтін көрсеткішті дәреже». Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Санның стандарт түрі. Өте кіші және өте үлкен сандармен байланысты практикалық есептер шығару. Абсолюттік және салыстырмалы қателік. Құрамында дәрежесі бар сандар тізбектері.  3) «Көпмүшелер». Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану. Көпмүшелер және оларға амалдар қолдану. Бірмүше мен көпмүшені стандарт түрі. Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру.  4) «Функция. Функцияның графигі». Функция ұғымы. Функцияның графигі. Сызықтық функция және оның графигі. Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графикалық тәсілмен шешу. <math>y=ax^2</math>, <math>y=ax^3</math> және <math>y = \frac{k}{x}</math> (<math>k \neq 0</math>) түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері.  5) «Статистика элементтері». Бас жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдары. Абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиілік кестесі. Жиілік алқабы.  6) «Қысқаша көбейту формулалары». Екі өрнектің квадраттарының айырымының формуласы. Екі өрнектің қосындысының квадраты және айырымының квадратының формулалары. Екі өрнектің қосындысының кубы және айырымының кубының формулалары. Екі өрнектің кубтарының қосындысы және кубтарының айырымының формулалары. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Теңдеу және теңсіздік құру арқылы берілген мәтінді есептерді шығару.  7) «Алгебралық бөлшектер». Алгебралық бөлшектер және оның негізгі қасиеті. Алгебралық бөлшектерді қосу, азайту, көбейту, бөлу және дәрежеге шығару. Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру.  8) 7-сыныптағы алгебра курсын қайталау.  б. 8-сыныпқа арналған алгебра пәнінің базалық білім мазмұны келесі</p>	<p>102 сағат;  2) 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;  3) 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.  5. Негізгі орта білім берудің мазмұнын құру және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мақсаттың келесі үш компонентінің ажырамас бірлестігінде қарастырылады:  1) құндылықтарға негізделген тәрбиелік мақсат;  2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған білімдік мақсат;  3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген дамыту мақсаты.  6. Негізгі орта білім беруді аяқтағанда пән бойынша білім алушылардан күтілетін нәтижелер түрінде қалыптасатын метапәндік құзыреттіліктер айқындалған:  1) ғылыми-танымдық құзыреттілік:  - математикалық тұжырымдарға дәйек келтіруі немесе өз пікірін дәйектей алуы;  - функционалдық сауаттылық;  - өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту және өз мүмкіндігін жүзеге асыру қабілеттілігі болуы тиіс;  - оқу және танып білу ынтасының қалыптасуы тиіс;  - индукциялық және дедукциялық ойлау тәсілдерін қолдануы, есептерді шешудің әртүрлі жолдарын көре білуі тиіс;  - шамаларды табуға байланысты (қажеттілігіне қарай анықтамалықтарды және техникалық құралдарды пайдаланып) практикалық есептерді</p>
---	---

<p>тараулардан тұрады:</p> <p>1) 7-сыныптағы алгебра курсы қайталау.</p> <p>2) «Квадрат түбір және иррационал өрнектер». Иррационал сандар. Нақты сандар. Квадрат түбір. Квадрат түбірдің жуық мәні. Арифметикалық квадрат түбір. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттері. Көбейткішті түбір таңбасының алдына шығару. Көбейткішті түбір таңбасының ішіне енгізу. Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босату. Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру. Нақты сандарды салыстыру. <math>y = \sqrt{x}</math> функциясы, оның қасиеттері және графигі.</p> <p>3) «Квадрат теңдеулер». Квадрат теңдеу. Толымсыз квадрат теңдеулер. Келтірілген квадрат теңдеу. Екімүшенің толық квадратын айыру. Квадрат теңдеу түбірлерінің формулалары. Дискриминант. Виет теоремасы. Виет теоремасына кері теорема. Квадрат үшмүше. Квадрат үшмүшенің түбірі. Квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу. Квадрат теңдеуге келтірілетін теңдеулер. Биквадрат теңдеу. Жаңа айнымалы енгізу әдісі. Бүтін рационал теңдеу. Бөлшек-рационал теңдеу. Рационал теңдеу. <math> ax^2 + bx  + c = 0</math>; <math>ax^2 + b x  + c = 0</math> түріндегі теңдеулер. Квадрат теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару. Бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару.</p> <p>4) «Квадраттық функция». Квадраттық функция. <math>y=a(x-m)^2</math>, <math>y=ax^2+n</math> және <math>y=a(x-m)^2+n</math> (<math>a \neq 0</math>) түріндегі функциялар, олардың қасиеттері және графиктері. <math>y=ax^2+bx+c</math> (<math>a \neq 0</math>) түріндегі квадраттық функция, оның қасиеттері және графигі.</p> <p>5) «Статистика элементтері». Жиілік. Жиіліктер кестесі. Интервалдық кесте. Гистограмма. Жинақталған жиілік. Орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу. Алқап.</p> <p>6) «Теңсіздіктер». Квадрат теңсіздік. Квадрат теңсіздіктерді квадраттық функцияның графигі арқылы шығару. Рационал теңсіздік. Интервалдар әдісі. Бір айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесі. Квадрат теңсіздіктер жүйесі.</p> <p>7) 8-сыныптағы алгебра курсы қайталау.</p> <p>7. 9-сыныпқа арналған алгебра пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:</p>	<p>құрастыра және шығара білуі тиіс;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ғылыми ақпараттарды жинақтай, талдай, өңдей және пайдалана білуі тиіс;</li> </ul> <p>2) мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оқу материалдарындағы рухани-мәдени құндылықтарды ажырата алуы;</li> <li>- Қазақстанның, туған өлкесінің табиғаты мен байлықтарын үнемдеудің, мәдени мұраларды сақтаудың қажеттілігін түсінуі, олардың ұлттық құндылықтарға жататынын білуі;</li> <li>- әр халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық болмысы мен мәдениетін білуі;</li> </ul> <p>3) тілдік-коммуникативтік құзыреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мемлекеттік тілді және өз ана тілін білуі, қазақ халқының және Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа да ұлыстардың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне және басқа құндылықтарына құрметпен қарауы тиіс</li> <li>- сөз әдебі талаптарын сақтап, қарым-қатынас жасай алуы;</li> <li>- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді жеткізе білуі;</li> <li>- жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөлісуі, пікірлесуі, қарым-қатынасқа түсе алуы.</li> </ul> <p>4) ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алуы;</li> <li>- дереккөздерден қажетті мәтінді іздеп табуы, өңдей алуы, қолдана алуы;</li> <li>- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолдануы;</li> </ul>
--	---

1) 8-сыныптағы алгебра курсың қайталау.

2) «Екі айнымалысы бар теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері». Екі айнымалысы бар сызықты емес теңдеулер. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі көмегімен мәтінді есептер шығару. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер жүйесі.

3) «Комбинаторика элементтері». Комбинаториканың негізгі ұғымдары мен ережелері (қосу және көбейту ережелері). Санның факториалы. Қайталанбайтын «орналастыру», «алмастыру» және «теру» ұғымдары. Комбинаториканың негізгі формулалары. Комбинаторика формулаларын қолдану арқылы есептер шығару. Ньютон биномы және қасиеттері.

4) «Тізбектер». Сандар тізбегі, оның берілу тәсілдері және қасиеттері. Арифметикалық прогрессия. Арифметикалық прогрессияның  $n$ -ші мүшесінің формуласы. Арифметикалық прогрессияның алғашқы  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласы. Геометриялық прогрессия. Геометриялық прогрессияның  $n$ -ші мүшесінің формуласы. Геометриялық прогрессияның алғашқы  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласы. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия мүшелерінің қосындысы. Математикалық индукция әдісі.

5) «Тригонометрия». Бұрыш пен доғаның градустық және радиандық өлшемдері. Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің мәндері. Тригонометриялық функциялар және олардың қасиеттері. Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер. Келтіру формулалары. Екі бұрыштың қосындысы мен айырымының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің формулалары. Тригонометриялық функциялардың қосбұрышы және жартыбұрышының формулалары. Тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге түрлендіру формулалары. Тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосынды немесе айырымға түрлендіру формулалары. Тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіру.

6) «Ықтималдықтар теориясының элементтері». Оқиға, кездейсоқ оқиға,

- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдей білуі;

- АКТ, медиақұралдардың мүмкіндіктерін пайдалана алуы.

6. 8-сыныпқа арналған алгебра пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) 6-7 сыныптардағы математика курсың қайталау.

2) «Бүтін көрсеткішті дәреже». Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Санның стандарт түрі. Өте кіші және өте үлкен сандармен байланысты практикалық есептер шығару. Абсолюттік және салыстырмалы қателік. Құрамында дәрежесі бар сандар тізбектері.

3) «Көпмүшелер». Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану. Көпмүшелер және оларға амалдар қолдану. Бірмүше мен көпмүшені стандарт түрі. Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру.

4) «Функция. Функцияның графигі». Функция ұғымы. Функцияның графигі. Сызықтық функция және оның графигі. Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу.  $y=ax^2$ ,  $y=ax^3$  және  $y = \frac{k}{x}$  ( $k \neq 0$ ) түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері.

5) «Статистика элементтері». Бас жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдары. Абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиілік кестесі. Жиілік алқабы.

6) «Қысқаша көбейту формулалары». Екі өрнектің

ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға. Элементар оқиғалар. Қолайлы нәтижелер. Тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар. Ықтималдықтың классикалық анықтамасы. Статистикалық ықтималдық. Геометриялық ықтималдық.

7) 7-9 сыныптардағы алгебра курсың қайталау.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер күтілетін нәтижелер (біліктер немесе дағдылар, білім немесе түсініктер) түрінде берілген сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады. Әр бөлімше ішінде тізбектеліп жазылған оқыту мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлап, оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік жасайды.

9. Оқу пәнінің мазмұны төрт бөлімді қамтиды: «Сандар», «Алгебра», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ».

10. «Сандар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

3) Сандар және шамалар туралы түсініктер;

4) Сандарға амалдар қолдану.

11. «Алгебра» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

4) Алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру,

5) Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және

жиынтықтары;

6) Тізбектер және олардың қосындысы;

7) Тригонометрия.

12. «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

4) Жиындар теориясы және логика элементтері;

5) Комбинаторика негіздері;

6) Ықтималдықтар теориясының негіздері;

7) Статистика және деректерді талдау.

13. «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

3) Математикалық анализ бастамалары;

4) Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару;

квадраттарының айырымының формуласы. Екі өрнектің қосындысының квадраты және айырымының квадратының формулалары. Екі өрнектің қосындысының кубы және айырымының кубының формулалары. Екі өрнектің кубтарының қосындысы және кубтарының айырымының формулалары. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Теңдеу және теңсіздік құру арқылы берілген мәтінді есептерді шығару.

7) «Алгебралық бөлшектер». Алгебралық бөлшектер және оның негізгі қасиеті. Алгебралық бөлшектерді қосу, азайту, көбейту, бөлу және дәрежеге шығару. Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру.

8) 8-сыныптағы алгебра курсың қайталау.

7. 9-сыныпқа арналған алгебра пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) 8-сыныптағы алгебра курсың қайталау.

2) «Квадрат түбір және иррационал өрнектер».

Иррационал сандар. Нақты сандар. Квадрат түбір. Квадрат түбірдің жуық мәні. Арифметикалық квадрат түбір. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттері. Көбейткішті түбір таңбасының алдына шығару. Көбейткішті түбір таңбасының ішіне енгізу. Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босату. Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру. Нақты сандарды салыстыру.  $y = \sqrt{x}$  функциясы, оның қасиеттері және графигі.

3) «Квадрат теңдеулер». Квадрат теңдеу. Толымсыз квадрат теңдеулер. Келтірілген квадрат теңдеу. Екімүшенің толық квадратын айыру. Квадрат теңдеу түбірлерінің формулалары. Дискриминант. Виет теоремасы. Виет теоремасына кері теорема. Квадрат үшмүше. Квадрат үшмүшенің түбірі. Квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу. Квадрат теңдеуге келтірілетін

5) Математикалық тіл және математикалық модель.

теңдеулер. Биквадрат теңдеу. Жаңа айнымалы енгізу әдісі. Бүтін рационал теңдеу. Бөлшек-рационал теңдеу. Рационал теңдеу.  $|ax^2 + bx| + c = 0$ ;  $ax^2 + b|x| + c = 0$  түріндегі теңдеулер. Квадрат теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару. Бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару.

4) «Квадраттық функция». Квадраттық функция.  $y=a(x-m)^2$ ,  $y=ax^2+n$  және  $y=a(x-m)^2+n$  ( $a \neq 0$ ) түріндегі функциялар, олардың қасиеттері және графиктері.  $y=ax^2+bx+c$  ( $a \neq 0$ ) түріндегі квадраттық функция, оның қасиеттері және графигі.

5) «Статистика элементтері». Жиілік. Жиіліктер кестесі. Интервалдық кесте. Гистограмма. Жинақталған жиілік. Орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу. Алқап.

6) «Теңсіздіктер». Квадрат теңсіздік. Квадрат теңсіздіктерді квадраттық функцияның графигі арқылы шығару. Рационал теңсіздік. Интервалдар әдісі. Бір айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесі. Квадрат теңсіздіктер жүйесі.

7) 9-сыныптағы алгебра курсы қайталау.

8. 10-сыныпқа арналған алгебра пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) 8-сыныптағы алгебра курсы қайталау.

2) «Екі айнымалысы бар теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері». Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі көмегімен мәтінді есептер шығару. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер жүйесі.

3) «Комбинаторика элементтері».

Комбинаториканың негізгі ұғымдары мен ережелері (қосу және көбейту ережелері). Санның факториалы. Қайталанбайтын «орналастыру», «алмастыру» және «теру» ұғымдары. Комбинаториканың негізгі формулалары. Комбинаторика формулаларын қолдану арқылы есептер шығару. Ньютон биномы және қасиеттері.

4) «Тізбектер». Сандар тізбегі, оның берілу тәсілдері және қасиеттері. Арифметикалық прогрессия. Арифметикалық прогрессияның  $n$ -ші мүшесінің формуласы. Арифметикалық прогрессияның алғашқы  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласы. Геометриялық прогрессия. Геометриялық прогрессияның  $n$ -ші мүшесінің формуласы. Геометриялық прогрессияның алғашқы  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласы. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия мүшелерінің қосындысы. Математикалық индукция әдісі.

5) «Тригонометрия». Бұрыш пен доғаның градустық және радиандық өлшемдері. Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің мәндері. Тригонометриялық функциялар және олардың қасиеттері. Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер. Келтіру формулалары. Екі бұрыштың қосындысы мен айырымының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің формулалары. Тригонометриялық функциялардың қосбұрышы және жартыбұрышының формулалары. Тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге түрлендіру формулалары. Тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосынды немесе айырымға



	<p>түрлендіру формулалары. Тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіру.</p> <p>б) «Ықтималдықтар теориясының элементтері». Оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға. Элементар оқиғалар. Қолайлы нәтижелер. Тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар. Ықтималдықтың классикалық анықтамасы. Статистикалық ықтималдық. Геометриялық ықтималдық.</p> <p>7) 7-9 сыныптардағы алгебра курсы қайталау.</p>												
<p>3 тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі</p> <p>9. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында «7» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқыту мақсатының реттік саны.</p> <p>10. Білім алушыларға қойылатын мақсаттар:</p> <table border="1" data-bbox="165 935 1240 1458"> <thead> <tr> <th colspan="4">1-бөлім. Сандар</th> </tr> <tr> <th>1. Сандар және шамалар туралы түсініктер</th> <th>7.1.1.</th> <th>8.1.1.</th> <th>9.1.1.</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td>7.1.1.1 - сандарды стандарт түрде жазу;</td> <td>8.1.1.1 - иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру; 8.1.1.2 - санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және</td> <td>9.1.1.1 - бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын меңгеру; 9.1.1.2 - бірлік шеңбердің бойында <math>0; \frac{\pi}{2}; \pi; \frac{3\pi}{2}; 2\pi</math> сандарын белгілеу;</td> </tr> </tbody> </table>	1-бөлім. Сандар				1. Сандар және шамалар туралы түсініктер	7.1.1.	8.1.1.	9.1.1.		7.1.1.1 - сандарды стандарт түрде жазу;	8.1.1.1 - иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру; 8.1.1.2 - санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және	9.1.1.1 - бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын меңгеру; 9.1.1.2 - бірлік шеңбердің бойында $0; \frac{\pi}{2}; \pi; \frac{3\pi}{2}; 2\pi$ сандарын белгілеу;	<p>3 тарау. Күтілетін нәтижелер</p> <p><b>8-сынып</b></p> <p>9. 8-сынып білім алушыларында:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) көпмүшенің стандарт түрі;</li> <li>2) көпмүшені көбейткіштерге жіктеу туралы түсінігі болады.</li> </ol> <p>10. 8-сынып білім алушылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) натурал көрсеткішті дәреженің анықтамасын;</li> <li>2) бүтін көрсеткішті дәреженің анықтамасын;</li> <li>3) бүтін көрсеткішті дәреженің қасиеттерін;</li> <li>4) санның стандарт түрінің анықтамасын;</li> <li>5) бірімүшенің анықтамасын;</li> <li>6) көпмүшенің анықтамасын;</li> <li>7) бірімүше дәрежесінің анықтамасын;</li> <li>8) көпмүше дәрежесінің анықтамасын;</li> <li>9) көпмүшелерді қосудың ережесін;</li> <li>10) көпмүшелерді азайтудың ережесін;</li> <li>11) көпмүшелерді көбейтудің ережесін;</li> <li>12) бірімүшені бірімүшеге бөлудің ережесін;</li> <li>13) көпмүшені бірімүшеге бөлудің ережесін;</li> <li>14) қысқаша көбейту формулаларын;</li> <li>15) көпмүшені көбейткіштерге жіктеу тәсілдерін;</li> </ol>
1-бөлім. Сандар													
1. Сандар және шамалар туралы түсініктер	7.1.1.	8.1.1.	9.1.1.										
	7.1.1.1 - сандарды стандарт түрде жазу;	8.1.1.1 - иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру; 8.1.1.2 - санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және	9.1.1.1 - бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын меңгеру; 9.1.1.2 - бірлік шеңбердің бойында $0; \frac{\pi}{2}; \pi; \frac{3\pi}{2}; 2\pi$ сандарын белгілеу;										

		ұғымдарын ажырату;		
2. Сандарға амалдар қолдану	7.1.2. 7.1.2.1 - натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.2 - санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтау; 7.1.2.3 - нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.4 - бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету; 7.1.2.5 - алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін	8.1.2. 8.1.2.1 - арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін қолдану; 8.1.2.2 - квадрат түбірдің мәнін бағалау; 8.1.2.3 - көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алу; 8.1.2.4 - бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылту; 8.1.2.5 - құрамында түбір таңбасы бар өрнектерді түрлендіруді орындау; 8.1.2.6 - нақты сандарды салыстыру;	9.1.2. 9.1.2.1 - градусы радианға және радианды градусқа айналдыру;	16) рационал бөлшектің негізгі қасиетін; 17) абсолют қателіктің анықтамасын; 18) салыстырмалы қателіктің анықтамасын; 19) кездейсоқ оқиғаның анықтамасын біледі. 11. 8-сынып білім алушылары келесі біліктерін қолданады: 1) бүтін көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану; 2) бірімүшені стандарт түрде жазу; 3) көпмүшені стандарт түрде жазу; 4) бірімүшенің дәрежесін таба білу; 5) көпмүшенің дәрежесін таба білу; 6) көпмүшенің ұқсас мүшелерін біріктіру; 7) көпмүшелермен қосу, азайту және көбейтуді орындау; 8) бірімүше мен көпмүшені бірімүшеге бөлуді орындау; 9) ортақ көбейткішті жақшаның сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көпмүшені көбейткіштерге жіктеуді орындау; 10) қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 11) рационал бөлшектерді қосу, азайту, көбейту, бөлу және дәрежеге шығару; 12) рационал өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау; 13) санды стандарт түрде жазу; 14) $y = ax^2$ функциясының графигін салу және қасиеттерін анықтау; 15) $y = ax^3$ функциясының графигін салу және қасиеттерін анықтау; 16) $y = \frac{k}{x}$ ( $k \neq 0$ ) функциясының графигін салу және қасиеттерін анықтау;

	<p>қолдану; 7.1.2.6 - көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 7.1.2.7 - стандарт түрде жазылған сандарға арифметикалық амалдар қолдану; 7.1.2.8 - стандарт түрде жазылған санның мәнді бөлігін және ретін табу; 7.1.2.9 - стандарт түрде жазылған сандарды салыстыру; 7.1.2.10 - шамаларды бір өлшем бірліктен екінші өлшем бірлікке айналдыру және оны стандарт түрде жазу; 7.1.2.11 - шамалардың жуық мәндерін табу және оларды</p>			<p>17) шама мен санның жуық мәнін жазу; 18) сандардың жуық мәндерімен амалдар орындау; 19) шама мен санның жуық мәнінің абсолют қателігін табу; 20) шама мен санның жуық мәнінің салыстырмалы қателігін табу.</p> <p style="text-align: center;"><b>9-сынып</b></p> <p>12. 9-сынып білім алушыларында: 1) функцияның таңба тұрақтылық аралықтары; 2) жиындағы функциялардың ең үлкен және кіші мәндері туралы түсінігі болады.</p> <p>13. 9-сынып білім алушылары: 1) иррационал санның анықтамасын; 2) нақты санның анықтамасын; 3) арифметикалық квадрат түбірдің анықтамасын; 4) арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін; 5) құрамында квадрат түбірі бар өрнектерді тепе-тең түрлендірудің түрлерін; 6) квадрат теңдеудің анықтамасын; 7) квадрат теңдеудің түрлерін; 8) келтірілген квадрат теңдеудің анықтамасын; 9) биквадрат теңдеудің анықтамасын; 10) квадрат теңдеу түбірлерінің формулаларын; 11) Виет теоремасын және Виет теоремасына кері теореманы; 12) квадрат үшмүшенің анықтамасын; 13) квадрат үшмүше түбірлерінің анықтамасын; 14) бөлшек-рационал теңсіздіктің анықтамасын; 15) интервалдар әдісінің мағынасын; 16) кездейсоқ оқиғаның анықтамасын біледі.</p> <p>14. 9-сынып білім алушылары келесі біліктерді үлгі</p>
--	--	--	--	---

	стандарт түрде жазу; 7.1.2.12 - жуық шамалардың абсолюттік және салыстырмалы қателіктерін есептеу; 7.1.2.13 - калькулятордың көмегімен жуықтап есептеулерді орындау; 7.1.2.14 - тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 7.1.2.15 - натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану;			бойынша қолданады: 1) $y = \sqrt{x}$ функция графигін салу және қасиеттерін анықтау; 2) $y = ax^2 + n$ функция графигін салу және қасиеттерін анықтау; 3) $y = a(x - m)^2$ функция графигін салу және қасиеттерін анықтау; 4) $y = a(x - m)^2 + n$ функция графигін салу және қасиеттерін анықтау; 5) $y = ax^2 + bx + c$ функция графигін салу және қасиеттерін анықтау; 6) құрамында квадрат түбірі бар өрнектерді тепе-тең түрлендіру; 7) квадрат теңдеуді шығару; 8) Виет теоремасын және Виет теоремасына кері теореманы қолдану; 9) айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген квадрат теңдеуді шығару; 10) квадрат теңдеуге келтірілетін теңдеулерді шығару; 11) бөлшек-рационал теңдеуді шығару; 12) айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар бөлшек-рационал теңдеуді шығару; 13) квадрат және бөлшек-рационал теңдеудің көмегімен мәтінді есептерді шығару; 14) квадрат үшмүшенің түбірлерін табу; 15) квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу; 16) квадрат теңсіздіктерді квадраттық функцияның графигі және интервалдар әдісімен шығару; 17) рационал теңсіздіктерді интервалдар әдісімен шығару.
2-бөлім. Алгебра				
1.	7.2.1.	8.2.1.	9.2.1.	
Алгебралық өрнек-тер және түрлендірулер	7.2.1.1 - санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану; 7.2.1.2 - бірімүше	8.2.1.1 - квадрат үшмүшенің түбірі ұғымын меңгеру; 8.2.1.2 - үшмүшеден екімүшенің толық квадратын бөлу;		

	<p>анықтамасын білу, оның коэффициенті мен дәрежесін табу;  7.2.1.3 - бірімүшені стандарт түрде жазу;  7.2.1.4 - бірімүшелерді көбейтуді орындау және бірімүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету;  7.2.1.5 - көпмүше анықтамасын білу және оның дәрежесін табу;  7.2.1.6 - көпмүшені стандарт түрге келтіру;  7.2.1.7 - көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау;  7.2.1.8 - көпмүшені бірімүшеге көбейтуді орындау;  7.2.1.9 - көпмүшені көпмүшеге көбейтуді орындау;</p>	<p>8.2.1.3 - квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу;</p>		<p style="text-align: center;"><b>10-сынып</b></p> <p>15. 10-сынып білім алушылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) теңдеулердің мәндестігі туралы теоремаларды және олардан шығатын салдарды;</li> <li>2) екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеудің анықтамасын;</li> <li>3) бір айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесінің анықтамасын;</li> <li>4) екі айнымалысы бар теңсіздіктің анықтамасын;</li> <li>5) екі айнымалысы бар теңсіздікті шығару алгоритмін;</li> <li>6) екі айнымалысы бар теңсіздіктер жүйесінің анықтамасын;</li> <li>7) сандар тізбегінің анықтамасын;</li> <li>8) сандар тізбегінің қасиеттерін;</li> <li>9) сандар тізбегінің берілу тәсілдерін (баяндау, аналитикалық, рекурренттік, графиктік тәсілдер);</li> <li>10) арифметикалық прогрессияның анықтамасын;</li> <li>11) арифметикалық прогрессияның <math>n</math>-ші мүшесінің формуласын;</li> <li>12) арифметикалық прогрессияның негізгі қасиетін;</li> <li>13) арифметикалық прогрессияның алғашқы <math>n</math> мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласын;</li> <li>14) геометриялық прогрессияның анықтамасын;</li> <li>15) геометриялық прогрессияның <math>n</math>-ші мүшесінің формуласын;</li> <li>16) геометриялық прогрессияның негізгі қасиетін;</li> <li>17) геометриялық прогрессияның алғашқы <math>n</math> мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласын;</li> <li>18) шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның мүшелерінің қосындысының мәнін есептеу формуласын;</li> <li>19) математикалық индукция әдісінің маңызын;</li> </ol>
--	--	--	--	--

	<p>7.2.1.10 - <math>a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)</math>,  <math>(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2</math>  қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану;  7.2.1.11 - <math>a^3 - b^3 = (a - b)(a^2 + ab + b^2)</math>,  <math>(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3</math>  қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану;  7.2.1.12 - алгебралық өрнектерді ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу;  7.2.1.13 - көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең</p>			<p>20) өлшемі 1 радианға тең бұрыштың анықтамасын;  21) бірлік шеңбердің анықтамасын;  22) бұрыштың градустық және радиандық өлшемдері арасындағы байланысты беретін формуланы;  23) кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсы және котангенсының анықтамасын;  24) <math>0^\circ</math>, <math>30^\circ</math>, <math>45^\circ</math>, <math>60^\circ</math>, <math>90^\circ</math> бұрыштарының синусының, косинусының, тангенсының және котангенсының мәндерін;  25) тригонометриялық функциялардың анықталу облысы мен мәндер жиынын;  26) тригонометриялық функциялардың қасиеттерін (периодтылығы, жұптығы, тақтығы);  27) негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді;  28) келтіру формулаларын;  29) қосу формулаларын;  30) қосбұрыш және жартыбұрыштардың формулаларын;  31) тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге түрлендіру формулаларын;  32) тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосынды немесе айырымға түрлендіру формулаларын;  33) классикалық ықтималдықтың анықтамасын;  34) геометриялық ықтималдықтың анықтамасын біледі.</p> <p>16. 10-сынып білім алушылары келесі біліктерді үлгі бойынша қолданады:</p> <p>1) екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулерді шығару;  2) екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер</p>
--	--	--	--	---

	<p>түрлендірулерді орындау; 7.2.1.14 - алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу; 7.2.1.15 - қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау ; 7.2.1.16 - алгебралық бөлшектерді танып білу; 7.2.1.17 - алгебралық бөлшектегі айнымалылардың мүмкін мәндер жиынын табу; 7.2.1.18 - алгебралық бөлшектің негізгі қасиетін қолдану:</p>			<p>жүйесін шығару; 3) мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі арқылы шығару; 4) бір айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесін шығару; 5) екі айнымалысы бар теңсіздіктерді шығару; 6) екі айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйелерін шығару; 7) сандар тізбегінің жалпы мүшесінің формуласын табу; 8) сандар тізбегінің түрін анықтау; 9) сандар тізбегінің қасиеттерін анықтау; 10) арифметикалық және геометриялық прогрессияларды ажырату; 11) арифметикалық прогрессияның <math>n</math>-ші мүшесін табу; 12) арифметикалық прогрессияның <math>n</math> мүшесінің қосындысының мәнін есептеу; 13) геометриялық прогрессияның <math>n</math>-ші мүшесін табу; 14) геометриялық прогрессияның <math>n</math> мүшесінің қосындысының мәнін есептеу; 15) шексіз кемімелі геометриялық прогрессия мүшелерінің қосындысының мәнін есептеу; 16) математикалық тұжырымдарды математикалық индукция әдісінің көмегімен дәлелдеу; 17) бұрыштың градустық және радиандық өлшемдерін табу; 18) бұрыштың градустық және радиандық өлшемдері арасындағы байланысты беретін формуланы қолдану; 19) тригонометриялық функциялардың мәндерін табу;</p>
--	--	--	--	---

	$\frac{ac}{bc} = \frac{a}{b}, b \neq 0, c \neq 0$ ; 7.2.1.19 - алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 7.2.1.20 - алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындау; 7.2.1.21 - құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындау;			20) негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді қолдану; 21) келтіру формулаларын қолдану; 22) қосу формулаларын қолдану; 23) қосбұрыш және жартыбұрыштардың формулаларын қолдану; 24) тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге түрлендіру; 25) тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосынды немесе айырымға түрлендіру; 26) құрамында тригонометриялық функциялары бар өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау; 27) оқиғаның классикалық ықтималдығын табу; 28) оқиғаның геометриялық ықтималдығын табу; 29) таңдауда арифметикалық ортаны, мода мен медиананы табу.
2. Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйеле-рі және жиынтықтары	7.2.2.	8.2.2.	9.2.2.	
		8.2.2.1 - квадрат теңдеудің анықтамасын білу; 8.2.2.2 - квадрат теңдеулердің түрлерін ажырату; 8.2.2.3 - квадрат теңдеулерді шешу; 8.2.2.4 - Виет теоремасын	9.2.2.1 - екі айнымалысы бар сызықтық және емес теңдеулерді ажырату; 9.2.2.2 - екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін	



		<p>қолдану;        8.2.2.5 - <math> ax^2 + bx  + c = 0</math>;  <math>ax^2 + b x  + c = 0</math>        түріндегі        теңдеулерді шешу;        8.2.2.6 - бөлшек-        рационал        теңдеулерді шешу;        8.2.2.7 - квадрат        теңдеулерге        келтірілетін        теңдеулерді шешу;        8.2.2.8 - квадрат        теңсіздіктерді        шешу;        8.2.2.9 - рационал        теңсіздіктерді        шешу;        8.2.2.10 - біреуі        сызықтық,        екіншісі - квадрат        теңсіздік болатын        екі теңсіздіктен        құралған        жүйелерді шешу;        8.2.2.11 -        құрамында екі        квадрат теңсіздігі        бар жүйелер мен        жиынтықтарды        шешу;</p>	<p>шешу;        9.2.2.3 - екі        айнымалысы бар        теңсіздіктерді        шешу;        9.2.2.4 - екі        айнымалысы бар        сызықтық емес        теңсіздіктер        жүйесін шешу;</p>	
3. Тізбектер	7.2.3.	8.2.3.	9.2.3.	

және қосындылау	7.2.3.1 - құрамында дәрежесі бар сандар тізбегінің заңдылығын және жетіспейтін мүшелерін анықтау;		<p>9.2.3.1 - сандар тізбегі туралы түсінік болу;</p> <p>9.2.3.2 - тізбектің n-ші мүшесін табу, мысалы:</p> $\frac{1}{2 \cdot 3}; \frac{1}{3 \cdot 4}; \frac{1}{4 \cdot 5}; \frac{1}{5 \cdot 6}; \dots$ <p>;</p> <p>9.2.3.3 - математикалық индукция әдісін білу және қолдану;</p> <p>9.2.3.4 - сандар тізбектерінің арасынан арифметикалық және геометриялық прогрессияны ажырату;</p> <p>9.2.3.5 - арифметикалық прогрессиялардың n-ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану;</p>	
-----------------	---	--	--	--

			<p>9.2.3.6 - геометриялық прогрессиялардың <math>n</math>-ші мүшесін, алғашқы <math>n</math> мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану;</p> <p>9.2.3.7 - арифметикалық немесе/және геометриялық прогрессияларға байланысты есептер шығару;</p> <p>9.2.3.8 - шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру үшін қолдану;</p> <p>9.2.3.9 - шексіз кемімелі геометриялық</p>	
--	--	--	---	--

			прогрессия қосындысының формуласын есептер шығаруда қолдану;	
4.Триго- номет-рия	7.2.4.	8.2.4.	9.2.4.	
			<p>9.2.4.1 - тригонометриялық функциялардың анықтамаларын білу;</p> <p>9.2.4.2 - бірлік шеңбердегі нүктелердің координаталары (<math>\cos \alpha</math>, <math>\sin \alpha</math>) мен тригонометриялық функциялардың өзара байланысын білу;</p> <p>9.2.4.3 - бұрыштардың қосындысы мен айырымының, жарты және қос бұрыштың тригонометриялық формулаларын қорытып шығару және қолдану;</p> <p>9.2.4.4 - келтіру формулаларын</p>	

			<p>қорытып шығару және қолдану;  9.2.4.5 - бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың анықталу облысы мен мәндер жиынын табу;  9.2.4.6 - бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын , бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын түсіндіру;  9.2.4.7 - тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге және көбейтіндісін қосындыға немесе айырымға түрлендіру</p>	
--	--	--	--	--

			<p>формуларын қорытып шығару және қолдану;  9.2.4.8 - тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;</p>	
3-бөлім. Статистика және ықтималдықтар теориясы				
1. Комбинаторика негіздері	7.3.1.	8.3.1.	9.3.1.	
			<p>9.3.1.1 - комбинаториканың ережелерін білу (қосу және көбейту ережелері);  9.3.1.2 - санның факториалы анықтамасын білу;  9.3.1.3 - қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру анықтамаларын білу;  9.3.1.4 - қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формуларын</p>	

			білу; 9.3.1.5 - қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын қолдана отырып есептер шығару; 9.3.1.6 - Ньютон биномы формуласын және оның қасиеттерін білу және қолдану;	
2. Ықтималдық-тартеориясының негіздері	7.3.2.	8.3.2.	9.3.2.	
			9.3.2.1 - оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға, қолайлы нәтижелер, тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар ұғымдарын меңгеру; 9.3.2.2 - элементар және элементар емес оқиғаларды ажырату; 9.3.2.3 -	

			Ықтималдықтың классикалық анықтамасын білу және есептер шығару үшін оны қолдану; 9.3.2.4 - ықтималдықтың статистикалық анықтамасын білу; 9.3.2.5 - геометриялық ықтималдықты есептер шығаруда қолдану;	
3. Статистика және дерек-терді талдау	7.3.3. 7.3.3.1 - басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдарын меңгеру; 7.3.3.2 - нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептеу; 7.3.3.3 - статистикалық деректерді жинау және оны кесте	8.3.3. 8.3.3.1 - таңдама нәтижелерін жиіліктердің интервалдық кестесі арқылы беру; 8.3.3.2 - жиіліктердің интервалдық кестесінің деректерін жиіліктер гистограммасы арқылы беру; 8.3.3.3 - жинақталған жиілік	9.3.3.	



	<p>түрінде көрсету; 7.3.3.4 - таңдаманы жиілік кестесі түрінде көрсету 7.3.3.5 - кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру; 7.3.3.6 - таңдама нәтижесін жиілік алқабы түрінде көрсету; 7.3.3.7 - кесте немесе жиіліктер алқабы түрінде берілген статистикалық ақпаратты талдау;</p>	<p>анықтамасын білу; 8.3.3.4 - статистикалық кестемен, алқаппен, гистограммамен берілген ақпаратты талдау; 8.3.3.5 - дисперсия, стандартты ауытқу анықтамаларын және оларды есептеу формулаларын білу;</p>		
4-бөлім. Математикалық модельдеу мен талдау				
1.Мате-Матика-лық анализ бастамалары	7.4.1.	8.4.1.	9.4.1.	
	<p>7.4.1.1 - функция және функцияның графигі ұғымдарын меңгеру; 7.4.1.2 - функцияның берілу тәсілдерін білу; 7.4.1.3 - функцияның</p>	<p>8.4.1.1 - <math>y = \sqrt{x}</math> функциясының қасиеттерін білу және оның графигін салу; 8.4.1.2 – <math>y = a(x - m)^2</math>, <math>y = ax^2 + n</math> және <math>y = a(x - m)^2 +</math></p>		

	<p>анықталу облысы мен мәндер жиынын табу;  7.4.1.4 - <math>y = kx</math> функциясының анықтамасын білу, графигін салу, <math>k</math> коэффициентіне қатысты орналасуын анықтау;  7.4.1.5 - <math>y = kx + b</math> түріндегі сызықтық функцияның анықтамасын білу, оның графигін салу және графиктің <math>k</math> және <math>b</math> коэффициенттеріне қатысты орналасуын анықтау;  7.4.1.6 - сызықтық функция графигінің координата осьтерімен қиылысу нүктелерін графикті салмай табу;  7.4.1.7 - <math>y = kx + b</math></p>	<p><math>n, a \neq 0</math>, түрдегі квадраттық функциялардың қасиеттерін білу және графиктерін салу;  8.4.1.3 - <math>y = ax^2 + bx + c, a \neq 0</math>, түріндегі квадраттық функцияның қасиеттерін білу және графигін салу;  8.4.1.4 - аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін табу және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу;</p>		
--	--	---	--	--

	<p>сызықтық функциясының графигінен <math>k</math> және <math>b</math> таңбаларын анықтау;</p> <p>7.4.1.8 - сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы олардың коэффициенттеріне тәуелді болатынын негіздеу</p> <p>7.4.1.9 - графигі берілген функцияның графигіне параллель немесе қиятын сызықтық функцияның формуласын табу;</p> <p>7.4.1.10 - <math>y = ax^2</math> (<math>a \neq 0</math>) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p> <p>7.4.1.11 - <math>y = ax^3</math> (<math>a \neq 0</math>) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p>			
--	---	--	--	--

	7.4.1.12 - $y = \frac{k}{x}$ ( $k \neq 0$ ) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;			
2.	7.4.2.	8.4.2.	9.4.2.	
Математикалық модельдеудің көмегі-мен есептер шығару	7.4.2.1 - өте кіші немесе өте үлкен сандармен берілген шамаларға байланысты есептер шығару; 7.4.2.2 - мәтінді есептерді теңдеулер және теңсіздіктер құру арқылы шығару; 7.4.2.3 - шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгертінін бағалау; 7.4.2.4 - екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін	8.4.2.1 - мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.2 - мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.3 қолданбалы есептерді шығару үшін квадраттық функцияны қолдану;	9.4.2.1 - мәтінді есептерді теңдеулер жүйелері арқылы шығару; 9.4.2.2 - геометриялық және арифметикалық прогрессияларға байланысты мәтінді есептерді шығару;	

	графиктік тәсілмен шешу;			
3.	7.4.3.	8.4.3.	9.4.3.	
Математикалық тіл және математикалық модель	7.4.3.1 - есеп шарты бойынша математикалық модель құру;	8.4.3.1 - есеп шарты бойынша математикалық модель құру;	9.4.3.1 - есеп шарты бойынша математикалық модель құру;	
<p>16. Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>17. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.</p>				
<p>Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша</p> <p>Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар</p>				

1) 7-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
5-6-сыныптардағы математика курсы қайталау		
Бүтін көрсеткішті дәреже	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері	7.1.2.1 - натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.2 - санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтау; 7.1.2.15 - натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану; 7.4.2.3 - шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгертінін бағалау;
	Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері	7.1.2.3 - нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.4 - бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету; 7.1.2.6 - көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 7.2.1.1 - санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті

		дәреже қасиеттерін қолдану;		
	Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру	7.1.2.5 - алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолдану; 7.2.3.1 құрамында дәрежесі бар сандар тізбегінің заңдылығын және жетіспейтін мүшелерін анықтау;		
	Санның стандарт түрі	7.1.1.1 - сандарды стандарт түрде жазу; 7.1.2.7 - стандарт түрде жазылған сандарға арифметикалық амалдар қолдану; 7.1.2.8 - стандарт түрде жазылған санның мәнді бөлігін және ретін табу; 7.1.2.9 - стандарт түрде жазылған сандарды салыстыру; 7.1.2.10 - шамаларды бір өлшем бірліктен екінші өлшем бірлікке айналдыру және оны стандарт түрде жазу; 7.1.2.11 - шамалардың жуық мәндерін табу және оларды стандарт түрде жазу; 7.1.2.12 - жуық шамалардың абсолюттік және салыстырмалы қателіктерін есептеу; 7.1.2.13 - калькулятордың көмегімен жуықтап есептеулерді орындау;		
	Мәтінді есептерді шығару	7.4.2.1 - өте кіші немесе өте үлкен сандармен берілген шамаларға		

		байланысты есептер шығару;		
Көпмүшелер	Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану. Бірмүшенің дәрежесі және стандарт түрі	7.2.1.2 - бірмүше анықтамасын білу, оның коэффициенті мен дәрежесін табу; 7.2.1.3 - бірмүшені стандарт түрде жазу; 7.2.1.4 - бірмүшелерді көбейтуді орындау және бірмүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету;		
	Көпмүшелер. Көпмүшенің дәрежесі және стандарт түрі	7.2.1.5 - көпмүше анықтамасын білу және оның дәрежесін табу; 7.2.1.6 - көпмүшені стандарт түрге келтіру -		
	Көпмүшелерге амалдар қолдану	7.2.1.7 - көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау; 7.2.1.8 - көпмүшені бірмүшеге көбейтуді орындау; 7.2.1.9 - көпмүшені көпмүшеге көбейтуді орындау;		
	Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу	7.2.1.12 - алгебралық өрнектерді ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу;		
	Өрнектерді тепе-тең түрлендіру	7.2.1.13 - көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау;		
2-тоқсан				
Функция. Функцияның графигі	Функция және функцияның графигі	7.4.1.1 - функция және функцияның графигі ұғымдарын меңгеру;		



		7.4.1.2 - функцияның берілу тәсілдерін білу; 7.4.1.3 - функцияның анықталу облысы мен мәндер жиынын табу;	
		<p>биіктігінің қасиеттерін дәлелдеу және қолдану;        8.1.3.5 - бұрышты оның синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің белгілі мәні бойынша салу;        8.1.3.6 - тікбұрышты үшбұрышты <math>30^{\circ}</math>, <math>45^{\circ}</math>, <math>60^{\circ}</math> - қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін табу үшін қолдану;        8.1.3.7 - тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін <math>30^{\circ}</math>, <math>45^{\circ}</math>, <math>60^{\circ}</math> - қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін қолдану;        8.1.3.8 - берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табу; 8.1.3.9 көпбұрыш ауданының анықтамасы мен қасиеттерін білу;        8.1.3.10 - тең шамалас және тең құрамдас фигуралардың анықтамаларын білу;        8.1.3.11 - параллелограммның,</p>	<p>қолдану;        9.1.3.8 - іштей сызылған үшбұрыштың ауданын (<math>S = \frac{abc}{4R}</math>, мұндағы <math>a, b, c</math> – үшбұрыштың қабырғалары, <math>R</math> – сырттай сызылған шеңбер радиусы) және сырттай сызылған көпбұрыштың ауданының (<math>S = p \cdot r</math>, мұндағы <math>r</math> – іштей сызылған шеңбер радиусы, <math>p</math> – көпбұрыштың жарты периметрі) формуларын білу және қолдану;        9.1.3.9 - шеңберге іштей немесе сырттай сызылған үшбұрыштардың аудандарын пайдаланып шеңбердің радиусын табу формулаларын білу және қолдану;        9.1.3.10 - синустар және косинустар</p>	<p>27) синус, косинус, тангенс және котангенстің белгілі мәндері бойынша бұрышты салу;        28) кесінді ортасының координаталарын оның ұштарының координаталары бойынша табу;        29) нүктелердің арақашықтығын (кесіндінің ұзындығын) осы нүктелердің координаталары бойынша табу;        30) тікбұрышты координаталар жүйесіндегі екі нүктенің арақашықтығын табу формуласын пайдаланып есептер шешу;        31) центрінің координаталары мен радиусы бойынша шеңбердің теңдеуін жазу;        32) берілген теңдеуі бойынша шеңбердің центрінің координаталары мен радиусын табу;        33) екі нүкте арқылы өтетін немесе координаталық осьтердің біреуіне параллель болатын түзудің теңдеуін табу;        34) түзулердің, түзу мен шеңбердің, екі шеңбердің қиылысу нүктесін табу;        35) берілген элементтері бойынша квадраттың, тіктөртбұрыштың, параллелограммның, үшбұрыштың және трапецияның аудандарын есептеу;        36) тіктөртбұрыштың, квадраттың, үшбұрыштың, параллелограммның және трапецияның аудандарын табу формулаларын қолдану.        14. 10-сынып білім алушылары:        1) бағытталған кесіндінің және вектордың анықтамасын;        2) вектордың ұзындығының, нөлдік</p>
--	--	--	---	--

		<p>ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;        8.1.3.12 - үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;        8.1.3.13 - трапецияның ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;        8.1.3.14 - жазықтықта координаталарымен берілген екі нүктенің арақашықтықтығын есептеу;        8.1.3.15 - кесінді ортасының координаталарын табу;        8.1.3.16 - кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүктенің координаталарын табу;        8.1.3.17 - центрі (a, b), радиусы r болатын шеңбердің теңдеуін <math>(x - a)^2 + (y - b)^2 = r^2</math> білу;        8.1.3.18 - берілген теңдеуі бойынша шеңбер салу;        8.1.3.19 - түзудің жалпы теңдеуін және берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазу: <math>ax + by + c = 0, \frac{x-x_1}{x_2-x_1} = \frac{y-y_1}{y_2-y_1}</math>;</p>	<p>теоремаларын үшбұрыштарды шешуде және қолданбалы есептерді шығаруда қолдану;</p>	<p>вектордың анықтамасын;        3) бірдей және қарама-қарсы бағытталған векторларды, бағытталған кесінділердің және векторлардың теңдігін;        4) нүктеден векторды салу туралы теореманы;        5) векторларды қосу мен азайту амалдарының анықтамаларын;        6) екі векторды қосудың үшбұрыш және параллелограмм ережелерін;        7) үшбұрыш, параллелограмм және көпбұрыш ережелерін қолдану аймағын;        8) векторлардың айырымын салудың әртүрлі тәсілдерін;        9) векторларды қосу амалының қасиеттерін;        10) векторды санға көбейтудің анықтамасын;        11) векторлардың коллинеарлық критерийін;        12) векторды санға көбейтудің қасиеттерін;        13) векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу туралы теореманы;        14) вектордың координаталарының анықтамасын;        15) вектордың координаталарын оның ұштарының координаталары бойынша табу ережесін;        16) координаталары берілген векторлардың теңдігін;        17) координаталары берілген векторларға амалдар қолдану туралы</p>
--	--	---	---	--



		<p>8.1.3.20 - координаталармен берілген қарапайым есептерді шығару ;</p> <p>8.1.3.21 - Пифагор теоремасын пайдаланып, <math>\sin^2\alpha + \cos^2\alpha = 1</math> формуласын қорытып шығару және есептер шешуде қолдану;</p> <p>8.1.3.22 - негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді қорытып шығару және қолдану;</p> <p>8.1.3.23 - <math>\alpha</math> және <math>(90 - \alpha)</math> бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі арасындағы байланыстарды білу және қолдану;</p> <p>8.1.3.24 - <math>\sin \alpha</math>, <math>\cos \alpha</math>, <math>tg \alpha</math> және <math>ctg \alpha</math> мәндерін олардың біреуінің берілген мәні бойынша табу;</p>		<p>теореманы;</p> <p>18) коллинеар векторлардың координаталары арасындағы байланысты;</p> <p>19) вектордың ұзындығын есептеу формуласын;</p> <p>20) екі вектордың арасындағы бұрыштың анықтамасын;</p> <p>21) вектордың координаталарын оның ұзындығы және осы вектормен <math>Ox</math> осі арасындағы бұрышы арқылы өрнектелуін;</p> <p>22) векторлардың скалярлық көбейтіндісінің анықтамасын және қасиеттерін;</p> <p>23) координаталары берілген векторлардың скалярлық көбейтіндісін;</p> <p>24) векторлардың арасындағы бұрыштың косинусының формуласын;</p> <p>25) векторлардың перпендикулярлық шартын;</p> <p>26) тікбұрышты координаталар жүйесінде түзудің әртүрлі берілу тәсілдерін;</p> <p>27) түзудің бұрыштық коэффициентінің анықтамасын;</p> <p>28) түзудің бұрыштық коэффициентінің геометриялық мағынасын;</p> <p>29) түзулердің параллельдік және перпендикулярлық шарттарын;</p> <p>30) екі нүктемен, нүкте және бұрыштық коэффициентімен берілген түзудің теңдеулерін;</p> <p>31) жазықтықтағы қозғалыстың және оның дербес түрлерінің параллель (көшіру, осьтік және центрлік симметриялар, бұру)</p>
4. Век-	7.1.4.	8.1.4.	9.1.4.	

торлар және түрлендірулер			<p>9.1.4.1 - вектордың, коллинеар векторлардың, тең векторлардың, нөлдік вектордың, бірлік вектордың және вектор ұзындығының анықтамаларын білу;</p> <p>9.1.4.2 - векторларды қосу, векторды санға көбейту ережелерін білу және қолдану;</p> <p>9.1.4.3 - векторлардың коллинеарлық шартын қолдану;</p> <p>9.1.4.4 - векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу;</p> <p>9.1.4.5 - екі вектордың арасындағы бұрыштың анықтамасын білу;</p> <p>9.1.4.6 - векторлардың скаляр көбейтіндісін табу;</p> <p>9.1.4.7 - есептерді векторлық әдіспен шешу;</p> <p>9.1.4.8 - қозғалыстың түрлерін,</p>	<p>анықтамаларын;</p> <p>32) фигуралардың теңдігі туралы теореманың тұжырымдамасын;</p> <p>33) гомотетияның анықтамасын және оның қасиеттерін;</p> <p>34) ұқсастық түрлендірудің және ұқсас фигуралардың анықтамасын;</p> <p>35) ұқсас фигуралардың қасиеттерін;</p> <p>36) ұқсастық түрлендірудің қасиеттерінің тұжырымдамасын;</p> <p>37) үшбұрыштар ұқсастығының белгілерін;</p> <p>38) ұқсас фигуралардың аудандарының арасындағы байланысты;</p> <p>39) дөңес көпбұрыштың анықтамасын;</p> <p>40) дөңес <math>n</math>-бұрыштың бұрыштарының қосындысы туралы теореманы;</p> <p>41) іштей сызылған бұрыштың өлшемі туралы теореманы;</p> <p>42) шеңберге іштей және сырттай сызылған төртбұрыштардың қасиеттерін және белгілерін;</p> <p>43) дұрыс көпбұрыштың анықтамасын;</p> <p>44) дұрыс көпбұрыштардың қасиеттерін;</p> <p>45) дұрыс көпбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің бар болуы туралы теореманы;</p> <p>46) іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын дұрыс көпбұрыштың қабырғасы арқылы өрнектейтін формулаларды;</p> <p>47) дұрыс көпбұрыштың ауданын оның</p>
---------------------------	--	--	--	---

			<p>композициясын және олардың қасиеттерін білу;</p> <p>9.1.4.9 - симметрия, параллель көшіру және бұру кезінде фигуралардың бейнелерін салу;</p> <p>9.1.4.10 - жазықтықта түрлендіруді қолдана отырып есептер шығару;</p> <p>9.1.4.11 - гомотетияның анықтамасын және қасиеттерін білу;</p> <p>9.1.4.12 - гомотетия кезінде әртүрлі фигуралардың бейнелерін салу;</p> <p>9.1.4.13 - ұқсас фигуралардың анықтамасын және қасиеттерін білу;</p> <p>9.1.4.14 - үшбұрыштар ұқсастығы белгілерін білу және қолдану;</p> <p>9.1.4.15 - тікбұрышты үшбұрыштардың ұқсастығын білу және қолдану;</p> <p>9.1.4.16 - үшбұрыш</p>	<p>периметрі мен оған іштей сызылған шеңбердің радиусы арқылы өрнектейтін формуланы;</p> <p>48) дұрыс көпбұрыштың ауданын оған сырттай сызылған шеңбердің радиусы арқылы өрнектейтін формуланы;</p> <p>49) кейбір дұрыс көпбұрыштарды салуды;</p> <p>50) косинустар теоремасын;</p> <p>51) синустар теоремасын;</p> <p>52) үшбұрыштың бұрыштарының косинустарын оның қабырғалары арқылы өрнектейтін формуланы;</p> <p>53) бұрыштың (доғаның) градустық және радиандық өлшемдерінің арасындағы байланысты;</p> <p>54) доға ұзындығының оның градустық және радиандық өлшемдері арқылы өрнектелуін;</p> <p>55) <math>\pi</math> санының үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен алынған жуық мәнін;</p> <p>56) шеңбердің ұзындығын оның радиусы және диаметрі арқылы өрнектейтін формулаларды;</p> <p>57) доға ұзындығының формуласын;</p> <p>58) бұрыштың градустық өлшемін радианға көшіру ережесін;</p> <p>59) бұрыштың радиандық өлшемін градусқа көшіру ережесін;</p> <p>60) дөңгелектің және сектордың аудандарының формулаларын;</p> <p>61) сегменттің ауданын есептеу ережесін;</p> <p>62) стереометрия аксиомаларын және</p>
--	--	--	---	---

		<p>биссектрисасының қасиетін білу және қолдану;  9.1.4.17 - ұқсас фигуралардың аудандары және ұқсастық коэффициенті арасындағы тәуелділік формуласын білу  9.1.4.18 - дұрыс көрбұрыштардың симметрияларын білу;  9.1.4.19 - есептер шығаруда векторларды қолдану.</p>	<p>олардың қарапайым салдарларын;  63) түзулердің, түзу мен жазықтықтың, екі жазықтықтың өзара орналасуының түрлерін;  64) кеңістіктегі параллель түзулердің қасиеттерін;  65) параллель жазықтықтардың анықтамасын;  66) түзу мен жазықтықтың параллельдігінің анықтамасын;  67) түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрыштың анықтамасын;  68) түзулердің, түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығының анықтамасын біледі.  15. 10-сынып білім алушылары келесі біліктерді қолданады:  1) қоршаған әлемдегі заттарды суреттеуде геометриялық тілді пайдалану;  2) талдау жүргізу, салыстыру, жалпылау, нақтылау, аналогияны қолдану, ой қорыта білу;  3) сызу құралдарымен жұмыс істеу;  4) жазық және кеңістіктік геометриялық фигураларды кескіндеу;  5) есептің шарты бойынша сызбаларды орындау;  6) фигураларды түрлендіру;  7) сызбалардан геометриялық фигураларды танып білу, олардың өзара орналасуын ажырата білу;  8) қоршаған әлемдегі геометриялық фигураларды танып білу;  9) дөңес және дөңес емес көпбұрыштарды ажырата білу;</p>
<p>12. Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.  13. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.</p>			

- 10) векторларға амалдар қолдану, вектордың ұзындығын және координаталарын, векторлардың арасындағы бұрышты есептеу;
- 11) геометриялық шамалардың (ұзындықтар, бұрыштар, аудандар) мәндерін есептеу;
- 12) фигуралардың оқып игерілген қасиеттеріне және олардың арасындағы қатынастарға сүйеніп және қосымша салуларды, алгебралық және тригонометриялық аппаратты, симметрия түсінігін қолдана отырып, геометриялық есептерді шешу;
- 13) жазық және кеңістіктік фигураларды ажырата білу;
- 14) векторларды суретте кескіндеу және белгілеу немесе жазылудан вектордың басы мен ұшын ажырата білу;
- 15) жазықтықтағы екі және бірнеше векторлардың қосындысын табу;
- 16) суретте екі вектордың қосындысы мен айырымын геометриялық түрде кескіндей білу;
- 17) векторлардың қосындысын табу үшін үшбұрыш, параллелограм және көпбұрыштар ережелерін қолдану;
- 18) вектордың санға көбейтіндісін табу;
- 19) коллинеар векторларды ажырата білу;
- 20) векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу;
- 21) векторлардың жіктелуін суретте кескіндеу;
- 22) векторды екі коллинеар емес

	<p>векторлар бойынша жіктеуге арналған есептерді шешу;</p> <p>23) вектордың координаталарын оның басы мен ұшының координаталары бойынша табу;</p> <p>24) бірнеше векторлардың қосындысының (айырымының) және вектордың санға көбейтіндісінің координаталарын табу;</p> <p>25) есептерді шешуде координаталары берілген векторлардың теңдігі мен коллинеарлық шарттарын пайдалану;</p> <p>26) координаталары бойынша вектордың ұзындығын табу;</p> <p>27) векторлардың скалярлық көбейтіндісін табу;</p> <p>28) координаталары берілген векторлардың скалярлық көбейтіндісін табу;</p> <p>29) векторлардың арасындағы бұрыштың косинусын табу;</p> <p>30) есептеуге және дәлелдеуге арналған есептерді шешуде векторлардың скалярлық көбейтіндісін пайдалану;</p> <p>31) екі нүктемен, нүкте және бұрыштық коэффициентімен берілген түзудің теңдеулерін табу;</p> <p>32) түзудің бұрыштық коэффициентін табу;</p> <p>33) геометриялық есептерді шешуде түзулердің параллельдік және перпендикулярлық шарттарын пайдалану;</p> <p>34) осьтік және центрлік симметриялар, параллель көшіру, бұру кезіндегі</p>
--	---

фигуралардың бейнелерін салу;  
35) гомотетия кезіндегі әртүрлі фигуралардың бейнелерін салу;  
36) ұқсас үшбұрыштардың сәйкес элементтерін табу;  
37) үшбұрыштардың ұқсастық коэффициентін табу;  
38) есептерді шешуде үшбұрыштар ұқсастығының белгілерін пайдалану;  
39) ұқсас фигуралардың аудандарының арасындағы қатынасты қолдану;  
40) дұрыс көпбұрыштың төбесіндегі бұрыштарды табу;  
41) дөңес  $n$ -бұрыштың бұрыштарының қосындысын және дұрыс  $n$ -бұрыштың бұрыштарын, бұрыштарының қосындысы бойынша дұрыс көпбұрыштың қабырғаларының санын табу;  
42) центрлік және іштей сызылған бұрыштарды суретте кескіндей және таба білу;  
43) есептерді шешуде центрлік және іштей сызылған бұрыштардың қасиеттерін қолдану;  
44) дұрыс көпбұрыштың қабырғасын және ауданын оған іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустары арқылы өрнектеу;  
45) үшбұрыштың элементтерін табу үшін синустар және косинустар теоремаларын қолдану;  
46) геометриялық есептерді шешуде тригонометрияны қолдану;

	<p>47) шеңбердің ұзындығын және доғаның ұзындығын табу;</p> <p>48) доғаның және бұрыштың градустық өлшемін радианға және керісінше көшіруді орындау;</p> <p>49) дөңгелектің ауданын радиусы және диаметрі бойынша табу;</p> <p>50) центрлік бұрышы градуспен немесе радианмен өлшенген сектордың ауданын, сегменттің ауданын табу;</p> <p>51) негізгі кеңістіктік фигураларды кескіндеу;</p> <p>52) түзулердің және жазықтықтардың өзара орналасуын сызбаларда көрнекі түрде бейнелеу;</p> <p>53) призманың, пирмиданың, цилиндрдің, конустың, шардың кескіндерін салу.</p>									
<p>Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша</p> <p>Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Геометрия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар</p> <p>1) 7-сынып</p> <table border="1" data-bbox="147 1300 1265 1450"> <thead> <tr> <th data-bbox="147 1300 448 1380">Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</th> <th data-bbox="448 1300 844 1380">Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны</th> <th data-bbox="844 1300 1265 1380">Оқыту мақсаттары</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="147 1380 448 1417">1-тоқсан</td> <td data-bbox="448 1380 844 1417"></td> <td data-bbox="844 1380 1265 1417"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="147 1417 448 1450">Геометрияның</td> <td data-bbox="448 1417 844 1450">Геометрияның негізгі</td> <td data-bbox="844 1417 1265 1450">7.1.1.1 - планиметрияның</td> </tr> </tbody> </table>	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары	1-тоқсан			Геометрияның	Геометрияның негізгі	7.1.1.1 - планиметрияның	
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары								
1-тоқсан										
Геометрияның	Геометрияның негізгі	7.1.1.1 - планиметрияның								



<p>алғашқы мәліметтері</p>	<p>ұғымдары. Аксиома. Теорема</p>	<p>негізгі фигураларын білу: нүкте, түзу; 7.1.1.5 - кесінді, сәуле, бұрыш, үшбұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын білу; 7.1.1.2 - нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.3 - аксиоманың теоремадан айырмашылығын түсіну: теореманың шарты мен қорытындысын ажырату; 7.1.2.1 - нүктелердің түзу мен жазықтықта орналасу аксиомаларын білу және қолдану (реттік аксиомасы); 7.1.1.6 - кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.8 - кесінділер мен бұрыштарды салу аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.11 - берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың бар болуы аксиомасын білу; 7.1.2.2 - түзулердің параллельдік аксиомасын</p>		
--------------------------------	---------------------------------------	---	--	--

		білу;		
	Фигуралар теңдігі	7.1.1.7 - тең фигуралардың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану;		
	Теореманы дәлелдеу әдістері: тура дәлелдеу және «кері жору» әдісі	7.1.1.4 - теоремаларды дәлелдеу әдістерін білу: тура дәлелдеу және «кері жору» әдістері		
	Сыбайлас және вертикаль бұрыштар, олардың қасиеттері	7.1.1.9 - сыбайлас және вертикаль бұрыштардың анықтамаларын білу; 7.1.1.10 - сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.32 - перпендикуляр ұғымын біледі;		
2-тоқсан				
Үшбұрыштар	Үшбұрыш және оның түрлері	7.1.1.13 - үшбұрыштардың түрлерін ажырату;		
	Үшбұрыштың биссектрисы, медианасы, биіктігі және орта сызығы	7.1.1.14 - теңқабырғалы, теңбүйірлі, тікбұрышты үшбұрыштардың элементтерін білу; 7.1.1.12 - үшбұрыштың медианасы, биссектрисасы, биіктігі, орта перпендикулярлары, орта сызығы анықтамаларын білу және оларды салу; 7.1.1.15 - сүйір бұрышты, доғал бұрышты және тікбұрышты		

		үшбұрыштардың биіктіктерінің орналасуын салыстыру;		
	Үшбұрыштар теңдігінің белгілері	7.1.1.21 - үшбұрыштар теңдігінің белгілерін білу және дәлелдеу; 7.1.1.22 - үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығару мен дәлелдеулерде қолдану;		
	Теңбүйірлі үшбұрыш, оның қасиеттері және белгілері	7.1.1.23 - теңбүйірлі үшбұрыштың белгілері мен қасиеттерін қолдану; 7.1.1.24 - теңқабырғалы үшбұрыштың қасиеттерін есептер шығаруда қолдану;		
3-тоқсан				
Түзулердің өзара орналасуы	Параллель түзулер, олардың белгілері және қасиеттері	7.1.2.3 - екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштарды танып білу; 7.1.2.4 - түзулердің параллельдік белгілерін дәлелдеу; 7.1.2.5 - түзулердің параллельдік белгілерін есептер шығаруда қолдану; 7.1.2.6 - параллель түзулердің қасиеттерін дәлелдеу; 7.1.2.7 - параллель түзулердің қасиеттерін есептер шығаруда қолдану;		

	<p>Үшбұрыш бұрыштарының қосындысы. Үшбұрыштың сыртқы бұрышы</p>	<p>7.1.1.16 - үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарларын дәлелдеу; 7.1.1.17 - үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарларын есептер шығаруда қолдану; 7.1.1.18 - үшбұрыштың сыртқы бұрышының анықтамасын білу және үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы дәлелдеу; 7.1.1.19 - үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы қолдану;</p>		
	<p>Үшбұрыш теңсіздігі</p>	<p>7.1.1.20 - үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғалары арасындағы қатысты білу және есептер шығаруда қолдану; 7.1.3.1 - үшбұрыш теңсіздігін білу және қолдану;</p>		
	<p>Тікбұрышты үшбұрыштардың теңдігінің белгілері. Тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттері</p>	<p>7.1.1.25 - тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін дәлелдеу; 7.1.1.26 - тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер</p>		

		шығаруда қолдану; 7.1.1.27 - тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттерін қолдану;		
	Перпендикуляр түзулер. Перпендикуляр, көлбеу және оның проекциясы	7.1.2.8 - перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы ұғымдарын меңгеру; 7.1.2.9 - нүктеден түзуге түсірілген перпендикулярдың біреу ғана болуы туралы теореманы дәлелдеу және қолдану; 7.1.2.10 - перпендикуляр түзулердің қасиеттерін білу және қолдану;		
4-тоқсан				
Шеңбер. Геометриялық салулар	Шеңбер, дөңгелек, олардың элементтері мен бөліктері. Центрлік бұрыш	7.1.1.31 - нүктелердің геометриялық орнының анықтамасын білу; 7.1.1.28 - шеңбер мен дөңгелектің және олардың элементтерінің (центр, радиус, диаметр, хорда) анықтамаларын білу; 7.1.1.29 - центрлік бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану; 7.1.1.30 - шеңбер диаметрі мен хордасының перпендикулярлығы туралы		

		теоремаларды дәлелдеу және қолдану;		
	Түзу мен шеңбердің өзара орналасуы. Екі шеңбердің өзара орналасуы	7.1.2.12 - түзу мен шеңбердің, екі шеңбердің өзара орналасу жағдайларын талдау;		
	Шеңберге жүргізілген жанама. Шеңберге жүргізілген жанамалардың қасиеттері	7.1.2.11 - шеңберге жүргізілген жанама мен қиюшының анықтамаларын білу; 7.1.2.13 - есептер шығаруда шеңбер жанамасының қасиеттерін білу және қолдану;		
	Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер	7.1.2.14 - үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің анықтамаларын білу; 7.1.2.15 - үшбұрышқа сырттай және іштей сызылған шеңберлердің центрлерінің орналасуын түсіндіру;		
	Салу есептері	7.1.2.16 - берілген бұрышқа тең бұрыш салу, бұрыштың биссектрисасын салу, кесіндіні қақ бөлу; 7.1.2.17 - кесіндінің орта перпендикулярын және берілген түзуге перпендикуляр түзу салу; 7.1.2.18 - берілген элементтері бойынша		

		үшбұрыш салу;		
7-сыныптағы геометрия курсын қайталау				
2) 8-сынып				
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары		
1-тоқсан				
7-сыныптағы геометрия курсын қайталау				
Көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу	Көпбұрыш. Дөңес көпбұрыш	8.1.1.1 - көпбұрыш, дөңес көпбұрыш, көпбұрыш элементтері анықтамаларын білу; 8.1.1.2 - көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындыларының және сыртқы бұрыштарының қосындыларының формулаларын қорытып шығару;		
	Параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, шаршы және олардың қасиеттері мен белгілері	8.1.1.3 - параллелограмм анықтамасын білу; 8.1.1.4 - параллелограмм қасиеттерін қорытып шығару және қолдану; 8.1.1.5 - параллелограмм белгілерін қорытып шығару және қолдану; 8.1.1.6 - тіктөртбұрыш, ромб, шаршы анықтамаларын білу және олардың қасиеттері мен белгілерін қорытып шығару;		

	Фалес теоремасы. Пропорционал кесінділер	8.1.1.7 - Фалес теоремасын білу және қолдану; 8.1.1.8 - пропорционал кесінділер туралы теоремаларды білу және қолдану; 8.1.1.9 - циркуль мен сызғыштың көмегімен кесіндіні бірдей $n$ бөлікке бөлу; 8.1.1.10 - пропорционал кесінділерді салу;		
	Трапеция, оның түрлері мен қасиеттері. Трапеция мен үшбұрыштың орта сызықтары	8.1.1.11 - трапецияның анықтамасын, түрлерін және қасиеттерін білу; 8.1.1.12 - үшбұрыштың орта сызығының қасиетін дәлелдеу және қолдану; 8.1.1.13 - трапецияның орта сызығының қасиетін дәлелдеу және қолдану.		
	Үшбұрыштың тамаша нүктелері	8.1.3.1 - үшбұрыштың қабырғаларына жүргізілген медианалар, биссектрисалар, биіктіктер және орта перпендикулярлар қасиеттерін білу және қолдану;		
2-тоқсан				
Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен	Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрыштарының	8.1.3.2 - бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің тікбұрышты		



бұрыштары арасындағы қатыстар	тригонометриялық функциялары. Пифагор теоремасы	үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының қатыстары арқылы берілген анықтамаларын білу; 8.1.3.3 - Пифагор теоремасын дәлелдеу және қолдану; 8.1.3.4 - тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрышының төбесінен гипотенузасына түсірілген биіктігінің қасиеттерін дәлелдеу және қолдану;		
	Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер	8.1.3.21 - Пифагор теоремасын пайдаланып, $\sin^2\alpha + \cos^2\alpha = 1$ формуласын қорытып шығару және есептер шешуде қолдану; 8.1.3.22 - негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді қорытып шығару және қолдану; 8.1.3.23 - $\alpha$ және $(90 - \alpha)$ бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі арасындағы байланыстарды білу және қолдану 8.1.3.24 - $\sin \alpha$ , $\cos \alpha$ , $tg \alpha$ және $ctg \alpha$ мәндерін олардың біреуінің 8.1.3.5 - бұрышты оның		

		синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің белгілі мәні бойынша салу;		
	Тікбұрышты үшбұрыштарды шешу	8.1.3.6 - тікбұрышты үшбұрышты $30^{\circ}$ , $45^{\circ}$ , $60^{\circ}$ - қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін табу үшін қолдану; 8.1.3.7 - тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін $30^{\circ}$ , $45^{\circ}$ , $60^{\circ}$ - қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін қолдану; 8.1.3.8 - берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табу;		
3-тоқсан				
Аудан	Фигураның ауданы және оның қасиеттері	8.1.3.9 - көпбұрыш ауданының анықтамасы мен қасиеттерін білу; 8.1.3.10 - тең шамалас және тең құрамдас фигуралардың анықтамаларын білу;		
	Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары	8.1.3.11 - параллелограммның, ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;		

		8.1.3.12 - үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану; 8.1.3.13 - трапецияның ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;		
4-тоқсан				
Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі	Жазықтықтағы координаталар әдісі	8.1.3.14 - жазықтықта координаталарымен берілген екі нүктенің арақашықтықтығын есептеу; 8.1.3.15 - кесінді ортасының координаталарын табу; 8.1.3.16 - кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүктенің координаталарын табу; 8.1.3.17 - центрі (a, b), радиусы r болатын шеңбердің теңдеуін $(x - a)^2 + (y - b)^2 = r^2$ білу; 8.1.3.18 - берілген теңдеуі бойынша шеңбер салу; 8.1.3.19 - түзудің жалпы теңдеуін және берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазу: $ax + by + c = 0$ , $\frac{x-x_1}{x_2-x_1} = \frac{y-y_1}{y_2-y_1}$ ;		
	Мәтін есептерді шығару	8.1.3.20 - координаталармен берілген қарапайым		

		есептерді шығару ;		
8-сыныптағы геометрия курсы қайталау				
3) 9-сынып				
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары		
1-тоқсан				
8-сыныптағы геометрия курсы қайталау				
Жазықтықтағы векторлар	Вектор. Векторларға амалдар қолдану. Коллинеар және коллинеар емес векторлар	9.1.4.1 - вектордың, коллинеар векторлардың, тең векторлардың, нөлдік вектордың, бірлік вектордың және вектор ұзындығының анықтамаларын білу; 9.1.4.2 - векторларды қосу, векторды санға көбейту ережелерін білу және қолдану; 9.1.4.4 - векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу; 9.1.4.5 - екі вектордың арасындағы бұрыштың анықтамасын білу; 9.1.4.6 - векторлардың скаляр көбейтіндісін табу; 9.1.4.7 - есептерді векторлық әдіспен шешу;		
	Вектордың координаталары. Координаталық түрде берілген	9.1.3.1 - вектордың координаталарын табу; 9.1.3.2 - вектордың ұзындығын табу;		

	векторларға амалдар қолдану	9.1.4.3 - векторлардың коллинеарлық шартын қолдану; 9.1.3.3 - координаталарымен берілген векторларға амалдар қолдану; 9.1.3.4 - векторлардың скаляр көбейтіндісін және оның қасиеттерін білу және қолдану; 9.1.3.5 - векторлар арасындағы бұрышты есептеу;		
	Есептерді шешуде векторларды қолдану	9.1.4.19 - векторды есептер шығаруда қолдану;;		
2-тоқсан				
Жазықтықтағы түрлендірулер	Қозғалыс және оның қасиеттері	9.1.4.8 - қозғалыстың түрлерін, композициясын және олардың қасиеттерін білу; 9.1.4.9 - симметрия, параллель көшіру және бұру кезінде фигуралардың бейнелерін салу; 9.1.4.10 - жазықтықта түрлендіруді қолдана отырып есептер шығару;		
	Гомотетия және оның қасиеттері	9.1.4.11 - гомотетияның анықтамасын және қасиеттерін білу; 9.1.4.12 - гомотетия кезінде әртүрлі фигуралардың бейнелерін салу;		
	Ұқсас фигуралар және олардың қасиеттері. Үшбұрыштар	9.1.4.13 - ұқсас фигуралардың анықтамасын және қасиеттерін білу; 9.1.4.14 - үшбұрыштар ұқсастығы белгілерін білу және қолдану;		

	ұқсастығының белгілері	<p>9.1.4.15 - тікбұрышты үшбұрыштардың ұқсастығын білу және қолдану;</p> <p>9.1.4.16 - үшбұрыш биссектрисасының қасиетін білу және қолдану;</p> <p>9.1.4.17 - ұқсас фигуралардың аудандары және ұқсастық коэффициенті арасындағы тәуелділік формуласын білу;</p>		
3-тоқсан				
Үшбұрыштарды шешу	Үшбұрыштарды шешу	<p>9.1.3.6 - косинустар теоремасын білу және қолдану;</p> <p>9.1.3.7 - синустар теоремасын білу және қолдану;</p> <p>9.1.2.3 - дұрыс көпбұрыштарды салу;</p> <p>9.1.3.8 - іштей сызылған үшбұрыштың ауданын (<math>S = \frac{abc}{4R}</math>, мұндағы <math>a, b, c</math> – үшбұрыштың қабырғалары, <math>R</math> – сырттай сызылған шеңбер радиусы) және сырттай сызылған көпбұрыштың ауданының (<math>S = p \cdot r</math>, мұндағы <math>r</math> – іштей сызылған шеңбер радиусы, <math>p</math> – көпбұрыштың жарты периметрі) формуларын білу және қолдану;</p> <p>9.1.3.9 - шеңберге іштей немесе сырттай сызылған үшбұрыштардың аудандарын пайдаланып шеңбердің радиусын табу формулаларын білу</p>		

		және қолдану; 9.1.3.10 - синустар және косинустар теоремаларын үшбұрыштарды шешуде және қолданбалы есептерді шығаруда қолдану;		
4-тоқсан				
Шеңбер. Көпбұрыштар	Шеңбер және дөңгелек. Доғаның ұзындығы. Дөңгелек, сектор және сегменттің аудандары	9.1.1.1 - доға ұзындығының формуласын қорытып шығару және қолдану; 9.1.1.2 - сектор мен сегмент ауданының формулаларын қорытып шығару және қолдану; 9.1.1.3 - іштей сызылған бұрыш анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 9.1.1.4 - дөңгелектегі кесінділердің пропорционалдылығы туралы теоремаларды білу және қолдану;		
	Дұрыс көпбұрыштар, олардың қасиеттері және симметриялары	9.1.2.1 - шеңберге іштей және сырттай сызылған төртбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін білу және қолдану; 9.1.2.2 - дұрыс көпбұрыштардың анықтамасын және қасиеттерін білу; 9.1.2.4 - дұрыс көпбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустары арасындағы байланысты білу және қолдану; 9.1.2.5 - дұрыс көпбұрыштың қабырғаларын, периметрін, ауданын және оған іштей және сырттай		

		сызылған шеңберлердің радиустарын байланыстыратын формулаларды білу және қолдану; 9.1.2.6 - үшбұрыш медианаларының қасиеттерін білу және қолдану; 9.1.4.18 - дұрыс көрбұрыштардың симметрияларын білу		
7-9-сыныптардағы геометрия курсы қайталау				

**«Информатика» оқу пәнінің бағдарламасы бойынша салыстырмалы кесте**

Қолданыстағы оқу бағдарламасы (11 жылдық)	Ұсынылып отырған оқу бағдарламасы (12 жылдық)
<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына 9-қосымша</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 34-қосымша</p>	ЖОБА
Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұн бойынша үлгілік оқу бағдарламасы	Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-10-сыныптарына арналған "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұн бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
1- тарау. Жалпы ережелер	1- тарау. Жалпы ережелер 1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға



1. Оқу бағдарламасы "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 тіркелген).

2. "Информатика" оқу пәнін оқыту мақсаты білім алушыларды заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін базалық білім, білік және дағдылармен қамтамасыз ету болып табылады.

3. Негізгі міндеттер:

- 1) білім алушыларда ақпараттық процестердің қоғамдағы түсінігін, ақпараттық технологияларды адам іс-әрекетінің әр түрлі салаларында пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективаларын түсінуді қалыптастыру;
- 2) ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде, оқуда және келешек еңбек іс-әрекетінде тиімді пайдалану біліктерін дамыту;
- 3) білім алушыларды жүйелерді талдау, шешімдерді әзірлеу, программалық қосымшаларды жасау, өздерінің өнімдерін бағалау үшін компьютермен жұмыс істеудің базалық қағидаларды түсінуін қамтамасыз ету;
- 4) талдау, абстракциялау, модельдеу және программалау арқылы түрлі тапсырмалар шеше білуді дамыту;
- 5) білім алушылардың бойынша жалпылау және ұқсастық, есепті құрамдас бөліктерге бөлу және жалпы заңдылықтарды айқындау, қойылған міндеттерді шешудің тиімді және ұтымды тәсілдерін іздеу қабілеттілігін қамтитын логикалық, алгоритмдік, сондай-ақ есептеу ойлауын дамыту;
- 6) білім алушылардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру – жалпы қабылданған қағидаларды сақтау, жеке адамның және бүкіл қазақстандық қоғам мүдделерін ескеру;
- 7) білім алушылардың академиялық тілді меңгеруіне және пән бойынша ұғымдық аппаратты байытуына ықпал ету.

міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ... жылғы ... № ... бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ... тіркелген).

2. "Информатика" оқу пәнін оқыту мақсаты білім алушыларды ақпаратпен жұмыс істеудің, жалпы оқу және жалпы мәдениеттілік негіздерін қалыптастыру, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгеру, заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін базалық білім, білік және дағдылармен қамтамасыз ету болып табылады.

3. Негізгі міндеттер:

- 1) білім алушыларда ақпараттық процестердің қоғамдағы түсінігін, ақпараттық технологияларды адам іс-әрекетінің әр түрлі салаларында пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективаларын түсінуді қалыптастыру;
- 2) ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде, оқуда және келешек еңбек іс-әрекетінде тиімді пайдалану

	<p>біліктерін дамыту;</p> <p>3) білім алушыларды жүйелерді талдау, шешімдерді әзірлеу, программалық қосымшаларды жасау, өздерінің өнімдерін бағалау үшін компьютермен жұмыс істеудің базалық қағидаларды түсінуін қамтамасыз ету;</p> <p>4) талдау, абстракциялау, модельдеу және программалау арқылы түрлі тапсырмалар шеше білуді дамыту;</p> <p>5) білім алушылардың бойынша жалпылау және ұқсастық, есепті құрамдас бөліктерге бөлу және жалпы заңдылықтарды айқындау, қойылған міндеттерді шешудің тиімді және ұтымды тәсілдерін іздеу қабілеттілігін қамтитын логикалық, алгоритмдік, сондай-ақ есептеу ойлауын дамыту;</p> <p>6) білім алушылардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру – жалпы қабылданған қағидаларды сақтау, жеке адамның және бүкіл қазақстандық қоғам мүдделерін ескеру;</p> <p>7) білім алушылардың академиялық тілді меңгеруіне және пән бойынша ұғымдық аппаратты байытуына ықпал ету.</p>
<p>2-тарау. "Информатика" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру</p> <p>4. "Информатика" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:</p> <p>1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;</p> <p>2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;</p> <p>3) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;</p>	<p>2-тарау. "Информатика" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру</p> <p>4. "Информатика" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:</p> <p>1) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу</p>

<p>4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;  5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.  Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген)  5. Оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттары көрсетілетін бөлімшелерге бөлінген: дағды немесе білік, білім немесе түсінік.  6. "Информатика" пәні бойынша бағдарламаның мазмұны 4 бөлімді қамтиды:  1) компьютерлік жүйелер;  2) ақпараттық процестер;  3) компьютерлік ойлау;  4) денсаулық және қауіпсіздік.  7. "Компьютерлік жүйелер" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:  1) компьютердің құрылғылары;  2) бағдарламалық қамтамасыз ету;  3) компьютерлік желілер.  8. "Ақпараттық процестер" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:  1) ақпаратты өлшеу мен ұсыну;  2) ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру.  9. "Компьютерлік ойлау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:  1) модельдеу;  2) алгоритмдер;  3) программалау;  4) робототехника.  10. "Денсаулық және қауіпсіздік" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:  1) эргономика;  2) ақпараттық қауіпсіздік.</p>	<p>жылында 34 сағатты;  2) 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;  3) 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;  4) 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;  5) 10-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.  5. Оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттары көрсетілетін бөлімшелерге бөлінген: дағды немесе білік, білім немесе түсінік.  6. "Информатика" пәні бойынша бағдарламаның мазмұны 4 бөлімді қамтиды:  1) компьютерлік жүйелер;  2) ақпараттық процестер;  3) компьютерлік ойлау;  4) денсаулық және қауіпсіздік.  7. "Компьютерлік жүйелер" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:  1) компьютердің құрылғылары;  2) бағдарламалық қамтамасыз ету;  3) компьютерлік желілер.  8. "Ақпараттық процестер" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:  1) ақпаратты өлшеу мен ұсыну;  2) ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру.</p>
--	--

	<p>9. "Компьютерлік ойлау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) модельдеу;</li> <li>2) алгоритмдер;</li> <li>3) программалау;</li> <li>4) робототехника.</li> </ol> <p>10. "Денсаулық және қауіпсіздік" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) эргономика;</li> <li>2) ақпараттық қауіпсіздік.</li> </ol>
<p>11. 5-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) "Компьютердің құрылғылары". Ақпараттың цифрлық тасымалдаушылары;</li> <li>2) "Компьютерлік желілер". Ортақ файлдармен жұмыс (орналастыру, редакциялау, жүктеу);</li> <li>3) "Ақпаратты ұсыну және өлшеу". Ақпаратты әртүрлі нысандарда ұсыну. Байланыс арналары, ақпарат көздері және қабылдағыштары. Мәтіндік ақпаратты кодтау. Ақпараттың екілік көрінісі;</li> <li>4) "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру". Мәтіндік редактор: беттің параметрлері, алдын ала қарау. Компьютерлік графика: растрлық кескіндерді жасау және өңдеу, векторлық суреттер жасау және өңдеу, растрлық және векторлық графиканың артықшылықтары мен кемшіліктері;</li> <li>5) "Программалау". Роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау. Роботты көрсетілген градусқа бұру. Робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигі. Объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчик;</li> <li>6) "Робототехника". Роботты анықтау. Робот түрлерінің үлгілері және оларды қолдану салалары. Робототехника саласындағы адамзаттың техникалық жетістіктерінің мысалдары. Гироскопиялық датчик, жұмыс істеу принципі;</li> <li>7) "Эргономика". Қауіпсіздік техникасының ережелері.</li> <li>8) "Ақпараттық қауіпсіздік". Біреудің жұмысын көшірудің заңсыздығы. Құжаттарға арналған пароль.</li> </ol>	
<p>12. 6-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) "Компьютердің құрылғылары". Есептеу техникасының даму тарихы. Компьютерлік негізгі құрылғылардың әрекеттестігі;</li> </ol>	<p>12. 6-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:</p>

<p>2) "Программалық қамтамасыз ету". Операциялық жүйелердің негізгі функциялары. IDE (ай ди и) (Integrated Development Environment (интегрейтед девелопмент энвайронмент)) интерфейсiнiң мүмкiндiктерi;</p> <p>3) "Компьютерлiк желiлер". Сымсыз байланыстың артықшылықтары;</p> <p>4) "Ақпараттық объектiлердi құру және түрлендiру". Мәтiндiк құжаттардағы сiлтемелердi ұйымдастыру. Сiлтемелер. Гиперсiлтемелер. Мазмұны. Реферат құру;</p> <p>5) "Модельдеу". 3D-модельдер қолдану мысалдары. 3D-редактордың мүмкiндiктерi. 3D-редакторының графикалық примитивтердi құруға арналған құралдары. Айналу денелерiн құру және түрлендiру. 3D-редактордағы объектiлердiң модельдерi. Басып шығару үшiн 3D-үлгiнi экспорттау. 3D-баспаны баптау;</p> <p>6) "Алгоритмдер". Python (пайтон) тiлiндегi сызықтық алгоритмдер.</p> <p>7) "Программалау". Бағдарламалау тiлiннiң алфавитi және синтаксисi. Мәлiметтер типтерi;</p> <p>8) "Эргономика". Эргономика мiндеттерi (барынша жайлылық пен тиiмдiлiк үшiн);</p> <p>9) "Ақпараттық қауiпсiздiк". Интернетке тәуелдiлiктiң проблемалары. "Авторлық құқық", "плагиат" ұғымдары. Авторға сiлтеме жасайтын ақпаратты сақтау.</p>	<p>1) "Компьютердiң құрылғылары". Есептеу техникасының даму тарихы. Компьютерлiк негiзгi құрылғылардың әрекеттестiгi; Компьютердiң жады түрлерi (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы жады, кеш-жады); Процессор және оның негiзгi сипаттамалары; Мақсатына байланысты компьютердiң аппараттық конфигурациясын таңдау;</p> <p>2) "Программалық қамтамасыз ету". Операциялық жүйелердiң негiзгi функциялары. IDE (ай ди и) (Integrated Development Environment (интегрейтед девелопмент энвайронмент)) интерфейсiнiң мүмкiндiктерi;</p> <p>3) "Эргономика". Эргономика мiндеттерi (барынша жайлылық пен тиiмдiлiк үшiн);</p> <p>4) "Компьютерлiк желiлер". Сымсыз байланыстың артықшылықтары;</p>
<p>13. 7-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық бiлiм мазмұны келесi бөлiмшелердi қамтиды:</p> <p>1) "Компьютердiң құрылғылары". Компьютердiң жады түрлерi (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы жады, кеш-жады);</p> <p>2) "Программалық қамтамасыз ету". Бiрдей ақпаратты сақтайтын түрлi форматтағы файлдардың өлшемдерiн салыстыру. Ақпаратты қысу, архиватор-бағдарламалар. Мұрағаттарды құру және ашу;</p> <p>3) "Компьютерлiк желiлер". Компьютерлiк желiнiң мақсаты, жiктелуi (ауқымы бойынша, топологиясы бойынша, тиiстiлiгi бойынша);</p> <p>4) "Ақпаратты ұсыну және өлшеу". Ақпаратты өлшеу бiрлiктерi, ақпаратты бiр өлшем бiрлiгiнен басқаға аудару;</p>	<p>13. 7-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық бiлiм мазмұны келесi бөлiмшелердi қамтиды:</p> <p>1) «Компьютердiң құрылғылары». Процессор және оның сипаттамасы, Компьютердiң конфигурациясы; Компьютер құнын есептеу;</p> <p>2) "Алгоритмдер". Python (пайтон) тiлiндегi сызықтық алгоритмдер; Салынған және құрамдас шарттарды;</p>

<p>5) "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру". Мәтіндік процессордағы кестелерді жасау, өңдеу және пішімдеу. Электрондық кестелер, электрондық кестенің негізгі ұғымдары. Деректерді енгізу, редакциялау және пішімдеу, маркер толтыру. Деректер типтері. Формулалар енгізу. Шартты пішімдеу. Диаграммаларды құру;</p> <p>6) "Алгоритмдер". Салынған және құрамдас шарттарды, тармақталған алгоритмдерді программалау;</p> <p>7) "Программалау". Файлдарды оқу және жазу;</p> <p>8) "Ақпараттық қауіпсіздік". Ақпаратты зиянды бағдарламалардан қорғау;</p>	<p>тармақталған алгоритмдерді программалау;</p>
<p>14. 8-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:</p> <p>1) "Компьютердің құрылғылары". Процессор және оның негізгі сипаттамалары;</p> <p>2) "Компьютерлік желілер". Компьютерлік желінің өткізу қабілеті;</p> <p>3) "Ақпаратты ұсыну және өлшеу". Ақпараттың көлемін бағалаудың алфавиттік тәсілі;</p> <p>4) "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру". Электрондық кестелердегі деректер пішімдері. Абсолюттік және салыстырмалы сілтемелер. Функциялар графиктерін құру. Кірістірілген функцияларды пайдалану: математикалық (сомасы, көбейтіндісі, дәрежесі), статистикалық (ең төменгі, ең жоғары, орташа, есеп), логикалық (егер);</p> <p>5) "Модельдеу". Интеграцияланған дайындау ортасында қолданбалы міндеттерді шешу;</p> <p>6) "Алгоритмдер". Алгоритм трассировкасы. Интеграцияланған дайындау ортасында міндеттерді шешу;</p> <p>7) "Программалау". Цикл операторлары (параметрі бар цикл, алғышартты цикл, кейінгі шартты цикл).</p> <p>8) "Эргономика". Электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері, электрондық құрылғылардың теріс әсерінен қорғау тәсілдері.</p> <p>9) "Ақпараттық қауіпсіздік". Желідегі пайдаланушының қауіпсіздігі: алаяқтық, интернеттегі агрессия.</p>	<p>14. 8-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:</p> <p>1) "Компьютерлік желілер". ". Компьютерлік желінің мақсаты, жіктелуі (ауқымы бойынша, топологиясы бойынша, тиістілігі бойынша); Компьютерлік желінің өткізу қабілеті; Бұлтты технологияларды қолдану арқылы құжаттармен ортақ жұмыс істеу;</p> <p>2) "Ақпаратты ұсыну және өлшеу". Ақпараттың көлемін бағалаудың алфавиттік тәсілі; Ақпаратты өлшеу бірліктері, ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқаға аудару;</p> <p>3) "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру". Мәтіндік құжаттардағы сілтемелерді ұйымдастыру. Сілтемелер. Гиперсілтемелер. Мазмұны. Реферат құру; Электрондық кестелердегі деректер пішімдері. Абсолюттік және салыстырмалы сілтемелер. Функциялар графиктерін құру. Кірістірілген функцияларды пайдалану;</p>

	<p>математикалық (сомасы, көбейтіндісі, дәрежесі), статистикалық (ең төменгі, ең жоғары, орташа, есеп), логикалық (егер); Мәтіндік процессордағы кестелерді жасау, өңдеу және пішімдеу. Электрондық кестелер, электрондық кестенің негізгі ұғымдары. Деректерді енгізу, редакциялау және пішімдеу, маркер толтыру. Деректер типтері. Формулалар енгізу. Шартты пішімдеу. Диаграммаларды құру;</p> <p>4) "Модельдеу". Интеграцияланған дайындау ортасында қолданбалы міндеттерді шешу; Процесс моделдерін (физикалық, биологиялық, экономикалық) электрондық кестеде зерттеу және құру;</p> <p>5) "Программалау". Цикл операторлары (параметрі бар цикл, алғышартты цикл, кейінгі шартты цикл); Бағдарламалау тіліннің алфавиті және синтаксисі. Мәліметтер типтері; Сұрыптау;</p> <p>6) "Эргономика". Электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері, электрондық құрылғылардың теріс әсерінен қорғау тәсілдері.</p> <p>7) "Ақпараттық қауіпсіздік". Желідегі пайдаланушының қауіпсіздігі: алаяқтық, интернеттегі агрессия.</p>
<p>15. 9-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:</p> <p>1) "Компьютердің құрылғылары". Мақсатына байланысты компьютердің аппараттық конфигурациясын таңдау;</p>	<p>15. 9-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:</p> <p>1) "Ақпаратты ұсыну және өлшеу".</p>

<p>2) "Программалық қамтамасыз ету". Пайдаланушының қажеттіліктеріне байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау;</p> <p>3) "Компьютерлік желілер". Бұлтты технологияларды қолдану арқылы құжаттармен ортақ жұмыс істеу;</p> <p>4) "Ақпаратты ұсыну және өлшеу". Ақпарат қасиеттері (өзектілігі, дәлдігі, анықтығы, құндылығы);</p> <p>5) "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру". Дерекқор, өріс, жазба. Электрондық кестеде деректер базасын құру. Деректерді іздеу, сұрыптау және сүзгілеу;</p> <p>6) "Модельдеу". Процесс моделдерін (физикалық, биологиялық, экономикалық) электрондық кестеде зерттеу және құру;</p> <p>7) "Программалау". Бір өлшемді массив. Екі өлшемді массив. Массивтерді өңдеудің негізгі алгоритмдері: массив элементтерін іздеу, сұрыптау, орнын ауыстыру, жою және қою. PyGame (пайгейм) кітапханасы. Ойынның артқы фоны. Ойынға арналған дайын кейіпкерлер. Кейіпкер қозғалысы. Дайын сценарий бойынша ойын программалау. Ойын нәтижелерін есептеу;</p> <p>8) "Эргономика". Компьютерде ұзақ уақыт жұмыс істеу тәуекелін бағалау;</p> <p>9) "Ақпараттық қауіпсіздік". Желіде жұмыс істеудің этикалық және құқықтық нормаларын бұзу салдарлары</p>	<p>Ақпарат қасиеттері (өзектілігі, дәлдігі, анықтығы, құндылығы);</p> <p>2) "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру". Дерекқор, өріс, жазба. Электрондық кестеде деректер базасын құру. Деректерді іздеу, сұрыптау және сүзгілеу;</p> <p>3) "Модельдеу". Компьютер құнын есептеу; Мәселені қалыптастыру; Алгоритмді әзірлеу; Алгоритмді программалау; Программаны тестілеу.</p> <p>4) "Программалау". Мәліметтер типтері; Файлдарды оқу және жазу; Кірістірілген шарттарды программалау; Тармақталған алгоритмдерді программалау; Күрделі шарттарды программалау; Таңдауды ұйымдастыру; While (уайл) циклі; For (фор) циклі; Continue (континю) циклін басқару; Break (брик) циклін басқару; Else (элс) циклін басқару; Алгоритмнің трассировкасы;</p> <p>5) "Эргономика". Компьютерде ұзақ уақыт жұмыс істеу тәуекелін бағалау;</p> <p>6) "Ақпараттық қауіпсіздік". Желіде жұмыс істеудің этикалық және құқықтық нормаларын бұзу салдарлары</p>
	<p>10-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:</p> <p>1) "Программалау". Бір өлшемді массив. Екі өлшемді массив. Массивтерді</p>



өндеудің негізгі алгоритмдері: массив элементтерін іздеу, сұрыптау, орнын ауыстыру, жою және қою. RuGame (пайгейм) кітапханасы. Ойынның артқы фоны. Ойынға арналған дайын кейіпкерлер. Кейіпкер қозғалысы. Дайын сценарий бойынша ойын программалау. Ойын нәтижелерін есептеу;

**3-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

16. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4. кодында "6" – сынып, "2.1" – екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" – оқыту мақсатының реттік саны.

17. Білім алушыларға қойылатын мақсаттар:

1) Компьютерлік жүйелер

Білім алушылар міндетті:

Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	сукцессия үдерісін сипаттау	8.3.1.4 ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу; 8.3.1.5 жыртқыш- құрбан қарым- қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін орнату; 8.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым- қатынас түрлерін сипаттау; 8.3.1.7 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдері н түсіндіру	биомасса және сандар пирамидалар ын салыстыру; 9.3.1.4 азот пен көміртек айналымының табиғаттағы сызбасын құру	
2. Адам қызметін	7.3.2.1 адам мен экожүйе	8.3.2.1 биологиялық	9.3.2.1 пайдалы	

<p>ің қоршаған ортаға әсері</p>	<p>арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау; 7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің шаруашылық салаларынан мысалдар келтіру; 7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктері мен жануарларын сипаттау; 7.3.2.4 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің ануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру</p>	<p>әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу; 8.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау; 8.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру</p>	<p>қазбалар өндірудің және қайта өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 9.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың, қоршаған ортаға мен адам денсаулығы әсерін түсіндіру; 9.3.2.3 жылыжай эффектісінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру; 9.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру</p>	
---------------------------------	--	--	---	--

4) қолданбалы кіріктірілген ғылымдар:

Бөлім	7-сынып	8-сынып	9-сы
1. Молекулалық биология мен биохимия	7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар тіршілігі үшін маңызын сипаттау; 7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеті үшін микро-және макроэлементтердің ролін сипаттау; 7.4.1.3 азық-түліктер құрамындағы нәруыз, май, көмірсулардың бар болуын дәлелдеу; 7.4.1.4 өсімдіктер үшін минералдық тыңайтқыштар құрамындағы азот, калий және фосфордың	8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау; 8.4.1.2 көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау; 8.4.1.3 нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау	9.4.1.1 ферменттер әрекеті механикалық оқып та 9.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылы молекуланың қосылуы мен құрылымын сипаттау 9.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылы құрылымын қағидалық негізінде үлгілеу

	маңызын оқып білу			
2. Жасушалық биология	7.4.2.1 жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі ұғымын түсіндіру; 7.4.2.2 жануарлар және өсімдіктер жасушаларын ажырату	8.4.2.1 өсімдік және жануар ұлпаларын жіктеу; 8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыру	9.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру; 9.4.2.2 микрофотографияны қолданып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу	
3. Микробиология және биотехнология	7.4.3.1 бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау; 7.4.3.2 ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу; 7.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру өнімдерінің	8.4.3.1 қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындайтын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын сипаттау	9.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау; 9.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін өнімдерге	



	қолданылуын сипаттау; 7.4.3.4 вирус□ардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру		мысал келтіру	
4. Биофизика		8.4.4.1 тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін зерттеу	9.4.4.1 тірі ағзалардағы электрлі үдерістерді зерттеу; 9.4.4.2 «компьютер-ми» инте□фейс технологиясының ерекшеліктерін зерттеу	
Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша				
Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар				
1)7-сынып				

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
Білім алушылар:		
1-тоқсан		
Экожүйелер	Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс «Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)»	7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу
	Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу «Қоректік тізбек пен торды құру»	7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру; 7.3.1.3 қоректік тізбектер және қоректік торларды құрастыру
	Экологиялық сукцессиялар: Бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы	7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау
	Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор	7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау
	Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері	7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің салаларына мысалдар келтіру
	Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары	7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аймақтарының өсімдіктері мен жануарларын сипаттау

	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері	7.3.2.4 жергілікті өңірдің Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру		
Тірі ағзаларды жүйелеу	Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы	7.1.1.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру; 7.1.1.2 жүйелеуде тірі ағзалардың орынын анықтау		
	Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер	7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының ерекшеліктерін сипаттау		
	Дихотомиялықәдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану	7.1.1.4 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану		
Жасушалық биология Су және органикалық заттар	Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға	7.4.2.1 «жасуша», «ұлпа», «мүше», «мүшелер жүйесі» туралы түсініктер; 7.4.2.2 өсімдіктер және жануарлар жасушаларын ажырату		
	Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылусыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі ролі. Зертханалық жұмыс «Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу». Микро- (мырыш,	7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар үшін маңызын сипаттау; 7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеттері үшін микро- және макроэлементтердің ролін сипаттау		

	темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы		
	Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс «Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу»	7.4.1.3 азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін дәлелдеу	
	Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы)	7.1.1.4 минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың өсімдіктер үшін маңызын танып білу	
2-тоқсан			
Заттардың тасымалдануы	Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі	7.1.3.1 тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру; 7.1.3.2 өсімдіктерде заттардың тасымалын қамтамасыз ететін мүшелерді танып білу	
	Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары. Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс «Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу». Зертханалық жұмыс «Тамыр аймақтарын зерттеу»	7.1.3.3 тамыр және сабақтың ішкі құрылысын зерттеу; 7.1.3.4 тамыр және сабақтың құрылысы мен қызметі арасындағы байланысты сипаттау	
	Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері	7.1.3.5 флоэма мен ксилеманың элементтерін құрылысын салыстыру	

	Жануарлардағы қанайналым мүшелеі: буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар	7.1.3.6 жануарларда заттар таымалына қатысатын мүшелерді танып білу		
Тірі ағзалардың қоректенуі	Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың булануы мен газдардың алмасуы	7.1.2.1 жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау, құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру		
	Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс «Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу»	7.1.2.2 фотосинтезге қажетті жағдайларды зерттеу		
Тыныс алу	Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жыықанды/суыққанды жануарлар	7.1.4.1 тірі ағзалардағы тыныс алу маңызын сипаттау; 7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату		
	Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тыныс алуы мысалында Зертханалық жұмыс «Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу»	7.1.4.3 өсімдіктердегі тыныс алуды зерттеу		
	Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу «Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тыныс алу жүйесі мүшелерін салыстыру»	7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру		
	Тыныс алу мүшелері. Адамның тыныс алу	7.1.4.5 адамның тыныс алу		

	жолдарының құрылысы мен газалмасу мүшелері	мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін танып білу		
	Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары (өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау)	7.1.4.6 тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдарын түсіндіру		
3-тоқсан				
Бөліп шығару	Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Жануарлардағы бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері	7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетінде бөліп шығарудың маңыздылығын түсіндіру		
	Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс «Өсімдіктердің тынысалу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу»	7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін зерттеу		
	Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру	7.1.5.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру		
Қозғалыс	Өсімдіктердің қозғалысы. Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі	7.1.6.1 өсімдіктердің қозғалысы себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау; 7.1.6.2 жарықтың өсімдіктердің дамуына әсерін түсіндіру; 7.1.6.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау		
	Жануарлардың қозғалыс мүшелері. Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыс тәсілдері арасындағы	7.1.6.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру		

	байланыстарды анықтау			
Координация және реттелу	Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, □ сатылы, түйнекті, түтіктәрізді	7.1.7.1 жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру		
	Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері	7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметін және құрылымдық компоненттерін атау; 7.1.7.3 жүйке жасушасының компоненттерін анықтау		
	Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары	7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметтерін салыстыру		
	Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс «Тізе рефлексі»	7.1.7.5 рефлекстік доғаны зерттеу		
	Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғаты: шартсыз және шартты рефлекстер. Шартты рефлекстердің сөнуді	7.1.7.6 мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру		
	Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі	7.1.7.7 вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау		
	Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері	7.1.7.8 ағзаның тіршілік әрекеттерінің қалпына келуіне және тынығуына ұйқының маңызын түсіндіру; 7.1.7.9 жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін түсіндіру		
	Жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері	7.1.7.10 жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсерін		

		түсіндіру
4-тоқсан		
Тұқым қуалау мен өзгергіштік	Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен ДНҚ рөлі. Жүре пайда болған және тұқымқуалайтын белгілер. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ДНҚ жайлы түсінік Модельдеу «Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу»	7.2.4.1 адам ағзасындағы тұқымқуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу; 7.2.4.2 үздік және үздіксіз өзгергіштікті атау; 7.2.4.3 белгілерді анықтаудығы гендердің рөлін түсіндіру; 7.2.4.4 хромосомадағы генетикалық ақпарат дезоксирибонуклеин қышқылы рөлін түсіндіру
	Өртүрлі ағзалар түрлерінің хромосомалар саны. Соматикалық және жыныс жасушалар. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиыны	7.2.2.1 өртүрлі ағзалардағы хромосомалардың санын салыстыру; 7.2.2.2 соматикалық және жыныс хромосомаларындағы хромосомалар санының өртүрлілігін түсіндіру
Көбею. Өсу және даму	Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы	7.2.1.1 өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюін сипаттау
	Өсімдіктердің өсімді жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде өсімді жолмен көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу (қалемшелермен, көзшелермен), көбею ұлпаларымен. Зертханалық жұмыс «Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері»	7.2.1.2 өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру
	Гүл құрылысы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу және тозаңдану. Тозаңдану түрлері	7.2.1.3 өздігінен және айқас тозаңданудың шамалы



	(өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы	артықшылықтарын сипаттау; 7.2.1.4 гүлді өсімдіктердегі қосарлы ұрықтанудың маңызын сипаттау		
	Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс «Жылдық сақинаны санау»	7.2.3.1 ағзалардың өсу және даму үдерістерін сипаттау; 7.2.3.2 өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерістерін зерттеу		
	Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар. Модельдеу «Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру»	7.2.3.3 өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдерін ажырату; 7.2.3.4 жануарлардағы тура және тура емес онтогенез типтерін салыстыру		
Микро биология және биотехнология	Бактериялардың формаларының әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы. Зертханалық жұмыс «Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру» Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары	7.4.3.1 бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау		
	Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс «Өндіріште йогурт және ірімшік жасауды зерттеу»	7.4.3.2 ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу		
	Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс «Антибиотиктер, антисептиктер және	7.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау		

	залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу»		
	Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері	7.4.3.4 вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру	
2) 8-сынып:			
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімдері	Тақырыптары/ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Оқыту мақсаты. Білім алушылар білуге тиісті.	
1-тоқсан			
Жасушалық биология	Жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі. Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, вакуоль	8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушалардың құрылысын салыстыру	
	Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшықет, жүйке. Зертханалық жұмыс «Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу». Зертханалық жұмыс «Жануарлар ұлпаларын жіктеу»	8.4.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын классификациялау	

Молекула лық биология	Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық	8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау	
	Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасұнық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз	8.4.1.2 көмірсулар мен липидтің құрылымы мен биологиялық қызметтерін сипаттау	
	Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері	8.4.1.3 нәруыздардың биологиялық құрылымы мен қызметі	
Тірі ағзаларды ң көп түрлілігі	Зертханалық жұмыс «Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау. Балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырақтәрізділер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар	8.1.1.1. балдырлар, мүктер, қырықжапырақ тәріздестер, ашық және жабықтұқымдыар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау	
	Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар	8.1.1.2 саңырауқұлақтардың негізгі белгілерін сипаттау	
	Зертханалық жұмыс «Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу»	8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктерді негізгі белгілеріне қарай ажырату	
	Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай	8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері	

	салыстырмалы сипаттама. Демонстрация «Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау»	бойынша тану		
Қоректену	Жауын құртының, сиырдың және адамның асқорыту жүйесінің құрылысы. Модельдеу «Адамның, сиырдың және жауынқұртының» асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру	8.1.2.1 омыртқасыз (жауынқұрт), күйіс қайыратын (сиыр) жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру		
	Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның асқорыту жолдарының құрылысы. Асқорыту бездері. Асқорыту мүшелерінің қызметі	8.1.2.2 тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты және тісті күту ережелерін сипаттау; 8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты анықтау		
	Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу	8.1.2.4 асқорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану себепін ашу		

	<p>Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. А авитаминоздағы ақшам соқыр, В<sub>1</sub> авитаминоздағы бери – бери ауруы, С авитаминоздағы қыркұлақ, Д авитаминоздағы мешел аурулары.</p> <p>Зертханалық жұмыс «Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау»</p>	<p>8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау;</p> <p>8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түлік тізімін жасау;</p> <p>8.1.2.7 азық түлік құрамындағы С дәруменін анықтау</p>		
2-тоқсан				
Заттардың тасымалдануы	<p>Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы</p>	8.1.3.5 лимфа жүйесін және қан, ұлпа сұйықтығы мен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау		
	<p>Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық</p>	8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау		
	<p>Зертханалық жұмыс «Әр түрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу». Қан жасушаларын формасына, мөлшеріне, санына және ядросының болуына қарай салыстыру</p>	8.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әр түрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу		
	<p>Иммунитет. Гуморальдық және жасушалық иммунитет.</p>	8.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау;		

	Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т- және В-лимфоциттердің әрекет етуі	8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру	
	Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес	8.4.3.1 қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар қоздыратынмен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін сипаттау және алдын алу шараларын сипаттау	
	Иммунитет. Иммунитеттің түрлері: туа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет. Екпенің (вакцин) түрлері және оның жасанды иммунитетті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу	8.1.3.6 аурудың алдын алуғағы вакцинацияның рөлін бағалау	
	Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт	8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру	
	Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі және қантамырларының құрылысы мен қызметі	8.1.3.8 жануарлар жүрегінің құрылысы мен қантамырлар жүйелерінің маңызын сипаттау; 8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату	
	Қантамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі	8.1.3.10 жануарлардың қантамырлар жүйесі түрлерін сипаттау	
	Зертханалық жұмыс «Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу»	8.1.3.11 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу	
	Жүрек-қантамырлар жүйесі аурулары	8.1.3.12 қантамыр жүйесі	

	(гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау, т.б.	ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау	
Тыныс алу	Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы	8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газалмасу механизмдерін сипаттау	
	Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі	8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру	
	Тыныс алудың минуттық көлемі. Әр түрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы. Тынысалу қозғалыстарының жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері. Зертханалық жұмыс «Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу»	8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау	
3-тоқсан			
Бөліп шығару	Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несепар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліпшығару және сүзу мүшелері.	8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттау; 8.1.5.2 бүйректің құрылымдық	

	Бүйректің құрылысы (қыртысты және милы қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері)	бөліктерін танып білу	
	Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі	8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау	
	Тері ауруларының пайда болу себептері мен салдары (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері). Белгілері мен алдын алу шаралары	8.1.5.4 тері ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру	
Қозғалыс. Биофизика	Адам қаңқасының құрылысы. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі	8.1.6.1 тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау	
	Сүйектің макро- және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс «Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы». Демонстрация «Сүйектің химиялық құрамы»	8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу	
	Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы	8.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру	
	Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі	8.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы және олардың қызметтерінің арасында байланыс орнату	
	Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек). Зертханалық жұмыс «Бұлшықет ұлпаларының құрылысын зерттеу» Адам денесінің	8.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау; 8.1.6.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану	



	бұлшықеттерін жіктеу		
	Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептері. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары	8.1.6.7 гиподинамия салдарын атау; 8.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау	
	Тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты бұлшықеттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер	8.4.4.1 тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін зерттеу	
Координация және реттелу	Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. Зертханалық жұмыс «Көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу»	8.1.7.1 көруді қабылдаудың ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережесін сипаттау	
	Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы. Зертханалық жұмыс «Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу». (құлақтың есту қабілетін анықтау)	8.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және есту гигиенасының ережелерін сипаттау	
	Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс «Соқыр дақты анықтау, түстердің аралсуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі»	8.1.7.3 көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметтерін сәйкестендіру	

	«Гормондар», «Гуморальдық реттелу» ұғымдары. Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі. Бездерден бөлінетін гормондар	8.1.7.4 эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау; 8.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру	
	Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар (гипо- және гиперфункция)	8.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау	
	Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморцепторлар, механорецепторлар, ноцицепторлар). Зертханалық жұмыс «Тері сезімталдығын зерттеу»	8.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу	
	Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің ролі. Температураға сезімталдық. Терморцепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі	8.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау	
4-тоқсан			
Көбею	Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы	8.2.2.1 тірі ағзалардың тіршілік әрекетіндегі митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру	
	Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею	8.2.1.1 жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру	
	Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит	8.2.1.2 мүктер мен қырықжапырақтардың мысалдарында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру	
	Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі	8.2.1.3 ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін	

		түсіндіру	
Өсу және даму	Эмбрионалдық даму кезеңдері: бластула, гастрюла, нейрула. Ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануы. Органогенез	8.2.3.1 эмбрионалдық даму кезеңдерін сипаттау; 8.2.3.2 әр түрлі ұрық жапырақшаларынан қалыптасатын ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануын сипаттау	
Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс	8.2.4.1 тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы ролін дәйектеу	
	Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері	8.2.4.2 ағзалар селекциясы үшін қолдан сұрыптаудың маңызын сипаттау	
	Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары	8.2.4.3 мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын оқып білу	
	Қазақстан территориясында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының қолтұқымдары. Маңызды белгілер	8.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктер іріктемелері мен үй жануарлары қолтұқымын сипаттау	
Биосфера, экожүйе, популяция	Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу «Су және құрлық экожүйелерін салыстыру»	8.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау; 8.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру	

	<p>Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және r стратегиялары). «Жыртқыш-жемтік» қарымқатынас түрі. Популяция санының өзгеруі</p>	<p>8.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 8.3.1.4 ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдерін зерттеу; 8.3.1.5 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін анықтау</p>	
	<p>Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарымқатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі</p>	<p>8.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау; 8.3.1.7 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру</p>	
Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	<p>Адамның табиғаттағы ролі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Дүниежүзілік Тұқым қоры</p>	<p>8.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу; 8.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау</p>	
	<p>Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары</p>	<p>8.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру</p>	
9-сынып:			
Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Тақырып/Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті.	
1-тоқсан			

Жасушалық биология	<p>Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері.  Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері</p>	9.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру		
	<p>Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микромметр-наномметр).</p>	9.4.2.2 микрофотографияны қолданып, жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу		

	Модельдеу «Микрофотография ларды пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу»			
Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе	Әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс «Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті регионның) анықтау»	9.1.1.1 әр түрлі түрлерді сипаттауда бинарлы номенклатураны қолдану; 9.1.1.2 Өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу (анықтағыш бойынша)		
	Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы	9.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциалдық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау		
	Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық	9.3.1.2 энергия ағымының тиімділігін есептеу; 9.3.1.3 энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру		

	пирамида түрлері		
	Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі	9.3.1.4 азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сызбасын құру	
Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері	9.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өңдеудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру	
	Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері	9.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін түсіндіру	
	жылыжай эффектісі (булану) және озон қабатының жұқаруы . Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері	9.3.2.3 парниктік эффектінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру; 9.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру	

Қоректену	Бідырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару	9.1.2.1 адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттау; 9.1.2.2 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкесі ферменттердің арасындағы байланысты орнату		
	Ферменттердің әсер ету механизмі. Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс «Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу»	9.4.1.1 ферменттер механизмін оқып тану; 9.1.2.3 ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу		
	Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс «Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу»	9.1.2.4 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу		
Заттар тасымалы	Активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен	9.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды салыстыру		



	<p>айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалуды</p>			
	<p>Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс «Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды (температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс «Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының</p>	<p>9.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру; 9.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу</p>		

	(кутикула мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері»		
	Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура, ылғалдылық, жарық	9.1.3.4 сыртқы факторлардың флоэма арқылы заттардың тасымалдануына әсерін зерттеу	
2-тоқсан			
Тыныс алу	Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыны салу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділіктері	9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру	
	Аэробты, анаэробты тынысалу үдерістерімен байланысты бұлшық еттердің	9.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру	

	қажуы. Аэробты және анаэробты тынысалуға физикалық жүктемелердің әсері		
Бөліп шығару	Нефронның құрылысы және қызметі. Ультрафилтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Филтрация мен кері филтрацияның себептері	9.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау; 9.1.5.2 филтрация және несептің түзілу үрдістерін сипаттау	
	Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі, дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар(кариес, іріңді ангина т.б.)	9.1.5.3 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау	
	Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек	9.1.5.4 бүйрек және зәр шығару жүйесі ауруларының алдын алу жолдарын түсіндіру	

	және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары		
	Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы	9.1.5.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасудың соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату	
Координация және реттелу	Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және	9.1.7.1 жүйке жасушасының құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты орнату; 9.1.7.2 жүйке ұлпалары мен оның құрылымдық бөліктерінің қызметтерін талдау	

	<p>медиаторлар.          Модельдеу «Жүйке ұлпаларын зерттеу»</p>		
	<p>Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және эрекет потенциалы. Модельдеу «Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу»</p>	9.1.7.3 жүйке импульсінің туындауы мен өтуін сипаттау	
	<p>Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер. Электрорецепторлар және электрлі мүшелер</p>	9.4.4.1 тірі ағзалардағы электрлік үдерістерді зерттеу	
	<p>Тынысалу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі.</p>	9.1.7.4 нейрогуморалды реттелудің механизмін түсіндіру	

	Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру. Ағзаның күйзеліске бейімделуі		
	Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі	9.4.4.2 «компьютер-ми» интерфейс технологиясының ерекшеліктерін оқып білу	
	Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері	9.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру	
	Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс «Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу»	9.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдау	
3-тоқсан			
Қозғалыс	Бұлшық еттің жұмысы. Демонстрация «Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі. Бұлшықет қозғалысын	9.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максималды жұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу; 9.1.6.2 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу	

	реттеу» Зертханалық жұмыс «Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу»			
Молекулалық биология	Дезоксирибонуклеин қышқылының молекулалық құрылысының принциптері: нуклеотидтердің комплементарлығы. Модельдеу «Дезоксирибонуклеин қышқылы» молекуласын құру»	9.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылының молекуласының қос шиыршықты құрылымын сипаттау; 9.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу		
Жасушалық цикл	Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: G1, S және G2	9.2.2.1 жасуша айналымының интерфаза кезіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру		
	Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс «Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу»	9.2.2.2 митоздың кезеңдерін сипаттау		

	Митоз. Митоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу «Митоз кезеңдерін зерттеу»	9.2.2.3 мейоз кезеңдерін сипаттау; 9.2.2.4 митоз және мейоз үдерістерін салыстыру		
Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	Мендель ашқан белгілердің тұқымқуалау заңдылықтары. Тұқымқуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі	9.2.4.1 генетиканың дамуы мен қалыптасуындағы Мендель зерттеулерінің ролін бағалау		
	Тұқымқуалаушылық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гаметалар тазалығы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы	9.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару; 9.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару		
	Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және	9.2.4.4 толық және толымсыз доминаттылықты салыстыру; 9.2.4.5 талдаушы будандастырудың маңыздылығын		



	толымсыз. Доминанттылық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы	бағалау	
	Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм	9.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау; 9.2.4.7 жынысты анықтау кезінде хромосомалардың рөлін түсіндіретін сызба жасау	
	Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор	9.2.4.8 адамның қан тобының тұқымқуалауын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіру	
	Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Модельдеу «Адамның	9.2.4.9 адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау; 9.2.4.10 шежіре сызбасын құру	

	генеалогиялық шежіре ағашын құру»		
	Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауыл шаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары	9.2.4.11 мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологияларды қолданылуын зерттеу	
Микробиология және биотехнология	Биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауылшаруашылықта). Инсулин өндірісі	9.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау; 9.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру	
4-тоқсан			
Көбею	Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі	9.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау	
	Зертханалық жұмыс «Аталық және аналық гаметалардың құрылысын	9.2.1.2 аталық және аналық жыныс жасушаларының құрылысын зерттеу	

	зерттеу»		
	Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу	9.2.1.3 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау	
	Менструалдық цикл: менструалдық циклындағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы	9.2.1.4 менструалдық цикл мен эстроген және прогестеронның маңызын сипаттау	
	Контрацепция түрлері және олардың қолданылуы мен маңызы.	9.2.1.5 контрацепцияның маңызы мен түрлерін түсіндіру	
	Жыныстық жолмен берілетін аурулар: жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы, сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары	9.2.1.6 жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру	
Өсу және даму	Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері.	9.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру; 9.2.3.2 эмбрион мен ұрықтың дамуын салыстыру	

	Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы		
	Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері	9.2.3.3 адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру	
Эволюциялық даму	Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері	9.2.5.7 Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін оқып білу	
	Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы	9.2.5.1 К. Линней мен Ж.Б. Ламарк еңбектерінің негізгі қағидаларын оқып зерттеу; 9.2.5.2 Эволюция ілімінің қалыптасуындағы. Ч.Дарвин еңбектерінің ролін түсіндіру	
	Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің (мутациялық, комбинативтік) рөлі.	9.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау; 9.2.5.4 ағзалардың бейімделудегі табиғи сұрыпталудың ролін сипаттау	

	<p>Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түршілік, тұраралық). Модельдеу «Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)»</p>			
	<p>«Түр» ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. «Түр түзілу» ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері</p>	<p>9.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлерін сипаттау; 9.2.5.6 түр түзілу үдерісін түсіндіру</p>		

## Қорытынды

Биологиялық білім берудің ерекшелігі – өмір туралы ғылым болып табылатындығымен ерекшеленеді. Биология өмірдің негізгі заңдары, тірі ағзалардың көптүрлілігі, органикалық әлемнің даму теориясы туралы білім беріп, табиғатты саналы түрде пайдалануға, қорғауға баулиды.

Қазіргі уақытта оқу бағдарламаларындағы, оқулықтардағы және оқу-әдістемелік құралдардағы биологиялық білімнің мазмұны тірі табиғат туралы қазіргі ғылыми идеяларға толық сәйкес келмейді. Атап айтқанда адам омыртқалы жануарлардың тіршілік үрдістерін оқытудың моделі ретінде қарастырылып, оның әлеуметтік мәні, дүниенің ғылыми бейнесіндегі орны; өмір сүруінің мақсаты, құндылығы және қазіргі замандағы адамтану ғылымының аса маңызды мәселелері мектептегі бүкіл білім мазмұнынан тыс қалған.

Осыдан, мектептегі биологиялық білім мазмұнының ізгіліктендіру ұстанымын жүзеге асыруға мүмкіндік жоқ, білім алушылардың тіршіліктің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастыратындай, экологиялық сауаттылығын арттырып, экологиялық мәдениетін тәрбиелейтіндей, ойлауын дамытатындай әлеуеті төмен екендігін көруге болады.

Бұл проблеманы шешу үшін биологиялық білім беру мазмұнын ғылыми, қол жетімділік, жүйелілік, сабақтастық, оқытудың тәрбиелік және дамытушылық сипаты қағидаттары негізінде жаңғырту қажеттігі туып отыр.

Жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында білім алушылардың жас ерекшеліктері ескерілмеген, оқыту мақсаттарына қарай құрылған күрделі тақырыптар жүйесіз берілген.

12 жылдық білім беру бойынша оқу бағдарламасын әзірлеу кезінде практик-мұғалімдермен талқылау жүргізілді және педагогикалық қауымдастықтың ұсыныстары ескерілді.

Төменде мұғалімдер мен ғалымдардың ұсыныстары берілген:

1. Оқу бағдарламаларын әзірлеушілер оқу бағдарламаларын әзірлегенде логикалық бірізділікті, жүйелілікті сақтауы қажет;
2. Жалпы білім беретін мектептерде жаңартылған мазмұндағы бағдарламаларда берілген практикалық жұмыстарды өз деңгейінде жүргізуге материалдық базаның талаптарға сай еместігінен немесе тіпті жабдықталмағандықтан толық іске асырылмайтынын ескеру қажет.
3. Бағдарламалардың сабақтастығы жоқ.

### Мазмұндық сипаттағы проблемалар

Жаңартылған мазмұндағы бағдарлама бойынша негізгі 4 бөлім қарастырылған. 2013 жылғы бағдарламадағы 6 сыныпта оқылатын «Табиғи бірлестіктер», 9 сыныпта оқылатын «Экожүйелер», 11 сыныптың «Экология» тарауларындағы тақырыптар, жаңартылған мазмұндағы бағдарламада «Экожүйелер» тарауында 7 сыныпта қарастырылады. Яғни, 7-сыныпқа арналған «Биология» пәнінің оқу бағдарламасы «Экожүйелер» бөлімшесімен басталады.

7-сыныпта 1-тоқсанында «Жасушалық биология. Су және органикалық заттар» тарауы берілген. Мұнда тірі ағзалар тіршілік әрекеттері үшін микро- және макроэлементтердің ролін сипаттау мақсаты бар. Ал химиялық элементтермен танысу 7-сыныптың «Химия» пәнінің 2-тоқсанында ғана басталады!

Осы бөлімде «Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар» тақырыбы және «Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу» зертханалық жұмысы берілген. Органикалық заттар туралы алғашқы ұғымдар «Химия» пәнінен 9-сыныптың 4-тоқсанында басталады.

8-сыныптың 1-тоқсанында «Молекулалық биология» бөлімі берілген. Мұнда жасушаның құрамындағы органикалық заттар, мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық, көмірсулар - глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасунық пен хитиннің маңызы және қызметтері, липидтердің, нәруыздардың қасиеттері мен қызметі берілген. Ал бұл тақырыптар «Химия» пәнінде 9-сыныптың 4-тоқсанында ғана беріледі. Органикалық химиямен таныспаған оқушылар, глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, нәруыздың құрылысын, жалпы сипаттамаларын білмей тұрып, оны жасушалық деңгейде қарастыру дұрыс емес!

8-сыныпта «Тірі ағзалардың көп түрлілігі» тарауында саңырауқұлақтар болып келеді де, келесі тақырып «Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу» деген тақырыппен зертханалық жұмыс берілген. Бір сабақ бойы зертханалық жұмыс жүргізу де білім алушыларды тез шаршау мен жалығуға алып келеді.

«Қоректену» бөлімінде жауын құртының, сиырдың және адамның асқорыту жүйесінің құрылысы бірге берілген.

Адамның ағзасын жеке қарастыру керек, онда денсаулық, салауатты өмір салты сынды өмірлік маңызы бар құндылықтар қамтылуы тиіс. Адамның тыныс алу, асқорыту, зәр шығару, жүйке жүйелері, жалпы биологиялық құрылымы денсаулықты қалай күту керектігін білетіндей деңгейде жеке қарастырылуы керек.

«Заттардың тасымалдануы» бөлімінде «Қантамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі» тақырыбы берілген, осы тақырыптың оқу мақсатында жануарлардың қантамырлар жүйесі түрлерін сипаттау деп көрсетілген. Адамның қантамырлар жүйесі туралы оқу мақсаты қойылмаған.

12 жылдық білім беруге көшуде осындай кемшіліктер ескеріліп, бірізді жүйелілікті сақтай отырып, білім алушылардың жас ерекшеліктерінесай оқу бағдарламасы әзірленді.

Биологиялық білім тірі ағзалардың көптүрлілігімен, жасуша құрылысымен танысудан басталуы қажет.

«Биология» оқу пәнін оқытудағы проблемалар

- оқу материалдарын беруде білім алушылардың жас ерекшелігі ескерілмеген, оқушы ұғымына өте ауыр, күрделі болып есептеледі;

- оқу мақсаттарына қарай құрылған тақырыптар жүйесіз, шашыраңқы берілген;

- ұсынылған зертханалық жұмыстар көп уақытты қажет етеді, арнайы дағдылар мен жабдықтарды қажет етеді, көбінесе қажетті нәтиже алу мүмкін емес, сонымен қатар олар ғылыми көрсеткіш болып саналамайды, яғни олар теориялық материалды ашпайды, суреттемейді.

Биологиялық білім берудің мақсаттары мен міндеттері

Биологиялық білімнің мақсаттары:

- Жердегі өмірдің көптүрлілігін, тірі табиғаттың барлық топтарының түрлерінің құрылымын оқып-үйрену, биосферадағы өзінің мінез-құлқын биосфераның құнды бөлігі тіршілікке сыйластық негізінде құра білуге оқушыларды оқыту;
  - оқушының есте сақтауын, байқағыштығын, тұрақты танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін, теориялық ойлауын, өзіндік білім алуға ұмтылысын және биологиялық білімін практика жүзінде қолдана білуді қалыптастыру;
  - өзі және басқа адамдардың денсаулығына деген оң көзқарасты қалыптастыру, табиғаттағы мәдени тәртіпке, салауатты өмір сүру салтына дұрыс тәрбиелеу;
  - кәсіби бағдар және еңбек тәрбиесі, биологиялық білім беру саласында алған білімдерін жүзеге асыруы негізінде оқушылардың бір сала бойынша өмір жолын таңдауы;
  - табиғатқа қатысты ұқыптылыққа, оны тиімді пайдалану негіздеріне тәрбиелеу және оны қорғау қажеттілігін түйсіну;
  - биосфераны қорғауда биологияның, биологиялық көптүрліліктің рөлін түсіну, биологиялық апаттардың алдын алу туралы экологиялық тәрбие беру;
  - білім алушыларды қазіргі эволюциялық теориялармен таныстыру.
- Негізгі мектепте биологияны оқытудың міндеттері:
- оқушыларда негізгі ұғымдар мен терминдер, фактілі материалдар базасындағы биологиялық ғылымның теориялық негіздері туралы маңызды қажетті білім қалыптастыру;
  - биологиялық процестердің заңдылықтарын проблемалық оқыту негізінде логикалық ой-өрісті және танымдық қызығушылығын, биологиялық эксперимент нәтижелерін өздігінен талдау қабілетін және қорытынды шығару білігін дамыту;
  - жан-жақты білімді тұлғаны қалыптастыру үшін қажетті, іргелі пәннің бірі ретінде биологияны терең меңгеруге тәрбиелеу.

#### «Биология» пәнінің білімнің құрылымы мен мазмұны

Білім мазмұнының күрделеніп, деңгейінің біртіндеп жоғарылауы оған жаңа ұғымдардың қосылуы есебінен ғана емес, сонымен қатар және ең бастысы, биологиялық іргелі теориялар мен тірі табиғатқа ортақ заңдылықтар тұрғысынан қисынды жүйеленіп қарастырылуы заңдылықтар арқылы қамтамасыз етіледі.

Базалық биологиялық білім беру 7-10 сыныптарда оқытылады. Оқытудың екінші (жүйелілік) кезеңі біртұтас курстың жеке оқу пәндерінің берілуіне сәйкес өз кезегінде төрт сатыға бөлінеді.

7-сыныпта білім алушылар өсімдіктер әлемімен, олардың түрлерімен, құрылысымен және даму ерекшеліктерімен, олардың табиғаттағы және шаруашылықтағы маңызымен танысады. Қазақстанда өсетін өсімдіктер түрлері, олардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы, дәрілік өсімдіктер туралы, биологиялық білімдерінің негізінде ата-бабаларымыздың емдік өсімдіктермен түрлі ауруларды емдеу тәсілдерімен танысады.

8-сыныпта төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге – табиғи жүйесіне сәйкес жануарлар әлемінің типтері, класстарын және тұқымдастарын жүйелі қарастыру енгізіледі.

Жануарлар әлемінің көптүрлілігі және олардың топтарының ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастыруға, пайда болуы және



туыстық байланыстарын анықтауға, эволюция факторларының рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Қарастырудың мұндай жолы басқа биологиялық ғылымдардың негіздерін меңгеруге қажет болатын, оқушылардың дидактикалық, эволюциялық-биологиялық көзқарастарының қалыптасуына мүмкіндік береді.

9-сыныпта білім алушылар адамды биоэлеуметтік тіршілік иесі ретінде қабылдауға бағдарлайды. Адамды тірі организмдердің жоғары сатысы ретінде қарастырады.

Осы курста оқытылатын анатомия, физиология және гигиена медициналық білім негізін құрайды және олар өзара тығыз байланысты, түрлі аурулардың туу себептерін және одан қорғану жолдарын, денсаулықты сақтауда биологиялық білімнің маңыздылығын түсіндіреді.

Пән мазмұны денсаулықтың қадірін, оны сақтай білуді, зиянды заттардың ағзаға әсерін, дұрыс тамақтану мен иммундық жүйені нығайтуда, генетикалық аурулардың алдын алуда ұлттық тәрбиенің ролін, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде түсіндіреді.

10 сыныптағы оқу бағдарламасында тіршіліктің бірлігі – жасуша, ағзалардың көбеюі, жеке дамуы, филогенезі, генетика мен селекция негіздері, түрлердің пайда болу теориясы, эволюциялық процестердің механизмі бар. Жер бетінде тіршіліктің пайда болуы, дамуы, адамның пайда болуы берілген. Экология негіздері, биосфера және оны қорғау, адамның биосфераға әсері қарастырылады.

**Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы мен 12 жылдық мектептің 7-10-сыныптарына арналған «География» пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасының САЛЫТЫРМАЛЫ КЕСТЕСІ**

<b>Қолданыстағы</b>			<b>12 жылдық білім беру стандарт жобасы бойынша</b>
<b>Негізгі орта білім берудің мақсаттары (7-9-сыныптар)</b>			<b>Негізгі орта білім берудің мақсаттары мен мазмұнын түзету үшін ұсыныстар (7-10-сыныптар)</b>
<b>Бөлім</b>	<b>Бөлімше</b>	<b>7-сынып</b>	<b>7-сынып</b>
1. Географиялық зерттеу әдістері	1.1 Зерттеулер және зерттеушілер	<p>7.1.1.1 - географияның зерттеу нысандарын анықтайды;</p> <p>7.1.1.2 - саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға береді;</p> <p>7.1.1.3 - географиялық дерек көздермен жұмыс істейді: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар;</p> <p>7.1.1.4 - географиялық нысандардың қасиеттерін тәжірибелік жолмен анықтайды;</p> <p>7.1.1.5 - географиялық далалық зерттеу әдістерін қолданады, көрсеткіштерді тіркейді, жинақтайды, өңдейді, талдайды;</p> <p>7.1.1.6 - географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алады: сызба, диаграмма, профиль, график.</p>	<p>Географиялық зерттеу негізінде зерттеушілер туралы география нысандарының ашылу тарихы деректер базасын жинау бағытында қарастырылмақ. Қазақстан контенті ретінде қазақ жерін зерттеушілерді мысал ретінде келтірілген жөн.</p> <p>«7.1.1.3 - географиялық дерек көздермен жұмыс істейді: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар» осы мақсат негізінде мақсаттарды құру керек.</p> <p>Төмендегі мақсаттар қазіргі мектеп практикасында орындалмайды, сондықтан осындай мақсаттарды оңтайландыру қарастырылады: «7.1.1.4 - географиялық нысандардың қасиеттерін тәжірибелік жолмен анықтайды; 7.1.1.5 - географиялық далалық зерттеу әдістерін қолданады, көрсеткіштерді тіркейді, жинақтайды, өңдейді, талдайды;»</p>
2. Картогра-	2.1 Географиялық	7.2.1.1 - тақырып бойынша	Географиялық карталардың тарихын оқып үйрену,

фия және географиялық деректер базасы	карталар	картосхемалар жасай алады; 7.2.1.2 - географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді.	картографиялық проекциялар және тағы басқалар мақсаттан тыс қалған.
	2.2. Географиялық деректер базасы	7.2.2.1 - географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсетеді.	Географиялық деректер базасы мақсаты өзгертіледі.
3. Физикалық география	3.1 Литосфера	7.3.1.1 - литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды; 7.3.1.2 - жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетеді және сипаттайды; 7.3.1.3 - жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдайды: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг; 7.3.1.4 - литосфералық катаклизмдердің себеп-салдарын, таралуын түсіндіреді; 7.3.1.5 - литосфералық катаклизмдер барысында өзін өзі ұстау ережелерін жергілікті компонент негізінде түсіндіреді.	Физикалық география бөлімі Литосфера, Атмосфера, Гидросфера жеке қабықтарға бөлінбей, Биосфера шеңберінде қарастырылуға тиісті.  «7.3.1.3 - жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдайды: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг» мақсаты оның берілу себептері нақты емес. Литосфералық катаклизмдерді түсіндіруші геохронология, тектоникалық қозғалыстар, оның салдары, себептері берілген.
	3.2 Атмосфера	7.3.2.1 - атмосфераның құрамын сипаттайды; 7.3.2.2 - атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіреді; 7.3.2.3 - «ауа райы» ұғымын түсіндіреді; 7.3.2.4 - метеорологиялық элементтер мен құбылыстарды сипаттап, зерттеу маңыздылығын анықтайды;	Биосфера тақырыбы бойынша мазмұндық құрылым жасалынады. Физикалық география заңдылықтары жер жағдайында талданады. «7.3.4.1 - биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды; 7.3.4.2 - топырақ құрамын, түрлерін анықтап, құрылымын графикалық түрде көрсетеді; 7.3.4.3 - Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын анықтайды; 7.3.4.4 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға береді;

		<p>7.3.2.5 - метеорологиялық элементтердің көрсеткіштерін өлшеп, метеорологиялық құрал-жабдықтарды қолданумен тіркейді;</p> <p>7.3.2.6 - жергілікті жер мүмкіндігі бойынша температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтерінің көрсеткіштері бойынша синоптикалық графикалық материалдарды жасайды;</p> <p>7.3.2.7 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсынады.</p>	<p>7.3.4.5 - топырақтардың экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады» осы мақсаттар нақылтанып географиялық қабықтың біртұтастығын көрсету керек.</p>
	3.3 Гидросфера	<p>7.3.3.1 - гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттайды;</p> <p>7.3.3.2 - су ресурстарының маңыздылығын түсіндіреді;</p> <p>7.3.3.3 - дүниежүзілік мұхиттың құрамын, географиялық жағдайын сипаттайды;</p> <p>7.3.3.4 - мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>7.3.3.5 - мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтайды;</p> <p>7.3.3.6 - мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіреді;</p> <p>7.3.3.7 - мұхиттар және теңіздермен байланысты апаттарды топтастырып, сақтану шараларын ұсынады;</p> <p>7.3.3.8 - Дүниежүзілік мұхит</p>	

		проблемаларын топтастырып, шешу жолдарын ұсынады.	
	3.4 Биосфера	7.3.4.1 - биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды; 7.3.4.2 - топырақ құрамын, түрлерін анықтап, құрылымын графикалық түрде көрсетеді; 7.3.4.3 - Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын анықтайды; 7.3.4.4 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға береді; 7.3.4.5 - топырақтардың экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады.	
	3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	7.3.5.1 - географиялық қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, ландшафт табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіреді; 7.3.5.2 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде түрлі деңгейдегі табиғи кешендерді жоспар бойынша сипаттайды.	Табиғи-аумақтық кешендері материктер бойынша дәстүрлі ретпенен орналасу аумағы табиғат белдеулері мен зоналары, жер бедері, геологиясы мен тектоникасы, содан кейін топырақ-өсімдік жамылғысы қарастырылады. 12-жылдық бағдарламада 7-сынып материалдары физикалық географияға кіріспе ретінде қарастырылады. 7-сыныпта картография негіздері тереңдетіліп берілгені орынды. Информатикамен сабақтастық қажет. Технология пәні негізінде ізденушілік жобалаушылық зерттеушілікті жолға қояламыз.
4. Әлеуметтік география	4.1 Халық географиясы	7.4.1.1 - дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелінуін түсіндіреді; 7.4.1.2 - дүние жүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын анықтайды; 7.4.1.3 - халықтың этникалық және	«Әлеуметтік география», «Экономикалық география», «Елтану және саяси география негіздері» бөлімдері жоғары 8,9,10-сыныптарда қарастырылуы керек. Шиыршық тәсілі осы сыныптарда қолданылады.

		<p>діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді;</p> <p>7.4.1.4 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдейді және қалыптастыру жолдарын ұсынады.</p>	
5. Экономикалық география	5.1 Табиғи ресурстар	<p>7.5.1.1 - табиғи ресурстарды жіктейді;</p> <p>7.5.1.2 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдайды;</p> <p>7.5.1.3 - табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсетеді;</p> <p>7.5.1.4 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсынады.</p>	«Экономикалық география» бөлімі 9-10-сыныптарда қарастырылуы тиісті.
	5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	<p>7.5.2.1 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылым элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді;</p> <p>7.5.2.2 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде әлеуметтік инфрақұрылымының элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді.</p>	«Әлеуметтік-экономикалық ресурстар» бөлімшесі 9-10-сыныптарда қарастырылуы тиісті.
	5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық	7.5.3.1 - ауыл шаруашылық, өнеркәсіп шаруашылық салаларын жіктеу арқылы маңыздылығын түсіндіреді.	«Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімшесі 10-сыныптарда қарастырылуы тиісті.

	құрылымы		
	5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері		«Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімшесі 10-сыныптарда қарастырылуы тиісті.
6. Елтану және саяси география негіздері	6.1 Дүние жүзі елдері	7.6.1.1 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді географиялық орнына байланысты топтастырады; 7.6.1.2 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды; 7.6.1.3 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық-географиялық орнына байланысты топтастырады; 7.6.1.4 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттайды; 7.6.1.5 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға береді; 7.6.1.6 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныс жасайды.	«Елтану және саяси география негіздері» бөлімі 10-сыныптарда қарастырылуы тиісті.
Бөлім	Бөлімше	8-сынып	8-сынып
1.	1.1	8.1.1.1 - география ғылымының	«Географиялық зерттеу әдістері» және «Картография және

Географиялық зерттеу әдістері	Зерттеулер және зерттеушілер	салаларға бөлінуін графикалық түрде көрсетіп түсіндіреді; 8.1.1.2 - география ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулерді анықтайды; 8.1.1.3 - далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіндіріп, қолданады; 8.1.1.4 - сандық және сапалық деректер географиялық деректерді өңдеп, талдайды; 8.1.1.5 - географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі техникаларда жасау арқылы ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіреді; 8.1.1.6 - зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсынады.	географиялық деректер базасы» бөлімдерінің оқу мақсаттары оңтайландыруды қажет етеді. 7-сыныптағы бөлімдердің қайталануын басқаша беру мақсатында және Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясының 7 мен 11-сыныптарда шашылып жатуын жинақтау мақсатында 8-сыныпта Қазақстанның физикалық географиясы жаңартылыған бағдарлама ретіне сай кешенді түрде қарастырылады. 9-сыныпта Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық географиясы физикалық география пәні аясында қарастырылуы географиялық білім беруді бір жүйеге келтірілмек.
2. Картография және географиялық деректер базасы	2.1 Географиялық карталар	8.2.1.1 - тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді құрастырады: профиль, диаграмма, график, кесте; 8.2.1.2 - географиялық шартты белгілер мен карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді қолданумен тақырыптық карталарды оқиды; 8.2.1.3 - географиялық номенклатура нысандарын кескін картадан көрсетеді.	«Картография және географиялық деректер базасы» бөлімі бойынша «2.1 Географиялық карталар» және «2.2. Географиялық деректер базасы» бөлімшелерін жеке тарау ретінде қарастырудың қажеті жоқ деп санаймыз.
	2.2. Географиялық деректер базасы	8.2.2.1 - ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, географиялық деректер базасын	



		құрастырады.	
3. Физикалық география	3.1 Литосфера	<p>8.3.1.1 - жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтарын зерттейді;</p> <p>8.3.1.2 - жер бедері түрлерін жіктейді;</p> <p>8.3.1.3 - жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>8.3.1.4 - материктер мен мұхиттарда орналасқан ұқсас орографиялық бірліктерді салыстырады;</p> <p>8.3.1.5 - тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктейді;</p> <p>8.3.1.6 - тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуына талдау жасайды;</p> <p>8.3.1.7 - тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтайды;</p> <p>8.3.1.8 - тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін түсіндіреді;</p> <p>8.3.1.9 - геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кестені талдап, жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдері мен геологиялық оқиғаларды ажырата алады;</p> <p>8.3.1.10 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді.</p>	8-сыныпта Қазақстанның физикалық географиясында қазақстандық контент негізінде қарастырылуы тиіс.
	3.2 Атмосфера	8.3.2.1 - климат қалыптастырушы	8-сыныпта Қазақстанның физикалық географиясында

		<p>факторларды талдайды;        8.3.2.2 - атмосфераның ғаламдық циркуляциясын талдап, түсіндіреді;        8.3.2.3 - климаттық белдеулерді талдайды;        8.3.2.4 - әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстырады;        8.3.2.5 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді;        8.3.2.6 - адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастырып, шешу жолдарын ұсынады.</p>	<p>қазақстандық контент негізінде қарастырылуы тиіс.</p>
	3.3 Гидросфера	<p>8.3.3.1 - құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтайды;        8.3.3.2 - құрлық суларының негізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіреді;        8.3.3.3 - өзен аңғарының құрылысын түсіндіреді;        8.3.3.4 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіреді;        8.3.3.5 - көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттайды;        8.3.3.6 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады;        8.3.3.7 - жергілікті компонентті</p>	<p>8-сыныпта Қазақстанның физикалық географиясында қазақстандық контент негізінде қарастырылуы тиіс.</p>

		қосымша қамту негізінде су апаттарының алдын алу шараларын ұсынады.	
	3.4 Биосфера	8.3.4.1 - табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіреді; 8.3.4.2 - жоспар бойынша табиғат зоналарын сипаттайды; 8.3.4.3 - әр материкте орналасқан ұқсас табиғат зоналар мен биіктік белдеулерді салыстырады; 8.3.4.4 - мұхиттағы тіршілік дүниесінің таралуын анықтайды; 8.3.4.5 - өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттілігін дәлелдейді, қорғау жолдарын ұсынады.	8-сыныпта Қазақстанның физикалық географиясында қазақстандық контент негізінде қарастырылуы тиіс.
	3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	8.3.5.1 - географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетіп, түсіндіреді; 8.3.5.2 - географиялық қабық заңдылықтарының маңыздылығын түсіндіреді.	8-сыныпта Қазақстанның физикалық географиясында қазақстандық контент негізінде қарастырылуы тиіс.
4. Әлеуметтік география	4.1 Халық географиясы	8.4.1.1 - халық санын анықтау әдістерін түсіндіреді; 8.4.1.2 - дүниежүзі елдерін халықтың ұдайы өсу түрі бойынша жіктейді; 8.4.1.3 - елдердің демографиялық жағдайын талдап, басты демографиялық көрсеткіштерін есептейді: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және	9-сыныпта Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық географиясында қазақстандық контент негізінде қарастырылуы тиіс.

		<p>діни құрам;</p> <p>8.4.1.4 - елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, түсіндіреді;</p> <p>8.4.1.5 - дүниежүзі елдерін демографиялық проблемалары бойынша жіктейді;</p> <p>8.4.1.6 - «демографиялық саясат» ұғымын түсіндіре отырып дүниежүзінің жекелеген елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады.</p>	
5. Экономикалық география	5.1 Табиғи ресурстар	<p>8.5.1.1 - табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалайды;</p> <p>8.5.1.2 - дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи ресурстық әлеуетін бағалайды;</p> <p>8.5.1.3 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды.</p>	
	5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	8.5.2.1 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде экономикалық инфрақұрылымның элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді.	
	5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық	<p>8.5.3.1 - өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы шаруашылық түрлерін жіктейді;</p> <p>8.5.3.2 - қазақстандық компонентті</p>	«5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» 10-сыныпта қарастырылуы тиіс.

	құрылымы	қосымша қамту негізінде ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттайды; 8.5.3.3 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдайды; 8.5.3.4 - дүниежүзі шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды.	
	5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері		«5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері» 10-сыныпта қарастырылуы тиіс.
6. Елтану және саяси география негіздері	6.1 Дүние жүзі елдері	8.6.1.1 - саяси картаның басты нысандарын сипаттайды; 8.6.1.2 - елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастырады; 8.6.1.3 - саяси картаның сандық және сапалық өзгерістерін талдайды; 8.6.1.4 - елдердің саяси-географиялық жағдайына баға береді; 8.6.1.5 - саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын түсіндіреді; 8.6.1.6 - Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдайды.	«6.1 Дүние жүзі елдері» 10-сыныпта қарастырылуы тиіс.
Бөлім	Бөлімше	9-сынып	9-сынып
1.	1.1	9.1.1.1 - география ғылымының	«Географиялық зерттеу әдістері» және «Картография және

Географиялық зерттеу әдістері	Зерттеулер және зерттеушілер	<p>дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері туралы баяндайды;</p> <p>9.1.1.2 - география ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемаларын анықтайды;</p> <p>9.1.1.3 - географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды;</p> <p>9.1.1.4 - қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіреді;</p> <p>9.1.1.5 - зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынады.</p>	<p>географиялық деректер базасы» бөлімдерінің оқу мақсаттары оңтайландыруды қажет етеді.</p> <p>7-сыныптағы бөлімдердің қайталануын басқаша беру мақсатында және Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясының 7 мен 11-сыныптарда шашылып жатуын жинақтау мақсатында 9-сыныпта Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық географиясы жаңартылыған бағдарлама ретіне сай кешенді түрде қарастырылады.</p>
2. Картография және географиялық деректер базасы	2.1 Географиялық карталар	<p>9.2.1.1 - маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттайды;</p> <p>9.2.1.2 - географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді.</p>	
	2.2. Географиялық деректер базасы	<p>9.2.2.1 - жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттап, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіреді;</p> <p>9.2.2.2 - шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпараттық технологияларын қолданудың маңыздылығын сипаттайды.</p>	
3. Физикалық география	3.1 Литосфера	<p>9.3.1.1 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде Қазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымын анықтайды;</p>	<p>«3. Физикалық география» бөлімінің оқу мақсаттары оңтайландыруды қажет етеді.</p>

		<p>9.3.1.2 - басты орографиялық нысандарды сипаттайды;</p> <p>9.3.1.3 - қазақ оронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады;</p> <p>9.3.1.4 - Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылықтарын анықтайды;</p> <p>9.3.1.5 - Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру және өңдеудің басты орталықтарын картадан көрсетіп, сипаттайды;</p> <p>9.3.1.6 - Қазақстанның минералды ресурстарына баға береді;</p> <p>9.3.1.7 - минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды топтастырып, шешу жолдарын ұсынады.</p>	
	3.2 Атмосфера	<p>9.3.2.1 - Қазақстан климатын қалыптастырушы факторларды талдайды;</p> <p>9.3.2.2 - Қазақстанның климаттық жағдайын талдайды;</p> <p>9.3.2.3 - Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалайды;</p> <p>9.3.2.4 - Қазақстанда атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардың қалыптасуын, таралу аумақтарын картада көрсетіп, сақтану шараларын ұсынады;</p> <p>9.3.2.5 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қазақ халқының атмосфералық және</p>	

		климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды.	
	3.3 Гидросфера	<p>9.3.3.1 - Қазақстанның ішкі суларын топтастырады, көрсеткіштерін талдайды және сипаттайды: өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты сулары;</p> <p>9.3.3.2 - қазақ гидронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады;</p> <p>9.3.3.3 - Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға береді;</p> <p>9.3.3.4 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су ресурстарының экологиялық проблемаларын талдап, шешу жолдарын ұсынады;</p> <p>9.3.3.5 - Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктеп шешу жолдарын ұсынады: трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі.</p>	
	3.4 Биосфера	<p>9.3.4.1 - Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасайды;</p> <p>9.3.4.2 - қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар ерекше қорғалатын аумақтарының құрылу мақсатын түсіндіреді;</p> <p>9.3.4.3 - Қазақстанның табиғи мұрасына баға береді;</p> <p>9.3.4.4 - тақырыпқа қатысты қазақтың</p>	



		табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады; 9.3.4.5 - ноосфераның қалыптасу шарттарын зерттейді; 9.3.4.6 - Қазақстанның ноосфера дамуына қосқан өзіндік үлесін бағалайды.	
	3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	9.3.5.1 - Қазақстанның ірі табиғи кешендерін жоспар бойынша сипаттайды; 9.3.5.2 - қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіріп, транслитерациясын үш тілде ұсынады; 9.3.5.3 - жергілікті компонент негізінде антропогендік факторлардың табиғат кешен-деріне әсерін зерттейді; 9.3.5.4 - антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын ұсынады: рекультивация, мелиорация, ландшафттық дизайн.	«3.5 Табиғи-аумақтық кешендер» 8-сыныпта қарастырылады.
4. Әлеуметтік география	4.1 Халық географиясы	9.4.1.1 - Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтайды; 9.4.1.2 - дүниежүзі халқы миграцияларының басты бағыттарын, себеп-салдарын түсіндіреді; 9.4.1.3 - Қазақстандағы көші-қон үдерістерді талдап, басты бағыттарын анықтайды; 9.4.1.4 - көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсынады; 9.4.1.5 - қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдердің көрсеткіштерімен	

		<p>салыстыру негізінде еңбек ресурстарының сандық, сапалық құрамына баға береді;</p> <p>9.4.1.6 - Қазақстанның демографиялық жағдайын талдап, демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады;</p> <p>9.4.1.7 - Қазақстандағы елді мекендерді жіктейді;</p> <p>9.4.1.8 - елді мекендердің түрлері мен функционалды зоналарын сипаттайды;</p> <p>9.4.1.9 - Қазақстандағы ойконимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады;</p> <p>9.4.1.10 - Қазақстанның елді мекендері проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады;</p> <p>9.4.1.11 - урбандалу үдерісінің себеп-салдарын түсіндіру арқылы байланысты проблемалардың шешу жолдарын ұсынады;</p> <p>9.4.1.12 - Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға береді.</p>	
5. Экономикалық география	5.1 Табиғи ресурстар	<p>9.5.1.1 - Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалайды;</p> <p>9.5.1.2 - Қазақстанда жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды;</p> <p>9.5.1.3 - табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлерін топтастырады;</p> <p>9.5.1.4 - тұрақты дамудың белгілері мен бағыттарын сипаттайды;</p> <p>9.5.1.5 - Қазақстанда табиғатты</p>	

		<p>пайдалану проблемаларын анықтап, шешу жолдарын ұсынады;</p> <p>9.5.1.6 - жергілікті компонент негізінде табиғатты пайдалануға байланысты зерттеу жүргізеді.</p>	
	<p>5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар</p>	<p>9.5.2.1 - ғылыми-техникалық революция үдерісін, даму бағыттарын талдайды;</p> <p>9.5.2.2 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде адам әлеуетінің даму индексі көрсеткіштерін анықтап, елдерді салыстырады;</p> <p>9.5.2.3 - Қазақстанда адам капиталының әлеуетін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;</p> <p>9.5.2.4 - Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағыттарын анықтап, болжам жасайды;</p> <p>9.5.2.5 – Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымының жағдайын талдап, дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді;</p> <p>9.5.2.6 - Қазақстан аймақтарының инфрақұрылымын талдап, проблемаларды шешу жолдарын ұсынады.</p>	
	<p>5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы</p>	<p>9.5.3.1 - Қазақстан шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>9.5.3.2 - Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтап, мамандануын түсіндіреді.</p>	<p>Бөлімшенің атауын түзету керек.</p>

	<p>5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері</p>	<p>9.5.4.1 - дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілерін сипаттайды;  9.5.4.2 - халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтайды;  9.5.4.3 - халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттайды;  9.5.4.4 - дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін сипаттайды: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өні оның ішінде жан басына шаққанда;  9.5.4.5 - дүниежүзілік шаруашылықтың модельдері мен аумақтық құрылымын талдайды;  9.5.4.6 - дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістерін талдайды;  9.5.4.7 - Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын анықтайды;  9.5.4.8 - Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын, орнын анықтайды.</p>	<p>«9.5.4.1 - дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілерін сипаттайды; 9.5.4.2 - халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтайды; 9.5.4.3 - халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттайды; 9.5.4.4 - дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін сипаттайды: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өні оның ішінде жан басына шаққанда; 9.5.4.5 - дүниежүзілік шаруашылықтың модельдері мен аумақтық құрылымын талдайды; 9.5.4.6 - дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістерін талдайды;» мақсаттары оңтайландыруды қажет етеді. Сонымен бірге бұл мақсаттарды 10-сыныпта қарастырылған жөн дейміз.</p>
<p>6. Елтану және саяси география негіздері</p>	<p>6.1 Дүние жүзі елдері</p>	<p>9.6.1.1 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырады;  9.6.1.2 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде халықаралық ұйымдарды деңгейі және мақсаты бойынша топтастырады;  9.6.1.3 - Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайына кешенді баға береді;</p>	<p>«6. Елтану және саяси география негіздері» бөлімінің мақсаттарын жөндеу керек. 10-сыныпта қарастырылған жөн.</p>

		<p>9.6.1.4 - Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады;</p> <p>9.6.1.5 - Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты түрлі мақсатты аудиториялар үшін дайындайды.</p>	
--	--	---	--

## Талдау

2017-2018 жылдардағы жаңартылған бағдарлама осы негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сай білім саласына енгізілді.

Қазіргі білім беру жүйесінің алдында білім беру процесін жаңа идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Мектеп - бұл оқу ортасы, ал оның өзегі - мұғалім. Жаңа формация мұғалімі рефлексивті, өзін-өзі жүзеге асыратын әдістемелік, зерттеу және басқа құзыреттіліктің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани, моральдық, азаматтық жауапкершілікке ие болуы керек дей отырып оларды қолданысқа енгізілетін ғылыми тұрғыда негізделген бағдарламалармен оқулықтармен қамтамасыз етуіміз керек.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары осы стандартқа және оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес іске асыруда.

Нәтижеге бағытталған білім беру моделі және басқарудың жаңа парадигмасы аясында оқытудың белгілі тұжырымдамалары мен нормаларын және тиімді технологияларын меңгеру үшін мұғалімдердің кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқыту қажеттілігі туындайды. Осы мақсатта географиялық білім беру қандай жолда деген сұрақ қазіргі кезде мектеп мұғалімдері ғана емес ата аналарды да ойландырады.

Жаңартылған оқу бағдарламасы орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленгені факт. 5-6-сыныптарда жаратылыстану пәні енгізілген.

Білім беру процесінің мазмұндық негізін айқындайтын білім берудің құндылықтары мен оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесінің өзара байланыстылығы мен өзара шарттылығына негізделген оқыту мен тәрбиенің бірлігі қағидатын іске асыру шиыршық бағытында жүзеге асыру керек болатын және оқытудың баламалылығын қамтамасыз ету көзделген.

Инновациялық практиканы қолдауға және дамытуға бағытталған географияны оқыту мақсаттары толықтай жүзеге асырылмады.

Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының қызметін объективті бағалауды ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар мұғалім жұмысында қиындықтар тудырды.

Сабақтан тыс іс-әрекет – біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі ретінде пәнге берілген мақсаттары толық емес.

Дәстүрлі білім беру жүйесіндегі негізгі мақсат - оны нәтижеге бағдарланған, жеке тұлғаның құзыреттілігіне негізделген қамтамасыз ету, неғұрлым білікті адамды даярлау және әлемдік білім беру кеңістігіне кіру.

Біз оқыған бағдарлама бүгінгі күні толық емес болып көрінеді, сондықтан оған өзгерістер, жаңартулар қажет. Кейбіреулер кеңестік білім беру жүйесіне оралғысы келеді, онда бәрі түсінікті болды, бірақ қазіргі уақытта бұл мүмкін емес. Мектеп алдындағы басты міндет-балаларға білім беру ғана емес, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Біз цифрландыру мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушыларды өз бетінше білім алуға және ақпарат іздеуге қызықтыруымыз керек. Бұл жаңартылған мазмұнның мәні.

Егер біз балаларды өз білімдерін күнделікті өмірде қолдануға үйреткіміз келсе, мұны оқытылатын пәндердің мысалдарымен жасау керек. Әр түрлі формалар мен әдістер бар. Мысалы, жобаларды әзірлеу, сарапшылар мен басқарушылар болу, топтардағы жұмыс, туристік-өлкетану, экологиялық жұмыстардың мүмкіндіктерін пайдалану және т.б. сондықтан, уақыт талаптарына сәйкес, біз өскелең ұрпақты жаңа әдістемелер бойынша оқытып, тәрбиелеуіміз керек. Біздің ойымызша, әдістеме бізде жақсы, ойластырылған пәндер бағдарламасы болған

кезде жұмыс істейді.

Оқытудың спиральды формасы бүкіл оқу барысында күрделене түсетін материалды қайта қарау дәстүрлі оқыту формаларына қарағанда қазіргі оқушының дамуында үлкен артықшылық береді деп болжайды. Авторлар оқыту белсенді болуы керек, құрылған бірлескен орта жағдайында жүргізілуі керек, білім беру процесінде оқытуды саралау керек деп болжайды. Пәнаралық байланыстарда іске асырылуы тиіс. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (АКТ) пайдалану міндетті болып табылады. Жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім берудің 7-9 сыныптары үшін "География" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген.

Үлгілік бағдарламаға сәйкес оқу бағдарламасы және жаңа буын оқулықтары әзірленді.

Оқу бағдарламасы орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді. «География» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7 – сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 2) 8 – сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 3) 9 – сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Оқу пәнінің мазмұны 6 бөлімнен тұрады:

- 1) географиялық зерттеу әдістері;
- 2) Картография және географиялық деректер базасы;
- 3) физикалық география;
- 4) әлеуметтік география;
- 5) Экономикалық география;
- 6) саяси географияның негіздерімен елтану.

Бұл бөлімдер 7-9-сыныптарда оқытылады. Бағдарламада көрсетілгендей, жоғары сыныптардағы (10-11-сыныптар) «География» оқулығының мақсаты географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімді, дағдылар мен іскерліктерді қолдану үшін оқушыларға жағдай жасау болып табылады. Мысалы: 1 Бөлім. Географиялық зерттеу әдістері тақырып бойынша - осындай мақсаттар қойылған географиялық зерттеулердің өзекті әдістері:

- 11.1.1.1-зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама элементтерін қолдану;
- 11.1.1.2-зерттеу тақырыбына сәйкес сараптамалық бағалау әдістерін қолдану;
- 11.1.1.3-зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану;
- 11.1.1.4-зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану.

Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы «География» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 10-сыныпта - ЖМБ - аптасына 4 сағат, ҚГБ-оқу жылының аптасына 3 сағат;
- 2) 11-сыныпта - ЖМБ - аптасына 4 сағат, ҚГБ-оқу жылының аптасына 3 сағат.

Оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімнен тұрады:

- 1) географиялық зерттеу әдістері;
- 2) картография және геоинформатика;
- 3) табиғатты пайдалану және геоэкология;
- 4) геоэкономика;
- 5) геосаясат;
- 6) елтану;
- 7) адамзаттың жаһандық мәселелері.

Бүгінгі таңда жаңартылған бағдарлама бойынша оқулықтар жазылды және мазмұнда көптеген қайталанулар мен қайталанулар бар екенін көруге болады. Қазақстанның географиясы 7-11-сыныптар аралығында орналасқан. Геоэкономика және елтану бойынша географияның қаралмаған өзекті мәселелері бар. Туризм саласы мүлдем жоқ.

Оқытудың жаңартылған мазмұнына көшумен сүйемелденетін қазақстандық білім беруді жаңғырту оқыту сапасын арттыруға, оқытудағы жеке тұлғаға бағдарланған тәсілге, нақты пәндерді оқу кезінде уәждемені күшейтуге бағытталған. Сондықтан бұл ұсыныстарды енгізу ерекше өзекті болып табылады білім беру процесіне. Тұлғаға бағытталған оқыту, оны әлемдік тәжірибеде жүзеге асырудың әртүрлі нұсқалары және оқуға деген көзқарастар-оқытудың әртүрлі көріністеріндегі саралаудың мәні Полат Е.С. және т. б. жұмысында сипатталған.

Білім беру саласын жаңғырту әлемдегі және қазақстандық қоғамдағы терең саяси және әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар аясында жүріп жатыр. Болып жатқанның бәрі геосаяси және нарықтық қатынастарға көшумен байланысты.

11-сыныптың «География» пәнінің мақсаты-оқушылардың функционалдық сауаттылығын, геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, дағдылары мен іскерліктерін дамыту.

7-10-сыныптарда алған біліктер мен дағдылар уақыт өте келе күрделене түседі, 11-сыныпта олар қолданбалы сипатқа ие болады.

Негізгі міндеттері пәннің болып табылады:

1) географиялық және кеңістіктік ойлауды дамыту, жаһандық, өңірлік және жергілікті тәсілдерді түсіну, әсіресе Геоэкология, геоэкономика және геосаясат бөлімдері бойынша;

2) елтану мен адамзаттың жаһандық проблемаларын зерделеу кезінде ГАЖ деректерін өңдеудің қазіргі заманғы әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;

3) «Информатика» пәні бойынша алған білімдері мен іскерліктерін пайдалану, оқулықтағы практикалық жұмыстар мен тапсырмаларды орындауды іске асыру;

4) геокеңістіктік әдістермен және деректермен байланысты әр түрлі қызмет түрлерін орындау арқылы білім алушыларды кәсіптік бағдарлау.

Оқу материалы студенттердің ғылыми, логикалық тұрғыдан құрылған, ақпараттық сөйлеуін дамыту үшін жасалған. Оқулықта берілген тапсырмалар көбінесе практикаға бағытталған және зерттеу дағдыларын, логикалық ойлауды, есте сақтауды, байқауды және жеке тұлғаның жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған.



Оқулықтың әдістемелік моделінің жетекші идеялары:

- көрнекілік;
- қол жетімділік;
- сана мен белсенділік;
- беріктік білім;
- ғылымилық;
- теорияның практикамен байланысы;
- природосообразности;
- тәрбиелік оқыту;
- дамыта оқыту.

Оқушылар тапсырмаларды орындау кезінде салыстыру, жалпылау, абстракциялау, жіктеу, жүйелеу, талдау, синтездеу әдістерін меңгереді. Ұсынылған позицияның ақиқатын дәлелдеу, тезистерді дәлелдеу, негізгі ойды бөліп көрсету, маңызды және қайталама белгілерді ажырату, нақты материалды талдау негізінде қорытынды жасау қажет болатын оқыту әдістеріне ерекше назар аудару керек. Шығармашылық және репродуктивті әдістердің оңтайлы үйлесімімен білімді, дағдыларды практикада қолдану психикалық дамуға әсер етеді.

Оқу құралының мәтінінде әр түрлі технологиялар, жаттығулар түрлері (зерттеулер, презентациялар, шығармашылық тапсырмалар), жеке және топтық жұмыс түрлері қолданылады, әр оқушының жеке ерекшеліктерін кеңінен ашуға маңызды алғышарттар жасалады.

Осы әдістемелік нұсқаулықта көрсетілген критериалды бағалау жүйесінің құрылымы мен механизмін қолдана отырып, нәтижеге бағытталған оқытуды жүзеге асыруға, білім алушылардың дербес іздестіру қызметін жүзеге асыру, Оқу пәнінің барлық бөлімдері бойынша оқытуды жүзеге асыру, атап айтқанда:

- 1) географиялық зерттеу әдістері
- 2) картография және геоинформатика
- 3) табиғатты пайдалану және геоэкология
- 4) геоэкономика
- 5) геосаясат
- 6) елтану
- 7) адамзаттың жаһандық мәселелері

Әрбір оқушы 9-10 сыныптарда алған білім негізінде функционалдық сауаттылықтың даму деңгейін объективті бағалай алады.

«ТМС Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық оқыту технологиясының басқалардан айырмашылығы әдістемелік жүйенің барлық компоненттерінің үш өлшемділігі (мақсаттары, мазмұны, әдістері, нысандары мен құралдары) болып табылады. Әдістемелік жүйенің әр компоненті бір-бірімен иерархиялық байланысқа ие. Біріншіден, дамудың үш деңгейінің мақсаттары бір-біріне тәуелсіз туындайды. Біртіндеп қол жеткізілетін аралық нәтижелер болжамды түрде қойылады (белгілі бір ұпай санын өлшеу үшін). Әрбір деңгейдің мақсаттарына сәйкес бірін-бірі толықтыратын, тереңдететін және күрделендіретін деңгейлік тест тапсырмаларының дәйектілігі іріктеледі.

География сабақтарында мақсат қою-педагогикалық іс-әрекеттің ең проблемалық кезеңдерінің бірі. Мақсатты тұжырымдау арқылы мақсат нәтиженің моделі екенін түсіну керек.

Егер дәстүрлі оқытуда оқу-тәрбие процесінде мұғалім басты рөл атқарса, қазір оқушы белсенді жұмыс істейді, яғни ол өзі оқиды. Дәстүрлі оқытуда мұғалім оқушыға тиісті ақпарат береді, оқушы тек материалды тыңдайды және қабылдайды. Сабақтарда көбінесе репродуктивті әдістер қолданылады (дәріс, сұрақ-жауап, жаттығуларды орындау және т.б.).

Қазіргі уақытта оқушының өзі іздейді, өзі оқиды. Сабақта проблемалық оқыту жүзеге асырылады (жағдайды шешу, баланың ойлауы, «ми шабуылы», пікірталас және т.б.). Сабақта мұғалім басқарушылық рөл атқарады, оқушыларды бағыттайды. Ол әр оқушының мүдделерін ескере отырып, жеке мүмкіндіктерді, зерттеу қабілеттерін анықтауға баса назар аударады.

Оқушының іс-әрекеті көптеген жеке қасиеттерімен бағаланады (интеллектуалды даму, сөйлеу мәдениеті, тәуелсіздік, өзін-өзі реттеу, бастама, жауапкершілік және т.б.). Әр оқушы басқа оқушымен емес, өзімен салыстырылады. Оқушыға өзін-өзі бағалау мүмкіндігі беріледі.

Бұл технологияда жеке және топтық оқыту формалары негізгі болып табылады. Топтық оқытудың негізгі мақсаты-оқушыларды шағын топтарда бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Мұндай топта оқушы өзінің жеке басын жоғалтпайды. Қажет болған жағдайда студенттер бір-біріне көмек сұрап, жалпы мәселелерді шеше алады, яғни өзара оқыту процесі жүреді. Сабақта әр оқушы өзінің жетістіктерін бағалап немесе кемшіліктерін түсініп қана қоймай, оның жалпы нәтижеге қалай әсер ететінін көре алады.

Оқытудың жеке формасы белгілі бір тапсырмалары бар студенттерге мүмкіндік береді, олар өздері мен мұғалімнің алдында тапсырмаларды орындау нәтижесіне жауапты болуға үйретеді. Оқытудың мұндай формалары оқушының өзіне деген сенімін дамытады, Ар-намыс пен өзін-өзі бағалаудың жеке сапасын ынталандырады.

Осы технология бойынша күнтізбелік жоспарды әзірлеу кезінде барлық тақырыптарды модульдерге бөлу керек.

Модуль - бұл үлкен, ауқымды тақырып немесе бірнеше параграфтан тұратын тарау. Бұл жоспарлаудың ерекшелігі - әр тарау (немесе модуль) үш Қорытынды сессиямен аяқталады:

- деңгейлік тапсырмалардан тұратын тақырыптық өзіндік жұмыс;
- түзету жұмыстары;
- деңгейлік тапсырмалардан тұратын Бақылау жұмысы.

1-қадам: «білу» тапсырмасы

- картаны оқи білу;
- информатика курсынан диаграммаларды, кестелерді және т. б. құру үшін бағдарламаны игеру;
- елдердің географиялық орналасуын сипаттай, сипаттай білу;
- географиялық және геосаяси терминдерді білу.

2-қадам: «түсіну» тапсырмасы

- зерттеу түрлері мен әдістерінің мақсатын түсіну;
- неліктен елдердің аумағын зерттеу өте маңызды;
- саяси карталар неге өзгереді;
- елдер мен аумақтардың дамуына қандай факторлар әсер етеді.

3-қадам: тапсырма «қолдану»

- аэроғарыштық суреттер мен карта жасау әдістерін қолдану;
- зерттеу тақырыптарын, объектілерін аудандастыру және модельдеу үшін шартты белгілер мен символдарды қолдану;
- практикалық жұмыстарды орындау үшін әртүрлі бағдарламаларды пайдалану;
- ГАЖ-технологияларды пайдалана отырып, жекелеген елдердің географиялық және геосаяси жағдайын бағалау.

4-қадам: «талдау» тапсырмасы

- оқулықтың кестелері мен карталарын пайдалана отырып, Қазақстан мен әлем елдерінің геоэкономикасына, геосаясатына талдау жасау;

- мәліметтер базасын құру, аудандастыру және модельдеу, зерттеу тақырыбына жан-жақты талдау жасау.

5-қадам: «синтез» тапсырмасы

- оқытудың әртүрлі әдістерін қолдана отырып, перспективаларды анықтау және болжау үшін мүмкіндіктер мен кемшіліктерді анықтаңыз;

- практикалық жұмыстарды орындау нәтижесінде қорытынды жасап, ұсыныстар беру.

6-қадам: «бағалау» тапсырмасы

- сараптамалық бағалау кезінде мұғалім немесе оқушылардың өздері бағалайтын міндеттерді шешудің объективтілігін, дұрыстығын анықтаңыз;

- жұмыс жеке және топта.

Бақылау - өлшеу материалдарын дайындауға, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға, интернет-ресурстармен жұмыс істеуге және т.б. (акт) ерекше көңіл бөлінеді. Нәтижесінде оқушылардың оқу процесінде, бос уақытында және қарым-қатынас кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сауатты және шығармашылықпен пайдалана білуі қамтамасыз етіледі. Оқытудың жаңа моделі АКТ-ны әртүрлі нысандарда кеңінен қолдануды білдіреді: тест қабықшалары, оқыту бағдарламалары мен платформалар, электрондық ресурстар, Интернет. Сондай-ақ, компьютерлік технологияларды қолдану қағидаттарына негізделген оқытудың жаңа формаларына көшудің өзектілігі атап өтілді.

Оқушылар ақпаратты іздеу, өңдеу және өндіру, деректермен және идеялармен алмасу, өзара әрекеттесу, бағалау және жетілдіру дағдыларын дамытады әр түрлі жабдықтар мен қосымшаларды қолдана отырып жұмыс жасаңыз. Пәнді оқу мақсатында келесі интерактивті сабақ түрлерін пайдалану қарастырылған: іскерлік ойын; кейс-технологиялар; шағын топтардағы жұмыс. Сонымен қатар, ғалымдармен, саяхатшылармен, сондай-ақ өндірістегі қызметкерлермен кездесулер ұйымдастыру ұсынылады.

Мұғалім өз жұмысына шығармашылықпен қарауы, сабақ құрылымына бейімделуі, әдістерді өзгертуі, студенттермен жұмыс жасауды қамтитын көмекші құралдарды қолдануы керек.

Оқушыларға келесі жұмыс түрлері ұсынылады:

- негізгі оқу және қосымша материалды өз бетінше түсіну;
- хабарлама құрастыру-баяндама, реферат, PowerPoint бағдарламасында презентация, постер, кластер, картосхема;
- жобалық, практикалық, зерттеу, шығармашылық қызмет;

- дербес, жеке, жұптық жұмыс.

Оқу-әдістемелік кешенді оқушылардың жас ерекшеліктерін жақсы білетін тәжірибелі оқытушылар мен ғалымдар дайындады.

Бұл білім беру кешені инновациялық сипатқа ие, тұлғаны тәрбиелеу мен жан-жақты дамытудағы жаңа білім жүйесіндегі қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес келеді.

Бағдарламаның жағымды жақтары да бар. Жеке және әлеуметтік дамудың арқасында оқушылар қоғам құндылықтары мен жеке құндылықтарды анықтауды, қайта қарауды және бағалауды үйренеді. Олар сонымен қатар өз қабілеттерін бағалауға, өз бетінше жұмыс істеуге, сондай-ақ ұжымда шешім қабылдауға мүмкіндік беретін дағдыларды дамытады. Бірақ оқу жоспарының мазмұны әзірленбеген, өйткені сағаттардың бөлімдер бойынша бөлінуінің сәйкессіздігін байқады. «Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімі мазмұнның үштен бірін алады. Білім беру бағдарламасы мұғалімнен келесі дағдыларды талап етеді:

- нәтижелерге қол жеткізу үшін оқу мақсаттарын тұжырымдау;
- оқу материалын меңгеруді ұйымдастыру бойынша оқу үдерісін құру;
- оқу мақсаттарына сәйкес оқу материалдарын дайындау;
- оқу процесі үшін ақпараттық ортаның әлеуетін пайдалану;
- оқушылардың тұлғалық-әрекеттік бағытта озыңқы дамуына жағдай жасау;
- қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ағымдағы нәтижелерді бағалау;
- олардың алдында туындаған проблеманы шешу жолдарын өздері табуына көз жеткізу;
- оқушылардың барлық жеке қабілеттері ескерілетіндей оқу үдерісін жүргізу және дайындау;
- топта және жұпта жұмыс істеу үшін тапсырмаларды көбірек пайдаланыңыз;
- көпдеңгейлі мәселелерді олар мәселеге тереңірек үңілетіндей етіп құру;

- оқушылардың сыни ойлауын дамытуға аса байсалды көзқарас. Осылайша, авторлық коллетив, жаңартылған бағдарлама бойынша оқулық жазамын, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, әдістемелік құрал жинақтауға ерекше назар аударды. География бойынша 11–сынып оқу-әдістемелік кешені Қазақстан Республикасының сексен мектебінде тәртіпшен апробацияланды.

Осы кезеңде негізгі кемшіліктер оқулықтарды қатаң түрде бағдарлама бойынша жазу болып табылады. Авторларға білім беру географиясының кейбір тұстарын қосуға мүмкіндік бермейді.

Барлық жерде цифрландыруға қарамастан, мектептердің материалдық-техникалық базасы әлсіз. Жаңа буын оқулықтарын апробациялау кезінде мектептер бойынша интернетке және мультимедиялық және ұйымдастыру техникасына шектеулі қолжетімділік, моральдық - ескірген жабдықтар, жеткіліксіз жабдықтау анықталды мұғалімдердің айтуынша, бастапқы кезеңде үлгерім төмендейді. Кейбір оқушылар ұйымдастырылған, өйткені 7-ден 11-ге дейін сыныптар тақырыптар мен бөлімдер қайталады. Нәтижесінде оқушылар география негіздерін географиялық заңдылықтар, геология, тектоника және картография ретінде нашар біледі. Әсіресе геоинформатика, геоэкономика, геосаясат бөлімдері қиындықпен игеріледі.

Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу кезінде мектеп мұғалімдерін даярлау мен қайта даярлауды ескерген жоқ. Танылған бағдарлама бойынша қысқа мерзімді курстар қажетті нәтиже бермеді.

Жаңартылған бағдарламаға көшу барлық білім беру жүйесін жаңғыртуды талап етеді. Мұндай ауысуды жүзеге асыру үшін

өзгерістерді өздерінен және білім беру мекемелерінде педагог кадрлар даярлаудан бастау керек.

Мектептер мен ЖОО-ларда Қазақстанда соңғы бес жыл ішінде қалыптасқан географиялық білім беру жүйесі, әсіресе қазіргі уақытта дезинтеграция жағдайында тұр, бұл педагогтер мен мектептердің өздерінің дайындығын ескермей, жалпы білім беретін мектепте жаңартылған бағдарламаны енгізуге байланысты көрінеді.

Егер жақында мұғалімдердің басты талабы мектеп географиялық білімінің толық еместігі болса, олар сыныптар бойынша қисынсыз бөлінеді, атап айтқанда географияны оқыту принципі, біз сұрақ қоямыз - ол қандай болуы керек.

Қалыптасқан жағдайға байланысты және география пәнінің мұғалімдерінің авторларының пікірінше, білім берудің географиялық моделі келесі құрылымға ие болуы керек.

- 7-сыныпта физикалық география негіздерін оқу.
- 8-сыныпта Қазақстанның физикалық географиясын оқу
- 9-сыныпта Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясын оқу.
- 10-сыныпта геоэкономика (әлемдік) және геоэкология
- 11-сыныпта елтану және адамзаттың жаһандық мәселелері

- 1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

«География» пәні оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге бағытталған болатын. Бірақта 7-сыныптан бастап төмендегі бөлімдердің берілуі мұғалімдердің жұмыстарын қиындатты және географияның негізгі заңдылықтарын, қағидаттарын оқытуға кедергі жасады.

7-9-сыныптарда оқу пәнінің мазмұны 6 бөлімді қамтиды:

- 1) географиялық зерттеу әдістері;
- 2) картография және географиялық деректер базасы;
- 3) физикалық география;
- 4) әлеуметтік география;
- 5) экономикалық география;
- 6) елтану және саяси география негіздері.

Алты бөлім шиыршық тәсілі бойынша оқыту барысында 7-сыныпта бұрынғы жоғары сыныптарда оқытылатын география мазмұнын әлеуметтік география, экономикалық география, елтану және саяси география негіздері тақырыптарын қарастырады.

Экономикалық география тақырыптарының орнына физикалық географияның кейбір мазмұндық тақырыптық енбей қалған. Географиялық білім беру жаратылыстану пәннің жалғасы ретінде табиғат өоршаған орта ондағы құбылыстар мен заңдылықтарды меңгеруді қажет етеді. Қазіргі кезде материктер мен мұхиттар географиясы тектоника климаттық белдеулер мен зоналардың орналасу заңдылықтарын толықтай бере алмайды. Оның орнына төмендегі бөлімшелер қарастырылған:

- «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі «Зерттеу және зерттеушілер» бөлімшесінен тұрады.
- «Картография және географиялық деректер базасы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады: Географиялық карталар; Географиялық деректер базасы;
- «Физикалық география» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады: Литосфера; Атмосфера; Гидросфера; Биосфера; Табиғи-аумақтық кешендер. Физикалық география тарауы толық емес. Төмендегі бөлімшелермен шектеледі.

Қолданыстағы география пәні бойынша бағдарламаның мазмұнына кірмей қалған тақырыптар: жеке 6 материктердің және 4 мұхиттың табиғи кешендері. Нәтижесінде тұтастай жүйелілік сақталмаған.

Қалған бөлімшелер 9-сыныптан ары қарай қарастырылуға тиісті.

- «Әлеуметтік география» бөлімінің Халықтар географиясы бөлімшесі;
- «Экономикалық география» бөлімінің келесі бөлімшелері: Табиғи ресурстар; Әлеуметтік-экономикалық ресурстар; Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы; Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері;
- «Елтану және саяси география негіздері» бөлімінің «Дүниежүзі елдері» бөлімшесі.

Жоғарыда көрсетілген бөлімшелер жеңілден күрделіге қарай принципіне сай келмейді. Сол себепті 12-жылдық білім беру стандарт жобасында қарастырылуға тиісті. Төмендегі 1-кестеде негізгі орта білім мақсаты бойынша оқу бағдарламасына енбей қалған не қайталануға түсетін мақсаттар сараланады.

## Кесте 2 – «Жаратылыстану және технология» білім саласының мазмұнына қойылатын талаптарды салыстыру

НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ СТАНДАРТЫ	
Қолданыстағы стандарт	12 жылдық білім беру стандарт жобасы
<b>Мазмұнына қойылатын талаптар</b>	
«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану», «Физика»,	«Жаратылыстану және Технология» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География»,

<p>«Химия», «Биология», «География» оқу пәндерінде іске асырылады.</p> <p>«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны функционалдық білім мен біліктерді, жоспарлау, талдау және өңдеу, түсіндіру, жүйелеу, алгоритм бойынша жұмыс, зерттеу, практикалық-эксперименттік дағдыларды жетілдіру, қорытындыларды бағалау және тұжырымдау дағдыларын қалыптастыруды; әлемнің қазіргі жаратылыстану көрінісінің негізінде жатқан іргелі ұғымдарды, заңдылықтарды, теориялар мен қағидаттарды, табиғатты ғылыми тану әдістерін, табиғатты, экономиканы және қоғамды кешенді зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті проблемаларын түсінуді тереңдетуді; экологиялық мәдениетті, ғылыми, жобалық және кеңістіктік ойлауды дамытуды; патриоттық сезімдерді, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті және ұқыпты қарауды тәрбиелеуді; білім алушыларды жаратылыстану ғылымдары бағытында кәсіби бағдарлауды іске асыруды қамтамасыз етеді.</p>	<p>«Технология» оқу пәндерінде іске асырылады.</p> <p>«Жаратылыстану және Технология» білім беру саласының мазмұны мыналарды қамтамасыз етуі тиісті:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жаратылыстану ғылымдарының негіздері мен жалпы заңдылықтарын, табиғаттың даму заңдылықтарын, «адам-қоғам-табиғат» жүйесіндегі үйлесімділік қағидаларын, оларды адам игілігіне қолдану әдістері мен құралдарын білуді;</li> <li>- білім алушының заманауи жаратылыстану дүниетанымын қалыптастыру және дамыту;</li> <li>- ғылыми танымдық терминологияны меңгеру, ғылыми ұғымдарды пайдалана білу, бірыңғай ғылыми заңдылықтар мен принциптерді жалпылау және іріктеу;</li> <li>- табиғатты, экономиканы және қоғамды кешенді зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті мәселелерін түсіну (шешуімен бірге);</li> <li>- ғылыми, кеңістіктік ойлауды дамыту және географиялық, геоэкологиялық мәселелерді шешудегі зерттеу, графика және жобалау дағдыларды қалыптастыру;</li> <li>- ұлттық құндылықтарға негізделген экологиялық мәдениет қалыптастыру, тіршілік қауіпсіздігін сақтауға, қоршаған ортаға жауапкершілікпен, құрметпен қарауға тәрбиелеу;</li> <li>- адамгершілікке, отансүйгіштікке, туған жер табиғатына қамқорлық жасауға, табиғи байлықты сақтауға баулу;</li> <li>- жаратылыстану ғылыми бағыттары бойынша өздігінен білім алу және кәсіби бағдар беру;</li> <li>- білімді кіріктіру және қолданбалы сипатын арттыру арқылы білім алушылардың бастапқы өндірістік, тәжірибелік, инженерлік және SMART-технология дағдыларын қалыптастыру</li> </ul>
---	---

**12-жылдық білім беру стандарты «Жаратылыстану және технология» білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер**

Негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

- бастапқы географиялық, биологиялық, физикалық және химиялық ұғымдарды; заманауи өмірдегі жаратылыстану ғылымының рөлін; негізгі биологиялық, физикалық және химиялық теориялар мен заңдардың мәнін, жаратылыстану пәндерінің өзара байланысын; жаратылыстану ғылымдарының қалыптасуы мен дамуына қосқан атақты ғалымдардың үлесін;

- энергия көздерін, сонымен қатар баламалы, оның түрлерін және қолданылу салаларын; практикалық және эксперименттік жұмыстарды орындау барысында қауіпсіздік техникасының ережелерін; физикалық және химиялық шамалардың өлшем бірліктерін; механика (кинематика, динамика, статика, сақталу заңдары), жылу физикасы (молекулалық физика және термодинамика), электр және магнетизм (электростатика, тұрақты және айнымалы электр тогы, магниттік өріс, электромагнитті индукция), оптика (геометриялық және толқындық), кванттық физика элементтері, атом физикасы, астрономия бөлімдеріндегі ұғымдарды, формулаларды, заңдарды және физикалық тұрақты шамаларды;

- атом-молекулалық ілімді, атомның құрылысы және элементтер қасиетін; химиялық таңбаларды; заттардың жіктелуін; химиялық және физикалық, биологиялық құбылыстарды; химиялық байланыс және заттардың құрылысын; химиялық реакциялардың типін, жүру белгілерін және заңдылықтарын; бейорганикалық және органикалық қосылыстардың маңызды кластарын және олардың қасиеттерін; электролиттік диссоциация теориясын; химиялық элементтердің периодтық заңын, жүйесінің құрылымын; Қазақстанның химия және металлургия өнеркәсіптерінің маңызды салаларын, өндірістік циклдің жобалау сызбасын біледі;

- микробиология, молекулалық, жасушалық биология негіздерін; өсімдіктер және жануарлар ағзаларының ішкі ортасы мен мүшелер жүйесінің компоненттерін; тірі ағзалардың мүшелер жүйесінің құрылысы мен функциясын; өсімдіктердің және жануарлардың негізгі топтарын; тірі ағзалардың адам және табиғи кешен үшін маңызын; эволюциялық дамудың негізі мен заңдылықтарын; сұрыптау әдістерін; биогеоценоздар мен агроценоздардың құрылымын; тірі ағзаларға қоршаған орта факторларының әсерін, өсімдіктерді қорғаудағы қолданатын әс-шараларды технология тұрғысында біледі, адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсерін;

- географиялық зерттеулер әдістерін, географиялық-экологиялық әс-шараларды өткізуде технологиялық процестерді пайдалану жолдарын үйренеді, **біледі**;

- аумақтық кешендерді, географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың мәнін, жіктелуін, таралу және орналасу ерекшеліктерін; заманауи геоақпараттық жүйелердің жұмыс істеу ерекшеліктері мен қолдану аясын; географиялық қабық пен географиялық ортаның, геосфералардың құрамын, құрылымын, заңдылықтарын, дамуының басты кезеңдерін; картография негізін және карталардың түрлерін, жіктелуін және элементтерін; материктер мен мұхиттардың, жекелеген аумақтардың, елдердің және Қазақстан Республикасының табиғаты ерекшеліктерін; әлем, жекелеген өңірлер, елдер және Қазақстан Республикасы шаруашылығының аумақтық және салалық құрылымын, даму жағдайлары мен факторларын; халықаралық экономикалық қатынастардың мақсаттары мен нысандарын; елді мекендердің түрлерін, құрылымын, функцияларын, орналасу факторлары мен даму серпінін; ғаламдық және өңірлік демографиялық проблемаларды; жекелеген аймақтардың, елдердің және Қазақстан Республикасының демографиялық саясаты ерекшеліктерін; Қазақстан Республикасының экономикалық және саяси географиялық жағдайын, аумақтық-әкімшілік бөлінуін; Қазақстан аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін; елдердің типологиясын; экономикалық жүйелердің модельдерін; халықаралық байланыстардың түрлерін; табиғатты қорғау шараларын және тұрақты даму қағидаттарын **біледі**;



- жаңа технологияларды жаратылыстану ғылым саласында **қолданады**;
- зертханалық және сарамандық жұмыстарда оқыту мақсатына сай қарапайым жобалауды жасауды, оны күнделікті тіршілікте пайдалануды **біледі**;
- шамалардың физикалық мағынасын, механика, электр және магнетизм, оптика, атом физикасы, астрономияның негізгі терминдері мен заңдарын; биологиялық, физикалық және химиялық құбылыстардың адам өміріндегі маңыздылығын;
- химиялық реакциялардың жүру жағдайларын; тотығу және қалпына келу процесін; органикалық және бейорганикалық заттар кластарының арасындағы айырмашылықтарды; ИЮПАК Теориялық және қолданбалы химияның халықаралық одағы халықаралық номенклатурасын; химиялық өндірістің технологияларын және ғылыми қағидаттарын;
- микробиологияның медицинадағы, ауыл шаруашылығындағы және өнеркәсіптегі маңызын; жасушалардағы молекулалар және органоидтар деңгейінде жүретін процестерді; өсімдік және жануарлар ағзаларының ішкі ортасы мен мүшелер жүйесінің функцияларын, өсімдік пен жануарлардың негізгі топтарының жіктелу қағидаттарын; метаболизм процестерін;
- жаһандық және жергілікті экологиялық проблемаларды; жердегі биокөптүрлілікті сақтаудағы Қызыл кітаптың рөлін; табиғи және әлеуметтік-экономикалық заңдылықтардың, процестердің, құбылыстардың мәнін; заманауи географиялық кеңістіктің, аумақтық кешендердің ерекшеліктерін; географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың өзара байланыстарын; географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестердің себептерін, кезеңдерін, салдарын, мәнін; геосаяси процестерді; геосаясат субъектілерінің рөлі мен ықпал өрісін, өзара әрекеттестігін; «Байқоңыр» ғарыш айлағының өңірлік және халықаралық маңыздылығын **түсінеді**;
- «Жасыл Қазақстан» және тағы басқа табиғатты қорғауға бағытталған жобалар аясында зерттеушілік жұмыстарды **жүргізеді**;
- тірі және өлі табиғаттағы объектілерді, процестер мен құбылыстарды сипаттау үшін негізгі физикалық, химиялық, биологиялық, географиялық ұғымдар мен терминдерді; тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу жұмыстарын қауіпсіз жүргізу әдістерін; қолданбалы және оқу тапсырмаларын шешу, практикалық және зертханалық жұмыстарды орындау барысында физика, химия, биология, географияның заңдары мен формулаларын; нәтижелерді ұсынуда графикалық тәсілдерді, өлшем бірліктердің Халықаралық жүйесін; биологиялық, физикалық және химиялық құбылыстардың жүру жағдайларын және процестерді түсіндіруге алынған білімдерін; ағзалардың әртүрлі топтарын сипаттаған кезде бинарлық номенклатураны; географиялық қабық пен географиялық орта компоненттерінің сандық және сапалық сипаттамаларын анықтау әдістерін; картометрия тәсілдерін, кеңістікте бағдарлау және навигациялық дағдыларды **қолданады**;
- ғылыми-жаратылыстану эксперименті нәтижелері бойынша қорытынды **жасайды**; графиктік және кестелік нысанда ақпаратты береді; заттардың қасиетінің сапалық және сандық құрамына және оның құрылымына тәуелділігін; заттардың қасиеті мен қолданылуы арасындағы себеп-салдарлық байланысты; биологиялық процестер мен құбылыстардың заңдылықтарын **анықтайды**;
- адам ағзасының химиялық құрамын және оның дұрыс жұмыс істеуі үшін микроэлементтер мен макроэлементтердің маңызын; трансгендік технологияларды қолдануға байланысты проблемаларды; географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестер мен құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын **анықтайды**;
- биогеоценоздағы заттар айналымының процестерін; жаратылыстану ғылымдары саласындағы жетістіктер мен ғылыми жаңалықтарды қолдану аясын; географиялық объектілердің орналасу факторларын; қоғамдық өндірістің ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін; Қазақстан контент арқылы геоэкономикалық, геоэкологиялық және геосаяси жағдайды,

экономикалық-әлеуметтік дамудың ерекшеліктері мен факторларын **сипатай алады**;

- кесте, сызбанұсқа, хабарлама, баяндама, таныстырылым түрінде көрсету үшін деректерді, ақпаратты жинау және өңдеу тәсілдерін; гипотезаларды, дәлелдеу мен түсініктемелерді ұсыну үшін негіздеме **жасай алады**; эксперимент және зерттеу жүргізу жоспарын **кұра алады**;

- жасалған эксперименттің нәтижелерін қорытындылай алады; түрлі биологиялық, физикалық және химиялық процестердің адамның тыныс-тіршілігі мен қоршаған ортаға әсеріне; табиғи биогеоценоздар мен агроценоздардың жағдайына; өнеркәсіптің технологиялық қағидаттарының тірі табиғат компоненттері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға әсеріне; табиғи ресурстарды дұрыс пайдаланудың маңыздылығына; әртүрлі мақсаттар мен қызмет түрлері үшін географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың жарамдылық және пайдалану дәрежесіне баға **бере алады**.

### Қорытынды

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптарына арналған «География» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын талдау барысында және Республика бойынша мониторинг нәтижесі төмендегідей:

1. Бағдарламада шиыршық әдістемені берілген бөлімдер негізделмеген.

2. 7-сыныпта физикалық география білім саласының қажетті тақырыптары бағдарламадан тыс қалған. Оның орына экономикалық география, әлеуметтік, елтану тақырыптары енгізілген. Бұл шиыршық тәсілі үшін жасалынған.

3. Мектеп тәжірибесінде 7 мен 9-сынып аралығындағы бөлімдердің географиялық білім қалыптастырудағы кемшілік тұстарын көрсетеді.

4. Физикалық географиялық заңдылықтарды, деректер базасын, картографиялық білімін кеңінен қолдану мақсатында 7-сынып таза физикалық географияның негізі болуы қажет.

5. Қазіргі бағдарламада Қазақстан географиясы 7-11 сынып аралығында жүйесіз шашыранқы берілгендіктен Қазақстан географиясы толық қарастырылмаған.

Инновациялық практиканы қолдауға және дамытуға бағытталған географияны оқыту мақсаттары толықтай жүзеге асырылмады.

Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының қызметін объективті бағалауды ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар мұғалім жұмысында қиындықтар тудырады.

Сабақтан тыс іс-әрекет – біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі ретінде пәнге берілген мақсаттар толық емес.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-12-сыныптарына арналған 12-жылдыққа арналған «География» пәнінен мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын құрастыруда төмендегідей қорытындыға келеміз:

1. 7-сыныпта толықтай физикалық география материктер мен мұхитатар географиясын қоса картография, геология, тектоника, қоршаған орта мәселелеріне бағытталады. Нәтижеге жету үшін кешенді түрде қарастырылған мақсаттар болады.

2. 8-сынып Қазақстан физикалық географиясының мақсаттары арқылы 7-сыныптағы мақсаттарды толықтыра күрделеніде отырып

пән мақсаттарын құру.

3. 9-сынып экономикалық география кіріспесі ретінде Қазақстанның экономикалық әлеуметтік геосаяси географиясы ұсынылады. Шиыршық тәсілін қолдана отырып, физикалық географиямен экономикалық географиясы арасындағы кіріктіру мәселелері қарастырылады.

4. 10-сынып геоэкономика, геоэкология негізінде әлемдік экономика, халық географиясы, әлем елдері, геоэкологиялық, геосаяси тұрғыда оқытылады.

Географияны оқыту тұжырымдамасы бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сынып аралығында географиялық білімді қарапайымнан күрделіге қарай кіріктіре отырып, кешенді түрде қарастыру көзделеді. Қазіргі таңда географиялық білім ең алдымен Қазақстанның географиясы арқылы әлем географиясын тану.

Дәстүрлі білім беру жүйесіндегі негізгі мақсат - оны нәтижеге бағдарланған, жеке тұлғаның құзыреттілігіне негізделген қамтамасыз ету, неғұрлым білікті адамды даярлау және әлемдік білім беру кеңістігіне кіру.

12-жылдық бағдарлама бойынша

- білім алушының заманауи жаратылыстану дүниетанымын қалыптастыру және дамыту;
- ғылыми танымдық терминологияны меңгеру, ғылыми ұғымдарды пайдалана білу, бірыңғай ғылыми заңдылықтар мен принциптерді жалпылау және іріктеу;
- табиғатты, экономиканы және қоғамды кешенді зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті мәселелерін түсіну (шешуімен бірге);
- ғылыми, кеңістіктік ойлауды дамыту және географиялық, геоэкологиялық мәселелерді шешудегі зерттеу, графика және жобалау дағдыларды қалыптастыру;
- ұлттық құндылықтарға негізделген экологиялық мәдениет қалыптастыру, тіршілік қауіпсіздігін сақтауға, қоршаған ортаға жауапкершілікпен, құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- адамгершілікке, отансүйгіштікке, туған жер табиғатына қамқорлық жасауға, табиғи байлықты сақтауға баулу;
- жаратылыстану ғылыми бағыттары бойынша өздігінен білім алу және кәсіби бағдар беру;
- білімді кіріктіру және қолданбалы сипатын арттыру арқылы білім алушылардың бастапқы өндірістік, тәжірибелік, инженерлік және SMART-технология дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Сондықтан да жаратылыстану және технология білім саласы 12-жылдыққа еңгізілмек. Сол себепті 11-12-сыныпта STEM-бағытындағы бейндік оқытылу жоспарлануда. Жаратылыстану және технология білім саласы тереңдетіле оқытылып оқушының кәсіби бағдар таңдауда жол көрсетеді.



**Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы мен 12 жылдық мектептің 7-10-сыныптарына арналған «Физика» пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасының САЛЫТЫРМАЛЫ КЕСТЕСІ**

<b>Қолданыстағы нұсқа</b>	<b>Ұсынылатын нұсқа</b>
<p align="center"><b>Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы</b></p>	<p align="center"><b>Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы</b></p>
<p align="center"><b>1-тарау. Жалпы ережелер</b></p> <p>31. Оқу бағдарламасы пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.</p> <p>2. 7-9-сыныптардағы физика курсының оқытудың мақсаты – оқушылардың ғылыми көзқарасының негізін қалыптастыру. Әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауды, бақылау қабілеттерін дамыту және табиғат құбылыстарын талдау және тандау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру.</p> <p>3. Мақсатқа сәйкес оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:</p> <p>5) оқушылардың әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі заңдылықтар мен принциптер туралы білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеру;</p> <p>6) оқушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлективтік мәдениетін дамытуға; физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;</p> <p>7) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;</p>	<p align="center"><b>1-тарау. Жалпы ережелер</b></p> <p>1-тарау. Жалпы ережелер</p> <p>• 1. Оқу бағдарламасы пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.</p> <p>• 2. 7-9-сыныптардағы физика курсының оқытудың мақсаты – оқушылардың ғылыми көзқарасының негізін қалыптастыру. Әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауды, бақылау қабілеттерін дамыту және табиғат құбылыстарын талдау және тандау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру.</p> <p>3. Мақсатқа сәйкес оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:</p> <p>9) оқушылардың әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі заңдылықтар мен принциптер туралы білімді, табиғатты танудың ғылыми</p>

<p>8) табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуде меңгерген дағдыларды қолдану болып табылады.</p>	<p>әдістерін меңгеру;</p> <p>10) оқушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамытуға; физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;</p> <p>11) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;</p> <p>12) табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуде меңгерген дағдыларды қолдану болып табылады.</p>
<p>2-тарау. «Физика» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру</p> <p>4. «Физика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:</p> <p>4) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;</p> <p>5) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;</p> <p>6) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.</p> <p>5. Оқу пәнінің мазмұны 8 бөлімді қамтиды:</p> <p>1) Физикалық шамалар мен өлшеулер;</p> <p>2) Механика;</p> <p>3) Жылу физикасы;</p> <p>4) Электр және магнетизм;</p> <p>5) Геометриялық оптика;</p> <p>6) Кванттық физика элементтері;</p> <p>7) Астрономия негіздері;</p> <p>8) Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі.</p> <p>6. «Физикалық шамалар мен өлшеулер» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p>	<p>2-тарау. «Физика» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру</p> <p>4. «Физика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:</p> <p>7) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;</p> <p>8) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;</p> <p>9) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.</p> <p>5. Негізгі орта білім берудің мазмұнын құру және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мақсатын келесі үш компонентінің ажырамас бірлестігінде қарастырылады:</p> <p>1) құндылықтарға негізделген тәрбиелік мақсат;</p> <p>2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған білімдік мақсат;</p> <p>3) шығармашылық пен креативтілікке негізделген дамыту мақсаты.</p> <p>6. Негізгі орта білім беруді аяқтағанда пән бойынша</p>

<p>1) Физика – табиғат туралы ғылым;</p> <p>2) Физикалық шамалар;</p> <p>3) Физикалық өлшеулер.</p> <p>7. «Механика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) Кинематика негіздері;</p> <p>2) Динамика негіздері;</p> <p>3) Сақталу заңдары;</p> <p>4) Статика;</p> <p>5) Тербелістер мен толқындар.</p> <p>8. «Жылу физикасы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) Молекулалы-кинетикалық теория негіздері;</p> <p>2) Термодинамика негіздері.</p> <p>9. «Электр және магнетизм» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) Электростатика негіздері;</p> <p>2) Электр тогы;</p> <p>3) Магнит өрісі;</p> <p>4) Электромагниттік толқындар және тербеліс.</p> <p>10. «Геометриялық оптика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) Геометриялық оптика заңдары.</p> <p>11. «Кванттық физика элементтері» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) Атом мен атом ядросының құрылысы;</p> <p>2) Радиоактивтілік;</p> <p>3) Элементар бөлшектер.</p> <p>12. «Астрономия негіздері» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>6) Жер және Ғарыш;</p> <p>7) Астрофизика элементтері.</p> <p>13. «Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі» бөлімі «Физиканың дүниетанымдық мәні» бөлімшесінен тұрады.</p> <p>14. Оқу пәнінің 7-сыныптағы базалық білім мазмұны:</p> <p>11) «Физика – табиғат туралы ғылым». Физика – табиғат туралы ғылым; табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері.</p>	<p>білім алушылардан күтілетін нәтижелер түрінде қалыптасатын метапәндік құзыреттіліктер айқындалған:</p> <p>1) ғылыми-танымдық құзыреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- физикалық тұжырымдарға дәйек келтіруі немесе өз пікірін дәйектей алуы;</li> <li>- функционалдық сауаттылық;</li> <li>- өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту және өз мүмкіндігін жүзеге асыру қабілеттілігі болуы тиіс;</li> <li>- оқу және танып білу ынтасының қалыптасуы тиіс;</li> <li>- индукциялық және дедукциялық ойлау тәсілдерін қолдануы, есептерді шешудің әртүрлі жолдарын көре білуі тиіс;</li> <li>- шамаларды табуға байланысты (қажеттілігіне қарай анықтамалықтарды және техникалық құралдарды пайдаланып) практикалық есептерді құрастыра және шығара білуі тиіс;</li> <li>- ғылыми ақпараттарды жинақтай, талдай, өңдей және пайдалана білуі тиіс;</li> </ul> <p>2) мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оқу материалдарындағы рухани-мәдени құндылықтарды ажырата алуы;</li> <li>- Қазақстанның, туған өлкесінің табиғаты мен байлықтарын үнемдеудің, мәдени мұраларды сақтаудың қажеттілігін түсінуі, олардың ұлттық құндылықтарға жататынын білуі;</li> <li>- әр халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық болмысы мен мәдениетін білуі;</li> </ul> <p>3) тілдік-коммуникативтік құзыреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мемлекеттік тілді және өз ана тілін білуі, қазақ халқының және Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа да ұлыстардың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне және басқа құндылықтарына құрметпен қарауы тиіс</li> </ul>
---	---

<p>12) «Физикалық шамалар мен өлшеулер». Халықаралық бірліктер жүйесі (SI); скаляр және векторлық физикалық шамалар; өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі; үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазу;</p> <p>Зертханалық жұмыс:</p> <p>№ 1 зертханалық жұмыс: кішкентай денелердің өлшемін анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• № 2-зертханалық жұмыс: физикалық шамаларды өлшеу;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; аспап шкаласындағы бөліктің құнын анықтау.</p> <p>13) «Механикалық қозғалыс». Механикалық қозғалыс және оның сипаттамалары; санақ жүйесі; қозғалыстың салыстырмалылығы; тұзусыздықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар; жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу; әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері.</p> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; координатаның уақытқа тәуелділік графигін зерттеу.</p> <p>14) «Тығыздық». Масса және денелердің массасын өлшеу; дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу; заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі; тығыздықты есептеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• № 3 зертханалық жұмыс: сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау.</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; электрондық және иіндік таразыларды қолданып, әр түрлі денелердің массасын анықтау.</p> <p>15) «Денелердің өзара әрекеттесуі». Инерция құбылысы; күш; тартылыс құбылысы және ауырлық күші; салмақ; деформация; серпімділік күші, Гук заңы; үйкеліс күші; үйкеліс әрекетін техникада ескеру; бір түзу бойымен денеге әсер еткен күштерді қосу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Зертханалық жұмыс:</li> <li>• № 4 зертханалық жұмыс: серпімді деформацияларды зерделеу;</li> <li>• № 5 зертханалық жұмыс: сырғанау үйкеліс күшін зерттеу;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару;</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сөз әдеби талаптарын сақтап, қарым-қатынас жасай алуы;</li> <li>- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді жеткізе білуі;</li> <li>- жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөлісуі, пікірлесуі, қарым-қатынасқа түсе алуы.</li> </ul> <p>4) ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алуы;</li> <li>- дереккөздерден қажетті мәтінді іздеп табуы, өңдей алуы, қолдана алуы;</li> <li>- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолдануы;</li> <li>- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдей білуі;</li> <li>- АКТ, медиақұралдардың мүмкіндіктерін пайдалана алуы.</li> </ul> <p>6. Оқу пәнінің 7-сыныптағы базалық білім мазмұны:</p> <p>21) «Физика – табиғат туралы ғылым». Физика – табиғат туралы ғылым; табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері.</p> <p>22) «Физикалық шамалар мен өлшеулер». Халықаралық бірліктер жүйесі (SI); скаляр және векторлық физикалық шамалар; өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі; үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазу;</p> <p>Зертханалық жұмыс:</p> <p>№ 1 зертханалық жұмыс: кішкентай денелердің өлшемін анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• № 2-зертханалық жұмыс: физикалық шамаларды өлшеу;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер</p>
--	--



<p>динамометр көмегімен өлшеу; ауырлық күшін зерттеу; түрлі денелердің созылуын зерттеу.</p> <p>16) «Қатты денелер, сұйықтар және газдардағы қысым». Газдардың, сұйықтардың және қатты денелердің молекулалық құрылымы; қатты денелердегі қысым; сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы; қатынас ыдыстар; гидравликалық машиналар; атмосфералық қысым, атмосфералық қысымды өлшеу; манометрлер, сорғылар; кері итеруші күш;</p> <p>Зертханалық жұмыс:</p> <p>№ 6 зертханалық жұмыс: Архимед заңын зерделеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• № 7 зертханалық жұмыс: дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; кез-келген пішінді қатынас ыдыстардағы бірдей және әртүрлі сұйықтардың беттерінің орналасуын зерттеу; атмосфералық қысымның бар екендігін зерттеу.</p> <p>17) «Жұмыс және қуат». Механикалық жұмыс; қуат.</p> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; жұмыстың мәнін график бойынша анықтау; ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру; транспорт түрлерінің қуатын бағалау.</p> <p>18) «Энергия». Кинетикалық энергия; потенциалдық энергия; энергияның сақталуы және басқа түрге айналуы.</p> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; үстел теннисіне арналған шариктің тебілу биіктігін анықтау.</p> <p>19) «Жай механизмдер». Жай механизмдер; дененің массалық центрі; иіндіктің тепе-теңдік шарты; пайдалы әрекет коэффициенті.</p> <p>№ 8 зертханалық жұмыс: Жазық фигураның массалар центрін анықтау;</p> <p>№ 9 зертханалық жұмыс: иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• № 10 зертханалық жұмыс: көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау;</li> </ul> <p>3) практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару;</p>	<p>шығару; аспап шкаласындағы бөліктің құнын анықтау.</p> <p>23) «Механикалық қозғалыс». Механикалық қозғалыс және оның сипаттамалары; санақ жүйесі; қозғалыстың салыстырмалылығы; тұзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар; жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу; әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері.</p> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; координатаның уақытқа тәуелділік графигін зерттеу.</p> <p>24) «Тығыздық». Масса және денелердің массасын өлшеу; дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу; заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі; тығыздықты есептеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• № 3 зертханалық жұмыс: сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау.</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; электрондық және иіндік таразыларды қолданып, әр түрлі денелердің массасын анықтау.</p> <p>25) «Денелердің өзара әрекеттесуі». Инерция құбылысы; күш; тартылыс құбылысы және ауырлық күші; салмақ; деформация; серпімділік күші, Гук заңы; үйкеліс күші; үйкеліс әрекетін техникада ескеру; бір тұзу бойымен денеге әсер еткен күштерді қосу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Зертханалық жұмыс:</li> <li>• № 4 зертханалық жұмыс: серпімді деформацияларды зерделеу;</li> <li>• № 5 зертханалық жұмыс: сырғанау үйкеліс күшін зерттеу;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; динамометр көмегімен өлшеу; ауырлық күшін зерттеу; түрлі денелердің созылуын зерттеу.</p> <p>26) «Қатты денелер, сұйықтар және газдардағы қысым».</p>
---	--

<p>түсірілген күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу.</p> <p>20) «Жер және Ғарыш». Аспан денелері туралы ғылым; Күн жүйесі; Күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл).</p> <p>15. Оқу пәнінің 8-сыныптағы базалық білім мазмұны:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>1) «Жылулық құбылыстар». Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия; температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары; ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері; жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару; табиғаттағы және техникадағы жылу берілу; жылу құбылыстарының тірі ағзалардың өмірлеріндегі ролі; жылу мөлшері, заттың меншікті жылу сыйымдылығы; отынның энергиясы; отынның меншікті жану жылуы; жылу үдерістеріндегі энергияның сақталу және басқа түрге айналу заңы.</li> <li>№1 зертханалық жұмыс: әртүрлі температурадағы суларды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: денені қыздыру үшін қажетті немесе оны суытқанда бөлінетін жылу мөлшерін есептеу; заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау; заттың агрегаттық күйлері өзгерген кездегі жылу мөлшерін есептеу; жылу мөлшерінің дене массасына тәуелділігін зерттеу; жылу мөлшерінің қыздыру температурасына тәуелділігін зерттеу; әртүрлі отынның жану тиімділігін бағалау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>2) «Заттың агрегаттық күйлері». Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы; булану және конденсация; қаныққан және қанықпаған булар; қайнау, меншікті булану жылуы; қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау.</li> <li>№2 зертханалық жұмыс: мұздың меншікті балқу жылуын анықтау;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; заттың фазалық ауысу графигін зерттеу; мұздың балқу температурасын зерттеу; булану жылдамдығының әртүрлі факторларға тәуелділігін зерттеу.</p> <p>8) «Термодинамика негіздері». Термодинамиканың бірінші</p>	<p>Газдардың, сұйықтардың және қатты денелердің молекулалық құрылымы; қатты денелердегі қысым; сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы; қатынас ыдыстар; гидравликалық машиналар; атмосфералық қысым, атмосфералық қысымды өлшеу; манометрлер, сорғылар; кері итеруші күш;</p> <p>Зертханалық жұмыс:</p> <p>№ 6 зертханалық жұмыс: Архимед заңын зерделеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>№ 7 зертханалық жұмыс: дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; кез-келген пішінді қатынас ыдыстардағы бірдей және әртүрлі сұйықтардың беттерінің орналасуын зерттеу; атмосфералық қысымның бар екендігін зерттеу.</p> <p>27) «Жұмыс және қуат». Механикалық жұмыс; қуат.</p> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; жұмыстың мәнін график бойынша анықтау; ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру; транспорт түрлерінің қуатын бағалау.</p> <p>28) «Энергия». Кинетикалық энергия; потенциалдық энергия; энергияның сақталуы және басқа түрге айналуы.</p> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; үстел теннисіне арналған шариктің тебілу биіктігін анықтау.</p> <p>29) «Жай механизмдер». Жай механизмдер; дененің массалық центрі; иіндіктің тепе-теңдік шарты; пайдалы әрекет коэффициенті.</p> <p>№ 8 зертханалық жұмыс: Жазық фигураның массалар центрін анықтау;</p> <p>№ 9 зертханалық жұмыс: иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>№ 10 зертханалық жұмыс: көлбеу жазықтықтың</li> </ul>
--	---

<p>заңы, газдың және будың жұмысы; жылу үдерістерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы; жылу қозғалтқыштары; жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті; Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер.</p> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; ішкі энергияның механикалық энергияға айналуын зерттеу; жылулық тепе-теңдік орныққандағы энергияның сақталу заңын зерттеу.</p> <p>9) «Электростатика негіздері». Денелердің электрленуі, электр заряды; өткізгіштер мен диэлектриктер; электр зарядының сақталу заңы; қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі; Кулон заңы, элементар электр заряды; электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі; электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор;</p> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; бір-бірінен қандай-да бір арақашықтықта орналасқан және жіңішке жіпке ілінген екі бірдей ауа шарының әрекеттесуін зерттеу; электроскопты жасау.</p> <p>10) «Тұрақты электр тогы. Электр тогы, электр тогы көздері; электр тізбегі және оның құрамды бөліктері, ток күші, кернеу; тізбек бөлігі үшін Ом заңы; өткізгіштің электр кедергісі; өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат; өткізгіштерді тізбектей және параллель қосу; электр тогының жұмысы мен қуаты; электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы; металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі; асқын өткізгіштік; электрқыздырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар; электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы).</p> <p>№3 зертханалық жұмыс: электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• №4 зертханалық жұмыс: тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу;</li> <li>• №5 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу;</li> <li>• №6 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді параллель қосуды</li> </ul>	<p>пайдалы әрекет коэффициентін анықтау;</p> <p>3) практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; түсірілген күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу.</p> <p>30) «Жер және Ғарыш». Аспан денелері туралы ғылым; Күн жүйесі; Күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл).</p> <p>7. Оқу пәнінің 8-сыныптағы базалық білім мазмұны:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• 1) «Жылулық құбылыстар». Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия; температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары; ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері; жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару; табиғаттағы және техникадағы жылу берілу; жылу құбылыстарының тірі ағзалардың өмірлеріндегі ролі; жылу мөлшері, заттың меншікті жылу сыйымдылығы; отынның энергиясы; отынның меншікті жану жылуы; жылу үдерістеріндегі энергияның сақталу және басқа түрге айналу заңы.</li> <li>• №1 зертханалық жұмыс: әртүрлі температурадағы суларды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: денені қыздыру үшін қажетті немесе оны суытқанда бөлінетін жылу мөлшерін есептеу; заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау; заттың агрегаттық күйлері өзгерген кездегі жылу мөлшерін есептеу; жылу мөлшерінің дене массасына тәуелділігін зерттеу; жылу мөлшерінің қыздыру температурасына тәуелділігін зерттеу; әртүрлі отынның жану тиімділігін бағалау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• 2) «Заттың агрегаттық күйлері». Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы; булану және конденсация; қаныққан және қанықпаған булар; қайнау, меншікті булану жылуы; қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау.</li> </ul>
---	--

<p>зерделеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• №7 зертханалық жұмыс: электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; тізбектегі ток күшін өлшеу; тізбек бөгіндегі кернеуді өлшеу; өткізгіш кедергісінің материал тегіне тәуелділігі; қыздыру шамының қуаты мен жұмысын өлшеу; тізбектей қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу; параллель қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу.</p> <p>11) «Электромагниттік құбылыстар». Тұрақты магниттер, магнит өрісі; тогы бар түзу өткізгіштің магнит өрісі; тогы бар шарғының магнит өрісі; электромагниттер және оларды қолдану; магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әрекеті, электроқозғалтқыш; электр өлшеуіш құралдар; электромагниттік индукция, генераторлар.</p> <p>№8 зертханалық жұмыс: тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• №9 зертханалық жұмыс: электрмагнитті құрастыру және оның әсерін сынау;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; су компасын (<a href="#">құбылнамасын</a>) жасау; магнит өрісінің түрлі материалдар арқылы өтуін зерттеу; түрлі тиындардың магниттік қасиеттерін зерттеу; үйкеліс арқылы магниттеу; магниттің қасиетіне температураның әсері.</p> <p>12) «Жарық құбылыстары». Жарықтың түзу сызықты таралу заңы; жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар; сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу; жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы, толық ішкі шағылу; линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы; линзаның көмегімен кескін алу; көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері; оптикалық аспаптар.</p> <p>№10 зертханалық жұмыс: шынының сыну көрсеткішін анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• №11 зертханалық жұмыс: жұқа линзаның фокустық қашықтығын анықтау;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару;</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• №2 зертханалық жұмыс: мұздың меншікті балқу жылуын анықтау;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; заттың фазалық ауысу графигін зерттеу; мұздың балқу температурасын зерттеу; булану жылдамдығының әртүрлі факторларға тәуелділігін зерттеу.</p> <p>13) «Термодинамика негіздері». Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы; жылу үдерістерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы; жылу қозғалтқыштары; жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті; Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер.</p> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; ішкі энергияның механикалық энергияға айналуын зерттеу; жылулық тепе-теңдік орныққандағы энергияның сақталу заңын зерттеу.</p> <p>14) «Электростатика негіздері». Денелердің электрленуі, электр заряды; өткізгіштер мен диэлектриктер; электр зарядының сақталу заңы; қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі; Кулон заңы, элементар электр заряды; электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі; электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор;</p> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; бір-бірінен қандай-да бір арақашықтықта орналасқан және жіңішке жіпке ілінген екі бірдей ауа шарының әрекеттесуін зерттеу; электроскопты жасау.</p> <p>15) «Тұрақты электр тогы. Электр тогы, электр тогы көздері; электр тізбегі және оның құрамды бөліктері, ток күші, кернеу; тізбек бөлігі үшін Ом заңы; өткізгіштің электр кедергісі; өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат; өткізгіштерді тізбектей және параллель қосу; электр тогының жұмысы мен қуаты; электр тогының жылулық әсері, Джоуль-</p>
--	--

<p>қарапайым перископты жасау; калейдоскопты жасау; жазық айнадағы кескінді зерттеу; ойыс айнаға түскен және шағылған стандартты сәулелердің жүрісі; жинағыш және шашыратқыш линзадағы негізгі сәулелердің жүрісі; көз бен фотоаппараттың оптикалық жүйелерін салыстыру.</p> <p>16. Оқу пәнінің 9-сыныптағы базалық білім мазмұны:</p> <p>9) «Кинематика негіздері». Механикалық қозғалыс; векторлар және оларға амалдар қолдану, вектордың координаталар осьтеріне түсірілген проекциялары; тұзусызықты теңайнымалы қозғалыс, үдеу; тұзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру; дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі; қисықсызықты қозғалыс; материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы; сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар; центрге тартқыш үдеу.</p> <p>№1 зертханалық жұмыс: теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• №2 зертханалық жұмыс: горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; қозғалыстың салыстырмалылығы; денелердің қозғалысын сипаттау тәсілдері.</p> <p>10) «Астрономия негіздері». Жұлдызды аспан; аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі; әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт; Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары; Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау.</p> <p>11) «Динамика негіздері». Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері; механикадағы күштер; Ньютонның екінші заңы, масса; Ньютонның үшінші заңы; Бүкіләлемдік тартылыс заңы; дененің салмағы, салмақсыздық; денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы; Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы.</p> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; күшті өлшеудің практикалық тәсілдері; жердің ауырлық өрісіндегі дене</p>	<p>Ленц заңы; металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі; асқын өткізгіштік; электрқыздырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар; электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы).</p> <p>№3 зертханалық жұмыс: электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• №4 зертханалық жұмыс: тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу;</li> <li>• №5 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу;</li> <li>• №6 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу;</li> <li>• №7 зертханалық жұмыс: электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; тізбектегі ток күшін өлшеу; тізбек бөліндегі кернеуді өлшеу; өткізгіш кедергісінің материал тегіне тәуелділігі; қыздыру шамының қуаты мен жұмысын өлшеу; тізбектей қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу; параллель қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу.</p> <p>16) «Электромагниттік құбылыстар». Тұрақты магниттер, магнит өрісі; тогы бар тұзу өткізгіштің магнит өрісі; тогы бар шарғының магнит өрісі; электромагниттер және оларды қолдану; магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әрекеті, электроқозғалтқыш; электр өлшеуіш құралдар; электромагниттік индукция, генераторлар.</p> <p>№8 зертханалық жұмыс: тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• №9 зертханалық жұмыс: электромагнитті құрастыру және оның әсерін сынау;</li> </ul> <p>Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер</p>
---	--

қозғалысының параметрлерін есептеу; дененің еркін түсу үдеуін өлшеу.

12) «Сақталу заңдары». Дене импульсі және күш импульсі; импульстің сақталу заңы; реактивті қозғалыс; механикалық жұмыс және энергия; энергияның сақталу және айналу заңы.

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; дененің кинетикалық энергиясының өзгеруіне қатысты күштің жұмысын салыстыру; денелердің соқтығысуы кезіндегі импульстің сақталу заңын зерттеу.

<p>2-тарау. «Химия» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру</p> <p>5.«Химия»оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:</p> <p>1) 7 сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;</p> <p>2) 8 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;</p> <p>3) 9 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.</p> <p>6. Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімді қамтиды:</p> <p>1) заттардың бөлшектері;</p> <p>2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;</p> <p>3) химиядағы энергетика;</p> <p>4) химия және қоршаған орта;</p> <p>5) химия және өмір.</p> <p>7. Оқу пәнінің мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер білім, түсінік және дағдыларды қамтитын күтілетін нәтижелер түріндегі оқу мақсаттарынан тұратын бөлімшелерге бөлінген. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға,</p>	<p>2-тарау. «Химия» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру</p> <p>5. «Химия» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:</p> <p>1) 7 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;</p> <p>2) 8 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;</p> <p>3) 9 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды;</p> <p>4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.</p> <p>6. Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімді қамтиды:</p> <p>1) заттардың бөлшектері;</p> <p>2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;</p> <p>3) химиядағы энергетика;</p> <p>4) химия және қоршаған орта;</p> <p>5) химия және өмір.</p> <p>7. Оқу пәнінің мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер білім, түсінік және дағдыларды қамтитын күтілетін нәтижелер түріндегі оқу мақсаттарынан тұратын бөлімшелерге бөлінген. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу</p>

<p>оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.</p> <p>8. «Заттардың бөлшектері» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) атомдар, иондар және молекулалар;</li> <li>2) атомның құрамы мен құрылысы;</li> <li>3) атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы, атомдардан иондардың құрылуы;</li> <li>4) химиялық байланыстардың түрлері.</li> </ol> <p>9. «Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) периодтық заң және химиялық элементтердің периодтық жүйесі;</li> <li>2) химиялық реакциялардың жіктелуі;</li> <li>3) зат массасының сақталу заңы;</li> <li>4) металдардың электрохимиялық кернеу қатары.</li> </ol> <p>10. «Химиядағы энергетика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар;</li> <li>2) химиялық реакциялардың жылдамдығы;</li> <li>3) химиялық тепе-теңдік;</li> <li>4) қышқылдар мен негіздер теориясы.</li> </ol> <p>11. «Химия және қоршаған орта» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) заттардың жіктелуі;</li> <li>2) Жер химиясы;</li> <li>3) көміртек және оның қосылыстары химиясы.</li> </ol> <p>12. «Химия және өмір» бөлімі «Биохимия» бөлімшесінен тұрады.</p>	<p>мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.</p> <p>8. «Заттардың бөлшектері» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) атомдар, иондар және молекулалар;</li> <li>2) атомның құрамы мен құрылысы;</li> <li>3) атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы, атомдардан иондардың құрылуы;</li> <li>4) химиялық байланыстардың түрлері.</li> </ol> <p>9. «Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) периодтық заң және химиялық элементтердің периодтық жүйесі;</li> <li>2) химиялық реакциялардың жіктелуі;</li> <li>3) зат массасының сақталу заңы;</li> <li>4) металдардың электрохимиялық кернеу қатары.</li> </ol> <p>10. «Химиядағы энергетика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар;</li> <li>2) химиялық реакциялардың жылдамдығы;</li> <li>3) химиялық тепе-теңдік;</li> <li>4) қышқылдар мен негіздер теориясы.</li> </ol> <p>11. «Химия және қоршаған орта» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) заттардың жіктелуі;</li> <li>2) Жер химиясы;</li> <li>3) көміртек және оның қосылыстары химиясы.</li> </ol> <p>12. «Химия және өмір» бөлімі «Биохимия» бөлімшесінен тұрады.</p>
<p>13. 7- сыныпқа арналған «Химия» оқу пәнінің базалық мазмұны:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) «Химия пәні. Таза заттар және қоспалар. Химия – заттар туралы жаратылыстану ғылымдарының бір саласы, химияның дамуы мен маңызы, химия кабинетіндегі және зертханасындағы қауіпсіздік</li> </ol>	<p>3-тарау. Оқу пәнінің базалық мазмұны</p> <p>12. 7-сыныпқа арналған «Химия» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:</p>

<p>техникасының ережелері, таза заттар және олардың физикалық қасиеттері, біртекті және әртекті қоспалар, заттарды тазарту және бөлу тәсілдері, жәй және күрделі заттар, элемент, химиялық қосылыстар:</p> <p>№ 1 практикалық жұмыс «Техника қауіпсіздігі ережелері және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу»;</p> <p>№ 1 зертханалық тәжірибе «Заттарды және олардың қосылыстарын салыстыру»;</p> <p>№ 2 зертханалық тәжірибе «Ластанған ас тұзын тазарту»;</p> <p>2) «Заттар күйінің өзгеруі». Физикалық және химиялық құбылыстар, химиялық реакция, заттың агрегаттық күйлері, қатты, сұйық, бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес газ тәріздес заттардың құрылымы, заттардың салқындау, қыздыру және булану үдерістері:</p> <p>№ 3 зертханалық тәжірибе «Химиялық реакциялардың белгілерін зерттеу»;</p> <p>№ 4 зертханалық тәжірибе «Аспирин немесе салолдың салқындау үдерісін зерттеу»;</p> <p>№ 5 зертханалық тәжірибе «Судың қайнау үдерісін зерттеу»;</p> <p>№ 1 бақылау жұмысы;</p> <p>3) «Атомдар. Молекулалар. Заттар». Атомдар мен молекулалар, атомдар мен молекулалардың айырмашылығы, химиялық элементтер, химиялық элементтердің символдары, элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу, жай және күрделі заттар, атомның құрамы мен құрылысы, ядро, протон, нейтрон, электрон, изотоптар, элементті аталуы және фундаменталды бөлшектерінің саны бойынша сипаттау;</p> <p>4) «Ауа. Жану реакциясы». Ауа және оның құрамы, атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызы, жану үдерісі, заттың жану шарттары, тез тұтанатын, жанатын және жанбайтын заттар, отын, оттек, тұтану көзі, тұтану температурасы, металдар мен бейметалдардың жануы, жану реакциясының өнімдері:</p>	<p>1) Химия пәні.</p> <p>№1 практикалық жұмыс «Қауіпсіздік техникасының ережелерімен және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу» Элемент, қоспа және қосылыс.</p> <p>№1 зертханалық тәжірибе «Заттар қоспалары мен олардың қосылыстарын салыстыру» Қоспаларды бөлу әдістері.</p> <p>№2 зертханалық тәжірибе «Ластанған ас тұзын тазарту» Күтілетін нәтижелер: химия ғылымының негізін оқытатынын білу химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу; элемент (жай зат), қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу</p> <p>қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін білу қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу</p> <p>2) Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі Атомдар мен молекулалар Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар Күтілетін нәтижелер: атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу</p>
--	--

<p>№ 6 зертханалық тәжірибе: «Балауыз шамның жануы»;  № 2 практикалық жұмыс/көрсетілім «Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттегінде жануын салыстыру»;  № 2 бақылау жұмысы;  5) «Химиялық реакциялар». Табиғи қышқылдар мен сілтілер; «қышқылдық» және «сабынды» қасиеттері, индикаторлар, әмбебап индикатор, рН шкала метилоранж, лакмус, фенолфталеин, индикаторлардың түрлі орталардағы түстерінің өзгеруі, қышқылдар мен сілтілер, антацидті заттар, бейтараптану реакциясы, сұйылтылған қышқылдар, қышқылдардың қолданылу аймақтар, қышқылдармен жұмыс жүргізу ережелері, сұйылтылған қышқылдардың түрлі металдармен әрекеттесуі, сутекке сапалық реакция, карбонаттар, сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі, көмірқышқыл газына сапалық реакция;  № 7 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің қышқылдық, негіздік ортасын анықтау»;  № 8 зертханалық тәжірибе «Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы»;  № 9 зертханалық тәжірибе «Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен реакциясы»;  № 10 зертханалық жұмыс «Сутекке сапалық реакция»;  № 3 практикалық жұмыс «Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция»;  6) «Химиялық элементтердің периодтық кестесі».  Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы, И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің элементтерді жіктеуі, периодтық заң, периодтық кестенің құрылымы, периодтық кестенің құрылу принципі, атом нөмірі ядро заряды, атомдағы элементер бөлшектер;  7) «Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формулалар».  Изотоптар қоспасы, табиғи изотоптар, салыстырмалы атомдық</p>	<p>алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (<math>p^+</math>, <math>n^0</math>, <math>e^-</math>) мен атом ядросының құрамын білу  3) Ауа. Жану реакциясы.  Ауа. Ауаның құрамы  №6 зертханалық тәжірибе «Балауыз шамның жануы»  Жану үдерісі  № 2 практикалық жұмыс/көрсетілім «Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттеkte жануын салыстыру»  Күтілетін нәтижелер:  ауа құрамын білу;  заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу  атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну  затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу  заттардың таза оттеkte жақсырақ жанатындығын түсіну  4) Химиялық реакциялар  Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар.  №7 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау».  №8 зертханалық тәжірибе «Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы»  Сұйылтылған қышқылдардың металдармен әрекеттесуі.  №9 зертханалық тәжірибе «Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесуі».  №10 зертханалық тәжірибе «Сутекке сапалық реакция»  Сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі.  № 3 практикалық жұмыс «Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция»</p>
--	--

<p>масса, салыстырмалы молекулалық/формулалық масса, химиялық формула, химиялық элементтердің валенттілігі, бинарлы қосылыстардың формулаларын құрастыру, қосылыстардағы атомдардың қатынастары:</p> <p>есептеуге берілген есептер: салыстырмалы молекулалық массаны есептеу;</p> <p>№ 3 бақылау жұмысы;</p> <p>8) «Адам ағзасындағы химиялық элементтер». Қоректік заттар, адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K), химиялық элементтердің тірі және өлі табиғаттағы таралуы, адам ағзасындағы микро- макроэлементтердің биологиялық рөлі, тыныс алу үдерісі, тамақтану теңгерімі;</p> <p>№ 4 практикалық жұмыс «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау»;</p> <p>№ 11 зертханалық тәжірибе «Тыныс алу үдерісін зерттеу»;</p> <p>9) «Геологиялық химиялық қосылыстар». Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар, табиғи ресурстар, кен орны, кен, кеннің құрамы, минералдар, табиғи ресурстарды өндіру, металдарды алу, Қазақстанның пайдалы қазбалары, минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері:</p> <p>№ 4 бақылау жұмысы.</p>	<p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін білу</p> <p>pH шкаласы негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай алу</p> <p>сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау</p> <p>сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру</p> <p>4) Химиялық элементтердің периодтық кестесі</p> <p>Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы.</p> <p>Периодтық кестенің құрылымы</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру;</p> <p>периодтық кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар мен периодтар</p> <p>5) Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формула.</p> <p>Салыстырмалы атомдық масса Валенттілік. Химиялық формулалар.</p> <p>Қосылыстардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, биэлементті химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу</p> <p>химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу</p>
--	--

	<p>б) Адам ағзасындағы химиялық элементтер Тағам құрамындағы қоректік заттар. № 4 практикалық жұмыс «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау» Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу үдерісі. №11 зертханалық тәжірибе «Тыныс алу үдерісін зерттеу» Күтілетін нәтижелер: тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну; адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) білу;</p> <p>7) Геологиялық химиялық қосылыстар Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар. Кен құрамы Қазақстанның пайдалы қазбалары Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері Күтілетін нәтижелер: Жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіну; Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын білу; табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерделеу.</p>
<p>14. 8-сыныпқа арналған «Химия» оқу пәнінің базалық мазмұны: 1) «Атомдардағы электрондардың қозғалысы». Атомдардағы электрондардың орналасуы, энергетикалық деңгейлер, s және p орбитальдарының пішіндері, электрондық конфигурация, электронды-графикалық формула, ион, иондардың түзілуі, «нольдік қосынды» әдісімен қосылыстардың формулаларын құрастыру: № 1 зертханалық тәжірибе «Атомдардың модельдерін жасау»; 2) «Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері». Химиялық формула, химиялық реакция теңдеулері, заттардың массасының сақталу заңы, химиялық реакциялардың типтері: бірігу, ажырау, алмастыру, алмасу, табиғаттағы химиялық реакциялар, тірі</p>	<p>13. 8-сыныпқа арналған «Химия» пәнінің базалық білім мазмұны келесі 1) Химияның ұғымдары және заңдары Ғылым және химия. Қауіпсіздік техникасының ережелері №2 практикалық жұмыс «Су жылыту» Жалын құрылымы Таза заттар, қосылыстар және қоспалар Қоспадағы заттарды бөлу әдістері. Химия және қоршаған орта</p>

<p>организмдер мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар:  № 1 көрсетілім «Заттардың массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе»;  № 2 зертханалық тәжірибе «Әрекеттесуші заттардың массасының қатынасы»;  есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша химиялық бірігудегі элементтің массалық үлесін есептеу, элементтердің массалық үлестері бойынша заттың қарапайым формуласын анықтау;  3) «Металдардың химиялық белсенділігі». Металдардың тотығуы, металдардың жемірілуі, металдардың сумен әрекеттесуі, металдардың қышқыл ерітінділерімен, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуі, металдардың белсенділік қатары, металдардың белсенділігін салыстыру:  № 2 көрсетілім «Белсенді металдардың сумен әрекеттесуі»;  № 3 зертханалық тәжірибе «Металдардың қышқылдар ерітіндісімен әрекеттесуі»;  № 3 көрсетілім «Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру»;  № 1 практикалық жұмыс «Металдардың белсенділігін салыстыру»;  № 1 бақылау жұмысы;  4) «Заттың мөлшері». Заттың мөлшері, моль, Авогадро саны, заттың молярлық массасы:  есептеуге берілген есептер: жәй және күрделі заттардың салыстырмалы молярлық массасын есептеу, химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу, заттың белгілі мөлшеріндегі атомдардың (молекулалардың) сандарын есептеу;  5) «Стехиометриялық есептеулер». Химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша есептер шығару, молярлық көлем, газдардың салыстырмалы тығыздығы, көлемдік қатынастар заңы, қалыпты және стандартты жағдайлар;  есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша заттың</p>	<p>Күтілетін нәтижелер:  химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну  зертханалық құрал-жабдықтармен танысу және оларды қолдану әдістері  суды жылыту әдісжай затты (элемент) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну;  таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу;  жай зат (элемент), қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу; қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс заттарды ажыратуға қолдана алу  2) Затты құрайтын ұсақ бөлшектер.  Атом Химиялық элемент Атомдық масса. Салыстырмалы атомдық масса.  Изотоп. Атом және молекула. Атом-молекулалық ілім  Күтілетін нәтижелер:  атомның ашылу тарихын түсіндіру  атомның құрамы және құрлысың анықтаған ғалымдар протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу;  әрбір химиялық элементтің таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу;  алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (<math>p^+</math>, <math>n^0</math>, <math>e^-</math>) мен атом ядросының құрамын білу;  атомдық массаны анықтамасын білу  салыстырмалы атомдық массаны табу  изотоп түсінігін білу  табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну; 8.2.10 жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде</p>
--	--



<p>молярлық массасын , массасын және заттың мөлшерін есептеу, заттың берілген массасы немесе заттың мөлшері бойынша атомдар мен молекулалардың сандарын есептеу, химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін (газдың) және зат мөлшерін есептеу, қалыпты жағдайлардағы газдың көлемін, газдардың салыстырмалы тығыздығын есептеу, оттегі және ауа бойынша газдардың салыстырмалы тығыздықтарын есептеу, заттың мөлшері, молярлық масса, газдың молярлық көлемі, Авогадро заңы ұғымдарын пайдаланып формулалар бойынша есептеулер жасау, химиялық реакциялар кезіндегі газдардың көлемдік қатынастары түсініктерін қолданып есептеулер жасау;</p> <p>б) «Химиялық реакциялардағы энергиямен танысу». Отынның жануы және энергияның бөлінуі, көміртекті отынның жануы кезінде көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілуі мүмкіндігі, жылыжайлық эффектісінің себептері және шешу жолдары, экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар, әртүрлі отындардың потенциалы, қоршаған ортаға әсері, кинетикалық бөлшектер теориясы тұрғысынан энергия өзгерісі, реакцияның жылу эффектісі, термохимиялық теңдеулер:</p> <p>№ 4 зертханалық тәжірибе «Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар»;</p> <p>есептеуге берілген есептер: реакциялардың термохимиялық теңдеулері бойынша реакцияның жылу эффектісін есептеу;</p> <p>7) «Сутек. Оттегі және озон». Сутек – химиялық элемент және жәй зат, сутектің изотоптары (протий, дейтерий және тритий), сутектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы, оттегі – химиялық элемент және жәй зат, оттектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы, сутектің және оттектің бинарлы қосылыстары, табиғатта таралуы, оттектің аллотропиялық түрөзгерісі, озон, сутек пен оттекті алу, Жер бетіндегі озон қабатының маңызы;</p> <p>№ 4 көрсетілім «Сутек пероксидінің ажырауы»;</p> <p>№ 2 практикалық жұмыс «Сутекті алу және оның қасиеттерін</p>	<p>пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну атомдар, иондар мен молекулалардың айырмашылығын білу атом-молекулалық ілімнің негізгі ережелерін түсіндіру</p> <p>3) Химиялық формула Валенттілік. Биэлементтік қосылыстардың химиялық формулалары. Құрам тұрақтылық заңы. Қосылыстардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу</p> <p>Күтілетін нәтижелер: элементтер валенттіліктерін анықтау элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, биэлементті химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу құрам тұрақтылық заңын түсіну және қолдану химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу</p> <p>4) Заттардың өзгерісі. Физикалық және химиялық құбылыстар. Заттардың агрегаттық күйлері</p> <p>Күтілетін нәтижелер: физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіру</p> <p>5) Химиялық есептер</p>
---	---

<p>зерттеу»;</p> <p>№ 3 практикалық жұмыс «Сутектің перексидінен оттекті алу және оның қасиеттерін зерттеу»;</p> <p>есептеуге берілген есептер: реакцияға қатысатын немесе реакция нәтижесінде түзілген өнімнің белгілі массасы, заттың мөлшері немесе көлемі бойынша заттың массасын, заттың мөлшерін, (газдың) көлемін есептеу;</p> <p>№ 2 бақылау жұмысы;</p> <p>8) «Химиялық элементтердің периодтық жүйесі». Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы, периодтың, топтың, атом нөмірінің физикалық мәні, химиялық элементтердің атомдарының кейбір қасиеттері мен сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі, периодтық жүйедегі орыны бойынша элементтің сипатталуы, химиялық элементтердің табиғи тектестері, сілтілік металдардың, галогендердің, инертті газдардың тектестері, металдар мен бейметалдар, периодтық кестеде орналасуына байланысты химиялық элементтің қасиеттері;</p> <p>9) «Химиялық байланыс түрлері». Химиялық элементтердің электртерістілігі, атомдар арасындағы химиялық байланыстар табиғатының бірлігі, ковалентті полярлық және полярлық емес байланыс, иондық байланыс, заттың аморфты және кристалдық күйлері, кристалл торларының типтері, заттардың қасиеттерінің оның құрылысына тәуелділігі;</p> <p>10) «Ерітінділер және ерігіштік». Заттардың суда еруі, заттардың судағы ерігіштігі бойынша жіктелуі, ерітінділер, еріген заттың массалық үлесі, молярлық концентрация, қатты заттардың, сұйықтардың және газдардың суда ерігіштігі, кристаллогидраттар, ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі рөлі, заттарды ерігіштігіне температураның әсері;</p> <p>№ 5 зертханалық тәжірибе «Заттардың ерігіштігін зерттеу»;</p> <p>№ 4 практикалық жұмыс «Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері»;</p>	<p>Күрделі заттың құрамын сандық талдау. Химиялық формула табу. Зат мөлшері. Моль.Молярлық масса. Авогадро заңы. Молярлық көлем. Тығыздық. Салыстырмалы тығыздық. Газдардың салыстырмалы тығыздығы. Көлемдік қатынас заңы. Химиялық реакция типтері Химиялық реакция теңдеулерін құру. Зат массасының сақталу заңы.Көлемдік үлес. Мольдік үлес. Орташа молярлық масса. Табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>химиялық формула бойынша атомдардың валенттілігін анықтау</p> <p>химиялық формула бойынша массалық үлес, массалық қатынас табу</p> <p>атомдардың валенттілігіне сәйкес қосылыстардың формулаларын құру</p> <p>массалық үлес және массалық қатынас бойынша заттардың химиялық формуланы табу</p> <p>зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде –мольді білу 8.5.6 масса, зат мөлшері және құрылымдық бөлшектер санын есептеу</p> <p>молярлық массасын есептей алу</p> <p>зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде –мольді білу және Авогадро санын білу;</p> <p>молярлық көлемді табу</p> <p>газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу;</p> <p>газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану</p> <p>бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу</p> <p>әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау;</p> <p>реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру;</p> <p>заттар массасының сақталу заңын білу</p>
--	--

<p>№ 5 практикалық жұмыс «Берілген пайыздық және молярлық концентрациялы ерітінділерді дайындау»; есептеуге берілген есептер: заттардың судағы ерігіштігін есептеу, тығыздығы мен көлемі бойынша ерітіндінің массасын анықтау, еріген заттың және еріткіштің массасын, еріген заттың массалық үлесін есептеу, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу;</p> <p>№ 3 бақылау жұмысы;</p> <p>11) «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары». Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс, қышқылдар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, негіздер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, тұздар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс;</p> <p>№ 6 зертханалық тәжірибе «Оксидтердің химиялық қасиеттерін зерттеу»;</p> <p>№7 зертханалық тәжірибе «Қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеу»;</p> <p>№ 8 зертханалық тәжірибе «Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу»;</p> <p>№ 9 зертханалық тәжірибе «Тұздардың қасиеттері және алынуы»; есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;</p> <p>12) «Көміртек және оның қосылыстары». Көміртектің жалпы</p>	<p>көлемдік үлес, мольдік үлес және орташа молярлық массаны табу табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау</p> <p>6) Химиялық элементтердің периодтық кестесі Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы. Периодтық кестенің құрылымы. Металдар. Бейметалдар. Бейорганикалық заттардың түрлері Күтілетін нәтижелер: И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру периодтық кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар мен периодтар I-II топ металдар мен V-VII топ бейметалдар атомдарының құрамы және құрылысы бойынша сипаттау және салыстыру бейорганикалық заттардың түрлерін білу, салыстыру және сипаттау</p> <p>7) Заттар Металдар мен бейметалдар және олардың қосылыстары. I-II топ металдар мен V-VII топ бейметалдардың химиялық қасиеттері. Биэлементтік заттар. Гидридтер. Оксидтер. №3 Практикалық жұмыс «Негізгі, қышқыл оксидтердің қасиеттері». Негіздер. Қышқылдар. Индикаторлар. Тұздар. Генетикалық байланыс. №4 Практикалық жұмыс «Металдар мен бейметалдардың қосылыстарының генетикалық байланысы». №5 Практикалық жұмыс «Негізгі, қышқыл оксидтердің қасиеттері». Сандық есептердің тәжірибелік шешімі. Күтілетін нәтижелер: металдар мен бейметалдарға жіктеу; заттарды құрамына қарай металдар, бейметалдар және күрделіге заттарды жіктеу металдар (натрий, кальций) мен бейметалдардың (фосфор, сера, хлор) химиялық қасиеттерін зерттеу биэлементтік заттардың жіктелуін, химиялық формулаларың және</p>
---	--

<p>сипаттамасы; табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуы, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолдану аймағы, көміртектің қасиеттері, көміртектің оксидтері және олардың қасиеттері, тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсері, көміртектің табиғаттағы айналымы:</p> <p>№ 6 практикалық жұмыс «Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері»;</p> <p>№ 7 практикалық жұмыс «Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттері зерттеу»;</p> <p>есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;</p> <p>13) «Су». Судың құрамы, қасиеттері және қолданылуы, табиғаттағы су, су – табиғи әмбебап еріткіш, сулы ерітінділер және жүзгіндер, судың бірегей қасиеттері және оның өмір үшін маңызы, судың табиғаттағы айналымы, судың ластану себептері, судың кермектігі және оны жою тәсілдері, судың және сулы ерітінділердің табиғаттағы, өндірістің түрлі салаларындағы және ауыл шаруашылығындағы маңызы, суды тазарту әдістері, ауыз суын тазарту, Қазақстан Республикасындағы ауыз су мәселесі, су бассейнін ластанудан қорғау, Қазақстандағы су ресурстарының экологиялық мәселелері, сусыз мыс (II) сульфатының көмегімен суды анықтау әдісі:</p> <p>№ 10 зертханалық тәжірибе «Судың кермектігін анықтау»;</p> <p>есептеуге берілген есептер: еріген заттың массалық үлесін, еріткіштің, еріген заттың массасын есептеу;</p>	<p>атауларын білу</p> <p>гидридтерді білу және қасиеттерін сипаттау</p> <p>оксидтердің жіктелуін білу</p> <p>оксидтердің қасиеттерін сипаттау</p> <p>негізгі мен қышқыл оксидтердің физикалық және химиялық қасиеттерінің зерттеу</p> <p>негіздердің, сілтілердің жіктелуін, химиялық формулаларың және атауларың білу</p> <p>негіздердің қасиеттерін сипаттау, алу әдістерін түсіндіру</p> <p>қышқылдардың жіктелуін, химиялық формулаларың және атауларың білу</p> <p>«қышқылдық» және «сабындылық» қасиеттер кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің белгілері болуы мүмкін екендігін білу; химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін білу;</p> <p>pH шкаласы негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай алу;</p> <p>«антацидтік заттарды» қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну</p> <p>Тұздардың жіктелуін, химиялық формулаларың және атауларың білу</p> <p>орташа тұздардың физикалық және химиялық қасиеттері</p> <p>негіздердің, қышқылдардың және тұздардың бір бірімен және олардың қосылыстарының генетикалық байланысың түсіну</p> <p>металдар мен бейметалдардың қосылыстарының генетикалық байланысың зерттеу</p> <p>негізгіздер, қышқылдар, тұздардың химиялық қасиеттерінің анықтау</p> <p>металдар мен бейметалдардың қосылыстарының химиялық қасиеттеріне байланысты есептер шешу</p> <p>8) Тірі организмдегі химиялық элементтер</p> <p>Тағам құрамындағы қоректік заттар. № 4 практикалық жұмыс «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау». Адам</p>
---	---

<p>№ 4 бақылау жұмысы.</p>	<p>ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу үдерісі. Күтілетін нәтижелер: тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды білужәне анықтай алу адам ағзасына кіретін элементтерді (О, С, Н, N, Са, Р, К) білу; тыныс алу үдерісін түсіну 9) Геохимия және экохимия Жер қыртысындағы химиялық элементтер. Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар. Кен құрамы. Қазақстанның пайдалы қазбалары. Химия және экология. Қоршаған ортадағы заттардың өзгерісі. Қышқыл жаңбыр. Экологияға байланысты есептер Күтілетін нәтижелер: кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын білу; металды алу үшін кенді өңдеу үдерісін сипаттау Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын білу; табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерделеу минералдарды өндірудің экологиялық аспектілерін түсіндіру табиғаттағы заттардың ашытуының ыдырау процесін түсіндіру қышқыл жаңбырдың құрамына қандай заттар кіретінін білу қышқыл жаңбырдың пайда болу себептерін білу экологиялық мазмұны бар есептер шешу</p>
<p>15. 9-сынып оқу пәнінің базалық мазмұны: 1) «Электролиттік диссоциация». Электролиттер және бейэлектролиттер, С. Аррениустың электролиттік диссоциациялану теориясының негізгі қағидалары, электролиттік диссоциациялану механизмі, ерітінділердің немесе заттың балқымаларының электр өткізгіштігінің химиялық байланыс түріне тәуелділігі, күшті және әлсіз электролиттер, диссоциациялану дәрежесі, қышқыл, сілті және тұздардың судағы ерітінділерінде электролиттік диссоциациялануы,</p>	<p>14. 9-сыныпқа арналған «Химия» пәнінің базалық білім мазмұны келесі 1) Электролиттік диссоциация Электролиттер мен бейэлектролиттер. №1 көрсетілім «Иондық және ковалентті полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы». Электролиттік диссоциациялану теориясы. Қышқыл, негіз, тұздардың электролиттік диссоциациясы. №1 зертханалық тәжірибе «Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН -ын анықтау». Диссоциациялану дәрежесі. Күшті және әлсіз</p>

<p>көпнегізді қышқылдардың, қышқылдық және негіздік тұздардың диссоциациялануы, ион алмасу реакциялары және олардың жүру жағдайлары, электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз және тұз ерітінділерінің химиялық қасиеттері, тұздар гидролизі;</p> <p>№ 1 көрсетілім «Иондық және ковалентті полярлық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы»;</p> <p>№ 1 зертханалық тәжірибе «Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН анықтау»;</p> <p>№ 1 практикалық жұмыс «Ион алмасу реакциялары»;</p> <p>№ 2 зертханалық тәжірибе «Тұздар гидролизі»;</p> <p>есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың мөлшерін, массасын, реакция өнімінің көлемін есептеу, диссоциациялану дәрежесін есептеу;</p> <p>2) «Бейорганикалық заттарға сапалық талдау». Катиондарға сапалық реакциялар, жалын түсінің боялуы бойынша <math>\text{Li}^+</math>, <math>\text{Na}^+</math>, <math>\text{K}^+</math>, <math>\text{Ca}^{2+}</math>, <math>\text{Sr}^{2+}</math>, <math>\text{Ba}^{2+}</math>, <math>\text{Cu}^{2+}</math> металл катиондарын анықтау, аниондардың сапалық реакциялары, бейорганикалық қосылыстардың құрамын сапалық талдау;</p> <p>№ 3 зертханалық тәжірибе жалын түсінің боялуы бойынша «<math>\text{Li}^+</math>, <math>\text{Na}^+</math>, <math>\text{K}^+</math>, <math>\text{Ca}^{2+}</math>, <math>\text{Sr}^{2+}</math>, <math>\text{Ba}^{2+}</math>, <math>\text{Cu}^{2+}</math> катиондарын анықтау»;</p> <p>№ 4 зертханалық тәжірибе «<math>\text{Fe}^{2+}</math>, <math>\text{Fe}^{3+}</math>, <math>\text{Cu}^{2+}</math> катиондарына сапалық реакциялар»;</p> <p>№ 5 зертханалық тәжірибе «Сулы ерітіндідегі <math>\text{Cl}^-</math>, <math>\text{Br}^-</math>, <math>\text{I}^-</math>, <math>\text{PO}_4^{3-}</math>, <math>\text{SO}_4^{2-}</math>, <math>\text{CO}_3^{2-}</math>, <math>\text{NO}_3^-</math>, <math>\text{SiO}_3^{2-}</math> аниондарын анықтау»;</p> <p>№ 2 практикалық жұмыс «Бейорганикалық қосылыстарды сапалық талдау»;</p> <p>есептеуге берілген есептер: егер әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілсе химиялық теңдеулер бойынша есептеу;</p> <p>3) «Химиялық реакциялардың жылдамдығы». Химиялық реакциялардың жылдамдығы, химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторлар, бөлшектердің кинетикалық</p>	<p>электролиттер. №1 практикалық жұмыс «Ион алмасу реакциялары». Электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз, тұздардың химиялық қасиеттері. Тұздар гидролизі. №2 зертханалық тәжірибе. «Тұздар гидролизі»</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>электролиттер мен бейэлектролиттердің анықтамасын білу және мысалдар келтіру</p> <p>заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру</p> <p>электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын білу</p> <p>иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру</p> <p>ерітіндінің қышқылдығы мен сілтілігін ажырату</p> <p>қышқыл, сілті, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру</p> <p>күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу</p> <p>алмасу реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру</p> <p>ион алмасу реакцияларының жүру себептерін түсіндіру</p> <p>қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру</p> <p>қышқылдар және негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу және қорытынды жасау</p> <p>орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау</p> <p>орта тұз гидролизінің теңдеуін молекулалық және иондық түрде құрастыру</p> <p>орта тұз ерітіндісінің реакция ортасын болжау</p> <p>2) Бейорганикалық қосылыстардың сапалық талдауы</p> <p>Катиондарға сапалық реакциялар. №3 зертханалық тәжірибе. «<math>\text{Li}^+</math>, <math>\text{Na}^+</math>, <math>\text{K}^+</math>, <math>\text{Ca}^{2+}</math>, <math>\text{Sr}^{2+}</math>, <math>\text{Ba}^{2+}</math>, <math>\text{Cu}^{2+}</math> катиондарын жалын</p>
---	---

<p>тұрғысынан реакция жылдамдығы, катализаторлар, ингибиторлар, катализаторлар мен ингибиторлардың реакция жылдамдығына әсері:</p> <p>№ 2 көрсетілім «Түрлі химиялық реакциялардың жылдамдығы»;</p> <p>№ 6 зертханалық тәжірибе «Концентрацияның температурасы мен бөлшектер көлемінің реакция жылдамдығына әсері»;</p> <p>№ 3 практикалық жұмыс «Реакция жылдамдығына катализатордың әсері»;</p> <p>4) «Қайтымды реакциялар». Химиялық тепе-теңдік, тепе-теңдік динамикалық үдеріс ретінде, химиялық тепе-теңдіктің ығысуы, Ле-Шателье-Браун принципі, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлардың өзгерісінің әсері, бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан химиялық тепе-теңдік;</p> <p>№ 3 көрсетілім «Қайтымды химиялық реакциялар»;</p> <p>№ 7 зертханалық тәжірибе «Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы»;</p> <p>5) «Тотығу-тотықсыздану реакциялары». Химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, қосылыстардың формулалары бойынша химиялық элементтердің тотығу дәрежелерін анықтау, тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш туралы түсінік, тотығу-тотықсыздану реакциялары, электрондық баланс әдісі;</p> <p>6) «Металдар мен қорытпалар». Металдардың жалпы сипаттамасы, металдық байланыс пен металдық кристалдық тор, темір мен мыстың физикалық және химиялық қасиеттері, металдардың тек тотықсыздандырғыш қасиеттерін көрсетуі, темір қорытпалары және олардың қолданылуы, металлургия туралы түсінік, шойын мен болат өндірісі, Қазақстанда металлургияның дамуы, металдар мен олардың қорытпаларын алу, Қазақстандағы металдар және оның қосылыстарының маңызды кен орындары, металдарды өндіру үдерістері, қоршаған ортаға әсері, металдарды алу:</p> <p>№ 4 көрсетілім «Металдардың кристалдық торы модельдері»;</p> <p>№ 5 көрсетілім «Металдар және қорытпалар»;</p>	<p>түсінің боялуы бойынша анықтау». №4 зертханалық тәжірибе «<math>Fe^{2+}</math>, <math>Fe^{3+}</math>, <math>Cu^{2+}</math> катиондарына сапалық реакциялар».</p> <p>Аниондардың сапалық реакциялары. №5 зертханалық тәжірибе. «Сулы ерітіндідегі <math>Cl^-</math>, <math>Br^-</math>, <math>I^-</math>, <math>PO_4^{3-}</math>, <math>SO_4^{2-}</math>, <math>CO_3^{2-}</math>, <math>NO_3^-</math>, <math>SiO_3^{2-}</math> аниондарын анықтау». №2 практикалық жұмыс «Бейорганикалық қосылыстар құрамының сапалық талдауы».</p> <p>Есептер шығару. «Әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер»</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p><math>Li^+</math>, <math>Na^+</math>, <math>K^+</math>, <math>Ca^{2+}</math>, <math>Sr^{2+}</math>, <math>Ba^{2+}</math>, <math>Cu^{2+}</math> металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау</p> <p><math>Fe^{2+}</math>, <math>Fe^{3+}</math>, <math>Cu^{2+}</math> катиондарын анықтау үшін сапалық реакция жүргізу</p> <p>хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап нәтижесін сипаттау</p> <p>белгісіз заттардағы катион және аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру</p> <p>әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу</p> <p>3) Химиялық реакция жылдамдығы</p> <p>Химиялық реакциялардың жылдамдығы. Химиялық реакциялар жылдамдығына әсер ететін факторлар. №2 көрсетілім «Өртүрлі реакциялар жылдамдығы». №6 зертханалық тәжірибе «Реакция жылдамдығына температура, концентрация мен бөлшектер өлшемінің әсері». Катализаторлар. Ингибиторлар. №3 практикалық жұмыс «Реакция жылдамдығына катализатордың әсері»</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру</p> <p>реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру</p>
--	--

<p>есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі бір массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда реакция теңдеуі бойынша заттың массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу;</p> <p>7) 1 (I), 2 (II) және 13 (III) топтар элементтері және олардың қосылыстары. 1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары, атомдары құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттері, сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 2 (II)-топ элементтері және олардың қосылыстары, 1 (I)-ші және 2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттері, кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 3 (III)-топ элементтері, алюминий және оның қосылыстары, алюминийдің қосылыстары мен қорытпаларының қолдану аймағы, алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екі дайлы қасиеттері;</p> <p>№ 6 көрсетілім «Натрийдің, кальцийдің сумен әрекеттесуі»;</p> <p>№ 8 зертханалық тәжірибе «Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі»;</p> <p>№ 7 көрсетілім «Алюминий мен оның қорытпалары»;</p> <p>№ 9 зертханалық тәжірибе «Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі»;</p> <p>№ 4 практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбына эксперименттік есептер шығару;</p> <p>есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болғанда, заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын реакция теңдеуі бойынша есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу;</p>	<p>4) Қайтымды реакциялар Қайтымды және қайтымсыз химиялық реакциялар. Химиялық тепе-теңдік. №3 көрсетілім. «Қайтымды химиялық реакциялар». №7 зертханалық тәжірибе «Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы» Күтілетін нәтижелер: қайтымды және қайтымсыз реакцияларды білу тепе-теңдікті динамикалық үдеріс ретінде сипаттау және Ле-Шателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау химиялық тепе – теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіну және ажырату химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру</p> <p>5)Тотығу-тотықсыздану реакциялары Тотығу дәрежесі. Тотығу және тотықсыздану. Тотығу-тотықсыздану реакциялары. Электрондық баланс әдісі. Күтілетін нәтижелер: тотығу дәрежесін табудың ережесін білу және қолдану тотығу және тотықсыздану үдерістері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіну тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіну тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіну электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою</p> <p>6) Металдар мен құймалар Металдардың жалпы сипаттамасы. №4 көрсетілім «Металдардың кристалдық тор модельдері». Металдар құймалары. №5 көрсетілім «Металдар және құймалар». Металдарды алу. Есептер шығару «Реакция теңдеуі бойынша қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда зат массасын</p>
--	--



<p>№ 2 бақылау жұмысы;  8) 17 (VII), 16 (VI), 15 (V), 14 (IV) - топтарының элементтері және олардың қосылыстары.(VII) топ элементтері, галогендер, байланыс түрі және кристалдық тор типі, топтағы галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары, хлор, хлордың химиялық қасиеттері: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі, хлорсутек қышқылының құрамы қасиеттері мен қолданылуы, 16 (VI)-топ элементтері, күкірт, күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттері, күкірттің негізгі қосылыстары және олардың физикалық және химиялық қасиеттері, қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсері, күкірт қышқылы, күкірт қышқылы және оның тұздарының жалпы және ерекше қасиеттері, қасиеттері мен қолданылуы, 15 (V)-топ элементтері: азот, азоттың қасиеттері және табиғаттағы азот айналымы, аммиак, аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы, аммиак өндірісі, (Габер синтезі): азот қышқылы, азот қышқылының қасиеттері, азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері, фосфор және оның қосылыстары, фосфорды аллотропиялық түрлендіру, фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындары, фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттері, минералды тыңайтқыштар, олардың Қазақстанда өндірілуі және оларды тиімді қолдану, азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсері, 14 (IV) - топ элементтері, кремний және оның қосылыстары, кремнийдің қолданылу аймағы және оның жартылай өткізгіш ретінде маңызы, сұйық кристалдар, кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типі, кремний мен оның қосылыстарының химиялық қасиеттері, Қазақстандағы силикат өнеркәсібі;  № 8 көрсетілім «Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері»;  № 5 практикалық жұмыс «Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу»;</p>	<p>есептеу»  Күтілетін нәтижелер:  металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру  құйма ұғымын және оның артықшылықтарын білу шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру  Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру үдерістерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру  кеннен металды алу үдерісін сипаттау  коспаньың белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу  7) 1 (I), 2 (II) және 13 (III) топ элементтері және олардың қосылыстары  1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары. №6 көрсетілім «Натрийдің сумен әрекеттесуі». 2 (II)-топ металдары және олардың қосылыстары.  №8 зертханалық тәжірибе «Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі». 13 (III)-топ металдары. Алюминий және оның қосылыстары.  №7 көрсетілім «Алюминий мен оның құймалары».№9 зертханалық тәжірибе  «Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі» №4 практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбына эксперименттік есептер шығару.  Күтілетін нәтижелер:  атом құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру  сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік</p>
---	--

<p>№ 10 зертханалық тәжірибе «Азот молекуласының моделін дайындау»;</p> <p>№ 11 зертханалық тәжірибе «Аммиак молекуласының моделін дайындау»;</p> <p>№ 6 практикалық жұмыс «Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу»;</p> <p>№ 12 зертханалық тәжірибе «Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері»;</p> <p>№ 9 көрсетілім «Минералды тыңайтқыштар»;</p> <p>№ 10 көрсетілім «Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері»;</p> <p>есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша есептеу, бірі зат бастапқы заттардан артық берілген есептер, егер реакция өнімінің практикалық шығымының массалық үлесі белгілі болса, химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, құрамындағы қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы бойынша реакция өнімінің массасын есептеу;</p> <p>9) «Адам ағзасындағы химиялық элементтер». Адам ағзасының химиялық құрамы, макроэлементтер және микроэлементтер, олардың маңызы, адам ағзасының құрамына кіретін элементтер және олардың маңызы: (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe), Қазақстан тұрғындарының теңгерімді тамақтану рационы, ағзадағы кейбір элементтерді анықтау, ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы көздері, ауыр металдардың ағзаларға әсері;</p> <p>№ 13 зертханалық тәжірибе «Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау»;</p> <p>№ 14 зертханалық тәжірибе «Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау»;</p> <p>№ 3 бақылау жұмысы;</p> <p>10) «Органикалық химияға кіріспе». Органикалық химия – көміртек қосылыстарының химиясы, А.М. Бутлеровтың органикалық</p>	<p>қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру 1 (I) және 2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және реакция теңдеулерін құрастыру кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларының қолдану аймағын атау алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу (I), 2 (II), 13 (III) -топ металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу 8) 17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV) -топ элементтері және олардың қосылыстары Галогендер. Хлор. Хлорсутек қышқылы. №10 зертханалық тәжірибе. «Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу». 16 (VI)-топ элементтері. Күкірт. №7 көрсетілім. «Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері». Күкірттің қосылыстары. №5 практикалық жұмыс «Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу». Есеп шығару «Теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімі шығымының массалық /көлемдік үлестеріне есептеулер». Азот. №11 зертханалық тәжірибе «Азот молекуласының моделі». Аммиак. №12 зертханалық тәжірибе «Аммиак молекуласының моделі». Аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы. №6 практикалық жұмыс. «Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу». Аммиак өндірісі. Азот қышқылы. №13 зертханалық тәжірибе. «Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері». Азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері. Фосфор және оның қосылыстары. Минералды тыңайтқыштар. №8 көрсетілім «Минералды тыңайтқыштар». Кремний және оның қосылыстары. №9 көрсетілім. «Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық</p>
---	---

<p>қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидалары, органикалық заттардың ерекшеліктері, органикалық қосылыстардың жіктелуі, функционалдық топ түсінігі, органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары, органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары, органикалық қосылыстардың номенклатурасы, органикалық қосылыстардың изомериясы:</p> <p>№ 11 көрсетілім «Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминокетан қышқылы модельдері»;</p> <p>№ 12 көрсетілім «Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері»;</p> <p>№ 13 көрсетілім «Пентан изомерлерінің модельдері»;</p> <p>есептеуге берілген есептер: элементтердің массалық үлесі және салыстырмалы тығыздығы бойынша газтәрізді заттардың молекулалық формулаларын табу;</p> <p>11) «Көмірсутектер. Отын». Көмірсутектердің жіктелуі, номенклатурасы және изомериясы, қаныққан көмірсутектер, алкан, метан, қанықпаған көмірсутектер, алкендер, этилен, алкиндер, ацетилен, арендер, бензол, көмірсутектер арасындағы генетикалық байланыс, көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отындар, табиғи газдың, мұнайдың, көмірдің Қазақстандағы кен орындары, оларды өндіру және өңдеу, көмірсутектерді өндіру, өңдеу және қолданудағы экологиялық мәселелер, көмірсутектерді экономиканың түрлі салаларында және тұрмыста пайдалану, альтернативті отын түрлері, мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнай өнімдерінің қолдану аймағы:</p> <p>№ 14 көрсетілім «Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі»;</p> <p>№ 15 көрсетілім «Отын түрлері»;</p> <p>есептеуге берілген есептер: реакция өнімінің массасы немесе көлемі және белгілі заттың салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттың формуласын анықтау;</p>	<p>торының модельдері»</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрі мен байланыс типін анықтау</p> <p>топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау</p> <p>хлордың химиялық қасиеттерін сипаттау: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі</p> <p>хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және қолдану аясын білу</p> <p>16 (VI)-топ элементтерінің жалпы қасиетін сипаттау</p> <p>күкірттің аллотропиялық түрөзгерістерінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру</p> <p>күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру</p> <p>қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру</p> <p>күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу</p> <p>теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу</p> <p>азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру</p> <p>аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формуласын түсіндіру</p> <p>аммиакты алу</p> <p>қасиеттерін мен қолданылуын түсіндіру</p> <p>аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алу</p> <p>білу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу</p> <p>аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау;</p>
--	---

<p>12) «Оттекті және азотты органикалық қосылыстар». Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі және номенклатурасы, метанол, этанол, спирттердің улылығы және этил спиртінің адам организміне зиянды әсері, оттекті органикалық қосылыстардың өкілдері, этандиол, пропантриол, этан қышқылы, глюкоза, сахароза, крахмал, целлюлозаның қолданылуы, карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын, синтетикалық жуғыш заттар, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсері, көмірсулар, нәруыздар, аминқышқылдары, биологиялық маңызды органикалық қосылыстар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібі:</p> <p>№ 15 зертханалық тәжірибе «Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу»;</p> <p>№ 16 зертханалық тәжірибе «Нәруыздардың денатурациясы»; есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда, реакция теңдеуі бойынша органикалық заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, метан, бутан, этанолдың жану реакция теңдеуі бойынша оттектің, ауаның көлемдерін есептеу;</p> <p>№ 4 бақылау жұмысы</p>	<p>азот қышқылының молекулалық, формулаларын білу және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; азоттан азот қышқылын алудың реакция теңдеуін құрастыру</p> <p>азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу</p> <p>сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металмен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру</p> <p>нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру</p> <p>фосфордың аллотропиялық түрөзгерістерін салыстыру</p> <p>фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын атау</p> <p>фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру</p> <p>минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді атау</p> <p>азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсерін зерделеу</p> <p>кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру</p> <p>кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор түрін сипаттау</p> <p>кремний мен оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру</p> <p>9) Адам ағзасындағы химиялық элементтер</p> <p>Адам ағзасының химиялық құрамы. Макроэлементтер, микроэлементтер және олардың маңызы. Ағзадағы кейбір элементтерді анықтау.</p> <p>№14 зертханалық тәжірибе «Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау».</p> <p>№15 зертханалық тәжірибе. «Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау». Ауыр металдармен қоршаған ортаның</p>
---	---

	<p>ластануы.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe)</p> <p>Қазақстанның тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру</p> <p>адам ағзасындағы кальций мен темірдің ролін түсіндіру</p> <p>тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау</p> <p>коршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау және олардың ағзаларға әсерін түсіндіру</p> <p>10) Органикалық химияға кіріспе</p> <p>Органикалық заттардың ерекшеліктері. Органикалық қосылыстардың жіктелуі. №10 көрсетілім «Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминокетан қышқылы модельдері». Органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары. №11 көрсетілім «Алкандардың алғашқы бес өкілінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері» Органикалық қосылыстардың номенклатурасы Органикалық қосылыстардың изомериясы. №12 көрсетілім «Пентан изомерлерінің модельдері». Есеп шығару «Элементтердің массалық үлестері мен салыстырмалы тығыздық бойынша газтекес заттардың молекулалық формуласын табу»</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себепін түсіндіру</p> <p>көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, көмірсулар, аминқышқылдарының жіктелуін білу</p> <p>функционалдық топ түсінігін, берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру</p> <p>гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты білу</p> <p>органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын</p>
--	--

	<p>қолдану</p> <p>изомерия құбылысын білу және көмірсутектер құрылымдық изомерлерінің формулаларын құрастыру</p> <p>газтекес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы тығыздық пен элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау</p> <p>11) Көмірсутектер. Отын .</p> <p>Алкандар. Алкендер. Алкиндер. Ароматты көмірсутектер. Бензол</p> <p>Көмірсутекті отындар. №14 көрсетілім «Отын түрлері». Мұнай.</p> <p>№15 көрсетілім «Мұнай және мұнай өнімдері» №13 көрсетілім «Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі».</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция теңдеулерімен дәлелдеу</p> <p>еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың маңызы мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру</p> <p>қанықпағандық ұғымын сипаттау</p> <p>этен мысалында алкендердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу;</p> <p>полиэтилен мысалында полимерлену реакциясының механизмі мен полимерлердің құрылымының ерекшеліктерін түсіндіру;</p> <p>пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін түсіну және оқып білу, қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу</p> <p>этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу;</p> <p>бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау;</p> <p>құрамында көміртек бар қосылыстардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін білу және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау;</p>
--	---

	<p>Қазақстандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;  мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау</p> <p>12) Оттекті және азотты органикалық қосылыстар  Оттекті органикалық заттар. Спирттер. Карбон қышқылдары. №16 зертханалық тәжірибе «Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу». Күрделіэфирлер мен майлар. Сабын мен синтетикалық жуғыш заттар. Көмірсулар. Амин қышқылдары. Нәруыздар. №17 зертханалық тәжірибе «Нәруыздардың денатурациясы»</p> <p>Күтілетін нәтижелер:  оттекті органикалық заттардың жіктелуін білу;  спирттердің жіктелуін, метанол мен этанолдың қолданылуын, этанолдың алынуын білу және қасиеттерін түсіндіру;  метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру;  этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын білу;  карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау;  күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру;  сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу;  синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;  көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру;  нәруыздағы аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру;  нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу;  29-нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру.</p>
--	--

15. 10-сыныпқа арналған «Химия» пәнінің базалық білім мазмұны келесі

1) Металдардың жалпы қасиеттері

Металдардың жалпы сипаттамасы. Металдардың белсенділік қатары. Металдарды алу. Металдар құймалары. Металдар коррозиясы. Есептер шығару.

Күтілетін нәтижелер:

металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу

металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау

металдардың электрохимиялық қатарында орналасу принципін түсіну

кеннен металды алу үдерісін сипаттау

шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру;

Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру үдерістерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру  
коррозия түрлерін, оның пайда болу себептерін білу және оның металл конструкцияларының қызмет ету мерзіміне теріс әсерін түсіндіру

құйма немесе қоспадағы металдың массалық үлесін есептеу

2) s-элементтері

s-элементтерінің жалпы сипаттамасы. Натрий, калий және олардың маңызды қосылыстары. Кальций, магний және олардың қосылыстары. Судың кермектігі және оны жою тәсілдері. Қазақстан жер қойнауындағы сілтілік және сілтілік жер металдарының табиғи қосылыстары.

Күтілетін нәтижелер:

s-элементтерінің жалпы қасиеттерін олардың атомдарының құрылымы негізінде түсіндіру;

металдық, тотықсыздану қасиеттерін салыстыру және реакция теңдеулерін құру;

натрий, калий және олардың маңызды қосылыстарын алу тәсілдерін білу;

сумен реакциялардағы натрий, калий және кальцийдің химиялық белсенділігінің айырмашылығын түсіндіру;

натрий және калий қосылыстарының биологиялық рөлін түсіндіру;

кальций, магний және олардың маңызды қосылыстарының негізгі қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;

натрий, калий, кальций иондарына сапалық реакцияларды зерттеу;

кальций және магний қосылыстарының биологиялық рөлін түсіндіру

судың кермектігін және оны жою тәсілдерін түсіндіру;

Қазақстанда таралған сілтілік және сілтілік жер металдарының табиғи қосылыстарын білу;

металдар мен олардың қосылыстарының генетикалық байланысын көрсететін химиялық теңдеулер бойынша



реагент затының немесе өнімнің массасын, мөлшерін есептеу.

3) d-элементтері

Периодтық жүйеде d-элементтердің орналасуы, атомдардың құрылымдық ерекшеліктері. Мыс және оның маңызды қосылыстары. Хром және оның маңызды қосылыстары. Темір және маңызды қосылыстары. №4 практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбына эксперименттік есептер шығару.

Күтілетін нәтижелер:

d-элементтердің атомдарының құрылымы негізінде периодтық жүйеде орнын түсіндіру;  
Қазақстандағы мыс, темір, хром кен орындарын және олардың қосындыларын атау  
Мыстың және оның маңызды қосылыстарының қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру;  
Cu<sup>2+</sup>иондарын тани білу  
хром мен оның қосылыстарының қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру  
өзіне тән физикалық және химиялық қасиеттерін, темір мен оның қосылыстарының өндірілуін сипаттау;  
Fe<sup>2+</sup>, Fe<sup>3+</sup>иондарын айыра білу  
металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу

4) Екі ұдайлы металдар

Мырыш және оның қосылыстары. Алюминий және оның қосылыстары  
№ 2 Практикалық жұмыс. «Катиондарға сапалық реакциялар»

Күтілетін нәтижелер:

мырыш қосылыстарының екі дайлы қасиеттерін зерттеу;  
мырыштың қолданылуын сипаттау  
алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу  
описывать применение атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларынның қолдану аймағын атау  
Li<sup>+</sup>, Na<sup>+</sup>, K<sup>+</sup>, Ca<sup>2+</sup>, Sr<sup>2+</sup>, Ba<sup>2+</sup> металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау 10.1.4.33 Fe<sup>2+</sup>, Fe<sup>3+</sup>, Cu<sup>2+</sup> Al<sup>3+</sup>; Zn<sup>2+</sup> катиондарын анықтау үшін сапалық реакция жүргізу

5) Бейметалдар химиясы

Бейметалдардың жалпы сипаттамасы.14 (IV) топ элементтері. Көміртек және оның қосылыстары. Кремний және оның қосылыстары. Қазақстан силикат өнеркәсібі.15 (V) топ элементтері. Азот. Аммиак, аммоний тұздары. Азот қышқылы және оның тұздары. Фосфор және оның қосылыстары. 16 (VI) топ элементтері. Күкірт және оның қосылыстары. Күкірт қышқылы және оның тұздары.17 (VII) топ элементтері. Галогендер. Хлор. Хлорсутек, тұз қышқылы және хлоридтер. Йод. Йодтың адам өміріндегі биологиялық рөлі. Есептер шығару. №3 практикалық жұмыс «Кейбір аниондарға сапалық реакциялар тақырыбындағы эксперименттік есептерді шешу»

Күтілетін нәтижелер:  
бейметалдар құрылысының ерекшеліктерін білу  
бейметалдардың және олардың қосылыстарының табиғатта таралуы туралы білу;  
кейбір бейметалдар мен олардың қосылыстарының қоршаған ортаға әсерін зерттеу  
көміртектің, кремнийдің және олардың қосылыстарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу;  
улы газбен уланудың қалай болатынын түсіндіру және алғашқы көмек көрсету тәсілдерін сипаттау  
кремнийдің қолданылу саласын және оның жартылай өткізгіш ретіндегі маңызын түсіндіру;  
кремний мен оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау, реакция теңдеулерін құру; 10.2.1.7  
шыны мен цемент өндіру процесін және оларды қолдануды сипаттау  
молекула құрылысы негізінде азоттың төмен химиялық белсенділігін түсіндіру;  
газ тәрізді аммиак пен оның сулы ерітіндісінің алынуы мен химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция  
теңдеулерін құрастыру;  
азот оксидтерінің атмосфераға, нитраттардың топыраққа және су ресурстарына әсерін талдау  
азоттан азот қышқылын алу реакцияларының теңдеулерін құру;  
азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттерін зерттеу;  
сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесу ерекшелігін сипаттау және реакция  
теңдеулерін құрастыру;  
нитраттардың термиялық ыдырауының ерекшеліктерін түсіндіру, теңдеулерін жазу.  
азот және Фосфор қосылыстарының қоршаған ортаға әсерін азайту мәселесін шешу жолдарын ұсыну;  
фосфордың, ортофосфор қышқылының және фосфаттардың физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу;  
қоршаған ортаға азот оксидтерінің, нитраттар мен фосфаттардың әсерін түсіндіру  
16 (VI) топ элементтерінің жалпы сипаттамасын сипаттау;  
реакцияның, күкірттің аллотропты түрленуінің теңдеуін құрастырудың физикалық қасиеттерін салыстыру және  
күкірттің химиялық қасиеттерін көрсету;  
қышқыл жаңбырдың пайда болуына күкірт диоксидінің рөлін және олардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру  
сұйылтылған және концентрацияланған күкірт қышқылының қасиеттерін салыстыру;  
күкірт қышқылының тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу  
топтағы галогендердің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіру;  
тұз қышқылының химиялық қасиеттерін зерттеу және оны қолдану саласын білу  
адам ағзасындағы йодтың биологиялық рөлін білу және Қазақстан аумағында йод тапшылығымен байланысты  
аурулардың пайда болуын түсіндіру, осы проблеманы шешу жолдарын ұсыну  
теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу

хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат-, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат - иондарға сапалы реакцияларды білу аниондарды анықтау бойынша эксперимент жоспарын құру және оны іс жүзінде жүзеге асыру

6) Органикалық химияға кіріспе

Органикалық қосылыстардың құрамы мен құрылысы. Жіктелуі. А.М. Бутлеровтың химиялық құрылыс теориясы. Көміртек атомын будандастыру Гомологиялық қатарлар. IUPAC номенклатурасы. Изомерия түрлері.

Күтілетін нәтижелер:

органикалық химияны көмірсутектер және олардың туындылары химиясы ретінде түсіну;

көмірсутектердің эмпирикалық, молекулалық, құрылымдық және кеңістіктік формулаларын ажырату;

көмірсутектер мен олардың туындыларының жіктелуін білу: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары,

көмірсулар, амин қышқылдары;

қосылыстардың осы класына тән химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде функционалдық топ ұғымын түсіндіру

А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидаларын білу

гомологиялық қатарлардың қалыптасуын және олардың гомологтарының қасиеттерінің ұқсастығын түсіндіру;

қосылыстардың құрылымдық формулаларын құрастыру және оларды IUPAC номенклатурасы бойынша атау

изомерияның түрлерін атау және көміртек қаңқасы, еселі байланыстың орналасуы, функционалдық топтар және класаралық изомерлерінің формулаларын құру

7) Көмірсутектер

Алкандар. Құрылымы, физикалық қасиеттері, алу әдістері. Алкандардың химиялық қасиеттері. Қолданылуы.

Есептер шығару. Алкендер. Құрылымы, изомериясы. Алкендердің физикалық және химиялық қасиеттері. Алу

әдістері және қолданылуы. Алкадиендер. Құрылысы, гомологиялық қатары, изомериясы, алынуы. Алкадиендердің

физикалық және химиялық қасиеттері. Каучук. Алкиндер. Изомерияның құрылысы, гомологиялық қатары,

қасиеттері, алынуы және қолданылуы. Ароматты көмірсутектер. Бензол гомологтары. Көмірсутектер кластары

арасындағы генетикалық байланыс.

Күтілетін нәтижелер:

алкандардың молекула құрылысын, алу әдістерін білу

алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оларды реакция теңдеулерімен растау;

алкандарды галогендеу мысалында алмастыру реакциясының еркін-радикалды механизмін түсіндіру;

алкандардың жану өнімдерін және қоршаған орта үшін экологиялық салдарын бағалау

элементтердің массалық үлестері және олардың буларының салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық

заттардың қарапайым және молекулалық формулаларын шығару;

жану өнімдері мен гомологиялық қатарлар бойынша заттың молекулалық формуласын анықтау

«Қанықпау» терминін және қанықпаудың қосылыстың қасиеттеріне әсерін түсіндіру;  
 цис және транс-изомерлер молекулаларын ажырату және оны стереоизомерияның бір түрі ретінде түсіну  
 қосу реакцияларының теңдеулерін құру: галогендеу, гидрогалогендеу, гидрогенизация, гидратация; алкендердің тотығуы, полимеризация  
 полимерлеу реакцияларының мәнін түсіндіру;  
 полиалкендерді қолдану саласын атау және оларды қайта өңдеу өнімдерінің маңыздылығын бағалау  
 алкадиендердің қасиеттерін олардың құрылысы негізінде түсіндіру;  
 изомерлер формулаларын құрастыру  
 алкадиендердің қасиеттерін білу;  
 каучук пен резеңке алуды зерттеу  
 алкиндердің құрылымдық формулаларын құрастыру  
 этиннің мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін зерттеу (жану, гидрогенизация, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялардың теңдеулерімен растау  
 бензол молекуласының құрылымын түсіндіру;  
 бензол молекуласындағы байланыс түзілу энергиясын электрондардың делокализациясы позициясынан түсіндіру;  
 бензолды және оның гомологтарын алу реакцияларын құрастыру  
 бензол мен оның гомологтарына тән қосу реакцияларын құрастыру;  
 толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерін түсіндіру  
 әр түрлі көмірсутектер арасындағы генетикалық байланысты растайтын өзгерістер схемасын жасау

8) Көмірсутектердің табиғи көздері  
 Табиғи газ. Көмір. Мұнай, құрамы, өңдеу әдістері және мұнай өнімдері. Көмірсутек шикізатын өндіруге және тасымалдауға байланысты экологиялық проблемалар.  
 Күтілетін нәтижелер:  
 құрамында көміртегі бар қосылыстар отын ретінде пайдаланылатынын білу және отынның баламалы түрлерін зерттеу және олардың кемшіліктері мен артықшылықтарын белгілеу;  
 Қазақстандағы көмір, мұнай және табиғи газ кен орындарын атау  
 мұнайды фракциялау процесін және фракцияларды қолдану саласын түсіндіру;  
 каталитикалық және термиялық крекинг процестерін түсіндіру  
 көмірсутек шикізатын өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру

9) Көмірсутектердің галоген туындылары  
 Көмірсутектердің галоген туындыларын алу. Галоген туындыларының химиялық қасиеттері  
 Күтілетін нәтижелер:

	<p>галоген туындылар алу реакцияларының радикалды механизмін түсіндіру; галоген туындыларының әсеріне байланысты қоршаған ортаның проблемаларын анықтау галогеноалкандардың орынбасу реакцияларының теңдеулерін құрастыру</p> <p>10) Оттекті және азотты органикалық қосылыстар</p> <p>Оттекті органикалық заттар. Спирттер: жіктелуі, изомериясы. Біратомдық спирттердің қасиеттері. Көпатомды спирттер. Альдегидтер. Карбон қышқылдары. Күрделі эфирлер мен майлар. Сабын мен синтетикалық жуғыш заттар. Көмірсулар. Амин қышқылдары. Нәруыздар. Органикалық қосылыстар кластары арасындағы генетикалық байланыс</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>оттекті органикалық заттардың жіктелуін білу; спирттердің жіктелуін, метанол мен этанолдың қолданылуын білу этанолдың алынуын білу және қасиеттерін түсіндіру; метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын білу; көпатомды және біратомдық спирттерге сапалы реакциялар жүргізу альдегидтердің құрамын білу, химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау</p> <p>күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу; синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру нәруыздағы <math>\alpha</math>- аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу; нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру; органикалық қосылыстар арасындағы генетикалық байланысты растайтын өзгерістер схемасын жасау</p>
--	---

### Қорытынды

«Химия» пәні бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

білім алушылар білуі тиіс:

химия символикасы, маңызды жаратылыстану-ғылыми ұғымдар, заңдар, химия теориялары; қарапайым және күрделі заттарды танудың

эксперименттік әдістері; химиядағы стехиометрия және сандық қатынастар туралы түсінік; химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрамы мен құрылымы; қарапайым заттардың, екілік қосылыстардың, оксидтердің, қышқылдардың, негіздердің, тұздардың және органикалық қосылыстардың жіктелуі, номенклатурасы, құрамы, қасиеттері, алынуы және қолданылуы; табиғаттағы заттардың табылуы мен айналымы және олардың биосферадағы экологиялық рөлі; микро-және макроэлементтердің биологиялық рөлдері; бейорганикалық заттар кластары арасындағы генетикалық байланыстар; органикалық қосылыстар кластарының өзара байланысы; химиялық реакциялар ағымының жіктелуі мен заңдылықтары және олардың табиғаттағы, өндірістегі және адам өміріндегі рөлі; зертханада және өнеркәсіпте адам өміріне қажетті заттар мен материалдарды алу тәсілдері;

аса маңызды заттар мен олардың туындыларын қолдану салалары; ауаны, су ресурстарын қорғауда, табиғи суды ластанудан тазартуда экологиялық проблемалар мен оларды шешу жолдары; аса маңызды заттар мен материалдардың органикалық синтезі; А. М. Бутлеровтың Органикалық заттардың химиялық құрылымы теориясының негізгі ережелері, изомерия және гомология туралы ұғымдар, көміртек атомдары арасындағы қарапайым және бірнеше байланыстар, көмірсутек радикалы, органикалық қосылыстардың маңызды функционалды топтары, заттардың органикалық қосылыстардың әртүрлі кластарына жататындығы; зерттелген көмірсутектердің химиялық құрылымы, қасиеттері, табиғатта болуы және практикалық маңызы, олардың оттегі және азот бар туындылары;

органикалық заттар реакцияларының негізгі түрлері: алмастыру, қосу, изомерлеу, гидрогенизация, гидратация, этерификация; ұғымдар: мономер, полимер, құрылымдық буын, полимеризация дәрежесі, полимерлердің сызықтық және кеңістіктік құрылымы; істей алу керек: химиялық эксперименттерді орындау кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау; заттардың қасиеттерін болжау, зертханада қарапайым және күрделі заттарды алу, заттарды индикатор және сапалы реакциялар көмегімен тану; табиғаттың химиялық объектілерін сипаттау, бақылау және практикалық зерттеу негізінде заттардың қасиеттерін сипаттау; күнделікті өмірде заттармен жұмыс істеу бойынша алынған білім мен дағдылар; Д. И. Менделеевтің химиялық элементтерінің периодтық жүйесінің негізгі заңдылықтарын атомдардың құрылысы туралы білім негізінде түсіндіру; А. М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылысы теориясының негізгі ережелері;

логикалық, танымдық, сандық және сапалық есептеу есептерін шешу; зерттелген Бейорганикалық және органикалық заттардың қасиеттерін, олардың генетикалық байланысын, алудың маңызды тәсілдерін растайтын химиялық реакциялар теңдеулерін құру; заттардың қасиеттерін олардың химиялық құрылымы негізінде түсіндіру; зерттелетін Органикалық заттардың құрылымдық формулаларын құру және оларды халықаралық және тривиалды номенклатура бойынша атау; Органикалық заттардың алуан түрлілігінің себептерін, органикалық және бейорганикалық қосылыстардың өзара байланысын, заттардың құрамы, құрылымы, қасиеттері мен практикалық қолданылуы арасындағы себептік байланысты түсіндіру; органикалық заттармен қарапайым тәжірибелер жүргізу, қосылыстар мен Полимерлік материалдарды белгілі белгілері бойынша тану; Органикалық заттардың қатысуымен химиялық формулалар мен теңдеулер бойынша есептеулер жүргізу;

Қоршаған ортаның химиялық ластануының адам ағзасына және басқа тірі организмдерге әсерін бағалау; әртүрлі дереккөздерді (ғылыми-танымал басылымдар, компьютерлік деректер базасы, интернет желісінің ресурстары) пайдалана отырып, химиялық ақпаратты өз бетінше іздеуді жүргізу; заттардың құрамын, қасиеттерін, класын анықтау; химиялық байланыс; химиялық реакциялардың типтері; заттардың формулаларын жасау; металдардың, бейметалдардың және олардың қосылыстарының қасиеттерін сипаттайтын химиялық теңдеулер;

металдар мен бейметалдардың генетикалық қатарлары; атомдардың құрылымын және металдардың, бейметалдардың және олардың қосылыстарының қасиеттерін химиялық элементтердің периодтық жүйесіндегі орны бойынша түсіндіру; атомдардың құрылысы туралы білім негізінде қышқыл-негізгі және тотығу-тотықсыздану қасиеттерінің өзгеру мерзімділігі;

Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтай отырып демонстрациялар, зертханалық тәжірибелер, практикалық жұмыстар жүргізу, химиялық жабдықтармен жұмыс істеу, газдарды алу, жинау және тану; Бейорганикалық заттарға сапалы реакциялар; катиондарды ( $\text{Na}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Al}^{3+}$ ,  $\text{Fe}^{3+}$ ) и аниондарды ( $\text{SO}_4^{2-}$ ,  $\text{S}^{2-}$ ,  $\text{CO}_3^{2-}$ ,  $\text{CL}^-$ ) тану; химиялық формулалар бойынша есептеу; химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша реакцияға қатысатын заттардың біреуінің белгілі мөлшері, массасы немесе көлемі бойынша заттың массасын немесе газ көлемін; химиялық реакцияның жылу әсерін; бастапқы заттар туралы белгілі деректер бойынша заттың массасын, көлемін (газын) немесе мөлшерін; реакция өнімі шығымының теориялық мүмкін болатын массалық немесе көлемдік үлесі бойынша, қоспаның құрамындағы заттың массалық үлесі бойынша; заттың молекулалық формуласын табу; әртүрлі ақпараты бар және әртүрлі нысандағы мәтіндерді;

қолдану: практикада-бағдарланған интеграцияланған білім, оқудағы іскерліктер мен дағдылар; заттарды, табиғи құбылыстарды, айналымды тану және табиғатта заттарды табу әдістері, өмірде практикалық қолданылатын заттардың құрылымы, құрамы мен қасиеттері; функционалдық әмбебап қабілеттер, оқу және өмірлік проблемаларды шешу үшін ойлау және шығармашылық дербестік; бейіннің өзін-өзі анықтау және таңдау үшін білім жүйесі, рефлексивті іскерліктер, өз қызметін талдау дағдылары; өзінің әлеуетті резервтерін және әртүрлі бейіндер бойынша білім алуды жалғастыру қабілеттерін объективті бағалау; коммуникативтік-ақпараттық цифрлық білім беру ресурстары, химиялық және экологиялық мазмұндағы презентациялар, бейнероликтер жасаудағы компьютерлік бағдарламалар.

### «Қазақ тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламаларының салыстырмалы кестесі

Қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламасы (11 жылдық)	Үлгілік оқу бағдарламасы (12 жылдық)
<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «26» шілдедегі № 334 бұйрығына 10-қосымша</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің</p>	<b>ЖОБА</b>

2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 206-қосымша

**Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған  
«Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік  
оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелді).

2. Тарихи сана – тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну, әлеуметтік болжау, өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну. Оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына көмектеседі.

3. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұны әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді.

4. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық

**Негізгі орта білім беру деңгейінің  
6-10-сыныптарына арналған «Қазақ тарихы» пәнінен  
12 жылдық білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_» қазандағы №\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № \_\_\_\_\_ болып тіркелді).

2. «Қазақ тарихы» оқу пәнінің мазмұны әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді.

3. «Қазақ тарихы» оқу пәнінің мақсаты – ұлттық құндылықтар арқылы білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

**4. Оқу пәнінің міндеттері:**



<p>құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.</p> <p>5. Оқу пәнінің міндеттері:</p> <p>1) Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;</p> <p>2) Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;</p> <p>3) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру;</p> <p>4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;</p> <p>5) тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;</p> <p>6) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);</p> <p>7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>8) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану.</p>	<p>1) қазақ елінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы базалық білім беру;</p> <p>2) қазақ елінің тарихи даму негізінде мәдениет пен мемлекеттілік дәстүр сабақтастығы, түркілер өркениеті тарихының дүниетанымдық, әлеуметтік, мәдени, саяси үлгілері туралы түсінік қалыптастыру;</p> <p>Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;</p> <p>3) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру;</p> <p>- ұлттық кодты, тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру мен сақтау, ұлттық мұра мен салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;</p> <p>4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;</p> <p>5) тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;</p> <p>6) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);</p> <p>7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>8) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс</p>
--	--

	<p>істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану.</p> <p>5. Бағдарламада білім мазмұнының тұғырнамасы ретінде төмендегі құндылықтар қарастырылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- рухани-мәдени құндылықтар (отбасы, ұлтжандылық, тіл, білім, дәстүр, намыс, ар-ождан, рух, еңбекқорлық, талап, жасампаздық, тарих, діл, ғылым, мәдениет, рухани-мәдени мұра);</li> <li>- ел-жер байлығы (атамекен, туған жер, шаңырақ, тарихи ескерткіштер, табиғат, табиғи байлықтар, өндіріс, отбасы әл-ауқаты) құндылықтары</li> <li>- адамгершілік құндылықтар (ізгілік, мейірім, достық, махаббат, сүйіспеншілік, бауырмалдық, қамқорлық, жауапкершілік, ізет, ынсап, қанағат, рақым, парыз, сенім)</li> <li>- эстетикалық құндылықтар (байқампаздық, сезімталдық, талғам, өнер, әдебиет, мәдениет туындылары)</li> <li>- Қазақстандық патриотизм (Отан, тәуелсіздік, елжандылық, заң, құқық, міндет, еркіндік, борыш, намыс, бостандық, толеранттық)</li> <li>- саламаттық құндылықтар (өмір, денсаулық, уақыт, дене мәдениеті, психикалық саулық, ерік-жігер, төзім, икемділік).</li> </ul>
<p>2-тарау. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру</p> <p>6. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) 5-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;</li> <li>2) 6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;</li> <li>3) 7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;</li> <li>4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;</li> </ol>	<p><b>2-тарау. «Қазақ тарихы» оқу пәнін ұйымдастыру</b></p> <p>6. «Қазақ тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1)6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;</li> <li>2)7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;</li> <li>3)8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;</li> <li>4)9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;</li> </ol>

<p>5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;</p> <p>6) 9-сынып (өтпелі кезең) – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.</p> <p>Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелді).</p> <p>7. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.</p> <p>8. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) әлеуметтік қатынастардың дамуы;</li> <li>2) мәдениеттің дамуы;</li> <li>3) мемлекеттің дамуы;</li> <li>4) Қазақстанның экономикалық дамуы.</li> </ol> <p>9. «Әлеуметтік қатынастардың дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) этникалық қатынастар;</li> <li>2) әлеуметтік қатынастар.</li> </ol> <p>10. «Мәдениеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дүниетаным мен дін;</li> <li>2) өнер мен әдебиет;</li> <li>3) білім және ғылым.</li> </ol> <p>11. «Мемлекеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) мемлекеттің ішкі саясаты;</li> <li>2) мемлекеттің сыртқы саясаты.</li> </ol> <p>12. «Қазақстанның экономикалық дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) шаруашылық;</li> </ol>	<p>5)10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;</p> <p>Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелді).</p> <p>7. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>8. «Қазақ тарихы» оқу пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өзгеріс пен сабақтастық;</li> <li>2) себеп пен салдар;</li> <li>3) дәлел;</li> <li>4) ұқсастық пен айырмашылық;</li> <li>5) маңыздылық;</li> <li>6) интерпретация.</li> </ol> <p>9. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:</p> <p>1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін</p>
--	---

<p>2) өндірістік қатынастар және сауда.</p> <p>13. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.</p> <p>14. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>15. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өзгеріс пен сабақтастық;</li> <li>2) себеп пен салдар;</li> <li>3) дәлел;</li> <li>4) ұқсастық пен айырмашылық;</li> <li>5) маңыздылық;</li> <li>6) интерпретация.</li> </ol> <p>16. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;</li> <li>2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;</li> </ol>	<p>(критерийлер) түсіндіреді;</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;</li> <li>3) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;</li> <li>4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады.</li> <li>5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;</li> <li>6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.</li> </ol> <p>10. Негізгі орта білім беруде меңгерілетін білім салалары бойынша төмендегідей метапәндік құзыреттіліктер қалыптасады:</p> <p><i>Ғылыми-танымдық құзыреттілік:</i></p>
--	---

	Ежелгі Қазақстанға саяхат	5.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау; 5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау; 5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру
Өлкетану	Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер	5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің рөлін сипаттау
Қайталау		

2) 6- сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
VI - IX ғасырлардағы Қазақстан	Кіріспе сабақ	Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына жалпы шолу
	Зерттеу сұрағы: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы нені оқытады?	
	Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер	6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтау;
	Зерттеу сұрағы: VI-IX ғасырларда билік құрған қай қағандардың есімдері тарихта	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын

	сақталды?	анықтау; 6.3.2.2 ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттау үшін «Ұлы Дала» ұғымын қолдану	
	Көне түркі жазуы Зерттеу сұрағы: Білге қаған мен Күлтегіннің мемлекетті нығайтудағы саясаты бізге қандай деректерден белгілі?	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.3.1 көне түркі жазуының маңызын түсіндіру	
	Атлах шайқасы Зерттеу сұрағы: Неліктен Атлах шайқасын «халықтар шайқасы» деп атайды?	6.3.2.3 Атлах шайқасының тарихи маңызын талдау; 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау	
	Оғыз мемлекеті Зерттеу сұрағы: Қазақстанның орта ғасырлар тарихында Оғыз мемлекетінің алатын орны қандай?	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау	
	Қимақ қағанаты Зерттеу сұрағы: Қимақтарда қалалық мәдениетінің дамуын қандай деректер дәлелдейді?	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарды анықтау	
	Түріктер туралы тарихи деректер Зерттеу сұрағы: Қытай және	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау;	

	араб деректері түркілер туралы қандай ақпарат береді?	6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру	
	Түркі әлемі қалыптасуының басталуы  Зерттеу сұрағы: Түрік тілдес халықтардың миграциясы Еуразия тарихына қаншалықты әсерін тигізді?	6.3.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциясын түсіндіру; 6.1.1.1 түркі тілдес тайпаларды атап, картадан олардың аумақтық орналасуын көрсету	
Өлкетану	Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы).	6.2.2.6 жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау атауларының шығу тарихын түсіндіру	
2- тоқсан			
X ғасыр – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан	X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы саяси процестер  Зерттеу сұрағы: X ғасыр - XIII ғасырдың басында саяси карта қаншалықты өзгерді?	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау	
	Қарахан мемлекеті  Зерттеу сұрағы: Неліктен Қарахан мемлекеті ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады?	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын анықтау; 6.3.1.4 тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру	
	Наймандар, керейіттер және жалайырлар	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын	

	<p>Зерттеу сұрағы: Наймандар, керейіттер мен жалайырлардың ортағасырларлық саяси сахнадағы рөлі қандай болды?</p>	<p>анықтау</p>	
	<p>Қыпшақ хандығы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Не себепті Еуразия даласы «Дешті Қыпшақ» деп аталды?</p>	<p>6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;</p> <p>6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау;</p> <p>6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау;</p> <p>6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала» ұғымын қолдану</p>	
	<p>Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі</p> <p>Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы халықаралық байланыстардың дамуына ықпал етті ме?</p>	<p>6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау</p>	
	<p>Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы ортағасырлық Қазақстанның экономикалық</p>	<p>6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау;</p> <p>6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау;</p> <p>6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру</p>	

	және мәдени дамуына қалай әсер етті?		
	Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті  Зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты?	6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 6.2.3.2 Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау; 6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М. Қашғари, Ж. Баласағұн және А. Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру; 6.2.3.3 «Кодекс Куманикус» сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтау	
Өлкетану	Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері	6.2.2.7 өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді айқындау	
Қайталау			
3- тоқсан			
XIII - XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан	Моңғол империясының құрылуы  Зерттеу сұрағы: Моңғолдар мемлекеттілік деңгейге қалай жетті?	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.3.1.6 картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру	
	Қазақстандағы моңғол шапқыншылығы  Зерттеу сұрағы: Неліктен Шыңғыс хан әскерлері Отырарды алты ай бойы ала алмады?	6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру; 6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау	

<p>Моңғол шапқыншылықтарының салдары</p> <p>Зерттеу сұрағы: Орталық Азияға ең үлкен өзгерісті әкелген кімдер: қыпшақтар ма, әлде моңғолдар ма?</p>	<p>6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау;</p> <p>6.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін анықтау</p>	
<p>Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Моңғол ұлыстарының құрылуы нәтижесінде саяси картада қандай өзгерістер болды?</p>	<p>6.3.1.6 картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру;</p> <p>6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау;</p> <p>6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау</p>	
<p>Ақ Орда</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы Ақ Орданың рөлі қандай болды?</p>	<p>6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру;</p> <p>6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау;</p> <p>6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру</p>	
<p>Моғолстан. Әбілқайыр хандығы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Моғолстан мен Әбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар</p>	<p>6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру;</p> <p>6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау;</p>	

	қандай саяси өзгерістерге әкелді?	6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру
	XIII - XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті  Зерттеу сұрағы: XIII - XV ғасырлардағы өнер мен әдебиет ортағасырлық қоғамды қалай бейнелейді?	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау
	Ортағасырлық саяхатшылардың Қазақстан туралы мәліметтері  Зерттеу сұрағы: Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстанды қалай сипаттады?	6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау; 6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау
Қазақ халқының қалыптасуы	Қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы  Зерттеу сұрағы: Ұлы Дала мұрагері – қазақ халқы қалай қалыптасты?	6.1.1.3 ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерді анықтау; 6.1.1.4 «қазақ» этнонимінің мағынасын түсіндіру
Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы	Қазақ хандығының құрылуы  Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақ хандығы Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет деп саналады?	6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.2.3.4 М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің маңыздылығын түсіндіру; 6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің



		сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала» ұғымын қолдану	
Өлкетану	Бір халық – бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)	6.1.2.2 өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын,салт-дәстүрін сипаттау	
4- тоқсан			
Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы	Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының күшеюі  Зерттеу сұрағы: Не себепті Қадырғали Жалайыр: «Жәнібек ханның ұлдарының арасында аса белгілі болғаны Қасым хан еді...» деп жазды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау	
	Хақназар хан кезіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты  Зерттеу сұрағы: Неліктен Хақназар хан билеген кезеңді Қазақ хандығының «қайта жаңғыруы» деп атайды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау	
	Тәуекел хан тұсындағы Қазақ хандығының оңтүстік шекараларының нығаюы  Зерттеу сұрағы: Тәуекел хан қазақ жерлерін біріктіру мақсатында қандай саясат ұстанды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау	
	Есім хан билігі кезіндегі Қазақ хандығы бірлігінің нығаюы	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;	

	<p>Зерттеу сұрағы: Есім хан Қазақ хандығының біртұтастығын қалай сақтап қалды?</p>	6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау	
	<p>Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Орбұлақ шайқасының әлемдік әскери өнер тарихындағы алатын орны қандай?</p>	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау; 6.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау	
	<p>Тәуке хан тұсындағы қазақтардың қоғамдық-құқықтық жүйесі</p> <p>Зерттеу сұрағы: Неліктен А. Левшин Тәуке ханды «Дала Ликургі» деп атады?</p>	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау	
	<p>Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Әлеуметтік топтар қазақ қоғамында қандай рөл атқарды?</p>	6.1.2.1 Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау; 6.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау	
XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет	<p>XVI-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениеті</p> <p>Зерттеу сұрағы: XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениетінде халық өмірі қалай көрініс табады?</p>	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау	

	XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың материалдық мәдениеті  Зерттеу сұрағы: Неліктен киіз үй көшпелілердің материалдық мәдениетінің ең жоғарғы үлгісі деп саналады?	6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін сипаттау
	Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы  Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшелігі неде?	6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау
Өлкетану	Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері	6.3.1.12 туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін сипаттау
Қайталау		

3) 7-сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
Қазақ-жоңғар соғыстары	Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы  Зерттеу сұрағы: Не себепті «Елім-ай» бүкілхалықтық әнге айналды?	7.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру; 7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

		7.4.1.1 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау	
	Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы  Зерттеу сұрағы: Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру	
	Қазақ-жоңғар шайқастары  Зерттеу сұрағы: Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жоңғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады?	7.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру	
XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы	XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы  Зерттеу сұрағы: Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың «кілті мен қақпасы» деп санады?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау	
	Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталауы  Зерттеу сұрағы: Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдары қандай	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау	

	болды?		
	Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты Зерттеу сұрағы: Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.3 Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау	
Өлкетану	Туристік маршруттар	7.2.3.5 туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну	
2-тоқсан			
XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті	XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті  Зерттеу сұрағы: XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?	7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау	
	XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?	7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау	
Отарлау және ұлт-азаттық күрес	XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы  Зерттеу сұрағы: Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау	
	Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының	

	<p>Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы Кіші жүз қазақтарының құқықтарын қорғауды көздеді?</p>	рөліне баға беру
	<p>1822-1824 жылдардағы патша реформалары</p> <p>Зерттеу сұрағы: Неліктен ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?</p>	<p>7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру;</p> <p>7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау</p>
	<p>1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі</p> <p>Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?</p>	<p>7.3.1.5 қазақ халықының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;</p> <p>7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>
	<p>Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс</p> <p>Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?</p>	<p>7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;</p> <p>7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>
Өлкетану	Жомарт жүрек	7.4.1.3 өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру
Қайталау		
3-тоқсан		

Отарлау және ұлт-азаттық күрес	<p>XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары</p> <p>Зерттеу сұрағы: Неліктен Орта Азия хандықтарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарына экспансиясы күшейді?</p>	<p>7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;</p> <p>7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>	
	<p>Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?</p>	<p>7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;</p> <p>7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау</p>	
Қазақстан Ресей империясының құрамында	<p>XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар</p> <p>Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты?</p>	<p>7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау;</p> <p>7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру;</p> <p>7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау</p>	
	<p>Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі</p> <p>Зерттеу сұрағы: XIX ғасырдың</p>	<p>7.3.1.5 қазақ халықының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау</p>	

	жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді?		
	Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты  Зерттеу сұрағы: Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті?	7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау; 7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау	
Қазақстан Ресей империясының құрамында	Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы  Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?	7.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау	
	Жәрмеңке саудасының дамуы  Зерттеу сұрағы: Қазақстанда неліктен жәрмеңке саудасы дамыды?	7.4.2.2 сауда қатынастарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерістерін анықтау	
	XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы  Зерттеу сұрағы: «Зар заман» өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?	7.2.1.2 ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау; 7.1.2.2 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру	
Өлкетану	Туған өлкенің шежіресі	7.4.1.4 өлке дамуының маңызды кезеңдерін	



		анықтау; 7.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру		
4- тоқсан				
XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті	XIX ғасырдағы мәдениеттің дамуы Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?	7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау; 7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау		
	XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі Зерттеу сұрағы: XIX ғасырда Қазақстанда оқу-ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды?	7.2.3.2 XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру		
	Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы Зерттеу сұрағы: Неге С. Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын «Аққан жұлдыз» деп атады?	7.2.3.1 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау		
	Ы. Алтынсарин – жаңашыл – педагог Зерттеу сұрағы: Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту	7.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау		

	саласындағы жаңашылдығы неден байқалады?		
	Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын «Хәкім Абай» деп атады?	7.2.2.2 Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру	
	XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы Зерттеу сұрағы: Ш. Құдайбердіұлы, М. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы неде?	7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау	
Өлкетану	Менің мектебімнің тарихы	7.2.2.6 түрлі дереккөздер негізінде өз мектебінің тарихын анықтау	
Қайталау			

4) 8- сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
XX ғасырдың басындағы Қазақстан	Қазақстанның XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы Зерттеу сұрағы: Не себепті А. Байтұрсынов: «Қазақ ұлтының	8.3.1.1 қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру; 8.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру

	өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», - деп санады?		
	Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс  Зерттеу сұрағы: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс неліктен бүкілхалықтық сипат алды?	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру; 8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру	
	1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері  Зерттеу сұрағы: Қазақстанда 1917 жылы саяси белсенділіктің артуы қандай оқиғалардан көрініс тапты?	8.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру	
	«Алаш» қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы  Зерттеу сұрағы: Неліктен «Алаш» партиясы халық қолдауына ие болды?	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; 8.3.1.4 «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы саясатын талдау; 8.2.3.1 ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беру	
	XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері  Зерттеу сұрағы: Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; 8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; 8.3.1.5 Әлихан Бөкейханның саяси	

	қалайша қорғады?	көшбасшылық қызметіне баға беру
2- тоқсан		
Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы	Қазақстан азаматтық қарсыластық жылдарында (1917-1920 жылдар)  Зерттеу сұрағы: Қазан революциясының ұрандары халық арасында қандай үміт тудырды?	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру
	Қазақстандағы ұлттық автономиялар  Зерттеу сұрағы: Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының идеялары неліктен жүзеге аспады?	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
	Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы  Зерттеу сұрағы: Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде?	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
	Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу  Зерттеу сұрағы: Қазақстан	8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау

	үшін жаңа экономикалық саясаттың артықшылықтары қандай болды?			
Қайталау				
3-тоқсан				
Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде	Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру  Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы индустрияландыру саясатының қарама-қайшылығы неде?	8.4.2.1 Қазақстандағы индустриялан дырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау		
	Қазақстандағы ұжымдастыру  Зерттеу сұрағы: Неліктен ұжымдастыру саясаты «ұлы нәубетке»әкеліп соқтырды?	8.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардап тарын талдау; 8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау; 8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау		
	1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар  Зерттеу сұрағы: Сталиндік режим не себепті зиялыларға «халық жауы» деген айып тақты?	8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау		
Кеңестік Қазақстанның	Ахмет Байтұрсынов – «ұлт ұстазы»	8.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде		

мәдениеті: білім мен ғылым	Зерттеу сұрағы: Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми мұрасы қандай?	бағалау	
	XX ғ. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым  Зерттеу сұрағы: Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?	8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау; 8.2.3.3 XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау	
	Қ.Сатбаев – жан-жақты ғалым  Зерттеу сұрағы: Қаныш Сәтбаевтың феномені неде?	8.2.3.4 Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру	
4- тоқсан			
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: әдебиет пен өнер	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы  Зерттеу сұрағы: Қазақ әдебиетінде социалистік реализм қалай көрініс тапты?	8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру	
	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ өнерінің дамуы  Зерттеу сұрағы: Қазақ өнерінің жаңа белеске	8.2.2.4 Әміре Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру; 8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру;	

	көтерілуі неден байқалды?	8.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау	
Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында	Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы  Зерттеу сұрағы: Ұлы Отан соғысының қандай батырлары халық есінде сақталды?	8.3.2.1 қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау; 8.3.2.2 Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау	
	Қазақстан – майдан арсеналы  Зерттеу сұрағы: «Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін!» ұраны қалай жүзеге асты?	8.4.2.2 Қазақстан экономикасының соғыс жағдайларына бейімделгендігін дәлелдеу; 8.1.2.2 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау	
	Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақ КСР мәдениеті  Зерттеу сұрағы: Соғыс жылдарындағы Қазақстанның мәдени жетістіктері қандай болды?	8.2.2.5 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау	
	Қазақстанға КСРО халықтарының депортациясы  Зерттеу сұрағы: Қазақстан қалайша депортацияланған халықтардың өлкесіне айналды?	8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау	

Қайталау

5) 9- сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)	Соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы  Зерттеу сұрағы: Соғыстан кейінқазақстандықтардың өмірі қалай өзгерді?	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру; 9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау
	Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені  Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау
	Сталиндік идеологияның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге әсері  Зерттеу сұрағы: Неліктен тарихшы Ермұхан Бекмаханов 25 жылға бас бостандығынан айырылды?	9.2.3.1 Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау; 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954-	«Жылымық» кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау



1964 жылдар)	Зерттеу сұрағы: «Жылымық кезеңі» қоғамға қандай өзгеріс әкелді?	
	Тың игеру жылдарындағы Қазақстан  Зерттеу сұрағы: Тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қалай әсер етті?	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
	Қазақ КСР экономикасы- ның шикізатқа бағытталуы  Зерттеу сұрағы: Қазақстанның табиғи ресурстарын игеруде ұлттық мүдде қаншалықты ескерілді?	9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау; 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
2-тоқсан		
Қазақстан «тоқырау» кезеңінде (1965-1985 жылдар)	1965-1985 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы  Зерттеу сұрағы: Не себепті 1965-1985 жылдар «тоқырау» кезеңі деп аталды?	9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
	XX ғ. 60-80 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы қарама-қайшылықтар  Зерттеу сұрағы: XX	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау; 9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру

	<p>ғасырдың екінші жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды?</p> <p>«Тоқырау» жылдарындағы демографиялық процестер</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы урбандалу процесіне қандай факторлар әсер етті?</p>	<p>9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау;</p> <p>9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру</p>	
<p>Кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985 жылдар)</p>	<p>XX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Кеңестік білім беру саласындағы реформалар қандай мақсат көздеді?</p>	<p>9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру</p>	
	<p>XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы қазақстандық ғалымдардың ғылымды дамытудағы жетістіктері</p> <p>Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың екінші жартысында ғылымның қай салалары көбірек дамыды?</p>	<p>9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру</p>	
	<p>XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Кеңестік</p>	<p>9.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау;</p> <p>9.2.2.2 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау</p>	

	идеология қазақ мәдениетінің дамуына қалай әсер етті?		
Қайталау			
3-тоқсан			
Қазақстан қайта құру кезеңінде (1986-1991 жылдар)	Қазақстан «Қайта құрудың» бастапқы кезеңінде Зерттеу сұрағы: КСРО-ның ыдырауы: заңдылық па әлде кездейсоқтық па?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды талдау	
	Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының сипаты қандай болды?	9.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру; 9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау	
	«Қайта құру» жылдарындағы Қазақстандағы демократиялық процестер Зерттеу сұрағы: Демократиялық процестер қоғамдық сананы қалай өзгертті?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау	
Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1996 жылдар)	Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы Зерттеу сұрағы: «Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңының тарихи маңызы	9.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау; 9.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын түсіндіру	

		қандай?		
		<p>Н.Ә. Назарбаев - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті</p> <p>Зерттеу сұрағы: Саяси көшбасшының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөлі қандай болды?</p>	<p>9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н. Назарбаевтың рөліне баға беру</p>	
		<p>Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар</p> <p>Зерттеу сұрағы: 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңызы неде?</p>	<p>9.3.1.8 Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық – саяси дамуын талдау;</p> <p>9.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау;</p> <p>9.3.1.3 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі ретінде бағалау</p>	
		<p>Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі қалай жүзеге асты?</p>	<p>9.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға беру;</p> <p>9.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау</p>	

	<p>Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Неліктен нарықтық экономикаға көшу барысында қиыншылықтар орын алды?</p>	<p>9.4.1.3 Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесінің экономикаға ықпалын талдау;</p> <p>9.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау;</p> <p>9.4.2.3 Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін талдау</p>	
	<p>Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық процестер</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестердің ерекшеліктері неде?</p>	<p>9.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау;</p> <p>9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру;</p> <p>9.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау;</p> <p>9.3.2.4 қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын айқындау</p>	
4-тоқсан			
Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)	<p>Қазақстан - 2030» Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең</p> <p>Зерттеу сұрағы: «Қазақстан - 2030» Стратегиясын қабылдау қажеттілігі неден туындады?</p>	<p>9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау;</p> <p>9.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау</p>	
	<p>Қазақстанның 1997 жылдан бастап экономикалық дамуы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақстан</p>	<p>9.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау;</p> <p>9.4.1.4 аграрлық секторды модернизациялау бағыттарын талдау;</p>	

	<p>Республикасының ХХІ ғасырдағы экономикалық дамуының негізгі бағыттары қандай?</p>	<p>9.4.2.4 сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу</p>	
	<p>Қазақстанның 1997 жылдан бастап әлеуметтік дамуы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы қалай өзгерді?</p>	<p>9.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау</p>	
	<p>Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақстанның жаңа әлемдегі орны қандай?</p>	<p>9.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау;</p> <p>9.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға беру</p>	
	<p>Астана – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы</p> <p>Зерттеу сұрағы: Астананы көшіру неліктен ұтымды стратегиялық шешім болып табылды?</p>	<p>9.3.1.11 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау</p>	
	<p>«Қазақстан – 2050» стратегиялары</p> <p>Зерттеу сұрағы: «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қандай жаңа саяси бағытты белгіледі?</p>	<p>9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау</p>	
	<p><b>Қазіргі кездегі Қазақстанның дамуындағы басым бағыттары</b></p>	<p>9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау</p>	

		<b>Зерттеу сұрағы: «5 институционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам» ұлт жоспары неліктен қабылданды?</b>	
Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін)	Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның дамуы	Зерттеу сұрағы: Жаһандану жағдайындағы қазақстандық білім мен ғылымның даму тенденциялары қандай?	9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру
	Тәуелсіз Қазақстан мәдениетінің дамуы	Зерттеу сұрағы: Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті дамыту мен сақтау жолдары қандай?	9.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау; 9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы)
	Діннің қазіргі Қазақстан қоғамындағы рөлі	Зерттеу сұрағы: Қазақстан қоғамында зайырлы мемлекет және діни сенім бостандығы ұстанымдары қалай үйлесім табууда?	9.2.1.1 дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдау; 9.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау

<p>«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы</p> <p>Зерттеу сұрағы: «Мәңгілік Ел»: идеясының біріктірушілік рөлі неде?</p>	<p>Ел»</p> <p>Ел»:</p> <p>рөлі</p>	<p>9.2.1.3 «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау;</p> <p>9.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау</p>	
<p>Қайталау</p>			

#### «Қазақ тарихы» пәні бойынша талдау

Пәннің атауы «Қазақ тарихы» болып өзгертілді. Пәннің аты «Қазақ тарихы» болғанымен, оның негізгі өзегі Қазақстанның тарихи дамуын қарастыратыны анық.

«Қазақ тарихы» пәнінен меңгерілетін білім мазмұны бойынша метапәндік құзыреттіліктер енгізілді.

Пәннің базалық мазмұн бойынша төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 6-сыныпқа арналған базалық мазмұн білім алушыларды тарихты түсінуге дайындау мақсатында кіріспемен толықтырылды: *Тарихқа кіріспе. Қазақ тарихы туралы біз қандай деректерден білеміз? Қазақстанның тарихи картасы. Қазақстанның ежелгі тарихын кезеңдеу.* Кіріспеде пәннің алғаш оқытылып жатқандығын ескере отырып, оларды тарихи кезеңдеудің негіздерімен, Қазақстанның тарихи картасымен таныстыру қарастырылады. Сонымен қатар этникалық тарих бойынша тақырыптар мен түсініктер енгізілді: *Қола дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан аумағындағы этникалық үдерістер. Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени қауымдастықтар. Бегазы-Дәндібай мәдениеті. Мал шаруашылығының түрлі формаларының пайда болуы. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Ежелгі қоныстар. Ежелгі наным-сенімдер және өнер. Ерте мемлекеттік құрылымдар. Ерте мемлекеттік құрылымдардың тарихы. Грек, парсы жазба ескерткіштері. Сақ патшайымы Томиристің парсы патшасы Кирге қарсы күресі, Шырақтың ерлігі, Сақтардың Александр Македонскийдің әскеріне қарсы күресі;* Білім алушыларда Қазақстан тарихын оқытылу басталғаннан бастап қазақтар осы аумақтың автохтонды халқы болып табылатындығы туралы нақты түсінік қалыптасуы үшін осы тақырыптарға назар аудару қажет.

Білім алушыларды қажетті ғылыми терминологиямен таныстыру мақсатында бірқатар мақсаттар өзгертіліп, толықтырылды. Мәселен, «ежелгі адамның кәсібін сипаттау» мақсаты орнына «палеолит дәуіріндегі алғашқы адамдардың кәсіптерін сипаттау» мақсатымен



ауыстырылды. Бұрын дәуірдің бір бөлімінде қарастырылған мезолит пен неолит осы дәуірлердің әрқайсысында адам өмірінде айтарлықтай өзгерістер болғанына сүйене отырып, екі түрлі тарауда ұсынылды

Білім алушылардың Қазақстан аумағында алғаш рет жылқылар қолға үйретілгендігін түсінуі үшін атқа міну мәдениеті ұғымы енгізілді. Бір мақсатта бұрын қаралған Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері үшін осы мәдениеттердің ерекше ерекшеліктеріне сүйене отырып, 2 мақсат тұжырымдалды. Білім алушыларды қола дәуірінің көне қалаларымен таныстыру мақсатында ежелгі Арқайым қонысы туралы мақсат қойылды. Бағдарламаның мазмұнына Қазақстан аумағында болған этникалық процестерге қатысты толықтырулар енгізілді. «Қазақстан тарихындағы ғұндар» бөлімін оқыту кезінде қазақ этносының қалыптасу жолдары туралы түсінікті қалыптастыру үшін «этногенез» ұғымы енгізіледі.

7-сынып бойынша X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан бойынша оқу тақырыптары Қазақ халқының қалыптасуындағы қыпшақтардың рөлі, Шаруашылығы: жайылымдық мал шаруашылығы, отырықшы-егіншілік. Сауда. Қолөнер мен металлургия. Сәулет және қала құрылысын дамыту. Түркі жазба ескерткіштері. Түркі әлемінің көрнекті мәдениет және ғылым қайраткерлері сияқты өзгерістер енгізілді, ортағасырлық мемлекеттерді оқытуға арналған бөлімдерде материал неғұрлым нақтыланған, түркі мемлекеттерінің тарихын тереңірек және жан-жақты оқытуға бағытталған бірқатар мақсаттар енгізілді. Тарихи картаны және тарихи деректерді пайдалануға назар аударылады. Бағдарламаға жоғары деңгейдегі бағалау, талдау, түсіндіру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған мақсаттар енгізілді.

XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан бойынша Шыңғыс қаған империясының пайда болуы. Шыңғыс қаған жорықтары. Шыңғыс қаған империясының бөлінуі. Жошы ұлысының құрылуы және кеңеюі. Жошы ұлысының әлемдік тарихтағы орны. Ұлық-Ұлыс. Сібір хандығы. XIII – XV ғғ. мәдениет. Қобыланды. Алпамыс. Едіге, Орақ-Мамай. Кетбұға. Асан қайғы. Сыпыра жырау. Өтеміс қажы. Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси бірлігін қалпына келтіру оқу мазмұнымен толықтырылды.

8-сыныпта XVIII ғасыр мәдениеті тақырыбы, XVIII ғасыр тарихындағы барлық тақырыптардан кейін соңында қарастырылады. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының саяси тарихы бойынша келесі өзгерістер енгізілді: Қазақ халқының отарлауға қарсы ұлт-азаттық күрес. Әкімшілік-аймақтық басқару жүйесінің енгізілуі. XIX ғасырдың 40-60 жылдардағы Ұлы даланың отарлау объектісіне айналуы. Кенесары-Ұлы даланың соңғы ханы. XIX ғасыр басындағы қазақ мемлекеттігінің құлдырауы.

Қазақстан Ресей империясының құрамында бөлімі XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ елі атауымен өзгертілді. Төмендегі тарихи оқиғалар қосылды: Қазақ елінің әлеуметтік экономикалық өміріндегі өзгерістер, Қазақ-қытай қатынастар және шекара мәселелері (Қоқанмен, Хиуа, Маңғыстау, Ресеймен шекаралық мәселелер) және мәдениет бойынша Қазақстанның ғылыми зерттелуі (Г.Н. Потанин, В.В. Радлов, Т.И. Седельников, М. Шорманов, М. Бабаджанов, А. Диваев), Қоғамдық сананың дағдарысы – Зар Заман, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев және К. Халид, Нұржан Наушабайдың тарихи еңбектерімен толықтырылды.

9-сынып бойынша XX ғасырдың басындағы Қазақстан бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: Жадид қозғалысы. Қарқаралы петициясы. I және II Мемлекеттік Дума құрамындағы қазақ депутаттары, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. қазақ, қырғыз халқының геноциді, Қазақ халқының саяси көшбасшылары: Ө. Бөкейханның қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі; А. Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі; М. Дұлатовтың қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметі; М. Тынышбаевтың қоғамдық-

саяси және кәсіби қызметі; М. Шоқайдың қоғамдық-саяси көзқарасы мен қызметі.

Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнығуы бөлім бойынша төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: Қазақстандағы Кеңес үкіметінің заңсыз орнығуы. «Үш Жүз» және оның көсемі Көлбай Тоғысов, Қырревком қызметі. 1921-1922 жж. аштық. Жер-су реформасы, 1924-25 жылдардағы шекараны қайта межелееу, Қазақ зиялыларының қазақ елі шекарасын анықтаудағы ролі.

Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңі бойынша төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы пікір-талас - С. Сәдуақасов, 1928 ж. 27 тамыздағы «Байлар шаруашылықтарын тәркілеу туралы» Республика Аткамы мен Халық Комиссарлар Кеңесінің Декреті, 1936 ж. КСРО-ның жаңа «толық жеңіске жеткен социализмнің» сталиндік Конституциясының қабылдануы. 1936-1938 жж. «Үлкен террор» және оның Қазақстандағы салдары. Қазақстанға одақтас республика «дәрежесінің» берілуі (Қазақстан шекарасындағы өзгерістер мақсатта көрсетілу);

Ұлы Отан соғысы II дүниежүзілік соғыс және қазақстандықтар тақырыбы болып өзгертілді, Кеңес-Герман соғысының басталуы. Фашистік басшылығының жоспарларында Қазақстанның соғыс және соғыстан кейінгі жылдарындағы орны, Қазақстандықтардың II дүниежүзілік соғыс шайқастарына қатысуы, Қазақ қыздарының соғыстағы өшпес ерлігі (М. Мәметова, Ә. Молдағұлова, Х. Доспанова және т.б.). Қазақстан – майдан арсеналы. Соғыстың қорытындысы және нәтижелері. Республика еңбекшілерінің жеңіске жету ісіне қосқан үлесі. Соғыс кезінде Кеңес мемлекетінің ұлт қатынастары саласындағы саясаты. Бірқатар халықтардың Қазақстанға депортациялануы және олардың тағдырлары. Әдебиеттегі жетістіктер (М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ж. Жабаев, Д. Снегин, И. Шухов және тағы басқалар).

10- сынып бойынша оқу пәнінің базалық білім мазмұны төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: Ж. Шаяхметовтің мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметі; Сталиннің өлімі және республиканың кейінгі қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер. Хрущевтік волонтаристік жүйенің қалыптасуы және Қазақстан (1953-1964 жж.). «Жылымық» кезеңі. Кеңгір лагеріндегі көтеріліс, Карлаг жүйесінің жойылуы. Қазақстанда «Хрущевтік кезеңдегі» өнеркәсіптің дамуы. «1954-1965 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір, мемлекет қайраткері Ж. Тәшенов (1915-1986 жж.) (Тың өлкесін құруға қарсылық мақсатта көрсету), Н. Ондасынов (1904-1989). 1959 ж. Теміртау оқиғасы. Отандастарымыздың Қытайдан оралуы;

	Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?	9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқық нормаларын талдау	
9.3 Отбасы мүшелерінің	Отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі қандай?	9.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау	



құқығы мен міндеттері	Бала құқығы қалай қорғалады?	9.5.3.2 құқықтық актілерге сүйеніп қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау	
9.3 Әкімшілік жауапкершілік	Қандай жағдайларда әкімшілік жауапкершілік туындайды?	9.6.2.1 әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін анықтау; 9.6.2.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіру	
9.3 Қылмыстық жауапкершілік	Қылмыстық жауапкершіліктің мәні неде?	9.7.3.1 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы қылмыстық жауапкершілікті және жаза түрлерін анықтау	
	Кімдер сыбайлас жемқорлықтың субъектілері болып табылады	9.7.3.2 сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған құқықтық актілерді талдау	
4-тоқсан			
9.4 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	Құқықтық мемлекеттің басты идеялары неде?	9.1.2.1 құқықтық мемлекеттің ерекшелігі мен маңызын анықтау	
	Азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызы неде?	9.1.2.2 азаматтық қоғам институттарының ролі мен маңызын анықтау	
9.4 Тұтынушылар құқығын қорғау	Біз тұтынушы ретінде өз құқығымызды білеміз бе?	9.3.4.1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну	
9.4	Еңбек шарты қандай құқықтар	9.4.4.1 құқықтық	

Еңбек шарты	мен міндеттерді туындатады?	жағдаяттарды талдап еңбек шартының мазмұнын ашу	
9.4 Отбасының қоғамдағы маңыздылығы	Отбасының әлеуметтік мәні неде?	9.5.4.1 отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалау	
9.4 Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу	Әкімшілік құқықтық нормалардың қажеттілігі мен маңызы неде?	9.6.3.1 әкімшілік құқықтық нормалардың маңызына баға беру	
9.4 Жазалау мен гуманизм мәселесі	Қылмыстық құқықта гуманизм қағидасы қажет пе?	9.7.4.1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру	

«Музыка» пәні бой

ыңша оқу бағдарламаларының салыстырмалы кестесі

Қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламасы (11 жылдық)	Үлгілік оқу бағдарламасы (12 жылдық)
<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығы</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі</p>	<p><b>ЖОБА</b></p> <p>Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-7 сыныптарына арналған «Музыка» пәнінен 12 жылдық білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы</p>

<p>ҚР БҒМ Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы</p>	
<p>1-тарау. Жалпы ережелер</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелді).</li> <li>2. Білім алушының жеке тәжірибесі негізінде музыка өнерінің табиғатын танып білу мен үздік шығармаларды қабылдауы арасында өзара байланыс орнату осы бағдарлама құрылымының маңызды принциптерінің бірі болып саналады.</li> <li>3. Пәнді оқытудың мақсаты – қазақтың дәстүрлі музыкасы, әлем халықтары шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыканың үздік үлгілері негізінде білім алушылардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту.</li> <li>4. Пәнді оқытудың міндеттері: <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өзге өнер түрлері мен оқу пәніне музыка өнерін кіріктіре отырып әлем тұтастығының бейнесі жөнінде түсінігін қалыптастыру;</li> <li>2) музыка өнерінің жалпы адамзаттық қажеттілікті құбылыс ретінде, оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру;</li> <li>3) сыни тұрғыда ойлауы мен музыкаға деген оң көзқарасты</li> </ol> </li> </ol>	<p>1-тарау. Жалпы ережелер</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>7. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20__ жылғы «__» _____ №__ бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ____ болып тіркелді).</li> <li>8. Білім алушының жеке тәжірибесі негізінде музыка өнерінің табиғатын танып білу мен үздік шығармаларды қабылдауы арасында өзара байланыс орнату осы бағдарлама құрылымының маңызды принциптерінің бірі болып саналады.</li> <li>9. Пәнді оқытудың мақсаты – қазақтың ұлттық музыкасы жайлы тереңірек мағлұмат беру, домбыра аспабының құрылымымен таныстыру және тартып үйренудің алғашқы қадамдарын меңгерту, ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың музыкалық мәдениеттілігін, шығармашылық қабілетін дамыту;</li> <li>10. Пәнді оқытудың міндеттері: <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Қазақтың ұлттық, кәсіби музыкасы мен бейнелеу</li> </ol> </li> </ol>

<p>дамыту, музыкалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>4) музыкалық шығармалар мен тапсырмаларды талдау, зерттеу және орындаушылық пен импровизациялау, презентациялау оқу пәндік-тақырыптық білім, білік, дағды аясында дамыту;</p> <p>5) музыкалық қабілеттілігін, белсенді шығармашылығын, орындаушылығы мен зерттеушілік дағдысын дамыту;</p> <p>6) музыка өнері негізінде коммуникация формалары жөнінде білімін қалыптастыру;</p> <p>7) музыкалық-шығармашылық жұмыстарға идеялар қосу негізінде өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуын қалыптастыру (шығармалар жазу, импровизация және өңдеу);</p> <p>8) ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану барысында музыкалық-орындаушылық және техникалық білімі мен біліктілігін қалыптастыру, дамыту.</p>	<p>өнерінің өзара үндестігі жайлы, этностардың музыкалық мәдениеті жайлы түсінігін қалыптастыру;</p> <p>2) музыка өнерінің жалпы адамзаттық қажеттілікті құбылыс ретінде, оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру;</p> <p>4) Өнер түрлеріне қызығушылығын дамыту, өнер арқылы ұлттық әдет-ғұрыппен салт-дәстүрлерді құрметтеу сезімін қалыптастыру;</p> <p>5) Оқушының көркемдік-бейнелеу іскерліктерін, музыкалық қабілеттерін, шығармашылық әлеуеті мен қиялын дамытуды қалыптастыру;</p> <p>6) Өнер туындылары жайында ақпарат іздестіру, қабылдау, түсіну, талдау, зерттеу және орындаушылық, өздігінен пайдалау дағдыланы қалыптастыру;</p> <p>7) Өз шығармашылық іс-әрекеттері арқылы ойын бейнелеп, дәлелдей білу, музыкалық қабілеттілігін, белсенді шығармашылығын, орындаушылығы мен зерттеушілік дағдысын дамыту;</p> <p>8) музыка өнері негізінде эстетикалық талғамын, сезімталдығын қалыптастыру;</p> <p><b>11. музыкалық-шығармашылық жұмыстарға идеялар қосу негізінде өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуын қалыптастыру;</b></p> <p><b>Негізгі орта білім беруде меңгерілетін білім салалары бойынша төмендегідей метапәндік</b></p>
--	---

**құзыреттіліктер қалыптасады:**

*Ғылыми-танымдық құзыреттілік:*

- музыка тарихы дамуының тұтастығы мен үздіксіздігінің маңызы туралы ойын жеткізе алады;
- Музыкалық мәдениетті тану арқылы білімдік ақпаратты іріктейді;
- Музыкалық туындылардың шығу кезеңдеріне сай сипаттамасын саралайды;
- Музыкалық туындаларды талдау арқылы дәйекті қорытынды жасайды.

*Мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:*

- Атадан мұра болып жеткен ұлттық мәдени құндылықтарды қастерлейді;
  - Халықтық және классикалық музыканы таратушы өнер адамдары шығармашылықтарының маңыздылығын анықтайды;
  - халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалайды;
  - «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалап, өмірлік жағдайда қолданады;
  - қазақ күйшілерінің шығармашылық мұрасын талдап, қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға береді;
  - ұлттық материалдық мәдениеттің қолдану ерекшеліктерін сипаттау арқылы, қазіргі кездегі музыка өнерінің даму тенденцияларын айқындайды;
- Тілдік-коммуникативтік құзыреттілік:*
- Ұлттық құндылықтардың мазмұнын түсініп, өз пікірін білдіре алады;
  - музыкалық терминдердің мағынасын ажырата алады;

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тақырыпқа қатысты негізгі және қосалқы ақпаратты таба алады;</li> <li>- музыка пәнінен алған білімдеріне сүйене отырып пікірталас, әңгіме жүргізе алады;</li> <li>- Тыңдау, талдау жұмысын жүргізуде өзгелерді тыңдай біледі, ұтқыр пікірін білдіреді, ұстанымын дәйекті дәлелдей алады;</li> <li>- музыкалық туындыны жұптық және топтық орындаушылық кезінде ой бөліседі, пікірлеседі, қарым-қатынасқа түседі;</li> </ul> <p style="text-align: center;"><i>Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алады;</li> <li>- музыка тарихы мен әдебиеті бойынша деректерден қажетті ақпаратты табады, өңдеп, қолданады;</li> <li>- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолданады;</li> <li>- талдау жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдейді; әртүрлі дереккөздерінен іздеп тауып, өңдейді және қажетіне қарай қолданады;</li> </ul>
<p>2-тарау. «Музыка» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру</p> <p>12. «Музыка» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:</p> <p>10) 5-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;</p> <p>11) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.</p> <p>13. «Музыка» пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер бойынша ұйымдастырылған.</p> <p>14. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижені қамтитын мақсаттары бар бөлімшелерге бөлінген.</p>	<p>2-тарау. «Музыка» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру</p> <p>9. «Музыка» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:</p> <p>1)6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;</p> <p>2)7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.</p> <p>10. «Музыка» пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер бойынша ұйымдастырылған.</p> <p>11. Оқу пәнінің мазмұны бөлімдерден тұрады:</p>

<p>15. Оқу пәнінің мазмұны бөлімдерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) музыка тыңдау, орындау және талдау;</li> <li>2) музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау;</li> <li>3) музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау.</li> </ol> <p>16. «Музыка тыңдау, орындау және талдау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) музыка тыңдау және талдау;</li> <li>2) музыкалық сауаттылық;</li> <li>3) музыкалық-орындаушылық іс-әрекет.</li> </ol> <p>17. «Музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) идеялар және материалдарды жинақтау;</li> <li>2) музыка шығару және импровизация.</li> </ol> <p>18. «Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау.</li> </ol> <p>12. «Музыка» пәнінің 5-сыныпқа арналған базалық мазмұны:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Қазақ халқының музыкалық мұрасы: Қазақ халық әнінің әуенділігі. Айтыс өнері. Күй құдіреті. Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру;</li> <li>2) Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыка: Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері. Жаңғырған салт-дәстүр әндері. Халық музыкасының интерпретациясы. Халық музыкасын өндеу (интерпретация). Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру;</li> <li>3) Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі: Түркі халықтарының музыкалық дәстүрі. Шығыс халықтарының музыкалық дәстүрі. Еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі. Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру;</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) «Танымдық»;</li> <li>2) «Музыка тыңдап, орындау»;</li> <li>3) «Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау»;</li> </ol> <p>1) «Танымдық» бөлімінде тақырып бойынша музыка тарихынан мәлімет беріледі.</p> <p>2) «Музыка тыңдап, орындау» бөлімінде үйренетін туындыны тыңдалады, үйрену, музыкалық-орындаушылық іс-әрекет.</p> <p>3) «Музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау» бөлімінде тақырып бойынша өздік жұмыс-қосымша мәліметтер жинақтау;</p> <p>3-тарау. «Музыка» пәні базалық мазмұны: 6-сынып</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Қазақ халқының музыка тарихы <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақ халқының күйшілік мектебі. Төкпе және шертпе күй</li> <li>- Халық композиторлары мен күйшілерінің мұралары.</li> <li>- Кәсіби күйшілік мектебі</li> <li>- Ұлт аспаптар оркестрі, этно-фольклорлық ансамбльдер</li> <li>- Күй-классикалық музыка әлемінде</li> <li>- Заманауи күй орындаушылық мектебі</li> <li>- Қазақ халқының ән мұрасы. Халық әндері, жыр, терме, толғау</li> </ul> </li> </ol> <p>дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыка: Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері. Жаңғырған салт-дәстүр әндері. Халық музыкасының интерпретациясы.</p> <p>7-сынып.</p>
---	--

<p>4) Музыка тілі – достық тілі: Қазақстан халықтарының музыкасы. Бір шаңырақ астында. Менің – Отаным! Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру;</p> <p>5) Өлкетану: Туған өлке симфониясы.</p> <p>13. «Музыка» пәнінің базалық мазмұны. 6-сынып.</p> <p>1) Классикалық музыканың үздік туындылары: Орган музыкасы. Симфониялық музыка. Опера өнері. Балет өнері. Қазақстанның кәсіби музыкасы. Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру;</p> <p>2) Заманауи музыка мәдениеті: Эстрадалық музыка. Заманауи музыкалық жанрлар. Джаз музыкасы. Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру;</p> <p>3) Музыка және өнер түрлері: Музыка және поэзия. Музыка және бейнелеу өнері. Музыка және театр. Музыка және кино. Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру;</p> <p>4) Музыка – өмір тынысы: Интеллектуалды музыка. Жан жадыратар әуен. Музыка және технология. Дыбыстау және музыкамен көркемдеу. Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру;</p> <p>5) Өлкетану: Туған жердің таланттары.</p>	<p>1) Халықтық және классикалық музыканың үздік туындылары: Симфониялық музыка. Опера өнері. Балет өнері. Қазақстанның кәсіби музыкасы.</p> <p>2) Заманауи музыка мәдениеті: Эстрадалық музыка. Заманауи музыкалық жанрлар. Джаз, поп, рок, рэп стиліндегі музыка.</p> <p>3) Музыка және өнер түрлері: Музыка және поэзия. Музыка және бейнелеу өнері. Музыка және театр. Музыка және кино.</p> <p>4) Музыка – өмір тынысы: Интеллектуалды музыка. Музыка және технология. Дыбыстау және музыкамен көркемдеу.</p>
<p style="text-align: center;"><b>3-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі</b></p> <p>14. Бағдарламада «оқыту мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.4. кодында «5» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқыту мақсатының реттік саны.</p> <p>1) музыка тыңдау, орындау және талдау:</p> <p><input style="width: 100%;" type="text" value="Білім алушылар:"/></p>	<p style="text-align: center;"><b>4-тарау. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер</b></p> <p>6-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:</p> <p>6-сыныптың соңында білім алушы:</p> <p><b>1.</b> Қазақ музыка тарихындағы халық композиторларының өмір жолдары, шығармашылықтары жайлы және атадан ұрпаққа үздіксіз жалғасып келе жатқан күйшілік дәстүр бойынша терең мағлұмат алады.</p>



Бөлімшелер	5 сынып	6 сынып	
1.1 Музыка тыңдау және талдау	5.1.1.1 музыкалық жанрын, стилін, түрін және көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы (туған өлкедегі музыкалық өнердің ерекшеліктері туралы түсінігінің болуын) талдау	6.1.1.1 туған өлкенің жыршы-термеші, әнші және сазгерлерінің шығармашылығы туралы тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі мен жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтау	<p><b>2.</b> Әр өңірдің күйшілік мектебінің ерекшеліктері және айырмашылықтарын ажырата алатын болады. Күйдің орындалуына және сипатына қарай қай өңірдің, қандай күйші-композиторының шығармасы екендігін тани алу мүмкіндігіне ие болады.</p> <p><b>3.</b> Домбыра аспабының тек музыкалық аспап қана емес, қазақ халқымен ғасырдан ғасыр бойы бірге келе жатқан қасиетті де киелі, ажырамас жан серігі екендігін түйсінеді.</p> <p><b>4.</b> Домбыра аспабының тиегінен бастап құлағына дейін құрылымымен таныс болады. Сабақ барысында «құйма құлақ» әдісі арқылы үйренген күйлерін жеке-дара немесе екі-үш бала болып та бірге қосылып домбырада орындап бере алатын болады. Топпен жұмыс жасай білу қабілеті қалыптасады.</p> <p><b>5.</b> Музыкалық қабілеттері-ырғақты сезіну, аспаптық дыбысты дауыспен қайталау арқылы таза ала білу дағдысы қалыптасады.</p> <p><b>6.</b> Өткен ғасырлардан ұрпақтан ұрпаққа жеткен күй мұраларының қазіргі заманда насихатталып, таратылуында еңбек сіңірген заманауи күйші-композиторлар, орындаушы-күйшілер шығармашылығынан хабардар болады.</p> <p><b>7.</b> Бұрынғы орындау мен жаңаша орындау үлгісін тыңдап, салыстыра алады. Күйдің тек халықтық дәстүрде ғана емес классикалық және эстрадалық музыка әлемінде алып отырған ерекше жанр екендігін түйсінеді.</p> <p><b>8.</b> Халық әндері, сал-серілер шығармашылығымен танысады. Қазақ халқының өте бай, тек ұлтымызға ғана тән өнер туындылары- өсиетке толы терме-толғау, жыр-дастандарымен сусындайды.</p>
	5.1.1.2 әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру	6.1.1.2 оркестрлер түрлеріндегі музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажытару, оларды топтар бойынша жіктеу	
1.2 Музыкалық сауаттылық	5.1.2.1 дәстүрлі халық әндері («Менің туған өлкемнің 30 әні мен әуені» аудиокаталогын құрастырудың бастапқы дағдыларын) және аспаптық музыканың жанры мен стилін, айтыстың түрлерін анықтау	6.1.2.1 классикалық музыка жанрлары мен түрлерін анықтау	
	5.1.2.2 дәстүрлі әншілік мектептердің және	6.1.2.2 эстрада музыкасының	

	халық композиторларының шығармаларын салыстыру	жанрлары мен бағытын анықтау	<p><b>9.</b> Қазіргі таңда халық музыкасын кеңінен насихаттап, таратып жүрген ұлт-аспаптар оркестрлері және этно-фольклорлық ансамбльдер, оны ұйымдастырушы продюсер-музыканттар еңбегі жайлы мағлұматтар алады.</p> <p><b>10.</b> Ұлттық музыка әлемі бойынша жалпы дүниетанымы толығымен қалыптасады. Күй тыңдау дағдысы қалыптасады.</p> <p>7-сынып білім алушыларынан күтілетін пәндік нәтижелер:</p> <p>7-сыныптың соңында білім алушы:</p> <p>1.Музыкалық жанрын, стилін, түрін және көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы (туған өлкедегі музыкалық өнердің ерекшеліктері туралы біледі. Туған өлкенің жыршы-термеші, әнші және сазгерлерінің шығармашылығы туралы тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі мен жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтайды.</p> <p>2. Әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыра алады.</p> <p>3.Қазақ халқының және әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерінен хабардар болады.</p> <p>4. Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндерінің орындау тәсілдерінің заманауи интерпретациясын салыстыра алады.</p> <p>5. Әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізуді түйсінеді.</p> <p>6. әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып,</p>
	5.1.2.3 қазақ халқының және әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау	6.1.2.3 көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерінің көркемдеуші құралдарын салыстыру	
	5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану	6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану	
1.3 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу	6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауысты немесе канон элементтерін пайдаланып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау	
	5.1.3.2 қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндерінің орындау тәсілдерін заманауи интерпретациясымен салыстыру	6.1.3.2 әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндердің орындау түрлерін салыстыру	

	5.1.3.3 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау	6.1.3.3 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерінің сипатын жеткізу, партия бойынша және (немесе) ансамбльмен аспаптарда орындау	екі дауысты немесе канон элементтерін пайдаланып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау мәнері қалыптасады. Әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндердің орындау түрлерін салыстыра алады.
2) музыкалық- шығармашылық жұмыстарды жасау:			
Бөлімшеле р	5 сынып	6 сынып	
2.1 Идеялар және материалдарды жинақтау	5.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау	6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалға интерпретация жасау	
2.2 Музыка шығару және импровизация	5.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау	6.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау	
	5.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity, Soundation, Windows Movie Maker, Киностудия) қолдана	6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity, Soundation, Windows Movie Maker, Киностудия) қолдана	

	отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау	отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау	
3) музыкалық шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау:			
Бөлімше	5 сынып	6 сынып	
3.1 Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	5.3.1.1 өз жұмысын шығармашылықпен көрсету, критерийлерге сәйкес бағалау және өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу	6.3.1.1 шығармашылық көрсетілімнің бағдарламасын таныстыру, оларды критерийлерге сәйкес бағалау, өзінің және өзгелердің жұмысын жақсарту үшін түрлі ұсыныстар енгізу	
<p>16. Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Музыка» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>17. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.</p>			

**«Бейнелеу өнері» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларының салыстырмалы талдауы**

(оқыту қазақ тілінде)

<b>11 жылдық негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Көркем еңбек» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (Біріктірілген)</b>	<b>12 жылдық негізгі білім берудің «Бейнелеу өнері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (қазақ тілінде оқытылатын 6-7-сыныптарға арналған) (ЖОБА)</b>
<p style="text-align: center;">1-тарау. Жалпы ережелер</p> <p>1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 тіркелген).</p> <p>2. «Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімінің негізін қалыптастыру.</p> <p>3. «Көркем еңбек» оқу пәнінің міндеттері:</p> <p>1) әртүрлі іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы пәндік білімдерді, дағдыларды және қабілеттерді дамыту;</p> <p>2) ұлттық және әлемдік материалдық мәдениет пен өнер шығармаларымен таныстыру арқылы</p>	<p style="text-align: center;">1-тарау. Жалпы ережелер</p> <p>1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ... жылғы ... № ... бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № ... тіркелген).</p> <p><b>«Бейнелеу өнері» пәні</b> оқу бағдарламасының негізгі <b>мақсаты</b> - оқушыларды пән бойынша білім, білік, іскерлік дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру, өнерге деген қызығушылықтары мен оң көзқарастарын дамыта отырып, оқушылардың бойында табиғат пен әлеуетке негізделген көркем шығармашылық жеке қабілеттерін арттыру, эмоциялық-бейнелі, көркемдік ойлау түрін қалыптастыруға бағытталып тұлғаның рухани іс-әрекеті қалыптасуының шарты болып табылады;</p> <p><b>Бейнелеу өнерін оқытудың мақсаты</b> оқушылардың жан-жақты көркемдік және шығармашылық дамуы болып табылады:</p> <p>9) эстетикалық сезімдерді, бейнелеу өнеріне қызығушылығын тәрбиелеу;</p> <p>10) өнегелі тәжірибесін байыту, ізгілік пен зұлымдық туралы ойларын дамыту; адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу, Қазақстан және басқа елдердегі халықтардың мәдениетін құрметтеу;</p> <p>11) қиялын, кез келген іске шығармашылық тұрғыдан қарау ниеті мен икемділігін, өнер мен қоршаған әлемді қабылдау қабілетін, көркемдік қызметте бірлесіп жұмыс істеу шеберліктері мен дағдыларын дамыту;</p>

<p>құндылық бағыттарын қалыптастыру;</p> <p>3) білім алушылардың визуалды және эстетикалық қабылдауын, сыни ойлауын дамыту үшін терминологиялық аппарат қалыптастыру;</p> <p>4) бақылау, эксперимент жүргізу және көрсетілім жасау арқылы зерттеу дағдыларын дамыту;</p> <p>5) әртүрлі материалдар мен құралдарды қолдану арқылы шығармашылықпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>6) білім алушылардың өзін-өзі бағалауын жоғарылату және жағымды көзқарас қалыптастыру;</p> <p>7) коммуникацияның бір тілі ретінде ұлттық және әлемдік мәдениет мұраларының мағынасын, көркем еңбектің рөлін түсіндіру;</p> <p>8) өз жұмысын жасау үшін, әртүрлі ақпарат түрлерін (іздеу, жинау, сұрыптау) бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал жасайтын, әртүрлі танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігінен шешу тәжірибелерін қалыптастыру;</p> <p>9) ұжымдық, топтық және жеке жұмыстарды орындау процесінде қолдың моторикасын, сенсорикалық, қиялдауы мен шығармашылығын, елестетуін және қабылдауын дамыту.</p> <p>4. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.</p> <p>5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық</p>	<p>12) өнер құралдарының көмегімен оқушылардың шынайы өмірге деген эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу және өмірлік түйсігін қалыптастыру;</p> <p>13) туған табиғатына, халқының мәдениетіне, халық шығармашылығына деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу;</p> <p>14) графика, кескіндеме, мүсін, сәндік – қолданбалы өнер, дизайн, сәулет өнер түрлері және олардың адам мен қоғамдағы рөлі туралы негізгі білімді меңгеру;</p> <p>15) әртүрлі көркем өнер материалдармен жұмыс жасау тәжірибесін алу, негізгі бейнелеу сауаттылығын меңгеру;</p> <p>16) оқушылардың көркемдік талғамын, аналитикалық қабілеттерін және эстетикалық ынтасын олардың жеке көркем композициясын жасау кезінде, сондай-ақ сыныпта орындалған жұмыстарды қарау және талқылау процесінде дамыту.</p> <p>Бұл мақсатқа жету келесі негізгі <b>міндеттерді</b> шешуді қамтиды:</p> <p>1) оқушылардың бейнелеу әлемін эмоционалды – образды түрде қабылдауы және оны көркемдік тұрғыда танып білуге қызығушылығын және образды ассоциативті ойлауын және көркемдік шығармашылық қабілетін дамыту;</p> <p>2) өзінің қоршаған әлемге көзқарасын шығармашылық жұмыстарында көрсете білу қабілетін дамыту және сурет, кескіндеме, композиция бойынша бейнелеу сауаты негіздерімен таныстыру;</p> <p>3) оқушылардың сәулет, кескіндеме, графика, мүсін сәндік – қолданбалы өнер, халық өнері және дизайн өнерлерінің әйгілі мәдениет ескеркіштерімен қарым-қатынасы негізінде эстетикалық талғамы мен эстетикалық көзқарасын және бейнелеу өнеріне деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру;</p> <p>4) жылы және суық түстермен таныстыру және оларды айыра білуге үйрету және бейнелеу өнерінің түрлерімен (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін, дизайн, сәулет өнері) және жанрларымен (пейзаж, портрет, натюрморт, анималистика және т.б.) таныстыру;</p> <p>5) бейнелеу, сәндік – қолданбалы, сәулет, мүсін және дизайн өнерлерінің туындыларын қабылдау мәдениетін тәрбиелеу, көркемдік дағдыларды меңгеру (әртүрлі материалдармен жұмыс істеу және әртүрлі бейнелеу техникасын игеру);</p>
---	--

жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына негіз болады.

## 2-тарау. «Көркем еңбек» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

6. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағат;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 3) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 4) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

7. Әртүрлі жұмыстарды орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелері сақталады.

8. Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1) «Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту» бөлімі: қоршаған әлемді, әртүрлі материалдарды зерттеу арқылы зерттеушілік дағдыларын және шығармашылық елестету қабілеттерін дамыту, қазақ халқының және басқа халықтардың дәстүрі мен мәдениетін зерделеу, өзінің шығармашылық идеяларын әзірлеу;

2) «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау» бөлімі: қоршаған ортаны бейнелеуде практикалық дағдыларын дамыту, әртүрлі

б) оқушыларда сезімдік-эмоциялық белгілерді дамыту және зейін, есте сақтау, қиял, елестету шынайы өмірде көркем мәдениеттің көрінісін байқай білу қабілетін дамыту (мұражайлар, сәулет, дизайн, мүсін және т.б.);

7) оқушылардың қолдарының моторикасын, илгіштігін, икемділігін және көзбен шамалау дәлдігін жақсарту, көркем шығармашылықтың әртүрлі тәсілдерін меңгеру процесімен таныстыру және практикалық көркем іс – әрекетте тәжірибе жинақтау;

8) өзінің көлемді композицияларын жасау немесе жазық және көлемді-кеңістіктік тәсілдер үйлесімдіктерін пайдалану арқылы көркемдік құрастыру элементтерімен таныстыру.

## 2-тарау. Оқу пәнін ұйымдастыру

«Бейнелеу өнері» пәнін ұйымдастыру жүйелілік, сабақтастық, бірізділік және көрнекілік ұстанымдарына негізделеді.

«Бейнелеу өнері» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісінде білім алушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын, көркемдік шығармашылық қабілеттерін дамытып, эстетикалық талғамдарын қалыптастыратын, көркемдік тұрғыда ойлай, қабылдай білу қабілеттерін дамытатын шығармашылық тұрғыда тапсырмалар орындау көзделеді.

Сабақ мақсаты мынадай үш ажырамас бірлікте айқындалады:

- 1) құндылықтарға негізделген ТӘРБИЕЛІК мақсат;
- 2) тұлғалық құзыреттер қалыптастыруға бағытталған БЛІМДІК мақсат;
- 3) көркем шығармашылық іс әрекеттер мен креативтілікке негізделген

ДАМЫТУ мақсаты;

## 3-тарау. «Бейнелеу өнері» пәнінің базалық мазмұны

материалдармен эксперимент жүргізу, әртүрлі жұмыс техникаларын меңгеру, өзінің іс-әрекетін жоспарлау;

3) «Презентация, талдау және бағалау» бөлімі: презентация арқылы коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын дамыту, соның аясында өзінің және басқалардың жұмысын бағалау, презентациялау және түсіндіру.

9. «Көркем еңбек» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту: қоршаған ортаны білу және түсіну, табиғи әлемнің визуалды сипаттамасы (түс, пішін, өлшем, фактура), жасанды әлемнің визуалды сипаттамасы (түс, пішін, өлшем, фактура), өнер, мәдениет пен дәстүрді білу және түсіну, бейнелеу өнерінің негізгі түрлері мен жанрлары, қазақ халқының қолданбалы өнері, ою-өрнектер, шығармашылық идеяларды дамыту, шығармашылық идеяларды жасау, шығармашылық идеяларды жүзеге асыру, өнердің суреттеу құралдары арқылы көркем бейнелер (образдар) мен сезімдерін (көңіл-күйін, мінезін) көрсету;

2) шығармашылық жұмысты жасау және дайындау: қоршаған ортаны бейнелеу, әртүрлі көркем материалдармен табиғаттың мәнерлік бейнелерін (қар, жапырақтың түсуі) жасау, флора мен фаунаның өкілдерін бейнелеу, шығармашылық жұмысты орындау материалдары мен техникалары, көркемдік материалдар мен құралдар, шығармашылық жұмысқа арналған табиғи және жасанды материалдар, шығармашылық жұмысқа арналған дәстүрлі емес материалдар, әртүрлі материалдармен (көркемдік,

Пәннің базалық білім мазмұны стандартта айқындалған құндылықтарға (рухани-мәдени құндылықтар, ел-жер байлығы, адамгершілік құндылықтар, эстетикалық құндылықтар, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтар, мемлекеттік тіл құндылығы) негізделіп құрылады.

«Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

2) 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

**Бейнелеу өнері пәнінің базалық мазмұны төмендегідей негізгі бөлімдерді қамтиды:**

- графика; кескіндеме; сәндік қолданбалы өнер; мүсін өнері; сәулет өнері; дизайн.

- бейнелеу өнері туралы білім жүйесі;

- жақын және алыс шетел халықтарының өнер тарихын, сәндік-қолданбалы өнерін, қазіргі заманғы бейнелеу өнерін білу;

- бейнелеу іс-әрекетінде білім, іскерліктер және дағдылар (әуедегі перспективаны анықтау, берілген тақырыпта композиция орындау, композиция мазмұнын ашу);

- мәдениет және сәулет ескерткіштері саласындағы білім мен дағдылар;

- заманауи дизайн саласындағы білім.

### **Оқу пәнінің базалық білім мазмұны**

1. «Өнер мен көркемдік іс-әрекеттің адам өміріндегі және қоғамдағы рөлі»:

1) өнер мен көркемдік іс-әрекеттің адам өмірінде және мәдениетті дамытудағы рөлі, өнердің бастауы мен мәні, өнер және дүниетаным, халықтық дәстүрлі өнер, бейнелеу символикасы мен дәстүрлі бейнелердің мәдениетті



<p>табиғи және жасанды) және техникалармен (монотипия, кляксография, баспа) эксперименттер жүргізу, дайындау технологиясы, өлшеу құралдарымен жұмыс, қарапайым тәсілдермен материалдар мен компоненттерді біріктіру, көлемді пішіндерді жасау, мүсіндеу техникасы, қағаз пластикасы, қазақ ұлттық мәдениетінің элементтері бар шығармашылық жұмыстар, қауіпсіздік техникасын сақтау, қауіпсіздік техникасының ережелері;</p> <p>3) презентация, талдау және бағалау: презентация, шығармашылық жұмыстардың презентациясы, шығармашылық жұмыстарды талқылау және бағалау.</p> <p>10. «Көркем еңбек» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:</p> <p>1) шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту: қоршаған ортаны білу және түсіну, табиғи әлемнің (түс, пішін, өлшем, фактура) визуалды сипаттамасы, жасанды әлемнің (түс, пішін, өлшем, фактура) визуалды сипаттамасы, өнер, мәдениет пен дәстүрді білу және түсіну, бейнелеу өнерінің негізгі түрлері мен жанрлары, Қазақстан халықтарының қолданбалы өнері (ою-өрнектер, бұйымдар, ұлттық киімдер), шығармашылық идеяларды дамыту, шығармашылық идеяларды жасау, шығармашылық идеяларды жүзеге асыру, өнердің суреттеу құралдарымен көркем бейнелер (образдар) мен сезімдерді (көңіл-күйін, мінезін) көрсету, ақпарат көздерімен жұмыс, жұмыс барысын жоспарлау;</p> <p>2) шығармашылық жұмысты жасау және дайындау: қоршаған ортаны бейнелеу, әртүрлі көркем материалдармен табиғаттың мәнерлік бейнелерін (қар,</p>	<p>дамытудағы рөлі, тарихи дәуірлер және көркемдік стилдер, мәдениетті көзбен бейнелеу тұтастығы;</p> <p>2) адамның көркемдік іс-әрекетінің әлемді игерудегі рөлі;</p> <p>3) әлем, өмірдегі және табиғаттағы құбылыстар туралы түсініктерін өнер туындыларында бейнелеу;</p> <p>4) әртүрлі тарихи дәуірлерде адамның эстетикалық бейнесі өзгергіштігінің өнерде көрініс алуы, тарихи ескерткіштердің көркемдік-эстетикалық мәні, визуалды-кеңістік өнерлерінің Отан бейнесін қалыптастырудағы рөлі;</p> <p>5) мәдениеттердің көркемдік диалогы, әртүрлі тарихи дәуірлер мен халықтардың кеңістік-визуалды өнері, Батыс және Шығыс халықтарының көркем мәдениетіндегі мәнерлілік құралдарының ерекшеліктері;</p> <p>6) өнердегі негізгі көркемдік стилдер мен бағыттар, әлемнің бейнелеу өнерінің ұлы шеберлері, әлемдегі ең ірі көркем мұражайлар;</p> <p>7) өнердің адам өмірінің материалдық ортасын құрудағы рөлі, өнердің адам өмірінің заттық-кеңістік ортасын ұйымдастырудағы рөлі қазіргі замандағы өнер;</p> <p>8) қазіргі замандағы бейнелеу өнері, сәулет, дизайн;</p> <p>9) визуалды өнерлердің бейнелік табиғаты, олардың қазіргі әлемдегі рөлі, мұражайдың қазіргі заман мәдениетіндегі рөлі.</p> <p>2. «Өмір мен өнердің рухани-адамгершілік проблемалары»:</p> <p>1) өнер бейнелерінде адамзаттың өнегелі ізденісін, жеке адамның өнегелі таңдауын көрсету;</p> <p>2) өнерде көрініс тапқан отбасылық өмірдің дәстүрлі және қазіргі замандағы тіршілік салты;</p> <p>3) өмірдегі және өнердегі әлем, Отанды қорғау бейнелері;</p> <p>4) өнердегі және қазіргі өмірдегі халық мерекелері, әдет-ғұрыптар;</p> <p>5) өмірдегі және өнердегі халықтар арасындағы, әртүрлі буын ұрпақтары арасындағы өзара байланыстар.</p> <p>3. «Әсем өнерлер тілі және көркем бейне»:</p> <p>1) көркем бейнелеу ерекшелігі, көркем бейне – кез келген өнердің негізі мен мақсаты, көркем бейнелеудің шарттылығы, өнердегі шынайылық пен қиял;</p> <p>2) көркемдік мәнерлеу құралдары, көркемдік материалдар және көркемдік техникалар;</p>
--	---

жапырақтың түсуі) жасау, флора мен фаунаның өкілдерін бейнелеу, шығармашылық жұмысты орындау материалдары мен техникалары, көркемдік материалдар мен құралдар, шығармашылық жұмысқа арналған табиғи және жасанды материалдар, шығармашылық жұмысқа арналған дәстүрлі емес материалдар, әртүрлі материалдармен (көркемдік, табиғи және жасанды) және техникалармен (монотипия, кляксография, баспа) эксперименттер жүргізу, дайындау технологиясы, өлшеу құралдарымен жұмыс, қарапайым тәсілдермен материалдар мен компоненттерді біріктіру, көлемді пішіндерді жасау, мүсіндеу техникасы, қағаз пластикасы, қазақ ұлттық мәдениетінің элементтері бар шығармашылық жұмыстар, қауіпсіздік техникасын сақтау, қауіпсіздік техникасының ережелері;

3) презентация, талдау және бағалау: презентация, шығармашылық жұмыстардың презентациясы, өнердегі тәсілдерді талдау, әртүрлі өнер туындыларын талдау, бағалау пайымдаулары, шығармашылық жұмыстарды талқылау және бағалау.

11. «Көркем еңбек» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту: қоршаған ортаны білу және түсіну, табиғатпен жаратылған сәндік өрнектер (ою-өрнектер) және формалар, табиғи формаларды интерпретациялау, өнер, мәдениет пен дәстүрді білу және түсіну, отандық және әлемдік өнердің әртүрлі шығармалары, қазақ халқының және әлем халықтарының қолданбалы өнері (ою-өрнектер, бұйымдар, ұлттық киімдер), шығармашылық идеяларды дамыту, шығармашылық

3) кескіндеме, графика, мүсін материалдары;

4) композиция – көркем шығарманың басты мәнерлілік құралы, композицияда шығарманың болмысын ашу, пропорциялар, желілік және әуе перспективасы, композициядағы қарама-қарсылық;

5) түс, түстік байланыстар, картина реңкі, түстің қарбаластығы мен қанықтығы, жарық пен түс, бояудың сипаты;

6) сызық, штрих, дақ және көркем бейне;

7) табиғаттың, адамның, аңның эмоциялық жай-күйін кескіндеу құралдарымен жеткізу;

8) көлем және пішін, заттай әлемнің көптүрлі пішіндерін жазықтық пен кеңістікте бейнелеп көрсету, пішіндерді өзгерту және стильдеу, пішін мен сипаттың өзара байланысы;

9) кескіндеме мен суретте, сәулет, сәндік-қолданбалы өнерде композиция жасаудағы ырғақтың рөлі.

4. «Әсем өнер түрлері мен жанрлары»:

1) кескіндеме, графика, мүсін, өнердің алуан түрлеріндегі көркем бейненің ерекшеліктері;

2) портрет, пейзаж, натюрморт, тұрмыстық, тарихи, анималистикалық жанрлар;

3) өнер туындысындағы сюжет және мазмұн, заттай әлемді бейнелеу;

4) натурадан салу, көзге елестету арқылы салу;

5) бейнелеу өнеріндегі тарихи, мифологиялық тақырыптар;

6) көркем шығармашылық тәжірибесі;

7) өнердің конструктивтік түрлері, сәулет және дизайн, өнердің адам өмірінің заттай-кеңістік ортасын ұйымдастырудағы рөлі;

8) сәулет пен дизайндегі көркем және функционалдық тұтастық, архитектуралық бейне, сәулет – ғасырлар шежіресі, дизайн түрлері;

9) өнеркәсіптік дизайн, сән индустриясы, архитектуралық және ландшафтты дизайн;

10) жобалау мәдениеті, кеңістік және заттай ортаны жобалау, графикалық дизайн, арт-дизайн, компьютерлік графика және анимация;

11) сәндік-қолданбалы өнер түрлері, халық өнері, сәндік-қолданбалы өнер

